





# ҚАЗАҚСТАН XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЬ



## МЕН ХХ ФАСЫРДЫҢ БАСЫНДА





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

Ә.Х. МАРҒҰЛАН АТЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ

# ҚАЗАҚСТАН тариҳы

КӨНЕ ЗАМАННАН БҮГІНГЕ ДЕЙН

БЕС ТОМДЫҚ



«Атамұра» баспасы  
Алматы, 2002

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ  
ИМ. Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА**

**ИНСТИТУТ АРХЕОЛОГИИ ИМ. А.Х. МАРГУЛНА**

# **История КАЗАХСТАНА**

**С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ**

**В ПЯТИ ТОМАХ**



**Издательство «Атамұра»  
Алматы, 2002**

**БАС РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

**АСЫЛБЕКОВ М.Х., АЛДАЖҰМАНОВ Қ.С.,  
БАЙПАҚОВ К.М., ИСМАҒҰЛОВ О.И.,  
ҚОЗЫБАЕВ М.Қ. (бас редактор),  
ҚОШАНОВ А.Қ., ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А.,  
КӨМЕКОВ Б.Е., НҮРПЕЙСОВ К.Н.,  
САҒАДИЕВ К.Ә.**



**3 ТОМ**

**ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ  
КАЗАҚСТАН**



К 18 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық.  
3-том. — Алматы: «Атамұра», 2002. — 768 бет, суретті, карталы.

ISBN 9965-05-545-9, 3-т

ISBN 5-7667-2984-7

Кітап XVIII ғасырдың басынан 1917 жылға дейінгі Қазақстан тарихына арналған. Онда алуан түрлі деректемелер негізінде елдің өткендегі тарихи кезеңінің, соның ішінде қазақ халқының жонғар шапқыншылығына қарсы Отан соғысының, Қазақ хандығының шектес елдермен өзара қатынастарының өзекті проблемалары, қазақ халқының дәстүрлі қоғамдық-саяси жүйесіне енгізілген жаңалықтар, Қазакстанның әлеуметтік-саяси, шаруашылық және мәдени өміріндегі өзгерістер қарастырылады.

Кітапта Қазакстанның Ресей империясының құрамына енгізілуіне, хан билігінің жойылуына, қазақ халқының ірі тұлғалары – Әбілқайыр, Абылай, Кенесары хандардың, ағартушылар Шоқан Уәлихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ұбырай Алтынсариннің, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері Исатай Таймановтың, Махамбет Өтемісовтің және тағы басқаларының қазақ тарихынан алар орнына ерекше мән берілген.

Саяси тарих, әлеуметтік-экономикалық құрылыш, халықтың көші-коны, әкімшілік-аумактық бөлініс пен рухани мәдениеттің, калалар мен сауданың дамуы жөніндегі аса маңызды проблемалар қарастырылады. XX ғасырдың басындағы Қазакстанның қоғамдық-саяси дамуына ерекше көңіл берілген.

Кітап карталар, суреттер, ғылыми аппарат, көрсеткіштермен жабдықталған. Басылым қоғамтанушыларға, жоғары оқу орындары мен мектеп үстаздарына, студенттерге, сондай-ак жалпы Қазақстан Республикасы тарихына ден қоюшыларға арналған.

Томның редакциялық алқасы:

К. С. АЛДАЖҰМАНОВ, М. Х. АСЫЛБЕКОВ,  
Ж. Қ. ҚАСЫМБАЕВ, М. Қ. ҚОЗЫБАЕВ

К 0503020905-040  
418(05) – 2002 Хабарландырусыз, 2002

ББК 63.3 (2 к)

ISBN 9965-05-545-9, 3-т

ISBN 5-7667-2984-7

баспасы, 2002

## АЛҒЫ СӨЗ

Бес томдық «Қазақстан тарихының» үшінші томы XVIII–XX ғасырдың басына дейінгі отан тарихының күрделі проблемаларына арналған. Осының алдындағы бірінші, екінші томдар сияқты, бұл басылымның да негізінде Ресей Федерациясының, Қытай Халық Республикасының, Өзбекстан мен Қазақстанның мұрағат-қоймаларының құжаттары мен материалдарына, Ш. Құдайбердиев, М.-Ж. Көпееев, М. Тынышбаев, Ә. Дишаев және басқа да ғалымдар құрастырған генеалогия (шежіре) мен аныздар деректеріне, ақындар мен жыраулар Қожаберген Толымбайұлының, Тәтіқараның, Ақтамбердінің, Үмбетей Тілеуұлының, Бұқар жырау Қалқаманұлының және басқаларының туындыларына негізделген аса бай деректеме көзі жатыр. Томда революцияға дейінгі орыс баспасөзінде, сондай-ақ тарихтың кеңестік және кеңестік дәуірден кейінгі кезеңдерінде жарияланған нақты дерекке бай өр түрлі жинақтардан алынған мәліметтер кеңінен пайдаланылды.

Том авторлары отандық, соның ішінде кеңестік кезеңдегі тарихнаманың, сондай-ақ шетелдік тарих ғылымының жетістіктеріне сүйенді.

Томда «Орта Азиядағы ең соңғы ірі көшпелі империя»<sup>1</sup> – Жонғар хандығы мен қазақтардың тартысқа толы өзара қатынастары, қазақ халқының жонғар агрессиясына қарсы Отан соғысының негізгі кезеңдері көрсетілген. Қожаберген жырау айтқандай, жонғар шапқыншылары Шу, Талас, Сырдария өзендерінің алқаптарын, Қаратай аймағын нақ сол «зарзаман» жылдарда басып алған. Сонымен бірге тұрмыс салты жөнінен туыстас көшпелілердің шынына келгенде, дүниежүзілік империялар мен ұлы көршілердің үлкен саясатының құрбаны болған халықтардың бір-бірімен соғысқан фактісі назар аударапты.

Ұзак уақыт бойы үстемдік етіп келген «Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы» дейтін тұжырымдама едәуір өзгеріске ұшырады. Тәуелсіз Қазақстанның тарихы ғылыми зерттеулердің дербес объектісіне айналған жағдайда ғалымдар Орталық Азияда қалыптасқан халықаралық қатынастар жүйесін, I Петрдің Үндістанмен және Қытаймен сауда жолын басып алу, «бүкіл Азия елдері мен жерлеріне енуге кілт беріп, қақпаны ашуға» тиісті Дағын өлкесін жалмап-жұту жоспарын іске асырған «шығыстық идеясын» салиқалы да салмакты зерделейді. Сонымен бірге Қазак коғамының ішіндегі дағдарысты құбылыстардың тарихы жөніндегі аса маңызды нәтижелер – көшпелі қауымдастық ішіндегі бірлесе-бірігудің нашарлығы, бытыранқылыққа бет бүрудың, рулық тартыс-таластың қүшеюі, билік құрылымдарындағы ішкі саяси күрес, материалдық байлықтардың сарқылуы, адам шығындарының көбею салдары қорытылды,

<sup>1</sup> Бартольд В. В. Калмыки /Бартольд В. В. Собр. соч. в 9 томах. М., 1968, т. 5; 539-б.

Осындай жағдайларда Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарының жекелеген топтарының өкілдері Ресей империясының билігін мойындауға мәжбүр болды, Ұлы жүз жері кейіннен жаулап алынды. Қалай болғанда да, шаруашылық және өскери отарлау салдарынан Қазақстан саяси тәуелсіздігі мен мемлекеттік егемендігінен екі жүз алпыс жылдай қол үзіп қалғаны тарихи шындық болып табылады.

Қазақстанды Ресей құрамына енгізу үрдісін түсіндіру барысында авторлар ұжымы бұл мәселе жөніндегі Ә. Бекейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, А. М. Панкратованың, Е. Бекмахановтың, П. Г. Галузоның және басқаларының еңбектерінде айтылған көзқарастарды ескерді. Сонымен бірге томда Қазақстан империя құрамына енгеннен кейін өлкенің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өмірінде болған өзгерістер, ондағы революциялық және ұлт-азаттық қозғалыстардың дамуы көрсетілген. Қазақстанның біртіндеп жалпы ресейлік рынокқа тартылу, өлкенің экономикалық жағынан игерілу, казақ халқының озық орыс мәдениеті жетістіктеріне бой ұру үрдісіне ерекше көніл бөлінген.

Томда ұлт-азаттық және революциялық қозғалыстардың, оның ішінде реформаторлық «Алаш» қозғалысының, сондай-ақ оның жалпы ұлттық «Қазақ» баспа органының пайда болуы мен дамуының тәжірибесі жаңажакты қорытылған. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, оның Жетісудағы, Торғайдағы, Шу бойындағы негізгі ошақтары неғұрлым кешенді түрде көрсетілген (бұл арада оның Қазақстан мен Орта Азияның ұлт-азаттық қозғалысына көпір болған соңғы орталығы жайында айтылып отыр).

Бұл томда отаршылдықтың ең ауыр жылдарында қазақ халқы өзінің ұлттық тәуелсіздігі, қазақ мемлекеттігі жолындағы құресін бірде-бір күн токтатпай, таңғаларлық ерлік пен өміршендік танытып, басқа өркениеттер жетістіктеріне қосылу қабілетін көрсеткендігі барынша айқын айтылады. Халықтың біртуар перзенттері – аса көрнекті мемлекет кайраткерлері Әбілқайыр хан, Абылай хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, ағартушылар Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Үбырай Алтынсарин, XX ғасырдағы Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов бастаған ұлы реформаторлар мен қазақтың алдыңғы қатарлы басқа да жарқын өкілдері ұлтты оның тарих тереңіне батып кетпей, басқа халықтармен терезесі тең дамуы жолында бастай білді.

Томда М. О. Әуезовтің, Б. Г. Ерзаковичтің, А. Н. Нұсіпбековтің, Б. С. Сүлейменовтің, Е. С. Үсмайыловтың, А. Н. Кононовтың, В. Я. Басиннің, А. С. Сабырхановтың авторлық еңбектері пайдаланылды және редакция алқасы оларды, әлбетте, еңбектерін тиісінше пысықтай отырып, авторлар ұжымы құрамында қалдыру қажет деп тапты.

«Қазақстан тарихы» үшінші томының авторлары: алғы сөз – М. К. Қозыбаев; «Тарихнама және деректемелер» тарауы – М. К. Қозыбаев, Д. И. Дулатова (§ 1), К.Л. Есмағамбетов (§ 2), М. К. Қозыбаев, Ж. О. Артықбаев (§ 3); 1-бөлім, 1-тарау – И. В. Ерофеева; 2-тарау – М. К. Қозыбаев, В. З. Ғалиев; 3-тарау – Ж. Қ. Қасымбаев; 4-тарау – Ж. О. Артықбаев (§ 1), Ж. Қ. Қасымбаев (§ 2), И. В. Ерофеева (§ 3); 5-тарау – М. А. Құл-Мұхаммед (§§ 1, 2), Е. Ж. Уәлиханов (§ 3), С. З. Зиманов (§ 4); 6-тарау – Е. Әбіл (§§ 1, 2, 3, 6), М. Мағауин (§ 4), Е. Ж. Уәлиханов (§ 5); 7-тарау – Т. К. Бейсембиев; 8-тарау – Ж. Қ. Қасымбаев (§ 1), М. Ж. Әбдіров (§ 2), Т. П. Волкова (§ 3); 9-тарау – Ж. Қ. Қасымбаев (§ 1), М. Ж. Әбдіров (§ 2), Т. П. Волкова (§ 3);

баев; 10-тарау – М. Х. Асылбеков, И. В. Ерофеева (§§ 1, 3), М. У. Шалекенов (§§ 2, 4); 11-тарау – Х. А. Арғынбаев (§§ 1, 2), М. Мағауин (§ 3), Б. Г. Ерзакович (§ 4).

II бөлім, 1-тарау – Ж. Қ. Қасымбаев (§§ 1, 2, 4), Т. П. Волкова (§ 3), М. Ж. Әбдіров (§ 5), К. Ә. Жиреншин (§ 6); 2-тарау – Ж. Қ. Қасымбаев (§§ 1, 2, 3, 6, 7), Т. П. Волкова (§ 4), § 5 «Қазақ ССР тарихынан» алынды (5-томдық), 3-т., А., 1982; 3-тарау – С. К. Рұстемов (§ 1), Д. И. Дулатова (§ 2), С. С. Қирабаев, Б. Г. Ерзакович (§ 3), В. З. Фалиев (§ 4); 4-тарау – М. Х. Асылбеков (§§ 1, 2, 3, 4), М. Х. Асылбеков, Т. П. Волкова (§ 5); 5-тарау – М. Х. Асылбеков (§§ 1, 3, 6), М. Х. Асылбеков, К. К. Шаймерденова (§ 2), К. Н. Нұрпейіс (§ 4), Ж. Қ. Қасымбаев (§ 5); 6-тарау – Е. Ж. Уәлиханов (§§ 1, 2), Г. М. Қозыбаева (§ 3), С. С. Қирабаев (§ 4), Ә. Б. Пірманов, А. Т. Қапаева (§ 5).

Томның суреттерін дайындағандар – Қ. С. Алдажұманов, Е. Ж. Уәлиханов. Карта-схемаларды дайындағандар – К. А. Власов, Ж. А. Аханов. Құрастыру жұмысын жүргізгендер – Қ. С. Алдажұманов, А. Т. Қапаева. Географиялық атаулар көрсеткішін – К. Өскенбай, есімнама көрсеткішін – Н. Ә. Атығаев, хронологиялық көрсеткішті Е. Ж. Уәлиханов өзірлеуді.

Томды баспаға өзірлеуге Е. Ж. Уәлиханов, А. Т. Қапаева, Ә. Б. Пірманов, С. К. Рұстемов, Н. Ә. Атығаев, К. Өскенбай қатысты. Техникалық жұмыстарды орындағандар – А. Құдайбергенова, С. Қазиев.

Томның редакциялық алқасы кітаптың бөлімдерін авторлардың үлкен ұжымы жазғанына және олардың әрқайсысы томның жалпы тұжырымда-масы ауқымынан шықпаса да, тарихи оқиғалар мен фактілерге өздерінің көзқарасын білдіргеніне, мұның томдағы тиісті бөлімдерден өз көрінісін тапқанына оқырмандар назарын аударады.

Томды қазақ тіліне аударған – Ж. Ә. Әбішев. Қазақша басылымның редакциясын қарағандар – М. Қ. Қозыбаев пен Қ. С. Алдажұманов.



# XVIII–XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕР

## 1. ҚАЗАҚСТАН ТАРИХНАМАСЫ (XVIII–XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІ)

XVIII–XX ғасырлардағы Қазақстан тарихы алуан тағдырлы сипаттағы оқиғаларға толы. 1730–1770 жылдары қазақ билеушілерінің едәуір бөлігі Ресей империясының басшылық рөлін ресми түрде таныды. Бұл Қазақстанды өз тәуелсіздігінен, мемлекеттігінен айырылуына өкеп соқтырып, шын мәнінде отарға айналдырды. Ресей билігін мойындауға мәжбүр болған алғашқы күндерден бастап-ақ қазақ халқының бұрынғы тәуелсіздігін, мемлекеттігін қалпына келтіру жолындағы ұлт-азаттық соғыстар кезеңі басталды. Халық наразылығының тұтануына екінің бірінде ұлттық және әлеуметтік қысым жасау арандатып отырды.

Қазақстанның отарлық кезеңінің тарихына, өсіресе оның түйінді мәселелеріне отандық тарих негізінен еліміз тәуелсіздік алғаннан соң, яғни 1991 жылдан кейін баса назар аудара бастады. Бұл түсінікті де, өйткені шет аймақ халықтарының сол кезде отар елдер халықтары аталатындыай, жабайылар тарихы мәселелері өткен кездерде империялық өктемдіктің және марксизмнің қасаң қағидасы, тоталитаризм, жеке адамға табынушылық идеологиясының ықпалымен көрінеу бүрмалаушылыққа ұшыратылды. XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихы Еуразия даласының халықтарына дүниежүзілік тарих ұғымынан тыс қараған Ресей ділінің тұрғысынан пайымдалды.

Осының бәрі бүгінгі таңда тарихи өткен кезеңге объективті түрде қарауды, жаңа көзқарастарды тиянактауды талап етеді.

Ресей мемлекетінің құрамындағы қазақ халқы тарихының (XVIII–XIX ғғ.) ең көкейтесті жактарына зерттеушілердің назарын отандық тарихнаманың қол жеткен биігі деңгейінен аудару кажет.<sup>1</sup>

**Көрші мемлекеттермен өзара қатынастар.** XVIII ғасырдың алғашқы онжылдықтары қазақ халқы үшін қыын-қыстау сынақ жылдары болды. Шынына келгенде, ел басына «ел болу, не табанға түсіп құл болу» күні туды.

Орыс тарихнамасында қазақтардың жонғарлар басқыншылығына қарсы күресі жалпылама жұмыстарда көрініс тапқан. Оларда тұтас алғанда жалпы жағдайдың көрініс тапқанына қарамастан, тарихи оқиғалар жүйелі түрде, рет-ретімен баяндалмайды. Әсіресе бұл екі шайқастың: қазақ жақтары 1728 жылы Бұланты өзенінің жағасындағы Қарасиыр («Қалмак-

кырылған») деген жерде және кеш дегенде 1730 жылдың көктемінде Аңырақай даласында жонғарларды жеңген шайқастардың жай-жапсарына қатысты. Қазақ-жонғар қатынастарын XIX ғасырдың аяғы—XX ғасырдың басында М.-Ж. Көпееvtің, Ш. Құдайбердиевтің, М. Тынышбаевтың, М. Дуллатовтың, Ә. Бекейхановтың күш-жігер салуы арқасында ғана неғұрлым егжей-тегжейлі саралап зерделеу мүмкін болды. Қазақтардың жонғарларға қарсы күресі, жонғарлардың 1723—1726 жылдардағы жеңіске жету себептері, қазақтардың саяси және экономикалық ауыр жағдайы, басқа да мәселелер XX ғасырдың 70—80-жылдарындағы тарихнамада: И. Я. Златкиннің, Н. Г. Аполованың, В. Я. Басиннің, В. А. Моисеевтің және басқалардың монографияларында ғана ғылыми түрғыдан көрсетілді.<sup>2</sup>

Атап айтқанда, В. А. Моисеев жонғарлардың қазақтармен арадағы ұзак уақытқа созылған өзара қатынастарының, оның даму барысын, сипатын ашып берді. Ол жонғарлардың қазақтарға және Орта Азия халықтарына қарсы құрестегі уақытша жеңістерінің басты себептерін ашып көрсетіп, Ресейдің қазақтар мен жонғарлар жөніндегі тиянақсыз өрі қайшылыққа толы саясатының себептерін түсіндірді, сондай-ақ Орталық Азиядағы халықаралық қатынастардың бүкіл жүйесін айқындаіп бастаған жаңа күштердің (Ресей мен Қытайдың) саяси аренага шығу белгілерін де анықтап берді. Р. Б. Сүлейменов пен В. А. Моисеевтің «XVIII ғасырдағы Қазақстан тарихынан» деген бірлескен еңбегінде (А., 1988) осы проблеманы зерттеуге баса көніл бөлінген. Қазақстанның Ресеймен, сондай-ақ Орталық Азиядағы «ең соңғы көшпелі империя» — XVIII ғасырдағы Жонғар хандығымен өзара қатынастарының тарихы түйінді проблемалардың бірі болып қалуда.

Кеңестік кезеңде Қазақстан тарихшыларының бұл проблемаға Қазақстанның Ресейге косылуының прогрессіл манызы сипатында қалам тартқаны мәлім. Әлбетте, тәуелсіздік жағдайында көзқарас өзгерді. Бұл орайда Қазақстан тарихшылары жарияланған деректемелер мен еңбектерге сүйене отырып, қазақтар корғаныстық азаттық соғысын жүргізіп жатқан кезеңде, ел басына күн туған зобалаң жылдарда Ресей империясы Ертіс бойымен онтүстікке қарай ілгерілеп, жонғарлар басып алған қазақ жерлеріне бекіністер салғанын, өзінің тым өріде жатқан жоспарларын дипломатиялық әрекеттермен, өскери экспедициялармен нығайта бергенін бүкпесіз де объективті түрде атап өтеді.<sup>3</sup> В. А. Моисеев өзінің соңғы еңбектерінде бұрынғы көзқарастарын едәуір өзгертті. Оның пікірінше: «Қазақ тарихшылары мен публицисттері еңбектерінде Орыс мемлекеті «солтүстіктегі канішер жыртқыш», қазақтардың Жонғария сияқты тарихи жауы етіп көрсетілген. Ол былай тұрсын, патша үкіметі жонғар-қазақ соғысына арандатып, ойраттарды қарумен жабдықтаған және оларды қазақтарға айдалап салған сияқты». В. А. Моисеевтің пікірінше: «Ресей қазақ халқын ойраттардың басып кіруінен корғап, шабуыл жасаушы тарапты тежеу жөнінде қатаң көзқарас ұстанған».<sup>4</sup>

Алайда ресей-ойрат қатынастарының тарихын мұқият зерделеу XVIII ғасырдың 30-жылдарында Ресей-дипломатиясының отаршылдық саясатты жалғастыра бергенін дәлелдейді.

Сенат өз жарлығымен Еділ қалмақтары ханының Жонғар хандығына қарсы соғыс ашуына тыйым салды. Тек 1742—1743 жылдары Сенат, одан соң Орынбор комиссиясының бастығы И. Неплюевтің ойрат әміршісінің ордасына жіберген К. Миллер миссиясы Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарын сол кезде ақ Ресей бодандары деп қарап, Жонғария хандарынан оларға шабуыл жасауды

тоқтатуды алғаш рет талап етті. Басқаша айтқанда, Ресей империясы Кіші жұз бен Орта жұз қазактары Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін 11–12 жыл өткен соң ғана қазактарды колдаған.

Казакстан тарихы жөніндегі қорытушы еңбектерде империяның шығыстағы саясатының өскери-стратегиялық мәні қазақ хандықтарының Ресеймен экономикалық және саяси байланыстарын нығайтуға бағытталған өрекет деп түсіндірілді.<sup>5</sup>

Империяның отаршылдық саясатына, И. Д. Бухгольцтің, И.М. Лихаревтің, П. Ступиннің және басқаларының өскери-барлау экспедицияларына «бейбіт» сипат беру үшін ұзак уақыт бойы олар «ғылыми», танымдық мақсаттарда ғана жүргізілген деп пайымдалып келді. И. Д. Бухгольцтің және басқа да экспедиция басшыларының бекіністер салуы жөнінде басылымдарда оны орыстар иесіз жатқан жерлерде жүргізді деген аныз таратылған. Ал шынына келгенде, Ресейдің өскери экспедициялары ежелден бері қазактардың иелігіндегі, сол кезеңде жоңғар басқыншыларының бақылауында болған жаңа аумактарға бекіністер салып, Ресейдің иеліктері етіп бекітті.

Ресейге қосылу немесе империя билігін амалсыздан мойындау проблемалары. Кеңестік тарихнамада Қазақстанды отарлаудың басталуы оның Ресейге «қосылуы» түрғысынан пайымдалды. Кейбір авторлар мәселенің экономикалық жағына да, саяси себептеріне де мұлде терендел бармай, оны тек ғана сырт жағынан қарап, қосылу кездесе отаршылардың болды деп санады. Басқа біреулері отаршылардың мұдделерін жақтап, патша өкіметінің, патшалық Ресейдегі үстем таптардың қазақ халқына қатысты «құқықтары» мен «міндеттерін» іздең табуға тырысты. Олар империялық идеяларды ашықтан-ашық уағыздап, байырғы халықты тек ғана жабайылар деп білді, сөйтіп олардың сан ғасырларға созылған дербес және мәдени дамуын мұлде ескермеді. «Біздің Орта Азия жерлерін алуымыз өсте де оп-онай басып алу мен атышулы жеңістерге деген бір ғана қарбалас құлшыныспен жасалған жок, – деп баяндалады бір ресми құжатта. – Біз Шығысқа өркениеттің болмай қоймайтын табиғи заңымен бет-теп барамыз: білімді халық жабайылармен ешқашанда қатар өмір сүре алмаған және алғашқылары колында күш-куаты барын сезінсе, соңғыларына олардың арасында мемлекет пен қоғам туралы жалпы адамзаттық ұғымдарды сіңіру үшін жол салушылар жіберіп отырған. Біздің даңқты өскерлерімізді Орта Азиядағы осындай жол салушылар деп санау керек екені даусыз».<sup>6</sup>

КСРО ыдырағаннан кейін, тәуелсіз мемлекеттер пайда болған кезде де империялық ойлауды көрінеу және жасырын жақтаушылар Ресей отаршыл, империялық держава болған жок дегенінен айнымай келеді. «Ресей сол кезде де, кейінде де сөздің толық мағынасында қандай отарлар алып, иеленді деген ең қарапайым сұраққа жауап қайтарып көрініздерші» деп сұрайды тарихшы В. Виноградов пен Ресей Сыртқы істер министрлігі тарихи-дипломатиялық басқармасы бастығының орынбасары И. В. Филатов «Отанымыздың өткен кезеңіне, Ресей империясының тарихына шолу жасағанда» деген мақалада.<sup>7</sup> Бұл да бұрын жазылып келгендерге қайшы келеді. Бұл сұраққа өз кезінде Ресей тарих ғылымының аталары Н. М. Карамзин, В. О. Ключевский жауап қайтарған болатын. Соңғысы «Ресейдің тарихы – отарланушы елдің тарихы» деп өбден айқын жазған еді.<sup>8</sup>

Казакстанның Ресейге «қосылуының» жекелеген мәселелері жөнінде қазақ ағартушылары Шокан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Үбырай Алтынсарин және олардың пікірлестері өз ойларын айтқан.

Ш. Уәлиханов ұлы державалық шовинизмге қарсы шықты, ал шовинизмді мейлінше жан сала қорғаушылар Шығыс халықтарының екінші сорттылығы туралы, мемлекеттілік пен державашылдылыққа таңдаулылардың құқығы туралы еуроцентршіл идеясымен қаруланған еді. Қазактардың дүниежүзілік өркениет тарихында алатын орнын анықтай келіп, Ш. Уәлиханов кейбір ресейліктердің қазақ көшпелілері туралы «мал сияқты тұрпайы варварлар» деген сияқты түсініктерін үзілді-кесілді теріске шығарды. «Біздің өдегтен тыс жабайылығымыз бен дәрекілігіміз туралы пікір, – деп жазды ол, – Қырғыз-қайсақ деген сөздің ауызекі варваризміне ғана негізделген. Шынын айтқанда, қазақ халқы орыс қоғамының бейбітшілік сүйгіш, демек, онша жабайы емес бұратаналары қатарына жатады».<sup>9</sup> Ғалымның пікірінше, оның бабалар тұрмысын бейнелейтін рухани мұрасының, өдег-ғұрыптарының, Гомердің поэтикалық аныздары сияқты тарихи қадір-қасиеті бар. Ол «халықтың өткендегі тарихи және рухани өмірінің толық көрінісін» береді.<sup>10</sup>

Ш. Айтматовтың анықтауда қарағанда, «ақын, діндар, пайғамбар және ағартушы, ғаламат ойшыл, надандық пен адам кемшіліктерін әшкерелеп, кемсітілгендер мен қорланғандардың тағдыры үшін күйінген, өділдікті өз бойында үштастыра білген»<sup>11</sup> ұлы Абай нақыл сөздерінде ұлттық дамудың басты-басты бағыттарын таратты. Ол отарлау кезінде халық ділінің өзгергенін көрсетті. Бұрынғы ұлылық – батырлар заманы келмеске кетті. Құлдық психология, надандық, рухани бейшаралық құлқы жеңіске жетті. Абай «бірін-бірі күйп, қор болмай, шаруа күйп, өнер тауып, мал тауып зор болғандықты арманадады».<sup>12</sup>

Абайдың бүкіл поэзиясының мағынасы оның өз халқын аңсаған мақсатына, өркениетті халықтардың жетістіктеріне араласуға шақыру болды:

Адасып аландама, жол таба алмай,  
Берірек түзу жолға шық, камалмай.

Абай бастап, жол салып кеткен қазақ қоғамының жай-күйіне талдау жасау, отар халықтың кемшіліктері мен осалдықтарын хатқа түсіріп сыйнау алаш реформаторлары ұрпағының тарихи аrenaға шығуна дайындық жасап берді.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы отаршылдыққа қарсы қарулы құрес сөтсіздікке ұшырап, Қазақстан империяның әкімшілік-аумактық бөлінісінің бір бөлігіне айналған, империя ауқымды шабуылға шығып, шет аймақ халықтарын орыстандыру жүріп жатқан кезеңде ұлттың прогрессіл көреген қайраткерлері (Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Үбірай Алтынсарин және олардың пікірлестері) тауқыметтің ең ауыры туған халқын ағарту ісін өз мойындарына алуға мәжбүр болды.

Отандық тарихнаманың алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткерлерінің есімдерімен байланысты орасан қалың қабаты кеңестік тәртіп басқарған ұзак жылдар бойында мұлде игерілмей келген еді. Қазақстанның Ресей құрамына кіру проблемасы ең алдымен Ә. Бекейхановтың еңбектерінде мейлінше толық және тұтас көрініс тапты. Автор «Қырғыз өлкесінің тарихи тағдыры және оның мәдени табыстары» деген еңбегінде «қосылу», «өз еркімен» деген терминдерді мұлде қолданбайды, керісінше, «жаулап алу», «бағындыру» деген терминдерді қолданады, Кіші және Орта Ордалар қазактары «оңтүстіктең жаулары Горькая шебіне дейін тықсырғандықтан, орыс билігін тануға мәжбүр болды» деп атап көрсетеді.<sup>13</sup> Бұл тақырыпты жалғастыра келіп, Ә. Бекейханов

XIX ғасырдың үшінші ширегіне дейін «барлық казақ рулаты біртіндеп орыс билігін мойындады» деп атап өтеді.<sup>14</sup>

Ә. Бекейханов еңбектерінің XVIII—XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихын бағалау үшін де маңызы баға жеткісіз. Ә. Бекейханов былай деп жазды: «XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап солтүстіктен жаңа халық — славяндар келе бастады; олардың мәдениеті сол кездегі Қырғыз өлкесі билемешілерінің мәдениетінен жоғары болатын, сондықтан жергілікті халық өз өлкесіндегі үстемдікті келімсектерге беруге тиіс болды».<sup>15</sup>

Орыстардың өлкені отарлауын Ә. Бекейханов екі кезеңге: мұнда ерікті отарлаушылардың пайда болуына және олардың ізімен үкімет жасактарының келе бастауына бөледі. «Ерікті отарлау, — оның пікірінше, — осында сол кездегі ауыр тұрмыс жағдайларынан қашқан немесе қорғансыз бұратаналар есебінен онай баю үшін шаруалардың, қылмыскерлердің, сектанттар мен басқа да әр түрлі тобырлардың келуімен жасалды. Бұл жөнінен оларға онтүстік Орал мен біздің өлкеміздің солтүстік-шығысы ерекше қатты ұнады. Беймәлім елдерге терендей еніп, ілгері қарай қозғалумен жалғасқан «жер шолу» туралы ой осы тұста туды. Бұл қозғалыстың қаншалықты құшті және құдіретті болғанын аты-жөні жоқ еріктілер толқынының небәрі екі жұз жылдай уақытта (1560—1750) Оралдан Камчаткаға дейін, Березовтан Алтайға дейін бүкіл Сібірді баса-көктеп жүріп өткенінен білуғе болады. Осында толқын тармактарының бірі — солтүстіктен Ертіс бойымен және Бараба даласынан, екіншісі — онтүстік Оралдан Жайық өзенімен оның салаларын бойлап Қырғыз өлкесіне келді. Соңғы қозғалыс ерте басталды, бірақ Ертіс бойымен отарлау тезірек жүргізілді, өйткені бұл толқын құштірек болатын; табиғи байлықтарының арқасында Ертіс өлкесі мен Алтай отаршылдар көзіне өте бағалы көрінді, сөйтіп олар осы жаққа көбірек жіберілді. Мұны орыс үкіметі де ұғынып, оған кейіннен басты әскери құштерін жіберді. Төменіректе біз үкіметтік отарлау (және жаулап алу) еріктілердің ізімен жүргізілгенін және былайша айтқанда, оны заңдастырғанын көреміз; кейбір жағдайларда үкіметтің белгілі жер участесін еріктілер сол кезде-ақ басып алғандықтан, оны өзінікі деп тануына ғана тұра келді».<sup>16</sup>

Әлихан Бекейханов өзінің Қазақстан тарихы және жер пайдалану нысандарының дамуы мәселелері жөніндегі еңбектерінде өлкенің солтүстік-орталық және шығыс бөліктерін жаулап алу мен отарлауды бөлек алғып қарастырады.

«Есіл—Ертіс өлкесінде орыс адамдарының келген жылын қай жылға жатқызу керек екенін дәл айту қыын, — деп жалғастырады ол ойын. — Солтүстік Сібірдегі сияқты, мұнда да өлкені жаулап алудың алдында терісі бағалы аң аулауды көсіп еткендердің, ал кейде бұратаналарды жай ғана торап кету үшін келіп-кетушілердің болғаны анық. Орыс отарлаушыларының қандай да бір арнайы (талап-тонаудан басқа) мақсатпен бірікпеген еріктілер тобырын құраған осы жекелеген алдыңғы бастаушылары алғашқы кезде бұратаналар тарапынан, сірә, ынтымақты тойтарыс таппағанына қарамастан, отарлаудың сенімді тірегіне айнала алмады».<sup>17</sup>

Сөйтіп Ә. Бекейхановтың пікірінше, Қазақстанның империя құрамына кіруі отарлау (ерікті тұрде және үкімет арқылы) мен жаулап алудан тұрады. «XVIII ғасырдың аяғында (біздің жоғарыда байқағанымыздай) Қырғыз өлкесі көшпелілерінің едәуір бөлігі орыстардың билігін мойындап, орыстар шегінде көшіп жүрді. XIX ғасырдың басынан бастап үкімет жаулап алынған өлкені

нығайту жайын ойластырды».<sup>18</sup> Ә. Бекейханов өзінің барлық зерттеулерінде «жаулап алу» деген ұғымды қолданып, сол арқылы XVIII–XIX ғасырлардағы орыс-қазақ қатынастарының барысында қалыптасқан күрделі өзара қатынастарды сипаттайды.

Ә. Бекейханов орыстардың Орталық Азиядағы ерекше өркениеттілік миссиясы туралы негізсіз тұжырымдамасын ашықтан-ашық әшкереледі. «Өлкені бағындырған соң, – деп жазды ол, – орыстар мәдениетті жұмысқа көше алмады, өйткені бастапқыда жаулап алу тек қана баю мақсатымен жасалды және алғашқы жаулап алушылар мәдениет рөлін атқаруға мүлде дайын емес болатын. Олар адамгершілігі алғашқы қауым адамдарынан аспаған, өткендегі өмірі күмәнді, дөрекі, надан адамдар еді; рас, осының бәрі бола отырып, олар бұратаналардан жетілгендеу болып шықты, бірақ оларды бағындырған соң, саналы түрде бейбіт мәдени жұмысқа көше алмады; олар тіпті табиғаттың байтартуларын ақылмен пайдалануға немесе өздерін өз еңбегімен асырауға күшжігер жұмсаған жок. Керісінше, олар баюдың неғұрлым жеңіл басқа әдісін – бағындырылған бұратаналарды талап-тонау мен табиғи байлықтарды талантараж ету жолын таңдады».<sup>19</sup>

Автор еріктілердің ендей кіруіне империяның мүдделі болғанын нақтылай келіп, еріктілер мен үкіметтік отарлау үрдісін ажырағысыз бірлікте қарастырады. Біріншіден, ол орыс отарлауының алдыңғы тобы болды, екіншіден, ол империяның ішкі өміріндегі проблемаларды жоюға мүмкіндік берді.

1917 жылдан кейін отандық тарих проблемаларына ден қою арта тұсті. Бұл тұрғыда көптеген еңбектер ішінен Т. Рысқұлов, Х. Досмұхамедов, П. Г. Галузо, С. Мендешев, Ғ. Тоғжанов еңбектері мен басқа еңбектерді атап өту керек.

П. Г. Галузо Ресей мен Қазақстан серіктестігінің тен құқылы еместігін атап көрсетіп, империяның өзге өлкелерді «қосып алуға» өте мүдделі екенін атап айтқан болатын. П. Г. Галузо отаршыл империя теоретиктерінің агрессияға бейбіт тон жамылдырып, өркениетті сипат беруге неліктен тырысқанын түсіндірді. «Отар Түркістан» («Орыс патша өкіметінің Орта Азиядағы отарлау саясаты тарихының очерктері») деген кітабында ол былай деп жазды: «Патшалық Ресей өскерлерінің қазақ даласына қарай ендеп кіруі XVIII ғасырдың бірінші жартысында-ақ басталған болатын. Орыс патшалары елге ентелей өрі толассыз дерлік сұғына тұсті, алайда былайша айтқанда, біраз жалтақтай отырып жылжыды...».<sup>20</sup>

Орта Азия шекарасындағы орыстардың агрессиялық саясаты жөнінде келтірілген бейбітшілік сүйгіш сипат беру Ресейдің алысты көздейтін агрессиялық жоспарларын қарастыра отырып, Орта Азияға аяқ басқанда, өзінің отаршылдық басып алушылық жөніндегі батыс европалық бақталастарынан, ең алдымен Англиядан қатты қорыққандығын көрсетеді.

Орта Азияға қарай ілгерілеуді біз ұлы державалардың «олжа бөлісу жөніндегі» «империалистік жарыс» ағыстарының бірі деп қарастыра аламыз. Әрине Ресейдің крепостник-помещигі ең алдымен отарды өзі үшін басып алды, бірақ шынына келгенде бұл отарларды Ресейдің өнеркәсіп капиталы үшін де басып алу болатын.

П. Г. Галузо Ресейдің «отаршылдық табыстары» тарихын Орталық Азияның барлық аймактарымен өзара тығыз байланыста алғып қарады. Ол Қазақстанның империя құрамына кіруі: біріншіден – халықтарды саяси дербестіктен айырудын; екіншіден – экономикалық жағынан кіріптар етудін; үшіншіден – дүние жүзін болашақ отарларға бөлу жөнінен орыс-ағылшын бақталастығы-

ның салдарынан болды деп есептейді. П. Г. Галузоның сінірген еңбегі – XIX–XX ғасырдың басындағы Ресейдің Қазақстандағы отаршылдық үстемдігі көрінісін ашып көрсету және ұлт-азаттық қозғалысы проблемасын ғылыми тұрғыдан қою болды. «...Дәуір екі бөлікке: өлкені жаулап алу кезеңі мен шаруашылық үшін игеру кезеңіне бөлінеді, осыған сөйкес ұлт-азаттық қозғалысы екі кезеңге бөлінеді».<sup>21</sup>

Х. Досмұхамедов Ресейдің жаулап алушылық саясаты қазақ жерін Азияға ендей кіру кезінде алғы шеп ретінде пайдалану болды деп есептеді. Қазақ өлкесінің біржола «Ресейге бағынуын» ол XVII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басындағы қазақтардың ұлт-азаттық құресінің жеңіліс табуы салдарынан болды деп санады. Ол Әбілқайыр және ру ақсақалдарының шағын тобы патша өкіметімен сөз байласуға барып, елді бодандық алуға мәжбүр етті деп есептеді. Х. Досмұхамедов қазақтардың Ресей мемлекетіне бағыну актісіне халықтың негізгі бұқарасының қатыспағанын келіссөз үрдістеріне Кіші жұз бен Орта жұз руларынан біркелкі өкілдер болмағанын мысалға келтіре отырып дәлелдеді.<sup>22</sup>

М. Әуезов «Әдебиет тарихы» деген кітабында (А., 1927) былай деп атап көрсеткен: «Қазақ елін орысқа бағындыруға зорлаған себептер көп. Бір жағынан қалмақтар сияқты елдің тізесі батқан жаулығы болса, екінші: Орта Азия хандықтарының қысымшылығы, үшінші: орыс үкіметінің қазақты бағындыруды мақсат қылғандығы, осымен бірге тағы бір зор себеп, қазақтың өз хандарының алалығы. Өзара жаулық пен араздық, өштік күшейіп, бірін бірі жаула-мақ үшін әрқайсы кез келген жұрттан көмек іздеп, қазақ елін әр айғырдың үйіріне сіңруге айналғандығы. Осындай көп себептер тұтасып, ел тіршілігі бір шымшытырық мезгілге жеткенде, орыс үкіметінің шенғелі қомағайлық-пен созылып, казак даласын уысына кіргізіп әкетіп бара жатты.

Орысқа бағыну, елдің алдына ұсынған сыбағалы табақтай болып, еріксіз бой ұсындыруға айналды».<sup>23</sup>

Қазақстанның Ресейге косылу проблемасы Т. Рысқұловтың тарихи мұрасында да көрініс тапқан. Қазақстанның жалпы Ресей бодандығына өтуі тұрғысынан қарастыра келіп, ол «бағындыру», «қазақтарды жуасыту», «жаулап алушы күш» деген терминдерді қолданған. Ол жазған «патша өкіметінің отаршылдық саясатында» екі кезең: XVI ғасырдың аяғынан бастап – казақтардың, XIX ғасырдың ортасынан бастап – шаруалардың отарлауы бөліп көрсетіледі. «Өздері ілгері жылжыған жолында орыс өкіметі жаңадан жаулап алған аудандарда дереу бекіністі мекендер тұрғызып, оларға казактар мен келімсек шаруаларды коныстандырып отырды».<sup>24</sup>

Т. Рысқұлов қазақ жүздерінің Ресей бодандығына өту себептерін бірінші кезекте Қазақстанның сыртқы саяси жағдайымен байланыстырыды. Оның сыртқы саяси жағдайы қазақтарды шығыстан – жонғарлардың, онтүстіктен – Хиуа, Бұхара, Коқан хандығы, батыстан ноғайлар мен қалмақтардың қысым жасауынан көрінген. Т. Рысқұловтың пікірінше, Ресейдің Казан (1552 ж.), Астрахан (1557 ж.) хандықтарын жаулап алу, Батыс Сібірді бағындыру (1581 ж.), орыстардың Орал мен Ертісті бойлай жылжын күшетуі жөнінде шығыста белсенді саясат жүргізуі едәуір рөл атқарған.<sup>25</sup>

Т. Рысқұловтың Қазақстан мен Орта Азияда Ресей тәжінің орнығуы жөніндегі тарихи тұжырымдамасы оның 1916 жылғы ұлт-азаттық соғыс тура-лы еңбектерінде түпкілікті ресімделген. Ресейдің ұлы державалық ниеттерінің жалпы нәтижелерін пайымдай келіп, ол коныстандыру басқармасының бас-

тығы Г. Ф. Чиркиннің Орталық Азияның байырғы халықтарының тағдырына қатысты мынадай пікірін келтіреді: «Егер барлық орыс тайпаларын бір Ұлы Орыс Державасының кол астына қосу психологиялық жағынан орыс ниеттеріне толық көлемінде сәйкес келсе, егер Босфор мен Дарданелл «біздің Донымызға кілт» болса, Ресейдің Астрабад пен Мазандаранда орнығып алуы біздің өскери іске жұмсаған шығындарымызды едөуір дәрежеде өтейді және біздің байлығымызды мықтап ұлғайтады. Ал саяси жағынан біз осыдан 200 жыл бұрын-ақ өз данышпандығымен Каспийдің Оңтүстік жағалауын (сол сияқты бүкіл Орталық Азияны да) бағалап, Ресейді Эльбрус жанында орнықтырған Ұлы Петрдің мұрасын» қалпына келтіреміз.<sup>26</sup>

ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы тарих ғылымында патша өкіметінің жаулап алушылық себептері мен отаршылдық ниеттеріне ерекше көніл бөлінеді. Сол кезеңдегі монографиялар мен мақалалардың көпшілігі, соның ішінде С. Асфендиаровтың «Қазақстан тарихы» да сондай көзқарас түрғысынан жазылды. «Патшалық жаулап алу қазақ бұқарасына ізгілік, бейбітшілік пен мәдениет өкелген жоқ, — деп жазды ол. — Ол күйзеліс, талап-тонаушылық пен кісі өлтірушілік өкелді».<sup>27</sup>

Г. Ф. Даҳшлейгердің, Д. Дулатованың, Ж. Қасымбаевтың, И. Қозыбаевтың, И. В. Ерофееваның 1970–90-жылдарда жарияланған тарихнамалық зерттеулерінде XVIII ғасырдың 40–80-жылдарындағы отандық тарихты, ең алдымен Қазақстанның Ресейге қосылуын зерттеу қорытындылары шығарылды.<sup>28</sup>

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін зерттеушілер ұзак жылдардан соң отандық тарих проблемаларын жоғарыдан арасусыз және идеологиялық өктемдіксіз зерттеуге мүмкіндік алды. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев өзінің «Абай туралы сөз» деген баяндамасында былай деп атап өтті: «Ол қазақ тарихының айрықша ауыр кезеңі еді. Жер шарының неғұрлым көп бөлігін иемденуге тырысқан империя Орталық Азияны қөктей өтіп, шығыс пен күнгейге тереңдей енуді көздеген-ді. Сондай стратегиялық максаттың дәл өтінде тұрган ел Қазақстан болды. Басқадан айырылса да, одан айырылмау саясаты алғаш рет сол кезде бой көрсетті. Ел билеудің тарихи қалыптасқан ұлттық жүйесі біржола мансұқталды. Метрополияның өзіндегі тәртіп күштеп енгізіле бастады. Әуелі қазақтың әр ұлысынан бірнеше шағын хандықтар құрылып, этноаумактық тұтастық бұзылды. Сосын әр хандықтың халқы мен жері ата-атаға, ру-руға бөлінетін жігімен ауыл-ауылға, болыс-болысқа бөлінді...»

...Жер бетінде... осындай... тәлкекке ұшыраған халық ешқайда да жоқ шығар.

Бұның бәрі отарлық кеңістіктің тұрғындары тарихи қалыптасқан мемлекеттілігін қайтадан қалпына келтіре алмайтындағы қып, оларды жер мен суға байырғы иелік құқынан біржолата айыруды көздел, алдын ала ойластырылған зұлым саясат еді».<sup>29</sup>

«Отаршылдық жағдайындағы ұлттық қозғалыстар: Қазақстан, Орта Азия, Солтүстік Кавказ» атты Бұқілодактық «Дөңгелек столға» (1990 ж. 27–28 маусым) қатысушылар «қосылу» ұғымын «империяның билігін өз еркімен танудығана емес, сонымен қатар (шаруалар арқылы және өскери) жаулап алуды, отарлауды қамтитын» сан қырлы үрдіс ретінде түсіну керек деген қорытындыға келді.

«Қазақстанның көне заманнан бүгінгі дейінгі тарихында» (1994 ж.) Қазақстанның Ресейге қосылу тарихын баяндау қазіргі ғылыми айқындалардың

шоғырланған көрінісі болды. «Қазақстан Ресей империясының құрамында» деген бөліміндегі бір тарау «Қазақстанның Ресейге қосылуы: кіруі, жаулап алыу, отарлауы» деп аталады. Онда XVI–XVIII ғасырлар бойындағы екі халық арасындағы саяси байланыстар туралы материал баяндалады; Ресейдің Хақназар және Тәуке хандарға жақсы көзқараста болғаны туралы; Қазақстан аумағына жонғарлардың басып кіріп, Кіші жүз қазақтарының бір бөлігінің Ресей бодандығын қабылдауын тездеткені туралы, рубасылары мен Әбілқайыр хан арасында елеулі алауыздық болғаны, Әбілқайыр ханның патша үкіметіне жасаған өтінішінде Орта жүз бен Ұлы жүзді бодандыққа қабылдауды сұрап, халық атынан әрекет еткені, ал олардың едәуір кейінректе және басқа жағдайларда қабылданғаны туралы айтылады. Патша өкіметі саясатының отаршылдық бағытының күшіне түсіне, оның жанадан қосылған жерлерде ішкі саяси жағдайды киыннатқанына баса көніл бөлінеді. «Қазақстан тарихының» авторлары отарлау саясаты қазақ жерін айналдыра бекіністі шептерді құру мен бұл жерлерде ресейлік басқару жүйесін енгізуден көрінді, мұның өзі казақ халқының көпшілік бөлігінің наразылығын туғызып, бірқатар толқуларға ұласты деп санайды. Корыта келгенде, мынадай айқын баға берілген: «Кіші жүздің едәуір бөлігі, Орта жүздің кейбір аудандары Ресей бодандығын өз еріктерімен қабылдады. Орта жүздің көпшілік бөлігі мен Оңтүстік Қазақстанның бірқатар аудандары патша үкіметі өскери күштерінің көмегімен қосылды. ...Халықтың басым көпшілігінің үстінен бакылаусыз билік жүргізуғе ие болған Ресей барлық салада дерлік отарлау саясатын кеңейте түсті».<sup>31</sup> Бұл бөлімде Қазақстанның Ресейге қосылуы кезеңіндегі ұлт-азаттық құреске катысты материал мол қамтылған.

Алайда зерттеушілер мәселенің бұлайша қойылуы да тарихи ақиқатты көрсетпейді деген тұжырымға барған сайын көбірек ден коюда. Зерттеушілер «қосылу» ұғымын түрліше түсіндіреді. Атап айтқанда, М. Қозыбаев «қосылу» termini тарихи үрдістің мәнін дәл білдірмейді, күштеу негізінде болған корлаушылық мәні бар деп есептейді. Оның пікірінше, Қазақстан негізгі объектіге қосылған субъекті рөлінде көрінеді. Кезінде империялық кеңеслерде жасалып, кеңестік ресми тарих ғылымында қабылданған термин іс жүзінде «басып алу», «агрессия», «жаулап алу» деген терминдердің баламасы болып көрінеді.<sup>32</sup>

Ресейдің Сібірді отарлауы Казан, Астрахан және Қырым хандықтарын жаулап алғаннан кейін басталды деп санау керек болғаны мәлім. Зерттеуші В. В. Каргалов басқаша болған деп есептейді, ол былай деп жазады: «Батыс Сібірді Ресей мемлекетіне дәстүр бойынша қосып алу ертерек басталды және 1483 жылы Сібір жеріне жасалған үлкен жорықты бастаған алғашқы орыс воеводалары кінәздер Федор Курбский мен Иван Салтык-Травин болған».<sup>33</sup>

Сөйтіп В. В. Каргалов патша өкіметінің Шығыс жөніндегі отаршылдық саясатының басталу кезеңін тағы да бір ғасырға шегіндіреді. Одан кейінгі кеңендерде Сібірдің әр түрлі облыстарын, соның ішінде Кенді Алтай мен Оралды Ресей мемлекеті бірінен кейін бірін жаулап ала берді.

Әр түрлі ұрпақтардың жекелеген зерттеушілерінің А. И. Тевкелевтен кейін Қазақстанның Ресей өрісіне сөзсіз қосылуын біржола айқындаған стратегиялық кезенді I Петрдің есімімен және іс-әрекетімен байланыстыруы орынды.

I Петр Сенаттың жауапты қызметкері И. Кириллов пен дипломат, Сыртқы істер коллегиясының тілмашы А. И. Тевкелевке (православие дінін қабылда-

ғанға дейін – Құтлымбет мырза, Мәмет мырза) қазактарды Ресей бодандығына өткізу жобасын өзірлеуге тапсырма берді.

Қазақстанды жаулап алудың одан кейінгі онжылдықтарда, Н. Г. Аполловың айтуынша, «патша өкіметінің «даланы бейбіт жолмен жаулап алу және қазақ халқының мәңгілік бодан болуы» дейтінді жүзеге асыруға бағытталған кең көлемді агрессиясы» түпкілікті ресімделген стратегиясы осылайша белгіленді.

Ресей елшісі А. И. Тевкелевтің күнделігіне тарихшылар өлдекашан назар аударған болатын. Келіссөз бір жыл 49 күн бойы жүргізді, бұл оған қазақ қоғамын едөуір дәрежеде жақсылап зерделеуге және оның ықтималды мүмкіндігін анықтауға жағдай жасады. Ресей саясаты емін-еркін дала халқымен қарым-қатыс тәжірибесін жинақтады. Келіссөз кезінде дала жұртының билеуші жоғары топтары екіге: Әбілқайыр ханның жақтастарына, сондай-ақ бодандықты қабылдауға қарсыларға бөлінді. Жанталас кездерінде ханды жақтаушылар басқа бір амал тапты. Бодандық туралы келіссөз Жетіру тайпалар одағынан шыққан, Кіші жүздің көрнекті көсемдерінің бірі Бекенбай батырың Тевкелевке деген ізгі ықыласының арқасында ғана табысқа жетті. Бекенбай батыр өзіне башқұрттар мен жайық казактары тарапынан көмек көрсетілсе, оның өзі мен күйеу баласы (Құдайназар батыр) «қырғыз-қайсақ ордасын екі жылда қылыштың күшімен Ресей бодандығына келтіруге уәде беретіндігін» айтты.<sup>34</sup>

Кейін А. И. Тевкелев миссиясының барлық материалын қорыта келіп, тарихшы А. И. Левшин былай деп тұжырымдауға мәжбүр болды: «Тевкелевтің Ордаға келуі айлакер Әбілқайырдың билік сүйгіш бүкіл ойын ашып көрсетті. Ресейдің жаңа бодандарынан ант алуға келген шенеуніктер өз ойларындағы дәрежеде қабылданбағаны былай тұрсын, келген бойда-ақ өмірмен қоштаса жаздады... Кіші ордадағыдай Ресейді жақтаушылар өз ішінде соншалық болмаған қарапайым халық өз тәуелсіздігінен айырылғысы келмеді, бәрін де басқаша түйсінді, сондықтан да өздерінің Ресейге бағынған тайпаластарына қаты қарсыласты».

Сонымен XVI ғасырдың ортасынан бастап XX ғасырдың басына дейінгі казак-орыс қатынастарының проблемасы отандық тарихтағы басым проблемалардың бірі болып табылады. Бұдан бұрынғы тарихнамада бұл проблема алуан түрлі бағаланды, кеңестік кезеңде «косылу» ұғымының классикалық ұғымға айналдырылғанынан бастап, Қазақстан өз тәуелсіздігін алған алғашқы жылдарда енгізілген «кіру» terminімен аяқталды. Қалай болғанда да, халықаралық қатынастардағы аса қын тоғысулары салдарынан Қазақстанның саяси тәуелсіздігі мен мемлекеттік егемендігінен екі жүз алпыс жылдай уақытқа айырылғаны тарихи факт болып табылады.

Бүкіл дүниежүзілік тарих қалыптаса бастаған сауда-шаруашылық байланыстары мен кеңеңе түскен дүниежүзілік рынок адамзаттың алдына жекелеген дүниежүзілік мемлекеттердің сауда жолдары тіршілігін өз қолында ұстауға ұмтылу фактісін тартты, өз кезегінде бұл олардың дүние жүзіндегі сауда және өнеркәсіп жөнінен бақталастырын туғызды. Осында жағдайларда Орталық Азия елдерінің тарихы өзгеше қалыптасты. Адамзаттың өткендеңі жалпы тарихынан бастау алып, гүлденген далалық өркениетті Қазақстан шектес жатқан алып көршілерінің сыртқы саясатында көніл аудараптық объектіге айналды. Абсолюттік монархия орнығып, орталықтандырылған мемлекетке айналған, Азия халықтарын дипломатиялық жолмен бағындыру және өскери

экспедициялар жөнінен тәжірибесі бар Ресей «Азияның барлық елдері мен жерлеріне жеткізетін какпа кілті» болуға тиісті қазак жеріне көзін тіге бастады. Бұл орайда Ресей империясы ішкі қажеттерін де, Еуропа және Азия құрлықтарында орнығып алу қажеттігін де негізге алды.

Қазақстанды бағындыру кезінде Ресей саясатының табысқа жетуіне Орталық Азия аймақындағы Ұлы дала көшпелілері мен оның көршілеріне тиімді болмаған жағдай да себепші болды. Жонғария, Қытай, Осман империясы, Орта Азия хандықтары, Англияның мұдделері Орта Шығыска келіп тоқайласты.

Ресейдің «шығыстағы саясатында» қазақтар жөніндегі мәселе Қазақ хандығымен байланыс жасаған III Василий билік еткен кезден бастап-ақ маңызды орын алған еді. Егер қазақ-орыс қатынастары XVIII ғасырдың басына дейін, оның алдындағы екі ғасыр бойы Ресей экспансиясының өрістей түскеніне қарамастан, төуелсіз екі мемлекеттің өзара қатынастары болып келсе, Ұлы Петр реформалары кезінен бастап Ресейдің Орта Азия мен Қазақстан жөніндегі сыртқы саясатында Дала өлкесін жалмап-жұту сарыны басымдық ала бастайды. I Петрдің «шығыс идеясы» Үндістан және Қытай жерімен өтетін сауда жолдарын басып алу жоспарын туғызды.

XVIII ғасырдың бас кезі қазақтар үшін сыртқы саяси жағдайдың қындауымен ерекшеленеді. Жан-жақтан: солтүстік пен батыстан – Ресей мемлекеттінің, шығыстан – жонғарлардың, онтүстіктен – Орта Азия хандықтарының саяси қысым жасауы айқын аңғарылды. Сонымен бірге қазақ қоғамының өз ішінде дағдарысты құбылыстар өріс алды: көшпелі ұжымдар арасында ынтымақ болмады, алауыздық етек алғып, рулық тартыс, билік құрылымдары жолындағы ішкі саяси күрес күшейді, сол жылдарда қазіргі Қазақстан аумағында «барша жүртқа карсы баршаның соғысын» бастаған «келте хан» дейтіндер бас көтерген еді. Бұл соғыстар мемлекеттің экономикалық негізін өлсіретті, оның материалдық ресурстарын азайтып, адамдар шығының көбейтті.

Бұл дәстүрлі көшіп-кону жолдарының өзгеруіне және жалпы алғанда көшіп жүру жүйесінің бұзылуына өкеп сокты. Ақырында, қазақ қоғамының дамуындағы келенсіз оқиғалар мен қайшылықтардың шырқау шегіне жеткен кезеңі Қазақстан тарихына «Ақтабан шұбырынды» деген атпен енген 1723–1727 жылдар болды. Бұл қаныраткан қасіретке толы, ашаршылық, адамдар құрбан болып, экономика күйзелген, өндіргіш күштер құлдырап, мәдениет кері кеткен заман еді.

Сонымен бірге тұрмыс салты бір номадтардың, шынына келгенде, дүниежүзілік империялар мен алғып көршілерінің «ұлken саясатына» құрбан болған туысқан халықтардың өзара соғысқан фактісі назар аудартады. Қалай болғанда да, Отан тарихында ұзакқа созылған қазақ-жонғар соғысының болғаны, онда жонғарлар агрессиясына қарсы қазақ халқының халықтық жасағының шешуші рөл атқарғаны анық. Егер туған жер және ата-бабалар конысы қорғалғанын ескерсек, жай ғана жасақтар соғысы емес, Отан соғысы деуге болады.

Туған жерінің батыс және солтүстік-батыс шекарасына қарай ығыстырылған қазақ рулары Еділ мен Жайық арасындағы кең жайылымдарды пайдалану шиеленісіне тап болды, мұның өзі орал қазактарымен және қалмактармен қайшылықтарға өкеп сокты. Оның үстіне жонғарлар агрессиясы салдарынан қазақ жүздері арасындағы шаруашылық-саяси байланыстар едөуір өлсіреп кетті, ал оның одан әрі асқынуына руаралық араздық пен бытыраңқылық себепші болды. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде еуропалық өнеркәсіп

Әркениеті өрістеуінің басымдығы айқын аңғарылып, ол әскери істің пәрменді дамуынан көрінді. Оқ ататын қару мен артиллерия атты әскерді ығыстыра бастады.

Ресей империясының айыр басты бүркітіне Қазақстанның бағынуы бір сөзben айтқанда, 1731 жылдан бастау алады. Бұл Кіші жүздің билеушісі Әбілқайыр ханның Ресей императрицасы Анна Иоанновнадан бодандыққа қабылдалап, Қамқорлыққа алуын өтінген жылы еді.

Әбілқайыр ханның жасаған өрекеті тарихнамада өте қайшылықты бағаланды. Оның жағымсыз жақтары деп: жеке-дара билікті көздеген зымияндық; ол барлық қазақтардың атынан өрекет жасағандықтан, қазак руларының мұдделерін елемеу; Әбілқайыр мен оның айналасындағылардың құдіретті державаның қамқорлығы арқасында басқа бақталастарынан астамдық алуы атады. Әбілқайыр бастаған Кіші жүз қазақтарының Ресеймен құжатқа қол қоюын актайтын себептер арасында мыналар: сыртқы саяси факторлар – жонғарлар агрессиясына тойтарыс беру қажеттігі; Иран шаһы Нәдірдің жаулаушылық өрекеттеріне байланысты Қазақстанның онтүстік шептеріне қауіп төнүі; Орта Азия хандықтарының Онтүстік Қазақстан жерлеріне сұктануы; қазақтардың шекаралас жерлеріне башқұрттардың, Еділ қалмактарының, Жайық казактарының, Сібір әскерлерінің жиі-жиі шапқыншылық жасауы аталауды. Ішкі және басқа да кейбір факторлар – рулық ақсүйектер мен жергілікті билеушілер сепаратизмін түп-тамырымен жою қажеттігі; бір орталыққа бағынатын мемлекет құру керектігі; қазак халқының жонғарлар тарапынан ұзак уақыт бойы жасалған агрессиядан, хандар, сұлтандар, ақсақалдар арасындағы өзара қыркысқан соғыстардан, сыртқы дүниеден оқшауланудан шаршағандығы; Ресей экспедицияларының қазақ даласына жасаған барлаушылық қызметі мен қалмактар жаулап алған қазақ жерлерінде бекіністер салуы; А. И. Тевкелев, И. И. Неплюев және басқалар арқылы Әбілқайырды орыс бодандығын қабылдауға итермелеген Ресей дипломатиясының қызметі; XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстанның экономикалық жағдайының қындығы айтылады.

1731 жылғы 19 акпанда императрица Анна Иоанновна Әбілқайыр ханға Кіші жүзді Ресей бодандығына қабылдау туралы сыйлық грамотаға қол қойды. 1731 жылғы 10 қазанда Әбілқайыр ханмен бірге өр рудан өкіл болған 56 адам: арғыннан – 17, найманнан – 7, қыпшақтан – 4, тамадан – 2, жағалбайлыдан – 3, кердеріден – 1, алаштан – 4, байбактыдан – 2, жапастан – 2, масқардан – 2, табыннан – 10, шөмекейден – 1, кетеден – 1 адам қол қойып, Ресей тағына ант берді. (Крафт И. И. Қазақтардың орыс бодандығын алуы. Орынбор, 1897; Сондай-ақ қараңыз: «Айқап». Құрастырғандар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов. А., 1995, 49–52-б.).

Кіші жүз бен Орта жүз ақсақалдары мен сұлтандарының 1740 ж. Орынбор маңында өткен съезі Ресей бодандығының алғашқы нәтижелерін нығайтуға себепші болды. Оған қатысқан Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан қалыптасқан жағдайды ескере келіп, Ресей бодандығын қабылдауды жақтап, Қазақстанның жонғарлардың басып кіру қаупінен қорғауға үмтүлді. Кіші жүз бен Орта жүз сұлтандары мен ақсақалдарының 1740 жылғы ант беруі Ресейге Орта жүздің бір бөлігінің ғана бағынғанын көрсетті. Ал Солтүстік-Шығыс және Орталық Қазақстанның негізгі аймақтары империяның құрамына патша өкіметінің әскери-саяси өрекеттері салдарынан XIX ғасырдың 20–40-жылдарында ғана кірді. I Петрдің арманы іске асырылды.

Қазақтардың Ресей империясына протектораттық төуелділікті тану проблемасы көптеген зерттеушілердің еңбектеріндегі талдау тақырыбына айналды.<sup>35</sup>

Кіші жұз бен Орта жұз қазақтары бір бөлігінің Ресей билігін тану мәселесі Білім және ғылым министрлігі – Ғылым академиясының отандық тарих пен халық бірлігі жылына арналған сессиясында да қаралды (1998 ж. 4 шілде).<sup>36</sup>

Халық жазушысы, белгілі зерттеуші М. Мағаун Қазақстан тарихына өз көзқарасын «Қазақ тарихының өліппесі» деген кітабында (А., 1995) баяндаған. Онда қазақ мемлекеттілігінің көкейкесті проблемалары, казақ халқының жонғар басқыншыларымен күресінің негізгі кезендері қарастырылып, отандық тарихты зерделеудегі бірсыныра, оның ішінде кейбір елеулі олқылықтар анықталған.

Кеңестік қоғамтанушылар үшін К. Маркстің өз серігі Ф. Энгельске хаты ұзақ жылдар бойы методологиялық нұсқау болып келгені мәлім, бұл хатында ол былай деп жазған: «Ресей Шығыска көзқарас жөнінен шынында да прогрессіл рөл атқарып отыр. Бұкіл пасықтығына және славяндық ластиғына қарамастан, Ресей үстемдігі Қара теңіз бен Каспий теңізі және Орталық Азия үшін, башқұрттар мен татарлар үшін өркениеттендірушілік рөл атқаруда» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығ., 24-т., 241-б.). Алайда ресей зерттеушілері бұл мәтіннен «бұкіл пасықтығына және славяндық ластиғына қарамастан» деген тіркесті алғып тастаған. Ал аймақтар тарихшыларының дәйексөзді осылай қысқартусыз пайдалануға батылы бармады. Мұндай көзқарас жағдайында «Қара теңіз бен Каспий теңізі және Орталық Азия үшін, башқұрттар мен татарлар үшін» Ресейдің атқаратын рөліне К. Маркстің бағасы мұлде өзгеше мағынаға ие болды.

Бұғынгі танда Шығыс халықтары үшін Ресейдің атқарған рөлін бағалауда не өзгерді? Егемендік пен тәуелсіздік алғаннан кейін ақиқатты қаймықтай айтуда кол жетті. К. Маркстің «бұкіл пасықтығына және славяндық ластиғына қарамастан» деген сөздері нақты мазмұнмен толықты. Орталық Азияның халықтары үшін Ресейдің «бұкіл пасықтығы және славяндық ластиғы», кесіп айтканда, қазақтарды отарлауы, геноцид пен этноцид, орыстандыру, құнарлы жерлерін тартып алу саясаты, ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаншу және т.б. түрінде көрініс тапты. Бұған ұлт-азаттық қозғалыс тарихы жөнінде жарияланған көптеген деректі жинактар, сондай-ақ Ғ. Сапарғалиевтің «Патша өкіметінің Қазақстандағы жазалау саясаты» деген монографиясы (А., 1960) дәлел болады.

Айтыс қызына беріліп, зерттеушілердің кейде тым қызбалықка, бірбеткейлікке жол беруі де әбден мүмкін. «Пасықтық пен славяндық ластиқты» тым қоюландыруды, ал оның 260 жыл ішінде әбден қордаланып қалғаны да рас, біздің Ресейдегі өріптестеріміз кейде үстірт қабылдайды. Мұның бәрін түсінуге болады.

Сонымен бірге, бірен-саралын қоспағанда, Қазақстан зерттеушілері бұрынғысынша Шығыс жөніндегі Ресейдің өркениетшілдік рөлін барынша атап айтады. Ол шет аймақ халықтарын орыс және европа мәдениетіне тартуда, өндіргіш күштерді жедел дамытуда, империя құрамында бұкіл дүниежүзілік тарих үрдістеріне қатысада болатын.

Калай дегенмен де, Ресей құрамындағы Қазақстан тарихы проблемаларының тарихнамалық ізденістері осы бағытта жүріп келеді.

Бұл тезисті өлкені отарлау тарихнамасын зерттеу мысалымен дәлелдей көрелік.

**Казактар отарлауын зерттеу проблемалары.** Қайшылыққа толы өрі қазақ халқына өте ауыр тиғен Қазақстанды отарлау болған үрдісі жүз жылдан астам уақытқа созылды. Казак отаршылдығын зерттеуге алғаш назар аударғандардың бірі П. Г. Галузо болды. Оның «1867–1914 жылдардағы Қазақстанның онтүстігіндегі аграрлық қатынастар» деген еңбегінде (А., 1965) осы аймакты казактардың отарлауы туралы мәліметтер бар. Авторды толғандырған мәселелер ауқымына мыналар: жетісу казактарының қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері, казактардың жер игеруінің дамуы, казактардың жылкы саны бойынша, жер игеру және егістік алқабының көлемі бойынша жіктелуі, станциалардағы қанау нысандары жатады. Бұл проблемаларды зерттеу едәуір көп статистикалық және мұрағаттық материалға ғана емес, сонымен қатар Н. З. Леденев, М. Хорошхин, Ф. М. Стариakov, С. Н. Велецкий, А. А. Кауфман және басқалардың да бұрын жарияланған еңбектеріне негізделген. П. Г. Галузодан кейін, 35 жылға шекті казактар проблемасы ғалымдар назарын аудармай келді, тек соңғы жылдарда, қазіргі демографиялық проблемаларға және Қазақстанда казактардың жандануына тығыз байланысты мәселе қайтадан көкейкестілік сипат алды. Көптеген жарияланымдар арасынан біз екі еңбекке: М. Әбдіровтің «Қазақстан казактарының тарихы» (А., 1994) және Т. Б. Митропольскаяның «Жетісу казактары тарихынан» (А., 1997) деген еңбектеріне тоқталып өтейік.

М. Әбдіров өзінің алдына: қазақ даласына алғашқы орыс казактарының келу уақытын, өлкедегі отаршылдық үстемдік жүйесінде казактардың алатын орнын, казактардың Қазақстанды жаулап алуға және қазақ халқының XVIII–XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық көтерілістері мен қозғалыстарын казактардың басып-жаныштауда атқарған рөлін анықтауды міндет етіп қойған. Мәселенің бұлайша қойылуы патшалық Ресейдің он бір казак өскери жасағының төртеуі: Орал, Орынбор, Сібір және Жетісу казак өскери жасақтарының тікелей Қазақстанда орналасуына байланысты. Астрахан казак өскери жасағы тікелей Бөкей Ордасына жақын жерде болды.

Проблеманы зерттеу нәтижесінде автор мұнда казактар үш міндет: 1) ең жақсы және құнарлы жерлерді жаппай тартып алу, қазактарды шөл далаға ығыстырып шығару, қазактардың дәстүрлі көші-қон аймағын тарылтып, сол арқылы ғасырлар бойы қалыптасқан шаруашылық үрдісін бұзу; 2) өскери жорықтар кезінде мал атаулыны жаппай айдалап өкету, сөйтіп қазактарды негізгі тіршілік көзінен айыру; 3) бейбіт ауылдарға нақ сондай тонаушылық шапқындар кезінде көшпелілердің ең басты тіршілік тұтқасы және өскери күші – ер адамдарды жаппай қырып-жою мен қолға түсіру міндеттерін орындауды деген қорытындыға келеді. «Бірге, біртұтас алып қарағанда, олар қазақ халқына қарсы этноцидке көшу сатысындағы геноцидті білдірді» (140-б.).

Бірегей этнологиялық үрдіс ретінде казактардың бүкіл тарихын М. Әбдіров нақты екі кезеңде, олардың тарихи тұтасуы мен қактығысы кезеңдерінде қарастыруға болады деп санайды. Біріншісі – Монголиядан Дунайға дейінгі ұлы дала белдеуінің кең-байтақ аумағында орта ғасырлар дәуірінде (VI–XVI ғғ.) пайда болған ежелгі түрік құбылысы ретіндеғі казактар. Екіншісі – онтүстіктеңі және онтүстік-шығыстағы далада бұрын осында өмір сүрген түрік халқының ішкі ресейлік негізі ықпалымен көбінесе славян казактарының қалыптасуы.

Т. Б. Митропольскаяның еңбегі бір аймакпен – Жетісумен шектеледі. Казактардың қалыптасуы туралы мәліметтерге қоса, автор казактар арасында

1917–1920 жылдар аралығында болған оқиғаларды егжей-тегжейлі баяндап, оларды «Екі диктатура арасында» деп атайды. Автордың айтуына қарағанда, патша өкіметінің құлауы туралы хабарды жетісулықтар «монархияға адал берілгендік» немесе «либералдардың он қанатына сенім» көрсетпей қарсы алған.<sup>37</sup> Петроградта, Мәскеуде, Ташкентте және басқа да революциялық орталықтарда казактар көпшілігінің бейтараптығы большевиктерге пайдалы болып шықты.<sup>38</sup> Казактардың 1917 жылғы өрекеттерін зерделей келіп, автор 1918 жылғы 4 наурызда Верныйда Уақытша үкімет комиссарлары өкіметінің құлатылуы мен Кенес өкіметінің орнатылуына байланысты қорытынды шығарады. Қорытындысында тақырыптың аз зерттелген, автор анықтаған проблемалардың тізбесі келтіріледі, олардың ішінде казаксыздандыру да бар. «Кенес өкіметі органдарының казаксыздандыру деп аталған өрекеттері, — деп нақтылай түседі автор, — мемлекеттік мекемелер ретінде казак өскерлерін таратудан гөрі, сословиені жою мен жер игеру реформасынан гөрі, Ресейдің өмір шындығынан казактарды өлеуметтік-этникалық құрылым ретінде сыйып тастау өрекеттерінде болатын».<sup>39</sup>

Көріп отырғанымыздай, казактар самодержавиенің тірегі мен қорғаны бола отырып, оның Қазақстандағы идеялары мен ниеттерін жүргізушінің елеулі рөлін атқарған. Сонымен бірге орыстың қоныстанушы деревнясының өкілдері ретінде де казак тұрғындарының Қазақстандағы қоныстану аймақтарын игере отырып, өзара ықпал және өзара іс-қимыл жасау негізінде қазақ халқымен шаруашылық-экономикалық, мәдени араласу үрдісін тездете түскенін атап өткен жөн.

Көптеген өлкетанушылық еңбектердің арасында В. А. Терещуктің «Көкшетау туралы өнгімелер» деген кітабы ерекше. Кітаптың «Казактар – патша өкіметінің сенімді тірегі» деп аталған бөлімінде автор оларға «патша үкіметі бұлік шығарған бұлікшілерді бағындыру, бүкіл қырғыз-қайсақ халқын жоғары монарх қолына қарату жөніндегі үмітті жүктеді» деп атап көрсетеді.<sup>40</sup> В. А. Терещук казактардың қазақтарға ғана емес, қоныс аударушы мұжықтарға да менсінбей қарағанын баяндайды. «Казактарға жалпы жұрт назарының аударылуы, кейде оларға етпеген еңбегін, жасамаған ерлігін жөн-жосықсыз тана салу олардың арасында өздеріне деген зор сенім, жеңілісті білмеу, ерлік рухын туғызды. Олар өздерін бұрынғысынан да күшті даңққа бөлеп, патша мен Отанға жан сала қызмет ететін, орыс шебін қорғаушылар ретінде көрінуге ұмтылды. Сондықтан өрбір ретте дабыл алғашқы қағылғаннан кейін аттарына ер салып, дипломатия, занбар, халық тілегі дөрменсіз болған жерге шауып жететін».<sup>41</sup>

Сонымен тарихнамада XVIII–XIX ғасырларда Ресей империясының Қазақстанды жауап алуын айқындаушы проблемалардың бірі және кең-байтақ аумақты отарлық шет аймаққа айналдыру көрсетілді. Бұл бір жолғы саяси акт болған жок, оның нысаналы және ұзак уақыт жүргізілуі қазақ қоғамының тарихы мен өмірінің барлық жақтарына ықпал жасады.

XIX ғасырдағы қазақ қоғамының өлеуметтік-экономикалық және демографиялық тарихы проблемаларын зерттеу. Ресей өзінің жаңа аумақтармен бірге көшпелі және отырықшы қанша халық санына ие болғанын, олардың өмірінің экономикалық, саяси және құқықтық жақтарының негізі мен ерекшеліктері қандай екенін және қазақ халқының негізін құрайтын басқа да мәселелерді мықтап анықтап алуға тырысты.

Аудандардың экономикалық тұрғыдан өлеуелті мүмкіндіктерін анықтауға

айқын міндеттер қойылып, И. К. Кириллов бастаған алғашкы мекемелердің бірі 1734 жылы құрылды. Ол Орынбор экспедициясы деп аталды. Оған қатысушылардың есептері – XVIII ғасыр тарихы бойынша аса құнды деректер көзі.

XIX ғасырдың 60-жылдарындағы үш жұз бойынша қазақ халқының саны туралы алғаш жарияланған мәліметтер А.И. Левшинде бар, ол 2,5 миллионнан 3 миллионға дейін деген цифр келтіреді.<sup>42</sup> XIX ғасырда бұл мәселелермен статистикалық комитеттердің қатысушылары: Сібір ведомствосы бойынша – М. Красовский, Орта жұз бойынша – М. Кузьминский, Бөкей Ордасы бойынша – Я. Ханыков, Бөкей Ордасы мен Кіші жұз бойынша – И. Бларамберг, Сібір ведомствосы мен Орта жұз бойынша, сондай-ақ Томск және Тобыл губерниялары мен басқа жерлерде көшіп жүретін қазақтар бойынша Ю. А. Гагемайстер арнайы айналысты.<sup>43</sup>

Жаңадан иеленген аумақты мекендейтін халықтың тарихы мен сол кездегі жай-күйіне деген ынта-ықылас қазақтар туралы жалпы еңбектердің пайда болғанын көрсетеді. С. Броневский, В. Вельяминов-Зернов, А. Гейнс, В. Григорьев, И. Завалишин, Л. Мейер, И. Казанцев, Н. Зеланд, Р. Игнатьев, Н. Греков, П. Румянцев және тағы басқалардың еңбектері солардың қатарына жатады.<sup>44</sup>

Қазақтар туралы олардың тарихынан, әлеуметтік құрылымынан, тұрмысынан, рухани өмірінен, салық төлеуі мен өдег-ғұрпынан бастап алуан түрлі мәліметтер бар жалпы еңбектермен қатар қазақ қоғамының саяси, экономикалық, құқықтық жақтары мен мәдениеттің түрлі тақырыптарының жекелеген мәселелерін арнайы және терендегітіп көрсететін еңбектер де аз емес. Олардың бір бөлігі мерзімді басылымда жарияланған, ал басылымдар ауқымы қазақ халқына деген ынта-ықыласты және ол жөнінде көбірек те кеңірек білуге құштарлықты көрсетеді. XIX ғасырдағы тарихнаманың тағы бір айтулы ерекшелігі Қазақстан туралы басылымдарға қазақ қоғамы өмірінің әр түрлі жақтары туралы назар аудараптық материал жариялаған қазақ зиялыштары өкілдерінің тартылуы болды.

Кітаптар мен мақалалардың едәуір көп бөлігінде қазақтардың шаруашылық қызметінің негізі – көшпелі мал шаруашылығымен айналысы турали айтылады. Қазақтардың шаруашылығын Мұхамед-Ғалий Тәукиннің жан-жакты суреттеуі ерекше ынта-ықылас туғызады. Н. Васильев Түркістан жағдайындағы көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктері мен оның егінші қоныстанушылармен байланысын суреттеген. Ә. Бөкейхановтан, М. Шормановтан, А. Алекторовтан, В. Герннен қазақтардың тұрмысы мен мінез-құлқы, жаңа жағдайларда шаруашылықтың дәстүрлі әдістерін жүргізу қыншылықтары және оған бейімделуге тырысушылық жөнінде қызықты сипаттамалар табамыз. А. Добросмыслов пен Ә. Диваевтың еңбектерінде Торғай облысының мал шаруашылығы туралы бірегей материал бар.<sup>45</sup> XIX ғасырдың басында қазақтар Қазақстанның оңтүстігінде, бұрын да егіншілік, оның үстіне суармалы егіншілік болған Сырдария, Талас, Шу, Сарысу, Іле бойында ғана айналысып қойған жоқ, негізінен Орал, Торғай, Елек, Ор, Ертіс өзендері бойында егіншіліктің жаңа ошактары пайда болды. М. Венюков<sup>46</sup> Қазақстанда болған соң «Орта және Ұлы орда» қазақтары – номадтар, бірақ көбісі Алтай, Тарбатай, Қалба жотасы, Жонғар және Іле Алатауы өзендерінің бойында егіншілікпен айналысады деп жазды. Егер XIX ғасырдың бірінші ширегінде егіншілікпен негізінен жатақтар, кедей егіншілер айналысса, ғасырдың орта-

сына қарай егіншілік, соның ішінде шөп шабу қазақ ауылының неғұрлым ауқатты топтарының да ісіне айналады, егіншіліктің ұсак мал шаруашылығынан артықшылығы айқын бола түседі. Егіншілік пен соған байланысты проблемаларды бейнелейтін осы және басқа факторларды Т. Сейдалин, А. Александров, Л. Чермак және басқалар ашып көрсетеді.<sup>47</sup>

XVIII ғасырдың соңғы ширегінен бастап патша үкіметі Қазақстанда хан билігін жойып, әкімшілік реформа жүргізуге ниеттенді. Бұл үрдіс өсіреле 1822—24 жылдары, «Сібір қазактары туралы жарғы» мен «Орынбор қазактары туралы жарғы» бекітілген кезде ерекше белсенді жүргізілді, олар арқылы хан билігі жойылып, Орта жүз және Ұлы жүздің бір бөлігі сыртқы округтерге бөлінді, ал Кіші жүзде дистанциялық жүйе енгізілді. Қазақстан аумағының ішкі отарға айналдырылуына қарай Ресей 1867—68 жылдардағы Уақытша ережелер арқылы қазактарды басқару және бағындыру жүйесін бір ізге келтірді (Қазақстанның онтүстігін жаулап алғаннан кейін). Әкімшілік өзгерістермен бірге қазактардың құқықтық және сот жүйесінде елеулі өзгерістер болды. Қазақтардың дағдылы құқығының колданылу аясы күрт қыскарды, Ресей құқығы басым мәнге ие болып, ол 1886, 1891 жылдардағы Ережелермен түпкілікті баянды етілді. Өлкенің бүкіл жер қоры ұstemдік етіп келген Шыңғыс ұрпактары хан-сұлтан тегінің қолынан алынып, Ресей империясының меншігіне көшті.

Замандастары құқықтық нормаларға Ресей отарлауының барлық кезеңдерінде тұрақты назар аударып отырды. М. Шорманов, Ә. Бекейханов, Ж. Ақбаев, И. Ибрағимов, Д. Самоквасов, Г. Загряжский, А. Крахалев, П. Маковецкий, Н. Максимов, И. Крафт, А. Добросмыслов, А. Мякутин және тағы басқалардың еңбектері деректі материалдың молдығымен ерекшеленеді.<sup>48</sup>

Жарияланымдардың едәуір көпшілігінде қазактардың тұрмысы, қоғамдық әлеуметтік құрылымы, сауда және қазактардың негізінен алғанда, мал шаруашылығының шикізаты негізінде көсіпшілікпен айналысуы көрсетілді.

XIX ғасырдың 2-жартысынан бастап шаруалардың әуелі бей-берекет түрде болып, сонаң соң әкімет орындары бақылауға алған коныс аудару үрдісі XX ғасырдың басындағы жарияланымдардан жеке көрініс тапты.

Өлкені отарлаудың құрамдас бөлігі – орыс шаруаларын Қазақстанға коныс аудару саясаты кең ауқым алды. Аграрлық катынастарды, егіншіліктің дамуы мен коныс аудару ісін неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеуді кенестік кезең тарихшылары, негізінен алғанда 50-жылдарда бастады. Бұл мәселелермен Ә. Тұрсынбаев (Қазақстандағы коныс аударушы-шаруалар тарихынан. А., 1950), П. Верещагин (Патша әкіметінің Түркістан өлкесінің Сырдария облысындағы коныстандыру саясаты. М., 1950) айналысты, П. Шарова, О. Ваганова, А. Геллер және басқалар мақалалар жазды. Зерттеушілер коныс аударушылардың шыққан аудандарын, олардың әлеуметтік-экономикалық тұрпатын анықтады, байырғы халықтан жердің жаппай тартып алынуы зерттеліп, коныстандырудың салдары айқындалды. Самодержавиенің максаттарын жүзеге асыру жолында 1907 жылғы қазактарды жерге орналастыру жөніндегі кенес маңызды шара болды, ол Ф. А. Щербинаның 1896—1902 жылдар ішіндегі экспедициясының деректерімен келіспей, егістік жердің отарлық қорын анықтау үшін жаңа тексеріс жүргізуі талап етті. Столыпин саясаты егжей-тегжейлі зерттеліп, бүкіл Қазақстан аумағындағы тартып алынған жер көлемі анықталды.

Тарихнаманың қарастырылып отырған кезеңі мен тарихшылардың кейінгі жылдардағы еңбектері үшін Орта Азия мен Қазақстанның қазанға дейінгі

кезеңдегі тарихына арналған Біріккен ғылыми сессияның (Материалдары..., Ташкент, 1955) айқындаушы маңызы болды. Сессияда өзірленген ұсыныстар «Қазақ ССР тарихының» (1-т., А., 1957) және Е. Бекмаханов (Империализм кезеңіндегі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық қатынастар. А., 1957), С. Зиманов (XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың қоғамдық құрылышы. А., 1958), С. Толыбеков (XVII—XIX ғасырлардағы қазақтардың қоғамдық-экономикалық құрылышы. А., 1959) жазған әлеуметтік-экономикалық тұрғыдағы монографиялардың негізіне алынды.

Е. Б. Бекмаханов сұлтандар, билер, қожалар мен молдалар, байлар, тархандар, батырлар санаттары жөніндегі әлеуметтік өзгерістердің серпінін зерттеді. Бұл ойда, автордың анықтағанындей, соңғы екі санат (тархандар мен батырлар) XIX ғасырдың орта шеніне қарай өзінің экономикалық ықпалын жоғалтып, іс жүзінде өздерінің жеке әлеуметтік топ ретінде өмір сүруін тоқтатқан. Бай шаруашылығының мәніне өз көзқарастарын қорғай келіп, автор ғалымдармен екі бағыт бойынша айтты: бір жағынан, С. Толыбековтің, С. Зимановтың байлардың XIX ғасырдан көп бұрын болғаны туралы пайымдауларына қарсы шығып, бұл көзқарасты сынаржак деп санады; екінші жағынан, Е. Федоров пен А. Якуниннің Қазақстан экономикасындағы капиталистік қатынастарды асыра бағалап, бай шаруашылығында кедейленген ауылдастарының тегін еңбегін «туыстық көмек» түрімен пайдалану фактілерін елемеген қағидаларына қарсы шықты. Е. Бекмаханов қазақ ауылында патриархаттық-рулық тұрмыс сарқыншақтары сақталып, феодалдық өндіріс әдісі үстемдік еткенін дәлелдеді.

С. Толыбеков пен С. Зимановтың монографиялары Қазақстанда дәстүрлі қатынастар үстем болған кезеңдегі қазақ халқының әлеуметтік құрылымы мен шаруашылық қызметін зерттеуге үлкен үлес қосты. Олар қазақтың мал шаруашылығы жағдайындағы өндіргіш күштерді зерттеп, негізгі өндіріс құралжабдықтарын иелену ерекшелігін анықтады, төуелдік нысандарын және старшындардың рулық институттарды өз мұдделеріне пайдалану принциптерін ашып көрсетті.

Ғалымдар Ресейде капитализмнің дамуы кезеңінде, өсіресе реформадан кейінгі кезеңде Қазақстандағы қанаушылар тобының құрылымы алуан түрлі әлеуметтік топтар жүйесі болғанын, отарлауши өкімет қызметке тартқан сұлтандардың, мал мен құнарлы жайылымдарды немесе ауыл шаруашылық өнімдерін өндійтін кәсіпорындарды иеленуші байлардың, ауылдағы сот билігін өз қолында сақтап қалған билердің, міндетіне қарамағындағы ауылдардан салық жинау кіріп, жергілікті шенеуніктік аппаратқа айналған старшындардың мұдделері тығыз ұштасып кеткенін көрсетті.

Қанаушылардың әлеуметтік топтарын негізгі өндіруші қазақ шаруаларына көзқарас біріктірді. Оның үстіне мұнда қанаудың ескі нысандары жаңаларымен ұштасып жатты. Бір ерекшелігі, қоғамның үстем таптарының аты аталған әлеуметтік топтарының ешқайсысы материалдық өндіріске қатыспады.

Қазақ старшындарының билігінде жайылымдар сақталып қалды; олар көп мөлшерде мал жинады; қошпелі қауым мүшелерін өз дегеніне қөндіріп отырды. Сондықтан қошпелі және жартылай қошпелі ұжымдарға капитализмнің енүі реформадан кейінгі кезеңде занды құбылыс болып, 1917 жылға дейін Қазақстанда капитализм дамуының жалпы үрдісінің аяқталмағанын анықтап берді.

Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда, Қазақстандағы аграрлық тарих ең көкейкесті және күрделі проблема қатарында қалып келді. Онымен Л. Әуезова, С. Сұндетов, В. Черников, А. Гинсбург және басқалар айналысты. Ресейдегі капитализм кезеңіндегі Қазақстанның аграрлық тарихының түйінді проблемалары Б. Сүлейменов (XIX ғасырдың соңғы үштен бірі – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы аграрлық мәселе. А., 1963) пен П. Г. Галузоның (1867–1914 жылдардағы Қазақстанның онтүстігіндегі аграрлық қатынастар. А., 1965) еңбектерінде зерттелді.

Б. Сүлейменов монографиясының хронологиялық шенбері 40 жылды (1867–1907) қамтиды. Онда самодержавиенің аграрлық саясатының мәні және помешиктер мен буржуазияның айқындалмалары ашып көрсетіліп, қазақ ауылының отырықшылану тарихы мен әлеуметтік-шаруашылық құрылышына талдау жасалған. Автор ауылда тұрақты тұрғын үйлер және мал үстайтын қора-қопсы салу күшіне түскенін атап айтты, 1867–68 жылдардағы реформалар нәтижесінде құрылған өкімшілік ауыл мен шаруашылық ауыл арасындағы айырманы көрсетіп, олардағы қанаудың нысандары мен өдістерін қарастырған. Қазақ ауылындағы капитализмнің таралу және халықтың жіктелу дәрежесін анықтау кезінде Б. Сүлейменов екі санатты: шаруашылықтағы мал саны мен жалдама жұмысшылар санын басшылыққа алады. Ол патриархаттық-феодалдық қатынастардың өміршендігі себепті ауыл кедейлері едәуір дәрежеде «рулық көмек» түрінде қаналып отырғанын атап өтті.

П. Г. Галузода Қазақстанның онтүстігіндегі аграрлық қатынастар неғұрлым кең көлемді хронологиялық шенберде, статистикалық үлкен материал негізінде берілген. Коныс аударушылардың рөлін және соның салдарынан жер алаптарының қайта бөлінуін бағалағанда автор бұл үрдіс қазақ егіншілігінің дамуына, қазақтардың отырықшы шаруашылыққа көшуіне тәжеу болғанын негізге алған.

Автор өлкені өскери-феодалдық басқару аппаратының рөлін мықтап көрсетіп, патша өкіметінің аграрлық зандарына егжей-тегжейлі сипаттама берген. Ауылдағы мұліктік тенсіздік пен жіктелісті қарастыра келіп, автор «қазақтарда егіншіліктің кең дамығаны сонша, олардың шаруашылығы сол кездің өзінде-ақ малшы-егінші бағыттағы үлгіге жақындалды, ал ерекшелігі ауылдағы ірі байлық иелері жалдама еңбекті пайдаланатын кулактар тұрпаттас байлардан сараланбады десе де болады» деген тұжырым жасайды.

Монографияда өлкені казақтардың отарлауына, Жетісу казақ өскерінің тарихына едәуір орын берілген. Патша өкіметінің қоныстандыру саясатын автор екі кезеңге бөледі: XIX ғасырда Жетісуға және Сырдария облысына шаруалар стратегиялық және өскери-саяси мақсат-мұддемен қоныс аударылса, XX ғасырда кедей және орта шаруалардың жер үшін күресін өлсірету мақсатында олар Ресейден көп мөлшерде көшірілді. Самодержавиенің қоныстандыру саясатының салдарынан, – деп санайды автор, – көшпелі (мал өсіруші) және отырықшы (егінші) шаруашылық терең дағдарыс кезеңіне ұшырады. Ол «өндіргіш күштердің орасан көп күйзелгенін, шаруалардың ерекше қатты қайыршыланғанын» жазады. Алайда біздің ойымызша, ең бастысы – казақтар шаруашылығының қайта құрылуы тездетілді ме, ол мал шаруашылығынан малшы-егінші шаруашылыққа ұласты ма – осыларды анықтау керек болатын. Осы сұраққа объективті жауап алғаннан кейін ғана біз бүкіл қоныстандыру саясаты мен жалпы алғанда оның нәтижелеріне неғұрлым дәл баға бере аламыз.

П. Г. Галузо Ресейден қоныс аударушы – шаруалардың Қазақстанның онтүстігіне орналастырылғанға дейінгі мұліктік жағдайын, олардың жайғасқаннан кейінгі сарапануын, шаруашылығының түр-сипаты мен қоныс аударушылар поселкелеріндегі қанаушылық қатынастарды зерттеді. Автор мынадай үзілді-кесілді тұжырым жасайды: «Егіншілік техникасы жөнінен, – деп жазады ол, – қоныс аударушылар жергілікті шаруалардан, атап айтқанда, қазактардан озып кеткен жоқ. Олар ауыл шаруашылығында капитализмнің дамуы, капиталдың индустриялық нысандарының тууы жөнінен де олардан озып кеткен жоқ» (269-б.). Бұдан әрі «...ауыл шаруашылығында капитализм орыс поселкелеріне қарағанда, қазак ауылдарында неғұрлым дамыған еді» деген пікірге келеді. Автор өз пікірінің көшілік зерттеушілердің тұжырымдарына қайши келетінін білді, алайда өз көзқарастарын қорғады.

Тұжырымдарындағы елеулі айырмашылықтарға қарамастан, Б. Сүлейменов пен П. Г. Галузо қоныстандыру мәселесін XIX–XX ғасырдың басындағы Ресей экономикасына тән өзгерістермен өзара тығыз байланыста алып қаралды; қоныс аудару мәселесін Еуропалық Ресейдегі аграрлық төңкеріс жағдайындаған шешүге болады деген қорытындының қуатталуы сондықтан.

1970 жылдардың аяғында Қазақстан дамуының аграрлық проблемаларына ден қою өлсіреп кетті және тарихнамадағы бұл жағдай бүгінгі таңға да тән болып отыр.

Е. Ділмұхамедов пен Ф. Маликовтің, Е. Бекмұхамедовтың, М. Тұрсынованың, Г. Есенғалиеваның, М. Асылбековтің, Ц. Фридманның еңбектері өнеркәсіп пен көлікті, сауданы және қаржы саясатын Қазақстанда пролетариаттың қалыптасу проблемасымен тығыз байланыста алып зерттеудегі елеулі жетістіктерді дәлелдейді.<sup>49</sup>

Әлкені отарлау жағдайының мәні тау-кен өнеркәсібінде мейлінше толық көрінді. Е. Ділмұхамедов пен Ф. Маликов бұл саланың реформадан кейінгі уақыттағы даму ерекшелігін, оның өсу қыншылықтарын қарастырған. Авторлар мұрағат материалдары негізінде XX ғасырдың басында кен-зауыт және мұнай өнеркәсібіне монополистік шетел капиталының енуін, Спасск мыс рудалары акционерлік қоғамының, Атбасар мыс кеніштері акционерлік қоғамының, Риддер және Қазақ кен-өнеркәсіп қоғамы мен басқаларының тарихын зерделей білді.

Авторлар кен өндіру өнеркәсібінде жұмысшы кадрлардың қалыптасу ерекшеліктерін және олардың революциялық құресін көрсетуді өздерінің басты міндеті деп білді. Алайда авторлар Қазақстанда жұмысшы санының өсуі деректемелеріне көбірек қатысты материалды баяндаған. Олар мұны қазак шаруаларының жіктелуі, табыс іздең кетушілердің көбеюі нәтижесінде, майдагерлердің жұмысшылар катарына ауысуынан, Орал мен Сібір зауыттарынан жұмысшылардың келуінен, кедейленген мещандар есебінен болды деп біледі. Авторлар 1838, 1870, 1895 жылдардағы жұмысшылар жалдау туралы алғашқы зандарды атаған; өкініштісі, олар фабрика зандарының мазмұнын ашып көрсетпеген. Олардың шамамен есептеп шығарған деректері бойынша, бұл өнеркәсіптегі жұмысшылар саны 1860–1880 жылдармен салыстырғанда, XX ғасырдың басында 2–3 есе өсken. Бірақ бұл цифrlар сенімді емес, өйткені олар өр түрлі жылдардағы өр түрлі деректерден құрастырылған. Ауыл шаруашылық шикізатын ұқсатумен айналысатын барлық жұмысшыларды өнеркәсіп пролетариатына қосып есептеу мүмкіндігі де күдік келтіреді. Егер, мысалы, Сырдария облысының деректеріне қарағанда, онда 1906 жылы 900 көсіпорында небəрі 2000-дай адам жұмыс істеген, мұндай көсіпорындарды

фабрикалар, ал олардың жұмыскерлерін пролетарлар деп атауға бола қоймас. Авторлардың еңбегіндегі өнеркәсіп пролетариатына әлеуметтік-экономикалық сипаттаманың айқын болмауы, сондай-ақ өнеркәсіп жұмысшыларының жалпы санын да (6,5 мың), салалар бойынша да есептеулердің негізіне алынған өр түрлі мұрағат материалдары мүқият тексеруді қажет етеді.

Е. Ділмұхамедов небәрі жұз жылдан аспайтын уақыт мөлшерінде (1814–1917) Қазақстанда руда және көмір кен орындарының ашылу, түсті metallurgия мен кен ісінің даму тарихын зерттеді. Онда экспедициялардың үйымдастырылуы мен кен-зауыт көсіпорындарының ашылуы туралы мәліметтер, көсіпкерлердің белгілі бір кен орындарын сатып алуын ресімдеу кезінде жасалған құжаттар, руда мен көмір өндіру, металл балқыту технологиясы туралы мәліметтер, рудниктер мен кеніштердің техникалық-экономикалық көрсеткіштері, зауыттар мен рудниктердегі еңбек өнімділігі туралы деректер бар, Қазақстанның кен өндіру өнеркәсібіндегі жұмысшылардың саны мен ұлттық құрамы қарастырылған.

Қазақстанның 1917 жылға дейін тарихы аз зерттелген аудандарының бірі – Маңғыстау, сондықтан М. Тұрсынованың монографиясы белгілі бір дәрежеде өзіне назар аударуды қажет етеді. Автор XIX ғасырдың бірінші жартысында көшіп жүрге мүмкіндігі болмаған қазақ отбасыларының қалайша отырықшылыққа көшіп, балық аулаумен айналысуға мәжбүр болғанын, артельдерге біріккенін және XIX ғасырдың екінші жартысында балық аулауды ғана емес, сонымен қатар оны өндеу мен сатуды да өздерінің колына шоғырландырған балық өнеркәсіпшілерінің оларды біртіндеп қалайша қаратып алғанын көрсеткен. Автор артельдердің саны мен ұлттық құрамы туралы мәліметтер беріп, казактар мен орыстарды ауыр жағдайын өзгіге салушыларға қарсы бірлескен құреске қалай біріктірғенін көрсетеді.

Қазақ өлкесін экономикалық игерудің маңызды жағы көлік байланысын дамыту, ең алдымен темір жолдар салу болды.

М. Асылбеков зерттеген мәселелер кешенінде революцияға дейінгі Қазақстанның экономикасына темір жолдардың жасаған ықпалы мен оны Ресей империализмің шикізаттық шылауына айналдыру және сонымен бірге коммуникациялар жасаудың объективті он нәтижелері көрсетілген. Автор темір жолдар салу кезінде қазактардың жер алқаптарының тартып алынуын және сонымен бірге жолдардағы жүк айналымының ұлғаюы, олардың бойында егіншіліктің дамуын, ауыл шаруашылық өнімдерінің өлке шегінен әкетілуін дәлелдейтін фактілер келтіреді. Ауылдағы патриархаттық-феодалдық қатынастардың ыдырауына және қазактар шаруашылығына тауар-акша қатынастарының енуіне себепші бола отырып, – деп жазады автор, – темір жол же лілері табыс ізден кетушілік пен жалдама еңбектің өрістеуіне әкеп соқты. Олар Қазақстандағы қоныс аударушылық қозғалысты, қала халқының өсуін, өлкеде біршама ірі елді мекендердің, темір жол станцияларының пайда болуын тездettі, олар экономикалық, саяси және мәдени өмірдің ошактарына айналды, ақырында, негізгі жол тораптары бойында өндеуші өнеркәсіптің дамуына және соның нәтижесінде жұмысшы кадрлардың қалыптасуына себепші болды. М. Асылбеков жергілікті өндірістік маңызы бар Троицк, Екібастұз, Спасск-Карағанды, Риддер темір жолдарының құрылышы туралы құнды ғылыми материал жинаған.

Зерттеулөрден Дала өлкесінің бүкіл экономикасы сияқты, революцияға дейінгі Қазақстанның аумағында қатынас жолдарының да нашар дамып, оның

біркелкі болмағаны, кең-байтақ кеңістіктің бір-бірімен байланыс жасалмағаны көрінеді. Мұны мына цифrlардан көруге болады: 1917 жылы өлкенің 1000 шаршы шақырымына – небәрі бір шақырымдай, бұл ретте Сырдария облысында – 1127 шақырым, Торғайда – 932, Оралда – 310, Семейде – 236, Ақмолада – 178 шақырымнан келген, Жетісу облысында бірде-бір шақырым темір жол болмаған.

М. Асылбеков XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, 1913 жылға дейінгі теміржолшылар кадрларының қалыптасу тарихын зерттеді. Қатынас жолдары министрлігінің деректері сияқты бағалы да аз зерттелген деректерге жүргіне отырып, автор Қазақстандағы темір жол жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы санын тұңғыш рет 21700 адамнан астам етіп шығарды. Соғыс жылдарында Семей жөне Жетісу темір жолдарының салынуына байланысты теміржолшылардың жалпы саны 23 мың адамнан астам болды.

Сонымен қатар М. Асылбеков жұмысшылар мен қызметшілер санының арақатынасын да қарастырып, темір жол жұмысшыларының өнеркәсіп орындарында жұмыс істеуінің ұзактығы мен ұлттық құрамын ашып көрсетті. Ол келтірген кестеден Қазан революциясының қарсанында Қазақстанның темір жолдарында 19,5 мың жұмысшы, 3,5 мың қызметші еңбек еткені көрінеді. Өз кезегінде, жұмысшылар тұракты, уакытша жұмыс істеушілер мен күндік жұмыскерлер санатына бөлінген. Паровоз машинистері, олардың көмекшілері, кочегарлар, кондукторлар, жолсеріктер, стрелочниктер, жол құзетшілері, колөнер жұмысшыларының бір бөлігі тұракты жұмыс істеушілер санатында болды, олар шамамен 55 пайыз болатын. Орынбор–Ташкент темір жолындағы қазақ жұмысшылар – 70 пайызға дейін жетті, басқа жолдарда 20% болды, олардың жалпы саны 1917 жылы 5000 адамға жетті.

Революцияға дейінгі Қазақстанның өнеркәсіп жұмысшылары туралы соңғы монографиялық еңбектердің бірі – С. Игібаевтың кітабы (Игібаев С. 1861–1917 жылдардағы революцияға дейінгі Қазақстанның өнеркәсіп жұмысшылары. А., 31991). Онда өнеркәсіптің құрылымы: пайда болуы, басқарулы, кәсіпкерлер құрамы, өнеркәсіптің егіншілікпен байланысы, өнеркәсіптің өндеуші, алтын, көмір өндіруші жөне басқа салалары бойынша жұмысшылардың саны, құрамы жөне орналастырылуы; жұмысшылардың жағдайы жөне тап күресінің нысандары қарастырылған. Бірқатар мәселелер жаңа тұрғыдан қойылып, түсіндіріледі. Мысалы, автор мыналарды: XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап жұмысшылардың рудниктерден қашуын, ұжымдасып шағым беруді; іздестіру басқармасының келісімшарт талаптарын орындауы себепті жұмыс істеуден көрінеу бас тартуын, Зайсан уезіндегі, Өскемен, Семей облыстарындағы, Күршімдегі жөне Алтайдағы ереуілдер мен толқуларды жөне XX ғасырдың басынан – наразылық білдіру нысаны ретінде кеңінен таралған стачкаларды атап көрсетеді. С. Игібаевтың еңбегі деректемелерді кең көлемде келтіріп жазылған жөне мазмұны жағынан Қазақстандағы жұмысшы табының тарихына ғылыми-зерттеу кезеңін таптық тұрғыдан қараумен аяктайды.

Кеңестік тарихнамада жаңа туып келе жатқан жұмысшы табының өлеуметтік-экономикалық тарихы, әдетте, оның саяси тарихымен етене бірлікте қарастырылды. Осы проблема бойынша 1960–70-жылдарда жарияланған еңбектерде социал-демократиялық, ең алдымен, марксистік идеяларды таратуға зор көніл бөлінді. Жұмысшы қозғалысы жаңа пайда болған ұлттық аудандарда, соның ішінде Қазақстанда зерттеушілер өздігінен білім

алу үйірмелерін немесе ең тәуір дегенде, студент жастардың социал-демократиялық бағыттағы толтары мен үйірмелерін көбінесе марксистік үйымдар деп көрсетті. Өлкедегі революциялық қозғалыста большевизм пайда болған кезден бастап-ақ пролетариаттың авангардтық рөлін, большевиктер партиясының, оның үйымының басшылық рөлін ашып көрсетуге күш салынды (қарандыз: Лениндік пролетарлық интернационализм идеяларының салтанат құруы. А., 1974; Қазакстан Компартиясы тарихы очерктері. А., 1963 және басқа енбектер).

Отар елдерде шетел капиталын өзі үшін ғана тиімді салаға салып, оның жергілікті өндірісті дамытуды тежегені, сол үшін дәстүрлі қатынастарды токтатып тастағаны мәлім. XIX–XX ғасырдың басы шебінде ол Қазақстан аумағына, негізінен алғанда кен өндіру және мұнай өнеркәсібіне белсенді түрде ене бастады. Ц. Л. Фридманның енбектерінде Қазақстандағы шетел капиталының тарихын зерттеу нысанасы етіп алынды. Автор өлкеге шетел капиталының енуін зерделей келіп, оның үлес салмағы жалпы Ресеймен салыстырғанда Қазақстанда жоғары болғанын анықтады. 1917 жылғы қазан айының карсанды Қазақстан өнеркәсібінде құрылған акционерлік қоғамдардың нақты капиталының жалпы сомасы 100 млн сомға жуық болды. Автордың деректері бойынша, орыс капиталы сол соманың ширегіндей ғана болып, төрттен үшінен астамы шетелдіктер үлесіне тиген, оның үстіне ағылшын капиталы үстем жағдайда болған. Ол аса бай кен орындарын сатып алуға капиталистердің болмашы шығын жұмсағаны туралы және шетелдік синдикаттардың алыпсатарлық сипаты туралы мәліметтер келтірген. Негізгі капитал өсуіне талдау жасау автордың Орыс–Азия корпорациясы, Риддер кен-өнеркәсіп қоғамы және басқа да бірлестіктер сияқты ірі концессиялардың тойымсыздық мақсаттары мен барынша тонаушылық мәнін көрсетуге, ал ірі акционерлік қоғамдардың құжаттарын зерттеу оның қомакты кредит алу мақсатымен капиталистер жасаған бірқатар айла-шарғыларды ашып көрсетуіне мүмкіндік берді. Патша самодержавиесі бастапқы байлық жинаудың айуандық өдістерін байқамаған сыңай көрсетіп, ол өдістер Қазан революциясына дейін шетел капиталына да өзгеріссіз қалдырылып келді. Орал–Жем ауданының мұнай байлығын пайдалану кезінде де накосында жағдай байқалды. Халықаралық қаржы топтары мен биржаларға өлкенің мұнай байлығы тәнірегінде даңғаза жасалғанымен, мәселе оларды өндіруге келіп тірелген кезде қаржы капиталы тым мардымсыз болып шықты, қаржыгерлер қаржы шығаруға асықпай, дұрысын айтқанда, өте сактық білдірді, – деп жазады автор. Бұл орайда 20-дан астам кен орны барланғанымен, мұнай негізінен Доссор мен Мақатта өндірілді. Артта қалған және нашар дамыған елдерге әкелінген ағылшын, француз және басқа да шетел капиталының «өркениеттендіру міндеті» сонымен тынды.

Ц. Л. Фридманның енбектерінде Қазақстанда шаруашылық дамуының табиғи барысының салдарынан, бұл прогрестің етене туындауынан пайда болмай, сырттан келген капитал жасаған кен және кен-зауыт өнеркәсібінің тұтас алғанда Қазақстанның бүкіл экономикасымен байланысы өте нашар жекелеген өнеркәсіп ошактары, жан-жағынан капитализмге дейінгі қатынастар үстем болған мешеу шаруашылыктар қоршаған жекелеген өнеркәсіп «аралшықтары» түрінде болғаны атап көрсетілді. Ал егер солай болса, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және өзге де қоғамдық даму факторларына бұл «аралшықтардың» ықпалы болды ма? Ц. Л. Фридман мынадай бір факторды ғана атап өткен: капиталистердің дегеніне қарамастан, олар құрған

кәсіпорындар жергілікті фабрика-зауыт пролетариатының өсуіне себепші болды.

Ц. Л. Фридман назар аударған экономикалық тарихтың тағы бір тақырыбы Қазақстандағы банк капиталының кредит жүйесі мен жұмыс істеу механизмі болды. Бұл орайда ол Қазақстандағы банк капиталының сауда-өсімкорлықпен ұштасуы және өзара астасып жатуы, біріншісінің ұсақ ауыл шаруашылық шикізатын өндірушілерді қанаудың жергілікті қарапайым және капитализмге дейінгі нысандарына сінісуі сияқты ерекшелігін де ескерді. Ол Мемлекеттік банктің Оралдағы (1876), Петропавлдағы (1881), Семейдегі (1887), Омбыдағы (1895), Верныйдағы (1912), Семей облысының Коянды кентіндегі (1894) бөлімшелерінің қызметіне сипаттама беріп, бірқатар акционерлік және коммерциялық банктердің, өсіреле Сібір сауда банкінің жұмыс істеу фактісін атап өткен. Өлкенің сауда-өнеркәсіптік дамуына талдау жасау оның Қазақстанда өнеркәсіп буржуазиясы сауда буржуазиясынан бөлінбеген және негізінен алғанда мұнда саудаға малмен, мал өнімдерімен және астықпен несие беру басым болды деп бұрын айтылған қағиданы растауына мүмкіндік берді. Сонымен бірге, – деп көрсетеді автор, – мұнда биржалық ұйымдар құрыла бастады, солар арқылы жаппай өндірілетін өнімдерді белгілі үлгі, стандарттар немесе техникалық сипаттамалар бойынша жаппай өткізу жүзеге асырылған (Омбы және Петропавл биржалары). Алайда өлкенің экономикалық өмірінде өсімкорлық әлі де өте маңызды фактор болып қала берді.

Қазақстанның тарихнамасында Ц. Л. Фридман жергілікті коммерциялық банктердің (өзара кредит қоғамының және қалалық қоғамдық банктердің) қызметіне, ұсақ кредит пен оның түрлеріне, кредит кооперативтеріне, жинақ кассаларына және т.б. тұнғыш рет талдау жасады. Ол келтірген материалдар мен есептеулер банктер арқылы әкелінген капиталдар Қазақстанда, негізінен алғанда, қызмет көрсету саласында қолданылған деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. Банк кредиті өсімкорлық несиенің алуан түрлі нысандарын ығыстырып шығаратын деңгейге әлі де жете қоймаған-ды. Соғыс алдындағы жылдарда ғана банктердің салымшылары арасында қазактардан шықкан сауда буржуазиясының өкілдері пайда бола бастады. Кредит-банк жүйесі патша өкіметінің отаршылдық саясатының мұдделеріне қызмет етті, ал Қазақстанның еңбекші бұқарасы бұрынғы өскери-феодалдық қанаудың бай-феодалдар мен сауда-өсімкорлық қанаумен ұштасқан әдістерін ғана емес, сонымен қатар монополистік капитализмге тән отаршылдық қанаудың «жаңа» әдістерін де бастаң кешірді. Солай бола тұrsa да, жинақталған материал нарықтық катынастарға көшу жағдайларында кәсіпкерлік дамуының зандалықтарын, капиталдың бастапқы корлану үрдісін зерделеуге мүмкіндік береді.

Сауда – қазактардың көрші халықтармен өзара қатынасының ең ежелгі жолы. Ол XVIII–XIX ғасырлар кезінде барынша етек алды. Сауда – экономикада жаңа қатынастар көрінісінің едәуір күшті болып, тауар-акша қатынастарының Қазақстан аумағында да үстемдік алған саласы.

Еңбектердің көбісі проблемалардың жекелеген жақтарын көрсетуге арналған макалалар болғанымен, қазактардың сауда жасауын зерттеу едәуір көп проблемаларды көтерді. Бұлар – В. Шахматов, Б. Сүлейменов, Т. Шойынбаев, Ж. Қасымбаев, П. Галузо, Т. Литвинова, С. Сұндетов, Ц. Фридмандардың еңбектері. Н. Г. Аполлованың монографиясында (Қазақстанның XVIII–XIX ғасырдың басындағы Ресеймен экономикалық және саяси байланыстары. М., 1960) экономикалық байланыстар шаруашылық сипатымен етene қарас-

тырылды. Мысалы, кеден ведомостарын зерттеу негізінде автор XIX ғасырдың басында-ак қазақ байларының тауар-ақша қатынастарына кіріп, делдалдық әрекеттермен ғана айналыспай, Орынбор, Петропавл, Троицк және басқа да бекіністер арқылы өз бетімен мал сатумен айналысқанын атап көрсетеді. Автордың айтудынша, Ресейдің Дала жұртымен сауда жасауға мүдделі болғанын қаруланған керуендер үйымдастыру, сондай-ак қазақ сұлтандарының «азиялық» көпестерден баж алудына тыйым салу туралы ережелер шығаруы дәлелдеді. Орыс көпестері өкелетін тауарлардың түр-түрін көрсететін құжаттар да сауданың қаншалықты серпін алғанын байқатады.

Рыноктық байланыстар қазақ аулына еніп, байлардың ықпал жасауының басымдығы сакталған жағдайда шаруашылықтардың көпшілігін барған сайын өз аясына тарта берді. Н. Г. Аполлова XIX ғасырдың екінші ширегінде-ак қазақ тауарларының едәуір мөлшері ақшамен сатып алынды және ақша қатынастарының дамуында дала өнірінде орыс астығымен сауда жасау көп рөл атқарды деп пайымдаған. Автордың Қазақстанның солтүстік және шығыс аудандары үшін бүкіл Дала өлкесі бойынша астық өкелінетін Петропавл, Омбы, Семей орталық болған астық саудасына дең қоюы сондықтан. Сөйтіп Н. Г. Апольваның мұрағат материалдарына негізделген зерттеуі Ресей мен Қазақстанның экономикалық байланыстары көрінісін жасап берді. Тарихнаманың қазіргі кезеңінде тарихшылар өз ізденістерін Қазақстанның өз ішіндегі сауданы және шектес мемлекеттермен өзара тиімді экономикалық қатынастарды неғұрлым терең зерттеуге бағыт алып отыр. Бұған В. З. Ғалиевтің (Керуендер ізімен. А., 1994) және Ж. Қасымбаевтың (Қазақстан–Қытай: XIX–XX ғасырдың басындағы керуен саудасы. А., 1996) дәлел болады. В. З. Ғалиев керуендер мен экспедицияларға қызмет жасаған адамдарға: қазактар арасынан шыққан тілмаштарға, аудармашыларға, жолбасшыларға көп көңіл бөледі. Бұл делдалдар тілді, іс қағаздарын жасауды, жер бағдарын, коғамның әдет-ғұрпы мен дәстүрін білуғе тиіс болды, яғни істің түпкі нәтижесі көп жағынан солардың орнына сай және даярлығы мол болуына байланысты еді. Автор қазақ тілмаштары мен жолбасшыларының орыс-қазақ, орыс-орта азиялық, орыс-қыргыз қатынастарын орнатуда зор рөл атқарғанын көрсеткен.

Ж. Қасымбаев Қазақстанның Орта Азиямен, Шынжанмен және Монголиямен ішкі керуен саудасы мәселелерін жазған. Сауда жолдары мен оның шекаралық аумактары көрсетіліп, мал, тұз, астық саудасының ерекшеліктері айтылған. «Баж алымын үйымдастыру, кеден бекеттері мен заставаларын, сондай-ак редуттарды нығайту үкімет ойлаған басты мәселелердің бірі болды» (38-б.). Орыс-қытай сауда-экономикалық (Құлжа, Айғын, Пекин, Петербург) келісімдерінің нәтижесіндегі жандану фактілерін ерекше атап көрсете отырып, Ресейдің көршілес мемлекеттермен өзара байланысының экономикалық міндеттерін атқарған негізгі сауда орталықтары туралы мәліметтер келтіріледі. Монголиямен сауда Зайсан, Семей, Өскемен арқылы жасалған.

Өзара сауда байланыстарын баяндаған кезде автор саяси тұрғыдан да елеулі пайда болғанын ашып көрсетуге үнемі үмтүліп отырады. Экономикалық байланыстар, – деп жазады ол, – «кен-байтақ өлкеде Ресей империясының отарлау саясаты терендей түскен күрделі кездерде сенім және тату көршілік жағдайын жасауға он ықпал» жасады (149-б.). Қазақстанның Батыс Қытаймен тарихи байланыстарына қазақ, өзбек және үйғыр халықтарының түркі тілдес болуы да, олардың ортақ мәдени түп-тамырлары мен дәстүрлері себепші болды. Сөйтіп Ж. Қасымбаев экономикалық және саяси қатынастардың бұрын аз

зерттелген тарихи қырларын айқындады, олар қазіргі уақытта мейлінше тез дамытылып келеді және болашағы зор болып отыр.

1950 жылдардың аяғында тарихшылар қалалардың Қазақстанның өлеуметтік-саяси құрылымындағы атқарған рөлі мен алған орнын зерделеуге ынтымыслас аударды. К. Туманшин мен Н. Г. Аполлова – Солтүстік Қазақстан мен Орынбор өлкесі: Петропавл, Троицк, Орынбор қалаларының; А. Горячева, Э. Герасимова, Ә. Есмұрзин – Батыс және Оңтүстік Қазақстан қалаларының тарихын; Ж. Қасымбаев пен Н. Алексеенко Семей мен Өскемен тарихын зерттеді. Кейінректе Қостанай және басқа қалалар туралы еңбектер жазылды. Оларда бекініс-қалалардың пайда болу мәселелері, қала тірлігіндегі сауданың атқарған рөлі, халықтың 1905–1907 жылдар мен 1916 жылғы көтеріліс кезеңіндегі өлеуметтік құрылымы мен революциялық қызметі қарастырылған. 1980 жылдар қарсаңында Н. Бекмаханова (Қазақстан мен Солтүстік Қырғызстанның көп ұлтты халқының қалыптасуы. XVIII ғасырдың соңғы шірегі – XIX ғасырдың 60-жылдары. М., 1980) мен Н. Алексеенконың (Революцияға дейінгі Қазақстан халқы. А., 1981) алғашқы монографиялары дүниеге келді. Бұл еңбектер, М. Асылбековтің, В. Ғалиевтің зерттеулері, Ж. Қасымбаев, И. Орлянский, Г. Кронгардт және басқаларының макалалары өлеуметтік, экономикалық және этнодемографиялық проблемаларды шешуде статистиканың кең мүмкіндіктеріне жол аштын жаңа ғылыми түрғыдан көптеген проблемаларды одан өрі арнайы зерттеудің негізін қалады. Бұрын қоғамда болып жатқан үрдістерді талдау үшін демографияның кең мүмкіндіктері пайдаланылмайтын. Бұған ішінара ресми статистикалық деректердің, соның ішінде кеңестік кезең санактарының да толық болмауы және бүрмалануы, ішінара олардың өкімет орындарының идеология саласындағы нұскауларына сәйкес келмеуі себеп болды.

XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихының тарихнамасы көрнекті этнограф М. Мұқановтың «XVIII–XX ғасырдың басындағы қазактардың этникалық аумағы» деген еңбегімен байытылды, онда Қазақстанның кейбір облыстарынан сепаратистік дәмеленудің негізсіздігі көрсетіліп, қазактардың тарихи қалыптасқан этникалық аумақ шегіндегі жерді иелену құқығы дәлелденді.

1995 жылы М. Сыдықовтың «Батыс Қазақстанның халқы (1897–1989)» деген кітабы шықты. Автордың пікірінше, қарастырылған кезең Батыс Қазақстан тарихында маңызды рөл атқарады. Бұл қазактың «артық» жатқан жерлеріне коныс аудару үшін жер қорларын құру жөніндегі экспедиция жұмысы мен қазактарды бұл аумактан ығыстырып шығару басталған кез еді. Отаршылдық өкімет орындарының нақосы өрекеті қазақ халқының демографиялық дамуында күрт өзгерістер туғызып, ол түу мен табиғи ер жетіп өсудің арасындағы тепе-тендіктің бұзылуынан көрініс тапты. Негізгі себеп патша үкіметінің қазактардың өмірлік мұddeлерін ескермей, жаңа жерлерді орыстандыру шенберінде жүргілген отаршылдық саясаты болды. Соның салдарынан 100 мыңға жуық адам туған жерінен қуылып, тіршіліктің ауыр жағдайына ұшыратылды (212-б.). Автор бастапқы саны мен табиғи өсу қарқының тек 81 жылдан кейін ғана қалпына келтіре алған халықтың этникалық қасиетін бір аймактың мысалымен көрсеткен. Еңбекте проблеманың тарихнамасы едәуір толық берілген. Батыс Қазақстанның көп ұлтты өлкеге айналдырылуының өз ерекшеліктері болды, автор оларды ашып көрсетіп, негізделген тұжырымдарға келеді.

Сонымен патшалық империяның отарлық шет аймағына айналдыру кезеңінде Қазақстанда болған кейбір әлеуметтік-экономикалық және демографиялық өзгерістердің тарихнамада көрсетілуіне талдау жасалды.

Қазақтардың отаршылдық езгіге қарсы ұлт-азаттық құресін зерттеу. XVIII—XIX ғасырлардағы Қазақстандағы халық бұқарасының патша өкіметіне қарсы наразылық қозғалысының бай тарихы бар. XVIII ғасырдың екінші жартысында (1783—1797 жылдары) Кіші жүзде Сырым Датов бастаған көтеріліс болды. 1836—37 жылдары Бекей Ордасында Исадай Таймановтың басшылығымен көтеріліс жасалды. 1856—57 жылдарда Сырдания өнірі қазақтарының отаршылдық езгіге қарсы Жанқожа Нұрмұхамедов бастаған көтерілісі болып, шаруалардың Есет Көтібаров басшылық еткен көтерілісі Батыс Қазақстан аумағын қамтыды. 1870 жылы патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы Орал және Торғай облыстарында көтеріліс, Маңғыстауда толқу болып өтті. Сол кезең әдебиеттерінде бұл оқиғалар тым жұтан қөрсетілген. Негізінен алғанда олар — түрлі басылымдардағы үзік-үзік жарияланымдар. Бұл мәселелерге «Военный сборник» беттерінде едөуір көңіл бөлінген. Барлық жарияланымдарда халық бұқарасының бой көрсетулері «бұлік» деп түсіндірілді, ал көтерілістер басшыларының жеке басы автордың көзқарасына қарай түрліше сипаттама алды. Н. Середа, Н. Савичев, В. Потто, И. Аничков, П. Юдин және басқаларының мақалалары соны дәлелдейді.<sup>50</sup>

XX ғасырдың 30-жылдарында көтерілістер туралы арнаулы зерттеулер жазылды. Қарсылық қозғалыстарын зерттеуді алғашқылардың бірі болып А. Ф. Рязанов бастады,<sup>51</sup> ол Орынбордың мұрағат материалдарының мол көзімен танысып, ғылыми айналымға енгізді. Жекелеген даулы мәселелеріне қарамастан, бұл зерттеулер бүгінгі таңда да өз мәнін жоғалтқан жок. Кіші жүз қазақтарының Сырым Датов басшылық еткен көтерілісіне М. П. Вяткиннің «Батыр Сырым» деген монографиясы (М., 1947) арналды. Накты деректемелерді кең көлемде пайдалана отырып, кәсіби колдан шыққан орнықты зерттеуде Кіші жүз қазақтарының көтеріліс қарсанындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайына, бірқатар әлеуметтік санаттардың және бірінші кезекте шаруалардың наразылығын туғызған себептерге, көтерілістің барысы мен оның жетекшілерінің көзқарасына; Игельстром бастаған Орынбор әкімшілігінің рөліне және оның хан билігін жою үшін жасаған сәтсіз әрекеттеріне деректемелік және тарихнамалық шолу жасалып, ол мәселелер кең көлемде егжей-тегжейлі көрсетілген. Көтеріліс кезеңдері айқын зерделеніп, Сырым Датовқа, ол сүйеніш етіп, мұдделерін қорғаған әлеуметтік топтарға иланымды сипаттама берілген; патша өкіметіне қарсы жаппай бой көрсетулердің бірі не себептен женіліске ұшырағаны ашып көрсетіледі. Еңбек осы кезге дейін көтерілген такырыпқа жасалған толық ғылыми талдамалардың бірі болып қалуда.

Сонымен катар Е. Бекмаханов XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өмірі туралы зерттеу жазды (Қазақстан XIX ғасырдың 20—40 жылдарында. А., 1947). Кітаптың басым бөлігі Кенесары Қасымов басшылық еткен азаттық қозғалысына арналған. Мұнда көтерілістің қозғаушы құштері, оның Орта жүзде құлаш жаюы, Кенесарының қазақ мемлекеттілігін нығайту жөніндегі іс-шаралары, Қоканға қарсы құресі, оның бұл құреске қырғыздарды тартпақ болған әрекеттері, сондай-ақ Кенесары мен оның жақындарының қырғыз билеушілері қолынан қаза табуы айқындалады. Корытындысында автор Қазақстандағы 20—40-жылдардағы оқиғаларды

жинақтап, олардың жалпы Орта Азиядағы қазақ халқының содан кейінгі тағдырына жасаған ықпалын анықтап берді (1992 жылы Е. Бекмахановтың кітабы екінші рет басылып шықты). XX ғасырдың 50-жылдарының аяғы – 60-жылдарының басында Кенесары Қасымовтың көтерілісіне көзқарас түбегейлі теріс бағытта болды. Тұтас алғанда, көтеріліс феодалдық-монархиялық деп танылды, ал зерттеу авторы ұлттыл деп айыпталып, құғынға түсті (қараныз: Е. Б. Бекмахановтың «Қазақстан XIX ғасырдың 20–40 жылдарында» деген кітабы бойынша пікірсайыс. Стенограмма. А., 2000). Көтеріліске ғылыми деңқоюшылық 90-жылдарда қайтадан жаңарды. 1990 жылғы 27–28 шілдеде Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты мен «Вопросы истории» журналының редакциялық алқасы «Отаршылдық жағдайындағы ұлттық қозғалыстар (Қазақстан, Орта Азия, Солтүстік Кавказ)» проблемасы бойынша ұйымдастырған Бұқілодактық «Дөңгелек стол» нысаналы түрде өткізілді. Ғалымдар халық бұқарасының азаттық құресінің көп жақты объективті көрінісін жасауға және қоғамдық санада орын алып отырған таптаурын ескі сенімдерді жоюға, сондай-ақ зерттеу объектілеріне де, оның тарихнамасы мен деректеметану проблемаларына да жаңа методологиялық көзқарастар іздестіруге шакырды. Ұсыныстарда «Ауызша айтылатын және фольклорлық материалдарды тарту арқылы XVIII–XX ғасырдың басында Қазақстанда, Орта Азияда, Солтүстік Кавказда, Еділ бойында болған ұлттық қозғалыстарды жан-жақты сипаттайтын құжаттар мен материалдарды анықтау, жинау және басып шығару», сондай-ақ С. Асфендияров, Е. Бекмаханов еңбектеріне жаңсақ берілген бағаны қайтадан ой елегінен өткізіп, олардың Қазақстандағы ұлттық қозғалыстарға арналған еңбектерін қайта шығару көзделді. 1992 жылы Ақтөбе қаласында ғылыми-теориялық конференция өткізіліп, оның «XVII–XX ғасырлардағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс – біртұтас тарихи үрдіс: проблемалар, ізденістер, шешімдер» деген материалдары жарық көрді. Конференцияның айрықша белгісі қазақтардың тәуелсіздік жолындағы құресінің аз зерттелген проблемаларын көрсету және қазақ халқының азаттық құресінің тарихын зерттеу методологиясы мен тарихнамасы мәселелеріне жоғары деңгейде көңіл аудару болды.

Бұл жылдарда жарық көрген әдебиеттерде империяның отаршылдық саясаты: орыстандыру, христиан дініне кіргізу, әскери және шаруалар арқылы отарлау зерделенеді. Жоңғарларға және орыс отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық соғыстардың тарихы тәуелсіздік алғаннан кейін тұтас он жылдықтың өзекті тақырыбына айналды. Отаршылдықтың және тоталитаризм идеологиясы үстемдігі кезеңіндегі ұзақ уақыт бойы үнсіздіктен кейін объективті баға беруге, қайтадан ой елегінен өткізуге мүмкіндік туды. 260 жыл бойы тәуелсіздік жолында, ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру жолында үздіксіз халықтық соғыс жүргізіліп келгені расталды. Мың-мындаған батырлар туған Ота-нының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін өз өмірлерін құрбан етті. Кеңестік тарихнамада шет аймақ халықтарының әрбір ұлт-азаттық бой көрсетуі бір-біріне тәуелсіз алынып, аймақтық мемлекет ішіндегі құбылыс ретінде қасаң таптық түрғыда қарастырылды. Жоңғарларға қарсы азаттық соғыстары да сол сияқты назардан тыс қалды. Тәуелсіз мемлекеттің халқы тәуелсіздік жолындағы құрестің негізгі кезеңдерін бірінші рет жалпы халықтық ауқымда атап етті. 1990 жылдың жазында Абылай ханның 280 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Ол Бұқар жыраудың 300 жылдығына, Бөгөнбай батырға, Қабанбай батырға, Шақшак Жәнібек Тар-

ханға, казақ халқының үш ұлы би – Төле биге, Қазыбек биге, Әйтеке биге, үш жұз қазактарының Ордабасында бірігуіне арналған конференциялар тізбегін бастап берді. 1992–1998 жылдарда Кенесары ханның, Исатай мен Махамбеттің, Ағыбай батырдың, Жәуке батырдың, Карасай батырдың және басқаларының мерейтойлары жалпы ұлттық ауқымда атап өтілді.

Кеңестік кезенде өдебиеттің басым көпшілігі өлкедегі XX ғасырдың басындағы революциялық қозғалыстың тарихы бойынша жинақталды. 1905–1907 жылдардағы революциялық оқиғаларды соғыс алдындағы жылдарда зерттеудің қорытындылары Ұлы Отан соғысы жылдарында шыққан бір томдық «Қазақ ССР тарихында» жарияланылды, оның бір тарауында революция, столыпиндік реакция және жаңа революциялық өрлеу кезеңін көрсететін материал баяндалды.

Қазақстан мен Орта Азиядағы 1905–1907 жылдардағы революция проблемаларын зерттеуге Мәскеу мен Ленинградтың жетекші ғылыми мекемелері тартылды.<sup>52</sup> «Вопросы истории» журналының «Орта Азия халықтары тарихын» кейбір мәселелері туралы» бас мақаласында<sup>53</sup> Ресейдің шет аймактарындағы 1905–1907 жылдардағы оқиғаларды жазудағы екі ұштылық туралы айтылды. Олардың бірі орыстың революцияшыл жұмысшылары мен жергілікті ұлттар бұкарасының арасындағы бейнебір тіл айырмашылығы мен тұрмыс ерекшеліктері туғызған «бөліп тұратын қабырға» туралы теорияны жүргізу, екіншісі – революциялық оқиғаларды Ресейдің ең басты өнеркәсіп орталықтары жұмысшыларының қозғалысын басып озған сияқты етіп өсірелеу болатын.

Жинақталған деректі материал бір көсіп, жеке облыс немесе қала еңбекшілерінің революциялық қозғалысын зерттеуге бағытталған нақты зерттеулерді терендете түсуге мүмкіндік берді. Е. Бекмаханов, Е. Ділмұхамедов, Б. Сүлейменов, Г. Ф. Даҳшлейгер және басқалар еңбектерінде тарихи-революциялық тақырыптың талдануы өлкедегі революциялық қозғалыс пен ұлт-азаттық қозғалысының ерекше белгілерін теренірек танып-білуғе мүмкіндік берді.<sup>54</sup> Олар большевиктік партияның аграрлық мәселе жөніндегі идеяларын насиҳаттаған социал-демократиялық топтардың қазақ еңбекшілеріне көрсеткен көмегін жазды. Е. Бекмаханов Қазақстандағы XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысының тарихын патша өкіметінің қоныстандыру саясатымен тығыз байланыста алып қарады.

1905–1907 жылдардағы құжаттарды жариялау жөнінде зор жұмыс жүргізді. Бұл жұмыстың негізгі бөлігі «Ресейдегі 1905–1907 жылдардағы революция. Құжаттар мен материалдар» деген мерекелік серияда көрініс тапты.<sup>55</sup> «Қазақ ССР тарихында» 1905–1907 жылдардағы революцияны қорытушы очерк берілді.<sup>56</sup> М. Асылбековтің, Ғ. Сапарғалиевтің, Ә. Тұрсынбаевтың монографиялары бірінші буржуазиялық демократиялық революция туралы өдебиет болды.<sup>57</sup>

Қазақстандағы революциялық қозғалыстың даму деңгейін баяндаудағы сол кездегі тарих ғылымына тән болған үшқарылықтар да өдебиетте көрініс тапты. Т. Ю. Бурмистрова өз енбегінде «ол кезенде Орта Азия, Сібір, Солтүстік халықтары революциялық қозғалысқа өлі де тартылмаған болатын» деп пайымдады.<sup>58</sup> А. А. Росляков былай деп жазды: «орыс шаруалары арасында революциялық қозғалыстың тірегі болған жоқ деуге болады», «Түркістандағы 1905–1907 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысы қандай да болсын елеулі серпін алған жоқ», «жергілікті РСДЖП ұйымдары басқарған Түркістан революциялық

жұмысшылары патша өкіметіне қарсы өз күресінде ұлттық шаруалар бұқарасы мен қала кедейлерінің де, ұлттық буржуазияның басым көпшілігінің де белсенді түрде қолдауынан үміт ете алмады». Оның пікірінше, революциялық қозғалыс тек «жана» (орыс) қалаларда, ішінара армияда ғана болған. Ұлттық деревня революциялық қозғалысқа дейін өсіп жеткен жоқ, өйткені «байырғы халық капитализмге дейінгі даму сатысында болатын».<sup>59</sup>

Басқа көзқарасқа қарағанда, Ресейдің шығыстағы шет аймактары революциялық қозғалыстың даму деңгейі жөнінен елдің өнеркәсіпті орталықтарына тең, ал кейде жоғары болған. Мысалы, Р. Ф. Смирнованың мақаласында 1905 жылдан көп бұрын-ақ «Дала өлкесі мен Түркістанның барлық облыстарында Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» үндеу хаттарының тарала бастағаны» айтылады. Тағы да: «Петербургтің «Күрес одағының» тікелей ықпалымен Түркістан мен Қазақстан қалаларында социал-демократиялық үйымдар мен топтар пайда болды, сондай-ақ көбінесе социал-демократиялық үйымдардың бастамасымен және басшылығымен өткен ереуіл қозғалысы өріс ала бастады».<sup>60</sup> Бірақ мұны қуаттайтын құжаттар шын мәнінде болған жоқ.

Социал-демократиялық қозғалыс тарихын П. М. Пахмурный неғұрлым объективті және неғұрлым елеулі деректеме негізінде зерттеді.<sup>61</sup> Автордың деректері бойынша, революция жылдарында Қазақстанда жалпы адам саны 1700-ге жуық 18 социал-демократиялық үйым жұмыс істеген. Автор социал-демократиялық топтар мен үйымдарға байырғы халықтан шыққан жұмысшылар мен прогрессіл ұлттық зиялышардың алдыңғы катарлы өкілдерін тартуды революция кезеңіндегі партия құрылышының аса маңызды жетістігі деп санайды. Алайда автор өз монографиясында қазақтар арасынан шыққан бірде-бір жұмысшы социал-демократты атап алмаған. Автор ол кезде өлкеде шынына келгенде большевиктік үйымдардың өлі де болмағанын; олардың ең алдымен революцияшыл марксистер мен алуан түрлі оппортунистер арасындағы алауыздықтардың бүкіл түп-тамырын түсінбей, өлі айқындалмаған социал-демократтарды біріктіргенін мойындаға мәжбүр болды.

Өлкедегі 1905–1907 жылдардағы революциялық қозғалыс тарихын кешенді түрде зерттеуді жемісті жалғастырған Б. Сүлейменов проблеманың тарихнамасында елеулі із қалдырды.<sup>62</sup> Автордың анықтауынша, революциялық қозғалыс феодализмге қарсы, империализмге қарсы сипатта болған. Зерттеуші қазақ шаруаларының орыс халқымен бірлесе отырып күресуі қажет екенін олардың бірте-бірте ұғынуына жеткізген аграрлық қозғалысының нысандарын қарастырған.

Бірінші буржуазиялық-демократиялық революция тарихының проблемалары бес томдық «Қазақ ССР тарихы» басылымында және бірқатар монографиялық зерттеулерде жеткілікті дәрежеде толық көрсетілді.

1905–1907 жылдардағы революция тарихы тарихнамасының жетістіктерін бағалай отырып, біз тарихшылардың маркстік-лениндік методологияны ұстана отырып, Қазақстандағы жұмысшы табының тап күресін тым тартысты етіп жібергенін, коныс аударушы шаруалардың, қазақ шаруаларының революцияшылдық деңгейін сыңаржак өсірелеп көрсеткенін атап өткенді жән санаймыз. Ә. Бекейханов бастаған қазақ демократияшыл зиялышарының көзқарастары көрінеу бүрмаланып, 14 500 адам қол қойған Қоянды петициясының рөлі кемітіліп көрсетілді.<sup>63</sup>

Сонымен бірге Қазақстандағы жастар, мұсылман қозғалысы жеткілікті

дәрежеде зерттелмеді. Отаршылдық өкімшіліктің миссионерлік қызметі на-  
зардан тыс калдырылды.

**1916–1917 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалысының проблемалары.** Тарих-  
намалық еңбектерде 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының тарихы жөнінде  
шыққан әдебиетке едәуір толық баға берілген. Оларда қазактар мен Орта Ази-  
яның басқа да халықтарының патша өкіметінің езгісіне қарсы, еңбек армия-  
сына жұмылдыруға қарсы, соғысқа қарсы құресінің серпіні қазіргі уақытта  
тек қана Ресейдің шет аймактарындағы ұлт-азаттық құресінің аса маңызды  
кезеңі деп түсіндіріледі. Алайда зерттеушілер мұндай бағаға бірден келген  
жок, оның алдында 1926–27 жылдардағы, 1953–54 жылдардағы пікірсайыстар  
болды, оқиғаларға қатысуышылардың естеліктері жазылды, Орта Азия рес-  
публикаларында көтеріліс материалдарын жинау жөніндегі экспедициялар,  
конференциялар үйімдастырылды, арнаулы еңбектерді басып шығару жүзе-  
ге асырылды және осы проблемалар бойынша 1954 жылы Ташкентте Біріккен  
ғылыми сессия өткізілді.

Көпжылдық пікірсайыстардан кейін 1916 жылғы тарих бойынша тұжы-  
рымдама қабылданып, ол бес томдық «Қазақ ССР тарихында», Орта Азия рес-  
публикаларының тарихы жөніндегі тиісті зерттеулерде көрсетілді (қараныз:  
Қазақ ССР тарихы, 3-т. А., 1982; Тұрсынов Х. Т. Орта Азия мен Қазақстандағы  
1916 жылғы көтеріліс. М., 1961 және басқалар).

III томның «Бірінші дүниежүзілік соғыс. 1916 жылғы көтеріліс» деп атал-  
ған үшінші тарауында оның негізгі қағидалары баяндалған. Қазір тарихшылар  
бұл проблеманың жаңа түсіндірмесін беруге ұмтылуда және мұндай ізденістің  
алғашқы нәтижелері мамандарға М. Қозыбаевтың, Ә. Бисенбаевтың, К. Нұр-  
пейісовтің, М. Қойғелдиевтің және басқаларының зерттеулері бойынша қа-  
зірдің өзінде таныс.<sup>64</sup> Академик М. Қозыбаев, атап айтқанда, бес томдық «Қазақ  
ССР тарихы» III томының бұл тұжырымдамасын мынадай дәлелдермен кайта  
карауды және деп тапты:

1. 1916 жылғы оқиғалар «көтеріліс» деп және сонымен бірге «азаттық  
қозғалысы» деп аталған. Басқаша айтқанда, авторлар ұжымы, сірә, ұлт-азат-  
тық қозғалысы көтеріліс нысанын алды деп ойласа керек. В. Даль бойынша,  
«көтеріліс – бұлік, ашу-ыза» (қараныз: Даль В. Құнделікті колданыстағы  
ұлы орыс тілінің түсіндірме сөздігі. М., 1989, 270-б.). 1916 жылғы оқиғалар  
бұлік, ашу-ыза аясына сыймайды. Шынына келгенде, отаршыларға  
бұқілхалықтық қарсыласудың барлық нысандары: ауылдардағы халықтың  
манифестациялары, патша жарлығына қарсы жігіттердің өздігінен туында-  
ған бой көрсетулері, жазалаушыларға қарсы ұрыс қимылдары, зиялышар-  
дың наразылықтары, жұмысшылардың ереуілдері, қалалардағы солдат  
әйелдерінің аштық жариялаған бұліктері көрініс тапқан үрдіс жүріп жатты.  
Отар Шығыстың империяға қарсы ұлт-азаттық соғысы жүргізілді. Ал оның  
бер жағында дәстүрлі әдет бойынша салдары қазіргі кезде де жалғасып келе  
жатқан кенестік тарихнамада Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ұлт-  
азаттық соғысы шағын аймақтық көтерілістерге жатқызылды. Бұл тұжы-  
рымдамаға кезінде Түркістан аймағындағы жазалау өрекеттерін басқарған  
патша генералдары негіз салған болатын. Нәк солар саны 50 мың адамға дейін  
жететін халықтық армияны «қарақшылар», «бұлікшілер тобыры» деп ата-  
ды; оның бер жағында басқа ешкім де емес, нәк генерал А. Н. Куропаткин  
1916 жылғы Орта Азияға жасалған жазалау экспедициясына қарағанда, «Чер-  
няев, Романовский, Кауфман, Скобелев Сырдария, Самарқан және Ферғана

облыстарын аз күшпен жаулап алды» деп көрсетті. Жазалау экспедицияла-рына қарсы ұрыс операцияларының ауқымдылығы, серпінділігі және сипаты жөнінен ол Оңтүстік-шығыс және Орталық Азиядағы ұлт-азаттық соғыстарынан асып түсті.

2. Бес томдық «Қазақ ССР тарихында» авторлар ұжымы 1916 жылғы феноменді идеологияға айналдырып, ұлт-азаттық қозғалысын азаттық қозғалысының маркстік-лениндік кезеңі деп санады.

Ұлттық қозғалыстар мәнінің асқан зор білгірі Д. Нерудің былай деп санауы өбден әділ: «нағыз соғыс болмаған күннің өзінде де бакталас тараптар мен қарама-қайшы мұдделер арасында көбінесе жасырын соғыс пен жанжал болып жатады. Жат жерліктер билігінде болған елде мұндай жанжал іштей болып, тұрақты сипат алады, сөйтіп адамдардың ой-пікірі мен мінез-құлқына әсер етіп, оларды бұзады; әскери пиғыл ешқашан толық жойылып кетпейді» (қаранды: Неру Д. Үндістанды ашу. 306–307-б.).

Империя-метрополия мен азиялық отар арасында нақосындағы «әскери пиғыл», «жасырын соғыс» 1731 жылдан бастап орын алып, кейде ашық соғысқа ұласып отырды. Шын мәнінде, 1916 жыл феномені қазақ халқының империя құрамына кірген кезінен бастап бір күн де толастамаған ұлт-азаттық қозғалысының жаңа кезеңі болып табылады. Т. Рысқұловтың 1916 жылғы оқиға «отарлардың көтеріліске шыққан бұқарасымен метрополияның нағыз соғысы сипатын алды» деп санағаны тегін емес (қаранды: Таптар құресі. 1936, № 6, 73-б.).

Отарлық Шығыстың халықтары өздерінің құл болғысы келмейтінін көрсетіп, қарсыласу жолына түсті. Бұл адамгершілік-психологиялық өзгерістердің революциялық, ұзак мерзімді сипатта болғаны күмәнсіз. Орталық Азия халықтары Ресейдің екі революциясы мен азаматтық тайталас шенберінде ұлт-азаттық қозғалыс алға қойған мақсаттар мен міндеттер үшін құресті, болашақтағы демократиялық мемлекет құрамында ұлттың өзін-өзі билеуі жолында шайқасты. Н. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» деген кітабында «бұқаралығы, қоғамның бар тарабын кеңінен қамтуы, жалпы ұлттық ұрандар ұсынуы, мемлекеттік билік институттарын құруы жөнінен бұл қозғалысты – ұлт-азаттық революциясы деп, патшалық Ресей отарындағы осы текстес революциялардың тұңғышы деп бағалауға болады» деп атап өткен.<sup>65</sup>

3. Бес томдық «Қазақ ССР тарихында» 1916 жыл феномені жалпы ресейлік үрдістің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды.

Ал 1916 жылғы феноменді азиялық Шығыс халықтарының сан ғасырлық ұлт-азаттық құресінің жалғасы деп қарастыру керек.

4. Бес томдық «Қазақ ССР тарихының» авторлары қозғалыс феодализмге қарсы сипатта болды, сондай-ақ феодалдық билік басындағыларға да қарсы бағытталды деп пайымдады.

Ал зерттеушілер жаңадан пайда болып келе жатқан, орыс және шетел капиталымен бәсекелес ұлттық буржуазияның, дәстүрлі қатынастарды сактап қалуға ұмтылған дәстүрлі шонжарлардың, әр түрлі зиялыштар топтарының азаттық қозғалысына белсене қосылып, бұл орайда өздерінің көбінесе бір-біріне қайшы келетін мұдделерін көздегенін дәлелдеді.

Оқиғалардың қаншалықты қасіретті болғанына қарамастан, 1916 жылды өзін империяға қару қолданып тайталаса алатын күш деп ұғынған халықтардың ұлы жеңісі деп санау керек. Нак ұлттық мұдделердің ортақтығын ұғыну

Қазақстан шекарасын көктей өтіп, Шығыстың отар халықтарының қауымдастырын ұғынуға үласты.

5. Бес томдық «Қазақ ССР тарихында» «көтеріліс патша әкімшілігі үшін де, жергілікті феодалдық билік иелері үшін де күтпеген жерден басталды» дедінген. Мұндай пайымдау қисынды бола алмайды. Отарлаушы әкімет орындарының маусымдағы патша жарлығы бүкілхалықтық дүмпуді тұтандыруши болады деп санамағаны – басқа мәселе.

Кеңестік тарихнамада ұлт-азаттық қозғалысының әлеуметтік негізі көтеріліс басшылығына таптық көзқарас тұрғысынан ұзак уақыт бойы әдейі тарылтылып, олардың көшбасшылары әлеуметтік жағынан тәменгі топтардан шыққан деп көрсетіліп келді.<sup>66</sup> Бұл орайда хандар, сардарбектер, бектер сайланған, яғни Шығыстың дәстүрлі басқару институттарын қалпына келтірген тарихи фактілер ескерусіз қалдырылды.<sup>67</sup>

Тарихнамада ұлттық зиялыштардың 1916 жылғы халықтық соғыска көзқарасы әр түрлі бағаланады. 1970 жылдардың аяғында-ақ академик С. Зиманов ұлт зиялыштары мен олардың жетекшілерінің ұлт-азаттық қозғалысындағы, қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятудағы қайшылықтарға толы рөлін тереңірек анықтау кәжет деп атап өткен болатын. Ұлт зиялыштары рөлінің қарама-қайшылығын олардың қоғамдағы жағдайымен түсіндіруге болады. Оның пікірінше, біріншіден, олардың дені казақ қоғамының ауқатты топтарынан шыккандақтан отаршылдық аппараттың қызметшілері болды, сол кездегі құрылыштың белгілі бір артықшылықтарын пайдаланды. Екіншіден, орыс зиялыштарынан айырмашылығы, қазақтың ұлт зиялыштарының қатарында іскер зиялыштар – банктердің директорлары мен басқарушылары, акционерлік қоғамдардың заң кеңесшілері болған жок, өнеркәсіпшілер, сондай-ақ қаржыландырушылар дүниесімен байланысы болмады. Олардың дүниеге көзқарасы ағартушылық идеялардың қуатты ықпалымен қалыптасты. Бұратаналардың зиялыштары саналған олар отаршылдықка карсы идеологтарға айналды.

Бірқатар зерттеушілердің пікірінше (М. Козыбаев, К. Нұрпейісов, Д. Аманжолова, М. Қойгелдиев, М. Базарбаев және баскалар), қазақ халқының ұлттық көшбасшылары өздерінің даму дәрежесі жағынан еуропалық деңгейде болды. Сол арқылы олар заманынан едәуір алға кетті. Рухани көшбасшылар мен негізгі халық бұқарасы арасында елеулі алшактық пайда болды. Халық бұқарасы халықтың кедей табынан шыққан зиялыштарды жақын тұтты. 1916 жылы ұлт-азаттық қозғалысында бір-біріне керегар жакта болған қазақ зиялыштары мінез-құлқының әр түрлі бағытын осымен түсіндіруге болар.

Тарихнамалық еңбектерде көтерілісшілердің өскери өнері және көтеріліске қатысушылар мен олардың көшбасшыларының тағдыры зерттелмегені атап өтіледі. Кеңестік тарихнамада 1916 жылғы көтеріліске қатысушылар Ақпан және Қазан революциялары мен азамат соғысына, Кеңес әкіметінің алғашқы он жылдығындағы демократиялық өзгерістерге белсене қатысушылар болды деп саналды. Бірақ қазір біздің қолымызда олардың көпшілігіне тағдыр құштеп ұжымдастыруға карсы көтерілістерге қатысушылар болуды жазғаны туралы деректер бар. Революция және азамат соғысы жылдарында әйтеуір бір себептермен баррикадалардың басқа жағына шыққан адамдардың көтеріліс басшылары қатарынан сыйылып қалғаны мәлім болды (мысалы – Кейкі батыр, Айжарқын Қанаев т.б.).<sup>68</sup>

1916 жылдың көктемінде халық бұқарасы бір-ақ тандауды – отаршылдықка карсы қарулы құресті ғана білді. Ол кезде эволюцияны жақтаушы қазақтың

ұлттық көшбасшыларына ұлттың рухани өмірінің тұтқасын ұстау жазылмаған еді.

Ұлт-азаттық қозғалыстарының біртұтас очеркін жасауға өрекет жасаған Ж. Артықбаевтың тәжірибесі назар аударапты.<sup>69</sup>

Ұлттық сана-сезімді ояту мен мәдениет мәселелері бойынша одан әрі білім жинақтаудың сипатты ерекшелігі ғылымды бұрын пайдаланылмай келген де-ректемелер мен әдебиеттің мол көзімен байыту болды. Бірінші кезекте бұл XX ғасырдың 30-жылдарында қуғынға ұшыратылған, кезінде буржуазиялық ұлтшылдар деп орынсыз айыпталған, XX ғасырдың бас кезіндегі азаттық қозғалысы жетекшілерінің ақталуына байланысты мүмкін болды.<sup>70</sup>

Қазіргі уақытта жұртшылық Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Жақып Ақбаев, Халел Досмұхамедов сияқты көптеген ұлт зиялыштары өкілдерінің еңбектерін окуға мүмкіндік алды. Осыған байланысты зерттеушілер өздерінің ізденістерін олардың өмірі мен қызметін мұқият және жан-жақты зерттеуге, негізгі баспасөз органы – «Қазак» газетінің мазмұны мен рөлін объективті түрде анықтауға, сондай-ақ «Алаш» қозғалысының да бағдарламасына әділ талдау жасауға бағыттады. О. Эбдімановтың «Қазак» газеті деген кітабында (А., 1993) газеттің пайда болуы алдындағы тарихи жағдай айқын көрсетілген. Автор шетелдік қазақ диаспорасының өкілі Хасен Оралтайдың «Алаш» партиясының 1905 жылдың өзінде-ақ құрылғаны және оның жария партияға айналған 1917 жылға дейінгі құпия қызметі туралы айтқан көзқарасына қосылады. Ол қазақ зиялыштары кадет партиясы идеяларын неліктен жақын тұтты деген сұраққа жауап қайтаруға үмтүліс жасаған; олардың арасында 1900 жылдарда байқалған және «Қазак» газеті мен «Айқап» журналы төнірегінде топтасқан екі ағым қарама-қайшылығының негізгі көздерін ашып көрсетеді. «Қазак» газеттің мақсаттары, оның атауы мен қызметінің негізгі бағыттары жан-жақты ашып көрсетіледі. Газеттің жер, 1916 жылғы көтеріліске көзқарас, «Алаш» партиясының ұйымдастырылуы мен жаңадан құрылған партия бағдарламасы жобасының дайындалуында жалпы қазақстандық съездердің атқарған рөлі сияқты тарихнамадағы даулы проблемалар жөніндегі көзқарасы анықталады. Автор газет беттерінде қазақ автономиясы идеяларының көрініс табуы және бүкілқазақстандық «Алашорда» кеңесінің құрылудына, жаңа мемлекеттік бірлестікке кіргізуге болатын облыстарды анықтауға арналған материалдарға баса назар аударады. Дегенмен де, автономия жариялау мәселесі бойынша алауыздықтардың пайда болу кезеңін көрсетуге келгенде олардың себептері ақырына дейін айқындалмай қалады. Автор газет шығарудың соңғы кезеңінде оның беттерінде «Алаш» басшылығының арасында пайда болған алауыздықтардың себептеріне аз көніл бөлген. «Қазак» газеті бірінші кезекте көніл бөлген және көптеген мәселелерді шешуде жаңашылдық жасаған мәдениет, білім беру және әдебиет проблемалары кең әрі толық берілген.

«Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметтің қызметін көрсететін, бұрын қол жетпеген мұрағат қорларын пайдалану мүмкіндігінің іс жүзіне асуы арқасында зерттеушілер бұл проблеманы белсенді түрде зерттеп, мерзімді баспасөз беттерінде ғылыми нәтижелерін жекелеген макалалар немесе макалалардың топтамалары етіп жариялауда. Осы тұрғыдан алғанда Д. Аманжолованың «Алашорда. Қазақ автономизмі», К. Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда» және М. Қойғелдиевтің «Алаш қозғалысы» деген еңбектері алғашқы туындылар болды.

Д. Аманжолованың «Қазақ автономизмі және Ресей («Алаш» қозғалысының тарихы)» деген монографиясы «Тұнғыш монография» сериясының топтамасымен шығарылып, қазіргі ұлттық проблемалардың бастаулары мен себептеріне, Еуразия халықтары болашағының ортақтығын үғынуға арналды. Автор алаш қозғалысы дамуының маңызды кезендерінің негізгі мазмұнын неғұрлым толық қалпына келтіруге, «оның сипатын, идеялық-саяси және әлеуметтік базасын анықтауға, революцияға дейінгі кезенде, 1917 жылғы және азамат соғысы жағдайында Ресейдің саяси құштерімен және партияларымен өзара қатынастарын ашып беруге, Алаш жеңілісінің себептерін және оның қазақ халқының тарихындағы маңызын көрсетуге» ойдағыдай өрекет жасаған.<sup>71</sup> Осы кезге дейін арнаулы сақтау орындарында шоғырландырылған деректемелердің автор келтірген кешенді сипатын атап көрсеткен жөн. Зерттеудің басты жаңалығы – қазақ автономизмі, Алашорданың Комучпен, Колчактың Уақытша Сібір үкіметімен, Орынбор, Орал, Сібір және Жетісу казактарының басшылығымен, алаш құрамаларының тұрақты «актармен» және казак бөлімдерімен өзара қатынастары тарихының өзекті беттерін жүйелі түрде көрсетуі болып табылады. «Алаштың» әскери доктринасын, алаш әскери бөлімдерінің құрылуын, олардың құрамын, санын, соғыс қимылдарына қатысуын, Алашорда басшылығының Түркістан майданымен келіссөздерінің барысын және мазмұнын, Алаш жетекшілерінің эволюциясы мен азамат соғысы барысындағы бұқараның Алашордаға көзқарасын автор тұнғыш рет ашып көрсетеді. Ресей ҒА-ның мүшесі Ю. Поляковтың атап көрсеткеніндегі, «Алаштың табиғаты, әлеуметтік базасы, даму қарқыны және жеңіліс табу себептері туралы автордың ой-толғамдары бұрын ғылыми айналымға енбеген қыруар деректемелерге жалықпай талдау жасауға негізделген, мұның өзі оны ғылыми жағынан негізді және иланымды етеді».

К. Нұрпейісовтің кітабында «Алаш» қозғалысының бастауларына, монархия құлатылғаннан кейінгі Қазақстандағы қоғамдық-саяси жағдайдың өзгерістеріне, «Алаш» партиясының құрылуына, Алашорда мен Кенес өкіметінің өзара қатынастарына баса назар аударылады. Таразулардың бірі деректемелер мен проблемалар тарихнамасына талдау жасауға арналған. Автор Алаш дамуы тарихының негізгі проблемаларына: Алаш – Қазақстандағы тұнғыш саяси партия; Алаш автономиясы – болашақ мемлекеттіліктің құрылымы; Алашорда – автономияны басқаратын үкімет деп ерекше көніл бөледі.

Накты мәселелерді объективті үғыну мен түсіндіру «Алаш» қозғалысының шын мағынасын ашып көрсетуге жағдай жасайды. Кенес өкіметінің Алашқа көзқарасына талдау жасау автордың бірнеше кезендей: XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы большевиктік тұрғыдағы жарияланымдардағы «алаш қозғалысы» үғымы; проблеманың зерттеуге алпыс жыл бойы тыйым салу мен «буржуазиялық ұлтшыл», «халық жауы» атағын тану кезендерін белгілеуге мүмкіндік берген 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланып, проблеманың тарихнамасында әділеттілік пен шындық жағына қарай бетбұрыс жасалғаннан кейін ғана ақырат кезеңі туғанын айтқан. Сонымен бірге К. Нұрпейісов «Алаш» қозғалысының мәнін неғұрлым толық ашып көрсету үшін зерттеушілерден өлі де көп күш-жігер жұмсауды керек ететін бірқатар мәселелерді мензейді. Оларға мыналар жатқызылады: оның басшыларының тәуелсіздік идеяларының, саяси және экономикалық көзқарастарының бастаулары; XX ғасырдың басындағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде «Алаш» қозғалысының атқаратын рөлі мен алатын орны; 1917 жылғы екі ре-

воляция аралығындағы кезенде Алаштың басқа партиялармен байланыстары мен өзара қатынастары; Алаштың және Алашорданың Кеңес өкіметімен өзара қатынастары; Алаштың ортаазиялық және Еділ бойындағы түркі халықтарымен, мұсылмандық саяси партиялармен және қоғамдық қозғалыстармен ішкі қайшылықтары; «Алаш» қозғалысы және қазіргі Қазақстан.

Кітапқа қосымшада «Алаш» қозғалысына қатысты бірсыптыра құжаттар келтірілген. Ең алдымен, бұлар – «Алаш» партиясының мүшелері мен олардың пікірлес адамдарының тізімі, «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы және Алаш басшылары көзқарастарының эволюциясы және олардың Кеңес өкіметі жылдарындағы тағдыры туралы материалдар.

Сөйтіп К. Нұрпейісовтің монографиясында XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы тұңғыш саяси партия мен оның үкіметі қызметінің негізгі кезендері рет-ретімен, арнаулы сактаулы қордан алынған жаңа құжаттарды едөуір мөлшерде келтіре отырып ашып көрсетіледі.

М. Қойгелдиевтің монографиясында XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстанның тарихи дамуына байланысты проблемалардың кең ауқымы қамтылған. Кітаптың бүкіл арқауы басты мәселе – «Алаш» қозғалысына арналған. Патша өкіметінің отаршылдық саясаты, ұлттық езгіге наразылықтың күшеюі және қазақ зиялышарының 1905–1916 жылдардағы қоғамдық саяси қызметі; ұлт зиялышарын кудалау саясаты; «Қазақ» газеті және 1908–1916 жылдарда тәуелсіздік жолындағы құрес идеологиясының қалыптасуы; бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы және 1916 жылғы ұлт-азаттық құрес кезеңіндегі қазақтың демократияшыл зиялышары; Ақпан революциясының жеңісі және ұлт-азаттық қозғалысының жаңа міндеттері; қазақ демократияшыл зиялышарының Уақытша үкімет жұмысына қатысуы; жалпы-қазақтық бірінші және екінші съездер, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің құрылуы жан-жақты көрсетіледі. М. Қойгелдиевтің кітабында «Алаш» қозғалысының тарихнамасы иланымды берілген. Автордың қазақ зиялышарының қоғамдық-саяси қызметін зерттеудің тарихнамалық негізін Ә. Бекейханов, М. Дулатов, М. Тынышбаев және басқалар революцияға дейін-ақ қалаған деуімен келісуге болады.

«Алаш», «Алашорда», «алаш қозғалысы» проблемалары бойынша жарияланған жоғарыдағы енбектердің сатылы сипатын айта келіп, проблеманың тарихнамасында құпиялардың тым көп қордаланып қалғанын атап өткен жөн. ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі К. Нұрпейісовтің өділетті атап өткеніндей, ең алдымен «алаш қозғалысы» терминінің мәні әлі де толық айқын емес.

Мәселен, М. Қойгелдиев «алаш қозғалысы» ұғымын, бір жағынан, тұтас алғанда XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс деп, екінші жағынан «Алаш» партиясын, Алашорда үкіметі – Халықтық кенесті, бәрін қосып алғанда Алаш автономиясын бір мағынада түсіндіреді.<sup>72</sup>

Проблеманы Д. Аманжолованың түсінуі біршама басқаша. «Қазақтың ұлттық Алаш қозғалысының дамуында, – деп атап өтеді зерттеуші, – үш кезенде бөліп көрсетуге болады. 1905 жылы зиялышардың батыстық пі-ғылдағы либерал тобы бастаған ағым ретінде пайда болып, бірінші кезенде (1905–1916 жылдар) ол конституциялық-демократиялық және земстволық жүртшылықтың оппозициялық қозғалысы арнасында дамыды». «Алаш тарихының келесі кезені, оның пікірінше, ұзакқа созылмады, бірақ өте маңызды болды, өйткені революциялық 1917 жылға тұстас

келді». <sup>73</sup> Д. Аманжолова 1918–1920 жылдарды Алаш тарихының соңғы кезеңі деп санайды. <sup>74</sup>

К. Нұрпейісов «Алаш һәм Алашорда» монографиясында «Алаш» партиясы бастауының түп-тамыры 1905–1907 жылдардағы орыс революциясының кезінде жатыр деп атап көрсетеді. Ол «Алаш», «Алашорда» ұғымын ғасырдың басынан бастап қоғамдық-саяси аренада жұмыс істеген барлық қазақ зиялдарына беталды колдана беруге болмайды деп санайды. К. Нұрпейісов 1917 жылғы екі революция арасындағы қоғамдық қозғалысты ерекше бөліп атап, 1917 жылғы шілде – 1920 жыл аралығындағы «Алаш» қозғалысының хронологиялық шенберін көрсетіп береді. <sup>75</sup> Бұл ұғымдарды шағын және кең көлемде түсіндіру жалпы барлық авторлардың зерттеулерінде өр түрлі нұсқада кездеседі.

Ең алдымен, алаш қозғалысын жалпы алғанда ғасыр басындағы Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалысы ретінде бейнелеушілер пікірінің дұрыстығы екіталай. Сөз жоқ, алаш қозғалысы – оның ажырағысыз бөлігі. Сонымен бірге ұлт-азаттық қозғалысы көптеген ағымдардан, соның ішінде либералдық піфылдағы революциялық зиялдар ағымынан да құралды.

Кейіннен Ә. Бекейханов «Қырғыздар» деген макаласында былай деп атап өтті: қозғалыска «бір жағынан, орыс әдебиетімен тәрбиеленген, европалық мәдениетке сенетін зиялдар қатысты. Екінші жағынан, шығыстық ортодокция мен ұлттық-діни ерекшелік рухында тәрбиеленген зиялдар да бой көрсетті... Егер орыс зиялдарымен бірсыныра ұқсастық жасайтын болсак, қазақ зиялдарының бірінші тобын – батысшылдар, екінші тобын түркішілдер және панисламизмді жактаушылар деп атауға болар еді». <sup>76</sup>

Сонымен 1905–1917 жылдың шілдесі аралығындағы уақыт қазақ зиялдарының либералдық, жалпы демократиялық қозғалысының қалыптасу, оның ішінде батысшыл алаш үйіткісінің топтасу кезеңі болып табылады. Бірінші орыс революциясы барысында олар жана күш жинап, «Қазак» басылып шыққан кезенге қарай болашактағы Алаш жактаушыларын өз төнірегіне топтастырып алды. Алаш үйіткісінің қалыптасуы өлкедегі бүкіл жалпы демократиялық қозғалыска серпінділік пен жалпы ұлттық сипат берді. Демек 1916 жылдың орта шеніне дейін қазақ зиялдары және оның «Алашқа» үйіткі болған таңдаулы бөлігі жалпы алғанда біртұтас демократиялық ағым қатарында болды.

«Алаш қозғалысы» ұғымын К. Нұрпейісовтің орынды атап өтетініндей, партияның, автономияның, оның үкіметінің құрылу кезеңіне, сондай-ақ оның 1920 жылға дейінгі большевизммен тайталасу кезеңіне қолдануға болады.

Сол кезге қарай қазақ демократиялық зиялдарының біртұтас ағымы баррикаданың қарама-қарсы жактарында түрған екі бөлікке жіктелген еді.

Алаш идеялары Алашорда таратылғаннан соң да өмір сүре берді. 20-жылдардан кейін де мемлекеттік тәуелсіздік жолындағы құрес жалғастырыла берді. Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, А.-З. Уәлиди, Н. Ходжаев және басқалар накты автономияға үмтүліп, кеңестік қуыршак республикалар табиғатына қарсы қресті. Шетелде жүрген М. Шокаев Түркістанды азат ету идеясы жолындағы қресті жалғастырды.

А.-З. Уәлиди (Төған) өз естеліктерінде 1921 жылдың тамызында жәдидтер партиясы, Өзбекстандағы «Ерік» социалистік партиясы және қазақтың «Алаш» партиясы біртұтас «Орта Азия мұсылмандарының ұлттық-халықтық қоғамдық орталығы» (қысқартылғанда – «Түркістан ұлтық бірлестігі») болып біріккенін атап өтеді. <sup>77</sup> «Жалпы тұғырнама» өзірленді. 1924 жылдың мамы-

рында «Ұлттық бірлестіктің» шетелдік бюросы оның орталығы Түркияда болады деп шешіп, М. Шоқаев оның Еуропадағы өкілі болып тағайындалды.<sup>78</sup>

Сонымен алаш қозғалысының үшінші кезеңі, кең түсінікте алғанда Кенестердің барлық алаштықтарды толық талқандау және жекелеп жою кезеңі 1921 жылдан 1941 жылға дейін жалғасты. Алаш зияллыларының Кенестерге жасырын және көрінеу қарсыласу тарихы осы кезге дейін де аз зерттелген.

XX ғасырдағы реформаторлық алаш қозғалысы тарихын зерттеудің алғашқы қорытындыларын шығара келіп, былай деп санаймыз:

1. Алаш, Алашорда, алаш қозғалысы тарихы – бұкіл XX ғасырдағы азаттық қозғалысының түйінді проблемасы.

2. Алаш қозғалысы өзінің өлеуметтік түп-тамырлары, Ресейдің өмір шындығын ұғынуы, саяси бағдарлары жөнінен біртекtes болған жок. Ол оңшылдар, орталықшылдар және солшылдар болып бөлінді. Олардың арасында қозғалыстың еуропалық стандарттар бойынша жоғары білімді, өздерінің даму деңгейі жөнінен замандастарынан алға кеткен жетекшілері болды. Ол кезде азаттық қозғалыс катарында өткен феодалдық-патриархаттық кезеңмен байланысты адамдар, консервативтік ойдағы қайраткерлер де бар еді. Олардың арасында «Түркістан бірлігі», «Оңтүстік-Шығыс мұсылман облыстарының федерациясы» дейтіндерді жақтаушылар және т.б. болды. Алаш ішіндегі әр түрлі бағыттарды, олардың тұғырнамасын, «Алаш» партиясының сыртқы дүниемен, соның ішінде Ресейдің өз ішіндегі әр түрлі саяси ағымдармен байланыстарын барынша орнықты зерттейтін кез болды.

3. Қазақ-қырғыз съезінің (5–12. 12. 1917 ж.) шешімінде былай деп жазылған: «Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын».<sup>79</sup> Алашорда Кенесінің құрамына қырғыз халқының қайраткери Ж. Солтанаев енген<sup>80</sup> (мұны проф. М. Койгелдиев те дұрыс атап өткен). Қырғызстанның солтүстік аудандарында «Алаштың» ықпалы мейлінше күшті болды, оларда «қырғыз қоғамдық комитеттері» «Алаш» комитеттері деп қайта аталды.<sup>81</sup> Алаштың Пішпектегі (қазіргі Бішкек) филиалында 800 мүшес болды. «Алаш» партиясының қатысусымен «Коқан автономиясы» құрылды.<sup>82</sup> Бұкілқазақстандық II съездің жұмысына татар, башқұрт азаттық қозғалыстарының өкілдері қатысты. Алаштықтар Өзбекстан мен Қырғызстанның шура-исламшылдарымен тығыз ынтымактасық жасады.

Алаш қозғалысы бұкіл түркілер дүниесіне ықпал етті. 1918 жылдың қыркүйек айында Түркияның «Шығыс түріктері федерациясын» құруға әрекет жасағаны кездейсоқ емес.<sup>83</sup> Сонымен «Алаш» партиясының, Алашорданың жалпы түркілік табиғатын, «алаш қозғалысындағы жалпы және ерекше мәселелерді» зерттеу проблемасы туындалап отыр. Алаштың өз табиғаты жөнінен, бір жағынан, жалпы ресейлік, екінші жағынан, жалпы түркілік мәнзы бар құбылыс екені күмән келтірмейді. Алаш, Алашорда тәжірибесі, өз тағлымдары арқылы бұкіл Шығыстың, Орталық Азияның азаттық қозғалысын байытты. Келешекте ғалымдардың бұл проблеманы Ресей азаттық қозғалысының, Орталық Азияның тарихымен астастыра зерттеуіне тұра келеді.

4. Алаш қозғалысының тарихы – Ресей империясындағы бұкіл азаттық қозғалысы тарихының құрамдас бөлігі. Ғасырлар тоғысында Ресей интеллектуалдарының жаңа үрпағы қалыптасты. Бұл Ресей империясының барлық халықтары сана-сезімінің өсу кезеңі болды. Басыбайлылықты жою, земство-лық өзін-өзі басқаруды енгізу, монархиялық Ресейдің, баяу және қинала отырып болса да, конституционализм жолына тұсуі, көппартиялылықтың пайда

булусы, П. А. Столыпин реформалары, рыноктың экономиканың құндылықтарын қабылдаушы әр түрлі әлеуметтік топтар арасында либералдық идеологияның таралуы, Ресейдің жаңғыру және европалану, парламенттік демократия жолымен баяу болса да, сеніммен ілгері басуы – қазак реформаторларының да жаңа ұрпағы тәрбие алған әлеуметтік-экономикалық саяси орта болды. Сонымен бірге Э. Бекейханов пен оның пікірлестері дүниежүзілік қоғамдық ой-пікір жетістіктерін де қабылдады. Олар Француз революциясының «Адам және азамат құқықтарының декларациясы» идеясында тәрбиеленді.

Ә. Бекейхановтың құқықтық мемлекетті жақтайтындығы оның занға, жер меншігіне, отбасы мен некеге, әдет және шарифат зандарына көзкарасынан айқын аңғарылады.

Шын мәнінде ұлттың көшбасшылары болған алаш зияллылары қазак қоғамының дәстүрлі мәдениетімен тығыз байланысты еді, шын мәнінде рухани ренессанстың үйіткісі болатын. Олар ұлттық нәрсенің бәрін қызыщай қорыды, діни фанатизмге, ұлтшылдық, нәсілшілдік және өзге де сокырсенімдерге ұрынбады.

5. Алаш қозғалысына эволюцияшылдық, ағартушылық, отаршылдыққа карсылық, ұлттық дербестікке ұмтылыс, буржуазиялық-демократиялық бостандықтарды қорғауға, ал екінші кезеңінде – автономизмге, ұлттық егемендікке берілгендей тән.

Реформаторлық қозғалыстың отаршылдыққа қарсы мәні ауыл мұғалімдерінен, семинаристерден бастап, Дала өлкесінің көрнекті діни қайраткерлеріне дейін – қозғалыстың әлеуметтік негізін анықтап берді.

Алаштың, Алашорданың XX ғасыр басында ұлттық өзін-өзі билеудің, соның ішінде біздің тәуелсіздігіміздің негізін салған тарихының – Алаштың егемендік, ұлттық татулық, президенттік басқару, құқықтық, зайырлы мемлекет туралы, дінді мемлекеттен бөлу және басқалар туралы тәжірибесінің – бүгінгі танда да өшпес маңызы бар. Қазақстан жұртшылығының «Алаш», Алашорда, Алаш қозғалысы көшбасшыларының бірі А. Байтұрсыновтың 125 жылдық мерейтойын мейлінше кең атап өтуінің ауқымы мен маңызын осымен түсіндіруге болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Тарих толқынында» деген кітабында былай деп өте дұрыс атап көрсеткен: «Ұлттық саяси үйимның жасақталуының өзі отандық тарихымызда жеріне жете зерделенбей келеді. Оның үстінен кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сактап отыр. Бұл ұлттық емес, патриоттық үйім, алдына қойған мақсаты қазак қоғамын бірте-бірте өзгертип, оны осы заманғы шындыққа бейімдеу еді».<sup>84</sup>

Ресей жаңа дағдарыс пен революциялық сілкіністер кезеңіне еніп, ол пролетариат диктатурасының орнатылуына өкеп сокты.

## 2. XVIII–XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ПРОБЛЕМАЛАРЫНЫҢ БАТЫС ТАРИХНАМАСЫНАН КӨРІНІСТАБУЫ

XVIII ғасырда батыс европалық шығыстануда Қазақстанды зерттеу онша қомакты орын алған жок; мұны ішінана зерттеушілер қолында болған де-ректемелердің аз екендігімен түсіндіруге болады. Бірақ XIX ғасыр ішінде көптеген

ген саяхатшылардың, дипломаттардың, көпестер мен миссионерлердің күшжігері арқасында ортаазиялық аймақ халықтарының әлеуметтік-экономикалық және саяси тарихы туралы алуан түрлі фактологиялық материал жинақталды.<sup>85</sup>

Откен ғасырда еуропалықтар білімінің негізгі көзі эволюционистердің теориялық сұлбалары шеңберінде жасалған наративтік әдебиет болатын. Халықтар тарихының, әдет-ғұрпының, материалдық және рухани мәдениетінің өзі тұратын табиғи ортамен байланысты екені туралы идея барлық жолжазбалардың, күнделіктер мен есептердің өзегі деуге болады. Түркістан мен Дағдарынан өлкесінің тарихы жөніндегі қорытындылаушы еңбектер де географиялық факторлардың басты рөл атқару үрдістеріне құрылған.<sup>86</sup> XX ғасырдың басынан бастап шығыс қоғамдары зерттеушілерінің методологиялық көзқарастарында түбекейлі өзгерістер болды. Эволюционизмнің дағдарысы, атап айтқанда, адамзат қоғамының, соның ішінде түркі-монғол халықтарының көшпелі қоғамдарының да тарихын айқындайтын көптеген факторларды тануға негізделген әр түрлі мектептер мен бағыттардағы тарихи және этнографиялық ғылым салаларының пайда болуынан көрініс тапты. Қазіргі авторлар Э. Бэкон, Л. Крадер, Дж. Уилер, Ш. Акинер, М. Олкотт, Э. Саркисянц, А. Бенигсендер мен басқалардың монографиялары қазақ халқының тарихи откен кезендеріне жаңа концептуалдық көзқарас (жаңғыртушылық концепция, құрылымдық-функционалдық талдау, диффузионизм мектебі және т.б.) арнасында жасалған.<sup>87</sup>

XVIII–XIX ғасырларда қазақ даласында болып кеткен шетелдіктер өз еңбектерінде Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздегі көшпелі мал шаруашылығын, көші-кон бағыттары мен жер қашықтығын егжей-тегжейлі суреттеп, сауда мен егіншіліктің дамуына назар аударған.

С. Гедин Орынбордан, Мәскеуден, Нижний Новгородтан тауарлар әкелиңген Қарабұтактағы, Үрғызыдағы, Казалыдағы, Түркістан мен Шымкенттегі сауданың жай-күйін көрсете келіп: «Ең қызу айырбас сауда Троицк мен Оралда жасалады, өйткені ең бай қырғыздардың (қазактардың. – Ред.) ауылдары сол жерде» деп жазған.<sup>88</sup>

Шетелдіктер саяхаты, әдетте, елді мекендер арқылы жасалған, сондықтан олар Қазақстандағы қала өмірі туралы едөуір көп материал жинаған, ол материал Верныйда, Шымкентте, Әулиеатада, Перовскіде, Қапалда, Аягөзде, Семейде, Ақмолада, Гурьевте, Оралда, Үрғызыда, Өскеменде және басқа да елді мекендерде тұрғындар саны өсуінің сипаты, қала тұрғындарының этникалық және әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер туралы хабардар болуға мүмкіндік береді.<sup>89</sup>

Бірқатар авторлардың еңбектерінде XIX–XX ғасырдың басында Қазақстанның көптеген аудандарында егіншіліктің таралуы туралы мәліметтер бар. «Қазақтардың бір бөлігі көшпелі тұрмыс салтынан отырықшылықты артық көріп, – деп көрсеткен Ж. Б. Пакье XIX ғасырдың 80-жылдарында, – Сырдaryaны бойлай орналасады да, бидай және басқа да дәнді дақылдар өсіреді».<sup>90</sup> С. Грехам, швейцариялық ғалым Н. А. Дингельштедт Қазақстанның онтүстігінде суармалы егіншіліктің жер-жерде дамығаны туралы айтады.<sup>91</sup> К. Оланьон «қазақтардың ерте заманнан бері малшы халыққа тән жартылай көшпелі тірлік кешкені» туралы айта келіп, Қазақстанның солтүстік облыстарындағы егіс көлемі және жиналатын бидай туралы деректер келтіреді.

Дж. Уорделлдің, К. Оланьон мен басқалардың еңбектерінде Орталық және Шығыс Қазақстандағы пайдалы қазбалар мен тау-кен өнеркәсібінің дамуы туралы бірқатар қызықты мәліметтер бар.<sup>92</sup>

Осы айқын фактілерге қарамастан, XIX–XX ғасырдың басындағы зерттеушілердің көшпелілігі «қазактардың егіншілікке» және көшпеліліктен басқа көсіптің өзге түрлеріне «өте жиренішпен қарайтыны» туралы қате тезис ұстанып келді.<sup>93</sup>

Зерттеушілер көшпелі қоғамды бейне бір дербес өлеуметтік организм, оның дамуын өзінің ерекше табиғи жаратылысы мен тарихи үрдісінің заңдары билейді деп қарастырды (Р. Груссенің «көшпелілердің накты мезгілдік көші-кон» теориясы, А. Тойнбидің «шағын өркениет» тұжырымдамасы және басқалар).<sup>94</sup>

XIX ғасырда көшпелі мал шаруашылығын қазактардың материалдық өндірісінің негізгі саласы деп суреттеу, оның өлеуметтік-экономикалық мәнін белгілі бір жағынан терендеп түсіндіру Қазақстанға келіп кеткен батыс авторларының барлық енбектерінде кездеседі деуге болады. Маясымдық көші-қон тақырыбы неміс этнографтары Карл Нейманн, Фридрих Фурман, Вольфганг Кёниг, француз этнографы Фредерик де Рокк және басқалар арнағы зерттеген мәселе болды.<sup>95</sup>

XX ғасырдың 60-жылдарынан бастап, өсіресе американ тарихшылары мен этнографтарының зерттеулерінде номадтар қоғамына көшпелілердің қоғамдық үйімі мен олардың өндіріс жүйесі, күнделікті тұрмысы мен мәдениеті біртұтас дүние ретінде көрінетін күрделі өлеуметтік құбылыс деген көзқарас басым бола бастады. Осыны негізге ала отырып Э. Бэкон, оның ізінше Л. Крадер көшпелі қоғамды зерттеуге кешенді түрде қарау қажеттігін ұғынып, оған дәстүрлі қазақ номадизмін өзек етіп алды. Бұл орайда Э. Бэкон қазактардың көшпелі қоғамы тарихын мәдениет тарихы ретінде қарастырды, ал Л. Крадер өзінің назарын көшпелілердің экологияға, сондай-ақ монгол-түрік халықтарының өлеуметтік үйімдасуына, олардағы этногенездік үрдістер мен мемлекеттіліктің қалыптасуына байланысты проблемаларды жан-жақты зерттеуге шоғырландырды.<sup>96</sup>

Э. Бэконның «Орыстар билігіндегі ортаазиялық халықтар: мәдени өзгерістерді зерттеу» деген кітабында қазақ отбасының үйімдастырылу сипатына, мұрагерлік және мұліктік құқығына және т.б. қатысты мәселелер қозғалады. Ол тұрғын үй үлгісінің, азық-тұліктің, өрнекті өшекейдің, жиһаз сипаттары мен басқа да мәдениет құбылыстарының көшпелі тұрмыс салтына байланысты екенін атап өтеді.<sup>97</sup>

Л. Крадердің «Монгол-түрік көшпелілерінің өлеуметтік үйімі» деген монографиясы туыстас халықтардағы номадизм проблемаларын салыстыра отырып зерттеуге негізделген. Автор онда түрік-монгол халықтарының рулық қатынастар құрылымындағы ортактық пен айырмашылықты, мәдени өзара байланыстарды, қоғамдық қатынастарды бөліп көрсетуге өрекет жасайды. «Зерттеудің негізгі міндеті... көшпелі қоғамдардың нақты бір принциптерге бағындырылған белгілі бір өлеуметтік және саяси үйімінің қалай, қандай экономикалық және экологиялық аймактарда дамығанын көрсету».<sup>98</sup>

Э. Бэкон мен Л. Крадердің методологиялық көзқарастары туралы айтылғандар оларды 1950–60 жылдарға қарай көшпелі шаруашылық-мәдени үлгінің этноинтеграциялық қызметі туралы идеяға жақын келді деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Ол былай тұрсын, Л. Крадер қазақ халқы мөн көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын басқа да түрік халықтары этногенезінің етene байланысын аздап көмескі болса да түсінген.

Тарих ғылымында дәстүрлі қазақ қоғамының өлеуметтік-экономикалық табиғатын анықтау проблемасында өр түрлі көзқарас орын алған.<sup>99</sup> Батыс зерттеушілері ол патриархаттық сипатта болды, қазақтарда жерге жеке меншік болған жок деп санайды.<sup>100</sup> Дж. Фокс-Холмстың макаласына редакциялық алғысөзде кеңестік тарихшылар «қазақ қоғамының көмескі және бұлыңғыр құрылымының өзін маркстік терминологияның қатаң аясында көрсетуге» тырысты делінген.<sup>101</sup> Ағылшын кеңестанушыларының органы «Ортаазиялық шолуда» жарияланған «Казақстандағы феодализм: маркстік тарихнаманың кейбір қыншылықтары» деген макалада В. Ф. Шахматовтың «Қазақ патриархаттық-феодалдық мемлекеттілігінің негізгі белгілері» деген макаласына оның проблемаға көзқарастарын С. В. Юшков, М. П. Вяткин, Т. М. Құлтелеев, Н. Г. Аполова еңбектерінің тұжырымдарымен салғастыра отырып, егжей-тегжейлі талдау жасалады. Рецензенттің пікірінше, аталған макала кеңестік тарихнаманың маркстік кезеңдерге бөлуді «өркениет деңгейіне және географиялық орналасуына қарамастан» барлық халықтарға колдануға тырысадының сипатты мысалы болып табылады.<sup>102</sup>

Йель университетінің қызметкері Альфред Хадсонның «Қазақтардың әлеуметтік құрылымы», неміс ғалымы Х. Шленгердің «Қазақстанның әлеуметтік құрылымындағы орыстар, өсіреле кеңес заманында болған өзгерістер»<sup>103</sup> деген еңбектері XIX–XX ғасырдың басындағы қазак қоғамының әлеуметтік құрылымын зерттеуге арналған, оларда қазақ қоғамының дәстүрлі институттарымен және олардың ыдырауымен байланысты проблемалардың кең ауқымы қозғалған.

Басқа тарихшылар да 1917 жылға дейінгі қазақ қоғамының патриархаттық, тапсыз сипатын негіздеуге өрекет жасады. Индиана университетінің профессоры В. Рязановски қазактардың дағдылы құқығын зерттеп, қазактардың әлеуметтік қатынастарының негізінде рулық тәртіп жатты, олардың әкімшілік және сот ісін жүргізуі де рулық принциптерге негізделді деген тұжырымға келген. Оның пікірінше, көшпелі қоғам жерге жеке меншікпен, таптармен және тап күресімен сыйыспайды; қазактарда жылжымайтын мүлікке жеке меншік жартылай отырықшы және отырықшы өмір нысандарына көшуге байланысты туындайды.<sup>104</sup> М. Олкотт қазактарда жерді иелену емес, оны пайдалану құқығы ғана орын алды деп жазады.<sup>105</sup>

Сонымен бірге бірқатар еңбектерде дәстүрлі санаттармен (хандар, сұлтандар, билер, төленгіттер, шаруалар және басқалар) катар XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында саудагерлер, жұмысшылар, егінші-жатқартар сиякты жаңа әлеуметтік санаттардың пайда болуы,<sup>106</sup> мұның өзі қөшпелі қоғам мен оның әлеуметтік құрылымының «Мызғымастығы» тұжырымдамасының ғылыми тиянақтылығына күмән туғызғаны атап өтілді.

Маркстік «көшпелі феодализм» тұжырымдамасын жақтаушылар өздерінің назарын мал саны үдайы тез қарқынмен өсуіне, демек, қорлану, экономикалық жағынан автономиялы шағын әлеуметтік ұжымдар ішінде табындарды жеке иемдену мүмкіндігі жөне осыған байланысты іс жүзінде ірі мал иелерінің меншігіне айналған жайылымдарды ұлғайту қажеттігі үнемі арта түскеніне аударады.<sup>107</sup>

Номадтар мен отырықшы егіншілер, көшпелі қоғамдардың әлеуметтік үйімі арасындағы қатынастар дамуының жалпы тарихи зандылықтарын зерттеу саласындағы тарихшылардың ең жаңа жетістіктері 1987 жылғы

қазан айында Алматыда өткен кеңес-француз симпозиумында қорытындыланы. Онда француз ғалымы Ж.-П. Дигар, атап айтқанда, Б. Владимирцовтың монғолдардың «әлеуметтік режимі» бірегей, көшпелі, феодализмге өтпелі жол деп көрсетілетін тұжырымдамасы төнірегінде өрістеген айтысқа назар аударды.<sup>108</sup>

Симпозиум материалдары «екі тарихи-мәдени ареалдың үздіксіз өзара ықпалын, өзара ықпалдар нысандары мен үлгілерінің алуан түрлі екенін»,<sup>109</sup> көшпелі қоғамдарда болған өзгерістердің диалектикалық қара-ма-қайшылығын дәлелдейді.

Номадтық өркениет феноменін зерттеу Қазақстан тарих ғылымының басым жақтарының бірі болып табылады. Бұл орайда Қазақстан тарихын, алайда тек, біржакты көшпелілер тарихы ретінде ғана қарастыруға болмайды, ол көшпелі және отырықшы өркениеттің өзара ықпалының жемісі. «Көшпелілік үғымының өзі де отырықшылыққа көшу нысандары тұрғысында қарау көзделетін жаңаша түсіндіруді керек етеді».<sup>110</sup> Осыған байланысты шетелдік жетекші ғалымдардың әрбір өркениеттің өз құндылығы, формациялық теорияны көшпелі қоғамның өзіндік ерекше саяси және экономикалық жүйелеріне қолдануға болмайтындығы атап көрсетілетін еңбектері ерекше көніл бөлуге лайық.

XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихын шетелдік зерттеушілердің еңбектері өздерінің мазмұны жағынан оның Қазақ даласының Ресейге «қосылуына», патша өкіметінің Орта Азия аймағындағы отарлау саясатына және қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысынан байланысты саяси қырларына бейім тұрады.

Қазақстанның Ресей отарына айналдырылу үрдісінің бастапқы кезеңі туралы Джон Кэстльдің «Құнделігінде» айтылады, ол Кіші жүздегі ішкі саяси жағдайға, Әбілқайыр ханды қолдаған ықпалды сұлтандарға, билер мен батырларға, казақтардың жайық казактарымен, башқұрттармен, еділ қалмақтарымен және Орынбор өкімшілігімен өзара қатынастарына назар аударған.

Шетелдік нарративтік әдебиетте орыс өскерлерінің Орта және Ұлы жүз қазақтарының жерін жаулап алуының, дала өнірінде нығайтылған шептер мен бекіністер салудың негізгі кезеңдері егжей-тегжейлі суреттеген (Ч. Котрель, Дж. Феррье, Ф. Барнаби, Л. Ланье, Ю. Скайлер, Я. Мак-Гахан, Х. Стамм, Й. де Вартенбург және басқалар).<sup>111</sup>

Бұл орайда құнделіктер мен жолжазбалардың көпшілігі суреттелетін оқиғаларды көзімен көрген немесе орыстар мен жергілікті тұрғындардан сұрау арқылы олардың ізін суытпай жазып алған авторлар болып жатқан оқиғаларды қалайда ой елегінен өткізуге, XIX ғасырдағы орыс-қазақ қатынастарының мәніне бойлауға ұмтылған. Ресейдің Қазақстанға басып кіру себептерін олар «I Петр заманынан бастап орыстардың орасан зор шығыстық империя құруға ұмтылысында», «олардың татарлар мен түріктерге дәстүрлі жаулығында», «жартылай жабайы номадтар арасына занғылық пен тәртіп енгізу қажеттігінде»<sup>112</sup> және басқаларда деп білді.

XIX ғасырдағы Ресейдің Орта Азиямен және Қазақстанмен өзара қатынастарының тарихы жөніндегі қорытындылаушы зерттеулердің авторлары – Д. Бульджердің, А. Краусстың, Ф. Скрайнның тұжырымдары тұтас алғанда, олардың пікірінше, XIX ғасырда батыс баспасөзінде өр түрлі нұсқада жарияланған «I Петрдің өсieti» деп аталатын құжатта<sup>113</sup> жазба-

ша түрде ресімделген «орыстардың ежелгі агрессияшылдығы» туралы идеяларға негізделген.

Бірқатар авторлар Кіші жұз қазактарын Ресейден онымен вассалдық қатынастарға келісудің орнына көмек сұрауға мәжбүр еткен айқындаушы фактор ретінде жонғарлардың қауіп төндіруін және Ресейдің оларға башкүрттарды, еділ қалмактары мен жайық казактарын айдан салған саясатын көрсетеді. Бірақ Лион университетінің профессоры Морис Куранның «XVII–XVIII ғасырлардағы Орталық Азия: қалмактардың немесе маньчжурлардың империясы ма?» деген ерекше атап өтуге тұрарлық енбегі мен арнаулы ғылыми ізденістерде де қазактардың жонғарлармен қатынастары, қазак жүздеріндегі саяси жағдай, бір жағынан, Тәуке, Әбілқайыр, Нұралы, Абылай хандардың, екінші жағынан, жонғар контайшылары Цеван-Рабтанның, Әмірсананың қызметімен орайластырылады.<sup>114</sup> Бұл орайда батыс тарихшылары барлық жерде дерлік Әбілқайырдың<sup>115</sup> «айлакер» және «атаққұмар» адам екендігі, яғни патша өкіметінің қазактар жөніндегі саясатының мәнін оның тез арада біліп қойғандығынан, ханға Орынбор өкімшілігі теліген мінездеме сипаттары ерекше атап көрсетіледі.

Қазіргі батыс тарихнамасы XIX ғасырдан белгілі өлеуметтік және саяси дәлелдемелер бар бірқатар идеялар мен тұжырымдарды мұраға алып қалды. Американ тарихшысы Марк Раефф «Сібір және 1822 жылғы реформа» деген кітабында Орта Орданың атақты адамдары (сұлтандар, билер мен батырлар) жөнінде патша өкімшілігінің оларды Ресейге «өз еркімен бодан болуға көндіру үшін едөуір көлемде сатып алу саясатын жүргізгенін көрсетеді.<sup>116</sup>

«Орыс империялық саясатының ұлттар жөніндегі модельдері» деген мақаласында ол Қазақстанды оның халқының «өзіндік ерекшелігіне қастандық жасау» болған жаулап алушылықты өскери-стратегиялық (мемлекеттің онтүстігі мен онтүстік-шығысындағы шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету) және экономикалық (өндеуге арналған бос жер іздестіру) дәлелдермен түсіндіреді.<sup>117</sup> Неміс тарихшысы Отто Гётч Қазақстан мен Орта Азияны «иемденуді» өскери-стратегиялық және одан кемірек дәрежеде, экономикалық қажеттерге байланысты оқиға деп қарастырады. Ресейдің географиялық жағдайының өзі-ақ, – деп жазады автор, – оны «амал жоқтықтан» шығыс бағытына баруға мәжбүр етті.<sup>118</sup> Кингстон каласындағы (Канада) Королева Университетінің тарих ғылымының профессоры Ричард Пирс бірінші қатарға – экономикалық, екінші қатарға өскери-стратегиялық дәлелдерді қояды.<sup>119</sup> Калифорния (Беркли) университетінің профессоры Николас Рязановскидің пікірінше, Орта Азия аумағын Ресейге қосып алудың себептері «орыстардың ұлттық болмысында» жатыр.<sup>120</sup> Э. Саркисянц (ГФР) «1917 жылға дейінгі Ресейдің шығыстағы халықтарының тарихы», «Орыстардың Орта Азияны жаулап алы» деген енбектерінде орыс-қазак қатынастарының тарихын еуразиялық тұжырымдамалар тұрғысынан түсіндіруге ұмтылады. Оның пікірінше, мұсылман көшпелілер мен орыстар ешқашанда нәсілдік ұнатпаушылыққа бөлінген емес. Осы жағдай, сондай-ақ орыстардың Қазақстанды біртіндеп отарлау үрдісі «орыстар мен жергілікті халық арасындағы шыныраудың тарылұна жеткізді, сонымен қатар оларды еуразиялық кеңістіктер халықтарының тағдыры деп аталатынмен байланыстырып, бұл өлкеге орыстардың кіруін женілдетті».<sup>121</sup> Ол Қазақстанның Ресейге қосылуының, казактар-

дың жонғарлармен және еділ қалмактарымен, Орта Азия хандықтарымен, башқұрттармен және жайық казактарымен өзара қатынастарының негізгі кезендерін жаза келіп, орыс-казак қатынастарының ауқымды көрінісін, оның айтуына қарағанда, «орталықтандырылған монархия құруға, казактарды отырықшылықка көшіруге үмтүлған» Абылай ханның саясатын ашып көрсетеді. Нейстегі (ГФР) Дюссельдорф университетінің приватдоценті Франк Гольчевски сауда-саттық саясат және стратегиялық жөйттер «орыс экспансиясында» әрқашанда елеулі рөл атқарып келді деп есептейді және мұны орыстардың Сібірдегі сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Казак даласына «басып кіруі» мысалымен, сондай-ақ Ресейдің «жылы теңіздерге» жол ашуға үмтүлұымен түсіндіреді.<sup>122</sup>

Батыс зерттеушілері, қандай да болсын факторлар мен себептерді (казактарға жонғарлардың қауіп төндіруі, Ресейдің сауда-экономикалық, әскери-саяси мұдделері, орыстардың өзіндік мінез ерекшеліктері, олардың менменшілдігі, онтүстік теңіздерге шығуға үмтүлұсы, қазак хандарының саясаты, жайылымдардың тарылуы және т.б.) көрсетсе де, Казакстан мен Орта Азияны косу жауап алушылық сипатта болды дегенге келіп саяды. Жалпы алғанда, XVIII ғасырдың басына дейін орыс-казак қатынастары азды-көпті бейбіт сипатта болды, олардың арасында сауда, дипломатиялық байланыстар жасалды деп көрсететін авторлар да Қазак даласы бекініс шептермен қоршалып, «бөлшектеліп жауап алынды» деп санайды.<sup>123</sup> Колумбия университетінің (АҚШ) профессоры Э. Олуорд қазактардың Ресей бодандығын қабылдауын «күш көрсету жағдайында мәжбур болып қабылданған әрекет» деп қарастырады. Сондықтан 1731 және 1734 жылдары Әбілқайыр, Сәмеке және олардың ізбасарлары берген анты «олардың бодандары өздері үшін міндетті деп сезінген жок».<sup>124</sup> Қазактардың XIX ғасырдың ортасына дейін жартылай тәуелсіз болғаны, олардың Ресеймен қатынастары вассалдық сипат алғаны және олардың қатер төндірген сыртқы саяси жағдайлар себебінен ғана Ресейдің «қамқорлығында» болғаны атап өтіледі.<sup>125</sup> Тек кейіннен, «әскери, бейбіт құралдардың үштасуы» салдарынан ғана «вассалдық қатынастар жойылды».<sup>126</sup>

Кейінгі уақытта батыс тарихнамасында Кіші жүз қазактарының Ресей бодандығын қабылдауы үрдісіндегі казактардың рөлі мен жонғар-қалмақ факторына назар аударылуда. Егер 1970 жылдардың басына дейін бұл проблемалар Р. Пирс пен Г. Ланцевтің бірлескен еңбегінде ғана қозғалса,<sup>127</sup> 10–15 жыл өткен соң Чарльз Риесстің, Михаил Ходарковскийдің – қалмактар және орыс-қалмақ қатынастары туралы,<sup>128</sup> Э. Соколдың – еділ және жайық казактары туралы, Э. Ситон мен Х. Макнилдің патша өкіметінің Шығыстағы, соның ішінде қазак даласындағы отарлау саясатының да каруы ретіндегі казактар туралы зерттеулері жарияланды.<sup>129</sup>

I Петрдің Азия елдеріне «қақпаны аштын кілт» ретінде Қазак даласын «иелену» жөніндегі жоспарын іске асырудың бастанкы кезенін Э. Донелли, Д. Коллинз, Д. Б. Ярошевски, А. Вуд және басқа тарихшылар Ресейдің Башқұртстан мен Сібірді жауап алуымен байланыстырады.<sup>130</sup>

Ағылшын тарихшысы Алэн Боджер 1980 жылды «The Slavonic and East European Review»-де жарияланған «Қазактардың Кіші ордасының ханы Әбілқайыр және оның 1731 жылғы қазанда Ресейге адалдыққа берген анты» деген макаласында көп ауқымдағы деректемелер мен өдебиетке сүйене отырып, проблемаға өз көзқарасын айтуға тырысады.

Кіші жұз қазактары бодандығының сипатын А. Боджер Ресей қамкорлығында болуға келісе отырып, олар қажет болған кезде орыс шекарасын қорғауға; Орта Азияға баратын орыс сауда керуендеріне көмек көрсетуге және қорғауға уәде берді деп анықтайды. Алайда «қазактар үшін, – деп жазады ол, – ант түгелдей формальды сипатта болды, қолайлы кезде бір жакты тәртіппен бас тартуға болатын, өз еркімен қабылданған ерікті қамкоршы мәртебесін білдірді. Қазактар Ресей егемендігін қабылдаудың есесіне өздерінің сыртқы жауларына қарсы құресте одан колдау табу, орыс шекарасын бойлай жатқан жайылымдарды пайдалануда артықшылықтар мен мүмкіндіктер алу үмітінде болды. Патша өкіметі қазактардың өтінішіне аса мән бергені сондай, оларды өз еркімен Ресей бодандары қатарына қабылдауды».<sup>131</sup> Орыс және кенес тарихнамасында, – деп пайымдайды автор, – осы оқиғаның сипаты мен қазақ халқының тарихындағы рөлі жөнінде қарамақайшы көзқарастар бар. Патшалық Ресей тарихшыларының басым көвшілігі қазактар шынында да өз көршілерінің қысымы өсеп түскенімен, Әбілқайыр мен Сәмеке сияқты көшбасшыларының принципті дәлелдері ең алдымен олардың билік жолындағы ішкі құресіне байланысты деген пікір ұстанды. «Олар (орыс тарихшылары. – Ред.) мінез-құлқы жағынан Әбілқайырдың өз уәдесін орындауға күші де, ниеті де жоқ ку, айлакер адам болғанына, оның ант беруі «шығыстық айла-шарғы» екеніне, ал патша үкіметінің онымен одакты қазактарға ықпал ету үшін пайдалану саясатының босқа кеткеніне көз жеткізді»,<sup>132</sup> – деп жазады А. Боджер. С. Асфендияров пен В. Лебедевтің еңбектеріне сілтеме жасай отырып, ол кенес тарихшыларының да Әбілқайыр мен қазақ феодалдары билік басындағыларының Ресеймен одак жасауға барғанда тек өз пайдаларын, қазақ еңбеккеріне өз билігін нығайту жолдарын іздестірді деп санағандығын көрсетеді.<sup>133</sup>

Бұдан өрі А. Боджер тарихнама дамуының негізгі кезеңдерін, оның проблемаларын, атап айтқанда, Қазақстан тарихына қатысты «ең аз зұлымдық» дейтін теорияның пайдаланылуын баяндайды. Осы формуланы пайдалана отырып, – деп жазады ол, – кенес ғалымы М. П. Вяткин XVII ғасырдың басында қазактардың еңбекші бұқара үшін азапты да ауыр болғанымен, оларға Жонғарияға бағынудан гөрі неғұрлым перспективалы орыс бодандығын тандаудың қын жағдайында тұрды деп пайымдады.<sup>134</sup> А. Боджер бұл тұжырымның көпке шыдамағанын көрсеткенімен, өз сынының өткір жүзін нақ М. П. Вяткиннің тезисін теріске шығаруға бағыттайды. А. Боджер былай деп жазады: «Қазақ жүздерінің билігі Жәнібек ханның (1460–1480) мұрагерлерінің колында болды; Ұлы орда мен Орта орданы – үлкен ұлы Жәдіктің (Dzadiq) ұрпактары, Кіші орданы Жәнібектің кіші ұлы Өзектің (Osek) ұрпактары биледі... Әбілқайыр қазақ хандарының генеалогиялық жас жағынан кіші тармағынан шықкан, бұл оның үстем болуына мүмкіндік бермеді. Алайда жеке басының касиеттері мен ықпалды феодалдық топтардың қолдауы шешуші фактор болды. Жонғарларға қарсы құресте Әбілқайыр өзінің осындай артықшылықтары бар екенін көрсетті. Ол Кіші жүздің аса мықты қол бастаушылары Бөкенбай батырмен, Есет батырмен және Жәнібек батырмен одак жасасты».<sup>135</sup>

Әбілқайырдың тарихи аренага шығуына жәрдемдескен, Боджер атаған мән-жайлар өмір шындығына қайшы келмейді. Ресей Сыртқы істер алқасының тілмашы А. И. Тевкелев Әбілқайыр туралы былай дейді: ол «сол орданың (Кіші жүздің. – Ред.) ең үлкен билігін өз бабаларының

иеленгеніндегі алмағанымен, олардың өзіне құлақ аспайтынына ашуланып, Ұ. М. И.-дың (Ұлы Мәртебелі Императордың. – Ред.) қамқорлық жасауын өтінді, сол арқылы қырғыз-қайсақ ордасында жалғыз өзін хан етіп, өзі арқылы өз тегінің мұрагерлерін сол хандықта орнықтыру ниетін көздеді».<sup>136</sup>

Әбілқайырдың Ресей көмегіне сүйеніп, жонғарларды женуге ұмтылуы, деп санайды Боджер, 1731 жылғы ант беруге өкеп соққан шешуші фактор болған жоқ. Ол өз тезисін 1731 жылға қарай қазақтар үшін жонғарлардың қауіп төндірмегенімен және Қазақстанның Ресейге қосылуына оның бірінші себеп бола алмағанымен растауға тырысады. Қазақтардың Әбілқайыр бастаған біріккен күштері, – деп көрсетеді Боджер, – 1730 жылы Аңырақайда күшті жеңіске жетті.<sup>137</sup> Бірақ одан кейін не болғаны белгісіз. 1730 жылдың шілдесінде Әбілқайыр орыс шекарасына жақындалап барып, «Ресей бодандығына қабылдауды ресми өтініп», Санкт-Петербургке елшілік жіберді. Жонғарларды жапыра жеңгеннен кейін оны осындай қадам жасауға итермелеген не? А. Боджер өзінің сұрағына былай деп жауап қайтарады: «Әбілқайыр мен Жәдік үрпактарының билік басындағылары арасындағы өзара араздықтың қайта тұтанып, оның қазақтардың жіктелуіне өкеп соғуы ең дұрыс түсіндіру болуы мүмкін. Әбілқайыр шайқаста шыққан даңқы мен ықпалды Бөкенбай, Есет және Жәнібек батырлар қолдауының өзі де даусыз билікке жету, қазақтың ұлы ханы болу және Сыр өнірі қалаларын қайтарып алу үшін жеткіліксіз екенін ұғынған болуы ықтимал. Сондыктан ол өз жоспарларын сырт жердің, Ресейдің көмегімен ғана жүзеге асыра аламын деп санаған».<sup>138</sup> Әбілқайырдың бұл ой-пікірі қазақтар үшін ендігі жерде жонғарлар емес, қайта Ресей бодандары – башқұрттардың, еділ қалмақтарының, жайық және сібір казактарының басты қауіп төндіруімен де шындыққа саятын.<sup>139</sup> Автордың Қазақстанның Ресейге қосылу проблемасына шетелдік тарихнама бағалауына белгілі бір жаңалық енгізген тұжырымдары нақ осы дәлелдерге негізделген.

«Фактілер қазак халқының Ресей бодандығын қалағаны туралы жорамалдарды растамайды, – деп жазады Боджер. – Әбілқайыр ең алдымен өзінің саяси өзімшілдігін басшылыққа алған... және оның көксегенің бір сөзben: орыстармен бірігуді («imcorporation») емес, орыстардан көмек алу деп көрсетуге болады».<sup>140</sup>

Казақстанның Ресейге өз еркімен қосылуы және оның прогрессіл сипаты туралы кеңестік тарихшылардың тұжырымдарын Дж. Уилер, А. Беннигсен, Л. Тиллет, С. Блэк, К. Штеппа, А. Каппелер және басқалар қатты сынға алды.<sup>141</sup> А. Беннигсен 50-жылдарда «Ислам шолуында» жарияланған мақаласында былай деп жазады: «Орыстардың Кавказ және Орта Азия аумағын басып алуы тарихын ресми түсіндіру Кеңестердің осы аймактың мұсылман халықтары жөніндегі саясатының ауытқуын өлшейтін ең жақсы барометр болып табылады».<sup>142</sup> «Патшалық Ресейдің Орта Азия мен Кавказды жаулап алуын түсіндіру: «абсолютті зұлымдық» теориясынан «абсолютті қайырымдылық» теориясына дейін» деген мақалада проблеманың кеңестік тарихнамасының негізгі кезеңдері көрсетіледі.

Константин Штеппаның «Орыс тарихын қайта жазу: Ресейдің өткен заманын кеңестік түсіндіру» деген жинақтағы еңбегі» «ең аз зұлымдық» формуласының мазмұнын қарастыруға арналған. Жинақты «Шығыс еуропалық қор» қаржыландыратын американдық «КСРО жөніндегі зерттеу

бағдарламасы» үйімі шығарған. Жинақтың бірінші басылымы да (1957 ж.), екінші басылымы да (1962 ж.) Принстон университетінің тарих ғылыминың профессоры С. Блэктиң редакциясымен шықты. «Ең аз зұлымдық» формуласының бұдан кейінгі эволюциясы, — автордың пікірінше, — «зұлымдықтың» тек қана патша өкіметіне қолданылуына және мәселе орыс халқына қатысты болған кезде ауызға сирек алынуына өкеп соқты». <sup>143</sup>

Американдық Орта Азия танушы М. Ривкин сайып келгенде кеңестік тарихнамада «абсолютті қайырымдылық» салтанат құрды деп пайымдайды. Оған сәйкес Қазақстан тарихы қазақ ғалымдары да кол қоюға тиіс болған мынадай төрт формулаға сыйғызылған: 1) Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ халқының ең әйгілі және көреген өкілдері XVI ғасырдан бастап көздеген мақсат болды. 2) Ресеймен бірігу қазақтарды Шығыстың варварлық мемлекеттерінің құлдыққа салуына жол бермеді және оларды барлық азиялық көршілерімен салыстырғанда неғұрлым өркениетті елмен жақындастырыды. 3) Қазақстанды Ресейдің аннексиялауы оның жерін Қытай, Ресей және Коқан арасында бөлуді тыбып, экономиканың прогрессіл нысандарына жол ашты. 4) Қазақтарда бүкіл тарихы бойында өзінің ұлттық мемлекеттігі болған жоқ, Қазақ КСР-ін құрып, кеңестік режим ғана осындай мүмкіндік берді. <sup>144</sup>

Қазақстанның Ресейге қосылуының «прогрессілдік» салдары дейтін пікірсайыс патша өкіметінің отарлау саясатына баға берумен тығыз байланысты, ол жөнінде батыстың тарихнамасында XIX ғасырдың өзінде-ак қарама-карсы екі көзқарас болған. Г. Роулинсон, Г. Кэрзон, Д. Бульджер, А. Краусс өз еңбектерінде Орта Азия мен Қазақстандағы орыс шенеуніктері мінез-құлқының «маскүнемдік, құдікшілдік, өр көкіректік» сияқты белгілерін атап өткен. Олар сол аймақта өзінің отаршылдық үстемдігін мәңгілік ету үшін, оның халқының «өл-ауқатын жақсартуға ешнәрсе іstemей», бағындырылған халықты жалмап қою патша өкіметінің ресми саясатының түпкі мақсаты деп санады. <sup>145</sup>

Бірсыныра қындықпен орыстар да жатқызылған еуропалықтардың «өркениеттілік миссиясы» тұжырымдамасын жақтаушылар Қазақстанның Ресейге қосылуының шаруашылық пен сауданы дамыту, «тәртіп пен заңдылық енгізу» үшін «ізгілікті» және «пайдалы» болғаны туралы жазды. <sup>146</sup>

Отаршылдық идеологиясының негізі болған «ак адам көтеретін ауыртпалық» туралы теорияны жақтаушыларға француз ғалымы Э. Бланның XIX ғасырдың аяғында басылып шықкан «Орталық Азия бойынша жолаушы күнделігінде» айтқан пайымдаулары тән. «Бүкіл еуропалық ұлттар отаршылдық экспансия барысында дүние жүзін бөлісүмен айналысып жатқан кезде, — деп көрсетеді ол, — осы драманың ең қызықты актілерінің бірі Орта Азияда өтіп жатты, онда Ресей сол кездің өзінде-ак 30 жылға созылған өрекеттерінің театрын өрістетуде еді. Онда орын алған оқиғалардың ауқымы жағынан да, географиялық қамтуы жағынан да адамзаттың одан өрі дамуы үшін және дүние жүзінің түрлі түкпірлерінде сонымен бір мезгілде Англия, Франция және басқа державалар шешіп жатқан міндет үшін зор маңызы болды». <sup>147</sup> Сөйтіп Блан өзінің осы айқындауының логикалық қисындылығына сәйкес Орта Азия мен Қазақстан халықтарын тарих субъектісі болудан айырады.

Неміс тарихшысы Ф. фон Шварц өзінің «Түркістан» деген кітабын: «Түркістанның экономикалық болашағы жоқ және сөзсіз құрыптынады»

деген мәлімдемемен бітірген.<sup>148</sup> Бұдан «болмай қоймайтын апатқа» өлкені Еуропаға қосу арқылы ғана жол бермеуге болады деген пікір туады.

Түркістанның өткені, қазіргісі және болашағы туралы қозғалған мәселелердің маңыздылығына қарамастан, – деп жазды В. В. Бартольд Шварцтың кітабына рецензиясында, – «автордың қандай да бір дәлелі туралы оның тақырыпты шындалп зерттеу нәтижесі деуге бола қоймас».<sup>149</sup>

Германиядағы «жаңа тарихи мектептің» өкілдері М. Фредериксен, О. Гётч, Р. Юнге патша өкіметінің аймактағы отарлау саясатының келенсіз және он қырларына салиқалы баға берді.<sup>150</sup>

Генералдар Кауфман мен Черняев арқылы отаршылдық өкімшілік қызметіне американ дипломаты Ю. Скайлер алғашқылардың бірі болып сынни талдау жасады, мұның өзі қазіргі американ тарихшылары Д. Маккензи<sup>151</sup> мен Ф. Сискоудың<sup>152</sup> арасында «Славян шолуы» журналының беттеріндегі ғылыми пікірсайыска себеп болды.

Бұдан кейін Маккензи, сол пікірсайысты жалғастырған сияқты болып, бірқатар макалалар жариялады («Ташкент арыстаны. Генерал М. Г. Черняевтың мансабы», «Түркістанның Ресей үшін маңызы, 1856—1917 жылдар», «Түркістанды жаулап алу және басқару»), оларда патша өкіметі отарлау саясатының Кауфман, Черняев және басқалар тәрізді жол салушыларының әрекетін қайсыбір дәрежеде актауға әрекет жасады.

Кеңес өкіметі саясатының бастауларын іздестіру американ тарихшыларын XIX ғасырдағы Түркістан мен Дала өлкесіндегі орыс отарлау саясатының негізгі бағыттарын, нысандары мен әдістерін зерттеуге арналған бірқатар корытуши енбектер жасауға итермеледі. Оларға американдық белгілі ортаазиятанушылар Л. Тиллет, С. Беккер, М. Ривкин, Э. Олуорд, француз профессоры Э. Каррен д'Анкос және басқалар қатысты.<sup>153</sup>

Лондон университетінің профессоры Д. Уильямстың, Париж (Сорбонна) университетінің профессоры С. Бенсиунның енбектерінде патша өкіметінің Түркістан мен Қазақ даласындағы отаршылдық-өкімшілік шараларының жекелеген жақтары: сот және жер реформалары, фискальдық саясат, өкімшілік өзгерістер және т.б. көрініс тапқан.<sup>154</sup>

Американ тарихшысы Ф. Каземзаде Р. Пирстің «Орыстық Орта Азия, 1867—1917: Отаршылдық басқаруды зерттеу» деген кітабына рецензия жаза келіп, оның проблеманы зерттеу тәсілін отаршылдықты «оның барлық он және теріс сипаттарымен қоса» зерттейтін көптеген ғалымдарға тән әдіс деп сипаттады.<sup>155</sup>

1950—60 жылдарда шетелдік тарихнамада орнықкан жанғырту тұжырымдамасы тарихшылардың 1917 жылға дейін аймактың әлеуметтік-экономикалық дамуын кешенді түрде және неғұрлым терендете зерттеуіне мүмкіндік берді. Жаңа теорияның «тартымдылығы» мынада болатын: ол тарихқа формальді көзқарасты теріске шығарды және Кеңестердің ұлт саясатының «тарихи табыстары» туралы насихаттық идеяларға тікелей қарсы бағытталды. «Бұл табыстардың көбі кеңестік катан тәртіпсіз де орын алуына болатын еді, – деп жазады Р. Пирс. – Егер 1917 жылы Орта Азия тәуелсіз мемлекет немесе тіпті мандатты аумақ болса да, ортаазиялықтар нак сол мерзімде дамудың нак сол деңгейін қамтамасыз етер еді. Қазіргі үздіксіз дамып келе жаткан дүние үшін прогресс қандай да бір жүйенің монополиясы емес».<sup>156</sup>

Казіргі зерттеушілердің негізгі тұжырымы бүгінгі экономикалық жетістіктердің іргетасы патша өкіметі кезінде-ақ қаланған; бірақ оның білім беру саласы мен жер мәселесіндегі саясаты жергілікті халықты этникалық жағынан сіңіріп алу жөне оны орыстандыру мақсатын көздеді деген пайымдауға келіп саяды.

Дж. Демко, С. Зенковски, нақ өлгі Д. Уильямс, Р. Пирс қазактар үшін патша өкіметінің қоныстандыру саясатының ең ауыр зардаптары болғанын, шын мәнінде олардың тарихындағы көптеген қасіретті беттерді бастап бергенін мойындаиды.<sup>157</sup>

Патша өкіметі отарлау саясатының «қайырымдылық ықпалына» қазактар толып жатқан бой көрсетулермен жауап қайтарып, олар XVIII ғасырдың соңғы ширегінен тұра 1917 жылға дейін жалғасты.

1960 жылы «Ортаазия шолуы» беттерінде «Қазактар жөне Пугачевтің көтерілісі» деген мақала жарияланды, бірқатар еңбектерде Сырым Датов (1783–1797), Е. Көтібаров пен Ж. Нұрмұхамедов (XIX ғасырдың 50-жылдарында), И. Тайманов пен М. Өтемісов (1836–1838) бастаған көтерілістер туралы айтылды.<sup>158</sup> Э. Саркисянц «қазактардың отаршылдыққа қарсы бой көрсетулері үздіксіз болғанын» атап өтеді. Солардың ішінен ол Кенесары қозғалысын ерекше бөліп көрсетеді. «Кенесары қазактың барлық үш жүзінде бұкаралық қозғалыс үйімдастырып, ол 1837–1847 жылдарда казактардың өз жеріне орыстардың басып кіруіне қарсы орасан зор көтеріліске ұласты. Ол тіпті ұлттық шенберден де шығып кетті».<sup>159</sup> 1916 жылғы көтеріліс шетелдік тарихшылардың назарын бәрінен де көп аударды. М. Э. Чаплика 1918 жылы Оксфордта жарияланған «Орта Азия түріктері» деген кітабында былай деп жазған: «Самарқан облысындағы Жызакта жөне Жетісуда мейлінше кескілескен қактығыстар болды. Соның салдарынан жергілікті өкімшілік байырғы халықтың барлық жері мен мұлкін тәркіледі, әскер жасындағы барлық еркектер мобилизацияланып, ал қалған тұрғындар (20 мындей), негізінен әйелдерді аштан қыру үшін шөл далаға айдады».<sup>160</sup> Казіргі тарихшылар Р. Пирс, Дж. Уилер, Л. Крадер, А. Спектор, С. Зенковски еңбектерінде көтеріліс тарихы тарихнамадағы белгілі «исламның – христиан дініне қарсы», «орманның – далаға қарсы», «қөшпелілердің отырықшылыққа қарсы құресі» тұжырымдамасы тұрғысынан баяндалған.<sup>161</sup> Американ тарихшысы Эдвард Деннис Соколдың «Орыстың Орта Азиядағы 1916 жылғы көтеріліс» деген еңбегі шетелдік тарихнамада елеулі құбылыс болды. Автордың пікірінше, «әр түрлі екі мәдениет, қөшпелі жөне отырықшы халық тоғысуының сәтсіздікке ұшырағанын көтеріліс айнадағыдай көрсетті... ол қөшпелі қоғамның өз бостаңдығына жөне тіршілік етуінің өзіне қол сұқкан отырықшы халықтың басып кіруіне қайтарған қарымтасы болды. Бұл қыр көрсетуге әрқайсысы өзінше, өздерінің дәстүрлері мен тарихына сәйкес жауап қайтарды».<sup>162</sup> Э. Сокол экономикалық факторларға «бірінші дәрежелі мән» беріп, көтерілістің тікелей себептері «орыс қоныс аударушыларының қөшпелілер жеріне үдайы басып кіруі» деп біледі.<sup>163</sup> Еңбекке жазған рецензиясында А. Парк былай деп атап өткен: «дәстүрлі деректемелерді пайдалану зерттеуді терендете түсіп, ...ол кезде Орта Азия халықтарының орыс үстемдігіне қарсы тұрудың жалпы принциптерін өзірлеуге де, орыстарға қарсы пифылды жұмылдыра алатын көшбасшы шығаруға да шамасы болмағаны неліктен екеніне автордың берген бағасына иланымдылық берер еді».<sup>164</sup>

Шетелдік ғалымдардың зерттеулері халықтың ұлт-азаттық қүресіне марксист тарихшылардың таптық көзқарасының келешегі жоқ екенін көрсетеді, атап айтқанда, мұны қоныс аударушылардың патшалық жа-залауши өскерлермен бірге қазақ көтерілісшілеріне, сондай-ақ 1917 жылы өз жеріне қайтып оралған босқындарға қарсы шыққаны дәлелдейді.<sup>165</sup>

Неміс тарихшысы А. Каппелер 1916 жылғы көтерілістің негізгі себебі патша өкіметінің отаршылдық үстемдігі, оның Қазақстандағы жер мәселесінде түгелімен славян қоныстанушыларының мұдделерін көздеп жүргізілген саясаты деп санайды. Каппелердің есептеулері бойынша, көтеріліс барысында 100 мыңдан астам қазақтар мен қырғыздар қаза тауып, көптеген адамдар Шығыс Түркістанға эмиграцияға кетуге мәжбүр болған.<sup>166</sup>

Кеңестік тарихнама «феодалдық-монархиялық» деп айдар таққандарды қоса алғанда, қазақтардың барлық бой көрсетулері, – деп атап көрсетеді М. Олкотт, – отаршылдыққа қарсы, ұлт-азаттық сипатта болды. Бірақ 1916 жылғы көтеріліс қазақтарды тайпалық және діни көсемдердің отаршылдық езгіден азат ете алмайтынына олардың көзін жеткізді. Сондыктан Олкотт ойлағандай, олардың көбі сол кезде-ақ жалынды көсемсөзшілер мен ақындардан тұратын және Петроградта халық мұдделерін қорғай алатын жаңа қазақ көшбасшыларының туы астына тұруға дайын еді.<sup>167</sup>

Бертінгі кезге дейін қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетін зерттеу арнаулы зерттеуге нысана болған жоқ. Алайда XVIII–XX ғасырдың басындағы наративтік өдебиетте қазақтардың музикалық және поэтикалық жағынан дарындылығы туралы көптеген пікірлер, халықтың ауызша шығармашылығының жекелеген үлгілері, сурып салма ақындар туралы үзінді түріндегі мәліметтер, сөulet ескерткіштерінің (Ахмет Йасауи, Айша бибі, Қарахан және басқалар кесенелерінің) суреттемелері бар.<sup>168</sup> Р. Карутц Маңғыстаудағы халықтық өрнектердің стильдік ерекшеліктері мен құрылымын зерттеуге көніл бөлді, «кошқар мүйіз», «түйе табан»<sup>169</sup> және т.б. сияқты ою-өрнек үлгілерінің таралғандығы көрсетілді. Шаруашылық-тұрмыстық мақсаттағы заттардың шағын нысандарының тұрмысқа ыңғайлылығы туралы айта келіп, саяхатшылар киіз үй құрылымының онтайлылығын және көшпелілердің оны құрастыратын элементтер тандаған кездегі көркемдік талғамы жоғары екенін атап көрсеткен. «Шатырдың көшпелілер өміріне бейімделуі міндеттерін іс жүзінде шешу мағынасында... киіз үйдің құрылымы, – деп жазады Карутц, – нағыз өнер туындысы болып табылады».<sup>170</sup>

Зерттеушілер қазақ халқының дәстүрлі мәдениетімен қатар, орыс мәдениеті мен білімінің қазақ қоғамына ықпалы туралы мәселеге бірсыныра дең қойған.<sup>171</sup> Э. Каррен д'Анкос 1867–1917 жылдардағы Түркістандағы мектеп ісіне арнайы талдау жасап, патша өкіметі саясатының он қорытындылары мен негізгі бағыттарын атап өткен.<sup>172</sup>

Жан Соссе, Стэфен Бланк және басқа авторлар XIX–XX ғасырдың басында Қазақстанда мектепте білім беру ісі таралуының ауқымын нақты зерттеу негізінде патша өкіметінің бұл саладағы саясаты сайып келгенде қазақтарды олардың сана-сезімін тумай жатып тұншықтыру жолымен орыстандыру мақсатын көздеді деген тұжырымға келген. Бұл орайда оларды орыс халқымен этникалық және мәдени сіңістіру үрдісінде орыстың

православиелік шіркеуі мен Н. Ильминскийдің мектеп жүйесіне маңызды рөл берілген.<sup>173</sup> Патшалық Ресейде шығыс халықтарына білім беру жүйесінің (Ильминский жүйесінің) проблемалары бойынша Колумбия университетінде докторлық диссертация қорғаған Изабель Крайндер оның ҮІ. Алтынсариннің шығармашылығына ықпалы, сондай-ақ патша өкіметінің көксеген мақсатына қарамастан, қазақтарды ұлттық оятуға әсер еткенін атап өтеді.<sup>174</sup>

Қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің қалыптасу проблемасын «батыс-қа бой ұру» және «жанғырту» тұжырымдамасы түрғысынан көрсете келіп, Э. Каррен д'Анкостың, Э. Бэконның, Р. Пирстің бұл үрдістің бастауында қазақтың аса көрнекті ағартушылары Ш. Уәлиханов пен А. Құнанбаев тұрды деп санауды орынды.<sup>175</sup>

Еуропада Ш. Уәлихановтың шығармашылығы туралы алғашқы жарияланымдар XIX ғасырдың 60-жылдарында пайда болды. Немістің 1862 жылғы «Ресей туралы ғылыми білімдер мұрағатында» ағылшын тарихшылары Д. және Р. Митчеллдердің, Ф. Тренчтің, Г. Лансделлдің, Г. Роулинсонның 1860–70 жылдарда жарияланған енбектерінде оның Қашғарияға саяхаты туралы хабарланған. Францияда ғалымның ғылыми мұрасының маңызы туралы көрнекті ғалым өрі саяхатшылар Э. Жонво, Э. Реклю, Шарль-Эжен де Уйфальви, Д. де Рэн және басқалар шығармаларында айтылды.

Қазақтың ұлы ақыны және ойшылы А. Құнанбаев есімін батыс дүниесіне американ көсемсөзшісі және саяхатшысы Джордж Кеннан тұңғыш рет таныстырды, ол өзінің 1885–86 жылдарда Ресей өніріне жасаған сапарында Омбыда, Семейде және басқа қалаларда болған еді.

Батыстың қазіргі тарихнамасында Ш. Уәлиханов пен А. Құнанбаевтың шығармашылық мұрасының маңызы қарастырылатын бірқатар арнаулы зерттеулер бар.<sup>176</sup>

Мезгілсіз қайтыс болуына қарамастан, – деп жазады С. Зенковски, – Ш. Уәлихановтың енбектері мен оның философиялық көзқарастары қазақ зиялыштарының отаршылдыққа қарсы көзқарастарының қалыптасуына зор ықпал етті; оның ағарту, тендік және әділеттілік қажет екеніне, оған кол жеткізу жолындағы сенімін қазақтардың одан кейінгі ұрпақтары, соның ішінде «дала ақыны Абай мен педагог Алтынсарин» бөлісті. Американ профессорының пікірінше, Абай қазақтар үшін мектепте білім беруге іргетас ана тілінде оқыту болуға тиіс деп санаған.<sup>177</sup>

М. Олкотт былай деп көрсетеді: Ш. Уәлиханов пен ҮІ. Алтынсаринге қарағанда, А. Құнанбаев орыстардың Қазақстандағы отаршылдық үстемдігіне неғұрлым сыншыл көзқараста болған.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында қазақ өдеби тілі мен халықтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру үрдісінде, – деп атап көрсетеді ол, – қазақ зиялыштарының жаңа ұрпағы пайда болып, ол қазақтар жағдайының шарасыздық себептерін түсініп қана қоймай, сонымен қатар оны өзгертуге ұмтылды.<sup>178</sup>

Өз халқын ояту жөнінде қазақ ағартушыларының алдыңғы ұрпағы бастаған істі А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бекейханов, Х. Досмұхамедов және басқалар жалғастырды, А. Бенигсеннің, Ш. Лемерсье-Келькеженің, М. Олкоттың айтудынша, олардың қоғамдық-саяси көзқарастарының негізінде «қазақтық» («The Kasakhnness») принципіне бетбұру жатты.<sup>179</sup>

### **3. XVIII–XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТАРИХ ХАҚЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ**

XVIII–XX ғасырдың бас кезі кезеңіндегі қазақтар тарихы жөнінде тарихи деректемелердің ауқымы кең, оларда Қазақстанның және онымен көрші мемлекеттердің аумағында болған тарихи оқиғалар мен фактілерді көрсететін ақпарат бар.

Бұл деректемелер өзінің түрі мен мазмұны жағынан алуан сипатта. Олар жазбаша, ауызша және заттай тарих деректемелері түрінде болып келеді. Жазбаша және заттай деректемелердің көлшілік бөлігі зерттеушілердің назарын аударып, ғылыми айналымға енгізілді.

Қазақтардың жаңа тарихының кезеңі Ресей мен Батыс Еуропа, Шығыс Қытай және мұсылман деректемелерімен қатар дәстүрлі қазақ деректемелері – шежіренің өзінде баяндалған. Қазақ шежірелерінің материалдары деректеметанушылық талдау жасаған кезде құнды тарихи мәліметтер болып табылады. Алайда қазақ шежірелеріне ұзак уақыт бойы тиісінше ғылыми-зерттеушілік көңіл бөлінбей, тарих ғылымының деректемелік ізденістері шеңберінен тыс қалып келді, өйткені бел алып тұрған тоталитарлық жүйе мен идеологиялық цензура ұлттық тарихи деректемелерді пайдалануға тыйым салды. Кеңестік тарихнама мен деректеметанудың қазақтардың тарихи деректемелері ұмыт қалдырылған кездегі кемшілігі де осыдан шығады. Тарихшылар үшін деректемелердің бұл санатын ғылыми проблемалар шеңберіне енгізу қауіпсіз де болған жок, өйткені ғалымдарды (мысалы, Е. Бекмахановты, Ә. Марғұланды) тікелей қудалау жәйіттері де болды, олар кейінгі тарихшыларды қазақтардың тарихи деректемелерін ғылыми талдау мен зерттеу проблемасын орағытып өтуге мәжбүр етті.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы қазақ жазба шежіресі дәстүрінің қалыптасу уақыты болды. Қазақтардың ауызекі шежіресінің жазбаша-библиографиялық нысанға көшуі Мәшіүр Жұсіп Көпеев, Шәкерім Құдайбердиев, Нұржан Наушабаев, Құрбанғали Халид, Мұхамеджан Тынышбаев, Әлихан Бекейханов сияқты ғалымдардың ыждағатты шығармашылық қызметі арқасында жүзеге асты.

Бұл адамдардың ауызша деректі жазбаша түрде көрсетуге ұмтылысын ұзак уақыт бойы атадан-балаға беріліп келген қазақ шежіресінің ғылыми маңызы зор екендігімен түсіндіруге болатын сияқты. Мұхамеджан Тынышбаев былай деп жазады: «...қазақ халқының өрбір жекелеген руының генеалогиясын алдын ала зерттемейінше, сондай-ақ оның кімдермен және қандай уақытта тоқайласқанын анықтамайынша, қазақ халқының тарихи тағдырының жалпы көрінісін көзге елестету мүмкін емес».<sup>180</sup> Тарихшы Құрбанғали Халидте қазақ халқы тарихын зерттеудің маңызы жөнінде былай делінген: «...Орта Азия мен Шығыс Түркістанда болған оқиғалар желісін бітірген соң, қазақ ахуалы мен хандары туралы жазуға кірістім. Бұл халықтың тарихы жалпы ауызда бар. Алайда жекеленген жазба тарихтары мен естеліктері болмағандықтан, өркім өр түрлі пікір айтып, біреулер жаман ниет-арам оймен, енді біреулері тек мұқатуды максат еткен. Кезіндегі бағзылар тарихты анығырақ түсініктеме беруге білімдері жете тұра, оған мән бермеген. Нәтижесінде мағынасы анық ел тарихы ба-

яндалмады. Осындай себептермен, мен бар күш-қайратымды жұмсап, жи-  
рыма жылдан астам уақыт бұл тарихқа қатысты акпарлар мен жазба  
деректерді жинап, жалпы жиналған мәліметтердің қаймағын қалқып алып  
осы кітапты жаздым».<sup>181</sup> Өз еңбегін сипаттай келіп, Құрбанғали Халид  
тарихтың баяндалып отырған оқиғаларға объективті және дұрыс баға бе-  
руге адалдық қажет екенін үнемі атап көрсетеді. Шәкерім Құдайбердиев  
те шамамен нақ осы принциптерді басшылыққа алған, ол былай деп жаза-  
ды: «Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері  
сол туралы естіген, білгенімді жазып алып және өр түрлі жұрттың шежіре  
кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: «Тәбіри»,  
«Тарих ғумуми», «Тарих антшар аласлам», Нәжиб Ғасымбектің «Түрік та-  
рихы», Әбілғазы Баһадүр ханның жазған «Шежіре түрік» және өр түрлі  
кітаптардан алынған сөздер, орысша кітаптан оқығаным: Радловтың үйғыр  
туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі өр түрлі жұрттың  
шежірлерінен орысшаға көшірген сөздері, оның ішінде түріктің ең ескі  
замандағы шежіре кітаптары «Құдатқу білік», «Кошочидам» деген  
кітаптардың сөздері және қытайдың Юань-Шаумин деген жазушысының  
сөзі және араб-парсы, рум-еуропа жазушыларының сөзі және қазақтың  
жаңылыс айтқан өтірік аталары – бәрі сол кітапта бар.

Ол кітаптардағы сөздерді түгел жаза алмасам да, керектісін теріп алып, соған тура келген қазактың ескі сөздерін косып, бір шежіре жазамын. Ескіден қалған тиянақсыз ертегі сықылды ауыз сөз болмаса, мұнан бұрын біздің казақ тілімен шежіре жазылған жоқ». <sup>182</sup>

Мәшһүр Жұсіп Көпеевтің тарихнамалық мұрасы жазбаша қазақ шежіресіндегі дәстүрлі бағыт болып табылады, онда батыс не шығыс авторларына сілтеме жасалмайды және ауызша тарихи мәліметтер бірден-бір деректеме етілген. Ол былай деп жазады: «Біздің казакта тасқа таңба басқандай анық шежіре жок. Оку мен жазудың жоқтығынан жазылған шежіре болмаған. Естігенін ұмытпайтын құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар, ұқпа құлақ жандар болған. Сондай жандардың айтуымен кеудесі хат, естігені, көргені жар болған қариялар кейінгіге ауыздан ауыз алған айтумен үлгі-өситет қалдырған».<sup>183</sup>

Бірақ көп кешікпей бұл ұлттық тарихнамалық дәстүрлер ұмыт қалдырылды. Казак ғылымының жарты ғасырдан астам тарихы бойында ғалымдардың бұл авторларды жариялауға және оларға сілтеме жасауға батылы бармады. Шәкерім Құдайбердиевті өкімет орындары өлтірді, Ә. Бекейханов, М. Тынышбаев қуғынға ұшыратылды. Мәшіүр Жусіп Көпееевтің кесенесі киаратылды, бұл – кеңестік партия органдары вандализмінің ресми фактісі, ал тарихтағы ұлттық дәстүрді жактаушы Ермұхан Бекмаханов сottалды. Ұлттық тарихи деректемелер мен оларды ғылыми зерттеу проблемаларына жақын болған С. Асфендияров, К. Кеменгеровтер қуғынға салынды.

80-жылдардың аяғы – 90-жылдардың басында ғана қазақ авторларының тарих жөніндегі еңбектерін өмірге оралтып, қазак шежірелерін жариялайтын мезгіл туды. Сөйтіп қазақ деректемелерін жаңа тарихи тұжырымдар түрғысынан қарастыратын кез келді. Қазақ шежіресі деген не? Көшпелі қоғамның дәстүрлі тарихи санасы шежіре шеңберінде қалыптасады. Ол көшпелілердің тарихи білімі құрылымындағы орталық өзек болып табылады, оның теориялық және қолданбалы маңызы тарамдалып,

содан шығады. Бұл тарамдар шежіреде, біріншіден, нағыз генеалогиядан, екіншіден, құрылым құрайтын ойдан шығарылған генеалогия ғана болып табылатын ирреалдық, үшіншіден, ежелден жеткен үн, «қария сөз», «ескі сөз» – тарихи мифологиядан, сондай-ақ тарихи азыздардан, эпикалық жырлардан – батырлар жырларынан, толғаулардан қалыптасып тарихи білімді құрайды.

Көшпелі қоғамда тарихтың мағынасы мен мақсатын түсіну басқа өркениеттер мен халықтардағы мұндай ұғымнан ерекше. Мысалы, христиан және мұсылман дүниесінің тарихнамасында тарихи ақпарат жинақтау жүйесіндегі негізгі принцип тарихи уақыт санаты болса, көшпелілерде ол тарихи тұлға санатымен ауыстырылған. Шежіреде тарихты және тарихи оқиғаларды дараландыру өзекті мағына болып табылады. Тарихи уақыт санаты тарихи кеңістік санатынан кейінгі үшінші орынға қойылады, ал бірінші қатарға қайраткер тарихи тұлға шығарылған. Тарихи уақыты есептеу тиісінше генеалогиялық үрпақтар мен тарихтың ең ірі оқиғаларына сәйкес жүзеге асырылады, өйткені бұл, өз кезегінде, он екі жылдық циклды жыл санау қажет етілетін ғарышнамалық түсініктерге байланысты.

Сөйтіп тарихи білімнің генеалогияландырылған жүйесінің орталығында тарихи дәуір мен оқиғаларға баланатын тарихи жеке тұлға болады. Мәселен, қазак тарихшылары XVIII және XIX ғасырлардағы тарих бойынша тарихи циклдарды Әз Тәуке, Абылай, Бұқар жырау, Қазыбек би, Төле би, Әбілмембет хан, Әбілқайыр хан, Бөгенбай батыр, Қарасай батыр, Қабанбай батыр, Кенесары хан, Наурызбай сұлтан, Едіге, Шон, Торайғыр, Жарылғап би, жонғар контайшылары Галдан-Церен, Шона батыр (Шуна Дабо) және басқалар сиякты әйгілі жеке тұлғалар арқылы көрсетеді.

Зерттеуші В. Юдиннің «далалық ауызша тарихнама деректемелерінің хабарларын тарихтың дәл анықталған фактілерімен салыстыру да-лалық тарихнама деректемелерінің дұрыс мәліметтер хабарлайтындығын», «оларда айтылатын оқиғалардың, адамдардың көпшілігі тарихи екендігін», «мұның өзі бұл тарихнаманың беймәлім оқиғалары да, адамдары да өбден нақты деп тұжырым жасауға негіз береді» деген көзқарасы өте қызықты.<sup>184</sup> XVIII–XIX ғасырлар кезеңіндегі қазактар тарихын қарастырғанда дәстүрлі далалық деректемелердің мәліметтері де пайдаланылды.

Деректеметану тарихы мен тарихнамада қазак шежірелерін іс жүзінде пайдалану мысалдары бар және олардың арасынан бірінші кезекте ғалымдар П. И. Рычков, А. И. Левшин, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, Ш. Уәлиханов, А. Н. Харузин, А. Н. Аристовтар мен басқалардың есімдерін атау керек.

XVIII және XIX ғасырлар тарихының қазак шежірелерінде баса көніл бөлінген оқиғаларды хронологиялық ретімен үстіртін қарап шығуымыздың өзі ғана өткеннің көптеген егжей-тегжейіне тереңдей үңілуғе, оқиғалардың кейбір анық-қанығын нақтылауға және батыс немесе шығыс деректемелерінде баяндалып та қойған дәуір рухын, мүмкін, біршама өзгеше түсінікте ұғынуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге онда тарихтың қазірдің өзінде белгілі фактілері түсіндірудің жаңа нұсқасында көрсетілуі, сол нақты мәлімет берушінің дүние танымдық жүйесіне салынуы, білкім, субъективизмнен ада болмауы мүмкін.

XVIII ғасырдың басынан Қазақ хандығы Төуке ханның билеуімен (1680–1715) мәлім. Төуке өз заманының едөуір күшті өміршісі болды, оның билігі аумактық жағынан қазақтың барлық үш жүзіне тарады. А. И. Левшин қазақ материалдарына сүйене отырып, ұлы Төуке ханға мынадай мінездеме берген: «Оның атымен өздерінің қызба отандастарының тобырынан рухы біршама жоғары түрған кез келген Қырғыз-Қазақтың жүргегі ізгілік пен инабаттылыққа толады. Ол Қазақ Ордаларының Ликургі, Айдаһары».<sup>185</sup>

Қазақтың халық азыздарында оның татулық орнатушылық қызметі дәріптеді. Ол көптеген жылдарға созылған апатты өзара қырқыс пен қантөгісті тоқтатады; ол ақылдылығымен және өділдігімен барша жұртты өзіне бағынуға көндіреді; ол күшті руларға қарсыласу үшін әлсіз рулардың басын қосады, ал күштілерін жуасытты, сөйтіп барша жұртқа ортақ қылмыстық заң жүйесін енгізді. Мәшіүр Жұсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресінде», сондай-ақ басқа да көптеген шежірлерде оның ел билеген кезі туралы өте көп мәліметтер келтіріледі. Ол шежірлер былай деп сыр шертеді: «Қасиетті Жәңгірден кейін Төуке хан болды. Бұл ақылды, табанды және білімді адам еді. Халық арасында ол жөнінде оның халықты жақсы басқарғаны айтылады. Әз Төуkenің билік етуі туралы «Күлтөбенің басында күнде кенес» деген сөз нақ сол кезден қалған».<sup>186</sup>

Тарихи азыздар мен батырлар жырының материалдарына қарағанда, қазақтардың, негізінен Орта жүз қазақтарының қыста көшіп жүретін жерлері XVIII ғасырдың басында онтүстікте, Сырдария өзені аңғарында болған.

Төуке ханның нақты өлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша жасаған іс-әрекеттерінің негізгі тұжырымы өлең нысанында, қазақтардың қабылдауына өте қолайлы етіп бергені көрсетіледі.

Шәкерім Құдайбердиев «Түрік, Қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінде» Төуке ханның генеалогиясын былайша баяндайды: «Жәңгірдің орнына өз Төуке хан болғанда, хандыққа өкпелеп Үәлибаки Ғайып ханға кетіп еді. Әз Төуке хан болғанда... бітім жолдарын түзеткен еді... «Күл төбенің басында күнде кенес» деген бітім сол еді. Кіші жүздің ханы өз Төуkenің баласы Болат ханның бір баласы Сәмеке хан еді. Ұлы жүздегі үлкен хан бәрінің үстінен қарайтұғын Болат ханның Әбумұхаммет деген баласы еді. Оны біздің қазақ Әбілмәмбет дейді».<sup>187</sup>

Төуке ханның генеалогиясы туралы Құрбанғали Халид былай деп жазады: «Ал Барак ханнан бергісін қолмен тудырғандай айтамын: Барак хан, ұлы Бадақұл, ұлы Жәдік хан, ұлы Сығай, ұлы Есім, ұлы Жәңгір, ұлы Әзиз (әз) Төуке, ұлы Полат, ұлы Әбілмәмбет, ұлы Әбіл Файз хан (Әбілпейіс деп жүргендері осы болар) деп, кісі санында айырмашылық жоқ. Басқа да айтуышылар бар, бірақ бәрі де Орысханға тірейді. Бұл анықтама тарихи шындық».<sup>188</sup>

Мұхамеджан Тынышбаев өзіне мәліметтерді Әулиеата уезіндегі шымыр руының қарттары бергеніне сілтеме жасай отырып, былай деп жазады: «Қазақ азыздарына қарағанда, қаһарлы Жәңгір ханмен туыстасуды және сол арқылы одан қайырымдылық көргісі келген қалмақтар оған қонтайшының қызын беріп, Төуке содан туған». Біздің ойымызша, Төуkenің әкесі Жәңгір хан батыс монғолдардың ірі тайпаларының бірі – дербіттердің билеуші өuletімен туыстастықта болса керек. Ресей

деректемелерінде 1635 жылы ойраттар арасында өзара қырқысқан соғыс болғаны туралы мәліметтер бар, онда «Үрлік тайшыға (торғауыттардың жетекшісі. – Ред.) қазактың Жәңгір сұлтанымен бірлесе отырып, дербіттің Далай тайшасы екі рет шабуыл жасаған. Үрлік қалмактарына едөуір залал келтірілген».<sup>189</sup> «Казактардың түсінігі бойынша Тәуkenің хандық құрған кезі қазактар өміріндегі ең бақытты уақыт, олардың өскери күш-күдіреті жоғары дәрежеге жетіп, сонымен бірге хандық ішінде татулық пен тыныштық орнаған уақыт деп саналады». «Езіліп келген өлсіз руларды Тәуке олардың күшті руларға қарсы тұра білуі үшін одактарға біріктірді. Билігіндегі руларды іс жүзінде басқару үшін 6 би: 1) Ұлы Ордаға – Төле биді (дулат, жаныс атасы); 2) Орта Ордаға – Қазыбекті (Қаз дауысты Қазыбек – арғын, қаракесек); 3) Кіші Ордаға – Әйтекені (әлім, төртқара, самарқандық атақты Жалаңтөс батырдың інісінің немересі); 4) қырғыздарға – Қоқым би Қарашоринді; 5) қарақалпактарға – Сасық биді би етіп тағайындалды; 6) қатағандар, жаймалар және басқа да ұсак рулар билерінің есімдері белгісіз».<sup>190</sup>

XVIII ғасырдың 20-жылдарының бірінші жартысы тарихта жалпы «актабан шұбырынды» жылдары деп аталды. Қазақ шежіресінің бұл оқиғалары Мәшһүр Жұсіп Көпеевтің түсіндіруінде былайша суреттеледі: «Ол кезде қалмақ қонтайшысының билігі қатты күшейді. Ол қазактарға тыныштық бермей, үздіксіз шапқыншылық жасап отырды. Қысқа уақыт ішінде қырық рет шапқыншылық жасап, қалмактардың ықпалы едөуір өсті. Жонғарлар жеңіске жеткен жерлерінде қазактарды бірін қалдырмай қырып тастады. Осындай мейірімсіз соғыс себепті, құрып кетуге таянған қазактар бірігіп, күштерін топтастыра жауға қарсы бірлесіп соғыса бастады. Бірақ тапқыр хан, ержүрек батырлар болмаса, нашар жауынгерлер тобырынан не пайда? 1723 жылы Галдан-Церен Ташкентті басып алып, онда өз билігін орнатты».

Қазақ шежіресіндегі материалдар XVIII ғасырдың бірінші ширегінің рухы мен ахуалын қандай да болсын басқа бір деректемелер түрлерінен гөрі неғұрлым толық береді. «Қысқа күнде қырық шапқан» деген онша нақты емес тұжырым қалмактар мен қазактар арасындағы қарым-қатынастың кескілескен сипатын дәлелдейді. Қазактар Жетісуудағы, Түркістан аймағындағы және Сырдарияның орта ағысындағы жайлауы мен кең өрісінен осылайша айырылды.

«Қалмактардың үстемдігі орнаған кезде, Ұлы жүз – Қоканға, Орта жүз Самарқанға кетті, ал Кіші жүз Хиуа жағына көшті. «Актабан шұбырынды» зардабын әсіресе Орта жүз көп көрді. Жұт малын, жау жерін алған қаракұрым халық даламен жаяу бости. Мұндай ұзак жүріске аяқ-киім шыдамай, жалаңаяқ босқындардың табаны ак қайыска айналды. Ұлы жүз Жонғария билігінде қалды, ал Орта жүз бөрінен бұрын жұт болып, малдың жаппай қырылуынан, толассыз жау шабудан қатты зардап шекті. Орта жүздің азын-аулақ тірі қалғандары Сарыарқаға келіп, сонда ірге тепті».<sup>191</sup>

«Актабан шұбырынды» жылдарында қазактар жан-жақтан: «бірінші жонғар қалмактары, екінші еділ қалмактары, үшінші башқұрттар, төртінші сібір жағы..., бесінші жайық казактары» тарапынан жасалған шабуылдан ауыр шығынға ұшырады.<sup>192</sup> Жоғарыда аты аталған дүшпандар ішінен жонғарлар мейлінше қауіпті болды, олармен 1723–25 жылдарда болған шешуші

шайқастарда қазақтар жеңіліс тапты. «Шақшақұлы Ер Жәнібек» эпикалық дастанында қасіретті халықтың жай-күйі айтылған.

1723–25 жылдардағы жеңілістеріне жөне Мауараннахр мен Сарыарқаға ретсіз көшуіне қарамастан, қазақтар 1726 жылдың өзінде-ақ Жонғарияға қарсы жаңадан ашық құреске шығуға күш жинап үлгерді. А. Левшиннің жазғанындей, «...жан ашуы олардың (қазақтардың) бұрынғы қоныстарын қайтарып алу қажеттігіне көзін жеткізді, ал басқа түскен тауқымет сол мақсатқа жету жолына итермеледі. Үлкен нәубет ішкі өзара қырқысты бітістірді, жалпы келісімді қайта туғызып, олардың бәрін бір нөрсеге бағыттады». <sup>193</sup>

Алғашқы ірі шайқас 1728 жылдың онтүстік-батыс жағында, Шұбар көлінің жағасында болды. Қазақ аңыздарында бұл шайқаста қазақ қолдарын Шақшақ Жәнібек батырдың басқарғаны айтылады.

Қазақтардың өршеленген қарсылығын жеңе отырып, жонғарлардың қалың қолы сол дәуірде қазақтар қарсыласуының басты ошағы жөне Қазақ мемлекетінің аумактық-саяси орталығы болған Ұлытау жағына мақсатты түрде ұмтылды. Ә. Диваев Тайлак пен Санырық бастаған Орта жөне Кіші жұз батырларының Бұланты мен Білеуті өзендерінің жағаларындағы орасан үлкен жөне шешуші шайқастарға қатысуы туралы қазақ аңыздарын жазып алған. Бұл жерде қалың жонғар қолының күрей жеңілуі халық жадында «Қалмаққырылған» деп сакталған. Бұланты жөне Білеуті өзендерінің арасында сол кезден бастап «Қалмаққырылған» деп аталған шағын қырқа бар. Оның төбесінде құлпытастарына ру таңбалары қашап салынған қазақ сарбаздарының бейіттері де шашырап жатыр.<sup>194</sup> Тарихи аңыздарға қарағанда, бұл зиратқа сол шайқаста қаза тапқан қазақ батырлары жерленген. Батырлар жырында Бұлантыда шайқасқан қазақ сарбаздарының рухы мен ерлік көніл күйі, жауынан үстем болғандығы жырлады.

Малайсары, Олжабай, Есет, Жантай, Барак, Жәнібек, Қабанбай, Бөгенбай, Сырым, Мұрын, Жаулыбай, Сарыбай батырлардың, Қазыбек жөне Төле билердің есімдері, яғни әр рудан жиналған қазақ жасактары тізіп келтірілген. Шынында да, көптеген жазбаша деректемелерде батырлар мен билердің есімдері қайталанады. Сонымен бірге мұрағат құжаттарының тым прагматикалық сипатта жасалғанын, ал аңыздар мен батырлар жырларының неғұрлым жалпылама сипатта болатындықтан оқиғаның көркем шығармашылық туындыларға айналғанын атап көрсеткен жөн.

«Оларға дейін Сарыарқадағы Он екі Қазылық жөне Ши-Тұндік деген жерлерде наймандар тұратын. Қанжығалы жөне Бәсентиін рулары да сонда көшіп жүрді. Жаудан қашқан ағайындары бір түн ішінде наймандардың қырық байталын жеп қойды. Наймандар: «Бұл қырық жылқы сендердің келуіне байланысты берген қонағасымыз – «ерулік» болсын, ал біз сәл әрірек көшіп кетеміз», – деді. Тек Жеті момын руы ғана қалып, босқындарды ренжітпей, оларға қамқорлық жасап, күтім көрсетті. Бір жолы қанжығалылар Абыз-Шомақтың қызын алып қашып, оны белгілі би Қазыбектің тұңғышы Қонайға күйеуге берген. Қонай жастай өліп, Шідерті өзенінің жағалауына жерленеді. Сөйтіп Шідертіге қатарлас өзен сол кезден бастап Қонай аталып кетеді. Қанжығалы жөне Бәсентиін рулары Баян ауылға келіп, сонда ірге тепті. Бірақ оған Сүйіндік руы келіп, орныға бас-

таған кезде олар тағы да өрі қарай, төменірекке, Ақкөл-Жайылма дейтін жерге кетті». <sup>195</sup>

Мәшіүр Жұсіп Көпеевтің шежіресінде келтірілген мұндай тарихи мәліметтер қазақ даласына жонғарлар шапқыншылығы туғызған бағыттары, малшылардың қалыптасқан дәстүрлі көші-кон, көшпелілердің жер қатынастары мен руаралық өндірістік байланыстар жүйесі бұзылған кездегі рулардың коныс алмастыруын дәлелдейді.

Қазақ-жонғар соғыстары тарихта даңқты батырлар есімін қалдыры, оларды халық жырға косты, ал олардың қаһармандық ерліктері халық есінде – шежірелерде мәңгі сакталды.

Мәшіүр Жұсіп Көпеевтің шежіресінде Абылай туралы тарихи мәліметтер бар: «Абылайдың өуелгі аты Сабалак». Мәшіүр Жұсіп Көпеев былай деп жазады: «...Жасы жиырмаға жетпеген Абылайдың қасында барлық кезде Оразак (Ораз. – Ред.) деген өзбек-сарт еріп жүрді. Олар Есілді жағалай көшіп жүрген Атығай және Қарауыл руларына келіп, онда Дәuletкелді байдың жылқысын баққан, оның атшылары болған. Абылайдан: «Атың кім?» – деп сұрағанда ол, – «Мениң атым Сабалак!» – деп жауап қайтарыпты». <sup>196</sup>

Абылай хан дәуірін Шоқан Уәлиханов жоғары бағалаған, ол былай деп жазады: «Қазақтардың аныздарында Абылай өлдебір поэтикалық құрметке бөлениген, Абылай ғасыры қазақ серілігінің ғасыры болып табылады». <sup>197</sup> Мұндай баға халық санасында сакталып қалған сол бір тарихи дәуірді дәлме-дәл бейнелейді. Қазақ шежірелерінің жүйесі өзінің функционалдық міндеттін орындарды, аса көрнекті батырлардың, Абылай ханның өзінің бейнелерін поэтикалық-эпикалық жырлар нысанында – батырлар туралы эпостарда, толғауларда және т.б. баянды етті. Ш. Уәлихановтың көптеген мақалаларында XVIII ғасырдағы қазақтардың тарихы жөнінде материалдар бар. Ол халық арасында кеңінен мәлім тарихи аныздарды пайдаланады. Ш. Уәлиханов «XVIII ғасырдағы батырлар туралы тарихи аныздар» деген мақаласында әйгілі тарихи тұлғалар – Абылай, Бөгенбай, Жаңатай, Байғозы, Оразымбет, Елшібек батыр, Темірхан батыр, Арқандар батыр, Баян батыр, Құдайберді батыр, Жәпек батыр және т.б. аталатын 14 анызды келтіреді. Ш. Уәлихановтың сінірген еңбегі мынада: ол өз мақалаларында өзіне дейін ауыздан-ауызға тарап келген құнды тарихи мәліметтерді көрсеткен. <sup>198</sup>

Сол кездегі батырлардың есімдері туралы Құрбанғали Халид былай деп жазған: «Абылай заманында батыр сардар болғандар. Қаракерей Қабанбай, Алтыбай батыр, Актамберді батыр, Есмәмбет батыр, Матай-Шөнкей батыр, керей Жәнібек батыр, бөрі Ақпантай батыр, Қанжығалы Бөгенбай батыр, Бәсентиін Малайсары батыр, бұлардың бәрі де колбасшы жауынгер атанса да қайраттысы Қабанбай болған. Ол кезде Коршауда қалса дереу бекініс жасап, қолына не түссе сонымен жауды жасқап, бекінетін қорғанды «қамал» деп атаған. Қазақ мұндай қамалдың талайын шаңын аспанға шығарып жүрсе де, бір қабат Шыңғыс тауындағы қалмак қамалын қазақ сырттан қоршап ала алмай, ақыры Абылай хан кім қамалды алса, хандығымды беремін деп жар салады. Сонда да қорғаннан өтіп ешкім кіре алмай тұрғанда осы Қабанбай мен Есмәмбет батыр екеуі аз өскермен барып садақ, зенбірек құтараты өз алдына, жаңбырдай жауған тастарға да қарамай, қамалға еніп кетіп, қалмақты қырып шыққан». <sup>199</sup>

Мәшһүр Жұсіп Көпеевтің «Қазақ шежіресінде» даңқы шыққан жауынгерлердің есімдері аталады, ол былай деп жазады: «Абылай ханның заманындағы қазақ жұртынан шыққан батырлар Каракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгөнбай, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшакұлы Жәнібек, Көкжарлы көкжал Барак (жауды көп қашырады, жақсы аты Баракқа қалады делінген Барак батыр осы), Шанышқылы Бердікожа, Сырым Малайсары:

Абылайдың мінгені ыңғай сары,  
Айғайласып келгенде жердің тары.  
Абылайды сан қалмақ камап жатыр,  
Туынды ала шаба гөр, Малайсары, –

дейтұғын Малайсары осы кісі. Балтакерей Тұрсынбай, Таракты Байғозы, он сан Орта жүзге ұран болған Олжабай, Малай жәдігерден Жауғаш, Биғаш, бөрі тонды бөрте атты, бөрі бас Орманшы Ақсары, Шотана, Козған Биікше мерген, қарауылшысы Әлтеке, Жидебай, уақ Сары, Баян:

Ғакыл тұрмас қашқанда,  
Дегбір тұрмас сасқанда,  
Баяндай ерді көрмессін,  
Бурылып жауды шанышқанда...

делінген Баян батыр осы. Бұл айтылған батырлардың бөрі де... қалмактың камалын бұзған батырлар. Қазакта Каракерей Қабанбайдан асқан батыр жок, Үйсін Төле биден асқан би жоқ».<sup>200</sup>

Қазақ шежірелері қазіргі тарих ғылымына қазақ жырлары мен толғаулар жанрында кең көлемде деректемелер берді, оларда казақтар тарихы жөнінде егжей-тегжейлі мәліметтер бар. Мәселен, белгілілері: Шоқан Уәлиханов жазып алған «Абылай туралы жыр», Көкбай жазған «Сабалак», «Абылай хан өңгімесі», Олжабай Нұралыұлының «Сабалак—Абылай хан» дастандары, Мәшһүр Жұсіп Көпеевте «Абылай ханның ең алғашқы ауызға ілініп, көзге түскені», «Абылай аспас Арқаның Сарыбелі». Оларда сол тарихи заманын рухы, қазақ-жонғар, қазақ-қырғыз, басқа да көрші халықтар арасындағы оқиғалар, өскери және дипломатиялық қарым-қатынастар жайлы терең де көлемді мәліметтер беріледі. Батырлар жыры циклында «Бөгөнбай батыр», «Ер Жәнібек» жырлары кеңінен мәлім, оларда орыс, сондай-ақ қытай деректемелерінен мәлім болған оқиғалар тарихи-көркем стильде келтірілген.

Ал авторы мәлім жырлардың ішінен Қазанғап Байболовтың «Төле бидің тарихы» ерекше есте қаларлық, онда Төле бидің генеалогиясы мен оның қызметі туралы, Қазыбек би, Әйтеке би туралы деректер бар, сондай-ақ Төуке хан және «Жеті Жарғының» жасалу тарихы туралы мәліметтер көп.

XVIII ғасырдағы ауызекі тарихи дәстүр тұрларынан бірі – сол кездегі әйгілі жыраулар суырыпсалып айткан қазақ толғаулары. XVIII ғасырдағы қазақ жыраулары – Ақтамберді жырау, Тәтіқара ақын, Үмбетей жырау, Бұқар жырау, Көтеш ақын, Шал ақын – қазақ халқының ерлік кезеңінің өкілдері болды және өз шығармаларымен көшпелі қоғамның әлеуметтік идеологиясының қалыптасуына жәрдемдесті.

Халыққа олар ерекше тұлғалар болып көрінді, бұл шын мәнінде де со-лай еді, өйткені жыраулар көреген деп есептелді, олардың айтқаны кейде хан билігінен де жоғары тұрды. Олардың шығармаларында ғасырдың аса

манызды оқиғалары сөз етілді, аңызға айналған тұлғалар, әскербасылар және басқалар туралы айтылды.

Ақтамберді жырау (1675–1768) – жауға, жонғар басқыншыларына қарсы өліспей беріспейтін шайқасқа шақырған халық жаршысы, өз шығармаларында ол қазақ халқының бейбіт және еркін өмір туралы, әлеуметтік қайшылықтар жойылып, халықтың ізгі үміті орындалатын заман туралы арманын білдіреді.

Үмбетей жыраудың өмір сүрген кезі (1706–1778) Қазақ хандығының ең ауыр соғыс заманына, халық арасында аталып кеткеніндей, жаугершілік заманға түстас келді. Бұл кездің барлық оқиғалары жырларда, толғауларда, жоктауларда, естіртулерде жырланған. Үмбетей батырлық өлендерінде батырлардың кайраты мен ерлігін, халықтың елдік рухын жырлайды, ал батырлар мерт болған кезде, олардың есімдері азат етуші ер туралы жоктау өленде мәңгілікке қалдырылған. Үмбетей жырау өз толғауларында даланың қоғамдық-саяси өмірін жеткізеді. Оның өлендері халық ауызында сакталған. Сонымен бірге ол – атақты қолбасы, жонғарларға қарсы соғыстың батыры. Халық арасында оның Бөгенбай батыр туралы жыры ерекше мәлім болды.

Жырда қазақ жасақтарының жонғарлармен шайқастары өткен көптеген жер атаулары айтылады, оларды жазбаша деректермен, археологиялық қазба мәліметтерімен салыстырған кезде мұнда көрсетілген атаулар деректі құжаттарға сәйкес келеді.

Қазақ карсыласуын үйымдастырушылардың бірі, шайқастарда алдыңғы қатарларда тұрған Бөгенбай батыр 81 жасында қайтыс болды. Батырдың өлімін Абылай ханға естірудің жауапты міндепті Үмбетей жырауға жүктелді.

Қазақтың жоктау-естірту жанры көшпелілердің сөз өнерінде дәстүрлі болған, онда аңызға айналған тұлғаның толық өмірбаяны келтіріліп, оның мерт болғаны немесе қайтыс болғаны жөнінде көніл айтылады:

Ей, Абылай, Абылай,  
Сөзімді тында тағыда-ай!  
Өзіңнен біраз жасы үлкен,  
Демпеш таудай басы үлкен,  
Жасында болған сырласын,  
Үлкен де болса құрдасын,  
Сексеннен аса бергенде,  
Қайырылмас каза келгенде,  
Батырың өлді – Бөгенбай!

Үмбетей жыраудың батырлық жырларында Абылай, оған қоса батырлар – Каракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Сары, Баян, Сағынбай батыр және басқа да көптеген батырлар туралы құнды тарихи мәліметтердің бәрі бар.

Дана көреген Бұқар жырау (1668–1781) Абылай ханнан ұзак жасады. Ш. Уәлиханов өз зерттеулерінде қазақтардың жоктау жанрына мысал ретінде Бұқар толғауларының бірін келтіріп, оны «Бұқар жыраудың Абылай өлгендегі жоктауы» деп атаған.

Мәшіүр Жүсіп Көпеев шежіресіндегі Абылай туралы тарихи өңгімелер циклында Абылайдың әскери жорықтары туралы айтылып, «Абылайдың бір жорығы» келтіріледі.<sup>201</sup>

Мәшіүр Жұсіп Көпееев «Бұқар жырау туралы тарихында» Абылай заманындағы шығармашылық мұрасы жазбаша шежіре арқасында сакталып қалған көрнекті тарихи тұлғалардың бірі туралы былай деп жазады: «Қаржас руынан шыққан қарт Бұқар жырау – Қалқаман батырдың ұлы. Оны билетін адамдар оны «дуалы көмей» дейді екен».

Абылай ханың ақылшысы және идеяларының жаршысы ретіндегі Бұқар жырау қызметімен көптеген аңыздар мен әңгімелер байланысты. Накты жағдайда белгілі бір мәселені шешкенде ол екінің бірінде Абылайдың идеологиялық ақылшысы болып отырған. Көптеген әңгімелер мен аңыздардың өлденеше нұсқасы бар, астарлы мағыналарға толы және көбінесе саяси шешімдерге өрекеттердің қастерлі мағынасы мен олардың көрнекілігі қоса беріліп отырады. Қазақ шежірелерінде, өсіресе Мәшіүр Жұсіп Көпеевте Бұқар жыраудың бейнесі мен кісілігі өділетті көреген, қазақ халқының бірлігін белсене жақтаушы, өз бойына заманының ең жақсы белгілерін жинақтаған адам бейнесінде көрінеді.

XVIII ғасырдың орта шеніндегі қазақ және жонғар өміршілерінің арасындағы келіссөз үрдістері де қазақ шежірелерінде көрсетілген. Мәселен, Шәкерім қажы былай деп жазады: «1741 жылы Ташкенттегі қалмақтың ханы Галдан-Церен қайдан болса да Абылайды тірі ұстап алғып кел, Шарыштың орнына өлтіремін деп, отыз мың әскерменен Жалбы деген батырын жіберіпті... ол Абылайды ұйықтап жатқан жерінде ұстап... алғып барыпты...».

Галдан Абылайға: «Мен сені Шарыш сықылды батырдың орайына өлтіремін, не арманың бар», – депті. Сонда Абылай: – «Таксыр, менің үш арманым бар! Әуелі мен Шарышты қазақ пен қалмақтың қан майданында өлтірдім. Сіз мені үйқыда ұстап алғып өлтіргелі отырсыз, қазақ пенен қалмақтың қан майданында өлсем арманым жоқ еді. Екінші, қазақ орнықпай жүрген ел еді, бір жерге орнықтырып отырықты өмірге кіргізіп өлсем армансыз едім. Үшінші, төрт атадан бері жалғыз едім, осы күнде өліп кетсем, не бала, не бауырым жоқ, дүниеге келмегендей боламын ғой дегенде, Галдан хан төмен қарап отырыпты да, қасындағы уәзіріне: «Мынаның сөзінің бәрі рас, өсіресе соңғы сөзін қараши, мен де төрт атадан бері жалғыз едім, осы күнгі жалғыз балам Әмірсанға өліп кетсе, мен де тұқымсыз кеткенім-дағы», – деп қалмақ тілімен айтқан екен, Абылай хан – Алдияр деп, кол қусырып тұра келіпті. Галдан хан Абылайға: Сен неге алдијар дедің? Мен сені өлімнен босаттым ба? – десе, – «Таксыр, жалғыз баланызға ұқсатқаныңыз босатқаныңыз ғой, мен қалмақша тілді білемін», – депті.

Галдан хан Абылайдың сөзіне разы болып, Әмірсанға екеуін дос қылып, қазаққа, орыстарға да қанша сый беріп, Абылайға Күндебау деп бір өз нөсілінен жетім қыз беріпті. Күндебау дегені үзілмес достық дегені. Сол қыздың бір кішкене інісі апасынан қалмай жылаған сон, оны да Абылайға беріп, өз бауырындей көр деп тапсырған екен. Абылай оның атын Махмұт қойыпты. Біздің қазақ Мәмет дейді. Оның баласы Бөлішке...».<sup>202</sup>

Бұл тарихи сюжет Мәшіүр Жұсіп Көпеевтің шежіресінде біршама өзгеше баяндалады.

Абылайды қалмақтардың тұтқынға алу тарихы мен оның Галданмен әңгімесі «Қалдан Шеріннің әңгімесі» деген атпен Мәшіүр Жұсіптің шежіресінде де келтіріледі.<sup>203</sup>

Шәкерім Құдайбердиевтің шежіресінен жоғарыда көлтірілген үзіндіде Жонғар және Қазақ хандықтарының өміріндегі саяси және әлеуметтік маңызы зор оқиғалар өте толық және сан алуан қырынан айтылады, бұл орайда тарихи оқиға мен жеке адамның арасындағы, сюжеттің басты кейіпкерлері Галдан-Церен мен Абылайдың өткендегісі, қазіргісі және болашактағысы арасындағы байланыс ашып көрсетіледі. Қыскаша мазмұн-дамада тарихи оқиғаның негізгі түйіні мен оның салдары бас кейіпкердің даралығы арқылы анықталады, шежіре дәстүрінің жалпы арқауы осын-дай.

Көп ұзамай Орталық Азияның геосаяси картасынан құдіретті мемлекет – Жонғария жойылды. Бұл көшпелі этносаяси жүйелердің ауысу үрдісі болатын, оны Еділ бойының көшпелі халықтары – башқұрттардың, ногайлардың, еділ қалмактарының саяси дербестігінен айырылуы бастап берген-ді. Жонғар мемлекетінің жойылуы қазактарды Еуразияның екі империясы – Қытаймен және Ресеймен бетпе-бет қалдырды.

XVIII ғасырдың екінші жартысында тәуелсіздігін сактап қалған ора-сан зор көшпелі этнос – қазактар саяси тандау алдында тұрды. Соңғы екі көшпелі мемлекеттің бірлескен қазак-жонғар әскери-саяси блогын құру өрекеттері табыска жетпеді. Мұнда, әрине, өздерінің саяси мұдделерін көздең, қазақ және жонғар халықтарының арасындағы жанжалды өршіту үшін біраз күш-жігер жұмсаған Ресей және Қытай мемлекеттерінің сая-саты нәтижесіз болған жок.

Жонғар мемлекетінің құлауына байланысты орыс-қытай қатынастары кайшылыққа тірелді, олардың өркайсысы қазақ жерін аумактық тұрғы-дан иеленуге мұдделі еді. Ентелей ену саясатын Қытай жағы Жонғария талқандалғаннан кейін-ақ тікелей бастап кетті. Қазақ шежірелерінде Орталық Қазақстанда «Шұршітқырылған» (яғни маньчур-қытайлар қырылған) деген топономикалық жер атауы кездеседі, оны ғылыми-этнографи-ялық дала зерттеулерінің материалдары да растайды. Бұл жер атауы 1756 жылғы оқиғаларды тікелей растап береді, ол кезде Қытай үкіметінің Да-дана бастаған батысқа жорығы нәтижесінде оның әскерлері Есіл өзеніне дейін жетіп, Қабанбайдың, Қожабергеннің, Әмірсананың қазак жауынгерлерімен қактығысуына өкеп сокқан еді.

Абылай хан қайтыс болғаннан кейін қазақ халқының тарихи дамуы XVIII ғасырдың аяғында және XIX ғасырда Ресей империясының отарлау саяса-тының күшеюі жағдайында өтеді, қазақ шежірелерінде Орта жұз бен Кіші жұз қазақтарының – Сырым Датовтың, Саржан төренің, Кенесары хан-ның, Жанқожа батырдың, Есет батырдың, Исатай, Махамбеттің және ба-ска да қазақтың ұлттық батырларының отаршылдыққа қарсы бой көрсетулерінің рухы сакталған. XVIII ғасырдың екінші жартысында жан-дана түскен Ресей отарлау саясатының бас кезі Құрбанғали Халидтің шежіресінде егжей-тегжейлі баяндалған.

Қазақ-орыс қатынастарына және казак қоныстары мен бекіністерін салуға байланысты оқиғалар Мәшіүр Жұсіп Көпеевтің шежіресіндегі «Сиыр жылы орыстар Баянауылға қала салмақшы болады», «Шорман-Мұса екеуінің бірі туралы», «Едіге би», «Шоң-Торайғыр» және басқала-ры сияқты тарихи этюдтер сериясында баяндалған.

Қазақ деректемелері оларға мұқият талдау жасаған жағдайда тарихи оқиғаларды көп жағынан ашып береді. Мәшіүр Жұсіп Көпеев баяндаған

мөліметтердің мағынасы мынадай: орыстың отаршылдық өкімет орындары казак станицаларын, қамалдар мен бекіністер салуға қазактардың келісіміне алуан түрлі амалдармен: соғыс арқылы басып алу, дала шонжарларын шен, сыйлықтар беріп сатып алу жолымен, тіпті тікелей бопса-лау жолымен де қол жеткізген. Шәкерімнің шежіресінде бұл оқиғаларға тәмендегідей баға берілген, ол былай деп жазады: «Абылай хан кеткен соң, орта жүзге Барак деген хан болса керек, оның баласы Бөкей хан болған, бұл Кіші жүздегі Бөкей хан емес. Сол Бөкейге орыстың Александр Павлович деген патшасы тұсында өскербасы Глазенап деген кісі 1811 жылы хат жазған. Орта жүздің ең соңғы ханы атанған — Тұрсын Шыңғысұлы Бөкей немересі Қарқаралыны билеген. Содан соң хан деген біржолата қалып, қазактан аға сұлтан сайланғаны бұл Тұрсын ханнан бұрын 1822 жылы еді.

Казактың ең өуелі орыс законына қарай бастағаны сол. Оның кейін 1824 жылы да қырда округ ашылып, басында бес жылға дейін алымнан азат болып, онан соң жүз малдан бір мал алым берді. Ақырында, 1868 жылы жаңа закон шықкан соң, қазак біржолата орыс законына қарады».<sup>204</sup>

Казактардың дәстүрлі қоғамдық жүйесінің заман лебіне және отаршылдық саяси реформаларға байланысты дағдарысы көшпелілердің үлттық сана-сезімінің дағдарысына өкеп сокты, ол «Зарзаман» деп аталған дәуірдегі қазак ақындарының шығармаларында көрініс тапты. Бұл дәуірдің ақындары өз шығармаларына нақ қазак шежірелерінің деректемелерін өзек етті. Олар өздерінің поэтикалық шығармаларында өз заманының рухын дәл бейнелеген.

Тұтас алғанда XVIII—XIX ғасырлардағы қазактардың тарихын осы уақыт бойында жасалған қазак деректемелері негізінде қорыта келгенде, карастырылып отырған екі ғасыр тарихы қазак халқының сыртқы экспансияға қарсы, өуелі Жонғар хандығына, соナン соң шүршіттерге (яғни — Цин билеушілеріне), коқандықтарға, хиуалықтарға және Ресей империясының белсенді отарлау саясатына қарсы үздіксіз күресімен сипатталады, мұның өзі халық арасында тарихи ақпарат жиналуы фактісіне ықпал жасады, қазактардың тарихи санасы оянуының тереңнен жүрген үрдістерін, қазак этносының этникалық жағынан белсенді түрде қалыптасуы мен дамуын дәлелдейді деуге болады.

XVIII—XIX ғасырлардағы тарих кезеңі қазактар үшін бетбұрыс кезеңіне айналды. Қазак этносының көз алдында Орталық Азияның көшпелі мемлекеттері жойылып кетті. Көшпелілік дағдарысы көшпелі өркениеттің өмірлік кеңістігінің құрт тарылуынан көрінді.

Қазак деректемелерінің құндылығы сонда, сол бір тарихи оқиғаны басынан өткөрген этнос қана жеткізе алатын, заман ахуалы мен тынысын тереңірек үғынуға мүмкіндік беретіндігінде. Бірде-бір сыртқы деректеме этностиң ішкі идеясын дәлме-дәл көрсете алмайды, өйткені оны сол оқиғалардың ортасында болған этностар ғана көрсете алады, сондықтан дәстүрлі және сыртқы деректемелердің құндылығы олардың өзіндік ерекшелігі мен айрықша сипатында жатыр. Мөселен, қазак деректемелерінде Қазак хандығының ішкі саясатының егжей-тегжейлі мейлінше айқын көрсетілген. Қазак деректемелері этностиң көшбашылары, атап айтқанда, Абылай хан қазактардың тұрмыс салтын өте тез арада өзгерту қажеттігін, жаңадан қалыптасып жатқан жағдайлар-

дағы көшпеліліктің дағдарысын көре білгені туралы мәліметтер жеткізді.

XVIII ғасыр казактарының тарихында атақты тұлға Абылай болды, ол туралы тарихи аңыздар желісі өте көп. Жонғарлар шапқыншылығына қарсы отан соғысының идеологтары – халық жырауларының шығармаларынан біз жалпы ұлттық бірліктің кепілі, ұлттық тәуелсіздік жөне қазақ жерлерінің аумақтық тұтастығы жолындағы құрескер ретіндегі Абылай ханның сіңірген асқан зор еңбегін бүкіл ел танығандығының бұлтартпас дәлелдерін табамыз. Түгелдей алғанда, олардың бәрі, XVIII ғасырдың 40-жылдарының бас кезінен-ақ, оның ірі тұлға ретіндегі жоғары мәртебесін, жалпы ұлттық мемлекет қайраткері ретіндегі ұлылығын растианды. Кейіннен Ш. Уәлиханов 40-жылдардың басына қарай «біз оны Орта орда иелері ішіндегі ең құдіреттісі» болды, ал «нағыз ханның (Әбілмәмбет. – Ред.) еш мәні болған жоқ деп білеміз»<sup>205</sup> деген дұрыс қорытынды жасайды. Шәкерім сюжеті шежіреге негізделетін «Уәлибақының нәсілі» деген мақаласында Абылайдың үш жұздің атақты 90 өкілінің қатысуымен хан болып жарияланғанын атап өтеді.<sup>206</sup>

Қазақ деректемелері батылдығымен жөне ержүректігімен көзге түскен қазақ батырларының бейнелерін, халықты біріктіруде елеулі рөл атқарған, бытыраңқылыққа бастайтын кез келген келенсіз көрініске тыйым салып отырған жөне халықтың рухани жетекшілеріне, тәуелсіздікті сактау жолындағы құрестің идеологтарына айналған дана билердің бейнелерін неғұрлым кең көлемде жеткізеді. Ол уақыттағы қазақ деректемелері қаһармандық жырлар жанрында – жыр, толғау, шежіре – генеалогия түрінде болды.

XIX ғасырдағы қазақ деректемелерінің XVIII ғасырдағы деректемелерден едәуір айырмашылығы бар, олар сол кезге дейін ауыздан-ауызға беріліп келген қазақ шежірелерінің жаңа жазбаша жанрымен толықтырылған. Бұл деректемелерде Ресейдің отаршылдық саясаты жөне соған байланысты қазақ халқының ұлттық тәуелсіздік жолындағы құресі оқиғаларын көрсету өзекті сюжетке айналды.

Қазақ ауыз әдебиетінің туындылары тарих үшін бірегей деректеме болып табылады. Олар кейінгі ұрпақтарды өткен дәуірдің не бір қанық суреттерімен байытады жөне қазақтардың Коршаған ортамен сырт көзге байқала бермейтін ішкі байланыстарын байқауға мүмкіндік береді, қоғам дамуының біртұтас тарихи үрдісінде олардың атқаратын рөлін анықтауға жәрдемдеседі.

XIX ғасырдағы ең әйгілі айтыстарға қатысуышы, тарихтың жөне заманың асқан білгілерінің бірі ретінде белгілі Дулат Бабатаев (1802–1874) аса көрнекті ақын саналды. Оның шығармалары қазақ еліне кең таралды, асқақ дарынды ақын әлеуметтік қайшылықтарды батыл ашып көрсетті жөне өркімнің қоғамдағы өз орнын сын көзben ой елегінен өткізуге шакырды.

Жуырдағы кезге дейін қазақ даласына кеңінен мәлім ақын Шортанбай Қанаевтың (1819–1881) шығармаларына қарама-қайши сипаттама беріліп келді. XIX ғасырдың 70-жылдарында Қазан қаласында «Бала зары» деген атаумен талай рет басып шығарылу фактісі оның туындыларының тарихи маңыздылығы мен мазмұнының терен мағыналылығын көрсетеді.

Өз поэзиясында қоршаған ортаны, өз заманының көкейкесті және маңызды проблемаларын белсенді түрде көрсеткен Көтеш ақын (1745–1818), Шал ақын (1748–1819), Тәтіқара ақын (XVIII ғ.) және басқалар Бұқар жырау мен Дулат Бабатаевтың дәстүрлерін жалғастырушылар болды. Олар негізінен болып жатқан барлық оқиғалардың енжар жақтаушылары, сырттай байқаушылары ғана болған жок, қайта заманындағы көптеген тарихи оқиғаларға тікелей араласқан, жонғарларға және Қазақстан аумағына қытай билеушілерінің экспансиясына қарсы азаттық құресіне іс жүзінде қатысқан батырлар болған.

Казактардың поэтикалық шығармашылығында терен із қалдырған және Исатай Тайманов бастаған азаттық қозғалысының тарихын басынан бастап аяғына дейін бейнелеген, оның қозғалысының жаршысы және жалынды үгітшісі болған Махамбет Өтемісов (1804–1846) XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ең жарқын тұлға болып табылады. Оның туындыларында бейнеленген нақты өмір шындығы мұрағат құжаттарымен тексерілген және олар – оқиғаларды көзбен көріп өрі белсене араласқандар жасаған аса құнды тарихи деректеме. Негізінен алғанда оның туындылары – поэтикалық түрде 1836–38 жылдардағы Бөкей Ордасы қазактарының азаттық құресінің барлық кезеңдері айтылған анықта нақты материал. Шернияз Жарылғасов (1806–1867) Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтің көтерілісіне белсене қатысқан замандасы болды. Оның өлеңдерінен біз көтерілістен кейінгі кезеңдегі әр түрлі әлеуметтік топтардың өзара қатынастары туралы, халық бұкарасы бой көрсетуінің жеңіліс табуына әкеп сокқан күштердің орналасуы туралы акпарат аламыз (Шернияздың Баймағамбетпен кездесеуі кезіндегі Исатай және Науша батырлар мен басқалар туралы өлеңдері).

Патша езушілеріне қарсы еңбекшілердің бой көрсетулерінің себептерін халық жадында ой елегінен өткізудің және бұл наразылықтардың ішкі серпілісін ашып көрсетудің поэтикалық жалғасы 1852–53 жылдардағы Орынбор–Ақтөбе аймағындағы оқиғаларға арналған «Бекет туралы аңыз» және «Исатай–Махамбет» деген тарихи дастандар болды. Бірінші жағдайда көтерілісті Есет пен Бекет басқарған; қарулы аттаныс 1858 жылға дейін жалғасқан. Бекет тұтқынға алынып, Сібірге жер аударылады да, Есет жеңілістен кейін өкімет орындарымен татуласып кетеді. Екінші дастанды шығаруши – Ығылман Шөреков, ол Бөкей Ордасындағы 1836–37 жылдардағы көтеріліс оқиғаларын терен зерттеп, бұл көтерілістің себептерін (шаруаларды жерден айыру мен шамадан тыс салық, Жәңгір ханның алымдары) ашып көрсетуге тырысқан.

«Дастанның құндылығы мынада: халық өзінің оқиғаларға толы өмірбаянын жазуға өлі де мүмкіндігі болмаған кезде ақын шығарған тарихи жыр оның зердесіне, жылнамасына, тарихи тәжірибелің қорытылуына айналды, жауынгерлік кару сияқты, оны тот баспады, ескірмеді және оның өз азаттығы үшін құресіне адал қызмет етті».

«Бес ғасыр жырлайды» жинағының (Үш томдық, А., 1989) шығуы сол дәуірдің рухы мен тарихын кезең-кезеңмен қайта жаңғырту болды. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жылдарында жарияланған: «Абылай хан» (А., 1993), «Хан Кене» (А., 1993) деректі жинақтарының маңызы баға жеткісіз.

XVIII–XX ғасырдың бас кезі тарихы жөніндегі басқа да бұқаралық деректемелер. XVIII–XIX ғасырлардағы қазактар тарихы жөнінде жариялан-

ған деректемелер мазмұны жағынан да, түрі жағынан да өр түрлі. Бірінші тобы қазақ даласы мен оған жапсарлас жатқан жерлерде болып, көзімен көргендердің жазбаларынан, қазактар және олар қатысқан оқиғалар туралы мәліметтер бар материалдардан тұрады.<sup>207</sup> Осы тұрғыдан алғанда, жонғар билеушісі Цеван-Рабтанда болған Иван Унковскийдің күнделіктері мен жолжазба дәптеріндегі мәліметтер назар аударуға лайық. Бұдан біз қазақтардың жонғарлар жаулап алған Жетісу жері, жонғарлардың Ұлы жүздің рубасыларын бағындыруы туралы ақпарат аламыз. Онда ойраттар жетекшілерінің есімдері және жер-су аттары келтіріледі. Атап айтқанда, олар жаулап алған Шу, Талас, Сарысу, Хантау, Ұлытау, Арғанаты жерлері және бірқатар қалалар: Әулиеата, Сайрам, Созақ, Құлан, Шымкент, Ташкент және басқалар бар.

Жонғарлар қазақтардың жері мен халқын күйзеліске ұшыратып, халықтың бір бөлігін тұтқынға алып, Талас алқабы арқылы Сырдарияға шыққан. Босқан қазақтардың бір бөлігі Сырдарияның төменгі ағысына ығысып, бір бөлігі Самаркан жағына кетуге мәжбүр болған. Жонғар өскерінің саны және олардың ұрыс қимылдарын жүргізу өдістері туралы деректер бар. Қарастырылып отырған деректемеде жонғарларға қарсы күрес кезеңінде қазақтар үшін, тегінде, ең күйзелісті және ауыр болған апатты жыл – 1723 жылдың бүкіл қайғы-қасіреті ашып көрсетіледі. Деректеменің географиялық материалдары жонғарлардың Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз аумағына жасаған басқыншылық жорықтарының ауқымдылығын неғұрлым накты көзге елестетуге мүмкіндік береді және оқырмандарды жонғарлар шапқыншылығына тойтарыс беру үшін барлық қазақтарды біріктіру мәселесін жедел шешуге арналған тарихи оқиғаның – Ордабасындағы хандар, билер, батырлар және рубасылары бас қосқан кеңесінің дер кезінде және жоғары мақсатта өткізілгенін түсінуге жетелейді.

«XVIII ғасырдағы Сібір тарихының ескерткіштерінде» қазақтар туралы едәуір деректі материал бар. Қазақтар жонғарларға қарсы күресу үшін Ресеймен одак жасағысы келді. Мұндай келісімнің талаптары туралы 1716 жылы «Қайып хан мен бүкіл қазақ ордасының атынан» қазақ елшілері келген Тобылда Сібір губернаторы М. Гагаринмен келіссөз жүргізілді. Бұл келіссөздердің материалдары, қазақтардың келесі, 1717 жылғы күресінің барысы, атап айтқанда Аяғөз өзені жанындағы шайқас туралы мәліметтер, Әбілқайырдың 1718 жылғы патшаға жазған хаттары және басқа деректер, соның ішінде қазақ жасақтары туралы деректер қазақтардың сол кезеңде жонғарларға қарсы күресінің нашар үйымдастырылу себептерін ашып береді. Бұл құжаттарда қазақтардың жауға қарсы күресте басқа да түрік халықтары арасынан одактастар табуға үмтүлісі және қазақ жүздерінің ішкі саяси жағдайын ашып көрсететін толып жатқан мәселелер туралы мәліметтер бар.

Генерал-майор А. Тевкелевтің Орынбор өлкесі мен қазақ жүздері туралы «Әр түрлі қағаздары» өсіреле өлкені отарлаудың басталуына байланысты шын мәнінде бірінші дәрежелі орын алады.

А. Тевкелев патша шенеуніктерінің арасында аймақтағы көптеген түрік халықтарының тұрмысын, өдет-ғұрпы мен құқықтық нормаларын жақсы білген өте беделді адам болатын. Патша мен Ресейге өбден берілген адам ретінде ол Кіші жүз бен Орта жүз қазақтарын Ресей бодандығына қабыл-

даудың бастауында болды, күрделі, ал кейде қауіпті де дипломатиялық міндеттерді орындады. Қызмет еткен кезеңінде оған үлкен өкілеттіктер берілді және тақ иесінің құрметіне бөленді. Талай рет марапатталып, қызметі жоғарылатылды. Оның әр түрлі кезде қазақ жүздерінде болған тарихи оқиғаларға көзқарастары, белгілі бір шешім қабылдауы, болған оқиғаны бағалауы XVIII ғасырдағы қазактардың, башқұрттардың, Еділ бойы халықтарының тарихын қарастырған кезде ерекше құнды.

Деректемелердің екінші тобын құжаттар мен материалдар жинақтары – «XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» және «XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» құрайды.<sup>208</sup> Кенестік кезде жарияланған жинақтарда Кіші жұз бен Орта жүзді Ресейге қосудың бас кезіне, бұл үрдістің барысы мен дамуына, оған қазақ хандарының қатысуына, А. Тевкелевтің және Орта жүздегі башқұрттар елшілігінің (Абылай ордасында) қызметіне, Абылайдың 1771 жылы хан атағын алуына қатысты материал бар.

Бірқатар мәліметтер қазақ хандарының Пугачевпен келіссөздерге, ал қазақ жасақтарының Орынбор мен басқа да бекіністерді қоршауға қатысқанын дәлелдейді.

XIX ғасырдың 1-жартысына қатысты материалдар қазактардың Ресеймен, соның ішінде Кенесары Қасымовтың көтерілісі кезеңіндегі өзара қатынастарының экономикалық, сауда-саттық және басқа да жақтарын ашып береді.

Тұтас алғанда, жинақтарды шығарушылардың алдында Ресей империясына қазактардың өз еркімен косылғандығын, ал ең бастысы – бұл үрдістің прогрессілдігін дәлелдеу, яғни кенестік өмір шындығының көптеген онжылдықтар бойы тарихнамада санаға сіңірліп келген идеяларын деректер арқылы негіздеу мақсаты тұрғанын айта кеткен жөн. Алайда жинақтардың материалдарына сын көзben қараған жағдайда, зерттеушілер өлкені отарлаудың басталуы мен барысы, қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігіне империя енгізген саяси, шаруашылық және құқықтық өзгерістер туралы алуан түрлі мәліметтер алады.

Ресми деректемелердің үшінші тобы – 1731 жылдан бастап Қазақстанның Ресейге косылу үрдісімен тікелей байланысты материалдар, негізінен алғанда патша үкіметінің заң актілері, қазак даласында болып кеткен ресми адамдардың хабарламалары және лауазымды адамдар, ақсақалдар, билер жазған құжаттар.<sup>209</sup> Жинақтың материалдары мынадай бөлімдер бойынша жүйеленген: Қазақстан Ресейге косылған кезден бастап қазақ хандары мен патша үкіметінің өзара қатынастары; шекаралық соттар мен жазалаудың үйымдастырылуы; XIX ғасырдың 60-жылдарындағы реформа дейін Сібір ведомствоның қазактарын басқару; 1867 жылдан бастап Жетісу және Сырдария облыстарын басқару; 1868 жылдан бастап Дағы облыстарын басқару; 1886 жылдан бастап Түркістан өлкесін басқару; 1891 жылдан бастап Дағы генерал-губернаторлығын басқару. Сонымен жинақта 1822 жылғы «Сібір қазактары туралы жарғы», 1844 жылғы «Орынбор қазактарын басқару туралы ереже», 1867–68 жылдардағы «Уақытша ережелер», 1886 және 1891 жылдардағы ережелер бар. Оқырман XVIII–XIX ғасырлар бойында Қазақ даласында болған өлеуметтік-саяси сипаттағы барлық өзгерістер туралы мағлұмат алады. Бұл топқа XVIII және XIX ғасырлар шебінде Қазақ даласы өмірінде болған әр түрлі оқиғаларды

көрсететін, жеке кітап етіп шығарылған құжаттар жатады, өкінішке қарай, ол кітап алғаш көп томдық болып жоспарланған басылым томдарының бірі болып қалды.<sup>210</sup> Қазақстан тарихы (1785–1828) жөніндегі аталған жи-нақта Кіші жүз қазактарының Сырым Датов басшылық еткен ірі бой көрсетуі туралы едәуір материалдар бар. Көтерлістің себептері, оның өрістеуі, ол жөнінде патша өкімшілігі тарапынан жасалған өрекеттер және, әрине, нәтижелері туралы деректемелер оның қаншалықты құлаш жайға-нын, әлеуметтік бағытын және сөтсіздікке үшырау себептерін көрсетеді. Деректемелер шаруалардың бой көрсетулеріне тән белгілер – стихиялы-лығы мен үйымдастырылғанын, күрестің айқын мақсаттары болмағанды-ғын аңғаруға көмектеседі, алайда, көзімен көргендер көтерлістің негізгі себептері Кіші жүздегі жер мәселесінің шиеленісінде деп біледі.

Деректемелердің төртінші тобына Қазақстан мен Сібір аумағына әзірленген маршруттар бойынша ғылымды жан-жақты біліммен және мәліметтермен байытқан, Ресей қол астына қаратқан өлкенің өндіргіш күштері мен экономикасын зерттеуге зор көмек көрсеткен, сондай-ақ XVIII ғасырдағы қазак қоғамының әлеуметтік-саяси құрылымы туралы құнды мәліметтер әкелген 1768–1774 жылдардағы академиялық экспедициялардың нәтижелері жатады.<sup>211</sup>

Кейінректе КСРО ғА мұрағатының басылымдарында шыққан мате-риалдар олардың сипаты, зерттеулер қамтыған аудандардың басшы құра-мы туралы мағлұматты көп жағынан толықтырып, көңіле түседі. Ал онда сол экспедицияларға қатысуышылар еңбектерінің толық тізімі жариялан-ған.<sup>212</sup>

XIX ғасыр деректемелерінің ақпаратына тән ерекшелік көтерлістердің бірнеше ошактарының тууы болды. Бекей Ордасындағы шаруалардың Иса-тай Тайманов бастаған 1836–37 жылдардағы бой көрсетуімен бір мезгілде дерлік Орта жүз бен Кіші жүзде патша өкіметіне қарсы Кенесары Қасы-мов бастаған көтерліс (1837–1847) бүрк ете түсті, кейінректе 1856–57 жылдарда Жанқожа Нұрмұхамедов басқарған Сыр өнірі қазактары тәуел-сіздік жолындағы құреске көтерілді, ал 1855–58 жылдарда Кіші жүз аумағында Есет Көтібаров басшылық еткен қазактар Орынбор жазалау отряд-тарына қарсы кимыл жасады. Қазақ шаруалары бой көрсетулерінің ара-сында ұзактығы жөнінен де, қарқындылығы жөнінен де айырмашилық болды. Алайда құжаттар бұл көтерлістердің негізгі құші өз бостандығы мен дербестігін корғаған қазақ шаруалары болғандығын растайды. Қазак-тар және олардың өз жерін Ресейге қосу аяқталғанға дейінгі өкімет орын-дарына қарсы бой көрсетулері туралы алуан түрлі фактілер бар бірқатар тарихи материалдар жалпы Түркістанды жаулап алуға қатысты ертеректе жарық көрген жарияланымдарда оқырмандар назарына жеткізілді.<sup>213</sup>

1930 жылдарда кеңестік тарих ғылымында патшалық Ресейдің ұлттық шет аймактарындағы азаттық қозғалыстарының тарихы архив (мұрағат) материалдары бойынша іздестірілді. Мұрағатшылар көтерліс мәселелерін және Исатай Таймановтың патша мен ханның билік орындарымен көтерліс кезеңіндегі өзара қатынастарындағы жеке рөлі көрсетілетін бірнеше құжат жариялады. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің қорларында жинақталған құжаттар мен материалдар жинағында Бекей Ор-дасындағы көтерліс мейлінше толық деректі көріністапты.<sup>214</sup> Қазақ және орыс тілдеріндегі құжаттар көтерліс туралы біздің білімізді толықты-

ра түседі және Бөкей Ордасындағы қазақ қоғамының қалың тобы наразылығының себептерін, көтеріліс қамтыған аумакты, көтерілісшілердің әлеуметтік және рулық құрамын, құрестің қын-қыстау жағдайларында Исадай Таймановтың жалтақтық көрсетуінің негізгі сырын, патшалық өкімет орындарының Жәңгір ханмен хат алысуының басты себептерін, олардың халық бұқарасымен күресінің әдістерін және басқа мәселелерді неғұрлым толық анықтауға мүмкіндік береді.

Он жылдай уақытка созылған және үш жүздің едәуір бөлігін қамтыған, Кенесары Қасымов бастаған көтерілістің тарихы бойынша біздің колымызда «Қазақ халқының Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық күресі» (А., 1996) деген құжаттар жинағы бар. Онда 1837–1855 жылдар кезеңіне қатысты материалдар мен құжаттар жинакталып, археогеографиялық түрғыдан баяндалған. Олар көтерілістің барысын, онда іске қосылған күштерді жан-жакты анықтауға мүмкіндік береді, көтерілісшілер жағындағы ең белсенді рулардың нақты атаулары беріледі. Кенесары Қасымовтың император Николайға көтерілісшілердің негізгі талаптары айтылған хаты мазмұны жөнінен қызықты. Батыс Сібір губернаторына жолданған хаттарда көтерілісшілердің бағдарламалық талап-тілектері айтылған. Материалдарда көтеріліс басшысының белгілі бір нақты ұрыс қимылдарындағы тактикалық ойларын, көтерілісшілердің Ұлы жүз жеріне, Шу мен Іле жағалауларына кету себептерін, қазақ халқына қарсы жазалау отрядтарының белсенділігін, соңғы шайқастарды және Кенесары Қасымовтың қаза табуының мән-жайлары ашып көрсетіледі. Сонымен көтерілістің тарихы мен оған қатысуышылардың рөлі жөнінде әр кезде және әр түрлі басылымдарда жарияланған жекелеген үзінділер енді құжаттардың арнаулы жинағымен елеулі түрде толықты, ол елеулі және өмірлік тақырыпты игеруде пайда болған бос орынды едәуір толықтырады. Сыр өнірі қазақтары кішкене-шекті руларының Жанқожа Нұрмұхамедов және Есет Көтібаров бастаған көтерілісі туралы деректі материалдардың жариялануы жөніндегі жағдай да осындай. Қазақстанның Ресейге қосылуы кезеңіндегі, XVIII–XIX ғасырлардағы халық-азаттық қозғалысының әр түрлі кезеңдерінің деректі базасы бұдан кейін де игеруді күтіп тұр, мұның өзі маңызды тақырыпты зерттеуде теориялық-методологиялық көзқарас әзірлеуге белгілі бір дәрежеде әсер етеді.

XX ғасырдың 80-жылдарында деректі құжаттар Қазақстанның Қытаймен өзара қатынастарын көрсететін бірқатар жинактармен толықты, оларда қытай және түрік тілдерінен аударылған мәтіндер келтірілген. Көлемді жинактардың бірі «Цин империясы және қазақ хандықтары. XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдың алғашкы үштен бірі. 1–2-бөлім» деген атаумен шықты. Құжаттар мен материалдар жинағы Абылай мен оның ұрпақтарының қызметі туралы тарихи мәліметтерді толықтыра түседі, қазақ-қытай қатынастарының алуан түрлі болғанын көрсетеді.

XIX ғасыр қазақтардың мәдени өміріндегі түбірлі өзгерістермен ерекше болды. XIX ғасырдың бірінші жартысында Орынбор мен Омбыда кадет корпустары ашылып, оларға қазақ шонжарларының балалары қабылданды. XVIII ғасырдың соңғы ширегінде жұмыс істеген азиялық мектептер қатарына хатшылар мен тілмаштар даярлайтын арнаулы мектептер, зайдырылы мектептер, қалалық училищелер, орыс-қазақ мектептері қосылды. Еуропалық үлгіге жақындағылған бұл оку орындарында білім алған жас-

тар кейіннен өз білімін қазак қоғамы өмірін жақсарту ісіне барынша қолдануға үмтүлды. Оларды қоғам өмірінің арнаулы-саяси және шаруашылық жақтары ғана толғантып қойған жок, олар айналадағы қызметті ғылыми тұрғыдан ұғынуға өз үлестерін қосуға үмтүлды және үлес кости. Сондықтан зиялыштардың жаңа ұрпағының, қазак қоғамының өз топырағынан шықкан, онымен накты тұрмыс арқылы етене байланысты аса көрнекті өкілдерінің шығармашылық мұрасы XIX ғасырдағы деректеметануға ірі үлес болып қосылды. Бұл ең алдымен Ш. Уәлихановтың (1835–1865) туындыларына қатысты.<sup>215</sup> Оның еңбектерінде Қазақстанның, Орта Азия мен Шығыс Түркістан халықтарының тарихына терең ынта-ықылас білдірілген. Олардан біз қазақ және қырғыз халықтарының шықкан тегі, қазақ қоғамының әлеуметтік және саяси құрылымы, қазақ халқының жонғар агрессиясына қарсы азаттық күресі, Қазақстанның Ресейге қосылуы мәселелері жөнінде өмбебап мәліметтер аламыз және патша өкіметінің қазақ даласында өзін орнықтыру жолындағы саясатына оның накты, белсенді көзкарасын сезінеміз. Ш. Уәлиханов еңбектерінің нақосы қасиеттері олардың қазақ ғалымдарының: филологтардың, философтардың, заңгерлердің, экономистердің, тарихшылардың және жаратылыстарының өкілдерінің зерттеулеріндегі деректемелік сипатын анықтап берді. Ирі қайраткерлердің саңлақтар тобын Ы. Алтынсарин, М. Бабажанов, К. Халид, С. Жантөрин, Т. Сейдалин және басқалардың есімдері жағастырады.<sup>216</sup> Олардың әр түрлі басылымдар мен мерзімді баспасөзде жарияланған еңбектері қазақтардың сан қырлы өмірін, әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктерін, ойлау үлгісі мен кәсібін бейнелейді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы алдыңғы қатарлы адамдардың шығармашылық мұрасында Абай Құнанбаевтың еңбектері ерекше орын алады.<sup>217</sup> Оның туындылары және оларға өзек болып, көктей өтетін проблемалар ауқымы – орыстың демократиялық мәдениетінің, ал сол арқылы дүниежүзілік мәдениеттің жан-жақты ықпалын бастан кешіруші қазақ әлеуметтік топтары рухани өмірінің аса бай көзі. Абайдың поэтикалық шығармаларынан басқа, тарихи тақырыптағы: «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» деген бірқатар туындылары бар. «Карасөздерінде» автор тарихи тақырыпқа талай рет соғады. Абай Құнанбаевтың шығармашылығы қазақ халқы рухани мәдениетінің баға жетпес ескерткіші және зерттеушілер үшін бағалы дерек көзі болып табылады.

XIX–XX ғасырлар шебінде қазақтардың шаруашылығы жөнінде мәліметтер бар деректі жарияланымдар пайда болды. Бұлар – қазақ қоғамының мал шаруашылығы, тұрмысы, әлеуметтік құрылымы туралы мол статистикалық материал бар жинақтар, ең алдымен бұлар – 1896–1900 жылдарда Дала өлкесінде жұмыс істеген статистик Ф. А. Щербина басшылық еткен арнаулы экспедицияның материалдары.<sup>218</sup> Экспедицияның міндеті көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарға қажетті жер көлемін белгілеу және оның қоныстандыру қорына алынатын көлемін анықтау болатын. Щербина зерттеуінің саяси бағыты өбден айқын, бірақ оның материалдары қазіргі күндерде де өз құндылығын жойған жок.

Самодержавиенің аграрлық мәселені шешудегі, сондай-ақ далада жерді межелеу жөніндегі қоныс аудару қозғалысы мен отаршылдық саясаты К. К. Пален ревизиясының есептерінде көрініс тапқан.<sup>219</sup> 1907–1910 жылдарда қоныс аудару басқармасы Жетісу облысының 138 989 қазақ және 2700 қоныс

аударушылар шаруашылықтарына тексеру жүргізді, оны П. П. Румянцев басшылық еткен экспедиция жүргізген еді.<sup>220</sup> Қазақ қоғамы өмірінің кейбір әлеуметтік-экономикалық жақтары басқа да халықшылдар өкілдерінің еңбектерінде көрсетілген. Олардың мұдделерін айқын білдіруші В. И. Семевский болды.<sup>221</sup> Оның зерттеулерінен біз Сібірдің алтын өндіретін кәсіпорындарындағы қазактардың жағдайы туралы мағлұматтар табамыз. Семевскийдің еңбектеріндегі және кең округтерін басқарған инспекторлар А. Сборовскийдің, В. Коцовскийдің, В. Павловскийдің очерктеріндегі жұмысшылардың саны және олардың еңбек жағдайлары туралы нақты материал тарихшылар үшін құнды деректеме болып табылады.<sup>222</sup>

Қазақстанның жергілікті мерзімді баспасөзіндегі тарихи материалдар да аз емес. Бұлар – орыс тіліндегі, ал одан соң қазақ тіліндегі газеттер, альманахтар, жинақтар. Олардың жұмысына саны шағын зиялыштар тартылды. Мәселен, атап айтканда XIX ғасырдың соңғы ширегінде «Туркестанские ведомости» (1870–1882), «Акмолинские областные ведомости» (1888–1902) газеттеріне қазақ тілінде қосымшалар шығару жолға қойылды.

Сол кез үшін қазақ тіліндегі ірі мерзімді басылым «Айқап» журналы (1911–1915) болды. Журнал жаңалық, озық қадам атаулыны жақтады, шаруашылықтың жаңа нысандарын және тауар-ақша қатынастарын дамытуды насиҳаттады. Оған қазақ зиялыштарының демократиялық ниеттегі өкілдері: Мұхамеджан Сералин (журналдың баспагері), Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Бақытжан Қаратаев, Жансұлтан Сейдалин, Әбдіғазиз Мұсағалиев және басқалар жазып тұрды.

1913 жылдың ақпанынан бастап 1918 жылдың күзіне дейін «Айқапқа» қарағанда әлдеқайда көп таралыммен Орынборда шығып тұрған газет «Қазақ» газеті болатын. Оның бас редакторы – Ахмет Байтұрсынов, баспагері – Мұстафа Оразаев болды. Газетке Ә. Бекейханов, М. Дулатов, М. Тынышбаев, Ш. Құдайбердиев, Т. Құнанбаев және басқалар үзбей жазып тұрды. Газет беттерінде жарық көрген проблемалардың негізгі және кең ауқымы («Дума және қазақтар», «Дума және соғыс», «Жобаланып жатқан зандар туралы», «Коныстанушылар туралы», «Қазақтар және жер мәселесі», «Шаруашылықтың өзгеруі», «Деннің саулығы, рухтың саулығы», «Аурулар туралы», «Оба жөнінде», «Білім беру туралы», «Қазақша білім беру туралы», «Бастауыш мектеп», «Мектептің мұқтаждары», «Оку уақыты», «Қазіргі соғыс», «Соғыс туралы», «Г. Дума және солдат мәселесі», «Қазақтардан солдат алына ма?») газет мұдделерінің сан қырлы екенін және XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының ішкі және сыртқы өмірінің өміршеш проблемаларына жауап іздестіргенін көрсетті. Газет беттері – қазақтардың шаруашылық, мәдени, рухани және әлеуметтік-саяси тарихының аса бай деректер көзі.

Одан кейінгі жылдарда деректемелерге ынта-ықылас арта тұсті. Оларды жинау, жүйеге келтіру және жариялау жөніндегі жұмыс өріс алды.<sup>223</sup> Көп үзамай И. А. Чекалинский мен С. Асфендияровтың 1916 жылғы көтеріліс туралы алғашқы библиографиялық еңбектері жарияланды.<sup>224</sup> Шығыс еңбекшілерінің революциялық дәстүрлеріне едөуір көніл бөлген «Красный Архив» журналы іздестіру және мақала жариялау жұмысында айтарлықтай рөл атқарды.<sup>225</sup>

1916 жылғы көтерілістің 20 жылдығына қарай Орта Азия мен Қазақстандағы құжаттар коры бірқатар бағалы жарияланымдармен байыды.<sup>226</sup>

Орта Азия мен Қазақстанның Қазан революциясына дейінгі кезеңдегі тарихына арналған Біріккен ғылыми сессияның Қазанға дейінгі Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемаларды зерттеу үшін зор мәнзы болды.<sup>227</sup> Проблемалар кешенінде Орта Азия мен Қазақстанның кеңестік дәуірге дейінгі тарихын кезеңдерге бөлу туралы мәселе ерекше маңыз алды. Бұл сессияда қабылданған кезеңдер: 1. Қазақстан аумағындағы алғашкы қауымдық құрылышы. 2. Қазақстан аумағында феодалдық құрылыштың қалыптасуы мен дамуы. 3. Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы және патриархаттық-феодалдық қатынастардың ыдырауы. 4. Қазақстан Ресейдегі империализм кезеңінде. Кейін бұл кезеңдер 5 томдық «Қазақ ССР тарихы» академиялық еңбегінің негізіне алынды.

Қазақстанның революцияға дейінгі тарихы жөнінде деректі материалдардың басып шығарылуы ғалым-тарихшылар мен Қазақ ССР мемлекеттік мұрағаты қызметкерлерінің ғылыми әлеуеті өскендігінің маңызды көрсеткіші болды.<sup>228</sup>

1916 жылғы ұлт-азаттық құрес тарихының деректемелік базасы кеңейді: КСРО Ғылым академиясының Тарих институты, Бас тарих мұрағат баскармасы, Орта Азия мен Қазақстанның ғылым академиялары аймақтағы 1916 жылғы көтеріліс туралы құжаттарды қорытатын жинақтар жариялады.<sup>229</sup> Құжаттардың көпшілік бөлігі бірінші рет жарияланды, бірақ олардың құрамына бұрын жарияланған материалдар да енгізілді. Жинақ материалдарын мұқият және жан-жақты зерделеу проблеманың фактографиялық негізін өлдекайда кеңейте түсті, патша өкіметіне қарсы ұзакқа созылған, табанды және жанқиярлық құреске Орта Азия мен Қазақстан халықтарының зор үлес косқанын дәлелдейді деп пайымдауға мүмкіндік береді.

Соңғы кезенде «Қаһарлы 1916 жыл» деген құжаттар мен материалдар жинағы шығарылды (А., 1998, I, II т.). «Бұрынғы басылымдармен салыстырғанда, – деп атап көрсетеді оның құрастырушылары, – оқиғалардың географиялық ауқымы кеңейтілді, Қытайдағы босқын-қазақтардың жағдайын және өкімет орындарының оларды қайтару жөніндегі өрекеттерін ашып көрсететін құжаттар топтамасы, сондай-ақ майданға жақын өнірдегі тыл жұмысшыларының жағдайы, олардың қорғаныс жұмыстарына пайдаланылуы туралы материалдар жарияланып отыр» (5-б.). Біздің ойымызша, түп-негізіне қазақ зияльшының өкілдері белсене қатысқан құжаттардың жариялануы екі томның елеулі жетістігіне айналды және бұл деректемелер Ә. Бекейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, М. Тынышбаевтың және басқаларының 1916 жылғы оқиғаларға көзқарастарының мәні мен мазмұнын көрсетеді. Сөйтіп зерттеушілер қазақтардың XX ғасырдың басындағы интеллектуалдық санлақтар тобының көзқарастарын ғана емес, сонымен қатар олардың патша өкіметіне қарсы қазақтардың ұлт-азаттық құресінің ең жоғары өрлеу жылдарындағы практикалық қызметінің толық көрінісін де бейнелейтін, бұрын қол жетпей келген деректемелер алды. Біздің нақосы тұрғыдан қарайтындарымыз: 1916 жылғы 7 тамыздағы № 15 құжат – Торғай, Орал, Ақмола, Семей, Жетісу облыстарының қазақ халқы өкілдерінің тыл жұмыстарына жұмылдыруға және шакыруды жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар жүргізуға халықтың қарсы шығуы туралы жеке кеңесінің хаттамасы; № 2 құжат – 1916 жылғы тамыз – Орынбор губерниялық жандарм басқармасы бастығының агенттік мәліметтер бойынша А. Байтұрсыновтың, Ә. Бекейхановтың және М. Дулатовтың үкіметке қарсы өрекеті туралы Торғай облысының өскери

губернаторы М. М. Эверсманға хабарламасы; 1917 жылдың 5–25 ақпанындағы № 86 құжат – Черняев уезі 4-учаскесі бітістіруші судьясының М. Тынышбаевтан Жетісу облысындағы көтерілістің себептері мен барысы туралы жауап алуының хаттамасы; № 80 құжат – М. Дулатовтың 1917 жылғы 8 қантардағы «Қазақ» газетіндегі мақаласы; 1917 жылғы 25 ақпандағы № 97 құжат – Торғай әскери губернаторының М. Дулатовтың оны земствоның қалалық одактан бұратаналық полкке жіберуіне байланысты қызметі туралы агентуралық мәліметтер хабарланған қатынасы. Қазақ қоғамы сана-сезімінің өскенін білдіруге құқығы бар зиялыштар мұдделерінің кең ауқымын ашып көрсетуге Ә. Бекейхановтың (№ 2 құжат), М. Дулатовтың (№ 9 құжат) жинақта берілген мақалалары мен Қазақстанның бірқатар облыстары бойынша 1916 жылғы көтеріліске қатысушылардың басқа да құжаттары себін тигізеді.

Мәдениет проблемалары жөніндегі деректемелерді сипаттай келгенде, соңғы он жылда зерттеушілердің XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыштарының шығармашылығына жататын жаңа материалдардың мол қорын алғанын айта кеткен жөн. Бұлар – Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, М. Тынышбаев, Ш. Құдайбердиев, М.-Ж. Қөпеевтердің және басқалардың туындылары. Мысалы, Ә. Бекейханов шығармаларының кітабына (Шығармалар. А., 1994) «Қазақ» газеті мен басқа да басылымдарда жарияланған еңбектері енгізілген. Бүкіл материал мынадай бөлімдерге бөлініп берілген: мақалалар, зерттеулер (1913–1917); сол жылдар ішіндегі рецензиялар; аудармалар; Ә. Бекейхановқа құрмет көрсетілген материалдар (оның Семейде болуы туралы, қазактар үшін, соның ішінде тыл жұмыстарынан қайтып оралғандар үшін, оның атынан стипендия беруге және медресе салуға қаражат жинау туралы хабар) ерекше бөліп көрсетілген. Кітап материалдары ғалымның бұрын араб әрпімен жарияланған тұпнұсқа мұрасын қазіргі графикада оқуға, оның мұдделерінің кеңдігі мен интеллектуалдық әлеуетін сезінуге тұнғыш рет мүмкіндік береді. Құрастыруши (М. Қойгелдиев) жинаққа бұрын ғылыми айналымда болмаған мұрафат құжаттарын едөуір мөлшерде пайдалана отырып, қазақ зиялыштарының аса көрнекті өкілінің өмірі мен қызметі туралы кіріспе макала берген. Мұнда көтерілген көптеген мәселелер ой-пікірдің, соның ішінде «Алашорда және Қоқан автономиясы мәселесін түсіндірудің сонылығымен ерекше; ал Ә. Бекейханов ол туралы Қоқанда жарияланған Түркістан автономиясы мен сайланған Түркістан уақытша үкіметі өлкенің байырғы халқының саяси өзін-өзі басқаруының жаңа органдары болды деп жазған еді.

<sup>1</sup> Историческая наука Советского Казахстана (1917–1960 гг.). Очерки становления и развития. А., 1990; *Козыбаев И. М.* Историография Казахстана: уроки истории. А., 1990; *Сонықи.* Историческая наука Казахстана (40–80-е годы XX века). А., 1992.

<sup>2</sup> Құдайбердіұлы Ш. Тұрік, кыргыз-қазақ һәм хандар шежіресі. А., 1991; *Тынышбаев М.* Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925; Златкин И. Я. История Джунгарского ханства. М., 1983; *Мусеев В. А.* Джунгарское ханство и казахи. XVII–XVIII вв. А., 1991; *Сонықи.* Россия и Джунгарское ханство в XVIII в. Барнаул, 1998; *Касымбаев Ж. К.* Под надежную защиту. А., 1989 және басқалар.

<sup>3</sup> Кар.: *Козыбаев М.* Актуальные проблемы изучения отечественной истории //Отечественная история, 1998, № 3; *Сонықи.* «История России есть история страны, которая колонизируется» //Столичное обозрение. 1998, 8 мая; *Сонықи.* Академик К. И. Сатпаев и про-

блемы вхождения Казахстана в состав России. / К. И. Сатпаев и общественные науки Казахстана. А., 1999, 54–73-б.

- <sup>4</sup> Мусеев В. А. Россия и Джунгарское ханство, 105-б.
- <sup>5</sup> Қар.: Қазак ССР тарихы. А., 1957, 1-т., 221–231-б, және т.б.
- <sup>6</sup> Военный сборник, 1852, № 9, 150-б.
- <sup>7</sup> Неделя, 1990, № 7 (1559). Қар.: Козыбаев М. К. История и современность. А. 1991, 140-б.
- <sup>8</sup> Ключевский В. О. Соч., т. 1, 50-б.
- <sup>9</sup> Валиханов Ч. Ч. Избр. произведения в пяти томах. А., 1985, т. 4, 81-б.
- <sup>10</sup> Бұл да сонда. Т. 1, 305-б.
- <sup>11</sup> Абай. Наследники. На перепутье. Сб. А., 1995, 105-б.
- <sup>12</sup> Абай Құнанбаев. Шығармалар. 2 томдық. 1-т., А., 1968, 205-б.
- <sup>13</sup> Букейханов А. Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи / Избранное. А., 1995, 49-б.
- <sup>14</sup> Бұл да сонда.
- <sup>15</sup> Бұл да сонда, 51-б.
- <sup>16</sup> Бұл да сонда.
- <sup>17</sup> Бұл да сонда.
- <sup>18</sup> Бұл да сонда.
- <sup>19</sup> Бұл да сонда, 62-б.
- <sup>20</sup> Галузо П. Г. Туркестан – колония (Очерки истории колониальной политики русского царизма в Средней Азии). М., 1929.
- <sup>21</sup> Бұл да сонда, 59-б.
- <sup>22</sup> Досмухамедов Х. Избр. А., 1998, 33-б. (Ескерту: профессор Халел Досмұхамедовтің Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов көзғалыстарын зерттеудің авторы екені мәлім. (Досмухамедов Х. Қазак батырлары: Исатай, Махамбет, Тайманұлы Исатайдың көзғалысы туралы қысқаша мағлұмат / Халел Досмұхамедұлы. Тандамалы. Избранное. А., 1998, 29–32-б; 33–64-б).
- <sup>23</sup> Абылай хан. Тарихи жырлар. А., 1993, 388-б.
- <sup>24</sup> Рыскулов Т. Р. Собрание сочинений. А., 1997, т. 2, 215-б, 226–232-б.
- <sup>25</sup> Бұл да сонда, 214-б.
- <sup>26</sup> Бұл да сонда, 172-б.
- <sup>27</sup> Асфендияров С. Д. История Казахстана (с древнейших времен). А., -М., 1935, т. 1.
- <sup>28</sup> Дулатова Д. И. Историография дореволюционного Казахстана (1861–1917 гг.). А., 1984; Дашилейгер Г.Ф. В. И. Ленин и проблемы казахстанской историографии. А., 1973; Сулейменов Р. Б. Внешнеполитические связи Казахстана в XVI–XVIII вв. в советской историографии /Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI–XVIII вв. А., 1983; Нұрпейісов К. Н. Алаш һәм Алашорда; Козыбаев И. М. Историческая наука Казахстана; Козыбаев М. К. История и современность; Сонықі. Ақтаңдақтар ақиқаты. А., 1991; Ерофеева И. В. Присоединение Казахстана к России как историографическая проблема /Историческая наука Советского Казахстана (1917–1960 гг.). А., 1990; Артықбаев Ж. О. Казахское общество: традиции и инновации. Караганда, 1993; Сонықі. Этнос және қоғам. XVIII ғ. Караганды, 1995; Сонықі. История Казахстана (двенадцать лекций). Караганда, 1997; Сонықі. История Казахстана в XIX веке. Караганда, 1992; Касымбаев Ж. К. Хан Кене. А., 1993; Сонықі. История города Акмолы, А., 1995; Сонықі. Старший султан Кунанбай Оскенбаев и его окружение. А., 1995.
- <sup>29</sup> Абай. Наследники, 60–61-б.
- <sup>30</sup> Национальные движения в условиях колонизации: Казахстан, Средняя Азия, Северный Кавказ (Материалы Всесоюзного круглого стола). Целиноград, 1991.
- <sup>31</sup> Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін ( очерк). А., 1994, 194-б.
- <sup>32</sup> Негұрлым толық караныз: «Столичное обозрение». 1998, 8 мая.
- <sup>33</sup> Каргалов В. В. Полководцы X–XVI вв. М., 1987, 172-б.
- <sup>34</sup> Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. А., 1961, т. 1, 63-б.

<sup>35</sup> Қар.: *Кузембайулы А.* История дореволюционного Казахстана. А., 1992; *Кузембайулы А., Абилев Е.* История Казахстана (с древнейших времен до 20-х годов XX в.). А., 1996, 176–177, 179-б; *Кузембайулы А., Абилев Е.* Казахстан в XVIII – нач. XX вв. Костанай, 1995; *Касымбаев Ж. К.* Хан Кене. А., 1993; *Сонықи.* История города Акмолы, А., 1995; *Сонықи.* Старший султан Кунанбай Оскенбаев и его окружение; *Ерофеева И. В.* Казахские ханы и ханские династии в XIII – середине XIX вв. /Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. А., 1997, 106–107-б; *Артықбаев Ж. О.* Казахское общество: традиции и инновации.; *Сонықи.* Этнос және қоғам. XVIII ғ.; *Сонықи.* История Казахстана (двенадцать лекций); *Сонықи.* История Казахстана в XIX веке; *Муканов М. С.* Этническая территория казахов в XVIII – начале XX веков. А., 1991; *Сонықи.* Қазақ жерінің тарихы. А., 1994; *Сонықи.* Из исторического прошлого. А., 1998; *Елагин А. С.* Казачество и казачьи войска в Казахстане. А., 1993; *Мәшімбаев С.* Патшалық Ресейдің отарлық саясаты. А., 1994; *Мырзахметов М.* Қазақ калай орыстандырылды. А., 1993.

<sup>36</sup> Уроки Отечественной истории и возрождение казахстанского общества. А., 1998.

<sup>37</sup> *Митропольская Т. Б.* Из истории Семиреченского казачества. А., 1997, 37-б.

<sup>38</sup> *Бұл да сонда*, 57-б.

<sup>39</sup> *Бұл да сонда*, 84-б.

<sup>40</sup> *Терещук В. А.* Рассказы о Кокчетаве. Кокшетау, 1992, 131-б.

<sup>41</sup> *Бұл да сонда*, 148–149-б.

<sup>42</sup> *Левшин А.* Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей, т. 1–3. СПб., 1832.

<sup>43</sup> *Красовский М.* Область Сибирских киргизов, ч. 1–2. СПб., 1868; *Кузминский М.* Краткое статистическое обозрение Западной Сибири //Материалы для статистики Российской империи, ч. I. СПб, 1839; *Ханыков Н.* Географическое обозрение Оренбургской губернии //Материалы для статистики Российской империи, ч. I. СПб., 1839; *Бларамберг И.* Военно-статистическое обозрение земли киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской (Малой) орды Оренбургского ведомства. СПб., 1848; *Люгемейстер.* Статистическое обозрение Сибири, составленное по высочайшему Его Императорского Величества повелению при Сибирском комитете, ч. I–III. СПб., 1854.

<sup>44</sup> *Броневский Е.* Записки о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки, 1830, т. 41, 42, 43; *Вельяминов-Зернов В.* Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России и Средней Азии со времени кончины Абулхаир-хана в 1748–1765 годах. Уфа, 1955; *Гейнс А.* Киргизские очерки //Военный сборник 1866, т. VIII, IX, X, № 1, 6, 7; *Григорьев В.* Оренбургские киргизы и их умение в торговом деле //Народная беседа, 1854, № 1; *Завалишин М.* Описание Западной Сибири. Сибирско-Киргизская степь Оренбургского ведомства. Оренбург, 1865; *Казанцев А.* Описание киргиз-кайсаков. СПб., 1864; *Зеланд Н.* Киргизы //Записки Западно-Сибирского отдела РГО, 1885; *Игнатьев Р.* Киргизы Оренбургского ведомства в XVIII столетии. СПб., 1890; *Гродеков Н.* Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области, т. I. Ташкент, 1889; *Румянцев П.* Киргизский народ в прошлом и настоящем. СПб., 1910.

<sup>45</sup> *Тяжин М.* О хозяйстве ордынцев, кочующих в Зауральской степи //Экономические записки, 1861, № 41; *Васильев Н.* Кочевники Туркестана. Самарканд, 1870; *Чорманов М.* О скотоводстве у киргизов Западной Сибири //Сельское хозяйство и лесоводство. 1883. № 1; *Алекторов А.* Скотоводство киргизов //Оренбургский листок, 1888, № 17–19; *Герн В.* Характер и нравы киргиз-казахов. Скотоводство киргизов. Памятная книга Семипалатинской области. Семипалатинск, 1899; *Добросмыслов А.* Скотоводство в Тургайской области //Сельское хозяйство и лесоводство. Ч. СХХV, СПб., 1894; *Диваев А.* Из области киргизского скотоводческого хозяйства. Ташкент, 1905.

<sup>46</sup> *Венюков М.* Опыт военного обозрения русских границ в Азии. СПб., 1873; *Шахматов Г.* Замечание о хлебопашестве киргиз-кайсаков Средней Орды //Земледельческий журнал, 1832, № 8.

<sup>47</sup> *Сейдалин Т.* О развитии хлебопашства по бассейну реки Тургая //Записки Оренбургского отдела РГО. 1870, вып. I; *Алекторов А.* Земледелие у киргизов //Оренбургский

листок, 1888, № 50–52; Чемак Л. Оседлые киргизы-земледельцы на р. Чу //Записки Западно-Сибирского отдела РГО, кн. XVII. Омск, 1900.

<sup>48</sup> Чорманов М. Киргизские народные обычаи //Семипалатинская областная ведомость, 1871, № 32; Самоквасова Д. Сборник обычного права сибирских инородцев. Варшава, 1876; Загряжский Г. Юридические обычаи киргизов и о народном суде у кочевого населения Туркестанского края. СПб., 1876; Крахалев А. Древний суд биев //Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям, 1888, № 48; Соныки. Суд и следствие у киргизов Сибири //Юридический вестник, 1888, т. XXVIII; Маковецкий П. Е. Материалы для изучения юридических обычаяй киргизов, вып. I–II. Омск, 1886; Максимов Н. Народный суд у киргизов //Юридический журнал. 1897, кн. VIII; Крафт И. Судебная часть в Туркестанском крае и смежных областях. Оренбург, 1898; Добросмыслов А. Суд у киргизов Тургайской области в XVIII и XX вв. Казань, 1904; Мякутин А. Юридический быт киргизов // Труды Оренбургской ученой Архивной комиссии. Оренбург, 1911, вып. XV; Кауфман А. А. Сибирское переселение на исходе XIX в. СПб., 1901; К вопросу о русской колонизации Туркестанского края. СПб., 1903; Седельников Т. И. Борьба за землю в киргизской степи: Киргизский земледельческий вопрос и колонизационная политика правительства. СПб., 1907.

<sup>49</sup> Дильмухамедов Е., Маликов Ф. Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана. А., 1963; Бекмухамедов Е. Б. Цветная металлургия и горное дело дореволюционного Казахстана. А., 1964; Асылбеков М. Х. Развитие сети железных дорог Казахстана в конце XIX – начале XX вв.; Казахстан в канун октября. А., 1968; Турсунова М. Казахи Манышлака во второй половине XIX в. А., 1977; Фридман Ц. Иностранный капитал в дореволюционном Казахстане. А., 1960.

<sup>50</sup> Середа Н. Бунт киргизского султана Кенесары Касымова (1838–1847) //Вестник Европы, 1870–1871, № 8–9; Савичев Н. Исатай Тайманов, старшина Внутренней орды // Уральские войсковые ведомости. 1877, № 1; Потто В. Гибель отряда Рукина // Исторический вестник, 1900, т. 81; Аничков И. Киргизский герой Джанкожа Нурмухамедов // Известия общества археологии при Казанском университете. 1894, т. XII, вып. 3; Юдин П. Адаевский бунт на полуострове Манышлак в 1870 году//Русская старина, 1894, №7, с. 135–156.

<sup>51</sup> Рязанов А. Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость киргизского народа 1797–1838 гг. Оренбург, 1926; Восстание Исатая Тайманова. Ташкент, 1927.

<sup>52</sup> Якунин А. Ф. Революция 1905–1907 гг. в национальных районах России. М., 1949.

<sup>53</sup> Вопросы истории, 1951, № 4.

<sup>54</sup> Бекмаханов Е. Б. Национально-освободительное движение в Казахстане в период русской буржуазно-демократической революции // Вестник АН КазССР, 1950, № 4; Соныки. Рабочее движение в Казахстане в период первой русской революции // Из истории рабочего класса и революционного движения: Памяти академика А. М. Панкратовой. М., 1958; Дашилайгер Г. Ф. Из истории рабочего движения в Казахстане в период первой русской революции // Коммунист Казахстана, 1955, № 8; Соныки. Омско-Петропавловская стачка железнодорожных рабочих в феврале 1907 г. // Изв. АН КазССР, Сер. истории, экономики, философии, права, 1957, вып. 1; Дильмухамедов Е. Д. Революционная борьба рабочих горной промышленности Казахстана в период революции 1905–1907 гг. // Вестник АН КазССР, 1950, № 10; Соныки. Революционное движение горнорабочих Казахстана в начале XX в. (1900–1917). А., 1955.

<sup>55</sup> Кар.: Приймак Н. И. Советская историография первой русской революции 1905–1907 гг. (середина 30-х–60-е годы) // Советская историография классовой борьбы и революционного движения в России. Л., 1967, ч. 2, 39-б.

<sup>56</sup> Қазақ ССР тарихы. А., 1957, 1-т., 481–515-б.

<sup>57</sup> Асылбеков М. Х. Железнодорожники Казахстана в первой русской революции (1905–1907 гг.) А., 1965; Сапаргалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане (1905–1907 гг.), А., 1966; Турсунбаев А. Б. Казахский аул в трех революциях. А., 1967.

<sup>58</sup> Бурмистрова Т. Ю. Ленинская политика пролетарского интернационализма в период образования РСДРП (1890–1903 гг.). М., 1962, 5-б.

- <sup>59</sup> К социализму, минуя капитализм. М., 1974, 18–23-б.
- <sup>60</sup> Смирнова Р. Ф. Революционное движение трудящихся Семиречья в 1905–1907 гг. // Уч. зап. Казгосун-та. Сер. историч., 1962, т. 53, вып.9, 139–140-б.
- <sup>61</sup> Пахмурный П. М. Большевики Казахстана в революции 1905–1907 гг. А., 1976.
- <sup>62</sup> Сулейменов Б. С. Революционное движение в Казахстане в 1905–1907 гг. А., 1977.
- <sup>63</sup> Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. М., 1935, Приложение № 1 Каркаралинская петиция, 94–96-б.
- <sup>64</sup> Грозный 1916 год. Сб. документов и материалов. А., 1998, том I, II; Козыбаев М. К. Казахстан на рубеже веков. А., 2000; Бисенбаев А. К. К вопросу об изучении национально-освободительных движений XIX – начала XX вв. в Казахстане // Казахстан в начале XX века. Сб. статей. А., 1993; Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. А., 1995; Қойғелдиеев М. Алаш қозғалысы. А., 1995; Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сб. статей, вып. 1, 2. А., 1993, 1994 және б.
- <sup>65</sup> Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. А., 1999, 170-б.
- <sup>66</sup> Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане. Ташкент, 1967; Октябрь в Казахстане. А., 1930 және б.
- <sup>67</sup> Толығырак қар.: Козыбаев М. Қ. Жауды шаптым ту байлад. А., 1994; Сонықi. Еще раз о проблемах истории национально-освободительного движения – революции 1916 г. в Казахстане / Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. А., 1994, 3–16-б; Сонықi. Аласұрган XX ғасыр /Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. Сб. статей. А., 1993.
- <sup>68</sup> Козыбаев М. К. Национально-освободительная война 1916 г. в Казахстане: концептуальные проблемы / Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии в 1916 году: характер, движущие силы, уроки. А., 1996, 20–21-б; Алдағұсманов К. С. Национально-освободительное движение 1916 года и крестьянские восстания 1929–1932 гг.: проблемы преемственности / Национально-освободительное движение в Казахстане и Средней Азии, 88-б, 89–94-б.
- <sup>69</sup> Қар.: Артықбаев Ж. Очерк национально-освободительных движений / Казахское общество: Традиции и инновации, 259–303-б.
- <sup>70</sup> Әбсеметов М. М. Міржакып Дулатов. А., 1995; Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері Жакып Ақбаев. А., 1996; Қойғелдиеев М. Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шокайұлы. А., 1997; Первые лица государства: политические портреты. А., 1998 және б.
- <sup>71</sup> Аманжолова Д. А. Казахский автономизм и Россия. М., 1994, 10-б.
- <sup>72</sup> Қар.: Әлихан Бекейхан. Шығ. А., 1994, 93-б.
- <sup>73</sup> Аманжолова Д. А. Қөрсетілген енбегі, 185-б.
- <sup>74</sup> Бұл да сонда, 186-б.
- <sup>75</sup> Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда, 122-б.; Сонықi. Саяси партия болып санала ма / / Казакстан коммунисті, 1990, № 5, 69–75-б; Сонықi. Қос төңкеріс және Алаш қозғалысы // Ақикат. 1992, № 11, 40–42-б; Национально-освободительное восстание 1916 г. и казахская интеллигенция // Ақикат. 1996, № 6; Сонықi. Краткий очерк партии Алаш // Столичное обозрение. 1998, 14, 21, 28 ноября; Сонықi. Общественно-политическая жизнь Казахстана в начале XX в. и национально-демократическая интеллигенция // Отан тарихы. 1998, № 3, 12–20-б.
- <sup>76</sup> Алихан Букейханов. Избранное. А., 1995, 76-б.
- <sup>77</sup> Заки Валиди Тоган. Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-турков за национальное бытие и сохранение культуры, кн. II. Уфа, 1998, 46–165-б.
- <sup>78</sup> Бұл да сонда, 291-б.
- <sup>79</sup> Алихан Букейханов. Избранное, 50-б.
- <sup>80</sup> Бұл да сонда, 73-б.
- <sup>81</sup> Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане. Ташкент, 1967, 205-б.
- <sup>82</sup> Қар.: Очерки Коммунистической партии Узбекистана. Ташкент, 1974, 58-б.

- <sup>83</sup> Заки Валиди Тоган. Воспоминания, кн. I. Уфа, 1994, 264–266-б.
- <sup>84</sup> Назарбаев Н. Э. Тарих толкынында. А., 1999, 173-б.
- <sup>85</sup> Қар.: Есмагамбетов К. Л. Что писали о нас на Западе. А., 1992.
- <sup>86</sup> Stahlin. Russisch Turkestan gestern und heute. В., 1936; Skrine F. h. and Ross E. D. The Heart of Asia. A History of Russian Turkistan and Central Asian Khanates from the earliest times. L., 1899; Krausse A. Russia in Asia. A record and story. 1558-1899. L., N.-Y., 1899; Paquier J.-B. L'Asia Centrale. P., 1876; Hellwald F. Die Russen in Centralasien. Eine studie über die neueste Geographie und Geschichte Centralasiens. Leipzig, 1872, Krahmer G. Russland in Mittelasien. Leipzig, 1898; Schlesinger M. L. Russland im XX Jahrhundert. Berlin, 1898; Blagowieschensky G. Die wirtschaftliche Entwicklung Turkestan, 1913.
- <sup>87</sup> Bacon E. Central Asians under Russian rule. A study in Culture Change. N. Y., 1966; Krader L. Peoples of Central Asia. Bloomington, 1963; Wheeler G. The peoples of Soviet Central Asia. L., 1962; Idem. Russian Central Asia. A Handbook. L., 1967; Olcott M. B. The Kazakhs. Stanford, 1987; Akiner Sh. Islamic Peoples of the Soviet Union. L., 1983; Bennigsen A., Wimbush S. E. Muslims of the Soviet Empire. A Guide. L., 1986 etc.
- <sup>88</sup> Гедин С. Памир–Тибет–Восточный Туркестан. Путешествие в 1893–1897 годах. Пер. со шведского. Т. I. СПб., 1899, 43-б.
- <sup>89</sup> Қар.: Cohrane J. D. A pedestrian Journey through Russia and Siberian Tartary. Edinburgh, 1829, vol. I, p. 120, 125; Lansdell H. Russian Central Asia including Kuldja, Bokhara, Khiva and Merv. In two volumes. L., 1885, vol. I, p. 54, 274; Schuyler E. Turkestan. Notes of a journey in Russian Turkestan, Khokand, Buchara and Kuldja, 2 vols. L., 1876, p. 145–146; Graham S. Through Russian Central Asia. L., 1916, p. 123, 149; Moser H. A Travers l' Asie Centrale. La Steppe Kirghise. P., 1885. Friederichsen M. Reisebriefe aus Russisch Central Asien //Mittelungen der Geographischen Gesellschaft. Hamburg, 1902, Band XVIII etc.
- <sup>90</sup> Paquier J. B. L'Asie Centrale a vol d' oiseau. P., 1881, p. 27-37.
- <sup>91</sup> Dingelstedt N. A. La regime patriarchal et le droit coutoumier des Kirghiz. P., 1891; Его же. Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область, т. 1-2. СПб., 1893-1895.
- <sup>92</sup> Wordell J. In the Kirghiz Steppes. L., 1958; Idem. An account of the happening at Spasskiy in Kazakhstan between 1914-1919 // Central Asian Review. 1964, vol. XII, no 2; Живописное путешествие по Азии. I. III. М., 1840, 108, 109, 163-б; Финиш О. и Брем А. Путешествие в Западную Сибирь. М., 1882, 257-258-б. Оланьон К. Сибирь и ее экономическая будущность. Пер. с фр. СПб., 1905.
- <sup>93</sup> Қар.: Гелльвальд Фр. Естественная история племен и народов, т. I, II, 761-б; Гемтнер А. Как культура распространялась по земному шару. Пер. с нем. Ленинград, 1925, 36-б.
- <sup>94</sup> Grousset R. Histoire de l' Asie. P., 1921; Idem. Les civilisations de l' Orient. T. 1-4. P., 1929-1930; Toynbee A. A study of History, vol. 3. London, 1934, p. 1-227, 395-404, 425-452.
- <sup>95</sup> Қар.: Neumann K. Die Kirghis-Kazaken und ihre Stellung zu Russland // Ausland, 1857, bd. 30? s. 1201-1204, 1230-1233; Fuhrmann F. Die Kirghisen und ihr Leben// Globus, 1869, bd. 15, s. 180-183; Rocca F. de. Deplacement de Kirghiz en ete// Revue de Geographie. 1896. Vol. 39, p. 171-174; Brockel J. The Kirghiz// Scottish Geographical Magazine. 1902, vol. 18, p. 393-406; König W. Zu Fragen der Gesellschafts-organisationen der Nomaden // Die Nomaden in Geschichte und Gegenwart. B., 1981, s. 25-30.
- <sup>96</sup> Krader L. Ecology of Central Asian Nomadism // Southwestern Journal of anthropology. 1955, vol. 12, no 4, p. 301-326; Idem. The Ecology of Nomadic Pastoralism // International Social Science Journal. 1959, vol. XI, no 4, p. 499-510; Idem. The Origin of the State among the Nomades in Asia// Die Nomaden in Geschichte und Gegenwart. B., 1981, s. 71-82.
- <sup>97</sup> Bacon E. Central Asians under Russian rule, p. 31-35, 40 etc.
- <sup>98</sup> Krader L. Social Organization of the Mongol-Turkic Pastoral nomads. The Hague, 1963.
- <sup>99</sup> Ibid, p. 12.
- <sup>100</sup> Idem. Principles and structures in the organization of the Asiatic Steppe pastoralists // Southwestern Journal of anthropology. 1955, vol. 11, no 2, p. 67-92. 100 Fox-Holmes G. The

Social Structure and Customs of the Kazakhs// Central Asian Review. 1957, vol. 1, no 5, p. 5-25;  
*Riasanovsky V. A.* Customary law of the nomadic tribes of Siberia. The Hague, 1965; *Krader L.* Social Organization of the Mongol-turkic Pastoral Nomads; *Olcott M. B.* The Kazakhs, p. 18.

<sup>101</sup> Central Asian Review. 1957, vol. 1, no 5, p. 5.

<sup>102</sup> Feudalism in Kazakhstan. Some difficulties of Marxist Historiography// Central Asian Review. 1961, vol. IX, no 2, p. 126.

<sup>103</sup> *Hudson A.* Kazak Social Structure. Yale Univ. press, 1938; *Schlenger H.* Structurwandelungen Kazakhstans in russischer, insbesondere sowjetischer Zeit // Die Erde. 1958, bd. IV, no 3-4, s. 250-264.

<sup>104</sup> *Riasanovsky V. A.* Op. cit., p. 128-129, 142.

<sup>105</sup> *Olcott M. B.* The Kazakhs, p. 18.

<sup>106</sup> *Krahmer G.* Russland in Mittelasien, s. 7-31, 79; *Morgan E. D.* A Journey through Semiretchia to Kuldja in 1880// Proceedings of the Royal Geographical Society and Monthly Record of Geography. 1881, vol. III, p. 151, 154, 157; *Фини О., Брем А.* Путешествие в Западную Сибирь, 282-6.

<sup>107</sup> Kap.: *Werner E.* Zwei Bemerkungen zum Nomadewesen// Ethnographisch-Archaologische Zeitschrift. 1976, jg. 17, h. 2, s. 295-302.

<sup>108</sup> *Vladimirtsov B.* Le regime social de Mongols. Le feodalisme nomade. P., 1978; Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. А., 1989, 34-6.

<sup>109</sup> Взаимодействие кочевых культур, 3-б.

<sup>110</sup> Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан //Казахстанская правда, 30 июня 1995 г.

<sup>111</sup> *Cottrell Ch.* Recollections of Siberia in the years 1840 and 1842. L., 1842, p. 39-51; *Ferrier J. P.* Caravan journeys and wanderings in Persia, Afghanistan, Turkestan and Beloochistan; with historical accounts lying between Russia and India. L., 1856; *Burnaby F.* A ride to Khiva. L., 1876, p. 367-376; *Lanier L.* L' Asie Centrale. Choix de lectures de Geographic. P., 1899; *Rocca F. de.* Les possesions Russes dans L'Asie Centrale // Revue Britanique. 1877, vol. 3, no 6, p. 389-459; *Stumm H.* Russia in Central Asia. Historical Sketch of Russia's progress in the East up to 1873. L., 1885; *Wartenbury G.* de La penetration Russe en Asie. P., 1900 etc.

<sup>112</sup> *Hill S. S.* Travels in Siberia. L., 1854, vol. I, p. 195; *Trench F.* The Russo-Idian question. L., 1869, p. 1; *Towle G. M.* The Russians in the East // The Atlantic Monthly. (Boston), 1875. July, p. 71-72; *Curzon G. N.* Russia in Central Asia in 1899 and the Anglo-Russian question, 2nd ed. L., 1899, p. 392; *Schierbrand W. Ph.* Russia: Her strength and her weakness. A study of the present conditions of the Russian Empire. N. Y., 1904, p. 13, 25 etc.

<sup>113</sup> *Bouldger D. Ch.* England and Russia in Central Asia, vol. I. L., 1879; *Idem.* Central Asian questions. Essays on Afghanistan, China and Central Asia. L., 1885; *Krausse A.* Russia in Asia. A Record and Study. 1558-1889. L., 1899; *Scrine F. H.* The Expansion of Russia. 1815-1909. L., 1903.

<sup>114</sup> *Courant M.* L' Asie Centrale aux XVIIe et XVIIIe siecles. Empire Kalmouk ou Empire Mantchou? Lyon; P., 1912, p. 66, 126, 128.

<sup>115</sup> *Венюков М.* Новые английские сочинения о Средней Азии // Русский инвалид. 1876, N 234.

<sup>116</sup> *Raeff M.* Siberia and the reforms of 1822. Seattle, 1956, p. 27, 67, 106.

<sup>117</sup> *Raeff M.* Patterns of Russian Imperial policy towards the nationalities // Soviet nationality problems. N. Y., L., 1971, p. 28-30, 38-40.

<sup>118</sup> *Hoetzsch O.* Russland in Asien. Stuttgart, 1966, s. 25-27, 47-49, 101-102.

<sup>119</sup> *Pierce R. A.* Russian Central Asia 1867-1917. A study in colonial Rule. Berkeley, Los Angeles, 1960, p. 13; *Idem.* The Russian conquest and administration of Turkestan// *Hambly G.* (ed.). Central Asia. N. Y., 1969, p. 208-216.

<sup>120</sup> *Riasanovsky N. V.* Old Russia, the Soviet Union and Eastern Europe// The American Slavic and East European Review. Oct. 1952, vol. XI, no 3, p. 171-182.

<sup>121</sup> *Sarkisyanz E.* Geschichte der orientalischen Volker Russland bis 1917/ Vorwort von B. Spuler. Munchen, 1961, s. 324-329; *Idem.* Russian Conquest in Central Asia //Russia in Asia. Ed. by W. Vucinich. Stanford, 1972, p. 248-288.

- <sup>122</sup> Golczewski F. Russlands zentralasiatische Expansion im Lichte der neueren Sowjetischen Geschichtsinterpretation // Osteuropa. 1980, no 6, s. 481-493.
- <sup>123</sup> Kap.: Noddle B. La formation de l' Empire russe: Etudes; notes et documents, bd. 1-2, p., 1952-1953; Rywkin M. (ed.). Russian Colonial expansion to 1917. L., N.-Y., 1988.
- <sup>124</sup> Central Asia: A Century of Russian rule. N. Y., L., 1967, p. 11, 50, 52.
- <sup>125</sup> Riasanovsky V. A. Customary law of the nomadic tribes, p. 71; Pares B. A history of Russia. L., 1947, p. 291-293; Central Asia. 120 years of Russian Rule. Durham, London, 1989.
- <sup>126</sup> Towle G. The Russians in the East, p. 72.
- <sup>127</sup> Lantzeff G. V., Pierce R. Eastward to Empire. Exploration and conquest on the Russian open Frontier to 1750. Montreal, L., 1973.
- <sup>128</sup> Riess Ch. A. The History of the Kalmyk Khanate to 1724. Ph. D. Diss. Indiana University, 1983; Khodarkovsky M. Kalmyk-Russian relations, 1670-1679. Development of a Pattern of relations between nomads and sedentary societies//Central Asian Survey. 1983, vol. 2, no. 3, p. 5-36; Idem. Uneasy alliance: Peter the Great and Ayuki Khan // Ibid. 1988, vol. 7, no. 4, p. 1-45; Idem. Russian peasant and Kalmyk nomad: a Tragic encounter in the middle of the XVIIIth century// Russian history. 1988, vol. 15, p. 43-69; Idem. The arrival of the Kalmyks and the Muscovite Southern Frontier, 1600-1700// Ibid, s. 225-254.
- <sup>129</sup> Sokol E. D. Volga Cossacks// Modern Encyclopedia of Russian and Soviet History. Ed. by Joseph L. Wieczynski. 1986, vol. 42, s. 225-230; Idem. Yaik Cossacks// Ibid. 1987, vol. 44, s. 144-151; Seaton A. The horsemen of the Steppes: The story of the Cossacks. L., 1985; McNeal R. H. Tzar and Cossack, 1855-1914. Oxford, 1987.
- <sup>130</sup> Donelly A. S. The Russian Conquest of Bashkiria. 1552-1740. New Haven. L., 1968; Idem. Peter the Great and Central Asia// Canadian Slavonic Papers. 1975, vol. 17, no 2-3, p. 202-217; Idem. The Mobil Steppe Frontier: Russian Conquest and Colonization of Bashkiria and Kazakhstan to 1850// Russian Colonial Expansion to 1917, p. 189-207; Collins D. N. Russia's Conquest of Siberia: Evolving Russian and Soviet Historical Interpretation// European Studies Review. 1982, vol. 12, s. 17-44; Russia's Conquest of Siberia 1558-1700// To Siberia, bd. I. 1985; Yaroshevski D. V. The Attitude of Katherine II toward nomads of the Russian Empire// Fourth International Conference on 18th Country Russia. Hoddeston, 1989; The History of Siberia. From Russian Conquest to Revolution. Ed. by A. Wood. L., N. Y., 1991.
- <sup>131</sup> Bodger A. Abulkhair, khan of the Kazakh Little Hosde and his oath of allegiance to Russia of October 1731// The Slavonic and East European Review, vol. 58, no 7. January 1980, p. 40.
- <sup>132</sup> Ibid, p. 41-42.
- <sup>133</sup> История Казахстана с древнейших времен. Под ред. С. Д. Асфендиярова, т. I. А., 1935; Лебедев В. Из истории завоевания Казахстана царской Россией (1730—1732)// Борьба классов. № 10. М., 1936, 60—65-6.
- <sup>134</sup> Вяткин М. П. Очерки истории Казахской ССР. Л., 1941, 131—132-6.
- <sup>135</sup> Bodger A. Op. cit., p. 44, 45.
- <sup>136</sup> Добросыслов А. И. Материалы по истории России. Оренбург, 1900, т. I, 97—98-6.
- <sup>137</sup> Bodger A. Op. cit., p. 47.
- <sup>138</sup> Ibid, p. 48.
- <sup>139</sup> Ibid, p. 48-55.
- <sup>140</sup> Ibid, p. 57.
- <sup>141</sup> Wheeler G. The Modern History of Soviet Central Asia. L., 1964, p. 51-55; Kurat A. N. Tsarist Russia in Central Asia// Cambridge History of Islam, vol. I. Cambridge, 1970; Rewriting Russian History. Soviet Interpretation of Russia's Past. Ed. K. Black 2nd ed. N. Y., 1962, p. VII; Tillet L. The Great Friendship: Soviet Historians on the non-Russian nationalities. Chapel H. 1969, p. 70-71, 230-238 etc.
- <sup>142</sup> The Islamic Review. July 1955, vol. XLIII, no 7, p. 28-31.
- <sup>143</sup> Rewriting Russian history, p. 117.
- <sup>144</sup> Rywkin M. Russia in Central Asia. N.-Y., L., 1963, p. 94.

- <sup>145</sup> Krausse A. Russia in Asia, p. 141.
- <sup>146</sup> Hubbart B. M. Russia as a civilising force in Asia// Atlantic Monthly, 1895, no 2; Rickmers W. R. The Duab of Turkestan. Cambridge, 1913, p. 12; Graham S. Through Central Asia, p. 66; Petzoldt A. Turkestan. Leipzig, 1874; *Idem*. Umschau im Russischen Turkestan. Gera, 1876.
- <sup>147</sup> Blanc E. Le notes de voyage en Asie Centrale// Revue des deux mondes, p., 1895, T. CXXIX, p. 902-954.
- <sup>148</sup> Schwartz Fr. V. Turkestan die Wiege der indogermanischen Völker. Freiburg im Breisgau, 1900, s. 606.
- <sup>149</sup> Русский Туркестан. 1901. 28 февр.-13 марта.
- <sup>150</sup> Friederichsen M. Überland und Leute russischen Kolonisationsgebiete des Generalgouvernements Turkestan// Geogr. Zeitschr., 1903; Hoetzschi O. Russisch-Turkestan und die Tendenzen der heutigen russischen Kolonialpolitik// Jahrbuch für Gesetzgebung, Vorwaltung und Volkswirtschaft im deutschen Reich. Leipzig, München, 1913, bd. 37, s. 903-941, 1427-1473; Janger R. Das Problem der Europaisierung orientalischer Wirtschaft von Russisch Turkestan. Weimar, 1915.
- <sup>151</sup> Kap.: Mackenzie D. Kaufman of Turkestan: an assessment of his administration, 1867-1881// Slavic Review. June 1967, p. 265-285; *Idem*. Schuyler: Honourable but misled// *Ibid.* 1968, vol. 27, no 1, p. 124-131.
- <sup>152</sup> Siscoe F. Eugene Schugler, General Kaufman and Central Asia// Slavic Review, vol. XXVIII, no 1. March 1968.
- <sup>153</sup> Baron S. H., Heer N. W. (ed.). Windows on the Russian Past. Columbus, 1977; Rywkin N. (ed.). Russian Colonial Expansion to 1917. L., N.-Y., 1988; Allworth E. (ed.). Central Asia: 120 years of Russian rule. Durham, L., 1989.
- <sup>154</sup> Williams D. Native Courts in Tzarist Central Asia// Central Asian Review. 1966, vol. XIV, no 1, p. 6-19; *Idem*. Taxation in Tzarist Central Asia// *Ibid.* 1968, vol. XVI, no 1, p. 51-63; *Idem*. Imperial Russian Rule in Turkestan. The Pahlen Investigation, 1908-1909// Asian Affairs. 1971, vol. 11, p. 173-179; *Idem*. Fiscal Reform in Turkestan// Slavic and East European Review. 1974, vol. 52. No 128, p. 382-392; Bensidoun S. Asie Centrale et la Russie au milieu du XIX siecle // Revue Historique. 1958, t. 2206, no 2, p. 135-148.
- <sup>155</sup> The American Slavic and East European Review. 1961, vol. XX, no 2, p. 325.
- <sup>156</sup> Pierce R. Russian Central Asia, 1867-1917: A study in Colonial Rule. L., 1960, p. 305.
- <sup>157</sup> Demko G. J. The Russian Colonisation of Kazakhstan, 1816-1916. Bloomington, 1969; Williams D. Russian Peasant Settlement in Semirechye// Central Asian Review. 1966, vol. XIV, no 2, p. 110-116; Senkovsky S. Pan-Turkism and Islam in Russia. Cambridge, 1960, p. 68-69; Pierce R. Op. cit., p. 108, 120-138.
- <sup>158</sup> The Kazakhs and Pugachev's Revolt// Central Asian Review. 1960, vol. XVIII, no 3, p. 256-263; Russia and the Kazakhs in the XVIIIth and XIXth centuries// Central Asian Review. 1957, vol. 5, n. 4, p. 358; Krader L. Peoples of Central Asia. Bloomington, 1963, p. 100; Allworth E. (ed.). Central Asia. A century of Russian rule. N.-Y., L., 1967, p. 17 etc.
- <sup>159</sup> Sarkisyanz E. Geschichte der orientalischer Völker Russlands bis 1917. München, 1961, s. 327-328.
- <sup>160</sup> Czaplica M. A. The Turkis of Central Asia in history and the present day. Oxford, 1918, p. 17.
- <sup>161</sup> Pierce R. A. Russian Central Asia, 1867-1917: A study in Colonial rule. Berkeley, 1960, p. 291; Krader L. Peoples of Central Asia, p. 108; Spector I. The Soviet Union and the Muslim World, 1917-1958. Seattle, p. 31; Zenkovsky S. Pan-Turkism and Islam in Russia. Cambridge, 1960, p. 135-138.
- <sup>162</sup> Sokol E. D. The revolt of 1916 in Russian Central Asia. Baltimore, 1954, p. 14.
- <sup>163</sup> *Ibid.*, p. 33.
- <sup>164</sup> The American Slavic and East European Review, 1955, vol. 14, no 4, p. 552.
- <sup>165</sup> Yang R. Sinkiang under the administration of Yang Tseng-Hsin, 1911-1928// Central Asiatic Journal. 1961, vol. VI, no 4, p. 270-316.

- <sup>166</sup> Kappeler A. Russlands als vielvölkerreich: Entstehung, Geschichte, Zerfall. München, 1992, s. 287.
- <sup>167</sup> Olcott M. B. The Kazakhs, p. 126.
- <sup>168</sup> Қар.: Фини О. и Брем А. Путешествие в Западную Сибирь, 99–100-б; Zaleski B. La vie des steppes Kirghizes Descriptions, recits contes. P., 1865. Atkinson T. W. Oriental and Western Siberia... L., 1858; Bonvalot G. Du Kohistan a la Caspienne. P., 1885, p. 152; Schuyler. Turkistan, vol. 2. p. 121; Ujfalvy-Bourdon M. De Paris a Samarkand, le Ferghana, le Kouldja et la Sibérie occidentale. Impressions de voyage d'une parisienne. P., 1880, p. 260-290; Свен Г. В Центральной Азии. Путешествие ... в 1893–1897 гг. в Памир, Тибет и Восточный Туркестан. СПб., 1899, 17-6.
- <sup>169</sup> Карутиц Р. Среди киргизов и туркмен. Пер. с нем. СПб., 1910, 122–123, 145–147-6.
- <sup>170</sup> Бүл да сонда, 75-6.
- <sup>171</sup> Capus G. A Travers le royaume de Tamerlan. Voyage dans la Sibérie occidentale, le Turkistan, la Boukharie, aux bords de l'Amou-Daria. P., 1892, p. 26-66; Hoetzsch O. Russisch-Turkestan. Jg. Cst. 2-3; Bacon E. Central Asians under Russian rule, p. 101-103; Zenkovsky S. A. Kulturkampf in pre-revolutionary Russia// The American Slavic and East European Review. 1955, vol. XIV, no 1, p. 18-19.
- <sup>172</sup> D'Encausse H. C. Tzarist education Policy in Turkestan 1867-1917// Central Asian Review. 1963, vol. XI, no 4, p. 374-394.
- <sup>173</sup> Saussay J. Il'mynkij et la politique de russification des Tatars 1856-1891// Cahiers du monde russe et soviétique. 1967, vol. 8, s. 404-426. Blank S. National education, Church and State in Tzarist Nationality Policy: The Il'mynski system// Canadian-American Slavic Studies. 1983, vol. 17, s. 466-486.
- <sup>174</sup> Kreindler I. Nikolai Il'mynski and Language planning in the XIXth - Century Russia// International Journal of the Sociology of Language. 1979, vol. 22, p. 5-26; Idem. Education in Central Asia// Central Asian Survey. 1982, vol. 1, no 1. p. 111-124; Idem. I. Altynsarın, N. Il'mynski and the Kazakh National Awakening// Ibid. 1983, vol. 2, no 3, p. 99-116.
- <sup>175</sup> Pierce R. Russian Central Asia, p. 250-251; Bacon E. Op. cit., p. 101-103; D'Encausse H. C. The Stirring of National feeling// Allworth E. (ed.) Central Asia. 120 years of Russian Rule. Durham, L., 1989, s. 172-179.
- <sup>176</sup> Қар.: Central Asian Review. 1966, vol. XIV, no 1, p. 27-29. 1954, vol. 11, no 4, p. 352-353. Winner T. G. The Oral Art and Literature of the Kazakhs of Russian Central Asia. Durham, 1958, p. 101-115; Hrebicek L. Euphony in Abai Kunanbayev's Poetry// Asian and African Studies. 1965, no 1, p. 123-130; Idem. Alliterations in Abai Kunanbayev's Poetry// Archiv Orientalni. 1965, vol. 33, no 1, p. 67-72.
- <sup>177</sup> Zenkovsky S. A. Pan-Turkism and Islam in Russia. Cambridge (Mass.), 1960, p. 61.
- <sup>178</sup> Olcott M. B. The Kazakhs. p. 105-107.
- <sup>179</sup> Bennigsen A., Lemercier-Quelquegey Ch. The History of the Kazakh press, 1900–1920// Central Asian Review. 1966, vol. XIX, no 2, p. 160; Olcott M. B. The Kazakhs, p. 118.
- <sup>180</sup> Тынышпаев М. Великие бедствия. (Актабан-шұбырынды) История казахского народа. А., 1993, 176-б.
- <sup>181</sup> Халид Қ. Тауарих хамса (бес тарих). А., 1992, 50-б.
- <sup>182</sup> Құдайбердіұлы Ш. Тұріқ, қыргыз-казак һәм хандар шежіресі. А., 1991, 9–10-б.
- <sup>183</sup> Қоңеев М.-Ж. Таңдамалы. А., 1992, 77-б.
- <sup>184</sup> Утемиши-хаджи. Чингиз-наме. А., 1992, 33-б.
- <sup>185</sup> Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. СПб., 1832, ч. 2, 69-б.
- <sup>186</sup> Құлтөбенің басында күнде кеңес туралы Мырза Мұхаммед Хайдар Дуглат та «Тарихи Рашидиде» жазған.
- <sup>187</sup> Құдайбердіұлы Ш. Қөрсетілген еңбегі, 96-б.
- <sup>188</sup> Халид Қ. Тауарих хамса, 104-б.

- <sup>189</sup> Очерки истории Калмыцкой АССР. Дооктябрьский период. М., 1967, 109-б.
- <sup>190</sup> Тынышбаев М. Аталған еңбек, 88–89-б.
- <sup>191</sup> П. И. Рычковтың деректері бойынша («Топография Оренбургская». изд. Оренб., 1897, 27-б) жонғар иеліктері 480-ендікке дейін жеткен (Балқаш маңы).
- <sup>192</sup> Шақшақұлы ер Жәнібек. Жәнібек тархан. А., 1994, 207-б.
- <sup>193</sup> Левшин А. И. Көрсетілген еңбегі, 70–71-б.
- <sup>194</sup> Бұланты шайқасы. Қарағанды, 1998. Кітапта «Бұланты шайқасына» байланысты естелік орындар туралы бірқатар суретті материалдар бар. «Қалмаққырылғанға» жақын жерде атакты «Қара сүйір» алкабы жатыр, онда да казак-ойрат шайқасы болған.
- <sup>195</sup> Қөпейұлы М.-Ж. Қазақ шежіресі (колжазба нұсқасы), 35-б.
- <sup>196</sup> Бұл да сонда, 37-б.
- <sup>197</sup> Валиханов Ч. Ч. Аблай /Собр. соч. в 5-ти томах, т. 4. А., 1985, 116-б.
- <sup>198</sup> Валиханов Ч. Ч. Исторические предания о батырах XV /Собр. соч. в 5-ти томах, т. 1, А., 1984, 216–222-б.
- <sup>199</sup> Халид К. Тауарих хамса, 105-б.
- <sup>200</sup> Қөпейұлы М.-Ж. Қазақ шежіресі (колжазба нұсқасы), 71-б.
- <sup>201</sup> Бұл да сонда, 23-б.
- <sup>202</sup> Бұл да сонда, 27-б.
- <sup>203</sup> Құдайбердіұлы Ш. Аталған еңбек, 33-б.
- <sup>204</sup> Қөпейұлы М.-Ж. Қазақ шежіресі, 61-б.
- <sup>205</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч., в пяти томах, т. 4. А., 1985, 113-б.
- <sup>206</sup> Абылай хан. Тарихи жырлар, т. 1. А., 1993, 357-б.
- <sup>207</sup> Посольство к зунгарскому хун-тайджи Цэван-Рабдану капитана от артиллерии Ивана Умсовского и путевой журнал его за 1722–1724 гг. Записки ИРГО по отдел. этнографии. СПб., 1887, т. X, вып. 2. Разные бумаги ген.-майора А. Тевкелева об Оренбургском крае и киргиз-кайсацких ордах. 1762 г. /Временник императорского Московского общества истории и древностей Российских. М., 1852; Памятники Сибирской истории XVIII в., кн. I. СПб., 1882, кн. 2. СПб., 1885.
- <sup>208</sup> Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. А., 1961. Казахско-русские отношения в XVIII–XIX вв. А., 1964.
- <sup>209</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, т. I. А., 1960.
- <sup>210</sup> Материалы по истории Казахской ССР, т. IV. М.-Л., 1940.
- <sup>211</sup> Рычков Н. П. Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкие степи в 1771 г. СПб., 1772. Паллас С. П. Путешествия по разным провинциям Российской империи, ч. 1–3. СПб., 1773–1783. Фальк И. Полное собрание сочинений ценных путешествий по России. Записки академика Фалька. СПб., 1894.
- <sup>212</sup> Материалы по истории экспедиций Академии наук в XVIII–XIX вв. Составитель Гучева Б. Ф. М.-Л., 1940. Труды архива АН СССР.
- <sup>213</sup> Материалы по истории завоевания Туркестанского края, собранные А. Г. Серебрянниковым, т. I–XVIII. СПб., 1917.
- <sup>214</sup> Народно-освободительное движение казахов в 1830–1838 гг. (документы, материалы, статьи). А., 1992.
- <sup>215</sup> Собрание сочинений, т. I–IV. А., 1961–1968 гг.
- <sup>216</sup> Алтынсарин И. Собрание сочинений в трех томах. А., 1975. Бабаджанов М. С. Лошади и их испытание во внутренней орде //Коннозаводство 1871 г., № 5; Сонықі. Коневодство у киргизов // Оренбургский листок 1876, № 48; Халиди К. Таварих-и Хамса. Казань, 1910; Султан Джантюрин. Очерки киргизского коневодства // Журнал конезаводства, 1883, № 7; Сонықі. Лучшие породы киргизской лошади-аргамах. Киргизская степная газета, 1888, № 6, Сейдалин Т. О развитии хлебопашства по бассейну реки Турагая // ЗООРГО, вып. I, Казань, 1870 және т. б.
- <sup>217</sup> Абай Кунанбаев. Собрание сочинений в одном томе. М., 1954.

<sup>218</sup> Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Воронеж, 1898–1909, т. I–13.

<sup>219</sup> Пален К. К. Отчет по ревизии Туркестанского края, проведенный графом К. К. Паленом. СПб., 1911, т. I–II.

<sup>220</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П. П. Румянцева. СПб., 1911–1916, т. I–8.

<sup>221</sup> Семевский В. И. Рабочие на сибирских золотых промыслах. СПб., 1898, т. I–2.

<sup>222</sup> Сборовский А. Отчет по статистико-экономическому исследованию золотопромышленности Кокчетавского района. СПб., 1908; Коцовский В. Отчет по статистико-экономическому и техническому исследованию золотопромышленности Семипалатинской и Семиреченской областей. СПб., 1904; Павловский В. Оренбургская золотопромышленность за 100 лет, правовые отношения к ней Оренбургского казачьего войска и современное положение золотопромышленности вообще. Екатеринбург, 1905.

<sup>223</sup> Қар.: Эсеры во главе расправы с национально-освободительным восстанием //Борьба классов, 1932, № 5; Зорин А. Из истории восстания киргизов и казахов в 1916 г. //Борьба классов, 1932, № 7–8 (Опубликованные два документа: Протокол допроса, проведенный Железняковым от 23 ноября 1916 г. в г. Верном. Докладная подпор. Матвеева о поселении 23 марта 1917 г. рабочих туземцев Туркестана на ст. «Сортировочная» Петроградской железной дороги).

<sup>224</sup> Чакалинский И. А. Литература по вопросу восстания туземцев Средней Азии в 1916 г. (Библиографическая заметка) //Записки Среднеазиатского отдела Об-ва изучения Казахстана, 1929, т. I, вып. 18; Асфендияров С. Д. Указатель литературы по истории восстания 1916 г. //Национально-освободительное восстание 1916 г. в Казахстане. Ленинград, А.- М., 1936.

<sup>225</sup> К истории восстания киргиз в 1916 г. (предисл. А. Чулошникова) // Красный архив, 1926, № 3; Восстание 1916 г. в Средней Азии // Красный Архив, 1929, № 3; Отрывки из дневника Куропаткина о восстании 1916 г. // Красный Архив, 1929, т. 34.

<sup>226</sup> Восстание 1916 г. в Казахстане. Сб. воспоминаний и материалов. Сост. С. Шарипов, Ш. Шафиро, С. Брайнин. А., 1937, Восстание в Киргизстане: Документы и материалы. Собр. Л. В. Лесной. Под ред. Т. Рыскулова. М., 1937. Восстание в 1916 г. в Туркестане. Документы и материалы. Ашхабад, 1938.

<sup>227</sup> Материалы Объединенной научной сессии, посвященной истории Средней Азии и Казахстана в дооктябрьский период. Ташкент, 1955.

<sup>228</sup> Восстание 1916 г. в Казахстане: Документы и материалы. А., 1947. Революционное движение в Казахстане 1905–1907 гг. Сб. документов и материалов. А., 1955; Рабочее и аграрное движение в Казахстане 1907–1914 гг. Сб. документов и материалов. А., 1955; Победа Великой Октябрьской Социалистической революции в Казахстане. 1917–1918 гг. Сб. документов и материалов. А., 1957.

<sup>229</sup> Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане. Сб. документов. М., 1960.

*БІРІНШІ БӨЛІМ*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙГЕ  
ҚОСЫЛУДЫҢ ҚАРСАНЫНДА  
ЖӘНЕ ҚОСЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ**



## *Bірінші тарау*

# **XVIII ҒАСЫРДЫҢ АЛГАШҚЫ УШТЕН БІРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖАҒДАЙЫ**

### **1. ШІКІ САЯСИ ЖАҒДАЙ. ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ БИЛК БАСЫНА КЕЛУІ**

XVIII ғасырдың бірінші ширегінде қазак қауымдық құрылымдарының ең көп бөлігі аймақтың оңтүстік, орталық және солтүстік-шығыс жактарында шоғырланған. Ұлы жүз қазактарының қысқы жайылымдары – Оңтүстік Балқаш өнірінің құмдарында, Мойынқұмда, Іле, Шу және Талас өзендерінің аңғарларында, ал жазғы жайлауы Тянь-Шань мен Қаратай жотасының солтүстік сілемдерінде орналасты. Аймақтың оңтүстігінде Ұлы жүздің көшіп-қонатын өнірі Ташкент қаласы мен оған жапсарлас жатқан қалаларды және отырықшылық-егіншілік қыстақтарды қоса алғанда, Ферғана алқабының солтүстік-батыс бөлігіне дейін жетіп, Шыршық және Арыс өзендерінің аңғарларына дейін созылып жатты және Сырдария маңында Бұхара хандығымен шектесті, ал оның Жетісу аумағы арқылы өтетін солтүстік шектері Орта жүз қазактары қоныстанған ауданмен тікелей ұласты. Орта жүз қазактары ол кезеңде Солтүстік-шығыс, Орталық, ішінара Оңтүстік-шығыс Қазақстанның кең-байтақ кеңістігін алып жатты, олардың шекаралары оңтүстігінде Сарысу өзенін және Шу өзенінің төменгі ағысын бойлай Сырдарияның төменгі ағысына қарай өтті, Жонғар хандығымен шектесті, ол жақтан Арал теңізі – Үрғыз – Торғай шебі арқылы солтүстікке қарай созылып, сол учаскеде Кіші жүздің шығыс қоныстарына ұштасты; одан өрі Тобыл салаларын, Үлкен Торғай өзенін және Торғайдың жоғарғы ағысындағы көлдерді бойлай жүріп, сол жерде Сібір жолындағы башқұрттардың қоныстарымен шектесті. Солтүстігінде олар Нұра мен Есілдің жоғарғы ағысына қарай, Есіл бойы даласымен Ертіс бағытында, ал шығысында Ертісті бойлай Ямышев көліне дейін жалғасып, Тобыл-Ертіс өзендерінің аралығында орыс қоныс аударушыларының поселкелерімен, сібір казактарының станицаларымен және барабин татарларының қоныстарымен тоғысты. Ямышев-кадан оңтүстікте, жоғарғы Ертіс өнірінде Орта жүз рулары қазактарының Жонғар хандығымен тағы да ортақ шекарасы болды, ал жонғарлардың жер иеліктері бұл арада Ертістің сол жақ салалары – Шар, Аягөз және Бақанасқа дейін жетіп жататын.

Кіші жүздің жері қазіргі Батыс Қазақстан аумағында орналасып, шығысында Орта жүздің қоныстарына, ал оңтүстігінде Қарақұм құмдарына

қарай жөне Сырданияның төменгі ағыстарына дейін қарақалпактардың қоныстарына, сондай-ақ Түркістан қаласы аймағына қарай созылып ба-рып, онда Ұлы жүз бен Орта жүз тайпаларымен шектесті. Оның жазғы жайлаулары Үстірт жазығында, сондай-ақ Ор, Жайық, Елек, Жем, Темір өзендерінің салалары бойында, Мұғалжар тауы аймағында, ал қысқы қыстауулары – Ырғыз өзені, оның салалары ауқымында, Сырданияның төменгі ағысын бойлай, Ырғыз бассейнінің оңтүстік жағында (Тәуіп құмдары), Арал теңізінен батыска қарай (Сам құмдарына дейінгі шағыл құмдар), Маңғыстау түбегінде, Атырау алқабында, Нарын құмдарында (Каспий теңізінің жағасына қарай) орналасты. Орта жүз Орталық Қазақстанды алып жатты, оның жазғы жайлаулары мен қысқы қыстауулары Сарысу өзенінің бойында, Есілдің жоғарғы ағысында, Тобыл салаларының, Торғай өзенінің бойында, Ұлытау мен оған жапсарлас жатқан көлдер аумағында болатын. Батысында олар еділ қалмақтары қоныстанған өнірмен шектесті, ал солтүстігіне жақынырақта – Ырғыз, Ор жөне Елек өзендерінің орта ағысы алқаптарында – олардың Ноғай жолының баш-құрттарымен шекарасы өтті.<sup>1</sup>

Негізінде көшпелі тұрмыс салты жатқан қазақ қоғамының патриархаттық-қауымдық құрылышы қазақ қоғамы дамуына елеулі ықпал жасады, ол біртіндеп ру топтары мен ұжымдық құрылымдарға ыдырап, олардың билеушілері оқшаулануға ұмтылды. Елде барған сайын алауыздық пен қырқыс-тартыс етек алды. Әр түрлі сұлтандардың топтары бір-бірімен ең жақсы жайылымдық алаптарды иелену мен басып қалу үшін бақталасты. Қырқыстарға сырт жақтан қолдау көрсетілді. Соның салдарынан бірге сарыны баяулады.

Жүздердің құрылымын құраған барлық буындарды, олардың шыққан тегін бір нақты не аңызға айналған бабаға телитін құрделі генеалогиялық аңыздар болды. Жекелеген есептеулер бойынша, XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басында барлық үш жүздің құрамына 112 шамасында ру бөлімшелері кірген.<sup>2</sup> Осы буындарды құраған қазақ халқының жалпы санын зерттеушілердің көпшілігі сол кезеңде 2–3 миллиондай адам деп көрсетеді.<sup>3</sup>

XVII–XVIII ғасырлар аясында қазақ қоғамында интеграциялық сарын қүшейді, хан билігі нығайып, үш жүз өкілдерінің жиналысы біршама тұракты түрде шақырыла бастады, оларда ең көкейкесті мәселелер талқыланып, шешілді. Ол кезде қазақ хандары мен сұлтандарының саяси ықпал өрісі дәстүрлі көшпелі аудандарға ғана емес, сонымен қатар Сырданияның төменгі жөне орта ағысы бойындағы көршілес отырықшы-егінші жөне сауда-колөнерші аймактарға да таралды, онда 1695 жылы Ташкент жази-расымен бірге 32 қала мен оларға жапсарлас жатқан жер қазақтарға бағынды. Ташкент, Сығанак, Сайрам, Созак, Ақкорған, Отырар, Қарнак, Иқан, Сауран сияқты қалалардың тұрғындары қазақ билеушілерінің пайдасына жыл сайын ақшалай жөне тауарлармен алым төлеп тұрды, ал ауылдық егінші халықтан сиыр мен қойдың нақты санынан ясақ алымы жөне жиналған өнімнің 1/5 не 1/10 бөлігі мөлшерінде астық бажы алынды. Сонымен бірге Сыр өңірі аймағының қала халқы ішкі саяси өмірінде жөне көршілес халықтармен сыртқы тоқайласулар саласында белгілі бір автономиясын сактап қалды жөне оларды қалалар тұрғындарының сауда-колөнер топтары мен мұсылман дінбасылары арасынан сайланатын жергілікті өзін-өзі басқару органдары басқарды.<sup>4</sup>

XVIII ғасырдың басында сырттан соғыс қаупі төнген жағдайларда казак жүздерінің өз ішінде де әлеуметтік-саяси жағдай айтарлықтай тұрактанды, бұған жергілікті рубасыларының, сұлтандар мен хандардың Жонғар хандығының өскери белсендігінің өсе түсуі және накты бар күштердің бәрін сырттан жасалатын экспансияға қарсы құресу үшін жұмылдыру қажеттігі нәтижесінде көшпелі қоғамның жаңа қажеттеріне бейімдеп, дағдылы құқықты заң арқылы регламенттеу және әлеуметтік практикаға оның бірсыныра жаңа нормаларын енгізу жөніндегі бірлескен күш-жігері едөуір дәрежеде себепші болды. Хан билігін күшейтуде, қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан құқықтық дәстүрлер мен нормаларды регламенттеде, ішінара жаңартып, бір ізге түсіруде Жәңгір ханның ұлы және мұрагері, белгілі тарихшы А. И. Левшин «Ликург» және «Айдаһар» деп бейнелеп атаған (1680–1718 жылдары ел билеген) Төуке хан үлкен рөл атқарды.

Төуке хан уақытша болса да ішкі өзара қырқысты тоқтатып, жүздер арасында тыныштық орната білді, сол арқылы қазақ руларының қоныстарын сырттан басып кіруден қауіпсіздендірді. Алайда сұлтандардың билік үшін құресі мен оқшаулануға үмтүлуды көп ұзамай бірлікті бұзды,<sup>5</sup> мұны көршілері дереу пайдалана қойды. Оңтүстік-батыстан жайық казактары қолдаған еділ қалмактары шапқыншылық жасады; солтүстіктен сібір казактары шабуылдады; Жайықтың арғы бетіндегі қоныстардан башқұрттар да дәмеленді.<sup>6</sup> Оңтүстіктен қазактарға Орта Азия хандықтарының (Бұхара, Хиуа) билеушілері қысым көрсетті. Бірақ қазақ халқына ең қаңарлы қауіп шығыстан – күшті де агрессияшыл Жонғар хандығы тарапынан төнді.

Көшпелі мал шаруашылығы жағдайында жайылымды кенейту қажет болды, мұның өзі жер алаптарын бөлісуге және жаңа жайылымдар іздеуге әкеп сокты. Бұған Жонғар хандығы мейлінше қатты мұқтаж болатын.

Жонғарлар сауда-қолөнер орталықтары мен керуен жолдарын өздеріне бекітіп алуға үмтүлды. Олар үшін бұл өмірлік қажетті шара еді.

Төуке билік еткен кезеңде казактар мемлекеттілігінің күшті сыртқы жаулар алдында беделін арттыру мақсатында оны нығайтуға бағытталған маңызды қадамдар жасалды. Кіші жүздің саны аз және әлсіз жеті руын жетіру деген бір тайпаға, ал Орта жүздің уактары мен керейлерін бір уаккерей бірлестігіне біріктіруді халықтың ауызша дәстүрі осы ханның есімімен байланыстырады. Жауға қарсы құресу үшін ірі бірлестіктер мен рулар ғана күшті және жақсы қаруланған қол шығара алатынын ескергенде, өлгі жаңалықтар қазақ жасақтарының жауынгерлік қабілетін арттыруға мүмкіндік берген.

Сонымен бірге жер мен су жөніндегі топтар арасындағы таусылmas алауыздықтар мен жанжалдарды жою үшін Төуkenің бастамасы бойынша, билер мен ақсақалдар кенесі әр түрлі қауымдар мен рулардың көшіп жүретін жерлері неғұрлым айқын бөлініп, ру бөлімшелері ішінде ру таңбаларын пайдалану ретке келтірілген, қазақ қоғамында тарихи қалыптасқан дағдылы құқық нормаларын бір жүйеге келтіру, ішінара толықтырулар жүзеге асырылған.<sup>7</sup>

XVIII ғасырдың алғашқы үштеген бір ширегіндегі қазақ хандықтарының ішкі саяси өміріне барлық үш жүзі өкілдерінің жалпы шешімді талап ететін мәселелерді талқылау үшін ара-тұра шақырылып тұратын біріккен жина-

лыстары тән. Түрлі мәліметтерге қарағанда, олар мөслихат құру үшін жыл сайын жиналып отырған.

Онда «қайда қысталап, қай өңірді жайлау керек, тыныштыққа қалай қол жеткізіп, қалай соғысу керек» деген мәселелер талқыланған.<sup>8</sup> Мөслихаттарда аса маңызды экономикалық және саяси мәселелер, соның ішінде коныстарды бөлісу, көшіп-қону тәртібі, руаралық жанжалдарды талқылау мәселелері, соғыс пен бейбітшілік және сыртқы қатынастар мәселелері жөнінде шешімдер қабылданған.

Алайда Тәуке хан мен оның ең жақын серіктерінің билікті шоғырландыру және қазақ тайпаларын саяси топтастыру, қазақтар арасында интеграциялық үрдістерді дамыту механизмін күшейту жөнінде қолданған жеке үлкен күш-жігеріне қарамастан, көшпелі тұрмыс салты, оның геосаяси жағдайы және қоғамдық қатынастардың ерекшелігі себепті оның қызметі мен саясатын елеулі нәтижелерге жеткізбеді. Сондықтан Тәуке өмірінің соңғы жылдарында-ақ, өсіресе ол қайтыс болғаннан кейін қазақ қоғамында әр жаққа тарту сарыны қайтадан күшейді және оның ең жақын мираскорларына басқа хандар мен сұлтандардың өкшаулануға ұмтылысын төжеу барған сайын қындей түсті.

XVIII ғасырдың екінші онжылдығының ортасына қарай қазақтардың батыстағы, солтүстіктегі және өсіресе онтүстік-шығыстағы көршілерімен карулы қактығыстарының үздіксіз өрши түсүі және олардың бір-бірінен едәуір қашық жатқан бірнеше географиялық аудандарда бір мезгілде соғыс агрессиясына қарсы ұйымдасқан тойтарыс беру қажеттігін талап етуі Казақстан аумағында біртіндеп бірқатар ірі өскери-саяси орталықтар құруды қажет етті, олардың билеушілері қазақтарға өз ықпалының әлеуметтік-аумақтық ауқымын кеңейтуге және дәрменсіз аға ханға мұлдем тәуелсіз болуға барын салып ұмтылды.

Мәселен, әбден қартайған Тәуkenің тірі кезінде-ақ Кіші жүздің қазақ руларының шағын бөлігі және Орта жүз көшпелілерінің кейбір тайпалық бөлімшелері соңғы екі ғасыр бойы қазақ халқы арасында жетекші саяси жағдайда болған жергілікті Жошы ұрпақтарының үлкен өuletтерінің бірінен шыққан Қайып сұлтанды (1717 ж. өлген)<sup>9</sup> өздерінің ханы етіп сайлады. Мұндай таңдау Кіші жүз қазақтарының ақсакалдарын қанағаттандырмады, олар 1710 жылы Арал маңындағы Каракүмға кеңесу үшін жиналып, дала дәстүрін бұзып және төтенше жағдайлар себепті жас сұлтан Әбілқайырды (1748 ж. өлген) өздерінің ханы етіп жариялады, ол ата-бабасы бұрын ешқашанда қазақ ханы болып сайланбаған басқа бір сұлтан тұқымының өкілі еді.<sup>10</sup> Шамамен сол кезде Орта жүздің қонырат құрылымының көптеген әлеуметтік топтары мен найман руларының көвшілігі қазақ сұлтандарының басқа бір үлкен өuletінің өкілі Тұрсын ханның (1717 ж. өлген) билігін таныған еді.<sup>11</sup> Ұлы жүз қоныстарында XVIII ғасырдың алғашқы екі онжылдығында Иман (XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың алғашқы жылдары), Рұстем (1712 ж. өлген) және Абдолла (шамамен 1719 ж. өлген) хандар қазақ рулары мен қауымдарын кезектесіп басқарды, олар Та什кент пен оған жапсарлас жатқан қалаларды да иеленген.<sup>12</sup> Деректемелерде жоғарыда аталған хандарға қоса басқа да бірқатар билеуші Жошы ұрпақтарының есімдері аталады, бірақ олардың билік етуі туралы қандай да болсын нақты және біршама анық мәліметтер табылған жок.

Шамамен 1720 жылдан бастап Ұлы жұз бөлімшелерін Абдолланың ұлы Жолбарыс хан (шамамен 1690–1740) басқара бастады, әкесі сияқты, оның да тұрақты ордасы Ташкент қаласында, ал жайылымдық жері аймақтың оңтүстігінде, Шыршық және Арыс өзендерінің аңғарларында, сондай-ақ Ташкент пен Түркістан аралығындағы жерлерде болды.<sup>13</sup>

Төукеден кейін Орта жұз аумағында бірсыптыра уақыт бойы оның ұлы Болат хан (шамамен 1715–1724) билік етті,<sup>14</sup> ал Отан соғысы кезімен шамалас уақытта оның шегіндегі билікті Болаттың туған інісі, наймандардың, қыпшактардың кейбір руларына және арғындардың бір бөлігіне билік еткен Сәмеке хан (шамамен 1724–1738)<sup>15</sup> және жоғарыда аталған Тұрсын ханың ұлы, найман бірлестігі қазақтарының садыр руын басқарған және Карагатай жағындағы оңтүстік шекаралық аудандарда, Талас және Арыс өзендерінің арасында, Сайрам қаласы тұсында Жонғар хандығымен шекарада көшіп жүрген Күшік хан (шамамен 1718–1750)<sup>16</sup> өзара бөлісті.

Аты аталған, хан атағын алған адамдармен қатар, XVIII ғасырдың 20-жылдарында Орта жұз бен Кіші жүздің кейбір сұлтандарының да дала өнірінде зор саяси ықпалы болды. Соңғыларының қатарына сол кездегі қазақ билеушілерінің бірі Тұрсын ханың екінші баласы, найман руларының басым көпшілігі мен қоңыраттардың бір бөлігін басқарған Барак сұлтанды (1750 ж. өлген);<sup>17</sup> Болат ханың ұлы, арғындардың рулық бөлімшелерінің көпшілігін, наймандар мен қоңыраттар қауымдарының кейбір өлеуметтік топтарын басқарған Эбілмәмбет сұлтанды (1739–1771);<sup>18</sup> Уәли сұлтанның ұлы, арғындар құрылымындағы үлкен атығай руын басқарған Абылайды (1711–1781),<sup>19</sup> Қайып ханың ұлы, алшындардың кейбір топтарын бастаған Батыр сұлтанды (1771 ж. өлген)<sup>20</sup> жатқызу керек. Казактың оңтүстік жерлері мен даланың орталық аймақтарында жоғарыда аталған хандар мен сұлтандардың билік басына келуімен бір мезгілде Батыс Қазақстан аумағында Эбілқайыр хан өз жағдайын тез арада нығайтып алды, сол кездің өзінде-ақ Кіші жұз руларының көпшілігі соның билігінде болатын. Оның бастапқы көтеріліп, хан сайлануы казақтардың жонғарлармен, еділ қалмақтарымен және башқұрттармен өскери тайталасы тез өршіген жағдайда болған еді. Жонғарларға қарсы соғыс қимылдарында Эбілқайыр өзінің талантты қолбасшы, жауға бүкіл халық болып тойтаратыс беруді ұйымдастыруши екенін көрсетті. Ол аз уақыттың ішінде Кіші жұз бен Орта жүздің Бәкенбай (1741 ж. өлген), Есет және Жәнібек (1751 ж. өлген) сияқты күшті әрі ықпалды батырларын өз жағына тарта білді және Қазақстандағы ең беделді хан жағдайына ие болды. Сондықтан Жонғар хандығының өскери күштері тарапынан ойранға азырақ ұшыраған Кіші жүздің билеушісі ретінде бұдан әрі XVIII ғасырдың 20–30-жылдарында жонғарларға жалпы қазақ болып қарсыласуда басшылық рөлді, әлбетте, нақ сол атқаратын еді.

Төуке қайтыс болғаннан кейін алғашқы үш жыл ішінде Жәдіктің немесе қазақтардағы Шыңғыс әулетінің үлкен тармағының ұрпактарына жаттын Қайып хан қазақтың ақсүйек бетке ұстарларының саяси көшбасшысы рөлінен ресми түрде үміттенді. Өзінің алдындағы Төуке хан сияқты ол қазақ билеушілерінің ежелгі ордасы – Түркістанда тұрды. Алайда қазақ рулары мен өлеуметтік құрылымдарының біршама топтасқан және саны көп топтары түрінде азды-көпті қомакты өлеуметтік тірегі болмаған бұл ханың нақты жағдайы өте тұрлаусыз болып шықты, сөйтіп билік жолын-

дағы құресте 1718 жылы оны Орта жүзден шықкан бакталастары өлтірді.<sup>21</sup>

Саяси аренадан Қайып ханның жойылуы және содан кейін болған жонғарлардың соғыс агрессиясына қарсы қазақтардың ірі ауқымды құресінің тартысқа толы оқиғалары Кіші жүз ханы Әбілқайырдың құрделі тұлғасын алдыңғы қатарға шығарды.

1723–1729 жылдардағы ойрат-қазақ соғысы кезеңінде Әбілқайыр Қазақстан аумағына өзінің саяси ықпалының шекарасын едәуір кеңейтіп, қазақ қауымдарының әскери-саяси өмірінде жетекші рөлге қол жеткізе білді. 1730–1731 жылдары Әбілқайырдың қазақ жүздеріндегі нақты әлеуметтік мәртебесі «ұлken хан» немесе «ең басты хан» атағына сәйкес келді, мұның өзі, негізінен алғанда, оған көптеген жылдар бойы қазақ батырларының ұлкен тобы және ықпалды билер мен сұлтандардың бір бөлігі көрсеткен қолдаудың арқасында мүмкін болды. Атакты батыр және табын руының басшысы Бөкенбайдың айтуынша, «Тәуке ханнан кейін Әбілқайыр басты хан болды және ешкімнен кедергі көрмей, өз еркімен көп нәрсе істеген». Ресейдің Кіші жүзге жіберген елшісі А. И. Тевкелев Әбілқайырдың саяси рөлін шамамен нақсолай сипаттаған, 1731 жылы ол орыс императрицасына бірінші рапортында өзі қазақ даласына келгенде Әбілқайыр қазақтар арасында «басқа хандардан гөрі... зор құрметке» бөленген деп жазған. Бір жыл өткен соң, 1733 жылдың көктемінде жазған басқа бір рапортында ол тағы да былай дейді: барлық қазақ шонжарлары ішінде «жоғарыда аталған Әбілқайыр хан бірінші орында тұр», ол сонымен бірге «басқа хандар мен сұлтандардың келісімінсіз» ешқандай іс-қимыл жасай алмайды.<sup>22</sup> Аталған оқиғалардан кейін он бес жыл өткен соң, Кіші жүз бен Орта жүздің халық өкілдері жиналысында белгілі Жәнібек батыр мен атакты Қазыбек би, шөмекей руынан Жайылхан би және алшын одағының бірқатар билері мен батырлары және Қазақстанның басқа да көптеген ықпалды адамдары «бүкіл жеті жұртқа өмірі бірдей жүрген және бүкіл ордаға көші-кон жерін бөліп берген ең басты және атакты хан» деп айтқан.<sup>23</sup> Замандастарының осындай барлық дәлелдеулері XVIII ғасырдың 20-жылдарының аяғы – 30-жылдарының басында Қазақстанда Кіші жүз ханы Әбілқайырдың ең ірі және ықпалды саяси тұлға болғанына көз жеткізеді, сондай-ақ жекелеген деректі материалдарға қарағанда, қазақтың өзге хандары мен сұлтандарының бәрі оның пікірімен және әрекеттерімен белгілі бір дәрежеде санасуға мәжбүр болған.

Әбілқайыр сол кезге қарай Қазақстанда қалыптасқан билік пен басқару жүйесінің тарихи келешекте халықтың жекелеген топтарына ханның саяси ықпалын қамтамасыз етуге, қазақ бөлімшелері жетекшілерінің әскери, оның үстіне саяси іс-қимылдарын үнемі үйлестіріп ұстап отыруға және хан тарапынан қазақтардың әлеуметтік ұйымдарының өр түрлі буындарын басқарудың жоғары деңгейіне кепілдік беруге қабілетсіз болғанын дер кезінде үғынды.



Әбілқайыр хан.

Жұздер ішіндегі бірлікті нығайту проблемаларының бұрын да ең беделді және тереңнен ойлайтын қазақ хандарының (Қасым, Есім, Төуке) рубасы ақсақалдар мен ықпалды сұлтандардың оқшаулануға құмарлығын жеңуге үмтүлсызын туғызғаны мәлім. Кейіннен қазақ халқының тарихи есінде «Қасым ханның қасқа жолы» және «Есім ханның ескі жолы», ал Төуке кезі жөнінде – «Кой үстінде бозторғай жұмыртқалаған» деген белгілі сөздердің пайда болуы сондықтан, ол сөздер аталған хандар билік еткен жылдарда халықтың жайлы өміріне және қазақтардың соғыстағы табыстарына қол жеткізуге жәрдемдескен жағдайлар жасау мағынасында түсінілді.<sup>24</sup>

Өзінің атақты ізашарлары сияқты, Әбілқайырдың да алдында дәстүрлі екінің бірін тандау тұрды – не өмірлік мән-жайлар қисынына мойынсұнып, қантөгісті айқастарда алынған накты билікті амалсыз жоғалту, не оны сақтап қалу үшін табандылықпен күресу керек болды. Өзінің алдындағы Қасым, Есім, Төуке, Кайып хандармен болған жағдайлардағы сияқты, ол екінші нұсқаны таңдап алуды жән көрді және соған байланысты өзінің билік өкілеттіктерін еселей түсідің онтайлы жолдары мен амалдарын жігерлі түрде іздестірді.

Кіші жұз ханының саяси бағдарламасы оның XVIII ғасырдың 30–40-жылдарындағы орыс өкімет орындарына жіберген көптеген жолдаулары мен патша шенеуніктерімен жеке әңгімелерінің хаттамалық жазбаларынан айқын аңғарылады.<sup>25</sup> Оның орталық түйіні Әбілқайырдың қазақ жұздеріндегі бүкіл билікті толығымен «ұлken хан» немесе «ең басты хан» дейтін арқылы бір бұынға шоғырландыруға үмтүлу болды. Соңғысына хан кеңесі мен қазақ рубасылары жиналысының макұлдауынсыз ішкі және сыртқы саяси мәселелердің бәрін шешу құқығын беру үйіралды, ал оның шешімдері барлық ақсақалдар, сұлтандар және басқа да хандар үшін міндетті болып саналатын. Иеленілген билік өкілеттіктерін іске асыруды ұлken хан даланың бірнеше географиялық нұктелерінде тұракты бекіністі мекендер құру есебінен қамтамасыз ету, оларда сыртқы жаулардан қорғаныс үшін және басқа мақсаттарда пайдаланылатын кәсіби әскердің шағын құрамын ұстау көзделді. Ханың әлеуметтік жағдайын неғұрлым тұрлаулы ету және оны биліктен күштеу жолымен тайдыру қаупінен арылту үшін Әбілқайыр тәк мұрагерлігі тәртібіне өзгеріс енгізу қажет деп санады. Белгілі бір хан билігі тұрактылығын қамтамасыз ету және өзара қырқысан толассыз дау-дамайлардың негізін жою мүддесін көздең, оның түсінуінше, хан атағын беру рәсімін халық жиналыстарының құзыретінен алу, ханың сайланбалылығы принципінің күшін жою және хан билігін қатаң белгіленген Шыңғыс ұрпақтарының тұқымдары шенберінде ғана мұраға қалдыруды көзdedі. Осы мақсатпен ол хан атағын тек бір ғана сұлтан өулетіне заң арқылы бекітіп, оның ішінде жоғарғы биліктің сол рәмізін көбінесе бір кіндік бойынша, әкеден балаға беру және т.б. қажет деп санады.

Жоспарланған өзгерістер арқылы Әбілқайыр хан билеуші монарх тарапынан көшпелі халықты басқаруды, күшті көршілердің соғыс агрессиясына қоғамның пәрменді түрде қарсы тұру қабілетін жоғары дәрежеде қамтамасыз ете алатында мемлекеттік жүйе құруды ойластырды.

Кез келген беделді саяси көшбасшы сияқты, оның үстінен бойында мансапқорлық қасиет басым Әбілқайыр, әлбетте, өзінің ойындағы самодержавиелік қазақ ханының орнында тек қана өз бейнесін көрді және патшалық шекаралық өкімшілікпен жазысқан хаттарында өзін «ұлken хан», «ең басты хан» немесе жай ғана «қазақ ханы» дегеннен басқаша ешбір

атаған емес. Бұл жөнінде патша шенеунің А. И. Тевкелев өзінің қазақ даласынан орыс императрицасына жазған алғашқы хабарламаларының бірінде Кіші жүз ханының өз билігін бүкіл қазақ елі аймағына таратуға жан сала ұмтылғанын және бұл орайда «бұл ордада өз бабаларының оны билегеніндей емес, ең жоғары билікті өз қолына алғысы келіп, олардың құлақ аспауын өзіне ызаланғандық деп білді» деп орынды атап өткен. Петербургке басқа бір ресми жолдауында ол осы пікірді тағы да атап өтіп, Әбілқайыр хан «... өзі бәрін билегісі және балаларын өзіне мұрагер еткісі келеді» деп көрсеткен.<sup>26</sup> Бұдан Әбілқайырдың ішкі саяси стратегиясына көшпелі қоғамды басқарудың неғұрлым орталықтандырылған жүйесін құруға келіп саятын және оның өзінің жаугершілік шайқастарда ие болған өскери басшылық негізінде қалыптасқан билікті ұнататын менмендігіне және қол жеткен табыстардан жеке өз басы мен өзінің бүкіл үрім-бұтағы, әuletі үшін барынша саяси пайда көру тілегіне мейлінше толық сай келетін жалпы халықтық мұдделер мен қажеттерді оның дұрыс түсінуі тән болды.

Бұл орайда мынаны ескерте кету қажет: Әбілқайыр мен Шыңғыстың Жәдік ұрпақтарының «әулеттік билікті қүшеттүге» ұмтылуы және осы негізде «білік үшін» қүрестің қүшесінде туралы белгілі тезис нақты тарихи жағдайды онша дәл көрсетпейді және тарихи әдебиетте ішінара немесе толық ұқсас саяси мұдделер мен себептердің жай қақтығысы сияқты көрінеді. Оның бер жағында Әбілқайырдың атаққұмарлық ойларының Батыр, Барак сұлтандар мен басқа да хан «мәртебесіне» үміткерлердің атаққұмарлық дәмелерінен мәні жағынан құшті айырмашылығы болды.

Батырдың және басқа да Шыңғыс ұрпақтарының қазақ жүздеріне хан болғысы келгендерінің не сол кезде-ақ хан атағын иеленгендердің бағалы бағдарларына қарама-қарсы Әбілқайыр «өзінің, ханының, хан атына ғана ие болып, бодандарына хан билігі болмауы» жағдайын өзін «сыйламаушылық» деп санады және «масқара боп ғұмыр кешкенше», осы аңсаған «ерік» үшін өз өмірін қатерлі қауіпке тіккенді артық көрді. Сонымен Кіші жүз ханы мен оның Жәдіктен тараған сұлтандар жағындағы қарсыластарының арасындағы негізгі айырмашылық, соңғыларының саяси мұдделері «хан атағының» құндылығы – құрметтілік, жұртшылықтың тануы, бедел, сыйыяптау көрсету және т.б. туралы дәстүрлі түсініктерге негізделсе, Әбілқайыр әлеуметтік иерархияның осы жоғары рәмізін дағдылы құқық құзыреті аясынан мемлекеттік ақиқат ауқымына көтеруге және өзінің хан атағын нақты билікпен толықтыруға ұмтылды.

Алайда оқиғалардың бұлайша даму барысы қазактардың аксүйек бетке ұстарларының басқа өкілдерінің басым көпшілігін мұлде қанағаттандырмады, өйткені, біріншіден, үлкен ханының бүкіл билікке толық ие болуы іс жүзінде олардың алуан түрлі ішкі және сыртқы мәселелерді шешудегі билік аясын шектеуге өкеп соғар еді, екіншіден, сол Шыңғыс ұрпақтарының дені нақ Әбілқайырдың жеке билігінің қүшесін ұнатпады. Әбілқайырды Батыр, Барак, Әбілмәмбет және басқа да кейбір сұлтандар ең алдымен шыққан тегі нашар, ата-тегінде ақ киізге көтеріп хан болған ешкімі жок, бұрын-сонды сұлтан әuletі арасында мұлде ықпалы болмаған жолы болғыш «мансапқұмар» деп білді.<sup>27</sup>

Кіші жүз ханының саяси жоспарларымен едөуір бөлігі билерден тұратын қазақ билеушілерінің санасу ниеті одан да аз болатын. Дағдылы құқық дәстүрлеріне сәйкес бұл әлеуметтік топтың өкілдері халық жиналыстарын-

да және хан жанындағы кеңесші органда көрнекті рөл атқарды. Сонымен бірге көшпелі қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың өзіндік ерекшеліктеріне орай барлық билердің қолында қазақ халқына ықпал етудің мейлінше қуатты тұтқалары болды.<sup>28</sup>

Корыта келгенде, осының бәрі Әбілқайырды қазақ даласынан сырт жерлерден қуатты одактар мен қамкоршылар іздеуге мәжбүр етті. Қалыптасқан ішкі және сыртқы саяси жағдайда өскери күшпен қоса, тұракты монархиялық режимі бар, еуразиялық кеңістіктегі ең күшті және беделді державаға ғана өтініш жасаудың мағынасы болғандықтан, Әбілқайыр ханның геосаяси бағдарының назары XVIII ғасырдың 20–30-жылдары шебінде көршілес Ресей империясы жағына ауды.

## 2. ҚАЗАҚ-ОЙРАТ ҚАТЫНАСТАРЫ

XVIII ғасырдың алғашқы онжылдықтарында Қазақ хандықтары әр түрлі сыртқы саяси мән-жайлардың ықпалымен өте қын халықаралық жағдайға ұшырады. Мұның алдында дүниежүзілік сауда коммуникацияларының құрлық аумағынан Атлантика бассейніне ауысуына және Ресей мемлекетінің – Еуропаның онтүстік-шығысы мен Сібірге және Цин империясының Орталық Азияға өскери-саяси өктемдік етуінің жедел өрістеуіне байланысты Ресейдің онтүстік-шығысында және Орта Азия елдерінің ішінде әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай шиеленісе түсken еді. Екі империялық мемлекет жүйесінің географиялық кеңістікте және көшпелілердің Шығыс пен Батыс арасындағы мәдени-тариhi тоқайласуындағы бұрынғы басым жағдайынан айырылуы тұрғысында дамыған бір-біріне қарсы қозғалысының барысында көшпелі халықтар сауда жолдарынан біrtіндеп ығыстырылып шығарыла берді, Еуразияда номадизм қыскартылып, көшіп-қонудың дәстүрлі жолдары мен бағыттары өзгерілді. Бұл геосаяси үрдістер жайылымдық жерлер және жақын жатқан аумактардың сауда орталықтарына еркін бару қындаған көшпелі халықтар арасындағы өзара жанжалдардың өршуіне өкеп сокты. Сол негізде халықаралық салада өскери тайталастың жаңа түйіні пайда болып, ол XVIII ғасырдың алғашқы үштен бірінде Еділ, Жайық бойының, Батыс Сібірдің онтүстік бөлігінің және көршілес Орталық Азия аймактарының бүкіл кеңістігін қамтыды.

XVIII ғасырдың басынан бастап қазақтардың сол кезде Ресей билігінде болған көршілес еділ қалмақтарымен өзара қатынастары құрделі болды.

XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың бірінші жартысы қалмақ тайпаларының арасында біргу сарынының дамыған және Еуразия аумағында қалмақ ханының халықаралық жағдайы нығайған уақыт болды. Бұған Қалмақ жерінде 1669 жылы Моншак ханының баласы, ақылды, жігерлі және билікке ынтық Аюкенің (1646–1724) билік басына келуі себепші болды, ол жаңа жерде біріккен Қалмақ хандығын қайта құру үшін жергілікті тайшылардың оқшаулануға ұмтылуышылығына қарсы белсенді тұрде күрес бастады.

Басқаруға кірісімен, ол аз уақыт ішінде Еділдің тәменгі ағысында көшіп жүрген ұлыстардың барлық билеушілерін өзіне бағындырып алды, ал соның ізінше «Далай-ламадан... 1690 жыл шамасында өзіне бірінші болып

хан атағын сұрады», Тибеттің лама шіркеуінің басшысы оған нақ сол жылы хан атағын хан мөрімен бірге табыс етті.<sup>29</sup>

XVII ғасырдың алғашқы онжылдығында Аюкенің беделі Ресей империясының ішінде де нығая түсті, қалмақ ханы патша ұқіметінің талап етуі бойынша Ресейдің өз жауларына қарсы әскери науқандары үшін қалмақтардың қарулы топтарын үнемі беріп отырды. Осындай әскери қолдаудың және қалмақ атты әскерлерінің көптеген шайқастарда көзге түскен жоғары жауынгерлік қасиеттерінің арқасында қалмақ ханы патшаның сеніміне кіріп, олардың арасында тығыз қатынастар орнады.<sup>30</sup>

1697 жылы I Петр Еуропаға бара жатқанында Аюкеге Ресейдің онтүстік-шығыс шептерін көршілес көшпелі халықтардың шапқыншылығынан корғауды ресми түрде жүктеген еді.<sup>31</sup> Қалмақ ханы өзінің пұрсатты жаңа жағдайын империяның стратегиялық мұдделеріне барлық жағынан өсте де сай келмейтін өз мақсаттары үшін ойдағыдай пайдаланды. Сол кезден бастап Аюке Онтүстік Орал мен Еділ бойы халықтарының тыныштығын бұзбай, өзінің күш-жігерін Ресей бодандығына кірмеген кубань, қазақ және хиуа билеушілеріне қарсы күреске бағыттады. «Ресеймен шартты сактауды өзінің жыртқыштыққа өуестігін қанағаттандырумен үйлестіргісі келіп, — деп жазды белгілі синолог Н. Я. Бичурин, — ол өз қаруын Жайықтың арғы жағындағы қырғыз-қайсақтарға бағыттады, оларды аяусыз талап-тонағы және оның үстіне маньмалак түрікмендерін өз билігіне көндірді».<sup>32</sup> Алайда қалмақтардың әскери күшіне мұдделі патша өкіметі Аюкенің Ресейден тыс жерлерде өз беделін көтеруге үмтүлұымен байланысты көптеген әрекеттерін көрмегенсіген сыңай танытты.

Қазактарға, башқұрттарға, түрікмендер мен қарақалпактарға көптеген соғыс шапқыншылықтары нәтижесінде Аюке хан XVII ғасырдың басында Қалмақ хандығының жағдайын едөуір нығайтып алды және көрші аймақтарға өз ықпалын жүргізді.

Аймақтың бүкіл кеңістігіндегі ішкі және сыртқы саяси жағдайды тұрақсыздандырудың басты көзі ол кезде Қазақстанның онтүстік-шығыс көршісі – батыс монголдардың (ойраттардың) көшпелі империясы – Жонғар хандығы болды.

Жонғар хандығының қазақ қоныстары бағытындағы соғыс экспансиясының жандануы Үргеде биліктің ауысып, жонғар тағына 1697 жылы Циндерге қарсы соғыста қаза тапқан Галдан-Бошокту ханның (1670–1697) жиені, жас өрі жігерлі билеуші Цэван-Рабтанның (1663–1727) отыруына едөуір дәрежеде байланысты еді. Ол қысқа мерзімде Жонғар хандығының бұрынғы әскери-саяси өлеуетін қалпына келтіріп, Орталық Азиядағы өз билігіне қарайтын аумақты кеңейтіп алды. Құдіретті «Күн асты империясы» жөніндегі сақ саясаты Цэван-Рабтанның жиырма жыл бойы маньчжур әuletімен әскери тайталасқа бармауына, ал ұтқан уақытын Жонғарияның солтүстік-батысындағы көршілес көшпелі және отырықшы-егінші халықтарына қарсы күш жинау үшін пайдалануына мүмкіндік берді.

Жонғар хандарының көршілес Орталық Азия аумағына дәмеленуінде Қазақстанның ойрат тайшылары ежелден көз тігіп келе жатқан онтүстік жерлері ерекше орын алды. Жетісуды және Сыр өнірі аймағын жаулап алу ойрат билеушілеріне жаңа алымдардың түсуімен қатар, Жонғарияны Еуропалық Ресеймен және Сібірмен байланыстыратын сауда жолдарының аса маңызды қызылстарының біріне стратегиялық бақылау жасауды

қамтамасыз ететін, сондай-ақ жаулап алынған отырықшылық-егіншілік аумактар кеңістігінде батыс монголдарды немесе ойраттардың қоныстарын қазақ рулары мекендейтін орындардан бөліп тұруға тиіс болған өзінше бір аралық аймақ құру есебінен Жонғар хандығының солтүстік шептерін нығайтуға мүмкіндік беретін.

Жонғар билеушілерінің қазақ даласына терең енуді үйымдастыруы, мал айдал өкетуі, тұтқындар алуы, көшпелі ауылдарды шабуы, сондай-ақ Орта Азия елдеріндегі жақын жатқан сауда-колөнер мекендері мен сауда жолдарына ойраттар бакылауын орнатуы қазақ жүздерінің қоныстарында өлеуметтік-экономикалық жағдайдың едәуір нашарлауына себепші болды. Еділ-Жайық аумағы мен онтүстік-батыс Сібірдің шұрайлы жайылымдарына өздерінің кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге, сондай-ақ едәуір мөлшерде шеккен материалдық залалдарының мүмкіндігінше орнын толтыруға үмтүліп, қазақ билеушілері Ресей империясының шекаралас солтүстік облыстарына жаңадан бірқатар шапқыншылық жасады, мұнда олар жергілікті халықтың малын, ауыл шаруашылық өнімдері мен қолөнер бүйымдарын қолға түсірді, орал және сібір казактарын, қалмақтарды, орыс шаруаларын тұтқынға алып, оларды Хиуаға сатып жүрді. 1709—1714 жылдар аралығында қазақ жігітерінің топтары Еділ бойынан Жайық қалашығына астық пен балық апара жатқан казактардың арбалы ірі керуендеріне бірнеше рет шабуыл жасады. Бұл шабуылдар кезінде қантөгісті қактығыстар болды, адамдар қолға түсіріліп, аттар айдал өкетілді.<sup>33</sup>

1719 жылы Жонғар хандығының барлық күштері цин өскерлерінің кезекті шабуылына тойтарыс беруге шоғырланған кезде қолайлы жағдайды пайдаланған қазақ билеушілері 1720 жылы жонғарлардың шекаралас қоныстарына да бірнеше рет басып кіруді жүзеге асырды. Осы жорықтар барысында үш мың ойрат тұтқынға алынды.

Сол кезде, 1722 жылдың аяғында, маньчжур билеушілері мен Урга арасында уақытша бітім басталған жағдайда, жонғар билеушісі Қазақстан халқына жаңадан қуатты соққы бермекші болып үйғарып, қазақ жерлері мен Орта Азияға мықтап басып кіруге әзірлікке кірісті.

Жоспарланған жаулап алу жорығы бірнеше ай өткен соң, көктемнің басында жүзеге асырылды, сондықтан 1723 жыл қазақ халқының тарихына «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» болып енді.

Қалмақ ұлысында қалыптасқан жағдайдың қатерлі болғанын 1723 жылғы тамыздың аяғында Аюке ханның бітім туралы келіссөз жүргізу үшін Әбілқайырға өз елшісі Куқытушты жіберуі дәлелдейді. Қалмақ елшісі Кіші жүздің ханын Темір өзенінде саны 15 мындей адам болатын, біріккен қазақ-карақалпак өскерін бастап келе жатқанында жолықтырды. Кездескен кезде Әбілқайыр: «өзі қалмактармен және орыстармен соғысу үшін... бара жатқанын, ал өзімен бірге қырық мындей орда болатынын» мәлімдеді.

Бір ғажабы, осы оқиғалардан сөл бұрын Аюке ханға Цэван-Рабтеннан жонғар елшісі келіп, қазақтарға қарсы бірлесіп соғыс қимылдарын жүргізуді ұсынған еді. Аюке орыс үкіметінен тұракты өскер сұрай бастады, бірақ орыстың өкімет орындары оның бұл өтінішінен бас тартып, ханға жонғарлар мен қазақтар арасындағы соғыска араласпауды ұсынды.<sup>34</sup> Солай бола тұрса да, жонғар қонтайшысының Аюкемен өскери одақ жа-

саспақ ниеті шынына келгенде Әбілқайырға мәлім болса керек, сондыктан да 1723 жылғы қыркүйектің басында-ақ қазактар мен қарақалпактардың жиырма мың өскерін бастап, еділ қалмақтарының қоныстарына ескерту ретінде жорық жасады.

Әбілқайырдың ірі өскер күштерімен Жайық ауданына келуі еділ қалмақтары арасында үлкен үрей туғызды. Қалмақ тайшылары Астрахан губернаторынан Ресей өскерлерін жіберуді қатты өтінді. Бұл өтініштерге жауап ретінде губернатор А. П. Волынский қажетті өкімдер берді, бірақ өскери көмек енді ешнәрсені накты өзгерте алмады. Көп ұзамай Әбілқайырдың өскери екі мың шаңырактан тұратын Лекбай тайшының ұлысын тас-талқан етіп, көп мөлшерде мал мен тұтқындар алғаны жөнінде хабар алынды.<sup>35</sup>

Қазақтардың Жайыққа қарай тез ілгерілегеніне мазасызданған патша үкіметі 1723 жылғы 12 желтоқсанда еділ қалмақтарының ханы Аюкеге бірлескен қазақ және қарақалпақ жасактарының шабуылына тойтарыс беруде жергілікті орыс өкімет орындарына көмек көрсетуді талап еткен грамота жіберді. «Қырғыз-қайсақтар мен қарақалпактар қырық мың адам жинап алып, біздің ұлы мәртебелі императордың қалалары мен біздің боданымыз сенің ұлыстарыңа соғыс ашып, селолар мен деревняларды талап-тонау үшін жақындалп келеді... біздің боданымыз сен біздің қалаларымыз бен уездерімізді олардың талап-тонауына кедергі жасау үшін оларды маңайлатпа».<sup>36</sup> Аюке мен Досанғ тайшының біріккен өскерлері арқылы қазақтар мен қарақалпактардың Жайыққа қарай одан әрі жылжуын тоқтату мүмкін болды, бірақ қазақтың өскери жасактары мен қалмақтар арасындағы өскери қақтығыстар мұнымен тыйылған жок.

Кіші жүздің қазақ рулары бөлімдерінің солтүстік-батыс бағытында Жайыққа қарай ілгерілеуімен бір мезгілде Кіші жүз руларының басқа бір тобы мен Орта жүздің көптеген рулары солтүстікке қарай, Ор, Ой, Елек және Тобыл өзендеріне бет алып, Орал тауларына дейін жетті, онда қазақтар сол жерде көшіп жүрген Ноғай және Сібір жолдарының башқұрттарын ығыстыруды. Қазақтың кейбір рулары аймақтың солтүстік-шығысна ұмтылып, Железинск бекінісі ауданында көптеген жерлерде Ертістің он жағалауына өтті.<sup>37</sup> Қазақ жасактарының башқұрт қоныстарына басып кіруі нәтижесінде сібір казактары орналасқан аумақта да жайылымдық жерлер жөнінде қазақтар, башқұрттар және сібір казактары арасында қантөгісті қақтығыстар басталып, ол мал айдап өкетумен және тұтқындар алумен ұласты.

Сол екі арада Әбілқайыр қазақ тылын еділ қалмақтары жағынан жасалатын шабуылдан уақытша қауіпсіз етіп, өз өскерлерін дереу онтүстік жакқа қарай бұрды да, Сыр өнірі даласына жонғарлардың алдыңғы шеп жасактарын бұзып-жара өтіп, 1724 жылдың басында Түркістанға жетті, оны шабуыл жасап алды және қаланы бір жыл бойы өз бақылауында ұстады. Алайда жонғарлардың өскер күші жағынан көрінеу басымдығы себепті Әбілқайыр 1725 жылдың басында Түркістаннан, Ташкенттен және Сыр өнірінің басқа да кейбір қалаларынан кетуге мәжбүр болып, оларды соның ізінше жонғар өскерлері қайтадан басып алды.<sup>38</sup> Қазақтар шығыс рыноктары мен Орта Азияның қалалық қолөнер орталықтарынан толығымен оқшау қалдырылды. Бұл жаулап алушының ақыры Қазақстанның батысы мен солтүстігіне қазақ босқындарының жаңа толқынының ағылуына ұласты.

1725 жылдың қысында Астрахан губерниялық кенсесіне қаптаған қазак қолының Жемге, Елекке және Жайыққа қарай беттеп келе жатқаны туралы қалмақ тайшыларының үрейлі хабарлары түсө бастады. Одан кейінгі айлар ішінде іс жүзінде Жайық бойындағы даланың және онымен шектес шығыс бағытындағы, башқұрттардың қоныстары орналасқан аумақтың бүкіл өн бойына Кіші жүз бен Орта жүз рулары толық кіріп алды. Осы көші-қон салдарынан Сібірдің онтүстігі мен Еділ және Жайық өзендерінің арасындағы жағдай тым шиеленісіп кетті. 1725 жылдың аяғында Онтүстік Оралдан серіктерімен бірге Петербургке келген бір станица казактарының атаманы Арапов патша үкіметінен Жайық қалашығынан жоғарырак жерде Сақмар сағасынан жайық казактарының жаңа қонысын салуға рұқсат сұраған. Ол бұл жерден «дүшпан қарақалпактар мен қырғыз-қазактар өтіп, Ресейге келеді және сол жерге жақын қалаларды зор күйзеліске ұшыратып, адамдарды тұтқындал әкетеді» дегенді айткан. Араповтың және Онтүстік Оралдан барған басқа да курьерлердің осындай хабарлары үкіметтік топтарда біраз аландашылық туғызды.

15 желтоқсанда I Екатерина императрицының апартаментінде құрамында А. Д. Меншиков, Ф. М. Апраксин, А. Г. Головкин, И. А. Толстой, А. И. Остерман және П. И. Ягужинский бар шетелдік істер жөніндегі құпия кенес басқосты. Қатысуышылар А. П. Волынскийдің қазактар мен қарақалпактардың Жайыққа жақындал келгені туралы және олардың Ресей бодандары – еділ қалмақтарына сокқы беру нисті туралы соңғы хабарламасын оқыды. Онтүстік Оралдағы бұдан кейінгі оқиғалардың барысы бұл қауіптенушілікті көп жағынан растанады.

1726 жылдың күзінде Әбілқайыр хан, Орта жүз ханы Сәмеке, Есім және Барак сұлтандар бастаған, жалпы саны 10 мындаған адам болатын қазак жігіттерінің қалың қолы қалмақ тайшысы Лобжы Назаровтың ұлыстарына жорық жасады, ол қазактар мен Доржы, Лобжы Назаровтарға тізе қосқан Дондук-Омбо тайшылардың әскерлері арасындағы қантөгісті ірі айқасқа ұласты. Бастапқыда табыс Әбілқайыр әскерлері жағында болып, олар «Лобжы ұлысын шауып, колға түсіре алған адамдардың бәрін қырып-жойды, ал олардың әйелдері мен балаларын және барлық малын олжақылды». Бірақ Жайыққа жақын қалғанда қазақ жасактарына олардан сан жағынан басым, бір мезгілде үш жақтан еділ қалмақтары шабуыл жасады. Қазақ әскерін қалмақ қолы төрт күн коршауға алғаннан кейін тараптар бітім жасасты. Қазактың хандары мен сұлтандары қалмақ тайшыларына «оларға, қалмақтарға, жорық және қарақшылық шапқыншылықтар жасамаға» уәде берді және өздері мойнына алған міндеттемелерді орындауға 60 аманатты кеп: «...берді.<sup>39</sup>

### 3. РЕСЕЙМЕН ӨЗАРА ҚАТЫНАСТАР

I Петрдің шығыстық саясатының қазактарға бағытталуының қалыптастыры уақыты жағынан орыс қоғамында Ресейдің халықаралық аренадағы тарихи рөлін қайтадан ой елегінен өткізумен және империялық доктринаның ресімделуімен тұстас келді. Оның дүние танымдық негізі еуропалық рационалистік теориялар арсеналынан алынған идеяларды (Г. Гроций, Т. Гоббс, Б. Спиноза, С. Пуффендорф және т.б.) және Мәскеу патшалығы-

ның дәстүріне сүйенген Ресей ресми топтарының ортағасырлық идеологиясының эклектикалық құрастырмасы болды.

Империялық санаға Византия мен Рим империясының «мұрагері» Ресейдің басқа халықтардың тағдырына «құдайлық» негізде де, «табиғи құқықпен» де билік ету құқығына сенімділік негіз болды. Ортағасырлық ресми доктринаға толық сәйкес алғанда, мемлекеттің күш-куаты және билік етуші монархтың даңқы оған бағынышты аумактың мөлшерімен және бодандарының санымен анықталады, ал соңыларын алу үrys алаңындағы жеңістің не дипломатиялық қрестің күрделі айла-шарғылардың табиғи нәтижесі болып табылады. Осы түсінікті негізге алған I Петр Астраханда бірсыныра уақыт болып, «бағы заманнан есітіліп келген және сол кезде беймәлім деуге болатын қырғыз-қайсақ ордаларын» Ресей бодандарына келтіру туралы тілек білдіріп, осы жорықта тілмаш міндетін атқарған А. И. Тевкелевке «миллионға дейін жұмсалса да, аса көп шығындарға қарамастан... жан-тәнін салуды, түптеп келгенде, бір парап қағазбен-ақ Ресей империясының қарамағында болуға міндеттенетін болсын» деп ұсынған еді.<sup>40</sup>

Сонымен бірге орыс-қазақ қатынастарының даму серпінділігінің жеделдеуі мен олардың мазмұнының терендеуі ол кезеңде Ресейдің стратегиялық мұдделерімен және сыртқы саясатының мақсаттарымен ғана анықталған жоқ, сонымен катар бүкіл халықаралық қатынастар жүйесінің даму серпінділігімен, аймақаралық географиялық шекаралардың айқындығымен және тұтастығымен (жер бетінің жазықтық бедері және Еуразияның орталық бөлігінде оны бөліп жататын биік тау жоталарының болмауы), Ресей державасының халықаралық беделі мен еуразиялық дүниедегі халықаралық ықпалының бір факторы ретіндегі оның әскери-саяси құдіреттілігімен, демек, Казақстанның билеуші топтарындағы солтүстік көршісімен сауда-экономикалық, әскери-стратегиялық және саяси байланыстардың маңызын түсінумен, қазақ қоғамы саяси көшбасшыларының Ресеймен жақындастырумен анықталды.

Казақстанның көшпелі халқы мен орыс халқының өзара байланысының дамуында тарихи ұзак уақыт бойы сауда-саттық маңызды орын алды. Казан және Астрахан хандықтарына Ресейдің билігі орнатылып, Сібір жаулап алынғаннан кейін Азияға баратын бірден-ақ маңызды екі сауда жолы: орта Еділ бойынан Сібірге және одан әрі Орта Азияға апаратын Кама және төменгі Еділді бойлай, Жайық пен Каспий бағытында, Маңғыстау түбегі мен Орта Азия хандықтарына бағытталған Оңтүстік-шығыс жолдары орнатылды. Сібірдің кейбір сауда-әкімшілік орталықтарының кеден ведомстволарының деректеріне қарағанда, 1655–1670 жылдарда Тобылға қазақ даласы арқылы Орта Азия қалаларынан жыл сайын 4 керуен, 1670–72 жылдарда – екі, ал одан кейінгі жылдарда бір-бірден керуен келіп тұрған. Тарапта XVII ғасырда жылына орта есеппен алғанда көп дегенде – бір, кейбір жылдарда екі керуен, ал 1645–46 жылдарда үш керуен келген.<sup>41</sup> Алайда тұтас алғанда, қазақ даласы арқылы өтетін орыс-ортаазиялық транзиттік сауда XVI–XVIII ғасырдың басында өсте де біркелкі дамыған жоқ, мұның өзі көптеген ішкі және сыртқы саяси жағдайларға байланысты еді.

XVII ғасырдың соңғы ширегі – XVIII ғасырдың алғашқы үштен бірінде қазақтардың жайық казактарымен, еділ қалмактарымен және башқұрттар-

мен өзара саяси қатынастарының шиеленісуі, сондай-ақ жонғарлардың Орта жүз бен Ұлы жүз аумағына өскери басып кіруінің күрт жиілеп кетуі тікелей орыс-қазак және қазақ даласы арқылы көктеп өтетін Ресей–Орта Азия саудасының дамуына елеулі кедергіге айналды. Қазақстанның солтүстік және онтүстік шекаралық аймактарының қазақтардың көшпелі көршілерімен үздіксіз дерлік қақтығыстары аренасына айналуы салдарынан қазақ рулары мен бөлімшелерінің Ресеймен сауда байланыстары сол кезеңде іс жүзінде мұлде тоқтап қалды, ал сауда керуендері үш жүз қазақтарының қоныстарына соқпай, Еділ бойы мен Сібірден Орталық Азияның түрлі елдеріне (Жонғарияға, Орта Азия хандықтарына) және олардан кері қайтканда Ертіс бойындағы жонғар иеліктері мен Таулы Алтай аудандары арқылы өтіп жүрді.<sup>42</sup> Қазақтардың еуропалық халықтармен және Ресей аймактарымен сыртқы сауда ішінара қарым-қатынасының дамуын XVIII ғасырдың алғашкы үштегі бірінде өткен ғасырларда ашылған географиялық ұлы жаңалықтардың маңызды мәдени-тарихи салдары да қындана түсті, ол жаңалықтар құрлықаралық сауда коммуникацияларының дүниежүзілік орталығының Жерорта теңізінен Атлант мұхиты бассейніне ауысуын және дүниежүзілік тауар айналымында құрлық ішіндегі саудадан құрлықаралық теңіз саудасына басымдық берілуін туғызған еді. Осы ғаламдық геоэкономикалық өзгерістердің салдарынан Еуразияның еуропалық бөлігінен Орта Шығыс елдеріне тауар ағындарының Ұлы Жібек жолының құрғактағы дәстүрлі маршруты мен басқа да онша ірі емес сауда жолдары арқылы жүру қарқыны күрт нашарлады, ал құрлықтың орталық көшпелі аймактарына жаңа өнеркәсіп-қолөнер бүйымдары мен технологиялардың келуі мұлде қысқарып кетті.

Қазақстан аумағындағы дәстүрлі сауда жолдары мен маршруттардың құрлықаралық маңызының мұлде төмендеуі және Сыр өнірі аймағына жонғарлардың талай рет басып кіруінің зардаптары, атап айтканда, XVIII ғасырдың 30-жылдарында Қазақстан даласының онтүстігінде халықаралық сауданың іс жүзінде тоқтап қалуына салқынын тигізді, өлкенің бір кезде гүлденген онтүстік қалалары (Түркістан, Сайрам, Сауран және басқалар) шағын ғана сауда-экономикалық маңызы бар, халқы аз қалалық орталықтарға айналды; олардың көпшілігі уақыт өте келе көбінесе аграрлық сипат алды. Сонымен бірге Азияның көршілес елдерінен Сыр өнірі мен ортаазиялық рыноктарға түсken ауыл шаруашылық өнімдері мен қолөнер бүйымдары біршама аз және олардың түр-түрінің аз болуы себепті көшпелі халықтың өскелен тұтыну тілектерін қамтамасыз ете алмады, ал қазақтардың Орал өнірінің, Төменгі Еділ бойы мен Батыс Сібірдің неғұрлым ірі және тауары көп рыноктарына баруы, олар үшін орыстардың нығайтылған бекіністерінің болуы, сондай-ақ Еділ–Орал аймағындағы және Сібірдің онтүстігіндегі өскери-саяси жағдайдың шиеленісуі қындана түсті.

Көшпелілердің сауда-экономикалық саладағы аталған өзгерістердің өздері үшін келенсіз зардаптарын көршілес отырықшы-егінші халықтан қажетті өнімдер мен бүйымдардың бір бөлігін күш қолданып тартып алу жолымен жоюға үмтүлуге объективті түрде шекаралық жанжалдардың өршуіне өкеп соқты. Тегінде, Қазақстанның геосаяси кеңістігінің өр түрлі шекаралық участеклерінде қазақтардың башқұрттармен, қалмақтармен, орал және сібір казактарымен қарулы қақтығыстарының жиілей түсkenі туралы көз көргендердің көптеген хабарларын нақ осы жағдаймен байланыстыра қараған жөн.<sup>43</sup>

XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басында Ресей мен қазақ жүздері арасындағы дипломатиялық қатынас жандандырыла тұсті. Екі тараптың өкілетті өкілдері дүркін-дүркін келіссөздерінің аясындағы талқылау мәселелері: тұтқындар алмасу рәсімі, қазақтар мен Ресей бодандары – қалмақтар, орал және сібір казактары және башқұрттар арасындағы өскери жанжалдарды реттеу, сондай-ақ орыс көпестерінің Кіші жүз бен Орта жүздің қазақ халқымен сауда байланыстарын дамыту үшін қолайлар жасау болды.

Әбілқайыр ханның 1715 жылғы башқұрттар жеріне жасаған өскери жорығы мен башқұрттардың жақын жердегі Кіші жүз ауылдарына жауап ретінде басып кіруі қазақ билеушілерінің Қазан губерниясы мен Батыс Сібірдегі орыс шекаралық өкімет орындарымен саяси қарым-қатынастарының жаңғыртылуына тікелей себеп болды. Осыған байланысты 1715 жылдың күздінде «башқұрт және қырғыз-қазақ дауларын тыю және олардың тұтқындар алмасуы туралы» мәселені шешу мүдделерін көздең, Әбілқайырдың жеңе елшісі, Тайқоныр Құлтабаев батыр Қазанға барып, онда жергілікті губернатор П. С. Салтыковпен келіссөз жүргізді.<sup>44</sup> Келіссөз аяқталмай қалып, үш жыл өткен соң қазақ ханының өз бастамасымен қайта жалғастырылды.

Келесі жылдың қыркүйегінде Тобылға құрамында Бекболат Екешев пен Байдәulet Бөриев батырлар бар Қайып ханың елшілігі келді, оларға қазақтардың солтүстіктерінің көшпелі көршілерімен шекаралық жанжалдарын реттеп, Сібір губернаторы М. П. Гагаринмен «мәңгілік бітім» жасасу, Ресеймен Жонғарияға қарсы өскери одак туралы келісімге қол жеткізу және «оларға сауда-саттық жолымен Тобылға баруға мүмкіндік беру үшін» Ресейдің жақын жердегі рыноктарына қазақ малышыларының кедергісіз баруына кепілдік алу тапсырылған болатын.<sup>45</sup>

Сібір астанасына жана қазақ елшілігінің жіберілу фактісінің өзі мен Тәуке мирасқорының Ресей губернаторына жонғар контайшысы Цеван-Рабтанға қарсы бірлескен соғыс қымылдары туралы ұсыныс жасауы көп жағынан И. Д. Бухгольцтің өскери отрядының Ертіс бойымен ілгерілеуінің накты мән-жайларымен және оның Ямышев көлі ауданында ойрат өскерлерімен қақтығысуына байланысты болатын. Қайып ханың айтуына қарағанда, «контайшының Ұ. М. И.-ға қарсыласатының» орыс офицері Маркел Трубниковтан біліпті, ал оны подполковник И. Д. Бухгольц 1716 жылғы 1 қаңтарда Ертіс өңірінен жонғар ханының ордасына жіберген екен, бірақ Ямышев бекінінен шыға бергенде ойраттар тұтқынға алған да, олардан шекаралық жонғар қарауылдарынан жақын жердегі Іле өзенінің жағасында қазақ жігіттерінің тобы тартып алыпты.<sup>46</sup> Орта Ертіс алабындағы Ресей-Жонғар өскери жанжалдары туралы өздерінің білетінін көзге көрсете растау үшін Бекболат Екешев пен Байдәulet Бөриев М. Трубниковты қазақ ханының ордасынан Тобылға апарған. М. Трубников та өз кезегінде, губернатор М. П. Гагаринге «өзін бүкіл Қазақ ордасының келісімімен жіберілгендейгін, ал оған Ұ. М. И. адамдарымен тату болып, қалмақтармен бірлесіп соғысу керек екенін айтқандығын» мәлімдеген.<sup>47</sup>

Қазақ елшілігінің Тобылға келуі және оның жонғарларға қарсы Ресеймен өскери одак жасасу туралы ұсынысы Сібір губернаторын 1716 жылғы 16 қазанда Қайып ханға Никита Белоусов бастаған арнаулы жауап елшілігін жіберіп, оған орыс шекаралық өкімет орындарының Орта және Кіші жүз қазақтарымен «тату тұруға» өзір екендігіне сендіруге және «бір кездे өзінің ұлы мәртебелі патшасы контайшыға өскер жіберуге құзыры түссе, [ол] осы келісімді ескеретінін және сонда оларға ведомость жіберетінін» хабарлауды

тапсырды.<sup>48</sup> Ресей елшілері Түркістанға аман-есен жетіп, бір жылдай уақыт бойы Қайып ханның жанында болды. Тобылға қайтып барғаннан кейін 1717 жылғы 26 қыркүйекте Н. Белоусов губернатор М. П. Гагаринге қазақ билеушісінің хатын береді, онда хан өзінің «қонтайшымен соғысу» жөніндегі бұрынғы ниетін қуаттап, сол жылдың жазғы айларында башқұрттар айдал әкеткен көптеген жылқы табындарын казактарға қайтарып беру туралы өтініш жасаған еді. Алынған өтінішке қайтарған жауабында М. П. Гагарин ханға айдал әкетілген жылқыны табуға және Тобыл қаласында орыс-казақ айырбас саудасын дамытуға камкорлық жасауға тырысатынын хабарлады.

Алайда 1717 жылдың күздінде Әбліқайыр Қазан губерниясының ішкі уездеріне тағы да бір ірі жорық жасады, содан кейін башқұрттар мен сібір казактары шекаралас қазақ ауылдарына жауап ретінде басып кірді. Осы негізде тұтқындар алмасу мен мал жағдайы, сондай-ақ Қазақстанның Ресеймен шекарасындағы өскери-саяси ахуалды ретке келтіру мәселесі қайтадан маңыз алды.

Аталған мәселелерді шешу үшін 1717 жылдың аяғында Қайып және Әбліқайыр хандарға Қазаннан уфа дворяны Федор Жилин жіберілді, ал 1718 жылдың қантарында Тобылдан Түркістанға Борис Брянцев пен Яков Тарыштин және тілмәш Қабай Мамеевтен құралған ресей елшілері аттанып, олар кырда 1718 жылдың жазына дейін болды. Ресей елшілерімен кездесулер барысында Әбліқайыр (4–7 мамыр) және Қайып (25 маусым – 12 шілде) хандар «ұлы патша ағзаммен», Ресейдің Қазан және Сібір губернияларындағы оның өкілетті өкілдерімен «мәңгі татулықта және одактасып» тұруға, орыс көпестерімен сауда байланысын дамытуға және өз бодандарының көршілерінен малды «ұрлап әкетуіне» бірлесіп жол бермеуге мүдделі екендіктерін білдірді.

Патшалық шекаралық өкімшілікпен бейбіт келіссөздердің жаңғыртылуын Қайып және Әбліқайыр хандар I Петрмен жонғарларға қарсы өскери-саяси одак жасасу үшін пайдалануға тағы да әрекет жасады және сол мақсатты көздең, еліне қайткан ресей елшілерімен бірге Қазан мен Тобылға аталған мәселелерді талқылау үшін өздерінің жеке өкілетті өкілдерін қосып, оларға губернаторлар П. С. Салтыков пен М. П. Гагариннің атына өздері хат жазып жіберді.<sup>51</sup> Атап айтқанда, Сібір губернаторымен 1718 жылы келіссөз жүргізген батырлар: Елмет Баулықов (мамыр); Шаба, Баһадүр, Сапа, Итмәмбет және Бақұрман (7 қазан); сондай-ақ Бәйбек пен Төлебай (28 қазан).<sup>52</sup> Нақ сол жылдың 10 желтоқсанында қырдан орыс елшісі Федор Жилинді Қазанға жеткізген Тантай Арыстанов және Тоғынұр Құлтабаев батырлардың қазақ елшілігі Қазан губернаторымен жонғар ханына қарсы ұрыс қимылдарын келісе отырып жасау проблемасын талқылады.<sup>53</sup>

Алайда Қайып пен Әбліқайырдың хаттарында айтылған бірлесіп жонғарларға қарсы соғыс жорығын жасау туралы ұсынысты Ресейдің орталық үкіметі макұлдамады, ол Жоғарғы Ертіс өнірі ауданындағы орыс-ойрат шекаралық қайшылықтарын тез арада шешуге және күмәнді «Еркеті» қаласының орналасқан жерін табудың сөтті болуына мүдделі болатын. I Петрдің ресми өкімін негізге ала отырып, Қазан губернаторы П. С. Салтыков өзінің Қайыпқа 1719 жылғы 8 қантарында жіберген жауап хатында оның жонғар ханымен соғысу ниетін жалпылама макұлдаған емеурінмен шектелді және өскери көмек туралы қандай да болсын нақты уәде беруден тартынып, оған «оның, Қайып ханың, оған контайшыға, өз дегеніне істей беруін» мәлімдеді.<sup>54</sup> Кейінгі жылдардағы сияқты, бұл жағдайда да Жонғар хандығы жөніндегі Петербургтің ресми көзқарасы оның Цин империясының тез өсіп келе жатқан өскери күш-қуаты

мен экспансиялық дәмелеріне іс жүзіндегі қарама-қарсы маңызды стратегиялық рөл атқаратынымен анықталды, соны ескере отырып, патша үкіметі Жонғарияның едәуір өлсіреуін қаламады, барлық даулы мәселелерді бейбіт жолмен шешуді жөн көрді жөне бұл орайда ойраттардың Ресей бодандығын қабылдауынан үміт үзбеді.<sup>55</sup>

Жонғар өскерлерінің Орта жүз бен Ұлы жүз жеріне ендей басып кіруі жағдайында қазактар өздеріне тиесілі көшіп-конып жүрген орындарынан аймақтың солтүстігіне – Жайық, Елек және Тобыл ауданына ығысуға мәжбүр болды, онда оларға басқа да көшпелі халықтармен – Сібірдің онтүстігінде және Еділ-Жайық аулағында мекендерген Ресей бодандарымен жайылым үшін құресуге тұра келді. Соның нәтижесінде қазак руларының алдында Жайықтың тәменгі және орта ағысы бойындағы шебі шүйгін қоныстарды өздеріне қарастып алу проблемасы тұрды, онда «оның оң жағалауындағы көз қызықтыратын жайылымдарға жол ашылатын еді және орыс рыноктарымен байланыстарды кеңейтуге мол мүмкіндіктер болатын».<sup>56</sup>

Аймақтың солтүстігі мен солтүстік-батысындағы жайылымдық жерлерді құш қолданып кеңейту өдістерімен қатар қазак билеушілері өздерінің көшпелі көршілерімен қарым-қатынастарында қатты шиеленіскең жер мәселесін Астрахан мен Қазандағы патшалық шекаралық өкімет орындарымен бейбіт дипломатиялық келіссөздер арқылы шешуге тырысты. Кіші жүз ақсақалдары Арап өнірі даласынан 1725 жылдың жазында жіберген қазак елшісі Қойбағар Көбековтың Петербургке барған дипломатиялық миссиясы сол бағыттағы алғашқы практикалық қадамдардың бірі болды.

Бұл елшіліктің үйымдастырылуына Ресейдің Бұхарадағы елшісі Флорио Беневенидің пошта тасуышысы, қазактар және олармен одактас қарақалпактар 1724 жылы Арапдың солтүстік-шығыс өнірінде тұтқынға түсірген, «Әміремзей» деген лақап аты бар башқұрт саудагері Мақсұт Юнусовтың Кіші жүз қазактары руларының қоныстарында амалсыз жүруі нақты себеп болды. Қазак ақсақалдары бұл тұтқынды жарты жылдай аманат жағдайында ұстап, М. Юнусовқа өздері орыс императорынан «өздерінің бітім туралы өтінішіне макұлдаған және жақсы жауап алған» кезге дейін оны ауылдарынан жібермейтінін мәлім еткен еді.

Осындай ерекше жағдайда Кіші жүздің алшын руларымен және жергілікті қарақалпактардың билеуші бетке ұстарларымен белсенді түрде әңгіме жүргізген Мақсұт Юнусов оларға «ақ патшаға» Ресей бодандығын қабылдау туралы өтініш жасауды ұсынды және соның есесінде қазактар мен қарақалпактарға, бейнебір жоғары мәртебелі тақ иесінің макұлдағаны іспетті, Жонғар хандығына қарсы Ресейдің өскери көмегіне уәде берді.<sup>58</sup>

Кіші жүз қазактары ақсақалдары Соғыр, Едіkbай, Қажыбай және басқаларының атынан молда Мақсұт Юнусовтың ақылы бойынша 1725 жылғы шілде-тамыз айларында Петербургке жіберілген Қойбағар Көбековтің дипломатиялық миссиясына осы өте көкейкесті міндетті шешу жүктелді.<sup>59</sup> М. Юнусовты ерткен қазак елшісі 1726 жылғы 18 қаңтарда Ресей астанасына барып, онда Сыртқы істер алқасының шенеуніктеріне қазак және қарақалпак ақсақалдары жазған екі хатты табыс етті. Олардың біріншісінде және елшинің өзі ауызша айтқан сөздерде «Аюке хан сияқты Ұ. М. И. қамқорлығында болуға» тілек білдірілді және қазактардың «башқұрттар мен Жайық арасында, Кіші Жар тауы маңында» көшіп жүруіне рұқсат ету, олардың елге терендей еніп, Ресейдің ірі қалаларына еркін және қауіпсіз баруын қамтамасыз ету,

жайық казактары мен башқұрттардың шабуылдарынан қауіпсіздікке кепілдік, сондай-ақ тікелей Уфада тұтқындар алмасуды жүргізуге құқық беру туралы өтініш жасалған.

Алайда Сырдарияның сағасы жағындағы қазак ақсақалдарына Мақсұт Юнусовтың алдын ала үйіп-төгіп сөз бергеніне қарамастан, К. Көбековтің «ақ патшадан» «қамқорлық» сұраған өтініші ол кезде Ресей үкіметін қызықтыра қоймады. Патша төрелері сол кездегі жағдайда қазактарды Ресей бодандығына қабылдау Ресей үшін тиімсіз деп тапты, өйткені бұл Сібірдің онтүстік шекара маңы аудандарында патшалық өкімет орындарының өскери-саяси шептері жалпы әлсіз болып тұрған жағдайда оның Жонғар хандығымен өзара қатынастарын едәуір қынданатып жіберуі мүмкін еді. Осы екі себеп бойынша Көбеков Петербургтен ешқандай жауап ала алмай кетті. Бұл сапар жөнінде Сыртқы істер алқасының ресми бұрыштамасында былай делінген: «Ұлы мәртебелі императордың қамқорлығында болатындай, пайдасы көрінбейді».<sup>60</sup>

К. Көбеков миссиясының сәтсіз нәтижелеріне қарамастан, 1729 жылы Әбілқайыр Тобылдағы Ресей өкімет орындарына «жолдастарымен» Бекболат өкіл болған 4 адамнан кезекті елші жіберді.<sup>61</sup> Сібір мұрағаты құжаттарының дені кезінде мұлде жоғалтып жіберілгендейді, Ресейге бұл қазак елшілігін жіберудің накты мән-жайы мен себептері қазіргі зерттеушілерге көп жағынан беймәлім болып қалуда. Алайда аймақтың солтүстік жағында сол кезде халықаралық жағдайдың күрделі сипатта болғанын ескере келгенде, Бекболат пен оның серіктерінің міндеттері Ресей бодандығындағы көршілес халықтар мен қазактардың өзара қатынастарындағы өскери-саяси шиеленісті бәсендегітүге және патша өкіметі орындары бұрын қолға түсірген казактарды қайтаруға келіп сайды деп зор сеніммен айтуға болады.

Орыс-қазак, қазак-қалмак және қазак-башқұрт қатынастарын реттеу мен аймақтың солтүстік-батысында және солтүстігінде Кіші жүз бен Орта жүз қазактарының кедергісіз көшіп жүруінің берік құқықтық кепілдігін алу проблемасы қазактың көшпелі бірлестіктері үшін, өсіресе олардың жазғы жайлауы Ресейдің кең-байтақ жер иеліктерінің шекарасына жапсарлас жатқан бөлімшелері үшін жыл өткен сайын барынша көкейкесті сипат ала берді. Сондықтан 1730 жылдың мамырында Ресеймен бітім туралы шарт жасасу мақсатымен Кіші жүз бен Орта жүз өкілдерінің жиналысында патша үкіметіне арнайы елші жіберуге бірлескен шешім қабылданды. Бұл дипломатиялық міндетті іс жүзіне асыру тікелей Әбілқайырға жүктелді.<sup>62</sup>

#### 4. ҚАЗАҚ-БАШҚҰРТ ҚАТЫНАСТАРЫ

Кіші жүз бен Орта жүз қазактарының солтүстік аймактағы ең ұзын шекарасы Башқұртстанмен шектесіп жатты. XVIII ғасырдың басына дейін башқұрт жері Ресейдің Қазан және Сібір приказдарының қарауында болды, ал 1708 жылдан бастап, губерниялар құрылудың байланысты, олардың негізгі аумағы Қазан губерниясы Уфа уезінің құрамына кіргізіліп, Қазан губернаторының құзыретіне жатқызылды.

Сол кезеңге қарай XVII ғасырдың 20-жылдарында Жонғариядан қазак да-ласы арқылы Еділ мен Жайық өзендері аралығына келген (300 мың адамға жуық) қалмақтар солтүстікке қарай ығыстырған қазактар онтүстік Орал мен Батыс Сібірде көшіп жүретін Ноғай және Сібір жолдары башқұрттарымен

тоқайласты. Кіші жұз бен Орта жұз қазақтары руладының Ой, Миасс өзендерінің және Жайықтың жоғарғы ағысының бойындағы башқұрттардың қаратабын руымен; Жайық өзенінің жоғарғы және төменгі ағысының бүкіл алабы бойында орналасқан – башқұрттардың табын, құбақан, тамъян, қарағай-қыпшақ, бурдян, қарақыпшақ, өсерген руладымен және басқа да кейбір руладымен өзара байланыстары мейлінше тығыз да тұракты болды. XVII ғасырдың бірінші жартысы мен аяғында, қазақтар мен еділ қалмақтары арасында мейлінше шиеленіскең қақтығыстар болған кезде, Кіші жұз қазақтарының рулық топтарының бір бөлігі Ой–Миасс өзендері аралығындағы және Жайықтың он жағалауындағы башқұрттар жеріне орналасты немесе онда ұзак уақыт бойы тұрды. Өсерген руының башқұрттары орналасқан жерге арғын бірлестігінің қазақтары көшіп барды.<sup>63</sup> Ол кезеңде башқұрт-қазақ байланыстарының кең тараған нысандары қыз алысып-берісу, ортақ жайылымдарға көшіп бару, башқұрт және қазақ жігіттерінің арасында құрес, ат жарыс, садақ ату жөніндегі жарыстарды бірлесіп мерекелеу болатын. Бірақ олармен катар «жайылымдар үшін қақтығыстар, өзара шапқыншылық жасау, қыз алып қашу, башқұрт және қазақ билері мен сұлтандарының бақталастығы және т.б.» сияқты құбылыстар да дағдылы еді.<sup>64</sup> Этнолог-мамандардың Башқұртстан жерінің көпшілік бөлігінде «қазақ» этнонимінің кең таралғаны фактісін анықтауы XVIII ғасырдың алғашкы үштен бір ширегінде қазақ-башқұрт өзара ықпалы ауқымының өте елеулі болғанын айқын көрсетеді.

Көптеген жылдар бойы патша әкімшілері қолданған империяның онтүстік-шығыс шет аймақтарын өскери және аграрлық-өнеркәсіптік отарлауы, башқұрттардың қоныстарын онтүстік-шығыска қарай, қазақ жұздері бағытында ығыстыруы, жергілікті халықты салық арқылы езгіге салу мен христиандандыру саясатын қүшетуі салдарынан башқұрт жеріндегі ішкі саяси жағдай XVIII ғасырдың басына қарай өте шиеленісп кетті. Башқұрттар қоғамының кең өлеуметтік топтарының қазан және тобыл шенеуніктеріне наразылығының өршүі 1704–1711 жылдары башқұрттардың Ресей самодержавиесінің отаршылдық саясатына қарсы жаңа қарулы көтерілісіне үштасты. Бұл көтеріліс тарихқа Ноғай жолының бурдян руы аксақалдарының ең басты және ең беделді жетекшісі, атақты тархан Алдар Есенгелдиннің атымен «алдар көтерілісі» деген атпен енді.

Көтеріліске шықкан башқұрттардың құресі 1708–1710 жылдарда шырқау шегіне жетті, бұл кезде орыстың өкімет орындарына қарулы қарсылық көрсету Башқұртстанның европалық бөлігін ғана емес, сонымен катар Оралдың сыртқы аймағын да қамтыды. Қазақтардың өскери жасақтарының және олармен одактас қаракалпактардың башқұрт көтерілістерінің қарулы орыс отрядтарымен қақтығыстарына қатысуы туралы дерек көздерінің алғашкы азын-аулақ дәлелдері халық қозғалысының нақосы кезеңіне жатады. Мәселен, 1708 жылы 13 маусымда Жайық қалашығынан Уфаға қайтып келген қалмақ Загалдай жергілікті жұзбасы және воевода И. Бахметовке өзіне жол бойында кездескен «бұлікшілердің» айтуына қарағанда, олардың «қазақтар мен қаракалпактар арасында келісімі бар» екендігін және солармен «бірге» қимыл жасағалы жатқандығын хабарлаған. Башқұрт көтерілісшілерін қазақтардың қолдауы туралы одан да нақты мәліметтерді 1709 жылдың мамырында сібір шаруасы Федор Баландин өкелген, сол кезде ол тобыл шенеуніктеріне Бердск болысының жекелеген башқұрттарының «оларға қазақ ордасынан саны көп күш келгенін» мойындағанын баяндаған. Шамамен алғанда сол кезде көтерілісшілердің тұтқынында бол-

ған орыс шаруаларының башқұрттар бір-бірімен өнгімелескенінде «...өздерімен қарақалпактар, қазақтар және Ноғай жолындағы барлық башқұрттар бірге екендігі» туралы айтқандарын естігенін хабарлаған. Екі ай өткен соң Уфа дворяны Федор Толбузин өзінің көтеріліс жасаған башқұрттарға жорық туралы «кіріс-шығыс тізімінде» екі башқұрт тұтқынның хабарлауына сүйене отырып, бұл акпаратты нақтылай түскен, ал тұтқындардың айтудынша, «соғысу үшін башқұрттарға қазақ ордасынан 3000 адам, қарақалпактардан 100 адам, қаратайдардан 250 адам барған».<sup>66</sup> Сонымен, дәйексөз келтірілген құжаттан башқұрттардың көтерілісі негізінен алғанда Ноғай және Сібір жолдарындағы қазақ қоныстарына көрші жерлерде өріс алған жылдарда башқұрт көтерілісшілеріне қазақтар мен қарақалпактардың біріккен құштері қосылып, бір жыл бойы башқұрт даласында қимыл жасағаны көрінеді.

1715 жылдың басында Кіші жүз ханы Эбілқайырдың өзі бастаған қазақтардың қалың қолы Қазан губерниясының ішіндегі Черемшан өзені анғарында орналасқан башқұрт болыстарына жорық жасады, оның барысында казақтардың Кама сырты шебіндегі Новошешминск станицасына дейін жетіп, «қала төнірегін өртеп жіберді». Башқұрттар көршілеріне көп кешікпей жауап қимыл жасады, соның ізінше Кіші жүздің қоныстарына «Сібір жолындағы башқұрт батыры Қарт» келіп, қазақ билеушілерінен Уфа уезінің башқұрттары атынан «башқұрт және қырғыз-қазақ дауларын тыю туралы, олардың тұтқындар алмасуы туралы» талап қойды. Нәк сол жылы қазақтар мен қарақалпактар қырда казақтардың арба керуеніне шабуыл жасады, адамдарын тұтқынға алып, оларды Хиуадағы құл сататын базарға апарды.<sup>67</sup>

XVIII ғасырдың 20-жылдарының аяғында башқұрттардың соғыс ашып басып кірулерімен қатар шектес жаткан қазақ ауылдарына жайық және сібір казактарының шапқыншылық жасауы жиілей түсті. Қазақтарға Батыс Сібірдің казак станицаларынан шабуыл жасаған казак полковниктері Леонтий Парфентьев (Лебентий батыр) мен Федор Матигоров (Федор батыр) мейлінше қатты соккы берді. Нәк сол жылдарда Оңтүстік Орал тарапынан Кіші жүз казақтарына еділ қалмактары мен жайық казақтары дүркін-дүркін әскери жорықтар жасады.

1717 жылдың қысында Эбілқайыр он мың қазақ қолымен Қазан уезіндегі башқұрт қоныстары арқылы тағы да жорық жасап, Новошешминскіні басып алды, П. И. Рычковтың айтудын атағанда, «оны алған соң көптеген адамдарды тұтқын етті, бірақ олар полковник Суюзаның ізгі өрекетімен құткарып алынды, сөйтіп ол қырғыз-қайсактар біраз зиян шегіп, қашуға мәжбүр болды». Қазақтардың шапқыншылықтарына қарама-қарсы башқұрттар 1717–18 жылдарда Кіші жүз бен Орта жүз казақтарының шектес жаткан қоныстарына екі рет жорық жасады, олардың барысында қазақ малшыларынан біріншісінде – бірнеше жүз, ал екіншісінде 1500 жылқы айдал әкетті.<sup>68</sup> 1718 жылы қазақтар мен қарақалпактардың жасақтары Жайық қалашығына жақында піліп, оны Самарадан бөліп тастанды да, бір айдан астам уақыт бойы коршауда ұстады. 1719 жылғы шілде айында Эбілқайыр бастаған жиырма мың қазақ қолы Жайық қалашығын тағы да қоршап, Кіші жүз ханы оны құшпен басып алуға тырысты. Бірақ бұл өрекеттен ештеңе шықпады, соның салдарынан Эбілқайыр қаланы қоршауды тоқтатуға мәжбүр болып, еділ қалмактарын шабуға аттанды.<sup>69</sup>

1730–32 жылдардағы тарихи құжаттардың мазмұнынан 20-жылдардың аяғында казақтардың башқұрт тархандары мен батырларының жасақтарымен

қарулы қактығыстарының жиілей түсіп, шиеленіс ауқымы өскені аңғарылады. Башқұрттардың көршілес қазақ ауылдарына ірі көлемде шапқыншылық жасауы салдарынан жаз жайлаулары башқұрттардың онтүстік-шығыс жеріне жақын жатқан Кіші жүз бен Орта жүз хандары жалпы қазақ тылын нығайту жөнінде шаралар қолдануға мәжбүр болды, сондықтан Онтүстік-шығыс Қазақстаннан Ресей шекарасына қарай асығыс көшті. Саяси жағдайдағы атап өтілген өзгерістерді ескере отырып, қазақ билеушілері ойрат-қазақ шекарасындағы шиеленістің біршама бәсендегі, өз бодандарының солтүстіктегі көршілерімен қатынастарын қалыпқа келтіру және жонғарларға қарсы ойдағыдай құрес жүргізуді жалғастыруға қажетті жағдайлар жасау үшін пайдаланып қалуға тырысты.

Оқиғалардың осылайша өрбігенін Әблілқайыр ханның өзі орыс императрицасына жолдаған жазбаша өтініші мен оның 1730 жылғы қазан айында Петербургке жіберген елшілері айтқан сөздерінің хаттамалық жазбалары айқын дәлелдейді, онда Кіші жүз ханының Ресейден қолдау тауып, қамкорлық көру тілегі қазақ-башқұрт қатынастары тұрғысынан баяндады және қазактардың жонғарлармен, еділ қалмактарымен, өзге де көршілерімен емес, нақ башқұрттармен өскери жанжалдарын реттеу қажеттігі дәлел етілген. Қазақ елшілері Сейітқұл Койдағұлов пен Құтлымбет Коштаевтың айтуларына қарағанда, қазақтар «контайшымен және еділ қалмактарымен бұрын соғысып келді, ал қазір олармен татуласты, ал башқұрттар өздерімен, қазақтармен, Ұ. М. И. рұқсат етпейінше бітіспейді, сондықтан оның өзлерімен башқұрттардың тату және ауызбірлікте болуына әмір беруі керек».

20–30-жылдар шебінде башқұрттардың Кіші жүз бен Орта жүз қоныстарына шапқыншылық жасауы жиілей түскенін А. И. Тевкелев айтқан, 1730 жылғы мамыр айында қазақ «ақсүйектері» – екі жүздің шонжарлары мен ақсақалдары жиналысы шақырылуының тарихи фактісі де көрсетеді, онда патша үкіметімен бітім туралы арнаулы шарт жасасу мақсатымен Петербургке өкілетті қазақ елшілігін үйимдастыру туралы шешім қабылданған еді. Ақырында, 1730 жылғы мамыр-маусымда Кіші жүз қоныстарына Ноғай жолындағы атакты башқұрт тарханы Алдар Есенгелдиннің келуі қазақтар мен башқұрттар арасындағы өскери жанжалдардың елеулі болғанын мейлінше айқын көрсетеді, ол Әблілқайырдың айтуынша, қазақ билеушілерімен қазақ-башқұрт жер дауарын және соның негізінде туындаған өзара карулы қактығыстарды шешу үшін Ресейге елші жіберуді талап еткен. «Нақ осы қактығыстар, – деп атап өткен өз кезінде ағылшын тарихшысы Ален Боджер, – қазақтардың тәуелсіздігі үшін және Әблілқайырдың жонғарларға жоғалтқанын қайтару мен өзінің жеке билігін күшетуге өрекет жасауы үшін мейлінше елеулі және ұзакқа созылған қауіп болды».<sup>71</sup>

XVIII ғасырдың 20–30-жылдары шебіндегі қазақ жүздерінің халықаралық жағдайын сипаттай келіп, Тевкелев былай деп пайымдайды: ол кезде қазақтарға «барлық жағынан... қауіп төніп тұрды, барлық жерден тазыдан қашқан қоян сияқты безіп, күйзеліске ұшырады және қашып бара жатып, өз малын өздері тастап кетті, ал кейде өте қажет болғанда бала-шағасын да тастап, өздерінің бас сауғалайтын кездері болды».<sup>72</sup> Басқаша айтқанда, Ресей мен Цин империяларының аймакта жүргізген белсенді экспансистік саясаты Еуразия құрылышының ішкі бөлігіндегі номадизмнің азаюына және көршілес көшпелі халықтармен өзара қатынастарда жер

мәселесінің шиеленісіне едәуір дәрежеде себепші болды. Қазактардың, башқұрттардың, қалмақтар мен ойраттардың екі державаның отаршылдық шарапарымен жасалған жаңа жайылымдарға деген асқан мұқтаждықтары салдарынан XVIII ғасырдың алғашқы үштөн бір ширегінің аяғына қарай көшпелі көршілер арасындағы катынастар едәуір қындалап кетті, мұның өзі Әбілқайыр ханның Кіші жұз бен Орта жұз үшін сыртқы қауіптен қорғаныс іздеуінің алғышарты болды.

<sup>1</sup> РГАДА, ф. Зюнгорские дела. 1718–1721 гг., д. 1, л. 9–10 об.; ф. 196, оп. 1, д. 1543, лл. 201–205; ф. 248, кн. 373, лл. 621–626 об.; ф. 192, д. 37, 37а, 37б; ф. 9, оп. 3, д. 41, лл. 330–356; АВПРИ, ф. 113, оп. 1, 1699 г. д. 1 л. 1–2; 1729–1730 гг., д. 3 лл. 9–10 об; МИБАССР, М.–Л. 1949, т. 3, с. 484–488; КРО-1, док. № 19, 23–24-б; МОЦА-1, док. № 73, 214-б; *Кирилов И. К. Цветущее состояние Всероссийского государства*. М., 1977, 217, 226, 227, 234–235-б; *Бем Д. Белевы Путешествия через Россию в разные азиатские земли, а именно: в Испаган, в Пекин, в Дербент и Константинополь*. СПб., 1773, ч. 1, 182-б; *Муканов М. С. Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза*. А., 1974, 25-б; *Волобуев В. И. Некоторые итоги реконструкции карты Джунгарии И. Рената //Известия НАН РК, Сер. обществ. наук. 1993, № 6, 12–14-б; Акманов И. Г. Башкирские восстания*. Уфа, 1993, 20, 22-б.

<sup>2</sup> *Султанов Т. И. Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории)*. М., 1982, 25-б.

<sup>3</sup> *Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей*. Изд. 2-е. А., 1996, 228-б; *Зиманов С. З. Общественный строй казахов первой половины XIX века*. А., 1958, 21-б.

<sup>4</sup> МИУТТ ССР //Труды Историко-археологического института в Институте востоковедения. Л., 1932, вып. 3, ч. 1, 263–265-б; *Добросмыслов А. И. Материалы по истории России*, т. 2. Оренбург, 1900, 61–62-б; *История Узбекистана в пяти томах*. Ташкент, 1993, т. 3 (XVI – первая половина XIX в.), 239–240, 245–246-б.

<sup>5</sup> *Витевский В. Н. Н. Н. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г.*, вып. 1. Казань, 1889, 134-б.

<sup>6</sup> Памятники сибирской истории XVIII в., кн. 2, Спб., 1885, 82-б.

<sup>7</sup> *Гавердовский Я. П. Обозрение Киргиз-кайсацкой степи*. 1803 г. //РО ИРИ РАН (Петербургское отделение). Кол. 115, № 495, л. 50 об. – 51 об.

<sup>8</sup> *Гродеков Г. Киргизы и каракиргизы Сырдарыинской области*, т. 1. Юридический быт. Ташкент, 1889, 25-б.

<sup>9</sup> 1703 жылғы жазба деректерде Қайып «сұлтан» титулымен аталады», ал 1715 жылы ол хан деп танылған. Демек, оның 1710 жылға, Әбілқайырдың хан сайланғанына дейін хан болғаны анық, яғни ол 1703–1710 жылдардың аралығында хан сайланған. Қайыптың лауазымы туралы: АВПРИ, ф. 113/1. 1739 г., д. 1, л. 273; МИБАССР, ч. 1. 1935, док. № 129, 278–279-б; КРО-1, док. № 15, 18-б.

<sup>10</sup> Әбілқайырдың Кіші жұзге хан сайлануының уақыты мына деректер негізінде аныкталған: Орынбор экспедициясының 1735 жылы наурызда сарт Нұрмұхамедтің айтуымен жазып алған мәліметі //Добросмылов А. И. Материалы по истории России, т. 2, 57-б; *Кэстль Джон. Дневник путешествия в году 1736 из Оренбурга к Абулхайру, хану киргиз-кайсацкой орды*. Пер. с нем. В. Штаркенберга. А., 1998, 109-б; КРО-1, док. № 19–21 (начало 1718 г.), 22–28-б; *Гавердовский Я. П. Обозрение Киргиз-кайсацкой степи*, л. 52–52 об. (казахское предание о съезде в Каракумах, записанное в 1803 г.); *(Неволыник). Предание о киргиз-кайсацком хане Абулхайре //ТГ. 1900. № 1, 5-б.*

<sup>11</sup> КРО-1, 432–433-б. Красный архив. 1936, № 5 (48), 201-б.

<sup>12</sup> *Бұл да сонда*, 53-б.

<sup>13</sup> АВПРИ, ф. 122/1. 1730–1731 гг., д. 1, л. 68, об. КРО-1, 36, 62, 107-б; РГА ДА, ф. 242, оп. 1, д. 136, лл. 185–200; *Добросмыслов А. И.* Материалы по истории России, т. 2, 56–57-б, *Рычков П. И.* История Оренбургская. Оренбург. 1896, 39, 71-б; *Ханыков Я. В.* Поездка Поспелова и Бурнашева в Ташкент в 1800 г. //Вестник РГО. 1851, ч. 1, 53–54-б.

<sup>14</sup> АВПРИ, ф. 122/1. 1748 г., д. 4, лл. 11–19 об.; ГАТО, ф. 47, оп. 1, д. 4956, л. 91–91 об.; КРО-1, 148-б; *Левшин А. И.* Көрсетілген еңбегі, 161, 165-б; *Кудайберды-улы Шакарим.* Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. А., 1990, 97-б.

<sup>15</sup> *Бұл да сонда*, 1730–1731 гг., д. 1, д. 68 об.; КРО-1, 62, 268, 270, 272, 486–489-б; *Букейханов А. Н.* Примечания к общинно-аульным таблицам //Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. Спб., 1905, т. VI, 20, 55-б; *Тынышпаев М.* История казахского народа, 91, 103-б.

<sup>16</sup> АВПРИ, ф. 122/1. 1748 г., д. 4, л. 68об.; КРО-1, 36, 62, 99, 326-б; МИКССР, т. 2, ч. 2, 134-б; *Андреев И. Г.* Описание Средней орды киргиз-кайсаков. А., 1998, 103, 116–117-б; *Тынышпаев М.* История казахского народа, 187-б.

<sup>17</sup> ПФАРАН, разр. II, оп. 1, д. 126, лл. 1–21; КРО-1, 62, 125, 268, 272, 486–489-б; МИКССР, т. 2, ч. 2, ч. 133; *Андреев И. Г.* Описание Средней орды киргиз-кайсаков, 37, 41–42, 103-б.

<sup>18</sup> ПФАРАН, Разр. II, оп. 1, д. 126, л. 18; ГАТО, ф. 47. оп. 1, д. 4956, л. 891 об; КРО-1, 62, 93, 148-б.

<sup>19</sup> КРО-1, 155, 163, 469-б; История казахской литературы. А., 1979, т. 2, 41-б; *Сулейменов Р. Б., Моисеев В. А., Койгельдиев М. К.* К вопросу об оценке исторической роли Аблая // Вестник АН КазССР. 1988, № 1, 24–33-б.

<sup>20</sup> АВПРИ, ф. 122/1. 1742 г., д. 4, л. 73 об.; КРО-1, 62, 68, 213, 433, 472-б.

<sup>21</sup> КРО-1, 23–24, 26-б; МИКССР, т. 2, ч. 2, 267-б; *Басин В. Я.* Казахстан в системе внешней политики России //Казахстан в XV–XVIII вв. (Вопросы социально-политической истории). А., 1969, 60-б.

<sup>22</sup> КРО-1, 62, 99-б; Красный архив. 1936, № 5 (78), 201-б.

<sup>23</sup> МИКССР, т. 2, ч. 2, 266–269, 278-б.

<sup>24</sup> *Гродеков Н. И.* Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области, т. 1. Юридический быт. Ташкент. 1889, 24–26-б; *Тынышпаев М.* История, 160–161-б; *Султанов Т. И.* Кочевые племена, 116, 120-б.

<sup>25</sup> Красный архив. 1936, № 5 (78), 201, 203–204; 108–109, 116, 149, 191, 196, 246, 250–251, 254, 264, 272, 291, 298, 306, 394, 423–424, 583–584-б; МИКССР, т. 2, ч. 2, 74, 232-б.

<sup>26</sup> КРО-1, 99-б; Красный архив. 1936, № 5 (78), 201-б.

<sup>27</sup> *Бұл да сонда*, 266, 395, 423–424, 427-б; *Андреев И. Г.* Описание Средней орды киргиз-кайсаков, 34-б.

<sup>28</sup> Бұл туралы толығырак кар.: *Ерофеева И. В.* Политическая организация кочевого казахского общества //Центральная Азия. № 6 (12), 119–120, 122–123-б.

<sup>29</sup> *Бакунин В. М.* Описание калмыцких народов, особенно из них торгоутского и поступков их ханов и владельцев. Элиста, 1995, 26-б.

<sup>30</sup> *Бұл да сонда*, 151–162-б.

<sup>31</sup> *Пальмов Н. Н.* Очерк истории калмыцкого народа за время пребывания его в пределах России. Астрахань. 1922, 22-б; *Соныки.* Этюды по истории приволжских калмыков, ч. 1. Астрахань. 1926, 14-б.

<sup>32</sup> *Бичурин Н. Я. (Иакинф).* Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени. 2-е изд. Элиста, 1991, 87-б.

<sup>33</sup> Из истории сношения казахов с царской Россией в XVIII в. //Красный архив. 1936, № 5 (78), 197, 201-б; КРО-1, 49, 80-б.

<sup>34</sup> *Моисеев В. А.* Джунгарское ханство и казахи. XVII–XVIII вв. А., 1991, 85-б.

<sup>35</sup> *Аполлова Н. Г.* Присоединение Казахстана к России. А., 1948, 175-б.

<sup>36</sup> Материалы по истории каракалпаков, 175-б.

<sup>37</sup> ГАТО, ф. 47, оп. 1, д. 1891; д. 1892, л. 1; *Левшин А. И.* Көрсетілген еңбегі, ч. 2, 72-б.

- <sup>38</sup> Красный архив. М., 1938, № 6, 245-б.
- <sup>39</sup> Соловьев С. М. История России с древнейших времен. Кн. XVIII, т. 15–16. М. 1962, 615, 618-б; Аналлова Н. Г. Көрсетілген еңбегі, 180–181-б.
- <sup>40</sup> Временник, 5-б; КРО-1, 31-б.
- <sup>41</sup> Вилков О. Н. Очерки социально-экономического развития Сибири конца XVI – начала XVIII вв. Новосибирск, 1990, 179-б.
- <sup>42</sup> Рычков П. И. Топография Оренбургской губернии. Оренбург. 1897; Потанин Г. Н. О караванной торговле с Джунгарской Бухарией в XVIII столетии //ЧОИДР, М., 1868, кн. 2, 2-б. және б.; Струве К., Потанин Г. Н. Поездка по Восточному Тарбагатаю летом 1864 г. // Записки РГО по общей географии. Спб., 1867, т. 1, 468–469, 506–508-б; Потанин Г. Н. Зимняя поездка на оз. Зайсан зимой 1863–1864 гг. //Бүл да сонда, 449–450-б; Зияев Х. З. Экономические связи Средней Азии с Сибирью в XVI–XIX вв. Ташкент. 1983, 26–83-б.
- <sup>43</sup> Басин В. Я. Россия и казахские ханства в XVI–XVIII в. А., 1971, 109–112-б.
- <sup>44</sup> МИБАССР, т. 1, док. № 139, 278–284, 298–300-б; ПСИ-2. СПб., 1885, т. 2, 152–167-б.
- <sup>45</sup> КРО-1, А., 1961. Док. № 14, 16–17-б; док. № 15, 18-б.
- <sup>46</sup> Бүл да сонда, док. № 14, 16–17-б; Моисеев В. А. Россия и Джунгарское ханство в XVIII веке. (Очерки внешнеполитических отношений). Барнаул, 1998, 27–29-б.
- <sup>47</sup> КРО-1, 17-б.
- <sup>48</sup> Бүл да сонда, док. № 16, 18–20-б.
- <sup>49</sup> Бүл да сонда, док. № 17, 20-б.
- <sup>50</sup> Бүл да сонда, док. № 18, 21-б, № 19, 22–25-б.
- <sup>51</sup> Бүл да сонда, док. № 18, 20, 25–26-б; № 21, 25–27-б; № 22, 28–29-б.
- <sup>52</sup> Бүл да сонда, 26-б.
- <sup>53</sup> Бүл да сонда, 29-б.
- <sup>54</sup> Бүл да сонда, 30–31-б.
- <sup>55</sup> Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи, 82–83-б; Сонықи. Россия и Джунгарское ханство, 27–40-б.
- <sup>56</sup> Аналлова Н. Г. Присоединение Казахстана к России, 198-б.
- <sup>57</sup> Посланник Петра I на Востоке. Посольство Флорио Беневени в Персию и Бухару в 1718–1725 годах. М., 1986, 80, 87-б.
- <sup>58</sup> АВПРИ, ф. 122/1. 1730–1731 гг., д. 1, л. 61–64.
- <sup>59</sup> Аналлова Н. Г. Присоединение Казахстана к России, 194-б.
- <sup>60</sup> АВПРИ, ф. 122/1. 1730–1731 гг. Д. 1, л. 33 об.; Аналлова Н. Г. Присоединение Казахстана к России, 195-б.
- <sup>61</sup> КРО-1, 64, 87-б.
- <sup>62</sup> Бүл да сонда, 53-б; Красный архив. 1936, № 5 (78), 200-б.
- <sup>63</sup> Кузеев Р. Г. Историческая этнография башкирского народа. Уфа, 1978 г., 180-б, Карта 16, 181; Сонықи. Народы Среднего Поволжья и Южного Урала. М., 1992, 129-б.
- <sup>64</sup> Кузеев Р. Г. Народы Среднего Поволжья и Южного Урала. М., 1992, 129-б.
- <sup>65</sup> Акманов И. Г. Башкирское восстание 1704–1711 гг. //Из истории Башкирии. Уфа, 1968, 116-б; Сонықи. Башкирские восстания. Уфа, 1993, 202-б; МИБАССР, ч. 1, М.-Л., 1936, № 129, 393-б; ПСИ-1, 368, 393-б.
- <sup>66</sup> Бүл да сонда.
- <sup>67</sup> Бакунин В. М. Описание калмыцких народов, особенно из них торгоутского и поступков их ханов и владельцев. Элиста, 1995, 26-б.
- <sup>68</sup> Рычков П. И. История Оренбургская (1730–1750). Оренбург, 1896, с. 3; МИБАССР, ч. 1, 283-б, ПСИ-2, 156, 162–163-б; Левшин А. И. Көрсетілген еңбегі, 166, 167-б.
- <sup>69</sup> Абдиров М. Ж. История казачества Казахстана, А., 1994, 47-б.
- <sup>70</sup> Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи, 102–104-б.
- <sup>71</sup> Bodger A. Abulkhair-khan of the kazakh Little Horde, and his Oath of Allegiance to Russia of Oktober 1731 // The Slavonic and East European Review, 1980, v. 58, no. 1, p. 57.
- <sup>72</sup> КРО-1, 385-б.

## *Екінші тарау*

# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XVIII ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖОНҒАР БАСҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ ОТАН СОҒЫСЫ

## 1. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ XVIII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖОНҒАР БАСҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСПІНДІК КУШЕЮІ

Қазақ хандықтары XVIII ғасырдың басынан-ақ сыртқы саяси жағдайдың одан өрі шиеленісуі туғызған аса ауыр халді бастан кешірді. Тәуке хан руаралық қырқысты уақытша болса да тоқтатып, жүздерде тыныштық орнатты, сол арқылы қазақ руларының қоныстарын сырттан басып кіруден қауіпсіздендірді.<sup>1</sup> Бұған деректемелердің дәлелдеуі бойынша,<sup>2</sup> оның қарамағында 80 мыңға жуық сарбаз болғаны едөуір дәрежеде көп көмегін тигізді. Алайда билік үшін құрес пен сұлтандардың оқшаулануға ұмтылуы көп кешікпей бірлікті бұзды,<sup>3</sup> оны көршілері дереу пайдаланып қалды. Онтүстік-батыстан Жайық казактары қолдаған Еділ қалмақтары шапқыншылық жасады; солтүстіктен сібір казактары шабуылға шықты; Жайықтың арғы бетіндегі қоныстардан башқұрттар дәмеленді.<sup>4</sup> Онтүстік жағынан қазактарды Орта Азия хандықтарының (Бұхара, Хиуа) феодалдары ығыстырыды. Бірақ ең қатерлі қауіп қазақ халқына шығыстан күші басым, басқыншы өскери-феодалдық Жонғар хандығы тарапынан төнген еді.

Қазақ және жонғар әміршілері арасындағы құрес жүз жылдан астам уақытқа созылды. Оның негізінде жайылым үшін бакталастық жатқан еді. Мал санының өсуіне қарай көшпелілер мал шаруашылығы өндірісі үшін қажетті аумакты ұлғайтуға мәжбүр болды.<sup>5</sup>

Жонғар қонтайшыларын жайылымдық жерлер мен онтүстік Қазақстанның сауда-қолөнер орталықтары қызықтырыды. Онтүстік Қазақстан қалаларын басып алу арқылы жонғар феодалдарына сауда-қолөнер орталықтарын ғана емес, сонымен қатар Қазақстанды Ресеймен және Шығыс елдерімен байланыстырып жатқан керуен жолдары өтетін аумакты да иелену мүмкіншілігі ашылды.

Қазақ және жонғар хандықтары арасындағы құрес барған сайын кескілескен және қан тәгісті сипат ала берді.

Жонғар экономикасының негізі орасан зор жайылымдық жер аумағында бытырап жатқан көшпелі мал шаруашылығы болатын. Халық саны бір миллионға жуық, сондай-ақ 0,5 миллион басқа халықтардың өкілдерінен құралды.<sup>6</sup> Экімшілік және шаруашылық бөлінісі ұлыс болды. Ол отоктардан, жастар

мен ангалардан тұрды. Оток, сонымен қатар өскери құрылым (хошун) болып та саналды. Жонғарлардың өскери үйыми қазақ жасактарының өскери үйимының құрылымына ұқсас болды. XVII ғасырдың басына қарай жонғарлардың негізгі қауымдары: торғауыттар мен дербенттер Тарбағатай, Монғол Алтайы, Ертістің жоғарғы ағысы жағындағы қолайлы жайылымдарды алып жатты. Бұл жерде олар Коряков форпосына дейін қоныстанды. Кара Ертіс пен оның салалары бойында, сондай-ақ Қобда өзенінің алқабында хойттар тұрды. Чоростар Іле өзенінің жоғарғы және орта ағысы мен оның салалары алқабын мекендейді. Чоростардың шығыс жағында, Жонғар Алатауының беткейлерінде хошоуттар көшіп жүрді.<sup>7</sup>

Жонғар хандығының әлеуметтік-таптық құрылымы қатаң иерархиялық сипатта болды. Коғамның саяси құрылымы рулық бөлініске сәйкес келді. Жонғар коғамының үстемдік етуші сословиесі хандар мен тайшылар еді. Рұларды немесе әр түрлі қауымдық бөлімшелерді басқарған жайсандар да елеулі рөл атқарды.<sup>8</sup> Жонғар хандығының құрылымы мен саяси өміріне ламалық дінбасылары ерекше ықпал етті. Ламалық діннің орталығы Лхаса болатын. Діні жағынан жонғарлар қазақ қауымдарына қарама-қарсы тұрғыда болды. Ұзакқа созылған соғыстар кезеңі ішінде жонғар жайсандары ұрыс қимылдарын жүргізудің өзіндік тактикасын жасап алды. Олар ұрысты ашық жерде, дала бетінде жүргізуді артық көрді. Бұл орайда олар сан басымдығын пайдаланды. Олардың өздері құс саңырығы мен құқірттен оқ-дәрі өндіріп, қылышты, сауытты, кіреуkenі, дұлығаны және басқаларын өздері дайындастын.

Жонғар хандығына қарсы күрес Цин үкіметінің де ең басты міндеті болды, өйткені жонғарлар Қазақ хандығымен ғана емес, Циндік Қытаймен де соғысты. Қытай билеушілері жонғарлармен қарулы қақтығысты дипломатиялық әрекеттермен де ұштастырып отырды. Ал жонғар контайшылары мен тайшылары Ертістің он жағалауы үшін патша үкіметіне қарсы соғысуға дәрмені жетпеді.

Жонғар хандығының XVII ғасырдың 90-жылдардағы Цин империясына қарсы соғысы жонғарларға біраз құрбандықтар жасауға өкеп соктырды. Бұл аумақтық мәселелерге, адам ресурстарына, Галдан-Бошокту ханның қазатабуына байланысты еді. Оның орнына көрнекті мемлекет қайраткері, дипломат және қолбасшы Цеван-Рабтан келді (1697–1727), қазақ халқының ауыр қысым көріп, қасіret шегуі соның есімімен байланысты. Ол жиырма жыл бойы Маньчжур өuletінің билеушілерімен, Циндік Қытаймен қақтығыстардан сөтін тауып жалтара білді және де ол Жонғар хандығын тез арада нығайтып алып, өзінің күш-жігерін қазақ қоныстарын, Тянь-Шань қырғыздарының жерін, Шығыс Түркістанды, Саян-Алтай және Барабин даласын қоныстанған халықтарды жаулап алуға бағыттады.

Сонымен, ұлы империя қысым көрсеткен Жонғария өзінің басқыншылдық ниетін Қазакстанға бұрды. Жонғар феодалдары қазактарға үсті-үстіне шапқыншылық жасап, тұтқындар мен малдарын айдап әкетті, жайылымдары мен мұлкін тартып алып, кейде тұтас рулар мен ауылдарды қырып-жойды. Үздіксіз жасалған сыртқы қақтығыстар мен ішкі алауыздықтар бытыратып, әлсіреткен қазақ халқы бұл кезенде асқан зор қайықасіретті бастан кешірді. XVIII ғасырдың басындағы қазактардың жағдайын III. Уәлиханов міне былайша суреттеген: «XVIII ғасырдың алғашқы онжылдығы қырғыз (қазақ. – Ред.) халқының өміріндегі сұмдық уақыт болды. Олардың ұлыстарын жонғарлар, еділ қалмақтары, жайық казакта-

ры жөне башқұрттар әр жақтан талқандады, малын айдап өкетіп, тұтас өuletтерді тұтқын етіп алып кетті».<sup>9</sup>

Сөйтіп тағы да, қазақ қоныстары жонғарлар тарапынан кезекті шапқыншылыққа үшінрады. Бұл оқиға 1698 жылы болған еді. Қазақ хандығына басып кірудің себебі жөнінде Цеван-Рабтан Цин императоры Кансиге былай деп жазған: «Мен Хасақ (Қазак) ордасына соғысты өз еркіммен емес, тұйыққа тірелген амалсыздықтан бастадым. Бұл соғыстың өрістеуіне мынадай себеп бар: соның алдында Тәуке деп аталатын қазақ ханының баласын Галдан тұтқынға алған, одан Далай-ламаға сыйлық жіберілген екен». Сол кезде Тәуке баласын қайтару туралы Цеван-Рабтанға өтініш жасап, «ол, Тәуке, менімен одак жасасып, тату тұруға» уәде берді. Тәуке ханның баласы Лхасадан қайтарылып, 500 жонғар жауынгерін ертіп өкесіне жіберілді. Алайда белгісіз себеп-термен жонғар жасағын қазақтар қырып тастады. Жонғарлар өздерінің Есіл мен Жем бойындағы қоныстарынан Еділге өз жасақтарын үнемі жіберіп жатты. Қазақтар өз аумақтарында жонғарлардың үнемі жүріп-тұруына мүмкіндігінше кедергі жасауға тырысты. Жонғар қонтайшылары Еділдің төменгі ағысындағы Қалмақ хандығымен мемлекеттік, туыстық және діни тығыз байланыс жасап отырды. Бұл екі хандықты бір мемлекетке біріктіру жоспары ойластырыла бастады. Бұл жағдайда Қазақ хандығының тәуелсіздігі мен дербестігіне қатер төнетін еді.

XVII ғасырдың 80-жылдарынан бастап жонғар тайшылары Жетісудағы, ішінәра Шу және Талас өзендері бойындағы қазақ қоныстарын қолында ұстап келді. Алайда бұл уақытша билік саяси ықпалдың шектеулілігінен ғана көрінді. Жонғарлар Жетісу қазақтарына нақты билік етуге қол жеткізе алмады.

Жонғарлардың Жетісуға ғана емес сонымен қатар Шу және Талас өзендерінің алқабына жасаған кезекті жорығына 1699 жылы қазақтар тойтарыс берді. Қазак руладының қарсылық көрсеткеніне қарамастан, жонғарлар он мыңға жуық тұтқын алушын қарастырып, шектеулілігінен ғана көрінді. Қазақтар өз күштерін еселей түсті. Мұның алғышарттарының бірі Тәуке ханның мықты билігі болды. Қазақтардың жекелеген жасақтары солтүстікке жорық жасады. Каракалпактармен бірге қазақ жасақтары Түмен округіндегі Тархан бекінісін шабуыл жасады. Қазақтар табысқа жетті. Ол былай тұрсын, Галдан-Бошоктудың билігі өлсіреді: қытай императоры Канси Тул өзенінде жонғар өскерін талқандап, 10 000-ға жуық адамын тұтқынға түсірді.<sup>10</sup> Бұл қазақ жасақтарының неғұрлым сенімді қимыл жасауына мүмкіндік берді.

Жонғарлармен жекелеген қактығыстарға жауап ретінде 1702–1703 жылдарда қазақ жасақтары сонымен бірге Жонғарияға және еділ қалмақтарына шабуыл үйымдастырыды. Еділ қалмақтары арасында өзара қырқыс туып, олардың едәуір бөлігі (60 мындей) Алтайға кетіп қалды. Қазақтар да оларды Батыс Қазақстан даласында сол кезеңде женіліс таптырыды. Қазақ жасақтары негізгі соққыны Ертістің жоғарғы ағысында жасады. Олар жонғарларды ығыстырыды, бұған Тянь-Шянь қырғыздары да көмектесті. Жонғар қонтайшысы өз ордасын Іле өзені ауданынан Обь-Ертіс өзендерінің аралығына көшіру туралы жоспар жасады. Қазақ өскерлері осындай нақты қауіп төндірген еді. Осындай жағдайда жонғар жайсандары мен минусин қырғыздарының кінөздері жалпы саны 3 мың шаруашылықтан астам бірнеше мың минусин қырғыздарын Ертістің жоғарғы ағысына айдап алып кетті.<sup>11</sup> 1702–03 жылдарда қазақтар Ертістің жоғарғы жағында ойдағыдай өскери қимылдар жүргізді.

Бұл жөнінде контайшыға жіберілген Тобыл елшісі өз күнделігінде былай деп жазған: «Қазақ ордасынан Ургудағы контайшыға олардан қашқандар келді, ал олар қазақ ордасы төрт мың және одан да көп адаммен Ертіс өзенінің бойымен, ал басқа жакқа, Астрахан түбіндегі Аюке ханға екі мың және одан да көп адаммен жорыққа аттанды, ал өзгелері Ямышев көліне және Көксі батырдың (ойрат жайсанының, – Ред.) ұлысына аттануға дайындалып жатты».<sup>12</sup> Енисей қырғыздары да сол кезде талкандалды. Олардың біреуі былай деп көрсеткен: «жолмен келе жатып, Ертіс қырқаларына жеткенде, оларға Қазақ ордасы шабуыл жасады. Адамдар, ал олардың қанша адам екенін білмейді және көптеген қырғыз адамдарын өлтіріп, ал көбінің әйелдері мен балалары тұтқынға алынды».<sup>13</sup>

Енисей қырғыздарының Тянь-Шаньға қоныстану үрдісі XIII–XIV ғасырларда ғана болып қойған жок, ол XVII–XVIII ғасырдың басында да жалғасты. Олардың көбісі қазақ кауымдарына қосылды. Олар жаңа жерлерге қоныстанып, сінісп кетті. Емел өзені, Ертістің жоғарғы ағысы аудандарында, Талас өзені бойында солай болды. Ол былай тұрсын, орыс деректемелерінде «Қазақ ордасы» атауының орнына «қырғыз-қайсақ ордасы» деген атау пайда болды. Бұл терминология XVIII ғасырдың басынан бастап орнықты.

Қазақ жасактарының табысқа жеткеніне қарамастан, Түркістаннан Текес өзеніндегі контайшы ордасына елші Бөкей жіберілді. Ол Төуке хан мен Қайып сұлтан атынан «татулық орнату» мақсатымен Қазақстан және Жонғария билеушілерінің кездесуін өткізуді ұсынды. Қазактар тарапынан дипломатиялық күш-жігер жұмсалуы нәтижесінде бірнеше жылдар бойы ірі әскери қактығыстар болған жок.

1708 жылы қазактар жонғарлардың жаңадан басып кіруіне тойтарыс бере бастады. 1708–1712 жылдардағы ұзакқа созылған соғыста екі жақ та уақытша табысқа жетіп жүрді. Ол соғыс үзілістермен, ерекше оқиғаларсыз болса да, қазақ батырлары, билері, рубасылары үшін тағы бір сынақ болды. Соғыстың бірінші жылында қазактар жонғарларға қарсы өзінің 30 мың сарбаздан тұратын әскерін қарсы қоя білді.<sup>14</sup> Жағдай оқиғаларды ой елегінен өткізіп, жаңа шешімдер қабылдауды талап етті. Ортаазиялық шежіреші Мір-Мұхаммед Бұхари былай деп жазды: «Дінсіз зұлым қалмақтар құмырсқа мен шегірткедей қаптап, ат тұяғымен тып-типыл етіп, бірінші кезекте қазақ халқының тайпалары мен ұлыстарын шапты, талап-тонап, қашуға мәжбүр етті, қазақ халқының тайпалары мен руларының көп бөлігін дінсіз билеушілер... тұтқынға алды, дінсіз қалмақтардың сансыз көп әскерінен үрейленген қазактар және қарақалпақ тайпасы өздерінің ежелгі жұртын тастап кетіп қалды».<sup>15</sup>

**Каракүмдағы съезд.** 1710–1711 жылдары жонғар әскерлерінің ірі күштері Қазақстан шегіне басып кірді. Оның қаншалықты елеулі екенін 1710 жылдың күзінде қазақ жүздері өкілдерінің жиналысы шақырылғанынан байқауға болады.<sup>16</sup> Бұл жолы ол Каракүмда, Каракесек руы көшіп жүретін жерде өтті. Каракүмның орналасқан жерін Сарыарқа аумағына жатқызу керек. Каракүм шағылдары Солтүстік және Солтүстік-шығыс Арал өнірінде үлкен аймақты алып жатыр. Олар Ұлытау сілемдерінің өзіне дейін созылады. Каракүмның съезд өткен шағылдары арасында, шығыс шетінде шұрайлы алқаптар, бұлактар көп. Ұлытаудың шеткі сілемдері соған дейін жетеді. Қазақ халқы сұлтандарының, билері мен рубасыларының съезі де Каракүмның осы бөлігінде өтті.

Съезге әлімұлы, байұлы және жетіру бірлестіктері билеушілері көпшілігінің өкілдері қатысты. Орта ордадан найман және қыпшақ руларының

түрлі өкілдері болды. Съезге барлық үш жұздің өкілдері, билер мен батырлар қатысты.

Ең ықпалды тұлға Тәуке хан болды. Оның елдің тыныс-тіршілігін жетік білуімен қоса, өмір тәжірибесі аса мол болатын. Ол әр түрлі қазақ руларымен тығыз байланыс жасап тұратын, дағдылы құқықты жаксы білетін, батырлармен қарым-қатынасы жаксы еді. Ақыр аяғында, Тәуке хан қазақ-жонғар өзара қатынастарының ғана емес, сонымен қатар жонғарларға қарсы соғыс қимылдарының тарихының да барлық күрделі жактарын басқалардың бәрінен жаксы білді. Ол шайқастарды көзімен көріп қана қойған жоқ, оның қалың ортасында жүрді. Қазақ жасақтары мен көптеген руларды жалпы басқарудың ауырлай түскенін ескере отырып, Тәуке хан қазақ жасақтары мен қазақ руларын басқаруды құрылымдық кайта үйымдастырудың жоспарын ұсынды. Сонымен бірге ол сұлтандар билігін шектеуге, үш жұзді жауапты билер арқылы басқару жолымен орталықтандыруды нығайтуға ұмтылды. Бұл шаралар бүкіл қазақ жасақтарын құру, қазақтардың қорғаныс қабілетін нығайту міндеттеріне сәйкес келді.

Съезд шешіміне Қайып және Әблілқайыр сұлтандар өз ықпалын жасады. Қанжығалы Бөгенбай, Шакшак Жәнібек, Тама Есет батырлардың пікірлері жалпы жұрттың назарын аударды. Олар түрлі рулардың ғана емес, түрлі жұздердің де жасақтарын біріктіруді жақтады. Ал бұрын әр түрлі рулардың әр түрлі жерлерді: біреулерінің – Іле және Шу, екіншілерінің – Талас және Бадам өзендерінің аңғарларын, үшіншілерінің Сарысу өзені мен Ұлытау алқаптарын қорғауға тұра келген еді.

Съездегі негізгі мәселе Жонғар хандығына бірігіп тойтарыс беру болды. Түрлі өкілдердің көзқарастары бірдей болған жоқ. Адамдардың бір бөлігі қатаң қажеттілікке сай жонғарларға бодан болуды жөн көрді.

Бұған дейінгі оқиғалар жонғарларды жеңудің оңай еместігін көрсетті. Съезде қатысушылардың пікірлері бір жерден шықлады. Рубасыларының бір бөлігі аңысын андау көзқарасын ұстанды. Революцияға дейінгі зерттеуші Я. Гавердовскийдің айтуына қарағанда, көбі үрейге берілген: «өздерінің тұрғылықты жерін тастап кетіп, қашып құтылғысы келді... ал кейбіреулері қоян сияқты, жан-жакқа бытырап кетуді қалады, тіпті көптеген адамдардың бұрынғы тұрактылығына сызат түсірді». Алайда съезге қатысушылардың бір бөлігі аңысын андып көпшілікке қосылу үшін даудың қалай бітетінін күтті. Осындай ауыр жағдайдың өзінде де жонғарлардың басып кіруіне қарсы батыл күресті жақтаушылар болды. Қалыптасқан жағдайға қарамастан, дау кезінде олар жан-киярлық күрес жүргізу қажет екенін дәлелдеді. Дауға өз пікірін айтқысы келмеген көптеген съезд қатысушылары тартылды. Шығыстық үлкенді сыйлауға қарамастан, пікірлер ашық айтылып, дауға, өз пікірін дәлелдеуге еркіндік берілді. Дау шарықтау шегіне жеткенде ортаға адудынды да кесіп айтар шешен Бөгенбай батыр шықты. Ол ақсақалдар алдына келіп, семсерін жерге қойды да, жейдесін жыртып жіберіп кеудесін жалаңаштап: «Таланған көштің, тұтқындалған бала-шағаның бейшара бақылаушысы болып отырман. Жаудан кек аламыз, өлсек, қару ұстап өлеміз! Қыпшак даласының сарбаздарының жалтарған кезі болды ма?! Мен қолымды жау қанына малғанда, сақалымды қырау шалған жоқ болатын! Жаудың зұлымдығына шыдап отыра алман?! Жауға мінер тұлпар құрып па?! Сүр жебе толы қорамсақ қаңырап бос қалып па?!» – деді. Бөгенбай батырдың сөзі жонғар мәселесін шешудің шырқау шегі болды. Мұндай көзқарасқа ашық қарсы шығуға ешкімнің батылы бармады. Осыдан



Бөгенбай батыр.

Бөгенбайдың сінірген еңбегін былай деп атап өткен: «Қаракұмдағы халық съезінде әйгілі батыр Бөгенбай, дегенмен де, өз отандастарын бірсыптыра уақытка жігерлендіре білді, сөйтіп оларды бастап, қалмактарды талқандады».<sup>18</sup>

«Калмактардың езгісінен оларды күшпүш шығу арқылы құтылу» үйғарылды.<sup>19</sup>

Қаракұмдағы съезді өзірлеу барысында, аса бір күрделі мәселе – хандар арасынан жоғарғы қолбасшы сайлау туралы мәселе көтерілді. Соғыс кезі жағдайында бұл маңызды болатын. Аға хан жүздердің жалпы жағдайына жауап бермеді. Бұл рөл дәстүр бойынша Тәуке ханға қалдырылатын. Алайда съезде аға ханды сайлау Тәуkenің және шартты түрдегі мираскорының ризашылық білдіруімен өткізілуге тиіс болды. Ал мұнда бұл лауазымға үміткерлер жетіп жатты. Демек, мұндай лауазымның маңызын асыра айтпағанда, оның максатын ой елегінен өткізу қажет болатын. XVIII ғасырдың басында қазактардың бір топ аксақалдары: «Хандардың аксақалдар кенесінсіз ешнәрсе іstemeyi жөнінде ежелден келе жатқан салт бар», – деп мәлімдеген еді.<sup>20</sup>

Накты үміткерлердің бірі Кайып сұлтан болды. Алайда оның есімі макұлданбады.

Н. Г. Аполлова Каракұмдағы билер мен батырлар съезіне Әбілқайырдың катысқанын көрсетеді.<sup>21</sup> Зерттеуші И. Крафт Тәуке ханның көрілігіне байланысты оған Кайып пен Әбілқайырдың серік етіп сайланғанын жазған.<sup>22</sup> Әбілқайырдың хан сайланғаны туралы тарихшы М. Әбдіров те жазады.<sup>23</sup> Билік үшін күресте Әбілқайыр өз бакталасы Кайыппен тайталасқан,<sup>24</sup> ал Кайып Тәуке ханның баласы, хан өuletі жағынан тікелей мираскор болатын.

Бірақ Әбілқайырдың да бірқатар қадір-қасиеттері болды. Ол туралы В. Н. Витевский: «Ол ақылды, бірақ қазактардың сорына, өрқашан өбден ойластырмай және белгілі бір жоспарсыз кимыл жасаған адам болатын», – деп жазды.<sup>25</sup> В. Н. Витевскийдің деректеріне қарағанда, съезде «хандар өuletінде Әбілқайыр аға хан болып сайланған». Бұл туралы Л. Мейер: «Сол жерде хандар өuletінде Әбілқайыр аға хан болып сайланды», – деп жазды<sup>26</sup>. Ақыр аяғында, тарихшы В. Н. Витевский былай деп тұжырымдады: «Қазактардың әйгілі батыры және аксақалы Бөгенбай Каракұмдағы сеймде халықты қалмактарға шабуыл жасауға көндірді. Бөгенбай қазактардың жетекшісі болып сайланды, ал хан билігі Әбілқайырға берілді».<sup>27</sup>

кейін съезге қатысушылардың бәрі Бөгенбайдың ұранынан айнымаға аnt берді. Бір женін қол шығарып, бір-бірін қасық қаны қалғанша корғауға серттесті. Рухтың күшейгені сонша, кейбір аксақалдар берілген антты қуаттай тұсу үшін жанып тұрған отқа қан тамызуға дейін барды. Аnt беру қабылданғаннан кейін жаппай құдайға сыйынып, боз биенің етінен дайындалған құрбандық таратылды, сол арқылы одактың мызғымастығы да көрсетілді».<sup>17</sup>

Қазак жасақтарына Бөгенбай жетекші болып сайланды. Я. Гавердовскийде айтылғанындей, «риза болған халық Бөгенбай батырды өздерінің жетекшісі деп жариялады». Революцияға дейінгі тарихшы Н. М. Маев та

**Төтөншө сын.** Қазақ жүздерінің күш-жігерін біріктіру ісін бірсыптыра уақыт бойы Тәуке өскерлерінің табысқа жетуі айқынадады. Халық өскерінің жасақтары қолдан шығарылып алынған қоныстарды қайтарып қана қоймай, жонғарлар иеліктері шегіне өтіп, көптеген тұтқындар түсірді. Алайда жүздердің бытыраңқылығы, іс-қимылдың үйлестірілмеуі, ішкі қайшылықтар және өр түрлі топтардың бақталастығы тұтас халықтың күш-жігерін жоққа шығарды.

Бірақ жонғарлардың соғыс қимылдары барған сайын өсе түсті, контайшы Цеван-Рабтан Шығыс Түркістанды өз билігіне бағындырып, Тибетке басып кірді. 1713 жылдың өзінде-ақ жонғар өскерлері жаңадан шабуыл қимылдарын өрістетті. «Сол қырғыз-қайсақ ордаларының бәрі, – деп жазды И. К. Кирилов, – жалпы келісімге келген болса, ол қалмақтарды жеңе алатын еді. Ал оларда бір хан соғыска аттанады да, басқасы қалып қояды, сөйтіп өздерінің қалмақтарға ықпалын жоғалтады». 1716 жылы Цеван-Рабтан өз өскерлерінің негізгі бөлігін қазактарға қарсы аттандырды. Оқиғалардың бас кезінде қазақ жасақтары тегеурінге төтеп бере алмай, көбі тұтқынға алынды. Жонғарлар Ямышев бекінісін де коршап алды. Алайда қазақ жасақтары бірқатар шаралар қолданып, Іле өзеніндегі жонғар-чоростарға сәтті жорық жасады.

Тәуке хан елшілерінің Сібір губернаторы М. Гагаринмен келіссөзінде 1716 жылы Ресейдің өскери көмегі туралы мәселе қойылды. Қазақ елшілері ханның 20–30 мың адамнан тұратын өскери бар екенін хабарлады. Ал егер Сібір губернаторы бұған өз өскерін қосса, жонғарлар жеңіліс табатын еді. Сол жылы Қайып ханың елшілері де сондай ұсыныс жасады. Алайда Сібір губернаторы келіспеді.<sup>28</sup>

Келесі 1717 жылы соғыс оқиғалары одан өрі жалғасты. Соғыс қимылдарының негізгі шоғырланған жері Аягөз өзенінің бойында болды. Қазақ жасақтары мен жонғарлар арасында шайқас басталды. Жонғар өскерлері шығыс жакта жүрген еді. Қазактардың басым күші Аягөз өзеніне өкелінді. Табысқа жетуді өскер санының басымдығы, тұтқылдан шабуыл жасау қамтамасыз етуге тиіс еді. Шынында да, өскер саны жөнінен қазактар басым болатын. Бұл жорықта қазақ өскерлерінің саны 30 мың адам болды.<sup>29</sup> Қазақ хандығында жағдайы берік болған Әбілқайыр 1718 жылы патшаға былай деп жазды: «Әбілқайыр хан басымды иіп, тағзым етем... Мұндағы Қайып хан аман-есен. Мұндағы шеткі ұлыстағы біз де аман-есенбіз. Қалмақтармен соғысқанша, таутекемізді атып, анымызды ауласақ болар еді. Жөргөктегі бала ер жеткенше соғыспай, бейбіт, жамандықсыз өтсек деп едік».<sup>30</sup>

Қазақ қоныстарына басқалармен бірге арнайы жіберілген Борис Брянцев Сібір губернаторы М. Гагаринге былай деп жеткізген: «Ал бірінші үйде Құттыбай мырза Қазақ ордасының қалмақтармен соғысы туралы былай деді: қалмақтарға 30 000 адамнан тұратын қазақ өскери аттаныпты, соғыста оның өзі де болған, Яңгус деп аталатын өзен жанында олар мың адамдай қалмақтарды кездестіріп, олармен кешке дейін соғысқан, тұнде қалмақтар ағаш кесіп, ағаштан жал-корған жасап, тосқауылда отырған, ал қазақтар болса қалмақтардың де биік жал-корған жасап, сол жал-корғаннан қалмақтарды екі күн атқылаған. Сосын үшінші күні басқа жақтан тағы да бір жарым мындей қалмақ өскери келіп, олардың көшін шапқан, ал бұдан соң қазақтардың қалмақтармен соғысы болмаған, ал қалмақтардың қаншасы немесе олардың қанша адамы өлтірілгенін ол білмейді, олардың өз жерінде өлі күнге дейін отырған қалмақ жансызынан түсінгені: олардан тек екі атақты адам ғана қаза тапқан».<sup>31</sup> Тайталас екі күнге созылды. Ол Аягөз өзенінің бас жағындағы ор-

манды өнірде өткен. Деректемеде айтылғаныңдай, «үшінші күні таң ата көп қалмак келіп, олардың өскеріне шабуыл жасаған, ал олар, қазақтар, оларды жаяу атқылады, қалмақтар болса оларға ат үстінен өршелене шабуыл жасады, ал қазақтар оған төтеп бере алмай; қаша жөнелді де, оларды қалмақтар жарты күн күйп, адамдарын қырып тасталды». Шайқасқа 3000-дай қазақ қатысты. Құжаттан басқа да егжей-тегжейлі жайлар анықталады: «Сөйтіп тұнде қазақтардың жартысы жоғарыда аталған өзеннің қалмақтар жағына өтті, ал келесі күні түсте оларға сегіз жұз адам болатын қалмақтар шабуыл жасап, төрт жүздей адамды қырып салды да, өзеннің екі жағындағы қазақтар жүктөрін тастанап, бытырай қашты». Қайып ханың жағдайы жақсы болмай шықты. Құжатта ол туралы былай делінген: «Қайып хан екі-ақ адаммен қалып, өз ұлысына қайтты, ал олардың жүктөрін қалмақтар колға түсірді». Аяғөз өзені маңындағы шайқаста көптеген қазақ сарбаздары қаза тапты. Алайда көзкөргендердің айтуынша, «Қайып хан мен Әбілқайыр хан және басқалар өз ұлыстарына жақсы жағдайда жеткен».<sup>32</sup>

Бұл Қазақстанның онтүстік аудандарына жонғар өскерлерінің терендей енуіне мүмкіндік берді. 1708—1712 жылдар оқиғаларында кол жеткен жекелеген жетістіктерін қазақтар нығайта алмады. Қазақ жауынгерлері бір жерге жұмылдырылған басшылық болмағандықтан женіліс тапты.

1718 жылдың көктемінде жонғарлар Жетісудан Арыс, Бөген, Шаян өзендері бойына шұғыл жорық жасап, Түркістан қаласына тақап келді. Олардың ниеті қазақ хандарының ордасын басып алу болатын. Сырдарияның орта ағысы басындағы казақ қалаларына қауіп төнді. Бірнеше шайқас болды. Жонғарлар «қазақ ордасын шапты», бірақ санының аздығымен өз қоныстарынан ұзап кетуі олардың толық женіске жетуіне мүмкіндік бермеді.

Бұл жағдайда батырлар бастаған қазақ жасақтары едәуір табыска жетті. Олар Елек, Мұғалжар, Ұлытау аудандарынан 30 мың адам болатын өскер жинап алды.<sup>33</sup> Түркістан ауданына аттанып, жонғарларды Онтүстік Қазақстанның едәуір бөлігінен күйп шықты.

Рас, XVIII ғасырдың басында жонғар билеушілерінің қазақ жүздеріне карсы неғұрлым батыл кимылдар жасауын Жонғар хандығына Цин билеушілері өскерлерінің шапқыншылық жасау қаупі тежеген еді. Бірақ 1722 жылы Қытай императоры Канси қайтыс болғаннан кейін бұл қауіп уақытша болса да бәсенсіді. 1723 жылы жонғар-қытай бітімі жасалды. Шығыс жактағы өз тылын қауіпсіздендіріп алған жонғар қонтайшылары қазақтармен соғысқа мықтап дайындала бастады.

## 2. ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ БАСТАЛУЫ (Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама жылдары)

1723 жылға қарай қазақ-жонғар катынастарындағы жағдай күрт өзгерді: Қытай императоры Канси өліп, жонғар-қытай шарты жасалды,<sup>34</sup> Ертіс бекініс шебінің құрылуына байланысты Ресей үкіметі қандай да болсын накты талаптар қоймады. Оқиғалардың күтілмеген бетбұрысын жонғар қонтайшылары мен тайшылары қазақ жеріне шабуыл жасау үшін пайдаланбакшы болып үйғарды. Қазақ хандықтарының бытыраңқылығын пайдаланып және алдағы соғысқа мықтап дайындалып алған жонғар билеушілері 1723 жылы өз өскерлерін Қазақстан шегіне аттандырды.

XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі жонғар басқыншылығына қарсы құрес қазақ мемлекеттілігін сақтап қалу жөніндегі маңызды саяси шешімдерге ықпал жасаған негізгі факторға ғана емес, қазақ халқының өмір сүруінің өзі туралы мәселе туған кезде өмірлік қажетті факторға айналды. Өткен замандағы аса көрнекті тарихнамашы Шәкерім Құдайбердиев жонғарлар басқыншылығы – «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңінде бүкіл халықтың үштен екісі қырылды деп көрсетеді. Жонғарлардың 1723 жылғы шапқыншылығы елеулі оқиға болып қана қойған жок, ол қазақ халқы өмірінің барлық салаларына және бірінші кезекте саяси ахуалына қатысты болды. Жонғарлардың бұл тенденсі жок өрекетке өздерінің өрбір қадамын өр түрлі жеті бағыт бойынша күтпеген жерден берілетін және қуатты соққының барлық салдарын өлшестіре отырып, мұқият дайындағанын мойындау керек. 1723 жылғы шапқыншылыққа дайындалу барысында жонғар ханы Цеван-Рабтанның елеулі рөл атқарғаны да көрінді.

Қазақтардың көптеген рулары мен қауымдары көшпелі шаруашылық үшін өмірлік маңызы бар жұмыстар басталған сол бір ерте көктем кезінде жонғарлардың күтпеген жерден жасаған шабуылына қарсы өзір емес еді. Оның үстіне, жонғарлардың жекелеген жасақтарының ширек ғасыр ішіндегі жыл сайын деуге болатын шабуылына ұшырап, халықтың өзі моральдық жағынан күйзеліс жағдайында болатын, ал көптеген сұлтандар мен рубасылары бір-бірінен барған сайын оқшаулаңып алған-ды. 1723 жылы Жетісу мен Ертіс өнірінің қазақтары бірінші болып жау табанына тұсті, шабуылдың тұтқыл да тегеурінді болғаны сонша, жұрт ең қауқарсыз қарттар мен бала-шағаны тағдырдың тәлкегіне тастай қашты. Сондықтан ол жылдар жөнінде халық жадында «зар заман жылдар» қасіреті ретінде сақталған. Бұған «Елімай» деген атақты ән дәлел болады. Оның үстіне ең шөлді және жан аяғы баспаған, қу мекиеннен басқа шын мәнінде Қазақстанның бүкіл аумағы басып алынды. Бұл қасірет қазақтарды ғана емес, Орта Азияның барлық халықтарын да қамтыды. Самарқандың қаңырап қалғаны және Бұхарада көптеген адамдардың аштыққа ұшырағаны туралы құжаттар мен дәлелдер кеңінен мәлім.

Қазақтардың ауыздан-ауызға тарап келген аныздарында бұл кезең «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп аталады. Әдебиетте «Алқакөл сұлама» термині жөнінде алуан пікірлер айттылады. Біреулер қателесіп, «сұлама» түйенің қатпа болып қырылуы деп санайды. Басқа біреулер «Алқакөл» емес, «Алакөл» деп есептейді. Бұл жөнінде сол қасіреттің күөгері болған Қожаберген жыраудың «Елімай» дастанында: «Қырылу Алакөлден басталып тұр», – деп тікелей көрсетілген. Жекелеген зерттеушілердің пікірінше, «Алқакөл» – Сырдарияның арғы жағындағы, өзеннің сол жақ жағалауындағы Бетпакдалағы көл. Екінші бір нұсқа бойынша, «Алакөл» емес, «Алқакөл» (Алқакотан), бұл «топтасып, қол ұстасып», алдында жатқан адамның тізесіне басын қойып отыру немесе тізіліп жату, жорықтағы демалыс өдісі. «Сұлама» – әбден шаршап-қалжырап, басын қөтере алмай жату.

Қожаберген жыраудан кейін Е. Бекмаханов «Алқакөл» емес, «Алакөл» деп санады. Бұл түсінікті де, өйткені Алакөл «Жонғар қақпасының» кіре берісінде жатыр.

Сөйтіп жонғар феодалдары қазақтарға қатты соққы беруге және қазақ жеріне, одан өрі Орта Азияға басып кіруге үйғарды. Шабуыл жасауға 1723 жылдың көктемі таңдап алынды, қыс қыстаудан жүдеп шыққан қазақ ауылдары жайлауға көшуге дайындалып жатқан кез еді. Сол жылы қатты жұт болды.

Қазактардың жадында: «Қайың сауған ақ тышқан жылы» айрықша қалған. Қазактардың халықтық күнтізбесі бойынша, тышқан жылы мен қоян жылында көбінесе жұт болып, мал қырылып отырған. Мұны кейінгі жылдардағы мұрағат материалдары да растайды. Қазактар нақ осындай кезенде жонғарлардың ауыр соккысына ұшырады. Қазақ жеріне шабуыл жасағанда жонғарлар кенеттен, тез арада тегеуірінді қимылмен басып кіру факторын да пайдаланды.

Жонғарлар ірі-ірі жеті сына сиякты қозғалып, 70 мың адамнан тұратын әскермен шабуыл жасады. Мәселен, Цеван-Рабтанның баласы Галдан-Церен 10 мың әскермен Балқашқа және одан өрі Қаратауға қарай аттанды. Қонтайшының інісі Құлан-Батур Алтайға және Көктал өзенінің бойына бетtedі. Қонтайшының немересі Әмірсананың жасағы Нұра өзені алабына бағыт алды. Галдан-Цереннің баласы Цеван-Доржы Шелек өзенінің аңғарына аттанды. Галдан-Цереннің екінші баласы Лама-Доржы Ыстыққөлге бағыт ұстады. Нойон Дода-Доржым Шу өзеніне қарай ұмтылды. Цеван-Рабтанның өзі Іледен өтіп, Жетісудың онтүстігіне қарай жылжыды. Басып кіруге жалпы басшылықты Цеван-Рабтанның ағасы Шона-Доба жүзеге асырды.<sup>35</sup> Олар өз жолындағыны жыланша жалап, қынадай қырды. Қыс жұтынан өбден кажыған қазак кауымдары күшті қарсылық көрсете алмады. Шу аңғарынан жалайырлар күп шығарылды. Олар көп шығынға ұшырап, Ұлытау мен Көкшетау жаққа кетуге мәжбүр болды. Талас өзенінен Арыс өзенінің орта ағысына дейін қоныстанып жатқан наймандардың садыр руы түгелге дерлік қырғынға ұшыратылды, тірі қалғандары босып кетті. Кожаберген жыраудың дастанындағы мәліметтерге қарағанда, наймандар Алтайдан кеткен.

Қаратауда, Арыс өзені алабында да ойран салынды. Қапы қалған қазактар малын, үйін, мұлкін тастап кетуге мәжбүр болды. Жонғар феодалдары көп халықты қырып салды, көптеген адамдар Талас, Боралдай, Арыс, Шыршық өзендерінен, Сырдариядан өту кезінде қаза тапты. Қазақ руラры Сырдарияға қарай қашып, оның арғы бетінде ғана өздерін кауіпсіз сезіне аламыз деп санады.

Жонғарлар өздерінің жолында ауылдарды талап-тонап, қазақ кауымдарын бытыратып жіберді, малын тартып алып, қалаларын басып алды. Бұл жөнінде Ресей капитаны И. Унковский «Қонтайшының баласы Шона-Добаның Қазақ ордасына аттандырылғаны, ұрыс барысында ол қазактардың үш қалашығын алғаны және қазактардың 1000 отбасын өкеле жатқаны, олардың көп кешікпей күтіліп отырғаны жөнінде хабар бар екенін» хатқа түсіреді.<sup>36</sup> Ал берілген қалалар: Ташкент, Сайрам, Харамурт (Карамұрт. – Ред.).

Қазақ ауылдары өсіреле контайшы Шона-Добаның шабуылдарынан қатты зардап шекті. Ол өз жасақтарымен Талас аңғарына, Сырдария өзенінің бойына өтті. Түркістан, Қарамұрт (Шымкент түбінде), Тараз, Шымкент, Ташкент қалаларын жаулап алуды ол өз табысы деп санай алатын. Шона-Добаның жасақтары қазақ қоныстарына жортыл жасап, ауылдарды шапты, тұтқындар алды. Тек соның жасақтары ғана қазактардың 5000-дай отбасын тұтқынға алды, олардың мың отбасы контайшының ұлыстарына жіберілді.<sup>37</sup>

XVIII ғасырдың 20-жылдарына қарай жонғарлар қазақ жерінің орасан көп бөлігін басып алды. Жонғарлар мен қазақтар иеліктерінің арасындағы шамамен алғандағы шекара Ұлытау, Балқаш көлі мен Шу, Талас өзендері арасындағы өнір болды.

Үмбетей жырау өз толғауларында жоңғарлардың Баянауыл, Кызылтау, Абралы, Шыңғыс таулары мен Қара Ертіс бойындағы Мамырықты және Алатауды қалай жаулап алғанын суреттеген.

Жоңғар жайсаны Черен-Дондук Лепсі және Қаратал аңғарында көшіп жүрді. Онда қонтайшынікінен кем тұспейтін жеке үлкен жасақтары болды.<sup>38</sup> Ұлы жүздің Жетісуда көшіп жүретін рубасылары соның жасақшыларына бағынды. Сондай-ақ көптеген қазактар Шу, Талас аңғарларына, Бетпакдалаға кетіп қалды.

А. И. Левшиннің атап өткеніндегі, «отарлар мен табындар күн санап кеми берді, айырбас сауда тоқтап қалды, жұрт жаппай қайыршылық пен қайғы-қасіретке ұшырады, кейбіреулер аштан өліп, басқа біреулері әйелдері мен балаларын тастап кетті... Егер онтүстікке кетпесе, үш жақтан қысым көріп, қудаланған оларды мұлде қырып жіберу мүмкін еді».

Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтары Сырдариядан өтіп, Ходжентке көшіп, Орта жүз руларының көпшілігі Самарқандың кетті, ал Кіші жүз Хиуа мен Бұхара шегіне көшіп барды.

Ақтабан шұбырынды жылдары Отан алдындағы өз жауапкершілік шамасын түсінген халық еркін жасытпады. Табан тірескен және ұзаққа созылған шайқастар жүріп жатты. Ташкент қаласының қазақ жасағы бастаған 300 мыңдай тұрғындары үш айға жуық қаһармандықпен қорғанды. Ташкенттің ізінше Сайрам мен Түркістан да құлады. Бұқілхалықтық қарсыласуды ұйымдастырушылар Бөгенбай, Қабанбай, Санырық, Жәнібек, Малайсары, Елшібек және басқалар халықты туған жерін қорғауға көтерді. Жоңғар өскерлері қазақ халқының табанды қарсыласуымен санасуға мәжбүр болды. Жау таулы жерлерде, алыстағы далалық аудандарда, қалаларда тойтарыс алды.

Кожаберген жыраудың айтуынша, қазақтар ұрыса отырып шегінген, жасақтар Бетпакдала құмдарында қуып келе жатқан жаудан қара үзіп кетіп, Таңбалытас ауданындағы ұрыстарда оған тойтарыс берген, сөйтіп оны Сарысу өзенінің жағасында қорғаныска көшуге мәжбүр еткен.

Жоңғарлар Түркістанға шабуыл жасаған кезенде Айшыбек батырмен бірге Қабанбай қала қорғанысына тікелей қатысты.

Жаулап алушыларға Түркістанды қорғаушылар ғана табанды қарсылық көрсетіп қойған жоқ. Сайрамды жау қоршаган кезде де қала тұрғындары қаһармандық көрсетті. Жоңғарлар қаланы шабуыл арқылы бірден басып ала алмады, олар қаланы айнала қоршап, қамауға алды. Олардың мақсаты қаланы басып алып, талап-тонау болатын. Алайда мұны істей алмады. Сонда қонтайшы өз өскерлерінің бір бөлігін тауға жіберіп, қаланы сумен жабдықтап тұрған Сайрамсу және Тубалық өзендерінің арнасын бұрып жіберуге бұйрық берді. Сайрам тұрғындары сусыз қалды. Анызда бұл туралы былай дедінген: «Олар қаланы қорғап, ұзақ уақыт бекінді, бірақ, ақырында, дінсіздер женді, біртіндеп қаланы да, қамалды да алды».<sup>39</sup>



Қабанбай батыр.

Жонғарлар мұнда мол мүлікке жолығып, көптеген тұтқындар алды. Тұтқындарды Шығыс Түркістан ауданына әкетті. Қазактар Сырдарияның орта ағысына ғана емес, бұл өзеннің төменгі сағасына қарай да шегінуге мәжбүр болды. Ресей елшілігінің курьері Николай Минер Сыртқы істер алқасына жонғарлар «ондағы жердің бәрін, тіпті Сыр өзеніне және Бұхара жағындағы Ходжентке дейін иеленіп алды» деп хабарлады.<sup>40</sup> Көптеген қазактар Сырдариyaның сол жақ жағалауындағы Бетпакдалаға, Жызак және Нұраты таулары ауданына, Зеравшан анғарына кетті. Бұл жөнінде ортаазиялық тарихшы Хожамқұлибек Балхы былай деп көрсетеді: «Контайшы (қалмақ) өз ұлын қазақ жүрттын: Ташкентті, Әндіжанды, Сайрамды және Сейхун (Сырдария өзені) жағалауындағы аудандарды жаулап алуға тағайындағандықтан, шамамен алғанда үш лек қазактар ташкенттіктермен бірлесіп соғысуға бел буды. Әскерлерін шепке тұрғызып, екі жақ бір ай бойы үздіксіз ертеден кешке дейін шайқасты. Аскандана жаратушы мұсылмандардан женісті дінсіздерге алып берді. Шамамен алғанда бір лек (жұз мың. – Ред.) адам азапты өлім суын ішті. Қазактар катты жеңіліс тапты. Қазактардың бір лек елу мыңнан астам шаңырағы Самарқанға қарай үркө көшіп, бет алды».<sup>41</sup>

Әрине, Балхы келтірген цифrlар сын көзбен қарауды керек етеді, алайда қазактардың халықтық қасіретінің сипаты дұрыс көрсетілген. А. И. Тевкелев жонғарлар шапқыншылығы жылдарындағы қазақ халқының жағдайын сипаттай келіп, сол кезде олар «талқандалып, бытырап және күзеліп кетті» деген-ди.

Женілістің жалпы жағдайын А. И. Левшин былайша сипаттайды: «Бұл көшу сөзсіз күйзелу мен қырылуға әкеп соқты. Мал мен табын күн санап азая берді, айырбас сауда тоқтап қалды, қайыршылық пен қасірет-қайғы жалпы жүртты жайлап алды: біреулер аштан өлді, басқа біреулері бала-шағасын тастанап қашты. Ақырында, босқындар тоқтады, бірақ қай жерге дейсіз ғой? – көшпелі халық үшін аса қолайсыз құлазыған қу медиенге ат басын тіреді».<sup>42</sup>

Аңыздарға қарағанда, Ұлы және Орта ордалар (арғындарды қоспағанда) – Самарқан мен Бұхараға, ал Кіші жүз Хиуаға көшкен. А. И. Левшин Кіші жүз казактары Бұхара мен Хиуаға кетті деп пайымдайды. Онда бұл оқиғаларға дейін де қазақ халқының бір бөлігі тұрып, қоғам өмірінде елеулі рөл атқарып жатқан еді. Орта Азия хандықтарындағы қазактар саны едөуір болды. Алайда қаншалықты зор күш-жігер жұмсағанымен, қазақ халқы жонғар әскерлерінің тегеурініне төтеп бере алмады. Жау күштірек болып шықты да, қазақ жасактарының шегінүіне тұра келді.

Садыр руының қазактары Самарқан төңірегіне, Зеравшан анғарына барды. Сөйтіп осы аймақта найман, жалайыр, қыпшак, осы рулардың көптеген тармактары атымен аталған қыстактар пайда болды. Коныраттар Сырдарияның сол жақ жағалауында орналасты, оларға босқындар ағылып келіп жатты. Мұнда, Жызак таулары мен Зеравшан өзені жазығында қазақ даласынан келген босқындардың көп болуы себепті аштық болды. Мұхаммед Якут Бұхари былай деп жазды: «Жеті жыл бойы үздіксіз шапқыншылық жасап, көшпелілер Самарқан мен Бұхара арасында орналасқан егіншілікті аудандарды күйзелтті. Мауараннарда ашаршылықтың құшті болғаны сонша, адамдар тіпті өлгендерді жерлемей, адам етін жеуге дейін барды. Нағыз аласапыран туды. Жер-жердің бәрінде жұрт туған жерлерінен безіп, жан-жакқа бытырап кетті. Бұхарада екі гузар (махалла) тұрғын қалды. Самарқанда бірде-бір тірі жан қалмады».<sup>43</sup> Сол кездегі шежірешілер өсірелеп көрсеткенімен, бұл шындыққа жақын болатын.

Әр түрлі деректемелерге қарағанда, жонғар басқыншыларының басып кіруі кезеңінде әскери қақтығыстар, ойран салу, қырып-жою, талап-тонау, аштық, қындықпен ауа көшу кезеңінде қазақ халқының үштегі екісіне жуығы құрып кеткен.<sup>44</sup> Бұл қасірет туралы Қожабергеннің «Елімай» жоқтауы қазактардың халықтық азасының нышанына айналды.<sup>45</sup>

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшкен сайын бір тайлак бос келеді.  
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,  
Қара көзден мөлтілдеп жас келеді.  
Мына заман қай заман? Бағы заман,  
Баяғыдай болсайшы тағы заман.  
Атадан ұл, енеден қыз айырылды,  
Көздің жасын көл қылып ағызамын.  
Мына заман қай заман? Қыскан заман,  
Бакыт құсы алаштан ұшқан заман.  
Көк аспаннан топырак, шаң борады,  
Күні суық қантардан, қыстан жаман.

Жонғарлардың шапқыншылығынан Сырдарияның орта ағысы жағаларे дағы қазақ және қарақалпак қауымдарының ішкі тепе-тендігі бұзылды. Қарақалпактар да зардап шекті. Олардың жекелеген ауылдары онтүстік жаққа, көпшілігі Сырдарияның төменгі ағысы жағына кетті. Қарақалпактардың ортаңғы және төменгі болып бөлінуі нақ сол кезең еді.<sup>46</sup> Көптеген қарақалпактар Орта жүз және тіпті Ұлы жүз қазактары аксақалдарының билігіне бағынатын болды. Едәуір көпшілігі Кіші жүз қазактарымен бірге солтүстік жаққа, Жем, Темір, Ойыл өзендері жағына кетті.

Я. Гавердовский былай деп жазды: «Қазактардың есінен осы кезге дейін кетпейтін, аскан зор қасіреттер әкелген сол дәуір оларды әбден шегіне жеткенше титықтатқан. Орда аныздарында (естеліктерінде) сол кездегі ержүрек батырлар мен қайғылы оқиғалар осы уақытқа дейін әлі сакталып келеді. Ақ шашты қариялар көбінесе қаза болғандардың мәйіттері жатқан үлкен үйінділерді көрсетіп, бізге: бұл арада еркіндікті қорғап, ұрыс аланында қаза тапқан батырларымыз жерленген. Мына жерде қара құрттай қаптаған жауыздар қырған тұтас ауылдар жатыр деді».<sup>47</sup>

Нақ сол 1723 жылы жонғар феодалдары Қазақ хандықтарын Ташкент, Түркістан, Сайрам сияқты қалалық қолөнер орталықтары мен сауда базарына қатыстырмай тастады.

Батысқа босқындардың жаңа толқыны қаптады. Кіші жүз қазактары Орта Азия хандықтары шегінде ұзак тұрақтап қала алмады, өйткені жергілікті билеушілердің оларға қоныс бермегені былай тұрсын, жонғар басқыншыларымен бірге оларды талап-тонаудан да тайынбады.

Жемнің төменгі ағысы анғарында, Елек, Ор, Ой өзендері бойында қазактар башқұрттармен қақтығысты. Бұл жөнінде Уфа қаласының дуанбасы Друмонт былай деп жазған: «екі мың немесе одан да көп қарақалпақ әскерлері Елек өзеніне келді, көп жиналған бала-шағаларымен қырғыз-қайсақтар да сол жаққа келе жатыр, ал сол қарақалпактар мен қазактарды қонтайшы тас-талқан етіп, олардың екі қаласын алды және оларды әйелдерімен, балаларымен қосып, тұрған жерінен қуып шықты және кейін көбін қырып тастап, қалғанын тұтқынға түсірді».<sup>48</sup>

Жонғарлар тықсырған қазактар Сырдарияның орта ағысына қарай, қарақалпактардың едөуір бөлігі – «жоғарғы» қарақалпактар тұратын жерлерге кетті. Алайда Әбілқайыр қарақалпактармен қатынастарды нығайту үшін дипломатиялық қабілеті мен байланыстарын көрсете білді. Ортақ қасіret туыстас екі халықты біріктірді. Қазақ хандығының жалпы жағдайы ауыр болды. Бұл кезең туралы Қанжығалы Бөгенбай батыр былай деген: «қазактар өздерін үрейге билетіп, көрінгеннен қашып, тазыдан қашқан қояндай жансауғалаумен болды, сөйтіп күйзеліске ұшырады, мал-жанын, тіпті бала-шағаларын да тастап, өздері ғана бас сауғалады... Жонғар қалмақтары шапса бір жаққа, ал башқұрттар шапса, басқа жаққа тентіреді, ал еділ қалмақтары мен жайық қазактары, сібір өскери шабуыл жасағанда жан сауғалар жер таппай, бет-бетімен басы ауған жаққа қашты».<sup>49</sup>

Қазактардың батыска қарай жаппай жөңкілуі Жайық пен Еділ аралығында көшіп жүретін қалмақ тайшылары арасында зор аландаушылық туғызды. Мысалы, қалмақтардың билеушісі Доржы Назаров пен Қалмақ хандығының наместнігі Черен-Дондук Астрахан губернаторы А. Волынскийгө: «Сөйтіп жиналып алып, қалмақтарға қарсы 30 мың қолмен келе жатыр және қалмақтарды жаулап алып қалмақтар көшіп жүрген жерлерді иеленіп алмақшы», – деп жазған.<sup>50</sup> Өз кезегінде, Астрахан губернаторы Әскери алқаға «егер рас болса, қалмақтар қазактарға... төтеп бере алады дегенге ешбір сенімім жок» деп мазасыздана баяндады.<sup>51</sup> Жайыққа келген қазактардың жаңа толқыны көп болғаны сонша, Қалмақ хандығы тағдырының өзі қыл үстінде тұрды. Мұны патша өкіметінен Еділдің сол жағындағы жазғы жайлауларын қорғау үшін қалмақ әміршілерінің әскери көмек сұрағаны дәлелдейді. Патша әскерлері колдаған қалмақтар Еділ мен Жайық арасындағы өз қоныстарын негізінен сактап қалды. XVIII ғасырдың орта шенінде Жайық қазактар мен қалмақтар арасындағы шекараға айналды.<sup>52</sup>

Сол кезде Әбілқайыр мен оның жақындарының қоныстары Елек өзенінің жоғарғы ағысында орналасты. Бұл қауіпсіз болмады. Солтүстік жағында – Тобыл, Есіл бойында башқұрттардың қоныстары болды. Нак сол жерде, Жемнің жоғарғы ағысы бойында Аюке ханға бағынатын Доржы Назаров бастаған қалмақ қоныстары орналасты.

Жонғарлармен соғыс, шаруашылық және аумактық тұтастық пен тәуелсіздікті сактап қалу қажеттігі жауап шаралар қолдануға мәжбүр етті. Атап айтқанда, В. М. Бакуниннің Астрахан губернаторы Волынскийгө 1725 жылғы 9 акпандағы хаты соны дәлелдейді. Онда былай делінген: «Бұхарадан Доржы Назаровқа керуен келіп, жазда келген қайсактар... кейін төрт топқа бөлініп, қалмақтарға, башқұрттарға, Бұхарага, хунтайшыға (контайшыға. – Ред.) қарсы аттанған және барлық төрт топ қиратылған». Басқа бір құжатта былай деп нақты хабарланған: «Қарақалпактар мен қазактардың ханы Әбілқайыр өзіне елу мың әскер жинап алып, қонтайшымен шайқасты, ал қонтайшы олардың он мың шаңырағын күрретті, ал қалған қырық мың шаңырак қалмақ әскерлерін алу үшін осында беттеп келеді, қазір олар Жем өзенінде».<sup>53</sup> Қазақ жасактары табыска жеткен жок, алайда халықтың басқыншыларға қарсы құресуінің жалғасу фактісі атап өтерлік.

Жонғар және Қалмақ хандықтары қазактарға шығыс пен батыстан сокқы беру қатерін туғызды. Аюке хан Цеван-Рабтан қонтайшымен елшілік алмасты. Цеван-Рабтанның елшісі жонғарлардың қазактармен және қарақалпактармен соғысып жатқанын хабарлады. Таяудағы көктем-

де ол Жайық пен Еділ маңында көшіп жүрмекші. Әбілқайырдың Аюке хан елшісімен кездесуі осындай жағдайда өтті. Бұл Темір өзенінде (Жемнің он жақ саласы) болды. Әбілқайырда қазақ және қарақалпақ жасақтарынан тұратын өскер бар еді. Елшімен кездескенінде Әбілқайырбылай деп мәлімдеді: «оның өзі қалмақтармен соғысқа аттанып барады. Ал онымен 40 мындаи Орда болады».<sup>54</sup>

1723 жылғы қыркүйектің басында Әбілқайыр 20 мың өскерін бастап, қалмақ тайшыларына қарсы аттанады. Олар Жем бойымен барып, Жайықтан өтті. Қалмақ тайшылары қын жағдайда қалды. Қазақтар Доржы Назаровтың бес мың өскерін тықсырып, Доссанг тайшыны қашуға мәжбүр етті. Көп кешікпей Әбілқайыр мен Тама Есептің жасақтары Лекбай тайшының екі мың шаңырактан тұратын ұлысын талқандап, көп мөлшерде мал мен тұтқын алды.

Осы жанжалдар мен қайшылықтардың бәрін Ресей империясы өз макстарын көздел, «бір орданы екінші ордаға қарсы көтеру, оларды тыныштандыру, ал өз адамдарын мұндай жағдайларда сақтау» үшін пайдаланбақшы болып үйғарды.<sup>55</sup>

1723–25 жылдардағы жонғарлар шапқыншылығынан қырғыздар, өзбектер, қарақалпактар да зиян шекті. Алайда жонғарлар шапқыншылығының ең ауыр тауқыметін тартқан қазақ халқы еді, сондықтан Орта Азияның басқа халықтары – қырғыздардың, өзбектердің, қарақалпактардың жағдайы онша қасіретті болмады.

Қазақ хандығы орасан зор Жонғар империясының өрісіне тартылуға мәжбүр болды. Тарихшы Н. Попов Галдан-Церен туралыбылай деп жазған: «Оның күші оған қазақтардан бірнеше провинцияны тартып алып, өз ықпалын Арал теңізіне дейін таратып қана қоймай, сонымен қатар өзінің билік құмар талаптарын шекаралас Сібір жеріне де мәлімдеуге мүмкіндік берді... Хин (Хиуа. – Ред.) иеліктерінен кейбір қалалар мен жерлерді басып алған, Далай-ламаны өлтірді, оған да көнілі толмай, Хинді түгел басып алу үшін, хиндіктермен соғысада. Үрейі ұшқан хиуалықтардың Ресейден көмек сұрауға, ал Қытайға бодан монгол халқының орасан көпшілігінің өзін құтқарып қалу үшін Ресей шекарасына қашуға мәжбүр болғанын қонтайшы біліп отыр». Жонғар империясының өрісінің кенейгенін П. И. Рычков пен И. Землянициң де көрсеткен.<sup>56</sup>

### 3. ЖОНҒАР БАСҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ ТОЙТАРЫСТЫ ҰЙЫМДАСТАЫРУ. БАТЬРЛАР

Жонғар басқыншылығы ұшыратқан бүкілхалықтық қасірет қазақ халқын ашу-ызаға булығуға ғана емес, сонымен бірге болып жатқан оқиғалардың бәрін ой елегінен өткізуға жетеледі. Жауға тойтарыс беруді ұйымдастыру үшін әр түрлі аймақтарды біріктіру қажет болды. Көптеген жайылымдардан айрылып, әр түрлі рулар мен қауымдардың жаңа жерлерге орын ауыстыруы қазақ қоғамының түрлі топтарын ашы шындықпен санасуға мәжбүр етті. Бұл жағдайларда жалпы келісім қажет болды. Мұнда да халық арасында белгілі қазақ батырлары, аса көрнекті билері зор рөл атқарды.

Сөйтіп халықтың қырып-жойылуына жол бермеу үшін, енді сұлтандар мен рубасыларынан үмітін үзген халық өзін-өзі құтқаруға кірісті. Сол бір ауыр жылдарда қазақ жасақтарын Қабанбай, Бөгенбай, Малайсары, Наурыз-

бай, Шақшак Жәнібек батырлар мен есімдері қазақка аса танылмаған көптеген батырлар басқарды.

Аса көрнекті билер Қазыбек, Төле, Әйтекенің қызметі қазақ хандығының XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басындағы жонғар шапқыншылығына қарсы құресінің күрделі тарихи кезеңімен байланысты.

Жеке басының қасиеттері, қазақ қоғамының ішкі өмірін терең сезінуі, адамдарды біріктіре білуі Әбілқайыр ханды ерекше тұлға етіп көрсетті. Ол өз қызметінің ең басынан бастап-ақ Кіші жүздің ғана емес, Орта жүздің де көптеген руларына арқа сүйеуге үмтүлды. Өз қызметінде Әбілқайырдың алшындарға, байұлына, шекті руы мен жетіруға сүйенгені мәлім. 20-жылдардың бас кезінде Орта орда руларының ықпалды өкілдерімен байланыс орнатылады. Мәселен, Әбілқайырдың керей руына күшті ықпал еткені белгілі. Ал бұл өте маңызды. Бөгенбай батыр былай дейді: «Төуке ханнан кейін Әбілқайыр басты хан болды және ешкімнен кедергі көрмей, өз ықтиярымен көп іс тындырды...».<sup>57</sup>


1723 жылғы женіліс қазақ халқының еркі мен рухын жасыта алмады. Келесі жылдың өзінде-ақ жонғарлармен жаңа қактығыстар болды. Енді соғыс қимылдары қазақ жерінің орталық және батыс даласына ауысты.

Соғыс қимылдарындағы кейбір толастарды Әбілқайыр жонғар басқыншыларына қарсы неғұрлым күшті және орталықтандырылған қарсылықты үйімдастыру үшін пайдаланды. Бұл орайда жау қосындағы босаңсу, көршілермен катынастар, қазақ сұлтандарының ішкі өзара және рулар арасындағы қатынастар ескерілді

1724 жылдың өзінде-ақ қазактар Әбілқайырдың басшылығымен алғашкы женістерге жетті. Флорио Беневени былай деп жазады: «Шоно-Лоузан (Жайсан. – Ред.) Әбілқайырмен соғыста қазактардың 12 ұлысын қол астына қартағып, Түркістан қаласын басып алды. Әбілқайыр күш жинап, аз уақыттың ара-лығында-ақ Түркістан қаласын өзіне қайтарып алды».<sup>58</sup>

1725 жылы басқыншыларға алғаш рет елеулі тойтарыс берілді. Бұл туралы деректемелерде мағлұматтар бар – «қазактар төрт топқа бөлініп, калмақтарға, башқұрттарға, Бұхараға, контайшыға аттанды және төрт топтың бәрінде де женіліс тапты».<sup>59</sup> Екінші бір құжат қазактардың басқыншыларға қарсылық көрсету өрекетін нактылай түседі. Сондай-ақ Әбілқайырдың рөлі мен іс-қимылның маңызы, оның батылдығы және қын жағдайдың өзіндегі үйімдастырушылық таланты айқын көрінеді: «Қарақалпақтар мен қазактар ханы Әбілқайыр өзінің елу мың өскерін жинап алып, контайшымен шайқасты, контайшы болса, олардың он мың шаңырағын күйретті, ал қалған қырық мың шаңырақ қалмақ өскерін алу үшін осы жаққа беттеп келеді және қазір олар Жем өзені бойында».<sup>60</sup> Ірі женілістерден және жаппай қашудан кейін елу мың өскер жинау өте қын шаруа еді. Сондықтан мұны азаттық құресі басталуының көрсеткіші деп санауға болады.

Жонғарларды қазақ жерінің Отырад, Шымкент, Түркістан, Сайрам аймағынан қуып шығу кезінде қазақ өскерлері қаһармандық жанқиярлық ерліктер көрсетті. Қазақ ауылдарында айуандық жасаған жау жойып жіберілді. Қаратудағы Теректі алқабында, Боралдайдың саласы бойында, Садыр-Камалбұлак деген шағын өзенде қалмақтардың қалың қолын Үлкентүз тауына қуып тығып, тас-талқан етті.<sup>61</sup> Сөйтіп Қаратудау казактардың женілістерінің ғана емес, сонымен бірге өз жерін азат етудегі жарқын табыстарының да куәсі болды.



Казак халқының жонғар басқыншылығына карсы Отан соғысы.

Асқан зор апат кезеңіндегі халық аныздарын алғашқылардың бірі болып жинаған Мәшіүр Жұсіп Көпеев Бұхара жағынан Орталық Қазақстанға қайткан Орта жүз қазактарының даңқты батыры өрі қолбасшысы Шақшақұлы Жәнібектің басшылығымен 1725 жылы Шұбаркөл ауданында (Қорғалжын көлі жағында) жонғарларға күйрете сокқы бергенін айтады. Отандық тарихтың тағы бір шежіреші Шәкерім Құдайбердиев те осыны растайды. Соның ізінше казак жасақтары жауды Ойылдың саласы Ақтасты өзенінде кездестірді. Казак жасағының бірқатар басымдықтары болды. Ең алдымен жонғарлар қазак жеріне тереңдей еніп кетіп, сол арқылы өз тылынан қол үзіп қалды. Қазак жауынгерлерінің тосқауылға қолайлы жерлерді тиімді пайдалануы табысқа жетуге жәрдемдесті. Өз кезеңдегі аса көрнекі қолбасшылар Әбілқайыр хан, Тама Есет, Тама Жантай, Каракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгөнбай батырлар өз күштерін біріктіріп, тізе қосып іс-кимыл жасады. «Калмакқырылған» деген алғашқы жер атауларының бірі Қазақстан картасында осылайша пайда болды.

Енді казак жасақтары Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы жерлерді ғана емес, Мұғалжар тауларының бір бөлігін де азат етті. Осы арқылы XVII ғасырдың бірінші жартысында пайда болған жарты сақина қоршауы бұзылды, ол кезде жонғарлар Алтай тауларынан Есіл және Жайық өзендеріне дейін өз коныстарының үлкен шебін орнаткан еді.

1726–27 жылдарға қарай сұлтандар мен билер басқыншы жауға қарсы барлық казак руларын біріктіру жөнінде кен саясат жүргізе бастады. Бұл саясатты мейлінше белсенді жүргізген Кіші жүз ханы Әбілқайыр болды.

1726 жылдың күзінде Бадам өзені маңындағы биік қырка – Ордабасы деген жерде бүкілказак съезі өткізілді. Съезге Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Қүшік, Жолбарыс хандар, сұлтандар, Төле би Әлібекұлы, Қаздауысты Қазыбек би, Эйтеке би бастаған түрлі өр рудың билері, даңқы шыққан қолбасшылар мен батырлар шақырылды.

Съезде негізгі мәселе басқыншы жауға бүкілхалықтық тойтарыс беруді үйімдастыру туралы мәселе болды. Отанға қауіп төнген жағдайда ру ішіндегі қайшылықтар, барлық жүздерге билік жүргізу жолындағы, жайылым үшін күрес екінші қатарға ығысты. Съезге катысушылар бірге болуға, өз кимылдарын үйлестіріп отыруға, жауға біріккен майдан құрып аттануға ант берді.

Съезде талқыланған маңызды мәселенің бірі – бүкіл казак жасағының қолбасшысын сайлау туралы мәселе болды.

М. Тынышбаевтың бағалауы бойынша, 1726 жылдың өзінде-ақ басқа саяси кайраткерлермен салыстырғанда Әбілқайыр қарт сияқты көрінген. Бұл сөздің оның саяси қызметін бағалауға немесе жасына қатысты айтылуы мүмкін еді. Калай дегенмен де, ол казак хандары арасындағы едәуір беделді тұлға болатын.<sup>62</sup>

Кожаберген жырау «Елімай» дастанында «Сайланды Әбілқайыр өскербасы» дейді.<sup>63</sup>

Осында, Ордабасында Әбілқайыр қазак жасағының қолбасшысы болып сайланды. А. И. Левшин бұл жөнінде былай деп жазған: «Ортақ іс сол арада бір-біріне адалдыққа аント беру арқылы қастерленді. Әбілқайыр хан бас қолбасшы болып сайланды, сөйтіп халықтық әдет бойынша құрбандыққа шалынған бие болашақ табыстың кепілі ретінде қабылданды». Осы жағдайды да ол былай деп аша түскең: «Төнген қауіп ішкі өзара қыркыстарды бітістірді, жалпы келісім туғызып, бәрін бір нәрсеге бағыттады. Тұтас халықтың жиналы-

сында ілгері басудың, ортақ жауға шабуыл жасап, оларды ежелгі қырғызы-  
қазақ жерінен қып шығудың негізі қаланды».<sup>64</sup> 1726 жылы Әбілқайырдың  
сайлануы туралы Н. Г. Аполлова: «Әбілқайыр мәртебесінің көтерілуі өскери  
шонжарлардың ең ықпалды өкілдерімен (Бөгенбай, Жәнібек, Есет батырлар-  
мен) байланысты деген түсініктін, сірө, елеулі негізі болса керек», – деп атап  
өткен.<sup>65</sup>

Әбілқайырдың ұсынылуын А. И. Добросмыслов билай деп бағалаған:  
«XVIII ғасырдың екінші ширегінің басында казақ ордалары хандарының  
ішіндегі ең күштісі, алғыры және жігерлісі біздің ең жақын көршіміз Кіші  
орданың ханы Әбілқайыр болды». Батырлар арасынан бүкіл қазақ жасағы-  
ның сардарбекі болып Қанжығалы Бөгенбай сайланды.

Қазақ қоғамының тас-түйін жігерленген көтерінкі рухы, Ордабасындағы  
съезде қабылданған шешімдерде жалпыға бірдей бірлікке қол жеткізілуі Отан  
соғысындағы күрт бетбұрыстың алғашқы нышаны болды.

Кол жеткен жағдайлар соғыс қимылдарының барысын белгілеп отырды.  
Сырдария өзенінің орта және төменгі ағысы бойындағы кең-байтақ алқап,  
Арыс өзені мен оның салаларының аңғары, Қаратай сілемдері, Талас өзенінің  
бойындағы далалық жерлер, Мұғалжар тауларының бір бөлігі жонғар бас-  
қыншыларынан азат етілді. Ұлытаудың шұрайлы да кең-байтақ жайылымда-  
рын қайтарып алмағанмен, оны жаудан біржола азат ету үшін алғышеп жасау  
кажет болды.


«Ақтабан шұбырындыдан» кейін казақ батырлары жеткен алғашқы  
женістер, Ордабасындағы съезд халықтың жауынгерлік рухын көтерді. Әрі  
батыр, әрі жырау Ақтамбердінің сөзімен айтқанда, көптеген қазактар:

«Дүшпеннан көрген корлығым  
Сары су болды жүрекке,  
Он жетіде құрсанып,  
Қылыш ілдім білекке  
Жауға қарай аттандым  
Жеткіз деп құдай тілекке!» –

деп жауға аттанды.

**Бұланты маңындағы шайқас.** Казактар Орталық Қазақстанның орасан зор  
аумағын Сарыарқа деп атайды. Өз кезегінде, Сарыарқа – тарихи символ. Мұнда  
қазактардың материалдық және рухани мәдениетінің өзіндік дәстүрі бар.  
Ұлытау Сарыарқаның інжу-маржаны болып табылады. Айтар болсак, Ұлы-  
тау ұғымына таулардың, өзен-көлдердің тұтас жүйесі кіреді. Оған оннан ас-  
там таулар енеді, олардың арасында Кішітау, Арғанаты, Желдіадыр (Жел-  
тау), Куадыр, Ұлытаудың өзі және басқалар бар. Жезді, Жыланды, Сары  
Кенгір, Қара Кенгір, Бұланты өзендерімен, Сарысу ағысының едәуір  
бөлігімен, Терісакқан, Керей, Қыпшак, Жақсы Кон, Қара Торғай, Сары Тор-  
ғай өзендерінің жоғарғы ағыстарын қоса алғанда, осы бүкіл таулар жүйесі  
орасан зор аумақты алып жатыр. Жапсарлас жатқан аумағымен қоса Ұлытау  
кімнің қолында болса, сол бүкіл Орталық Қазақстанда ұstemдік еткен.

«Ақтабан шұбырынды» жылдарында жоғарғы Есіл өнірінде, Көкшетау  
қыраттарында, Ерейментауда жонғарлар ұstemдік еткені мәлім. Олардың  
қауымдары казактардың қоныстарымен өте жиі қатар өмір сүрді. Ұлытаудың  
таулар жүйесінен Ерейментау және Көкшетау тауларына шығатын жерде  
жонғарлар өз анклавтары орталықтарының бірін құрды. Нұра өзенінің төменгі



XVIII ғасырдағы қазактардың қару-жарағы.

ағысында олар Батұғай (Батугай) қонысын нығайтты. Онда едөүір көп тұрғын үйлер мен діни орындар, шаруашылық құрылыштар салды. Мұнда әскери максаттарға арналған тас бекіністер және жонғар үстем топтарының жылтыр қышпен безендірілген тұрғын үйлері де болды. Мұндай қоныс тұрғызудың бірден істелуі мүмкін емес және бұл оның иелері сол жерде кем дегенде бірнеше онжылдық бойында орналасқанын көрсетеді. Сол арқылы қазактардың Ұлытауға шығуы солтүстік жағынан жауып тасталды. Дегенмен, ауызша аныздағы қарағанда, бұл жерден қазақ және жонғар қауымдары көбінесе катар көшіп, онтүстікке Сарысу және Шу өзендеріне дейін барып жүрген. Жонғар хандығының XVII ғасырдың аяғында жасалған картасы сакталған. Зерттеушілердің пайымдауынша, картаның барлық белгілері XVII ғасырдың аяғына жатады. Картаны да, белгілерін де Цин императоры Кансидің сарайы жанында қызмет еткен иезуиттер жасаған. Картада Ұлытау, Кішітау таулары, Кенгір, Сарысу өзендері көрсетіліп, осының бәрінің үстіне ірі әріппен «Қырғыз-қазақ. Қазақ ордасы» деп жазылған. Демек, бүкіл Ұлытау жүйесі Қазақ хандығының құрамына кірген.

XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басында қазақ жасақтары мен жонғарлар арасындағы соғыс кимылдары Ерейментау және Желдіадыр таулары аralығындағы шеп бойынша, әсіресе Нұра өзенінің төменгі ағысы ауданында өткен. Бұл ауданда қазіргі кезде де жонғарлар зираттары көп. Олардың бір бөлігі XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басында пайда болған. Шолакқорған кентінің солтүстік жағында 60 шақырым жерде жонғар алдыңғы бекініс шебінің, Талас өзенінің төменгі ағысында Қалмак деп аталатын арықтың пайда болған кезі де сол тұс.

Ұлытаудың таулар жүйесіне иелік ету соғыс барысында маңызды кезең болды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» (1723–1730 жылдардағы Отан соғысы) барысындағы аса маңызды шайқастардың бірі Ұлытау етегінде өтті.

20–25 мың атты сарбаздан тұратын қазақ қолының, көз ілеспес шапшандықпен кенеттен пайда болуы Ұлытауға кіре берістегі табысқа жетуді айқындаپ берді. Жол-жөнекей кездескен көшпелі жонғарлар қашып, амалын тауып құтылуға тырысты. Алайда 1728 жылдың көктемінде Ұлытау етегінде, Ка-

сиыр деген жерде қазақ өскерлерінің жонғарлармен ірі шайқасы өтті. Шайқастың басталуын, оның барысын, көшпелілердің негізгі қырылған жерлерін ауызша аңыздар, өткендегі зерттеушілердің жарияланған еңбектері бойынша ғана емес, картографиялық деректемелер бойынша да анықтауға болады. Нәк солар қазақ жасақтары Қаратай және Сарысу бойы жағынан шығып, Білеуті өзеніндегі діттеген аймаққа келді деген ойды растайды.

Батыс Сібірдің 1920 жылы он шақырымдық өлшеммен басып шығарылған картасында Қарағайлы саласының Білеуті өзеніне құйылысындағы жер тура-лы маңызды ақпарат бар. Бұл арадағы зират Қалмақ-шанғар деп аталады. Үлкен еспе Білеуті өзенінің орта ағысы бойындағы басқа бір жер «Қалмаққырылған» деп белгіленген. Алайда осы топонимнің екеуі де Білеуті өзенінің Қарағайлы саласымен қосылысындағы жер атауына қатысты.<sup>66</sup>

Соғыс қымылдарының басы нақ Білеутінің Қарағайлымен қосылысына жақын жатқан жерден басталады. Осы арада шайқастың басында жонғарлар алғашқы елеулі шығындарға ұшырады. Қазақ жасақтары табысын дамыта білді. Бұл орайда жонғарлар шегінуінің бағытына жергілікті жерге тән жер бедері өсер еткен. Шайқас болған кең жазық Қарасиыр деп аталған. Бұл жер Бұланты және Білеуті өзендерінің аралығында жатыр.

Бұланты шайқасы қазақ жасақтарының жеңіске деген орасан зор ерік-жігерін көрсетті. Өз заманының аса көрнекті қолбасшылары жеке қол басқарған Каракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Бәсентиін Малайсары, Таракты ер Байғозы және басқалар Әбілқайыр хан мен Қанжығалы Бөгөнбайдың жалпы басшылығымен ынтымақты қымыл жасай отырып, жасақтарды ұрысқа бастады. Жасақтарды қаруландыру жөнінде Шақшақ Жәнібек зор үйымдастырушылық жұмыс істеді, Дархан ұстаның басшылық етуімен Ұлытауда қару шеберлері еңбек етті.

Қазақ жасақтарының жаугершілігі туралы Я. Гавердовский: «Сауыт киіп алған олар, нақ сол аңыздарға қарағанда, өршелене шайқасқан және шайқас алаңын көбінесе өздерінің нық басқан табанымен таптап өткен».

*Қанжығалы Бөгөнбай Ақшаұлы* (1680–1778) – қолбасшы, бүкіл қазақ жасақтарының қолбасы, дипломат, жонғарларға қарсы бүкілхалықтық азат етушілік Отан соғысын аса көрнекті үйымдастырушылардың бірі. Оның жасақтары жайық казактарымен, жонғарлармен, Цин империясының қарулы қүштерімен шайқасқан.

*Қаракерей Қабанбай (Ерасыл) Қожагұлұлы* (1691–1769) – қолбасшы, халық батыры, қазақ халқын жонғар басқыншыларынан азат ету жолындағы күресті үйымдастырушылардың бірі. Түркістанды қорғау кезінде (1724), Алакөл (1725), Бұланты, Аңыракай, Шығанақ шайқастары мен басқа да шайқастарда найман жасағын басқарған.

Қабанбайдың өйелі Гауһар (Малайсары батырдың қарындасы) күйеуімен бірге көптеген шайқастарға қатысқан. «Атадан ұл болып тума, ер болып ту» деген сол Гауһардан қалған. Абылай хан Қабанбайды елден ерек шыққан Дарабоз деп атаған, оның ерліктері туралы таралған аңыз-әңгімелер көп.

*Шақшақ Жәнібек* – қолбасшы, мемлекет қайраткері, дипломат, жонғарларға қарсы азаттық күресін үйымдастырушылардың бірі. Жонғар батырларымен жекпе-жектерде талай рет жеңіп шыққан. Қазақ-орыс қатынастарын нығайтуды белсене жақтады. Оның тандауы және батыл қолдауы бойынша Абылай сұлтан Орта жүздің ханы болды.

*Тама Есем* – колбасшы, тама руының ақсақалы, кейіннен тархан, жонғарларға қарсы халық-азаттық соғысын үйымдастырушылардың бірі, жонғарларға қарсы көптеген шайқастарда бүкіл қазак жасағының ірі бөлімшесін (4000-ға дейін ұланды) басқарған.

*Бәсентиін Малайсары Тоқтауылұлы* – колбасшы, бәсентиін руының ақсақалы, дипломат, азаттық соғысын үйымдастырушылардың бірі, көптеген шайқастарда жасақтардың ірі бөлімшесін басқарды. «Малайсары тауы» соның есімімен аталған.

«Ал кейде олар жау тобырына сұрапыл дауыл сияқты тиіп, олардың жүріп өткен іздерінде өліктер қаптап қалатын».<sup>67</sup>

Колбасшы, батыр Қанжығалы Бөгенбай өзін тамаша тапқыр және оралымды ұрыстың асқан айлакері ретінде көрсетті.

Көрнекті фольклоршы, этнограф Ә. Диваев біздің заманымызға талай тарихи аңыздарды жеткізді. Атап айтқанда, аңыздардың бірінде былай делінген: Кіші жүздің үш руы Орта орданың бір бөлігімен бірге Сарыарқаның солтүстік шекарасында жонғарлармен соғысты. Ұрыстарда атакты мергендер Тайлак (Кіші ордадан) пен оның жиені Санырық мерген (Ұлы орда, ошакты, тасжүрек руы) көзге түсті. Жонғар езгісінен арылуға шақырған жалынды ұранға барлық қазактар үн қосты. Жонғарлармен күрестің бұл кезеңі туралы М. П. Вяткин былай деп атап өткен: «Орасан көп адам мен малдан айырылу қазактарды топтасуға мәжбүр етті. Қазақтардың ойраттарға алғашқы сокқыны сұлтандардың басшылығымен емес, қайта Кіші жүзден – Тайлак, Орта жүзден – Бөгенбай және Ұлы жүздің ошакты ұрпағынан – Санырық батырлардың бастауымен жасағанын атап өту назар аударапты. Бұл қақтығыстың зор маңызы болды, ол барлық үш жүз қазақтарының құштерін жаппай үйымдастыруды бастап берді».<sup>68</sup> Нақ осы жағдайды бұрыныракта тарихшылар М. Тынышбаев пен А. И. Левшин атап өткен-ді. Көптеген шайқастарға қатысқан жаршы-жырау Төтіқара батырлар даңқын былай деп мәңгіге қалдырған:

Қамыстың басы майда, түбі сайда,  
Жәнібек Шакшакұлы болат найза,  
Алдыннан су, артыннан жау қысканда,  
Ер жіліттің ерлігі осындайда.

Бекейді айт Сағырменен Дулаттағы,  
Деріпсөлі, Манғайды айт Қыпшақтағы,  
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын  
Сары менен Баянды айт Уактағы.

Ағашта биікті айтсан қарағайды айт,  
Жігіттік, ерлікті айтсан ғаренбайды айт,  
Найзасының ұшына жау мінгізген  
Емәнәлі Керейде ер Жабайды айт.

Басқа бір жырау – Ақтамбердінің мына өлеңі де халық жадында сакталып калған:

Жауға шаптым ту байлад,  
Шепті бұздым айғайлап,  
Дүшпаннан көрген қорлықтан  
Жалынды жүрек кан кайнап,  
Ел-жүртты корғайлап,  
Өлімге жүрміз бас байлад.

Ә. Диваев өз зерттеулерінде, атап айтқанда, жоңғар басқыншыларының зор шығынға ұшырап қашқанын, «бұл орайда Қарасиыр» деген жерде ең тамаша жеңіске қол жеткенін» атап өтеді.<sup>70</sup> Жазықтың орталығында орналасқан тәбе сол кезден «Қалмаққырылған» деп аталады.

Бұлантыдағы және басқа да бірқатар шайқастардың қаһармандық рухын бізге дейін Үмбетей жырау, Ақтамберді жырау, Төтіқара жырау, Бұқар жырау, Көтеш ақын туындылары жеткізді. Бөгенбай Ақшаұлы, Санырақ Тоқтыбайұлы, Олжабай Әлімұлы, Конакай Жақсығұлұлы, Бөлек Сатайұлы сынды батырлардың, батыр Баянның, Жарылқаптың және басқаларының есімдері тірі кездерінде-ақ аңызға айналған.

Алайда оқиға мұнымен біткен жок. Аттылы жоңғар қолының бір бөлігі Бұланты өзенінің жоғарғы ағысына қарай өтіп кетті. Бірақ бұл жерде де оларды қазақ атты өскерінің жасақтары қуып жетті. Сөйтіп сол жерде жоңғарлар тағы талқандалды, тек жекелеген топтарының ғана Ұлытау жағына Майтөбе мен Құрайлыдан арғы тауларға кетіп қалуына сәті түсті.

Бұланты—Білеуті жеріндегі жеңістің зор маңызы болды. Ол қазақ жасақтарының өз күштеріне сенуіне, халық санасында бетбұрыс жасауға мүмкіндік берді. XVIII ғасырдың 20-жылдарының аяғына қарай жоңғарлар Ұлытау аймағынан ығыстырып шығарылды. Мұндағы соңғы тайталас Жақсы Қон өзенінің жоғарғы ағысына жапсарлас жатқан аудандағы Қарамолда деген жердегі шайқас болды. Жоңғарлар тағы да жеңіліске ұшырады. Бүкіл аймакқа бұл жер «Қалмаққырылған» деген атпен белгілі.

Казақ жасақтарының Бұланты—Білеуті маңындағы жеңісінің тағы бір жағы — стратегиялық тапқырлығында болды. Қазақ жасақтарының Бұланты—Білеуті маңындағы жеңісі Аңырақай шайқасының табыска жетуін анықтап берді.

**Аңырақай шайқасы.** Жоңғар басқыншылығына қарсы қазақ халқы Отан соғысының (1723—1730) жеңіспен аяқталуында Аңырақай шайқасы аса көрнекті рөл атқарды. Ол туралы қазақтардың дәстүрлі ауыз әдебиетінде айтылады, сондай-ақ оған М. Тынышбаевтың еңбегі<sup>71</sup> және басқа да бірқатар жанама деректемелер арналған.

Аңырақай шайқасының уақыты туралы мәселеге келгенде барлық авторлар негізінен бірауызды. Ауызша аңыздарды пайдаланғандар да, М. Тынышбаевтың ізімен жүрушілер де солай. Оның үстіне 1723—1730 жылдардағы Отан соғысы оқиғаларының қисыны да 1730 жыл екенін анықтайды. М. Тынышбаев «Ақтабан шұбырындыдан» кейінгі қазақтардың алғашқы жеңісті шабуылдары 1726 жылға немесе сөл кейінірек (1727) уақытқа жатады және Аңырақай қырғыны (Болаттың қайтыс болуы да) «1730 жылдың көктемінен кешікпей болған, өйткені сол жылдың шілдесінде Әбілқайырдың елшілігі Уфаға жетіп те үлгерді» деп сеніммен жазады.<sup>72</sup>

Соңғы жылдардағы тарихи әдебиетте Итішпес Алакөлдің орналасқан жері туралы барған сайын жиі дау айтылып жүр. Ә. Диваев «Аңырақай» «Итішпес көлі маңында, Алакөл жағында... Арасынан солтүстікке таман жатқан тауларға қарай» жатыр деп санаған. Жер жағдайын жақсы білген М. Тынышбаевтың «Аңырақай Ә. Диваев көрсететін жерде емес, Балқаш көлінің Оңтүстік шетінен оңтүстік-шығыс жағында 120 шақырым жерде жатыр, ол қазақтар арасында ««Итішпес деген атпен мәлім» деп санауы орынды.<sup>73</sup> Солай бола тұrsa да, «Алакөл» көлінің орналасқан жері туралы пікірталас жалғасып келеді.

1997 жылы Аңырақай ғылыми экспедициясы (басшылары: ҚР Мемлекеттік хатшысы, халық жазушысы Ә. Кекілбаев, ҚР ҰҒА академигі М. Қозыбаев)

бұл жөнінде М. Тынышбаевтың айтқаны дұрыс, бұл арада әңгіме Балқаштың солтүстік-батыс шеті жағында жатқан Алакөл жайында болып отыр деген тұжырымға келді.

Көлдің картасын Аңырақай шайқасынан кейін 180 жыл өткен соң XIX ғасырдың басында Ресей империясы Коңыс аудару басқармасының П. П. Румянцев басшылық еткен арнаулы ғылыми экспедициясы жасаған. Ол өз корытындысында «Алакөлдің суы тұзды-ащы... ал жағалаудан 15–20 шакырым ұзағанда тұши бастайды, былайша тұщы дерлік» деп атап өткен.<sup>74</sup>

Осындай сорлардың бірінде, Кошкарбайтұз деген жерде, XX ғасырдың басында тұз өндірілгені мәлім. Оның бір бөлігі түйемен Әулиеата, Пішпек және Верный уездеріне тасып апарылған.

Коңыс аудару басқармасы экспедициясының материалдарында Алакөл көліне сипаттама берілген. «Батпакин және Аирғизен\* алқаптарында, – делінген онда, – Алакөлдің жағалауы жалаңаш; тек кей жерлерде судың жағасында ұсақ тал мен аласа қамыс өседі; соңғысы ішінара су басып жатқан қайрандарда да өсіп тұр. Көзге көрінген аралдардың жағалаулары да осындағы. Аталған алқаптардың батыс жағындағы жағалау жартасты, солай болғаның өзінде тас сирек ұшырасады. Шығыс жағында – жағалау ойпатты, қамысты, қамыс (дұрысырақ айтқанда, құрағы) барған сайын биіктеп, қалындағы түседі, ал Ілеңің тармағы Топарға жақындағанда Балқаш өнірінің тұтас «джунгли» басталады. Алакөлдегі су деңгейі біркелкі емес, ол толқын ұрған сыйығынан жаксы көрінеді».<sup>75</sup>

Алакөл мен Аңырақай таулары арасында өредік төбелер ұшырасады, шокшоқ баялыш, изен, жыңғыл өскен сортан-құм дала жатыр. Аңғарларда ебелек аралас жусан көп. Негұрлым терең сайларда ши қопалары, Хантауға жақындағанда тіпті құрак та кездеседі. Коңыс аудару басқармасының комиссиясы Алакөлде бытырап жатқан, өз бедерімен, өз топырағымен және өсімдіктерімен көршілес шоқалақты далаға, шағылдарға үқсас қөптеген аралдар бар екенін айта келіп, ол кезінде шығанақтардың түбі болған деп жорамалданған..

Аңырақайдың шығысында Қарой алабы жатыр. Аңырақай таулары (ұзындығы – 75 км, ені – 5 км) Шу-Іле су айырығы жүйесіне жатады. Аңырақайдың батыс сілемдерінен Қарой алабын (шығыс жақта Құрті және Қаскелең өзендері арасында жатқан және Іле өзеніне дейін жететін Қарой жонымен шатыстырмау керек) биік емес Құлжабасы жотасы бөліп тұр. Аңырақай тауларынан Аксүйек сай, жусан дала жағына баратын Бестамақжол жолына қарай бес сай шығады.

Шу-Іле су айырығының жоталары мен шоқылары арасынан Хантау ерекшеленеді, онда жақындағанда қырышық тас, кейде тау жыныстары шашылып, көбінесе тақтатастар жер бетіне шығып жатады.

Аңырақай экспедициясы (1998 жылғы қыркүйек) Буырыл Байтал станциясынан Хантауға бағыт алып, атақты Қанарыққа шықты. Бұл ордың терендігі казір бір метрден сөл артық, ені екі метрге жуық, оның жағалары өлдекешан құлап, шөп басып кеткен. Бұл ұзындығы бірнеше жүз километрге созылатын алып құрылыс, аныз бойынша, ол кезде Балқаш, Іле және өсіресе Топар бойында табын-табын болып жүретін құлан аулау кезінде Жошы қаза тапқаннан кейін Шыңғыс-ханның әмірімен қазылған. Әлемді дірілдеткен ұлы хан

\* Алқаптардың атаулары бұрмаланған (Ред.).

қаһарына мініп, «Балқаштан Қордайға дейін арық қазуға өмір беріп, оның жағасына өз жауынгерлерін қойған, ал айдаушылар оларға Топардан құландарды қуып өкелген. Сөйтіп, арықтан бірде-бір құлан секіріп өте алмаған, ал ол жиегіне дейін қырылған... құландардың қанына толған. Сондыктан да «Қанарық деп аталған».<sup>76</sup>

Сонымен Хантау таулары мен шоқылары аласа, сусыз, топырағы сазды, қырышық тас басып жатқан, өсімдік өспейді деуге болатын аудан, жонғарлармен ұрыс жүргізу үшін Аңырақай тауларынан өлдекайда қолайсыз еді.

Бүкіл қазақ жасағы алдын ала ұрысқа тиімді жағдайға орналасып алды. Хантаудағы «Үлкен Орда қонған» деген жерге Орта жүз ханының ордасы орналасты. Кіші жүз ханының да ордасы сонда болды.<sup>77</sup> Қазақ жасақтары Іле өзенінің аңғарындағы, Жусан даладағы тоғайлы ормандарға жайғасты. Жонғарлардың тылышында «Итішпес Алакөл», сусыз дала жатты.

Жаутылышында Ақсүйек сай болды. Оған жақын жерде картада Әбілқайыртау көрсетілген. Әбілқайыр ханының ордасы мен Кіші жүз жасағы сонда орналасқан деп жорамалдауға болады. Сонымен женіліс тапқан жағдайда жау «Итішпес Алакөлге» қарай шегінуге мәжбүр болатын еді, шынына келгенде, актық шайқас та сонда болса керек.

М. Тынышбаев өз замандастарының назарын қазіргі Подгорное селосы ауданындағы «Әбілқайырсай» деген атау мен Сұнқайтты (дәлірегі «Сұмқайтты» – «жау қайтты» болар) өзеніне аударады. Тегінде осы орасан зор шайқас кезеңдерінің бірінде осы жерлерде ұрыстар жүрсе керек.

Сонымен Аңырақай шайқасының ұрыс қымылдары болған алқап 200 километрдей жерді алып жатыр. Оны ғасыр шайқасы деуге болады. Аңырақай шайқасы далалық Қазақстанның және Қазақстан онтүстігінің таулы өрі шөлейіт аудандарының шекарасында өткен. Мұндай жер кездейсоқ таңдалап алынбаған. Шайқас өтетін жер дүшпанды талқандау жөніндегі ойдың жалпы айла-тәсіліне орайласады, ол женіліс тапқан жағдайда Іле өзенінің басына дейін токтаусыз шегінуге мүмкіндік береді. Сонымен, бұл шайқасқа керісінше, қазақтар жонғарларды мәжбүр еткен.

Балқаштың Солтүстік-батыс жағында өзеннің өзі жағынан жел өткізбейтін Шу-Іле таулары созылып жатыр. Жел сондай-ақ Қызылқұм мен Мойынқұм жағынан да соғады. Аңырақай тауларының қасында Желдітау, Желдібел орналасқан. Аңырақай тауларында жел аңырап соғатын сияқты (Аңырак жел). Сонымен бірге халық Аңырақай – женіліс тапқан жонғарлар аңырап жылаған жер деген аныз шығарған.

1730 жылы жазға салым қазақ жасақтары өз аттарын Мойынқұм құмдарында, Бұркітті, Шабакты, Каракоңыз, Үрғайты, Шу өзендерінің аңғарларында тыңайтып алып, Хантау, Аңырақай таулары өніріне шықты.

Аңырақайдағы шайқасқа Әбілқайыр хан басшылық етті. Нәк осы шайқас оның саяси қызметінің шарықтау шыны болды. Шайқасқа барлық үш жүздің жасақтары қатысты. Бұл шайқаста батырлардың бойын ерлік, қайсарлық, өздерінің женісіне деген мызғымас сенім биледі.

Шайқас жекпе-жекпен басталды. Жонғарлар жағынан ортаға талантты өскербасы, қоян-қолтық ұрыстың асқан шебер жауынгері Шарыш шықты. Қазақтар жағынан жекпе-жекке жиyrма жасар Сабалак (Абылайдың бүркеншік аты) сұранды. Сол жылдардағы басты оқиғаларға қатысқан Бұқар жыраудың, Үмбетей жыраудың, Тәтіқара жыраудың айтуын-

ша, Абылай нақ осы жекпе-жекте өзінің қаһарлы қарсыласын жеңіп, есімін мәңгі даңққа бөлеген. М. Тынышбаев кейіннен сол кезде Абылай өзгелерден асқан зор батылдығымен асып түсті деп жазды. Осы мәселені зерттеген М. Көпееев, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов та нақ сондай қорытындыға келген.

Шайқастың сәтті басталуы қазак жауынгерлерін жеңіске жігерлендіргені күмәнсіз. Сөйтіп олар жеңіп шықты. Асқақ рух сезімімен қанат біткен олар өздерінің ерлігін, ержүректігін, тастүйін бірлігін және жоғары өскери машиқтанғандығын танытты. Әбілқайыр ханның өзі мен оның серіктерінің ең жақсы қасиеттері осы шайқаста көрінді.

Аңырақай шайқасында жеке ерлігін және үйымдастырушылық қабілетін көрсеткендер арасында көптеген батырлар, билер, сұлтандар, рубасылары – барлық үш жүздің өкілдері болды.<sup>78</sup>

Әйгілі Бұқар жырау 28 толғау жырында XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы Отан соғысы туралы айта келіп, Каракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Сіргелі Қаратілеуке, қарақалпақ Құлашек, Шапырашты Наурызбай, Құдайменді Жібекбай, Сенгіrbай мен Шүйкебай, Таңсыққожа Малыт, Қасқарауыл Молдабай, Айнақұл Батый батырлардың есімдерін атаған.<sup>79</sup> Олардың бәрі қазак жасақтарының жүздіктері мен мындықтарын басқарды. Қазақтарда өскери жасақтардың тізілімі осылай құрылған. Оның үстіне осы батырлар Қарасиыр маңындағы шайқас пен Аңырақай шайқасына қатысқан. Кейбір батырлар үшін бұл соғыс соңғы соғыс болса, басқалары үшін соғыстағы жеңістің басы болды. Мысалы, Олжабай, Наурызбай батырлар үшін солай еді.

20-жылдардың екінші жартысындағы шайқастарға ақын өрі батыр Ақтамберді жырау Сарыұлы қатысты. Ол жаумен шайқасып қана қойған жок, сонымен бірге өз туындыларында Отан соғысының халықтық сипатын да ашып көрсетті. Нак осы соғысқа Үмбетей жырау да қатысты.<sup>80</sup> Қазақ халқының ең әйгілі ақындары мен ойшылдарының бірі Бұқар жырау бұл оқиғалардың күесі болып қана қойған жок, сонымен қатар өз халқымен бірге жеңілістердің бүкіл сұмдығы мен Отан соғысындағы жеңілістердің қуанышын да бастан кешірді.

Казак батырлары мен қатардағы жауынгерлерінің ерлігі мен жеке базының қажыр-қайраты қазак батырлар эпосындағы соғыс қимылдарының көріністері мен суреттеулерінен бейнесін тапқан.<sup>81</sup>

Каратаудың, Ұлытаудың таулы аудандарын, Сарыарқа мен Жетісу жерлерін азат ету оқиғалары халықтың тарихи жадында мәңгіге қалды. Ақтастыдағы, Бұланты-Білеуті жеріндегі «Қалмаққырылған» шайқастары, Аңырақай шайқасы қазак халқының тарихи өткен кезінің қаһармандық символына айналды.

Аңырақай шайқасы халық санасындағы бетбұрыс болды. Рухы көтерілген халық жонғарларды жеңуге болатынын түсінді. Айбынды жеңіске қарамастан, жау әлі де күшінде болатын, сондықтан кейінгі жылдарда да оларға қарсы ұзак өрі титықтататын күрес күтіп тұрды.

Бұл күрестің ерекше маңыздылығын сол кездің көрнекті саясатшылары – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Әбілқайыр хан, сұлтандар Барак, Батыр, Әбілмәмбет және жас Абылай жақсы түсінді. Бүкіл халық пен оның рухының біртұтас қаһарының күшті болғаны сонша, жауды жеңдікке сайды, кейбір дөрежеде жайбаракаттану туындалы және көптеген сұлтандар

окшаулану сарынын тағы ұстана бастады. Бұған көптеген сұлтандар мен батырлардың біртұтас және қуатты қазақ мемлекетін құруға кедергі жа-саған енжар өрекеттері себепші болды. Аңырақай шайқасы тағымдары соның бір сабағы болып табылады. Тоқмейілсу мен өрекетсіздік кейіннен қазақ мемлекетіне қымбатқа түсті.

<sup>1</sup> Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казачьих, орд и степей, ч. II. СПб., 1832, 90–94-б.

<sup>2</sup> Дополнения к актам историческим, док. 80, XIV, 386-б (ДАИ).

<sup>3</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г., вып. 1. Казань, 1889, 134-б.

<sup>4</sup> Памятники сибирской истории XVIII в., кн. 2. СПб., 1885, 82-б.

<sup>5</sup> Қар.: Маркс К., Энгельс Ф. Соч., т. 8, 568-б.

<sup>6</sup> Бичурин Н. Я. Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV столетия до настоящего времени. СПб., 1834, 128-б.

<sup>7</sup> Потанин Т. Н. О караванной торговле с Джунгарской Бухарией в XVIII столетии // Чтения в обществе истории и древностей российских. М., 1868, кн. 2, 2-б.

<sup>8</sup> Златкин И. Я. История Джунгарского ханства 1635–1758 гг. М., 1983, 213–278-б.

<sup>9</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. в 5-ти томах, т. 1. А., 1961, 426-б.

<sup>10</sup> Щеглов И. В. Хронологический перечень важнейших данных из истории Сибири 1032–1882 гг. Сургут, 1993, 95-б; Памятная книжка Акмолинской области на 1914 г. Омск, 1914, 88-б.

<sup>11</sup> Арзыматов А. Из истории политических отношений енисейских киргизов с Россией в XVII – первой половине XVIII вв. Фрунзе, 1966, 49-б.

<sup>12</sup> Мусеев В. А. Джунгарское ханство и казахи (XVII–XVIII вв.) А., 1991, 64–65-б.

<sup>13</sup> Арзыматов А. Қөрсетілген еңбегі.

<sup>14</sup> Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. А., 1994, 67-б.

<sup>15</sup> Мир Мухаммед Амин-и Бухари. Убайдулла-наме. Ташкент, 1957, 163-б. Валиханов Ч. Ч. Аблай //Ч. Ч. Валиханов. Собр. соч., т. 1. А., 1961, 426-б.

<sup>16</sup> Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб., 1865, 5-б; Галиев В. З. Внешняя политика Казахского ханства в конце XVII – первой половине XVIII веков // Қазақ халқының XVIII ғасырдың бірінші жартысында өз бостандығы мен тәуелсіздігі үшін азаттық күресі. Целиноград, 1991, 17-б.

<sup>17</sup> Гавердовский Я. Обозрение киргиз-кайсацкой степи, ч. II //Архив Ленинградского отделения института истории России. Коллекция 115. № 495. Л. 84–85; Семенюк Г. И. Проблемы истории кочевых племен и народов периода феодализма (на материалах Казахстана). Калинин, 1974, 84–85-б.

<sup>18</sup> Маев Н. М. Очерки истории киргизского народа с 1732 по 1868 год //Материалы для статистики Туркестанского края, вып. 2, СПб., 1873, 416-б.

<sup>19</sup> Диваев А. Мавзолей Кок-Кесене //Протокол заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Год 10. Ташкент, 1915, 41-б.

<sup>20</sup> КРО-1, 53-б.

<sup>21</sup> Аполлова Н. Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. А., 1948, 131-б.

<sup>22</sup> Крафт И. И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898, 17-б.

<sup>23</sup> Абдиров М. Он был ханом, его звали Абулхаир //Каз. правда. 1993. № 137–138. 16 июня.

<sup>24</sup> Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казачьих, орд и степей, ч. II. СПб., 1832, 93-б.

<sup>25</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года, т. I. Казань, 1897, 136-б.

<sup>26</sup> Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб., 1865, 5-б.

<sup>27</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года, т. I. Казань, 1897, 135-б.

<sup>28</sup> Аполова Н. Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. А., 1948, 170-б.

<sup>29</sup> Аполова Н. Г. Присоединение Казахстана к России, 171-б.; Қазақтар XVII ғасырдың аяғында 80 мыңдық атты әскер жасақтай алған деген мәліметтер кездеседі. (Дополнение к актам историческим, т. X. СПб., 1867, 386-б).

<sup>30</sup> Памятники Сибирской истории XVIII века. Т. 2. СПб., 1885, 159–163-б.

<sup>31</sup> КРО-1, 22-б.

<sup>32</sup> Бұл да сонда.

<sup>33</sup> Памятники Сибирской истории, т. 2. СПб., 1885, 157-б.

<sup>34</sup> Посольство к зюнгарскому хунтайджи Цэван-Рабдану капитана от артиллерии Ивана Унковского и путевой журнал его за 1722–1724 годы //Записки РГО. По отделению этнографии, т. X, вып. 2. СПб., 1887, 192–193-б.

<sup>35</sup> Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казачьих, орд и степей. СПб., 1832, ч. II, 69-б.; Мамырұлы Қ. Қазак халқының жонғар басқыншыларына қарсы күресі. Өскемен, 1994, 120–145-б. Тынышбаев М. История казахского народа. А., 1993, 187–188-б.

<sup>36</sup> Посольство к джунгарскому хунтайджи Цэван-Рабдану капитана от артиллерии Ивана Унковского, 102-б.

<sup>37</sup> Бұл да сонда, 193-б.

<sup>38</sup> Бұл да сонда, 194-б.

<sup>39</sup> Иванов П. П. Предание о калмыцком нашествии на Сайрам //Сборник Туркестанского восточного института в честь профессора А. Э. Шмидта. Ташкент, 1923, 57–58-б.

<sup>40</sup> Посланник Петра I на Востоке. Посольство Флорио Беневени в Персию и Бухару в 1718–1725 годах. М., 1986, 126-б.

<sup>41</sup> Хаджамкули-бек Балхи. Тарих-и кипчак-хани (История кипчакских ханств) //Материалы по истории Средней и Центральной Азии X–XIX вв. Ташкент, 1988, 265–266-б.

<sup>42</sup> Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казачьих, орд и степей. СПб., 1832. Ч. 2, 70–71-б.

<sup>43</sup> Мухаммед Юсуф Мунши. Муким-ханская история. Перевод и предисловие А.А. Семенова. Ташкент, 1958, 162-б; Протоколы заседаний и сообщений Туркестанского кружка любителей археологии, год. XX, вып. 2. Ташкент, 1916, 77-б.

<sup>44</sup> Чехович О. Д. О некоторых вопросах истории Средней Азии XVIII–XIX веков // Вопросы истории. 1956, № 3, 88-б; Худайбердыулы Ш. Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий. А., 1990, 50–51-б.

<sup>45</sup> Үш пайғамбар. А., 1992, 156–183-б; Тынышбаев М. Т. Ақтабан шұбырынды (Великие бедствия и великие победы казахов //В. В. Бартольду – туркестанские друзья, ученики и почитатели. Ташкент, 1927, 60-б.

<sup>46</sup> Камалов С. К. Каракалпаки в XVIII–XIX веках. Ташкент, 1968, 29–35-б; Жданко Т. А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. М.-Л., 1959, 137-б.

<sup>47</sup> Гавердовский Я. Обозрение киргиз-кайсацкой степи, ч. II. //Архив Ленинградского отделения ин-та истории России. Колл. 115. № 495, л. 52.

<sup>48</sup> Материалы по истории каракалпаков //Труды института востоковедения АН СССР, т. VII. М.-Л., 1935, 185-б; Жданко Т. А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. Родоплеменная структура и расселение в XIX – начале XX вв. //Труды института этнографии им. Н. Н. Миклухо-Маклая АН СССР. Новая серия, т. IX. М.-Л., 1950, 38-б.

<sup>49</sup> КРО-1, 385-б.

- <sup>50</sup> Аполлова Н. Г. Присоединение Казахстана к России. А., 1948, 174-б.
- <sup>51</sup> Бұл да сонда, 173—175-б.
- <sup>52</sup> КРО-1, с. 115; Попов Н. В. Н. Татищев и его время. М., 1961, 172-б.
- <sup>53</sup> Рычков П. И. История оренбургская (1730—1750). Оренбург, 1896, 5-б.
- <sup>54</sup> Аполлова Н. Г. Қөрсетілген еңбегі, 174-б.
- <sup>55</sup> КРО-1, 115-б.
- <sup>56</sup> Земляницын И. Исторический очерк Семипалатинска //Материал для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Вып. IV. СПб., 1876, 5-б.
- <sup>57</sup> КРО-1, 62-б.
- <sup>58</sup> К истории каракалпаков XVIII в. // Красный архив. 1938, № 6, 245-б.
- <sup>59</sup> Материалы по истории каракалпаков. М.-Л., 1935, 183—184-б.
- <sup>60</sup> Бұл да сонда, 184-б; Сабырханов А. Годы великого бедствия («Актабан шұбырынды, Алқакөл сұлама») //История Казахской ССР, т. 3. А., 1979, 21-б.
- <sup>61</sup> Камаров П. О барадайских письменах //Протоколы заседаний и сообщений Туркестанского кружка любителей археологии. Год 10. Ташкент, 1905, 25-б.
- <sup>62</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. А., 1993, 79-б.
- <sup>63</sup> Тынышпаев М. Великие бедствия (Актабан шұбырынды) А., 1992, 146-б.
- <sup>64</sup> Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казачьих, орд и степей. СПб., 1832, ч. 2, 71-б.
- <sup>65</sup> Аполлова Н. Г. Қөрсетілген еңбегі, 135-б.
- <sup>66</sup> Десятиверстная карта Западной Сибири. М., 1920.
- <sup>67</sup> Гавердовский Я. Обозрение киргиз-кайсацкой степи, ч. I //Архив Ленинградского отделения Института истории России. Коллекция 115. № 495, л. 52.
- <sup>68</sup> Вяткин М. П. К истории распада казахского союза //Материалы по истории Казахской ССР, т. 2, ч. 2. А., 1948, 5-б.
- <sup>69</sup> Озера степные. Казахская поэзия VIII—XIX вв. в переводе О. Жанайдарова. А., 1999, 133-б.
- <sup>70</sup> Диваев А. Мавзолей Кок-кесене ( историко-археологическая заметка) //Протоколы заседаний Туркестанского кружка любителей археологии, год 10. Ташкент, 1905, 41-б; Кастанье А. Древности киргизской степи и Оренбургского края //Труды Оренбургской научной архивной комиссии, вып. 23. Оренбург, 1911, 188-б.; Галиев В. З. Битва при Буланты // Мысль, 2000, № 6, 61—64-б.
- <sup>71</sup> Тынышпаев М. Великие бедствия, А., 139, 146, 147—148-б.
- <sup>72</sup> Бұл да сонда, 149-б.
- <sup>73</sup> Бұл да сонда, 145-б.
- <sup>74</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, том IV. Верненский уезд. СПб., 1913, 74-б.
- <sup>75</sup> Бұл да сонда, 75-б.
- <sup>76</sup> Бұл да сонда, 78-б.
- <sup>77</sup> Тынышбаев М. Қөрсетілген еңбегі, 145-б.
- <sup>78</sup> Қозыбаев М. Аныракай шайқасы — Отан тарихының жарқын белесі // Егемен Қазакстан 1999, 25 тамыз; Қозыбаев М. Қазактың данқын асырған/ Бұл да сонда, 2000, 1 акпан; Тынышпаев М. История казахского народа, 196-б.
- <sup>79</sup> Бес ғасыр жырлайды. 1 том. А., 1984, 110-б.; Қобландын Қ. И. Ер есімі — ел есінде // Қазақ халқының XVIII ғасырдың бірінші жартысында өз бостандығы мен тәуелсіздігі үшін азаттық күресі. Целиноград, 1991, 41—46-б.
- <sup>80</sup> Магаун М. Ғасырлар бедері. Әдеби зерттеулер. А., 1991, 67—71, 76—80-б.
- <sup>81</sup> Ғабдуллин М., Садықов Т. Қазақ халқының батырлар жыры. А., 1972; Қазақ тарихы жырларының мәселелері. А., 1979.



## *Yшінші таралу*

### **ҚАЗАҚСТАНДЫ РЕСЕЙГЕ ҚОСЫП АЛУДЫҢ БАСТАЛУЫ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 30–40-ЖЫЛДАРЫ)**

#### **1. ПАТША ӨКІМЕТИНДІ ЕРТІС ӨҢІРІНДЕ БЕКІНІСТЕР ОРНАТУЫМЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ-ОТАРШЫЛДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІНДІ БАСТАЛУЫ**

XVIII ғасырдың басында патшалық өкімет орындары мен орыс көпестерінің шығыста қол жеткен шептерін нығайту жөніндегі әрекеттері жаңа күшпен жаңғыртылды, бұл ретте Тара қаласынан Ертіс өзенінің жоғарғы ағысына дейінгі орасан үлкен қашыктықтың бәрінде өзен бойындағы шеп алдыңғы қатарға шықты.

Шығыс жақтағы отарлау қозғалысының күшеюіне әр түрлі жағдайлар себепші болды, Жайық шебін кеңейтудің белсененді үрдісі сол Шығыска бағытталған еді, ал Гурьев қалашығы Ресейдің сауда-экономикалық мұдделерін қорғауды қамтамасыз етті. Саудагерлер, дипломатиялық миссиялардың мүшелері, саяхатшылар, ел мен жер көруге құмарлар Орта Азия иеліктерінен, Шығыс Түркістаннан, Онтүстік-батыс Сібірден орыс қалаларына қайтқанда, Ертістің арғы жағында жатқан «азиялық елдер туралы» кейде азызға бергісіз мәліметтер әкеліп, таратып жүрді. Ресейдің шығыска қарай беттеуді кеңейту саясатын нығайтуда Еркеті қаласындағы (қазіргі Жаркент қаласы. – Ред.) «алтын аралас топырак туралы» лакаптардың кең таралуы елеулі рөл аткарды.

Сонымен Ресейдің алған иеліктерді қолдан шығармау қажеттігі, Орталық Азия елдерімен өзара сауда байланыстарын орнату елдің табиғи ресурстар, әсіресе алтын жөніндегі өскелен қалаптарымен үштасып, Петербург сарайын стратегиялық маңызды бағытта орналасқан жерлерді иеленуге, ең болмағанда игеруге деген ниетке ынталандырды, ал онда сол жылдарда өз куатына жеткен Жонғар хандығы мен маңызды максат – үш жүздің күштерін топтастыруға зиян келтіретін ішкі қайшылықтар араздастырған қазақ хандықтарының алысты көздеген мұдделері үнемі тайталасып қактығысып жатқан еді.<sup>1</sup> Осының бәрі алыстағы Үндістан мен Қытайға ең кысқа жол іздейген I Петр кезінде ақ Ертістің жоғарғы жағындағы аумакты иелену жоспарын жүзеге асырудың жеделдетілген сипатын анықтап берді. Сонымен бірге Ресейдің өзінің аса зор өзгерістері үшін өте қажетті қаржы қаражаттарына асқан мұқтаждықты бастаң кешіргені, оның Ресей үшін Швециямен ұзакқа созылған соғысына байланысты болғаны мәлім.

Орыс патшасының азиялық иеліктерге ұмтылысы туралы айтқанда, оның өзі алдына Үндістанды немесе қандай да болсын басқа бір елді «басып алу» жоспарын қоймағандығын есте ұстау керек. I Петрдің ниеті Азияның ірі елдерімен кең көлемді экономикалық байланыстар орнатуға деген тілегінен туған еді. Алайда оның кезінде Солтүстік-Шығыс Қазақстан ауданында орыс өскери-барлау отрядтары ілгерілеуінің жандана тұсуі жонғарлардың қарсы қимылын туғызды,<sup>2</sup> кейбір шекаралас өнірде қақтығыстар басталып, өзара дүрдараздықтар мен жанжалдар жиіледі.

Сібірдің бірінші губернаторы, Жаркент қаласын иеленіп алуға жан салған М. П. Гагариннің арандатушылық жоспарларына байланысты орыс-жонғар қатынастары ерекше шиеленіскең сипат алды. Патшаны Тобылдан Жаркентке дейінгі жол бойында: біріншісін Ертісте, Ямышев көліне жақын және одан арғы жерде, ал басқаларын «істің барысы бойынша керек етілетін» жерлерде «орыс бекіністерін салу» қажеттігіне иландыра келіп, губернатор сол арқылы I Петрge бекіністі шептердің тұтас тізбегін салу жоспарын ұсынды.<sup>3</sup>

Патшаға өз «жоспарын» ұсына отырып, кінөз бұл аудандағы халықаралық қатынастардың қыын екенін көрінеу жете бағаламады, ал ол қатынастар бұл жылдарда көршілес Жонғарияның жаулап алушылық жоспарлары салдарынан өте шиеленісіп, саяси жағдайдың қазақ хандықтарының мұдделеріне зиян келтіретін өзгерісін туғызған еді, оның үстіне өскери-тірек базаларын салуға арналған аудан өскери басымдық салдарынан уақытша ойрат құштерінің бақылауында болатын, ал олар өздерінің жетістіктерінен айырылғысы келмейтін. Бекіністер салу мүмкіндігі көрсетілген хабарламаны алған сон, швед флотымен теңіздегі шайқасқа өзірленіп жатқан корабльдермен Кронштадта жүрген I Петр 1714 жылғы 22 мамырда «Святая Наталья» галерасында «Алтынды құм бар жерлерді иеленіп алу үшін подполковник Иван Дмитриевич Бухгольцтің басқаруындағы экспедицияны жабдықтау туралы» жарлықка жеке өзі қол қойды.<sup>4</sup>

I Петрдің Бухгольцке арнаулы жарлығында былай деп нұскау берілген: «...Тобылға бару және онда аталған губернатордан 1500 өскери адам алып, солармен Ямышев көліне бару... – қала жасап, аталған адамдарымен жаңадан салынған бекініс пен оның маңайына орналастыратын жерге жету, мүмкін болған жерге қыстап шығатындей етіп орналастыру керек, сөйтіп сол адамдарды келесі көктемде жинап алып, Ямышевке, Еркетіге барасындар... сондай-ақ кейбір жерлерде, атап айтқанда өзендер маңында... бекіністер жасау керек... және сондағы тұрғындардың Даиря-өзен бойындағы қандай жерлерден алтынды қалай өндіретінін де шындалап біліп алындар... шведтер арасынан минералдарды білетін бірнеше адам табу керек».<sup>5</sup> Тұрлі редакциясында талай рет жарияланған патша жарлығы мәтінінің бастапқы, негізгі нұскасы осындағы болатын, Ертіс өнірінің шебі шын мәнінде сол бойынша жасала бастап, оны салу 1714 жылдан 1720 жылға дейін созылды.<sup>6</sup>

Әскери экспедиция үшін адамдар Томскіден, Түменнен, Тарадан және төңіректегі қыстактардан жинап алынды. Отрядты үйымдастырушылар құрылып жатқан отрядты қаруландыруға едөуір мән берді. Белгілі әскери тарихшы В. К. Андриевичтің деректеріне қарағанда, тек 70-ке жуық өр тұрлі окпанды зенбірек алынған.<sup>7</sup> Экспедицияның құрамында тұтқынға түскен швед офицерлері, сондай-ақ шығысқа апаратын жаңа жолды игеруге тікелей мұдделі орыс саудагерлері де көп болды.

И. Д. Бухгольцтің кырдағы жүрісі ойраттардың қауіптенушілігін туғызбау үшін Цеван-Рабтан қонтайшыға алдын ала Сібір губернаторының арнаулы өкілдері – Василий Чередов пен Тимофей Этигер жіберіліп, оған «Ұлы мәртебелі патша жіберген адамдардан ешқандай қауіптену болмауын» түсіндіруге нақты өкілеттік берілді.<sup>8</sup> Эскери-дипломатиялық сипаттағы барлық дайындықтар біткеннен кейін, 1715 жылдың шілдесінде, өз құрамында 2797 адамнан тұратын драгундар, солдаттар, офицерлер мен жұмысшылар бар И. Д. Бухгольц отряды жорыққа шықты.<sup>9</sup>

1715 жылғы 1 казанда И. Д. Бухгольцтің экспедициясы Ямышев көліне жетті, оған жақын жерде ежелден жергілікті тұрғындар мен сібір татарлары, сондай-ақ Тобыл, Томск халқы арасында айырбас саудасы жүргізіletін, сол жерде Ямышевск деп аталатын бекініс салды.<sup>10</sup>


Бекініс салынғаны және отрядтың өз жорығын одан өрі жалғастыру ниеті туралы хабар алған Цеван-Рабтан орыс экспедициясының бекініс салуына да, жерді иеленіп алуына да кедергі жасау мақсатымен, 10 000 өскермен өзінің немере інісі Церен-Дондобты аттандырды.<sup>11</sup>

Күтпеген жерден шабуыл жасауда табысқа жетпей, И. Д. Бухгольцтің батыл қарсыласуы есенгіретіп тастаған Церен-Дондоб бекіністі ұзак уақыт коршау арқылы қиратудың мүмкін еместігіне көзі жетіп, келіссөз жүргізуге мәжбүр болды. Орыс экспедициясының бастығына 1716 жылғы 2 ақпанда жаған хатында Ресей мен Жонғар хандығы арасында біршама төзімді қатынастар бар екенін айта келіп және бұл ауданда бекініс салуға қандай да бір құқығы жоқ екеніне оны қорғаушылардың назарын аударып, ойрат күштерінің колбасы И. Д. Бухгольцке кетуді ұсынды, олай іstemеген жағдайда оны бұған «аштық пен күш» арқылы мәжбүр етегінін айтып қорқытты.<sup>12</sup>

Ал өз мақсаттарына жетуде бекем бол деген I Петрдің тапсырмасы мен кінәз М. П. Гагариннің нұсқауын есте ұстаған Бухгольц өзінің бекіністен кетпеуге бел байлағанын білдіре келіп, «...татулықты бұзуға ниетім жоқ және бекіністі патша ағзамның әмірі бойынша Жонғарияға тиесілі емес жерде салдым, ал қоқан-лоқыдан қорықпаймын, кор жеткілікті жағдайда көмек күте отырып, Церен-Дондобтың патша ағзамның еркіне қалай кедергі жасайтынын көріп аламын» деп жауап қайтарды, сөйтіп ойрат колбасшысына шегінуге кенес беріп, мұны татулықты сактаудың бірден-бір жағдайы деп санады.<sup>13</sup> Экспедиция бастығының хаты сенімділік және бірсыныра қорқыту сарынында жазылғанымен, қоршаудағылардың жағдайы ауыр болып шықты.

1715 жылғы желтоқсан айында-ақ И. Д. Бухгольц I Петрге өзі душар болған жағдай мен қыындықтар туралы хабарлама жіберген еді. 1716 жылғы 4 ақпанда Копенгагенде жүрген патша оған өзінің жеке жауабын жіберді, ол көршілес мемлекет басшысының Қазақстанға елеулі мән бергенін дәлелдейді; дегенмен де бұл кезенде оның қолында Ертістің оң жағасы мен Жонғариямен шекаралас аудандарда қалыптасқан жағдай туралы анық мәліметтер жеткілікті болмауы мүмкін.<sup>14</sup>

Оның бер жағында, ойраттардың Ямышевск бекінісін қоршауы жалғаса берді, ал патшаның М. П. Гагарин арқылы жібертуге уәде берген қосымша күш келіп үлгірмеді. Жағдайды жонғарлардың Ямышевск бекінісіне жақын, Орта жүз қазактары көшіп жүретін жерде азық-тұлік және ақша өкеле жатқан керуенді тұтқындауы асқындыра тұсті. Алайда керуенді ұстауға қазактардың ешқандай қатынасы болған жоқ. 450-ден астам адам жонғарлардың тұтқынына тұсті, оның ішінде кейіннен атағы шыққан, Полтава маңында орыстарға



**XVIII ғасырдағы Казакстан.** Шартты белгілер: 1 – Казакстанның XVIII ғасырдың 30–40-жылдарында Ресей империясында 30–40-жылдарында Ресей империясында Ресей империясында өткөн аумағы; 2 – Казакстанның XVIII ғасырдың екінші жартысында Ресей империясында өткөн аумағы; 3 – елшілктер (1716 жылғы Б. Екешев пен Б. Бөриевтің, 1716–1717 жылдардағы Н. Белоусовтың, 1717–1718 жылдардағы Б. Бранцевтің, 1730 жылғы С. Койдағулов пен К. Коштаевтың, 1731 жылғы А. Тевкелевтің елшілктері); 4 – сауда жолдары; 5 – И. Бухгольцтің экспедициясы (1714–1716); 6 – А. Бекович-Черкасскийдің экспедициясы (1716–1717); 7 – камалдар; 8 – басқа да елді мекендер; 9 – жонгар феодалдарының шапкынышылқтары; 10 – жонгар эскерлердің жонгар жылдары; 11 – мемлекеттік шекара; 12 – мемлекеттік шекара.

тұтқынға тұсken швед артиллериyaсының бұрынғы сержантты, кейіnnен Жонғария картасын жасаған Иоганн Густав Ренат бар еді.<sup>15</sup>

Отряд көп адамынан, сондай-ақ 2500 аттың 2200-інен айырылып, Тобыл керуенін күтіп алмай, солдаттар арасында тараған аурулар титықтатқан 700 адамнан тұратын Бухгольц отряды бекіністі тастап шығып, 1716 жылғы 28 сәуірде Ертіс аркылы кері қарай жүзіп кетті.<sup>16</sup>

Сонымен тартысты оқиғалар жүріп жатқан қазақ даласының терең түкпіріне I Петрдің жеке нұсқауы бойынша жасалған өскери-барлау экспедициясы жалпы алғанда сәтсіз аяқталды, дегенмен ол өзінің мақсаттары мен мән-жайлары жағынан Хиua жорығында толық дерлік қырып жіберілген, сұмдық зардаптары ұзак жылдар бойы орыс қоғамының көкейінен кетпеген кінәз А. Бекович-Черкасский отрядынан ерекшелене болды.

Экспедиция ең алдымен ойрат өміршілерін бұл ел жөнінде дұшпандық ниеттері жок екеніне иландыра білмеген Сібір губернаторының дипломатиялық қателіктері салдарынан өз мақсатына жете алмады. Ол былай тұрсын, мейірімсіз атыс кезінде орыс солдаттары біrnеше жонғар жауынгерін өлтірген кезде олардың арасында Ямышевск бекінісінің құрылышы аяқталғаннан кейін Бухгольц «Контайшы адамдарына қарсы соғыс бастайды» деген Ресей үшін тиімсіз сыйбыс тарапты.<sup>17</sup>

М. П. Гагариннің Бухгольц құштері мен қаражатын кесіп тастағаны сонша, соңғысының адам саны едәуір көп отрядында дәрігер де, дәріхана да болмады: олардың жоқтығы бекіністі ойраттардың үш ай қоршауға алуы кезеңінде айқын сезілді. Оның үстіне М. П. Гагарин I Петрдің бұйрығындағы барлық талаптарды көшіріп жазып және өз атынан: «...егер дұшпан бекіністі бермейтін болса, құдайдан көмек сұрап, мүмкіндігінше барлық адамдармен қарсылық көрсету керек» дегенді қосып, И. Бухгольцке өзінің жеке нұсқауын табыс етті.<sup>18</sup> Экспедиция оның бастығының жат жерлік басқыншыларға қарсы үнемі қимыл жасап жүрген және бай жайылымдарын көшпелілер ежелден, ерекше мұқият қорғап келген Ертіс ауданына ойраттардың өскери құшпен келуінің кез келген көріністеріне жаулық пиғылдағы көрнекті қазақ батырларымен және олардың жасақтарымен тікелей байланыс орнату тілегінің болмауы себепті де сәтсіздікке ұшырады.

Киратылған Ямышевск бекінісінен қайтып келе жатып, Бухгольцтің отряды Ом өзенінің сағасына жетті және көптен күткен қосымша қүшін алып, 1716 жылғы 20 мамырда Омбы бекінісінің негізін қалады.<sup>19</sup>

Алайда губернатор мен Бухгольц арасындағы алауыздық барған сайын өсе берді. Соның салдарынан экспедицияны жалғастырудан үмітін үзген подполковник майор Вельяминов-Зерновты Омбының комендантты етіп тағайындал, Тобылға кетті, ол жерден өзі жасаған экспедицияның сәтсіздікке ұшырау себептерін түсіндіру үшін Петербургке шақырылды, онда дала халықтары туралы, табиғи байлықтар туралы өз әнгімелерімен Сыртқы істер алқасы мен Сенаттың бейтаныс өлкеге терең ықыласын туғызып, астаналық топтарда қазақ жүздерін одан өрі игеруге және Ресейдің мемлекеттік мұдделері аясына енгізуге деген ынта-ықыласын күшетті.

Алайда өлкені отарлау, оның қыруар байлықтарын игеру міндеттері, керуен саудасын жүргізу мен содан кейін оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жаңа аудандарды Ресейге бекітіп алу жаңа бекіністер мен тірек нұктелерін салған үстіне салып, көшпелі ортамен үнемі қатынас жасауды мейлінше керек етті. Бұл өскери-инженерлік құрылыштардың басты мақсаты

онтүстік-шығыс шекараны, демек, Ресей державасының сыртқы ықпал ету аймағын да кеңейту болып табылды.

Бухгольц Петербургке кеткеннен кейін толық қожайын болып қалып, енді өз қалауы бойынша өрекет етуге уәкілдік алған М. Гагарин Кіші жұз бен Орта жүздегі оқиғалар туралы едәуір хабары болғандықтан, өлкені өскери экспедициялармен «зерттеу» саясатын жалғастыруға ниеттенді. Оның үстіне Сібір губернаторы 1716 жылдың қыркүйегінде Қайып ханның елшілері Бекболат Екешевті, Байдәulet Бөриевті қабылдап, Қазақстанның ішкі жағдайы туралы мейлінше анық хабар алған-ды. Ол үшін Қайып ханның: «Соғыска жиырма немесе отыз мындаған өз адамдарымен немесе орыстардың өскери адамдарымен бірге шығу керек» деген өтініші өте үміттендірерлік болды.<sup>20</sup> 1716 жылдың қазан айында М. Гагарин Қайып ханға «серіктерімен бірге» бояр тұқымы Микита Белоусовты жіберді; ол өзінің губернаторлық ақыл-кенесінің 9 тармақтан тұратын тапсырмасында елшіні аса толық мәліметтер жинауға, ал ең бастысы – ханға «Сібір губерниясының өз ведомствосындағы қалалардың барлық жерінде Қазақ ордасының адамдарымен ешқандай дау-дамайлары болмауына» өз өкімі берілгенін жеткізуді міндеттеді.<sup>21</sup>

Сонымен бірге М. Гагарин дала өніріне жаңа өскери экспедицияларды бірінен кейін бірін жабдықтап, аттандырып жатты. Федор Матигоров Ямышевск бекінісін қалпына келтіріп, кеңейте түсті, ол Ертіс бойымен жаңа отрядтардың одан өрі жылжуы үшін тірек пунктке айналды.

Қазақ-ойрат күресінің күрт шиеленісуінің жаңадан өршуі дала кеңістігінің терең түкпіріне саны аз болса да, жақсы жарактандырылған жинақы топтар жәнелтуді тездегті, олардың алдына қазактардың негізгі құштерінің құші басым жауға қарсы үздіксіз теке-тіреспен айналысып жатқанын пайдалану міндеті қойылды. Қол жеткізілгенімен шектелмей, М. Гагарин Ертіс бойында жаңа бекіністер тұрғызу үшін воевода Павел Северский мен Василий Чередовты жіберді, соңғысы губернатордың дипломатиялық құпия тапсырмаларын орындауға жиі тартылып жүрген еді. 1717 жылдың жазында П. Северскийдің отряды – Железинск, В. Чередовтың отряды – Колбасин бекіністерін салды,<sup>22</sup> олар көп кешікпей тұрғындардың жеткіліксіздігі салдарынан қанарап қалды. Чередов одан өрі жүріп, жаңа бекініс – Семипалат (Семей) бекінісін салатын жерді таңдап алды.<sup>23</sup>

Қазақ қоныстарының өмірлік маңызы бар орталықтарына барған сайын терендей еніп, қан тәгіссіз табыстар желпіндірген Сібір өкімшілігі енді Петербургтен нұсқау күтпей, 1718 жылдың жазында солдаттардан, казактардан тұратын отряды мен артиллеријасы бар, тәжірибелі фортификатор Прокофий Ступенный басқарған ірі экспедиция жасақтады.<sup>24</sup> Ойраттармен қактығыстардың зардаптары есінде қалған кінәз тәжірибелі офицерге ойраттармен «жанжал жасамауға» және олар тарапынан шабуыл жасалған кездің өзінде де корғанып, «оларға қарсы дұшпандық ниет» жоқ екеніне иландырып бағуға қатаң өмір берді.<sup>25</sup>

Қазақ-ойрат күресі неғұрлым кескілескен сипат алған сайын, Зайсан көлі жағына жаңа отрядтар жіберу соғұрлым жиілей түсті. Көп кешікпей патшаның өз өкімімен майор И. М. Лихарев басқаратын тағы бір өскери команда дайындалды, оған көлді толығырақ зерттеу, «алтын құмды» іздестіріп, ол туралы егжей-тегжейлі мәліметтер «жеткізу» міндеті жүктелді;<sup>26</sup> сондай-ақ оған И. Д. Бухгольц экспедициясының сәтсіздікке ұшырауының егжей-тегжейін білу тапсырылды. Бұл өкім I Петрдің дала хандықтарын бағындыруға қандай

мән бергенін көрсетеді, ол мұны Швециямен соғыс туғызған қыншылықтарға қарамастан, Орта жүз жеріне Бухгольцті жіберіп, сонау 1714 жылы-ақ жүзеге асыруға ұмтылған еді.

Экспедицияның келе жатқан жолын ұздіксіз қадағалап отырған жонғарлар И. М. Лихаревтің солдаттарына оқ атып, оларды шегінуге мәжбүр етті. Орыс артиллеријасынан едәуір зиян шеккеніне қарамастан, ойраттар өз максатына жетті: үш күндік атыстан кейін уақытша бітім жасасуға қол жеткізілді, сөйтіп шегінуге мәжбүр болған Лихарев кайтар жолында 1720 жылы Өскемен бекінісін салды, Цин империясының шекарасындағы Ресей өскери-инженерлік құрылыштарының жүйесінде түпкі нүкте болған ол редуттарға, маяктарға және басқа да фортификациялық құрылыштарға сүйене отырып, едәуір аумакқа бақылау жасады; нақ сол жылы Ресей тағы да бірнеше бекініс – Черноморецк, Черноярск, Верблюжск, Осморыжск, Убинск, Семиярск форттарын салып, үш өскери-саяси шеп – Сібір, Ертіс және Колыван шептері үшін негіз қалады.

Абакан острогімен (1707), Бикатун бекінісімен (1709) қатар, жақсы машиқтандырылған гарнизондары, зенбіректері көп, стратегиялық жағынан орналасқан жері қолайлы бұл бекіністер жергілікті тұрғындарды құнарсыз жерлерге ығыстырып, Обь-Ертіс өзендерінің аралығын Ресей иелігіне бекітуді, өзін казак қоныстары арқылы қауіпсіздендіріп, отарлау тірегіне айналдыруды қамтамасыз етті. Әлбетте, бұл орайда патша өкіметі «Қырғыз-қайсақдаласын» Ресейдің саяси мұдделері аясында ұстауға ұмтылып, қазақтардың Жонғар хандығына бағынуына жол бермеуге зор мән берді.

## 2. КІШІ ЖҮЗ БЕН ОРТА ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ РЕСЕЙ БОДАНДЫҒЫН ҚАБЫЛДАУЫ

Аңырақай шайқасынан кейін қазақ билеушілері арасында жіктеліс туды. Деректемелерде шайқасқа қатысқан сұлтандардың мінез-құлқындағы мұндай келіспеушіліктің себептері туралы айтылмайды. Одан кейін көп ұзамай сұлтан Әбілмәмбеттің қазақ хандарының ордасы – Түркістанға көшіп кеткені, ал Әбілқайырдың асыға көшіп, орыс шекараларына бет алғаны мәлім. Аңырақай шайқасынан кейін қазақ хандары мен сұлтандары арасындағы жікке бөлінушілікке жоғарғы билік үшін күрес негізгі себеп болды деп санаудың негізі бар. Тәуkenің ұлы, қайтыс болған аға хан Болаттың орнына Орта жүзден – Сәмеке, Кіші жүзден Әбілқайыр үміттенді. Көпшіліктің тандауы Әбілмәмбетке түсті. Сәмеке мен Әбілқайыр өздерін елеусіз қалдырыды деп тауып, шайқас алаңынан кетіп қалды, сол арқылы қазақ жерлерін жонғар басқыншыларынан азат етудің ортақ ісіне ондырмай сокқы берді.

Жонғар өскерлері шапқыншылық жасаған жылдар қазақтар тарихына «Ақтабан шұбырынды» жылдары болып еніп, қазақ жүздерінің экономикалық және саяси өмірінде ұзақ уақыт бойы терең із қалдырыды.

Қазақтар материалдық және адам жағынан шығындарға ұшырап қана қойған жоқ, сонымен қатар уақытша Жетісудағы бай жайылымдарынан айырылды. Ғасырлар бойы қалыптасқан көшіп-қону бағыттары бұзылды, Сырдария ауданы мен Жетісудағы егіншілік мәдениетінің ошактары жойып жіберілді. Қазақ руларының жайылым ізден батысқа және солтүстік-батысқа ығысуы үлкен қыншылықтарға ұштасты. Ол Жайық пен Еділ

арасындағы көшіп жүретін кеңістік туралы мәселені шиеленістірді, қалмактармен және башқұрттармен үздіксіз қақтығыстарға өкеп соқты. Жоңғар феодалдарының Қазақстанның онтүстігіндегі қалаларды басып алының қазақ қоғамының экономикалық және мәдени өмірі үшін елеулі зардалтары болды. Қазақ рулаты сауда және қолөнер орталықтарынан бөлініп қалды, ірі феодалдар қала халқынан алым алу мүмкіндігінен айырылды.

Жоңғарлардың шапқыншылығы қазақ жүздері арасындағы, өсіресе Кіші жүз бен Орта жүздің Ұлы жүзбен шаруашылық-саяси байланыстарын өлсіретті. «Ал Үлкен орда олардан (Кіші жүз бен Орта жүзден. – Ред.) алыс жерде Бұхараға қарай көшіп жүр және ол Орта және Кіші ордалармен қатыспайды, олардың хандары да бөлек».<sup>27</sup> Мұндай жағдай феодалдық бытыраңқылықтың күшеюіне және Төуке билік еткен жылдарда бастау алған мемлекеттік билікті орталықтандыру негіздерінің бұзылуына ықпал етпей қоймайтын еді.

Жоңғар хандығына қарсы күрес барысында Кіші жүз бен Орта жүз жеке иеліктерге бөлініп кетті. Ұлы хан деп саналған Әбілқайыр өз билігін тіпті бүкіл Кіші жүзге де жүргізе алмады. Одан басқа онда Қайыптың баласы Батыр сұлтан мен Әбілқайырдың баласы Нұралы сұлтан билік етті.

Орта жүзде өз хандары болды. Олардың ішінде белгілілері – Сәмеке, Құшік. Соңғысы наймандардың едәуір бөлігінің ханы болды және орыс шекарасынан алыста көшіп жүрді. Орыс шекарасына Сәмеке ханның қоныстары жақынырақ орналасты. Олардан басқа Орта жүзде Әбілмәмбет және Барак сұлтандардың ықпалы зор болатын.

Жоңғар басқыншылығы қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастарында да терең із қалдырды. Елдің қаңыратылып, күйзелтілуі кедейлер – байғұстар, қоңылар, жатақтар және басқалар санын көбейтті. Дербес шаруашылық жүргізу мүмкіндігінен айырылған олар бай мал иелерінде бақташылар, үй қызметшілері ретінде жұмыс істеуге мәжбүр болды. Олардың көбісі тіршілік көздерін іздеп, батыска, орыс шекараларына қашты. Бірақ бұл жерде де олардың шеп өніріндегі казактарға немесе шекарадағы орыс қоныс аударушыларының ауқатты шаруашылықтарында батырақ болуына тұра келді. Тағдыр Орта Азия хандықтарынан баспана іздеуге мәжбүр еткендердің жағдайы да нақ сондай еді.

Қазактардың 1730 жылғы Аңырақайдағы жеңісіне қарамастан, Жоңғар хандығының жаңадан шабуыл жасауының тікелей қауіп-қатері жойылмады. Билік басына қазақ хандықтары жөнінде тым басқыншылық саясат жүргізген Галдан-Цереннің келуі,<sup>28</sup> мұндай шабуыл қаупінің күшегенін көрсетті, оның үстіне қазақ хандарының өздері де, соның ішінде Әбілқайыр да, жоңғар феодалдары тұтқынға алған тайпаластарын қайтару ниетінен бастартпайтын.

Қазақ хандықтарының Бұхарамен және Хиуамен қатынастары шиеленіскең күйінде қалды. Рас, 30-жылдарға қарай қазақ билеушілерінің Орта Азия хандықтарымен қайшылықтары біршама бәсендеуі мүмкін болды.

Қазақ хандықтарының еділ қалмактарымен және башқұрттармен өзара қатынастары күрделі болып қала берді. Әбілқайырдың башқұрт ақсакалдарымен шапқыншылықты тоқтату туралы келіссөздері табысқа жетпеді. Кіші жүздің батыстағы шекарасында бейбітшілікке қол жеткізу Әбілқайыр ханның ең басты сыртқы саяси міндеттерінің біріне айналды. Бас-

ты дүшпан – Жоңғар хандығымен күресуге қолды босату үшін бұл өте қажет болатын.

Қазақ хандықтары билеушілерінің алдында маңызды да қүрделі міндег – казақ жүздерін сыртқы жаудан қауіпсіз ету және елде күшіне түскен феодалдық бытыранқылық үрдісін жою міндегі тұрды.

Қазақ қоғамының ішкі қүрделі даму жағдайларында, жонғарлар мен Еділ қалмактарының, башқұрттардың, Жайық және Сібір казактарының коршауында, шын мәнінде экономикалық оқшаулау, ұлы империяның тұракты қысым көрсетуі жағдайында бола отырып, қазақ жүздерінің билеушілері Ресей империясы сияқты одектас іздеуге мәжбүр болды.

Бір жағынан, ықпалды сұлтандар, аксақалдар арасында, екінші жағынан, үш жүз бірлестіктерінің іс жүзінде тәуелсіз хандары арасында тамыр жайып алған араздық халықты топтастыру, біртұтас халықтық жасақ құрудың бұрынғы дәстүрін қайта жаңғырту жөніндегі күш-жігерді жоққа шығарды.

Осындай өте қызын жағдайларда Петербург сарайына жүгінуге өзі бастамашы болудың, сол кезде-ақ ыдырап кеткен біріккен казақ одағының сыртқы саяси бағдарында түбірлі бетбұрыс жасау жауапкершілігін өз мойнына алудың және ойрат күштерінің бейбіт ауылдарға кезекті жойқын шабуылын күтпей, орыс императрицасының көзқарасын айқындаудың қүрделі миссиясы Әбілқайыр ханның еншісіне тиді.

XVIII ғасырдың 20-жылдарына дейін сұлтан болып жүрген кезінде-ақ Әбілқайыр орыстың дипломатиялық топтарына едәуір белгілі болатын. «Ақылы жеткілікті және қулыктан да ада емес адам»,<sup>29</sup> – деп ол жөнінде А. И. Тевкелев осындай пікір айтқан. Ол ең алдымен қазақ мемлекеттілігінің стратегиялық мұдделерін басшылыққа алып, екінші жағынан Ресей әкімшілігіне сүйене отырып, өзінің басқа бәсекелестерінен жоғары болуға, оларды саяси аренадан ығыстырып шығаруға ұмтылды, атақты Төуке ханның заманында болғанындей, өзі біріккен хандықтың жеке-дара басшысы болу мақсатымен, халыққа қасіретті зардабын тигізетін ойрат басқыншылығына жол бермеу үшін күш пен мүмкіндікті біріктіруге тырысты. Осы міндеттерді іс жүзіне асыруға ұмтылған ол 1730 жылдың жазында Уфа наместниктігі арқылы Петербургке өз елшілігін жіберіп, Ресей императрицасынан өзін ұлысымен бірге Орталық Азияның көптеген үлкенді-кішілі халықтары қамқорлығына кірген Ресей империясының бодандығына қабылдауды өтінеді.

Сол кезге қарай-ақ Петербургтің дипломатиялық қызметі елдің Азиядағы саясатының негізгі бағыттарын айқындастын елшілік құжаттарын өзірлеу мен шығыс елдерінің өкілдерін қабылдау жөнінде едәуір көп тәжірибе жинақтаған еді.

Аюкенің еділ қалмактарын, Қабарда кінәздігін, грузин билеушілерінің жерлерін Ресей құрамына қабылдау Сыртқы істер алқасы дипломатиялық қызметінің өрісін едәуір кеңейтті, бұл жолы да Әбілқайырдың елшілігіне барынша құрмет көрсетілді, оның Құттымбет Қоштаев бастаған 7 адамнан тұратын елшілері құрметпен қабылданып, бағалы сыйлықтар тартылды, дала өніріне Сыртқы істер алқасының тілмашы А. И. Тевкелев бастаған үлкен комиссия қосылып, әскери күзет ертіліп қайтарылды,<sup>30</sup> олардың ішінде «жерлерді сипаттау үшін жіберілген екі геодезист – Алексей Писарев пен Михайло Зиновьев болды.<sup>31</sup>

Ол дәуірдегі құжаттар А. И. Тевкелевтің мемлекеттік қызметке кірген уақытын көрсетуге мүмкіндік бермейді. Оның Сыртқы істер алқасына алынуы I Петрдің 1722 жылғы парсы жорығынан біршама ертерек болғаны анық. Оның үстіне А. И. Тевкелев үшін «шығыс сөздерінің тілмашы» кәсібі өсте де жаңалық болмаған, «...Әр түрлі қағаздарында» оның өзі жазғанындей,<sup>32</sup> оған дейін де ата-бабалары өздерінің тамаша лингвистикалық білімін Мәскеудің елшілік приказында қолданған.

Петрдің мемлекеттік қызмет мектебінен өткен А. И. Тевкелев кейіннен оның өзі мойындағандай, жоғарыладап, наградалар алуға үміттенген, бұл «ұлы мәртебелі императордың қайтыс болуы себепті» жүзеге аспай қалған. Қазақ елшілігін Кіші жүзге кері қайтаратын күні А. Тевкелевке 12 тармақтан тұратын, мазмұны қызықты «Нұсқау» табыс етілді. Төрт парамың екі бетіне қолмен айдактатыла жазылған бұл құжат дипломатиялық миссия үшін өзінше бір іс-қимыл бағдарламасы болған. «Нұсқау» негізінде ол арнайы «Журнал» жүргізген, соның арқасында императрицаның грамотасын қабылдау кезінде де, Кіші жүз бен Орта жүзде ішкі саяси жағдайын өдан кейінгі шиеленісу кезеңінде де хан ордасында қалыптасқан нақты жағдайын қандай болғанын көрсетуге мүмкіндік бар.

«Шығыс тілдерінің тілмашы Мамет Тевкелевке оны Қырғыз-Қайсақ ордасына оларды Ресей бодандығына келтіру үшін жіберген кездегі Мемлекеттік сыртқы істер алқасынан нұсқау»<sup>33</sup> – оның бұдан кейінгі мансабында және қазақ-орыс өзара қатынастарының тарихында терең із қалдырған ішкі саяси ведомство нұсқауларының толық және ресми атауы осындей.

А. И. Тевкелев сапарының негізгі мақсатын нақтылай тұсу тұрғысынан алғанда «Нұсқаудың» үшінші тармағы өте бағалы, онда Ресей бодандығын қабылдау мәселесінде хан төңірегінде алауыздықтар анықталған жағдайда дипломаттың еркін нұскалар таңдау жоспарының болуы түсінігіне кілт берілді: «...хан мен аксақалдардың және басқа да қырғыз-қайсақтардың бүкіл нанымы бойынша өз антына адалдығы Алкоранда (Құранда. – Ред.) көрсетіліп, оған (грамотаға. – Ред.) қол қойып, оны Тевкелевке беретін болсын. Ал егер хан және басқалар өдан бас тарта бастаса, оларды оған Тевкелев көндірсін».<sup>34</sup>

Петербургте хан өкілдеріне кейбір көтермелеге белгілерін беру өдан кейін Ресей императрикасының меймандастыры мен ілтипатының міндетті белгісіне айналды. Бұл жолы да сый-сыяптыз болған жок, кейініректе оған Нұралы хан да, атақты Абылай да, Әбілқайырды өлтірген Барак сұлтан да ашықтан-ашық қол жеткізді. А. И. Тевкелевтен Анна Иоанновнаның атынан тартулар, «атап айтқанда: қылыш, бұлғын тон, қара тұлқілі екі бөрік, мөуіті және «басқаларын» беріп жібере отырып, Сыртқы істер алқасы оған ханға оларды Әбілқайыр «адалдыққа ант бергеннен» кейін ғана тапсыруға қатаң өкім етті».<sup>35</sup>

Империяның ішкі губернияларына неғұрлым жақын орналасқан Кіші жүзге дипломат жібергенде, үкіметте ол жөнінде жеткілікті ақпарат болған жок, тек Қазақстанның солтүстік-батыс аудандары туралы Сыртқы істер алқасының кеңсесінде жинақталғандардың бәрі алдын ала алынған, үзік-созық сипатта болғанын ғана айтуға болады, ал А. И. Тевкелев дипломатиялық тәжірибелі сонда жинақтаған еді. «Нұсқауда» оған «қырғыз-қайсақтар туралы мәліметті» жазып алу, «елдің орфографиясын,

халыққа бодандықтың ұнайтын-ұнамайтынын, оның көршілері кімдер екенін... өздері зеңбіректер құя билетін-білмейтінін зерттеу...» міндеп жүктелді.<sup>36</sup>

Белгілі тарихшы Н. А. Маев жұз елу жыл өткен соң, өзі жинаған деректер негізінде даладағы істің жайы туралы да, халықтың салты туралы да, тіпті оның тілектері туралы да сенімді мәліметтері болмай, жорамалмен әрекет еткен үкіметтің көзқарасын сын көзбен бағалады.<sup>37</sup>

5 қазанда А. Тевкелев Ырғыз өзеніндегі хан ордасы орналасқан Майтөбе сайына келді. Атакты мейманды бастап жүруді хан үлкен баласы, тәжірибелі жауынгер, әкесінің қызметін түгелдей қолдаған Нұрмұхамед-Әли Баһадүрге (Нұралыға) тапсырды. Алайда Ұлы даланың тілі де, өдет-ғұрпы да жақын, түсінікті болған бұрынғы татар мырзасының құрделі дипломатиялық мансабының алғашқы қадамдарының өзі көрнекті ақсақалдардың, сұлтандардың аса зор қарсылығына ұшырады, олардың көпшілігі «бәрі өтірік» екенін біліп алып, орысқа бодандық туралы есіткісі де келмеді, «ханды соқыр тиын сиякты да көрмеді».<sup>38</sup> Ашық оппозиция катты ренжіткен А. И. Тевкелев ұнжырғасы түсіп кеткен Әбілқайырдан оның императрицаға өтініші бүкіл «қырғыз-қайсақ халқының» келісілген қадамы деп «оның елшілері Мәскеуде сөз жүзінде не үшін дұрыс ұсыныс жасамағанын», бұл өз өкілеттігін асыра көрсетудің көрінісі емес пе, «ал қазір өтірік болып шығып отыр, демек оны бір өзің істегенсің» деп мазалай бастады.<sup>39</sup> Күзеттегі бір башқұрт та оған ханға қарсы топтардың келіссөзді сәтсіздікке ұшыратып, грамотаны қабылдауға жол бермеу ниетінде екенін ескерткен болатын. Башқұрттар соның ішінде кейіннен Ресейге адалдығы үшін тархан атағы берілген Таймас Шаймов табын руының даңқты батыры Бөкенбайдың, оның күйеу баласы Есет батыр мен немере інісі Құдайменді мырзаның қолдауға уәдесін алуды ұсынды, оның пікірінше, бұлар «барлық ақсақалдардан жақсы өрі күшті адамдар және байлығы мол... солар арқылы оған, Тевкелевке пайда келеді».<sup>40</sup> Тевкелев өз қалауымен әрекет жасап, «тәуелсіздікті қорғаушылардың бірнешеуін өзіне қаратып алды».<sup>41</sup>

Бөкенбай тобының қолдауы жағдайды бәсендettі. Сатып алу, сөз байласу, ал кейде өзінің Ресей империясының сенім білдірген адамы екенін айтып қорқыту арқылы Тевкелев өзінің бұдан кейінгі әрекеттерінің негізін нығайтуға және хан ордасындағы құштердің арақатынасын өзгертуге қол жеткізді. «Мен барынша төменшікте, жан-тәнімді салып, өз отаныма адал қызмет көрсетуге деген жалғыз-ақ тілекпен, екі жылға жуық (1731 жылғы 30 қазан – 1733 жылғы 14 қантар аралығында. – Ред.) уақыт бойы үнемі өлім қаупіне бас тіге жүріп, аштыққа шыдап... оның үстінен бүкіл қабілетімді жұмсап, бүкіл орданы қөндірдім, осындай бақытқа толы табыспен және осындай уақытта, дәл бодандыққа келтірдім...», – деп жазды кейінректе А.И. Тевкелев.<sup>42</sup>

Бірінші болып бодандыққа Әбілқайыр хан ант берді, оған Бөкенбай ақсақал, содан соң Есет батыр, Құдайменде мырза қосылды. Сол арада адалдыққа 27 ақсақал ант берді. Сонымен қазіргі кейбір басылымдарда жазылып жүргеніндей, 27 емес бастапқыда антты ханнан басқа ақсақал аталатын 29 адам бекітті.

Кейіннен профессор Х. Досмұхамедов былай деп жазды: «Әбілқайырмен бірге бүкіл Кіші жұз және Орта жұздің бір бөлігі ант берді деп санау кате.

Кошқарұлы Жәнібек, Бекенбай және елдің соларға ерген бір шоғыр өкілдері ант берген!».<sup>43</sup>

Қалай болғанда да Ресейдің Оралдан арғы шет аймағындағы бүкіл саяси жағдайды түбірінен өзгерту, ойраттарды қазақ орыс жақындасуының бұдан кейінгі барысына мазасыздана қарауға мәжбүр еткен құжаттың мәтінін келтірелік.

Әуелі Анна Иоанновнаның атақтары тізіп келтіріледі, одан әрі былай делінген: «...төменде біз, ұлы патша ағзам, Сіздердің ұлы мәртебелі императорыңыз, сен Әбілқайыр хан жазғаныңан және сенің елшілерің Құттымбет Коштаев пен Сейітқұл Қойдағұловтың өз айтқандарынан сенің бүкіл өз иелігінен біздің асқан мейірімізге бодан болу тілегінді көріп, оны біздің грамотамызben күшіне енгізуге рақым етті, ол сенің елшілеріңмен жіберіліп, ханың өзіне және қайсақтарға, бүкіл әскерге мейірімі түсіп, Сендерге және Осының белгісі ретінде жариялауға әмір етілді және император Әбілқайыр ханың өзіне және қайсақтарға жіберуге әмір етті...».<sup>44</sup> Бастапқы жарлықтың кейбір қысқартулармен келтірілген мәтіні осындағы. Құжат «кітап басылатын жақсы қағазға жазылып, мемлекеттік орташа мәр басылған». Кең-байтак өлкені Ресейге қосып алудың негізі осылай қаланды.

Құрделі де мазасыз жағдайда басталған бұл тарихи үрдіс XIX ғасырдың 50–60-жылдарында әскери-мәжбүрлеу құралдарымен аяқталды, дегенмен алдын ала атап өтейік – Манғыстаудың баруға қын аудандарында көшіп жүрген адайлар мен басқа да кейбір ру бөлімшелері XIX ғасырдың 80-жылдарына дейін Ресей империясының билігін мойындағады.

Әбілқайыр хан дегеніне жетті, сөйтіп императрицаның грамотасы заңды күшіне енді. А. Тевкелев те хан төңірегіндегілер ризашылығына бөленіп, көшпелілердің көпшілік бөлігіне жек көрінішті болып, өзіне жүктелген миссияны орындағы, бұл туралы мәліметтер даланың алыс түкпірлеріне едәуір кешігіп, «ұзынқұлақ» арқылы ауызекі айтылуда орасан өсіріліп жетіп жатты. Жасалған фактіге Орта Азияның түрік иеліктері, әсіресе Хиуа хандығы қатты аланадады, мұны Орталық Азияның мұсылман елдері шептерінің әлсіреуі деп санады.

Солай бола тұрса да, алғашқы табыстарға арқа сүйеген А. И. Тевкелев біртінде жергілікті әмірге еніп, таныстар ауқымын кенейте түсті. Кіші жұз ханының мақұлдауға уәдесін алып, Сыртқы істер алқасының «Нұсқауында» көзделгеніндей, көршілес жерлердің ант беруі үшін негіз дайындағы. 1731 жылғы 19 желтоқсанда ол Әбілқайырды Нұралы сұлтанды «оның да Ресей империясының бодандығында болуы үшін» Хиуаға жіберуге көндірді. Алайда 1732 жылғы 2 наурызда қайтып оралған Нұралы аландағатын хабар өкелді: Хиуа «асқан зор наразылық пен ашу-ыза» білдіріп, болып жатқан оқиғалардың мәніне қатты аландаушылық танытқан.<sup>45</sup> Хан мен орыс дипломатының, соңғысы Петербургке қайтқанға дейінгі өрекеттері осы жағдайлармен шектеледі.

Тұтас алғанда Кіші жұздің Ресей бодандығын қабылдауының объективті негіздерін теріске шығармай, Әбілқайырдың алысты көздейтін жеке басының менмендігін, оның барған сайын айқын көріне түскен қара басын ойлаған мұдделерін естен шығармау керек екенін атап өтеміз.

Әбілқайырдың Петербургке делегация жіберген кезінен бастап, Ресей бодандығын қабылдаған кезіне дейінгі көзқарасы жөнінде орыс тарихнамасында да бірынғай пікір болған жоқ: А. А. Добросмыслов, А. Н. Макшев, И. Завалишин, В. Витевский, И. И. Крафт, П. И. Рычков макұлдады және тұтас алғанда ханның іс-әрекетін актады. А. И. Левшин басқа көзқарас үстанды, ол бодандықты «құдіретті державаның қамқорлығымен күшею» үмітіне бөленген Әбілқайыр мен оның нағыз жақтастарының жеке еркінің көрінісі, ханды өз «ордасымен» императрица Аннаға бағынуға итермелеген де сол деп қарастырды. XIX ғасырдағы тағы бір көрнекті зерттеуші Л. Мейердің ханды «барлық іске ойланып-толғанбай, қызу кірісетін, ал сөтсіздікке үшыраған жағдайда салқындап қалатын энтузиаст» деп атаған пайымдауының да мәні бар.<sup>46</sup> Ханның содан кейінгі, өсіресе көрші жүздердің ықпалды билеушілері бодандыққа кіру туралы ант актісін қабылдаған кездегі әрекеттерін талдауға саралап қарау үшін, Әбілқайырды болған оқиғалардың бәріне кінәлі деп каралатын осы кезге дейін орын алып келген пікірді бағалау үшін біз алыста қалған дәуірдің жекелеген зерттеушілердің көзкарастарын көрсеттік.

Өз миссиясын сәтті аяқтаған А. Тевкелев Найзатескен алқабынан қайтар жолға аттанды. 1733 жылы 2 қантарда ол Әбілқайырдың Петербургке жіберген жауап елшілігімен Уфаға жетті. Бұл миссияны ханның екінші ұлы Ералы сұлтан басқарды, оған Әбілқайырдың немере туысы Нияз сұлтан, Шадынбай ақсақал, Құдайназар мырза, Мырзагелді батыр, Тұгелбай мырза және басқалар кірді. Келіссөздер нәтижесінде Кіші жүздің Ресей бодандығына кіруі түпкілікті ресімделді. Делегация басшысы Ералы сұлтан 1734 жылғы 10 ақпанда Петербургке Ресей императриçasы Анна Иоанновнаның қабылдауында «өзінің тенденсі жоқ императорлық мархабатымен (оларды. – Ред.) ұстауды және қорғауды барынша кішірейіп, құлшылықпен сұрады...».<sup>47</sup> Ералы сұлтанның бұл сөздері сол кездегі өкімшіліктің аудармасымен келтірілген.

Дегенмен Қазақстандағы жағдай тым шиеленіскен күйінде қала берді. Жонғариямен шекаралас өнірде шиеленістің бірсыптыра әлсіреп, майор Угримовтің миссиясынан кейін орыс-ойрат айырбас саудасының едәуір жанданғанына қарамастан, Орта жүз бен Ұлы жүз шектеріне тұтқылдан басып кіру қатері сақталып қалды.

30-жылдардың екінші жартысында Галдан-Церен Орта жүздің шекарасына әскер тәге бастады.<sup>48</sup> Осыған байланысты Ресей императриçasының 1734 жылғы маусымда Орта жүзді Ресей құрамына қабылдау туралы жарлығы саяси жағынан акталды. Дегенмен бұл этноаумактық бірлестіктің көп бөлігі I Александр императордың кенесшісі, граф М. М. Сперанский өзірлеген 1822 жылғы «Сібір Қырғыздары (қазактары. – Ред.) туралы жарғы» күшіне енгенге дейін дербес болып қала берді, ол былай тұрсын Сәмеке (бірқатар орыс деректемелерінде – Шемяк. – Ред.) ханның қайтыс болуына байланысты указ жазылған грамота Орта жүзге өкелінбеген күйінде қалды.

Ол ол ма, Орта жүз ханы Шахмұхамед (Сәмеке. – Ред.) өз автономиясын қызғыштай корып және Ресейдің алысты көздейтін тойымсыз мұдделерін көріп, сондай-ақ Кіші жүз ханының бұл үрдістегі жеке менмендігі көрінісін де аңғарды, «бұл оқиға Әбілқайырды тым асқактатып жіберуге тиіс екенін түсініп, көп кешікпей есін жиды», өз иеліктерінің Ресей билігіне бағынуынан айнып, тіпті орыс селоларына шапқыншылықтар жасады.<sup>49</sup>

Ұлы жұздегі жағдай оның кейбір аудандарын ойраттардың уақытша басып алуына байланысты Галдан-Цереннің көзқарасына біршама тәуелді болып шықты. Солай бола тұрса да, «Әбілқайырдың туған інісі», оған бағынған<sup>50</sup> Жолбарыс хан Петербургке сондай өтініш жасамақшы болып үйгарды. Императрицаның Орта жұздің ықпалды адамдарына, солардың ішінде ерекше көзге түскен Қодар би, Төле би, Сатай, Хангелді, Бөлек батырларға 1734 жылғы 10 маусымдағы грамотасы «аса зор мейірімділікпен... статс-кеңесші полковник И. К. Кирилловқа осының бәрі туралы білуге рақым білдірді».<sup>51</sup>

Жарлықтың Ұлы жұздің ықпалды феодалдарына арналып, оларды Ресей бодандығын қабылдауға көндіруге нақты міндет қойылған бөлігін келтіре кету қызықсыз өмес: «Ал Қырғыз-Қайсақтардың Үлкен ордасындағы Сендерге Аса зор мейірімділікпен осының бәрі туралы білуге рақым білдірілді және Сендердің бізге бодандыққа өтініштерің мен кірулерінді растау үшін, ант беру сияқты дағдылы асқан зор бодандық көрсету үшін ... өздерің біздің сол елшілеріміз И. К. Кириллов пен полковник Тевкелевке келіндер... және бізге адал қызмет етіндер...».<sup>52</sup> Алайда аймақтың Ресейден алыстырылған ойраттарға уақытша тәуелділікке байланысты жағдайдың қындығы бұл актінің жүзеге асырылуын неғұрлым кейінгі уақытқа қалдырып, ол енді зорлық әдістерімен жасалды.

Императрицаның 1734 жылғы 9 сәуірдегі басқа бір «мақтау грамотасында» Әбілқайыр ханға Ұлы жұзден басқа «Орал ханын» да бодандыққа «келтіруге» жәрдемдесу бұйырылды.<sup>53</sup> Арап жағалауындағы аудандар әрқашанда Қайып хан үрпақтарының ықпал өрісінде болып келді.

Қосып алынған қазақ жерлеріндегі шептерін нығайту үшін 1734 жылдың мамырында «Қырғыз-қайсақ экспедициясы» құрылды, көп кешікпей ол Орынбор комиссиясы деп аталды, оны Сенаттың обер-хатшысы И.К. Кириллов басқарды, оның көмекшісі болып Кіші жұздегі үкіметтік миссияны сөтті орындағаны үшін тілмаштықтан полковнике көтерілген А. И. Тевкелев тағайындалды.

Экспедиция үйымдастыру (ведомство ретінде. – Ред.) ақылын ойластырган Әбілқайыр хан болатын, ол өз ықпалын күшету немесе Кіші жұзде «бассыздықтар болған жағдайда» барып тығылу үшін қала салуды мақсат етіп қойды, мұны өзінің «Әр түрлі қағаздарында» А. И. Тевкелев те растайды.

Бұл өскери акцияны үйымдастырушылар өз мақсаттарына жету үшін ірі өскери контингентті пайдалануға қоса, башқұрттар мен қазактар арасындағы ұлтаралық араздыққа мықтап үміт артты. Айтар болсак, Орға жүрер алдында И.К. Кириллов кабинетке екі халық арасындағы өзара байланыстың күрделі екенін жеткізді: «...оларды ешқашанда татулыққа жібермеу керек, ал керек болған жағдайда оларды бір-біріне қарсы әдейі көтеріп, сол арқылы тыныштандыру керек»,<sup>54</sup> – башқұрт халқы жөніндегі қатыгездік осылайша алдын ала акталды, онда И. К. Кириллов бәрінен де асып тұсті, сөйтіп едәуір дәрежеде Әбілқайыр ханның өзін қайран қалдырды, башқұрттар көтерілісін басу ісіне ол да тартылған еді. Ол былай тұрсын, Анна Иоанновнаның И. К. Кирилловқа нұсқауында өлкені шаруашылық жағынан отарлау мүмкіндігін зерттеуге өкім жасаған. «Айтпақшы металдар мен минералдарға келер болсак, олар жақын жерлерден Башқұрт және Қырғыз-қайсақ

иеліктерінен табылуы мүмкін, сонда біздің пайдамызға мұddeлілік із-дестіріп, тиісті түрде өрекет жасау керек...».<sup>55</sup>

Башқұрттар Ресейдің бекініс сала бастау ниеті туралы білген кезде, көтеріліс тұтанды, ол башқұрттардың отарлауға қарсы бұрынғы ірі бой көрсетулері тізбегінің жалғасы болды; 1662–1664, 1681–1683, 1705–1711, 1735–1740, 1755, 1773, 1774 жылдар көтерілістермен ерекшеленді.<sup>56</sup>

Башқұртстандағы оқиғалар көршілес Кіші жұздегі жағдайға әсер етпей коймады. Башқұртстанның төрт округі – Қазан, Осинов, Сібір, Ноғай округтерінен соңғы екеуі шектес аймактағы халықтық бой көрсетудің күшті ықпалына ұшыраған Қазақстанмен тікелей шектесіп жатты. Қатаң шараларды жақтаушы болған И. К. Кириллов көтерілісті басып-жаныштауды Қазан және Сібір кен зауыттарының бастығы В. Н. Татищевке тапсырды және мейлінше қатаң шаралар қолдануды талап етіп, ең кінәлілерін «өлім жазасымен жазалауды» ұсынды.

Үкімет бұл қозғалыс ықпалының империя құрамына енді ғана кірген Кіші жұзге тоқтаусыз тарапуынан үрейленіп, «шығыс істерінің білгірі» А. И. Тевкелевке қазақ феодалдарынан оларға қашып барған көтерілішшілердің бәрін өздеріне ұстап беруге қол жеткізуді тапсырды.<sup>57</sup> Ол көтерілісті тоқтатуға өз жоспарын: ұш бекініс салып, оларға орыстарды қоныстандыруды, сол арқылы қозғалысты қауіпті ошақтың өзінде дереу тоқтатуға мүмкіндік алуды ұсынды,<sup>58</sup> сонымен бірге құлақ естіп көрмеген қатыгездік көрсетті; оның жеке өкімі бойынша, саны 160 адам болатын Саянтас қонысының тұрғындары «әлдебір қоймаға қуып тығылып, тірідей өртеп жіберілген».<sup>59</sup>

Міне осы арада Башқұртстанға белгілі болған Әбілқайыр хан еске түсті, жергілікті түрік халқы оның айтқанына құлақ асатын, алайда сол кезге қарай ол «адалдықта болатын» және А. И. Тевкелевтің келісімінсіз «қазір ешнәрсе істей алмады».

Бастапқыда хан өз жағдайымен қиянат жасап, «зұлымдарға» қарсы жазалау акцияларына шынында да қатысты, бақытсыз тұрғындарды тонады; көтеріліс басшылары ханды өз жағына тарту үшін, Башқұртстандағы хан тағын ұсынып, едөуір күш салды. Әбілқайырды өздеріне мықтырақ «байлап алу» үшін оны жас башқұрт қызына үйлендірді – бұл мәліметтерді В. Н. Татищевке жергілікті старшындар Карабай мен Юнус тархан хабарлаған.<sup>60</sup> Өкімет орындары тым тұраксыз одактастың қызметінен бас тартуға мәжбүр болып, оны Қазақстанға өрен дегенде кері қайтарды; башқұрт оқиғалары Кіші жұз ханының солқылдақ көзқарасын одан кейін де аңғартты, сірә, ол іштей Башқұртстандағы хан тағына өз ұлдарының бірі – Қожахметті отырғызуға ниеттенсе керек. Башқұрттардың жан салған ерлігіне қарамастан, Әбілқайырдың көрінеу жол беруі арқасында, Кириллов Ор өзенінде шығысқа отаршылдық ілгерілеуді кенейтудің тірегіне айналған бекіністі, қазіргі Орынбор қаласын (Орскіні), салып алды.

1737 жылдың сәуірінде И. К. Кирилловтың қайтыс болуына байланысты аса көрнекті тарихшы, қабілетті өкім, жаңа шеп құрылышын жалғастырған В. Н. Татищев Орынбор өлкесінің жаңа губернаторы болып тағайындалды. Оның бастамасымен Орынбор қаласы Ор өзенінің сағасынан Красногор бекінісі орналасқан басқа жерге көшірілді, ал Кіші жұз бен Орта жұздегі ықпалды шығыс үрпактарының бодандығын нығайту оның ең басты саяси мақсаты болып қала берді.

Патша өкіметі Әбілқайырдан қайталап ант алуға үйғарды. З тамызда оның В. Н. Татищевпен кезекті кездесуі болып, онда хан «бодандық антка» бұрынғы адалдығын қуаттады және «құлдық ұрып бағынатынын» білдірді. Ал жауап сөзінде В. Н. Татищев ханды нақ «дос және бауыр» деп атап, «оны қалайда сақтауды тіледі».<sup>61</sup> Нақ сонда 1740 жылы Орта жүз ханы Әбілмәмбет пен ықпалды сұлтан Абылай бодандыққа ант қабылдады, соңғысының беделі бүкіл дала өнірінде жоғары болатын. Алайда заң жүзінде хан тағында Әбілмәмбет отырды, ал оның берген антының мәтінінде замандастарының одан бұрынғы «ант берген уәделерінен» елеулі айырмашылық болған жоқ: «...адал және айтқаннан шықпайтын құл болу және бодан болу...» т.б. сияқты. Абылай сұлтан оған қосымша В. Н. Татищевті «қажет болған жағдайда өз жанын аямайтынына» үміттендірді,<sup>62</sup> дегенмен саяси құрес тәжірибесін жинақтаған жас сұлтан өз үміттерін Цин империясымен де байланыстырды.

Ш. Уәлихановтың пікіріне қарағанда: «Қалай болғанда да, 1739 жылы біз оны Орта орда иелерінің ең қүштісі деп білеміз, соңдықтан орыс үкіметі көбінесе Абылаймен қарым-қатынас жасады, ал сол кезде ордаға жіберілген барлық орыстардың дәлелдеуі бойынша, нағыз ханның еш салмағы болмаған».

Тұтас алғанда Орталық Азиядағы мемлекетаралық қатынастардың содан кейінгі жай-жапсарын едәуір өзгерткен Әбілқайыр мен оның жақын төңірегіндегілердің, ал одан соң Орта жүздің көрнекті шыңғыс ұрпактарының Ресей бодандығын қабылдаудың екі тұрғыдан қарастыру керек: бір жағынан, бастапқы кезең, сөз жоқ, оң акт, ол басқа мән-жайлармен қоса қазақ халқын ойраттардың жиі қайталанған жойқын жорықтарынан, олардың халық үшін қырғынды салдарынан құтқарды, ал екінші жағынан, кеңбайтақ дала өнірін біртіндеп өскери-казак қоныстары арқылы отарлаудың және қазақтардың мемлекеттігін толық жоюдың басы болды.

Петербург сарайы XVIII ғасырдың 30-жылдарында-ақ негізінен өскери-қорғаныс шептеріне сүйеніп, жеке шаруалар мен үкіметтің отарлауын мүмкін болған шаралар арқылы қолдап отырды, тегінде, көшпелілердегі аграрлық қатынастардың өзіндік ерекшелігін білмесе керек, ал қазақ мемлекеттігін құру кезінде-ақ бүкіл жер қоры негізгі рулық-тайпалық бірлестіктер арасында бөлініп қойған болатын, жекелеген ұрпактардың жазғы жайлаулары 900 километрге дейін жететін; бұл орайда саяси жағын – 1731 жылдың қазан айында анты бекіткен кезде тіпті Әбілқайыр төңірегіндегі бетке ұстар шыңғыс ұрпактары арасында да келісілген көзқарас болмағанын естен шығармау керек, мұның өзі тарихи еңбектерде орнығып алған, Ресей бодандығын бастапқы қабылдау актісінің бейнебір бүкілхалықтық сипаты мен ауқымдылығы туралы пікірдің асыра айтылғанын көрсетеді.

Оның үстінен 1731, 1732, 1734, 1738 және 1740 жылдардағы Ресей императрицасы мен екі этникалық-саяси бірлестік – жүздердің хандары тікелей өздері қол қойған құжаттарда әкімшілік-аумактық шектер, шекаралардың, болашақта жер қорын пайдалану мәселесі, казак отрядтарын орналастыру, орыс қоныстанушыларын шекаралық шептердің күш қолдану құқығы тараптады аудандарға да қоныстандыру проблемалары сияқты өте маңызды мемлекетаралық аспектілер мүлде айтылмай орағытылып өтіле, қазақтардың пішен шабуына, көшіп баруына тыйым салынған бекіністі

базалардан он және елу шақырым қашықтықты орыстың өкімет орындары кейінрек, XVIII ғасырдың 60-жылдарының орта шенінде бекітіп еді.

Жоңғар хандығы өлсіреген кезеңде орыстар билігінің таралуына қарай бұл мәселелер Әбілқайырдың Орынбор өкімшілерімен жиі өткізілген, киын келіссөздерінің нысанасына айналып, егес, құтпеген түсініспеушіліктер туғызды, ханның Ресей жағына қатысты бұрынғы адал және ізгі ниетті көзқарасының салқындауына себеп болды.

Бұл орайда Орталық Азиядағы жарқын және сонымен бірге қайшылыққа толы тұлғалардың бірі, Кіші жүз ханының тұлғасына көніл аудармай өтуге, әрине ешбір болмайды, бұл кезде өлі де жас батыр, жат жерліктермен халықтық соғысты ұйымдастырушылардың бірі болған Абылай жігерсіз Әбілмәмбетті саяси аренадан біртіндеп ығыстырып шығара бастаған еді, алайда ежелгі дәстүрді құрметтеп, сырт көзге өз өміршісіне бағыныштылығын көрсететін. Иә, хан ордасында болған тартысты оқиғаларға қарамастан, Ресей бодандығын қабылдаудың бастапқыдағы актісі де бұл үрдістегі қазақ хандарының басқа серіктерінің атқарған рөлін анықтауға да саралап қарауды талап етеді, олар хандық мемлекеттік басқару құрылымының нашар ұйымдастырылғандығын, бір жағынан, жүздер арасындағы да, екінші жағынан, Қазақстан мен Жоңғария арасындағы да шекараның беймәлімдігін ескере отырып, оқиғалардың барысын тездетіп немесе баяулатып отырды, айтар болсақ, XVIII ғасырдың 40-жылдарында, әсіресе сол дәуірдегі ірі тарихи тұлғалардың бірі Галдан-Церен қайтыс болғаннан кейін аңғарыла бастады. Әбілқайыр ханының империялық өкімшілік-саяси құрылымдардан біртіндеп алшақтауының дәлелдері мен соған итермелеген жәйіттерді анықтау даңқы дәуірлеп тұрған кезде ханың қалайша және нендей нақты жағдайларға байланысты Сыртқы істер алқасы мен Орынбор шенеуніктерінің әр түрлі ақыл-кеңестерінен бойын аулақ сала бастағанының нақты көрінісін ойға оралтуға ұмтылыс туғызған. Оның XVIII ғасырдың 40-жылдарынан басталатын көзқарасының мәнін нақты түсіну үшін отаршылдық басқару әдістерін нысаналы түрде енгізу салдарынан өлкенің солтүстік-батыс шектерінде қалыптаса бастаған жағдайды ой елегінен өткізу керек, ол Әбілқайырдың өзінің жеке билігін өлсіретуге, оны Кіші жүз тірлігінің көкейтесті мәселелерін шешуден тайдауруға тиіс болатын.

Патшалық өкімет орындары оның Орынборды, дұрысырақ айтқанда, бастапқыда Орск бекінісін салу жөніндегі, ал 40-жылдардың бас кезінде қарақалпақ халқының үлкен бөлігінің Ресей бодандығын қабылдауы нақ Әбілқайырдың ықпалына байланысты болғанын естен шығарды.

1742 жылы поручик Дмитрий Гладышев құпия кеңесші И. И. Неплюевке өзі Әбілқайырдың ордасында болған кезде Әбілқайырға алты қарақалпақ ақсақалы мен үш қожа келгенін және ханға 30 000 шаңырақтан тұратын өздерін империяның бодандығына қабылдауға жәрдемдесуге өтініш жасағанын жеткізген.<sup>63</sup> Ханның қатысуымен Гладышев оларға ант бергізген, оның мазмұны мынадай: «Алланың өмірімен, өз сенімімізben Ресей бодандығына келдік және кресті сүйіп, біз, төменде жазылған қарақалпактар ... ант бердік»; нақ сол жылы Неплюевтің шақыруымен Әбілқайыр хан ерткен қарақалпақ депутаттары Мамыр мен Құшан Орынборға барып, сонда «хан және бүкіл халық атынан антты салтанатты түрде қайталап айтты...».<sup>64</sup> Алайда ханның өз есебі болды, ол өз иелігіне талай

рет басып кірген қарақалпақ мырзаларының қүшесінде көмектесуді мұлде ойлаған да жоқ және «Ресей билігін пайдаланып қүшесінен қауіптеніп, олардың ауылдарын шапты, көп адамдарын өлтіріп, одан да көбін тұтқынға түсірді».<sup>65</sup> Біз бұл белгілі фактіні оның И. И. Неплюевтің қазак ханы жөніндегі қөзқарасына жасаған өсерін ескере отырып келтірдік. Өз дәуірінің көреген саяси қайраткері ретіндегі Әбілқайыр хан патша өкіметі шараларының жарға апарып жығатынын айқын түсінді, ол шаралар Орынбордың ханға өкімшілік қысымы жөнінен аймақты өскери-егіншілік отарлаудың тірегіне айналған өскери-инженерлік базалар салуды кеңейтуден көрініс тапты. 1740—43 жылдардың өзінде ғана Кіші жұз бен Онтүстік Оралдың жерлері түйісетін маңда қазактардың қоныстарын біртіндеп тарылтқан, саны едәуір бекіністер: Воздвижен, Рассыльный, Ильинск, Таналып, Оразым, Қызыл, Магнитный, Каракөл, Прутояр, Нижне-Озерный, Перегибен, Усть-Уйск, Елшан, Красногор, Губерлинск, Новосергievsk және басқалары салынды.<sup>66</sup> Оның үстіне хан мен оның төңірегіндегілердің өскери тірек базаларын жаппай салуға байланысты пікірі ескерусіз қалдырылды. Ал Ресейдің өскери қатысуының одан өрі тереңдей түсіү ханға патша өкіметінің мәжбүр ету шаралары жөніндегі өз қөзқарасын қатайта түсү қажет деген ой салды.

Әбілқайырдың Ресей бодандығына саны жөнінен үшінші, 1742 жылғы тамыздың 20-жұлдызында берген антының ол 1731, 1738 жылдардағы антының мәніндегі құны болған жоқ.

«Орск бекінісі жанындағы құпия кеңесші және кавалер Неплюевте Қырғыз-қайсақ ордасының ханы Әбілқайыр, Ералы сұлтан және басқа сұлтандар осында келген кезде болған жәйттер туралы журналда немесе құнделікті жазбада» ханның Орынбор шенеуніктерімен барлық сұхбаттары, кездесулері, құнделікті қабылдануы құн сайын көрсетіліп отырған.<sup>67</sup> Негізінен алғанда, бұл дүшпан екі адамның ресми кездесулері болды, олардың біреуі – И. И. Неплюев Ресейдің Кіші жүздегі билігін қүшетуге бар қүшін салды, екіншісі – мұның бәріне қарсылық жасады. 24 тамызда, келіссөздер аяқталар алдында құпия кеңесші ханмен оңаша сөйлескісі келіп, оны «оңаша ставкаға» шакырды, сол жерде «Ұлы мәртебеліге айтастын тағы қандай өтінішіңіз бар» деп сұрағанда, хан раҳмет айтып жауап кайтарған.<sup>68</sup> Сарайға жақын шенеунік, кең-байтақ Орынбор өлкесін басқарып отырған И.И. Неплюев Жонғарияның біртіндеп өлсірей түсіү себепті Кіші жүздің бағындырылуын тездетуді тілеп, «Қосалқы жоспар» әзірлеп, Сенаттың бекітуіне ұсынды, оны Сенат 1744 жылғы 1 наурызда бекітті, оған сәйкес «барлық ағымдағы істер оның өзіне жүктелді».<sup>69</sup>

Әбілқайырдың ұстанған бағыттарын өлсірету жөнінде И. И. Неплюев жасаған алғашқы қадам қарақалпақтар мен башқұрттарды Кіші жұз қазактарына айдал салу болды; қазактарды «жазалау максаттарында» 1744 жылғы 24 сәуірде ол қалмақ хандығының наместнігі Дондук-Дашеге грамота берді, онда оған қаншалықты мүмкін болса, неғұрылым көп қаруланған адамдар жинап, «қырғыздарға қарсы қимыл жасау» ұсынылды, оның үстіне «Қырғыз-қайсақтардан қалмақтар түсіре алған олжаның бәрі солардың пайдасына берілді», – деп Неплюевтің ұлтаралық араздықты тұтандыруының осындай фактісін А. Добросмыслов келтіреді.<sup>70</sup>

Ресей бодандығын қабылдауға байланысты жағдай Орынбор губерниясы құрылып, оның бірінші губернаторы болып генерал И. И. Неплюев

тағайындалғаннан кейін қазақ сұлтандарының оны кешеуілдегу жағына қарай күрт өзгерді. «Неплюев пен Әбілқайыр хан арасында сол кезден араздық басталады, соның салдарынан көптеген қыншылықтар, аландаушылықтар болып, қауіп төнді», – деп зерттеуші В. Н. Витевский олардың өзара қатынастарының қатты салқындауынан қалыптасқан жағдайды осылайша сипаттаған.<sup>71</sup> Жаңадан құрылған губернияға шоғырландырылған колда бар карулы құштермен шектелмей, Неплюев үкіметке өз қарамағына Орал облысынан «тандаулы, аттары жарамды және қаруланған» 2000 башқұрт, 500 мещеряқ, 300 ставрополь қалмағын, 800-ден 1000-ға дейін жайық казагын жіберуді және Жайық қалашығына жақын жерге 1000 еділ қалмағын жылжытуды сұрап өтініш жасады.<sup>72</sup>

И. И. Неплюев өз мақсатын: күрестің ең жымыскы әдістерін қолданудан тартынбай, ханды саяси аренадан кетіруді бірден жүзеге асыра бастады; Кіші жүздің сакталып қалған саяси оқшауланушылығымен санаспай, ол өлкені отарлау жөніндегі шараларды адам айтқысыз қатыгездікпен жүргізді.

«Нак сол Неплюев Орынбор өлкесін қандай сословиеден болса да орыс адамдарының отарлауына қамкорлық жасады, мұнда келген халық, қаңғыбас немесе қашып жүрген крепостной адам болса да, осында қалаған жерінде біржола қалды», – деп жазды кейінректе казак генералы И. В. Чернов.<sup>73</sup>

Алайда көреген хан ойрат қатері жойылғаннан кейін Петербургтің және Орынбор губернаторының түпкі мақсаты бүкіл Қазақстанды империяның отарына айналдыру, өздеріне ұнамайтын ықпалды сұлтандар мен аксақалдарды әр түрлі әдістермен жою, ал ханды айтқанынан шықпайтын орындаушы деңгейіне дейін төмендету екенін бірден-ақ анғарды. Бірде шыдамы таусылған хан XVIII ғасырдың 30-жылдарында башқұрттар көтерілісін қанға бөктірген И. И. Неплюевтің жіберген адамдарына «мен хан емеспін, жылқы бағатын бакташымын», «орыстар бізді де қалмақтар мен башқұрттар сиякты еткісі келеді, бірақ біз ауыр езгіге көніп тірі жүргенше, өлуге дайынбыз» деп мәлімдеді;<sup>74</sup> екінші жолы, И. И. Неплюевтің дөрекілікпен тиісуіне ашуланған хан мен «бодандыққа қылыштың құшімен емес, өз еркіммен кірдім... және көптеген қыншылықтарға әрең төздім» деп оған бет-жүзіне қарамай айттып салды.<sup>75</sup> Отаршылдық режимге Кіші жүзде барған сайын нығая түскен хан оппозициясы туралы осы және басқа мәліметтер кем дегенде екі жағдайдың мәнін: біріншіден, патша губернаторының Кіші жүздің толық билігі бар әміршісі жөнінде астамшылық жасағанын; екіншіден, Әбілқайырдың өз хандығына Ресей араласуының қүшіне түсіү жөнінде қатты оппозицияда болғанын ашып көрсетеді. Ал оның отаршыл империяның көптеген нұскауларына адал болғаны туралы үнемі айттып келген, оны өлкені отарлаудың көрінеу жақтаушы болуға жақын түрді деп санаған зерттеушілер де жайғана кателескен. В. Н. Витевскийдің «егер 1749 жылы (1748 ж. – Ред.) өзара араздық кезінде оны Барак сұлтан өлтіріп, Әбілқайырдың бұдан кейінгі ойларын тоқтатып тастамаса, Неплюевтің Әбілқайыр ханмен әлі де үзак уақыт бойы құресуіне тұра келетін еді»<sup>76</sup> деген пайымдауының негізінде казак халқының құлдыққа түсіү мен құрып кетуінің нақты қатері әкеп тіреген аса қын сыртқы саяси жағдай салдарынан Ресей қамкоршылығын кабылдауға мәжбүр болған ханды көреген саясатшы ретінде сипаттайтын шындық жатыр. Солай бола тұрса да, хан Кіші жүздің бұрынғы төуелсіздігін қалпына келтіруден үмітін үзбеді, сондыктан да ру аксүйектері мен халық оны тек қана «барлық казак хан-

дарының атасы, көптеген қазактар өулие санап қадірлейтін адам деп» атады.<sup>77</sup>

Әбілқайыр мен Барактың бір-бірін ұнатпайтын көзқарастынан И. И. Неплюев жақсы хабардар болды. Әбілқайыр мен Баракты бір-біріне үнемі айдап сала отырып, И. И. Неплюев бағына бермейтін ханның көзін жою мақсатына жетіп тынды. Әбілқайырдың өлтірілуіне оның Барак және Батыр сұлтандардың қоныстары арқылы өткен сауда керуендегі жүретін бағытты бақылауға өрекет жасауы себеп болды. 1748 жылдың басында Хиуа әміршісі Қайыптың құда түскен қыз үшін сый-сыяпта алыш, Барак сұлтанға тойға бара жатқан елшілігін Әбілқайыр адамдарының тонап кетуі Барак пен Әбілқайырдың катынасын аса шиеленістіріп жіберді. И.И. Неплюев қазактардың жоғары дәрежелі ақсүйектері арасындағы топтық қырқысты біле отырып, оны одан өрі шиеленістіруге себепші болды. 1748 жылғы 1 тамызда қаракалпактардың Әбілқайырға жақынырақ көшіп келіп қонған жерінде, Ұлқияқ және Торғай өзендерінің арасында болған қактығыс кезінде бағынуды білмейтін хан өлтірілді.

Ал ханның әміріне қол жұмсаған, өз дәуірінің ірі қайраткері, белгілі батыр Барак сұлтанның жағдайы да кісі қызығарлық болмады. Зорлықпен өлтіру «өзінің даңқ пен билікке жетуіне даңғыл жол салып береді» деп есептеген ол қателесіп, өз тайпаластарының көпшілік бөлігін өзіне қарсы қойып алды.<sup>78</sup> Қазыбек бидің бастамасымен өткізілген билер соты оны актағанымен,<sup>79</sup> халық одан теріс айналып кетті, сөйтіп көп ұзамай Баракты саяси қарсыластары улап өлтірді, ал бұл жөнінде ойрат әміршісі Цеван-Доржының талап етуімен солай істелді деген сыйбыстар да таралды.<sup>80</sup> Жинақтап алғанда осының бәрі ең алдымен екі этникалық-аумактық бірлестік – Кіші жұз бен Орта жүзді қосып алудың бастапкы кезеңі сипатының, саяси мәнінің күрделі, кейде қайшылықты болғанын растайды. Егер осы құбылыстар бұратана халықтардың көпүлтты империя құрамына кіруі занды үрдіс ретінде қаралып, «ен аз зұлымдық» дегеннен басқаша бағаланбаған, мысалы, екі жұзді қосылуға итермелеген дәлелдер бір тұлғаның – Әбілқайыр ханның жеке менмендігімен байланыстырылған ескі саяси таптаурыннан біршама аулактасақ, ең жаңа мұрагат мәліметтерін енгізу, 1917 жылға дейінгі орыс тарихнамасы мен кеңестік кезең өкілдерінің алуан түрлі пікірлерін салыстыру сол кезеңдегі халықаралық қатынастардағы күштердің накты арақатынасын ескере отырып, осынша күрделі үрдіске тән ерекшелікті өзгеше тұрғыдан анықтауға және сол тарихи кезеңдегі Әбілқайырдың рөлін бағалау, кейде алдын ала туғызылған сынаржак келенсіз тұжырымдауды алыш тастауға мүмкіндік береді. Отаршылдық акциялар өсіресе ойраттардың накты қатері жойылғаннан кейін бұрынғысынан да неғұрлым ауқымды түрде дамытылып, керісінше казак жерлерін күшпен бағындыру жөнінде сонау I Петр кезінде өзірленіп, кейінгі билеушілер кезінде терендетіле түскен стратегиялық мақсаттарды неғұрлым айқын ашып берді.

### **3. XVIII ҒАСЫРДЫҢ 40-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАК-ОЙРАТ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ РЕСЕЙДІҢ АЙМАКТАҒЫ САЯСАТЫ**

Әбілқайырдың бұрынғы антына адалдығын қуаттауы, Әбілмәмбет хан мен ықпалды Абылай сұлтанның Ресей бодандығын қабылдауы қазактардың он

өзгерістерге және көрші мемлекеттер арасындағы өз жағдайын нығайтуға деген үміттерін актамады. 20–30-жылдардағы сияқты, ойраттар қатері дала өнірін мекендеушілерінің төбесінен бұрынғысынша алмас семсердей төніп тұрды. Патшалық әкімет орындарының шекара бойындағы бекіністер мен басқа да орталықтар арқылы сауданы жандандыру жолымен Жонғарияны қазақ жүздеріне қарсы жаулық әрекеттерден тежемек болған үміті акталмады. Сол кезең қарай Ресеймен жақындасу көзқарасын ұстанған Жолбарыс ханының өлтірілуі және өзінің саяси бағдарын жиі өзгерткен Сәмеке ханының қайтыс болуы қазақ хандықтарының сыртқы саяси жағдайының осалдығын айғақтай тусты. Ойраттар онтүстік-шығыс шептегі, сондай-ақ Қазақстанның өз ішінен оқиғалар туралы да жақсы хабардар болып отырды. Жағдайды пайдаланып, 1739–1740 жылдардың қысында ойрат өскерлері онтүстіктен, Сырдария өзенінің жоғарғы ағысынан және солтүстіктен Ертіс өзені жақтан шапқыншылық жасап, Орта жүздің Тобыл мен Есіл бойындағы қоныстарын едәуір шығынға ұшыратты.<sup>81</sup>

Ұлан-байтақ Орталық Азия аймағындағы жағдайды үнемі қадағалап отырған ойраттар қорғансыз ауылдарды күш қолданып қырып-жоюмен шектелмей, шекаралық бекіністерге жақын маңайларға бірнеше талаптонаушылық шапқыншылықтар жасады, дегенмен де Алтай мен Оңтүстік-батыс Сібірде шашырап жатқан зауыттарды, рудниктерді қорғап тұрған көптеген өскери постыларға жер-жерде шабуыл жасауға батылы бармады. Ямышевск бекінісінің комендантты подполковник Тимофей Зорин бұл жөнінде Сібір губерниясына жеткізіп, олар Железинскіден Омбы бекінісіне дейін «қазыналық пішеннің бәрін бұлдіріп кетті» деп хабарлады.<sup>82</sup>

Әлбетте империяның экономикалық мұдделерін қызығыштай қорыған шекаралық бекіністер орналасқан ауданға ойрат қүштерінің мұндай жорықтары Сібір әкімшілігінің қатты наразалығын туғызып, ол бір себептен болса да оларды жазасыз қалдырығысы келмеді – өңгіме беделі және тиімділігі әбден жеткілікті екеніне қазақтар да, ойраттар да шұбә келтірмейтін орыс қаруының күші жайында болып отырған еді.

Ресейдің онтүстік-шығыс шегіндегі оқиғаларды және қазақ-ойрат өзара қатынастарын Орынбор әкімшілігі де мұқият қадағалап отырды.

И. К. Кириллов қайтыс болғаннан кейін Орынбор экспедициясы Орынбор комиссиясы деп аталып, оны 1742 жылы Сібірдің шет аймақтарындағы жағдай мейлінше шиеленіскең кезде И. И. Неплюев басқарды. Бірқатар әкімшілік-саяси шаралар: Орынборды Сакмардың Жайыққа құятын жеріне көшіру, жаңа Орынбор шебінің бекіністері мен редуттарын салу, Ой шебін нығайту, қазақтармен және Орта Азия халықтарымен сауданы дамыту мен кеңейту соның қызметімен байланысты болды.<sup>83</sup>

Ойраттардың басым күшінің ауыр тегеуірінің бастан кешірген қазақтарды қолдауға қатысты оның көзқарасы Сібір әкімшілігінің пікіріне то-лық сәйкес келді – шарт міндеттемелерін негізге ала отырып, Ресей өз бодандарын ойраттардың толассыз шабуылдарынан қорғау мақсатымен батыл қадамдар жасауға тиіс болды. Осыған байланысты, қазақ жүздеріне олардың Жонғарияға қарсы құресінде нақты қолдау көрсету жолымен жүріп, 1742 жылғы 20 мамырда Билік етуші Сенат қазақтарды қорғау және бекіністердің қорғанысы жөніндегі шаралар туралы бірінші рет арнаулы жарлық қабылдайды. Басқа хандарға қарағанда, империяның билеуші топтарына неғұрлым жақын тұрған Әблілқайыр хан да патша императрица Ели-

завета Петровнаға қорған болуды сұрап өтініш жасағанмен, бұл шешім Ресейдің алысты қөздейтін стратегиялық, соның ішінде экономикалық міндеттеріне сәйкес керек болды.

Галдан-Церен қазақ билеушілеріне үзілді-кесілді талап – Жонғарияға толық төуелділікті мойындау талабын қойды, ал оны қабылдамаған жағдайда Қазақстан шегіне бұдан да гөрі бастырмалата басып кірумен қорқытты, мұның өзі Кіші жүз бен Орта жүздің Ресеймен өзара шарттық міндеттемелерін жоққа шығаруы мүмкін еді. Жонғар ханының қаһарлы талабын жүзеге асыру қазақ хандарын Галдан-Церенге нақты төуелді етер еді.<sup>84</sup>

Бұл жағдайлар Сібір әкімшілігінің батылдығын нығайтып, ойрат колбасшыларынан «өз адамдарын мұндай ренжітуден тыюды» талап етті. 1742 жылғы 2 қыркүйекте И. И. Неплюев Галдан-Церенге хат жіберді, онда соңғысының назары Ресей бодандығында тұрған қазактардың істеріне аласуға жол берілмейтіндігіне аударылды: «...Әбілмәмбет хан мен сұлтандар өз руларымен және ұлыстарындағы барлық адамдарымен бірге олардың осы өтініші бойынша бодандыққа... қабылданды».<sup>85</sup>

Осындай қыын-қыстау кезде неғұрлым батыл қимылдар күткен жаңа бодандары алдында өзінің беделін түсіргісі келмеген Ресей үкіметі дипломатиялық наразылықтармен шектелмей, «ерекше сақтық шараларын қолдануға» пәрмен беріп, Тобыл мен Екатеринбургтен Жонғариямен шекара-дағы бекіністерге қару апаруға рұқсат етті.<sup>86</sup>

Ресейдің пәрменді шаралары ойраттар қатерін өлсіретіп, соңғыларын қазақ-орыс қатынастарының нығаю барысын аландаушылықпен қадағалауға мәжбүр еткенімен, екі хан – Әбілмәмбет пен Әбілқайыр арасындағы бұрынғы араздық тоқталмады, ол былай тұрсын, біріншісі Орта жүздің батыстағы қоныстарын өз қолына қаратып алмақшы болған үмітін үзбекен Әбілқайырдың жоспарларынан сақтанып, Түркістанға көшіп барды. Сол дәуірдің аса көрнекті қайраткерлерінің бірі Абылай сұлтанды ойраттардың тұтқынға алуы жағдайды қынданат тұсті, оны босатып алу үшін Әбілмәмбет те, Әбілқайыр да пәрменді ешнәрсе қолданбады. Ал И. И. Неплюевтің 1742 жылғы 2 қыркүйекте Галдан-Церенмен «...қазір Сіздің ұлыстарында ұсталып отырған Абылай, басқа да қайсактар босатылсын» деген талабы орындалмай қала берді.

Ол ол ма, үкіметті «жонғарлық Галдан-Цереннің» Әбілмәмбет хан, Барак сұлтан, Жәнібек батыр, «сондай-ақ Кіші Орданың Әбілқайыр ханы өздерінің атакты ақсакалдарымен балаларын аманатқа жіберсін және зекет төлесін» деген талабы туралы хабар аландатты.<sup>87</sup> Шығысында ойрат жерін жұтып жіберу үшін қолайлы сәтті күтіп отырған Цин империясы тарапынан нақты қатер сақталып қалған жағдайда Жонғария бір мезгілде Ресейге де қарсы, қазақ жүздеріне де қарсы екі майданда күресуге бел байлай алмады. Ресейдің онтүстік-шығыс шекара-дағы жетістіктерін көңіту фактісіне Галдан-Цереннің ұстамдылықпен қарағанын кейір дәрежеде сонымен тұсіндіруге болады.

Сібір және Ертіс шептерімен шекаралас аудандардағы ойраттардың соғыс қимылдарының алдын алуға үмтүліп және Жонғарияның өзіндегі жағдай туралы анық мәліметтер алу мақсатында ол жаққа саудагерлер және дипломатиялық адамдар түрінде агенттер жіберілді, олардың міндеттері шенберінде мыналарды анықтау жүктелді: «...бұрынғы жасал-

ған талаптар бойынша Сібір жағына қандай да бір жаман ниеті жоқ па... бұл туралы Сібір губернаторына және қауіп туралы ең жақын қалаларға дереу айтылып отырылсын».<sup>88</sup>

Ойраттардың қазак руларына уақытша одак жасасуға уәде беріп, оларды Ресейдің әскери қорғаныс бекеттеріне айдан салуға күш салған кездері болды. Ойраттардың жекелеген қазак батырлары мен сұлтандарының өкініш туғызатын жөнсіз өрекеттерінен хабардар болып отырғаны күмәнсіз, ал олар бодандыққа қарамастан, шекаралық бекіністерге шабуыл жасап, сонысымен өздеріне деген сенімсіздік туғызды. Мәселен, 1740 жылғы 24 шілдеде Ямышевск бекінісінің комендантты секунд-майор Нелебов: «Қайсақтардың келуі туралы сақтық мықты болсын», — деген бүйрық берді.<sup>89</sup> Осыған байланысты Жонғарияға К. Миллер елшілігінің жіберілуі Ресей боданы — Абылай сұлтанды босату туралы келіссөздермен коса саяси жағдайды зерттеу мақсатын көздеді және Галдан-Церенмен орыс-ойрат қатынастары туралы келісімге қол жеткізуге үмтүлуға тиіс болды.<sup>90</sup>

Атақты ойрат нойондарының бірі Манжа И. И. Неплюевтің атына К. Миллер арқылы жіберген хатында Неплюевтің назарын қазактар жасаған күйзеліске аударып, былай дейді: «сен бодан деп атайтындарың шекаралық (ойраттардың. — Ред.) ұлыстарға алаңдатушылықпен лаң салды... ол қайсақтар Сіздердің емес, ал сен ол бөтендерді өзіміздікі деп атайсын».<sup>91</sup> Ойрат дипломаты И. И. Неплюевке «ұлы мәртебелі Галдан-Цереннің... және басқа (соның ішінде Абылайды. — Ред.) қазак тұтқындарының өрқайсысын өз отанына жіберуге» келіскенін білдірді.<sup>92</sup>

1743 жылғы 23 мамырда К. Миллер Ресейге қайтып оралды, көп ұзамай Абылай сұлтан тұтқыннан босатылып, өз аулына қайтып келді де, ең алдымен өзін тұтқыннан босатып алу және тұтқын кезіндегі тағдырын жеңілдету үшін ойрат ханымен тікелей келіссөз жүргізуден тартынған Әбілмәмбет пен оның баласы Әбілпейіз сұлтанның өрекетсіздігіне өзінің ызаланғанын жасырмай, уақытша жоғалтып алған билік тізгінін жедел қолға ала бастады.

Дегенмен, Галдан-Церен әскери-тірек пункттерінің кейбіреуін жоюды барған сайын табанды түрде талап ете бастады. Барак сұлтанның ұлыстарында болып қайтқан орыс агенті Иван Лапик қайтып келгеннен кейін ойрат өкілінің «...олар (орыстар. — Ред.) салған құрылыштарды қирататын боламыз» дегенін баяндады.<sup>93</sup> 1744 жылдың жазында «Қанқаракөл» деген жерге жиналған қалмақтар туралы барлау жасау үшін Сібір губерниялық кенсе жіберген дворян Федор Мельников Кузнецкіге қайтып келгеннен кейін ойраттардың күш жинап алып, «бір күн де іркілмейді. Сол соғыспен... Колыван зауытына аттанатынын» хабарлайды.<sup>94</sup> 1744 жылдың маусымында Өскемен бекінісіне келген ойрат өкілдері Шерен, Узочаки мен Союн да «Галдан-Цереннің Ертіс бойымен жоғары қарай Зайсаннан 7 күндік жерге көшіп келгені туралы» мәлімдеді.<sup>95</sup>

Ойрат күштерінің шекаралық шептен кенеттен өтіп кетуінің алдын алу мақсатында Жонғариямен шекарада қарулы қактығыстар бола қалған жағдайда қорғаныстық сипаттағы бірсыныра шаралар жүзеге асырылды. Әскер саны көбейтілді. 1744 жылды ғана үш бекініске — Железинск, Семей және Өскемен бекіністеріне 35 зенбіректен тұратын артиллеријасы бар 7400 адам-

дық гарнizon орналастырылды. Ерекше қызмет – Сібір шекаралық шебінің бастығы қызметі белгіленіп, оған генерал-майор И. В. Киндерман тағайындалды, солтүстігінде Сібір редуттарынан Алтайдағы Колыван зауыттарына дейінгі орасан зор қашықтықта Ертістің оң жағалауын отарлаудың кеңейтілуі соның есімімен байланысты. Кен қазушы көсіпорындар үшін қосымша «полисадтары мен рогаткалары бар арзан бекіністер» салынатын болып шешілді.<sup>96</sup> Қолданылған шаралардың нәтижесінде, едәуір ірі, ұрысқа бейім бес бекіністен (Омбы, Коряков, Ямышевск, Өскемен және Семей) басқа 31 форпост пен редут пайда болды, олардың қорғанысқа бейімделуі онша болған жок, көпшілігі «бөрене дуалмен, ормен» ғана коршалған еді.<sup>97</sup>

Әскери бекеттердің болуы Алтайдың тау-кен зауыты көсіпорындарының еркін жұмыс істеуі үшін ғана емес, кейбір дәрежеде көшпелі қазақтардың мұдделерін қорғау үшін де объективті жағдай жасады.

Үкімет ойраттарды біртіндеп ығыстырып шығаруға ұмтылып, аудандарға тау-кен зауыты көсіпорындарының өр жерге орналастырылуын барынша қолдап отырды. Мұны да ойрат билеушілері қазақтарды Ресей әкімшілігіне қарсы қою мақсатында шебер пайдаланды: «...сендерден (казақтардан. – Ред.) Жайықтың арғы жағын тартып алып, қолдарына қаратты, олар сендерге көшетін жер де қалдырмайды...».<sup>98</sup>

Осы жағдайдың бәрін ескере келіп, Ресейдің әкімет орындары әскери бекеттерді нығайтты, гарнizonдар, бекіністер санын көбейтті.

Ішкі губерниялардан Жонғариямен шекарарадағы әскерлерді толықтыру үшін ауыстырылған тұрақты бес полктің онтүстік-сібір шекарасына жақындағаны туралы ескертілген Галдан-Цереннің ұрыс қимылдарын қайта бастауға батылы бармады.

Үкімет онтүстік-шығыс шекарарадағы жағдайды қалыпқа түсіріп алды; ойраттармен осының алдындағы толассыз қактығыстардан біраз ес жиып алған қазақтар көрші халықтармен бұрынғы байланыстарын жаңартты, олар шекаралық бекеттер арқылы үзілістермен және болмашы дәрежеде жүзеге асырылып келген еді.

Бұл кезенде Кіші жұз башқұрт халқының кезекті көтерілісімен дүрлігулі болатын. Тұрақты әскерлердің үстемелдете жасаған соққыларына төтеп бере алмай, көтерілісшілердің бір бөлігі, бұрын 30-жылдарда болғанындай, пана табу үмітімен қазак даласына қашты. Солардың катарында өзін ойраттың атакты батыры Шона батырдың есімімен атаған башқұрт қозғалысы жетекшілерінің бірі – Карасақал да бар еді. Орынбор әкімшілігінің қысымына ұшырай бастаған Кіші жұз аудандарының да көтеріліске қамтылуы мүмкін екенінен шын қауіптену патшалық әкімет орындарының «бұл халықтар арасындағы араздықты тереңдете түсуіне» тұрткі болды. 1744 жылы Орынбордың бірінші губернаторы болған И. И. Неплюевке «...қазак феодалдарынан ауылдарда жасырынып жүрген көтеріліске қатысушыларды ұстап беруге қайткенде де қол жеткізу міндеті жүктелді».<sup>99</sup> Ол кезде Әблқайыр хан өзінің Кіші жұзбен шектес аудандардағы саяси дүшпандарымен үздіксіз күреске тартылып жүрді. Бұл жолы ол башқұрттар қозғалысын басуға ресми түрде тартылған жок.

Сонымен қатар аймакта көрінеу жау жокта бекіністі шептер салудың кеңейтіле түсінің қазақ ханын қатты алаңдатты. Осы қатаң бағытты

жүргізуші И. И. Неплюевпен оның дұрдараздық қатынастары қалыптасты.

Жайық шебі кенейтіліп, қазактардың өз иеліктерінде өзеннің он жағасына еркін өтуін жауып таstadtы; шығыстағы Үй шебі Новоишим шебімен қосылуға тиіс болды, өз кезегінде, ол Сібір редуты арқылы Ертіс шебімен байланысып жатты.

Батыска Жоғарғы Үй және Төменгі Үй болып бөлінетін Үй шебі Оңтүстік Орал сырты жерін қамтыды. Төменгі Үй дистанциясына 1743 жылы негізі қалаған Троицк бекінісі енді. Кейінректе оған бұрын Новоишим шебінің құрамында болған Звериноголовск бекінісі берілді.<sup>100</sup> Бекіністі бекеттерді жалғастыру жөніндегі нысаналы шаралар аяқталғаннан кейін Орынбор, Новоишим, Ертіс, Сібір, Үй шептері Қазақстанның солтүстік-батыс және солтүстік-шығыс аймақтарын қоршап алғып, Оралдың, Сібірдің, Алтайдың шектес жерлерін де қамтыды; Жайықтың сағасынан Өскемен бекінісіне дейін, ұзындығы 3,5 мың шақырым және негізінен казак контингенті қоныстандырылған жерде бекіністер мен форпостардың тұтасып жатқан тұтас шебі қалыптастырылды. Осы жұмыстардың жүргізілуіне байланысты қазактардың көшіп жүретін қоныстары шамамен 70 мың шаршы шақырымға кесіп тасталған болып шыкты.<sup>101</sup> Мұндай саясатқа қарсы шыққан номадтарға ойдан шығарылған айыптаулар (ұрлық және қаракшылық) тағылып, алыс жерлерге жер аударылды. Көтерілісшілер жөнінде қатаң шаралар қолдануға Орынбордың бірінші губернаторы И. И. Неплюев пен оның пікірлесі генерал-майор Штойман мұрындық болды.<sup>102</sup>

И. И. Неплюев Әбілқайыр ханның билігін шектеуді, хан сайлаудың дәстүрлі ресімін өзгертуді де жақтап, «қырғыз-қазақ хандарының өздері хандықты өз адамдарының, халық-еркі бойынша емес, ұлы мәртебелі императордың асқан жоғары рұқсатымен алғаны» пайдалы деп санады.<sup>103</sup>

А. И. Тевкелевтің ханды И. И. Неплюевпен татуластыруға жасаған өрекеттерінен ешнәрсе шықпады, ал Әбілқайырдың Орта жүздің көрнекті шыңғыс ұрпақтарымен, негізінен алғанда, Баракпен тайталасы да оның жағдайын өлсіретіп, төмендете берді.

Ол кезде, сірө, Әбілқайыр Абылай сұлтанмен жақсы қатынас жасаған болса керек. Барак өзінің ежелгі бақталасын өлтіру жоспарын ойластырып, Абылайдың ордасына оның қолдауына сүйену үшін «тыңшы» жіберген кезде, «жауыздық пиғылға ашуланған» Абылай оны өз ұлысының шегінен қуып жіберген.<sup>104</sup>

30 жылға жуық уақыт бойы қайнаған оқиғалардың қак ортасында болған Әбілқайырдың күтпеген жерден қаза табуын басқа жағдайлармен қоса, көп жағынан алғанда ең алдымен оның өз бәсекелестерін саяси аренадан барлық амалдарды қолданып ығыстырып шығаруға деген шамадан тыс пиғылымен, Арап жағалауы мен Хиуа ауданында көшіп жүрген қазактарды өз билігіне толық бағындыру мақсатымен түсіндіру керек. Ол хандықта бірсыныра уақыт бойы Әбілқайырдың мұрагері – Нұралы билеуші болды.

Әбілқайырдың өз баласы Ералы сұлтан біраз ықпалды болған Орта жүзде өзінің жағдайын нығайту мүмкіндігі зор еді. Бұл жағдай оған Әбілмәмбет хан тарапынан сенімсіздікті күшетті, бұрынғыша оны мансапқұмар деп санаған, Кіші жүз ханының Ресей әкімшілігіне сүйеніп, Орта жүздегі басқару тізгінің өз қолына алуына мүмкіндік бергісі келмеген Барак сұлтанның табанды қарсы өрекетін туғызды.

Барак сұлтан да Ресеймен жақындасуға қарсы болған жоқ: оның сенім білдірген адамдары Петербургке шақырылды, Ресей императрицасына адалдыққа ол да айт берді. Сондықтан да Әбілқайыр өлімінің себебін өзінің жеке бақталасы шебер құрған торға түсіп, 1748 жылдың тамызында оның өзі құрбаны болған ішкі саяси құрестен іздестіру керек; екі жыл өткен соң Барактың өзі де өлді, сыйыстарға қарағанда, Түркістанға жақын жерде жергілікті билеушілердің бірі у берген көрінеді.<sup>105</sup>

Тартысты оқиғаларға толы 40-жылдар қаза тапқан ханның үлкен ұлы – Нұралының хан сайлануымен, соның ішінде қазақ-ойрат тектіресінің кезекті кескілескен кезеңімен, ымырасыз екі тұлғаның – 1745 жылы Галдан-Церенниң және 1748 жылы Әбілқайырдың өлуімен аяқталады; осы оқиғалардан кейін ойрат хандығында билік үшін құрес басталып, бір кездегі құдіретті елін өлсіретті, ол өзінің өмір сүруінің соңғы фазасы кезеңіне аяқ басты; екіншісінен кейін хан билігін біртіндеп өлсірету кезеңі туып, Қазақстанды казактардың ашық өске-ри отарлауы үшін негізді кеңейтті.

<sup>1</sup> Толығырақ қар.: Златкин И. Я. История Джунгарского ханства. 1635–1758 гг. (Второе издание). М., 1983; Гуревич Б. П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX вв. М., 1979; Мусеев В. А. Джунгарское ханство и казахи XVII–XVIII вв. А., 1991.

<sup>2</sup> Касымбаев Ж. К. Под надежную защиту России. А., 1986; Сонықи. Государственные деятели казахских ханств в XVIII в., т. I. А., 1999.

<sup>3</sup> Памятники Сибирской истории XVIII в., кн. II. СПб., 1885, 148-б.

<sup>4</sup> Государственный архив Омской области Российской Федерации (ГАОМ ОРФ), ф. 366, оп. 1, д. 2, л. 1.

<sup>5</sup> Бұл да сонда.

<sup>6</sup> Российский Государственный военно-исторический архив (РГВИА), ф. 483, оп. 1, д. 240, л. 1.

<sup>7</sup> Андриевич В. К. История Сибири, ч. 2. СПб., 1889, 293-б.

<sup>8</sup> ГАОМ ОРФ, ф. 366, оп. 1, д. 2, л. 4.

<sup>9</sup> Бұл мәліметтер оның 1719 жылдың қантарында Сенатта жасаған есебінде көрсетілді. Кейінгі зерттеулерде экспедицияның құрамы (2902 адам) жөнінде түрлі пікірлер айтылады. Қар.: Чимитдоржисев Ш. Б. Взаимоотношения России и Монголии XVII–XVIII вв. М., 1978, 139-б; (2932 адам). Қар.: Златкин И. Я. История Джунгарского ханства, 226-б.

<sup>10</sup> Российский государственный архив древних актов (РГАДА), ф. 199 (портфели Миллера), оп. 2, д. 2 об.

<sup>11</sup> Гуляев Г. Заметки об Иртыше и странах им орошаемых //Вестник ИРГО, ч. III, отд. IV. СПб., 1851, 50-б.

<sup>12</sup> Памятники сибирской истории XVIII века, кн. II, 151-б.

<sup>13</sup> Бұл да сонда, 126–127-б.

<sup>14</sup> Бұл да сонда, 127-б.

<sup>15</sup> Зиннер Э. П. Известия шведских военнопленных в Сибири. Иркутск, 1961, 9-б.

<sup>16</sup> Абрамов Н. Областной город Семипалатинск //Записки ИРГО, кн. I. СПб., 1861, 131–132-б. Толығырақ қар.: Касымбаев Ж. К. Экспедиция М. Д. Бухгольца и создание Прииртышских крепостей в начале XVIII в. //Исторические науки, вып. 1. А., 1974, 37–38-б.

<sup>17</sup> Андриевич В. К. Көрсетілген енбегі, 295-б.

- <sup>18</sup> Памятники сибирской истории XVIII в., кн. III, 127-б.
- <sup>19</sup> Щеглов И. В. Хронологический перечень важнейших событий в Сибири (1032—1882 гг.). Иркутск, 1882, 16-б.
- <sup>20</sup> Памятники Сибирской истории XVIII в., кн. II, 153-б.
- <sup>21</sup> Казахско-руssкие отношения в XVI—XVIII вв. (Документы и материалы). Документ № 16. А., 1961, 18—19-б. (КРО-1).
- <sup>22</sup> РГАДА, ф. 139, оп. 1, д. 365, л. 203.
- <sup>23</sup> Армстронг И. А. Семипалатинские древности //Известия археологического общества. 1859, вып. IV, т. 1, 203-б.
- <sup>24</sup> Шеманский А. 200-летие приступа к Петровским военно-разведочным экспедициям //Военно-исторический журнал. 1916, № 14, 16-б.
- <sup>25</sup> Риттер К. Землевладение в Азии. СПб., 1859, 291-б.
- <sup>26</sup> Городское поселение Российской империи, т. IV. СПб., 1864, 474-б.
- <sup>27</sup> КРО-1, 62-б.
- <sup>28</sup> Златкин И. Я. Қөрсетілген еңбегі, 387-б.
- <sup>29</sup> Қар.: Добросмыслов А. И. Материалы по истории России. Сборник трудов и других документов, касающихся управления и устройства Оренбургского края. 1734. Оренбург, 1900, т. 1, 108-б.
- <sup>30</sup> Лебедев В. Из истории сношения казахов с царской Россией в XVIII в. //Красный архив, т. 5 (78), 1936, 130-б.
- <sup>31</sup> Рычков П. И. История Оренбургская (1730—1750). Оренбург, 1896, 5-б.
- <sup>32</sup> Қар.: Разные бумаги генерал-майора Тевкелева об Оренбургском крае и о киргиз-кайсацких ордах. 1762 //Временник императорского Московского общества истории и древности Российских, кн. XIII. Смесь (3-я пагинация). М., 1852, 15—19-б.
- <sup>33</sup> Архив внешней политики Российской империи (АВПРИ), ф. 122, оп. 122/4. 1731, д. 5, л. 5 об.
- <sup>34</sup> Құл да сонда, л. 2.
- <sup>35</sup> Құл да сонда, л. 2 об. Сонымен катар Әбілқайырға алмас қылыш сыйға тартылған.
- <sup>36</sup> Құл да сонда, л. 4.
- <sup>37</sup> Қар.: Маев Н. А. Очерк истории киргизского народа с 1732 по 1868 гг. //Материалы для статистики Туркестанского края. (Ежегодник), вып. 2. СПб., 1873.
- <sup>38</sup> Рычков П. И. Топография Оренбургской губернии. СПб., 1762, 45-б.
- <sup>39</sup> КРО-1, 50-б.
- <sup>40</sup> Құл да сонда.
- <sup>41</sup> Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства, 7-б.
- <sup>42</sup> Разные бумаги генерал-майора Тевкелева, 16-б.
- <sup>43</sup> Досмухамедулы Халел. Избранное. А., 1998, 33-б.
- <sup>44</sup> АВПРИ, ф. 122, оп. 122/3, д. 5. 1731, л. 10—10 об.
- <sup>45</sup> Лебедев В. Из истории сношения казахов, 205-б.
- <sup>46</sup> Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства //Материалы для географии и статистики России. СПб., 1865, 6-б.
- <sup>47</sup> Рычков П. И. История Оренбургская (1730—1750). Оренбург, 1896, 8-б.
- <sup>48</sup> Мусеев В. А. Қөрсетілген еңбегі, 109-б.
- <sup>49</sup> Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства, 7-б.
- <sup>50</sup> АВПРИ, ф. 122, оп. 122/3. 1791, д. 1, л. 64 об.
- <sup>51</sup> Добросмыслов А. Материалы по истории России. 1734, т. 1, 119—120-б.
- <sup>52</sup> Дополнения к «Истории Оренбургской» П. И. Рычкова //Труды Оренбургской ученой архивной комиссии, вып. XXXIII. Оренбург, 1916, 100-б.
- <sup>53</sup> АВПРИ, ф. 122, оп. 122/4, д. 1734. 6, л. 1.

- <sup>54</sup> Добросмыслов А. И. Башкирский бунт в 1735, 1736, 1737 гг. //Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Оренбург, 1900, вып. VIII, 9-б.
- <sup>55</sup> Революционная и трудовая летопись Южно-Уральского края. Хрестоматия. Челябинск, 1980, 14-б.
- <sup>56</sup> Устюгов Н. В. Башкирское восстание 1737–1739 гг. М., 1950, 8-б.
- <sup>57</sup> Записки И. И. Неплюева. СПб., 1853, 105-б.
- <sup>58</sup> Устюгов Н. В. Көрсетілген еңбегі, 24-б.
- <sup>59</sup> Попов И. А. Татищев и его время. СПб., 1851, 179-б.
- <sup>60</sup> Материалы по истории Башкирской АССР, ч. 1. М.-Л. 1936, 324-б.
- <sup>61</sup> Рычков П. И. История Оренбургская (1730–1750), 97-б.
- <sup>62</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1. А., 1960, 37–38-б.
- <sup>63</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев – верный слуга своего отечества, основатель Оренбурга и устроитель Оренбургского края. Казань, 1891, 153-б.
- <sup>64</sup> Бұл да сонда, 153-б.
- <sup>65</sup> Бұл да сонда, 155-б.
- <sup>66</sup> Қар.: Дебу И. Топография и статистическое описание Оренбургской губернии. М., 1837, 175–192-б.
- <sup>67</sup> Госархив Оренбургской области (ГАОрО), ф. 2, оп. 1, д. 12, л. 1–81.
- <sup>68</sup> Бұл да сонда, л. 29 об.
- <sup>69</sup> Добросмылов А. И. Тургайская область. Исторический очерк //Известия Оренб. отд. ИРГО, вып. XV. Оренбург, 1900, 55-б.
- <sup>70</sup> Бұл да сонда, 56-б.
- <sup>71</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г., т. 3. Казань, 1891, 681-б.
- <sup>72</sup> Бұл да сонда, т. III, 685–686-б.
- <sup>73</sup> Записки генерал-майора Ивана Васильевича Чернова //Труды Оренб. ученой архивной комиссии, вып. XVIII. Оренбург, 1907, 18-б.
- <sup>74</sup> Матвеевский П. Е. Абулхайр, поборник единения казахского народа с русским //Ученые записки Чкаловского госпединститута, вып. 1. Чкалов, 1946, 101-б.
- <sup>75</sup> Рычков П. И. История Оренбургская, 65-б.
- <sup>76</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край, 157-б.
- <sup>77</sup> Левшин А. И. Көрсетілген еңбегі, 206–207-б.
- <sup>78</sup> Касымбаев Ж. К. Политика Абулхаир-хана в принятии Младшим жузом Российского подданства в 30-х годах XVIII в. //Поиск. № 5, 1997, 62–72-б.
- <sup>79</sup> ГАОрО, ф. 3, оп. 1, д. 18, л. 196–197.
- <sup>80</sup> Добросмылов А. И. Тургайская область. Исторический очерк, 84-б.
- <sup>81</sup> Сулейменов Р. Б. Моисеев В. А. Из истории Казахстана XVIII в. А., 1988, 34-б.
- <sup>82</sup> Архивные материалы о русско-джунгарских и китайских отношениях (рукописные материалы) /Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. в 5-ти томах, т. IV. А., 1985, 210-б.
- <sup>83</sup> Аполлова Н. Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – первой половине XIX вв. М., 1960, 121–122-б.
- <sup>84</sup> Қар.: Вяткин М. П. К истории распада казахского союза //Материалы по истории Казахской ССР (1741–1751 гг.), т. II, ч. II. А., 1948, 9-б.
- <sup>85</sup> КРО-1, 228-б.
- <sup>86</sup> Государственный архив Алтайского края РФ (ГААК РФ), ф. 169, оп. 1, д. 55, л. 106.
- <sup>87</sup> АВПРИ, ф. 113, оп. 113/1. 1743, д. 3, л. 1.
- <sup>88</sup> Добросмылов А. И. Материалы по истории России, т. 1, 63-б.

- <sup>89</sup> Центральный Госархив Республики Казахстан, ф. 630, оп. 1, д. 1, л. 183. (ЦГА РК).
- <sup>90</sup> Толығырақ қар.: Ерофеева И. В. Русско-джунгарские отношения в 40-х годах XVIII в. и Казахстан (посольство К. Миллера) /Из истории международных отношений в Центральной Азии. А., 1990, 51–53-б.
- <sup>91</sup> АВПРИ, ф. 113, оп. 113/1. 1743, д. 3, л. 20 об.
- <sup>92</sup> Бұл да сонда.
- <sup>93</sup> Государственный архив Новосибирской области РФ (ГАНО РФ), ф. 869, оп. 1, д. 56, л. 216.
- <sup>94</sup> Бұл да сонда.
- <sup>95</sup> ГААК РФ, ф. 163, оп. 1, д. 55, л. 101 об.
- <sup>96</sup> Бұл да сонда, л. 106.
- <sup>97</sup> ГААК РФ, ф. 132, оп. 1, д. 29, л. 14.
- <sup>98</sup> ГАНО РФ, ф. 869, оп. 1, д. 56, л. 216.
- <sup>99</sup> Записки И. И. Неплюева, 157-б.
- <sup>100</sup> Рычков П. И. Топография Оренбургской губернии, 342–343-б.
- <sup>101</sup> Аполлова Н. Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией, 132–133-б.
- <sup>102</sup> АВПРИ, ф. 122, оп. 122/3. 1747, д. 1, л. 1, 1 об.
- <sup>103</sup> АВПРИ, ф. 122, оп. 122/1. 1747, д. 1, л. 1.
- <sup>104</sup> Вельяминов-Зернов В. В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и сношениях России и Средней Азии со временем кончины Абулхаир хана (1748–1765), т. 1. Уфа, 1853, 4-б.
- <sup>105</sup> Добросмыслов А. И. Тургайская область. Исторический очерк, 84-б.

# **ХІІІ–ХІХ ғАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ**

*Tөртінші тарау*

## **XVIII–XIX ғАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ**

### **1. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысындағы казак қоғамының шаруашылық қызметін бір мағынада бағалау мүмкін емес. Экономикалық кәсіптердің сипатын қатаң бір формуламен және белгілі бір типологиялық шеңбермен байланыстыруға болмайды. Онда елеулі өзгерістер болмағанына қарамастан, дегенмен оның түрлері сан алуан болды. XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысындағы экономиканың жай-күйін сипаттайтын материалдар соның алдындағы дәуірлердің деректерімен салғастырған кезде шаруашылықтың дамуы көп жағынан физикалық (физикалық-географиялық орта, қуандыштық және т.б.) факторларға да, саяси (саяси бағдардың ауысуы, көршілердің шабуыл жасауы, өр түрлі соғыстар және т. б.) факторларға да тәуелді болғанын көрсетеді.

XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысында шаруашылық дамуының барысы сауда көлемінің біртіндеп өсе түсімен және сайып келгенде рынокқа тәуелділікпен анықталды. Зерттеліп отырған уақытта қазактардың шаруашылығында болған елеулі өзгерістер – солтүстіктегі көршінің неғұрлым дамуған экономикасы ықпалының нәтижесімен жүзеге асты.

XVIII–XIX ғасырлардағы шаруашылық дамуының негізгі сыртқы өлшемдері мынадай ерекшеліктерден көрінеді. Біріншіден, соның алдындағы дәуірлерден айырмашылығы жер қатынастары жүйесінде көшпелі қауымдар анықталуының үдемелі үрдісі жүріп жатты, қазактардың отырықшылану үрдісі күшнейеді. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде онтүстікте қалыптасқан шаруашылық күйзелісі («Ақтабан шұбырындыға» байланысты) содан соң Солтүстік-батыс және Солтүстік Қазақстан аумағына да таралады. Көшпелі топтардың ішінара отырықшылануы кейіннен Орта Азияда «құрама» үлгісіндегі кіші этникалық топтардың қалыптасуына және өр түрлі рулардың араласуына өкеп соқты.

Қазактар шаруашылығының даму сарыны айырбас саудаға негізделді. XVIII ғасырдың орта шенінде қазактардың онтүстіктегі қыскы қыстаулардан солтүстік жаққа (Сарыарқа аумағына) ауысуына байланысты сауда Ресей шекарасына қайта бағдарланды.

Сонымен бірге аумактық байланыстар баяу дамиды. Аумактық байланыстар құрылымының ең айқын белгілері: қыскы тұрақты тұрғын үйлер мен шаруашылық құрылыштардың жаппай салынуы, жер пайдаланудың түрлі ны-

сандарының дамуы, пішен шабу мен егіншіліктің таралуы, рыноктық орталықтармен жақындасу болып табылады. Жаңа құбылыстар экономикалық өмірде XIX ғасырдың ортасынан бастап орныға бастады. XVIII ғасырдың бүкіл бойында және XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамы материалдық өндірісінің негізі бұрынғысынша көшпелі мал шаруашылығы болып қала береді. Бұрынғы уакыттағы сияқты, мал жыл бойы өз аяғымен тебінде жайылды. XVIII ғасырда дәстүрлі егіншілік пен қалалардың рөлі зор болды. Экономикалық өмірде шаруашылық қызметінің түрлі салаларының үйлесімді ұштасуы қазақ қоғамы дамуының дәрежесімен анықталады. Қазақ қоғамының материалдық негізі бола отырып, шаруашылық укладтары қазақ қоғамының өртүрлі әлеуметтік-саяси құндылықтары мен институттарын белгілеп берді.

Көшпелі тұрмыс салтының өкілдері бола отырып, қазактар сонымен бірге егіншілік және қолөнершілік кәсіптерін тоқтатқан жок. Қалалар мен егіншілік жазиралар, әлбетте, Қазақ хандығының экономикалық жүйесіне XVIII ғасырдың басында енді. Кала айырбас пен қолөнер орталығы болды. Деректемелерге қарағанда, XVIII ғасырдың басында қазактардың көшпелі мал шаруашылығы егіншілікті және қалалы орталықтармен тығыз байланысты болған. Қазақ хандығын ұзак уакыт тіршілік еткізген ең қуатты экономикалық әлеуетті қалыптастырған да, қолөнер мен керуен саудасының тұракты дамуына жәрдемдескен де осы құбылыс болатын.

Шаруашылық қызметтің кешенді белгілері 1697 жылы Қазақ хандығында болып қайткан Ф. Сибин мен М. Трошин елшілігінің материалдарында былай деп көрсетілген: «... Қазақ Ордасының бәрі Түркістанға жақын, қалаға кала көрініп тұрады, алыс қалалар тастан көрінбейді, оларға дала арқылы 3 күннен жүреді, Сырт (Сырдария. – Ред.) өзенінен алыс қашықтықта, өзендердің бойында жақын тұрмайды, олардың қалаларында құдықтар көп, олардың барлық қалаларының саны 20. Түркістан бекінісі мен қалалар дуалмен Коршалған, дуал топырақ және дуалды бойлай шикі кірпіштен қабырғалар қаланған, үйген топырақпен қоса қабырғаның биіктігі үштен екі сажын, ені кей жерде сажын, кей жерлерде көбірек және азырақ, тәбесіне қарай бір жарым және 2 аршыннан, олардың қалаларындағы дуалдар кірпішсіз, топырақ дуалдар көп, топырақтығыз және сусымайды, қазылған орлар жоқ. Сол қалалардың бәрінде бұхарлықтар тұрады, қазактар аз, қазактардың бәрі көшіп жүретін жерлерде, егістік алқаптарда тұрады, олардың егістіктері аз, жылқысы мен қойы көп, сиыр аз, етпен және сүтпен азықтанады».<sup>1</sup>

Кала халқына келесі сипаттаманы табын руының белгілі батыры Бекенбай берген: «Оларда, қырғыз-қайсақтарда қалалар, атап айтқанда: Ташкент, Түркістан, Сайрамға, оларға қарайтын қалалар мен кенттер болған және оларға қырғыз-қайсақ хандары мен аксакалдары иелік еткен. Ол қалаларда сарттар, яғни отырықшы мұжықтар тұрады, олардан алым алынады». XVIII ғасырдың басындағы сарттар мен қазактар арасындағы өзара қатынастарды Бекенбай батырдың: «Ал қазір оларға ешкім иелік етпейді және алым алмайды, уайым-қайғысыз тұрып жатыр» деген сөздері сипаттап береді.<sup>2</sup>

Жіті қараған жағдайда кала халқының, көшпелі қазактардың өзара қатынастарынан шынына келгенде алым-салық төлеуші үлгісіндегі тәуелсіздік те айқын аңғарылады. Қала тұрғындары бірқатар міндеткерлік ауыртпалығын көтерді, оларға салық салынды, ара-тұра хандарға және олардың жақындарына сыйлықтар апаруға, қазақ хандары жүргізген соғыстарға көмекші күш ретінде қатысуға тиіс болды.

Көшпелілерге мемлекет пайдасы үшін салық салынбай, ал «көшпелі қырғыз-қайсақтардан хандар ешқандай алым алмайтын, алынбауға тиіс» жағдайларда отырықшы халықтан алым алу Қазақ хандығында өлеуметтік қатынастардың күрделі болғанын дәлелдейді. Қазақстандағы қала тұрғындарының жағдайын анықтаған тәуелділік нысандарын талқылауды тәптіштей берудің қажеті жок, бірақ Қазақ хандығының шаруашылық өмірінің өсіресе сауда мен колөнер сияқты кірісті салаларын жеке-дара дерлік билей отырып, сол салада зор рөл атқарғанын атап өтпекшіміз. Көпестердің қазақ аксүйектерінің маңызды дипломатиялық тапсырмаларын орындауды жиі кездесетін.

Шаруашылықтың өр түрлі салалары мен оларды жүргізушілердің өзіндік топтасуы қазақ шежіресінде де расталады. Оларда қазактардың, өсіресе сұлтандар сословиесі мен ру шонжарлары өкілдерінің Орта Азияның қалалары мен отырықшылық-колөнершілік орталықтарын басқаруға қатысуы туралы алуан түрі нақты материалдар көп. Қалалар мен жазиралар Қазақ хандығының құрамында болып, көшпелілердің экономикалық серігі рөлін аткарып қана қойған жок, қыншылықты және дағдарысты жылдарда олар кедейленген көшпелілер үшін өзінше бір материалдық-экономикалық қойма ретінде қызмет етті.

XVIII ғасырдың басындағы қазақ қалаларының саны 11-ден 32-ге дейін ауытқып отырады, сірә бұл есептеулер ірі қыстақтардың қаншалықты енгізілуіне байланысты болар. Қазақ хандығының жағдайы туралы жақсы хабардар жонғар елшілері Иркутскіде былай деп хабарлаған: «... олардың қалалары он бір, әміршісі Төуке тұратын ол қаланы Ясу деп айтады, көлемі жағынан қала орташа, айналасындағы қалашықтармен қосқанда үлкен...».<sup>3</sup>

«Қазақ ордасында қалаларға жақын жерге өр түрлі астық себеді, селоларға баратындар да көп, ал өр түрлі мал саны көп, олардың малында түйелер, аттар да, есектер де, өр түрлі ірі қара да бар, сондай-ақ қалалар мен селоларда бау-бақша көп, бактарда көкөністер, алма мен жүзім, шие де, қара өрік те, жиде де, жанғақ та үлкен болып жиі өседі, сондай-ақ өзге де көптеген көкөністер бар», – деп атап өтеді өз хабарламасында жонғар елшілері.<sup>4</sup>

Деректемелерде қазактардың егіншілікпен айналысқаны теріске шығарылмайды, дегенмен егіншілік өрине қосалқы кәсіп сипатында болды. Түркістанғана ерекше еді. Мұнда неміс зерттеушісі Рейнхард Юнгтің анықтауы бойынша, Түркістанда оның өзі «түріктің жазиралық-аумақтық шаруашылығы» деп атаған шаруашылық үлгісі қалыптасқан, онда «суландыру құрылыштарын күтіп ұстau үшін барлық халық нақты міндеткерлік атқаруға міндетті болған және (иеленуші. – Ред.) бұған көктем сайын өз қолымен басшылық еткен». Билік басындағылар суармалы егіншілікті үйымдастыруға мұдделі болды (Reinhard Junge. Das problem der Europa. Sierung orientalischen Wirtschaft. 1915, S. 136-137, 141).

Көшпелі қазактар өздерінің қыскы қыстаулары жанына құнарлы жердің шағын участеклеріне дән сеуіп, басқалармен бірге жайлауға кететін. Кейбір жағдайларда көшіп жүретін егіншілер егістікті күзету және құту үшін белгілі бір ақы төлейтін болып өздерінің кедей туыстарын қалдыратын. Қазақтардың өздеріне бағынышты қалмактарды, қарақалпақтарды және басқаларын егіншілікпен айналысуға мәжбүр еткені де сирек кездеспейтін.

Көшпелі мал шаруашылығы тараптап аудандар Қазақстан даласының орасан зор кеңістігін алғып жатты. XVIII ғасырдың басында солтүстік шекарасы Ертістің оң жағасын бойлай өтті.

XVIII ғасырдың басындағы қарулы қактығыстар мен ішкі қырқыстарға, мекендейтін және мал бағатын орын іздең, алыс жерлерге үздіксіз көшіп-қонуға қатысты шиеленісті оқиғалардың ең басты бір себебі – аумақтық иелікке талас болды. Осы оқиғалардың бәрінен мына бір бағалы қасиет айқын көрінеді – XVIII ғасырдың басында-ақ қазактар Еуразияның орасан зор кеңістігінде Ресеймен, Жонғариямен және басқа елдермен күрделі күрес жүргізіп келген. Аумақтық проблемалардың сыртында әрқашанда шаруашылық проблемалары тұрады. Көшпелі шаруашылық жағдайлары жайылымды үнемі ауыстырып отыруды қажет етеді, мұның өзі жер көлемі жеткілікті және жердің пайдаланылуы реттелген жағдайдағана мүмкін болмак. Көшіп жүретін аймақтың кеңдігі мал шаруашылығының ең басты шарты деп саналады. «Ертеде барлық қазактардың ойлайтыны мен дәлелінің түп негізі мал болды, – деп жазады Ш. Уәлиханов. – Біз өз өмірімізді мал шаруашылығының талаптарына бейімдеп құрып келдік. Біздің бабаларымызда тұрақты қыстау, дәл сол сияқты жазғы жайылым үшін бөлінген жер де болған жок. Бір жерде шөп шықтай қалған кезде, біздің әкелеріміз ешқандай қашықтықтан тайынбай, басқа, неғұрлым қолайлар жерлерге кетіп қалатын.

Кіші Орданың қазактары жазда Орынбор маңында және Мұғалжар тауларында көшіп жүрді, ал қысты Сырда және Борсық құмдары мен Қаракұмда өткізді, Орта Орданың қазактары бір жазда Семей тубінен Троицкіге қарай барып, кері қайтып отырған. Осындай тұрмыс салты жағдайында қатты қыстың қазіргі сияқты қатерлі сипатта болмағаны түсінікті».<sup>5</sup>

Ш. Уәлиханов қазактар XIX ғасырдың орта шенімен салыстырғанда XVIII ғасырда өлдекайда бай болған деп санады: «Сібір қазактары сыртқы приказдар құрылғанға дейін байырак болған, бұл – титтей де күмән келтірмейтін факт: өткен ғасырдың аяғы мен осы ғасырдың басында Орынбор және Сібір шептеріне айдап әкелінген малдың саны мен 20–30-жылдардағы ресми есептеулерге көз салудың өзі жеткілікті. Осы соңғы дәуірде 10 мың үйір жылқысы болған қазактар аз болмаған».<sup>6</sup>

1803 жылы Орынбор губернаторы XIX ғасырдың басындағы қазактардың мал шаруашылығының жай-күйін соның алдындағы көрсеткіштермен салыстыра келіп, «бұқіл дала өнірінде мал шаруашылығының көрінеу кемушілігі бар» деп жазды.<sup>7</sup>

XVIII ғасырдың басында мал қысы-жазы өз аяғымен жайылатын. Жайылым ауыстыра отырып, казак қауымдары кең-байтақ даламен қыста Орталық Азияның ең онтүстігіне, ал жазда Қазақстан далаларына қоныс аударып жүрді.

XVIII ғасырдың басында Кіші жүз руының малды ауылдары қыс кезінде Сырдария мен Әмударияның төменгі ағыстарын қоныстанды. XVII ғасыр қазактарының жадында Хорезмнің солтүстік жағы мен Бұхараның шығыс аудандары өздерінің тарихи жері деген сенім мықтап сақталған.

Орта жүз ауылдары Түркістан, Шығыс Бұхара және Самарқан аумағымен, сондай-ақ Талас өзені алқабымен көбірек байланысты болды. Қазактардың халықтық зердесінде Бұхараның нақ онтүстік-шығыс шет аймақтарында қазактар бастан кешірген көптеген оқиғалардың жаңғырығы сақталған. Бұл жер



Көш (П. С. Палластың «Ресей мемлекетінің әр түрлі провинцияларына саяхат (1773 – 1788) атты этнографиялық еңбегінен).

Жиделібайсын деп аталады. Фольклорлық материалдар бойынша ол арманға айналған жер, Жиделібайсының онтүстік шекарасы Ауғанстанмен шектесіп жатыр.

Ұлы жүздің ауылдары Ташкент төңірегіне ұмтылды. Ірі ауылдардың кейбіреуі жақсы жайылым ізден, одан да онтүстік жакқа, Ходжент пен шығыс Бұхара шегіне дейін барды.

Казак ауылдарының негізгі бұқарасы қыста қыстауға Сырдария, Талас, Шу өзендері мен басқа да (Ангрен, Шыршық) өзендерді бойлай орналасты. Мұнда қар аз түсетін, бұл малдың қыста тебіндеуін жеңілдettі. Жағалауда қалың өсетін қамыс малға өрі азық, өрі пана болды. Ол отын ретінде де пайдаланылды.

Кіші жүз бен Орта жүздің жазғы жайылымдары Қазақстанның Сарыарқа деген атпен мәлім Солтүстік, Батыс және Орталық бөліктерін қамтыды. Оның шекаралары қазактардың шежіресінде былайша белгіленген: «Арқа ұзынынан Алтайдан басталып, батыста Орал тауына дейін, енінен Қара Ертіс басынан Алтай етегімен солтүстікке тұра Обь өзені басына дейін созылып, онан батыска тартылып, «Күшкөл», яғни Чани көл мен Төгерек көлін басып «Обь» өзені құйылышынан өтіп, Чилба бекінісі (Челябі) алдында Оралға жетеді».<sup>8</sup>

Ұлы жүз тайпаларының жазғы қоныстары Алатау сілемдері мен Жетісу алқабында болды.

XVIII ғасыр материалдарымен таза көшпелі мал шаруашылығы таралған өнірдің айқын шекараларын белгілеу өте қын, тіпті мүмкін емес деуге болады. Тұтас алғанда Қазақстанның аумағы географиялық жағынан шөл, шөлейт, орманды дала және даланың ұштасуы болып табылады. Көшпелі мал шаруашылығына халықтың жыл бойы көшіп жүруі тән болды. Сонымен бірге көшіп-қону үрдісі өндіріс жүйесін құрайды, онда өрбір маусымдағы көшү сол үрдістің сатысы болып табылады. Қыскы цикл неғұрлым ұзак, онтүстіктегі жазиralармен және қалалармен байланысты, бейнебір толық шенберді түйықтайтын тәрізді. Бұл кезенде көшпелілер саудамен, малдан алынған шикізатты сатумен айналысады, көшпелі қауымның тіршілігі үшін қажетті нәрселердің бәрін сатып алады, яғни базармен, демек хандықтың қаласымен және колөнерші-саудагер халқымен байланыс жасайды.

Бұдан бұрын айтылғандай, жақсы жылдарда көшпелілер ондаған мың мал – жылқы, қой және т.б. иеленген. Қазактардың қожалықтарында жылқының өте зор маңызы болды, жылқы өмірде және өсіресе өскери істерде ерекше маңыздылығы себепті олар үшін ежелден мейлінше құнды еді. Климаты қолайлы және жайылымы бай болғанына қарамастан, онтүстік қазақ малшылары мыңғырған малын сыйдыра алмады. Олардың иелері өз жылқысын тоғайларда жаю үшін Оңтүстік Сібірдің ормандары мен орманды алаптарына, Ертіс өзенінің арғы жағына (Ертістің он жағасына өрі Құлынды және Барабин далаларына) амалсыздан айдалап апаратын.

П. Рычковтың қыстығұні қазактардың жылқыны алысқа айдалап апаратыны сонша, «олардың үйлері атпен бір апталық жерде, тіпті одан да көп қашықта болады. Бұл ұсак мал мен түйеге... жақын жерде азық қалуы үшін істеледі»<sup>9</sup> деп көрсетуі сенуге өбден лайық. Жүздеген мың жылқымен бірге халықтың ұрысқа ең жарамды азаматтары көшетін. Жастар үшін бұл ең беделді және жауапты іс, ерлік мектебі болды. Қысқы жайылымдарда қазактар наурыздың ортасына дейін отыратын. Шөп көктеп шығысымен бәрі жазғы жайылымда-рға, Сарыарқаның кең даласына көшіп баратын.

Казақ қоғамы тіршілігінің тұрақты негіздерін 1723–1730 жылдардағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен халық жадында қалған оқиғалар бұзды. Ол оқиғалар қазақ қоғамының барлық ішкі және сыртқы қындықтарының көрінісіне айналып, дәстүрлі шаруашылық жүйесінің экономикалық апатына әкеп соқты. Қазактар шаруашылығының құлдырауымен қоса, халық ауа көшіп, қалалар, егіншілік алаптар, қолөнер өндірісі, Қазақстанның онтүстігіндегі бүкіл қазақ халқы жаппай қайыршыланып, ашаршылыққа ұшырады. Жонғарияның соғыста түсірген олжасына айналып, мұлкі мен малынан айырылған қазактардың едәуір топтары Мауараннахр өніріне барды. Бірақ онда да өздерінің қауіпсіз тіршілігін қамтамасыз ете алмады, пана таппады. Шығыс деректемелерінде Мауараннахр қалаларының шаруашылығы жағынан аса қатты құлдырап кеткені айтылады. XVIII ғасырдың 20-жылдарында Самарқан тұрғындары 7 жыл бойы мұлде безіп кеткен, ал Хиуа хандығында шамамен сол жылдарда барлық қыстактар мен егістіктер қараусыз тасталып, Хиуаның өзінде 40-тан аспайтын отбасы қалған. Оның үстіне бір кездегі аса бай осы облыс тағы бір қасіретке – шегірткенің үлкен зиян келтіруіне ұшырады. Мұндай жағдайда қазактар: «Жұт жеті ағайынды», – дейді.<sup>10</sup>

Қазактардың едәуір көшілігі тәжіктер мен өзбектер арасына сінісіп кетті. Кейбір ірі рулық топтар көшпелі өзбектер арасындағы дербес шағын этникалық топтар ретінде Шығыс Бұхарада орнығып қалды. Жиделібайсында тұратын лақайлар, семіздер мен марқалар туралы Б. Х. Кармышева былай деп жазған: «...олардың мәдениетінде, тұрмысында, дене бітімінде және сөйлеген сөздерінде XX ғасырдың басында қазактармен туыстығын көрсететін белгілер өлі де айқын анғарылатын».<sup>11</sup> XX ғасырдың басында М. Тынышбаев былай деп атап өтті: «Қазіргі уақытта Кермене ауданында (Бұхараның маңы) шанырак саны 12 мың сарттанып кеткен найман-садыр ауылдары тұрады, олар Лепсі садырларымен туыс екен, олармен көшілігі 8–9 атадан байланысады».<sup>12</sup> Едәуір көшілігі Ташкент пен Бұхара маңында орнығып қалды. Оларға «Құрама» деген ат тағылды. «...Құрама деген ел бар, олар актабан шұбырындыда жүре алмай қалған кедейлер... бұлар сартқа косылып егін салған», – деп жазады Шөкерім.<sup>13</sup>

М. Тынышбаев құрама «қазақ халқының шағын бір бөлігі болып табылады» деп санаған.<sup>14</sup>

Сарыарқаға және Сырдарияның арғы бетіне көшіп кеткен қазақ қауымда-ры 1727 жылдың өзінде-ақ біріккен күштермен жонғарларға тойтарыс бере бастағанына қарамастан, шаруашылық күйзелісі жалғаса берді. Қала және қолөнер орталықтарымен байланыстың болмауы қатты аңғарылды. Қысқа уақыт ішінде мал шығынын қалпына келтіру мүмкін болмады. Солтүстікке бет ала жылжыған олар, башқұрттармен, сібір казактарымен, еділ қалмакта-рымен жи қактығысқа түсіп отырды, мұның қасіретті жағдайды одан сайын қындана түскені сөзсіз. Көші-қон жүйесі бұзылды, дәстүрлі «онтүстік-солтүстік» өнірге қоныс аудара паналайтын тірлік қалды.

XVIII ғасырдың 20–30-жылдарында қазақ қоғамын есептегіреткен әлеуметтік-экономикалық тығырыққа тірелуін шаруашылықтың терең дағ-дарысы туғызды. Ол көшпелі шаруашылықтың дәстүрлі экологиялық ырға-ғының бұзылуы себепті түйыққа тірелді және мал шаруашылығында да, де-мографияда да шығындарға әкеп соқты.

Тек XVIII ғасырдың 40-жылдарынан бастап қана қазақтар экономикасын-дағы алғашкы онға басушылық байқалады. Олар мал санының көбеюінен, қазақтардың айырбас саудаға тұрақты қатысуынан көрінеді. А. И. Левшин қазақтардың Орынбор айырбас сарайында айырбастайтын малы едөуір өскенін көрсететін цифrlар келтіреді.<sup>15</sup>

Жылы	Жылқы саны	Әгіз саны	Кой саны	Ешкі саны
1745	552	2	3055	52
1750	1184	6	8213	281
1755	1762	15	13 147	334
1760	3757	54	19 530	1589
1765	1636	199	55 194	4540
1770	889	276	113 115	9354
1775	1218	164	172 495	3733
1780	4643	379	225 486	7250
1790	2154	1325	187 286	5968
1800	2116	867	85 221	2665
1810	36	392	65 699	5639
1820	68	1074	160 296	3268

1760 жылдардағы екінші академиялық экспедицияның қатысушылары қазақтардың шаруашылығы туралы қызықты деректер хабарлайды. Мәселен, П. С. Паллас мынадай қорытынды жасайды: «Қазақтардың байлығы шынына келгенде мал шаруашылығынан тұрады, ал оларда жылқы мен қой айрықша көп. Оларда түйе әлдекайда аз, ал сиыр одан да аз, себебі, оларды дағдылы жем-шөпсіз далада жақсы ұстау мүмкін емес».<sup>16</sup>

Әсіресе И. Фальк өз жазбаларында егжей-тегжейлі айтады: «...қазақтарда мал шаруашылығы кең таралған, шын мәнінде, бірден-бір дерлік көсіпшілік. Оларда аса тамаша малдың әдеттен тыс көп табындары бар». Ол бұдан әрі былай деп атап өтеді: «табын құрамында қой едөуір орын алады», «қой тұрмыста, жылқы сияқты, мейлінше қажетті мал». И. Фальктің деректері бойынша, Орынбор қаласындағы айырбас айналымында қазақ малы елеулі орын алады:

«1769 жылы айырбасталып 40 мың, ал 1770 жылы – 130 мың тірі қой өткізілді». Орынбор кеденінің материалдары бойынша, бұл ең жоғары цифрлар емес, «кей жылдары өткізілетіні бұдан да көп болады».<sup>17</sup>

XVIII ғасырда Георги қазактардың дәстүрлі шаруашылығын бұдан да гөрі егжей-тегжейлі суреттейді. Ол Кіші жүз қазактарының Ресей мен Хиуаға қойды көп мөлшерде сатқанын жазады. Орта жүз бен Ұлы жүз қазактарының мал шаруашылығы өнімдерінің көпшілік бөлігі Ресейдің және ішінара Орта Азия мен Қытайдың рыноктарына түсіп жатты. А. И. Левшиннің бағалауынша: «Қазактармен айырбастың гүлденген кезінде жыл сайын Орынборда ғана олардан 500 мыңға дейін және Ресеймен шекараның басқа жерлерінде нақ сонша қой айырбастап алынған деп санау керек. Демек Ресейге жылына барлығы 1 млн қой келіп отырды. Жылқы саны ол жылдарда кейде 50 мыңға дейін жетті. Қазактар осында мөлшерде Қытайға, Бұхараға, Хиуаға және басқа көршілеріне әр түрлі мал сатып келді. Ең жалпылама есептеулер бойынша, барлық шекаралық аудандарға қазактар, өзге тауарларды есептемегендеге, жыл сайын 2 млн қой және 100 мың жылқы әкеліп отырған».<sup>18</sup>

П. И. Рычков анық деректемелерді негізге ала отырып, былай деп жазады: қазактар арасында «малға бай адамдардың болғаны сонша, бір отбасында 20 мыңға дейін жылқы және сондайлық мөлшерде кой бар. Осы мыңғырған мал олардың енбек етіп, бағып-күтуін көп керек етпейді, өйткені жаздықұн ғана емес, қыста да қар басып жатқанымен, далада жүріп, шөп жеп өздігімен коректенеді».<sup>19</sup> Рычковтың деректерін қуаттай келіп, Георги де қазактардың «сиыр малын жақыннан бері ғана өсіре бастағаны» туралы жазады.<sup>20</sup>

Жалпы мал саны құрамында сиыр, бір жағынан, солтүстік қазактарының башқұрттармен және қалмақтармен тұракты қарым-қатынас жасауының салдарынан көбейді, екінші жағынан, оны Ресей рыногының қажеттері туғызды.

XVIII ғасырда шөп шабуға және тау бөктерлерінде егіншілікпен айналысуға алғашқы өрекеттер жасала бастады, бұл көшпелілер үшін, сөз жок, жаңа іс болатын. Бастапқыда қазак хандары мен сұлтандарының қожалықтары «арық мал» үшін қысқа арнап пішен қорын дайындал алуға тырысты. Бұл бастамалардың көзімен көргендегер шөп шабуды қазактар арасынан алынған «жалдама жұмыскерлер» жүргізгенін жазады, олар қазактардың шалғы ұстауды білмейтінін де атап өткен.

Ал XVIII ғасырдың екінші жартысында егіншілік өлі де негізінен онтүстік аудандардың кәсібі болып қала берді. Георги солтүстік қазактарының материалдық өндірісін егжей-тегжейлі баяндай келіп: «Олар жер жыртуды ойға да алмайды, онсыз да құрғақ және сортан бөлігі мол дала пайдасыз болар еді». Қазақстанның шығыс аймақтарындағы шаруашылықтың жай-күйі туралы біршама хабардар қытай деректемелерінде де қазактардың егіншілікпен айналыспайтыны атап көрсетіледі және қазактардың мал шаруашылығы өте білгірлікпен суреттеледі.<sup>21</sup>

Сонымен XVIII ғасырдың 60–70-жылдарының өзінде-ақ қазактардың шаруашылығы аса ауыр дағдарыстан еңсесін көтеріп, ұлғаймалы ұдайы өндіріс жолына түсті. Бұл кезеңде Қазак хандығы халқының өскені ерекше байқалады. Қалмақ тайпаларының, башқұрттардың, ноғайлардың және қарақалпақтардың үлкен бөліктері қазак халқының этникалық құрамына кірді. Нак сол кезеңде жаңа генеалогиялық тармақтар құрылды, төленгіттер саны көбейіп, құлдар саны өседі және т.б.

Қазактар шаруашылығының қалпына келуімен бірге көшетін қоныстар

туралы мәселе өткір қойылады. Әрісті кеңейту қажеттігі қазактарды Ресейге және Қытайға қарсы қойып, Орталық Азиядағы саяси жағдайды тым қындастып жіберді.

XVIII ғасырдың 60–70-жылдары қазактардың, әсіресе Орта жүздің керей және найман құрылымдарының қытай шекаралық өскерлерімен қарулы қақтығыстарға түскен кездері болды. 1760 жылы император Цянь-лун Әскери кеңестің ұлықтарымен қазактардың Алтай мен Тарбағатай аумағына көшіп келуіне байланысты жағдайды талқылады, сондай-ақ «оларды тежеу оншама оңай емес» деп қынжылды.<sup>22</sup> Содан соң 1762 жылы қазактар өздері орныққан алқапты босатудан бас тартқаннан кейін қытайлар оларды қазактармен «тіл табысу мүмкін емес» деп айыптаі бастады. Цянь-лун өзінің әмірінде жазалау шараларының қажеттігі туралы былай деген: «Сірә, оларды біздің әскери қуатымызben қорқыту керек болар... Қазактар... қоныстардың шекараларынан тағы да өтіп жатыр».<sup>23</sup> Бірнеше жыл бойы құрес жүргізгеннен кейін ғана қазактар Алтай мен Тарбағатайдың тамаша таулы жайылымдары мен алқаптарын біржола қаратып алды. «Сендер, казактар, біздің жерімізге бірнеше жыл ішінде біртіндеп көшіп алдындар... Сенің халқыңа ... бос жатқан жерлерде көшіп жүруге мүмкіндік туғызу үшін қазірдің өзінде бүйрек берілді», – деп жазды Абылай ханға Қытай императоры.<sup>24</sup>

Алтай мен Тарбағатай үшін күрестің ең басынан-ақ қазактарды бұл жерлер – өздерінің ежелгі жері – атамекені дегенді ұғыну жетеледі. Бұл фактіні қытайлар да мойынады, олар мұндай талаптарға былай деп жауап қайтарды: «Сіздердің елшілеріңіз Тарбағатайды өздерінің көшіп жүретін бұрынғы (аудан) болып табылады деп, (бұл жерді) сыйға тартуды сұрады». Қытай Жонғарияның соңғы билеушісі Әмірсананы қазактардың қолдағаны үшін ренішті болатын: «Сіздердің жандарыңыз да жай таппайды. Егер сіздер Әмірсананы шын мәнінде тұтқынға алып, бізге бергендеріңізде, әлбетте, сонда сыйға тартуға болатын еді», – деп қынжылыс білдірді қытайлар.<sup>25</sup>

XVIII ғасырдың 50–60-жылдарында Ертіс бойы мен Жайық жағасында одан кем түспейтін дау байқалады. Жайылымға бай және қыста қыстауға қолайлар осы аймақтарға көптен бері байланысты болған қазактар Ресейдің талаптарымен өте қын жағдайда қалдырылды. Іс жүзінде 1756 жылға дейін қазактар Ертістің де, Жайықтың да оң жағаларына кедергісіз өтіп жүрді. Бірақ 1750 жылдарда Орта жүздің солтүстіктегі шет аймақтарына бірқатар бекіністердің салынуы қазақ қожалықтарының жолына алынбас қамал орнатты. Сол кездің өзінде-ақ осы жерлерде (Петропавл, Лебяжье) қыс кезінде қыстап отыратын қазактардың шағын топтары Қазақстанның онтүстігіне, сол кезде айтылғанында, Жиделібайсынға көшіп кетуге мәжбүр болды. Сол кезде Жонғария проблемаларымен айналысып жатқан қазақ хандығы орыс өкімет орындарына кедергі жасай алмады, оның үстіне Жонғариядан азат етілген аумақ қазактар ортасындағы жер «тапшылығының» әзірше белгілі бір дәрежеде орнын толтырған еді.

Осындаған жағдайда 1755 жылы Сыртқы істер алқасы Сібірдің өкімет орындарына қазактардың ішкі аумакқа, яғни Ертістің оң жағасына шығуын мұлде тыюды ұсынды. Кейін 60-жылдардың орта шенінде, Ертіске 10 шакырымнан артық жақындаған баруға мұлде тыйым салынды. Ресейдің белсененді экспансиясы қазактарды ушықтырып, кері жауап беру әсерін туғызды, олар бұл аумакта ресейліктердің болуын мойындағысы келmedі. «Ертістің көп жерлеріне қырғыз-қайсақтар малын айдал жақын келді. Орыстарға шабуылын ұдете тусу-

де. Олар білтелі мылтықтармен де қаруланған. Коряков форпосты маңында екі жақтан мылтық атылды», – деп хабарлайды 1755 жылғы орыс құжаттары.<sup>26</sup> Ертіс өзенінің оң жағасындағы жайылымдарға Орта жүздің аса ірі тайпалары – керейлер, уактар, қыпшактар, арғындардың момын рулары және наймандардың кейбір тармактары мұдделі болатын. Тіпті арғындардың үлкен тармағы төртуылдар мен қаракесектер де жылқыларының ірі табындарын оңтүстік-сібір даласына айдап апаруға тырысқан деген мәліметтер бар. Ертістің оң жағасы үшін күрес бүкіл XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасыр бойы орыс өкімет орындары мен казақ қожалықтары арасындағы көлденең кедергі болды.<sup>27</sup>

Жайық өзенінің оң жағасы үшін де одан кем түспейтін шиеленіскен күрес жүрді, Орынбордың өкімет орындары оған Кіші жүздің казақ руларының жақындауына тыйым салғысы келді.

XVIII ғасырдың 60–70-жылдарында Қазақстанның оңтүстігінде аса қын жағдай қалыптасты. Қазақ билеушілері Сыр өңірінің қалалары үшін Қоқанмен күрес жүргізді және қалалармен дәстүрлі өзара қатынастарды қалпына келтіруге тырысты. Бұл тайталас толып жатқан қактығыстарға әкеп сокты. 1760–1770 жылдарда Абылай хан ірі өскер күштерімен Қоқанға қарсы қарулы күрес жүргізді. Халық аныздарында бұл қимылдардың нәтижесі бұрын Қоқан тартып алған көптеген қалалар мен қыстактардың қайтарып алынуы және Сыр бойы аймағында қазақ шонжарларының ұstemдігін қалпына келтіру болғаны айтылады. Аныздарда Ташкент қазактардың өктемдігін сөзсіз қабылдап, жыл сайын алым төлеп тұруға міндеттенді делінеді. Өз тарапынан қазактар өз аумағында да қазақ даласы арқылы өтетін жолында да Ташкент көпестерінің қауіпсіз сауда жасауына кепілдік берді.

Ұлы жүздің шежіресінде Ташкент аймағында қазақ руларының билігін қалпына келтіруге байланысты оқиғалар суреттеледі. Оның жаңғыртылуы Жонғар мемлекетінің жойылуымен байланысты. Шежіреде Төле би қайтыс болғаннан кейінгі қыпшактардың, өзбектердің, шанышқылардың, қаңылардың дулаттарға қарсы бағытталған өзара қыркысқан күресі Ташкентті қоқан хандарының басып алуына әкеп соққаны баяндалады. Бұл материалдар жалпы алғанда жазбаша деректемелердің мәліметтеріне сәйкес келеді. Ташкенттен қазактар XI ғасырдың басында айырылып қалды.<sup>28</sup>

XVIII ғасырдың 40–70-жылдарында Түркістан қаласы Қазақ ордасының ұлы ханы Әбілмәмбетке қарады. Түркістанның төнірегінде орналасқан қалалар Әбілмәмбет пен Сәмекенің балалары арасында бөлінді, қалалардың көпшілік бөлігі Орта жүздің әйгілі сұлтаны Барақ сұлтанға, ал кейіннен оның балаларына бағынды. Мұрағат құжаттары мен қазақтың халық аныздарында Әбілмәмбет хан мен Сәмекенің ұлы Есім сұлтан арасында Түркістан үшін туған өте келенсіз жағдай туралы айтылады. «Орта қырғыз-қайсақ ордасының бұрынғы ханы Сәмеке қайтыс болғаннан кейін сол Орта орданың ханы болып қазіргі Әбілмәмбет хан сайланды, содан кейін ол Түркістанға да хандыққа шақырылды, бірақ сол екі арада Түркістан қаласының көптеген уездік қалалары Түркістанда бұрынғы Сәмеке ханының балаларынан хан болуын іштей тіледі... себебі Әбілмәмбет хан қала тұрғындарынан көп пара ала бастады, сөйтіп оларда үлкен келіспеушілік бола бастады». Осы жанжалды шешу үшін 1762 жылдың көктемінде қаракесек руында Әбілмәмбет, Абылай және басқаларының қатысуымен ақсүйектер жиналысы болды. Онда төрағалық еткен Қазыбек би Түркістанды екі үміткерге бөліп беруге үйғарды.<sup>29</sup>

Абылай ханның елеулі қадамдарының бірі Қазақстанның оңтүстігінде қала өмірін қалпына келтіруге әрекет жасау болды. Біздіңше, оның 60—70-жылдарда Түркістан мен Ташкентке жиі баруын осы себептермен түсіндіруге болады. Ұлы жұздің аса ықпалды өкілдерінің өтінуі бойынша 1774 жылы Абылай хан өзінің ұлы Әділ сұлтанды олардың қоныстарына сұлтан етіп жіберді, оның ізінше ол жакқа ханның кіші ұлдарының бірі Сүйік сұлтан жіберілді. Ханның өмірімен Талас өзенінің жағасына шағын қалашық салынып, оған егіншілік пен қолөнер еңбегіне дағыланған қарақалпактар қоныстандырылды.<sup>30</sup>

Толық отырықшы және дәстүрлі көшпелі өмір XVIII ғасырдағы қазақтардың шаруашылық жүйесімен бірдей сыйыспайды. Жайып бағылатын мал шаруашылығы экономиканың негізі болғанына қарамастан, ол қалалық қолөнер орталықтарына байланысты еді. Экономикалық жүйені құрайтын салалар арасындағы өзара тәуелсіздік пен бір-бірін толықтыруышылық XVIII ғасырдың аяғында да күшін сақтап қалды. Қазақ даласына Ресейдің ендей кіруінің күшіне түсін ғана бірегей шаруашылық жүйесінің одан өрі тіршілік етуін мүмкін етпей тастады.

XVIII ғасырдың бас кезінде-ақ бірқатар казақ билеушілері Уфа және Тобыл қалаларында ірі сауда жұмыстарын жүргізді. Тәуkenін, Қайып пен Әбілқайырдың елшіліктері Ресейдегі дипломатиялық қызметті белсенді саудамен үштастырып, екі ел арасында өзара сауда қатынастарын орнатумен және дамытумен айналысты.

XVIII ғасырдың 70-жылдарында қазақ даласындағы Шығыс тауарларымен сауданың өзін де Ресей өз қолына алады. «Үндістан мен Бұхарадан келген тауарлардың үштен бірі Мәскеу мен Қазанда қалады, қалған үштен екісі қазақтармен малға айырбасталады» деп хабарлайды құжаттар.<sup>31</sup> Қазақ риноғы үшін құресте түркістан-ташкент көпестері көшпелілерге талап қоюды неғұрлым күшіте түскен Ресей тарапынан жасалатын бәсекеге төтеп бере алмайды. Бұл өзара қатынастарға Орталық Азияның қалалық өркениетінің континентарлық сауда артерияларында болған өзгерістерге байланысты XV ғасырдың өзінде-ақ байқалған құлдырау да салқынын тигізді.

XVIII ғасырдың аяғында әдеттен тыс жағдай қалыптасты — ол кезде бұрынғы бірыңғай етene қазақ шаруашылығы бірнеше экономикалық аймақтарға бөлінді. Солтүстік аудандар және ішінара Орталық Қазақстан рулары орыс рыногына, оңтүстік пен оңтүстік-батыс — Орта Азияның, шығыс пен оңтүстік-шығыс — Қытайдың рыногына бағдар алды. Бұл үрдістің салдары қазақ халқының ішкі әлеуметтік-саяси байланыстарының бытырауы, әлсіреуі болды.

Орыс-қазақ экономикалық байланыстарының қалыпты жүруіне Ресей өкімет орындарының отаршылдық ниеттері кедергі жасады. Ресейдің отаршыл өкімшілігі әрқашанда шаруашылық жоспарлардан гөрі өскери-саяси жоспарларға басымдық беріп отырды. Соңдықтан Ресей өкімет орындарының арандатуымен жиі болып отырған ішкі өзара қырқыстар, көрші халықтармен арадағы жаулық, ал кейде қазақтарға қарсы бағытталған тікелей жазалау әрекеттері қазақ қоғамының экономикалық тұрактылығын бұзды. Нығайтылған шептер мен бекіністер салу үшін орасан зор аумақты басып алу қазақтардың көшіп жүретін дәстүрлі жолын бұзып, оларды солтүстіктегі бай жайылымдардан кесіп тастады және тұтас алғанда халықтың тіршілік етуіне теріс өсер етті.

XVIII ғасырдың аяғындағы экономикалық дағдарыс қазақ шаруашылығын қын жағдайға ұшыратты. Император I Александрдың 1808 жылғы 23 мамырдағы жарлығын қазақ халқының осындай жағдайы туғызған еді, онда былай делінген: «Орынбор өскери губернаторының хабарламаларынан және бізге жеткен басқа да мәліметтерден біз өз бодандарымыз, Орынбор шебіне жақын манда және Каспий теңізінен Сібірге дейінгі бүкіл шекара бойында көшіп жүретін қазақтардың өр түрлі лақаптарға қарағанда қасіретті жағдайға ұшырағаны сонша, тамакқа қаражат таппай, олардың көбі тіпті өз балаларын хиуалықтарға құл етіп сатуға ниеттенетінін байқадық». Патша Орынбор өскери губернаторы мен сібір бастықтарына қамкорлық жасауға көніл бөлуін ұсынды және қазақ балаларын барлық орыс бодандарының сатып алуы ережелерін белгіледі.

Сонымен бірге орыс бастықтарының XVIII ғасырдың аяғындағы саяси пікірлері қазақтар үшін бірқатар аумақтық проблемаларды шешіп берді. 1801 жылы Кіші жүз қазақтарының көп мөлшерде, негізінен байұлылардың Еділ мен Жайық өзендерінің арасында мәңгілік қоныстануына рұқсат берілді және нақ сол жылдарда Орта жүз қазақтарының Сұлтанмәмет сұлтанның балалары бастаған бір бөлігі Ертістен өтіп, он жағада мекендеуге құқық алды. Бірінші жағдайда Ресей осылайша Кіші жүзді өлсіретуді, екінші жағдайда Орта жүз ханы Уәлидің билігін бәсендетуді ойластырды.

XIX ғасырдың 20-жылдары Қазақстандағы толып жатқан өкімшілік-аумақтық реформалармен ерекшеленді. 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» қабылданған еді, ал 1824 жылы Кіші жүзге де осындай жарғы қабылданды. Тұтас алғанда «Жарғылармен» Қазақдаласының сол кезге қарай Ресей бодандығында болған бөлігін басқару тәртібі реттелді. Жаңа өкімшілік жүйе қазақ қоғамының дәстүрлі саяси институттарын жойып, аумақтық үйымдастыруды енгізді, көшпелі халыққа салық салып, даланы отарлауды терендете түсті.

Ресей Қазақстанда нақты басқару ісін қолға алуға ұмтылды және өктемдік катынастар шенберімен шектеліп қалғысы келmedі. Сонымен бірге XIX ғасырдың 20-жылдарындағы реформа қазақ халқының саяси мәртебесін өзгерткенімен, бұл қоғамның көшпелі тұрмыс салтының басымдығына және өзіндік ерекшелігі бар қоғамдық катынастарға негізделген тіректері дегенмен де төңкеріске ұшыраған жок. Сол кезден бастап отырықшылық элементтерінің күшейгеніне, егіншіліктің кең таралғанына, шөп шабудың дағдылы іске айналғанына, жәрменқелер түріндегі тұракты сауда орталықтарының пайда болғанына қарамастан, тұтас алғанда қазақтар көшпелі халық болып қала берді.

Орта жүз және Кіші жүзде округтер үйымдастырылған кезде қазақтардың қыскы қоныстары негізге алынды, әрбір округ үшін өз шекаралары белгіленді. Сонымен бірге округтерге сұлтандар бастаған ірі ру топтары немесе оқшауланған бірлестіктер кірді. Дәл сол сияқты болыстар мен дистанциялар құрылған кезде рулық белгі жетекші рөл атқарды, өйткені нақ руластар шаруашылық дәнекерлермен байланысты болатын. «Жарғыға» сәйкес отарлық өкімет орындары аумақты округтік орталықтар – приказдарға ыңғайласп белгіледі. Округтік приказда округтің аға сұлтаны, оның төрт орынбасары отырыс өткізуге тиіс болды. Приказда тұракты казак отряды болуға тиіс еді. Қекшетау, Қарқаралы, Баянауыл және басқалары сияқты бекіністер түріндегі алғашқы округтік қоныстар нақ сол

уақытта пайда болды. Аумактық шектеу қазактардың шаруашылығына теріс өсер етті.

Патшалық өкімет орындары мен өскери губернатордың алдына Қасым Абылайханов округтік приказдарды жабу туралы қатаң талап койды, ол бұлай деп мәлімдеді: «Егер бұл билік орындары біздің қырғыз-қайсақтар жағынан өкетілмейтін болса, біз өзіміздің бұрынғы қоныстарымызда қала алмаймыз».<sup>32</sup>

Сонымен «Жарғыда» қоғамның түп-негіздеріне өзгеріс жасау көзделмей, дамудың жаңа шаруашылық нысандары ұсынылмаса да, жер мәселесі бірінші болып алға тартылып, еселене түскен жанжалдың себебіне айналды. Қазақ қоғамының дәстүрлі қоғамдық түп-негіздерін өкімшілік округтер мен балыстардың шекараларымен сыйыстыру мүмкін емес болатын. Нәк осыған байланысты реформаны жүзеге асыру созылып кетті, тек XIX ғасырдың 40-жылдарына қарай ғана қазактардың бір бөлігін реформаның негізгі ережелерін қабылдауға көндіру мүмкін болды.

Жарғы дәстүрлі қазақ қоғамы жүйесінің тұтас арқауын ыдыратты. Қазақстанның Солтүстік-орталық бөлігі, Батыс пен Шығыс Ресейге біржола телінді, ал Оңтүстік, Оңтүстік-шығыс және Оңтүстік-батыс дәстүрлі құрылымында қалды.

Қазактардың негізгі бұкарасынан кол үзген онтүстіктің бытыраңқы топтары бірте-бірте Орта Азия хандықтарының ықпалына бағынды, қалалар жөнінде дербес иелік рөл атқаруды тоқтатты. Орта Азия хандықтары қазактардың корғансыздығын пайдаланды. Коқан Сырдария, Шу және Сарысу өзендерінің бойына бірқатар бекіністер салды. Оларда қазақ халқынан салық жинаумен айналысатын тұракты өскер ұсталды, бұл салық жинау өдетте соғыс тонаушылығына айналдырылды. Оңтүстік-батыс қазактары жөнінде хиуалық ұлықтар да нақ солай істеді. XIX ғасырдың 20-жылдарындағы хиуалықтардың шапқыншылықтарынан қазақ қожалықтарының көпшілігі күйзеліске ұшырады. Мысалы, 1820 жылғы шапқыншылық кезінде қазактардан 65 мың қой, 15 мың түйе, 7 мыңнан астам жылқы айдал өкетілді, мыңнан астам адамды тұтқындалап алып кетті.<sup>33</sup>

XIX ғасырдың бірінші жартысы Ресейдің отаршылдық ниетіне де, Орта Азия хандықтарына да қарсы халықтық толқулар мен көтерілістер санының көп болуымен ерекшеленді. Қазактардың отаршылдық ауыр езгіні, ең шұрайлы жайылымдарынан айырылуды бастан кешіруіне тұра келді, көшпелі мал шаруашылығының келешегінен айырылды. Округтік приказдар, бекіністер мен бекеттер салу кезінде көршілес қазақ ауылдарынан шамадан тыс салық алу жіңіз кездесетін. Бейнебір уақытша деп көп мөлшерде мал алынып, олар кейіннен қайтарылмады. Осының бәрі қазактардың отаршылдарға қарсы жаппай бой көрсетулеріне себеп болды.

Жаңа құрылған округтерде аға сұлтан төңірегінділердің маңызы артты. Ресей өкімет орындарының қолдауы жағдайында болыс басқарушыларының озырылдығы күшнейді. Кедейлерге көмек көрсету алымдары, аса жоғары сарайға жіберілетіндер үшін алымдар түрінде қазақ қожалықтарынан сансыз көп салықтар алынды, олар сайып келгенде қазактардың тұрмысын нашарлатты. Ресей шенеуніктерінің өрбір келуі және тіпті жүріп өтуі далалықтарға ауырталық болып түсіп, орасан көп шығындардың себебіне айналды. Аға сұлтандар мен басқарушылар, жаудан жылқы айырғандай, орыс шенеуніктеріне пара беріп жағыну түрімен жергілікті халықтан асығыс түрде алым-

салық жинаумен айналысты. Бір пайыздық жасақ міндеткерлігі де отаршылдық өкімет орындарының қиянат жасау көзіне айналды. Кенесары ханның көтерілісі (1837–1847) қазақ қоғамының дербестігін сактап қалуға жасалған соңғы әрекет болды. Шаруашылық тұрғысынан алғанда, жаңа экономикалық қатынастарына өзінше бір көшу осы кезеңнен басталып, көшпелі еркіндік уақыты аяқталады, барған сайын үдегей түскен кедейлік келеді. Сан мындаған үйірлі жылқысы бар соңғы байлар казақ даласында XIX ғасырдың 30-жылдарында өмір сүрді. Дала өніріне кірген берекесіздік, жазалаушы өскерлер мен көтерілісшілер арасындағы кескілескен қактығыстар, шаруашылықтардың таусылмайтын көші-қоны көшпелілік экономикасының біржола тубіне жетті. XIX ғасырдың 70-жылдарында Қазақстанды аралап көп саяхат жасаған В. В. Радлов былай деп жазды: «Менің бұрынғы Жарғының қолданылуын қадағалауыма жеткілікті жағдайлар болды. Ол тәртіп орнатқан және қазактармен көрші тұратын отырықшы егіншілерді қорғауды қамтамасыз еткен. Бірақ тәртіп орнатылуына байланысты халықтың өл-ауқаты төмендеген. Семей маңындағы толық бағындырылған Ішкі орда мұлдем дерлік күйзелген, сонымен бірге Үлкен ордаға жакындаған сайын халықтың байлығы арта түседі». XIX ғасырдың 20-жылдарындағы реформаның құны осындай болды.<sup>34</sup>

XIX ғасырдың басында жазғы және қыскы жайылымдарды, сондай-ақ көші-кон жолдарын негізгі рулық топтар арасында бөлісудің аяқталғаны мәлім. Бірақ «Жарғы» қабылданғаннан кейін сұлтандар мен ру шонжарларының кейбір топтарының күшеюі жайылымдық-көшу жүйесіне елеулі өзгерістер әкелді. Қазактардың жерлерін приказдар, поча бекеттері, бекіністі шептер құрылышына алып қою, сондай-ақ қазақ билеушілерінің қауымдық аумактарды тартып алуы шаруашылық құрылымында елеулі өзгерістер туғызды. Ірі қараның үлес салмағы бірте-бірте арта түскеніне қарамастан, мал санының құрамында елеулі өзгерістер болмады. Дәстүр бойынша қазақтар қадірлейтін қой мен жылқы бұрынғы күйінде қалады. «Қазақтың экономикалық тұрмысында қой мейлінше маңызды рөл атқарды. Бұл малды орыс көпестері де, ортаазиялық көпестер де өте бағалайды» деп атап өтілген XIX ғасырдың орта шенінде.<sup>35</sup>

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтар арасында егіншілік едөуір дамыды.

Қазақстанның оңтүстігінде де, солтүстік округтердің аумағында да егіншілік суармалы сипатта болды. Кіші жүздің оңтүстік аудандары қазақтарының арық арқылы суарылатын дәстүрлі егіншілігін А.И. Левшин мен Я. П. Гавердовский XIX ғасырдың басында-ақ сипаттап берген.

Деректемелерде егіншіліктің даму дәрежесі жөнінен оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймактар ерекше бөліп көрсетіледі. С. Б. Броневский қазақтар шаруашылығының көптеген жақтарын сипаттай келіп, мынаны атап өту қажет деп тапқан: «Үлкен орданың Жеті өзен анғарында, Балқаш көлі маңында, Іле өзені бойында көшіп жүретін қазақтарымен етene қырғыздар егіншілікпен ықыластана айналысады, оларда тары, бидай және арпа өседі. Еңбекқор Ташкентпен көршілік олардың осы көсібіне тұрткі болған».<sup>36</sup>

Кейбір жерлерде казақ егіншілері мен диқандары өте жоғары өнім жинаған, мәселен, Ш. Үөлихановтың айтудынша, «қазақ-диқан еңбекқор және ыждағатты болған жағдайда, ол ыстыққа қарамастан, егіннің түсімі –

қырық есе деп сеніммен үміттенеді (қыруар өнім)». Зерттеуші С. Б. Броневский де өзінің бастаулары бойынша қазак егіншілігі Орта Азиямен және Қашғариямен байланысты деп санаған. «Ташкенттіктердің ықпалында бола жүріп, қайсақтар олардан диқаншылықты, өздері үшін осынша пайдалы және бейбіт көсіпшілікті үйренбей тұра алмады».<sup>37</sup>

Қазактардың XVIII–XIX ғасырлардағы шаруашылық қызметінің басқа нысандарынан, негізінен алғанда, бос уақытты өткізуге байланысты және көсіби аң аулау ісімен, солтүстік аудандарда орыс казактарының ықпалымен пайда болған балық аулау мен аң аулауды, онтүстікегі Орта Азия халқымен өте тығыз қатынастардың нәтижесі ретіндегі бақша өсіруді, сондай-ақ қолөнерді атап өту керек. Қолөнердің бірқатар маңызды ерекшеліктері бар. XVIII ғасырдағы сияқты XIX ғасырдың бірінші жартысында да онда техникамен жарактандырылуы жағынан да, қолөнер бұйымдарының түр-түрі жағынан да ерекше өзгерістер болған жок. Қазактардың қолөнері көшпелілер шаруашылығының табиғи сипатын бейнеледі. Сонымен бірге Қазақстанның онтүстігіндегі қалалық орталықтар қолөнердің көптеген түрлерінде елеулі жетістікке жетіп, өндірістік қызмет саласы ретінде қалыптасты. Тоқымашылық, ұсталық іс, зергерлік өнер және қолөнердің басқа да көптеген түрлері ішкі рыноктың қажеттерін ғана қанаттандырып қойған жок, сонымен катар сыртқы сауданың кірісті саласына айналды.

Далалықтар арасында қолөнердің дамуына келер болсак, мұнда қазактардың XIX ғасырдың орта шеніндегі қолөнер ісін терең зерттеген Г. В. Колмогоровтың пікіріне сілтеме жасауға болады: «Егер XVIII ғасырда қазактарда қолөнер үйдегі өндіріс ретінде болса, XIX ғасырдың ортасына қарай кейбір қолөнердің ауыл шаруашылығынан бөлінуі жағына қарай ілгерілеушілік және қолөнердің жекелеген аудандар бойынша мамандануы орын алады. Балташылық, ағаш шеберлігі және ұсталық істер бойынша шеберлер пайда болады, олармен қазактардың ең кедей бөлігі ғана айналысты».<sup>38</sup>

Қазақстанға тауар-ақша қатынастарының неғұрлым жеделдете енуіне, өнеркәсіп пен қалалардың дамуына, егіншілік пен шөп шабудың таралуына, мал шаруашылығының рынок жағдайлары мен талаптарына бейімделуіне қарай шаруашылық өзгерістер үшін алғашқы жағдайлар қалыптасты.

## 2. СЫРТҚЫ САУДА

Қазак жерлерін Ресейге қосуды тездетуге байланысты стратегиялық міндеттерді шешу, Кіші жүздің солтүстік-батыс аудандары мен Ұлы жүздің бір бөлігін империяның шаруашылық дамуы жүйесіне біртіндеп тарту, Ресей мануфактуралық өндірісінің өнімін өткізетін арзан, қолайлы, ол былай тұрсын, жақын рыноктар іздеу ішкі және сыртқы сауданың дамуы үшін қолайлы жағдай қалыптастырыды.

Әскери-тірек пункттері ретінде құрылған Орск, Орынбор, Петропавл, Семей, Өскемен, сондай-ақ бекіністер мен басқа да қоныстар, көшпелі қазақ халқы мен казак қоныстарының тұрғындары арасында шаруашылық қатынастардың орнатылуына қарай Ресейдің Қазақстанмен, Орта

Азия иеліктерімен, Цин империясымен және Орталық Азияның басқа да елдерімен сауда байланыстарын кеңейтуде барған сайын маңызды рөл аткара бастады.

Сол кездегі Қазақстанның тарихи-географиялық жағдайлары себепті екі сауда орталығы: бір жағынан солтүстік-батыста Орск, Орынбор; екінші жағынан Өскемен, Семей, Омбы, Петропавл, Ямышевск, Железинск және басқалары құрылып, шектес елдермен сауда да солар арқылы жүргізілді. Сондықтан аталған орталықтар арқылы алыс елдермен сауда дамуының кезеңдерін, мөлшерін, мән-жайларын аймақтағы халықаралық қатынастардың ықпалымен өзгерістерге ұшыраған сауда мөмілелерінің жағдайлары мен ауқымын анықтау, салғастыру түрғысынан қарастыру өбден дұрыс тәрізді.

Оңтүстік Оралдың аса ірі экономикалық орталығы ретінде Орынбор қаласы маңызының артуы қайран қаларлық. Бекіністі қала ретінде пайда болып, бастапқыда империяның аймақтағы мұдделерін қамтамасыз етуге арналған ол көп уақыт өтпей-ақ үкімет ойлаған үмітті актады. Қазақстанның қазіргі шекарасына неғұрлым жақын орналасқан Орск бекінісі де, басқаларымен, ең алдымен саяси жағдайлармен қоса, саудаға арналды. Өзі ірге тепкен кезден-ақ бекініс Ресейдің ішкі губернияларынан ортаазиялық елдерге тауарлар жеткізуді қамтамасыз еткен келешегі зор өткізу пункті ретінде дамыды, ал ортаазиялық елдердің керуендері өз тауарларын одан өрі көршілес Орынборға жеткізіп отырды.<sup>39</sup>

Тастан және ағаштан салынған бекіністі екі үйден тұратын керуен-сарай,<sup>40</sup> Орта Азия көпестерінің мұлкі мен тауарларының қауіпсіздігін, сакталуын қамтамасыз етті. Ресей және Азия саудагерлерінің арасындағы делдалдар, сондай-ақ приказчиктер болып негізінен татарлар қызмет етті, олар «бұхаралықтармен діндес болатын, олардың сеніміне ие болуда неғұрлым ұтып шығатын, сауданы өз қолдарында ұсташа үшін барлық амалды қолданып, орыстарды жібермеуге тырысты».<sup>41</sup> Әкелінетін тауар үшін алынатын баж алымдары мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін көбейтуде елеулі көмек болды. Мысалы, 1738–1742 жылдарда қазынаға 3872 сом 39 тиын түсті,<sup>42</sup> сома көп болмағанымен, оны содан кейінгі жылдарда көбейтуге үміт артқызды.

Орынбор губернаторы И. И. Неплюевтің «сауда-көсіпшілік ісін шын мәнінде ақылмен және шеберлікпен жүргізгені сондай», Орта Азия көпестері, өсіресе хиуалықтар өздері казак даласы арқылы жүріп өткен кеziңдегі қыындықтар мен қауіп-катерге қарамастан, Орынборға тауарлардың түр-түрін әкеle бастады.<sup>43</sup>

Орынбор өлкесіндегі айырбас сауданың негізгі түрі мал мен астық болды. 1745–1759 жылдар аралығында қазактар Орынборға 49 697 жылқы мен құлын, 238 өгіз, 195 447 кой, 774 ешкі әкелді.<sup>44</sup> Алайда айырбасталатын мал саны «әрқашанда ведомостарда өр түрлі себептермен «тольқ көрсетілмеді», демек жоғарыда келтірілген деректер шынына келгенде мұнан көбірек болды».<sup>45</sup> Н. И. Рычковтың деректеріне Караганда, айырбастау үшін қазактар жыл сайын 30 000-нан 50 000-ға дейін кой, 10–15 мың жылқы айдалап апарып отырған.<sup>46</sup>

Айырбас сауданың ұлғаюына қарай үй малына жаңа тарифтік баға қалыптасты: өгіз – 2 сомнан 4 сомға дейін, ешкі – 30 тиыннан 60 тиынға дейін, кой 70 тиыннан сатылды, түйе 40 сомнан арзанға сатылмады. Қазақ-

тар малға, мал терісі мен аң терісіне айырбастап барқыт, мәуіті, қамқа, жібек маталар, орамалдар, зер, кенеп өсіреле астық алды.<sup>47</sup>

Азия халықтарымен бірден-бір сауда базары ғана Орынбор мен Орск болған жок. Жоңғар хандығының өлсіреуі салдарынан 1750 жылы Троицк бекінісінде айырбас сауда базары ашылды. XVIII ғасырдың 50-жылдарына қарай «ойраттар жасаған жексүріндіктер» іс жүзінде тыйылған еді.<sup>48</sup>

И. И. Неплюев пен А. И. Тевкелев Троицк бекінісінде айырбас сауданың бел алуын қолдады.<sup>49</sup>

Оның үстінегі Троицк бекінісінде «азиялық» сауданың ашылуы Орта жүздің ықпалды сұлтаны, бура-найман және атығай буындарын басқарған Абылайдың тілегінен туған еді, оларға сауда жасау үшін Орынбордан гөрі, Троицкіге бару жақынырақ болды, мұның өзі, өлбетте, Троицкіні Орта жүз қазактарына жақын, Оңтүстік Оралдың елеулі сауда рыногына айналдырыды. Нак сол жылы бір ғана Қашғар жылқысы мен Ташкент тауарларын сатудан Троицк бекінісінде 9000 сом кедендік түсім жиналды; сонымен бірге оған 10 пүт күміс және «бірнеше» пүт алтын апарылды.<sup>50</sup> Нұралы хан кесек күміс пен алтынды Орынборда, Бұхарада және Хиуада ортаазиялық көпестерден малға айырбастап алды.<sup>51</sup>

Азия елдерімен сауда ісінің облыстағы жағдайын басқалардан көбірек зерделеген А.И. Тевкелев те өзінің «Әр түрлі қағаздарында» «алтын мен күміс және едөуір мөлшерде жиналған баж» ағылып келіп жатқанын атап өткен.<sup>52</sup>

Сауда мәмілелерінің ауқымы, көп жағынан алғанда, Кіші жүз даласы арқылы өтетін керуен жолының қауіпсіздік дәрежесіне және Хиуа мен Бұхара көпестерінен белгілі бір алымдар алып, олардың Орынборға, Орскіге және басқа қалаларға дейінгі қауіпсіздігін қамтамасыз еткен Нұралы ханға бағдар алған ықпалды ру билеушілерінің көзқарасына байланысты болды. 1750 жылғы 10 қарашада Нұралы хан И. И. Неплюев пен А. И. Тевкелевке Хиуаға көпестер жіберу туралы хабарлап, сауда жолының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге уәде берді және өз ықпалындағы шектен тыс жерден өткен керуендердің тоналуына өзінің жауапты еместігін айттып, былай деп жазды: «... маған келгендер ешқандай қауіпсіз және өздерінің бар мұлкімен жөнелтілетін болады, ал басқалар арқылы жүрсе, дала кең және мен білмейтін де бөгде жандар көп».<sup>53</sup>

Сонымен Қазақстанның солтүстік-батыс шектеріндегі, өдетте, Орынбор саудасы деген жинактаушы ұғыммен сипатталатын сауда XVIII ғасырдың орта шенінде өз дамуы және алыстағы азия иеліктермен қарым-қатысты кеңейту үшін жаңа серпін алды. Башқұрт көтерілісінің басылуы, Жоңғарияның өлсіреуі және оны кейіннен Цин империясының талқандауы өзара тиімді экономикалық қарым-қатысты терендету үшін жаңа мүмкіндіктер туғызды, ол кейде отаршылдық, сынаржақты сипат алып, мысалы, жергілікті рыноктарда орыс мануфактуралық өндірісінің сапасы нашар тауарлары сатылуынан және көшпелі малының шын құнын нашар білген жағдайда, малдың Ресей тауарларына баламасыз айырбасталуынан көрінді.

Орынбордың Шығыспен сауда орталығы ретіндегі рөлі біртіндеп өлсіреп, Цин империясына, Монголияға, Оңтүстік-батыс Сібірге тікелей жақын орналасқан сауда пункттеріне орын берді, алайда II Екатерина үкіметі Орталық Азия халықтарымен сауданы қолдаудағы Орынбордың өткелдік

рөлін сактауға едәуір іскерлік күш-жігер жұмсады: «...оның мөлшерін көбейтуге бар күшті салуға және Орынбор тарапынан азияттармен коммерцияны қандай дәрежеге дейін ізгі шешіммен өркендетуге болатынына ұмтылу керек», – деп мәлімдеді императрица 1763 жылғы 18 наурызда Сенат алдында сөз сөйлегендеге.<sup>54</sup>

Ертіс, Есіл, Сібір шептерінің негізі қаланған кезден бастап оған Қашғардан, Жаркенттен керуендер бет алды, ойраттар, бұхарлық қопестер, монғолдар келіп жатты.<sup>55</sup>

Казақ халқымен, ал сол арқылы шектес елдермен де шаруашылық қатынастарды кенейтуге мұдделі болған Сібір губерниялық өкімшілігі бекіністердің коменданттарына неше түрлі нұсқаулар жіберіп, соңғылағының назарын азия халықтарын саудаға тартудың тиімділігіне аударды.<sup>56</sup> Орынбор өлкесіндегі сияқты, бұл да өкімет орындарының қазынаға баж алымдарының тұсуін көбейтуге ұмтылуымен байланысты болды, сол үшін бекіністер мен бекеттерде кеден тексерушілері ұсталды. Бірақ тұтас алғанда сауда «ол кезде жеткіліксіз болды, сондықтан да баж түсімі аз жиналды».<sup>57</sup>

Патша үкіметі саудаға ойраттарды тартуға ұмтылды. Сонау 1729 жылы Сібір губерниялық кенсесі Сыртқы істер алқасының нұсқамасында Ямышевск және Семей бекіністері арқылы Жонғариямен сауданың тиімділігін мойындаған еді.<sup>58</sup> Негұрлым тұракты сауда қатынастарын жолға қою мүмкіндіктерін анықтау үшін 1734 жылы Өскемен бекінісінен Жонғарияға керуен жаражталып жіберіліп, ол жактан аман-есен, өр түрлі сыйлықтар алып оралды.<sup>59</sup>

Жонғарияның өзі де шекаралық бекіністер мен казактардың қоныстарында сауданы кенейтуге мұдделілік көрсетті. 1732 жылы Галдан-Церен өзінің жақында келген мейманы майор Угримовпен бірге өз өкілі Зогду ханды Мәскеуге жіберді, онымен бірге Семей бекінісіне жонғар қопестерінің үлкен тобы келді. Елшілік Мәскеуден 1736 жылы Тобыл арқылы бағалы сыйлықтар алып оралды, 1738 жылы Семей бекінісіне қызметкерлерімен бірге 250 қәпес керуені келді: олардың бір бөлігі – Ямышевск бекінісіне, екіншісі одан да өрі – Томскіге бет алды.

Жонғар қопестерінің қалаларда және басқа да ішкі қоныстарда болуын құптаған Сібір өкімшілігі ойраттардың тауарларын Ірбіт жәрменкесіне де жиі жіберіп отырды, сол арқылы азиялық саудагерлер тарапынан бәсеке тууынан қауіптенген орыс қопестерінің деруу теріс пікірін туғызды.

Шекаралық өнірде өскери-саяси жағдайдың шиеленісуі шекаралық сауданың жай-күйін едәуір қындацты. Орыс қопестерінің өздері сібір губернаторына ойраттардың екі бекіністе – Ямышевск және Семей бекіністерінде ғана тауар сатып алып, өз тауарларын айырбастауына рұқсат етуді ұсынды. Осының ізінше бұхара және ойрат қопестерінің сібір қалалары мен слабодаларына баруына тыйым салынды. Тек Галдан-Цереннің өз тауарлары үшін ерекшелік жасалып, олар Тобылға жіберілетін болды. Баж салығының көлемі ұлғайтылды. Ямышевск бекінісінің деректерін келтірелік: 1754 ж. – 125 сом 56 тиын, 1755 ж. – 394 сом, 1756 ж. – 894 сом 52 тиын. Салыстыру үшін мына цифrlарды келтіре кетелік: Семей бекінісі бойынша азия ұлт өкілдері саудагерлерінен (казактардан басқа) алынатын баж салығының көлемі 15 жыл ішінде 1755–1770 жылдар аралығында 15 770 сомды, Ямышевск бекінісінде 13 385 сом 70 тиынды құраған.<sup>60</sup>

Ойраттар Қазақстанға шапқыншылық жасаған жылдарда керуен жолдарымен және белгілі жолаушы бағыттарымен жүру қауіпті болды, соның салдарынан шектес елдермен сауда біршама зиян шекті. Жоңғар хандығы талқандалғаннан кейін жағдай өзгерді. 1757–1788 жылдары Орта жүз қазақтары сауда жасауға бөлінген екі бекініс – Семей және Ямышевск бекіністерімен шектелмей, басқа да Ертіс және Сібір бекіністеріне жиі бара бастады. Алайда XVIII ғасырдың 40-жылдарының орта шенінде енгізілген шектеулер қазақ саудагерлерінің бүкіл шекаралық шеп бойында еркін сауда жасауына барлық уақытта бірдей мүмкіндік бере қоймады, ол туралы 1758 жылғы 13 желтоқсанда генерал-майор А. И. Тевкелев Мемлекеттік сыртқы істер алқасына хабарлап, «шепке жақын жерлерде көшіп жүретін қайсақтар қашық болғандықтан Ямышевск және Семей бекіністеріне бара алмайды» деп атап өтті.<sup>61</sup> Қазақ қоныстарына жақын барлық бекіністерде сауданың кеңейтілуіне «басқа тұрғын жерлерден тамак корларының өкелмеуінен біраз мұқтаждық көріп отырған» ауылдар мұдделі болды.<sup>62</sup> 1759 жылдың желтоқсанында Петропавлск бекінісінің ашылуында осымен түсіндіру керек, онда бірден-ақ даланың таулы жағынан айырбас сарайы құрылып, көпестердің дүкендер ашуына рұқсат етілді.<sup>63</sup>

1760 жылы Сібірдің жаңа губернаторы Д. И. Чичерин Мемлекеттік көсіпкерлік алқаның алдында бүкіл Сібір шебі бойында айырбас сарайларын ашу туралы өтініш жасап, ол қанағаттандырылы.<sup>64</sup> 1756 жылы Өске-мен бекінісінде де айырбас сарайы құрылды, оның жанында тексерушілері мен күзетшілері бар кеден бекеті жұмыс істей бастады. Айырбас сарайларында мал өнімдерін өткізген қазақтар саны көбейді. Мәселен, сол жылғы 20 тамыз бен 14 қазан аралығында тек Ямышевск бекінісінде ғана байырғы тұрғындардан 350 адам, соның ішінде Абылай сұлтан мен Қазыбек би иеліктерінен 158 адам сауда жасады.

1766 жылдың желтоқсанында Мемлекеттік көсіпкерлік алқа Сібір шебінің қолбасшысы генерал-поручик И. И. Шпрингердің рапортын қаралды, онда шекаралық бекіністерге «улken керуендермен шығып, сауда жүргізуге» болатындығын растайтын қызықты мәліметтер бар. Оның үстіне бұхара мұсылмандарымен сауданы кеңейту туралы бастаманы Әбілмәмбет хан жасаған.<sup>65</sup>

Ойрат қаупі жойылғаннан кейін аймақта орнаған тыныштық жағдай азия елдерінен ғана емес, Ресейдің ішкі губернияларынан да көптеген көпестердің келуіне себепші болды. Мұнда Қазаннан, Тобылдан, Тарадан, Түменнен, Орынбордан келген саудагерлерді жиі кездестіруге болатын еді. Олар қант, шелек, қалайы ыдыс, темір бұйымдар және басқа тауарлар өкелді. Алтайдың тау-кен зауыты көсіпорындарына және Цин империясына мейлінше жақын орналасқан Өске-мен бекінісінің рөлі жыл өткен сайын арта түсті, оған «көпестер ағылып келіп жатты».<sup>66</sup>

Қарастырылып отырған кезенде Ресей Цин империясымен шекаралық шептер арқылы сауда жүргізген азын-аулақ елдердің бірі болып қала берді. Оның ең басты орталығы Кяхта-Маймачэн ауданы болып қалды. Алайда жақында жауулап алынған аудандарға, мысалы, Шыңжаңға орыс саудагерлерінің баруы әлі де қыын еді.

1777 жылы Орынбор, Троицк және Семей кедендеріне арналған жаңа тариф жарияланды, онда азиялық көпестердің тауарларына баж төмендетілді. Оған қосымша макта-мата бұйымдарын, жібекті және ірі

қараны баж төлемей әкелуге рұксат етілді, бұл мал иесі қазақтарға да, «Ресей жағына» өткізуі жылдан-жылға үлғайып келе жатқан әр түрлі малды арзан бағаға топ-тобымен сатып алушы ортаазиялық саудагерлер мен орыс көпестеріне де тиімді болды.<sup>67</sup> Мәселен, Атығай, Бура-Найман, Уақ болыстарының қазактары Ямышевск бекінісі мен оған жақын орналасқан редуттар мен форпостар арқылы: 1780 ж. – 44 000, 1781 ж. – 50 900, 1782 ж. – 82 100, 1784 ж. – 87 500; Железинск бекінісі арқылы: 1770 ж. – 300, 1778 ж. – 5400, 1780 ж. – 15 000, 1784 ж. – 28 000 жылқы айдаپ өткен.<sup>68</sup>

Азиялық көпестердің бекіністі мекендерге келуін дәріптей отырып, шекаралық өкімет орындары кеден бекеттері арқылы Кәсіпкерлік министрлігі тыйым салған тауарлардың сатуға «жіберілмеуін» үнемі қадағалап отырды. Мәселен, Сібір шебінің инспекторы генерал-майор И. Лавров 1802 жылғы 1 тамызда Семей кеденінің басқарушысынан «азиялықтар атыс каруы, ок-дәрі, корғасын, ресей теңгесі және солдат мәуітісі сияқты тыйым салынған заттарды колданбағанын растауды» сұрады.<sup>69</sup>

Орыстардың қазақ жерлерін біртіндеп игеруі үрдісінде XIX ғасырдың бірінші ширегінде Петропавлдың, жоғарғы Ертіс бекіністерінің Ресейдің Шыңжанмен, Кашмирмен және Тибетпен сауда-экономикалық байланыстарының маңызды өткізу пункті ретіндегі рөлі арта түседі.

Шыңжанмен сауданың негізгі көлемін Шығыс Қазақстанның қалалары мен басқа да қоныстарында ірге тепкен ортаазиялық көпестер жүргізді. 1818 жылы 30 сәуірде ташкент көпестері Мирқұрбан Ниязов пен Ахмадия Әміровтің керуені қазақ даласы арқылы Шәуешек пен Құлжаға барып, аман-есен қайтып оралды. Сонымен қатар қытай шегінен үш «өзі сияқты саудагермен» бірге грузин дворяны Семен Мадатов оралды, ол өздерінің пайдалы сауда жасағанын айтты, олардың керуені орасан көп тауар артылған 200 аттан құралған.<sup>70</sup>

Сонымен, қалаларда және шекаралық қоныстарда құрылған айырбас сарайлары, кедендер Қазақ даласынан, ішкі губерниялардан және шектес елдерден жылдан-жылға саудагерлер тартып, аймақта саяси ахуалды қалпына түсіруде елеулі рөл атқарды. Бекіністер арқылы сауда жасау қазынаға және азиялық саудагерлерге елеулі кіріс келтірді, номадтардың маңуфтуралық тауарлар мен астықка деген қажеттерін қанағаттандырды, сауда жасаушы тараптардың экономикалық мұдделерінің ортақ және жақын екенін көрсетті.

### 3. ӘЛЕУМЕТТІК ЖІКТЕЛУ

Қоғамдық еңбек бөлінісі мен қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық жіктелу барысы қоғамдық міндеттерді жүзеге асыруды одан әрі мамандандыруды туғызды және соның салдары ретінде номадтардың әлеуметтік қатынастары құрылымында ерекше институттардың қалыптасу үрдісіне өкеп сокты. Бұл орайда қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымы мен әлеуметтік топтарға бөлінуі сәйкес келмеді, ал кейде бір-біріне тіпті қайши келіп отырды. Адамның әлеуметтік мәртебесі асте де барлық уақытта бірдей оның экономикалық әл-ауқатымен анықталған емес, ал соңғысы, өз кезегінде, барлық уақытта бірдей оның биік мәртебесіне тәуелді бола бермейді. Қазақ қоғамының әлеуметтік бөлінуіне

тән ерекшелік индивидтердің «ақсүйек» және «қарасүйек» дейтіндерге саралануы болды. Бірінші әлеуметтік топ оның әлеуметтік оқшаулығы және қоғамдық қатынастар құрылымындағы мәнінің зор болуы себепті сырттан ешкімді өткізбейтін индивидтердің мәртебесі жабық корпорациясы болды. Оған аристократиялық екі сословие – *төрелер* мен қожалар жатты.

Ақсүйектерден айырмашылығы «қарасүйектердің» сословиелік-корпорациялық топтарының мәртебесі ашық болды, оған жеke қасиеттері мен мұліктік жағдайына қарай кез келген индивид қол жеткізе алатын. Оларға *билер*, *тархандар*, *батырлар*, *ақсақалдар* санаттары жатты. Алайда қазақ халқының еркін қауымдастар деп анықталатын көпшілік бөлігі сословиелік белгілері бойынша сараланған емес, қазақтардың үстем табынан оның айырмашылығы осы болатын.

Көшпелі қоғамның пұрсатты қаймағы, «ақсүйектердің» негізі болған төрелердің (сұлтандардың) аристократиялық сословиесінен құралды. Ол Шыңғыс-хан үрпактары тармактарының біріне жататын және жүздердің генеалогиялық құрылымына кірмейтін адамдар тобын біріктірді.

Қазақ төрелері (сұлтандары) өз тегін, аймак көшпелілерінің дәстүрлі тұсініктеріне қарағанда, Шыңғыс үрпактарының үлкен тармағынан – Жошы үрпактарынан таратады, мұны кейінгі орта ғасырлар мен жаңа заманың генеалогиялық деректемелері, сондай-ақ қазіргі шығыстанушылардың зерттеулері растап берді.<sup>71</sup> Төрелердің атакты тегі қазақ социумының ішінде ғана емес, сонымен қатар Еуразияның көршілес жартылай көшпелі және отырықшылық-егіншілік өнірлерінде, Башқұртстан аумағы мен Орта Азия хандықтарында мойындалды, олар XVIII ғасырда солардағы хан тағына талай рет шақырылды.<sup>72</sup>

Төрелер сословиесі қазақтардың әлеуметтік, саяси және өскери өмірінде зор рөл атқарды. Қазақтардың мемлекеттік құрылымындағы биліктің жоғары құрылымдары, яғни көшпелі қоғамның саяси жүйесіндегі орталық буын болған хандар солардың арасынан сайланды. Туу құқығы бойынша төре-сұлтандар сословиесіне жату индивидтің іс жүзінде үстем тапқа жататындығын білдірді және оның қоғамдық қатынастарды регламенттеу мен реттеуді жүзеге асырудағы басым құқығын алдын ала аныктап берді.

Төрелердің пұрсатты жағдайы қазақтардың дағдылы құқығы – *әдеттің* көптеген нормаларында ресімделді. Революцияға дейінгі жазбаша деректемелер және қазақтардың ауызекі азыздары әрбір сұлтанның көшпелілердің рулық бөлімшелерінің қайсыбір тобын (ел, ұлыс) басқаруға және өз билігінде белгілі бір жайылымдық аумак (жұрт) болуына құқығы болғанын дәлелдейді.<sup>73</sup> Сұлтанды тіл тигізіп корлағандық үшін 26 ұсақ мал және түйе мөлшерінде айыппұл салу, ал оны өлтіргендік үшін «қарасүйектер» арасынан қатардағы жеті көшпеліні өлтіргендік үшін алынатын құнға тең материалдық өтем – құн төлеу көзделді.<sup>74</sup> Қазақ қоғамның барлық қалған мүшелерінен айырмашылығы, төрелерді билер соты соттай алмады және тек хан соты ғана соттай алатын болды. Бұл сословиенің өйелдері үшін қатаң эндогамиялық шек қойылды: «қарасүйек» ереккек күйеуге шықкан кезде ол өз сословиесінің пұрсаттылығынан айырылатын, ал «қарасүйек» өйел белгілі бір сұлтанның өйелі болған соң өзінен-өзі төрелер табына қосылатын.<sup>75</sup>

Қазақтардың қоғамдық өміріндегі төрелердің пұрсаттылықтары

көшпелі халықтың құқықтық дәстүрлері саласына ғана емес, сонымен қатар даланың жөн-жосық тәртібі саласына да таралды. Көптеген көзбен көргендердің, казак халқының дағдылы құқығы мен тұрмысын білгірлердің айтуына қарағанда, сұлтандармен өнгімелескен кезде «қатардағы қазақтар» оларды есімімен атай алмады, оның орнына «таксыр» деген сөзді қолдануға тиіс болды. Амандасқанда, қоштасқанда, алғыс айтқанда екі қолын қеудесіне немесе оң қолын оң тізесіне қойып, «Алдияр!» деуге тиіс еді.<sup>76</sup>

Сонымен бірге қазақ сұлтандарының мұліктік және әлеуметтік жағдайын сипаттайтын көптеген деректемелер төрелердің артықшылық құқықтары мен пұрсаттылықтарының өте аз екенін немесе олардың жеке басының экономикалық өл-ауқатына мұлде байланысты болмай, қайта төре болып туған сословиесіне тиісті екенін дәлелдейді. Малды және басқа мұлікті иелену емес, қайта Еуразияның әлеуметтік ортасында мейлінше бағаланатын тегінің атақтылығы сұлтандардың көшпелілер арасында саяси ұstem болуы мен қоғамдық мәнінің танылуының көзі болды, олардың қазақ қоғамы жүйесінің әлеуметтік иерархиясындағы мейлінше жоғары мәртебесін анықтап берді.

Жоңғарларға қарсы күрес кезеңінде «төре» мәртебесі қайта бағаланды. Соғысуши халықтың қатарын топтастыруға ғана емес, сонымен қатар ұрыс алаңында батыр айқасқа шығып, адамдарды өз ерлігінің үлгісімен ізіне ерте алатын, көбінесе басқыншылыққа қарсы бүкілхалықтық күрестің ұйымдастырушылары, яғни халықтың шексіз сеніміне бөлген адамдар керек болып шықты. Негізінен халық батырлары сондай адамдар болған еді.

Көшпелілердің басқа бір тандаулы тобы мұсылман діні қызметшілерінің сословиесі – мұрагерлік пұрсаттылықты пайдаланған, қазақ қоғамының рухани өмірінде маңызды рөл атқарған қожалар болды. Барлық салт-жора ғұрыптары – сүндetteу, үйлену тойы, жерлеу және ас беру қожалардың тікелей қатысуымен өткізілді, оларды қожалар Құран оқып зандастырып отырды. Қожалардың көшпелі қоғамдағы саяси ықпалы мардымсыз болды, бұл көп жағынан исламның дала өніріндегі өзіндік ерекшелігімен түсіндіріледі.

«Қарасүйектердің» пұрсатты әлеуметтік санаттары арасында қазақтарда билер сословиесі өте маңызды орын алды, олар көшпелі қауымдарда сот билігі қызметін жүзеге асырды. «Би» деген сөзді, – деп көрсетті Я. П. Гавердовский, – шешен, бай және тапқыр адамдар деп түсіну керек».<sup>77</sup> Казақстанда билердің пұрсатты жағдайы ең алдымен құқықтық реттеу, төрелік және пәтуалық міндеттердің қоғамдық маңызының зор болуымен анықталды және мұлік қатынастары жүйесіндегі басымдықты құқықтардан, атап айтқанда, талап-арыздың оннан бір мөлшері нысанында қосымша өнімді иемдену құқығынан (билік) көрінді. Билер тобының күші мен ықпалы едәуір дәрежеде оның мүшелерінің дағдылы құқықты, дәстүрді білуі, шешендік шеберлігі, қауымдардың мұдделерін қорғай білуі сияқты жеке қасиеттеріне де байланысты болды. «Сот ғұрпындағы шешендік, шеберлікпен ұштасқан терең таным ғана қазақтарға осы құрметті атақты беретін»,<sup>78</sup> – деп көрсетті Ш. Уәлиханов.

Руаралық және жұзаралық дауларды шешуге қабілеті бар билер қарсы қүресуші тараптардың ымыраға келуіне қол жеткізе отырып, әдетте

көшпелілер арасында едөуір бедел алғып, қазақ қоғамының әлеуметтіксаяси өмірінде едөуір ықпалға ие болды. Мұның бәрі Қазыбек, Төле, Әйтеке, Есет және тағы басқалары сияқты құдіретті билердің жоғарғы билікке зор ықпал жасауды мүмкіндік берді; олардың көңіл-куйімен, пікірлерімен және шешімдерімен тіпті ең беделді қазақ хандары (Төуке, Әбілқайыр, Абылай) санаудың отырды.

Қоғамдық қайшылықтарды шешу тәжірибесінде сот төрешілері рөліне әр түрлі адамдар ұсынылған кезде меритократия (яғни ең дарындылардың билікке келуі) принципі айқындаушы рөл атқарды, оған сәйкес қазақтардың дағдылы құқығы жөнінен мол танымы бар, ең талантты, беделді және тәжірибелі халық қазылары ғана билер бола алатын. Бұл орайда қазақтардың құқықтық дәстүрлерінде би атағын тікелей мұраға қалдыруға ешқандай жол берілмеді. Алайда меритократия принципі қайсыбір қазақ биінің ең жақын ұрпақтарының (баласы, немересі, шөбересі) да би болып сайланған алу мүмкіндігі жоққа шығармады. Жеке адамның материалдық әл-ауқатының, ықпалдылық дәрежесінің және басқа да субъективті факторлардың жекелеген қазақ өулеттеріне би атағының бекітілуіне себепші болуы жиі кездесті, бұдан көшпелілер арасында генеалогиялық туыстық принципінің әлеуметтік маңызы зор екені көрінді. Тіпті осындай жағдайларда да билер сословиесінің өкіліне генеалогиялық жақындықтың өзі осы дәрежеден үміткерге қалаудыңша би болып сайлануға әлі де кепілдік бермегі және көшпелілердің қоғамдық санаудың жеке адамның қабілеттері мен дағдыларына қатысы жөнінен бағынышты орын алды.

XVII–XIX ғасырдың бірінші жартысы кезеңінде қазақ қоғамында әскер басылары – батырлардың әлеуметтік тобының маңызы мен саяси ықпалы зор болды.

«Батыр», «баһадұр», «баһадүр» деген түрік-монғол сөзі бастапқыда шайқас алдында жауды жекпе-жекке шақыратын ержүректі білдірген. Осы транскрипциясында ол XIV ғасырдың өзінде-ақ орыс тіліне еніп, онтүстік славяндардың кітаби тіліндегі «батыл», яғни «жаугер» деген неғұрлым ертедегі, автохондық терминді ығыстырып шығарған. Бұл терминнің «богатырь» деген орысша калькасымен қатар XV ғасырдың аяғы – XVI ғасырдың алғашқы үштегі бірінде Мәскеу мемлекетінде жат жерлік ержүрек жауынгерлерді атау үшін енді түркі тілінің өзіндегі «батыр» термині қолданылған, мұны «Московия туралы жазбалардың» белгілі авторы, бұл атады орыс адамдарынан алғаш рет есіткен австриялық дипломат Сигизмунд Герберштейннің (1485–1566) жекелеген ескертпелері растай алады.<sup>79</sup> Бұл дерек Еуразияның көшпелі дүниесіндегі әлеуметтік құбылыс ретінде батырлықтың кең таралғанына көз жеткізе дәлелдейді, әлбетте, бұл түрік халықтарының ең жақын көршілері – славяндарға ұғымдық-лингвистикалық түрғыда өсер етті.

Шыңғыс-хан заманынан бері «баһадұр» термині әскериленген түрік-монғол ақсүйектерінің өкілдеріне талай рет атақ ретінде берілді. Бұл мағынасында алғанда Мас'уд ибн Усман Күхистани (1453–1512) мен басқа да шығыс авторлары өз шығармаларында Әбілқайыр (1428–1468) хандығындағы көптеген баһадұрлерді айтып өтеді.<sup>80</sup> Ол сыртқы жаулармен құресте жеке батылдық көрсеткені, не соғыс қимылдарына шебер басшылық жасағаны үшін хан немесе сұлтан алатын құрметті атақ ретінде

едәуір жи қолданылды. Бұл жағдайда «баһадүр» атағы көшпелілердің өлдебір атақты билеушісінің толық өз есіміне қосылып отырды. Атап айтқанда, XVIII ғасырда қазақ хандары Тәуkenін, Қайыптың, Әбіл-Қайырдың, Абылайдың және басқа да ірі тұлғалардың осындай атағы болды.<sup>81</sup>

Алайда батыр – ержүрек адамның атағы ғана емес, сонымен қатар көбінесе өскери міндеттерді жүзеге асырумен айналысатын адамдардың жеке дара қасиеті. Саяхатшы Е. К. Мейендорфтың анықтауы бойынша қазақ қоғамында «ержүрек» әділ және тапқыр, соғыс кезінде – шабандоз адамдар» батыр деп аталған.<sup>82</sup> «Батыр» атағы ешқашан мұраға қалдырылатын болмаған, оны тек жеке ерлікпен алған. Ал сонымен бірге белгілі бір батырдың өскери істе өзін айқын көрсеткен баласының және немересі батыр болған жағдайлар аз кездеспейді. Бұған Кіші жүздің жетіру буыны табын руының ықпалды батыры Бөкенбай (1741 ж. өлген) үрпақтарының – оның баласы Тіленші Бөкенбайұлының және XIX ғасырдың 20–30-жылдарының басында батыс қазақтарының халық-азаттық қозғалысын басқарған немересі Жоламан Тіленшіұлының осы атақты мұраға алу оқиғасы мысал бола алады.<sup>83</sup>

XVIII ғасырдың бірінші жартысында батырлардың беделі мен әлеуметтік маңызы мейлінше күшті өсті, мұның өзі сыртқы қауіпке және қазақтардың әлеуметтік үйымдасуында өскери құрылымдар рөлінің арта түсіне байланысты болатын. Жонғарлар басқыншылығына пәрменді тойтарыс беруді үйымдастыру қажеттігі өуелі өскери сахнада, ал сонан соң саяси сахнада да халықтың жол бастаушылары мен қолбасшылары – батырлардың аса көрнекті шоғырының пайда болуына жеткізді, олар: қазақ қоғамының төменгі топтарынан өсіп шыққан жетіру буынының табын руынан Бөкенбай, Орта жүздің арғын бірлестігінің қанжығалы руынан Бөгөнбай, Қабанбай, Малайсары, Есет, Тайлак, Жәнібек, Өтеген, Олжабай және басқа адамдар. Қазақтардың өскери топтарының ойрат өскерлерін женғен, казақ халқының тарихи зердесінде мәңгілік сақталып қалған ең ірі жеңістері жоғарыда аталған батырлардың есімдерімен байланысты.

Казак жүздерінің аумактық шептерінде соғыс шиеленісінің бәсендеуіне қарай батырлардың әлеуметтік маңызы да төмендей берді. Бұл өскери көсемдердің қоғамдық беделі мен саяси ықпалының белгілі бір толқыны XIX ғасырдың 20–40-жылдарында Кіші жүз бен Орта жүзде халық-азаттық қозғалысының дамуына байланысты болды. Бұл кезеңде Кенесары сұлтанның, оның туған інісі Наурызбай батыр (1822–1848), Ағыбай, Бұкарбай, Иман және басқа да көптеген батырлар сияқты ержүрек жауынгерлер мен олардың серіктегендегі қазақтар арасында аса күшті беделге ие болды.

Ұлы жүз аумағында өскери құрылымдар рөлінің елеулі түрде күшеюі және соған байланысты батырлар әлеуметтік тобының қоғамдық маңызының артуы Қоқан хандығының басқыншылық соғысына қарсы күрес жылдарында (XIX ғасырдың 20–50-жылдары) байқалды. Әскери жасақтардың қолбасшылары Сарыбай Айдосұлы, Саурық Стамбекұлы, Сыпатай Әлібекұлы, Сұраншы Ақынбекұлы, Сыпатай Саурықұлы, Байзак датка Мәмбетұлы және басқа көптеген батырлар қазақ қоғамында нақ сол кезде батыр атанды.

Тарихтың жоғарыда келтірілген кезеңдерінің бөрінде батырлар ержүрек жауынгерлер, ат жалында ойнаған шабандоздар және өскери жасактардың қолбасылары ғана емес, сонымен қатар көшпелі қоғамның ең таңдаулы әлеуметтік топтарының бірі болды. Бұл жағынан революцияға дейінгі көптеген авторлардың батырлар арасынан көшпелілердің саяси ұйымдасуында маңызды орын алған рубасы қазақ ақсақалдарын көп кездестіруге болатын деп ескертуі де кездесік емес. Мәселен, XIX ғасырдың басында Г. И. Спасский жазып алған үш жүздің 67 рулық бөлімшелерінің 25 құрылымын батырлар басқарған.<sup>84</sup>

Сонымен қатар батырларды жоғарғы биліктегілер қазақ хандықтарының көрші мемлекеттермен өзара қатынастарында, сондай-ақ хандардың билер топтарының мүшелерімен және ру ақсақалдарымен қайшылықтары шиеленіскең кездерде хандарды қолдау мүддесінде дипломатиялық сипаттағы жауапты тапсырмаларды орындауға тартып отырды.

Батырлардың пұрсатты жағдайы олардың жеке қасиеттерімен қоса, соғыстағы табыстарына, беделді рулық байланыстары мен байлығына, яғни жат елдерге соғыс жорықтары кезінде олардың қолға түсірген олжасының мөлшеріне, сондай-ақ көвшілік бөлігі қазақ жастарынан тұратын ерікті жасақтарының санына байланысты болды. Сонықтан өзінің байлығы мен қазақтар арасындағы саяси ықпалы жөнінен кейбір батырлар (мысалы, Орта жүздің арғын бірлестігінің шақшак руынан шыққан Жәнібек сияқты) кейде билеуші хандар мен сұлтандардан да асып түсіп отырды.

Қазақ қоғамының әлеуметтік топтарға бөлінуінде *тархандар*, яғни жоғарғы биліктегілер сінірген өр түрлі еңбектері үшін пұрсаттылықтар, мысалы, салық төлеуде және басқа да жағдайларда пұрсат берілген адамдар белгілі бір орын алды. Қоғамды орталықтаныру, мемлекеттік құрылымдарды ресімдеу, соғыс қақтығыстары кезінде тархандар көшпелі ұжымдарды басқару жүйесінде белгілі бір беделді қызмет орындарына ие болу құқығын пайдаланды. Бірақ күнделікті қалыпты кездерде, әдетте, «тархандардың пұрсаттылығы ұмытылып, ал бұл әлеуметтік топтың рөлі мәнін жойды.

Қазақтардың ұstem табының саны ең көп тобы көшпелі қауымдардың барлық буындарында әлеуметтік-реттеушілік міндеттерді жүзеге асыратын *ақсақалдар* болды. «Бұл бастықтар немесе кінәздер, — деп атап өткен И. П. Фальк, — ең бай, өте құрметті және аймактардың оракулы сияқты адамдар, сондықтан да хан өзінің сол жерлерге ықпалын, олардың билігі аз болғанына қарамастан, солар арқылы көп іс тындыра алады».<sup>85</sup> Қазақтарда ақсақал деген атқа зор интеллектуалдық әлеуеті, жанжақты ұғымы және бай тәжірибесі бар адамдар ғана ие болды. Көшпелі мал шаруашылығы жағдайында бұл жеке адамгершілік қасиеттер малды шоғырландыру мен индивидтің материалдық жағынан қамтамасыз етілуінің сөзсіз аса маңызды факторына айналды. Сондықтан ақсақалдардың қоғамның нақ билеуші табының әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық реттеу міндетін иемденіп алуы, идеология және рухани мәдениет саласына белсене араласуы занды. Көшпелі қоғамның әлеуметтік топтарға бөлінуінің бүкіл жүйесінің негізі болған ақсақалдар өз қатарларынан басқа әлеуметтік санаттар мен сословиелерді толықтырып отырды.

Көшпелі қоғамның үстемдік етуші бөлігінің өкілдері болған өр тұрлі сословиелік топтармен және қауымның еркін мүшелерімен қатар, Қазақстанда тәуелді халық санаттары – құлдар мен *төлеңгіттер* болды.

Сұлтандар сословиесінде қызметте жүрген адамдар төлеңгіттер деп аталды. Бұл топтың пайда болуы өзара қырқыстарға және жонғарларға қарсы көпжылдық құреске байланысты, сол кезде жоғарғы биліктегілер мен оның өкілдері сұлтандарға «қызметші» адамдар өте қажет болған еді.<sup>86</sup>

Құлдар да тәуелді халық санатына жатты, олар тұтқынға түскен ресейліктер, қалмактар мен ирандықтар арасынан алынды. Құлдар негізінен жеке қожалықта: мал бағуға, егістікті өндеуге, дала аксүйектерінің үй ішіндегі жұмыстарына пайдаланылды. Алайда қазактарда Құлдық өлеуметтік-экономикалық қалып ретінде кең таралған жоқ және патриархаттық үй Құлдығы шенберінен шықпады.

<sup>1</sup> Торговля с Московским государством и международное положение Средней Азии /Материалы по истории Узбекской, Таджикской и Туркменской ССР, т. 1. Л., 1933, 265-б.

<sup>2</sup> Казахско-руssкие отношения в XVI–XVIII веках. А., 1961, 62-б. (КРО-І).

<sup>3</sup> Международные отношения в Центральной Азии. XVII–XVIII вв. Документы и материалы, кн. 1. М., 1989, 213-б.

<sup>4</sup> *Бұл да сонда*, 213-б.

<sup>5</sup> Валиханов Ч. Ч. О кочевках киргиз / Собрание сочинений в пяти томах, т. 4. А., 1985, 106–107-б.

<sup>6</sup> *Бұл да сонда*, 106-б.

<sup>7</sup> Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.), т. IV. М.-Л., 1940, 214-б.

<sup>8</sup> Халид К. Тауарих Хамса (бес тарих). А., 1992, 175-б.

<sup>9</sup> Рычков П. И. Топография Оренбургской губернии. Оренбург, 1887, 293-б.

<sup>10</sup> Ходжамкули бек Балхи. Тарих-и кипчак-хани (история кипчакских ханов) /Материалы по истории Средней Азии и Центральной Азии X–XIX вв. Ташкент, 1988, 25, 265–266-б.

<sup>11</sup> Кармышева Б. Х. Очерки этнической истории южных районов Таджикистана и Узбекистана (по этнографическим данным). М., 1976, 236-б.

<sup>12</sup> Тынышбаев М. Актабан – шубырынды. (Великие бедствия и великие победы казахов) /Тынышбаев М. История казахского народа. А., 1993, 165-б.

<sup>13</sup> Құдайбердіұлы Ш. Көрсетілген еңбегі, 107-б.

<sup>14</sup> Тынышбаев М. Историческая справка и племенной состав коренного населения Ташкентского уезда (из материалов к национальному размежеванию в Туркестане) /Тынышбаев М. История казахского народа. А., 1993, 183-б.

<sup>15</sup> Левшин А. И. Описание киргиз-кайсацких, или киргиз-казачьих, орд и степей. СПб., 1832, ч. 3. Этнографические известия, 221–224-б.

<sup>16</sup> Паллас П. С. Путешествие по разным провинциям Российского государства, ч. 1. СПб., 1777, 351-б.

<sup>17</sup> Прошлое Казахстана в источниках и материалах, сб. 1. (V в. до н.э. – XVIII в.н.э.) А., – М., 1935, 159-б.

<sup>18</sup> Левшин А. И. Көрсетілген еңбегі, ч. 3, 225-б.

<sup>19</sup> Рычков П. И. Дневные записки путешествия в киргиз-кайсацкой степи в 1771 г. СПб., 1772, 31-б.

<sup>20</sup> Прошлое Казахстана, 156-б.

<sup>21</sup> *Бұл да сонда*, 152–153-б.

<sup>22</sup> Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVII – первая треть XIX в., ч. 2. А., 1989, 12-б.

- <sup>23</sup> *Бұл да сонда*, 33-б.
- <sup>24</sup> *Бұл да сонда*, 74-б.
- <sup>25</sup> *Бұл да сонда*, ч. 1, 144-б.
- <sup>26</sup> ГАОМО, ф. 1, оп. 1, д. 3838, л. 8–14.
- <sup>27</sup> ГАОМО, ф. 3, оп. 3, д. 1112, л. 515–547; ЦГА РК, ф. 15, оп. 1, д. 1827, л. 1–121.
- <sup>28</sup> Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. Ташкент, 1994, 81-б.
- <sup>29</sup> КРО-І, 649-б.
- <sup>30</sup> Валиханов Ч. Ч. Аблай //Собрание сочинений в пяти томах, т. 4. А., 1985, 115-б.
- <sup>31</sup> Материалы по истории КазССР (1785–1828 гг.), т. IV. М.-Л., 1940, 79-б.
- <sup>32</sup> *Бұл да сонда*, 137-б.
- <sup>33</sup> Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.). Т. IV. М-Л., 1940, 33–39-б.
- <sup>34</sup> Радлов В. В. Из Сибири. Страницы дневника. М., 1989, 344-б.
- <sup>35</sup> Тетеревников А. Н. Очерки внутренней торговли Киргизской степи. СПб., 1867, 7-б.
- <sup>36</sup> Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды //Отечественные записки, ч. 120. СПб., 1830, 193-б.
- <sup>37</sup> Валиханов Ч. Ч. О хлебопашестве /Собрание сочинений в пяти томах, т. 1. А., //Вестник императорского географического общества, вып. 1, ч. 13. СПб., 1855, 4-б.
- <sup>38</sup> Российский государственный военно-исторический архив, ф. Военно-ученый архив, д. 19209, ч. 2, л. 8. (РГВИА.)
- <sup>39</sup> Бұл да сонда, ч. 1. л. 9.
- <sup>40</sup> Бұл да сонда, л. 16.
- <sup>41</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г., т. 3. Казань. 1897, 675-б.
- <sup>42</sup> Бұл да сонда, 724-б.
- <sup>43</sup> Левшин А. И. Көрсетілген еңбегі, ч. 3, 221-б.
- <sup>44</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край, 726-б.
- <sup>45</sup> Рычков Н. И. Топография Оренбургская. СПб., 1887, 279-б.
- <sup>46</sup> Левшин А. И. Көрсетілген еңбегі, ч. 3, 219, 229-б.
- <sup>47</sup> Редкое и достопамятное известие о бывшей из России в великую Татарию экспедиции. СПб., 1777, 30-б.
- <sup>48</sup> Материалы по истории Казахской ССР. 1741–1751 гг., ч. 2, т. 11. А., 1948, 338-б.
- <sup>49</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край, 730-б.
- <sup>50</sup> Аполлова Н. Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX вв. М. 1960, 204-б.
- <sup>51</sup> Разные бумаги генерал-майора Тевкелева об Оренбургском крае и о киргиз-кайсацких ордах. 1762 г. //Временных Московского общества и древностей Российских, кн. 13. Смесь. М., 1852, 18-б.
- <sup>52</sup> Материалы по истории Казахской ССР. 1741–1751, т. 2, ч. 2, А., 1948, 352-б.
- <sup>53</sup> Андриевич В. К. Исторический очерк Сибири, т. 4. СПб., 1887, 201-б.
- <sup>54</sup> РГАДА, ф. 276, оп. 1, д. 516, л. 6–7.
- <sup>55</sup> Қар.: Касымбаев Ж. К. Развитие Прииртышских крепостей как торговых центров в XVIII в. //Известия Академии наук КазССР. Серия общ. наук, № 5, 1975, 42–49-б.
- <sup>56</sup> ГАОМО РФ, ф. 366, оп. 1, д. 323, л. 20.
- <sup>57</sup> Сборник статистических и исторических сведений о Сибири. СПб., 1876, вып. 1, т. 2, 52-б.
- <sup>58</sup> Госархив Алтайского края РФ (ГААК РФ), ф. 132, оп. 1, д. 29, л. 12.
- <sup>59</sup> Словцов П. Историческое обозрение Сибири. М., 1861, кн. 2, 224-б.
- <sup>60</sup> Архив внешней политики Российской империи (АВПРИ), ф. 113, оп. 1, 1759, д. 3, л. 3 об.
- <sup>61</sup> Бұл да сонда.
- <sup>62</sup> Петропавловск (История городов Казахстана). А., 1985, 15-б.
- <sup>63</sup> РГАДА, ф. 276, оп. 1, д. 597, л. 60. Касымбаев Ж. К. О роли Иртышской линии в

развитии торговли между Средней Азией и Россией (XVIII – первая половина XIX вв.) //Общественные науки в Узбекистане. 1984, № 6, 47-б.

<sup>65</sup> РГАДА, ф. 276, оп. 1, д. 527, л. 104 об.

<sup>66</sup> Домовая летопись, писанная капитаном Иваном Андреевым в 1789 г. М., 1871, 45-б.

<sup>67</sup> Систематический каталог по делам Государственной коммерцколлегии (Составитель Н. Кайданов). СПб., 1884, 9-б.

<sup>68</sup> Российский архив географического общества, ф. 64, оп. 1, д. 7, л. 59.

<sup>69</sup> Российский Государственный исторический архив. (С.-Петербург. РГИА), ф. 1264, оп. 2, д. 726, л. 14 об.

<sup>70</sup> Касымбаев Ж. К. Казахстан–Китай: караванная торговля в XIX – начале XX веков. А., 1996, 94-б.

<sup>71</sup> Чулошников А. П. Очерки по истории казак-киргизского народа. Оренбург, 1924; Султанов Т. И. Кочевые племена Приаралья. (Вопросы этнической и социальной истории). М., 1982.

<sup>72</sup> Материалы по истории Башкирской АССР, т. 1. М., 1947, 268–273-б; МИКХ, 435–474; Акманов И. Г. Башкирские восстания. Уфа, 1993, 196–197, 217, 303-б.

<sup>73</sup> Султанов Т. И. Қөрсетілген еңбегі, 94-б.

<sup>74</sup> Баллюзек Л. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой киргизской орде силу закона //ЗВОИРГО, вып. 21, 133-б, § 5; Материалы по казахскому обычному праву, сб. 1. А., 1948, 20, 43-б; Зиманов С. З. Общий военный строй казахов в XVIII – начале XIX вв. А., 1958, 187-б; Фукс С. Л. Обычное право казахов в XVIII – первой половине XIX веков. А., 1981, 84, 162-б.

<sup>75</sup> Загряжский П. Юридический обычай киргиз о различных родах состояний и о правах, им присвоенных //МСТК, вып. IV. СПб., 1876, 152-б, § 14; Материалы по казахскому обычному праву, 136-б, § 34; Гродеков Н. И. Киргизы и кара-киргизы Сырдарьинской области, т. 1. Юридический быт. Ташкент, 1889, 56, 30-б.

<sup>76</sup> Загряжский Г. Юридический обычай киргиз, 152–153-б, § 15; Баллюзек Л. Народные обычаи, 155-б, § 1.

<sup>77</sup> Гавердовский Л. П. Обозрение Киргиз-кайсацкой степи //Рукописный фонд Санкт-Петербургского отделения Ин-та российской истории. Кол. 115 № 495, л. 73.

<sup>78</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч., т. 4. А., 1984, 473-б.

<sup>79</sup> Орлов А. С. Героические темы древней русской литературы. М.-Л. 1945, 44-б.

<sup>80</sup> Федоров-Давыдов Г. А. Общественный строй Золотой орды. М. 1973, 46–47-б; МИКХ, 96–119, 140–171-б.

<sup>81</sup> КРО-І, 15, 128, 170, 308-б. т.б.

<sup>82</sup> Мейендорф Е. К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. М., 1975, 41-б.

<sup>83</sup> Материалы по истории Казахской ССР, т. 4. М., 1958, 169–172-б. Добросмыслов А. И. Тургайская область, т. 1. Оренбург, 1900, 29, 166-б.

<sup>84</sup> Спасский Г. И. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой Орды //Сибирский вестник, 4. IX-XI. СПб., 1820.

<sup>85</sup> Архив РАН (Санкт-Петербургское отделение), ф. 3, оп. 35, д. 47, л. 191 об – 192.

<sup>86</sup> Вяткин М. П. Тюленгуты в XVIII в. //Известия Каз. филиала АН СССР Сер. истор., вып. 1. М., 1940, 19–29-б.



## *Бесінші таралу*

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОЛТУСТІК-БАТЫСЫНДА РЕСЕЙ БИЛГІНІҢ КУШЕЮІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ – XIX ғасырдың бірінші ширемегі)**

#### **1. НҰРАЛЫ ХАН БИЛГЕТКЕН ЖЫЛДАРДАҒЫ КІШІ ЖУЗДЕГІ САЯСИ ЖАҒДАЙ (1749–1786)**

XVIII ғасырдың екінші жартысында Ресей I Петр жүргізген реформалар мен өзгерістердің жемісін тата бастады. Соңғы жылдарда I Петр реформаларының орны мен маңыздылығы туралы пікірсайыс өріс алды. Бірақ Ресейдің ішкі өміріндегі бір нәрсе – мемлекеттілік пен оның идеяларының жаңа, неғұрлым жоғары деңгейге көтерілуі айқындала түсті. Өз кезегінде, Ресей мемлекеттігі идеяларының орыс қоғамының барлық топтарына кеңінен енуі бұл идеяларды Ресей мемлекетін кеңейту тұжырымдамасы етіп кең көлемде жаңғыртуға және оның идеологиясының жақын жатқан Қазақстан аймақтарына енуіне әкеп соктырады. Тарихшылар Ресейдің орталығындағы ірі экономикалық немесе саяси сілкіністің қандай болсын қоныстандырудың жаңа толқынына әкеп соққанын атап өтті. Ал халықтың қалың бұқарасын қоныс аудару үшін жаңа ұлken аумақтар, оның үстіне шаруашылық жағынан игерілген аумақтар керек болды. Жер туралы мәселенің Батыс Қазақстан аумағында XVIII ғасырдың екінші жартысында ең басты мәселе болғаны нақ сондықтан. Жонғар басқыншылығына ойдағыдан тойтарыс бергеннен кейін Қазақстан бірыңғай және біртұтас мемлекет ретінде бабалары мұраға қалдырған дәстүрлі шекте өзінің шаруашылық өмірін қайтадан дамыта бастады. Алайда XVIII ғасырдың 30-жылдарының орта шенінен бастап Ресей мемлекеті қазактардың жеріне де, империяның бодандары ретінде қазактардың өздеріне де орыс мемлекеттілігі идеологиясы тұрғысында көз тіге бастады. Өлкенің әрбір әкімшісі Ресей империясының толық және шексіз билігіне көшкен жерді ұлғайта түсуге өз үлесін қосуға ұмтылды. Осы саясатты жүзеге асыру барысында қазактар, қалмақтар, башқұрттар дербестігінің қалдықтары толық жойылды, бұл орайда ресми әкімет орындары жергілікті халықтың қайтпас қарсылығына душар болды. Сондықтан оны бөлшектеу, халықтарды қырқыстыру, халықтың барлық топтарында өз агентурасын құру, отарлаудың басты күші ретінде казактарды біржолата бағындырып, оларды осы мақсатта пайдалану жөнінде әр түрлі әдістер қолданыла бастады. Бұл саясат И. И. Неглюевтің «запастағы» жоспары түрінде қалыптасып, империяның Қазақстандағы бүкіл үстемдігі шенберінде әр түрлі нұсқауларда жүргізіліп отырды. Алдыменен империяның шекарасына өте жақын орналасқан аймак ретінде Батыс Қазақ-

станда мейлінше толық жүзеге аса бастады. Қазақ рулары мен бүкіл Кіші жүздің билік құрылымдарындағы қайшылықтар да, ұлт-азаттық қозғалысының күрделілігі де, Ішкі Орданы (Бекей Ордасын) Ресей өкімшілігінің қайта бағындыруы да міне осыдан.

XVIII ғасырдың екінші жартысында қазақ қоғамында біртұтас және орталықтандырылған билік пен мемлекет проблемасы өткір қойылды. Билік иелері арасындағы түрлі топтардың үстемдік үшін күресі 1748 жылы Әбілқайыр ханың өлтірілуіне өкеп соқты. Осы арқылы қазақ жүздерін біріктіру жолындағы күш-жігер едәуір дәрежеде әлсіретілді. Жаңа тарихтың әр түрлі кезеңдерінде бұл мәселе түйінді мәселелердің бірі болып келді. XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының ыдырауына себепші болған іріткі салушы күштер басым бола бастады. Әбілқайыр қаза тапқаннан кейін Орта жүз иеліктері оның мираскорларынан аулақтап кетті. Кіші жүздің өзінде де билік таласы асқына түсті. 1748 жылдың қазан айында Орынбор өкімшілігінің жәрдемімен Нұралы сұлтанды хан атағына сайлау өткізілді. Бұл мәселені шешу үшін Ақсақалдар кеңесі жиналды. 1000-ға жуық адам қатысты. Олардың арасында Кіші жүз бен Орта жүздің әр алуан руларының билері, батырлары, сұлтандары болды. Сайлаудың өзі «бұрынғысынша жария өткізілген жок, барлық рулардан тандалған 10 адам, атақты билер ғана қатыстырылып, оның өзінде ханның үйінде өтті... Соның бәрінде барлық билер мен атақты ақсақалдар және ханшайымның төңірегіндегі қазактар бәрін оған, Нұралы сұлтанның еркіне салды, соナン соң барлығы, әр түрлі шенді 1000-нан астам адам келесі күні тарап кетті». Нұралы өз жағдайының солқылдақтығын сезініп, сайлаудан кейін бірден патша үкіметіне өзін хан атағына бекітуге өтініш жасады. Сонымен бірге 1748 жылдың аяғында Нұралы ханға жылына 600 сом мөлшерінде мемлекеттік айлық тағайындалды.

Нұралының саяси қайшылықтары осыдан көрінді – ол қазақ хандарынан бұл атакқа бірінші болып бекітілді, сондықтан да өз қызметінде патша үкіметіне толық тәуелді болды. Нұралыны хан сайлаған кезде сұлтандар мен ру ақсақалдары арасында пайда болған алауыздық ондаған жылдарға созылды, соның салдарынан ру шонжарларының Нұралы билігін шектеуге өрекет жасауы тыйылмады.<sup>1</sup>

Нұралы тіпті Кіші жүздің өзінде өкесінің барлық иеліктерін сақтап қала алмады. Шектілер Батырды өздерінің ханы деп мойындағы. Нұралының інілері Айшуақ пен Ералы тәуелсіз болуға үмтүлды. Сырдарияның төменгі ағысындағы қоныстарды иеленген Ералы өзін Нұралыға тәуелсізбін деп сезінді.

Батыр сұлтан өзіне бағынышты рулармен Сырдарияның төменгі ағысы мен солтүстік Арал өніріндегі жайылымдарды иемденді. Әбілқайыр қайтыс болғаннан кейін оны хан деп жариялауға өзірлік жасалды, олар формальді түрде оны жариялады да.<sup>2</sup> Оның иелігіне шекті, шөмекей, төртқара рулары ауылдарының бір бөлігі қарады. Батыр ханның баласы бір кездерде Хиуаның ханы болды.

Нұралы ханының ішкі жағдайы да тұракты болмады. Оның беделі едәуір дәрежеде елдің ақсақалдарымен қатынастарға тәуелді еді. Батыр ханмен бакталастық қауіпті болды, сондықтан Нұралы сырттан қолдауды қажет етті. Оған Хиуа да, Бұхара да мұндай қолдау көрсетпеді. Сөйтіп бұл жағынан ол патша өкімшілігіне иек артты. Сонымен бірге Нұралы алғашқы кезде өзінің барлық қазақ жүздерінің аға ханы болып сайлануы туралы қияли ойға берілді. Нұралының мұндай көтерілуіне қазақ хандары мен сұлтандары тарапынан да,

патша өкіметі тарапынан да нақты қолдау жасалмады. Нұралы ханның жоспарлары және олардың нақтылығы жөнінде тарихшы М. П. Вяткин: «Ол өз иеліктерінің патшалық Ресейге вассалдық қатынастарын нығайтуға ғана қолы жетті, бірақ феодалдық негізде қазақ хандығының бірігуін қайта жаңғыруға жете алмады», – деп дұрыс атап айтқан.<sup>3</sup> Шындығында, Нұралының билігі мен иеліктері Жем мен Жайық арасында көшіп жүретін қазактармен, байұлы және жетіру руларымен ғана шектелді. Кіші жүздегі саны мейлінше көп және ықпалды өлімұлы рулық бірлестігінің көшілік бөлігі Нұралыға тәуелсіз болды. Үқпалды шекті руы да одан аулақтап кетті.

Ішкі кикілжіндер сыртқы саяси жағдайдан көрініс тапты. Нұралы ханның патша өкімшілігімен қатынастары екі түрлі тоқтамға құрылды: бір жағынан патша өкіметінің көмегімен өз билігін нығайтқысы келді, екінші жағынан Ресей ықпалының күшеюіне қазақ қоғамының қарсыласуы ескерілді.

1760 жылдың қыркүйегінде Ресей геологиялық барлау партиясының адамдары ханның жиені Мәмбетәлі сұлтан мен қазақтың ықпалды 20 ақсақалын далада жүргенде өлтіріп кетті. Бұл Кіші жүздің өр түрлі рулары арасында ашынған наразылық туғызды, соның ізінше Орынбордағы губернатор ауыстырылды. Жаңа губернатор Д. В. Волков билігі өлсіз ханды қолдау қажет деп санады, мұның өзі қазақ даласын бейбіт отарлауға жәрдемдесетін еді. Орынборда тұтқында жатқан аманаттарды Ресей бағдарын жақтаушылар ету қажет болды. Қазақ-орыс саудасын кеңейтуге күш салу, қазактар арасындағы егіншілікті көтермелек ұсынылды. 1763 жылы Нұралы ханның, Айшуақ сұлтанның және губернатордың кездесуі кезінде сауда-саттық мәселелері, керуендерді күзету туралы мәселе талқыланды. Керуендер күзетін және оларға көшбасшы беруді хан өз мойнына алды.

Мұның бөрінде нақты жүзеге асырылатын жоспарлардан гөрі ізгі ниеттер көбірек болды: бір-бірінің керуендерін талап-тонау сирек кездеспейтін құбылыс еді. Түрікмендер, қарақалпактар, өзбектер мен қазактар солай істеді, өрине өздерінің ру билеушілерінің мұдделерін көзделп істеді. Бұл жағдайларда шекаралық барымта, дәлірек айтқанда, бір-бірінің малын айдал өкету де отаршылдық экспансияның көрінісі және оған қарсы ресей-қазақ шептеріндегі құрес сияқты өкімет орындарының реттеуіне илікпеді. Жайықты бойлай орналасқан Ресей шекаралық отрядтары бейбіт қазақ ауылдарына жиі шапқыншылық жасады. Өздеріне тыйым жоқ екенін көрген Ресей шекаралық құзет бөлімдері үшін далаға шығып, қазақ ауылдарына шабуыл жасау біртіндеп баю көзіне айналды. Олардың бастамашылары көбінесе Орал казак өскерінің старшиналары болды. М. В. Вяткиннің дұрыс ескертуі бойынша, Ресей шекаралық құзетінің барымтасы «отаршылдық тонау нысандарының біріне айналды».<sup>4</sup>

Нұралы хан өз саясатында осы факторлардың бөрін ескермей отыра алмады, алайда оның өзі және оның төнірегіндегілер патша өкімшілігімен одакты ұстануды жалғастыра берді. Оның орнықсыз жағдайы соны талап етті: Нұралы ханның көшетін қонысы шекаралық шепке қарай қысылды, оларды Сырдарияның төменгі ағысы мен солтүстік Арал өңірінен Батыр және Досалы сұлтандардың көшүі ығыстырып шығарды.

Кіші жүз үшін маңызды мәселелердің бірі «ішкі жаққа», яғни Жайық пен Еділдің төменгі ағыстары арасындағы кеңістікке көшіп бару туралы мәселе болды. 1756 жылы патша жарлығы шығып, ол бойынша қазактардың қыс кезінде өз малын Жайықтың батыс жағына айдал апаруына тыйым салынды. Жаз кезінде Жайықтың сол жағасы бойындағы жұтаң жайылымдарды мал таптап

тастайтын, қысқы қыстау үшін қамыс, ағаш және шөп өскен жер болмады. Қысқы дауылдар мен борандар кезінде мал жаппай қырылып қалатын. Нұралы ханды, билер мен сұлтандарды орын алған жағдай қатты аландатты. Бұл мәселе хан мен ру аксақалдарының, ірі байлардың қатынасын қындағатты. Патша жарлығына ресми түсініктеме қазақтар мен қалмақтар арасында қактығыстар болады және өзара барымта күшнейеді дегенге келіп сайды. Алайда бұл жарлықтың басқа да мағынасы: қазақ қауымдарын экономикалық жағынан әлсірету, оларды сыртқы ықпалдан өкшашуап тастау мағынасы да бар еді. Қалыптасқан жағдай жер пайдалану мәселелері жөніндегі шиеленісті күшнейтті. Жайылымның тапшылығынан, қысқы ауыр жағдайлардан ең алдымен малшы қазақтар зардап шекті. Жерді иелену жолындағы рулық қырқыстар қатардағы малшы қазақтарға еңсе көтертпес ауыртпалық болып түсті, олардың жайылымдық участеклері кесіп алынды, көшу жолдары қысқартылды немесе одан да жаманы – олар жылдан-жылға өзгеріске түсіп, шатыса берді.

Қазақ билеушілері «ішкі жаққа» көшу құқығына қол жеткізу қажеттігі туралы мәселеде бірауызды болды. Осы ниеттерді білдіре отырып, Нұралы сол жерлерді қазақтардың пайдалануына рұқсат ету туралы патша өкімшілігіне ұзак уақыт хат жазып, көптеген өтініштер жолдады. Хат жазысумен және келіссөздермен қатар, қазақтар бұған жасырын көшу жолымен қол жеткізді. Мәселен, 1759 жылдың қысында саны едәуір қазақтар Жайықтан өтті. Алайда олар мұнда қалмақтарға тап болып, қалмақтар олардың саны 40 мындаі әр түрлі малын қолға түсірді, мұның өзі екі жақты соғыс жағдайына өкеп соқты.

Патша өкімшілігін женілдіктер жасауға мәжбүр етуге басқа да өрекеттер жасалды. Мысалы, Ералы сұлтан Бұхара мен Хиуадан Орынборға бара жатқан керуендерді ұстап алды. Алайда бұл сауда байланыстарын тоқтатып қана қоймай, Орталық Азияның Ресеймен қарым-қатынасын да тоқтатып таstadtы. Сайып келгенде патша өкімшілігінің Кіші жүз билеушілерімен қатынастары шиеленісті.

Патша өкіметінің өкілдері қазақтардың «ішкі жаққа» көшуіне түрліше қарады. Мәселен, бір кезде П. Рычков пен А. Тевкелев арқылы Орынбор өкімшілігі қазақтарды Ресей өкімет орындары жағына шығару оларды женілдіктер жасай отырып, тарту арқылы мүмкін болады деп санады. Бұл өкімшілер Жайықтың оң жағасына көшіп баруға байсалдылықпен қарады. Бірақ Орынбор губернаторы А. Р. Давыдов ешқандай ымыраға жол бермеді. Бірыңғай пікірге келу керек болды. Императрица қазақтар жағдайының қындығын байыпташ жатпай, канцлерге қатаң түрде былай деп ұсынды: «Маған қырғыз-қайсақ ханына оның өз малымен Жайықтан өтуге рұқсат беру туралы қоймай қойған өтінішіне оңай жауап қайтаруға болатын төрізді. Ол Ресей бодандығын мойындаиды, демек ол тындаитын болады және өз малымен өзі сұраған жерге бармайды, кез келген Ресей боданы сияқты өзіне рұқсат етілмеген жерге өте алмайды. Ал егер оларда мал азығы аз болса, (мейлі) ақшаға сатып немесе тауарға айырбастап алсын немесе қысқа қор жасасын, оларға осыны істеуге де кеңес берініз».<sup>5</sup>

Ресей мен қазақ жүздерінің ортак шекарасы құрылуына және олардың неғұрлым тығыз жанасуына байланысты құлдардың Ресей шегіне қашу реттері көбейді. Қазақтарда патриархаттық құлдық ерте заманнан бері бар еді. Тұтқындар соғыстан кейін құлдыққа түсті, олар сатып алынды, сыйға тартылды және ауқатты қожалықтарға демеу болды. Патша өкімшілігі оларды христиан дініне кіру шартын қойып қабылдады. Қашкан құлдардың бәрі іс жүзінде қайтып

берілмеді. Олар бос жатқан жерлерге жіберілді, жер жұмыстарына пайдаланылды, рекруттарға алынды, көпшілігі дәулетті адамдарға қызмет етуге ілікті. Байлар мен сұлтандар таусылмайтын хат жазып, құлдардың қайтарылуын сұрады, алайда патша үкіметі бұған көнбеді.

Жайылымның тапшылығы Кіші жұз қазақ руларының бір бөлігін Жайық, Сағыз өнірінен Жем жағасына, Сырдарияның төменгі ағысына көшіп баруға мәжбүр етті. Онда қазақ қауымдары бұрын да шашырап жүрген еді. Нұралы адамдардың кең кеңістікке көп тарап кететіндігі, қарақалпактармен, түрікмендермен қақтығыстар болу мүмкіндігі себепті бұл аудандарға көшіп кетуден қауіптенді. Оның үстіне, қазактардың онтүстікке жаппай көшуінен қауіптенген патшалық өкімет орындары ханды шеп маңында ұстады, өйткені бұлар оларға өз ықпалын жоғалтып алатын және қазактардың Орта Азия хандықтарымен байланысы күшеттін еді. Қазактар үдерे көшпегенімен, олардың бір бөлігі дегенмен де онтүстік шектерге өтіп кетті.

Нұралының ойлағаны Кіші жұздің көшіп жүруі үшін жер іздеу болды. Жонғар хандығы біржола ыдыраған жылы Жонғарияның кең-байтак бос жайылымдарын пайдалану туралы мәселе туды. Енді бұл жерлер Қытайдың билігінде еді.

Нұралы хан сол жерлерді иелену жоспарларын ойластырды. Осыған байланысты алдын ала уағдаластық бойынша императрица Елизавета Петровна арнайы грамота арқылы Кіші жұздің ханы мен сұлтандарына 30 мың өскермен Жонғария шегіне кіруге өзір тұруды ұсынды.<sup>6</sup> Ералы сұлтанның арада жүруі арқылы Қытаймен белгілі бір дипломатиялық қатынастар орнатылды. Алайда бұл ниеттер мен келіссөздер іс жүзінде нәтиже бермеді.

Нұралы Хиуа хандығымен қатынасты жолға қоя алмады. Хиуа ханы Қайып Нұралымен жауласып жүрген өз өкесі Баракқа ашық қолдау көрсетті. Жер тапшылығы Жайықтың сол жағасы мен Сырдарияның төменгі ағысы бойындаған болып қойған жок. XVIII ғасырдың екінші жартысында бұл жерлерден қарақалпактардың Жаңадарияға қарай жылжу үрдісі күшетті. Бұл арада олар Жаңадария мен Куандария бойындағы алқапты игеріп, Әмударияның төменгі ағысына дейін жетті.<sup>7</sup> Қарақалпактардың бір бөлігі Еділдің төменгі ағысының сол жағасына шықты. Қазақ пен қарақалпақ халықтарының этникалық және мәдени ортақтығына қарамастан, Кіші жұздің қазақ руларының жекелеген қауымдары мен онтүстіктегі көршілері арасында шиеленістер пайда болды. 1762 жылы Ералы сұлтан бастаған 20 мыңдай қазақ қарақалпактарға қарсы аттанды. Өзара қырқыстар барысында қазақ сұлтаны Бура өлтірілді, қазактың сауда керуені тоналды. Арасына уақыт салған әр түрлі өзара қырқыстарда екі жақ та зардап шекті. Екі халықтың тарихи тағдырластығын мынадай жәйіт де дәлелдейді: XVIII ғасырдың екінші жартысында бірнеше қазақ сұлтанды Қарақалпактарға хан болды.

1766 жылы Кіші жұз қазактары бір бөлігінің солтүстік түрікмен-жәуміттермен қатынастары шиеленісті, әскери қақтығыстарға Нұралы, Есім, Ералы, Айшуақ хандар араласты. 1767 жылы түрікмен-жәуміттер қазактардың қоныстарына тағы да шапқыншылық жасады,<sup>8</sup> алайда қазактар олардың шапқыншылығына тойтарыс берді, ал сәл кейінректе бірқатар қазақ сұлтандары түрікмендерге де хан болды. Көршілес екі халық ұзақ уақыт бойы бір-бірімен шаруашылық байланыс жасап тұрды.

Кіші жұз қазактары мен башқұрттар арасындағы қатынастар құрделі болды. Башқұрттардың Батырша басшылық еткен көтерілісі кезеңінде патша

әкімшілігі бір халықты екіншісіне айдап салуды колданды. Татар мырзаларына башқұрттарды тонау ұсынылды. Патша өскерлерінің тегеуірініне шыдамай, 50 мыңдай башқұрт Қазақстанға көшті. Олардың көпшілігі Кіші жүз шегіне келді. Көтерілісшілер қазактармен бірігіп, патша өкіметіне қарсы қресті жалғастырмак ниетінде болған еді.

Орынбор өлкесінің наместнігі И. И. Неплюев қазақтың хандары мен сұлтандарына башқұрттарды ұстап беруді ұсынды. Орта жүз бұл талапты құлакқа ілmedі. Алайда Кіші жүзде Ералы, Айшуақ, Нұралы және олардың төңірегіндегілер башқұрттарға қысым көрсете бастады, колға түскен башқұрттардың көбі байлар мен сұлтандарға бөліп берілді. Алайда бұған қарама-карсы мысалдар да болды. Жетіру руының кейбір ауылдарында башқұрттар достық пейілмен қарсы алынды, тіпті шекаралық шептерге бірлесіп шабуыл жасау үшін ортақ жасақтар ұйымдастырылды. Бұл оқиғалар екі халықтың қатынастарына көп жылдарға созылған ізін қалдырды. Екі халықтың қатынастары Батырша бастаған көтеріліс кезіндегі ұсақ қактығыстармен немесе оқиғалармен сипатталған емес. Оларды туыстық, шаруашылық және мәдени өзара қатынастардың ондаған жылдары байланыстырып жатқан еді.

Батыс аймақта қазактар мен қалмақтар арасында бейбіт қатынас қалыптасты, алайда оқиғалардың барысы XVIII ғасырдың 70-жылдарында өзгеріп кетті. 1761 жылдың өзінде-ак Қалмақ хандығына мың шаңырағымен торғауыттардың басшысы Церен келіп, тарихи отаны – Жонғарияға кайтып оралуға үгіт жүргізе бастаған-ды.<sup>9</sup> Церен бұрынғы Жонғар хандығының орнында ойраттардың тәуелсіз мемлекетін қалпына келтіруді мақсат етті. Үміт қызықтырарлықтай еді, бірақ бастапқыда ол қолдау таппады.

Патша үкіметі қалмақ ханының билік құқығын ашықтан-ашық елемей, Убаши ханнан Түркиямен соғысқа қатысу үшін саны айтарлықтай өскер бөлуді талап етті. Ресей қысымының ықпалымен және діни факторларға байланысты Убаши хан мен оның төңірегіндегілер қоныс аударуға біртіндеп ойыса берді. Жоспар мейлінше құпия ұсталды, оның үстіне бұл кезде қалмақтардың башқұрттармен, қазактармен және Солтүстік Кавказ халықтарымен қатынастары өте шиеленіскең жағдайда еді. 1771 жылдың қантарында Убаши хан Іле өлкесін иелену мақсатымен Жонғарияға көшу туралы бүйрек берді.<sup>10</sup> Эр түрлі авторлардың мәліметтері бойынша, Еділдің он жағасында қалған 11 мыңнан астам шаңыракты есептемегендеге, казак даласы арқылы кеткен қалмақтар саны 30 мыңнан 33 мыңға дейін шаңырақ болған.

Қалмақтар Жайықтан өтіп, өз табындарымен Жемді бойлай жүрді. Бұл жерде Жаманқара бастаған қазактар қалмақтарға қарсы шықты, бірақ тойтаратыс тапты. Бұл жөнінде Убаши хан қазақ ханы Нұралыға: «Қалмақтар қырғыз-қайсақтармен жалпы тату тұрды, ал енді олар қалмақтарды ренжітпеуге тиіс», – деп жазды.<sup>11</sup>

Алайда Жем өзенінде және Мұғалжар тауларында Нұралы ханның жасақтарымен қактығыстар кезінде қалмақтар зор шығынға ұшырады. Патша үкіметі қалмақтарды қайтару үшін асығыс өскер отрядын жіберді. Алайда генерал Траубенбергтің отряды қалмақтардың казак даласына терендереп өтіп кеткенін сұлтау етіп, оларды қууға онша күш салмады. Сол арқылы патша өкіметінің арандатушылық рөлі айқын көрінді.

Солтүстік Балқаш өңірінде, Мойынты өзенінің бойында қалмақтарды Абылай бастаған жасақ, Нұралы ханның, Орыс, Әділ сұлтандардың жасақтары коршап алды. Үш күндік уақытша бітім туралы уағдаластық жасалды.

Үшінші төулік бітуге жақындағанда Убashi өз жауынгерлерімен қоршаудан шығып, Балқашқа қарай ілгерілей бастады.<sup>12</sup> Соңан соң олар Қастек, Қаскелен ауданына өтті. Қалмақтардың Танжи тайшы бастаған, 20 мың жауынгерден тұратын екінші бөлігі Балқаштың солтүстік жағалауымен, Аягөз, Лепсі өзендері арқылы жүрді. Алайда оларды өкшелеп келе жатқан казақ өскерлері оларды зор шығынға ұшыратты, соның салдарынан Қытай шекарасына қалмақтардың болмашы бөлігі ғана жетті. Жалпы алғанда, Қытай шегіне Еділдің төменгі ағысынан шыққандардың оннан бір бөлігі ғана кірді. Шекарадан өткеннен кейін қалмақтар әр түрлі қауымдарға бытыратылып жіберілді, олар бір кездегі қаһарлы Жонғарияның бұрынғы жауынгерлік рухынан өлдекашан-ақ айырылған еді.

Тарихи әдебиетте қалмақтардың соңғы көшуі теріс түсіндіріліп келді, онда ол қорғансыз, қаруланбаған, бейбіт көш деп көрсетіледі. Шынына келгенде, М. Мағаиннің деректері бойынша, көшіп шықкан 170—180 мың қалмақтар арасында жақсы қаруланған және жақсы дайындықтан өткен, ұрысқа сакадай сай 40 мыңнан астам жауынгер болған. Екі халықтың екі ғасырлық соғыс тайталасын ескерген қалмақтардың қазақтармен алда соғыс қақтығыстары болатынын білмеуі мүмкін емес еді. Сондықтан Абылай бастаған қазақ сұлтандарының табысын «...Жонғар-қазақ соғысындағы қазақтардың түпкілікті жеңісі» деп қарастыру керек.<sup>13</sup>

Алайда Нұралы ханның қазақ сұлтандарының көмегімен соғыста жеткен табыстары, патша әкімшілігінің алдында жағымпаздануы оның қазақ қоғамындағы жағдайын өзгертпеді. Кіші жүздегі саяси билік дағдарысы айқын болды.

Нұралының жағдайы жөнінде губернатор О. А. Игельстром 1785 жылғы хабарламаларының бірінде қазақ ақсақалдарының ой-ниеттері туралы былай деп жазған: «Олардың бірден-бір тілегі қазір өздерінің жалпыхалықтық игілігі мен тыныштығы үшін Нұралы ханды олардың халқын басқарудан тайдыру болып отыр. Олардың депутаттары бүкіл қоғам атынан маған осы өтінішті ауызша растап берді. Мен бар мүмкіндігімді салып, оларды ханмен татуластыруға тырыстым, бірақ ешқандай үгіт оларды басқаша ойға келтіре алмады. Олар маған қазір өздерінің бағынуға берген антын ескере отырып, ханға қарсы өз тілектеріне онай жетуге болатындей шаралар қолданудан тартынып отырғанын хабарлады».<sup>14</sup>

Сонымен Нұралы хан өзі билік еткен жылдар ішінде мемлекет қайраткері қасиетін көрсете алмады, әдетте ол оқиғалардың жетегінде кетіп, өз тарапынан ешбір өзгеріс енгізе алмады

## 2. ҚАЗАҚТАРДЫҢ Е. И. ПУГАЧЕВ БАСТАҒАН ШАРУАЛАР СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУЫ

Қазақ даласының батысындағы, солтүстігіндегі және солтүстік-шығысындағы кең-байтақ кеңістікте патша әкіметі бекініс шептерін құрды, олар өскери база ғана емес, сонымен қатар патшалық Ресейдің отаршылдық мақсаттарын жүзеге асыруындағы тірегі де болды. Қазақ даласы жағына қарай кенеje отырып, орнығып алған казак өскерлері шептері қазақтардың көшіп жүретін аудандарын шектеді. Сондықтан өздерінің ежелгі жерлерінен ығыстырып шығарылып, қуылған қазактар Жайық пен Ертістің он жағасына өз бетімен өтуге мәжбүр болды.

XVIII ғасырдың 30–40-жылдарында Верхнеяицкіден Звериноголов бекінісіне дейін созылып жатқан Үй бекініс шебі салынды. Оның жалпы ұзындығы 770 шақырым болатын. Нәк сол жылдары ұзындығы 930 шақырым болатын Ертіс шебі салынды. 1752–55 жылдарда жаңа Есіл шебі салынды, оның ұзындығы – 662 шақырымға жетті. Олар қазақтардың көшіп жүретін қоныстарын шектеп тастады.

1742, 1755, 1756, 1765 жылдардағы толып жатқан заң актілері бойынша қазақтардың Жайық пен Еділ арасындағы, Есілдің, Тобылдың жоғарғы ағыстарындағы жерлерге, Каспий теңізінің солтүстік жағалауы бойына көшіп баруына тыйым салынды. Бұл жерлер казактарға берілді немесе мемлекеттік қор етіп тіркелді. Бұл қазақ қоғамдарының өздеріне көші-қон өрісін таңдауына мүмкіндік бермеді.

Жайықтан өтуге тыйым салуды патшалық өкімет орындары қалмақтармен қақтығыстарға жол бермеу тілегімен түсіндірді. Ал іс жүзінде бұл акталмады. Жекелеген ықпалды сұлтандар мен билерге рұқсат етілгенімен, казақтардың бұл жерлерді пайдалануға рұқсат ету туралы әр түрлі өтініштері ғабылдау жетпеді.

Патша өкіметі сауданың дамуын да өзінің саяси мақсаттарына пайдалануға тырысты. Дәулетті қазақтар мен ірі көпестер приказчиктерінің қызметі шептер маңындағы немесе бекіністердегі айырбаспен шектелмегі. Даға тереңдей еніп барып, саудагерлер баламасыз сауда жасады. Құжаттардың бірінде баламасыз сауда айырбас туралы былай делінген: «жарлықтарда жылқы сатудан алынатын баж қалаларда және сауда-саттықта сатылатын кезде жинап алынады деп көрсетілгенімен, компанейщиктер уезді аралап жүріп, бейнебір техникалық алымдар деген түрмен шоқынғандар мен басқа діндегілер деревняларынан тұрғындар санына қарай он-он бес сомды жымқырып кетеді».<sup>15</sup>

«Әскери» іздеулер» деп аталып кеткен, «барымташы қырғыздарды (қазақтарды) жазалау» сұлтауымен жасалған әскери шапқыншылықтар да, шын мәнінде, сол мақсатқа қызмет етті. Әр түрлі шапқыншылықтар қазақтарды зор материалдық шығынға ұшыратты және қауымдарды әлсіретті. Ал мұнданай әрекеттер патша өкіметінің Қазақстандағы отарлау саясатының алысты көздейтін мақсаттарына сәйкес келді.

Казақтардың Е. И. Пугачев көтерілісіне үн қосуына қазақ жүздеріндегі ішкі саяси жағдай да себеп болды. Нұралы хан тұсында Кіші жүздегі қайшылықтар шиеленісе түсті. Қатардағы шаруалар мен көптеген ақсақалдар ханының саясатына риза болмады. Нұралы ханның патша өкімшілігінен Жем өзені ауданында өзіне арнап бекініс салуды және өзін күзету үшін казак әскерінің отрядын бөлуді սұрағаны көздейсөк емес.

Орта жүздегі жағдайдың күрделілігі де кем болмады. Осының бәрімен, сондай-ақ патша өкіметінің отаршылдық саясатының қатайтылып, күшеттіле түсуімен қатар қазақ қоғамы ішінде, оның әр түрлі топтарында патша үкіметінің саясатына наразылық пісіп-жетілді. Қатардағы малшы шаруалардың отаршылдық саясатқа наразылығы патша үкіметінің белгілі бір женілдіктерін пайдаланған казақ ақсақалдарына, рубасыларына, сұлтандар мен хандарға еселене түскен өшпендейтікке үштасты. Бұл ойды жақтаушылар бейшаралық халге түскен көшпелі қазақтар еді.

1773–74 жылдардағы шаруалар соғысына 1772 жылғы жайық казактарының көтерілісі жол ашып берді. Егер бой көрсетулердің себептері ортақ болса, қозғалыстардың үйымдық негізі мен идеологиясы әр түрлі сәті.

1772 жылғы бой көрсету кейінгі оқиғалардың негізгі белгілерін ғана айқындасты.<sup>16</sup>

Көтеріліс басталғанға дейін Нұралы хан өкілінің Пугачев төнірегіндегі адамдармен кездесуі болды. Алдын ала кездесу кезінде көтеріліс басталғаннан кейін қазактардың көтерілісшілер жағында қымылдауы туралы сөз етілді.<sup>17</sup> Сондықтан Пугачев Кіші жүз қазактарының қолдайтынына сенімді болды. Ол «осында көшіп жүрген орда бізге қуанатын болады және ол бізді қарсы алып, шығарып салады» деді.<sup>18</sup>

Пугачев пен оның төнірегіндегілер қазақ даласындағы істің жайынан хабардар еді, патша өкіметінің саясатына өрши түскен наразылықты түсінді. Олар мұны өз мұдделеріне пайдаланғысы келді. Пугачевтің отряды Жайық қалашығына аттанар алдында Жоғарғы Богдан бекінісі жанындағы Көшім сайында оған Нұралы ханнан сыйлықтар алып, Забир молда мен қазақ Оразгелді Аманов барды. Осында 1773 жылғы 6 қыркүйекте Е. И. Пугачевтің Кіші жүз ханы Нұралыға арналған қазактарға манифесі жазылды. Онда былай делінген: «Мен сендердің бәрінді қалдырмай, адал, алдамай жер, су мен шөп, азық-түлік, жылғалар мен өзендер, тұз бен нан, қорғасын беремін, бастан аяққа дейін киіндіремін».<sup>19</sup> Ол 200 адамнан тұратын жауынгерлік қосын жіберуді сұрады.

Пугачев Жайық қалашығына келіп, өзін III Петрмін деп жариялады. Қазактар өз патшасына адалдыққа аnt берді. Пугачевтің төнірегіне оның сыйбайластары мен серіктері: И. Зарубин-Чика, А. Овчинников, А. Витасинов, В. Меркульев, М. Логинов, Т. Мясников, Г. Бородин, Я. Пономарев, А. Губанов, М. Шигаев, И. Почиталин, Б. Караваев және басқалар топтасты.

Алайда қалада болу қауіпті еді. Пугачев өз жақтастарымен Кожевниковтің хуторына, содан соң Толкачевтің хуторына барды және сол жерден 1773 жылғы 17 қыркүйекте 500 адамнан тұратын отрядпен Жайық қалашығын қоршау үшін жақындалп келді.<sup>20</sup>

Өз жоспарларында Пугачев казактарға, оның үстіне қозғалыстың бас кезінде нақ жайық казактарына сенім артты. Аталған жарлықта 1773 жылғы қыркүйектің орта шенінде ол былай деп жазды: «Мен, ұлы патшаларың, қазактарға, қалмақтар мен татарларға кешірім беремін. Барлық кінәларыңды кешіремін және мен сендерге: басынан сағасына дейін өзен және жер, шөп те, ақшалай айлық та, қорғасын да, оқ-дәрі де, астық азық-түлігін де сыйға тартамын».<sup>21</sup>

20 қыркүйекке карай Нұралы хан адам саны 1000-ға жуық жасағымен Жайық қалашығына келді. Осы жасақпен бірге Пугачевке Нұралы ханнан мынадай хат жетті: «Сіз жолдаған хабар маған жетті. Мен сіздердің хабарларынызды білу үшін Жайық қалашағына келдім. Егер сіз бізге бұрын да патша болсаныз, өз күшім қаншаға жетсе – сөзсіз қызмет ететін боламын».<sup>22</sup> Қазақ ханының ордасындағылар жаңа патшаның жалған атты жамылушы екенін түсінді және оқиғалардың қалай өрбитіні өлі белгісіз болатын. Сондықтан ханның жасағы Жайық қаласына шабуыл жасамақшы болған жок, оның үстіне қалашықты қоршау да созылып кетті.

Осында жағдайда Нұралы хан Е. И. Пугачевке ашық көмек көрсетуден тартынды. Қазақ ханы, сұлтандар мен оның төнірегіндегілер көп кешікпей Жайық қалашығын тастап кетіп қалды.

Құжатта бұл туралы былай делінген: «Сондықтан каракшы Досалы сұлтанды жеке өзі көруге, қарақшы оны Ресейдің әскери қолымен жасалған өрекет-

ке өзімен, қарақшымен бірге жүрге шақырды, Досалы сұлтан онымен бірге жүрді. Алайда қазактардың Жайық қалашығына оның, қарақшының шабуылы кезінде екі жақ та табысқа жетпеді. Сондықтан қарақшы осы қаладан Досалы сұлтанды өзінен босатып жіберді».<sup>23</sup>

Көп кешікпей сұлтандар мен билер патшаның отаршыл өкімет орындарына өз қызметін ұсынды. Осы арқылы ханның ғана емес, көпшілік сұлтандардың да бүкіл қөтеріліс кезеңіндегі мінез-құлқының бағыты айқындалды. Нұралы ханға келетін болсак, ол орал өскерінің атаманы М. Бородинге, орал қалашығының коменданты Симоновқа және Орынбор губернаторы И. А. Рейнсдорфқа өз қызметін ұсынды.

1773 жылғы 20 қыркүйекте Пугачев қазактарға жаңа манифест арнады: «Менің адап қызметшілерімде, өскерлерге де жариялансын: менен еріктілерге де және мені құрметтейтін менің барлық еріксіздерімде әмірім, сендердің өскерлерің қарсыласпасын, мен солар үшін ренжіп тұрмын, сөйтіп олар мен, ұлы патша ағзам үшін тырысатын болсын. Олардың тындаамайтындарын қазір де, алдағы кезде де жазалайтын боламын».<sup>24</sup>

Пугачев Жайық қалашығын тікелей шабуыл жасап ала алмады. Оны қоршау үшін шағын отряд қалдырып, негізгі қүштері Орынборға кетті. Жол-жөнекей Чернореченск және Татищево бекіністерін алды. Казактарға үндеуінде Пугачев өзін «ұлы патша Петр Федорович» деп атады. Ол помещиктерді жазалауға, дін ұстану бостандығы құқығын қайтаруға, ал казактарға, басқаларының бәріне қоса, ақшалай айлық төлеуге уәде берді.<sup>25</sup>

Е. И. Пугачевтің қазактарға алғашкы үндеулері мен манифестері қауымдар мен жүздерде қолдау тапты. Патша өкіметі мен казактардың қазактар жөніндегі өрекеттері дала жақтан шептерге, станицалар мен кордондарға шапқыншылықтар жасауды жандандыра түсті. Құжаттардың дәлелдеуінше, өз еркімен құрылған қазақ жасақтары Жайық қалашығына, Озерная, Сахарная бекіністеріне, Кожехаровский форпосына, Красногор дистанциясының бекіністері мен форпостарына жақыннады, Жайық өзенінен өтіп адамдарды тұтқынға алды, даланың бір шетіне мал айдап өкетті.

1773 жылғы 5 қазанда Орынборды қоршау басталып, ол бес ай бойы – 1774 жылдың наурызына дейін созылды. Орынборды қоршағанда Пугачев өскерінің құрамында шамамен 500 жайық, 300 елек, 600 орынбор казактары, 400 қарғалы және сакмар татарлары, 700 башқұрт, көптеген қалмақтар болды. Барлығы үш мындағы адам қатысты.<sup>26</sup>

XVIII ғасырдың 80-жылдарында Орынборда «кез келген адамдар, ал көпшілік бөлігі бойынша қызмет ететін өскери және штаттағы шенді» 2866 адам тұратын үйлер болды. Олардың арасында көпестер – 2061 адам. Соның ішінде саудагер татарлар – 1986 адам, «ал оның үстіне орынбор казактарынан да, оларда ауқатты адамдар көп, сауда жасауға рұқсат етілген және олар сауданы аз жасамайды». Орынбор казактары жылына 15 сомнан, жұзбасылар – 30 сомнан, жасаулдар – 50 сомнан айлық алып тұрды. Бекіністе дуалдарға 55 зенбірек орналастырылған еді, ал қаланың өзінде дала зенбіректері көп болатын.<sup>27</sup> 6 қазанда Орынборды тікелей шабуылмен алуға өрекет жасалды, алайда ол табысқа жеткізбеді.

Орынборды қоршау алдындағы кезеңде қазактар арасында бүлікшілік қозғалыс неғұрлым белсенді сипат алды. Рейнсдорфтың Петербургке жолдаған құпия хабарламасында былай делінген: «Мұндағы жағдай күмәнді ғана емес, қауіпті де, өйткені мынаны ссіткен қазактар да абыржулы және

бекіністер жанында ұлкен топтар болып жүріп, өздерінен сақтануға мәжбүр етуде. Қысқасы, осындағы губернияда мекендейтін барлық халықта аса ұлкен қобалжу жасалды».<sup>28</sup> Орынбор губернаторының жағдайы қын еді: көтеріліске өлі қосыла қоймаған казактар толқыды, башқұрттар арасында қозғалыс басталды, казактар патшалық бекіністер мен форпостарға қарсы аттанды.

Орынборды қоршау барысында Пугачев екі манифест жазуға өкім берді. Олардың біреуі қазактарға арналды. Мәтінді жайық казагы, татар Тангайши жазды. Манифест Жайық қалашығына жақын жерде көшіп жүрген Досалы сұлтанға арналды. Пугачев сұлтаннын көмекке екі жұз адам жіберуді және сол күштермен Жайық қалашығына соққы жасауды сұрады. Пугачевке жазған хаттарының бірінде Досалы сұлтан Пугачевтің өтініші бойынша екі жұзден астам жігіттерден тұратын жасақ жіберуге дайын екенін хабарлады. Бұл орайда жасақтың қайда баруы қажет екенін анықтауды сұрады.<sup>29</sup> Бұл жасақ Орынборды қоршауға қатысты.

1773 жылдың қазан айында Сейдалы сұлтан бастаған 200 адамнан тұратын жасақ қоршаудағы Жайық бекінісіне келді. Сейдалы сұлтан Досалы сұлтанның баласы еді. Досалы сұлтанның үш баласы да Пугачев жағында болды. Досалы сұлтанның өзі мен оның жасағы пугачевшілермен бірге Жайық бекінісіне тікелей шабуыл жасауға қатысты. Қазактар Кулагин бекінісін алуға да қатысты. Бекініске шабуыл жасауға бірнеше пугачевшілермен бірге атаман Толкачев басшылық етті. Татищев бекінісін қоршауға да қазақ көтерілісшілерінің жасағы қатысты, оларға «қазақ ханының баласы» басшылық жасады. Ол қоршау кезіндегі қактығыстардың бірінде өлтірілді. Орынборды қоршаудың түрлі кезендерінде көтерілісшілерге 2000-дай қазақ қолдау жасады.<sup>30</sup>

Жайықтан өтіп көшкен қазактардың тегеуіріні аса қындықпен тежелді. Мал айдан өту үнемі шапқыншылықтармен ұласып отырды, өзеннен өтетін жерлерде, мал жайылымдарында казак отрядтарымен қактығыстар болды. Қазактар форпостар мен жекелеген казак разъездеріне күтпеген жерден, тұтқылдан шапқыншылық жасап отырды. Патшалық өкімет орындарының өкілдері қазактардың жаппай бой көрсетулерінен қауіптенді, Ресей бекіністері мен станицаларына шабуыл жасалу қаупі төніп тұрды. Бұл орайда қазактардың өз малын ішкі жақта еркін жаюға ұмтылғаны атап көрсетілген.

Пугачевтің 1773 жылғы қазан айының басындағы станицаларды алу және үкімет әскерлерімен қактығыстар кезіндегі табыстары халықтың көтерілісшілерге тілектестігінің өсуіне себепші болды. Қазактардың бір бөлігі Жайыққа қарай, Верхнеяицк және Нижнеяицк шептеріне ұмтылды. Қазан, қараша айларында Орынбордың онтүстік жағындағы бекіністерге барымта жасалған көптеген жағдайлар орын алды. Қазактар Жайықтың арғы бетіне жаппай өтті, бұған 1764 жылы арнаулы жарлықпен тыйым салынған еді. Черный яр маңында қазақ көштері пайда болды. Астрахан губернаторы 1000 дон казагын шақырды. Нижнеяицк щебіне 300 казак шақырылды.

1773 жылғы қарашаның басында құрамында 1467 солдат және 5 зенбірегі бар генерал-майор Кардың отряды Қазан жолымен көтерілісші армияға қарсы соғыс қимылдарын жүргізуге аттанды. Батыстан Самара жолымен 3468 адамнан тұратын полковник Чернышевтің отряды келе жаты. Шығыстан бөлімдерімен бригадир Корф, ал оның артынан генерал-поручик Декалонг Орынборға бет алды.<sup>31</sup>

Оларға қарсы Пугачев атамандар Овчинников пен Зарубин-Чиканың көтерілісші отрядтарын аттандырды. Шайқаста жазалаушылар тас-талқан етілді. Генерал Кар қашып құтылды. Үкімет өскерлерінің 15 зенбірегі бар, адам саны 2000-дай солдаттан тұратын басқа отряды да соның кебін киді. Сақмар өзенінің жағасында көтерілісшілер үкімет өскерін қоршап алуудың сөтін түсірді, содан кейін солдаттар мен казактар өз командирлерін байладап тастап, бәрі көтерілісшілер жағына өтті.

Алайда көтеріліс басшылары Орынборды алу мен қорғаудың немесе Мәскеуге тез арада жорық жасаудың бірыңғай накты жоспарын өзірлей алмады. Ал уақытты өткізіп алу оларға зиянды еді. Оқиғалар созыла берді. 1773 жылдың аяғы – 1774 жылдың басында Ресей империясының әр түрлі бөліктерінде бейшаралық халге түскен және езілген өлеуметтік төменгі топтар өздеріне Пугачев пен оның армиясының келуін күтіп отырды. Оралда, Алтайда, Дон және Запорожье казактарында осылай болды. Орталық Ресейде де аласапыран кезең орнады.

Жайық қалашығын алуды үйымдастыру үшін 1774 жылғы 7 қантарда қоршаудағы Орынбор түбінен Пугачев және көтерілісшілердің Әскери алқасының басшысы атаман П. Овчинников келді. Қалашықтың комендантты Симоновқа ұрыссыз берілу ұсынылды, бірақ жауап болмады. Дуалдағы бекіністік батареяны қопару үшін дуалдың астын үңгіп қазу үйғарылды. Мина коюға арналған үңгірді Пугачев пен Я. Кубарьдің басшылығымен 150 адам қазды. 19 қантарда жұмыс аяқталды, үңгірдің түбіне тоғыз пүт оқ-дәрі салынған бөшке койылды. 20 қантарда жарылыс жасалып, бәрі де жарылыстан кейін жасалады деп жорамалданған ойық тұсынан бекіністі дуалға лап қойды. Алайда дуал қопарылмай қалды, ол аздап қана зақымдалды. Мина дуалдың нақ астына койылмаған болып шықты. Дегенмен екі жұздей көтерілісші бекініске жетіп, дуалға өрмелей бастады. Пугачевтің басшылығымен қаланың барлық тұрғындары – көпестер, боярлар, шаруалар, татарлар, қалмақтар, мещеряктар – кремльге жан-жақтан тікелей шабуылға шықты. Шабуыл жасаушыларға жоғарыдан мылтықтан оқ атылды, күл шоқтары шашылып, ыстық су құйылды. Кескілескен ұрыс он сағаттай уақытқа созылды. Көтерілісшілер бекініс орларына қарай шегінді. Көтерілісшілер қатарынан 400-дей адам шығын болды. Соңда ғана Пугачев шегінуге бүйрек берді.<sup>32</sup>

Оқ-дәрі мен зенбіректер әкелу үшін А. Овчинниковтің отряды Гурьевке жіберілді. 1774 жылғы 26 қантарда отряд қалашыққа таяп келді. Гурьев қалашығы Жайықтың он жағасына, Каспий теңізінен 12 шақырым жерде орналаскан еді. Бекініс қабырғасының биіктігі екі сажындей етіп тастан салынып, аумағы 100 сажыннан астам төртбұрыш түрінде болған. Гурьев бекінісінде қазынаға арналған тас палата, артиллериялық цейхгауз, азық-тұлік қоймасы, шіркеу, комендант үйі және басқалар болды. Гурьев казактары бірден А. Овчинников жағына шықты. Карсыласуға тырысқандар атылды немесе дарға асылды. Соның ішінде комендант И. Микешин де бар еді. Қалашықтың атаманы болып Е. Струняшев сайланды. Екі зенбірек, 60 пүт оқ-дәрі және басқа жарактар алған А. Овчинниковтің отряды үш күн өткен соң Жайық қалашығына бет алды. Нижнеяицк шебінің станицалары мен форпостарында отряд көтерілісшілермен толыға түсті.<sup>33</sup>

Татищев бекінісі түбіндегі жеңілістен кейін Пугачев өз өскерімен Троицк бекінісіне шегінді. Көтерілісшілерге көмек береді деген үмітпен Орта жұздің қазак аксақалдарына шабармандар жіберіліп, «Троицк, Звериноголов

бекіністеріне және басқаларына «бөгде ат жамылған батырмен бірге шабуыл жасау үшін, оларды бірнеше мыңға дейін өз адамдарын жинауға көндіру үшін уағдаласу» тапсырылды. Пугачев Дәуітбай тарханға, Ембекей, Орманбет батырларға жазбаша сөз салды. 1774 жылдың мамырында Пугачев Абылай ханға екі хат жолдады. Пугачевтің хаттары мен сөлемдерін бірқатар батырлар жауапсыз қалдырмады. Дәуітбай тархан қазақтың отыз аксақалымен кеңес өткізді, олар Пугачевтің ұсыныстарымен келісті, қашан және қандай жерлерді шабуға бұйрық берілетінін хабарлауды сұрады. Көтерілісшілер өскері Магнитная бекінісіне кетті. Губерлинск, Орск, Таналицк бекіністері күйреуден аман қалды. Қазактар жіберген адамдармен кездесу кезінде Пугачев сол бекіністерді тонауға, қаймықпай, батыл қимылдауға бұйрық берді. Осыдан кейін Кіші жұз бен Орта жұз казактары Губерлинск бекінісін тамтығын қалдырмай күйретті, ал басқа бекіністерді қоршауға алды. Орск бекінісін бес құн бойы қоршауда ұстады. Үкіметтің жаңа өскерлерінің келуі ғана қоршауды тастауға мәжбүр етті.<sup>34</sup>

1774 жылдың наурызында қазактардың үлкен жасағы Өзен арқылы дала-мен жүріп өтіп, Еділ ауданында осында пугачевшілер келген жағдайға арнап қойылған бекіністерді шапты. Олар тіпті Еділдің он жағасында да қимыл жасады. Олар жұздеген емес, бір жарым мың адам еді. Еділдің сол жағында да шағынырак жасақтар қимыл жасады.

1774 жылдың сөуірінде Орынбордың генерал-губернаторы Рейнсдорф Нұралы және Абылай хандарға, Айшуақ және Досалы сұлтандарға жазған хаттарында Пугачев өскерлері онтүстік жакқа, қазақ даласына кетіп, ілгерілеген жағдайда шаралар қолдануды және соған дайындалуды сұрады. Келесі айда патшалық өкімет орындары 100 адамнан тұратын пугачевшіл-қалмактар жасағын ұстап беруге өтініш жасады. Мұндай өтініш Абылай хан мен Құлсары батырға жіберілді. Пугачевшіл-қалмақтарды Орыс сұлтан мен оның нөкерлері тұтқынға алды. Барлық көтерілісшілер құлдыққа берілді. Патша өкіметі бір халықты екіншісіне қарсы пайдалануға тырысты. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік тұрақтылықтың бұзылуынан қорықкан казак қоғамының әлеуметтік ұstem тобы самодержавиеге көмектесуге мүдделі болды.<sup>35</sup>

Көтерілісшілер өскерінің Орал тауы және Еділ бойы аудандарына беттеуіне байланысты Пугачевтің өзі Звериноголов немесе Петропавл бекінісінде еken деген лақап таралды. Орынбор және Сібір әкімшілігіне жағдайдың қауіпті еkenі, «тым күмәнді» жағдайдағы қазақ коныстарының «жауызben жақсы тіл табысканы» және оған көрінеу «ыңғай» көрсеткені айқын болды.<sup>36</sup>

1774 жылдың маусымында Орта жұз қазактары Звериноголов және Петропавл бекіністерінің арасында орналасқан Алабұға редутын талқандады. Қазактардың жасағы редут гарнизонын толық құрамында тұтқынға алды.

1774 жылдың тамызында болыс старшыны Дайыр сұлтан З мындей қазактарды жинап, Преснегорьков және Петропавл бекіністерін шабуға ниеттendі. Алайда кейін өз жоспарын өзгертіп, Троицк бекінісіне бетtedі. Содан соң Кенжеғали және Жағалбайлы болыстарының старшыны Құдайменді басшылық еткен 50 адамнан тұратын жасақ Кабанья немесе Преснегорьков бекінісіне шабуыл жасады. Редутке жасалған шабуылдарға Құлсары батырдың басшылығымен Саржетім-шакшақ болысының қазактары, Итек, Алғабай старшындар, Дәуітбай тархан басшылық еткен Қыпшақ және Қарауыл болыстарының қазактары қатысты. Осында жағдайларда Абылай мен сұлтандар патшалық өкімет орындарына өздерінің қол астындағы ауылдарды бағыныста ұстай ал-

май отырғанын мәлімдеді. Бекіністер мен редуттарға шапқыншылық жасау себептерін хан Пугачевтің «араласуының» өсерімен түсіндірді.<sup>37</sup>

Қазақ жасактарының Үй шебіне шабуыл жасауы сирек кездеспейтін. 1774 жылдың жазындағы Кіші жұз қазактарының шабуылдары неғұрлым белсенді болды. Шағын отрядтар Орынбор түбінен, Рассыпная, Татищев бекіністерінің маңынан мал айдап өкетіп, адамдарды қолға түсірді. Кояицк форпосы, Шаған хуторлары, Коловертное алқабы шабуылға ұшырады. Сол жылы пугачевшіл көтерлісшілер қазақ жасактарымен бірге патшалық бекіністерге, форпостар мен редуттерге 240 шабуыл жасады. Жекелеген жағдайларда қазактар орыстардан, тіпті казактардан да мылтық, ок-дәрі, қорғасын сатып алғып жүрді. Елек қорғанысына көшіп барған Нұралы хан патшалық өкімет орындарынан өзін қорғауды сұрады.<sup>38</sup>

Әрине бұл шапқыншылықтардың бәрін қазактарға Пугачевтің шакыруларының өсері деп қарастыруға болмайды. Алайда бұл шапқыншылықтардың бір бөлігі шаруалар соғысының ықпалымен жасалды, ал кейбіреулері онымен ұйымдастырылуы жағынан байланысты болды.

Патша ұлықтары орыс халқын Пугачевтің бейнебір оларды жерімен бірге қазактарға беру ниетімен корқытуға тырысты. Сонымен бірге қазақ халқына қарсы еділ қалмақтарының жасактары пайдаланылды.


Сонымен бір мезгілде Пугачевтің өскері Оңтүстік Орал мен Башқұртстанда халықтан қолдау тапты. Патша отрядтары көтерлісшілерді Казан түбінде ғана тоқтата алды. Бұл шаруалар соғысындағы ірі жеңіліс болды. Өз отрядтарының қалдықтарымен Пугачев Еділ бойымен төмен қарай жүрді. Көтерлісшілердің күштері күрт кеміді.

1775 жылдың жазынан Кіші жұздің коныстарында «Көзге көрінбейтін адам» немесе Көктемірдің пайда болуы туралы қауесет тарала бастады. Е. Пугачевтің шаруалар армиясының жеңілісі шаруалар көсеміне лайықты күш туралы аныз туғызды. Бұл лақаптар өсіреле табын рулағында өсірелеп айтылды. «Көрінбейтін адам» Пугачев қайтып келеді деп сендірді және барынтаны күшайте түсіді ұсынды. Патшалық өкімет орындары бұл лақаптарды тексеру және «Көрінбейтін адамды» ұсташа үшін едәуір күш-жігер жұмсады. Тек 1776 жылдың жазына қарай ғана «Көрінбейтін адамның» қозғалысы тоқтатылды.

Сонымен 1773–75 жылдардағы шаруалар соғысының оқиғалары Кіші жұз бен Орта жұз қазактарының арасында ұнdestіk тапты. Қазақ шаруалары шаруалар соғысының оқиғаларына тез арада үн косып, онда өздерін белсенді түрде көрсетті. Бұл стихиялы бой көрсетулерден қазактардың қазақ жерлерін отаршыл қазактардан азат етуге ұмтылысы анғарылды және ол қазақ халқының патшалық самодержавиеге қарсы ұлт-азаттық қозғалысының бір арнасына косылды. Бұл да оқиғалардың дамуында прогрессіл фактор болды. Сонымен бірге қазақ шаруаларының бой көрсетулері қазақ жұздеріндегі ішкі әлеуметтік қайшылықтарды ашып берді.

### 3. СЫРЫМ ДАТОВ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ

Әбілқайыр хан Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін Кіші жұздің көшіп жүретін коныстары орналасқан көптеген аудандарда аймақтың әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде үлкен өзгерістер орын алды. Сонымен



бірге Ресей империясының отаршылдық енуі барған сайын Кіші жұздің кенбайтақ аймактарын қамти түсті.

Күштердің осылайша орналасуымен қатар, аймактағы саяси және экономикалық билік барған сайын Ресей өкімшілігінің қолына шоғырлана берді және И. И. Неплюевтің «бөліп ал да, билей бер» принципі бойынша құрылған идеялары мен жоспарларының қолданысқа енгізілуі аймактағы барлық қайшылықтарды шегіне жеткізе шиеленістіреді.

Қазақ руларының Жайыққа, Жайық қалашығы мен бекіністерге жақын жерде көшіп жүруіне тыйым салу туралы 1742 жылғы 19 қазандағы жарлық дамытыла отырып, империяның өлкедегі отаршылдық үстемдігін нығайту жөнінде жаңа актілер қабылданады. Мәселен, б қарашада казактарға қазактардан адамдары мен малын өз бетімен тартып алуға (немесе сол кездегіше айтқанда – барымтаға) рұқсат еткен Жарлық қабылданды. Ол 1760 жылғы 18 шілдедегі шешіммен толықтырылды, онда адамдар мен малды ендігі жерде жалғыз-жарымдап жүріп емес, «топ жиып» барып қолға түсіруге рұқсат етілді. Пугачевтің көтерілісі басып-жанышталғаннан кейін 1775 жылғы 25 шілдеде Орынборда күдік келтірілген кез келген қазакты ұстауға ресми түрде рұқсат етілді, ал 1779 жылғы 4 қазанда белгілі бір қазак істеген тәртіп бұзушылық немесе қылмыс үшін кез келген қазакты ұстап алуға өкім берілді. Сөйтіп 1783 жылғы 3 қарашадағы Жарлық солардың логикалық жалғасына айналды, онда «әскери адамдардан, казактар мен башқұрттардан жазалау отрядын құруға» рұқсат етілді және сол арқылы қазақ халқын үздіксіз тонап тұру үшін кен мүмкіндіктер ашылды. Бодандық туралы актіге қол қойылған кезден бастап қазактардың империя жүргізіп отырған саясатқа үнемі әскери және саяси қарсылық көрсетіп келгені мәлім – мал айdap әкететін, керуендерге, бекіністерге, редуттарға және т.б. шабуылдар жасайтын, тұтқындар түсіріп әкететін, бұйрықтарды орындаған, саяси тәуелділіктен жалтарып жүрді. Қарсыласу қаншалықты құшті болса, қазақ халқын ауыздықтауға соншалықты қатаң шаралар қолданылды, оларға қоса аймакты одан әрі отарлау жөнінде кешенді сипаттағы көптеген іс-шаралар жүргізілді. XVIII ғасырдың аяғында О. А. Игельстром өзінің II Екатеринаға жолдаған «түсініктемелерінде» былай деп жазды: «...сол кезде өшігуі мен кек алуы ашынуға дейін жеткізілген қырғыз-қайсақ халқын тыныштандыруға дәмелендірудің бүкіл мақсаты: қырғыз-қайсақтарды қөндірудің оларды кескілеп өлтіруден басқа өдісі жок деп пайымдаған марқұм құпия кеңесші Иван Иванович Неплюев мырзаның жүйесіне қос қолдап жармасып, мүмкін болғанынша жиі және мейірімсіз барымталар жасау болған». <sup>39</sup>

Қазақ қоғамының өзінде феодалдану үрдісі тереңдей түсті, феодалдық аристократия мен ру шонжарларының мұдделері барған сайын алшактай берді. Хандар және сұлтандардың үстем тобы дәстүрлі шонжарлар – аксақалдармен, билермен, батырлармен барған сайын азырақ санасып, олардың құқықтарына қысым көрсетті. Олар барған сайын патша өкіметінің дала өніріндегі тірегіне айналып, соның саясатын жүргізді, ру шонжарларын биліктен аулақтатты. Патша өкімшілігі билеушілердің екі тобы арасындағы қырқысты шебер пайдаланды, руаралық құрес еңбекші бұқара – шаруаларға соққы болып тиді.

XVIII ғасырдың орта шенінде саяси дағдарыс салдарынан Кіші жұз аумағы екі хандыққа бөлінді. Нұралы ханның иелігіне кірген қазақ рулары Арал өнірі мен Сырдария бойындағы Батыр хандығына кірген қыскы жайылымдарды пай-

далану мүмкіндігінен айырылды. Бұл рулардың қазактары батысқа қарай, Каспий ойпатында орналасқан қоныстарға ығысып баруға мәжбүр болды. Алайда Жайық бекініс шептері олардың Жайықтың оң жағындағы қолайлы қыстауларға баратын жолына кедергі жасады.

Жайық пен Еділ арасында жатқан жайылымдардың едәуір бөлігіне 1771 жылға дейін қалмақтар орналасып алды. Қыскы жайылымдар үшін даулар негізінде бұл ауданда қазактар мен қалмақтар арасында екінің бірінде қактығыстар болып тұрды. 1759/60 жылдың қысында ғана қалмақтар Жайықтан өткен қазактардың 40 мыңдай жылқысын айдап өкетті.<sup>40</sup> 1771 жылы Нарын құмы ауданында көшіп жүрген қалмақтардың үлкен тобы Жайық бекініс шебінен өтіп, Қазақ даласы арқылы шығысқа бет алды. Олардың кетуіне байланысты Жайық пен Еділ арасындағы аумактың бір бөлігі босап қалды. Қазақ ақсақалдары патша үкіметіне қазактардың «ішкі жаққа» өтуіне тыйым салынған 1756 жылғы жарлықтың күшін жойып, бұл жерлерді қыскы жайылым үшін пайдалануға рұқсат етуге өтініш жасады. Алайда Сыртқы істер алқасы 1771 жылы бұл тыйым салуды қайтадан макұллады.<sup>41</sup>

Е. И. Пугачев бастаған шаруалар соғысы жылдарында қазактар 1756 және 1771 жылдардағы жарлықтармен санаспай, Еділ мен Жайық арасындағы жайылымдарды іс жүзінде пайдаланды. Шаруалар соғысы басып-жанышталғаннан кейін және одан соң жазалаудың күшетілуі салдарынан бұлай істеу мейлінше қынданап кетті.

1775 жылы патша үкіметі жергілікті басқару ісіне кайта үйімдастыру жүргізді. Орынбор губерниясы таратылды. Кіші жүз және Орта жүз аумағының бір бөлігі Симбирск және Уфа генерал-губернаторлықтарының (битеушілерінің) құрамына кірді. Орынбордың обер-коменданттына Кіші жүзде патшалық өкімет орындарының іс-шараларын тікелей жүргізу тапсырылды, бұл үшін Шекара істері комиссиясы құрылды, Жайық бойындағы шекаралық шеп қалпына келтіріліп, нығайтылды, бекіністердің гарнизондары күшетілді.

Патшалық өкімет орындары қазақ сұлтандарын өзінің сенімді тірегіне айналдырып, солардың көмегімен қазактардың толқуларын болғызбауға ұмтылды. Өз тарапынан Нұралы хан мен сұлтандар патша үкіметіне адалдығын дәлелдеуге бар күшін салып тырысты. Патшалық өкімет орындары сыйлықтар үlestіру, айлық тағайындау, шен беру жолымен дала аристократиясымен одакты нығайтуға ұмтылды.

1782 жылғы жарлық бойынша қазақ ауылдарының Жайықтан өтуіне хан шекаралық өкімет орындарынан рұқсат алғаннан кейін ғана жол берілді. Нұралы мен оның ең жақын туыстары қоныстарға билік ету құқығын пайдаланып қиянат жасады, Орал казак өскерлерінің старшиналарымен сөз байласты. Әскери старшиналар өзеннен өткені үшін акы төлемеген ауылдарды тонады, ал қазактарды тұтқынға алып айдап өкетті. Сол кезде хан мен оның жақындастары тұтқындарды сатып алу үшін халықтан қаражат жинады. Бұл қаражат Орал өскерінің старшиналарымен бөлісілді. Сөйтіп «тұтқын іздеу» каржысы ханның, шекаралық өкімшілік пен казактардың ұstem топтарының тұрақты табыс көзіне айналды.

Саяси қатынастардың дағдарысты жағдайға дейін жетіп шиеленісуі осындаі саясаттың нәтижесі болатын. Е. И. Пугачевтің көтерілісі қазақ қоғамының барлық топтарына өте елеулі ықпал етті, ал «Көзге көрінбейтін адам» Көктемір қозғалысы және қазактардың Е. Пугачев көтерілісіне қатысуы им-



Сырым Датов.

перияның отаршылдық езгісіне қарсы құреске түрткі салды. 1775–76 жылдары жалпы саны 10 мындаған адам болатын қазақ жасактары Үлкен Қобданың жоғарғы ағысына, Гурьев және Кулагин бекінісінің арасына және Шыңғырлау өзенінің бойына шоғырланды.<sup>42</sup> Олар Красногор бекінісін алуға тырысты, бірақ бұл сәтсіз өрекет болып шықты, сөйтіп олар Орынборға, Чернореченск және Елек қорғанысы бекіністеріне кетті. Қазақ жасактары Верхнеуральск, Қызыл, Таналыцқ, Орск, Ильинск бекіністеріне шабуыл жасады. Е. Пугачевтің көтерілісі басып-жанышталғаннан кейін қазақ жасактары таратылып жіберілді. Қазақ халқының бұл құресіне Сырым Датов мейлінше белсене қатысты. Ол үлкен жасакты басқарды және құжаттардың дәлелдеуінше, қазақ жасактары басшыларының бірі болған.<sup>43</sup>

Сонымен XVIII ғасырдың 80-жылдарының басына қарай Кіші жүздегі жағдай оңай болмады. Ресей өкімет орындары тарапынан отаршылдық режим күштейтілді, олар жайық казактарын ішкі аумактарды басып алуға итермелеп, бұған тұрақты өскерлер де көмек көрсетті, ал казактар ретінде так қызметінде жүрген қалмактардың, башқұрттардың, татар-мешеряктардың қолымен ұттарлық араздық саясаты жүзеге асырылды. Кіші жүз ішінде Нұралы мен оған бағынышты билеушілер ішкі саяси жағдайды дербес бақылай алмады, оларда тіс қаққан саясатшылық тәжірибе болмады. Ұзаққа созылған саяси алауыздықтардың нәтижесінде дәстүрлі қазақ менталитетін ұстанған көшбасшылар тобы, негізінен билер мен батырлар арасынан бөлініп шығады. Осы қасиеттердің бәрі Сырым Датовқа тән болды, ол бүкіл Кіші жүздегі дерлік саяси жағдайды іс жүзінде бақылап қана қоймай, сонымен қатар өз бойында бидің, батырдың және басшының қабілеті мен қасиеттерін ойдағыдай ұштастыруды. Сырымның нақ жеке қасиеттері мен беделі оның ұлт-азаттық қозғалысының басында тұруына мүмкіндік берді. Ол Кіші жүздің қуатты бірлестіктерінің бірі байұлы бірлестігіне кірген байбақты руынан шыққан еді.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде Сырым атакты би және шешен ретінде белгілі. Ол ішкі өмірдің көптеген маңызды мәселелерін шешкен, ал оның шешендік өнері ол қайтыс болғаннан кейінгі жылдарда да үлгі болып қала берді. Жеке басының ержүректігі, ерлігі, табандылығы және сирек кездесетін қайрат-қүші оған батыр данқын өперді. Сөйтіп Сырым Датов өзі басшысы болған қозғалыста өзінің жақсы қасиеттерінің бәрін танытты. Сырымның бойындағы ана сүтімен біткен жеке басының қасиеттері қозғалыстың өзіне мейлінше елеулі ықпал жасағанын атап өткен жөн.

Саяси шектеулер мен көпе-көрінеу тонау жөнінде жүргізіліп отырған саяспен қатар, Ресейдің өкімет орындары көшпелілердің дәстүрлі шаруашылық құрылышын жоюға барынша күш салды – бұл Жайықтың арғы бетіндегі ішкі жаққа көшпелілердің өтуіне тыйым салынып, көші-қон өрістерінің қүштеп бұзылуынан көрінді. Оның үстіне хан билігі енді патша өкіметінің іс-шараларына қарсы өрекет ете алмады, сондықтан қатардағы көшпелілер есебінен

байып алуға тырысты. Мәселен, құжаттардың бірінде оның (яғни ханның) кез келген мал айдау кезінде малшылардың өркайсысынан 1 жылқы мен 1 қой жинап алғаны айтылған.<sup>44</sup> Әз талаптары орындалмаған жағдайда хан қатардағы көшпелілердің бетімен кеткендігі туралы Ресей әкімшілігіне жеткізіп отырған. Оның балалары да шетінен нақ сол үрдісте өрекет еткен. Көтерілісті сипаттайтын құжаттарда халықтың көпшілігі ханның өзі мен оның жақындарын ұнатпағаны өте жиі көрсетіледі және ханды орнынан тайдырып, оны Нұралының қандас туысы, Хиуа ханы Қайыппен ауыстыру туралы ой мейлінше тұрақты келтіріледі. Отаршылдық қанау мен экономикалық езгіге салу негізіндегі саяси алауыздықтар осылайша көнеде берді.

Малшыларды ашықтан-ашық тонау, тарихи қалыптасқан көшіп-кону маршруттарының бұзылуы қазақ еңбекшілері шаруашылығының құлдырауына әкеп соқты. Малшылар «ішкі жакта» мал жайғаны үшін салық төлеуден бас тартты, мұны «шөп пен су құдайдың бергені» деп, оларды өздерінің пайдалануға құқығы бар екенімен дәлелдеді. Жаппай халықтық бой көрсету үшін алғышарттар пісіп-жетілді. XVIII ғасырдың аяғындағы Кіші жүз қазактарының еңбекшілері көтерілісінің негізгі себептері жер мәселесінің шиеленісуі, патша үкіметінің «ішкі жакқа», Жайықтың арғы бетіне өтуіне тыйым салуы, руақсақалдарының құқықтарына қысым жасау, хан, сұлтандар, жайық казак өскері мен патша әкімшілігі тарапынан ашықтан-ашық талап-тонау мен халыққа зорлық-зомбылық жасалуы болды.

1783 жылға қарай даладағы жағдай өдбен шиеленісіп кетті. Саяси аренада дәстүрлі өлеуметтік институттардың өкілі болған билердің, батырлардың салмағы арта түсті. Осы кезге қарай казак отрядтарының ауылдарды және қазақ батырларының бекіністерді алма-кезек шабуы жиіледі. Сондай шапқыншылықтардың бірі Гирьялск редутына шабуыл жасау болды, ол жерден мал айдалып өкетілді және біrnеше адам қолға түсірілді. Ел ішінде тама, алшын рулары мен басқа да рулардан жасактар құрыла бастады. 1782/83 жылдың қысында жұт болып, 10 000-нан астам жылқы мен сиыр қырылды. Сонымен бірге казактар, жағдайды пайдаланып, ішкі жакқа көшіп барған қазактардың 4000 жылқысын айдап өкетті, ал өкімет орындары 4000 сом мөлшеріндегі шығынның орнын толтыру туралы өкім берді. Казактар мен өкімет орындарының осы өрекеттеріне жауап ретінде қазактар редуттарға, бекіністер мен қамалдарға толассыз шабуыл жасай бастайды. Бұл өрекеттер 1783 жылдың көктемі мен жазында неғұрлым тұрақты сипат алды. Мұндай өрекеттерде сәттілік те, сәтсіздік те болып отырды, 1783 жылғы шапқыншылықтардың бірінде Сырым орал казактарының тұтқынына түсті, ал 1784 жылдың көктемінде Нұралы хан Сырымды босату үшін 70 жылқы және күміспен 350 сом мөлшерінде өтем төлеуге мәжбүр болды. Сырым ханның қарындасына үйленген еді.<sup>45</sup> Сырымды өтем төлеммен босатып алуға туыстық қана емес, оның ел арасындағы жоғары беделі де себеп болып, Нұралы ханды осыған баруға мәжбүр етті.

Бұл кезде қазактардың бой көрсетулері жаппай сипат ала бастады, басты бағыт Нижнеуральск шебі мен Орск бекінісі ауданында патша өкіметіне қарсы құрес болды. Бой көрсетулер басқа аудандарды да қамтыды; патша өкіметіне қарсы шыққан қазактар Верхнеуральск бекінісі мен Илецк қалашығы арасындағы шепке шабуыл жасауға дайындалды. 1784 жылғы қарашаға қарай Сырым батыр Сағыз өзенінде 1000 адамнан тұратын ірі жасақ жинады,<sup>46</sup> оның маңызды міндеті патшалық өкімет орындарына қарсы қимылдау болатын. Сырым-

ның өз бетімен әрекет етуі ханмен алшактасуды туғызды және олардың бірбірімен ат құйрығын кесісуі байқалды. Сырымның әрекетіне жауап ретінде ақпан айында Елек өзенінің жоғарғы ағысына генерал-майор Смирнов командалық ететін отряд жіберілді, оның құрамына 237 орынбор казагы мен 2432 башқұрт-казак енді. Ауа райының қолайсыздығы отрядтың далаға тереңдей енуіне мүмкіндік бермеді, біраз қазақ ауылдары тоналды және 66 қазақ, негізінен әйелдер тұтқынға алынды. Бұл Кіші жүздің көптеген руларында кең көлемде наразылық туғызды, сөйтіп 1785 жылдың көктемінен бастап, Кіші жүздің жалпы барлық рулары тарапынан өкімет орындарына қарсы қымыл өріс алды, ал байбақты, табын және тама рулары қоныстанған жер қарсыласу орталығына айналды. Нәк сол 1785 жылдың көктемінде жайық казак өскерінің старшиналары Колпаков пен Пономарев командалық ететін, 1250 казактан тұратын отряд Сарайшық бекінісінен шықты, оның міндеті «Жем өзенінің сағасы жағындағы Сырымның ордасына дейін қырғыз-қайсақ қарақшыларын» жазалау болды.<sup>47</sup> Бірақ іс-қымыл барысында отряд Каракөл өзеніне қарай бұрылып, ауылдарды талқандап, тонады, 100 адамды, олардың ішінде небері 14 ерек, 83 түйе және 2955 жылқыны айдал өкетті. Сол 1785 жылдың наурызында 405 орал казактарынан тұратын премьер-майор Назаров командалық ететін отряд табындардың ауылдарын шауып, 2124 жылқыны айдал өкетті. Нәк сол кезеңде казактардың әрекетіне жауап ретінде саны 500 адамға дейін жететін қазақ жасағы Сахарная бекінісіне шабуыл жасады, бірақ оларға әлгі Назаров тойтарыс берді, өз кезегінде ол ықпалды сұлтан Айшуакты кепіл ретінде тұтқынға алды. Соңғысы 1787 жылға дейін Оралда тұтқында болды. Бұл жағдай Сырым көтерілісінің өрши тұсу дәрежесінде және оның іс-қымылдарында айтартылған рөл атқарды. Хан билігінің өкілі болып табылатын сұлтан жөніндегі Ресей өкімшілігінің көзге ілмеушілік әрекеті Сырымның ұстанған жолына елеулі ықпал етті, ол Нұралы ханға да, Ресей өкімшілігіне де қарсы шыға бастады, өйткені хан хандық және сұлтандық қадір-қасиетті корғай алмады, ал өкімшілік жағдайдың нағыз қожайыны патшалық режим екенін көрсетті.

Смирнов пен Колпаковтың отряды көтерілісшілердің шоғырланған жерін іздең жүргенде, Сырым Датов бес жұз жігітпен олардың тылына өтіп кетті. 1785 жылдың наурызында ол Антонов форпостына, ал содан соң Жайықтың төменгі ағысы ауданында орналасқан Сахарная бекінісіне шабуыл жасады. Бекіністердің гарнизондары шабуылды тойтаруға дайындалған еді. Көтерілісшілердің тұтқылдан тиісуі акталмады да, олар шегінуге мәжбүр болды. Бірақ Сырым Датов ұзап шегініп кетпеді, ол таяудағы форпостар мен бекіністерге шабуыл жасады, мұның өзі патшалық жазалау отрядтарын бекіністі шепке қайтып оралуға мәжбүр етті.

Көтерілісшілердің ханға, сұлтандарға және жазалаушыларға қарсы құресі халықтың қызу тілекtestігін туғызды. Көтерісшілер өрбір рудан, өрбір ауылдан пана тауып, көмек алды.

1785 жылғы 3 наурызда хан Орал өскерінің атаманы Донсковқа табын руының кейбір ауылдары өзіне дүшпандықпен қарайтынын хабарлап, «оларға базып алу шабуылын жасауды» талап етті.<sup>48</sup> Сахарная бекінісінің Каршинск форпосты ауданында көшіп жүрген ауылдарға ханның өтініші бойынша майор Назаров бастаған өскери команда жіберілді. Жазалаушылардың көрсеткен жәбірі халықтың ашу-ызасын күшнейтті. Сол кезге дейін көтеріліске қатыспаған көптеген ауылдар көтерілісшілерге қосылды. Бұл туралы генерал-губер-

наторға хабарламасында хан: «Қырғыз-қайсақ халқының бәрі менен бөлініп, өз көштерімен Жем өзенінің бас жағына қарай Ойыл өзені бойына кетті», – деп жазды. Көтерлісшілердің негізгі құштері осында шоғырланған еді.

Ханның өзінен кетіп қалған ауылдарды қайтаруға жасаған өрекетінен ештеңе шықпады. 1785 жылғы 21 шілдеде генерал-губернаторға хан тағы да көтерлісшілер «менің өмірімді тындағаныбылай тұрсын, тіпті сол жакқа жіберген менің балаларымды да тірі қайтармайды... Қырғыз-қайсақ жұртында мен сенімнен айырылдым... олар менен безіп, кетіп қалды» деп баяндады.<sup>49</sup>

Ханның шағымдарына жауап ретінде генерал-губернатор барон Игельстром оны әлсіз және дәрменсіз деп айыптағы, ханды айлық беруді тоқтатумен корқытты. «Халық арасындағы сіздің дәрменсіздігіңіз, – деп жазды губернатор, – ендігі жерде маған жауап бола алмайды, өйткені қырғыз-қайсақ халқының бастығы болғандықтан, өз бағыныштыларынызды менің талабымды канаттандыруға күшпен көндіру сіздің ісініз, өйтпесе сіздің ешбір сендірулерінізге баға бере алмаймын».<sup>50</sup>

Нұралы ханның билігі көрінеу дағдарысты бастан кешірді, одан халық сырт айналып кетті, ал патшалық өкімет орындары ханның дәрменсіздігіне көз жеткізді. Сондықтан 1785 жылдың көктемінен бастап қозғалыс кенеңе түсті және шын мәнінде бүкіл Кіші жүзді қамтыды. Сол кезде-ақ танымал басшы болған Сырымға байбакты, шекті, табын, шеркеш, таз рулары белсене қолдау көрсетті. Мәселен, Әскери алқаның президенті Г. А. Потемкинге Орал әскери кенесінің 8 сәуірдегі рапортында былай деп жазылған: «Байбакты, кете, шекті, табын, шеркеш және таз руларының белгілі ұрылардың жетекшілігімен: атап айтқанда, Сырым жанына 2700, Тіленші жанына 1500 жиналған жауыз қырғыз-қайсақтары, олар жиналышпап алғып, сол жаққа осындағы әскерден отряд етіп жіберілгендерді өткізбеуді және женіліске ұшыратуды ниет етеді деседі. Ал жауыздардың ауылдары осы кезге дейін Жем өзенінің арғы бетінде отыр». Көтерліс сапасы жағынан жана сатыға ауысты, бұл да өкімет орындарының қатты аландаушылығын туғызды. 1784 жылды Симбирск және Орынбор наместнігі болып О. А. Игельстром тағайындалды, оған Орынбор губерниясы да бағынды. Орынбор өлкесінің басқа өкімшілерінен айырмашылығы, Игельстром отарлау саясатын, әсіреле Сырым Датов бастаған көтерліс кезеңінде неғұрлым икемді амалдармен жүргізуге тырысты. Ол императрица II Екатеринаға былай деп жазды: «Мен бұлікке қатысуышы қырғыз-қайсақтарды тыныштандырып, оларды өз жағымызға тарту және солар арқылы хан қарсы болып келген жағдайды орнықтыру үшін жоспар жасадым».<sup>51</sup> Бұдан Игельстромның аз күш жұмсап, үлкен нәтижеге жетуге тырысқан – қазақ халқының тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің аса маңызды элементі ретінде хан билігін жоюға үмтүлісі байқалады. Осы мақсатпен Игельстром бірқатар реформа жүзеге асырды. Игельстром өз реформасына: «бөліп ал да, билей бер» принципін басшылыққа алды. Мәселен, II Екатеринаға өзінің хабарламасында ол былай деп жазды: «...мен болсам, ханнан бөлініп кеткендерді, мүмкін болғанынша, онымен татуласуға жібермеуге тырыстым; және мұнда мен Ұлы мәртебелі император Сіздің 1785 жылғы 25 қарашадағы арнайы өміріңізді басшылыққа алдым... және Кіші Орданың қырғыз-қайсақтарының бөлінуі, әрине Ұлы мәртебелі Сіз үшін тиімді болады...».<sup>52</sup> Бір жағынан, құжатта дәлелденгеніндей ол Нұралы ханды өз бодандарынан оқшаулауға, оның үстіне онша байқалмайтын, бірақ тиімді әдістермен, ал әкінші жағынан, Нұралы ханның саясатына наразы ақсақалдарымен саяси жағынан жақындасу арқылы оқшау-

лауға тырысқан. Құжатта дәлелденгеніндей, бұл екі бағыт ойдағыдай дамытылған. Кіші жүз ақсақалдары ханға барған сайын көп наразылық көрсетті, ал ханның ақсақалдарға сенімі барған сайын азая берді. Игельстром хан билігі мен дәстүрлі казак қоғамының саяси Құрылышын шын мәнінде империялық билік шеңберіндегі провинциялық жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне дейін тәмендеткен реформаны жүргізе білді. 1785 жылдың күздінде 208 ақсақалдың «ұлы мәртебелі императорға адалдыққа» ант беруі соның нәтижесі болатын. Кіші жүз ақсақалдарының 1785 жылғы Игельстром іскерлікпен дайындаған съезінде ең басты екі мәселе – жүзде билікті ұйымдастыру туралы және қыскы коныстарды кеңейту туралы мәселелер қойылды. Съезд Нұралы ханды орнан алу және Кіші жүзді үш бөлікке, «Бас Орда» дейтіндерге – Байұлы, Жетіру және Қарекесек ордаларына бөлу туралы мәселе қойды, ал Сырым батыр барлық Ордадағы «бас кеңесші» болып тағайындалды. Сонымен бірге шекаралық сот құру туралы шешім қабылданды, бірақ нак сол шешімде жана хан – Қайып туралы мәселе де турасынан қойылды, оны ақсақалдар бірауыздан Кіші жүздің ханы деп тануға өзір еді.<sup>53</sup> Сол арқылы дәстүрлі хан билігін тану саяси дербестіктің өзегі болып қала берді, рас оның кейбір сипаттары жойылған еді. Бұған Игельстром көнген жок, бірақ сонымен бірге кеңпейілділік көрсеткен сияқты болып, 17 ақсақалдың «өз билігіндегі халықпен бірге» «Жайықтың бойымен «Сахарная бекінісінен Гурьев қалашығына дейінгі да-лалық жағында» көшіп жүруіне рұқсат етті.<sup>54</sup> Игельстромның әрекеттері көтеріліске көп жағынан бейтараптандырушы ықпал жасады. 1786 жылғы 24 акпанда А. Р. Воронцовқа жазған хатында Игельстром өз әдістерін былайша анықтаған: «...Әділдік, мейірімділік, табандылық, сүйіспеншілікке еліктіру және параға құштарлықты дарыту, ал оның үстіне олар сүйіспеншілікпен және үреймен орындалатындей ету».<sup>55</sup> Игельстромның әдістері белгілі бір дәрежеде Сырым мен оның серіктеріне әсер еткенін мойындау керек, сондықтан да көтеріліс Қазақстандағы отаршылдықтың шайқалуына объективті түрде себепші болғанымен, құлдырау бағытымен үнемі бәсендей береді. Реформа ұстарасының өткір жүзі ханды тайдыру жолымен хан билігін жоюға келіп тірелді.

Патша әкімшілігінің кеңесіне құлақ аса отырып, ақсақалдар съезі 1785 жылдың күздінде Кіші жүзді үш бөлікке немесе «бас ордаларға» бөлу туралы шешім шығарды. Олардың әрқайсысының басында съезд сайлаған ақсақал тұруға тиіс болды.

Осы кезде көтерілісшілер хан ауылдарына тағы да шабуыл жасай бастады. 1786 жылдың сөуірінде көтерілісшілердің тегеуірінімен Нұралы хан патшалық әкімет орындарының корғауына қашып баруға мәжбүр болды. 1786 жылғы 3 маусымда II Екатерина Нұралыны хан билігінен шеттету туралы рескриптіге қол қойды. Нұралы Орынборға шақырып алғынан, ол жерден Уфаға жөнелтілді.

Патша үкіметі қалыптасқан жағдайды пайдаланып, хан билігін жоймақшы болып шешті. Генерал-губернатордың жаңа хан сайладап, оның жанынан ақсақалдар кеңесін құру туралы ұсынысына II Екатерина жаңа хан сайлауды керек емес деп санайтынын айтып жауап қайтарды және «жақсы тәртіп үшін» ең басты ру ақсақалдарының басқаруын есте ұстauға кеңес береді. Сыртқы істер алқасы генерал-губернатор Игельстромға Кіші жүзді басқару жобасын өзірлеуді тапсырды. Ол табыс еткен, «Игельстром реформасы» деп аталған жоба 1786 жылдың көктемінде мақұлданып, бекітілді.

Саяси билік Орынбор өкімшілігінің қолына шоғырландырылды. Сонымен бірге жұздерде құрылған шекаралық сотқа, расправа дейтіндерге зор өкілеттіктер берілді, бұл орайда расправалардың құрылуын 1786 жылғы маусымда II Екатерина былай деп макұлдады: «Біз расправаларды қазақ халқына пайдалы деп есептейміз».<sup>56</sup> Расправаларға Кіші жүз руларын басқару жүктелді, оларға тәраға ретінде ру аксақалдары және олардың жаңына 2 мүше енді, олармен қатар расправаға орыстардан «депутат түрінде» сенімді адам жіберу көзделді. Сонымен бірге реформада далада немесе қазақтардың көшіп жүретін жерлеріне жақын маңайда керуен сарайлар құру және екі немесе үш қала салу ойластырылды.<sup>57</sup> Игельстром Кіші жұздегі қалыптасқан дәстүрлі қоғамдық-саяси жағдайды қирата отырып, Қазақстанды отарлық бағындыруды неғұрлым бейбіт жолдармен жүзеге асыруды терендете беруге тырысты. Бұл дала өнірінде наразылық туғызды. Қазақ аксақалдары саяси жағдайлармен қоса, өлеуметтік және экономикалық жағдайлармен де шырматылып тасталды. Мәселен, Орынбор және Орал казак өскерлерінің жеріне малдың жіберілгені үшін аманат алынды. Ал ең ауыры – өскери із кесулер күшейді, Игельстром өскери командалардың бастықтарын жазалау жөнінде үнемі қоркытып отырғанымен, олар реформаның ажырағысыз бөлігіне айналды. «Реформаның» мәні Кіші жұзде хан билігін жоюға өрекет жасауда болатын. Генерал-губернатордың жаңынан жұздерді басқарудың жана органы – феодал шонжарлар мен патша өкімшілігінің өкілдерінен Орынборда Шекаралық сот құрылды. Әкімшілік органдар – ру аксақалдары кіруге тиіс болған «расправалар» сотқа бағынды.

Сөйтіп, патшалық өкімет орындары сол кезде дәстүрлі билік иелері шонжарларға сүйенуге үміттенді. Ең ықпалды аксақалдарға «бас аксақал» атағы енгізілді, оларға барлық руларды қадағалап отыру міндепті жүктелді. Басқару жүйесіндегі төменгі буын ру аксақалдары болды, оларға айлық тағайындалды.

Алайда беделді аксақалдар мен билердің көпшілігі «реформаға» қарсы шықты. Олар аксақалдардың пайдастына ханның құқықтарын шектей отырып, хан билігін сактап қалғысы келді.

«Реформаны» жүргізу кезінде Игельстром Орал казак өскерінің қазақ ауылдарын шабуына тыйым салды. Қазақ малышыларына қыстығұні Жайық пен Еділ арасындағы жерге көшіп бару мүмкіндігі берілді. Жайық арқылы өтуге 17 аксақал құқық алды, олардың басқаруында 45 мыңнан астам қожалық болды.<sup>58</sup>

Орынбор айырбас сарайында сауда жанданды. Мәселен, 1785 жылы Орынборда 230 мың әр түрлі мал айырбасталса, 1787 жылы ол 379 мың болды.<sup>59</sup> Сауданың жандануын атап өте келіп, генерал-губернатор «оларға (яғни айырбас сарайларына. – Ред.) қырғыз-қайсақтар қауіптенбей және ынта-ықыласпен ағылып келді, айтарлықтай болғаны сонша Орынбордың өзі ашылғаннан бері мұндай мысал жок» деп жазды.<sup>60</sup>

1786 жылы Орынборда Шекаралық сот, ал бір жылдан соң – расправалар құрылды. Расправалардың құрылымы оларды патша өкімшілігінің құралы ететіндей болып ірікте алынды.

Игельстром императрицаға расправалардың құрылуына халықтың, аксақалдардың және сұлтандардың көзқарасы туралы баяндады. Атап айтқанда ол былай деп жазды: «...мен... бүкіл халық пен оның аксақалдары бірдей келісімде екеніне және Ордада осы жаңа мекеменің ерекше ықыласпен қабылданғанына, қызметтерге ең тандаулы, аса атақты және ең лайықты адамдарды

сайлағанына мейлінше дәл сендіре аламын... Әбілқайыр үрпактарының барлық сұлтандары, қазіргі хан Нұралының балалары, оның інілері және олардың балалары халықтан бөлініп қалды және олардың бірде-біреуі осы өзгерістерге кіріскең жок, олар өз халқын басқару билігі ол арқылы жойылатынын және халықтың өз қолына берілгенін көрді, сол арқылы өздерін шамадан тыс ренжіту және кемсіту көргендер деп санады».<sup>61</sup>

Алайда оқиғалардың барысын бақылаған полковник Гранкиннің және барон Игельстромға басқа да бағыныштылардың «түсініктеме» жазбалары дәлелдегендей, жаңа басқару аппараты өміршеш болмай шықты», расправалар бір ретте жиналған жок. Іс жүзінде билік ақсақалдардың қолында болды.

«Реформаны» жүргізу жаңа басқару органдарының құрылуына байланысты құқықтары мен билігіне қысым жасалған сұлтандардың қасарыскан қарсылығына тап болды. Нұралыны қайтып келтіруді және хан билігін қалпына келтіруді талап еткен сұлтандар күресін ханның інісі Ералы сұлтан басқарды. Кіші жүз сұлтандарын Орта жүздің ханы Уәли және Абылайдың үрпактары – сұлтандар колдады.<sup>62</sup> Олар Кіші жүзде хан билігінің қалпына келтірілуі туралы өтініш жасады. Нұралының баласы, сол кезде Түрікменстанда хан болған Пірәлі сұлтан да нақ осындай көзқарас ұстанды. Нұралының қайта келтірілуін талап еткен хандар мен сұлтандар ең алдымен өз мұдделерін ойлады. Олар Кіші жүзде хан билігінің жойылуы таяу болашақта Орта жүзде хан билігінің жойылуын туғызуы мүмкін екенін түсінді.

Жергілікті патша әкімшілігінің бір бөлігі басқаруды қайта үйымдастыру жөніндегі шаралардың ақталғандығына сенімді болмады. Мысалы, Сырым батырды тұтқыннан босату үшін Ералы сұлтанның ауылына жіберілген полковник Гранкин 1788 жылдың желтоқсанында былай деп жазған: «...расправалар жоқ десе де болады, өйткені оларға атакты қазақ адамдары арасында сенімі аз қазылар отырғызылған, ал расправалардың болуы да мүмкін емес, өйткені жалғыз хатшы қалады, ал қазылар расправалардан бірнеше жүз шақырым жердегі өз қоныстарында жүреді...».<sup>63</sup>

Патша үкіметі Кіші жүзде жүргізіліп жатқан басқару реформасының күткендердегі нәтижелер бермегенін көрді. Францияда басталған буржуазиялық революция елде шаруалар қозғалысының жаңа өрлеуінен қорықкан билік иелерін қатты үрейлендірді. Бұрынғы басқару жүйесіне өзгеріс атаулы төңкеріс деп саналуға сөл-ақ қалды. Петербургтегі билеуші топтар «Игельстром реформасын» да самодержавиенің тіректерін бұзуға бағытталған деп тапты. Шекаралық сот пен расправалар іс жүзінде қолданыска енгізілмеген күйінде қалды.

Нұралының туыстары билікке тағайындалған ақсақалдарға белсене қарсы шыкты, соның нәтижесінде 1786 жылдың тамызында Ералы сұлтанмен бірігүе бара жатқан кезінде олар Сырым батыр мен оның 106 серіктерін Есім сұлтанмен бірге тұтқынға алды. Ералы Сырымды Нұралы ханға айырбастағысы келді. Сырымды тұтқыннан босатуды Игельстром да жақтады, ол Сырымды өз реформаларының тірегі деп санайтын. Сонымен бірге Сырымды қолдаған кейбір рулар Қайыпты хан етіп сайлады және сол арқылы Сырымның ұстанған жолын қүштейтті. 1786 жылдың күзінде шекаралық сот ашылды, алайда оның құрамына Сырымға жақын көптеген рубасылар кірмей қалды, қайта Нұралы ханға жақын сұлтандар үлкен рөл атқара бастады. Алайда Кіші жүзде жаңа билікті орнықтырмау мәселесі емес, қайта ұлан-ғайыр жайылымы бар ішкі жакка көшіп бару мәселесі мейлінше өткір қойылды, ал ол жерлердің меншік

иелері империяның жоғары шонжарларының өкілдері кінәз Юсупов пен граф Безбородко болатын. Көптеген рубасылардың өтініштері нәтижесінде ішкі жақта 45 000 шаңырақтың өтуіне рұқсат етілді. Алайда іс жүзінде 60 000-ға дейін шаңырақ өтіп кетті. Көшіп барғандар арасында ханның да, Сырым батырдың да жақтастары бар еді. Саяси күштердің орналасуы қайсыбір дәрежеде тепе-тең болып шықты, әлеуметтік дағдарысты құбылыстар шиеленіспеді, өйткені қыруар көшпелілер өз малын бос жатқан жерлерге жаюға мүмкіндік алған еді. Сырым басшылық еткен қозғалыстың қайшылықты жағы нақ осы кезенде өте айқын көрінді. Бір жағынан, «бас ақсақалдыққа» рулық бірлестік бойынша өлімұлы Сарытай би, Қаракөбек би, Мұратбек, байұлы Сырым, Қаратай би және жетіру Тіленші мен Жанболат, яғни Сырымның барлық жақтастары, қозғалысқа белсене қатысқандар ілікті. Екінші жағынан, Орынбор өкімшілігі жергілікті жерлерде оларға толық билік бермеді, сұлтандарды биліктен шеттеппеді және сондықтан Кіші жүзді басқару жөніндегі реформалар тек Орынбор өкімшілігінің билігін нығайтуға себепші болды. Бұл туралы өз хабарламаларында Игельстром былай деп жазды: «...уақыт өте келе бас ақсақалдар мен ру ақсақалдарының көмегі арқылы осы еркін халықты айтқаннан шықпайтын халыққа айналдыру керек, сонда оның тентектігі тыйылады».<sup>64</sup> Алайда өкімет ойластырған «тыныштық» орнамады, қазактар өз қимылдарында дербестікті нығайтуға және Орынбор өкімшілігіне тәуелсіз бірлестіктер болуға барған сайын көбірек ұмтылды. Кіші жүздің Орынбор өкімшілігі тарапынан үш хандыққа бөлінуі ақсақалдардан да, сұлтандардан да қолдау таппады. Сырым мен оның жақтастары жай қадағалаушылар болған жок, олар жергілікті жерлерде өз билігін нығайтуға, Кіші жүздің бүкіл аумағында оның рулық құрылымының күшті бірлестігін құруға ұмтылды. Сырым мешіттер мен мектептер ашуға талаптанды және Орынбор өкімшілігімен ат құйрығын кесісуге үнемі ұмтылып отырды, ол өзінің Орынбор өкімшілігіне қарсы іс-қимылдарын қолдау туралы Хиуамен келіссөз жүргізе бастады. Ол кезде Сырым Осман империясымен саяси бірігу туралы келіссөз жүргізген жок, дегенмен жекелеген рубасыларда осыған өлдебір ұмтылыс болды. Сырым өзінің дербес саясатын – тәуелсіз егемен саясатын жүргізуге талаптанды.

Сол кезде Орынбор өкімшілігі отарлау саясатын бұрынғысынан да қүшетьті. XVIII ғасырдың 90-жылдарының басынан қозғалыс көтеріліс сипатын алады. Сырым II Екатеринаның атына жолдаған хабарламасында орал казактарының атаманы «1500 солдатымен сіздің бейкүнә бодандарының қырғыз-қайсактарға шабуыл жасап, 225 шаңыракты ойрандады, барлық мұлікті алып кетті, 150 адамды өлтіріп, 57 адамды тұтқындалп және сансыз көп жылқыны, түйені, сиыр мен қойды айдап өкетті» деп көрсетті.<sup>65</sup> Бұған жауап ретінде қазактар Орал шебінің жекелеген участкеріне шабуыл жасай бастады. Орынбор өкімшілігінің жаңа басшысы А. Пейтлинг көтерілісшілерді жазалау үшін далаға үнемі отрядтар жіберіп, батыл қимылдай бастады.

Сол жылы төртқара руының бір топ билері мен ақсақалдары Сыртқы істер алқасына Орал әскери атаманы Донсковтың үстінен шағым жасады. Шағымдарда казактардың тонаушы шапқыншылықтарының ауыр зардаптары тізіп келтірілді, жаңа генерал-губернатор А. Пейтлингтің бейбіт ауылдардың тыныштығын бұзушыларға қарсы шарапалар қолданбай отырғаны атап көрсетілді.

Сонымен патшаның жаңа наместнігі даладағы бұрынғы неплюевтік режимге бағыт алып, шынына келгенде, әскери отрядтардың қазак ауылдарына

шабуыл жасауын көтермелеп отырды. Астрахан казак полкінің командирі Г. Персидский инстанциялар бойынша далада тыныштықтың бұзылғанын, қозғалыстың жаңа өрлеуі болуы мүмкін екенін баяндады. Осы негізде патша әкімшілігі Сырым батырды тұтқындау жөнінде шаралар қолданды.

XVIII ғасырдың 90-жылдарында ру аксақалдары Ресейден қол үзгісі келмей, Орал әскерімен қатынастарды жолға қоюға ұмтылды. Атап айтқанда Сырым Датов II Екатеринаға хабарлама жолдап, онда жаңа генерал-губернаторға ренішімен қатар, былай деп жазды: «Жоғарыда айтылғандар себепті, сіздің аналық мейіріміңзге сеніп, өзіңізге бағынышты Қырғыз-қайсактардың Кіші Ордасында тыныштық орнату үшін бізге генерал-поручик... бар. Игельстром мырзаны екінші рет жіберуді сұраймын».<sup>66</sup>

Ақсақалдардың Орал казак әскерлерінің шапқыншылықтарына қарсы наразылықтары ешқандай нәтиже бермеді. Қазақтардың өзін-өзі қорғауды үйымдастыру өрекеттері далаға жаңадан жазалау экспедициясын жіберуге сылтау болды. Оның үстіне сұлтандар патшалық әкімет орындарымен бірге қимылдады, олар «жауыздардың» қоныстарын көрсетіп беруге міндеттенді.<sup>67</sup>

Нұралының көп ұзамай кайтып келетіні туралып кеткен сыйыстарға байланысты ауылдарда стихиялы толқулар күшейді. Ойыл өзеніне және Шыңғырлау өзенінің сағасына көтерілісшілердің қалың қолы шоғырланды.

Сырымның қимылдары маневрлік сипатта болды. Құжаттардың бірінде Сырым ресейліктермен бітімге келу үшін 200 адаммен Көкөрлік өзеніне көшіп барды, бірақ атаман Донсковтың шабуыл жасауы Сырымды Ресей әкімшілігіне қарсы қимылдау туралы ойға келтірді деп атап өтілген. Алайда Сырым, сонымен бірге аксақалдар мен сұлтандар арасындағы одактарынан айырылды. Объективті түрде ол қозғалысты тереңдетуге тырысты, бірақ олай болмады. Бұған жер мәселелері себеп болды. М. П. Вяткиннің атап өткеніндей: «Ақсақалдардың едөуір тобының Сырымға қосылудан бас тартуында жер мәселесі, Жайық ауданындағы жайылымнан айырылып қалудан корку үлкен рөл атқарды».<sup>68</sup> Нәк сондықтан отарлауға қарсы қозғалысты кең өрістету мүмкін болмады. Бұған қарамастан, Сырым Орта жүз және Кіші жүздің кейбір рубасылары тарапынан қолдау алуға тырысты. Сондықтан құпия нұсқамамен Сырымды тұтқынға түсіруге бүйрек берілді: «...сол мазасыз қазақтың зығырданды қайнататын азғыруы бойынша оны орындағанға дейін Ордада қалаған тыныштықты мықтап қалпына келтіруді күтуге болмайды».<sup>69</sup> Сондықтан патша әкімшілігі халықты тыншыту үшін Кіші жүзде жаңа хан сайлау қажет деп тапты. Оның таңдауы Нұралының інісі Ералыға тұсті, оның мұдделері Орынбор әкімшілігінің мұдделерімен сәйкес келетін. 1791 жылдың қыркүйегінде күшайтілген әскери қорғауымен Ералы Кіші жүздің ханы болып сайланды, мұның өзі көтерілісшілер қолының дала мен шеп шекарасына шоғырландырылуына әкеп соқты. Сырым әкімшілікке Ералының хан сайлануы жөнінде өз наразылығын білдірді, сонымен бірге өз жолдауында ол орал казактары мен Орынбор әкімшілігінің өрекеттерінен қазақтардың күйзелуін жақсылап суреттеп берді. Патша режиміне қарсы құресте белсенді түрде одактас іздеу басталды. Әскермен қолдау көрсетуге уәде берген Бұхара аталығымен Сырым келіссөз жүргізді, 1792 жылдың қыркүйегінде қаралып Сырым патша әкіметіне қарасты тікелей қарулы құрес жолына тұсті – ол Ресейге соғыс жариялады. Қарулы құрес батырдың

шамамен 1000-ға тарта өз адамдарымен Елек қорғанысы бекінісіне шабуыл жасауымен басталды, бірақ көтерілісшілерге тойтарыс берілді, сонан соң Сырым Красногор бекінісіне шабуыл жасауға өрекет етті, бірақ бұдан да ешнәрсе шықпады, оның үстіне Сырым Бұхарадан уәде етілген қолдауды алмады. Ресейге соғыс жариялағанға дейін-ақ Сырым өзімен келіспеген ақсақалдарды жазалауға өрекет жасаған еді. Енді олар патша өскерлерімен бірлесіп, біріккен күштермен Сырымға қарсы шыға бастады. Жергілікті өкімшілік қазақ ауылдарының қозғалысқа қатысу дәрежесін бажайлап жатпай, оларды талап-тонады, 1793 жылдың күздінде 5000-ға жуық шаңырак Жайықтан көшіп кетуге мәжбүр болды. Қазақ ауылдарының ауыр жағдайын қыстың қатаң болуы асқындыра түсті. Бой көрсетуді басып-жаныштауға патша өскерлерімен бірлесіп, Сырымға қарсылас сұлтандар да белсене қатысты. Мәселен, 1793 жылдың көктемінде, құжаттарда атап өтілгенідей, Жайықтан көпір арқылы мал айдал өту кезінде «...содан соң казактар ол көпірді алып тастап, Есім сұлтанмен бірге Данила (атаман Донсков) 2000 жылқы мен 100 000 қойды, 26 000 козыны айдал өкетті».<sup>70</sup> Ал мұндай жағдайлар жаппай сипат ала бастады. Қозғалысқа тілектестік және қолдау көрсетіп, ақсақалдардың немесе сұлтандардың қатысуының қаралайым халық Сырым батырға барған сайын өз көмегін көбірек көрсететін болды. Бірақ көптеген ауылдар күйзеліп қалған еді, сондықтан пәрменді қолдау көрсете алмады, күрес ара-тұра болатын ұсақ қақтығыстармен шектеле бастады.

Халықтық қозғалыстың жаңа өрлеуі кезеңінде Сырым Датовтың жалтақтығы мен солқылдақтығы көрінді. Ол хан билігін жою талабынан бастапты және билер мен ақсақалдар көпшілігінің «өздерінің дегеніне көнетіндей хан сайлау» жөніндегі талаптарына қосылды. Ералы ханға қарсы күрес жүргізе отырып, ол Кіші жүз ханы атағына үміттенген және Хиуа ханымен тығыз байланысты болған Әбілғазиз Қайыпов ханның қолдауына бағдар ала бастады. Әбілғазизбен байланысты нығайту үшін Сырым Датов Сырдарияға көшіп барды. Бұхараның және Хиуаның хан-феодалдарымен ауыз жаласқан Әбілғазиз сұлтанмен Сырымның жақындаусы халық бұқарасының мұдделеріне қайшы келді.

Сонымен бірге 1794 жылдың жазынан бастап патша өкімшілігі жайық казак өскерінің өрекеттерін біраз шектеді. Сол 1794 жылдың жазында Ералы хан қайтыс болды, сөйтіп жаңа хан туралы ұзакқа созылған келіссөздер жүргізіле бастады. Орынбор өкімшілігі Нұралының баласы Есімді хан етіп тағайыннады. 1795/96 жылғы аса қатты жұттан кейін 1796 жылдың күздінен қарай қозғалыстың жаңа өрлеуі басталды. Сырым бір кезде Есімді белгілі бір дәрежеде өзінің одактасы деп санаған еді, ал өзіне Есімнің қолдау көрсетпейтіні анықталған кезде, 1796 жылдың қыркүйегінде Сырым өзінен бағынышты ақсақалдарды жинап алып ханмен, демек, патшалық өкімет орындарымен одактасу немесе соғысу туралы мәселе қойды. Сырымның ымырасыз көзқарасы одан көптеген ақсақалдарды аулақтатты. Кайтадан Орынбор губернаторы болып тағайындалған Игельстром 1797 жылдың көктемінен Сырыммен оны бейтараптандыру үшін келіссөз жүргізе бастады. Алайда Сырымның ымырасызығы көтерілісшілердің Есім ханды өлтіруіне өкеп соқты, яғни қозғалыстың көрінеу қайта жандануы басталды. Соның салдарынан Игельстром жаңа хан сайламай, жүзді басқаруды хан Кенесіне тапсыруға өрекет жасады, оның орналасатын жері Кіші Қобда өзенінің өнірі болып белгіленді. 1797 жылдың

тамызында хан Кенесі жұмысын бастады, оның төрағасы болып Айшуақ сұлтан тағайындалды. Алайда сұлтандар өз бетімен, халық өкілдерін қатыстырмай, Қаратай сұлтанды хан етіп сайлады, бұл қайтадан күрт тайталас туғызды, осы жағдайда Сырым ақсакалдармен татуласуға барған сайын ыңғай танытып, Сырдария ауданына көшіп барды, бұл хан Кенесі беделінің өсуіне жәрдемдесті. Осындай жағдайда Игельстром Қаратайды емес, Айшуакты хан етіп сайлауға көнді, сол арқылы Сырымның бұдан кейінгі қимылын бейтараптандырып та-стады, өйткені Айшуактың беделі жоғары болатын. Қаратай Сырымның Хиуаға көшіп бара жатқан кезінде оны өкшелеп қуды, ал Сырымнан ақсакалдардың көпшілігі де сырт айналып кеткен еді. Сонымен бірге ол өзі қолдау таба ала-тын өз қоныстарының шегінен тыс қалды. Көп кешікпей Әмударияның төмені ағысы жақтан Сырым Датовтың у беріп өлтірілгені туралы хабар жетті.<sup>71</sup> Оның қайтыс болуы жөнінде берілген ас орасан зор оқиғаға айналды, мұның өзі батырдың қазақтар арасындағы зор беделі болғанын және оның саяси қызметін олардың жоғары бағалағанын дәлелдейді. Аса күшті ұлт-азаттық қозғалыс-тар санатындағы Сырым Датов басшылық еткен қозғалыс осылай аяқталды. Халық көтерілісінің женіліс табуына сұлтандармен мәміле жасасқан билер мен ақсакалдардың сатқындығы, көтеріліс басшыларының, атап айтқанда, Сы-рым Датовтың солқылдактығы мен жалтақтығы себепші болды. Оның үстіне патша қіметінің Жайық пен Еділ арасындағы жайылымдарды пайдалануға рұқсат етуі жайылымдар туралы мәселенің өткірлігін уақытша бәсендетті, көтеріліс себептерінің бір манызды мәселесін алып тасталды.

1783–1797 жылдардағы халық бұқарасының құресі қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиға болды. Ол хан билігінің негізін шайқалты, оның беделін түсірді және сол арқылы оның біржола жойылуына себепші болды.

М. П. Вяткиннің атап өткеніндей: «Бұл халықтың ең белсенді бөлігінің отаршылдық езгі мен феодалдық зорлық-зомбылыққа қарсы стихиялы нара-зылығының бытыраңқы көріністері болды».<sup>72</sup> Сонымен бірге Сырым патша-лық режимінің отарлау саясатына он төрт жыл бойы қарсы тұра білді. Батырдың іс-әрекеттерінің бәрі бірдей дәйекті сипатта бола қойған жоқ, ол саяси биліктің дәстүрлі жүйесін сактауға ұмтылып, патша өкіметінің іс-шараларына шеберлікпен қарсы қимылдады, алайда күш тең емес еді. Патша өкіметі Орынбор өкімшілігі арқылы көтеріліске шыққандардың қимылын көп жағы-нан бейтараптандыра білді, ал дәстүрлі демократиялық билік қалдықтары-ның сакталуы қозғалыс нәтижелерінің бірі болатын. Сол арқылы мемлекеттіліктің қалдықтары және дәстүрлі тұрмыс салты сакталып қалды. Тұтас алғанда, қозғалыс ұлттық сана-сезімнің артуына жәрдемдесті және ұлт-азаттық сипатта болды.

#### 4. БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

**Хандықтың құрылу себептері.** XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың ба-сында Кіші жүздегі қазақ халқының едөуір топтары Жайық пен Еділ өзендерінің төменгі ағыстарының аралығына көшіп барып, 1801 жылы Ішкі, яғни Бөкей (алғашқы ханы Бөкейдің есімімен) хандығын құрды. Бастапқыда Жайықтың оң жағасына бес мындағы отбасы өтті. Одан кейінгі жылдарда хан-дық халқы Жайықтың арғы бетінен ағылып көшу есебінен өсе берді. Орынбор

шекаралық комиссиясының есептеуі бойынша, 1828 жылы Бөкей хандығының халқы 10 225 шанырак болған.<sup>73</sup> Деректемелер бойынша, 1845 жылы мұнда 30 мыңнан астам шаныракқа жеткен, 1860 жылы оның халқы 26 209 шанырактан тұрған.<sup>74</sup>

Ішкі Орда қазақтары өмірінің жекелеген жақтарын суреттеген революцияға дейінгі тарихшылардың көпшілігі оның пайда болуын Бөкей ханның жеке басымен, Кіші жүзде болған өзара қырқыстармен және «аласапыранмен» байланыстырған.<sup>75</sup>

Ішкі Орданың (Бөкей хандығының) құрылу себептерін түсіндіруде қазіргі зерттеушілер арасында да бірауыздылық жок.

Жайықтың оң жағасына өткен қазақтар тен мөлшерде байұлына да, жетіруға да жататын адамдардан тұрды, дегенмен де көшудің бастапқы кезеңінде алғашқылары басым болған.<sup>76</sup> Қазақстан тарихын зерттеуші М. П. Вяткин Ішкі Орданың құрылуына шаруашылық құлдырауы, жердің тарлығы, қатаң шаруашылық дағдарысы және феодалдану үрдісінің терендеуі өкеп соқты деп санаған.<sup>77</sup> Оның пікірінше, қазақтардың Жайықтың оң жағасына, «мәңгілік бодандыққа» өтуі өз бастауын XVIII ғасырдың 50-жылдарынан алатын үрдістің логикалық қорытындысы болған, яғни ол жаңа қоныстарды игеру жолындағы жарты ғасырдай уақытқа созылған құреспен байланысты.

В. Ф. Шахматов біршама өзгеше көзқарасты дамытқан: ол Еділ мен Жайық арасында хандық құрылуын, бірінші кезекте, патша өкіметінің отаршылдық саясатының нәтижесі деп қарастырды.<sup>78</sup>

Әлбетте, патша үкіметінің отаршылдық саясаты қазақ халқының қоғамдық және саяси өмірінде елеулі рөл атқарды. Жайықтың оң жағасына қазақтардың көшіп барып қоныстануы патша өкіметі саясатының бағытына қайши келмеді, соңдықтан да шекаралық өкімет орындары тарапынан белгілі бір қолдау тапты. Алайда жаңа қазақ ордасы құрылуының шешуші факторы болған ол емес.

Қазақтардың Еділ мен Жайық өзендерінің аралығына көшуімен жайылым мәселесі де шешілген жок, жер қатынастарының құрделілігі бұл жерде Кіші жүздегіден кем болмаған күйінде қалды. Топырақ-климаттық және өзге де табиғи-географиялық жағдайлары бойынша Бөкей хандығының аумағы қоныстанушылардың көшіп келген жағындағы аумакқа қарағанда нашар болмаса, жақсы емес еді. Малшының өмірлік циклында қаншалықты айқындаушы маңызы болса да, қоныстанудың сол бір нақты жағдайларында жайылымдар туралы мәселе ең бірінші орынға койылған жок.

Хандық құрылуының негізгі себебі отаршылдық саясаттың қүшесінде салдарынан көптеген көшпелі қауымдардың бұрынғы көшіп жүретін орындарында қалуының мүмкін еместігі деп есептеу керек.

XVIII ғасырдың аяғына қарай хан билігіне қарсы жаппай карулы бой көрсету бәсендеп кетті. Халық көтерілісінің найзасы қарсы бағытталған хандар, сұлтандар және олардың төңірегіндегілер есін жиып, кек алу актілерін жүргізе бастады. Көтеріліске қатысуышыларды және оған тілеулес болған рулық қауымдарды қудалау кең ауқым алды. Қашандағысы сияқты, мұндай жағдайларда рулардың үстем тобы мен Ресей өкімшілігі қазақ руларын өзара соқтығыстыруға, олардың арасындағы алауыздықтарды тартыстар мен қақтығыстар ошағына айналдыруға тырысты. Көшпелілердің біршама тыныштығы мен дағдылы шаруашылық ырғағы бұзылды. Шаруашылық күйзелісінің, еңбекші бұқара шеккен азаптың терең болғаны сонша, «аман қалу» және осы бір ауыр

кезеңнен «аман өту» мәселелері олар үшін ең басты мәселеге айналды. Граф 1806 жылы ішкі істер министрі Кочубейге былай деп жазды: Кіші жұз қазактарының кедейлігі «сұмдық және мұнда бір қырсық екіншісін туғызып отыр. Жақсы және тұтас киізбен жабылуға тиісті киіз үйлері мен құркелері жырым-жырым жамалған құрақ киізбен жабылған. Қазақтардың өздері алба-жұлба киінген». <sup>79</sup> Шектен шыққан жоқшылық қазақтарды өз балаларын шеп тұрғындары мен хиуалық феодалдарға әйтеуір тірі қалсын деген ниетпен сатуға мәжбүр етті. А. И. Левшиннің деректері бойынша, 1815 жылы Гурьевке жақын жерде бір айдың ішінде ғана жұзге жуық қазақ балалары сатылған. Бұл орайда «ер бала үшін 4 және 3, ал қыздар үшін 3 және 2 дағардан қара бидай ұны төленген». <sup>80</sup>

Осындай жағдайларда ауылдардың үдерес көшуі мен билеушілер билігінен неғұрлым қауіпсіз аудандарға барып паналау бел алды. Бұл өмірлік қажеттілік болатын.

Кіші жүздің онтүстігінде қазақтардың қоныстарын күшпен басып алу және ауылдарын тонау саясатын жүргізген Хиуа хандығы болды. <sup>81</sup> Дағдылы жағдайдың бірі мынадай: XIX ғасырдың басында Хиуа ханы Сырдария өзенінің бойында көшіп жүрген қазақтардың бейбіт ауылына күтпеген жерден шабуыл жасады. 350 адам өлтірілді, 1035 қыздар мен әйелдер айдалап өкетілді, 4173 түйе, 7085 жылқы, 113 820 сиыр және 45 645 қой қолға түсірілді. Оның үстіне жергілікті халықтан зекет түрінде қосымша 17 573 қой мен 2364 түйе жинап алынды. <sup>82</sup> Қазақтың мындаған көшпелі отбасының онтүстікке көшіп баруы тұралы мәселенің туындағаны түсінікті.

Бірден-бір амал – Жайықтың он жағасына – бос жатқан дерлік құмды ауданға қоныс аудару ғана қалды, ол жаққа бұрын шекаралық өкімет орындарының келісуімен қазақ ауылдары өз малымен, негізінен алғанда, қыс кезінде талай рет өтіп жүрген еді. Бірақ бұл рұқсат негізінен ірі мал иеленушілердің табындарына берілді. Қоныстану аудандарының ежелден қазақтар мен олардың ата-бабалары тұрып, көшіп жүрген жер деп есептелгендейдің ескерте кету қажет.

Сол кезге дейін қазақтарды Еділ мен Жайық өзендерінің аралығына тұрақты тұруға қоныстандыру туралы мәселе қойылған емес. Феодалдардың малын, өсіресе қыс кезінде жайылымда уақытша ұсташа жайында сөз етілді. Негізінен бұдан өз қожалықтарының мұдделерін көзделеп Нұралы хан, оның туыстары мен ықпалды сұлтандар дәмеленді. Қыс кезінде, негізінен алғанда, хан мен оның інілерінің меншігіндегі жылқы табындары айдалап апарылатын. Нұралының шекаралық өкімет орындарына талай рет жасаған өтініштерінен оның тек қана өз мұдделерін көздегені көрінеді.

Қазақстанда патша өкіметінің саясатын тікелей жүзеге асыра отырып, Орынбор шекаралық өкімшілігі екі жақты көзқарас ұстанды. Бір жағынан, ол «ішкі жақта» сол кезде-ақ пайда болған өскери казак поселкелері тұрғындарының шаруашылық мұдделерін түгелдей жақтады. Екінші жағынан, отарлауды жүргізу үшін оған қазақ шонжарларының ықпалды бөлігінің қызметі қажет еді. Патшалық өкімет орындары мен қазақ ақсақалдарының бірлескен күш-жігері ғана патша өкіметінің саясатын жүзеге асыруды іс жүзінде қамтамасыз ете алатын. Осы себептерге байланысты шекаралық өкімет орындары қазақ шонжарларының өз малын қос өзен аралығындағы аудандарға өткізу туралы өтініштерін ара-тұра қанағаттандыруға мәжбүр етті.

XIX ғасырдың аяғынан бастап қазақтардың Жайықтың он жағасына, «ішкі

жакқа» өтуінің сипаты, ауқымы мен себептері өзгерді. Өту үрдісі реттеуге қын, көп жағынан стихиялы және жаппай өту сипатын алды. Титықтаған халықтың бір бөлігі, ешқандай кедергілерге қарамастан, жаңа ауданды игеруге кірісті. Егер бұрын хандар мен сұлтандар өздері бұрынғы орындарында қалып, өз малын уақытша, қыстап шығуға ғана өткізіп келсе, енді іс жүзінде осы ауданда тұрақты мекендереп қалу туралы мәселе қойылды. Мұндай талап халық бұқарасының өзінен шықты. Қозғалыс күшінің елеулі болғаны сонша, патша үкіметі Қазақ даласына ықпалын барынша тарату үшін ендігі жерде онымен санаспай тұра алмады.

Жаңа жағдайларда үкімет қазақ халқының өзіне «ішкі жакқа» өтуге рұқсат етуге ұмтылысын «қабыл алу» қажет деп тапты. Осы арқылы ол халықтың сеніміне кіруге үміттенді, бұл патша өкіметінің саясатын ойдағыдай жүргізу үшін өте маңызды болатын. Аумакты бере отырып, үкімет Кіші жүздегі сол кезде-ақ отарлауға қарсы сипат ала бастаған руладар құресінің шиеленісін белгілі бір дәрежеде бәсендетуге де ниеттенді.

Патша үкіметі қоныс аударудың шекаралық өкімет орындарының еркін сенімді орындастырын жетекшінің бастауымен «ұйымдастыру түрде» жасалуын дер кезінде ойластырыды. Сол кезде хан Кенесінде төрағалық етуші Бәкей сұлтан сондай тұлға болып шықты. Орынбор өлкесі бастығының мінездемесі бойынша, ол «жоғары мәртебелі монархтың тағына» адап болды.<sup>83</sup>

Өз кезегінде, билікке ұмтыла отырып, оны Кіші жүзде алуға үміттенбекен Бәкей сұлтан үкімет органдарының батыл қолдауын пайдаланып, Жайықтың он жағасына өтуге және сонда өз хандығын құруға құлшынды. Қоныс аудару қозғалысының басында болу үшін ол халық мұдделерін «қорғаушы» рөлін шебер орындағы. Астрахан казак полкінің командирі полковник Попов арқылы Бәкей Астрахан губернаторы Кноррингтен оның өзіне – Бәкей сұлтанға – «жолын қуған» қазактарымен бірге Жайық пен Еділ аралығындағы аумакқа «мәңгілік тұру» үшін көшуге рұқсат ету туралы Ресей императорының алдына өтініш жасап кіруін сұрады. 1801 жылғы 1 наурызда I Павелдің жарлығы шықты, онда былай делінген: «Қырғыз-қайсақтардың Кіші Ордасының хан кенесінде төрағалық етуші, Нұралы ханның баласы Бәкей сұлтанды өзіме ықыласпен қабылдаймын, қай жерді қаласа, сонда көшуге рұқсат етемін және менің мархабатымның белгісіне оған менің суретім бар алтын медаль тағайындаімын».<sup>84</sup>

Алғашқы қоныс аударушылардың негізгі бұқарасында мал өте аз, киіз үй орнына құрке болды. Бұлар кедей және ең кедей отбасылары еді. «Көшіп дәуірінде Ішкі Орданы құраған оның алғашқы тұрғындары қайсақтардың (қазактардың. – Ред.) ең кедейлері болатын» деп жазды көзбен көргендердің бірі.<sup>85</sup>

Көшіп кетушілер негізінен Сырым Датовтың қозғалысына тікелей қатысушылар болды. XIX ғасырдың орта шеніне қарай «ішкі жакқа» оның руынан 15 мыңнан астам адам өтті.<sup>86</sup> Халықтың зор құрметіне бөлениген және патша өкіметіне қарсы қрестің танымал ұйымдастырушысы өрі басшысы Сырым батырдың өзі мен оның көптеген ең жақын серіктері халықты Жайық пен Еділ өзендері аралағындағы ауданға көшірудің белсененді үгітшілері болды. Замандастарының жазғанындей, Бәкей сұлтан бірінші кезекте батыр Сырым Датовтың қолдауына сенген және «халықты көшіп баруға сонымен бірге көндіре алған».<sup>87</sup>

**Әлеуметтік-экономикалық дамудағы өзгерістер.** Жайықтың оң жағасына көшіп барған қазақ ауылдары мен рулатының шаруашылық қалпы, тұрмыс салты, дәстүрлері мен өдет-ғұрпы жөнінен Кіші жүздегі ағайындарынан еш айырмашылығы болған жок. Олардың көшпелік бөлігі көшпелі малышылар болып қала берді, егіншілікпен құм арасындағы шағын жазиралы учаскелерде ғана айналысты. Орданың негізі қаланған бастапқы кезең осылай болды. Бірақ уақыт өте келе жаңа орында олардың дәстүрлі тіршілік болмысының сипаты біршама өзгерді және Жайықтың арғы бетіндегі казактардың өмірінен айқын ерекшелене бастады.

Ішкі орда барлық жағынан Астрахан, Саратов, Орынбор губернияларының жерлерімен, Жайық бойындағы бекіністі өскери шеппен, солтүстік Каспий өнірі бойындағы балық кесіпшілігі аймағымен шектесіп жатты. Ол жинақы және шағын хандық болды, оның аумағы шығыстан батысқа қарай 350 шақырым және солтүстіктен онтүстікке қарай 200 шақырым жерді алып жатты. Жайылым алаптарының шектеулілігі орда құрылудының ең басынан-ақ дәстүрлі кеністік бойынша игеру өдістерінің орнына, оларды интенсивті игеру проблемасын алға қойды.

Патша үкіметі Ішкі Орданы басқару және отарлық қамкорлықтың пайдаласы мағынасында алғанда Қазақ даласының «ұлгілі» аймағы етпекші болды.

Ішкі Ордада жер қатынастары саласында жеке және өзіндік меншіктің феодалдық институттарын нығайту үрдісі жүрді. Олар қоғамда барған сайын зор маңызға ие болып, дербес құқықтық мәртебе алды. Егер Қазақстанның көшпелі аудандарында жерді басып алу, өдете, жергілікті шонжарлардың бастамасы бойынша, байлықтың солардың қолына шоғырлануы салдарынан болса және жайылымға жеке-дара меншік іс жүзінде солардың иелігімен сырттай қосылып, сыртқы ұжымдылық белгілерін жоғалтпай, көшпелі-ауылдық қауым шенберінде болуын жалғастыра берсе, Ішкі Ордада XIX ғасырдың екінші ширегінен бастап, учаскелерді шонжарлар мен ауқатты шаруалардың меншігіне беру жоғарғы жактың – хан билігінің бастамасымен жүзеге асырылды. Бұл жаппай және жалпы құбылысқа айналды. 1830–1845 жылдар ішінде Жәңгір хан жерді жеке меншік иеленуге 1517 акті берді.<sup>88</sup> Жер қатынастарының негізіне айналған жерге жеке меншік жүйесі осылайша пайда болды және қазақ қоғамында жер пайдаланудың «қауымдық-рулық» принципіне осылайша сокқы берілді. Ханның туыстары, сұлтандар, билер, аксакалдар, мырзалар және бай мал иелері бірнеше алқапты немесе су көздері бар кең алқапты иелене алатын болды. Мәселен, Жәңгір ханның жеке өзінің иелігіндегі жер 400 мың десятинаға жетті. Хан өзінің бауыры Мендікерей Бекейхановқа 400 мың десятина жайылымдық алапты бекітіп берді, Балқыби Құдайбергеновке көлемі 300 мың десятина болатын алқапты иеленуге рұқсат ететін грамота табыс етті.<sup>89</sup> Хандықтың бүкіл жер алабының 85 пайызы осындай 25–30 өулеттің иелігінде болды.

Ішкі Ордада жер иеленушілер иерархиясы қалыптасты. Олардың ең ірісі ханның өзі болды, бұл иерархияның төменгі сатысында қысқы қыстауға арналған шағын жер үлесі бар, өзі жерінде тұратын шонжарларға толық дерлік тәуелді шаруа тұрды.

Бірінші кезекте, қысқы қыстауға және малдың тебіндеп жайылудына жарагамды алаптар, сондай-ақ шөп шабылатын жерлер бөлініске тұсті. Қысқы қыстауларда тұрғын үйлер салынды, олардың көбі жертөле және жартылай жертөле түрінде болатын. Ордада болған Т. Медведский былай деп жазған: «шөп шабатын алап жөнінде казактарда қауымдық иелік жок... өрбір өulet

өзіне шөп шабуға біржола бәлінген ұлтарактай жерді пайдаланады. Сондыктан бұл өulet өзіне нашар немесе бай үлес тиgenіne қaramastan, сонда тұrak-tap қалады».<sup>90</sup>

Біршама аумақты жазғы жайылымдар кішкене учаскелерге бөлшектелмеді. Олар аумағы үлкен алқаптарымен рулық ұжымдардың басшыларына, хан Кеңесінің мүшелеріне, билерге және жекелеген ірі байларға бекітіліп берілді. Жайылымдардың шаруашылық жағынан құны мейлінше татымсыз бөлігі ұжымдық алаптарға жатқызылды.

Хан билігіне бірінші кезекте феодалдардың мұddeлерін қамтамасыз етуге бағытталған жаңа аграрлық саясат көшпелі ұжымдар ішінде де, тұтас алғанда, қоғам ауқымында да әлеуметтік қатынастар мен жіктелу үрдісін терендетіп, шиеленістіре тұstі. Ақысын төлеп немесе жұмысын істеп беріп, бөтен жерде көшіп жүretіn жерсіз отбасылар мен ауылдар санаты пайда болды. Ұлтарактай жерді иеленетін, бірақ құдықтары мен су көздері жок, сондықтан бай көршілерінің ауылдарына «бекітіліп берілген» шаруа үйлері көбейді. Жер сауда, киянат жасау және даулы істер объектісіне айналды. Бұл саясаттан ханың төңірегіндегілер мен жергілікті шонжарлар ұтып отырды. Еңбекші халықтың негізгі бұкарасы жер таршылығы мен ауыр қанаудың қыспағына тұstі. Жәңгір ханың өз айтуына қарағанда 6–7 мың отбасының, яғни халықтың 1/3 бөлігінің жері болмаған, сондықтан олардың көбі оны көршілес орыс губерниялары мен жер иелерінен, Каспийдің балық аулаушы кәсіпшілерінен жалға алуға мәжбүр болған.<sup>91</sup>

Ордада сауданың дамуына үш фактор: а) ауылдардың шаруашылық жағынан нығаюы мен тауар-ақша қатынастарының тарапты; ә) ханың көтермелеу саясаты; б) Ішкі Орданың орыс саудагерлері мен басқа да саудагерлер үшін географиялық жағынан қолайлы орналасуы, сондай-ақ олар үшін ордадағы сауда операцияларының ерекше пайдалылығы себепші болды. Жәңгір хан жат жерлік тауарлар үшін баж төмен төленетін сауда белгілеп, орданың әр түрлі жерлерінде олар үшін маусымдық жәрменқелер мен сауда пункттерін құрып қана қойған жок, сонымен катар жат жерлік көпестердің мұddeлерін қамтамасыз етуге өз капиталымен де қатысып отырды. Атап айтқанда оның өзі жасаған сауда ережелерінде мыналар көзделді: «Сауда жасаушының капиталын қамтамасыз ету үшін, ол (хан) өзіне бағынышты ордалықпен көпестің алдың ала жасасқан мәмілесі бойынша, ордалықтың накты малы немесе ақшасы болмаған жағдайда, көпеске өз кепілдігімен қолхат беруге міндеттенеді. Егер қазақ мерзімді уақытында төлеуге келмесе, ешқандай сөзбүйдаға салмай хан төлейді».<sup>92</sup>

Әкімет орындарының көтермелеу саясаты, далада сауда жүргізудің қолайлылығы мен тиімділігі ордаға тауарларымен адамдарды көп мөлшерде тартты. Хан ордасы жанында 1846 жылы өткізілген бір көктемгі жәрменқенің өзіне ғана 1183 саудагер келді, ал олардың арасында II және III гильдияның 87 көпесі болды. Келесі 1847 жылы олардың саны 1500 адамға жетті.<sup>93</sup> Бұл жәрменқенің көлемді болғаны сонша, оның аумағында саудагерлер салған 300-ге жуық тұрақты дүкен жұмыс істеді.

Ішкі Орда Ресей үшін малды және мал шаруашылығы шикізатын ірі жеткізіп берушіге айналды. Мануфактура департаментінің журналдық жазбасына қарағанда, 1827 жылы Ішкі Ордадан 400 мындей қой, 3 мың жылкы және мал шаруашылығының жалпы мөлшері 2925 сом болатын әр түрлі өнімдері жөнелтілген.

Бөкейдің баласы, хан тағына 1824 жылы отырған Жәңгір патша әкімші-

лігінің толық колдауына сүйене отырып, қоғам өмірі мен халық тұрмысының жекелеген жақтарын, сондай-ақ дәстүрлі жергілікті басқару жүйесін белсенді түрде қайта құра бастады. Ол көшпелілердің отырықшылануын, олардың хуторлар салуын, шөп шабуын және далада ағаш өсіруді, малдың жергілікті тұқымдарын жақсартуды және ауыл шаруашылық саймандар өкелуді, мектептер, училищелер, мешіттер ашуды және ауылдарда молдалар санының өсуін, сауданы және төрешілдік басқару нысанына көшуді көтермелеп отырды. Ол патшалық өкімет орындары мен жергілікті қазақ шонжарларының мұдделерін жаңа әдістермен біріктіруге күш салды.

1827 жылы Жәңгір хан Нарын құмындағы Жасқұс алқабында тұракты хан ордасы құрылатыны туралы және орданы осы орталықтан басқарғысы келетіні туралы хабарлады. 10 жыл ішінде онда ағаштан 40 үй, ал 1846 жылға қарай 89 үй салынды. 1841 жылы ол Торғын өзенінде жазғы орданың негізін салды. Бес жылдан кейін онда ағаштан салынған 9 үй болды. Ханнан үлгі алып, сондай-ақ оның нұсқауымен сұлтандар, билер мен ақсакалдар үй салып ала бастады; шаруалардың жекелеген топтары да өздеріне жертөле салып алды. XIX ғасырдың 40-жылдарының аяғына қарай орданың әр түрлі жерлерінде халықтың үштен бірінің қыскы тұрғын үйлері болды.<sup>94</sup>

Патшаның жеке нұсқауымен 1829 жылы қазыналық зауыттардан ордаға 20 айғыр бөлінді. Жәңгір хан нақ сонша асыл тұқымды Кавказдан алдырды. 15 жылдан кейін жергілікті жылқының жақсартылған тұқымының саны 30 мыңға жетті.<sup>95</sup> Оларды Дон және Орал казак әскерлеріне беріп отырды.

Медреселер және ауылдарда бастауыш мектептер салу, балаларды Астраханға, Саратов пен Қазанға, Орынбордағы арнайы Ішкі Орданың балалары үшін 10 орын бөлінген Неплюев кадет корпусына оқуға жіберу Жәңгір саястының бір бөлігіне айналды.<sup>96</sup>

Жәңгірдің қызметі, бұрын айтылып келгеніндей, оншама бір жақты болмағанын мойындау керек. Еуропа өркениетін жақтаушы болған Жәңгір оның элементтерін қазактардың дәстүрлі ортасына енгізуге ұмтылды. Әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда, ол Ішкі Ордаға (Бекей Ордасына), көп жағынан Ресейдің орталық аудандарындағы феодалдық катынастар жүйесін көшіріп ала отырып, феодалдық тәртіппер орнатты. Аймақтың қоғамдық-саяси және мәдени өмірінде де Жәңгірдің басқару құрылымын қүшейту жөніндегі шараларды іске асыруы нәтижесінде өзгерістер, мысалы, жер-жerde іс жүргізуді енгізу, тіпті өзінің мұрағат қызметін құру сияқты өзгерістер пайда бола бастады. Жәңгір ханның кезінде еуропалық үлгідегі алғашқы мектептер пайда болды, мұның өзі сол кездегі Қазақстан үшін елеулі жаңалықтар еді.

Алайда бұл жаңалықтардың бәрінде терең және берік қоғамдық-саяси негіз болмады. Тұтас алғанда, Ішкі Орданың (Бекей Ордасының) бүкіл халқы хан мен оның тәңірегіндегілер тарапынан, ал сонымен бірге патша өкімшілігі тарапынан да аяусыз қаналып жатты. Сондықтан XIX ғасырдың 30-жылдарының орта шенінде-ақ елеулі саяси дағдарыс пісіп-жетіліп, Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов басшылық еткен белгілі көтеріліске ұласты, оның идеологиясы дәстүрлі қоғамдық құрылыштың мұдделерін қорғауға негізделді.

Жәңгірдің әдістері саяси және қоғамдық құрылыштың негіздерін қозғамайтын жаңалықтарды қүштеу шараларымен енгізуге құрылды. Олар табысты бола алмайтын еді, өйткені Ресейдің өзінде XIX ғасырдың бірінші

жартысында самодержавиелік-крепостниктік құрылыш негізінде капиталистік жаңалықтарды енгізуге нәтижесіз өрекеттер жүргізілген болатын.

**Саяси құрылыш.** Орынбордың өскери губернаторы Волконский «сұлтандардың үлкені, парасатты, тәжірибелі және жоғары мәртебелі монарх тағына берілген»<sup>97</sup> деп сипаттаған Бөкей сұлтан 1812 жылғы 7 шілдеде Орал қаласына жақын жерде Орынбор өкімшілігінің жоғары шенділері және көптеген дала шонжарлары қатысқан салтанатты жағдайда ресми түрде Бөкей Ордасының хандығына көтерілді. Оның сол кезге дейін атқарып келген нақты жағдайы заң жүзінде ресімделді. 1815 жылы өлген Бөкей хан ханның тағын өз баласы Жәңгірге өсінет етіп қалдырыды, ал ол кәмелетке толғанға дейін орданы уақытша басқаруды өзінің туған інісі Шығай сұлтанға тапсырды. 1823 жылғы 22 маусымда патша Жәңгірді Ішкі Орданың ханы деп тану туралы грамотаға қол қойды, ал 1824 жылғы 26 маусымда Оралда ертедегі рәсім сақтала отырып, патшалық өкімет орындарының бақылауымен ол хан болып жарияланып, 20 жылдан астам уақыт билік етті.<sup>98</sup>

Бөкей Ордасы патша үкіметіне төуелді және оның бақылауында болды. Ішкі саясаттың негізгі мәселелерін хан Орынбор өкімшілігімен бірлесе отырып дайындағы. Мұраға қалдырылатын хан билігін, бір жағынан, рубасылар мен билер, екінші жағынан, патша үкіметінің қарулы отряды қолдады. Ханның ішкі істерді басқаруда едөуір еркіндігі мен бастамасы болды. Қаржы-салық саясаты, жер пайдалану тәртібін белгілеу, аумактық-рулық басқару және халықтың шаруашылық құрылышы мәселелері ханның міндетіне кірді.<sup>99</sup>

Ішкі Орданың саяси тарихында XIX ғасырдың екінші ширегінен басталатын кезең едөуір ерекше. Хан билігі өлсіз, дамымай қалып, көп жағынан жергілікті бай-сұлтан топтарының колдауымен анықталған бай-сұлтан басқару жүйесі билеушілердің отарлық бағындырудың және қаржы-салық саясатының жаңа міндеттеріне сай келуден қалды, сөйтіп Жәңгір тұсында төрешілдік басқару нысанымен ауыстырылды. Сол арқылы дәстүрлі қазак қоғамына жаңалықтар, рас, табиғи жолмен емес, күштеу өдістерімен енгізіле бастады.

Рубасыларын ханға жақын және оған адал адамдардың арасынан патша өкімшілігінің тағайындауы жиілей тұсті. Мысалы, егер 1827 жылы үш рудағы байбакты, ноғай және беріш руларындағы 34 старшынның үшеуі ғана хан билігімен тағайындалса,<sup>100</sup> 1845 жылы осы рулардың барлық дерлік бөлімшелерінің басында «жарлық» старшындары тұрды. Жергілікті феодалдардың сот құқығы шектелді. Сот билігі негізінен ханның,<sup>101</sup> хан Кеңесінің мүшелері – билердің және хан депутаттары – сұлтандардың қолына шоғырландырылды. Жергілікті рубасылар мен ақсақалдар кіші-гірім даулы істерді қарады, өдette олар татуласумен аяқталатын. Өз қалауы бойынша хан ұсак-түйек істерді де ру бастықтарының қарауынан алып отырды. Бұрынғы би қазылығының аясы шектелді, ал олардың кейбіреулері сол кезде-ақ мемлекеттік қызмет нысанына көшкен еді. Халыққа алымдар белгілеу құқығы да жергілікті феодалдардың қарауынан алынды.

Рубасылар мен ақсақалдардың міндеттері қынадады: есеп беру енгізілді, олар жайылымдық алаптарды жалға алу кезінде, пішен сатып алу, мал көтерме саудасы кезінде рудың немесе бөлімшенің мұдделерін білдірді, халықтан орталық билік белгілеген алымдар – «зекет», «соғым» жинады, жекелеген ауыл-

дардың көшіп жүретін шекарасын белгіледі. Оларға бағыныштыларының арасында «орыс қашқындары», «бұлікшілер», қазақтардың басқа руларынан келгендер тұрмауын қадағалау жүктелді, оларға «тыныштық пен бейбітшілікті» сактау міндеттелді.

Ру сұлтандары мен ақсақалдары жанында іс-қағаз жүргізушілер мен дін жолына бастаушылардың міндеттерін қоса атқарған молдалар болды. Олардың кейбіреулері хан кенесімен және ауылдар арасында байланыс жасау үшін «шабармандар» және «қызметкерлер» ұстады.<sup>102</sup>

Жәңгір хан өз билігін бұрынғы қазақ хандары билігінің жалғасы деп санады. Алайда ол мазмұны мен нысаны жағынан олардан көп жағынан ерекше болатын. Ордадағы әкімшілік, сот және құқықтық билік хан қолына шоғырландырылды.<sup>103</sup>

Хан өз билігімен рулар мен бөлімшелерге қоныстарды бекітіп берді, жерді феодалдардың билігіне бөліп берді, бекітіліп қойылған жер участекелерін екінің бірінде қайта бөліп отырды, шонжарлардың жекелеген санаттарын (сұлтандарды, қожаларды, ақсақалдарды, тархандарды және молдаларды) жалпы міндеткерліктерді атқарудан босатты. Хан билігі көрсеткен қызметі үшін тархан дәрежесіне көтеру, офицер шенін беруге ұсыну, медальдармен, сый-шекпенмен және т.б. марапаттау сияқты көтермелеген шараларын едәуір кең пайдаланды. Осының бәрі жергілікті феодалдардың вассалдық катынастарын нығайтты. Хан «ұқімдік» молдалардан бастап хан Кеңесінің мүшелеріне дейінгілердің бәрін өзі тағайындала отырды. Олар тек соның өзіне ғана бағынды. Хан өз қалауымен оларды басқаларымен ауыстыра алатын.<sup>104</sup>

Ішкі жағдайлар тұрғысынан алғанда, хан билігі қандай да болсын басқа бір үйымның алдында жауапты болмады. Хан Кеңесі кеңесші органнан жоғары көтерілмеді, бұрын үлкен өкілеттіктері болған ақсақалдар съезі сирек құбылысқа айналды. Кей-кейде шақырылатын съездерде барлық феодалдар үшін, бүкіл орда үшін мәні бар қандай да бір маңызды мәселелер талқыланбады. Олар, әдетте, патша ұқіметінің қысымымен қатысуышыларды ханның айтқанынан шықпауға мәжбүр ету үшін шақырылатын.

Жәңгір хан тұсында басқару өдістері де басқаша болды. Егер қазактың бұрынғы хандарының тұрақты ордасы болмай, көшпелілерді өзі де көшіп жүріп басқарса, ол хан әкімшілігінің тұрақты орталығын құрды. Оның жанынан ерекше басқару аппараты құрылды. Хан жанында сұлтандар арасынан 10 «хан депутаттары» деп аталатындар болды. Бұл «депутаттар» орыс қыстактарымен шектес рулардың қоныстарына жіберіліп отырды және олар істе орыстар мен қазақтар болған кезде шекаралық өкімет орындарының өкілдері жүргізетін тергеулерге қатысуға тиіс болды және бұл орайда қазақтардың мұдделерін білдірді. Оларға ханниң тапсырмасы бойынша жергілікті жерлердегі жекелеген дауларды қарау тапсырылды. Олардың алымдар бойынша төленбеген бөлігін өндіріп алу кезінде мәжбүрлеуге де билігі болды, кейде оларға неғұрлым кең өкілеттіктер де берілді. Мәселен, Медет Шөкин сұлтан құжаттарда Өзен шебінде «ханниң барлық істер бойынша депутаты» деп аталады. Ол өз қалауы бойынша кінәлілерді «қарауылмен» ұстай алатын еді. Оның старшындарға өкімі «Медет Шөкин сұлтанның аса қатаң талабы» ретінде беріледі. Басқа бір құжаттан ханниң депутаты Әділ Бекейханов сұлтанның Жайықтың арғы бетінен қазақтардың ішкі жаққа өтуіне башшылық еткені көрінеді.<sup>105</sup>

1827 жылы құрылған хан Кеңесі 12 биден – әрбір ру басқармасынан бір-бір биден тұрды.<sup>106</sup> Олардың кейбіреулері сұлтандармен тен құқықта рулар-

ды басқарды. Олар тіпті Жәңгір ханнан өздеріне бүкіл орда бойынша жауапкерден қарызыды өндіруге құқық беруді сұрады.<sup>107</sup> Хан Кеңесінің мүшелері отбасыларымен және малымен тұрақты тұруға хан ордасына көшіп келді және сол арқылы олар шынына келгенде, хан аппаратының шылауына айналды.

Оған қоса, хан жанында оның арнаулы тапсырмаларын орындау үшін жасаулдар ретінде 12 старшын, сондай-ақ «базар сұлтандары» болды. Соңғыларының міндетіне баж жинау (орда ішінде), қазактардың мұдделерін білдіру (ордадан тыс жерде), сауда орындарындағы тәртіпті қадағалау жатты.

Ханың жанында татар бөлімі мен жалпы бөлімнен тұратын өз кеңесі болды. Бірінші бөлім негізінен орда ішіндегі, ал екіншісі – шекаралық өкімет орындарымен қатынас қағаздар ісін менгерді. Оның жанында арнаулы тергеуші де болды.<sup>108</sup>

Бұрынғы сұлтан-би басқару жүйесін орталық өкімет жанындағы үйимда-сан төрешілдік басқару аппаратымен ауыстыруды көшпелі мал шаруашылығы нысандарының, бұл ішінара орын алса да, өзгеруі емес, қайта негізінен алғанда, қазак қоғамында үстемдік еткен феодалдық таптың басқару қызметінің құрделенуі керек етті және ол қазак қоғамында патшалық өкімет орындарының мұдделерін неғұрлым батыл қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты болды.

Хан билігінің және оның фискалдық міндетінің күшеюі қабаттасып отырған басқаруды қайта үйимдастыру шенеуніктік жүгендіздіктің жаңа нысандарын туғызды және дәстүрлі қауымдық-ауылдық ұжымдар институттарын шектеуге өкеп сокты. Төрешілдік аппараттың өсуіне қарай халыққа салық салу ауқымы ұлғая түсті.

Жәңгір хан 1845 жылы қайтыс болды. Бұл туралы хабар алған I Николай патша өз қолымен: «Тым өкінішті, ол өте-мәте адап берілген адам еді», – деп жазған. Сол кезге қарай Қазақстанның барлық бөліктерінде хан билігі жойылған еді. Үкіметтік топтарда Ішкі Ордада да хан билігі қалпына келтірілмейтін болып шешілді. Оны басқару орыс шенеунігі басқарған уақытша кенеске көшті.

<sup>1</sup> Материалы по истории Казахской ССР, т. 2, ч. 2. (1741–1751). Под ред. М. П. Вяткина. А., 1948, 267–269-б.

<sup>2</sup> Казахско-русские отношения в XVI–XVIII веках. Сборник документов и материалов. А., т. 1, 1961, 433-б. (КРО-І).

<sup>3</sup> Вяткин М. П. Очерки по истории Казахской ССР. М., 1941, 162-б.

<sup>4</sup> Бұл да сонда, 170-б.

<sup>5</sup> Бұл да сонда, 165-б.

<sup>6</sup> Международные отношения в Центральной Азии XVII–XVIII вв. Документы и материалы, кн. 2. М., 1989, 100–101-б. (Бұдан әрі қар.: МОЦА-II.)

<sup>7</sup> История Каракалпакской АССР, т. 1. Ташкент, 1974, 110–111-б.

<sup>8</sup> Вяткин М. П. Батыр Срым. М.-Л., 1947, 171-б.

<sup>9</sup> Чернышев А. И. О перекочевке волжских калмыков в Джунгарию в 1771 г. // Общество и государство в Китае. Пятнадцатая научная конференция. Тезисы докладов, ч. 2, М., 1984, 157-б.

<sup>10</sup> МОЦА-II, 196-б.

<sup>11</sup> Пальмов Н. Н. Очерк истории калмыцкого народа за время его пребывания в пределах России. Элиста, 1992, 100-б.

<sup>12</sup> Очерк истории Калмыцкой АССР. Дооктябрьский период. М., 1967, 217–218-б.

- <sup>13</sup> Магауин М. Қазак тарихының әліппесі. А., 1995, 122-б.
- <sup>14</sup> Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.), т. IV. М.-Л., 1940, 67-б.
- <sup>15</sup> Пугачевщина, т. II. М.-Л., 1929, 17-б.
- <sup>16</sup> Рознер И. Г. Казачество в Крестьянской войне 1773–1775 гг. Львов, 1966, 18–34-б.
- <sup>17</sup> Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках. (1771–1867). Сб. документов и материалов. А., 1964, 35-б. (КРО-II).
- <sup>18</sup> Бекмаханова Н. Е. Легенда о Невидимке. А., 1968, 53–55-б.
- <sup>19</sup> Пугачевщина, т. I. Из архива Пугачева. М.-Л., 1926, 26-б.
- <sup>20</sup> КРО-II, док. № 17; Андрушенко А. И. Крестьянская война 1773–1775 г. на Яике, в Приуралье, на Урале и Сибири. М., 1969, 22–40-б.
- <sup>21</sup> Пугачевщина, т. I. Из архива Пугачева. М.-Л., 1926, 25-б.
- <sup>22</sup> Семенюк Г. И. Казахи и восстание Пугачева / Крестьянская война в России в 1773–1775 годах. Восстание Пугачева, т. 2. 1966, 157-б.
- <sup>23</sup> КРО-II, 30-б.
- <sup>24</sup> Пугачевщина, т. I, 26–27-б.
- <sup>25</sup> Семенюк Г. И. Материалы об участии казахов Младшего и Среднего жузов в Крестьянской войне под предводительством Е. Пугачева //Ученые записки КазГУ, т. XIV, вып. 12. А., 1963, № 19.
- <sup>26</sup> Рознер И. Г. Казачество в Крестьянской войне 1773–1775 гг., 61-б.
- <sup>27</sup> Новый и полный географический словарь Российского государства. Ч. IV. М., 1788, 29-б.
- <sup>28</sup> Пугачевщина, т. 11, 266-б.
- <sup>29</sup> Бұл да сонда, т. I, 171-б.
- <sup>30</sup> Семенюк Г. И. Казахи и восстание Пугачева /Крестьянская война в России в 1773–1775 годах, 160-б.
- <sup>31</sup> Рознер И. Г. Казачество в Крестьянской войне 1773–1775 гг., 1966, 67–68-б.
- <sup>32</sup> Бұл да сонда, 99–100-б.
- <sup>33</sup> Бұл да сонда, 102-б.
- <sup>34</sup> Крестьянская война в России в 1773–1775 годах. Восстание Пугачева, том III. Л., 1970, 120-б.
- <sup>35</sup> Құл-Мұхаммед М. Орыс энциклопедияларындағы қазақ шежіресі. А., 1994, 152–153-б.
- <sup>36</sup> Крестьянская война в России в 1773–1775 годах. Восстание Пугачева, 121-б.
- <sup>37</sup> Бұл да сонда, 125–126-б.; История Казахской ССР, т. 3. А, 1979, 98–99-б.
- <sup>38</sup> Крестьянская война в России в 1773–1775 годах. Восстание Пугачева, том III, 122-б; Нусупбеков А. Н. Вопросы истории Казахстана (Избранные труды). А., 1989, 19-б.
- <sup>39</sup> Материалы по истории Казахской ССР, т. IV, 110-б.
- <sup>40</sup> История Казахской ССР, т. I. А., 1957, 281-б.
- <sup>41</sup> Вяткин М. П. Батыр Срым. М.-Л., 1947, 178-б.
- <sup>42</sup> История Казахской ССР, т. 3. А., 1979, 109-б.
- <sup>43</sup> Вяткин М. П. Қөрсетілген еңбегі, 196-б.
- <sup>44</sup> Материалы по истории Казахской ССР, 66-б.
- <sup>45</sup> Вяткин М. П. Қөрсетілген еңбегі, 198-б.
- <sup>46</sup> Бұл да сонда, 200-б.
- <sup>47</sup> Материалы по истории Казахской ССР, т. IV, 47-б.
- <sup>48</sup> Бұл да сонда, 47-б.
- <sup>49</sup> Бұл да сонда, 56-б.
- <sup>50</sup> Бұл да сонда, 61-б.
- <sup>51</sup> Бұл да сонда, 47-б.
- <sup>52</sup> Материалы по истории Казахской ССР, т. IV, 111-б.
- <sup>53</sup> Вяткин М. П. Қөрсетілген еңбегі, 212-б.
- <sup>54</sup> Материалы по истории Казахской ССР, т. IV, 66-б.
- <sup>55</sup> Бұл да сонда, 78-б.

- <sup>56</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1. А., 1960, 67-б.
- <sup>57</sup> Вяткин М. П. Көрсетілген еңбегі, 227-б.
- <sup>58</sup> Материалы по истории Казахской ССР, т. IV, 87-б.
- <sup>59</sup> Бұл да сонда, 487-б.
- <sup>60</sup> Бұл да сонда, 114-б.
- <sup>61</sup> Бұл да сонда, 101-б.
- <sup>62</sup> Бұл да сонда, 92–95, 102–103-б.
- <sup>63</sup> Бұл да сонда, 104–105-б.
- <sup>64</sup> Материалы по истории Казахской ССР. М.-Л., т. IV, 98-б.
- <sup>65</sup> Бұл да сонда, 137-б.
- <sup>66</sup> Бұл да сонда, 137-б.
- <sup>67</sup> История Казахской ССР, т. III, А., 122-б.
- <sup>68</sup> Вяткин М. П. Көрсетілген еңбегі, 1947, 294-б.
- <sup>69</sup> Материалы по истории Казахской ССР. т. IV, 138-б.
- <sup>70</sup> Вяткин М. П. Көрсетілген еңбегі, 321-б.
- <sup>71</sup> Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. А., 1998. 52-б.
- <sup>72</sup> Вяткин М. П. Көрсетілген еңбегі, 358-б.
- <sup>73</sup> Шахматов В. Ф. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова. А., 1946, 19-б.
- <sup>74</sup> Иванин М. Внутренняя, или Букеевская, киргизская орда // Эпоха, 1864, № 12, 6-б; Медведский Т. Внутренняя киргизская орда в хозяйственно-статистическом отношении // Журнал Министерства государственного имущества, 1862, август, 303–307-б.
- <sup>75</sup> Евреинов А. Внутренняя, или Букеевская, киргиз-казачья орда // Современник, 1851, № 10, 51-б; Медведский Т. Внутренняя киргизская орда, 285-б; Добросмыслов А. Тургайская область // Известия Оренбургского отделения ИРГО, 1901, вып. 16, 231-б; Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Материалы для географии и статистики России. СПб., 1865, 39-б; Иванин М. Внутренняя, или Букеевская, киргизская орда, 15-б.
- <sup>76</sup> Рязанов А. Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа (1797–1838) // Труды общества изучения Казахстана, т. IV, вып. II, Кзыл-Орда, 1926, 178-б.
- <sup>77</sup> Вяткин М. П. Очерки по истории Казахской ССР, 217, 242-б.
- <sup>78</sup> Шахматов В. Ф. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова, 8-б.
- <sup>79</sup> Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828), т. IV, 236–237-б.
- <sup>80</sup> Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей, ч. III. СПб., 1832, 88–89-б.
- <sup>81</sup> Иванов П. Казахи и Кокандское ханство // Записки Института востоковедения АН СССР, т. VIII, М.-Л., 1939, 94–95-б.
- <sup>82</sup> Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. Материалы для географии и статистики России. СПб., 1865, 37-б.
- <sup>83</sup> Ханыков Я. Очерк состояния Внутренней киргизской орды в 1841 г. // Записки ИРГО, 1847, кн. 2, 45-б.
- <sup>84</sup> Крафт И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898, 141-б.
- <sup>85</sup> Сведения о Внутренней киргизской орде // Журнал министерства государственных имуществ, ч. I, 1841, 26-б.
- <sup>86</sup> Иванин М. Внутренняя, или Букеевская, киргизская орда, 11-б.
- <sup>87</sup> Евреинов А. Внутренняя, или Букеевская, киргиз-казачья орда, 52-б.
- <sup>88</sup> Рязанов А. Ф. Восстание Исатая Тайманова // Труды Общества изучения Казахстана, т. VIII, вып. 4. Кзыл-Орда, 1927, 8-б.
- <sup>89</sup> Рязанов А. Ф. Сорок лет борьбы за национальную независимость казахского народа. Кзыл-Орда, 1926, 194-б.
- <sup>90</sup> Медведский Т. Внутренняя киргизская орда, 309-б.
- <sup>91</sup> Небольсин П. И. Очерки волжского низовья. Журнал МВД, 1852, т. 39, 235-б.
- <sup>92</sup> Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков. СПб., 1864, 219-б.

<sup>93</sup> Киттары М. Я. Ставка хана Внутренней киргизской орды. Журнал МВД, 1849, т. XVIII, 188-б; Небольсин П. И. Очерки волжского низовья, 238-б.

<sup>94</sup> Левшин А. Көрсетілген еңбегі, 234-б; Бларамберг. Военно-статистическое обозрение Российской империи. Ч. III. СПб., 1848, 26-б.

<sup>95</sup> Терещенко А. Следы Дешт-и Кипчака и Внутренняя Киргиз-Кайсацкая Орда //Москвитянин, 1853, т. VI, № 22, 59-б.

<sup>96</sup> Киттары М. Я. Ставка хана Внутренней Киргизской орды, 110, 190-б.

<sup>97</sup> Казанцев И. Көрсетілген еңбегі, 218-б; Островский Э. Поездка во Внутреннюю киргиз-кайсацкую орду // Журнал МВД, 1859, № 5, 2-б.

<sup>98</sup> Ханыков Я. Очерк состояния Внутренней киргизской орды, 44—45-б.

<sup>99</sup> Ресми құжаттарда «жоғары мәртебелі ханның билігіндегілер не «хан жерінде» тұратындар деп көрсетіледі.

<sup>100</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 1174, л. 17—18.

<sup>101</sup> Ірі қылмыстық және мемлекеттік істер жалпыимпериялық зандар бойынша каралды.

<sup>102</sup> ЦГА РК, ф. 78, оп. 2, д. 122, л. 1.

<sup>103</sup> Бұл да сонда, оп. 1, д. 10, л. 69, 71; Шахматов В. Ф. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова, 113-б; Евреинов А. Внутренняя, или Букеевская, киргиз-казачья орда, 79-б.; Иванин М. Внутренняя, или Букеевская, киргиз-казачья орда, 9-б.

<sup>104</sup> ЦГА РК, ф. 78, оп. 2, д. 124, л. 13; д. 126, л. 4—5.

<sup>105</sup> Евреинов А. Внутренняя, или Букеевская, киргиз-казачья орда, 76—77-б; ЦГА РК, ф. 78, оп. 2, д. 14, л. 3, 4; д. 19, л. 13.

<sup>106</sup> Ішкі орда құрамында 17 казак руы болды, олардан хан тағайындастын ру билеушілері басқарған 12 рулық басқарма құрылды.

<sup>107</sup> Шахматов В. Ф. Внутренняя орда и восстание Исатая Тайманова, 113-б.

<sup>108</sup> ЦГА РК, ф. 78, оп. 2, д. 84, л. 1; д. 102, л. 2—5; д. 42, л. 25, 33—35.



## *Алтыншы тарау*

### **XVIII ҒАСЫРДЫҢ 50-ЖЫЛДАРЫ – XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ШИРЕГІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ҮРДІСТЕР. АБЫЛАЙ ХАН**

#### **1. ОРТА ЖҰЗ БЕН ҰЛЫ ЖҰЗ АУМАҒЫНДА ЖОҒАРҒЫ БИЛДІРІН НЫҒАЮЫ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 50–60-ЖЫЛДАРЫ)**

Орта жұз бен Ұлы жұздегі жағдай аз уақыт тұрактанғаннан кейін XVIII ғасырдың 40-жылдарының аяғына қарай тағы да шиеленісе бастады. Контайши Галдан-Церен қайтыс болған соң Жонғарияда орын алған өзара қырқыс осы құдіретті державаның әлсіреуіне және бүкіл аумақтағы саяси жағдайдың шиеленісуіне әкеп соқты. Қалыптасқан жағдайды пайдаланған қазак даласының билеушілері де Жонғария мен көрші мемлекеттердің істеріне белсене араласа бастады. Орта жұз бен Ұлы жұздің ресми ханы Әбілмәмбет болып қалғанына қарамастан, нақты билік бірте-бірте ықпалды сұлтан Абылайдың қолына жинақтала берді, ол қазак-жонғар соғыстарының барысында қалыптасқан батырлар мен билердің үлкен колдауына сүйенетін. Үмбетей жырау өзінің Бөгенбай қайтыс болғанда оны жоктауға арнаған толғауында жекпе-жекте Шарышты жеңгеннен кейін Абылай хан болды дейді.

Абылайдың замандасы Тәтіқара жырау да оның Орта жұзге хан болғанын растайды.<sup>1</sup>

Бұқар жырау Абылай 25 жасында таққа отырды дейді.<sup>2</sup> «Құбылып шыққан бөйшешек» деген толғауында ол тағы да Абылай өте жас кезінде хан болды деп мәлімдейді.<sup>3</sup>

Мәшіүр Жұсіп Көпееев «Абылай ханның дәуірі» деген туындысында Арыстан Толыбайұлы ақыннан дәйексөз келтіреді, онда Абылайдың Көкшетауда 48 жыл хан болғаны айтылады.<sup>4</sup>

М. Дулатов өзінің «Абылай» деген еңбегінде нақ солай деп жазады.<sup>5</sup> Шәкерім өзінің «Уәлибакының ұрпағы» деген зерттеуінде Шарышпен жекпе-жектен кейін Абылайдың Әбілмәмбет ханның шатырына шақырылғанын жазады. Әбілмәмбет ханның ұсынуымен Абылай Шақшак Жәнібектің батасын алып, хан деп жарияланады. Оның жорамалдауы бойынша, бұл шамамен 1735 жылы болған.<sup>6</sup> Қазак деректемелерінде Абылайдың билікке келуі осылайша баяндалады. Қалай дегенмен де, Абылай 30-жылдардың аяғынан бастап елдің саяси өмірінде тағдырлы соғыс және бейбітшілік проблемаларын шеш-

кен көрнекті тұлғаға айналды. Сол арқылы Абылай бүкіл күш-қайратын жоғарғы билікті нығайтуға және Қазак хандығын ұзакқа созылған саяси дағдарыстан шығаруға бағыттады. Қазак руларының Абылай төнірегіне топтасуы оның Жонғарияға қарсы белсенді де нысаналы қимылдауына көп жағынан көмектесті.

**Қазақ-жонғар және қазақ-қытай қатынастары.** 1750 жылы Жонғарияда Лама-Доржының билік басына келуі өзара қырқысқан күрестің қайтадан тұтануына әкеп сокты. Бұл күресте женіліс тапқан Даваци нойон жиендері Әмірсана мен Байнджурды алып, 1751 жылдың көктемінде қазақтарға қашып келіп, оларды абақ-кереілердің билеушісі Қожаберген батыр қабылдады.<sup>7</sup> Жонғарияның билеушісі өзінің саяси бакталастарын қайтарып беруді талап етті. 1752 жылдың жазында ордада Орта жұз бен Ұлы жұздің батырлары мен рубасыларының съезі болып, онда Абылай және батырлардың көпшілігі Давациді қолдауды жақтады. Бұл шешімді қабылдау кезінде содан аз уақыт бұрын елшілікті бастап Жонғарияда болып кайткан және Лама-Доржы жағдайының әлсіздігін жақсы білген Төле би шешуші рөл атқарды.

Қазақтардың Даваци нойонды беруден бас тартқанына ашуланған Жонғария билеушісі Лама-Доржы Орта жұзге Сайын-Бөлек пен Шадыр басқарған өскер жіберді. Жонғарлар Орталық Қазақстанда көшіп жүрген үйсін, уақ және керейлердің қоныстарына шабуыл жасады. З мындан астам қазақ тұтқынға алынып, орасан көп мал мен мұлік қолға түсірілді.<sup>8</sup> Бұған жауап ретінде Абылай Сайын-Бөлекке қарсы Давациді жіберді, оған Қожаберген басқаратын абақ-кереілердің жасағын күшету үшін қазақ ұлыстарында тұтқында жүрген барлық жонғар жауынгерлерін де қосып берді. Сонымен бірге ірі аукымды соғысқа дайындық басталды, қазақ ауылдары асығыс Тобыл мен Обағанға көшірілді, қазақ жасақтары Торғай өзенінде жиналатын болып белгіленді.<sup>9</sup>

1753 жылдың жазында жонғар өскерлері қазақ даласына тағы да басып кірді, алайда Давацидің 1753 жылғы қыркүйектегі Жонғарияның терең түкпіріне жасаған батыл жорығы Лама-Доржының өлтірілуіне жеткізді. Даваци жаңа қонтайшы болып жарияланды, ол бірден Абылайға елшілік жіберіп, өзінің ризашылығы мен достығына сендірді. Қазақтардың іс жүзінде жеңуі және Жонғарияда қазақтарды жақтаушының билік етіп отыруы қазақ жүздерінде Абылай сұлтан беделінің күшеюіне жеткізді. Алайда дала өнірінде бейбітшілік ұзакқа созылмады. Даваци билікті ұстап тұра алмады. Оның бұрынғы одактасы өрі туысы, қазақтар жағынан қолдау тапқан Әмірсана оған қарсы шықты. Жағдайың жаңадан шиеленісуін Орталық Азияда белсенді басқыншылық саясат жүргізіп келген Цин империясы шебер пайдаланды.

XVIII ғасырдың 50-жылдарының орта шеніне қарай Цин өскерлері Жонғарияның шекарасында тұрып, басып кіруге дайындалды. Давацидің әлсіреуі, Әмірсана мен оның қазақ одактарының жеңістері мәселенің шешілуін тездетті. 1755 жылдың ақпанында император Цянь-лун шабуылға шығу тұралы бүйрек берді, онда атап айтқанда, «егер өскерді дереу жорыққа шығармасақ, қазақтардың жолы болады да, олар өз пайдасына жетеді» делінген.<sup>10</sup> Бұл арада Абылай және Әмірсананың ағасы Батма-Церен басқарған, Іле бойында және Бороталда Давацидің жақтастарын талқандаған қазақ жасақтары айтылып отыр.<sup>11</sup>

Басып кіруге Әмірсананың Цин үкіметіне өзара қырқысқан құресте көмек көрсету туралы өтініш жасауы ресми дәлел болды. Көктемде қытай өскерлері Әмірсананың жасақтарымен бірге Жонғарияның аумағына кіріп, Даваиді оп-оңай талқандады. Алайда бұдан кейінгі оқиғалар Әмірсанан мен Цин империясының мақсаттары мұлде қара-ма-қарсы екенін көрсетті. Егер біріншісі орталықтанған күшті мемлекетті қалпына келтіруді тілесе, соңғысы оны жойып, Жонғарияның аумағын өзіне толық қосып алуға ұмтылды. Корытындысында көтеріліс шығып, онда Әмірсанан өзінің бұрынғы одактарына қарсы шықты. Бұл құресте оған тағы да Абылай көмектесті. Императорға хатында Әмірсанан: «Казір Абылай және басқалар менімен одакты нығайтатынын хабарлады», – деп жазды.<sup>12</sup> Қазактар жонғарла-ра көмекке 8 мың адамдық жасақ жіберді деген мәлімет сол кезде пайда болды.<sup>13</sup> Мұның бәрі цин өкімет орындарын шындалап аландатты, олар көтерілісшілерге қолдау көрсетуді дереу тоқтатуды талап етіп, Орта жүзге бірқатар елшіліктер жіберді. Абылай елшілерді өзінің Цин империясына адалдығына үнемі сендеріп отырды, алайда жонғарларға көмек көрсетуін тоқтатпады. Көреген саясатшы болған ол Жонғарияның қазақ қоныстарын қытай экспансиясынан қорғап, аралық орын рөл атқаратынын тамаша ұғынды. Дегенмен Әмірсанан женіліс тауып, қазактарға қашты.

Жонғар мемлекетінің құлауы аймактағы саяси жағдайды түбірінен өзгерту. Қазактың Орта жүзі мен Ұлы жүзі Қазақстан жөнінде де басқыншылық жоспарлар жасаған орасан зор агрессияшыл Цин империясымен бетпе-бет қалды. 1756 жылдың көктемінде Абылайға Әмірсананы ұстап беруді үзілді-кесілді талап еткен грамота жіберілді. «Өздеріңе келешекте төнетін касіret туралы мықтап ойланыздар, соナン соң өкінесіндер, бірақ кеш болады», – деп қоркытты император қазактарды.<sup>14</sup> Дегенмен де, Абылай қытайларға қарсы тұруға шешім қабылдады.

1756 жылдың жазында Қазақстан аумағына екі ірі топқа бөлінген Цин армиясы басып кірді. Солтүстікегі армияны маньчжур генералы Хадаха, батыстағысын – генерал Дарадана басқарды. Қазактар мен қытайлардың алғашқы қақтығысы 1756 жылдың мамырында Шаған Оба ауданында болды. Кантөгісті шайқастан кейін қазактар батыска қарай шегінуге мәжбүр болды.

Келесі үлкен шайқас Карқаралы тауларында Жарлы өзенінің жағасында өтті. Қазактар қытайларға тау шатқалдарында тосқауыл жасады, алайда тәжірибелі генерал құлықты біліп қойды. Табан тірескен шайқас қытайлардың женісімен аяқталды, оның барысында 500-ден астам қазақ өлтіріліп, 11 адам тұтқынға түсірілді. Шегінушілерді өкшелей күйп, қытай армиясы Нұраның жағасына жетті, бұл жерде оған Әмірсанан мен Қожа-



Абылай хан  
(реконструкциясын жасаған  
Е. Веселовская,  
мұсінші Т. Бинашев).

берген батырдың тобы қарсы тұрды. Қазақтар мен жоңғарлардың табан тіресіп қарсыласуына қарамастан, цин өскерлері өзінің батыска қарай ілгерілеуін жалғастыра берді.

Бұл кезде Абылай Баянауыл тауларында өскер жинап жатқан еді. Хадаханың хабарлағанындай, құздігүні маньчжурлар «Абылайдың Бөгенбай бастаған жасағымен... шайқас жасады». Шайқас Баянауылдың батысына қарай Шідерті өзенінің бас жағында болды. Маньчжур генералының лепіре рапорт бергеніне қарамастан, цин өскерлері зор шығынға ұшырады, шайқас болған жерді қазақтар «Шұршітқырылған» деп атап кетті.<sup>15</sup> Қазан айында Нияз таулары маңында қытайлардың Бөгенбай батырдың топтарымен шайқасы болды. Қазақ жасақтарымен көптеген қактығыстар және олардың табандылықпен қарсыласуы цин генералдарының Солтүстік және Батыс армияларын сұық тұскенге дейін біріктірмек болған бастапқы жоспарларын бұзды. Екі армия да көп шығынға ұшырады, тың құштер мен азық-тұліктің жетіспеушілігін бастан кешірді. Олардың көп қындықпен 1756 жылдың қазан айында Есіл жағасында бірігуінің сәті түсті. Цин өскерлері өте қын жағдайға ұшырады. «Аттары болдыртты. Қатаң қыс түсті. Аттар, басқа да мал мен азық-тұлік өлі де келіп жеткен жоқ... Хат жазып асықтырып отырмыз... Қысты бұл арада өткізу мүмкін емес...», — деп баяндады Дардана императорға.<sup>16</sup> Ақыр аяғында цин өкімет орындары өз өскерлерін Қазақстаннан кері шақырып алуға мәжбүр болды. Цяньлун мұләйімсіп былай деп мәлімдеді: «Қазақтар алыста жатқан тайпа болып табылады. Бір қашқынға (Әмірсанана. – Ред.) бола үлкен армия... олардың жерін таптап жатыр... Сондықтан өскерді болашақта қайтадан аттандыруға тырысу үшін оларды даладан уақытша өкетеміз».<sup>17</sup>

1756 жылдың аяғында соғыс қимылдары қайтадан Жоңғария аумағына ауысты. Жоңғарғы Ертісте, Аяғөзде қазақ жасақтары пайда болды, жоңғарлардың Қытайға қарсы қозғалысын тағы да Әмірсанана басқарды. Алайда күрес нәтижесі белгілі болатын. Көктем ішінде цин өскерлері көтерілісшілердің бытыраңқы топтарын талқандап, 1757 жылдың жазында Тарбағатай таулары арқылы қазақ жеріне келіп кірді. Осында, Аяғөз ауданында қазақтардың қытайлармен соңғы шайқасы өтті. Тамызға қарай қытайлар Семей бекінісі ауданында Ертіске дейін жетті. Қазақ билеушілері Жоңғарияны қалпына келтіру үшін қрестің келешегі жоқ екенін түсіне бастады. Абылай, Әбілпейіз сұлтандар мен Қожаберген батыр қытайлармен келіссөз жүргізіп, өздерінің женілгенін мойыннады, Цин империясымен саяси және экономикалық байланыстарды жолға қоюға тілек білдірді.<sup>18</sup> Қытай өскери басшылығы Абылайға Пекинге елшілік жіберуді ұсынды, оған сұлтан келісті және 1757 жылдың қыркүйегінде Ханжігер мен Әміртай бастаған елшілік жіберді. Императордың қабылдауы кезінде қазақ елшілері, бір жағынан, өздерінің 1756–57 жылдардағы Қытайға қарсы қимылдарын қателік және Әмірсананың арамдығы деп түсіндірді, екінші жағынан, Тарбағатайды өздерінің занды қоныстары деп жарияладап, оны қазақтарға беруді талап етті. Біздің құжаттардан көріп отырғанымыздай, Абылай өзінің Қытайға бодандығын іс жүзінде мойындаған жоқ, ал бітім жасалды. Солай бола тұрса да, ресми империялық дипломатияның дәстүрлеріне сәйкес, қытайлар қазақтарды өздерінің «алыста тұратын сыртқы»<sup>19</sup> вассалдарымыз деп санай бастады. Көптеген қазақ билеушілері – Абылайдың дұшпандары нақ осы көзқарасты ұстанды, олар осылайша

орыстың өкімет орындарының көз алдында ықпалды сұлтанның абыройын түсірге тырысты. Қазақстанның Қытаймен бұдан кейінгі қатынастары негізгі екі проблемаға байланысты болды. Біріншісі және ең маңыздысы жер проблемасы еді. Қазақтар жайылымдарды, әсіресе Ертіс пен Іле аңғарларындағы және Тарбағатайдағы бай жерлерді қайтарып алуға ұмтылды. Ал циндер бұрын Жонғарияға қараған барлық жерге дәмеленді. 50-жылдардың аяғында бұл проблемалар негізінен дипломатиялық жолмен шешілді.

Мәселен, қазак елшіліктері 1757 жылы – Тарбағатайға, 1759 жылы – Ертістің жоғарғы ағысындағы жерлерге, 1760 жылы Іленің жоғарғы ағысына өз құқықтарының танылуына қол жеткізді. Қытайлар бұған келісіп, қазақтарға занды түрде тиесілі жерлерді жонғар көтерілісшілеріне қарсы қресте көмек көрсетуге уәде бергені үшін қайтарып берді. Алайда XVIII ғасырдың 60-жылдарының басында циндердің бұл бағыттағы саясаты өзгерді. Қытай әскерлері қазақтарды олардың Шығыс Қазақстандағы орнығып алған жерлерінен күшпен қуып шығаруға тырысты. 1762–65 жылдардағы өрекеттер ерекше қатыгездік болды. Солай бола тұrsa да, қазақтар бұл жерлерде одан өрі тұра берді, мұның өзі қытайдың өкімет орындарын бұған көнуге және қытай деректемелерінде алым деп аталатын жалдау ақысын төлеген жағдайда 1767 жылдан бастап қазақтардың Тарбағатай және Іле аудандарында көшіп жүруіне келісуге мәжбүр етті.

Казак-қытай өзара қатынастарының маңызды екінші проблемасы сауда болатын. Қытайларға атты әскерін толықтыру үшін қазақ жылқысы өте қажет болды, ал қазақтар қытай тауарларына мұдделі еді. Цин өкімет орындары Қазақстанмен сауданы қатаң бақылады, оның өткізілетін орнын, тауарлар бағасын шектеді, қазақтардың Цин империясы аумағында еркін сауда жүргізуіне кедергі жасады. Тұтас алғанда XVIII ғасырда Қытаймен шекарадағы сауда алмасу қатаң шектеулі түрде жүргізілді.

**Абылай билігінің нығаюы.** Цин агрессиясына тойтарыс беру және Қазақстанның шығысындағы жерлердің қайтарылуы Орта жүзде ғана емес, Ұлы жүзде де және ішінара Кіші жүзде де Абылай сұлтанның билігін нығайтты. 1752 жылы Барак сұлтан қайтыс болғаннан кейін ол іс жүзінде казақ жерлеріндегі бірден-бір толық құқылы билеушіге айналды.

Сыр өнірінің жерлері Ұлы жүзге билік етуден дәмелі, сондықтан да Абылай сұлтанның пікіріне амалсыздан құлақ асатын Ералы сұлтанның билігінде болды. Иелігі Арал өнірінде орналасқан Досалы сұлтан да іс жүзінде Нұралы ханға тәуелді емес еді.<sup>20</sup> Кіші жүзде мынадай жағдай қалыптасты: Ресей өкімшілігінің қолдауына қарамастан Нұралы хан күрделі сыртқы саяси проблемаларды жеке-дара, Абылайдың келісімінсіз және қолдауынсыз шеше алмады.<sup>21</sup>

Қартайған Төле бидің тікелей басқаруындағы Ұлы жүздегі жағдай да сондай еді. 1758 жылы Орынбор кенесі жіберген М. Шихов былай деп жеткізген: «ұлken орда казір өз ханы Төле бидің иелігінде болып отыр, ол Сайрамға... жақын жерде көшіп жүреді, ал... Түркістан қаласына Әбілмәмбет хан билік етіп отыр, ол Абылай сұлтанның ағасы және оның Орта... ордасы көбінесе соны тыңдайды, ол, Әбілмәмбет хан, Түркістанға жақын жерде көшіп жүреді ал көбінесе Түркістан қалашығының өзінде де тұрады және оның тұрғындарынан барлық алымдарды жинап алады».<sup>22</sup>

Әбілмәмбеттің мәртебесі екі жақты болды. Бір жағынан, ол жоғарғы хан деп есептеле берді және Ұлы жүз бен Орта жүз қоныстарын тексеру сапарына жиі шығып тұрды.<sup>23</sup> Ханмен бірге Түркістан қаласына сапар шеккен М. Асанов «оның, ханның, дағдылы жүрісі сияқты, өте баяу жүріс болды, өйткені қандай киіз үй кездессе де, соған барып, әрқашан қонып қалады» деп хабарлады. Екінші жағынан, Әбілмәмбет Абылайсыз бірде-бір елеулі шешім қабылдамайтын, тіпті оларды ықпалды сұлтанға тапсыра салатын. Мәселен, 1763 жылы Орталық Азия елдерінің циндерге қарсы одағына қосылуға шақырып, өзіне жолданған хатты ол Абылайға жіберген.<sup>24</sup>

1762 жылы Әбілмәмбет өзінен Сөмекенің ұлы, хан атағынан дәмелі Есім содан төрт жыл бұрын алған Қазыбек бидің арада жүруі арқасында ғана қайтарып алды. Көріп отырғанымыздай, XVIII ғасырдың 50–60-жылдарында Орта жүз, Ұлы жүз, ішінәра Кіші жүз де накты алғанда Әбілмәмбеттің жоғарғы билігінде және іс жүзінде Абылай сұлтанның басқаруында болған.

Орта жүзде Абылай билігінің нығаюына оның елдің онтүстік шекараларын нығайту жөніндегі белсенді қызметі себепші болды. 50-жылдардың аяғы – 60-жылдардың басында қазактардың қырғыздармен қатынастары ерекше шиеленісіп кетті. Алатаудың солтүстік жағындағы, Жонғария құлағаннан кейін қазактар да, қырғыздар да көз тіккен Жетісу жайылымдары дау нысанасына айналды. 50-жылдардың аяғында бұл жерлерге Ұлы жүздің қауымдары берік орнығып алған еді, алайда 60-жылдардың басында жер дауы ашық соғысқа ұласты. 1760 жылы қырғыздар дулат және қонырат руларының қоныстарына шабуыл жасады. Бұған жауап ретінде Абылай едөуір өскер жинап, сол жылдың тамыз айында талас қырғыздарын женіліске ұшыратты. Сөйтсе де, 1764 жылы қырғыздар жетісу қазактарына тағы да жорық ұйымдастырып, наймандардың ауылдарын күйзелтті. 1765 жылдың жазында Абылай басқарған 30 мындық армия қырғыздарды тағы да талқандады. Бұл жорық Ш. Уәлиханов жазып алған атақты «Абылай туралы жырда» жырланған.<sup>25</sup> Қазактардың женіліске жеткеніне қарамастан, 60-жылдарда жанжал шешілген жок. Бұған Қазақстанның халықаралық аренадағы күрделі жағдайын, қытайлардың басып кіру қаупінің сакталуы, сондай-ақ күшейіп келе жатқан Қокан мемлекеті тарапынан қауіп тууы себеп болған еді. Абылайдың қырғыздармен сияқты, соңғысымен де талай рет соғыс қақтығыстары болған. 60-жылдардың екінші жартысында Орталық Азия мұсылман мемлекеттерінің арасында Цин империясына қарсы одақ қалыптаса бастады.

Бұл одаққа бастама көтерген Ауғанстан билеушісі Ахмад шах болатын, ол мұсылмандық Шығыс Түркістанды «дінсіз» қытайлардың билігінен азат етуді талап етті. 1762 жылдың өзінде-ақ Абылай сұлтан мен Әбілмәмбет хан Орта Азияны басып алуға бара жатқан қытай армиясын өз иеліктері арқылы өткізуден бас тартқан еді. Ақсақалдар кеңесінде «қытай өскерлері қарсы аттанғандар түркістандықтар және самарқандықтар болсын... қазактар солармен бірге соғыссын» деген шешім қабылданды.<sup>26</sup> Сонымен бірге қазақ билеушілері ауғандықтарға ашық қосылуға асықпады және Пекинмен дипломатиялық байланыстарын жалғастыра берді, тіпті қоқан бегі Ерданаға қарсы құресте өскери көмек сұрады. 1767 жылы Абылай қоқандықтарды талқандап, Ердана барып тығылған Пішпек бекінісін қоршап алды. Алайда зенбірек және 20 мың жаяу өскер беруді сұрап, Қытайға жасаған өтінішіне жұмсак айтылса да, үзілді-кесілді бастартылған жауап

келді.<sup>27</sup> Дегенмен, 60-жылдардың аяғында Абылай Қазақстанның онтүстігінде де өз жағдайын нығайтып алды, Ұлы жүздің қазақтары өділетті түрде оны өз мұдделерін қорғаушы деп біле бастады.

60-жылдардың аяғына қарай Абылай сұлтан Қазақстанның көпшілік бөлігінде жоғарғы билікті нығайтып алды. Орта жүз бен Ұлы жүз оған толық бағынды, Кіші жүздің көптеген билеушілерімен ол өулеттік қызы алысып, қызы берісу арқылы туыстық жағынан байланысты болды. Батыр хан мен Ералы сұлтан оның одактастары еді, тіпті Нұралы хан да онымен санасуға мәжбүр болды. Эбден картайған Әбілмәмбет ресми түрде жоғарғы билеуші болып қалғанымен, сол кезеңнің өзінде-ақ Абылай ресми хат алысқанда хан деп атала бастайды. Әбілмәмбет қайтыс болғаннан кейін ғана Абылай 1771жылы жалпы қазақ ханы болып жарияланды. Бұл біртұтас тәуелсіз Қазақ хандығын сактауға жасалған соңғы өрекет еді.

## 2. АБЫЛАЙ ХАННЫҢ ШІКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ (1771–1781). АБЫЛАЙ – МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ ЖӘНЕ САЯСАТШЫ

XVIII ғасырдың 70-жылдарының басында Қазақстанда жаңа жалпы қазақ ханын сайлауға барлық жағдайлар қалыптасты. Бірден-бір лайықты кандидатура ықпалды Абылай сұлтан болатын, ол 1740 жылдың өзінде-ақ, Ш. Уәлихановтың анықтауы бойынша, қазақ даласының ең беделді өміршісі болған еді. 1757 жылдың өзінде Цин империясымен ресми жазысқан хаттарында ол өзін хан деп атаған. 1770 жылы әбден картайған Әбілмәмбет қайтыс болғаннан кейін Абылай Қазақ хандығының шын мәніндегі бірден-бір билеушісіне айналды.

**Абылайды сайлау қарсаңдағы қазақ хандығы.** XVIII ғасырдың 60-жылдарының аяғына қарай Қазақ мемлекеті Абылайдың белсененді сыртқы және ішкі саяси қызметі арқасында біршама мықты өрі біртұтас мемлекетке айналды. 1770 жылы сұлтан қырғыз жерлеріне тағы бір жорық жасады. Шату асуы арқылы Қызылсу және Шамси өзендерінің аңғарына өтіп, қазақтар қырғыз жасақтарын ауыр женіліске ұшыратты. Көптеген тұтқындар Орталық Қазақстанға көшіріліп, онда Абылайдың жеке вассалдары – төленгітері құқығымен қоныстандырылды. Ресей билігінен Жонғарияға қашқан еділ қалмақтарын талқандағаннан кейін сұлтанның беделі бұрынғысынан да арта тұсті. Ресейдің отаршыл өкімшілігі қазақтардан қалмақтардың қайтарылуына жәрдем көрсетуді талап етті, алайда Абылайдың өз ойлағаны бар еді.

Сол кезде Абылай Қытай мен Ресейдің колдауына қол жеткізуге тырысып, халықаралық аренада белсененді өрекеттер жасады. 1768 жылдың өзінде-ақ ол цин императорының өзін «барлық қазақтар мен сұлтандардың бастығы» дег тануына қол жеткізген еді.<sup>28</sup> Сонымен бірге 1769 жылдың аяғында ол Ресейден өзі үшін 10 мың адамдық армия бөлуді сұрап, оның орнына аманатқа өз балаларының бірін ұсынды. «Егер... бізге жау шабуыл жасаса, бізге бір сан (10 мың. – Ред.) немесе кем дегенде мың немесе бес жүз адам көмек көрсетілетін болады. Ал оның үстіне жоғарыда аталған бір сан өскер, менің тірі кезімде болсын немесе менің балаларымның тірі кезінде болсын, былайша пайдаланылар еді: алыстағы жаулар үшін – бір сан, жақындағылары үшін – мың, ал егер онша көп болмаса – менің ішкі жауларыма қарсы – бес жүз».<sup>29</sup> Сол кезде Абылай өзінің аманат баласын генерал етуді сұрады, аманаттар сұлтанның өз

таңдауы бойынша екі-үш жылдан соң алмастырылып отыратын. Эрине бұл талаптар ол кезеңде іс жүзінде орындалмайтын талаптар еді, мұны сұлтан жақсы түсінді. Бұл ретте Абылай шекаралық әкімшілікке өзінің қытайлармен, түсініліп жүргеніндей, өсте де онша жақын еместігін және Ресей протекторатынан өсте де бас тартпақшы болып жүрмелендігін білдірген еді.

1771 жылы Абылайды жалпы казақ ханы етіп сайлау үшін жағдай жасалды. 1771 жылдың күзінде ұзак уақыт бойы ақылдасқаннан кейін барлық үш жүздің өкілдері жаңа ханды сайлау үшін хандықтың ежелгі астанасы Түркістан қаласына келді. Абылайға ықпалды жырау Бұқар Қалқаманұлы, Әбілпейіз және Болат сұлтандар,<sup>30</sup> Нұралы ханды қоспағанда, Кіші жүз казактарының билеушілері,<sup>31</sup> Орта жүз бен Ұлы жүздің өкілдері сөзсіз қолдау көрсетті. Халық көп жиналған кезде казақ дәстүрі бойынша Абылай ақ киізге көтеріліп, үш жүздің ханы болып жарияланды. А. И. Левшиннің айтқанында, ол «оған (атаққа) торғауыттарды женуі арқылы және Әбілмәмбет қайтыс болғаннан кейін, барлық қырғыз-казақ ордаларының ғана емес, түркістандықтар мен ташкенттіктердің де сайлауы арқылы ие болды».<sup>32</sup> Сөйтіп Абылай Қазақ хандығының бірлігін қалпына келтіре алды.

**Абылай ханның ішкі саясаты.** Бұкілхалықтық мойындауға және үш жүздің ханы атағына қарамастан, Абылайдың билігі шексіз билік болған жоқ. Сұлтандардың едәуір бөлігі, өсіресе Барақ сұлтан мен Әбілмәмбет ханның үрпақтары Абылайды тақты заңсыз иеленді деп санады. Мәселен, Дайыр сұлтан 1781 жылы Орынбор губернаторына Абылай «ханның қадір-қасиетін мұлде әділетсіз иеленгенін, өзінің бала кезінде бауырларымен Түркістанда болғанын, хандықтың барлық әділеттілік бойынша өзіне тиесілі» екенін жазды.<sup>33</sup> Наймандардың билеушісі Әбілпейіз, иеліктері Обаған мен Есіл арасында орналасқан Құдайменде сұлтан тәуелсіз еді деуге болады. Түркістан мен Сырдaryaның ортаңғы ағысында билікті бөліскең Сәмекенің баласы Есім мен Әбілмәмбеттің баласы Болат өздерін хан деп атай берді. Хан билігіне наразы болған кейбір рубасылар оны тіпті өскери құшпен құлатуға да тырысты. Дағдылы құқықпен шектеулі Абылай, Ш. Уәлихановтың айтуынша, сұлтандар мен рубасылардың бетімен кетуін ауыздықтауға ұмтылды. Абылайдың орасан зор беделі қазактарды ханға бағынышта ұстады. Абылай өзгерген сыртқы саяси жағдайда аман қалу үшін Қазақ хандығының саяси жүйесін көбірек орталықтану жағына қарай өзгерту қажет екенін өте жақсы түсінді. Бұған жету үшін хан бірнеше бағытта әрекет жасады.

Біріншіден, Абылай биліктің орталықтандырылуын нығайтуға ұмтылды. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде әрбір ру бірлестігі іс жүзінде автономиялы болды және оларды өздерінің билері, рубасылары басқарды. Бұл жүйе жағдайында хан көп жағынан билердің еркіне тәуелді болды және оның жекелеген рулар деңгейінде шешім қабылдауға ықпал етуге үлкен мүмкіндіктері болмады. XVIII ғасырдың 20—30-жылдарында бұл жүйе өзгере баставы, белгілі бір ру өскербасы және саяси көшбасшы етіп шақырған сұлтандардың рөлі арта түсті. Абылай жүздер мен үлкен бірлестіктерді басқаруға дәстүрлі қазақы кісілік рухы негізінде бір орталық буындары элементтерін енгізуге ұмтылды. Ханның көптеген балалары осындағы билеушілер рөліне кірісті. 1774 жылы Әділ сұлтан Ұлы жүздің бір бөлігінің билеушісі болып тағайындалды, оған арнап Абылай Талас аңғарында қала салып, оған қарақалпактарды қоныстандырыды. Солтүстік-шығыс Жетісуда оның басқа бір баласы Сұйік, Орталық Қазақстанда Қасым билік етті.

Орта жұз бен Ұлы жүздің барлық дерлік жері ханның балалары арасында бөлінді. Тек Кіші жүзде және Орта жүздің батыс бөлігінде Қайып ұрпақтары, Орталық Қазақстанның кейбір аудандарында – Барактың ұрпақтары, ал Қытаймен шекара өніріне таяу жерлерде және Сырдарияда. Әбілмембеттің ұрпақтары – сұлтандар билік етті.

Орталық билікті қүшету үшін Абылай қолданған шаралардың екінші кешені – бір тұлғаның қызметіне және оның тұлға ретіндегі қасиеттеріне сүйену. Мәселен, дағдылы құқықтың дәстүрлі түсініктеріне қарамастан, Абылай хан қылмыскерлерді өлім жазасына кесуге үкім шығару құқығын өзі алды. Бұл міндет бұрын билер қазылығындаға болатын. Билер кеңесі мен рубасы-ақсақалдар съезінің құқықтары едәуір шектелді. Алайда дағдылы құқықтың дәстүрлі болуы және басқарудың нақты тұтқаларындағы кемшілік Абылайға хандықтың саяси жүйесіне реформаны ақырына дейін жүргізуге мүмкіндік бермеді. Оның үстіне бүкіл басқару жүйесін соғыстар қиратып кетті деуге болатын еді. Федерализм элементтері рулық басқару принциптерімен тығыз ұштасып жатты, хан билігін бұрынғысынша билер мен сұлтандар едәуір дәрежеде шектеп отырды. Мемлекеттік машинаның орнықтылығы түгелдей және толығымен ханның өз беделіне, оның құрделі саяси проблемаларды шешу кезінде ымыраластық таба білуіне байланысты болды.

**Абылай ханның сыртқы саясаты.** Абылайдың сыртқы саясаты да икемділігімен және ымырашылдығымен сипатталды. Оның Ресей мен Қытай сияқты құшті мемлекеттермен қатынастарының Орта Азия мемлекеттерімен қатынастарынан едәуір айырмашылығы болды. Отаршыл империялардың күш-қуатын өте жақсы ұғынған хан, бір жағынан, Ресей протекторатын танудан бас тартпай, екінші жағынан, өз иеліктерінде екі державаның да ықпалы қүшеюіне жол бермей, олармен қатынастарда барынша икемділдік көрсетуге тырысты. «Қазактар өуел бастан-ақ екіжақтылықты ұстанды, – деді цин императоры өзінің 1779 жылғы жарлығында, – ...Абылай бізге бағынған кезде Ресей Абылайдың өз боданы екенін, сондықтан біздің оны өз бодандығымызға қабылдамауымыз керек екенін мәлімдеп, наразылық жіберді. Біз сонда былай деп жауап қайтардық: «Сіздер Абылайды өз адамымыз дейсіздер. Егер сіздер оны жақсылап басқарсаныздар, ол ешбір жағдайда бізге бағынуға өтпеген болар еді... Ал сіздер, орыстар, бұған қалай кедергі жасай аласыздар?.. Егер болашакта мұндай оқиға бола қалса, сактық жасау керек».<sup>34</sup> Бір жағынан, Абылай қытайдың өкімет орындарын өзінің адалдығына үнемі иландырып отырды, екінші жағынан, ол мәселені «Ресей сарайына әлдекайда ынталылықпен... ал қытай ханымен хат жазысады бір нөрсе үшін, оған бағынышты қырғыз-қайсактарға қытайлардың реніш көрсетіп, қысым жасамауы үшін жалғастырып» отырған сияқты етіп көрсетті.<sup>35</sup> Хан өз иеліктерін агрессияшыл көршілерінен осылайша қауіпсіздендіріп қана қоймай, жекелеген пайда келтіруге де тырысты. Мәселен, 1772 жылды ол Ресейден өзінің сыртқы және ішкі жауларына қарсы күресу үшін тағы да өскер сұрады. Бұл орайда ол өзінің Қытаймен өзара келісімі бар екенін былай деп хабарлады: «Қай жақтан және қандай да бір патша бізге дүшпандық әрекет немесе арсыздық жасайтын болса, оған қарсы тұратын болады және егер сол богыханнан (Қытай императорынан. – Ред.) күш сұрасам, ол менің талап етуім бойынша он мыңға дейін немесе жиырма мыңға дейін болса да өскери адамдар берер еді...».<sup>36</sup> Шынына келгенде, Абылайдың адалдығына күмәнді Ресей де, Қытай да оған өскер бөлуден бас тартатын.

Ресейдің өкімет орындары Абылай ханды өзінің ықпал өрісінде ұстауға ұмтылды, сондыктан да 1777 жылы хан жазбаша өтініш жасаған жағдайда оның хан атағын тануға өзір екенін ресми түрде хабарлады. Мұндай дипломатиялық қадам өзінің сыртқы саяси аренадағы беделін нығайта түсетінін түсінген Абылай Петербургке өзінің баласы Тоғым бастаған елшілік жіберді. 1778 жылы ғана II Екатерина оны хан деп және Орта жүздің ғана ханы деп бекіту туралы грамотаға қол қойып, оның Кіші жұз бен Ұлы жұзге билігін танығысы келмеді. Бұған ызаланған Абылай Орынборда, Троицкіде, тіпті Петропавлда да ант беруден бас тартты. Отаршылдық өкімет орындары хан ордасына шенеунік жіберуге де келісті, алайда хан «мен өз дәрежеме халықтың сайлауымен әлдекашан-ақ бекітілгенмін» деп мәлімдеп, ант беруден үзілді-кесілді бас тартты.<sup>37</sup> Ханның мұндай мінез көрсетуін оның 1773—75 жылдардағы Пугачевтің көтерілісінен кейін Ресей империясының күш-куатына шубәланған қарауымен түсіндіруге болады, ал ол көтерілістің барысында Абылай жалған атак жамылушыны колдап, тіпті онымен бірлесе отырып орыс бекіністеріне шабуыл жасауға да ниеттенген еді.<sup>38</sup> Ханға ықпалын мұлдем жоғалтудан қорқып, Ресейдің өкімет орындары 1779 жылы оған 300 сом және 200 пұт ұн мөлшерінде жыл сайынғы жалақы тағайындалды,<sup>39</sup> бірақ 70-жылдарың аяғына қарай Абылай Ресеймен қандай да болсын қатынастарының бәрін мұлде ұзді.

Абылайдың онтүстікегі көршілерімен қатынастары басқаша болды. Абылайдың күш салуы арқасында қайтадан казақ аймағына айналған Жетісуда қырғыздармен қактығыстары жалғаса берді және Абылай оларға қарсы аратұра жорықтар жасап тұрды. 1774 және 1779 жылдары сондай жорықтар жасалды. Соңғысы қырғыз руларының бір бөлігінің Қазақ хандығына бағынуына жеткізدі. Та什кентпен және Ходжентпен соғыста Сайрам, Шымкент, Созак және Таңкент казактарға кайтарылды. Сонымен Абылай ханың XVIII ғасырдың 70-жылдарыңдағы сыртқы саяси қызметі Қазақ мемлекетінің бірлігін уақытша қалпына келтіруге, оның халықаралық аренадағы жағдайының нығаюына жеткізді.

Абылайға дейін де, одан кейін де бірде-бір қазақ ханының мұндай шексіз билігі болған емес. Бұл ең алдымен оның билігінің сөзсіз құдіреттілік сипатына байланысты еді. Ш. Уәлиханов былай деді: «құрмет (ханға) әлдебір мистикалық сипатта болды... Бұл хан уақыт қастерлі еткен еркін женілдіктерге қарсы ракымсыздықпен әрекет ете отырып, өз әрекеттеріне үрпактары оны әулие деп санайтындей сипат бере білді».<sup>40</sup> Көреген саясатшы және шебер дипломат Абылай өзіне ергендердің сүйіспеншілігіне және қарсыластарының құрметіне лайық бола білді. Бұған ханың жеке қасиеттері де едәуір дәрежеде себепші болды. Текті өулеттен шыққанына қарамастан, балалық шағында оның бакташы да, түйеші де болуына, жонгарларға қарсы соғыска қатардағы жасақшы ретінде қатысуына және шайқаста батыр атағын алуына тұра келді. Абылай мұсылманша жақсы сауатты болды, оқып, жаза білді. Ол сирек кездесетін саясатшы, тамаша колбасшы және дипломат болды. Дегенмен де, ол тарих көшін өзгерте де, көшпелі өркениеттің бұрынғы күш-куатын қайтадан қалпына келтіре де алмады. Ол кайта түлеткен біртұтас Қазақ хандығы ханың өзі канша өмір сүрсе, сонша өмір сүрді. 1781 жылы шамамен 70 жасында Абылай Таңкенттен Түркістанға келе жатканда дүние салып, Кожа Ахмет Йасауи кесенесіне жерленді.

### **3. СІБІР ВЕДОМСТВОСЫ ӘСКЕРИ-ӘКІМШЛІК ҰЙЫМДАРЫНЫҢ XVIII ҒАСЫРДЫҢ 50–70-ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТАЛЬҚ ЖӘНЕ ШЫҒЫС АЙМАҚТАРЫНДА ЖУРГІЗГЕН САЯСАТЫ**

Орта жұздің көптеген билеушілері XVIII ғасырдың 30–40-жылдарында-ақ Ресей протекторатын қабылдағанына қарамастан, олардың бағынуы нақты болмады. Қазақстан шекарасында құшті өрі агрессияшыл Цин империясының пайда болуы күрделі саяси жағдайдың тууына және қазактардың Ресей ықпалынан шығып кету қаупіне өкеп соқты. Орта жұзді Ресей империясының протекторатында ұсташа шекаралық өкімет орындарының негізгі міндептіне айналды. Бұл үшін Сібір ведомствосының әскери-әкімшілік органдары үш бағытта: аумактық экспансия, дипломатиялық амалдар және сауда-экономикалық байланыстар арқылы әрекет жасады.

Орта жұз қазактарының Ресейге бодандығы XVIII ғасырдың 40-жылдарында түбекейлі емес еді, ал өлкедегі өз жағдайын нығайтуға шекаралық өкімет орындарының нақты құштері болмады. Жонғарлардың Сібір бекіністері мен қоныстарына үнемі қауіп тәндіруі, Онтүстік Сібірдің едәуір аумағына билік жүргізуге дәмеленуі жағдайды шиеленістіре түсті. 50-жылдардың басында, Жонғарияда өзара қырқыс басталып, ол іс жүзінде үшінші дәрежелі мемлекет деңгейіне дейін тәмендеген кезде ғана жағдай өзгерді. Қазақ билеушілері жонғар нойондарының билік жолындағы күресіне белсене араласты. Солтүстік Қазақстанда Ресейдің әскери экспансиясына және жаңа аумактарды басып алуына қолайлы жағдай қалыптасты. 1752 жылдың жазында генерал С. В. Киндерманнның басшылығымен 11 бекіністен тұратын Новоишим бекіністі шебін салу басталды, оның ең бастысы Есілдегі Петропавл болды. Бекіністі шепті салудың басты мақсаты Үй және Ертіс шебін жалғастыру болатын, соның салдарынан қазактардан ені 50 шакырымнан 200 шакырымға дейін жететін жер көлемі тартып алынды.<sup>41</sup>

1752 жылдың маусымында Утяцкая слободасынан Луцк және Вологда полктерінің драгундары мен Нотебург полкінің жаяу өскерлері, есіл казактары мен шаруалары, барлығы 2 мыңдай адам шықты. Бұл әскери экспедицияның 1752–53 жылдар ішінде үш бекініс – Әулие Петр (Петропавл), Полуденний, Лебяжье бекіністері мен сегіз редут салуы керек еді. Жаңа бекіністердің бұған дейін орнаған бекіністі шептермен байланыс жасауы үшін почта бекеттерінің тізбегі құрылды.

Қазақ даласына үлкен отрядтың шыққаны туралы хабар үрей туғызып, халықтың көшіп кетуіне өкеп соқты.<sup>42</sup>

Сол кезде жонғарлар тарапынан шабуылға ұшыраған Қазақ хандығы орыс өскерлеріне кедергі жасай алмады, сөйтіп Орта жұздің билеушісі Абылай сұлтанның аумактан айырылуға көнуіне тұра келді. Оның үстіне Жонғарияның әлсіреуі қазактардың Ертіс бойындағы және Тарбағатайдағы жерлерге қайтуына мүмкіндік туғызды, Новоишим шебін салу нәтижесінде жерден айрылған абак-керей, уақ және найман рулары сол жаққа қайта қоныс аудара бастады.

Ресейдің экспансиясы Алтайда да бұрынғысынан неғұрлым қүшейе түсті. 1752 жылдан бастап Онтүстік Алтайдың, Ертістің жоғарғы ағысындағы, Үлбі, Бұқтырма және Нарын бойындағы жерлердің Ресейге қосылғаны туралы ресми түрде жарияланды. 1760 жылы Өскемен бекінісінен Телецк көліне дейін

бекіністер салына бастады. Келесі 1761 жылы Өскеменнен Зайсан көліне дейін Бұқтырма шебінің бекіністері пайда болды. 1764 жылы Кузнецк-Колыван шебінің бір бөлігі Өскеменнен Тигерец форпостына дейін қөшірілді.<sup>43</sup> Сөйтіп Қазақстандағы шекаралық шептің шығыс қанаты 60-жылдарда Ресей бекіністерінің бірнеше шебінен тұратын құшті бекіністі ауданға айналдырылды.

Салынып жатқан бекіністердің қорғанысын қамтамасыз ету үшін Ресейден Қазақстанға жаңа әскери құштер әкелінген үстіне әкеліне берді. Новоишим шебінде Тобылдан, Турадан және Сібірдің басқа қалаларынан келген драгун полктері мен басыбайлы казактар тұрды. 1758 жылы Сібір шебіне дон және жайық казак әскерлерінен мың адам, сондай-ақ башқұрт-мешеряқ командалары жіберілді.

1764 жылы Сібір шептік бекіністерінің қорғаныс қабілетін жақсарту үшін Азов драгун полкі – Петропавл бекінісіне, Ревель полкі – Омбы, Троицк полкі – Ямышевск, Вологда полкі – Өскемен, Сібір полкі – Железинск, Томск жаяу әскер полкі – Өскемен бекінісіне косымша жіберілді. Омбыға дала артиллеријасының бөлімдері апарылды, командование «полктер көбінесе жинақталып ұсталсын және тиісінше тойтарыс беруге және іске кірісуге әрқашан әзір тұрсын... жіберіліп отырған дала артиллеријасы оның қызметшілерімен өте қажет болмайынша бөлшектелмей, қажет болған жағдай үшін әрбір бөлім бірге болсын» деген нұсқау берді.<sup>44</sup> Бұл «жағдайдың» не екені II Екатеринаның генерал-поручик Шпрингерге 1769 жылғы 24 қазандағы Жарлығынан көрінеді, онда былай делінген: «Қазақтар тарапынан болмашы дүшпандық әрекет басталысымен өз қалауының бойынша зенбіректері бар бірсыпра мөлшерде тұракты әскер жіберілсін және ондай тобырды дереу қуып таратып, күл-талқан етуге әмір берілсін. Сөйтіп олар әдеңсіздігі үшін алдағы уақытта сіздерді мазасыздандыруға өсте де батылы бармайтындей етіп лайықты түрде жазалансын».<sup>45</sup> Наксол жарлықта Сібір шептік бекіністеріне башқұртардан жаңа әскери командалар жіберуге пәрмен етілді.

Жаңадан аннексиялап алынған жерлерлерді олар шаруашылыққа игерілгеннен кейін ғана бекітіп алуға болатынын жақсы түсінген шекаралық өкімет орындары Солтүстік және Шығыс Қазақстанға ел қоныстандыруға белсене құш-жігер жұмсады. XVIII ғасырдың 60-жылдарында Алтайға Тобыл губерниясынан 2 мың шаруа мен өртектілер, сондай-ақ Ресейдің солтүстік губернияларының қазыналық шаруаларынан тілек білдіргендер көшіп келді. Бұқтырма және Нарын ауданына рекрут міндеткерлігінен қашқан шаруалар орналасты, оларды үкімет көрмегенсіп отыра берді. 1770 жылы тұтқынға алынған поляк конфедераттары мен запорожье казактары сібір казактарына жазылды.

Сонымен бірге шекаралық өкімет орындары қазақтарды шекаралық аудандардан ығыстырып тастау жөнінде шаралар қолданды. 1755 жылы Сыртқы істер алқасы Сібірдің өкімет орындарына қазақтар «бұлайша өту олардың дағдысына айналмауы үшін Ертістің осы жағына өткізілмесін» деген нұсқау берді.<sup>46</sup> 1764 жылы қазақтардың Ертіске 10 шакырымнан және орыс бекіністеріне 30 шакырымнан жақын жерде көшіп жүруіне мүлде тыйым салынды. Келесі жылы бекіністердің коменданттарына қазақтарды Тобылдағы Звериноголов бекінісінен Өскеменге дейінгі бүкіл шепті бойлай 10 шакырымдық өнірге жібермеуді талап еткен нұсқау берілді, мұның өзі оларды 13 500 шаршы шакырым жақсы жайылымдарынан айырды.<sup>47</sup>

Шекаралық өкімет орындарының экспансияшыл саясаты қазақтардың әділетті наразылығын туғызды, әсіреле Е. И. Пугачев бастаған шаруалар соғысы жылдарында қазақтардың Ресей өкімшілігімен қатынастары шиеленісе түсті. Көптеген қазақтар орыс бекіністеріне шабуыл жасауға қатысты және Абылайдың келісуімен көтерілішілерді қолдады. Сібір шебінің өскери өкімет орындары тұтқынға тұсken қазақтарды аяусыз жазалады. Мәселен, Петропавл бекінісінде К. Жакаев дарға асылды, қалған тұтқындарға дүре соғылды және танауларын жырып, таңба салынғаннан кейін Сібірге айдалды. Шептік бекіністер бойындағы толкулар ұзак уақытқа созылды, көшпелілердің топтары бекіністерге, редуттарға және казак разъездеріне шабуыл жасады. Дегенмен Ресейдің өскери экспансиясына қарсы тұруға олардың накты құштері болмады, сөйтіп жайылымдарынан айырылғанына амалсыз көніп, отаршыл өкімет орындарына ол жерлерде шекаралық орыс өкімшілігі талап ететін белгілі бір жағдайларда көшіп жүргө ара-тұра өтініш жасайтын болды.

**Ресейдің Орта жұз аумағындағы дипломатиялық қызметі.** Сібір шекаралық өкімет орындарының экспансияшыл саясаты сонымен бірге бейбіт, дипломатиялық акциялармен ұштастырылды. Мұны ең алдымен Ресейдің Сібірдегі өскери күшінің әлсіздігі туғызды, өйткені шептік бекіністер созылып жатты, ал гарнизондарда адам саны аз болды. Екінші жағынан, оларға агрессияшыл Цин империясы және Орта жұз бен Ұлы жұз қазақтарының жақсы үйымдашкан, өрі іс жүзінде тәуелсіз тайпалары қарсы тұрды. Осындай жағдайларда шекаралық өкімшілік, біріншіден, сібір иеліктерін қазақтар мен Қытайлардың шабуылдарынан қорғау, екіншіден, қазақтарды Ресей протекторатында ұстау үшін өзінің қолынан келетін барлық шараларды колдануға тырысты. Осыған байланысты қазақ даласына бірқатар елшіліктер мен миссиялар жіберіледі, олардың мақсаты қазақтардың Қытайға көзкарасын анықтау және қазақ билеушілерін Ресейге бағынудың тиімділігіне иландыру болды.

1752 жылы Абылай сұлтанға капитан Яковлев жіберілді, оның мақсаты Орта жұз қоныстарында жүрген жонғар нойондары Әмірсана мен Давациді Ресей қызметіне тарту еді. Яковлев сұлтанмен Тобыл өзені бойындағы Аракарағай тоғайында кездесті. Ресей елшісі Абылайды жонғарларға қарсы жорық жасаудан бас тартуға және шекаралық өкімет орындарының қамқоршы болатынына уәде беріп, бүлікшіл нойондарды Ресейге жіберуге көндіруге тырысты. Алайда миссия сәтсіз аяқталды, Яковлев ештеңе бітірмей қайтуға мәжбүр болды. Оның бітіргені кейбір қазақ аксақалдарымен, соның ішінде Құлсарымен және Құлекпен қатынастарды жолға қою еді, олар орыстың өкімет орындарына жәрдемдесуге уәде берді.<sup>48</sup> 1753 жылы өлгі аксақалдарға Әмірсана мен Давациді орыс қызметіне тартуға жәрдемдесуді өтінген хат жазылып, Орта жұзге М. Арапов жіберілді, алайда бұл өрекет те нәтижесіз болды. Әмірсана Сібір шебіне 1757 жылы ғана барды, алайда бұл кезде нойонның енді саяси салмағы да, Жонғариядағы билікке накты үміті де жоқ болатын, сондықтан оның бағынұы Ресейге ешқандай саяси пайда келтірмейтін.

1756–57 жылдардағы қазақ-қытай соғысы Ресейді Орта жұздегі дипломатиялық қызметті жандандыра тұсуге мәжбүр етті. Қазақ даласында циндердің қүшею қаупі жеткілікті дәрежеде накты болды, сондықтан бұған мазасызданған шекаралық өкімет орындары қазактың ең ықпалды билеушілерін өз жағына тартуға тырысты. 1758 жылдың наурызында Сыртқы істер алқасы «Абылай сұлтанға, оны қытай жағынан бөліп алу үшін... ұлы мәртебелі император оның ұзак уақыт бойы еткен қызметі үшін...

оған оның адал бодандығының белгісі ретінде қылышты сыйға тартып отырғаны айтылсын» деген пәрмен берді.<sup>49</sup> Сонымен бірге шекаралық өкімшілік Ресейге адал қызмет еткен Нұралы хан мен Абылай сұлтанның Орынборда кездесуін үйымдастыруға тырысты. Осы мақсатпен 1758 жылғы мамыр айының аяғында дала өніріне Я. Гуляев жіберілді, алайда Абылай шекаралық шепке барудан бас тартты. Ол былай тұрсын, Орта жұз қазактарының алдына қытай-ресей жанжалы кезінде қай жақта болу керек деген мәселе койылғанда, араласпаушылық көзқарасын ұстанды. Сібір губернаторы Ф. И. Саймонов Сыртқы істер алқасына былай деп хабарлаған: «Қытай ханы қытай өскерімен Ресейге соғыс ашып, қол салмақшы ниетте... қытай ханына жіберілген қазақ елшісі өздері Ресей өскеріне де, қытайларға да көмектеспейді деп жауап қайтарған».<sup>50</sup>

Абылай ханды орыс бодандығында ұстау мақсатымен үкімет оны Орта жұздің ханы етіп жариялауға жәрдемдеспекші болып үйғарды. Осы мақсатпен дала өніріне И. Ураков пен Я. Гуляевтің елшілігі жіберілді. Олар Абылайды өзін хан етіп бекітуге императрицаға өтініш жасауға көндіруге тиіс болатын. Сұлтанды материалдық және моральдық жағынан ынталандыру үшін оған жыл сайынғы жалақы тағайындалды, бірақ күткендері орындалмай, Абылай Ресей қолынан хан атағын алушан үзілді-кесілді бас тартты.<sup>51</sup> Солай бола тұрса да, Ресей өкімшілігі сұлтанды және ықпалды ақсақалдарды жақын тартып, жалақы төлеуін жалғастыра берді. Сібір губернаторы Саймонов 1762 жылы Сыртқы істер алқасынан Абылайдың жылдық жалақысы сомасын мың сомға дейін көбейтуді сұрады. Қазына есебінен Петропавл бекінісінен оған жыл сайын 212 пұт, Жолбарыс сұлтанға, Құлсары және Күлек ақсақалдарға – 100 пұттан, Байжігітке – 25 пұт астық бөлінді.<sup>52</sup> 1762 жылдың басында «аса атақты қырғыз-қазактар барынша жақын тартылсын, оларға мырзалықпен сыйлықтар беріліп, марапаттаратын болсын, ал тілек білдірсе, олар үшін шекараға жақын жерге қазына есебінен мал ұстайтын кора-қопсы салып берілсін» деп пәрмен етілді.<sup>53</sup> Үкімет шекараға жақын жерге Абылайға арнап ағаштан үй салып бермекші болып үйғарды, алайда бұл идея тек 1779 жылы ғана жүзеге асырылды. Қазақ билеушілері Ресейдің мұндай саясатынан пайда тауып қалуға тырысты. 1764 жылы Абылай өзіне қазактарды орыстың агротехникасын үйрету үшін он орыс шаруасын, үй салу үшін шеберлер мен материалдар жіберуді сұрады. Алайда Абылайдың Ресейге сырттай қарағанда жақсы осы көзқарасы, дегенмен де қазақ сұлтанының астарлы саясаты ғана болатын.

1768 жылы оған Сібір бекіністі шебінің командашысы И. И. Шпрингердің елшілері келіп, балаларының біреуін аманатқа беруді сұрағанда, Абылай бас тартқан жок, тіпті елшілерді «егер өзінің баласын ондай жерге аманат етіп жіберуге өмір етілсе, оның өзі сол жерге апарғысы келетініне» сендірді, бірақ шынына келгенде Ресей аманатты ала алған жок.<sup>54</sup>

50–60-жылдары Орта жүзге жіберілген көптеген елшіліктер Ресейдің бұл аймакта қандай да болсын орнығып алуына жеткізбеді. Ал барлық елшілер қазактардың Ресейге бейбітшіл көзқарасын атап айтЫП жүрді. Мәселен, 1761 жылы Абылайда болып қайтқан башқұрт Ш. Абзанов қазактардың Ресейге «евшандай жамандық ісі жоқ» деп хабарлаған.<sup>55</sup>

1763 жылы Ураков пен Гуляев Абылай мен Қазыбек бидің «сонау бір кезде... бүкіл Орта ордасымен Сәмеке ханының ұлы мөртебелі императри-

цаға мәңгі-бақи Ресей бодандығында болуға ант бергенін өлі де есте сақтап, қазір де одан ауытқымау ниетінде тұрғысы келетінін» жеткізген.<sup>56</sup> 1764 жылы Арапов, ал одан соң Ш. Абзанов, У. Абзанов және М. Утешев Орта жүз қазактарының Ресей жөнінде дұшпандық ниеттері жок екенін тағы да растады. 1767 жылы башқұрт ақсақалдары К. Абзанов, А. Құрманов және В. Тұнғатаров Абылайдың солтүстіктегі көршісінің қамкоршылығынан бас тартпайтынын тағы да көрсетті. Сонымен бірге Абылай өзін Ресейге шынымен бағынышты етуге жасалған өрекеттерден шеберлікпен шыға білді. «Казіргі қазақ билеушілерінің бәрінен алғырлығымен, айлакерлігімен және тәжірибелілігімен, белгілі ақылдылығымен, өзіне бағынышты халық санының күштілігімен және өздерінің Ресей императрицасымен және Қытай бодыханымен ордалардағы тамаша қарым-қатынастарымен басым бола отырып, Абылай... өзін, қажет болуына қарай, бірде орыстардың, бірде қытайлардың боданы екенін мойындады, ал шын мәнінде тәуелсіз өмірші болды», – деп жазды ол туралы А. И. Левшин.<sup>57</sup>

Орта жүздін Ресейге тәуелсіздігі 1771 жылы Абылай үш жүздің ханы етіп жарияланғаннан кейін ерекше айқын көрінді. Ресей өкімшілігі өте қыын жағдайда қалды.

Бір жағынан, Абылайдың хан атағын танымау оны Ресейден алыстатуы мүмкін еді, оның үстіне Цин империясы оны қазактардың жоғарғы билеушісі деп ресми түрде таныған болатын. Екінші жағынан, Ресей Нұралыны Кіші жүздің ханы етіп ресми түрде бекітті және Әбілқайырдың үрпактарымен жанжал туындағынша, Абылайдың барлық үш жүзге билігімен келісе алмады.

Ал Абылай қыр көрсетіп, орыстың өкімет орындарына өзін тану туралы өтініш жасамады. Ара-тұра ол әскер жіберу туралы хат жазды, бірақ 1778 жылы ғана императрицадан өзінің хан атағын тануды ресми түрде сұрады. Сол жылы Абылайды Орта жүздің ханы етіп бекітуге патент – куәлік келді, ал 1779 жылы ған шекаралық шепке жақын жерден ағаш үй салынды. Алайда бұл өрекеттер қазақ-орыс қатынастарын тек нашарлата түсті, сөйтіп Абылай шекаралық өкімшілікпен қандай да болсын байланыс жасауды мүлде тоқтатады. Сонымен бірге орыстың өкімет орындары белгілі бір себептермен Абылайдың билігіне бағынбаған қазақ қауымдарына ықпалын күшету-дың реті келген жағдайын құр жібермеді. 1770 жылы Өскеменде уақ руының бірнеше ауылдарының ақсақалдары жергілікті өкімшілікке орыс бодандығына қабылдауға өтініш жасады. 1772 жылы қарамағында үш мың қазағы бар керей руының ақсақалдары Есберді мен Нұра батыр Семей бекінісіне сондай өтініш етті. Алайда бұл жағдайлар сипатты болған жок және бірлі-жарым еді.

Көріп отырғанымыздай, орыс шекаралық өкімшілігінің Орта жүздегі саясаты «қатаң» және «бәсек» бағыттардың үштастырылуымен сипатталды, бұл ретте екіншісіне артықшылық берілді. Қазақ билеушілерін алыстатып алудан корқып, орыстың өкімет орындары олардың Цин империясымен қарым-қатысын білмегенсіген түр көрсетті, ал қазактар өздерінің Ресейге тәуелді екенін әдейі баса көрсетіп, екі жақты ойын жүргізді және іс жүзінде тәуелсіз еді. Орта жүзге ықпал етудің азды-көпті тиімді бірден-бір құралы шекаралық сауда болды.

**Орта жүз қазактарының Ресеймен сауда қатынастары.** Ресейдің өкімет орындары өлкені экономикалық жағынан игермейінше, Орталық Азияға экспансия жасау мүмкін еместігін өте жақсы түсінді. «Мемлекеттердің тыныш өмір

сүрі, данқы мен гүлдену жағдайы үш бастаудан пайда болады. Біріншісі – ішкі тыныштықтан, бодандарының қауіпсіздігі мен ризашылығынан; екіншісі – жауға қарсы жеңімпаз қимылдардан, пайдалы да жасампаз бітім жасасудан; үшіншісі – көпестер арқылы алыстағы халықтармен артық байлықты өзара алысып-берісіден», – деген М. В. Ломоносов.<sup>58</sup> Алайда XVIII ғасырдың орта шенінде Орта жұз қазактарымен сауданың айналымы аз болды және негізінен Троицк арқылы жүзеге асырылды. Оған қоса, 40-жылдардың аяғында Ямышевск және Омбы бекіністерінде сауда жасауға рұқсат етілді.

50-жылдардың бас кезінде-ақ Троицк өз маңызын жоғалта бастады. Біріншіден, 1752 жылы Новоишим шебінің салынуы қазак саудагерлерін сескентіп тастанды, сол кезде-ақ жолға шығып қойған 500-дей қазак өз ауылдарына қайтып кетті.<sup>59</sup> Екіншіден, 50-жылдарда қазактардан жылқы сатып алуға құмар Цин империясымен сауда жолға қойыла бастайды. Дегенмен көпестер Троицкіге келуін жалғастыра берді, бірақ енді бүкіл Орта жүзден емес, оған жақын жаткан қазак руларынан ғана келетін болды. Тек 60-жылдардың басында ғана жағдай жақсара бастайды. 1761 жылы Троицкінің комендантты «Орта орданың қазактарымен жәрменке жақсы жүргізіледі, оған азиялық көпестер де келіп тұрады» деп хабарлады.<sup>60</sup> Қытаймен сауданың тиімсіздігі Шығыс және Онтүстік-шығыс Қазақстанның халқын басқа, неғұрлым тиімді сауда жолын іздеуге мәжбүр етті. 1762 жылы наймандардың билеушісі Әбілпейіз сұлтан III Петрге Семей бекінісінде сауда-саттық ашуға өтініш жасады. «Абылай сұлтанның Орта жүздегі арғын тайпасынан шыққан адамдары Троицк бекінісі арқылы тиімді сауда-саттық жасайды... Кашық болуы себепті біздің халқымыз: Орта жүзден – наймандар және үйсіндер мен бүкіл Ұлы жұз – ол Троицк бекінісінде сауда жасай алмайды. Егер сол Самай-Болат (Семей. – Ред.) бекінісінде сауда жасау көрсетілген жарлық берілсе, біздің әкеміз Әбілмәмбет хан Түркістан жерінде хан болып отырғандықтан, сол арқылы Түркістаннан, Ташкенттен, Қашғардан және Жаркенттен келген көпестер зор пайда жасар еді» деп жазды ол өз жолдауында.<sup>61</sup> Сол 1762 жылы патша жарлығымен Семейде сауда құрылды, алайда орыс көпестерінің Ертіс шебіне келуге құлықты болмауы мынаған әкеп сокты: Сібір шебінің командирі К. фон Фраундорфтың Тобылға губерниялық өкімет орындарына Семейге көпестер жіберуді сұрап, әлденеше рет өтініш жасауына тұра келді. Орыстар тарапының керенаулығы қазактарды ренжітпеуі үшін 1764 жылы Әбілпейіз бен оның бодандарына 10 шақырымдық тыйым салынған өнірді бұзып, Семей бекінісіне жақын жерде көшіп жүруге де рұқсат етілді.

Жалпы Ресеймен сауда айналымы онша көп болған жок, орыс көпестері ыдыс-аяқ, керамика, мата, қазан сатты; қазактар малмен, аң терісімен, мал шаруашылығы өнімдерімен сауда жасады. Сонымен бірге Сібір шебі бойында Орта Азия мен Қытай тауарлары сатылды. Қазақ–Ресей шекарасында айналым үнемі өсіп отырғанына қарамастан, XVIII ғасырдың 50–70-жылдарында Орта жұз бен Ұлы жүздің негізгі сауда өріптесі Цин империясы болып қала берді.

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы Сібір шекаралық өкімет орындарының саясатын сипаттай келіп, Орынбор өкімшілігінің саясатына қарағанда оның жалпы алғанда неғұрлым жұмсақ өрі икемді болғанын атап өтеміз. Әрине мұны Сібір бастықтарының өлдебір ерекше бейбітшілдігі емес, қайта ең алдымен, Ресейдің осы аймактағы өскери тұрғыдан өлсіздігі және мұнда қауіпті бәсекелес – күшті және агрессияшыл Цин империясының бо-

лұы туғызған еді. Кіші жүзбен салыстырғанда, Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтарының неғұрлым топтасқандығы және өуелі сұлтан, ал соңан соң хан Абылай сынды күшті көшбасшысының болуы маңызды зор фактор болды.

#### 4. «ШАНДЫ ЖОРЫҚ» – ЕКІ ЖҮЗ ЖЫЛДЫҚ СОҒЫСТЫҢ АҚЫРЫ

Ұзакқа созылған жонғар-казак соғысының ең соңғы кезеңі қазақ халқының жадында «Шанды жорық» деген атпен сақталып қалған. Шын мәнінде бұл, бейнелеп айтқанда, көкке дейін бұрқыратып шаң көтерген, жорық емес, кайта қалмақтармен соғыс тарихындағы ең соңғы және ірі, аяусыздығы жағынан ең ауыр, кан судай ағып, сансыз жан құрбан болған күрес кезеңі еді.

XVII ғасырдың орта шенінде Еділде пайда болған Қалмақ хандығы бір жағрым ғасыр бойы айналасындағы түрік халықтарына, тіпті Шығыс Еуропаның бүкіл мұсылман қауымдастығына жаулық саясат жүргізді. Ол ноғайларды толық күюп шықты, башқұрттарды туған жерлерінен ығыстырып шығарды, Дағыстан мен Қабардаға шапқыншылықтар жасады, Қырым хандығы мен Осман империясына қарсы соғысқа қатысты, барлық уақытта біржола экспансия жолына түскен Ресейдің отряды болды. Шығыстағы көршісі – Қазақ хандығымен өзара қатынасты да үнемі бұзу шегінде болды. Алайда 1635 жылы Оралда Салқам Жәнгірден күйрей женілгеннен кейін қалмақтар шапқыншылықтарын тоқтатты, сөйтсе де өзінің күшеюіне қарай, алыстағы Жонғариямен байланыс орнатылған кезде, олар қайтадан жаугерлік рухын көрсете бастады.

XVIII ғасырдың орта шенінде Жонғарияны Цин империясы біржола талқандады, еділ қалмақтары да басылып қалды.

Патша үкіметі саясатының мәнін ашып беретін бағдарламалық құжаттардың бірінде мынадай көзқарас білдірілген: «Егер қалмақтар бізге қандай да бір қарсылық көрсетсе, оларға қазақтарды айдал салу керек және керісінше, қазақтар теріс көзқарас көрсетсе, оған қалмақтар мен башқұрттарды аттандыру керек, егер олар бір-бірін осылайша таптайтын болса, біз оларды орыс өскерін қолданбай-ақ бағындырып аламыз. Қалмақтарды, башқұрттар мен қазақтарды тек осылай, өзара араз етіп ұстauкажет».

Бұл Ресейдің Еуразиядағы сыртқы саясатының бір көрінісі ғана. Осы түрғыдан алғанда ол өз боданы қалмақ халқын барынша пайдаланды. Ал мұның орнына оған ешнәрсе берген жок.

Қалмақ халқының шығындары мен қайғы-қасіреті күн өткен сайын өсे берді, оның мындаған жас жігіттері ұзақ уақыт бойы Отанынан алыста, жорықтарда жүрді, Ресейдің барлық соғыстарына қатысты.

Нақ сол кезеңде халықтың санасына шығысқа, туған Жонғариясына қайтып оралу туралы аңсаған арман ұлады; ойраттар қырып-жойылғаннан кейін ата-бабаларының жері қаңырап, иесіз қалды деген лақап таралды. Халықтың көшбасшылары Убачи және Церен тайшылар тайпаластарын еділ қалмақтарын Жонғарияға қайтару үшін ұлы көш жасауға үгіттей бастады.

Құнделікті адам төзгісіз өмірден түніліп, жақсы келешектен үміттенген қалмақ халқы 1770 жылдың күзінде ұлы көшке бел байлайды.

Көшү 1771 жылдың қантарында басталды.

Қалмактардың негізгі бөлігін құрайтын торғауыттар Еділдің сол жағасын, яғни оның шығыс жағын; дүрбіттер мен хошауыттар оң жағасын алып жатқан еді. Көшү туралы құпия әңгімелер басталған кезде қалмактар өртүрлі сылтаулармен өзеннің сол жағасына өте бастады, ал қалғандары жасырын белгіні күтті. Алайда 5 қантарда, іс басталатын болып белгіленген күні, катты аяз болып, Еділдің мұзы шытынады да, жарықтардан су көтерілді, соның салдарынан 11 198 отбасы өзеннен өтіп, ұлы көшке қосыла алмай, Ресей шегінде қалуға мәжбүр болды.

Ал өзеннен дер кезінде өтіп алған шаңырақтар саны жалпы жинақтап алғанда 30 909 болатын. Бұл – шамамен 170–180 мың адам. Қарулы құштер де өте көп – 40 мың жауынгер еді. Қалмактардың көші қазақ жері арқылы өтуге тиіс болды, басқа жол болмады.

Еділ қалмактарының көшіп кеткені туралы хабар алған орыс үкіметі оларды оқ пен семсердің күшімен кері қайтаруға ниеттенді. Орыстың өкімет орындары қуғыншылар ұйымдастырғанша, жолындағы жекелеген өскери отрядтарды қырып-жойып, тез ілгерілеген қалмактар қазактардың иеліктеріне терендереп еніп үлгірді. Жайық казактары қауіпті жорықтан бас тартты, генерал Траубенбергтің өскери жарты жолдан қайтты және мұның бәрі әдейі жасалған әрекеттер еді.

Орасан зор топ болып ілгерілеген қалмактар жолында кездескен бірнеше казак ауылдарын таптап өтіп, Жем өзенінің жағасында аз уақыт аялдады. Олардың ниеті Үрғыз арқылы өтіп және Сарыарқаны бойлай жүре отырып, Жетісу арқылы Жонғарияның шекарасына шығу екені мәлім болды.

Қалмактардың жақындаған білген Кіші жұз ханы Нұралы тез арада өскер жинап, оларға қарсы аттанды.

Алғашқы шайқас Жем өзенінің жағасында болды. Убачи жеңіліс тапты және шегініп бара жатып, Нұралыға уақытша бітім туралы хат жолдады, онда өзінің орыстардан ата-бабаларының жеріне қашуға мәжбүр болғанын, сондыктан қантөгіс жасамауды сұрайтынын жазды. Жауап хатында Нұралы казақ жерінен тайып тұруды, кері қайтуды талап етті.

Алайда қалмактардың кері қайтуы қын еді, сондыктан Убачи Нұралы ханының хатына жауап қайтармады. Қалмақ көштері Мұғалжарды айналып өтіп және мүмкіндігінше, казактар көп мекендеген аймактарды орағыта жүріп, бастапқы жоспар бойынша одан өрі ілгері жылжи берді.

Көктемгі су тасуы кезінде қамыстан сал жасап, қашқан қалмактар Торғайдан қындықпен өтті, олардың аттары, малы қатты арыды, адамдары да едәуір шаршап-шалдықты. Олардың қазактарға жасаған зауалы «Ақтабан шұбырынды» өз басына тұсті. Көштің артында қалған өлген адамдардың мәйіттері, өл-дәрмені жок адамдар күн өткен сайын көбейе берді.

Қалмактар неғұрлым ілгерілеген сайын, қантөгісті қақтығыстар соғұрлым жиілей тұсті. Қазактар көштің жүрісін қырағы қадағалап отырды, кейде қанатынан тиіспіп, мындаған қырып, тұтас ауылдарды айдалап өкетті, мол олжаға кенелді.

Әрине қалмақ көштерін әлдебір қорғансыз, дәрменсіз тобыр деп түсінуге болмайды. Ертедегі түріктер мен монголдар заманынан бері көшпелі халықтар жол үстінде өмір сүріп келді. Еділ қалмактарының қарулы құштері, жоғарыда айтылғандай, жеткілікті дәрежеде қуатты болатын; олар Қырым мен Кавказдағы ұрыстарда шынықкан, жақсы қаруланған еді, ұрыс қимылдарын

жүргізуден бай тәжірибесі болды; көшіп бара жатқан қалмақ ұлыстары үшін ең басты қындық осы орасан ұзак жолдан тыныш өтуге мүмкіндіктің жок болуы еді, оның үстіне түпкі мақсатының бағыты қарсыластарына мәлім болатын.

Наурыз айынан бастап, жаздың ортасына дейін, төрт айдай уақыт бойы қалмақтар аялдамастан ілгерілеп, қазақ жасақтарының толассыз шабуылдарын қындықпен тойтарып отырды. Маусымның аяғына қарай олар Сарыарқаны толығымен киялай кесіп өтіп, Балқашқа жакындағы, сол жерде Мойынты өзенінің жағасында аялдады.

Сол кезде Абылай хан бастаған қазақтардың көп өскери жауды қоршауға алды. Қазақ жауынгерлерінің жалпы саны елу мың болды, жекелеген жасақтарды Нұралы хан, Әділ сұлтан, Орыс сұлтан басқарды.

Егер осыған дейін қазақтар жау көшіне қарсы ұрыстар барысында және бір қанатынан соққы беріп келсе, енді олар оны осы арада біржола жойып жіберуді жоспарлады.

Қалыптасқан жағдайдың өлім қатерін сезген қалмақ билеушілері елшілер жіберді, олардың ішінде ең беделді жеті адам болды.

Қалмақ елшілері ежелгі дәстүр бойынша хан ордасынан белгіленген қашықтықта аттан түсіп, Абылайға жаяу келді. «Алдияр! – деді олар ханға. – Біз Сізге Убачи мен Цереннің сәлемін жеткізіп тұрмыз. Қазақтар мен қалмақтар – ежелден туыстас халықтар, біздін бұдан өрі соғысуымыздың мағынасы жок. Бітімге келуді ұсынамыз. Сізге арнап ақ үй тігеміз, лайықты тарту өкелеміз және Сіздің бодандығынызды қабылдаймыз. Біздің басқа барап жеріміз жок, бізге көшіп жүретін жер берініз, сөйтіп бүкіл қалмақ халқы Сіздің билігініздегі Сіздердің ұлыстарыныздың бірі болады. Ежелгі туыстық әдет-ғұрыпты қалпына келтіруді ұсынамыз».

Қалмақ елшілерінің ұсыныстарын талқылау үшін Абылай хан өскери кеңес шакырды. Бізге жеткен үздік-создық мәліметтерге қарағанда, жиналғандардың пікірі екіге бөлінген. Абылай елшіліктің ұсыныстарын толық қабылдауға бейім болды. Ал қолбасшылардың үлкен тобы шарттың түк керегі жок, болып отырған мүмкіндікті пайдалану керек және қалмақтар уыста тұрғанда, оларды біржола жойып жіберу керек деп мәлімдеді. Жонғарлар мен қытайларға қарсы құрестің бір батыры өзінің сөзінде: «Убачи мен Церен орыстарды да, қытайларды да жер соқтырып кетті, сені де алдаң кетеді, менің ханым», – деді.

Халықтың азыз-әңгімелерде және кейінгі зерттеулерде Абылай қалмақтардың бай тартуына қызығып, алданып қалды делінеді. Ал шынына келгенде Абылай ханың саясаты өлдекайда терең болатын.

Тәжірибелі, сыртқы жауларға қарсы құресте шыныққан қолбасшы, Қазақ хандығын қалпына келтірген данышпан саясатшы Абылай хан Дүрбіт-Ойрат талқандалып, 1755 жылдың көктемінде Жонғарияға маньчжур-цин басып кіргеннен кейін ежелгі жауын нығайтуға енді оның өзі мұдделі болды. Ол ойрат халқын түп-түкиянымен жойып жіберуге кедергі жасауға тырысты, Қазақ хандығы мен құдіретті Қытай империясы арасында тәуелсіз, дербес Жонғар мемлекетін сақтап қалу керек, ол болашақта шығыстағы табиғи қалкан болады деп санады. Егер ол бұрын Жонғарияны талқандауға бар күшін салса, жаңа жағдайларда оған барынша көмек көрсетті. Бірақ тоғыз ұрпақ бойы осы жаумен соғысып келген халық өкілдері ханың пікірімен келіспеді. Кеңес созылып кетті. Үш күндік тыныс жарияланды, оның соңғы күнінде тұтқындар алмасып, мәселе түпкілікті шешілетін болып белгіленді.

Убачи, сірө, өуел бастан-ақ құлық жасаған немесе тыныс алғаннан кейін бәрібір бітім болмайтынын түсінген болса керек, оқиғаның алдын орап кетті. Үшінші тәулікте, тұн ортасында бірі қалмай бәрі шабуылға шықты. Қараңғы тұнді жамылып, аса күшті соққы жасаудың нәтижесінде олар қоршау шенберін бұзып өтті. Бірақ Убачи мен Цереннің төтенше шешімі қалмақ халқын дұрыс жолға шығарды деуге болмайды. Содан бастап келісімге, бітім жасасуға жеткізетін жолдың бәрі тарс жабылды.

Мойынтыдағы шайқастан кейін 1771 жылдың шілдесінде «Шанды жорық» оқиғаларының тізбегіндегі ең соңғы, актық кезең басталды.

Тұнгі тұтқыл шабуылдан есін жиып, таң алдында қазактар жауынгерлік қатарын қайтадан тәртіпке келтірді. Енді олар мен қалмақтар арасындағы соғыс созылмалы, жорық сипатын алды. Қазақ жасақтары жауды күндіз-тұні өкшелей қуып, оны титықтатып, өскери күштерін біртіндеп жоя берді.

Қалмақтар Балқашты тұщы сулы батыс жағынан айналып өтуді және Іле өзенінің бойымен жоғары барып, Жонғарияға өтіп кетуді жоспарлады. Алайда қазактар оларды суға өткізбеді. Шөлден қatalap, сансыз көп шайқастарда алынған жаракаттан қалмақтар азапты ажал тауып қырылды, күн сайын жүздеп, мындалап тұтқынға түсті; тек ең табанды, жақсы каруланған ат төбеліндегі адамдар ғана артына будактаған шаң тұманын қалдырып, Қастек, Қаскелен, Кеген және Нарынқол арқылы өтіп, зор қындықпен Жонғарияға жетті.

Мойынтыдағы тұнгі қарбаласта қалмақтардан үлкен бір топ бөлініп шығып, қазактар оларды байқамай қалған еді. Танжу тайшы басқарған бұл топ Балқаштың солтүстік жағалауын жағалай жүрді, біраз уақытқа дейін оған ешкім тиіспей, бұл көштің мүшелері өз жағдайын біршама жақсартып алды. Алайда қазактар көп ұзамай бұл топқа да жетті, бұл кезде олар Аяғөз, Лепсі, Қаратал өзендерінен өтіп, Ілеге жеткен еді. Аяусыз кескілесудің салдарынан қалмақтардың оннан бірі ғана құтылып шықты. Олар Іленің жоғарғы жағына қарай быт-шыт болып қашып, Қытай шептеріне зорығып өрең жетті.

Бірақ осындай алапат қантөгісті жолдан, кейде адам айтқысыз азаптардан өтіп, тірі қалған қалмақтар туған Жонғариясында ұзак күткен құшаққа тұспей, қайта құлдықтың қамытын киді. Цин әкімшілігі оларды жекелеген ұсак ауылдарға бөліп жіберіп, өзінің боданы деп жариялады.

«Шанды жорық» халықтар арасындағы араздық оларға ешқашанда жақсылық әкелмейтінін тағы бір рет көрсетті. Жайықтан Жонғарияға дейінгі ұзындығы бірнеше мың шақырымға жететін жолда алты ай бойы үздіксіз жүргізілген соғыстың нәтижесінде ойрат-қалмақ халқының соңғы ошағы жойылды. Сонымен қоса, Абылай басшылық еткен Қазақ хандығының ауыр соққыларынан, ішкі қайшылықтардан, так үшін күрестен өбден әлсіреген Дүрбіт-Ойрат құлады; оның қайта жандануға жасаған өрекетін маньчжур-циндердің басып кіруі біржола жойып тынды. Сөйтіп адам саны бір миллионнан асатын жаугер шығыс қалмақтары құрып кету шегіне жетті. 1771 жылдың қатты қысында 170–180 мындей қалмақ, яғни 31 мың шаңырақ та қырып тасталды, олар да Еділ бойынан көтеріліп, Жонғарияға беттеген болатын. Бірақ оған небәрі 15–20 мың адам жетті, олардың өзі де дербес, тәуелсіз өмір сүре алмайтын еді. Жағдайдың жазуымен ғана көшудің алғашкы күнінде Еділден өте алмай қалған 50–60 мың адам ғана тірі қалды. Ресей құрамындағы 140 мың адамнан тұратын халқы бар қазіргі автономиялық республиканы құрап отырған нақ солар – бір кездегі куатты, қаһарлы ойрат халқының ең соңғы тұяқтары.

Ойрат-қалмақтармен сегіз-тоғыз ұрпақ бойы жүргілген өткендегі соғыстар ғана емес, сонымен қатар «шанды жорық» барысындағы жеңісті шайқастардың өзі де казақ халқына сансыз көп қасіret өкеліп, шығындарға ұшыратты. Мындаған жауынгерлер ерлікпен қаза тапты, олардың арасынан орны толмас екі құрбанды ерекше атап өткен жөн. Мәселен, «шанды», дәлірек айтқанда, қанға бөктірген жорықтағы шайқастардың бірінде XVIII ғасырдағы аса көрнекті қазақ қолбасшыларының бірі, қазақ-жонғар соғысында көптеген жеңістердің ұйымдастырушысы, маньчжур-қытайларға да қарсы жанқиярлықпен құрескен Жаңатай батыр қаза тапты. Жаңатай батырдың қаза тапқанын Абылай ханға естірткенде, ол: «О, қайрауды керек етпейтін қайран қара қанжарым!» — деп, еңкілдеп жылапты деседі. Жонғарлардың қалдықтарын қазақ жерінің шегінен асыра қуып тастанап, тағы бір даңқты батыр — Баян жеңіспен қайтып келе жатты, бірақ тұра жол үстінде ол кенеттен келген аурудан қайтыс болды. Оның есімі халыққа Шоқан Уәлихановтың туындылары мен Мағжан Жұмабаевтың дастанынан белгілі.

Қасиетті есімдері Абылай дәуірінің нақты тарихи құжаттарында атлатын, халықтың ауызша шығармаларының ескерткіштерінде кездесетін батырлар халық есінде мәңгі сақталып қалды. Бұлар — XVIII ғасырдың үшінші ширегінде Дүрбіт-Ойратты талқандаған, Маньчжур-Цин империясына қарсы қаһармандықпен шайқасқан, торғауыттардың тас-талқанын шығарған, үздіксіз жүргілген жиырма жылдық соғыста Алаш рухын қайта тірілтіп, үш жүзді басқару тізгінін Абылай ханның қолына ұсташқан, аты азызға айналған ең үздік қолбасшылар, олар: Каракерей Қабанбай, Мүйізді Өтеген, Нұралы хан, Әбілпейіз сұлтан, Қанжығалы Бөгенбай, Ералы сұлтан, Әділ сұлтан, Орыс сұлтан, Жаңатай, Баян, Малайсары, Олжабай, Керей Жәнібек, Шапырашты Наурызбай, Ақтамберді, Жәпек, Бердіқожа, Тілеуке, Сағымбай, Құлеке, Жауғаш, Дағ, Көкжарлы Барак, Құлашбек, Тұрсынбай, Нарбота, Қожаберген... Олардан басқа Жабай, Сырымбет, Байғозы, Елшібек, Сары, Сөңкібай, Мамыт, Молдыбай, Тансық, Оразымбет, Деріпсөлі, Райымбек, Шынғожа, Айбас, Жаназар есімдерін және басқа да көптеген есімдерді атауға болады.

Осы ұлы адамдардың даналығы, жанқиярлығы, төккен қаны қазақ тарихын бұрынғы арнасына салуға, ұлттың беделін көтеруге, оның болашағын анықтауға жәрдемдесті. Ғасырдың бас кезінде өмір сүруінің өзі екіталай болған Қазақ мемлекеті XVIII ғасырдың орта шенінде Абылай ханның арқасында қайта тұлеу жолымен жүріп, екі жүз жылдық соғысты жеңіспен аяқтады, ал одан кейін де тағы бір, неғұрлым елеулі сынаққа ойдағыдай төтеп берді. Абылай бұл дүниеден өткен кезде, оның ордасы болашақтағы тарихи буырқаныстарға қарсы тұрып, келер ұрпақтарға лайықты эстафета бере алатындай рухани құшқұдіретке жеткен еді.

## 5. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖОНҒАР БАСҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ ЖЕҢІСІНІҢ ТАРИХИ МАНЫЗЫ

Қазақ халқының жонғар басқыншылығына қарсы күресі қорытындыларының қазақ халқы үшін зор маңызы болды. Жонғар басқыншылығына қарсы күрестің саяси маңызын қарастыра келіп, бірнеше қырын атап өту қажет.

Казак халкы өзіне физикалық тұрғыдан орасан зор жойылып кету қаупі тәнгеніне қарамастан, өзінің бүкіл дерлік аумағында өз мемлекеттілігін сақтап қала білді, бұл өз кезегінде казак иеліктерінің Цин империясына тәуелсіздігін сақтап қалуға мүмкіндік берді. Жонғариядағы көтерілісті тұншықтырған соң, цин үкіметі 1758 жылы Шығыс Түркістанды біржола жаулап алуға кірісті.<sup>62</sup>

Осы жағдайларда іс жүзінде бүкіл қазак халқының ханы деп танылған Абылайдың беделі өлшеусіз өсті. Абылай ресми түрде Ресейдің бодандығында болғанымен, сыртқы саяси акцияларда ол егемендігін сақтап қалды. Жекелеген қазак билеушілерімен және цин сарайымен арадағы қатынастардың сипаты өдеттегі елшілік байланыстар шенберінен шықпады. Сондықтан да 1757 жылы Цянь-лун қазак қоныстары цин өскерлері жаулап алған аумактың бөлігі емес, ал билеушілерінің өздері және ең алдымен Абылай хан империяның бодандары емес деп мойындады.<sup>63</sup> Күрделі өскери-саяси жағдай және Жетісу мен Шығыс Алтайдағы өздерінің ежелгі қоныстарын қайтарып алуға жасалған өрекеттер Абылайды, Әбілмәмбетті, Әбілпейізді маньчжур сарайымен елшілік қатынастар жасауға және белгілі бір дәрежеде Цин империясының Шығыс Түркістанға егемендігін тануға итермеледі. Қазак билеушілерімен дипломатиялық өдепті сақтауға Циндік Қытайдың өз өскерлерін азық-түлікпен және атпен жабдықтауда үнемі қыыншылық көруі айқын себеп болды. Сондықтан да айтартылғанда қатынастар жасалып отырды. Дипломатиялық байланыстардың маңызы кем түспейтін тағы бір бөлігі мынадай: циндер қазак билеушілерінің Ресеймен экономикалық және саяси қатынастарын тежеу үшін оларды өз жағына тартқысы келді. Сонымен бірге циндер тарапынан саудаға шектеу қою қазактардың циндермен сауда қатынастарының үнемі тарыла беруіне, ал соның ізімен саяси қатынастардың да тарылуына өкеп сокты. Қазақстан мен Қытайдың саяси қатынастарында Орта жұз иеліктері көрнекті рөл аткарды, ал бұл негізінен Қазақстанның саяси маңызды шекаралық аудандары еді.

Қазак халқының жонғар басқыншылығына қарсы күресінің саяси жағы орасан зор дәрежеде қазак мемлекеттілігінің сақталуымен ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның батыс дамуы үлгілеріне шығуымен де қалыптасты. Қазақстан мен Ресейдің арасындағы, ал сол арқылы европалық елдермен де қатынастар ұзак уақыт бойы үздік-создық өзара қатынастардан қалыптасты (елшіліктер алмасу, бір-бірін білісу және т.б.). Қазақстанның қосып алу жөніндегі саяси акциялар отарлау сипатында болды, бірақ сонымен бірге белгілі бір дәрежеде халықтар жақындаса бастады, сөйтіп отаршылдық езгі неғұрлым күшейген сайын, Ресейдің прогресшіл жұртшылығы қазак халқымен және оның мәдениетімен етene жақындасу нүктесін табуға соғұрлым көбірек үмтүлды. Орталық Азияда аса ірі екі этностың қатар өмір сүруі қайшылықты болатын, алайда Қазақстанның полиэтничалық халқы екі ғасырдан астам уақыт бойы қалыптасты. Ал мұнда XVIII ғасырдың екінші жартысындағы өзара сауда қатынастарына үлкен үлес берілді. Қазак иеліктері мен Ресей арасындағы сауда біртіндеп ұлғая түсті.

1743 жылы негізі қаланған Орынбор қаласы өзара сауда қатынастарының маңызды мекеніне айналды. Айырбас сарайында белсенді сауда жүргізілді, онда 1747 жылы дүкендер саны 131 болды.<sup>64</sup> Сауда операциялары жүргізілген Сейіт слободасы ірі сауда орталығына айналды. Императ-

рица Елизаветаның жарлығында сауда жүргізудің регламенті белгіленді. 1760 жылы Сейіт слободасында үй саны – 300 және ерек адамдар саны 1158 жан болды. Слобода халқы татарлар еді, олар Қазақстанмен және Орта Азия мемлекеттерімен едәуір сауда жасады. Сауда шоғырланған басқа бір орын Айырбас сарайы болды, онда XVIII ғасырдың екінші жартысында 344 дүкен мен 148 қойма орналасты. Дүкендер көпестерге жалға берілді. Айырбас сарайымен бірге Орынбор шекаралық кедені құрылды, жаздығуні Айырбас сарайына құніне тауар артылған 1000 шақты түйе келіп тұрды. Жылқы, иленбеген тері, бұхара шапандары, кілемдер, кептірілген жемістер және т.б. көп мөлшерде сатылды. Сенаттың 1754 жылғы жарлығында: «Орынбордағы сауда-саттық жәрменке деп танылсын» деген пәрмен берілді. Сауданың өсуін мына цифrlар дәлелдейді: 1738 жылдың баж 547 сом болды, ал 28000 сомға тауарлар өткізілді. 1749 жылдың баж – 44 188 сом болды, яғни 900 000 сомның тауарлары сатылды. 1751 жылғы баж – 85 123 сом, ал өткізілген тауарлар – 1,7 млн сом; 12 жыл ішінде 8 млн сомға тауарлар сатылды. Тауар айналымы мынадай цифrlармен көрсетілді.<sup>65</sup>

Жылдар	Айналымдағы барлық тауарлар (күміс, сом есебімен)	Түскен баж (күміс, сом)	Азиялық тауарлардан барлығы
1745–1754	4 431 147	324 192	55 090
1755–1764	3 259 820	258 865	43 528
1765–1774	3 313 511	455 894	111 365

XVIII ғасырда қазактар Орынборда, Троицкіде, Гурьевте, Ямышевскіде, Семейде, Петропавлда, Омбыда, Өскеменде және Үй, Ертіс, Новоишим шептері бойындағы басқа да бекіністер мен казак қоныстарында сауда жүргізді. XVIII ғасырдың аяғына қарай қазактар Орынбордың бір өзіне ғана жылына 200 000-ға дейін қой өкеліп тұрды. Ресейден негізінен тоқыма өндірісінің тауарлары өкелінді. Ресейден бидай және бидай ұны, қарабидай және қарабидай ұны түрінде астық келіп жатты. Тауарлардың бұл тізбесіне металл бұйымдарды қосуға болады. Ресей шойын, темір және мыс қазандар, тағандар, балта, орақ, шалғы, шелек, қайши және т.б. сияқты тауарларды бірден-бір өкелуші болды. Осылармен қатар қазактар Ресейден темір қаңылтыр, орама қалайы, мыс қаңылтыр және басқа да бірсыптыра тауарлар алып тұрды.

Ірі көпестермен қатар ұсақ саудагерлер өрекет етті, атап айтқанда, Орал казак өскерінің қазактары ірі сауда операцияларын жасады. Бұл орайда сауда баламасы тең емес айырбас ретінде жүргізілді. Бұған М. П. Вяткин мынадай мысалдар келтіреді: «Шойын қазан аң терісіне айырбасталды, бұл ретте ернеуінің әрбір азиялық ширегі (5 вершок) үшін бір тұлкі немесе 4 қарсак, немесе тон тігуге арналған 3–5 ең жаксы елтірі алынатын». Мұндай айырбас жағдайында салмағы 1 пүт, ернеуі 10–12 ширек болатын қазан ақшаға аударғанда 50 сомға жуық тұрды, ал ол Ірбіт (Иркутск) жәрменкесінде 2 сом 70 тиынға сатылатын.<sup>66</sup> Жонғар агрессиясына тойтаратыс беру кезінде қазак мемлекеттілігінің сауда саясатын қалыптастыру аса маңызды бөлікке айналды. Бұл арада ортаазиялық көпестердің делдалдық саудасы зор рөл атқарғанын ескеру керек. Қазақ даласына Бұхарадан, Хиуадан, Ташкенттен, Қоқаннан сауда керуендері келіп тұрды. Әз

кезегінде, бул калаларға казак феодалдарының сауда керуендері жіберілді. Мысалы, XVIII ғасырдың 50-жылдарында Нұралы ханның нағашысы Мырзатай батыр Хиуага тен артылған 160 түйе және 500 жылқы жөнелтті. Оның жанында 500 казак болды, ал олар 40 000 кой сатты.<sup>67</sup> «Олар осында өздері Ресей көпестерінен керекті тауарларын айырбастап алып ұлыстарына барады, оларды жылқыға, ірі карага, койға айырбастайды, оларды қазір Кытай нелігіндегі жонғарлар жерінде түрған қалашыктар мен бекіністерге айдалап апарады, ал онда солары үшін қытайлар біздің бекіністерге, қытай шекарасына жақын жатқандықтан, жоғарыда аталған Өскемен және Семей бекіністеріне әкелетін күміс және басқа тауарлар алады».<sup>68</sup>

Кытаймен сауда кен көлем алмады. Ол Құлжа мен Шәуешекте ғана жүргізілді. Бірақ мұнда да қазактар көпестермен және жай халықпен істес болған жок. Мәселе мынада болатын: Жонғария аумағына орналастырылған цин әскерлері өз үкіметінен азық-түлік пен жем алмай, жібек, атлас, құйма күміс сиякты алуан түрлі тауарлар алатын. Бул тауарлар мен құйма күмістерді олар қазактарға малға айырбастауға, ал алынған малды өз кезегінде өздерінде ақшага сатуға тиіс болды, нак осы ақша әскерді ұстауға жұмсалатын.<sup>69</sup> Пайданы қамтамасыз ету үшін цин үкіметі ешкімге қазактармен айырбас жасауға рұқсат етпелі. Осы себеппен қазактардың сауда жасау мақсатымен қытай қалаларына баруына рұқсат етілмеді. Сауда операциясы былайша жүргізілді: қазактар қытай қаласына мал айдалап келісімен, олардың алдынан цин әкімет орындарының өкілі шығатын да, барлық малды алып қояттын. Оның орнына қазактарға каладан тауар алып шығып, оны соларға беретін, сейтіп бүкіл сауда-саттық осымен тынатын. Сондықтан алышнатын тауарлар жөнінен қазактар маньчжур әскерлерінін өз үкіметінен не алатындығына толық төуелді болды. Сондай-ақ мал откізгенде де қазактар жалпы қытай рыногының қажеттерін емес, Іле және Тарбағатай округтері әскерлерінің қажеттерін ғана негізге алуға тиіс еді. Сондықтан сауданың өзінде де есуге бейімдік болмады, ал сол уақытта Ресеймен сауда үнемі дами берді.<sup>70</sup>

Тұтас алғанда сауда қазактар үшін де, Ресей әкімшілігі мен жақын жеткін мемлекеттер үшін де өте тиімді көсіп болды. Алайда өзара катынастардың реттелмегендегі оның дамуына зор келергі жасады. Сейтіп ол сауда үшін өте күні тауарды иеліктен айыру нысанына әкеп сокты. Керуендердің бір бөлігі талап-тонауға үшінрады немесе жекелеген руменері тауарға көп салық салды. Оның үстінен, бүкіл сауда көбінесе қандай да болсын ережелер сакташмай жүргізілді, ал көлемі мен салмағын кем олшеу кен таралған күбынтыс болатын. Осыған қарамастан, Казакстан мен Ресей, Орта Азия мемлекеттері және шіндік Кытай арасындағы өзара сауда катынастары көндейе берді. Бул елшілер алмасудың көбеюіне, жекелеген аймактармен, әсіресе ішкі аудандармен бейбіт катынастар орнатылуына көп жағынан комектесті.

Жонғар хандығының жойылыш, жонғарлардың жойын Кырғынға үшінрауы Цин империясының шекарасын Казакстанға өте жақындастып жіберді, сондықтан қазақ бишесүйнерінің алдында, атап айтканда, Абылайдың алдында қазақ мемлекеттің іштегендегі жоспарларын жүзеге асыру жөніндегі нысаналы қызметті өрістеді. Орынбор әкімшілігінің өкілдерімен катынастарда шебер тәсілдер колдана отырып,

Абылай өз иеліктеріне империяның әскери құрамаларын ешбір аттап бастырған жок, әскери құрамаларға шапқыншылық жасап жүрген рубасылардың бетімен кеткенін байқамаған сынай білдіріп, жаңа бекіністер мен қамалдар салуға мүмкіндік бермейді; нақ сол уақытта тұтқындарды ықыласпен алмастырып отырады және империяның вассалы ретінде саудаға, бейбіт шаруашылық қызметке жөрдемдеседі. Орта жүздегі ірі билеуші болған Барак сұлтан Абылайдан үлгі алып, ол да Абылайдың біріншілік жағдайын мойындаған сияқты болады. Мәселен, 1745 жылы ол Қазақстан мен Ресей арасында сауда жүргізуіне өте тілектестікпен қарайды.

Абылайдың саясаты Ұлы жүздің билеушілеріне де өсерін тигізді. Абылай өзінің Тобыл губернаторы Сухтеленге хатында Ұлы жүз қазактарын – үйсін ру бірлестігін Ресей бодандығына қабылдау жөнінде саяси мәмлекер ретінде көрінеді (1745 жылғы желтоқсан).<sup>71</sup>

Абылай ханның ішкі өмірдегі маңызды өрекеттері арасынан оның жеке ұлан – төленгітерді құруын атап өту қажет. Хандарда жеке құзет, оларға адап әскер әрқашанда болған, бірақ Абылай ханда оның саны өте көп болды, сөйтіп XIX ғасырдың өзінде-ақ құжаттарда төленгітердің тұтас руы атап өтіледі. Бұл орайда төленгітерді ұстаудың белгілі бір ережелері сакталды. Абылай ханның қатысуымен қазақ жасактары тұрақты әскер сипатын алды, Орта жүз бен Кіші жүздің өр түрлі руларынан шыққан қолбасшылар әскери іспен тұрақты айналысты. Бөгенбай, Қабанбай, Баян, Есет, Наурызбай, Жәнібек сынды батырлар 10 000 жауынгерге дейін жететін ірі құрамаларды үнемі басқарып жүрді. Батыр институтының өзі әскери іспен неғұрлым көсіби түрде айналысатын адам саны көп жасактарды камти бастады. Мұны көптеген деректемелер объективті түрде дәлелдейді, ол кезде белгілі бір саяси қайраткерге әскери құзет ретінде батырлар еріп жүретін болған, ал олардың ең беделділері саяси өкіл міндетін атқарған. Мәселен, қытай деректемелерінде Еренқабырға ауданында сауда пунктін ашу туралы қытайлықтармен келіссөзді Қабанбай батырдың жүргізгені атап өтіледі. Ресей өкімет орындарымен саяси келіссөздерді Жәнібек тарханың жүргізгені жиі кездеседі. Қазақ даласының Қанжығалы Бөгенбай, Құлеке, Деріпсөлі және басқа да көптеген батырлар сияқты көрнекті қайраткерлер де маңызды саяси келіссөздер жүргізген.

Қазақстанның онтүстік шептері де біртұтас мемлекеттің құрамдас бөлігі ретінде Абылайдың жоспарына енді. 1762 жылы ол қарақалпактарға жорық жасады және сол арқылы Ұлы жүз рулары мен коныраттардың ескі замандардан бері қазактардың жері болып келген Сыр өнірі коныстарын иеленуіне мүмкіндік берді. 1765 жылы ол Коқанға жорық жасап, Ташкентте бір жыл болды. Сол жылдары ол Коқаның күшті ықпалында болған қырғыздарға қарсы жорыққа шықты және онда 1770 жылы «Жайлау қырғыны» болды, мұнда Абылай қырғыздардың тас-талқанын шығарды, ал тұтқынға түскендерін ол Көкшетау жеріне коныстандырды. Бұкіл дерлік Жетісуды басып алған Коқан билеушілерінің одактастары ретіндегі қырғыздарға қарсы кимылдар аумакты шамамен Қазақстан мен Қырғызстанның қазіргі шекарасы бойынша, яғни өздерінің ежелгі жерлері бойынша межелеумен аяқталды. Орта Азияға қатысты саясатында Абылай қазактардың ежелгі жерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету принципін мұлтіксіз ұстанды, ал оның қолданған шаралары сол бір мейірімсіз де

қатаң дәуірге мейлінше тән болды. Абылай тұсында Жетісу Ұлы жүз рұлары қоныстанған жерге айналды, ал олардың ата-бабалары ерте кезден осы өлкені мекендереп келген еді. Абылайдың басты мақсаттарының біріне қол жеткізілді.

## 6. АБЫЛАЙ ХАН МИРАСҚОРЛАРЫ БИЛІК ЕТКЕН КЕЗЕҢДЕГІ ОРТА ЖҮЗ АУМАҒЫНДАҒЫ САЯСИ ЖАҒДАЙ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 80-ЖЫЛДАРЫ—1821 Ж.)

Абылай хан қайтыс болғаннан кейін Орта жүз бен Ұлы жүз аумағында ұзакқа созылған саяси дағдарыс басталады, ол ақыр аяғында Қазақ хандығы саяси жүйесінің ыдырауына және оның өз тәуелсіздігінен айырылуына өкеп сокты.

Бұл кезеңде Шаруалар соғысының сұмдықтарын бастап кешірген, Батыс Еуропада да, Қара теңізде де өз жағдайын нығайтып алған Ресей империясы едәуір күшнейеді. 1768—1774 жылдардағы орыс-түрік соғысының барысында Ресей әскерлері Қырым мен ноғай даласын басып алды, ал 1783 жылы Қырым хандығы тіршілік етуін тоқтатты. Ресей Алтын Орданың мұрасына және Еуразияның барлық халықтары арасындағы басты рөлге жеке-дара дәмелене бастады. Бұл Ресейдің Орталық Азияға, соның ішіндегі Қазақстанға экспансияшылдық саясатын женілдettі.

**Үәли хан билік еткен жылдардағы Орта жүз.** 1781 жылы Абылай хан қайтыс болғаннан кейін күздігүні қазақ қоныстарында оның үлкен баласы Үәлиді хан жариялауға дайындық басталды. Онан басқа хан атағынан Барак сұлтанның баласы, Абылайдың кызын алған, Орталық Қазақстандағы көптеген руларды басқарып келген Дайыр және Кіші жүз ханы Батырдың баласы, ол да Абылайдың күйеу баласы Құдайменде сұлтан дәмеленді. Соңғысы Обаған мен Есіл арасындағы үлесті басқарды. Оңтүстік Қазақстанда Әбілмәмбет ханның баласы Болат сұлтан мен Шахмұхамедтің (Сәмеке. — Ред.) баласы Есім сұлтан ықпалды болды, олар Сырдариядағы қалаларды иеленді. Солтүстік-шығыс Жетісуда Әбілмәмбеттің басқа бір баласы, әбден қартайған Әбілпейіз сұлтан билік етті. Орта жүз бен Ұлы жүздің басқа жерлерінің бәрі Абылайдың балаларына бөліп берілген еді. Нәк солардың қолдауы мен өкелерінің даусыз беделі Үәли сұлтанның таққа басқа үміткерлерді женуін қамтамасыз етті.

1771 жылдың қарашасында хан жариялаудың ресми рәсіміне қазақ даласына Цин империясының елшілігі келді. Бастапқыда бұл рәсімді Көкшетаудағы хан ордасында өткізу жоспарланған еді, алайда кейіннен қытай елшілігімен кездесетін орын шығысқа ауыстырылды. 1781 жылдың желтоқсанында Ханбаба сұлтанның ауылында Үәли цин елшілерінің, сұлтандардың қатысуымен хан жарияланып, ақ киізге көтерілді. Сол жерде Абылайға ас берілді, Орта жүздің жаңа ханына көп сыйлықтар, соның ішінде алтын жалатқан тақ, күміс ыдыс-аяқ, көп мөлшерде жібек маталар мен қағаз ақша тарту етілді. «Үәли сұлтанды ақ киізге отырғызып, сонымен көтеріп, хан болуымен құттықтады», — деп хабарлады Сұлтанмұхамед сұлтан Сібір бекіністі шебі

әскерлерінің командашысы генерал-майор Н. Г. Огаревке.<sup>72</sup> Сайлау ресіміне өр түрлі қазак руларының бес жұздей өкілі қатысты, соның ішінде орыс елшісі Чучалов та болды. 1782 жылдың басында Уәли Петропавл бекінісіне барып, Ресейге адалдыққа ресми түрде ант берді және оны Ресей өкімшілігі таныды.

Уәлидің бір мезгілде Ресейге де, Қытайға да ант беруінің өзі-ак оның өкесінің саясатын жалғастыруға ұмтылғанын көрсетеді. Бір жағынан, ол II Екатеринаға: «Тірі тұрған кезімде, өз күшім жеткенше, Ұлы мәртебелі Сізге қызмет етуімді жалғастыра беремін», – деп мәлімдеді.<sup>73</sup> Екінші жағынан, хан ара-тұра Пекинге өз елшілерін жіберіп, цин императорын өзінің адалдығына сендіріп отырды. Дегенмен де, оның билігі Абылай ханың қолында болғанындей абсолютті билік болған жоқ. 80-жылдардың басында қаракесек және төртуыл рула-рында Барак сұлтанның баласы Дайыр хан болып жарияланды. Оны Нұра өзенінің бойында арғын руларын басқарған Бәкей сұлтан қол-дады. Уәлидің өзі «менде Қарауыл және Атығай сияқты шағын ғана екі болыс жағдайында күш көп емес, ал үлкен болыстар... атап айт-қанда: өздерінде атақты сұлтандары бар Төртуыл, Қаракесек, Алтай және Найман болыстары, ал олардан менің ешқандай кәсіpte үмітім жоқ, өйткені олар мені амалын тауып тындармай кетуі мүмкін» деп білді.<sup>74</sup>

А. И. Левшин 1783 жылы қазақтарда тағы бір хан болды, ол Барак сұлтанның баласы, Әбілпейіз сұлтан қайтыс болғаннан кейін найманың қаракерей руы хан етіп жарялаған және Қытай императоры сол құрметте таныған Ханқожа деп санады.<sup>75</sup> Бірак бұл жылы Ханқожаның хан атағы жайында өлі сөз бола қоймаған еді. «Сен, Ханқожа, Әбілпейіздің үлкен баласысың, саған өз өкеңінің мұраға қалған ван (яғни, кінәз. – Ред.) атағын ракымдылықпен береміз», делінген импе-ратор Цянь-лунның грамотасында.<sup>76</sup>

Дегенмен Ханқожа 1799 жылы өзі қайтыс болғанға дейін хан деп атала берді. Деректемелерде Абылай қайтыс болғаннан кейін тәуелсіз болған және 1798 жылы Ташкентті, Түркістанды және басқа қалаларды Жұніс қожаның басып алуы салдарынан биліктен айырылған Болат хан мен Есім ханың есімдері де айтылады.

Дайыр хан 1786 жылы өлді, оның інісі Бәкей сайлануға қол жеткізе алмай, өз иеліктеріне сұлтан атағымен билік ете берді. Сонымен XVIII ғасырдың аяғында Орта жұзде екі хан – Уәли мен Ханқожа қалды.

Уәли ханың ішкі саясатын шекаралық шепке жақын жерде көшіп жүретін сұлтандар мен ақсақалдардың бір бөлігінің орыстарды жақтайдын пиғылдары да қындана түсті. Соңғылары патша өкімшілігіне ханың озбырлығы мен қысым көрсетуіне жиі шағым жасайтын. Нәтижесінде шекарада тұратын қазақтар орыс иеліктеріне көшіп кетіп отырды. Мәселен, 1789 жылы Болат сұлтанның баласы Тоғым сұлтан Орта жұздің өзіне бағынатын ауылдарымен Өскемен бекінісіне қамқорлық көрсету туралы өтініш жасап, қоныстану үшін Ертістен жер алды. Солай бола тұрса да, 1796 жылдың өзінде орыс елшісі Телятников оны Түркістан түбінде кездестірген.<sup>77</sup> 1795 жылдың қаңтарында тағыда екі сұлтан мен 19 ақсақал өздерінің қоныстарын тікелей Ресейдің басқаруына қабылдауды сұрап өтініш жасады. Бәкей және Құдаймен-

де сұлтандар ашықтан-ашық Ресейге бүйрегі бұратын көзкарас ұстанды. 90-жылдардың басында Уәли Оңтүстік Қазақстанға бақылау жа-саудан айырылады және Жетісудың өз бауырлары Сүйік және Әділ сұлтандар билік еткен бөліктерінде ғана оның билігі сақталып қала-ды. Ханның 1785 жылғы қырғыздармен соғысы осы аймақтағы тағы бір сәтсіз сыртқы саяси әрекеті болды.

Қазақтар мен қырғыздар арасындағы өсіреле Абылай хан қайтыс болғаннан кейін жиілей түскен бір-біріне шабуыл жасап, мал айдап әкету Уәлиді қырғыздарға қарсы өз інілері Шыңғыс пен Қасым бастаған әскер жіберуге мәжбүр етті. Барлау жасаған Қасым тұтқынға алынды, бірақ келіссөздерден кейін босатып жіберілді. Дегенмен соғыс тоқтатылмады. Тыз сұлтан мен Бердіқожа старшын жеке қолымен қырғыздарға шабуыл жасады. Тыз да талқандалып, тұтқынға түсірілді, тек Бердіқожа ғана 1786 жылы қырғыздарды талқандаудың сөтін түсірді. Келесі жылы ол да тұтқынға түсіп, өлтірілді. Оның інілері мен балалары қырғыз қоныстарына сөтті шабуыл жасағанына қарамастан, жанжал бітпей, шапқыншылық жа-ғастырыла берді.

Уәлидің Цин империясымен қатынастары неғұрлым тұрақты болды. Қытай-лардың Ресейге қарсы жоспарланып жатқан соғысина қатысадан оның 1785 жылы бас тартқанына қарамастан, үнемі елшіліктер алmasып отырды, 1789 жылы Уәлидің өкілдері Бопы мен Әділ сұлтан императордың 80 жылдығына байланысты Пекиндегі салтанаттарға қатысты, ол 1800 жылы ханның өтініші бойынша император Цзяцин Ғаббас сұлтанды Уәлидің мирасқоры деп ресми түрде таныды. Хан циндердің көмегімен қазақтарда қолданылып жүрген саяси жүйені өзгертіп, сайланбалы биліктің орнына мұраға қалдырылатын билік орнатуға тырысты, алайда оның бұл идеясы нақты орындалмаған күйінде қалды. Ғаббас Уәлидің тірі кезінде өлді, оның басқа балалары не жас болды, не айтарлықтай беделі болмады. Хан билігінің әлсіреуі Орталық Қазақстан қазақтарының 1816 жылы Бәкейді өз билеушілері деп жариялауына әкеп соқты, оны орыс үкіметі ресми түрде танып, сол арқылы Уәлидің Орта жүзге ықпа-лын әлсіретуге тырысты. 1817 жылы Солтүстік-батыс Қазақстанда тағы екі хан пайда болды. Тобыл және Аят алқаптарында көшіп жүретін қыпшак руының қазақтары Қайып ханның ұрпағы, ықпалды сұлтан Жантөрені, Торғай-дағы, Тобыл мен Обағандағы арғын қауымдары оның туысы Құдайменде сұлтан-ның баласы Жұмажанды хан етіп жариялады. 1819 жылы, Бәкей хан қайтыс болғаннан кейін, оның орнына Шыңғыс сайланды, алайда оның Нұраның жоғарғы ағыстары мен Қарқаралы және Кент тауларының төңірегінде көшіп жүретін бірнеше қауымдарға ғана билігі жүрді. Сонымен XIX ғасырдың бірінші ширегінде Орта жүзде Уәлиден басқа, оның билігіне таласқан тағы да үш хан болды. Уәли өзінің баласы Ғұбайдолла сұлтанды мирасқоры деп жарияладап, 1821 жылы қайтыс болды.

Уәли хан мен оның бакталастары билік етуінің негізгі қорытындысы Қазақ хандығының жалпы әлсіреуі еді. Басқарудың үлестік жүйесіне көшу – сұлтандар ықпалының өсуіне, ал XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында орталық биліктің бөлшектенуі іріткі салу сарынның күшеюіне және мем-лекеттің іс жүзінде ыдышауына әкеп соқты. Ресей шекаралық шебіне жақын манда көшіп жүретін руларды басқарған көптеген сұлтандар мен ақсақалдар орыстың өкімет орындарынан қолдау іздел, Уәли ханды орағытып өтіп, олар-мен белсенді байланыстарды жолға қойды. Рубасылар шендерге, сыйлықта-

рға, олардың қазақ қауымдарына билігін қолдау мен нығайтуға берілген уәдерге айырбастап, Ресейге адалдыққа ант берді. Нәк осы жағдай XIX ғасырдың 20-жылдарында Ресейдің Орта жүзде хан билігін жоюға әрекет жасауына және қазақтарды тәуелсіздігінен айырып, Қазақстанды Ресей империясының бір бөлігіне айналдыратын әкімшілік реформалар жүргізуіне мүмкіндік берді.

**Ресейдің Орта жүздегі XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басындағы саясаты.** Абылай хан қайтыс болғаннан кейін Ресейдің Орта жүз жеріне неғұрлым белсенді түрде енуіне жағдай қалыптасты. Сұлтандар мен рубасылардың Уәли ханның ұстінен шекаралық әкімшілікке жасаған шағымдары Солтүстік және Шығыс Қазақстанның аумағын империя құрамына қосу үшін қолайлы сылтау ретінде пайдаланылды. Ол ол ма, үкімет мұндай жолданымдар мен өтініштерді көтермеледі, рубасыларды марапаттау, сыйлықтар мен шен беру арқылы сатып алууды ұсынды. Қазақтарды егіншілікке, шөп шабуға және солардың салдары ретінде отырықшылыққа тарту жоспарланды. Бұл оларды жақсырақ бақылауға және дала халқын ішкі губерниялардың түрғындарына жақыннатуға мүмкіндік беретін еді. XVIII ғасырдың аяғында аймақта Ресей билігін орнықтыру жөніндегі шаралар көзделетін бірқатар жобалар пайда болады. XVIII ғасырдың 90-жылдарының орта шенінде әзірленген Я. Баувердің жобасына сәйкес, саяси және экономикалық сипаттағы өзгерістердің тұтас кешені көзделген. Біріншіден, Уәли ханның жанынан екі алқадан тұратын Ақсақалдар кеңесін құру жорамалданды. Бас сот алқасы Петропавл бекінісінде, екіншісі – хан ордасы жанында болуға тиіс еді. Сонымен бірге әрбір руда билердің «ауызша соты» құрылмақшы болды. Ең маңызды істер екінші алқада қаралып, оның шешімін Петропавлда бекіту қарастырылды. Сөйтіп қазақтардың сот жүйесі шекаралық әкімет орындарының бақылауында болар еді. Екіншіден, Петропавл бекінісінде қазақ балаларына арналған мектеп және қазақ болыстарында мешіттер ашып, оларға Ресей бодандарынан молдалар тағайындау көзделді. Осы шаралар арқылы Ресей әкімшілігі қазақтардың рухани өмірін бақылауға алууды жоспарлады. XIX ғасырдың басында Омбы мен Семейде қазақ балаларын орысша сауат ашуға оқытуға арналған мектептер ашылды. Бұл оқу орындары негізінен отаршылдық аппарат үшін қызметкерлер даярлады.

XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында шекара өніріндегі қазақтарды тікелей басқаруды ұйымдастыру жөнінде шаралар қолданылды. 1798 жылы Орта жүз руларына Ресей бодандығын қабылдауының өтеміне Ертіс алқабынан жер бөлінді. XIX ғасырдың басында Томск губерниясының Бийск және Тюкалинск округтерінде – 32,1 мың қазақ, Тобыл губерниясының Есіл және Корған округтерінде – 19,8 мың, Омбы округінде – 10 мың, Петропавлда – 23,6 мың, Семейде – 32,5 мың, Өскеменде – 9,8 мың, Сібір шебінің дистанцияларында 11,4 мың адам тұрды. Ресейдің тікелей бодандығында Орта жүздің барлығы 140 мыңнан астам қазағы болды.

XIX ғасырдың басында шекаралық әкімет орындары өскери-барлау сипатында бірқатар шаралар қолданды. 1815 жылы Усть-Уйск бекінісінен Торғайдың жоғарғы ағысына подполковник Феофилатьевтің бастауымен 1617 адамнан, соның ішінде 330 казактан, 1080-нен астам башқұрттан, екі зенбірегі бар 100 жаяу өскерден тұратын экспедиция жіберілді. Бұл экспедицияның басты мақсаты қорғасын рудасы кеніштерін зерттеу және оларға апаратын қолайлы жолдарды барлау еді.<sup>77</sup> 1816 жылы Ертіс шебінен И. Шангиннің басқаруымен 200 адамнан тұратын осындағы экспедиция және Пресногорьков бекінісінен

150 казактан тұратын Ф. Набоковтың отряды жіберілді. Бұл экспедициялар ғылыми және барлау мақсаттарына қоса, Ресей империясының өскери күші мен орыс өскерлерінің Қазақстанның кез келген нүктесіне жету мүмкіндігін де көрсетті.

Көріп отырғанымыздай, XIX ғасырдың басында Ресейдің Орта жүзегі саясаты неғұрлым белсенді бола түскен. Мұны Уәли хан билік еткен кезде Қазақ хандығының әлсіреуі, сондай-ақ Ресей империясының аймаққа ықпалының күшеюі туғызған еді. Отаршылдық өкімет орындарының барлық шаралары Солтүстік және Шығыс Қазақстанды империя құрамына қосуға негіз дайындау мақсатын көздеді.

<sup>1</sup> Абылай хан. Тарихи жырлар, т. 4. А., 1993, 67-б.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 41-б.

<sup>3</sup> Бұл да сонда, 43-б.

<sup>4</sup> Бұл да сонда, 304-б.

<sup>5</sup> «Айқап», 1912, № 6—7.

<sup>6</sup> Абылай хан, 61-б.

<sup>7</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе с 1758 г., т.

3. Казань, 1897, 741-б.

<sup>8</sup> Бұл да сонда, 746-б.

<sup>9</sup> Бұл да сонда, 747-б.

<sup>10</sup> Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX в. Сборник документов и материалов. Археографическое введение К. Ш. Хафизовой (в соавторстве с В. А. Моисеевым), историческое предисловие, перевод китайских источников и подготовка научного комментария К. Ш. Хафизовой. А., 1989, ч. I, 47-б.

<sup>11</sup> Бұл да сонда, 52–53-б.

<sup>12</sup> Бұл да сонда, 80-б.

<sup>13</sup> Бұл да сонда, 83-б.

<sup>14</sup> Бұл да сонда, 96-б.

<sup>15</sup> Омари Ж. Бұқар жырау. Он екі тарих. Караганды, 1994, 168-б.

<sup>16</sup> Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, 114-б.

<sup>17</sup> Бұл да сонда, 104-б.

<sup>18</sup> Бұл да сонда, 129–136-б.

<sup>19</sup> Бұл да сонда, 144-б.

<sup>20</sup> Вяткин М. Казахское общество в середине XVIII в. //Известия Казахстанского филиала АН СССР. Сер. ист., вып. I. А., 1940, 16-б.

<sup>21</sup> Сулейменов Б. С., Басин В. Я. Казахстан в составе России в XVIII – начале XX века. А., 1981, 84–85-б.

<sup>22</sup> Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, 171–172-б.

<sup>23</sup> КРО-I, 603-б.

<sup>24</sup> Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. А., 1996, 242-б.

<sup>25</sup> Валиханов Ч. Ч. Собрание сочинений в пяти томах, т. I. А., 1984, 265–272-б.

<sup>26</sup> Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, 31–32-б.

<sup>27</sup> Бұл да сонда, 74–75-б.

<sup>28</sup> КРО-I, 677-б.

<sup>29</sup> Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, 85-б.

<sup>30</sup> Найман және коныраттарды билеген Эбілмәмбет ханның балалары.

<sup>31</sup> Омари Ж. Бұқар-жырау, 272-б.

<sup>32</sup> Левшин А. И. Описание, 254-б

- <sup>33</sup> Спасский Г. И. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды //Сибирский вестник, ч. 9, 1820, 118–119-б.
- <sup>34</sup> Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, 101–102-б.
- <sup>35</sup> Бұл да сонда, 100-б.
- <sup>36</sup> Бұл да сонда, 88-б.
- <sup>37</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч., т. 4. А., 1985, 115-б.
- <sup>38</sup> Бекмаханова Н. Е. Легенда о Невидимке. А., 1968, 170–171-б.
- <sup>39</sup> Сулейменов Б. С., Басин В. Я. Казахстан в составе Российской империи, 92-б.
- <sup>40</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч., т. 4, 116-б.
- <sup>41</sup> Бекмаханова Н. Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. М., 1980, 72-б.
- <sup>42</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край, 751-б.
- <sup>43</sup> Бекмаханова Н. Е. Формирование многонационального населения, 72–75-б.
- <sup>44</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч., т. 4, 218–219-б.
- <sup>45</sup> Бұл да сонда, 224–225-б.
- <sup>46</sup> Бекмаханова Н. Е. Легенда о Невидимке, 27-б.
- <sup>47</sup> Абдиров М. Ж. История казачества Казахстана. А., 1994, 96-б.
- <sup>48</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край, 747–748-б.
- <sup>49</sup> Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, 160-б.
- <sup>50</sup> Бұл да сонда, 165-б.
- <sup>51</sup> Левшин А. И. Описание, 238–239-б.
- <sup>52</sup> История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. В пяти томах, т. 3. А., 1979, 75-б.
- <sup>53</sup> Левшин А. И. Описание, 240–241-б.
- <sup>54</sup> Цинская империя и казахские ханства, 77-б.
- <sup>55</sup> Сулейменов Б. С., Басин В. Я. Казахстан в составе Российской империи, 87-б.
- <sup>56</sup> Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, 37-б.
- <sup>57</sup> Левшин А. И. Описание, 254-б.
- <sup>58</sup> Карагаев Н. К. П. И. Рычков – выдающийся русский экономист XVIII века //Вестник АН СССР, 1950, № 3, 85-б.
- <sup>59</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край, 751-б.
- <sup>60</sup> Сулейменов Б. С., Басин В. Я. Казахстан в составе Российской империи, 195-б.
- <sup>61</sup> Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, 25–26-б.
- <sup>62</sup> МОЦА-II, 23-б.
- <sup>63</sup> Бұл да сонда, 27-б.
- <sup>64</sup> Витевский В. Н. И. И. Неплюев и Оренбургский край. Казань. 1893, т. III, 32-б.
- <sup>65</sup> Бұл да сонда, 56-б.
- <sup>66</sup> Материалы по истории Казахской ССР, т. IV, М.-Л., 1940, 24-б.
- <sup>67</sup> Ибрагимов С. К. Из истории внешнеторговых связей казахов в XVIII веке. //Ученые записки Института востоковедения. М., 1958, т. 19, 46-б.
- <sup>68</sup> Бұл да сонда, 48–50-б.
- <sup>69</sup> Бұл да сонда, 52-б.
- <sup>70</sup> Бұл да сонда, 58-б.
- <sup>71</sup> КРО-I, 59-б.
- <sup>72</sup> Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, 106-б.
- <sup>73</sup> Сулейменов Б. С., Басин В. Я. Казахстан в составе Российской империи, 93-б.
- <sup>74</sup> Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, 116–117-б.
- <sup>75</sup> Левшин А. И. Описание, 257-б.
- <sup>76</sup> Цинская империя и казахские ханства, ч. 2, 112-б. Бұл жерде Ханқожа Әбілпейіздің баласы деп алынған, бірак ол әкесі Барак сұлтанның өлімінен кейін асырап алған бала болатын.
- <sup>77</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч., т. 4, 246–247-б.



## *Жетінші тарау*

### **XVIII ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ – XIX ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҮШТЕН БІРІНДЕГІ ОҢТУСТИК ҚАЗАҚСТАН**

#### **1. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТАШКЕНТ ИЕЛГІНІҢ ҚҰРАМЫНДА БОЛУЫ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 80-ЖЫЛДАРЫ – XIX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)**

XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басындағы Қазақстанның оңтүстігіндегі саяси жағдай оның қалған бөліктеріндегі жағдайдан ерекше болды. XIX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстан ортаазиялық феодалдық мемлекеттер – Хиуа, Бұхара және ең үлкен дәрежеде – Қоқан экспансиясының объектісіне айналды. Қазақстанның оңтүстігінде олардың үстемдік ету кезеңі біршама аз уақыт аралығын (шамамен 1810–1866 жылдар аралығын) алса да, бұл кезең – аймактың Ресей империясына қосылуының тікелей алдында болған маңызды кезең. Оңтүстік Қазақстан өзін қазақтардың басқа облыстарынан сондайлық ерекшелендіретін сипатты белгілерге нақ сол кезде түпкілікті ие болған еді.<sup>1</sup>

Монғолдарға дейінгі кезенде Қазақстанның оңтүстігінде отырықшы егіншілік жазиралары қоршап жатқан, жеткілікті дәрежеде дамыған қала мәдениеті болғаны мәлім. Шыңғыс-хан шапқыншылығының оған мықтап апат келтіргені сонша, ол XIX ғасырға дейін онда алмады. XVIII ғасырдың бірінші жартысында жонғарлардың басып кіруі отырықшылық-егіншілік мәдениеттің құлдырауын ақырына дейін жеткізді. XVIII ғасырдың аяғына қарай Қазақстанның оңтүстігі оны мекендеген өр түрлі руладың, көбінесе Ұлы жүз бен Орта жүз рұларының көшпелі шаруашылығы басым аймақ болды.<sup>2</sup>

Бұл жағдайлар мұнда қазақ хандары билігінің нығаюына себепші болмады, өйткені бай отырықшылық-егіншілік жазиралары болмаған олар көшпелі бірлестіктерге өз билігін нығайту үшін олардың ресурстарын пайдалана алмады. Солай бола тұрса да, XVIII ғасырдың аяғына дейін, Орталық Азия жонғарлардың басқыншылығы, Ираннан Нәдір шахтың шапқыншылығы, Аштархан ұрпақтары мемлекеттің құлауы және өзбек қауымдарының Орта Азиядағы иеліктерді қайта бөлісу үшін жүргізген кескілескен құресі туғызған құлдыраудан ес жиып үлгіргенше, қазақ хандары жонғарларды ығыстырып шығарып, Қазақстанның оңтүстігінде өз билігін қалпына келтіріп қана қоймай, жонғарлардан Ташкентті қайтадан тартып алды, тіпті жергілікті қыпшактарға сүйене отырып, Ферғана істеріне де араласа бастады. 1748 жыл шамасында «ташкенттік төре», Барақ сұлтанның баласы, Наманғаннның билеушісі және Туракорғанның (кейіннен Солтүстік Ферғанадағы қоқан наместнигінің резиденциясы) негізін салушы Шығай ханды (ол әрі Ахмад хан) дала қыпшак-

тары Йазы – Ферғана ханы деп жариялады. Алайда көп ұзамай ол қоқан билеушісі Әбді әл-Кәрім биден жеңіліс тапты.<sup>3</sup>

XVIII ғасырдың аяғына қарай Орталық Азия шаруашылығының қалпына келтірілуі, осы негізде өсіп шыққан жетекші үш мемлекеттік құрылым – Бұхара әмірлігінің, Қоқан және Хиуа хандықтарының пайда болуы мен күшеюі жағдайды біртіндеп осы мемлекеттердің пайдастына өзгерді.

Ферғана тарихи жағынан да, географиялық жағынан да Қазақстанның онтүстігімен тығызырақ байланысты болды. Осында XVIII ғасырдың басында, бастапқыда өзбектердің минг құрылымының үлесі ретінде пайда болған шағын Қоқан иелігі бірте-бірте, XVIII ғасырдың аяғына қарай, солтүстік ферғаналық қожалардың жергілікті діни жетекшілерімен және басқа да рулық-тайпалық топтармен ойдағыдай құрес жүргізе отырып, бүкіл Ферғана алқабын өз билігіне біріктірді.

1798 жылы Қоқан тағына Әлім бек (1773/75–1810) көтерілді. Шексіз билікке ұмтылып және өзін такқа көтерген минг туыстарының бакылауына тартыла отырып, ол мылтықпен қаруланған және негізінен Кухистаннан (таулы Тәжікстан мен Памирден, тұра Гиндукушке дейін) шыққандардан құрылған, саны 6 мыңдан 10 мың адамға дейін жететін және «тәжік» деген жалпы этнониммен аталған адал тұрақты өскер бөлімдерін құруға кірісті. Бұл «жаңа өскерді» бір ғана Ферғанадан түсетін кіріске ұстау мүмкін емес еді. Қоқан хандығы тонаушылық жорықтар мен кең көлемді аумақтық басқыншылықтар жолына түсті. 1805 жылы Ферғана аңғарынан шығар жердегі стратегиялық мекен – Ходжент біржола жауап алынды. 1806 жылы Қоқан өскерлері Ұратөбені жауап алып, Жызакты қоршады.<sup>4</sup> Шамамен нақ сол уақытта Әлім бек, өз табыстарын зан жүзінде нығайтқандай, хан атағын қабылдады – Түркістан әміріндегі айта қаларлықтай оқиға, ол Хиуаның билеушісі, өзбектердің қонырат бірлестігінен шыққан Елтүзедің хан атағын алудымен (1804–1806) бір мезгілде болды. Идеологиялық жағынан алғанда, зайырлы түрік-монғол мемлекеттілігі идеясының ортаазиялық қожалар діни жетекшілерінен асып түсіп салтанат құрғанын білдірген бұл оқиға Қоқан хандарының Бабыр мен әмір Темір арқылы Шыңғыс-хан тегінен шыққаны туралы аңызбен негізделді, ал аңыз ақиқат (құқық көзі) ретінде қабылданатын.

Қоқан экспансиясының келесі нысанасы Ташкент болды.

Жонғарлар қуып шығарылғаннан кейін Ташкент иелігінде шамамен 1792 немесе 1794 жылға дейін қазақтардың шыңғыс ұрпақтары, ең алдымен Абылай хан билік етті. Ташкент пен оның аймағын Абылай хан қазақ рулық топтары арасында былайша бөлді. Шымкент Шымыр руына тиді. Төрт бөліктен – «тіректерден» (бастапқыда – ауылдар) тұратын Ташкент ысты (Бесағаш), Қонырат және Орта жүз (Көкше), жаныс (Сибзар), сіргелі, ысты және ошакты (Шейхантаур) арасында бөлінді. Шынасты құлас және найман қауымдары, Паркент қыстағы мен оның аймағын шықтым тобы алды. Төле бидің баласы, жаныс руынан шыққан Ниязбек Ташкент түбіндегі бекіністің негізін қалады, ол соның құрметіне (яғни Ниязбек) аталды және қалаға су беруді реттеп отыратын түйінді пунктке айналды. Сіргелі руынан Байтебек және қият руынан Қыбырай өздерінің бекіністі мекен-жайларын салды. Ташкенттің төрт бөлігін Абылай ханның тумалары: Бабахан төре (Шейхантаур), Аштархан ұрпақтарынан шыққан Раджаб бек (Бесағаш), Шагатай ханның ұрпақтарынан шыққан Мұхаммед Ибраһим бек (Көкше) және Жошы ұрпақтарының өкілі Сибзарды басқарды.<sup>5</sup> Олардың арасында Ташкентте өз билігін қүшету жолында үнемі құрес жүріп жатты.

Отырыкшы тұрғындардың көшпелілер жетекшілерінің зорлық-зомбылығына наразылығын XIV ғасырда әмір сүрген жергілікті әулие Шейхантаур (Шайхауанд-и Таһур) ибн Шайх Омар Багистанидің үрпағы Жұніскожа пайдаланды. Ташкент иеліктерін бөлген кезде ең қолайсыз және сусыз жерлер тиғен шанышқылы және қаңлы рулатындағы (өйткені олар Абылай ханың жонғарлармен шайқастарына қатыспады) өз мұридтерінің қолдануына сүйеніп, Жұніскожа 1792 не 1794 жылдардан бастап 11 жыл бойы Ташкентте өз билігін орнатты. Оны қият және түрік қауымдары да қолдады. Жұніскожаның иеліктері онтүстігінде құрама тауларына (яғни Ангрен өзенінің аңғарында орналасқан Құрама ауданын қоса алғанда), шығысында – Биссан тауларын, батысында – Сырдарияға және солтүстігінде – Шымкентке дейін кенейді. 1799 жылы Жұніскожа соған дейін Бұхараның қамкорлығын пайдаланып келген Түркістанды басып алды.<sup>6</sup>

Біrsызыра уакыт бойы Ташкентте кожалардың соғылық діни жетекшілер билігінің орнатылуы әбден занды құбылыс еді. Орталық Азияда соғылардың беделі жалпы алғанда өте жоғары болатын, ал хан билігі әлсіреген, аласапыран және «мезгілсіз» кезендерде жекелеген дәруіштік діни топтар саяси әмірде кейде шешуші күштер деңгейіне көтеріліп отыратын.

П. П. Иванов орыс деректемелерінің хабарларын жинақтай келіп, Жұніскожаның қазактар жөніндегі саясатьн былайша сипаттаған: «Ташкентке ең жақын қазак аудандарын жаулад алууды аяктап және Ұлы ордада хан атағын жойып, Жұніскожа, сірә, қазак тайпаларының ішкі өміріне одан әрі араласпаған болса керек, оларды басқаруды билерге беріп, зекет жинаумен шектелді. Дағы өніріне өз ықпалын күшету үшін Жұніскожа қазактардың ең ықпалды адамдарын өзіне кепіл етіп ұстады. Жоғарыда аталған деректемелерден да қазактарының қарастырылып отырған уакытта Ташкенттегі саудада да елеулі рөл аткарғаны көрінеді». <sup>7</sup> Ташкент билеушісінің негізгі әскери тірепі қазактар болды. Отырыкшы тұрғындар да, көшпелілер де алынған әскери жасак Ташкентте де, Ферғанада да «қара казан» терминмен белгіленді. Ташкент иелігі жасағының саны 20 мыннан 60 мынға дейін жететін адам болды. Жұніскожаның билігі оның жеке беделімен, кару күшімен ұсталды және берік болмады. Ол өзінің бес баласын – Мұхаммедкожаны, Ханкожаны, Ҳашимкожаны, Сұлтанкожаны және Ҳамиткожаны – Ташкентке бағынышты бекіністерге басшы етіп койды.<sup>8</sup>

Жұніскожа билігінің күшеюі мен шамшылдығы Ташкенттің Коканмен қактығысуына әкеп сокпай коймады, ол феодалдық екі орталықтың бакталастығығана емес, шын мәнінде мемлекеттік құқықтық идеологияның екі нысандының: кожалар діни жетекшілері мен зайырлы биліктің (хан билігінің) курсі де болды. Нак осы курестің барысында Кокан билеушісі хан атағын алды.

Бастапқыда жағдай Кокан үшін сәтсіз болып қалыптасты. Оның Ферғананың өзіндегі діни жетекшілік және оқшауланушылық сарындармен киын курсес жургізуіне тұра келді. 1799 жылы Әлім бек Ташкентке кокан бектерінің әйелдер жағынан туысы, Ҳолжент билеушісі Ханкожаны жіберді. Кокан күштері Ташкентке жақыншыл келіп, Карасудеген жерге аялаған еді. Осы жерде оларға Жұніскожа сырт жағынан келіп тиісті. Кокандықтар кашты. Ханкожа тұтқынғатусіп, 70 серігімен бірге өлтірілді. Соның нәтижесінде Жұніскожа Қураманы басып алды. Кокан Ҳолженттен айырылды, ал Ферғананың солтүстігінде нақшбанди діни тобының ферғаналық шейхы Лутфаллах Чустың үрпағы, Чуст билеушісі Бұзрыкжоға бүлік шығарды. 1800 жылы Жұніскожа Ферғанага атта-

нып, Ходжентке жақындағы, осы қаланың билеушісімен (онда қоқан мингілерімен бақталас өзбектің йуз бірлестігінен Ұратөбе әміршісінің қолшоқпary билік ететін) Қоқанға қарсы одак жасасты. Қоқан өскері де Ходжентке жақындағап келіп, Сырдарияның жағасына тоқтады. Екі жақтың ешқайсысы өзеннен өтуге бел байламады да, шайқас болмады. Үшінші өрекеттен кейін ғана Әлім бек Чусты бағындырып, Бұзрыққожаны өлтірді.<sup>9</sup>

Сол екі арада, ташкенттік үстем топтың пікіріне қарамастан, казактар тобы қолпаشتаған Жұнісқожа 1803 жылы Қоқанға қарсы жаңа жорық жасамақшы болып үйғарды. Ол Қоқанның өзіндегі Әлім бекке қарсы бой көрсетуге қатты сенді. Қазактардан, Ташкент пен Құрама тұрғындарынан өскер жинап алған Жұнісқожа Құрама жотасы арқылы өтіп, Ферғанаға кірді, сөйтіп Ашт арқылы жүріп, Чадак жолымен Гурумсарай өткелі жанында Сырдарияның он жағасына шықты. Сол кезге қарай Әлім бек Ходжентті қоршап тұрған бадашшандық тәжік Раджаб дуанбегіне қарсыласын өзен арқылы өткізбеуге бұйрық береді. Ходжент жанында Сырдарияның он жағасына өтіп алған Раджаб дуанбегі жеделдете жүріп отырып, Гурумсарайға жетіп Ташкент өскерімен кездесті. Сонымен бір мезгілде Гурумсарай тұсында Сырдарияның сол жағасында Әлім бектің алдыңғы тобы да келді. Раджаб дуанбегі Қоқанның ақ жалауын көтеріп, қозғалмай тұрған салт атты тубегінің қасына таулық тәжіктер арасынан елу мерген қойып, өзінің жанына жіті қимылдайтын атты өскерді қалдырды. Ташкент өскерінде алауыздық орын алды. Бабахан төре, Рұстем төре және Әділ төре шайқасқа өуелі шанышқылардың бөлімшелері мен Жұсіпқожаның өз жасағының кіруін талап етті. Қазақ атты өскерінің жалауға жасаған шабуылын мергендер мылтықтан оқ атып тойтарды. Раджаб дуанбегі атты өскерінің шабуылдары қазактардың қатарларын бұзды. Қазактардың жасағы, ал содан соң Жұнісқожа «ұрпактарының» жасағы да қорқып, қаша жөнелді. Ташкенттің қалған күштерінің шайқасқа кіріспегені былай тұрсын, Әлім бекке қашқындарды қайткенде тезірек қуып жетіп, тұтқындар мен олжаны қалай қолға тұсіруге болатынын көрсетіп берді. Мұны көрген Жұнісқожа мұлкі мен қазынасын тастай қашып, толық талқандауға ұшырады.<sup>10</sup> Осы шайқастың өзінде-ақ Жұнісқожаның атты жасағының шабуылына атты өскердің шабуылы мен атқыштардың оқ атуын бір мезгілде қарсы қойған қоқандықтар тактикасының артықшылығы көрсетілді.

Жұнісқожа қайтыс болғаннан кейін (1804 немесе 1805 ж.) Ташкенттегі билік оның үлкен баласы Мұхаммедқожаға, ал содан соң – Жұнісқожаның ортанның баласы Сұлтанқожаға көшті. Ташкенттегі әр түрлі тайталасуыш топтар арасындағы үздіксіз күрес Ташкент иелігін өлсіретті. Қазақ сұлтандары Түркістанға билікті тағы да қысқа уақытқа өз қолына алды: 1806 және 1809 жылдар аралығында онда Ибраһим сұлтан мен Қасым сұлтан отырды, Куатхан мен Тоқайхан (Тоғайхан) сонғысының балалары болатын. 1810 жылы онда «Абылай хан немересі» делінген біреу билік етті.<sup>11</sup>

Ташкентті Әлім бектің жаулап алуы екі кезеңінде өтті. Бірінші кезеңінде (1804–1807) қоқандықтар Ташкенттің онтүстік жағындағы Ангрен өзенінің (Сырдарияның он жақ саласы) анғарындағы өзбек рулары да, әр түрлі жүздердің қазақ рулары да мекендереген облыс – Құраманы біржола жаулап алды. XVIII ғасырдың аяғында «құрама халық» (түрлі ру-тайпа өкілдерінен құралған) 9 ірі елді мекені бар 10 мыңға жуық адамнан тұрған. XIX ғасырдың орта шенінде Құрамада енді 24 бекіністі мекен болды, бұл орайда орталығы Кереу什і бекінісі, маңызы бойынша екінші мекен Аблық еді. Құрамадағы тегі

қазақ этностар арасынан шанышқылы (Ұлы жұз), тама және керейіт (Кіші жұз) руларын атап өтуге болады; тама өuletі Бұқа бекінісін иеленді.<sup>12</sup> Құрама ауданын көшпелілердің интенсивті этникалық байланыстары мен жаппай отырықшылану өнірі деп қарастыруға болады. 1807 жыл шамасында Әлім бек оның Жызакқа жорығы кезінде Сұлтанқожаның солтүстік Ферғанаға кіріп, Шайданды қоршауға алған (бұл Әлім бекті Жызакты қоршауды қойып, Ферғанаға қайтуға мәжбүр етті) жағдайын пайдаланып, өзінің бауыры Омар бекті Ташкентке аттандырды. Шыршық өзеніне жақын жерде Сұлтанқожаның өскерін талқандап және оның өзін тұтқынға алып, Омар бек Ташкенттің жаңа билеушісі Хамитқожамен (Жұнісқожаның шанышқылы және қанлы тайпалары билікке көтерген кіші баласымен) шарт жасасты, ол өзін қокан ханының вассалы деп мойындады. Ниязбек бекінісінде Момын бек бастаған қокан гарнизоны және таулық тәжіктер арасынан 500 атқыш қалдырылды, оған Кереушінің билеушісі бағынуға тиіс болды.

1809 жыл шамасында діни құлшылық жасау (зікір салу) кезінде Әлім бекке қастандық жасалды: оны әлдебір кемтар (диуана) пышакпен ауыр жаракаттады. Соның салдарынан Қоқаннан Ұратөбе иелігі бөлініп кетті, ал Хамитқожа қокандықтарға шабуыл жасау ниетімен өскер жинады. Сонда Әлім бек Ташкентке жаңа жорық ұйымдастырды. Сол кезге қарай Момын бек Ниязбек бекінісінен шабуылдар жасап, қаланы үнемі дүрліктіріп отырды, ауыз судан тапшылық көрсетіп, ташкенттіктердің жағдайын өбден қынданатты. Оның көп тұтқындар алғаны сонша, оларды ит пен мысыққа айырбастады, Ниязбектегі шаяндарды құрту үшін тіпті 13 үй құсына үш тұтқын беретін. Ташкентте аشتық басталды. Ата-аналар балаларын бір құлшеге сатты. 11 күн коршап, қала дуалын астынан ұңғіп қазып, бұзғаннан кейін қала алынды және бір күнге тонауға берілді. Хамитқожа Бұхараға қашты. Қаланы алу кезінде тәжіктің таулық атқыштары, жаяу өскерлер және зенбірекшілер көзге тұсті. Жаулап алушылар үшін қауіпті белгілі ташкенттіктердің бір бөлігі Қоқанға кепіл етіп жөнелтілді. Кейбір далалықтарды хан дарға асуға, ал өз жақтастарын ақсақалдар (қала махаллалары мен қыстактардың басшылары) және билер етіп бекітуге бұйрық берді. Ташкенттің хакімі (наместникі) етіп Сайид Әлібек парванашы тағайындалды.<sup>13</sup>

Ташкентті бағындыру Қоқанның Онтүстік Қазақстанды жаулап алуы басталғанын көрсетті. Мұндағы жағдай Әлім бектің ой-ниетіне қолайлы болды. Казақ билеушілері арасында бірлік болмады. Түркістан қаласының билеушілері Бұхараның көмегіне бағдар алды, сол кезде сайрамдықтар Қоқанның жуырдағы одактастары болатын: осыдан бірнеше жыл бұрын Ұратөбе тұбінде Бұхара өмірі Хайдардың (1780–1826 жылғы қазан; 1800–1826 жылдарда билік құрды) Әлім бекпен ірі шайқасы өтті. Түркістанның билеушілері Ибраһим сұлтан мен Қасым сұлтан және соңғысының балалары Куатхан мен Тоқайхан (Тогайхан) өмір жағында, ал 3–4 өскербасы бар 10 мың адамдық сайрам өскери Әлім бек жағында шайқасты. Онда қоқандықтар жеңіліс тапты, оның үстіне түркістандықтар сайрамдықтардың тас-талқанын шығарды.

Баска бір казақ билеушісі Әділ төре (Абылай ханның үшінші баласы) өзара қырқыстар себепті 10 мың отбасымен бірге туған жерінен мұлде кетіп, қытайлықтардың иеліктерінен пана іздеуге мәжбүр болды. Ташкентте ірге тепкен қазактың Шыңғыс ұрпақтарына келер болсақ, олар кейіннен болған оқиғалардың көрсеткеніндей, бастапқы кезенде Дешті Қыпшакта қокан саясатын жүргізушілер болған.

## **2. ҚОҚАН ЖӘНЕ ХИУА ХАНДЫҚТАРЫНЫҢ СОҒЫС ЭКСПАНСИЯСЫ. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЖАУЛАП АЛУШЫЛАРҒА ҚАРСЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ (XIX ғАСЫРДЫҢ 10–20-ЖЫЛДАРЫ)**

Қоқан хандығының билеушілерін қазақ даласын жаулап алу үшін баруға итермелеген не? Жоғарыда атап өтілгеніндей, Әлім бек пен оның төңірегіндегілерді қазынаны жаңа олжа көздерімен толықтыруға ұмтылыс жаулап алушылық жорықтарға итермеледі. Осы арқылы ол «бұрынғы» өзбек шонжарлары мен негізінен таулық тәжіктер (XIX ғасырда олар «тәжік» этнонимімен көрсетілді) қатарынан құрылған «жаңа» өскер (бұл жауынгерлер гала-баһадүрлер деп атала бастады) арасындағы бақталастықты жұмсартып, олардың мұдделерін жаңа облыстарды басып алу мен отарлау үшін біріктіруге де ұмтылды. Қоқан өскерлерінің Ұратөбе ауданында Бұхара әмірінің құштерімен қактығысуы қоқандықтардың батысқа қарай ілгерілеуін тоқтатып, олардың экспансиясының бағытын ғана өзгертті.

Отырықшы-егіншілікті Мауараннахдың көшпелі шет аймағы ретіндегі Қазақстанның оңтүстігін жаулап алу қоқан феодалдарына бай жазираларға ие болуды бермесе де, оның есесіне мал өнімдерінің тұсуімен қоса, олардың Орта Азияны Ресеймен және Қытаймен байланыстырып жатқан керуен жолдарына стратегиялық бақылау жасауды да қамтамасыз етті. XIX ғасырда олардың арасындағы сауданың едәуір өскендігінен де бұл өте маңызды болды. Ақырында бұл кең-байтақ аймакты жаулап алушының идеологиялық маңызы зор болатын.

Орта Азияның, яғни Мауараннахдың отырықшы халқы мың жыл бойы Дешті Қыпшаққа қорқынышпен қарап келді, өртүрлі дәуірлерде Орта Азияға өз өuletтерін (эфталиттер, түріктер, Шыңғыс ұрпақтары, Шайбани ұрпақтары және басқалар) отырғызып коятын жаулап алушылар толқыны сол жақтан келетін. Дешті Қыпшақтың тым болмағанда бір бөлігін бағындыру және бүкіл Ішкі Азияның мұсылмандары кең көлемде қадірлейтін «99 000 шайхылар жетекшісін» иелену қоқан ханының беделін болып көрмеген биікке көтерді.

Ташкентті бағындырғаннан кейін бір жыл өткен соң, 1810 жылдың ақпанында Әлім бек Ресеймен сауда жасау үшін тауарлар артылған 300–400 түйеден керуен жабдықтап, оны Ташкентке жіберді. Нәк сол уақытта ол Ташкенттегі хакім Сайді Әлібектен қазактардың салықтар: зекет (малдан) пен харадж (егістен) төлеуден бас тартқаны туралы хабар және бағынбаушыларды тыныштандыру үшін өскер жіберуді сұраған өтініш алды. Сол кезде хан қыскы аязға қарамастан керуеннің ізінен Сайрамды, Шымкентті және Түркістанды бағындыру үшін 12 мың адамдық «жаңа» өскер жіберді. Өскер құрамына бітістірушілік және миссионерлік міндеттер жүктелген Ташкенттің 50 шақты үлемі енгізілді. Төніректегі көшіп үлгірмей, жаулап алушылардың қолына түскен қазақ тұрғындары «тамтығы қалдырылмай» тоналды.<sup>15</sup>

Осы жорықтың барысында қоқандықтарды басқарған тәжік Зухур дуанбегі Сайрамды коршады, Шымкент қыстағына бекініс салып, онда мылтықтары (туғандар) мен екі зенбірегі бар 200 жаяу және 400 салт атты атқыштарды қалдырды. Содан соң ол Әулиеатаға келіп, бекініс салды және онда тәжіктер Абдаллах датқа пен Шахбек датқа бастаған 1000 жауынгер қалдырды. Одан әрі Зухур дуанбегі Түркістанға жақындалды. Басқа бір лақапқа қарағанда,

Түркістанға жорықты ташкенттік Шыңғыс ұрпағы Салымсақ төре басқарған, ол келіссөздерден кейін түркістандықтарды Әлім бектің билігіне бағынуға көндіріп, оған 90 түйеге артылған сый-сыяпат, соның ішінде «кемшат терісінен» тігілген өдемі тон жіберген».<sup>16</sup>

Қалай дегенмен де Зухур дуанбегінің одан арғы қимылын Ташкент тубіндегі Минг-өрікте, ханның інісі Омарбектің ордасында болған оқиғалар тоқтатып таstadtы. Оның туыстары (анаы жағынан, Фази аталықтың ұрпактары – аса ықпалды мингтер өулетінің мүшелері)<sup>17</sup> мен бұрынғы шонжарлардан шыққан, Әлім бектің дара билігіне наразы Абылай ханның ұрпактарынан ташкент және қазақ шонжарлары, қоңырат, шанышқылы, сіргелі, бестаңба бірлестігі мен қарақалпактар қолдаған өскербасылар бұл сәтті батыл қимылдауға қолайлы деп тапты, өйткені Қазақ даласына жіберілген «жаңа» өскер үскірік аяздан адам айтқысыз азап көріп, наразылық білдіре бастаған еді. Қаскунемдік жасаушылар тақты басып алу үшін Омарбекті Қоқанға жасырын қашып ба-руға көндірді (сол кезде Әлім бек Ташкентте болатын). Қаскунемдік туралы кеш білген Әлім бек өскерді Ташкентке асығыс шақырып алғып, Қоқанға бет алуға мәжбүр болды, Ташкентке өзінің баласы Шахрухты (оның шешесі қазақ болатын) қалдырып кетті. Кетер алдында ол Ташкенттің бұрынғы астық базарында өзінің қолына түскен қаскунемдерін, соның ішінде қазақтағы Шыңғыс ұрпағы Салымсақ төре мен Әділ төрені (сірә, Қытайға көшіп кеткен басқа Әділ төренің атасы болса керек) дарға асып ұлғірді. Алайда Қоқанға бара жатқан жолда өскер ханды тастанап, тарап кетті, ал оның өзі көп үзамай 1810 жылдың көктемінде Қоқанға жақын жерде өлтірілді.<sup>18</sup> Әлім бектің қаза табуы оның мемлекеттік істерге Ферғананың шонжар «ақсақалдарының» ықпала-лын кемітуге жасаған өрекетінің сәтсіздікке ұшырағанын білдірді, ал Әлім бек жүргізген үстем таптың өлеуметтік базасын кеңейту саясатының бары-сында олардың мұдделеріне қысым көрсетілген еді.

Шонжар ақсақалдар оның туған інісі Омарды (1785–1822; 1810–1812 жылдарда билік құрды) таққа көтерді, ол сол шонжарларға анаы жағынан да, өзінің немере қарындасы Тадж ан-нисамен (Мохлар-айим, өзбектің классик ақыны Надира есімімен танымал) некесі жағынан да байланысты болатын. Батылдығы мен өркөкіректігі жағынан марқұм ағасынан өлдекайда кем түсетін жаңа хан жұмсақтығымен және нәзік талғамымен ерекшеленді, акындық да-рыны болатын және Әмір деген бүркеншік атпен (таяхалус) парсы және түркі тілдерінде өлендер жинағын (диуан) қалдырыды. Оның тұсында алғаш рет Қоқан-ның ресми хроникасы («'Умарнама» және «Шахнама-йи' Умар-хани») жазылды.

Төңкерістен кейін Ферғанадағы ішкі істерді жайғастыру, Ұратөбе мен Жызаққа қатаң бақылау орнатуға жасалған сәтсіз өрекеттер Қоқанның Оңтүстік Қазақстанға экспансиясын бірнеше жылға кідіртті. Оның үстіне Ташкент төңірегінде қарахан руынан және қарақалпақ-қытайлардан шыққан Қабыл деген біреу пайда болды. Ол өз төңірегіне көшпелі қазақтарды жинап алғып, бір кезде өзінің иелігі болған Бағыстан деген жердегі Шатқал тауларында жасырынып жүрді және кереуендерді тонап, Ферғана мен басқа да жапсарлас жатқан аудандар тұрғындарының таудағы жазғы жайылымдарда жайып жүрген малын тартып ала бастады. Омар хан 500 тәжірибелі таулық атқыштарымен түпшібашы, датқа атағы да бар Әбді әл-Әзімді (Әзімбайды), сондай-ақ Чуст пен Қасандағы хакім Жүсіп Әлиқожаны Қабылға қарсы аттандырыды. Камыс-корғанға жеткен соң (Солтүстік Ферғанадағы Сырдарияның он жағасы) қоқан-

дықтар екі топқа бөлінді. Жұсіп Әли қожа Хазрат-и Идрис кесенесі арқылы жүріп, ал Әбді әл-Әзім Бағыстан шатқалына бет алды. Әзімбаймен шайқаста Қабыл жараланып, Нанай бекінісіне (Шатқал таулары) жасырынды, ол жалғыз кірер жолды тас, ағаш және т.б. құлатып бітеп кетті. Сол екі арада Қоқан-ның екі отряды жиырма күннен кейін қосылып, шатқалдан шығар жолды жауып таstadtы. Содан соң коршаудағылардың сырт жағына мергендер мен Күхистан жауынгерлерінен тәжірибелі тауға өрмелегіштерді басқарған Әбді-и Қаһар тоқсаба Бадахшиді жіберді. Олар екі асудан өтіп, арқаннан жасалған баспалдақ пен жартасқа қағылған шегелер арқылы тік тауға көтерілді және алтыншы күні оның басына жетіп, коршаудағыларды жоғарғы жақтан атқылауға кірісті, ал коршаудағылар өлімге бас тіккен өжеттікпен шайқаса бастады. Үш күндік шайқастан кейін қоқандықтар кіреберісті алды. Сол кезде олардың жаршысы өздеріне тек Қабыл және тағы да бес өскербасы ғана керек, қалғандары қаруын тастаса, толық бостандық алады деп жариялады. Көпшілігі сүйк қаруы мен мылтықтарын тапсырып, тарап кетті, бірақ бірсыптырасы Қабылмен бірге қасарыса қарсылық көрсетуін жалғастыра берді (екі жақта үлкен шығындарға ұшырады). Жағдай үмітсіз болған кезде Қабыл Омар ханға өзін қызметке алуды өтініп хат жіберді. Әзімбай арқылы Қабылға ешқандай қауіпсіздікке кепілдік берілмеген жауап алынды. Қабыл тұтқынға берілгеннен кейін Әзімбай оны хан сарайына жеткізді. Қоқандықтар Қабылдан көптеген малды тартып алып, хан оларды иелеріне қайтарды. Омар ханың өкімімен Қабыл Ташкенттегі Чорсу Регистан алаңында дарға асылды. Басқа тұтқындар да дарға асылды.<sup>19</sup>

1813–14 жылдары қоқандықтар Түркістан қаласының маңындағы мекен Карнакты алды. Қоқанның дала өніріндегі жағдайын тағы бір оқиға күшетіп жіберді. Абылай ханың баласы Әділ төре қытай иеліктерінен өзінің сан мыңдық қосынымен туған жеріне қайтып келіп, Ташкент төңірегінде орналасқан Омар ханға 1814 жылы өзінің баласы Нұралы төреден сәлем айтып жіберді, онда өзінің «діңсіздерден» қайтып келгенін хабарлады және өзінің қалған күндерін ислам иеліктерінде өткізуге үміттеніп, Омар ханға бағынатының білдірді. Хатында Әділ төре Тоқтамыс ханды өзінің бабам деп атаған және Қоқан билеушісінен қоқан хандары өз генеалогиясын тарататын әмір Темір алдындағы бабасының «кінәсін» ұмытуды сұраған. Алыста қалған XIV ғасыр оқиғаларын алға тартып, қазақ сұлтаны өз тегін Тоқтамыс ханға тіреген (дәлірек айтқанда, ол қазақтардағы Шыңғыс ұрпақтарының бабасы емес, жолы үлкен туысы болған, бұлар сияқты ол да Жошының он үшінші және кенже ұлы Тоқай-Темір ұрпағы еді) бұл қызықты жағдай қазақ-қоқан қатынастарының идеологиялық сырларын ашып береді. Қоқан хандарының шыққан тегі туралы аныздың қазақ даласындағы өсері және қоқан экспансиясының қарсы идеялық өрекеті (Темірдің Тоқтамыс ханды бағындыра алмағаны жалпы жүртқа мәлім факт екенін, сондай-ақ хаттың мазмұны Қоқанның сарай жанындағы шежірешісінің біржақты айтуы бойынша жеткенін ескергенде) осында бейне тапқан болуы мүмкін. Қалай болғанмен де, Нұралы төре қоқан сарайында құрметпен қабылданып, әкесі үшін қорғау грамотасын алды.<sup>20</sup>

Қоқандықтардың Түркістанды алу кезін анықтау жөніндегі мәліметтер өр түрлі. 1813–14 жылдары Қоқанда болып қайтқан Филипп Назаровтың айтуынша, бұл 1814 жылы; барон Е. К. Миддендорфтың пайымдауы бойынша 1815 жылы болған. Бірақ қоқан шежірешісі басқа уақытты келтіреді, ол: 9 джума-ди 1231 (1816 жылғы 7 сәуір).<sup>21</sup>

Түркістанды алу үшін ресми дәлел Омар ханның аксүйектерімен бірге Қожа Ахмет Йасаудің кесенесіне тәуап етуге деген тақуалық тілегі болды. Хан өскерімен Ташкенттен шығып, Сайрамға келді және Түркістанды басып алуға аруақтардан медет сұрау үшін жергілікті шайхылардың қабірлеріне соқты. Содан соң ол Түркістанға Ташкенттегі хакім Раджаб күшбеги Бадахшидің бастауымен 1000 адамнан тұратын таңдаулы жасақ жіберді. Жасаққа сондай-ақ Хушвакт құсбегі йуз, Қарахан руынан Ханқожа мир-асад, Лутфаллах Чуст руынан Төрекан мир-асад, Мұхаммед Шөріп аталық және басқалар кірді. Ат-пен үш күн жеделдете жүріп отырып, қоқандықтар таң қылаң бергенге дейін Түркістанға жауынгерлерді алдын ала асықтырып жасырын жақындағы. Бекініске білдірмей жетіп, бір-бірінің үстіне шығу арқылы дуалға көтеріліп, қакпашины өлтірді. Асадбеги қожа есікті ашып, жасақ қалаға лап қойды. Қоқан сарайының жанындағы шежірешінің арсыздықпен ескерткеніндей, ханақаның (дәруіштер мекені) есігі алдында кездесіп соғыға кездесіп қалып, шу көтермеуі үшін оны да өлтіруге тұра келген.

Шабуыл түркістандықтарды қапы қалдырды. Сол кезге қарай олардың билеушісі Тоқай төре Бұхара әмірі Хайдар жіберген Ибраһим қожаның атты қолымен толықтырылған еді. Алайда тұтқылдан жасалған шабуыл үрей туғызды. Тоқай төре мен Ибраһим қожа қашып құтылды. Түркістан алынып, тонауға түсті. Омар хан бағынған қалаға келіп, кесенеге мінәжат етті. Мұнда басқаруға ата-бабасынан Қоқан сарайының маңында болған Шайғы-Бадал-мырза датқа тағайындалды.<sup>22</sup>

Бұл оқиғаларды суреттеген кезде қоқандық авторлар Йасаудің кесенесіне әмір Темір орнатқан «керемет» қазанға да назар аудармай өтпеген. Оның ғажайып ерекшелігі құрбандыққа қой әкелген адам оны қазанға салып, шын ықыласымен тілек тілесе, тілегіне сөйкес қой санына қарамай-ақ қазан толатын болған. Дешті Қыпшактың «ұлкен адамдарының» бірі қазанға 500 қойдың етін салыпты, ол сонда да толматы, ал басқа бір адам оны 5 қоймен толтырыптымыс. Омар хан қазанды 70 қоймен толтырыпты. Түркістанды жаулап алуға Қоқанда зор мән берілгені сонша, онда қайтып барғаннан кейін хан өзін «әмір әл-муслимин» – «діндарлардың әміршісі» деген құрметті атақпен (лакап) атауға бұйрық берген. Стамбулға, өз лауазымымен бірге діндарлардың халифы болып саналатын түрік сұлтанына ханның Түркістанның бағындырылғаны туралы хаты беріліп, Қоқаннан Қажы Мир-Құрбаның елшілігі жіберілді. Алайда Қоқаның соңғы ресми хроникасының авторы Молда Нияз-Мұхаммед кейінректе Түркістанның алынуы жөнінде аңы мысқылмен: ұрлық өдісімен басып алынған уәляят тұптің тұбінде адалдық көрсетпейді, – деп атап өткен.<sup>23</sup>

Түркістанның алынуы қоқан-бұхара бақталастығын шиеленістірді. Түркістаннан қашқан Тоқай төре Бұхарадан баспана тапты. Оның өтінішіне көнген әмір Хайдар Бұхараға қарасты иеліктерден Тоқайдың соғыска жарамды қазактарды жинауына рұқсат етті. Өзінің әр текті қолын жасақтап алған Тоқай Созакқа келіп, сонда орнықты да, сонан соң Түркістанды қоршады. Қоқандықтар оған қарсы Ташкенттен 300 таңдаулы атты өскермен Базар баһадүр йузді жіберді. Ташкент пен Созак арасындағы қашықтықты үш күн ішінде жүріп өтіп, қоқандықтар Созакқа жақындал келді, сонан соң Қазашатқалына бет алып, Тоқайға көмектескен 1000 қазақ отбасынан тұратын ауылға шабуыл жасап, оларды қашып құтылуға мәжбүр етті, көп олжа мен тұтқындарды қолға түсірді. Тұнде Тоқай Созакты тастанап қашты.

Оның бұдан кейінгі әрекеттері де сәтсіз болды. Сол кезде қоқандықтар

Пішағар бекінісіне (Үратөбеден батысыракта) жақын жерде Бұхара әмірлігімен шекараға тонаушылық шабуылдар жасады. Олар Тоқай төренің әмір Хайдарға жіберген жауышысын қолға түсірді. Бұл Тоқайдың әрекеттерін тыю үшін Түркістан ауданына бірнеше жасақ жіберуге мәжбүр етті. Жасақтарды сол кездे-ақ белгілі болған Хушвакт парванашы, Төрекан мырза және Бакауыл begi басқарды. Қазақ даласы тағы да күйзеліске ұшырады. Тоқай ханың «қасиетті Бұхарадағы» одан кейінгі тағдыры қайғылы болып тынды. 1827 жылы марқұм әмірдің балалары арасындағы билік үшін құреске араласқан ол сәтсіздікке ұшыраған жақты жақтап шайқасып, әмір Насраллах (1806–1860 жылдың күзі; билік құрған жылдары 1827–1860) билікке келген соң өлтірілді.<sup>24</sup>

Қоқандықтарға қарсы басқа бір ірі бой көрсетуді Шыңғыс ұрпағы Тентек тере ұйымдастырды.<sup>25</sup> Көтеріліске шыққан саны 12 мыңға жуық адам Сайрамға, ескі бекініске шоғырланды. Омар хан көтерілісті басу міндетін өзінің уәзірі және туысы Эбілқасым аталыққа жүктеді. Бұған сондай-ақ Хушвакт құсбегі, Лашқар құсбегі (ол туралы төменіректен қараңыз), Мұхаммед Шәріп парванашы, Ханқожа мир-асад және басқа да тәжірибелі өскербасылар тартылды. Көтеріліске шыққандар бетпе-бет шайқаста талқандалып, шегінді де, екі жаққа бөлінді. Бірі Сайрамдағыдан неғұрлым мықты Шымкент бекінісіне тағылды. Екіншісі Сайрам бекінісін қорғай бастады. Қоқандықтар Шымкентті қоршауға алды, онда қазақтарды Рұстем басқарды. Кескілескен қоршаудан және қазақтардың тұн жамылдып жасаған шабуылы сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Шымкент алынды. Соңан соң Қоқан өскерлерінің қызыл және ақ тулары Сайрамда да көтерілді. Оны қоршау кезінде қоқандықтар зенбірек пен мылтықты кеңінен қолданды. Қоршаудағылардың құш пен қаражаты сарқылғаннан кейін Тентек тере берілуге, Қоқанға жыл сайын баж (жол үшін төленетін алым) және зекет төлеп тұруға келісіп, Омар ханың сарайына өзінің ұлынан сый-сыяп жіберуге мәжбүр болды.<sup>26</sup>

Көтеріліс басындағылардың негізгі малшылар бұқарасы арасында беделінің жеткіліксіз болуы, бой көрсетулердің бытыраңқылығы, іс-қимылдың үйлесімсіздігі және көтеріліске шыққандар қатарында бірлік болмауы, Бұхараның көмегіне сүйену әрекеттері (осының өзі-ақ тайпаластарының бұқарасына қозғалыс басшылары ықпалының әлсіз болғанын көрсетеді), ақырында, рулық-тайпалық жасақтарға қресте оқ ататын қол мылтығымен және артиллериямен қаруланған «жаңа өскер» мен атты өскердің іс-қимылын ұштастырған қоқандықтардың өскери басымдығы – осының бәрі Қазақстандағы қоқандықтарға қарсы бой көрсетулерінің сәтсіздікке ұшырауына себеп болды. Қозғалыстарды Шыңғыс ұрпақтары – сұлтандардың басқару фактісі оған қатысушылар идеологиясының Шыңғыс-хан енгізген Дешті Қыпшактағы Жошы ұрпақтарының хан билігі институтының 600 жылдық дәстүрін қорғаған ескі салт пен көненің көзін көксегенін дәлелдейді.

Оңтүстік Қазақстанда қоқандықтар үстемдік еткен дәуірді шартты түрде екі кезеңге бөлуге болады. Біріншісі жаулат алудың басталуынан (1810) 1840 жылдардың басына дейінгі уақытты қамтиды және Қоқан хандығының гүлдену дәуіріне түстас келеді. 1841–42 жылдарда оның терен әлеуметтік-саяси дағдарыс (осы бір тоқырап қалған мемлекеттің 1876 жылы құлауына өкеп соққан) кезеңіне аяқ басуымен Қазақстанның оңтүстігі үшін сынақтар мен сілкіністердің жаңа кезеңі басталып, ол 1865 жылы Ташкентті орыс өскерлерінің алудымен және бүкіл осы аймақтың Ресей империясының билігіне көшуімен аяқталды.

Бірінші кезең Коқанның Қазақстан мен көршілес Қырғызстанда аумактарды басып алының барынша етек алымен, жаулап алынған жерлерде әкімшілік бақылау орнатуымен сипатталады. Бұл саясатты жүргізуде Омар ханның жеке құлы, Читрилде туған, 1816 жылдан 1841 жылға дейін (азын-аулақ үзілістермен) Ташкенттен қазақ даласын басқарған, құсбегі деген де атағы бар Лашкар беклербені (Гулам шах деген де сол) зор рөл атқарды.<sup>27</sup> Соның бастамасымен Сыр өнірі аудандарында Ақмешіт, Шолак (Қазақлы Жүлек), Созақ бекіністері салынды. Өзбек тарихшысы Ю. А. Соколовтың деректері бойынша, Қазақстан мен Қырғызстанда қоқан бекіністерін салудың хронологиясы мынадай: «1813 ж. – Бұхараның бұрынғы Жанғы бекінісі, Сырдарияның сол жағасында, Куандария өзенінің бас жағына жақын; 1815 ж. – ол Сырдарияның оң жағасына көшірілді және, сірә, Ақмешіт атауын сол кезде алса керек; 1814 ж. – Шолаққорған (Карататудың солтүстік беткейінде орналасқан); 1815–1820 жылдары – Сырдарияның оң жағалауындағы Күміскорған, Жаңақорған, Жүлек, ал Сарысудың онтүстік ағысында – Жаманқорған; 1821 ж. – Талас өзенінде Әулиеата; Қырғызстанның солтүстігіндегі Нарын өзенінде Кетпентөбе; 1822 ж. – онтүстік-шығыс Қырғызстандағы Куршаба өзенінде (Гульгіге жақын) Қызылқорған, Алай алқабында (онтүстік Қырғызстан) Дарапутқорған; 1825 ж. – солтүстік Қырғызстанда Шу өзенінің бойында қырғыз жотасына жақын жердегі бекіністер: Мерке, Пішпек, Тоқмақ, Атбашы; 1830 ж. – Тянь-Шаньдағы Сонкөл көлі аудандары Жунгал; 1830–32 ж. – Нарын өзеніндегі, ағысы бойынша Кетпентөбеден жоғарырақта Құртқа».<sup>28</sup> Бұл тізбеке батыстағы ең шеткі форпост болған, Ақмешіттен 160 шакырым жерде орналасқан Күміскорғанды, сондай-ақ Жаңақорған бекінісін қосуға болады. Бұған қоса, Шудың жағасында, оған Қарағаты өзенінің құйылысынан жоғарырақта Иткешу бекінісі орналасты.<sup>29</sup> Сонымен қоқан билігі Қазақстанда Хиуа шекаралық бекеттерімен жанасуға дейін жетіп, батысына да (Жетісуға жетіп), шығысына да таралды.

Оңтүстік Қазақстанға Қоқан билеушілері ғана емес, сонымен қатар олармен бақталас болған Бұхара және Хиуа феодалдары қызығушылық көрсетті.<sup>30</sup>

Жоғарыда айтылған оқиғалардан көрініп отырғаныңдай, Қазақстанның Сыр өнірі аудандарында Бұхара өмірлері қоқан хандарына өлсіз қарсылас болды. Мәселе мынада: географиялық жағынан Бұхара Орта Азия мемлекеттері арасында өзекті жағдай алды, оның күштері неғұрлым «келешегі зор» басқа бағыттарға үнемі тартылып отырды. Сондықтан Қазақстанның оңтүстігінде белсенді саясат жүргізуге мүмкіндігі шектеулі болған бұхара билеушілері өздерінің Қоқан мен Хиуаға қарсы құрестегі табиғи одактастары ретінде қазақ сұлтандарына ара-тұра қолдау көрсетіп отыруды жөн көрді.

Кейбір деректер Бұхараның қазақ даласына экспансиясының ерекшеліктерін ашып береді. Бұхараның «Та'рих-и Әмір Хайдар» деген хроникасында XIX ғасырдың басында Түркістанды иеленген қазақ сұлтандары – Ибраһим сұлтан мен Қасым сұлтанның кезінде Бұхара өмірі Шах Мұраттың (1785–1800 жылдары билік еткен) мұриттері болғанына емеурін жасалған,<sup>31</sup> мистикаға қызығушылық танытқан Шах Мұраттың құрметтеушілер сол үшін оны Шах-и ма'sум («Күнәсіз шах») деп атаған еді. Оның баласы және мирасқоры Әмір Хайдар (1800–1826) кезінен оның қазақ билеушісі Харун-Ғази ханға (Арынғазы да сол, тәменіректен қараныз) түркі тіліндегі хаты жеткен, онда әмірдің оған Шир Ғазы ханмен бірге «өз әкелерінің орнында тұтас бір нәрсенің екі жартысы» сияқты билік етсін деген тілекпен хан атағын бергені және «[әмірдің] ракымды

колы оларды басынан сипап отыратыны» көрсетіледі. Әмір Хайдар басқа бір хатында қазақтар мен қарақалпактардың билері мен ақсақалдарына сөзін арнап, оларға Мырза Мұхаммед Жұсіп пен оның серіктеріне, олар әмірдің Түркия мен Ресейге елшілері болғандықтан, кедергі жасамауды тапсырады.<sup>32</sup>

1818 жылы Әбдікәрім Бұхари қазақтардың көше жүріп, үлкен қашықтықтарға баратынын атап өтті, мөселен, олар көктемде орыс шекараларына жақындейды, ал қыста Хиуа, Бұхара және Түркістан шектерінде пайда болады: шекті және төртқара бірлестіктері (Кіші жүз), сондай-ақ оқ, қырықмылтық, бозашы шоудар (түрікмендер текті топтар) мен қарақалпактар Үргеніш төңірегіне тоқтайды, ал шөмекей, қойыт, жаппас, жағалбайлы (Кіші жүз), қыпшактар (Орта жүз) мен қарақалпактар Ташкент, Бұхара және Самарқан төңірегінде қыстайды; қырында, қонырат, үйсін (хушин), тамалар Ташкент, Коқан шектеріне Әндіжан мен Наманғанға дейін жетеді. XIX ғасырдың ең басында шекті және төртқара руларын – Шерғазы сұлтан, шөмекей, жаппас рулары мен қарақалпактарды – Бөлекей сұлтан (1808/9 жылы өлген), Орта жүздің қонырат, сондай-ақ тама және үйсін руларын – Құдайменді сұлтан, ал қырғыздарды және Іле бойы мен Қытайдағы Ақсу аудандарында көшіп жүргендерді Кобыз сұлтан басқарған.<sup>33</sup> Тұтас алғанда, Бұхара билеушілері Қызылқұм ауданын және Шардара бекінісінен (1866 жылы орыс өскерлері киратқан), Бұхараның ең солтүстіктең уәляятының және өзбектердің бүркіт тайпасының ежелгі иелігінің орталығы Нұратадан Сырдарияның сол жағасындағы учаскені азды-көпті бақылауда ұстаған.

Хиуа хандығы Хорезм жазирасы мен оған жапсарлас аудандарды иелене отырып, қазактармен ежелден тығыз байланыстар жасады. Шыңғыс құқығы бойынша Хорезм Жошы ұлысының бір бөлігі болғандықтан, XVIII ғасыр бойында Хиуа тағында Кіші жүзден шыққан толып жатқан қазақ хандары алмасты (көбінесе – аты ғана), ал XVIII ғасырдың аяғында билік басына өзбектердің қонырат бірлестігінің үстем тобы келді, олардың басшысы Елтүзер (1804–1806) қоныраттардың тегін Шыңғыс-хан өuletімен жақындастыратын аныз негізінде хан атағын алды.<sup>34</sup> Әр түрлі түрікмен, өзбек және қарақалпақ құрлымдарының арасында өз билігін нығайтумен айналысқан Хиуа билеушілері 1811 жылға дейін Сырдарияның төменгі ағысының қазақ феодалдарын өз ырқына көндіруге бата алмады.

Ал қазақ қауымдарының арасында бірлік болмады: әрбір ірі ру тобының өз ханы болды және олар дербес саясат жүргізді. Шөмекей тобының басшысы Ералы ханының баласы Сұлтан Темір хан болды. 1809 жылы ол 1500 адаммен теңге-қытай және қыпшак қауымдарына шапқыншылық жасады, бірақ тойтартыс тапты. Шекті руының «падишахы» Қайып ханының баласы Әбдіәзіз хан болды, ол 1810 жылы сары-қытай руының керуенін тонады. Әбдіәзіз ханының інісі Шерғазы хан төртқара тайпасын басқарды. Табын тайпасы 1811 жылы Нұралы ханының баласы Қаратай ханының билігін таныды. Қазақ билеушілерінің қарақалпақ билерімен қатынастары ерекше шиеленісті болды. Бұл руаралық құреске Хиуа билеушілері араласып отырды.

1811/12 жылдың қысында Хиуа ханы Мұхаммед Раҳим (1776–1825; 1806–1825 жылдары билік еткен) Сұлтан Темір ханға елшілік жіберіп, бағынуын, тұтқын Хиуа бодандарының бәрін беруді және Хорезмнен, Мауараннахдан және Ресейден шыққан керуенді тонауын тоқтатуды талап етті. Хиуа ханы өзі қарақалпактарды Жанадариядан көшіргеннен кейін бұл ауданды қазақтардың алып қоюына да наразы болатын, өйткені Хиуа ханы оны өзінің иелігі

деп санайтын. Қазактар жалтарма жауап қайтарып, Хиуа билеушісінің билігін Орта жұз таныса, оны тануға уәде берді. Бұл жауапқа қанағаттанбаған Хиуа ханы қазак елшілерін зынданға тастауға бұйырды да, өзбек, түркмен (жәуміт, шаудыр) және қарақалпақ құрамаларынан өскер жинап алып, 1812 жылғы қантардың аяғында жаздығұні Еділ мен Жайық өзені шектеріне дейін көшіп барып, қысты Сырдария мен Куандария жағалауында өткізетін қалың жатқан шемекей руына өзі бастап жорыққа шықты.

Хиуа өскери Қақпа-сексеуіл және Ақтабан тақыр даласы арқылы жүріп, қақаған сүйкқа қарамастан, Жаңадариядан мұз үстінен өтіп, Хасан қалаға сокпай, қазак қоныстарына шабуыл жасады. Жаудың жақындағаны туралы кеш хабарланған қазактар көшіп үлгірмеді де, олар талапайға түсті. Сұлтан Темір хан қашып құтылғанымен, хиуалықтар мол олжаны: 100 мыңнан астам койды, 40 мыңнан астам түйені және 500 қыз-келіншекті колға түсірді. 1812 жылды Мұхаммед Рахим ханың ордасына Сұлтан Темір ханың елшілері оған бағынуды талап еткен хат әкелді. Хиуа ханы қазактардан Хиуа иеліктерінде колға түсірілген барлық тұтқындарды қайтарып беруді талап етіп, сол жағдайда қазак тұтқындарын қайтаруға уәде етті.

1815 жылдың акпанында Хиуа ханы қазактың шекті руын шабуға кият Сүйін би, маңғыт Досым би және Ілияс шиғауыл бастаған 5 мың жауынгер жіберді. Шектілердің басшылары Әбдіәзіз хан мен Жаназар би Сырдарияның арғы бетіне қашып құтылды. Хиуалықтар өз астанасына мол олжамен оралды. Бұл үшін Хиуа ханы Сүйін биге мол сый тартты.

1816 жылдың қарашасында хиуалықтардың қазактарға жаңа шапқыншылығы жасалды. 200 қазак қарақалпактарға шабуыл жасағаннан кейін (1816 жылғы желтоксанда) Мұхаммед Рахим хан Әбдіәзіз ханың баласы Арынғазы ханға бағынатын шекті руларына Сүйін биді, Досым би мен Ілияс шиғауылды тағы жіберді. Жорыққа жәуміттер, шаудырлар және қарақалпактар қатысты. Жорық кезінде шабуыл жасаушылар жағынан 20 адам, қазактар жағынан 2 мың адам өлді, ал қазактың 700 қыз-келіншектері тұтқынға алынды. Арынғазы хан қалың ну тоғай арасына жасырынып құтылды.

Осы қарақшылық шабуылдардан кейін қазак сұлтандарының бір бөлігі Хиуа билеушісінің үстемдігін мойындағы. 1819 жылдың наурызында Арынғазының немере ағасы Шерғазы хан Мұхаммед Рахим ханға өзінің қызын берді. Сол кезде, 1819 жылғы 21 қарашада соңғысы Шерғазы ханың баласы Жанғазы төрені қазактардың ханы етіп бекітті. Экесі мен баласының колдауына сүйенген Хиуа ханы 1820 және 1821 жылдары олардың дүшпаны Арынғазыға (оны Бұхара өмірі Хайдардың колдағаны мәлім) екі рет шабуыл жасады. Осы баяндалғандардан қазак сұлтандарының өзара қырқысқан араздығы Хиуа мен Бұхараның қазак даласына ықпал жасау үшін бақталастығымен үштасып кеткенін анғаруға болады. Хиуа билеушілері өз саясатында руаралық араздық пен өштікті шебер пайдаланды және бір руды екіншісіне айдал салып, өз үстемдігін жүзеге асырды. Хиуалықтар өздерінің қоныс тебуйн нығайту үшін Сырдарияның төменгі ағысында бірнеше бекіністер салды немесе ескілерін қалпына келтірді. Олардың ең белгілісі – Сырдария атырауы тармактары бастауының біріндегі бұрынғы бекіністің киран жүртіна салынған Жанқат (1840 жылдарда бұл бекініс оның соңғы хиуалық коменданттының аты бойынша Кожанияз ретінде, ал одан да кейінректе Ресеймен сауда жасаған бір керуенбасының аты бойынша Райым бекінісі ретінде белгілі). Алайда Хиуа Қазакстанда Коқанмен шындалп бәсекелесе алмады, ол Коқаннан да, Бұхарадан да едәуір өлсіз және өз өлеуеті жөнінен де, халқының

саны жөнінде де олардан төмен болатын, XIX ғасырдың орта шенінде Хиуа хандығы Бұхара әмірлігінен 2,5–3 есе аз және Коқан хандығынан 3–3,5 есе аз еді. Сондыктан Хиуаның ұлтаралық қайшылықтарға сүйеніп тен ұстau саясатын Арап өнірі қазактарын бакылаудың едәуір дәрежеде өлсіз болуының көрінісі деп қарастыруға болады. Коқан билеушілері Оңтүстік Қазақстанда тікелей өкімшілік басқаруды енгізуге тырысып жатқан кезде Хиуа хандары қазақ сұлтандары мен хандары институтын қазактар жөніндегі өз саясатының басты құралы ретінде пайдалануын жалғастыра берді.

### 3. XIX ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫНДА ЖЕТИСУҒА РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫ ҮКПАЛЬНЫҢ ТАРАЛУЫ

Орта Азия хандықтарының Қазақстандағы белсенділігін Орынбор мен Сібірдің орыс өкімшілігі де, Шыңжандағы маньчжур-қытай өкімет орындары да мұқият қадағалап отырды.

Ұлы жұздің ірі бірлестіктері албан, дулат және шапырашты көшіп жүрген Жетісуга сонау 1778 жылы әлдебір «ташкенттік мыңбасы» Қаскелен өзені маңына бекініс салыпты. 1810 жылдарда Коқан экспансиясы өуелі оңтүстік-батыс, ал содан соң бүкіл оңтүстік Жетісугы да (Ілден арғы өлкені) қамтыды. Осында жағдайда Ұлы жұз өкілдері 1818 жылы патша үкіметіне өздерін Ресей бодандығына қабылдау туралы өтініш жасады. 1819 жылғы 18 қантарда орыс үкіметі өтінішті қарап, Ұлы жұз қазактарын ресми түрде Ресейдің бодандары деп жариялады. Абылай ханың баласы Сүйік сұлтан өзіне бағынышты 55 мың адамымен бірге бодандыққа сол кезде ант берген еді. 1822 жылғы тағы да 14 сұлтан – Абылай ханың немерелері мен Әділ төренің балалары орыстың өкімет орындарына бодандық туралы өтініш жасады, бұл өтініш 1824 жылғы 13 мамырда бұл сұлтандардың ерек кіндікті 165 мың адамымен бірге бодандығы туралы құжатқа I Александрдың қол қоюымен қанағаттандырылды. Алғашқылар болып бодандықты үйсін, жалайыр, албан, суан, шапырашты, ысты, ошақты, қаңлы бірлестіктері және басқалар қабылдады.<sup>35</sup> Қазақ малшыларын өз жағына тартуға тырысып, Сібірдің орыс өкімшілігі малдан алынатын алым мөлшерін оны қоқан жинаушыларының алатынына қарағанда 2,5 есе азырак (1%) етіп белгіледі.

Сонымен бірге Ресей Жетісуга Коқаның кіруін дипломатиялық амалдарды пайдаланып тежеуге тырысты. 1828–29 жылдарда, яғни орыс-түрік соғысы кезінде, Ресейде Тұрсынқожа бастаған Коқан елшілігі болған еді. Петербург қоқан және орыс мұдделері өрісін Шу өзенінің бойымен бөлуді ұсынды: орыстар оның сол жағасына, ал қоқандықтар он жағасына өтпеуге тиіс болды. Ұсыныс қабыл алынды. Алайда содан соң қоқандықтар келісімді бұзды: солтүстікте Ұлытау тауларында олардың аванпостылары пайда болды, ал Ілден арғы өлкеде олар Қастек (қоқан деректемелерінде Аштак, Хаштак), Үш Алматы және Тойшыбек бекіністерін салды.

1834 жылдың мамырында Лашқар құсбегі 6 мың адамдық жасағымен солтүстікке қарай бет алды, Есіл өнірі даласында Алаша хан кесенесіне жетті, Ұлытау алқабында 1000 адам гарнизоны бар бекіністің негізін қалады. Бұл өрекеттер орыс өкімет орындарына қарсы көтерілген Саржан Қасымов сұлтанды қолдау сұлтауымен жүргізілді. 1834 жылы Ақмоладан шықкан орыс отряды (700 қылыш, 51 наиза және 6 зенбірек) бұл бекіністі алып, оның қорғандарын қиратты, гарнизонды еліне, Ташкентке қайтарып жіберді.<sup>37</sup>

Цин өкімет орындары да Жетісуда өз белсенділігін көрсетті. Бұл туралы Ш. Уәлиханов, міне, былай деп жазған: «Даланың бұл бөлігіне орыс өскерлері келгенге дейін Үлкен орда 1824 жылдан Ресейдің қамқорлығында деп саналғанмен де, қытайлар болмашы алым жинау үшін Іледен арғы өлкеге өз отрядтарын жіберуді 1840 жылға дейін тоқтатпады, сол жылы олар осындағы шапыраштылардан Тереңөзек алқабы маңында күйінішті де аянышты жеңіліске үшірады».<sup>38</sup>

Сөйтіп қоқандықтардың қыскы қыстаулар аудандарында құрған бекіністер тізбегі орасан зор аумакты бақылауға және қазак, қырғыз және қарақалпақ малшыларынан салық алуға мүмкіндік берді. Егер 1810 жылдарда Ташкент хакіміне 400 мың қазак бағынса, 1830 жылдардың басындағы османдық құжатқа қарағанда, Қоқанға бағынышты қазақтар саны (өсіріп көрсетілген болуы ықтимал) 200 мың шаңырак, ал қырғыздарды, қарақалпақтарды және Құрама (Шахрухийа) көшпелілерін қосып алғанда – 200 мың шаңырак болған, ал хандықтың отырықшы халқы 3 млн адамға дейін жететін еді.<sup>39</sup>

Руаралық араздықты пайдалана отырып және жекелеген руларды неғұрлым пұрсатты жағдайға қойып, қоқандықтар «divide et impera» (латыншадан – бөліп ал да, билей бер) саясатын ұстанды. Ташкентте ірге тепкен және оның төңірегіне қоныстанған, бұрынғысы сияқты, Ташкент хакімінің тірегі болуын жалғастырып отырған шанышқылы және қанлы рулық топтардың қазақтары мейлінше қолайлы жағдайларды пайдаланды. Олар өскерде қызмет етті және өкімшілік қызметтерді атқара алатын. Кейінректе 1859–1861 жылдарда солардың бірі – Ташканди ақсақалы Қазақбайдың баласы Рұстембекке Ташкент уәляяты мен Дешті Қыпшақ хакімінің жоғары өкімшілік қызметі бірсызыра уақытқа (бір жылға дейін) екі рет сеніп тапсырылды, бірақ бұл ерекшелік болды (Рұстембек 1858–1862 жылдары Қоқанда билік еткен Малла хан өйелінің бауыры еді).

Ал қазақтардың негізгі бұкарасы зекет төлеуге міндетті болды. Ұлы жүз руларының көпшілігі (ысты, ошакты, шапырашты, жалайыр, сіргелі, сыйкым, шымыр, жаныс және суан), Орта жүздің (коңырат, қыпшактардың, наймандар мен арғындардың бір бөлігі) және Кіші жүздің (жаппас) бір бөлігі осы санатқа жатқызылды.<sup>40</sup> Зекет мөлшерінің біршама аз болғанына (шарифат бойынша мұліктің 1/40 бөлігі) қарамастан, бұл салық қазақтар үшін ауыр болды, өйткені Ташкент өкімшілігінің тарапынан бақылау болмаған жағдайда оны жинаушылардың (зекетшілердің) жеке баю мақсатымен оп-оңай жаппай қорқытып алу мен тонаушылыққа айналып отырды. Қоқан бекіністеріне жақын манайда көшіп жүрген далалықтарға олардың гарнизондарын құту, ол бекіністерді жөндеу мен кенекту жөніндегі міндеттер жүктелді.

Қазақтар Қоқан хандары ұйымдастыратын соғыс жорықтарына тартылды. Мәселен, Омар хан тұсында «Арқа қазақтары» Ұратөбеге жорыққа, Лашқар құсбегінің басқаруымен олар қоқандықтардың Қашғарға (1826 ж.) және т.б. жорығына қатысты.<sup>41</sup> Бұл қатысады өскери міндеткерлік ретінде де, баю амалы ретінде де карастыруға болады.

Бір қызығы, Лашқар құсбегі хакім болған жылдарда дала өнірін бағындырып ұстай үшін нақ сол көшпелілердің құштері пайдаланылды: оның өскерінде 3 мың адам ғана қала (шахра) тұрғындары болатын, ал қалғандары қазақтар мен қырғыздар арасынан шыққандар еді.<sup>42</sup> Яғни бір бірлестік екіншілерін тыныштандыру үшін пайдаланылды.

Бұрын атап өтілгеніндей, Қазақстанның онтүстігі үшін жоғары өкімшілік етуші адам Ташкент хакімі болды. Қазақстанның Сыр өніндегі аудандарын

басқаратын Түркістан хакімі де іс жүзінде соған бағынды. Таңкент хакімінің екі көмекшісі болды – сарқар (немесе мырзабашы) салық жинауды және азаматтық істерді жүргізді және батурбашы (әскербасы) өскери мәселелермен және көшпелілердің істерімен айналысты. Қоқандықтар өздерінің дала жөніндегі саясатында орыс өкімшілігінен айырмашылығы, Шыңғыс ұрпақтары-сұлтандарға емес, халық өкілдері – билерге сүйенді, олардың кейбіреулеріне датқа атағы берілді, бұл оның иесін салық төлеуден босататын.

Қоқан билеушілері Қазақстандағы өз табыстары үшін таулы Тәжікстаннан, Памирден және шектес аудандардан келушілерден іріктең алынған өскери құрамаларға міндетті болғандықтан, олардың ішіндегі атақты адамдар Қазақстанның онтүстігі мен Таңкентте өкімшілік орындар алуға артықшылықты пайдаланды. Мәселен, Түркістанды женғен бадахшандық Раджаб дуанбегі 1810–1816 жылдарда Таңкенттің (және тиісінше Онтүстік Қазақстанның) хакімі болды. Қаратегіндік Самсалық қыстағында туған Қана'ат шах (1862 жылы өлтірілді) 1840 жылдарда Түркістанды, ал одан соң 1860–1862 жылдарда Таңкентті басқарды. 1862 жылы пансадбашы (бесжұздікші) Сұлтан би Қаратегіни Жаңақорғанның қоқаның соңғы комендантты бола жаздады, ал Түркістанның қоқандық соңғы хакімі Мырза Дәulet би Қаратегіни болды.<sup>43</sup>

Ол кезде Орталық Азияда «тәжік» этнонимімен бәрі бірдей емес, тек таулық тәжіктер мен Памирдің, Бадахшанның және т.б. оларға жақын халықтары ғана аталды. Шын мәнінде, Лашқар құсбегі де солардың арасынан шыққан-ды.

Жақын арада Түркістаннан табылған қоқандық кезеңдегі мұрағатта тәжік тілінің қаратегін диалектісіндегі құжаттар қамтылады, ал Қоқан хандығының ресми (және элитарлық) тілі ортаазиялық парсы тілі (XVI–XIX ғасырлардағы тәжік өдеби тілі) болған. Тарихи оқиғалардың дамуы барысында Қазақстан мен таулы Тәжікстан, Ферғана мен Орта Шығыс халықтарының тағдырлары осылайша араласып, астасып кетті.

Қазақ малшылары өзара тиімді мәдени және сауда-экономикалық байланыстарға тартылды. Мысалы, Орталық Азияның Ресеймен керуен саудасын ұйымдастыруға жаппас тайпасы белсене қатысты. Оның адамдары жыл сайын Таңкентке барып, өз түйелерімен ортаазиялық көпестердің тауарларын тасуға жалданып жүрді. Сол жылдардағы қазақтардың ерекше адалдығы олар көпестердің түсіп қалған тауарларын тауып алып, оларды бір күндік жерге дейін қуып барып, тауып алған затын тіпті болмашы болса да иелеріне қайтарыны айттылады.<sup>44</sup>

Лашқар құсбегі хакімдік еткен бейбіт жылдарда осылай болған, ал ол Тоқай төре мен Тентек төренің көтерілістерінен тағлым алып, ынсапты салық саясатын жүргізген еді (әрбір көктемде салық жинағанда, ол шариғат пен әдет нормаларын сактады, малшылардың өз еркін өздеріне беріп, мүлкіне қол салмады) және дала өңірін сенімді басқарды. Қазақтар мен қырғыздар арасындағы қақтығыстар тыйылды, бірсыныра уақыт бойы тыныштық, біршама қауіпсіздік және арзаншылық орнады. Әулиеатада таңкент таразысы бойынша 1 ман (170–172 кг) астық 2 теңге (күміспен 40 тиын) тұрды. 1823 жылы хандықтан қуылған, көзқарасы тәуелсіз адам, қоқан ханзадасы Мұхаммед Хакім хан Лашқар құсбегі қазақтарды падишаң сияқты басқарды және олар үзак уақыт бойы «оған беріліп кетті» деп жазды. Басқа бір автор, таңкенттік Әбу Убайдаллах Мұхаммед, сол кезді аңсан еске ала келіп, былай деп атап өткен: ол бір сондай тыныштық кез еді, егер он екіде бір гүлі ашылмаған қыз

орыс иеліктерінен Ташкентке дейін жалғыз барып, кері қайтса, оған еш зиян келтірілмес еді!<sup>45</sup>

Қарастырылып отырған кезенде қокан бекіністері халқының өсуіне және олардың кейбіреулерінің – Шымкент пен Әулиеатаның шағын қалаларға, кол-әнер, сауда және мұсылман мәдениеті орталықтарына айналуына жағдай жасалды. Лашқар құсбегі Ташкенттің төнірегін абаттандырып, Ташкенттен Шымкентке баратын жарты жолда бекіністі рабат салдырыды (қазір – Шарапхана). Ол Шымкентте базар және керуен сарай салғызып, оны да абаттандырыды. Ташкентте ол медресе салғызды.<sup>46</sup>

<sup>1</sup> Қазақстан жайлы қокан деректеріне шолуды қар.: *Бейсембиеев Т. К.* Кокандская историография как источник по истории Казахстана XVIII–XIX веков //Памятники истории и культуры Казахстана. Сб. Центрального Совета Казахского общества охраны памятников истории и культуры, вып. 4. А., 1988, 100–105-б.

<sup>2</sup> 'Абд ал-Карим Намангани «Фазли». 'Умар-нама. Рук. СПБФ ИВ РАН, С 2467, лл. 846–92а. Қокан хандығының саяси-құқықтық идеологиясы оны билеушілердің тегі Бабырдан, ол арқылы Әмір Темірден шықкан деп жорамалдаған және одан әрі олардың генеалогиясын Шынғыс-ханның атасы Бартан ханға апарып тіреген. Қокан хандарының өз атағы мен жоғарғы билікке ерекше құқығы осымен негізделген. Қар.: *Бейсембиеев Т. К.* Легенда о происхождении кокандских ханов как источник по истории идеологии в Средней Азии (на материалах сочинений кокандской историографии) /Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI–XVIII вв. А., 1983, 94–105-б.

<sup>3</sup> Орыс зерттеушілері А. И. Макшеев, М. А. Терентьев және өзбек этнографы К. Ш. Шаниязов анықтағандай, Фергана қыпшактары XVIII ғасырдың басына дейін қазактың Орта жүзінің құрамына енген, «Актабан шұбырынды» жылдарында Ферганада баспана тауып, сол кезден бастап тұра 1920 жылдарға дейін өзбек ұлтының құрамына кіргенше дербес ірі этнос ретінде дамып келген. (*Шаниязов К. Ш.* К этнической истории узбекского народа (Историко-этнографическое исследование на материалах кипчакского компонента), Ташкент, 1974, 103–104-б). О казахских чингизидах в Фергане конца XVII – сер. XVIII в. қар.: *Мухийи Хуканди*. Та'рих. Рук. ИВ АН Узбекистана, № 604, л. 14а; *Исхак-хан*. Та'рих и Фергана. Рук. Института рукописей АН Таджикистана, №1512, л. 102а; *Наливкин В.* Краткая история Кокандского ханства. Казань, 1886, 63–64-б; *Валидов А. З.* Некоторые данные по истории Ферганы XVIII столетия //ПТКЛА, год двадцатый, 1916, вып. 2, 114-б.

<sup>4</sup> *Бейсембиеев Т. К.* «Та'рих-и Шахрухи» как исторический источник. А., 1987, 14, 16-б.

<sup>5</sup> Анджум ат-таварих. Рук. ИВ АН Узбекистана, № 11366, лл. 92б, 102а; Чехович О. Д. Сказание о Ташкенте./Памятники письменности Востока. Историко-филологические исследования. 1968, М., 1970, 173–174, 178–179, 185–186-б; Сонықі. Городское самоуправление в Ташкенте XVIII в. /История и культура народов Средней Азии (древность и средние века). М., 1976, 158-б.

<sup>6</sup> Анджум ат-таварих, лл. 93б–94б; Поездка Поспелова и Бурнашева в Ташкент в 1800 году //Вестник Русского Императорского Географического Общества, т. 1, ч. 1, отд. IV. СПб., 1851, 29-б.

<sup>7</sup> *Иванов П. П.* Казахи и Кокандское ханство (к истории их взаимоотношений в начале XIX в.) //Записки ИВ АН СССР, т. VII. М.-Л., 1939, 100-б.

<sup>8</sup> *Бұл да сонда*, 101–102-б; Анджум ат-таварих, л. 94б; Чехович О. Д. Сказание о Ташкенте, 175, 179, 188-б; *Бейсембиеев Т. К.* «Та'рих-и Шахрухи», 67, 95-б.

<sup>9</sup> *Мулла 'Аваз Мухаммад «'Аттар» Хуканди*. Тұхфат ат-таварих-и хани. Рук. С 440 СПБФ ИВ РАН, лл. 91а–92б; Поездка Поспелова и Бурнашева в Ташкент в 1800 году, 23-б; Зимин Л. Первые шаги Алим-хана на государственном поприще //ПТКЛА. Год XVIII, 1913, 105-б; *Иванов П. П.* Көрсетілген еңбегі, 105–106-б.

<sup>10</sup> Мулла 'Аваз Мухаммад «'Аттар» Хуканди. Көрсетілген еңбегі, л. 95б; Чехович О. Д. Сказание о Ташкенте, 175–176, 179–180, 188–192-б; Бейсембиев Т. К. «Та'рих-и Шахрухи», 96-б.

<sup>11</sup> Чехович О. Д. Сказание о Ташкенте, 192–193-б (фрагмент факсимиле рукописи); Мулла 'Ибадаллах и Мулла Мухаммад Шариф. Та'рих-и Амир Хайдар. Рук. ИВ АН Узбекистана, № 1836, 79-п. а–б; Мухаммад Салих-ходжа Ташканди. Та'рих-и джадидайи Ташканд. Рук. ИВ АН Узбекистана, № 7791, 350-п., б.

<sup>12</sup> Иванов П. П. Көрсетілген еңбегі, 104-б; Абд ал-Гафур. Зафар-нама-ийи Худайархани. Рук. ИВ АН Узбекистана, № 598, 53-п., б; Тора-ходжа Андиджани. Мир'ат ал-футух. Рук. Библиотеки А. А. Семенова при АН Таджикистана, № 5422, 108-б; Бейсембиев Т. К. «Та'рих-и Шахрухи», 79-б.

<sup>13</sup> Анджум ат-таварих, лл. 102б–105б; Мулла Аваз Мухаммад «Аттар» Хуканди. Көрсетілген еңбегі, лл. 112а–113б; Иванов П. П. Көрсетілген еңбегі, 111, 113–117-б; Бейсембиев Т. К. «Та'рих-и Шахрухи», 97-б.

<sup>14</sup> Мулла 'Ибадаллах и Мулла Мухаммад Шариф. Көрсетілген еңбегі, лл. 77б–79б; Мирза Каландар «Мушриф» Исфараги. Шахнама-ийи Умар-хани. Рук. С 471 СПБФ ИВ РАН, л. 91б. Соныменен, 1930 жылдарда казактардың Батыс Қытайдан шығуы өлдебір жаңалық емес, өткендегі нақ сондай әрекеттер қайталанған әбден дәстүрлі нәрсе еді.

<sup>15</sup> Анджум ат-таварих, л. 106а; Иванов П. П. Көрсетілген еңбегі, 94, 119 және 121-б; Бейсембиев Т. К. «Та'рих-и Шахрухи», 98–100-б; Ходжисиев Э. Х. Экономические и политические связи Ташкента с Россией (конец XVIII–начало XIX в.). Ташкент, 1992, 84-б.

<sup>16</sup> Қар.: Анджум ат-таварих, л. 106б и Мухаммад Салих-ходжа Ташканди. Көрсетілген еңбегі, л. 390б–392б.

<sup>17</sup> Бұл топтың саяси рөлі туралы қар.: Бейсембиев Т. К. Духовенство в политической жизни Кокандского ханства в XVIII–XIX веках (по некоторым сочинениям кокандской историографии) /Духовенство и политическая жизнь на Ближнем и Среднем Востоке в период феодализма. М., 1985, 38, 42–43-б.

<sup>18</sup> Мухаммад Салих-ходжа Ташканди. Көрсетілген еңбегі, лл. 396б–400б; Mir Abdoul Kerim Boukhary. Histoire de l'Asie Centrale. Paris, 1876, p. 220; Бейсембиев Т. К. «Та'рих-и шахрухи», 98–101-б.

<sup>19</sup> 'Абд ал-Карим Намангани «Фазли». Көрсетілген еңбегі, лл. 34а–37а; Анджум ат-таварих, лл. 115б–116б.

<sup>20</sup> Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. М., 1968, 60-б (Карнактың сілемі Атабай кентіне жакын, Түркістаннан онтүстік-батыска қарай 25 шакырым жерде орналасқан); 'Абд ал-Карим Намангани «Фазли». Көрсетілген еңбегі, лл. 84б–92а; Мирза Каландандар «Мушриф» Исфараги. Көрсетілген еңбегі, лл. 89б–91б.

<sup>21</sup> Назаров Ф. Көрсетілген еңбегі, 30-б; Миддендорф Е. К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. М., 1975, 69-б; Мулла 'Аваз Мухаммад «Аттар» Хуканди. Көрсетілген еңбегі, л. 170а.

<sup>22</sup> 'Абд ал-Карим Намангани «Фазли». Көрсетілген еңбегі, лл. 64б–75а; Мулла 'Аваз Мухаммад «Аттар» Хуканди. Көрсетілген еңбегі, лл. 168б–170 б.

<sup>23</sup> Бұл да сонда, лл. 170б–171б; Komaatsu H. Khoqand and Isstanbul: An Ottoman Document Relating to the Earliest (Balkan and Asia Minor Studies), 1989, XV, pp. 35–52 (на яп. яз.); Бейсембиев Т. К. «Та'рих-и Шахрухи», 102-б. Түркістанды орыс әскерлері 1864 жылы басып алып ондағы Қокан билігін жойды.

<sup>24</sup> 'Абд ал-Карим Намангани «Фазли». Көрсетілген еңбегі, лл. 91а–96а; 112б–124б; Мирза Каландар «Мушриф» Исфараги. Көрсетілген еңбегі, лл. 101б–106б; Мухаммад Ҳаким-хан-тора. Мунтахаб ат-таварих. Рук. СПБФ ИВ РАН, С 470, л. 238а.

<sup>25</sup> Деректемелерде Тентек тәре көтерілісінің дәл мерзімі көрсетілмей, оның жазда болғаны ғана хабарланады. Қазіргі тарихшылар В. П. Наливкинге (аталған еңбек, 117–121-б) сүйене отырып, оны 1821 жыл деп белгілейді, бірақ соңғысы бұл мерзімді тікелей көрсетпейді. Көтерілістің мерзімі туралы мәселе ашық қалып отыр.

<sup>26–27</sup> Абд ал-Карим Намангани «Фазли. Көрсетілген еңбегі, лл. 124а–134а; Мирза Каландар «Мушриф» Исфараги. Көрсетілген еңбегі, лл. 114б–122а.

<sup>28</sup> Соколов Ю. В. Начало военных действий против Кокандского ханства и вопросы присоединения его к России //Материалы по истории присоединения Средней Азии к России, ч. 1 (Научные труды Ташкентского государственного университета им. В. И. Ленина, вып. 343). Ташкент, 1969, 57-б.

<sup>29</sup> Обозрение Кокандского ханства в нынешнем его состоянии //Записки Императорского Русского Географического Общества, кн. Ш. СПб., 1849, 14-б; Мухаммад Йунус Диан дадхах шигавул Ташканди. Та'рих-и 'Аликули амир-и лашкар. Рук. ИВ АН Узбекистана, № 12136, л. 18а. Сонымен катар 1860 жылғы орыс картасын пайдаландык «Карта Южной части Туркестанского края».

<sup>30</sup> Қазак даласына Бұхара басқыншылығы туралы мәселе әлі толық зерттелмеген.

<sup>31</sup> Мулла 'Ибадаллах и Мулла Мухаммад Шариф. Көрсетілген еңбегі, л. 79а–б.

<sup>32</sup> Мунша'ат, нишан ва йарлигха. Рук. Института рукописей АН Таджикистана, № 2689, лл. 31а–32а, 62б–63а.

<sup>33</sup> Mir Abdoul Kerim Boukhary. Op.cit., pp. 194–196 (бұлардың бәрі Жошы әuletінен); Материалы по истории казахских ханов XV–XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина, В. П. Юдин. А., 1969, 475-б.

<sup>34</sup> Bregel Yu. Tribal Tradition and Dynastic History: the Early Rulers of the Qongrats According to Munis. - Asian and African studies 16(1982), Haifa, The Institute of Middle Eastern Studies, 1983, pp. 383-384. Сведения о казахско-хивинских отношениях в рассматриваемый период содержатся в хронике «Фирдаус ал-икбал»: Shir Muhammad Mirab Munis and Muhammad Riza Mirab Agahi. Firdaws al-igbal: History of Khorezm. Ed. by Yury Bregel. Leiden-New York-Kopenhagen-Köln, E. J. Brill, 1988, pp. 712-713, 752, 813, 856-884, 941-946, 976-983, 1007, 1043, 1050-1058, 1070 (чагатайский текст). Бұл мәселе орыс деректері негізінде зерттелінген, кар.: Шалекенов У. Х. Казахи низовьев Амударьи. К истории взаимоотношений народов Каракалпакии в XVIII–XIX вв. Ташкент, 1966, 18–54-б.

<sup>35</sup> Валиханов Ч. Ч. О киргиз-кайсацкой Большой орде /Соч., т. I. А., 1984, 180–182-б; Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. М., 1957, 132–133-б; Казахско-русские отношения в XVIII–XIX веках (1771–1867); Сборник документов и материалов. А., 1964, 204–205, 214-б. (КРО-І).

<sup>36</sup> Обозрение Кокандского ханства в нынешнем его состоянии, 209-б.

<sup>37</sup> Мухаммад Йұнус Джан дадхах шигавул Ташканди. Көрсетілген еңбегі, лл. 15б–17а; Соколов Ю. А. Көрсетілген еңбегі, 44–47-б; Халфин Н. А. Россия и ханства Средней Азии (первая половина XIX века). М., 1974, 229–230-б.

<sup>38</sup> Валиханов Ч. Ч. Көрсетілген еңбегі, 181-б.

<sup>39</sup> 'Абд ал-Карим Намангани «Фазли». Көрсетілген еңбегі, л. 47б; Racque-Grammont J.-L. Turan: Une description du khanat de Jhokand vers 1832 d'après un document ottoman. - Cahiers du monde russe et soviétique. XIII. № 2, 1972, pp. 194–195, 207–210.

<sup>40</sup> Валиханов Ч. Ч. Записки о Кокандском ханстве /Соч., т. III. А., 1985, 315-б; Радлов В. В. Из Сибири: Страницы из дневника. Пер. с нем. К. Д. Цивиной и Б.Е. Чистовой. М., 1989, 113–115-б; Бекмаханов Е. Казахстан в 20–40 годы XIX века. А., 1992, 161–163-б.

<sup>41</sup> Мирза Каландар «Мушриф» Исфараги. Көрсетілген еңбегі, л. 7б; Мухаммад Салихходжа Ташканди. Көрсетілген еңбегі, лл. 422а–429б.

<sup>42</sup> Абу Убайдаллах Мухаммад Ташканди. Худасат ал-ахвал. Рук. ИВ АН Узбекистана, № 2084, л. 166а.

<sup>43</sup> Бейсембиеев Т. К. «Та'рих-и Шахрухи», 82-б; Мухаммад Салих-ходжа Ташканди. Көрсетілген еңбегі, лл. 551а, 571а–573а.

<sup>44</sup> Мухаммад Йұнус Джан дадхах шигавул Ташканди. Көрсетілген еңбегі, л. 82а–б; Абу 'Убайдаллах Мухаммад Ташканди. Көрсетілген еңбегі, л. 77б.

<sup>45</sup> Сонда, лл. 77а–78а; Мухаммед-Хаким-хан-тора. Көрсетілген еңбегі, л. 691б.

<sup>46</sup> Мухаммад Салих-ходжа Ташканди. Көрсетілген еңбегі, лл. 399а, 638б, 557б–558а, 575а и 1002а.



## *Сегізінші таралу*

### **XIX ғасырдың екінші ширигінде Қазақстанда Ресей әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі**

#### **1. 1822 жылғы «СІБІР ҚЫРҒЫЗДАРЫ ТУРАЛЫ ЖАРҒЫ» ЖӘНЕ ОРТА ЖУЗДЕ ХАН БИЛІГІНІҢ ЖОЙЫЛУЫ**

Онсыз да ұлғайып алған империя құрамына Қазақстанның қосылуы аяқталған жағдайда оның орналасқан геосаяси жағдайы өскери жағынан алғанда өлсіз Коқан және Хиуа хандықтарын таптап тастап, бірінші отаршыл империя – Англияның Шығыс Түркістан ауданына енуін жоққа шығаруға мүмкіндік беретін еді, ал бұған Қазақ өлкесі кедергі болып кала берген.<sup>1</sup> 1820 жылғы «Қазақ даласы» өскери-топографиялық жағынан суреттелетін журналдан мыналарды оқуға болады: «Ұлы Петр орыстардың белсенді саудасын кеңейтуге ұмтылып және өзі дүниеге кеңінен қарай келіп, Үндістанға көз тоқтатты: екі жакты қатынастарды түбірінен өзгерктің келген ол сауда қатынастарын кеңейтуді ғана ойлап қоймай, Хиуа, ал содан соң Бұхара билеушілерін, сондай-ақ өзі алтынға бай құм табуға үміттенген Яркеть қаласын (қазіргі Жаркент қаласы. – Ред.) өз билігіне бағындыру мақсатымен стратегиялық қадам жасауға бел байлады».<sup>2</sup> Ресей империясының экономикалық мұдделері, Петербургтің ғаламат саяси жоспарларымен қатар, патшаның стратегиялық болжамдарын ұстана отырып, оның Орталық Азияның түкпіріне қарай біртіндеп ілгерілеуін тездете түсті.

Жоғарыда атап өтілген мән-жайлармен қоса, үкіметтің онтүстік-шығыс Қазақстанның сол кезге қарай саяси оқшаулығын сақтап қалған шекаралық аудандары отарлық басып алу және байырғы халықтың ғасырлар бойы ірге тепкен орындарынан ашықтан-ашық ығыстырылып шығарылуы себепті қытай жағына «ауып түсіп», «боғыханның бодандығын» қабылдауы мүмкін деген қауіптері де хандық институтының жойылуын тездетті. Бұл жөнінде белгілі тарихшы Н. Г. Аполлова кезінде жазған: «Орыс үкіметі, – деп атап өтті ол, – өзінің құбылмалы бодандарының (қазақтардың. – Ред.) дипломатиялық байланыстарын бақылай отырып, олардың басқа бодандыққа ауысу мүмкіндіктерін барлық амалдармен болғызбауға тырысты».<sup>3</sup>

1781 жылы Абылайдың қайтыс болуы, оның толып жатқан үрпақтары арасындағы кикілжіндер хан билігін өлсіретті. Ол былай тұрсын, 1795 жылы екі сұлтан, 19 аксақал және 122 360 қазақ императрица II Екатеринаның атына Уәлиді хан тағынан тайдыру туралы өтініш жіберді.<sup>4</sup> Үкімет ол кезде

хан билігін жою жөн емес деп тапты, алайда оны өлсірету мақсатымен біраз кейінректе Орта жүзде бакуатты Уәлимен қатар екінші хан етіп Бәкей сұлтанды тағайындауды.

1810 жылғы 27 желтоқсанда Сібір әкімшілігі «бодандыққа аnt беруді» өзірлеп, Есіл, Верхнеиртышск, Алтай шептерінің барлық бекіністеріне жіберді. Ол Ресей бодандығын қабылдаған қазактарды Ресейге бағдар алу-ды қатаң үстануға міндеттеді және «ант бұзушылық» үшін қатаң жазалау көзделді. Мұндай пәрмендер Орта жүздегі жағдайды, керісінше, шиеленістіре түсті және біршама тыныштыққа қарамастан, ең көреген сұлтандар, билер, ақсакалдар, көптеген казак ауылдары төніп келе жаткан қауіпті сезініп, «бөтен елдерге» өсіресе Шыңжанға қашып, Орта Азия иеліктері шегіне көшіп кетті.<sup>5</sup>

Петербург сарайы аңысын андал, кос билеуші Бәкей мен Уәлиді қан төкпей орындарынан алуға сылтау іздеді. Олардың екеуінде де кең-байтақ өлкені басқаруға қажетті амалдары болмады. Ресей «бөліп ал да, билей бер» саясатын жүргізіп, оларды бір-біріне айдал салды, сөйтіп кедейленген өркөкірек хандармен өздерінің байлығы жөнін бақталас ауқатты сұлтандарды өз жағына тартып отырды. А. И. Левшиннің табындарында 8,9 немесе тіпті 10 мың жылқысы, 400–500 түйесі, 20 мыңға тарта койы бар деп «саналатын» қазактар аз емес деген мәліметтері<sup>6</sup> мейлінше бай мал иеленуші – сұлтандардың жағдайын көрсетеді. Байлық саяси салмақ берді, басқа ру ауылдарының жеріне жиі көшуден күйзелген, бекіністердің әске-ри қызметінің жандана түсуі және құнарлы аудандарға казак контингентінің коныстандырылуы салдарынан меншіктері мен жер алаптарынан айырылған адамдарды өзіне тартатын құдіреті құшті қасиеттері бар деуге болатын. Оның үстіне казак даласының орталық губерниялар мен үкіметтік мекемелерден едәуір алыстыры, сол кезде-ақ империя құрамына енген Солтүстік-шығыс Казакстанның орасан кең аудандары бағынышты болған Батыс Сібір әкімшілігінің әскери-шенеуніктер сословиесін камтыған сыйайлас жемқорлық, басқа да жергілікті «бұратаналар» сиякты, оларды да жергілікті отаршылдық өкімет орындары мен тойымсыз шенеуніктердің бакылау дегенді білмейтін дерлік билігіне берді.

Ресейдің әкімшілік-аумактық басқару нысанына жақын басқару нысанының болмауы, Шыңғыс үрпактарының хан билігінің сакталуы үкіметтің іс-кимылын әлдекалай тежеп отырды. 1817 жылы – Бәкей хан, ал екі жылдан соң Уәли қайтыс болды. Петербург бір жақты кадамға – Орта жүзде енді хан тағайындауға және, оның үстіне, оларды «Бүкіл өлемді Ұлы тітіркентушінің» – Шыңғыс-ханның заманына барып тірелетін ертедегі ғұрып бойынша сайламауға бел байлады.

Ресей билігі тараптады аудандар жоғарғы билеушісіз қалып, нақты биліктің қандай нысаны да болмаған ерсі жағдай орын алды. Хандық ықпалды сұлтандармен көзбе-көз келіспей немесе алдын ала келіссөз жүргізілмей, іс жүзінде жоғарғы жактан жойып жіберілді.

Жаңа реформаны өзірлеуді патша сол жылдардағы белгілі либералдық піғылдағы қайраткер, өз дәуірінің аса білімді тұлғаларының бірі граф М. М. Сперанскийге жүктеді. Оның сан қырлы қызметінің өзегі Орта жүзде дәстүрлі хан мемлекеттілігін жойған жаңа заң актілерін енгізу болды.

Аз зерттелген аудандарды негұрлым толық зерттеу және жинақтап көрсету үшін М. М. Сперанский «Сібір жерлерін мәлім етуді» ұсынды.<sup>7</sup>

Бұл жазбаны жасауға болашақ декабрист Г. С. Батюшков белсене қатысты. Сонымен бірге ол Сібірді басқару туралы заң жобаларына бірқатар қосымша, түсіндірмелік бөлімдер: құрғактағы жол қатынастары, этаптар құру, жер аударылған «бұратаналар», «Орта Орда даласына» орыс билігін тарату бөлімдерін өзірледі. Бұл жаңалықтар сақталып қалған жергілікті басқару жүйесін жокқа шығарып, шексіз-шетсіз дала құрылышын ресейлік губерниялық басқаруға біршама жақыннатуға тиіс болды.

1822 жылғы 22 маусымда патша «Сібір губернияларына арналған мекемелер», «Бұратаналарды» басқару туралы жарғы», «Қырғыз-қайсақтарды» басқару туралы жарғы, Этаптар туралы жарғы, Жер міндеткерлігі туралы ережелер, Астық қорлары, шаруалар мен «бұратаналар арасындағы борышкерлік міндеттемелер туралы ережелер үшін негіз болған 10 заңды бекітті.<sup>8</sup>

«Сібір... мекемелеріне» сәйкес, азиялық Ресей 2 генерал-губернаторлыққа: орталығы Тобыл болған Батыс Сібір, орталығы Иркутск болған Шығыс Сібір генерал-губернаторлықтарына бөлінді. Біріншісіне Тобыл, Томск губерниялары мен Омбы облысы жатқызылды;<sup>9</sup> Ресей бодандығында болған Орта жұз аудандары соңғысының құрамына енгізілмекші болып ұйғарылды.

Орта жұздегі дәстүрлі мемлекеттілікті таратып, хан атағын «мұлде артық» деп жойып жіберген<sup>10</sup> үкімет Сібір қазақтары туралы жарғыға сүйеніп, басқарудың жаңа нысанын енгізді. 3-параграфқа сәйкес, географиялық жағынан Онтүстік-батыс Сібірді мекендеген қазақтар «көшпелі бұратаналар сословиесі» болып есептелді және тең құқықтарды пайдаланды, ал «сібір қазақтары елі» ең алдымен 1838 жылы Батыс Сібір қазақтарын шекаралық басқару құрылғанға дейін Омбы облысына бағынып келген сыртқы округтерден құралды.

Өзгерістер қазақ руларының әкімшілік-аумақтық құрылымдарына қатысты болды: даладағы жаңа үштаған – округ, болыс, ауыл бұрынғы рулық басқару жүйесін іс жүзінде жоқ етіп жіберуге тиіс еді. 5-параграф арқылы жаңа құрылым: ауыл – 50-ден 70-ке дейін шаңырақ, болыс – 10 ауылдан 12-ге дейін ауыл, округ – 15 болыстан 20 болысқа дейін болып белгіленді.<sup>11</sup>

Жарғыда округтерге тиесілі жер иеліктеріне меже енгізілді: оның үстіне 9-параграфпен көшпелілердің бір округтен екіншісіне өз еркімен ауысусы шектелді, ол үшін «жергілікті бастықтардың рұқсаты талап етілді. Бұл жер алаптарын пайдаланудың қауымдық-патриархаттық дәстүрлерін қиратуды білдірді. Енді қазақ ауылдарының көрші округ қоныстарына кірмей, өзінің округтік аумағы шегінде ғана көшіп жүруіне рұқсат етілді.

Жарғының 15-параграфында округтердің жекелеген бөлімшелерін басқарудың жаңа тәртібі белгіленді: ауылдарды – ауыл старшындары, болыстарды – болыс сұлтандары, округтерді аға сұлтандар (ел билеушілері) басқаратын болды. Бұл өзгерістер ерте кездерден бері әкімшілік пұрсаттылықтары болған Шығыс ұрпақтарының ықпалын өлсіретуге тиіс болатын; сонымен бірге болыстарды басқармайтын сұлтандар бұрынғы сословиелік артықшылығын сақтап қалды, дегенмен олардың округ бөлімшелерін басқару ісіне «араласуына» қатаң тыйым салынды.

Аға сұлтандарға зор құқықтар берілді, оның басшылығымен округтік приказда өткізілетін отырыстарға облыстық бастық тағайындастын

ресейлік екі заседатель және сайланып қойылатын екі «құрметті қазак» катысуға тиіс болды.

Үкіметтің сеніміне кірген ықпалды Шыңғыс үрпактары арасынан сайланған аға сұлтандар, олардың екі орынбасары – өздері онша түсінбейтін сайлау рәсімінен өткен қазактар, тағайындалатын басқа да екі шенеуніктермен бірге алқалы басқару түрін көрсетті; көп кешікпей аға сұлтандар іс жүзінде жергілікті отаршылдық өкімшіліктің айтқанынан шықпайтын құралдарына айналды. Ал көп ұзамай, округтегі жоғары қызметке өз өкілдерін сайлау жолындағы ұзаққа созылған руаралық тайталас кезінде, дала аксүйектерінің бір бөлігі өз қарсыластарын құлату мақсатымен омбы шенеуніктерінің оң көзben қарауына ұмтылып, екі жақты көзкарас ұстанды: сырт көзге үкімет саясатымен ынтымақтастық көрсетіп, іштей бұрынғы хандықты қалпына келтіруден үмітін ұзбеді. Билердің, рубасылардың билігінде жүрген номадтар бұқарасын айтпағанда, жаңа сайланған сұлтандардың иығына жабылатын оқалы шапандар да, «ел билеуші» деген құрметті атактар да, күміс және алтын медальдар да рулық ескі заман дәстүрлеріне берілгендей қаралып жоя алмады.

Үкіметтің жергілікті номадтар жөніндегі саясатында оларды егіншілікке ынталандыру, «бақташылық өмірді» жою, олардың жер жыртуға көшуін көтермелегенде маңызды бағыт болды. 177, 178-параграфтарда отырықшылыққа көшкендерге 15 десятинаға дейін жер участесін бөліп беруге рұқсат етілді, сұлтандар үшін «үш есе», ал старшындарға «екі есе» жер бөлуге мүмкіндік берілді. Отаршылдық өкімет орындары осы арқылы Ресейдің ықпалын өлсіреткен, хан билігінің қалдықтарымен құресті қыннатқан барымтаны, руаралық қырқысты жоюға тырысты.


Жарғымен міндеткерлік пен салықтардың жаңа санаттары енгізілді. Рас, бұл орайда М. Сперанский мен оның төңірегіндегілер әдейі бесжылдық женілдік белгіледі немесе көшпелі халықтың барлық санаттарын барлық алымдардан босатты; мұндай бетбұрыс бұрынғы феодалдық жүйе бойынша міндеткерлік атқаруға: көшпелі аудандарда зекет пен соғым, егіншілікті аудандарда ұшыр төлеуге дағыланған халық наразылығының алдын алуға ұмтылысқа байланысты болса керек.

Реформа Қазақстанда сауда-экономикалық үрдістің өсуі үшін оң алышарттар туғызды. Патша өкіметтің бұған белгілі дәрежеде мүдделі болуын экономикалық факторлармен қоса, оның көшпелілер арасында өзінің саяси ықпалын нығайту ниетімен түсіндіру керек.

Сонау XIX ғасырдың ең басында-ақ патшалық өкімет орындарының бақылауындағы аумакта көшіп жүру, бекіністер мен басқа да қыстактарда мал шаруашылығы өнімдерін кеңінен айырбастау мүмкіндігін іске асыру құқықтарын талап ете отырып, екі жақты байланыстарды дамытуға жекелеген қазақ сұлтандарының өздері бастама көрсеткен еді. Осыған байланысты 188-параграфта қазактарға өз тауарларын «өз округі ішінде де, одан тыс жерлерде де» еш шектеусіз еркін өткізуге мүмкіндік берілді.

XIX ғасырдың басында Бұқтырма, Өскемен бекіністерінің, Петропавлдың, Семейдің маңызы едөуір арта түсті.

Жарғының бірқатар параграфтарында 205-параграфқа сәйкес үш санатқа: қылмыстық, талап-арыздық және облыстық басқармаға шағымдар бойынша сараланған сот жүйесіне түзетулер енгізілді. Қылмыстық істерге мемлекеттік опасыздық, тонау, барымта, белгіленген билікке көрінеу ба-



**Қазақстан XIX ғасырдың бірінші жартысында.** Шартты белгілер: 1 – Мемлекеттік шекара; 2 – Қазақстанның шекара; 3 – Бекей хандығының шекара; 4 – Бекей хандығындағы кетерліс ауданы; Орта жуздегі сыртқы округтер (1820–1844); 5 – Құсмұрын; 6 – Кекшетау; 7 – Ақмола; 8 – Баянауыл; 9 – Қарқаралы; 10 – Қекпекті; 11 – Аягез; 12 – Қалапардың салынған жылы; 13 – Орынбор генерал-губернаторлығындағы дистанциялар; 14 – Перовскийдің Хиуа жорығы (1839–1840); 15 – Қамалдар; 16 – басқа да елді мекендер; 17 – сауда жолдары.

ғынбаушылық жатқызылды; оның үстіне барлық талап-арыз істері билердің қатысуымен ауылдар мен болыстарда талқыланы; 216-параграфта тұтас алғанда «қазақ ғұрыптары мен зандары бойынша» дәстүрлі билер сотының мәні сақталды; ол былай тұрсын, 220-параграфта билер істерді «негізсіз шешкен» жағдайда оларды жауапқа тарту көзделді, оның үстіне көшпелілердің тәменгі сот сатыларының шешімдеріне шағым жасау құқығы сақталды,<sup>13</sup> мұның өзі қатардағы номадтарды шариғатты жергілікті түсіндірушілер тарапынан жасалуы мүмкін озбырлықтан біршама қорғады; ережеде көшпелілердің сұлтандар жөнінде де шағым ресімдеуіне жол берілді. Мұндай жағдайларда соттың істі қарауы облыстық басқарманың отырысына көшірілді. Арнайы параграфта аға сұлтандарға, округтік приказдардың заседателдеріне, сұлтандарға, болыстардың басқарушыларына жалақы төлеу, кешегі жоғары тексті Шыңғыс ұрпақтары мемлекеттік қызметшілер санатына көшіріліп, оларға империяның сол кезде қолданылған зандарын тарату жөнінде айтылды. Мұрағат құжаттары округтік шенеуніктердің әрбір санатына қызметі үшін төленетін ақының сомасын да мейлінше айқын анықтауға мүмкіндік береді, олар мынадай: аға сұлтан жылына 1200 сом, әрбір ресейлік заседателдерге – 1000 сомнан, қазақ заседателдеріне – 200 сомнан, тілмашқа – 800, емшіге – 1000 сом, болыс сұлтандарына – 150, іс жүргізушілерге – 300 сомнан төленді және т.б.<sup>14</sup> Әрбір округтік приказда барлығы 15-ке дейін штаттағы қызметкерлер болды. Сонымен бірге Жарғыда аурухана ұстауға – 500 сом, жыл сайынғы мерекелерге – 3000, мектептер мен училищелер «құруға» – 5000, қайырымдылықты «қолдауға» – 500 сом мөлшерінде қосымша шығыс баптарын белгіледі. Жыл сайынғы барлық шығындар 31 000 сомнан аспауға тиіс болды.<sup>15</sup>

Реформа Орта жүз халқын ағартуға арналған жағдайды кеңейтті: жеті параграфта (243–249) сауаттылықты кең тарату көзделді: Жарғының 250-параграфы округтік приказдарды «өздеріне сеніп тапсырылған халықтың ешбірі қайыршылыққа ұшырамауына және қамқорсыз қалмауын барлық амалдармен ойластыруға» міндеттеді.<sup>16</sup> Бұдан кең-байтақ аймақты кең көлемде өзгертуді, бүкіл Сібір бойынша орын алған қиянат жасаушылықтарды тұп-тамырымен жоюды жақтаушы граф М. Сперанскийдің ықпалы айқын аңғарылады. Кейін аға сұлтан Құнанбай Өскенбаев Жарғының осы бабын басшылыққа ала отырып, Қарқаралы приказында мектеп пен мешіт ашуға Батыс Сібірдің Шекаралық басқармасы бастығының келісімін алды.<sup>17</sup> Заң актісін қолданысқа енгізе отырып, үкімет халықтың қарсы өрекет жасауы болмай қалмайды деп есептеді, сондықтан да арнаулы 284-параграфта оны «өзін қамқорлыққа алуды ерекше сұрапан», бодандыққа ант берген болыстардан бастап, бірте-бірте жүзеге асыру ұсынылды; тек алғашқы тәжірибелерден кейін ғана «басқа болыстарды шақыру» көзделді.

Сондай-ак 291-параграфта облыстық бастықтарда бар қаражаттың жұмсалуына қарай округтерді «бірінен кейін екіншісін» ашудың реті белгіленді.<sup>18</sup>

Округтік приказдармен әдейі бір мезгілде ұйымдастырылатын, өске-ри-полициялық міндеттер берілген разъездер мен пикеттер жаңадан құрылған әкімшілік-аумақтық орталықтарды «тәртіпсіздіктерден» «корғауға» тиіс болды.

329 параграфтан тұратын Жарғының қазақ тіліне аударылған мәтіні көп ұзамай ауылдарға таратылып жіберілді. Алғашқы екі округ пен приказ ашылатын аймаққа марқұм Уәли ханның Көкшетаудағы қоныстары мен бұрынғы Бәкей ханның Қарқаралыдағы ауылдары таңдал алынды.

Барлығы 7 округ ашып, кейін олардың санын 8–10-ға дейін жеткізу көзделді, мақсат одан өрі Орта Азия шебіне шығу болатын.

Алғашқы сыртқы округ – Қарқаралы округі 1824 жылғы 8 сәуірде ашылды. Жаңадан құрылған округке кірген болыстар құрамында 20 мындаш шаңырақ – шамамен алынған есептеулер бойынша, 60000-ға дейін ер-азамат болды.

Полковник С. Б. Броневскийдің Батыс Сібір генерал-губернаторы П. М. Капцевичке жеткізілгеніндей, марқұм Бәкей ханның үлкен балаларынан аға сұлтан қызметіне үшеуі – Батыр, Тәуке және Тұрсын сұлтандар үміттене алатын еді. Соңғысы Бәкей қайтыс болысымен-ақ «осындағы болыстарда» хан тағына отырды, ал оны бұл қызметке үкімет бекітпеген еді.<sup>19</sup> Бәкей кенеттен қайтыс болғаннан кейін оған берілген патша грамотасы, сондай-ақ «аса қадірлі сыйлықтар» Абылай ханның ұлы Шыңғыс сұлтанның үлкен баласы Тұрсынға тиген еді. Сұлтандардың көпшілік бөлігі Тұрсынның кандидатурасын батыл қолдағанына қарамастан, басқа үміткерлердің «асқан зор қаскөйліктері, зымияндығы мен зұлымдығы»<sup>20</sup> Жарғыға сәйкес алғашқы аға сұлтанды сайлауға тиісті барлық Шыңғыс ұрпактарының приказға келуін қынданатты.

Ресей армиясының майоры шені бар жоғары лауазымды адамды сайлау рәсімі мейлінше салтанатты түрде сұлтандардан, билерден, ақсақалдардан басқа көшпелілердің қалың бұқарасының қатысуымен өткізілді. Округтік приказдың қарамағына келген 250 казактан ішкі күзет сапқа тұрғызылды. Сол жерде ақсақалдар мен байлар екі заседатель етіп Олжабай Ордауов пен Жаманбай Нұралинді сайлады.<sup>21</sup> Көптеген сұлтандар, билер округтердің құрылуына қарсы наразылық белгісі ретінде облыстық бастықтардың сән-салтанатты шараларына қатысадан бас тартты.<sup>22</sup>

Соның ізінше 1824 жылғы 22 тамызда подполковник А. Григоровский Көкшетау округі мен приказын ашты, оның шегінде атығай, керей, канжығалы және қарауыл рулары шоғырланған еді; марқұм Уәли ханның ұлы, Абылай ханның кенже баласы Қасым төре бастаған сан тарам ұрпактары қолдаған Ғұбайдолла сұлтан аға сұлтан болып сайланды; заседателдер болып сайланғандар – «аса құрметті ақсақалдар» Желқара Байтоқин, Мұкет Жәнібеков.<sup>23</sup>

Бұдан кейін бірқатар сыртқы округтер: 1825 ж. – Құсмұрын, 1826 ж. – Баянауыл, 1831 ж. – Аягөз (Сергиополь), 1832 ж. – Ақмола округтері құрылды. Бұл ретте көбінесе мал конданатын шілде, тамыз айларында өткізілетін сайлауларға көшпелілерді қайран қалдыратын салтанатты мерекелер: зенбіректер гұрсілі, мылтықтардан оқ ату ілесе жүретін, офицерлердің алтын жалатылған эполеттері дала тұрғындарының көзін қызықтырып, олардың не болып жатқанын сезінуін өлсірететін; олар өз мемлекеттілігі жойылуының куәлары болды. Номадтарға жоғары қызметке сайланушыны ақ киізге көтеретін ежелгі ғұрыптың сақталуы ұнады. Көп жыл өткен соң «момын, кедей» Бөленнің Аягөз округінің аға сұлтаны болып сайлануын көзімен көрген Адольф Янушкевич бұл рәсімді, міне, бывайша суреттейді: «Бір кезде өз жерлесін хан етіп сайлау кезінде сақталып келген бабалар ғұрпына адал қазақтар болыстың жаңа президентінің қара-

пайым шапанын төбәрік етіп қас қағымда өзара жыртып алысты, Шекара бастығы құрметті шығынның орнын табан астында толтырып, оған үкімет атынан алтын жіппен зер төгілген оқалы шапан жапты... оның салтанат құру құрметіне Аягөз бекінісінің зенбіректері гүрсілдеп жатты».<sup>24</sup> Алайда округтік приказдар ұшы-қырысыз даланың бір бөлігін ғана бақылап отырды, округтердің әкімшілік қызметтері аға сұлтандар мен олардың серіктерінің жаңа құрылған приказдардан 120—150 шақырым қашықтықтағы бекіністі шептерге жақын ауылдары мен қоныстарына ғана таралды.<sup>25</sup>

Үкіметтің округтер құру жолымен «қазактармен арадағы тыныштыққа және дұрыс басқаруға жетпекші»<sup>26</sup> болған бастапқы мақсатына XIX ғасырдың 30-жылдарына қарай ішінара ғана қол жеткізілді. Реформаны жүргізу жолындағы қыындықтар үкімет шенеуніктерінің жергілікті жағдайларды үстіртін білуіне, генерал-губернатордың белгілелегендерін жедел қарқынмен іске асыруға ұмтылуына байланысты туды.

Орта жүзде хан мемлекеттілігінің жойылуы, әкімшілік-аумақтық жаңалықтарды енгізудегі асығыстық күні кешегі мұлгіп жатқан сияқты көшпелілер арасында оппозициялық пиғылдардың негізін қүшетті: «Азат, еркін, даланың өзі сияқты табиғаттың перзенті, — деп атап өтілген жергілікті баспасөзде кейіннен шыққан жарияланымдардың бірінде, — сыртқы дүниенің алуан түрлі өсері аз берілген, өзінің алдындағы біркелкі жердің бәз-баяғы көрінісін көретін қазактар дала стихиясына және өз тұрмысының жағдайларына мықтап үйренісіп алған, ал барлық ұлттық дағдыларды қымбат тұтатыны да сондықтан».<sup>27</sup>

Жаңа әкімшілік үштағанды – ауыл, болыс және округті асығыс құра отырып, граф М. Сперанский мен оның ізбасарлары жергілікті факторлармен санаспады, сайып келгенде, оны іске асырудың күш колданылатын тактикасына сенді және бәлкім, реформаны жүзеге асыруға жасалған алғашқы әрекеттердің өзі қоғамда жіктеліс және үкіметке қарсы пиғылдар туғызуға әкеп соғып, ол 20 жылдан астам уақыт күреске ұласады деп ойламаған да болса керек. «Шынында да, бұл жарғыда далада жалпы дағдыға айналған еркіндікті батыл жою ойластырылды және ол тұтас халыққа мейлінше ауыр зардаптарға әкеп сокты», — деп әділетті атап өтті барон Услар, ол кейінректе Кенесары Қасымовтың тұтқыны ретінде ауылдарда бірнеше ай тұрған еді.<sup>28</sup>

Сонымен Орта жүзде хандық, феодалдық мемлекеттіліктің жойылуы, бір жағынан, казак қоғамының өзінде ішкі рулық талас-тартыстардың жалғасуы салдарынан, екінші жағынан, патша әкіметінің өскери-әкімшілік әрекеттерінің нәтижесінде болды.

1822 жылғы Сібір қазактары туралы жарғы, алғашқы патшалық реформа ретінде, бүкіл дәстүрлі билік құрылымын қиратып, әлеуметтіксаяси және шаруашылық өмірдің барлық жақтарын қамтыды, казак қоғамы ішіндегі, ең алдымен патшалық өзгерістерді, негізінен, киналмай қабылдаған шеп маңайындағы ауылдар арасындағы және кең далада еркін көшіп жүріп, көшпелі тәуелсіздіктің ең берілген жақтаушылары ретінде сұлтандардың, билердің ақыл беруі бойынша патшалық өзгерістерге көнбекендер арасындағы онсыз да өткір қайшылыктарды терендетіп, Кавказдағы, Еділ бойының түркі тілдес аймағындағы және далалық табиғи ландшафты реформаның іске асырылуын белгілі бір дәрежеде қындалқан Қазақстандағы отаршылдыққа қарсы оппозицияның топтасуын қүшете түсті.

## **2. ӘСКЕРИ ОТАРЛАУДЫҢ КҮШЕЮІ. ҚАЗАҚСТАНГА XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ШИРЕГІНДЕ КАЗАК ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫ**

XIX ғасырдың екінші ширегі Қазақстанды әскери отарлаудың шешуші кезеңі болды. Ресейдің қазақ даласына жүз жылдан астам уақытқа созылған өңмендеуі, оңтүстік аймақтарды қоспағанда, өлкенің барлық дерлік аумағының империя құрамына қосылуына әкеп сокты. Бұл Қазақстанның саяси бытыранқылығының, құрделі сыртқы жағдайының салдарынан ғана емес, сонымен қатар Ресейдің сөзсіз әскери басымдығының нәтижесінен болды, ал оның армиясы сол кезде Еуропадағы ең қуатты армиялардың бірі еді. 1825 жылы орыстың құрғактағы армиясында 526 мың адам болды.<sup>29</sup>

XIX ғасырдың ортасында Ресейдің Қазақстандағы қарулы күштері тұрақты әскерлер мен тұрақты емес әскерлерден тұрды, олар екі әскери құрамаға біріктірілді. Жеке Орынбор корпусына 23-жаяу әскер дивизиясы (10 шептік батальон құрамында), Орал және Орынбор казак әскерлері, башқұрт-мещеряқ казак полкі кірді. Корпустың штабы Орынборда орналасты, өлкенің әскери губернаторы қызметі бойынша оның командирі болды. Жеке Сібір корпусына 24-жаяу әскер дивизиясы (15 шептік батальон құрамында), екі гарнizonдық батальон және Сібір шебінің казак әскері кірді. Корпустың штабы Омбыда орналасты, оның командирі Батыс Сібір әскери губернаторы болды.<sup>30</sup>

Қазақстанның бүкіл дерлік аумағын батысынан шығысына қарай бекіністері, форттары, форпостары, кордондары мен пикеттері бар үздіксіз әскери шептер тізбегі қоршап жатты. Мәселен, Орал шебі Гурьевтен Илецк қорғанысына дейін созылды және XIX ғасырдың басында 19 форпост пен 5 бекіністен тұрды. Төменгі шепте – 6 мың, жоғарғы шепте – 7 мың, Оралдың өзінде 17 мың қазак орналасты. Ал 1857 жылға қарай төменгісінде – 21 мың, жоғарғысында – 45 мың, Орал қаласында 11 мың қазак болды.<sup>31</sup>

XVIII ғасырдың 30-жылдарында-ақ құрыла бастаған, Верхнеяицк және Үй бекіністі шептерінен тұратын Орынбор шекаралық шебі күшті қорғаныс болды. Верхнеяицк шебі Орынбордан шығысқа қарай созылып, 9 бекініс пен 16 редутты қамтыды және екі дистанцияға: Красногорск және Орск дистанцияларына бөлінді. Красногорск дистанциясы – 4 бекініс пен 6 редуттан, Орск дистанциясы 5 бекініс пен 10 редуттан тұрды. Үй шебі Верхнеяицк бекінісінен Тобылдағы Звериноголов бекінісіне дейін созылып, 8 бекініс пен 9 редуттан тұрды, Верхнеуйск және Нижнеуйск дистанцияларына бөлінді. Верхнеуйск дистанциясы – 3 бекініс пен 5 редуттан, Нижнеуйск дистанциясы 5 бекініс пен 4 редуттан тұрды.<sup>32</sup>

1810–1822 жылдарда Новоилецк әскери шебі құрылады. Ол алты форпостыдан (Изобильный, Бурунный, Новоилецк, Линевск, Угольный және Ветлянск), Ханский редуты мен Бердянск бекінісінен тұрды.

1835–37 жылдарда Орынбор әскери шебінің бір бөлігі ретінде Жана шеп құрылады. Ол Орск бекінісінен басталып, солтүстік-шығысқа қарай жүріп, Үй өзенінің Тоғызакқа құйылышындағы Березовский редутына дейін жетеді. Оның ұзындығы 478 шақырым болды.

Осы өскери шептердің бәрі ұзындығы 1780 шақырым болатын (Гурьевтен Батыс Сібірмен шекарадағы Алабұға отрядына дейін) Орынбор өскери-шекаралық шебінің құрамына кірді.

Онда 2-дәрежелі бекіністер қатарына жататын және француз инженері Вованның жүйесі бойынша салынған Орынбор бекінісі басты бекініс деп саналды.<sup>33</sup> Ол тас қабырғалы, қақпалары мен бекіністік орлары бар ұзак мерзімді сипаттағы камалдық 11 форттан тұрды. Бекіністің сыртында оған кіреберісті қорғап тұрған үш форштадт болды. Орск бекінісі 3-дәрежелі бекініске жатты, құм үйіліп, ормен қоршалды, сырт жағынан өзен қорғап тұрды.

Орынбор, Орск және Илецк қорғанысы бекіністері Орынбор және Орск инженерлік командалары мен өскери-жұмысшы ротасынан тұратын Орынбор инженерлік округіне қарады. Олар 14-гарнizonдық артиллерия бригадасы орналасқан Орынбор артиллериялық гарнizonдық округінің құрамына да кірді. Бекіністердің кару-жарағында әр түрлі 130 зеңбірек, ал далалық бекіністерде (Новопетровск, Карабұтак фортында және басқаларында) 54 зеңбірек (пушкалар мен единорогтар) болды.<sup>34</sup> Орынбор және Орск бекіністеріндегі, Новопетровск бекінісіндегі артиллериялық қару-жарақ күшті болатын.

Әскери жағынан Орынбор өскери шебінің зор маңызы болмады, өйткені «өскери іспен таныс емес және қандай да болсын құрылғыдан хабарсыз» өлсіз көршілері, соның ішінде казактар да Ресейге қарсы өлдебір елеулі өскери әрекет ете алмайды деп саналды. Сондыктан мұнда мықты бекіністер емес, қайта кордондық қызметті қырағы жүргізу талап етілді, ол қызмет Орал және Орынбор казак өскерлеріне жүктелді.<sup>35</sup> Қалалар мен бекіністердегі гарнizonдық қызметті Жеке Орынбор корпусының жаяу өскер батальондары, мүгедектік және этаптық командалар атқарды.

Орынбор өскери губернаторы В. А. Обручевтің тұсында дала ішінде, казактар қоныстарының қақ ортасында бекіністер салына бастады, бұл алыстағы аумақтарды бақылауда ұстауға, шептерді Орта Азия хандықтарының шекараларына жақыннатуға мүмкіндік берді.

1845 жылғы 7 қыркүйекте Торғай өзенінің он жағасында, Орскіден 120 шақырым жердегі Бесқопа шатқалына жақын маңайда Оренбургск бекінісінің (Торғай қаласы) негізі қаланды. Бекініс жартылай шенберлі шығыңқы жерлері бар редут түрінде салынды. Гарнizon жергілікті қорғаныска арналған жаяу өскер ротасы мен зеңбірекшілер командасынан, барлығы 150 адамнан тұрды. Көшпелі резервке екі зеңбірегі бар, штаб-офицер командалық ететін екі жұз орынбор казагы кірді. Гарнizonның қару-жарағы 1839–1840 жылдардағы сөтсіз аяқталған Хиуа жорығынан қалған, шойыннан құйылған 16 бекіністік зеңбірек пен үш таған тұғырлы 100 жанғыш зымыраннан тұратын. Гарнizonның комендантты майор немесе подполковник шеніндегі офицер болды.

Нақ сол жылды Орынбордан 120 шақырым және Ордан 406 шақырым жердегі Жармола шатқалында, Ырғыздың жарлауытты он жағасында Уральск бекінісі салынды. Гарнizonы Оренбургск бекінісіндегідей болды. Қару-жарағына екі зеңбірек: 6 фунттық бір зеңбірек пен 3 фунттық тауға арналған женіл зеңбірек, сондай-ақ үш шақырымға дейін алысқа атылатын зымыран снарядтары кірді.<sup>36</sup>

1847 жылы Арал теңізінің жағасындағы Райым шатқалында, Сырдарияның сағасына жақын жерде Райым бекінісінің негізі қаланды. Оның гарнизоны штабымен қоса Орынбор шебі 4-батальонының барлығы 503 солдат пен офицер болатын екі ротасынан, Орал казак өскерінің үш жүздігінен және 14-гарнizonдық зеңбірек бригадасының оқпаны өр түрлі 14 мыс зеңбірегінен тұрды, ол 64 өскери лауазым иелерінің басқаруында болды.<sup>37</sup> 1848 жылы Ырғызда Қарабұтақ және Арал теңізінің жағалауында Қосарал форттарының негізі қаланды. Сөйтіп Орынбор форттар мен бекіністер тізбегі арқылы Арал теңізімен жалғастырылды. 1853 жылы Сырдарияда № 1 Қазалы форты мен № 2 Қармақшы форты салынды. Ресей Орта Азияның іргесіне, Хиуа және Қоқан хандықтарының шекарасына шықты.

Бұдан да ертеректе 1833 жылы Каспий теңізінің жағалауында, Өліколтық шығанағында Новопетровск бекінісінің негізі қаланған еді. Гарнизон зеңбірекшілер командасты бар екі жаяу өскер ротасынан, екі жұз орал казактарынан тұрды, қару-жарактан оқпаны өр түрлі 31 мыс және шойын зеңбірегі болды. Алайда орналасқан жері нашар, сұы мен климат жағдайы қолайсыз болғандықтан бекініс Тұпқараған шығанағына көшіріліп, Новоалександровск деп аталды және 1847 жылғы 30 тамызда ресми түрде ашылды.<sup>38</sup>

1848–1853 жылдарда Орта Азияны жаулап алуға дайындала отырып, патша өкіметі Орталық Азия аймағында тұнғыш рет Арал теңізінде өскери флотилия құрады. 1847 жылы «Николай» және «Михаил» деген екі мачталы шхуна суға түсірілді, ал 1848 жылы Орынборда «Константин» кемесі жасалып, ол теңізге бөлшектеліп өкелінді де, Райым бекінісінде құрастырылды. 1852–53 жылдарда тапсырыс бойынша Швецияда жасалған «Перовский» және «Обручев» өскери пароходтары жеткізілді. Екі корабль де 1853 жылы Қоканның Ақмешіт бекінісіне шабуыл жасау мен оны алуға қатысты.<sup>39</sup>

Кіші жүзді билеуші, өзіне адал сұлтандардың ордалары да патша өкіметінің даладағы өскери тірек пункттері болды, оларға полициялық қызмет атқару және отбасы мүшелерімен қоса сұлтандардың өздерін күзету үшін офицері бар екі-үш жұз казак берілді. Бұл қозғалысқа женіл казак отрядтары Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің 1825 жылғы 5 және 17 қантардағы, 1827 жылғы 2 шілдедегі шешімдерімен құрылды және арнаулы нұсқаулар негізінде қимыл жасады.<sup>40</sup>

Кіші жүздің үш бөлігін билеуші сұлтандардың қарамағында жаз кезінде 100–200 казак, қыс кезінде бір офицер, бір урядник және 20 казак болды.<sup>41</sup>

Патшалық Ресейдің өскери жағынан күштегені соншалық, стратегиялық міндеттерді шешуге кірісті. Мәселен, 1839–1840 жылдарда Орынбор генерал-губернаторы Перовский Хиуаны жаулап алу мақсатымен жорық жасады. Экспедициялық корпустың құрамына 2, 4, 6-шептік Орынбор батальондары, 1-батальонның екі ротасы, полковник Бизянов командалық ететін 4-Орал казак полкі мен өскери старшина Назаровтың 5-Орал казак полкі, 1-Орынбор казак полкі, сондай-ақ Кіші жүздің батыс бөлігінің билеуші сұлтаны подполковник Баймағамбет Айшуақовтың 250 жігіті енді. Отрядтың артиллеријалық қару-жарағы күшті еді, онда: 12 фунттық екі шойын және 6 фунттық екі зеңбірек, ат жегілетін 14 пүттық екі және

таулы жерге арналған 3 фунттық сегіл зеңбірек, 6 фунттық алты мортир, екі шойын фальконет, барлығы 22 зеңбірек, сондай-ақ бірнеше қондырғылы зымырандар болды. Маршруттың жолында алдын ала азықтұлік және жем қоры бар Жем және Ақбұлақ бекіністері салынды. Алайда 5 мыңдан астам солдат қатысқан осындай орасан зор өскери шара ұзаққа созылған қысқы жорық жағдайларын білмеу себепті мүлде сәтсіз аяқталды. 1839 жылғы 14 қарашада жолға шыққан отряд хиуалықтармен шайқастарға дейін-ақ жол-жөнекей мың солдатынан айырылып, 1840 жылғы 14 сөуірде Орынборға қайтуға мәжбүр болды.<sup>42</sup>

Батыс Сібір генерал-губернаторлығы аумағында да өскери шеп нығайтылды. Оның Тобылдағы Звериноголов бекінісінен Алтайға дейінгі ұзындығы 2 мың шақырымдай болды. Ол төрт өскери шептен: Новоишимск (Пресногорьковск немесе жай ғана Горькая шебі), Ертіс, Бұқтырма, Бийск шептерінен тұрды. Горькая шебі сонау XVIII ғасырдың орта шенінде құрылып, 16 редуты бар 11 бекіністі қамтыды, Сібір корпусы инженерлік басқармасының құрамына кірді. Алты бұрышты Петропавл бекінісі басты бекініс деп саналды. Оның шығысында төрт бекініс: Полуденная, Лебяжье, Николаевск, Покровск бекіністері, олардың ортасында 9 редут, батысында – алты бекініс: Скопинск, Становск, Пресновск, Кабанья, Пресногорьковск және Звериноголов бекіністері орналасты.<sup>43</sup> Петропавл бекінісі шептің ең басты артиллериялық арсеналы болды. Мұнда Сібір драгун полкі, жаяу өскер батальоны, казактар мен башқұрттардың отрядтары орнастырылды. Лебяжье бекінісі мен Тара дистанциясында Ширан мушкетерлік полкі орналасты.<sup>44</sup>

Ертіс өскери шебі XVIII ғасырдың басында-ақ құрылған еді. Ямышевск бекінісінде 18 зеңбірегі бар 303 адамнан, Семейде – 9 зеңбірегі бар 204 адамнан, Өскеменде – 9 зеңбірегі бар 141 адамнан, Железинскіде – 6 зеңбірегі бар 72 адамнан, Омбыда – 20 зеңбірегі бар 267 адамнан тұратын гарнизондар болды. Коряковск, Семиярск, Убинск, Черлаковск форпостары мен басқаларында да гарнизондар орналасты. Сібір шекаралық шептерінде барлығы 18 бекініс, 31 редут, 13 форпост, 23 станция, 35 шамшырак (маяк) тұрды.<sup>45</sup>

XIX ғасырдың 20-жылдарында ішкі округтерді қорғау үшін өскери шептер мен бекіністерді далалы аймаққа сұғынта тұсу басталады. Мәселен, 1822 жылдың шілдесінде алғашқы бекіністер – Ақмоладан онтүстікке қарай 300 шақырым болатын Ақтау тауларында, Сарысу өзенінде Ақтау және Есіл өзенінде Жарқайың бекіністерінің негізі қаланады. 1824 жылдың сөуірінде Қарқаралы приказы ашылып, майор Тұрсын Шыңғысов аға сұлтан етіп тағайындалды. Оның өскеркөсінінда (ставкасында) 6 және 7-Сібір полктерінің полковник Броневский басқарған 300 казак орналасты. 1824 жылғы 29 сөуірде Көкшетау приказы құрылды, оның гарнизоны да өскери старшина Лукин бастаған 2 және 4-Сібір полктерінің 300 казактан тұрды.

Одан соң Баянауыл (1826 ж.), Ақмола және Көкпекті (1827 ж.), Атбасар (1846 ж.), Аягөз, Құсмұрын приказдары, Ұлытау (1846 ж.), Қапал (1847 ж.) бекіністері ірге тебеді.<sup>46</sup> Оларға қарауыл қызметін атқару үшін қозғалысқа женіл казак отрядтары орнастырылды. Мәселен, 1826 жылы жаңадан ірге көтерген Көкшетау және Қарқаралы бекіністерінде 452 өскери казактан тұратын екі отряд, 1836 жылы – 860 казактан тұратын жеті отряд

болды. 1853 жылға қарай олардың саны 2 мың казакка дейін әсті, ал 186<sup>3</sup> жылы далалық 20 бекіністе 2,5 өскери казак орналасты.<sup>47</sup>

Сонымен XIX ғасырдың ортасында бүкіл Қазақстан аумағы өр түрлі бекіністі шептерден: Жаңаөзен, Илецк, Үй, Новая, Новоишимск (Горькая дейтін), Ертіс, Жем, Ақмола-Көкшетау және Сырдария өскери және шекаралық шептерімен қоршап алынды. Оларда күшті артиллериялық және зымырандық қару-жарактары, ат жегілетін артиллериялық батареялары бар, жаяу өскер батальондарының, драгун полктерінің, жеңіл қозғалатын казак отрядтарының тұрақты және ауыспалы гарнизондары орналасты. Теніздегі және Сырдария өзеніндегі операцияларға арналған бес жауынгерлік жалаудан тұратын Арас өскери флотилиясы болды. Осының бәрі қазак жасақтарынан Ресейдің өскери басымдығын қамтамасыз етті, одан өрі шабуыл жасап, жана аумактарды жаулап алу үшін сенімді алғы шеп болды.

Ресейдің шығыстағы даламен шектес шептеріне орналастыру үшін патша өкіметі казак өскерлерінің сақадай сай жүйесін құрды, ол Ресей мен бағындырылған халықтардың этникалық шекарасында орналастырылып, Азияның терең түкпіріне үдемелдете ене тұсу және онда ұлт-азаттық қозғалысын басып-жаныштау үшін тұрақты өскерлердің орнына пайдаланылды.

XIX ғасырдың орта шеніне қарай өлке аумағында жақсы қаруандырылып, машиқтандырылған, өскери шептер мен бекіністердің кең желісіне сүйенген үш казак өскери болды. Олар қазак көшпелілерімен ғасырлық күресте қаһарлы өскери күш еді.

Орал (1775 жылға дейін Жайық) казак өскері сонау 1591 жылы құрылған болатын. Тарихшы А. Рябинин жайық казактарында бір ғана өліспей беріспейтін жауы болды – олар қазактар еді деп жазды. Олар «қажырлы, қайсар, қоркуды да, шаршауды да білмейтін жау еді. Жайық казактары оларға қарсы нағыз кескілескен соғыс жүргізді».<sup>48</sup>

1803 жылғы 26 желтоқсанда патша он атты өскер полкі құрамында Орал казак өскері туралы Ережені бекітті, әрбір полкте бес жүздік құрама болды. 1819 жылы өскерге Илецк және Сакмар станицаларының казактары қосылды, сөйтіп полктер саны жаңадан қосылған казактардан құрылған тағы да екі полкке көбейді.<sup>49</sup> 12 атты өскер полкінде – 10 мың, 1840 жылы 50 мың өскер шеніндегілер, ал 1856 жылы өскер құрамында 73 мың казак болды.<sup>50</sup>

Орынбор казак өскерін патша үкіметі XVIII ғасырдың орта шенінде, казак жерлерінің бір бөлігі Ресей құрамына кіргізіле бастауына байланысты құрды. Оның құрылуы үкімет қолданған өскери отарлаудың тікелей салдары болды. Оның максаты Еділ бойын, Орал өнірін, Оралды Мәскеу мемлекетіне бекіту, онда өскери бекіністер тізбегін құру еді».<sup>51</sup>

1840 жылғы 12 желтоқсанда император I Николай патшалық реєскриптін – «Орынбор казак өскері туралы ережесін» шығарды. Бүкіл өскер екі өскер округіне және он полк отрядына бөлінді, әрбір полкте 870 казак болды. Атты-артиллериялық бір бригада барлығы 774 адамнан құралған үш батареядан және 250 адамнан құралған өскери ісмерлер жүздігінен тұратын. Өскер барлығы 63 мыңға дейін саптағы казактарды шығара алғатын. Өскери атаман қызметі бойынша атты өскер дивизиясының командиріне теңестірілді.<sup>52</sup>

1842 жылды өскер құрамына Ставрополь қалмак өскери (барлығы 3336 адам) енгізілді. 1847 жылғы 1 қаңтарда өскерде 158 мың адам болды. 10 атты өскер полкінен, алты жаяу өскер батальонынан, атты-артиллериялық бригададан, башқұрт-мешеряктар мен қалмақтардың Ставрополь казак полктерінен тұрған Орынбор казак өскери патшалық Ресейдің біртіндеп басып алу жоспарларын іске асыруда белсенді рөл атқарды.

1808 жылғы 19 тамызда император I Александр шептік Сібір казак полкін құру туралы жарлық шығарды. Өскер штаты әрқайсысында бес жүздік құрамы бар 10 атты өскер полкінен, төрт резервтік эскадроннан және әрқайсысында 12 зенбірек болатын екі атты зенбірек ротасынан, 5950 казактан тұратын болып белгіленді.<sup>53</sup>

Өскердің штабы Омбыда орналасты, оны тағайындалатын атаман басқарды, ол әрі облыстың өскери губернаторы және Жеке Сібір корпусының командирі болды. Өскер құрамына көптеген станицаларымен, форпостармен, пикеттерімен, маяктармен және басқа бекіністерімен қоса Горькая, Ертіс, Бұқтырма және Бийск өскери бекіністі шептері кірді.

Сібір казактары Орта жүз қазақтарының XIX ғасырдың 20—40-жылдарындағы ұлт-азаттық қозғалысына қарсы құреске мейлінше белсене қатысты.<sup>54</sup> 1825 жылды оның штатында 3466 өскери казак болды, ал казактар сословиесі тұрғындарының жалпы саны 36 мың адамға дейін өсті.

1846 жылғы 5 желтоқсанда Сібір шебі казак өскерінің тоғыз атты өскер полкінен, үш атты өскер батареясынан және тоғыз резервтік командадан тұратын жаңа штаты бекітілді. Барлық атты өскер полктері үш бригадаға біріктірілді. 1848 жылды өскер шендері армиялық шендермен теңестірілді, ал 1850 жылды оныншы атты өскер полкі құрылды.<sup>55</sup>

Өскер құрамына 6 мың қазыналық шаруа, содан соң тағы да ішкі губерниялардан келген 4 мың қоныс аударушы енгізілді. 1846 жылғы Ережеде өз құрамына «Сібір ведомствосының казактарын» қабылдауға рұқсат етілді.<sup>56</sup>

Сібір өскері қатарының өсуі дала өнірінде жаңа станицалар мен қоныстардың бой көтеруіне әкеп соқты.

Көкшетауда 1-бригаданың штаб-пәтері мен 1-атты өскер полкінің штабы ірге тепті, полк жүздіктері Көкшетау, Котыркөл, Шалқар, Лобанов, Арықбалық және Нижнебурлыск станицаларына орналастырылды. Атбасарға 2-полктің штабы орналасып, оның жүздіктері Ақмола, Ұлытау бекіністерінде тұрды; 10-полктің штабы Қапал бекінісінде орнығып, полктің жүздіктері мен атты-артиллериялық батареялары Аягөзге, Көкпектіге және Қапалға шоғырланды.<sup>57</sup>

Сібір казак өскерінің басқа да далалық бекіністерде құрамалары болды, почта бекеттерін күзетті, Сарысу, Шу және Кенгір бойындағы қоқан бекіністеріне қарсы тұрды.

Сонымен Қазақстан аумағы XVIII ғасыр бойында және XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей армиясының тұрақты және тұрақты емес (казак) бөлімдері орналастырылатын орын ретінде пайдаланылды. Бұл орыс-казак шекарасының бүкіл бойында ғана емес, казак даласының терең ішкі өнірінен де құрылды. Осы сансыз көп өскер және казак бөлімшелері Ресей империясы онтүстік шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Солдаттар мен казактар көптеген өскери және құрылыштық міндеттер атқарды. Патша үкіметі оларға жердің жақсысын берді, казактар мен сол-

даттар бекіністер, станицалар мен қалалар салу кезінде жұмыс күші ретінде кеңінен пайдаланылды. Алайда осынау зор және қымбатқа түскен барлық шаралардың саяси мағынасы мұлде тереңде жатты.

Ресей идеологтарының ойлары бойынша, патша өкіметі қазақ даласының шет аймақтар мен терең ішінде берік және біржола орнығып алды. Қаржы шығындарымен және қаншалықты дұрыс екендігімен санаспай, империялық идеялар өзге ой-пікірлердің бәрінен де басым түсіп отырды. Мұның бәрімен де бітпейді. Қазақстан аумағына өскер орналастыра отырып, патша өкіметі Орта Азияға қарай ілгерілеу үшін алғы шеп дайындағы және ең соңғысы, тегінде, ең бастысы – тұракты бөлімдер мен казак өскерлері қазақ халқының сана-сезімін тұншықтыруға және ұлт-азаттық қозғалыс күштерін талқандауға арналды. Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов басшылық еткен көтерілісті басып-жаныштауда нақ солай болды, Кенесары Қасымов бастаған қазақ халқының құрес жылдарында да нақ солай болды, басқа көптеген жағдайларда да нақ солай болды.

### **3. ӘКІМШІЛК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ЖАҢА ЖҮЙЕСІНІҢ ЕҢГІЗІЛУІ. ИМПЕРИЯНЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ӨКІМЕТІ ҮЙЫМДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ**

Хан билігі жойылғаннан кейін Қазақстанның Ресейге бағынышты аймақтарында Ресейдің саяси-әкімшілік жүйесін енгізуге нақты мүмкіндік туды. Мұнда жаңа аумактық құрылыш енгізіліп, соған орайластырылып, бүкіл Ресей империясындағыға ұқсас басқару органдары құрылды.

XIX ғасырдың 30-жылдарында үкімет билікті одан өрі орталықтандыруға және жергілікті органдарға бақылауды қүшетуге күш салды. Сенат-қа жарлық түрінде 1838 жылғы 6 сәуірде қабылданған «Сібір қазақтарын жеке басқару туралы ережеде» 1822 жылы мемлекеттік құрылышты «сібір қазақтары арасына біртінде енгізу» үшін құрылған Омбы облысының өз рөлін орындағаны айтылды. Енді «Сібір қазақтарын шекаралық басқару деген атаумен жеке басқару құрылатыны» жарияланды.<sup>58</sup> Оның орталығы, енді Тобыл губерниясының құрамына кірген Омбы қаласында болды. Омбы облысының өзі таратылды, Петропавл қаласы Тобыл губерниясының Есіл уезіне, ал Семей мен Өскемен Томск облысының Бийск уезіне берілді.<sup>59</sup> Іс жүзінде Омбы облысы 1839 жылғы 1 қантарда таратылды. Нақ сонда ашылған Шекаралық басқарманың басына полковник М. В. Ладыженский қойылды, ол «сібір қазақтарының шекаралық бастығы» деп аталды.<sup>60</sup> Жалпы алғанда бұл өскер күшин қолданудың қүшетілуін білдірді, мұны қазақ халқының ұлт-азаттық құресінің өрістей түсуі туғызған еді. Қазақ халқынан жергілікті өкімет өкілдерінің сайлануы енді іс жүзінде шекаралық бастықтың бақылауында болды. Ал оған «тәуелсіз қазақтарды жалпы тәртіпке бағынуға көндіру» немесе оларды өзіне бағынышты аумак шегінен аластау міндеті жүктелді.<sup>61</sup>

1854 жылғы 19 мамырда қабылданған «Сібір комитетінің сібір қазақтарына империяның жалпы зандарын тарату туралы ережесі» жергілікті үйымдардың жұмыс істеуіне одан өрі өзгерістер енгізді.<sup>62</sup> «Ереже» Сібір ведомствосында жалпыресейлік зандардың орныққанын жариялады. Мәселең, билер сотының қызметі едәуір қысқартылып, оған қарама-қарсы

округтік приказдар әрекетінің сот саласы кеңейтілді. Би атағы сол қызметті атқарып келгендер үшін сақталды, бірақ болашақта ол «тек сұлтандарға, кемінде алты жыл қызмет еткен ауыл старшинарына және жалпы алғанда асқан мархабатпен бір нәрсемен марапатталған немесе қандай да бір қызмет атқарған адамдарға» беріле алатын болды.<sup>63</sup> Егер бұрын 1822 жылғы Жарлық бойынша би деп осы атақты шын мәнінде халықтан алуға лайықты адамдар танылса, енді оларды қауым сайлағанымен, бұл атақта түпкілікті тағайындау округтік приказдың құзырында болды. Осы арқылы патша өкіметі қазақ қоғамындағы ежелден келе жатқан дәстүрлі жергілікті басқару институттарын бақылауға алуға ұмтылды. Шынына келгенде, үкімет сұлтандар жөнінде де осындағы бағыт ұстады. М. М. Сперанскийдің реформаларын дайындау кезінде үкімет органдарының қазақ қоғамындағы неғұрлым пәрменді билік санатын анықтауға ұмтыла отырып, сұлтандарды өзінің дала өніріндегі саясатын жүргізуін өлеуметтік тірегі етіп, тандап алғаны белгілі.<sup>64</sup> Алайда хан билігіне оппозицияда бола отырып, іс жүзінде сұлтандардың қауым өмірінде пәрменді рөлі болмады. Аға сұлтандарды тек қана ақсүйектердің өкілдерінен сайлау принципінің өзі оларды халықтан қол үздірді. Сұлтанның жағдайы оны патша өкімшілігінің колдауына тәуелді болды, сондықтан 1822 жылғы жарғы қолданысқа енгізілгеннен кейін сұлтандар институты, оларға берілген өкілеттіктерге қарамастан, өзінің қоғамдағы бұрынғы өлеуметтік маңызы мен билігінен айырылды.<sup>65</sup> Бірақ шенеуніктік сословиеге айналған сұлтандар ресей шенеуніктеріне қойылатын талаптарға сай келмеді. Оның үстіне аға сұлтандар өз билігін пайдаланып өр түрлі қиянат жасады және Н. И. Красовскийдің айтудынша, халық алдында бәрі үшін орыс өкімшілігін кінелауды бетке тұтты.<sup>66</sup> Е. Б. Бекмаханов халық арасында сұлтандардың беделі болмағаны туралы көптеген мұрағаттық дәлелдер келтіреді, соның ішінде мыналарды да айтады: «Ресей тарапынан колдау жасалғанына қарамастан, билеуші-сұлтандардың қазақтар арасында жөнді беделі болмады... Бұлікшіл қазақтар сұлтандар билігін құрметтемегенімен тынбай, тіпті оларды өлтіріп те тастайтын...».<sup>67</sup> Халықтан зансыз алым жинау сұлтандар басқаруының дағдылы ісі болды.<sup>68</sup> Сондықтан заннан аттап, сұлтан қызметіне шыққан тегі ақсүйек емес адамдар – қазактардың көшпелі қауымында, дегенмен де, накты билігі бар билер мен старшинар сайланып отырды.<sup>69</sup> Қазақ даласында құрылыш жатқан билікті орталықтандыру жүйесінде сұлтандардың өздеріне берілген рөлді атқара алмайтынына көз жеткізген үкімет сұлтандардың билік ету міндеттерін біртіндеп жоюға көшеді.

1854 жылғы «Ережеде» «аға сұлтандар қызметіндегілердің бәрі бірдей сұлтан сословиесінен шықпағаны» ресми түрде мойындалды.<sup>70</sup> Ол былай тұрсын, енді аға сұлтандар мен кеңесші билер сайлауына ақсүйектердің өкілдерімен қатар зан жүзінде шендері мен медальдары бар адамдар, сондай-ақ «құрметке ие» қазақтар да жіберілді. Нақ сол 1854 жылды Сібір ведомствоның қазақтарын басқару туралы ереже Қазақстанның империяға қосып алынған жаңа аудандарынан құрылған Семей облысына таратылды. Алайда сыртқы округтерде қабылданған зан ережелері бойынша, аға сұлтан қызметіне кандидаттар ендігі жерде сайланбай, оларды өкімшілік тағайындастын болды.<sup>71</sup> Сұлтандардың пұрсаттылығын жоюға бұлайша күш салушылықты 1855, 1861, 1862, 1865 жылдардағы зан актілерінен үнемі

кездестіруге болады.<sup>72</sup> Сонымен қатар заң бойынша болыс билеушілері мен аға сұлтан қызметінен үміттене алатын адамдар ауқымы кеңейе түсті. Оларға офицер шеніндегілер, үкімет марапаттаған және «ордалықтар арасынан шыққан, ешқандай ерекшелік белгілерін алмаса да, халықтың ерекше құрметіне бөленген» адамдар жатқызылды.<sup>73</sup> Әр түрлі билік дәрежелеріне сайланған кандидатуралардың бәрі өскери губернатордың немесе генерал-губернатордың шешімімен бекітіліп отырды.

Сонымен үкімет сұлтандар міндеттерін шектеп, қазактарды жергілікті басқару органдарына тартудың әлеуметтік базасын кеңейтті. Мұндай саясат Қазақстанның бағындырылған аудандарында әкімшілік-аумақтық жүйе орнату кезінде билік органдарының қазақ қоғамынан берік тірек табуға ұмтылғанын дәлелдеді. Бір ерекшелігі, бастапқыда алқалылық негіздері бар, «жұмсақ» жүйе ретінде ойластырылған сібір басқару жүйесі бірте-бірте қатаң өскери-әкімшілік құрылышы жағына ойыса берді.

Аумақтық-әкімшілік бөліністерді одан әрі құру кезінде Сібір ведомствосы шенеуніктерінің қазақ руларын қоныстандыруға көзқарасы осылайша – жұмсақтықтан қатандыққа қарай өзгерді. 1822 жылғы жарғыға сәйкес қазақ жерлерін әкімшілік бөлудің негізіне жергілікті тұрғындардың рулық құрылышы ұстанымы алынғаны мәлім.<sup>74</sup> Қазақтардың көшпелі тұрмыс салтында бұлайша бөлудің шартты екені анық. Ол былай тұрсын, өмір тәжірибесі мұндай әкімшілік құрылыштардың бүкіл жасандылығын көрсетті, соның нәтижесінде қазақ халқы тараپынан Шекаралық басқару әкімшілігіне көптеген талаптар қойылды. Мәселен, 1843 жылы Баянауыл округі қазған руының қазақтары Көкшетау округіне жатқызылған өз руластарымен бірге жеке болыс құруға тілек білдірді.<sup>75</sup> Шекаралық басқарма олардың бұл өтінішінен бас тартты, ол мұны «бір атпен аталатын және өздерінің шыққан руы бойынша бір тайпа бола отырып, қозғандар сияқты әр түрлі округтерге бөлінген және осылайша берілетін өтініштерінде олардан өз руластарымен бір болыс құруды сұрайтын мұндай ру бөліктері сыртқы округтердің бәрінде дерлік көп», бірақ олардың өтініштерін «мүмкіндігіне қарай» ғана қанағаттандыруға болады деп дәлелдеді.<sup>76</sup> Бұл мүмкіндіктердің қандай болғанын Көкшетау округінің үш болысына шашыратылып жіберілген қарауыл руы қазақтарының өтінішінен аңғаруға болады. 1844 жылы олар өздерін бір болысқа біріктіруге өтініш жасаған кезде бастықтар «бұл шараны міндеткерлікті және басқаларын орындау жөнінен халық үшін пайдалы деп білген» еді.<sup>77</sup> Жаңа болыс Жапар-Атқы-Мұлтік-Сары-Қарауыл деп аталды.

Сібірдің басқару жүйесіне қарама-қарсы әкімшілік-аумақтық құрылыш Орынбор өлкесінде басқаша жүргізілді. Қазақстанның батыс аймактарының өскери-стратегиялық маңызы Орынбор өкімет орындары ішкі саясатының жазалау, куғындау шаралары басым неғұрлым қатаң жүргізуіне себеп болды.<sup>78</sup> Екі жүйе – Орынбор және Сібір жүйесінің басқа бір айырмашылығы Орынбор ведомствосын басқару жөніндегі заңдық актілердің ұзақ уақыт бойы өзірленбеуі болды. 1824 жылғы 31 қантардан бастап мұнда Азия істері комитетінің аяқталмаған сипаттағы қаулысы қолданылды. Қазақтарды басқару туралы заңының анық болмауы Орынбор Шекаралық комиссиясы міндеттінің де айқын тұжырымдалмауына әкеп соқты. 1838 жылы ғана Сыртқы істер министрлігі Орынбор өскери губернаторы В. А. Перовскийдің алдына: «Орынбор Шекаралық комиссиясы-

ның іс-қымыл ауқымы, оның міндеттері, бағыныштылық реті, бекіністі шептер бойындағы және басқаларындағы істер бойынша басқа жерлерге көзқарасы, оның ішкі құрамы, қандай да болсын істерді бөлу және жүргізу тәртібі және басқалар дәл өрі айқын анықталсын», — деген міндет қойды.<sup>79</sup> Кейініректе бұл міндет кеңейтіліп, сайып келгенде Орынбор ведомствосының қазақтарын басқару принциптерін тәртіпке келтіру міндеті етіп қойылды, бұл үшін бірнеше жоба өзірленді. Корытындысында, 1844 жылғы 14 маусымда Мемлекеттік кеңес «Орынбор қазақтарын басқару туралы ереже» қабылдады.<sup>80</sup> Сыртқы істер министрлігінің жаңа «Ереже» туралы түсіндірме жазбасында былай делінген: бұл занды енгізу, біріншіден, «орданы басқарудың өзін жақсырақ етіп құру, алайда түбегейлі өзгертуей, осы кезге дейін болған тәртіптің басты негіздерін қалдыру; екіншіден, сол қазақтарды басқаратын Орынбор Шекаралық комиссиясына Шекаралық басқарма бойынша барлық істердің ойдағыдай жүруін қадағалап отыруға көп қаражат беру» үшін қажет болды.<sup>81</sup> Осының салдары ретінде, комиссияның штаты және олардың ақшамен жабдықталуы көбейді. Шекаралық комиссияның өсіп кеткен штатына ақы төлеуді үкімет қазақ халқының өз мойнына артты. Шенеуніктердің жаңа құрамына қажетті күміспен есептегендегі 64 454 сом мөлшеріндегі жалпы сомадан Мемлекеттік қазынашылық бұрынғы штатты ұстауға кететін шығын — 18 579 сомды ғана төледі, ал күміспен есептегендегі 45 875 сом болатын зор айырмасын Сыртқы істер министрлігі «орынбор қазақтарынан алынуға тиісті алым есебіне жатқызуға болады деп тапты». «Сонымен, — деп қорытқан өлдебір қаржы маманы, — Комиссияның қазіргі, осынша жеткіліксіз қаражатын... Мемлекеттік қазынашылыққа ешқандай ауыртпалық түсірмей-ақ көбейтуге болады».<sup>82</sup>

1844 жылғы «Ереже» бұрынғы құжаттарға қарағанда накты тұжырымдалған айқында масы бар заң актісі болды. Онда былай деп мәлімделді: «Орынбор қазақтары орналасқан жерлер Ресей империясының бөлігі болады және Сыртқы істер министрлігінің қарамағына кіреді. Жергілікті жерде жалпы басқаруды Орынбор Шекаралық комиссиясы жүзеге асыруды. Комиссияға кіргендер: төраға, оның серігі (яғни орынбасары), төрт кеңесші, қазақ халқынан төрт заседатель, ерекше тапсырмалар шенеунігі, дәрігер және мал дәрігері. Шекаралық комиссияның мүшелерін — Сыртқы істер министрлігі, ал заседателдерді Орынбор әскери губернаторы тағайындаады. Комиссия жалпыресейлік мемлекеттік мекемелерге теңестірілді, бірақ губерниялық басқарманың билігі мен міндеттерін қоса атқаратын және қазына, мемлекеттік мұліктер палаталарының, азаматтық және қылмыстық соттың билігі мен міндетін біріктіретін барынша ауқымды орган болды.<sup>83</sup> Алайда комиссияның төрағасы облыстық басқарманың, яғни «өлкенің ең басты бастығы» құқығы бар орынбор әскери губернаторының араласуынсыз өрекет жасай алмады. Іс жүзінде бүкіл басқару жүйесі губернатор тікелей бағынатын Сыртқы істер министрлігінің бақылауында болды.

Орынбор ведомствосы басқару құрылымының төменгі буыны «жеке басқару» дейтіннен тұрды, ол билеуші-сұлтандардан, дистанция бастықтарынан және қазақтар арасынан тағайындалатын ауыл бастықтарынан құралды. Әрбір билеуші-сұлтанның жанында үнемі саны 100-ден 200 адамға жететін казак отряды, ал одан да басқа — көмекші, хатшы, іс қағазда-

рын жүргізуші және бес шабарман болды. Билемеші-сұлтандардың ең басты міндеттерінің бірі қадағалап отыру болды, олар сол арқылы «өз халқын тәртіпті етіп, үкіметке адал және айтқанынан шықпайтын етіп» ұстауға тиіс еді. Дистанция және ауыл бастықтарын тағайындауды «лайықты және сенімді адамдарды тандап алу үшін» бірте-бірте жүргізу ұсынылды.<sup>84</sup> Шекаралық комиссияның Ш. Бақтыгереев сұлтанға жауабында «жергілікті бастықтар өлсіз, тіпті сенімсіз адамдарды тандауы мүмкін ордалықтардың тандауы бойынша емес, бастықтардың тағайындауы бойынша анықталады» деп турасынан мәлімделген.<sup>85</sup> Мұндай нұсқамалар ресей өкімет орындарының қазақ қоғамында жоғары басшылықтың мұдделеріне бағынған қызметші топ құру жөніндегі жалпы саясатын көрсетті.

1844 жылғы «Ережеде» ресей өкімшілігінің қазақ қоғамында өз билігін жүзеге асыру үшін өлеуметтік тірек орнатуға күш салғаны айқын суреттеледі. Бұл, ең алдымен, жергілікті халықтың өкілдері үшін жаңа орындардың құрылуы. Мәселен, бұрын Орынбор ведомствосының Батыс, Орта және Шығыс бөліктерін басқарып келген үш билемеші-сұлтанға тағы да бір, тәртінші сұлтан қосу ұсынылы.<sup>86</sup> Бұған қоса қазақ дистанция бастықтарының саны көбейтілді, олардың саны 75 адамға дейін жетуге тиіс болды. Сыртқы істер министрлігінің шенеуніктері бұл шараны тікелей былай деп түсіндірді: «олар келтіретін пайданы тәжірибелін өзі дәлелдеп отыр, өйткені кейбір жерлерде қазақ старшындарынан сайлап қойылатын дистанция бастықтары тағайындалған кезден бері ол жерлердегі қазақтар тәртіпті барынша сақтап, бағыныштылықтан шыкпай келеді».<sup>87</sup> Нәк сол мақсатпен, атап айтқанда «жақсылап қадағалау» үшін қазақтардың ауыл бастықтарының саны көбейтілді, олар өз міндеттерін, басқа шенділерден айырмашылығы өсте де жалақы үшін емес, «өз міндеттерін орындауда ынталылығымен және іскерлігімен ерекше көзге түсетіндерге уақытша берілетін награда» үшін орындастын.<sup>88</sup> Шекаралық комиссия жөнінен «үкіметке қызмет көрсеткен немесе ерекше адалдығымен көзге түскен қазақтарға сондай зейнетакылар мен бір жолғы жәрдемакылар төлеу» үшін арнаулы «зейнетакы капиталын құруды да сондай шараларға жатқызу керек.<sup>89</sup> Айта кеткен жөн, үкімет кордың ақша қаражаты көздерінің бір бөлігі қатарына, «ондай алымды «Ережеде» ең жақсысы еске алмау керек деп танылған», қазақтардың өздерін жатқызыды.<sup>90</sup>

1844 жылғы «Ережеде» билер сотының міндеті едәуір қысқартылды, оларға онша манызды емес істерді қарау ғана қалдырылды. Ал негізінен алғанда бүкіл сот ісін жүргізу өкімшілік үйымдарының сот үкіміне жүктелді. Үкіметке қарсы шығу, кісі өлтіру, тонау, барымта мәселелері өскери соттың қарауына түсті. Ұрлықты, алаяқтықты, 50 сомнан астам мұліктік талап-арызды Шекаралық комиссия жанындағы азаматтық қылмыстық сот қарады.

«Ереженің» мәтінінде іс жүзінде Орынбор өкімшілігінің практикасында сол кезде-ақ болған шындық орындырылғанын, олар нақтыланып, заң арқылы бекітілгенін атап өткен жөн. Шекаралық комиссия жанынан шептік бекіністер бойындағы қазақтар үшін қамкоршылар институтының құрылуы мұлде жаңа іс болды. Қамкоршыларға «қазақтарды олардың шеп тұрғындарымен әр алуан түрлі шаруалары жөнінен

корғау мен сактау» міндепті жүктелді.<sup>91</sup> Жергілікті қазактардың малын тебіндептіп жаю үшін ішкі жаққа өткізу кезінде шеп бойындағы казактармен арада болатын көптеген қактығысулар қамқоршылық қадағалауды енгізудің басты себебі болды. Берілген арыздардың көп болғаны, ал Шекаралық комиссияда соттың іс қарауының тым баяу жүргізілгені сонша, сыртқы істер министрі граф К. В. Нессельродтың айтуына қарағанда, «Қырғыздар мен қазактардың наразылықтары мен шағымдары, олардың арасындағы әр түрлі даулар мен келіспеушіліктер» көп қордаланып қалған. Бұдан әрі министр «осының бәрі туралы шеп бойындағы казактардың бастықтарына да тиісінше ескерту жөн болар еді» деп қосуды қажет деп тапты.<sup>92</sup> Ішкі істер министрлігінде өзірленген нұскауларға сәйкес қамқоршылардың міндептіне қазактар мен казактар арасындағы шеп бойынша сот істерінің мейлінше тез және дұрыс өтуін қадағалау жүктелді. Тергеушілер жұмысын қадағалауды жүзеге асыра отырып, олардың өздері тергеу жүргізуге құқығы болды. «Қамқоршылар бір жерге байланып қалмай... қайта барлық жерде өзінің көзі болып, мүмкіндігінше бәрін де қадағалап отыруы керек еді». Олардың басқа бір маңызды міндепті «бекіністі шеп бойы тұрғындарының шептен тысқары жердегі өлдебір шабындық немесе басқа да жерлерді әсте де қайтадан басып алмауын үнемі бақылап отыру» болды. Алайда «шеп сыртында болып жатқандардың бәрі олардың міндептеріне ресми жатқызылмауға, сол сияқты олар қазактардың өз арасындағы ешқандай да істеріне араласпауға тиіс еді».<sup>93</sup> Сонымен орталық өкімет орындарының ойлауы бойынша, қамқоршылық институтының енгізілуі сол аймақта қалыптасқан дүмпу қаупі бар жағдайды бәсекесітүге тиіс болды. Өйткені «Ереже» жобаларының бірінде тұрасынан тәжірибе деп атанған мұндай экспериментті «қазактардың шеп тұрғындарымен қактығыстары шынында да бәрінен жиі болатын Орынбор шептерінің бірінде» өткізуге үйғарылғаны тегін емес, «ал олар Орал шебінде Жайықтың арғы бетіндегі қазактар мен казактар арасында істер (сот істері жайында айтылып отыр. – Ред.) кездеспейді деуге болады».<sup>94</sup>

Мұндай әрекеттердің сипаты үкіметтің қазақ даласының халық толқулары пайда болып, наразылық пісіп-жетілген шектерінде неғұрлым икемді ішкі саясат жүргізуге үмтүлғанын дәлелдейді. Санкт-Петербургтің ұсынысы бойынша, 1844 жылғы «Ережені» бастапқыда бес жылға арналған тәжірибе түрінде Орынбор ведомствосында енгізу көзделгені нақ сондықтан. Осы уақыттың ішінде Орынбор Шекаралық комиссиясының барлық шен иелері қазактарды басқаруды қадағалап, оны жетілдіру туралы тұжырымдар жасауға, ол жөнінде әскери губернаторға жеткізуге тиіс болды.<sup>95</sup> Орталық Орынбор өкімшілігіне өлкеде кез келген іс-шаралар жүргізу кезінде нақ сондай ұқыптылық пен сактық көрсету ұсынылды. Мәселен, 1846 жылдың маусымында Орынбордың әскери губернаторы М. В. Ладыженский Ішкі істер министрлігінің кенсесінен құпия нұсқама алды, онда жаңа бекіністерге қамқоршылар тағайындау туралы оның жіберген сауалына былай деп көрсетілген: «алыс ішкі жақтан бекіністер салу өзірге жаңа іс, мұның қалай жүретінін, қазактардың және т.б. өздерін қалай ұстайтынын байқап көріп, сонда ғана уақыт пен тәжірибелің қалай көрсететініне қарай одан арғы қимылдарға кірісу керек», – деп көрсетілді.<sup>96</sup> Ал Шекаралық комиссияға Қазақ даласында

«қазактар арасында салмағы бар және құрметті адамдардан сенімді дистанция бастықтары» арқылы өзіне тірек жасауға, мұның өзі комиссияның «солар арқылы барлық мәліметтері және алуға қажет болған жағдайларда солар арқылы өрекет жасаудың мүмкіндік туғызатынына, «сол бекіністер маңайында көшіп жүретін қазактар жөнінде шын мәнінде қандай шаралар қажет болатынын көбірек ойластырып, одан кейінгі мәнжайларды түйіндеуге уақыт беретініне» өкім етілді. Қазактармен қатынастарды ушықтырып алмау үшін жергілікті өкімет орындарына олардың «қазактардың өз арасындағы істеріне» ешқандай да араласпауға тиіс екені тағы да ескертілді. Жинақтап алғанда, Ішкі істер министрлігінің Орынбор өкімшілігіне ұсынған қазақ тайпаларымен қатынас тактикасы мынадай өсиеттерден құрылды: «Қарапайым қазактар мен адал бодандарға кішіпейілділік, мейірбандық және өділдік көрсетілу керек, бірақ ешқашанда сактық та ұмытылмауға тиіс. Ресей үкіметіне адал болуға толқулы қазактарды... Біздің Үкіметке бағыну борышына кішіпейілділік шараларымен келтіруге тырысу керек. Мейірімділікпен және өділдікпен қамқорлық жасай отырып, Ресейге сол сияқты бейбіт бағыныштылық және адалдық сезімдерін нығайту, оларды ертелі-кеш ең жаман зардатары болатын бүлікшілермен ауыз жаласудың қаншалықты зиян өкелетініне иландыру керек...».<sup>97</sup>

Сібір және Орынбор ведомстволарында үкімет құрған екі басқару жүйесінің арасындағы айырмашылықтарды айта келіп, оларды ұқастыратын мән-жайларды да атап өткен жөн. Екі жүйе де тым жайылып кеткен және онша тиімді болмады. Қарауда жатқан істер баяу орындалды, кейде бірнеше жыл бойына созылды. Кадрлар мәселесі шешімін таппады, олардың жетіспеуі немесе көпшілігінде мұлде болмауы барлық денгейдегі өкімшілік органдардың өз міндеттерін орындаудың тікелей өсерін тигізіп отырды. Іс жүзінде хатшының немесе заседателдің міндеттерін қатардағы тілмашқа беру үйреншікті шаруаға айналды.<sup>98</sup> Шенеуніктер арасында парақорлық етек алды. Мысалы, шенеуніктер де, Сібір округтік приказының казактары да Қазақ даласына іссапарға шыққан кезінде ауыл старшындарынан есебін тауып «олар осында болғанда, қазактарға ешқандай қысым және қоқан-лоқы жасаған жоқ» деген квитанциялар алып жүрді. Осыдан соң өлгі шенеуніктер осында құжаттар арқылы өздерін қандай да болсын жауапкершіліктен қорғалған деп санап, енді өздерінің заңсыз қылықтарының мөлшерін білмеді».<sup>99</sup>

Ресей империясының қазақ жерінде орнатқан өкімшілік-аумактық басқару жүйесінің өзі көшпелі қауымның ішкі өміріне қол сұғу, қазақ үшін мұлде жат және бүлдіруші болып шықты.

<sup>1</sup> Хан билігінің күші жойылуының алғышарттары мына еңбектерде неғұрлым толық айтылған, қар.: *Касымбаев Ж. К. Ликвидация казахской государственности (первая половина XIX в. //Казахстан и мировое сообщество. 1996, № 4, 53–62-б.*

<sup>2</sup> Российский государственный военно-исторический архив (РГВИА), ф. 483, оп. 1, д. 240, л. 1.

<sup>3</sup> Аполлова Н. Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII – начале XIX вв. М., 1960, 94-б.

<sup>4</sup> Терентьев М. А. История завоевания Средней Азии, т. 1. СПб., 1906, 84-б.

- <sup>5</sup> Касымбаев Ж. К. Казахстан–Китай: Караванная торговля в XIX – начале XX вв. А., 1996, 34, 48-б.
- <sup>6</sup> Қар.: Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. СПб., 1832, ч. 2, 195-б.
- <sup>7</sup> Фатеев А. Сперанский – генерал-губернатор Сибири //Записки русского научно-исследовательского объединения в Праге, Прага. 1924, т. 12, 18-б.
- <sup>8</sup> Ремнев А. В. Самодержавие и Сибирь. Административная политика в первой половине XIX в. Омск, 1995, 79-б.
- <sup>9</sup> Бұл да сонда, 95-б.
- <sup>10</sup> Материалы по истории и статистике Омска. Омск, 1886, ч. 1, 55-б.
- <sup>11</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1, А., 1960, 93-б.
- <sup>12</sup> Бұл да сонда, 102-б.
- <sup>13</sup> Бұл да сонда, 103-б.
- <sup>14</sup> ГАОМ ОРФ, ф. 3, оп. 1, д. 757, л. 62–63.
- <sup>15</sup> Бұл да сонда, л. 63.
- <sup>16</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 105-б.
- <sup>17</sup> Қар.: Касымбаев Ж. К. Старший султан Кунанбай Оскенбаев и его окружение. А., 1995.
- <sup>18</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 107-б.
- <sup>19</sup> ГАОМ ОРФ, ф. 366, оп. 1, д. 105, л. 3 об.
- <sup>20</sup> Бұл да сонда.
- <sup>21</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 113-б.
- <sup>22</sup> ЦГА РК, ф. 338, оп. 1, д. 402, л. 5 об.
- <sup>23</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 136-б.
- <sup>24</sup> Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Перевод с польского Ф. Стекловой. А., 1966, 64-б.
- <sup>25</sup> Заваликин И. Описание Западной Сибири, ч. 3. М., 1837, 37-б.
- <sup>26</sup> РГВИА, ф. Военно-ученый архив, д. 88, л. 9.
- <sup>27</sup> Тургайская газета, № 13, 1901.
- <sup>28</sup> Барон У-р (Услар). Четыре месяца в Киргизской степи //Отечественные записки. 1848, № 10, 149-б.
- <sup>29</sup> Бескровный Л. Г. Русская армия и флот в XIX в.: Военно-экономический потенциал России. М., 1973, 19-б.
- <sup>30</sup> Энциклопедия военных и морских наук, т. IV. СПб., 1889, с. 371; ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 2704, лл. 47–48, 59–60, 65–66.
- <sup>31</sup> Бородин Н. Уральское казачье войско. Статистическое описание в 2-х томах, т. 1–2. Уральск, 1891, 6–7-б.
- <sup>32</sup> Витевский В. И. И. Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 г., т. 1–2, Казань, 1897, 277-б.
- <sup>33</sup> Венюков М. Опыт военного обозрения русских границ в Азии. СПб., 1873, 21-б.
- <sup>34</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 2704, лл. 43, 44, 45 об–46.
- <sup>35</sup> Военно-статистическое обозрение Российской империи. Издание 1-го отдела Департамента Генерального Штаба, т. XIV, ч. 2. Военно-статистическое обозрение Оренбургской губернии. СПб., 1848, 2–3-б.
- <sup>36</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 2332, лл. 335–349; д. 2333, л. 161об–162, 217–219.
- <sup>37</sup> Юдин М. А. Взятие Ак-Мечети в 1853 году как начало завоевания Кокандского ханства. М., 1913, 33-б.
- <sup>38</sup> Военно-статистическое обозрение Российской империи, т. XIV, ч. 3. Земля киргиз-кайсаков Внутренней (Букеевской) и Зауральской Орды Оренбургского ведомства. СПб., 1848, 133–166-б.
- <sup>39</sup> Зыков С. Очерк утверждения русского владычества на Аральском море и реке Сырдарье с 1847 по 1862 год. Морской сборник, т. IX. СПб., 1862, 312–314-б.
- <sup>40</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 2271, лл. 3–5, 6–11.

- <sup>41</sup> Казин В. Х. Казачьи войска. Краткая хроника. СПб., 1912, 228, 263–264-б.
- <sup>42</sup> Иванин М. М. Описание зимнего похода в Хиву в 1839–1840 гг. СПб. 1874; Абаза К. Завоевание Туркестана. СПб., 1902. 39-б; Материалы по истории туркмен и Туркмении, т. II. XVI–XIX вв. Иранские, бухарские и хивинские источники. М.–Л., 1938, 473-б.
- <sup>43</sup> Словцов П. Историческое обозрение Сибири. Книга вторая от 1742 до 1823 года. СПб., 1844, 408–409-б.
- <sup>44</sup> Венюх М. И. «Горькая линия» (Памятник военно-инженерного искусства XVIII в.)/Из истории Западной Сибири: Научные труды, вып. 79. Омск, 1974, 79–108-б.
- <sup>45</sup> Путинцев Н. Г. Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска со времени водворения Западно-Сибирских казаков на занимаемой ими ныне территории. Омск, 1891, 23–33-б.
- <sup>46</sup> Бескровный Л. Г. Русская армия и флот XIX в., 438-б.
- <sup>47</sup> Усов Ф. Статистическое описание Сибирского казачьего войска. СПб., 1879, 98-б.
- <sup>48</sup> Рябинин А. Уральское казачье войско, ч. II. СПб., 1866, 28-б.
- <sup>49</sup> Казин В. Х. Казачьи войска, 216-б.
- <sup>50</sup> Бекмаханова Н. Е. Формирование многонационального населения Казахстана и северной Киргизии: Последняя четверть XVIII–60-е годы XIX вв. М., 1980, 133, 259-б.
- <sup>51</sup> Машин М. Д. Из истории родного края: Оренбургское казачье войско. Челябинск, 1976, 40-б.
- <sup>52</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 376, лл. 3–5; Стариков Ф. Историко-статистический очерк Оренбургского казачьего войска. Оренбург, 1891, 97-б.
- <sup>53</sup> Хорошхин М. Казачьи войска: Опыт военно-статистического описания. СПб., 1881, 45-б.
- <sup>54</sup> Катанаев Г. Е. Краткий исторический обзор службы Сибирского казачьего войска с 1582 по 1908 год. СПб., 1908, 35–47-б.
- <sup>55</sup> Казин В. Х. Казачьи войска, 274-б.
- <sup>56</sup> Положение о Сибирском казачьем войске. СПб., 1845, 2-б.
- <sup>57</sup> Военно-статистическое обозрение Российской империи, т. XVII, ч. 3. Киргизская степь Западной Сибири. СПб., 1852, 61–71-б.
- <sup>58</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 178-б.
- <sup>59</sup> ЦГА РК, ф. 374, оп. 1, д. 167, л. 17об.
- <sup>60</sup> Бұл да сонда, л. 109, 123.
- <sup>61</sup> Материалы по истории политического строя, 179-б.
- <sup>62</sup> Бұл да сонда, 184-б.
- <sup>63</sup> Бұл да сонда, 185-б.
- <sup>64</sup> Абдрахманова Б. История Казахстана: власть, система управления, территориальное устройство в XIX в. Астана, 1998, 61-б.
- <sup>65</sup> Материалы по истории политического строя, 122-б.
- <sup>66</sup> Красовский Н. И. Материалы для географии и статистики России. Область сибирских киргизов, т. 16, ч. III, СПб., 1868, 71-б.
- <sup>67</sup> Бекмаханов Е. Б. Казахстан в 20–40 годы XIX века. А., 1992, 122-б.
- <sup>68</sup> ЦГА РК, ф. 374, д. 1101, л. 4.
- <sup>69</sup> Зиманов С. З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. А., 1960, 172-б.
- <sup>70</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 184-б.
- <sup>71</sup> Бұл да сонда, 187-б.
- <sup>72</sup> Бұл да сонда, 186–200-б.
- <sup>73</sup> Бұл да сонда, 194-б.
- <sup>74</sup> Абдрахманова Б. Қөрсетілген еңбегі, 59-б.
- <sup>75</sup> ЦГА РК, ф. 374, оп. 1, д. 1013, л. 37.
- <sup>76</sup> Бұл да сонда, л. 6 об.

- <sup>77</sup> *Бұл да сонда*, л. 48 об.
- <sup>78</sup> *Абдрахманова Б.* Көрсетілген еңбегі, 126-6.
- <sup>79</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 2156, лл. 71–85, 98–104.
- <sup>80</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 216–226-б.; ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 373, д. 15–50.
- <sup>81</sup> *Бұл да сонда*, л. 51об.
- <sup>82</sup> *Бұл да сонда*, лл. 54, 54об.
- <sup>83</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 219-б.
- <sup>84</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>85</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 1614, л. 42.
- <sup>86</sup> *Бұл да сонда*, д. 373, л. 52.
- <sup>87</sup> *Бұл да сонда*, л. 52об.
- <sup>88</sup> *Бұл да сонда*, л. 53.
- <sup>89</sup> *Бұл да сонда*, л. 52об.
- <sup>90</sup> *Бұл да сонда*, л. 14.
- <sup>91</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 218-б.
- <sup>92</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 2268, л. 50.
- <sup>93</sup> *Бұл да сонда*, л. 49.
- <sup>94</sup> *Бұл да сонда*, л. 5об.
- <sup>95</sup> *Бұл да сонда*, д. 373, лл. 58–59.
- <sup>96</sup> *Бұл да сонда*, д. 395, л. 10об.
- <sup>97</sup> *Бұл да сонда*, лл. 11, 12об, 19.
- <sup>98</sup> *Бұл да сонда*, ф. 374, оп. 1, д. 805, л. 230.
- <sup>99</sup> *Бұл да сонда*, д. 4775, л. 3об.



## *Toғызыны тар ау*

# **ҚАЗАҚТАРДЫҢ РЕСЕЙ ОТАРШЫЛДЫҚ УСТЕМДІГІНІҢ ОРНАТЫЛУЫНА ҚАРСЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КУРЕСІ (XIX ҒАСЫРДЫҢ 20–40-ЖЫЛДАРЫ)**

## **1. ОРТА ЖУЗДЕГІ ПАТШАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРҒА ОППОЗИЦИЯ**

Бұрынғы Бөкей ханның иелігінде – Қарқаралы және Уәли ханның иелігінде – Көкшетау округтерінің құрылуы Орта жүз бен Ұлы жүз түйісетін қазақ жерлерін отарлауды тездете түскен әкімшілік-саяси жаңалықтардың тұтас сериясы мен «Ресейдің Қазак даласындағы билеп-төстеуін» нығайтудың негізін қалады.<sup>1</sup> Кең-байтак аумакта патша әкіметінің әскери-әкімшілік шараларының одан өрі өрістей түсуі байырғы халықтың катты наразылығын туғызды, оның барған сайын көбірек нұқсан келтірілген мұдделерін білдірушілер Абылай өuletінің біршама алысты көздейтін өкілдері болды, олар Ресейдің Сібір қазақтары туралы 1822 жылғы Жарғысын қазақ мемлекеттілігінің тіршілік етуіне төнген, зардабы ұзакқа кететін қатер деп білді.

Уәли хан қайтыс болғаннан кейін оның жесірі, ұлы ғалым Ш. Уәлихановтың өжесі – ақылды, көреген және өз заманында білімді болған өйел Айғаным Абылай өuletінің басшысына айналды, ол Азия департаментінің, Сыртқы істер министрлігінің және Сібір комитетінің шенеуніктерімен жиі хат алысып тұрды.<sup>2</sup> Алайда оның бойындағы даналық қасиеттерге қарамастан, ол халықтың қарулы қарсыласуы жетекшісінің рөліне жарамады.<sup>3</sup>

Бұл қын міндет Абылайдың отыз ұлының ең кенжесі Қасым сұлтанның үлесіне тиді, оның бәйбі sheden туған ерек кіндікті балалары – Саржан, Есенгелді, Ағытай, Бопы, Көшек және Кенесары, кіші әйелінен туған баласы Наурызбай жиырма жылға жуық уақытқа созылған титіқтатарлық құрестің табанды қатысушылары, ал солардың ішіндегі Саржан, Есенгелді, Кенесары оны ұйымдастыруышылар ретінде тарихқа енді, ал ол құрестің барысында патшалық режимге зор моральдық-саяси нұқсан келтірілді.

Округтік приказдардың құрылуына қарсы алғашқы өз наразылығын Көкшетау өлкесінде едәуір ықпалы бар Қасым сұлтан 1825 жылғы 14 маусымда білдірді. «Омбыда отырған генерал Капцевич, – деп жазды Қасым төре Орынбор әскери губернаторына арнап, – біздің қырғыз-қайсақтар жағында орналасқан Көкшетау қаласының жанынан кеңсе орнын құрды, соған біздің сұлтандарымыз берілген ақсақалдарымызды сол жерлерде оларды қаншама ренжітіп тастайтын мәжіліс өткізуге мәжбүр етіп отыр...».<sup>4</sup>

Қасым төре жоғары дәрежелі шенеуніктерге барлық жолданымдарында, хаттарында Ресейдің отарлауға арналған тірек базасы – округтерді патша

әкіметінің заңсыз өрекеттері, ал Омбы облыстық бастығын тек «Омбыда отырған» адам деп қарастырып, номадтардың көпшілік бөлігінің ызалану сезімін білдіре отырып, жаңадан құрылған округтік приказдардың таратылуын үзілді-кесілді талап етті. Абылай өuletі ұрпақтарының билігіне қарайтын қазак руларының қоныстары ауданында Көкшетау приказының ашылуы атақты ханның тірі кезінде-ақ қол жеткізілген бұрынғы шарт міндеттемелерін бұзушылық екеніне Орынбор генерал-губернаторының назарын аудара келіп, Қасым төре «бұл сот орындарына сұлтандар мен ақсақалдардың келіспеуі және мақұлдамауы себепті әкімшілік жаңа өзгерістер енгізуін заң жүзінде негізсіз екенін көрсетті».<sup>5</sup> Қасым төренің алғашқы жолданымы «ұлы патша ағзамға» өздерін тыныш қалдырып, өз болыстарының қазақтарына өздерінің өмірін «олар өз әкесі Абылай ханның тұсында қалай өмір сүрсе, дәл солай, яғни өз ғұрыптары бойынша» құруына рұқсат етуге» өтінішпен аяқталды.<sup>6</sup> Қасым сұлтанның бірінші, мазмұны жағынан едөуір батыл хатының Орынбор губернаторына теріс өсер еткені Абылайдың кенже ұлын абыржытпады, ол осы оқиғадан кейін де, бір жағынан, казак отрядтарының кейіннен округтік приказдардың ықпал өрісін кеңейте алатын өскери-тірек базаларын құру үшін дала кеңістігіне терендей ілгерілеуін тоқтату, екінші жағынан, шаруалардың қоныстандырылуына кедергі жасау жөніндегі бірден-бір мақсатпен патша губернаторларына талай рет өтініш жасады.

Қасым сұлтанның басқа бір хатының мерзімі 1826 жылғы 18 сәуір деп белгіленген, бұл кезде үкіметке қарсы бүкіл далада Орта жүздегі хан тағының занды мұрагері Ғұбайдолла сұлтанды қолдаған қозғалыс өрістей түскен, ал Саржан сұлтанның көтерілісі кең құлаш жайып, Орталық және Солтүстік Қазақстан аудандарын қамтыған еді. Қасым сұлтан Орынбор әкімшілігіне алтай руының қоныстарында өрекет етіп, «өздері айдалап әкеткен жылқыны қайтармақшы болған сыңай танытып...»,<sup>7</sup> оның ауылына кенеттен шабуыл жасаған 350 адамнан тұратын жазалаушылардың жүгенділігі туралы хабарлайды.

Қасым төренің хаты Кенесары сұлтанның патша отрядтарына қарсы қимылдарға қатыса бастаған күнін, яғни 1826 жылғы 18 сәуір екенін анықтауға мүмкіндік береді. Қасым төренің жазғанындей, сұлтан «сол оқиғаны білу үшін» және орыс отрядтарының ниеттерін анықтау үшін «нак сол жолы жаулық өрекет еткен отрядқа жүріп кетті». 17 казактан тұратын қарулы топ «олармен (яғни Кенесарымен. – Ред.) төбелес шығарып, қылышпен базын бес жерден жарадаған, алайда оны тұтқындалп өкете алмаған».<sup>8</sup> Бұл күндері Қасым төре қақтығыс болған жерден 20 күндік жерде, оның айтуынша, наймандардың, қыпшақтар мен бағаналылардың ауылдарына барып, «жалпы халық тыныштығы» үшін өрекет жасап жүрген еді. Казактардың қасақана жасаған жүгенділігі туралы хабар алып, дереу өз қонысына қайтып келді және болған оқиғаға «қатты таңырқағандық» білдірді, бұл жөнінде Орынбор губернаторына хабарлап, патша хакімін дүшпандық ниеттерден тартынуға және Абылай хан кезінен жасалып келе жатқан өзара түсініктік рухын сақтауға шақырды. «Менің марқұм әкем Абылай хан сөз арасында император ағзам Бағды Ежен ханға (цин императорын. – Ред.) аға деген атады жиі қолданатын, мен соның ізімен, генерал-губернатор мырза, Сізді аға деп атай отырып, өрқашанда Сіздің ағалығыныңға сенемін және көп ешнәрсеге күмәнданбаймын».<sup>9</sup> Қасым төре хатының мәтінінен келтірілген

үзінді, егер Орынбор мен Омбының облыстық бастықтары да округтік приказдарға сұйеніп, өздерінің отарлаушылық ниеттерін кеңейтпей, өзара нақ сондай өрекет істесе, өзінің бұрынғы Ресей жағымен ізгі келісімде болу ниетін растайды.

Қасым төренің 12 болысты басқарған он екі ер жеткен ұлы бар еді, олардың өрқайсысының жанында жан-тәнін салып қызмет ететін 500 шанырактан «өз» төленгіттері болды, олар өздері өскери қызмет ете жүріп, қамкорлығын көрген Абылай үрпактарының алғашқы шақыруымен ұрыска кіруге дайын болатын. «Егер Сіз мені қып жіберсеңіз, осы халықтың арасынан мені де жақтайтындар табылады. Ал мен осы арадан ең алыс болыстарға қашып кетемін»,<sup>10</sup> – деп жазды Қасым төре сол губернатордың өзіне. Осы арқылы сұлтан Орынбор губернаторына өз ауылдарының ең түкпірдегі, бару қын және отаршылдық әкімшіліктің ықпал өрісіне тартылмаған далалық аудандарға көшіп кетуінің орыс өкімет орындары үшін болуы ықтимал зардалтараты туралы ескертті. Алайда Қасым төре ұлан-байтақ далада атақты Шыңғыс үрпактарының арасында Орта жүзге әкімшілік басқару жүйесінің ресейлік тәртіптерін енгізуге өуел бастан қарсы шыққан жалғыз адам емес еді.

Бұрынғы хан билігі құрылымын, аумактық бөлініс пен басқарудың дәстүрлі принциптерін түгелдей қорғаған Қасым төренің, оның балаларының, көптеген ауылдардың қарсы өрекеттері шектеулі болса да, егемендікті сақтап қалуға бағытталды. Хандықтың күші жойылғанға дейін көп бұрын пайда болған және Ресейдің жағдайын дала жағына қарай 100–150 шақырым қашықтықта едәуір нығайтып ұлғірген Ертіс, Есіл бойындағы, сондай-ақ Алтайдағы бекіністерге сұйенген округтік приказдардың 1822 жылғы Жарғы қабылданғаннан кейінгі алғашқы екі-үш жылда, 20-жылдардың орта шенінен бастап еселене түскендей ықпал күші болмады. Сонымен бірге жергілікті оппозиция да өзінің өлеуметтік базасын кеңайткыштады, оған Шыңғыс үрпактарының көпшілік бөлігімен қатар казактардың басып алуына байланысты жер таршылығын бастан кешіре бастаған еркін көшпелілердің бұқарасы қосылды.

Қазақ ақсүйектерінің едәуір бөлігі, сондай-ақ ежелден орнықкан рулық өзара көмек дәстүріне сәйкес оларға ерген номадтар қайтыс болған Уәли ханның үлкен ұлдарының бірі Ғұбайдоллаға үлкен үміт артты. Омбы облыстық бастықтары ықпалды сұлтандарға елемеген көзқарас көрсетілген жағдайда Уәли ханның тікелей үрпактары тарапынан қауіп-қатер төнетінін ұғынды. Ғұбайдолланың Көкшетау округінің аға сұлтаны болып, Тұрсын Шыңғысовтың Қарқаралы округінде нақ сондай қызметке сайлануын осымен түсіндіру керек. Округтік приказдар құрудың алғашқы қадамдарының өзі көрінеу оппозицияға тап болды – Көкшетау округінде Сартай Шыңғысов; Қарқаралы округінде – Саржан Қасымов, Шоң батыр, Торайғыр би жаңа тәртіптерге ашық қарсылық білдірді, алайда кейбір рулар сол кезде-ақ хан деп жариялаған Ғұбайдолла сұлтанның өз көзқарасын білдіретін кезін де-генмен де күтіп отырды. Омбы облысы қарауында болған, сұлтандардың ұstem тобының едәуір бөлігі Жарғыға жақтырмай қарағанынан едәуір дәрежеде хабардар Батыс Сібір губернаторы П. М. Капцевич өзіне бағыныштыларға реформаларды жүзеге асыру кезінде «бейбіт азаматтық өкімдермен өрекет ету, қатаң әділеттілікті ұстану» керек екенін көрсетіп, «азиялық халықтарға толық ұstemдікке ақырын жүріп, анық қадамдар арқылы қол жеткізу үшін асқан сақтық» көрсетуге пәрмен берді.<sup>11</sup>

Алайда округтік приказдар жанына орналастырылған казак отрядтарының оппозицияның қаруланған топтарымен алғашқы қактығыстарының өзі-ақ патша Жарлығының іске асырылуына қарсы қымылдауға бел байлағандықты растады.

Ал Ғұбайдолла сұлтан империялық әкімшілік-саяси жаңалықтарға наразыларды өз төнірегіне топтап, қалыптасқан жағдайды хан мемлекеттілігін қалпына келтіру үшін пайдаланбақшы болып үйғарды. Қасым төренің ықпалды тобы қолдаған Ғұбайдолла өз ниеттерін іске асырудың қын екеніне біртебірте көз жеткізіп, аға сұлтан әкілеттіктерін шебер пайдаланып, үкіметке қарсы күштерді топтастыруға бағыт алды, мұны Омбы облыстық басқармасының өкілдері мен казак отрядының командирі, әрине мұлдем байқамай отыра алмады.

I Александр Жарғыны бекіткен бойда Уәли ханның мұрагері және ерекше ықпалды адам ретінде Петропавл бекінісіне шақырылып, генерал-губернатор П. М. Капцевичпен «жеке кездесу» өткізді, реформаның «татар» тіліне аударылған мәтінімен танысып, оның кейір баптарын «халық үшін пайдалы деп есептеді». <sup>12</sup>

Солай бола тұрса да, ол үкіметтің сынаржак әрекеттеріне өзінің ренішін жасырмады. Генерал-губернаторға хатында Ғұбайдолла оның көзқарасын Көкшетау «дуанының» зансыз құрылғанына аударды. «Император ағзамның көзін жеткізу үшін» Петербургке жіберілген баласы Болат сұлтан астанадан қайтып келе жатқан кезінде күштеп ұсталады; сұлтан құрылған округтік приказ арқылы жүзеге асырылған жүгендік туралы фактіні губернаторға баяндау қажет деп тапты. «Сізді қанағаттандырмаса да, Үлкен және Орта ордалардың бүкіл халқы осындай зорлық-зомбылық бар екенін көріп отыр – соңан соң Сізден, ұлы генерал, Көкшетау дуанын жоюды сұрайды», <sup>13</sup> – деп жазды Ғұбайдолла, өлкенің бас әкімшісінің назарын алғашқы округтік приказдардың бірін жою қажеттігіне аударады.

Атақты Шыңғыс ұрпақтарының Батыс Сібір губернаторына жолданымдарында «қазактардың орыстармен одакта болу» ниеті туралы ойлар арқау етіледі. Осы жайды кейіннен Ресей бодандарын – дипломаттарды, керуендері өз ауылдары арқылы өткен көпестерді қабылдаған кезінде Кенесары хан да талай рет атап көрсеткен. Бұл мәселеде Ғұбайдолла сұлтан да кесімді көзқарас ұстанып, П. М. Капцевичке Орта жүзде биліктің жаңа нысандарын енгізуге қарсылардың орыс халқымен қарым-қатынасты қынданату ниеті жок екенін білдірді.

Үкіметке қарсы Абылай ұрпақтарының қолдауымен Ғұбайдолла сұлтан бастаған оппозицияның бүкіл іс-әрекетінің түкпі мақсаты округтік приказдар құрыла бастаған жерлерде оларды жоюға қол жеткізуді көздеді. «Егер дуанды жоймасаныз, – деп түсінілдірді сұлтан генерал-губернаторға, – біз үшін аспанның асты қаңырап (қалады), жер бетінде бос кеңістік көбейеді, өйткені біз Ресей мемлекетіне ұнамайтын ешнәрсе істеген жоқпыз...». <sup>14</sup> Ғұбайдолла өзінің П. М. Капцевичке кезекті жолданымын осылай түйіндей келіп, оған қол қойған және өз таңбаларын басқан адамдарды тізіп келтіреді, олар: атығай, төртуыл, тоқпак руларының мұдделерін білдірген Ақмырза, Алыбай, Шектібай, Итқара, Жұзбай, Құдайменді, Азынабай билер, Шама батыр, Сіртесен сұлтан, сондай-ақ Ғұбайдолланың өзі. <sup>15</sup>

Үкіметке қарсы оппозицияны бастап, сонымен бірге Көкшетау округтік приказының аға сұлтаны қызметін атқаруды жалғастырып отырған Ғұбайдолла

долла өзінің хан тағын иелену тілегінен бас тартпады және «орыс үкіметі арқылы хан құрметіне жету» мүмкін еместігіне көз жеткізіп, өз мақсаттарына жету үшін қытайлар жағымен құпия байланыстар жасады.<sup>16</sup>

Атасы Абылайдың сыртқы саяси бағытының дәстүрін жеткілікті дәрежеде жалғастырған Ғұбайдолла сұлтан Ресей мен Цин империясы жөнінде қосбірлік саясатын өмірінің ақырына дейін ұстанды, айта кетелік, оны әкесі Уәли хан да біршама өзгертілген нысанда жүзеге асырған еді. Ғұбайдолла Петербург сарайының барған сайын өсе тұскен ықпалын қайткен күнде де бейтараптандыруға және шығыстағы көршісінің қолдауына сүйене отырып немесе екі империяның Қазақстанға ықпал жасау үшін тайталасы үрдісінде Орта жүздің бұрынғы оқшаулығын біршама қалпына келтіруге ұмтылып, қытай жағымен шын мәнінде достық байланыстар жасады.

Бұл жолы хандықтың занды мұрагерінің кандидатурасын қолдауға қытайдың жоғары шенді шенеуніктері бастамашы болды, олар осы мазасыз аймактағы өзінің нақты ықпалын қолдан шығармау үшін едөуір күш-жігер жұмсаған Пекиннің стратегиялық мұдделеріне нұқсан келтіріп, Ресей жағдайының шамадан тыс нығаюынан қауіптенген еді. Шөуешек қаласының амбаны (қала бастығы) өз өкілдері арқылы Ғұбайдоллаға цин императорының «марқұм ханың үлкен мұрагері» ретінде оның Пекинге келуіне немесе «өз бодандығын күәландыру үшін өзінен депутаттар» жіберуіне ықтияр білдіргенін жеткізді.<sup>17</sup>

Көршілес екі империяның Ғұбайдолла сұлтанға ықпал ету жолындағы күресі, шынына келгенде, олардың стратегиялық аймактағы өмірлік маңызы бар жағдайлар үшін тайталасының көрінісі болды, өсіреле Ағылханың алдына тұсу және Орта Азия хандықтарына қарай ілгерілей отырып, жағдайлардың орайы келу мүмкіндігіне қарай Оңтүстік-шығыс Қазақстан мен Шығыс Түркістан түйісетін жерде орнығып алу мақсатын көздең Ресейдің әскери-саяси қайшылықтарын шешуі едөуір дәрежеде осы аймакты бағындыруға байланысты еді. Осыған байланысты Орта жүз ханы болуға бірден-бір үміткер Ғұбайдолланы оқшаулау және оның қытайлармен қандай да болсын байланыстарын тыю П. М. Капцевич үшін күрделі міндет болды. Генерал-губернатор сұлтанды Ресейге бағынышта ұстауға тырысып, «Омбы облысында шептік округтердің біреуін болса да» құруға келісім берген жағдайда оны үкімет атынан Абылай да, Уәли хан да пайдаланғандай «жалақымен марапаттауға» үміттендірді,<sup>18</sup> бұл орайда «қажет болған жағдайда өз бодандарын тындауға көндіру үшін оған қызмет ететін әскер отрядын жіберуге» уәде берді.

1825 жылға қарай Ғұбайдолланың ықпалы айтарлықтай өсті және аймактағы даулы саяси мәселелерді шешуде маңызды факторға айналды. Енді қазақ халқы оны дала билеушілеріне тән барлық міндеттері бар занды өмірші деп есептеді, мұның өзі кейінректе Г. Н. Потаниннің сұлтанды «қазақ халқы сайлаған хан» деп сипаттауына себеп болды.<sup>19</sup>

Ғұбайдолланың кеңінен мәлім болуы облыстық бастықтарды қатты алаңдатты. Оның үстіне полковник Б. Броневский оның қытай шенеуніктерімен жасырын байланыстарын жалғастырып жатқанын ретін келтіріп «көріп қайтты». Ол былай тұрсын, оның барлық жағынан алғанда, Қытайдың орталық өкімет орындарына білдірмей өз бетінше қимылдаған шыңжаң өкімшілігінің «депутаттарын» қабылдаған фактісі анықталды.<sup>20</sup>

Ғұбайдолла аға сұлтан қызметінде әлі де отырғанымен, дереу Омбыға шақырып алынды, мұнда оны облыстық бастықтардың көзқарасынша, Ресейге азды-көпті адад, икемге көнгіш Ғаббасов сұлтанмен ауыстырмакшы

болып үйғарып, өзін қамалға «отырғызып қойды». Сол екі арада Ғұбайдолла сәтін тауып қамаудан шыкты да, жасырынып үлгерді, көп уақыт өтпей оған сол Ғаббасовтың өзі келіп қосылды. Сонымен Қекшетау округтік приказының тәрағасын сайлау іске аспай, бұл қызмет бос қалды, мұның өзі жергілікті отаршылдық өкімет орнының едәуір дәрежеде беделін түсіріп, қуғынға тұскен сұлтан жақтастарының топтасуын тездете және күшайте түсті.

Сонымен 1825 жылдың сөуірін 1822 жылғы Жарғының енгізуіне қарсы, бастаудың Қасым төре тұрған халықтық қозғалыстың басталған кезі деп қарастыру керек. Генерал-губернатор мен оның төңірегіндегілерді казак қоғамының ішінде жіктеліс туғызған оқиғалардың тез өтуі абыржытып тастады. Орта жүздің ықпалды феодалдары Коңырқұлжа Құдаймендин, Жамантай, Қарқаралы округінің аға сұлтаны Шыңғыс Тұрсынов және басқалар Ғұбайдолланың көзқарасына қосылмады, үкімет жағына шығып, өздерінің ықпалындағы ауылдарды сол кездің өзінде-ақ отаршылдыққа қарсы көпте-ген рулар тартылған, кең өріс алып келе жатқан құреске жолатпауға тырысты.

Қызметінен кеткен Ғұбайдолла сұлтан жартылай жария жағдайда жүріп, өзін қауіпсіз ету, ал екінші жағынан, Солтүстік-Шығыс Қазақстанның көпте-ген руларын азаттық құресіне тарту мақсатымен патша округтерінің әкімшілік қызметі өлі қамтымаған аудандарға өзінің сенімді адамдарын жіберді, сол арқылы болашақ көтеріліс ошактарын өзірлемекші болды.

Осы киын жағдайда ғажайып күш-жігер көрсеткен қайсар тұлға ретінде Ғұбайдолла дипломатиялық әдептілікті сактап, Ресей бодандығына берген «салтанатты антты» сөз жүзінде сактауын жалғастыра берді.<sup>21</sup> Бұл дәстүр бойынша өкімет орындарына адалдық көрсеткен шеп маңындағы ауылдарды өз жағына тарту есебінен оның жақтастары санын көбейтуге тиіс болатын. Ал оның өз жиенінің бастаудың «қытай сарайына депутаттар» жіберуі Уәли ханының қайтыс болғаны туралы хабарды қөрінеу кешіктіріп жеткізуді қоспағанда, «ашылған округтердегі сол тәртіпке әйтеуір бір зиян келтіру» мақсатын көздеді.<sup>22</sup>

«Ғұбайдолла сұлтан аталған қытай сыйлықтарын қөріп, дағдылы азиялық тойымсыздық бойынша, Ресейге берген антиң өзгертуге бел байлады және Қекшетау округі шенеуніктерінің қатты сендіргеніне қарамастан, пікірлестерін жинап алып, Баянауыл тауларында кездесу үшін қытайлық албандарға жасырын жүріп кетті», – деп ескертті Батыс Сібір генерал-губернаторы шеп бойындағы казак күзет бекеттерінің командирлеріне.<sup>23</sup>

1825 жылғы 27 сөуірде П. М. Капцевич Жеке Сібір корпусының командашысына Ғұбайдолланың «Баянауыл тауларына әскерімен келген қытайлық албандармен тікелей қатынастар жасауына» кедергі келтіру ниетімен оны үсташа үшін Сібір шептік казак әскерінің Карқаралы ішкі отрядының отряд бастығы жүзбасы Карбышевті жіберуге бүйрек берді.<sup>24</sup> Оның үстіне осы ауданға қытайлардың «қазақ әскери жасауылын» ертіп келген албандардың басты мақсаты – Ғұбайдолланы Орта жүздің ханы етіп көтеру, «оған Қытай сарайынан едәуір тарту-таралғы өкелінгені» мәлім болды.<sup>25</sup>

Дәстүрлі басқару жүйесінің жойылуына қарсы көшпелілердің кеңеңе тұскен жаппай қарсылығы жағдайында Қытайдың ресми адамдарының қолдаудымен Ғұбайдолла сұлтанының Орта жүз ханы болып сайлану және олардың бұл актіні тану ықтималдығы Батыс Сібір губернаторын мазасыздандырды, оның үстіне ол осы этносаяси бірлестіктің нақты жіктелу болашағы-

нан аландарлы болатын. Орта жүздің Ғұбайдолла сұлтан бастаған онтүстік-шығыс бөлігінің бөлініп шығуы және Цин империясының билігіне кетіп, оқшауланған протекторат құруы, бұл орайда мұсылман көршісінің аймаққа және қазақ диаспорасы едәуір көп ірге тепкен Шығыс Түркістанға Ресейдің енуіне қарсы құресін қолдап отырған Орта Азия иеліктеріне ішкі губернияларынан шықкан көпес керуендерінің дәстүрлі маршруты өтетін стратегиялық маңызды ауданды Ресейдің ықпал өрісінен шығарып өкетуі мүмкін еді. Қытайлар Ғұбайдолланы Орта жүздің көпшілік бөлігінің зан жүзінде болған жетекшісі деп таныған жағдайда болуы мүмкін ауыр зардаптарды ескере отырып, генерал-губернатор жұзбасы Карбышевке казактар отрядымен және ат жегілген зенбірекпен сұыт жүріп, Карқаралы округінен Баянауылға «асығыс» жетуге және қазақ сұлтаны барғанға дейін қытай өкілдерімен келіссөз жүргізіп, «Ғұбайдолланың олармен қосылуына кедергі жасауға» бұйрық берді.<sup>26</sup> Сонымен бірге Карбышевке сұлтанның өзін «ұстап алып», «қытайлардың қазактарды қызықтыратын ниетін бұзуға» пәрмен етті.

Жұзбасы Карбышев жеткілікті дәрежеде жақсы жабдықталған, ұрыс кимылдарын жүргізуге дайындалған командастымен жүріп отырып, Баянауыл тауларына жақын жерде қытай делегациясын қуып жетті, сол арқылы оның бүлікшіл сұлтанның төңірегіндегілермен қандай да болсын қатынас жасауын болғызбай таstadtы. Көкшетау округінен Ғұбайдолланы «өкшелеп» келген, коллеж асессоры Путинцов басқарған басқа бір қарулы топ Баянауыл маңында Карбышевпен ойдағыдай қосылды. Сол уақытта «әр түрлі жерлерге» қойылған қарулы қүзет бекеттері Ғұбайдолланың Баянауыл тауларына жақындағаны туралы дереу хабарлап отырды, бұған қоса оның қытай делегациясына жіберген өкілдерін, соның ішінде хан тағына үміткердің туған нағашысы, осы оқиғалардан көп бұрын «өз ниеттерін мейлінше қолайлы жүргізу үшін қаруланған үлкен жасақ» жинап алған Шама сұлтанды да казак шолғыншылары қолға түсірді.<sup>27</sup>

Саны көп болса да, өкінішке қарай, бытыраңқы кимылдаған қарулы қазактарды одан әрі «залалсыздандыру» едәуір табысты және қан төгілмей өтті. Жұзбасы Карбышев тандаулы казактар отрядымен және зенбірек алып, Шама сұлтанның ауылынан қашық емес жерде орналасқан, Ғұбайдолланың қасына тұн ішінде жасырынып бет алды, ал Ғұбайдолла оның тұтқынға алынғаны туралы хабар алмаған еді. Жүздік атаманы Чернецкийдің казак пикеттері тізбегін қолайлы және сәтті орналастырғаны сонша, «бірде-бір тұтқын қытайларға хабар бере алмайтын» етіп, Ғұбайдолланың жұмсаған адамдарын шу шығармай ұстап алып отырды, ал елубасы С. Найдин бес қаруы түгел, «ержүрек казактарымен аяқтарының ұшынан басып» киіз үйлерге барды да, тұн каранғылығын пайдаланып, жайбаракат үйіктап жатқан сарбаздардан аттарды «едәуір алысқа» айдап таstadtы. Сол екі арада, жұзбасы Карбышев сұлтан орналасқан жерге жасырынып келіп, сасқалактап қалған Ғұбайдолланың қүзеті мен жақын төңірегіндегілерді тұтқыыл шабуыл жасап қарусыздандырды, Ғұбайдолла біrnеше біrмен бірге қарсыласпай тұтқынға тұstі.

Ал Шама сұлтанның ұрысқа неғұрлым қабілетті жасағы болған оқиғаны тек келесі күні таңертең ғана біліп «асығыс шегінді».<sup>28</sup> Сонымен жеке Сібір казак корпусының штабында өзірленген жоспар жүзеге асырылды: өзі де тұтқынға түскен қытай делегациясы бейтараптандырылды, Ғұбайдолла сәтсіздікке ұшырады, күшетілген айдауылмен Омбыға апарылып, бекініс абақтысына қамалды, бұдан әрі сібір өкімшілігі оның беделді атынан, дан-

қынан және даланы мекендеушілерге өлі де жасап отырған ықпалынан қауіптеніп, оппозицияны мүлде басшысыз қалдыру жолын ойластырды, сөйтіп сұлтанды алыстағы сібір қалашығы Березовка жөнелтті, ол жерден 1840 жылдың қарашасында, халық қозғалысының көсемі Кенесарының табандылықпен талап етуінің арқасында босатып алынды.

Генерал-губернатор қозғалыстың әлсіреуіне және Ғұбайдолланың тұтқындауына жеткізген операцияның нәтижелеріне қанағаттанып, барлық «көзге тұскендерді», соның ішінде атаман Чернецкийді, елубасы Найдинді, урядниктер Солонниковты, Некрасовты және жұзбасы Карбышевті марапатқа ұсынды, ал Карбышев бұдан кейін де полковник болған кезінде Саржан Қасымовтың көтерілісін, сондай-ақ Кенесары ханның патшаға қарсы қозғалысын басып-тұншықтыруда зұлымдық рөл атқарды.

Сонымен Қасым төренің наразылық білдіруімен басталған патша реформасына оппозиция, оның әскери-күштеу шараларымен басып-жанышталуына дейін Ғұбайдолла сұлтан басшылық еткен бұқаралық қозғалысқа ұласты.

Оның қозғалысты үйымдастырудың тактикалық қателіктері, қоғамның қарама-қарсы екі лагерьге жіктелуі терендете тұскен саяси жағдайың қындығы қозғалысты сөтсіздікке ұшыратты. Алайда Жарғыны күш қолдану әдісімен іске асырудың жалғастырылуы, көрнекті Шыңғыс ұрпақтарының қарсылығын елемеу оппозицияның бытыраңқы күштерінің біртұтас қозғалысқа бірігуін тездедті, оны Саржан Қасымов сұлтан баскарды.

## 2. САРЖАН СҰЛТАН БАСТАҒАН КӨТЕРІЛС (1825–1836)

Ғұбайдолла сұлтанды алыстағы сібір қалашығына жер аудару бүкіл Орта жүз бойынша өрістеп кеткен қозғалысты тоқтата алмады. Сонымен бір мезгілде Карқаралы округінің ауылдарындағы толқулар одан әрі күш ала берді, оған Қасым төре балаларының бірі Саржан сұлтанның қарамағындағы Карпық болысының қазактары үйітқы болды. Соның нәтижесінде Абылай ұрпақтарының ықпалы күшті болған Орталық Қазақстанда 1825 жылдың көктемінде үкіметке қарсы толқулар басталды.

Жұзбасы Карбышевтің (Ғұбайдолланы ұстауда ойдағыдай әрекеті үшін үкімет назарына іліккен) инфanterия генералы П. М. Капцевичке хабарламаларының бірінде Саржан Қасымов «дала өнірінде алуан түрлі зорлық-зомбылықтарымен көптен көзге түсіп жүрген» деп сипаттаған.<sup>29</sup> Шексіз-шетсіз даланы кеңінен қамтыған отаршылдыққа қарсы құреске, шынына келгенде, Қасым Абылаев, Габбасов, Ғұбайдолла және басқалары сияқты көрнекті сұлтандардың бастапқыдағы қарсылықтарына қарамай, 1822 жылғы Жарғыны колданысқа енгізудегі «асығыстық» арандатты.

Патша жарғысы жөніндегі Ғұбайдолланың ашық оппозицияда екенін жақсы білетін Саржан Қасымов «басқа тұrlаусыз сұлтандармен, қарамағындағы қазақ тобырларымен келісіп» мылтықпен, семсермен, қылышпен қаруланып, керуен жолдарына бакылау орнатты да, округтік приказдарға шапқыншылық жасай бастады, соның өзінде де келте ойлайтындардың дүниеге деген қызығушылығынан туатын қазактарды тонаушылықта болмай қалмады.<sup>30</sup> Батыс Сібір генерал-губернаторы П. М. Капцевичті қаруланған жасақтардың керуен жолдарына тұтқылдан шабуылдар жасауына байланысты эко-

номикалық шығындар онша көп мазасыздандырған жок, ол жаңадан құрылышп жатқан округтік әкімшілікке бұл да күтпеген жерден біраз өбігершілік өкелген еді. Әсіресе дала өнірінде ашылып үлгірген екі округке – Көкшетау және Қарқаралы округтеріне «жыртқыштардың зиянды ықпалы» губерниялық кеңсенің абыржушилығын туғызды. П. М. Капцевичтің жаңа тәртіпке қарсыластар жөнінде «батыл да қатаң шаралар қолдануды» талап етуі Қарқаралы округінің болыстарында қимыл жасаған Саржанның бостандықты қымбат тұтқан көптеген ауылдарда құреске шақыруы үндестік тапқан Ғұбайдолламен бірігіп кету мүмкіндігінен қоркудың көрінісі болатын. Саржан жасақтарының бірінде жас сұлтан Қенесары қатардағы сарбаз болып жүрді, Қенесарының бойын басқалардан гөрі көбірек билеген бостандық сүйгіш ойтілек оны Орта Азияның түркі халықтарының «тәуелсіздігі жолындағы жауынгер құрескер» жасады.

П. М. Капцевичтің жеке өкімімен «осынша дөрекі және зиянды қастандықтарды болдырмау үшін» Қарпық болысына жіберілген, оның үстінен артиллериямен қүшетілген, ірікеп алынған 200 казактан тұратын жазалау отряды Саржан батырдың алғы шептегі алғашқы жасақтарымен ұрысқа тұсті.<sup>31</sup> Алғашқы табысқа қуанған П. М. Капцевич өз бастықтарына «бұлік шығарушылардың зұлымдық пиғылдарының жойылғаны туралы» жеткізді.

1826 жылғы 31 қаңтарда болған алғашқы ашық қактығыс Саржан сұлтанның соғыста жеңілуімен аяқталды; оның тұтқынға тұскен «пікірлестері» карусыздандырылып, Омбы ордонансгаузы жанындағы өскери сотқа берілді. Сұлтан өз серіктерімен бірге көптеген ауылдарымен Орынбор шебіне қарай көшіп, қудалаудан құтылып үлгерді, Троицк қаласына жақын Кидел-Қыпшақ болысында қыстап шықты.<sup>32</sup>

Көтерілісшілердің шоғырлану аясының өзгертуі айқын мақсатқа – патша өкіметі басқа бір Жарғыны – «Орынбор қазақтары туралы» жарғыны қолданысқа енгізбекші болған Кіші жұз ауылдарында үкіметке қарсы пиғылды қоздыру мақсатына байланысты болатын, ал бұған осы аймақта Кіші жұздің соңғы ханы Шерғазының тұтқынға алынып, содан соң Калуга қаласына жер аударылып жіберілуі негіз болған еді. Енді Батыс Сібірдің де, Орынбордың да генерал-губернаторлары Саржан сұлтанға «даладағы барлық мазасыздыққа басты кінәлі деп» қарады.<sup>33</sup> Көтерілісшілердің этникалық құрамы қашқын орыстар, татарлар қосылып, барған сайын интернационалдық сипат ала тұсті; халық қозғалысы қамтыған аудандарда ара-тұра Қокан, Хиуа хандықтарының, Бұхара әмірлігінің өкілдері болып тұрды.

1825 жылдың ақпанында Сібір шептік казак өскерінің кеңесін Саржан сұлтанның ауылынан жұзбасы Карбышев тауып алған Ертіс округінің шаруасы Федор Серебренниковтің атына берілген төлкүжат қатты қайран қалдырыды. Құжаттың бұлікшіл сұлтан ауылынан табылуының мән-жайын анықтау үшін хат алысылды. Содан соң төлкүжат бұл жөнінде мәліметтер жинау үшін Пермь азаматтық губернаторлығына жіберілді.<sup>34</sup>

Жарғының VI тарауына сәйкес «қазақтардың тәртіпсіздіктері мен бетімен кетушіліктері үшін» жауапкершілік ең алдымен сұлтандарға жүктелгенімен,<sup>35</sup> 1826 жылдың бүкіл жазы бойында Саржан жасақтарының белсенді қимылы әлсіремей, барған сайын жаңа болыстарды қозғалысқа тарта берді. «Қазақтар арасында ашу-ыза туғызу ниетін ойлаған» көптеген сұлтандар округтік приказдардың «бастапқы құрылышын күйрету» жөніндегі саяси талаптармен шектелмей, жер-жерде қаруланған «көп адамдық партияларды» топтастыр-

ды, бұл орайда отаршыл өкімшілікке адалдығын сақтап қалған ауылдарды қорқытудан да тайынбады. Саржан жасақтарының бірін басқарған сұлтан Абылай Ғаббасов өзінің ерекше ымырасыздығымен көзге түсті, ол Қарқаралы приказына жақындап келіп, бірқатар болыстарды «зығырданды қайнататын өрекеттері арқылы» өзіне ертіп алды, өзінің сенімді адамдарын көрші аудандарға, ең алдымен Көкшетау округіне жіберіп, «оның сұлтандарына олардың өздері бағынатын занды өкіметке бағынбауға ақыл берді».<sup>36</sup> Қарқаралы округі халқының Саржан батыр жағындағы көп бөлігі «округтен ғайып болды».

Көкшетау округінде қозғалысты Сартай Шыңғысов басқарды, ол да көтеріліс басшысы Саржан Қасымовтың көзқарасына қосылатын. Қазақ жерлерін біріктіруге ұмтылған атакты Абылай ханды ерекше құрмет тұтатын Қарауыл болысының өкілі Сартай Шыңғысов өз қимылын Ғұбайдолла мен үйлестіріп, өзі жалпыхалықтық жетекші Саржан батырдың билігіне толық бағынды. Халық қарсыласуының одан әрі күшеюінен корку Омбы облыстық бастығы де Сент-Лоранды 1825 жылғы 4 қыркүйекте «құпия» деген белгімен Қарқаралы округі өскери күзетінің бастығы жұзбасы Карбышевке Саржан, Ғұбайдолла және Сартай сұлтандарды<sup>37</sup> «олардың бір-бірінен ұзап кеткен» кезін күтіп, «іздел табуға және қолға түсіруге кірісуді» міндеттеуге итермеледі. Бұл орайда қыын кедергілер кездескен жағдайда Карбышев «олардың бірі – Саржан Қасымовты қолға түсіруге ұмтылуға» тиіс болды.<sup>38</sup>

Сол кезде-ақ көтерілісшілерге қарсы қимыл жасап жүрген 200 казактан басқа, Карбышевтің қарамағына «орындарды алуға жіберілген» офицерлері бар 150 казак келді. Сөті түскен жағдайда тұтқынға алынған сұлтандарды өскери сотқа беру үшін «ең қысқа жолмен айдауыл арқылы» Омбыға жеткізу көзделді, ал олардың өрекеттері 1822 жылғы Жарғының «Мемлекеттік опасыздық туралы» бабына жатқызылды, сондықтан Саржан сұлтанның Омбы бекінісінде өз тағдырларының не боларын күтіп жатқан 12 серігі сияқты, олар да өлім жазасына кесіліп, ең жаксы дегендеге Сібірге, каторгалық жұмыстарға жіберілуі мүмкін еді.

Сол кезде Омбыда қалалық ордонансгауз жанынан арнаулы комиссия құрылды; колледж тіркеушісі Пирожковқа Саржан сұлтан «қарақышыларының» 12 қазағының айғақтарын қазақ тілінен орыс тіліне «аударумен айналысуға» пәрмен берілді.<sup>39</sup> Көтеріліске қатысқандарды аяғандықтан болар, бәлкім, абақтыға қамалып, торығып жатқан қазақтардың қайғылы тағдырына жан ашығандықтан болар, қамаудағы 12 адамның үшеуі түрмеден кепілдікке босатылып, бұл облыс кеңесінде нағыз әбігерлік туғызды. Заседатель Бубеннов, хатшы Елгин, бәлім бастығының қызметін атқарушы Захаров сотқа берілді, бұл іске қатысы бар облыстық кенес шенеуніктеріне «аса қатаң сөгіс» жарияланды.<sup>40</sup>

Аталған шенеуніктердің өздері үшін қатерлі, өкімет орындары қатаң айыптауы мүмкін шешімге не үшін барғандары жөнінде пікір айту қыын. Едөуір көпшілігі Омбыда да жер аударылу мерзімін өтеп жүрген декабристердің ықпалына ұшыраған бұл адамдардың крепостниктікке қарсы қозғалыстың жалпы рухына сол арқылы үлес қосуға, Сібірдегі бұратаналардың, соның ішінде қазақтардың ауыр жағдайын өйтіеуір бір женілдетуге ұмтылуы әбден мүмкін. Болған оқиғаға облыс бастықтарының ерекше мән бергенін, бұл жөнінде оның Батыс Сібір Бас басқармасына дереу хабарлағаны дөлелдейді.<sup>41</sup> Солай дегенмен, қарулы бой көрсетулерді

басып-жаныштауды үйімдастыру міндегі жүктелген облыс бастықтары екі жақты көзқарас ұстанды: бір жағынан, халықтық козғалысты оның жетекшісін тұтқынға алу жолымен басшысыз қалдыруды, екінші жағынан, жер жағдайын жақсы білетін шағын топтарға бөлініп жасырын қимылдау арқылы дүшпандық пиғылдағы ауылдардың шабуыл жасауы жағдайында құрес жүргізу тактикасын жүзеге асыруды көздеді, өйткені облыс бастықтары көтеріліс басталысымен-ақ оның негізгі ошактарын бастапқыда жойып жіберуде өздерінің олқылық жіберіп, батылдық көрсете алмағанын ұғынған еді. Омбы облысы бастығының міндегін атқарушы 1825 жылғы 24 тамызда-ақ Батыс Сібір Бас басқармасына былай деп жазды: «Мен Қарпық болысының сұлтаны Саржан Қасымовтың бетімен кетушілігі және теріс қылықтарынан болуы мүмкін қырсықты ертерек көріп, оны болдырмау жөнінде соған сәйкес шаралар қолдану пайдалы болатынын айтпай кете алмаймын...».<sup>42</sup> Бұдан әрі ол: дереу қимыл жасау керек, алдын ала белгіленген «болжамдарды» орындауға ешқандай «жария етпей» кірісу керек деген ұсыныс айтады, ал ол болжамдар жалпыхалықтық жетекшіні ғана емес, сонымен қатар мұндай жағдайда қазактардың қауіптенуін туғыза алатын «ашуызынан болдырмау үшін қатаң талғампаздықпен... ең басты пікірлестерінің» бірнешеуін де колға түсіруге келіп саятын.<sup>43</sup> Көтеріліске қарсы қрестің тандап алынған зұлымдық әдістері «ұлы мәртебелі құзырының» ризашылығын алған еді. 1826 жылғы 24 маусымда Сыртқы істер министрлігінің басқарушысы Көкшетау округтік приказына I Николайдың Саржан сұлтанға әзірше «ешқандай жеке қудалау қолданылmasын, оны колға түсіруден<sup>44</sup> бұл жөнінде үкіметтің көзқарасы нақтыланғанға дейін токтала тұрсын деген әмірі жеткізілді. 1826 жылғы 9 шілдеде Петропавл бекінісінде жергілікті өкімет орындарының көтерілісті басып-жаныштау жөніндегі іс-қимылына шек қойылатын үкімет нұсқауы алынды.

Сұлтанның ой-ниетін анықтау үшін Петербургке қажетті мынадай мәліметтерді жинап, хабарлауға пәрмен берілді: көпес керуендеріне қазақ даласы арқылы «өткен кезінде» ол соңғы жылдарда әлдебір қысым көрсетті ме және олар неден көрінді? Ол қандай баж өндіріп алды? Шамадан тыс мөлшерде алынған альмдар болды ма? Аталған сұлтанды іздестіру барысында казак отрядтарының далаға жасаған жорықтары нәтижелерінің пайдалы салдары болды ма? Оның керуендерге шабуыл жасау қаупі тыйылды ма әлде сакталып отыр ма? Мән-жайды анықтау үшін Саржан жөнінде тікелей Ресей Сыртқы істер министрлігінің басқармасына жиі шағым жасаған Ресей және азия көпестерінен «жазбаша түсініктеме алу» ұсынылды.<sup>45</sup>

20-жылдардың екінші жартысында Орта жүзде уақытша тыныштық орнады: үкімет 1824 жылдың өзінде-ақ ашылған Қарқаралы, Көкшетау округтерін ығайту жайын ойластырып және 1826 жылы Баянауыл округін Құрып, көтеріліске шыққан ауылдардың ізіне тұсу үшін ірі казак отрядтарын жабдықтаудан тартынды. Алайда ол округтік приказдарға жақын жерлерде қарулы шолғыншылар құзеті қүшеттілген казактардың егінші-отырықшылық қоныс тебуін едәуір кеңейті, олар есіл бойы, ертіс бойы және алтай бекіністерінің гарнizonдарымен қатар шаруалардың отарлауын біртіндеп кеңейте берді, бұл орайда далаға терендеп баруға батылдық жасамады, ал онда нақты билік негізінен алғанда бірте-бірте өлсіреп, барған сайын екінші қатарға ығыса түскен бұрынғы хандық басқару құрылымының колында болатын. Бұл жағдай 1830 жылдарға дейін сакталды.

Ресейдің экономикалық мұдделеріне нұқсан келтіріп, империяның Солтүстік Кавказда таулықтарға қарсы соғыс қимылдары үшін ірі күштер бөлуі арта түскен жағдайда аймақта саяси қатысуын өлсіреткен талай рет керуендерді тонау фактісі Петербург сарайында алыста жатқан және онша мәлім емес азиялық шет аймақта отарлау проблемасын құш қолданып шешуді жақтаушылардың көзқарасын барынша қүштейте берді.

Оның үстіне Омбы облыстық басқармасының шенеуніктері жинаған материалдар көтерілісшілер отрядтарының көпестерден өз бетімен баж жинаған фактісін раставды.

Бұл ретте көпес керуендерінен алымдар нағыз құны қарапайым номадтар үшін онша түсінікті емес ақшалай да, тауармен де алынған. Бірнеше мысалдар келтіре кетелік: Троицк көпесі Юркиннің қызметкері, қазан татары Бекбау Абсалямовтан Тас-Шат шатқалында Саржанның туған інісі Күшік 100 дабы, 3 жібек шапан, 2 кесек парча, барқыт көрпе баж алған; Саржанның төленгітері Тобылдан шыққан бұхаралық Руза Ғұмаровтан 551 сомның затын реквизициялаған, Бұхара боданы Тайыр Зәкіржановтың 16 атын алып қойған.<sup>46</sup>

Дала өніріне жазалаушы күштер жіберуді уақытша тоқтатқанда, Батыс Сібір генерал-губернаторы көтеріліске шыққан ауылдардың белсенділігін төмендетуден үміт еткені негізсіз емес болатын, ал ауыл ішіндегі күші барлардың көбі өз көзқарастарына қосылмаған жаңа аға сұлтандардың жасактарына қарсы қимыл жасап жатқан еді. Саржанның ымырасыз жаулары арасында Қарқаралы округінің аға сұлтаны Тұрсын Шыңғысов болды, оның жаңа отаршылдық өкімшілікке жағымпаздануы ішкі саяси жіктелісті тереңдете түсті. Оның Омбы облысының бастығына жолдаған хаттары, өтініштері Саржанды, сондай-ақ халық қозғалысын көрінеу жек көрушілікке толы болды. «Осы арқылы Сізге мынаны хабарлаймын, — деп жазды Тұрсын Шыңғысов полковник С. Б. Броневскийге хаттарының бірінде, — сұлтан Саржан Қасымов асқан мейірбан Император ағзам бодандарының керуендерін үнемі тонап жүр, мұндай жаман өрекеттерді ол өзі сиякты жауыз адамдармен бірігіп істейді... ол Семейден келе жатқан керуенді тонады; өз адамдарын жіберіп, жұрттың бәрін ұзап көшіп кетуге шақыруда».<sup>47</sup> Ол былай тұрсын, Ресей жағын көтерілісшілерге қарсы құрес үшін екі зенбірегі бар 300 казактан тұратын өскери күш тарту қажет екендігіне сендеруге үмтұла отырып, Т. Шыңғысов халықтың Саржанды кең қолдайтынын қүйіне отырып мойындайды, тек өлгіндей шарапалар ғана бөлініп кеткен ауылдарды «дуан (Қарқаралы. — Ред.) қарауына» қайтаруды қамтамасыз етеді деп санайды.<sup>48</sup> Көтерілісшілерді Ташкент билеушісінің қолдауы туралы таралып кеткен мәліметтерге байланысты Саржанға қарсы соғыс қимылдары тездетіле түсті. Орта жүздің көтеріліске шыққан ауылдарының қолайлы жағдай тууын пайдаланып, тәуелсіз Коқан хандығымен бірігіп кету мүмкіндігі империяның Сыртқы істер министрлігінде мұқият зерттелді, өйткені бұл патша отрядтарының округтік приказдарға сұйене отырып, ортаазиялық иеліктер жағына одан әрі ілгерілеуін едәуір қыннатуы мүмкін еді. Оның үстіне Орта жүз бен Ұлы жүз түйісетін жерлерде 1832 жылы құрылған Ақмола және 1831 жылы құрылған Аяғөз (Сергиополь) округтерін отаршылдық өкімет орындары аймақта Ресей ықпалын нығайтудағы ең қолайлы тірек пункттер ретінде қарастырды. Сондыктан Саржанның өсіресе Ташкент билеушісімен жасауы ықтимал қарым-қатысы туралы хабарлар Ресейдің Орталық Азиядағы жаңа жетістіктерінің жолына кедергі қоюға тырысқан өрекет деп қабылданды. Ал

фактілер Саржан сұлтан мен Ташкент құсбегісі арасында жасырын қарым-қатыс болғанын көрсетті. Бұған Саржанның 1831 жылғы 6 қазанда құсбегіге жолдаған хатын казак шолғыншыларының қолға түсіруі дәлел бола алады. Орыс тіліне аудармасында ол бірсыптыра қысқартылып, былай деп келтірілген: «Құдай Сізге және Сіздің берекелі, қашаннан құт дарыған, әскери істе Рұстем патша сияқты ерлігі де, байлығы да ересен елінізге амандық тілейді... бізге Сіздің Мырзан, Сауранбай және Сағындық билер арқылы жолдаған хатынды қору өте қуанышты болды. Бізді Сырда, Шу мен Кожырда қыстап шығуға шақырғаныңыздан біздің жай-күйімізді Сіздің жанашырлықпен ойлағаныңызды көріп отырмыз. Сіздің өзінізben жақындасу жөніндегі ұсынысыңызға өте қуаныштымыз, келісеміз... біз Сізге қызмет көрсетуге өрқашанда өзірміз... орыстар мәжбүр етіп жатыр... алайда өзіміз діндес ірі елдерді жан-дүниемізben жылай отырып аңсаймыз».<sup>49</sup>

1831 жылғы 9 қазанда жеке Сібір корпусының жаяу әскер генералы Вельяминов Қарқаралы округінен әскери отрядтың бастығы полковник Шубиннен Түркістан жағына, сірө, көтерілісшілермен ынтымак көрсеткен қазак ауылдарын қолдау үшін болар, Ташкенттен 5000 адамы бар әскер шыққаны туралы «Құпия» деген белгімен рапорт алды. Нәк сонда, 1831 жылғы 9 қазанда, Омбы облыстық билеушісінің міндетін атқарушы нақ сол Шубинге «қазақ халқын қоқан билеушісінің өз басқаруына тартуы ықтималдығы туралы» хабарлаған.<sup>50</sup>

1831 жылдың қазанында Петропавлдың 3-гильдия көпесі Пакулев, мещан Никита Лепетов Ташкент құсбегінің найзамен, айбалтамен, «түйеге артылған» шағын зенбіректермен қаруланған 3000 адамға дейін жететін әскері жақындаған қалғанын хабарлады. Ташкент билеушісінің Ресей бодандығына қараған ауылдарды тонау ниеті айқын болатын, құсбегінің Саржан сұлтанмен кездесуі де сонда өткен, құжаттардың толық болмауы себепті келіссөздің мән-мағынасы туралы пікір айту қын; Ресейдің аймақтағы әрекеттеріне екі жақтың да аландаушылығы негізгі байланыстыруыш фактор болды және тегінде, сол жолы солтүстіктен төнген қауіпке қарсы бірлескен қымылдар туралы шешімге келісім жасау мүмкін болды деп санау керек.

Саржан сұлтан құрамында 20 адам бар нөкермен Ташкентке барып, онда 10 күн болды және жергілікті ханға тарту ретінде 80 жылқы айдалап апарды. Саржан серіктерінің бірі Байтелі би Иманқұловқа «қара ту» табыс етілді.<sup>51</sup> Кейбір мәліметтерге қарағанда, Саржан батыр құсбегінің билігін тану белгісі ретінде Ташкентке алым төлеуге келіскең. Сонымен бірге қазақ сұлтанына құны 500 червонец тұратын сауыт және алтынмен апталған семсер сыйланған.<sup>52</sup> Қоқан ханының осы сый-сыяпаты үшін Саржан Ресей бодандығында тұратын ауылдардың «барымталармен» мазасын алып, Ресейді жан сала жақтаушылардың бірі сұлтан Коңырқұлжа Құдаймендинді қолға түсіруге және оның ауылдарын шабуға немесе жылқысын айдалап әкетуге міндеттенген. Саржан сұлтанның Қоқанмен жақындасуы, Ресейге қарсы түркі тілдес одактық бірлестіктің топтасу ықтималдығы көтеріліс жасаған ауылдарға жазалау отрядтарының жаппай шабуыл жасауды жалғастыруын тездедті.

1831 жылғы 30 қыркүйекте Сібір шептік казак әскерінің әскери кенсесі де Сент-Лоранға Ақмола округі арқылы саптағы толық қару-жарағы мен жүк артылған аттары бар 50 адамнан тұратын казактар отряды жіберілгенін хабарлады.<sup>53</sup> 1831 жылғы 5 қазанда де Сент-Лоранды жеке Сібір корпусының командирі, егер Саржан сұлтан «Ақмола округіне қарасты жерлерде барым-

та жасауын» тоқтатпаса, оның қатаң жауапкершілікке тартылуы – «тыныштықты бұзушы» ретінде Нерчинскіге каторгалық жұмыстарға сотталуы мүмкін екендігін сұлтанға хабарлау керек екеніне иландырып бақты.<sup>54</sup> Бұл ретте Саржанның дала өнірін дүрліктірген, толассыз қымылдарына ашуланған Сібір корпусының командирі сұлтанға кең-байтақ өлкені дүрліктірген «опасыздық іс-қылышы үшін» алдында «лайыкты жаза» күтіп тұрғанын де Сент-Лораннан дереу хабарлауды өтінді. Де Сент-Лоранның бүлікшіл сұлтанның аулына жеткізілген 1831 жылғы 9 қазандағы хаты мынадай қоқан-лоқы жасау сарынында жазылған: «... Аса құрметті сұлтан Сіз Ресей тағына бодандыққа Өзініз берген анттан тайып... өзініздің осы кезге дейін бейбіт діндестерінізді тонау арқылы... бодан қазактар арасында, олардың меншіктерін де аямай, жалпы алғанда толық бүліншілік жасадыңыз; Сіздің атағыңыз үшін осынша айыптауға тұрарлық әрекеттерініз жазасыз қалмайды, яғни Сіз соған лайық жаза тартасыз». Осылайша жазалаумен қорқыта отырып, ол Ресей бодандығындағы қазактардан көтерілісшілер тартып алғандардың бәрін қайтаруды талап етті.<sup>55</sup> Сібір корпусының нақ сол командирі Коңырқұлжа Құдаймендиннің «қазақ халқының» Саржанға көшіп кетуге «бейімдігі» (яғни ниеті. – Ред.) жөніндегі хатын тілге тиек ете отырып, 1831 жылғы 24 қазанда де Сент-Лораннан, егер сұлтан «хайуандығын қоймаса», «өте жайсыз шаралармен» сактандыра отырып, көтерілісті тыюды қатты талап етті.<sup>56</sup> Бұл орайда де Сент-Лоран нақ сол ықпалды сұлтан Коңырқұлжа Құдаймендиннің қолдауына үміт артты, ол 1830 жылдың өзінде полковник болған еді, мұның өзі ол кезде «бұратаналардан» шыққандар үшін сирек құбылыс болатын, ал 1832 жылды Ақмола округінің ашылуына байланысты оның алғашқы аға сұлтаны болғанды, «Жоғары мәртебелі сарайда» болып, «бұлжымас адалдығы үшін» алmas көзді алтын медальмен, құрметті шапанмен және 5000 сом мөлшерінде ақшамен марапатталған еді.<sup>57</sup>

Патша шенеуніктерінің одан кейінгі де барлық жолданымдарына Сұлтан жауап қайтармай, көтеріліс қамтыған жаңа аудандарды табандылықпен кепейте берді, мұның өзі үкіметті ірі ауқымды қымылдар бастауға итермеледі. 1831 жылдың орта шенінде Көкшетаудан шыққан, 500 адамнан тұратын команда Саржан ауылдарына кенеттен шабуыл жасап, оларды талап-тонап кетті. Алтын, кете, жағалбайлы рулары қатты зардап шекті, 450 ауыл адамы қазатапты, ондаған адам, соның ішінде Саржанның бір баласы тұтқынға алынды; 1832 жылдың басында П. Н. Кулаков басқарған 250 адамнан тұратын казак отряды Күшік және Есенгелді сұлтандарды құш қолданып ұстап, жанайдар руын тонады, 60 қазакты жазалады. Бұл қасіретті деректерді кейіннен Кенесары хан өзінің Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы генерал-майор Генске жазған жолданымында растап берді.<sup>58</sup> Жер жағдайын жақсы білген, едөуір жақсы жабдықталған шағын атты жасақтарымен әрекет ете отырып, өзіне ерген ауылдардың конысын жиі өзгертіп отырған Саржан Қасымов, казак бөлімдерінің ізінен қалмай кудалағанына қарамастан, қаһарлық күшке айналды. Генерал-губернаторға Сібір корпусының командирі хабарлағанындей, 1832 жылғы 14 наурызда көтерілісшілер үййтқы болған 400 адам Сұлукөл ауданында топтасып алып, «барымта жасаған» да, Ресейді жақтаушы қазактардың 1600 жылқысын айдал өкеткен, мұның өзі Ақмола приказында едөуір аландаушылық туғызған. «Шекаралық отрядтың» команdirі жұзбасы Чириков: «сатқын» Саржан Қасымов барынша мұқият қадағаланып отырсын, оның ой-ниетінің алдын алуға, оның күштерінің орналасқан жерлерін «ақылға

конымды шаралармен» анықтауға, «ол жетекшілік ететін қарақшылардың көптігін», оның бұдан кейінгі өз қимылын қалай өрістепекші екенін білуге, оның хаттарын қолға түсіруге және т.б. әрекет жасалсын деген қатаң бұйрық алды.

Оның үстіне Ресейдің ықпалы біршама күшті сакталып қалған аймақтарындағы ауылдар оған ағылып келіп жатты.

1832 жылғы 22 наурызда Шанхай Есімов сұлтанға бағынышты Кояндытоғай болысының Байарыстан Алаев пен Қашқынбай Қожабердиев бастаған 12 ауылдан астам қазақтары бүлікшіл Саржанға «көшіп кетті», ал ең маза-сыздық туғызғаны – Ақмола округінің басқа қазак болыстары да «дала түкпіріне қарай оған еріп кетуге» бейім болды.<sup>59</sup> 1832 жылғы 14 наурызда жұзбасы Чириковке мынадай өкім келіп түсті: «опасыз Саржанға адал берілген қазақтардан» қатер төнген жағдайда, күш жинап алып, «Қараөткелде (казіргі Астана. – Ред.) жайбаракат жатып алмай, саржандықтарды іздеуге аттаныңдар». 10 күннен кейін, яғни 1832 жылғы 24 наурызда Чириков облыстық бастықтарға көтеріліс жасаған алтай-қарпық руымен ірі қактығыс болғаны және 423 жауынгерлік патрон пайдаланылғаны туралы, 13 мылтық, жебесі бар көптеген садақ, қылыш, қанжар, ат қолға түсірілгені, олардың бір бөлігі Коңыркүлжа Құдаймендинге қалдырылғаны туралы баяндады.<sup>60</sup> Көтеріліс жасаған ауылдардың қай жерде орналасқаны туралы анық ақпаратпен жедел жабдықталып отырған жазалау отрядтарының Саржанның өзін кенеттен қолға түсіруге жасаған әрекеттері табыска жетпеді. Ізіне түсушілердің арам ойла-рының алдын алуда көтеріліс көсемінің аскан сактығы аз рөл атқарған жок, полковник Лукиннің Омбы облыстық басқармасына жеткізгеніндей, «ол күтпеген қауіп төнген жағдайда, сөлғана қын жағдайлар туған кезде өзін және өзі қазак ауылдарын жеке үлгі көрсете отырып, жігерлендіріп, қалтқысыз, көміл сеніммен қызмет еткен халық ісін құтқару үшін әрқашанда «өз үйінің жанында беске дейін ерттеулі ат ұстап келген».

1831 жылдың аяғы – 1832 жылдың басында Батыс Сібірдің генерал-губернаторы жергілікті жағдайларды ескере отырып, өр түрлі бағыттарда қимыл жасап, Саржан ауылдарының қерек-жараптарымен, мал-жанымен қоныс аударатын аудандарын тарылту және қайсар құрескерді құресін тоқтатуға не-месе өкімет орындарына берілуге мәжбүр ету үшін мұқият жабдықталған бірнеше шағын топтарды аттандырды. Мұрағат құжаттарында оның негізгі құштерінің талқандалуымен аяқтала жаздаған қын жағдайлардың бірі айттылады.

«Шекаралық отрядтар» бірінің бастығы полковник Лукин жасаул Симоновқа 1832 жылғы 6 маусымдағы рапортында Саржанның қаруланған адамда-рымен күтпеген қактығыс туралы былай деп хабарлаған: «...бүлікшілер аулы-на 1 шақырымға жетпейтін жер қалғанда», ол күш көрсету мақсатымен көтерілісшілерді қудалауда қажу дегенді білмейтін Карбышев бастаған 40 адамнан тұратын казактар отрядын жібереді. Таң алдында ол сұлтанның аулына жетеді де, «қимыл жасап», табындарды тез арада айдал өкетеді.<sup>61</sup> Жұзбасы Карбышевті қолдау үшін екі взвод казактар бөлінген; жазалаушы құштердің өзара іс-қимылы өз нәтижесін берген: тұрақты құштердің нысанаға алып атқан оқтарына төтеп бере алмай, көтерілісшілер өздері орналасқан жерден кеткен. Жазалаушылар Саржан мен оның төңірегіндегілерді 60 шақырымға дейін қуған. Бұл жолы Сұлтанды туралап келген ажалдан оның жер жағдайын жақсы білуі және «көп жер жүріп келген казактар аттарының болдырған-

дығы», сондай-ақ құғындаушылардың қатар түзеп, оқ ататын мылтықты қолдана отырып, атты өскермен шабуыл жасауына мүмкіндік бермей үйіткі соққан топырақ боран құтқарған; ал Саржан жүйрік тың аттары болып, көкжиектен қас-қағымда ғайып болған, рас, жазалаушылардың қолына тез жүре алмайтын, жүк тиелген түйелерін тастап кеткен.<sup>62</sup> Нәк сол Лукин сөл кейінректе, Сұлтанды ұстаудағы сөтсіздігі үшін бастықтар алдында акталып, былай деп жазған: «Саржан сұлтанның ауылдарымен бірге тез кетіп қалуына кешкісін түйелерге жүк артылып, аттардың жүруге ерттеліп қойылғаны себеп болды, келесі күні таң алдында офицер мырзалар қаншама күш салғанымен Саржан сұлтан қолға түспей кетті».<sup>63</sup> Алайда көтерілісшілер де аз зиян шеккен жоқ: Карбышев пен хорунжий Попов 4000 жылкыны, жүк артылған 3000 түйені, 100-ге жуық сиырды, 30 мыңдан 40 мыңға дейін қойды қолға түсірді.<sup>64</sup>

Ал Сарыарқаның қақ ортасында көтерілісшілер қатарын барған сайын жаңа рулар толықтыра түсті. 1836 жылдың жазында далада болып қайтқан молда Сәлім Сағынов С. Б. Броневскийге бақанастық би Тәңірік Байтөрин, сондай-ақ «мемлекетке ешқандай жақсылық іstemеген» Ізбасар Алдабергенов, Мыңбай Төлентаев, Онбай Төлентаев, Бұтанбай Шуашев айдап салған сарымсақ және шора руларының «зұлымдық ниетте» жасаған өрекеттері туралы хабарлады.<sup>65</sup>

1836 жылдың басында Ақтау бекінісінен майор Тинтяқ<sup>66</sup> басқарған 300 казактан тұратын өскер командасты шықты (қазақтар естілуі бойынша оны «тентек» деп атап кеткен); майорға көтеріліске қатысқан қазақтар жөніндегі қасқунемдігі мен қатыгездігі үшін осы атак біржола тағылды; кейінректе, Кенесарының көтерілісі кезінде де ол Қамшы-майор деп аталған.<sup>67</sup>

Дегенмен Саржанның құресі жалғаса берді. Оған қоқанның құсбегісі уәде еткен көмек сөз жүзінде қалды. Саржанның бүкіл далаға тарапып кеткен атак-данқы қоқандықтар тарапынан қастық туғызды, оның Ұлы жүздің кейір аудандарын қамтыған жігерлі іс-қимылын олар мазасыздана қадағалап отырған еді, ол аймақтағы қазақ руларынан зекет жинап, бағынбаушылықтың кез келген көрінісін аяусыз басып тастап отыратын ташкент билеушісінің де аландаушылығын туғызды. Патша отрядтары ығыстырып, бұрынғысынша қоқан ханының қолдауына үміттенген Саржан Ұлы жүз шегіне көшіп барды, бұл орайда қазақ аймақтарының бытыранқы құштерін біріктіруге, ташкент құсбегісіне бағынышты қазақтарды да өз жағына тартуға тырысқан еді, бұл сұлтанның қоқандықтармен жанжалына негіз болды. Саржанды ташкент билеушісі 1836 жылдың жазында зұлымдықпен өлтірді. Сұлтанның, оның інілері Ержанның, Есенгелдінің, сондай-ақ оған еріп барған басқа да атақты қазақтардың қаза табуы азаттық құресінің одан әрі өрістеуіне теріс әсер етіп, бұл орайда қазақ-қоқан қатынастарына терең сына салды; оларды алдағы қолға түсіріп, көтерілістің данқты көсемінің өмірін қиған қоқандық билеушілердің екіжүзділігі мен зұлымдығы оған кейіннен қоқандықтарға қарсы да бағыт беріп, басқасын былай қойғанда, Кенесары Қасымовтың ташкенттік билеушілерге соншалықты жиіркенішпен қарауын туғызды.

Саржан сұлтанның есімі, оның он жылдан астам уақытқа созылған құресі халықтың жадында, ауыз әдебиеті туындыларында сакталып қалды; дала дарындары жырға қосқан оның істері мен идеялары патшалық отарлауға қарсы шығушыларды қүші тең емес құресті жалғастыруға жігерлендірді, ал ол құресті оның інісі, Қасым төренің ұлы Кенесары жалғастырды.<sup>68</sup>

### 3. ИСАТАЙ МЕН МАХАМБЕТ БАСТАҒАН ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛСІ

**Көтерілістің себептері.** XIX ғасырдың екінші ширегінен бастап Бәкей хандығында қазақ халқына экономикалық қысым еселеңе түсті, ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық қалыптың бірқатар манызды жақтары күрт киаратылды. Астрахан губернаторының үйінде тәрбие алған Жәңгір хан далаға кейбір салт-дәстүрден бастап, жер қатынастарын, салық саясатын және хан сарайын қоса, хандықтағы қоғамдық тұрмыс пен саяси құрылышты қайта құрудың «аристократиялық-өркениетті» жоспарларын ойластырып оралды. Ол өзіндік салт-дәстүрі бар жартылай көшпелі қазақ қоғамының негізінде хан билігі мен патша тағының саясатына бірдей дәрежеде құлак асатын, өзінше бір «саятты» аймақтық хандық құруды ойластырды. Алайда көшпелі және жартылай көшпелі қауымдар ханның бұл «жаналықтарын» қабылдауға әзір емес еді.

Патша әкімшілігінің жергілікті үйымдарына және негізінен алғанда, патша өкіметінде қызмет атқаратын ірі және орташа жергілікті шонжарлар бөлігіне біржакты сүйене отырып, хан билігі зор табандылықпен жүргізген саясат хандық және отаршылдық езгінің күрт күшеюіне, ауылдық-қауымдық жерлерді шонжарлардың жаппай тартып алуына өкеп соқты. Осының салдары ретінде ол шаруашылық өмірдің мықтап бұзылуын, ауылдық ұжымдардың экономикалық әлеуетінің құлдырауын, жоқшылыққа ұшырап, кедейленген қожалықтар санының едәуір көбеюін, хан билігінің беделі мен ықпалының күрт құлдырауын, сол кездегі тәртіпті өзгертуге үмтүлушылықты туғызды.

Осындай жағдайда қазактың малшы-шаруалар бұқарасының көтерілісі болып, ол өсіресе 1836—37 жылдарда хандықты мықтап дүр сілкіндірді. Халық-азаттық қозғалысы бастапқыда хандықтың Каспий теңізі жағалауына жапсарлас жатқан онтүстік аудандарын қамтыды. Бұл қолайлы, бай жайылымдық алаптар еді. Олар кінәз Юсупов пен граф Безбородконың иеліктері болатын. Негізінен жерсіз және жері аз көшпелі қауымдар, өмір арнасынан шығып қалып, қанағаттанарлық жалгерлік жағдайында жайылым алуға немесе балық көсіпшіліктеріне жұмысшы болып жалдануға үміттенген қауым мүшелері сол жерлерге ағылды. Уақыт өте келе, бұл жердегі халықтың тығыз болып, ал «казыналық» басқарушылар үстіне хан агенттері мен салық жинаушылары билігінің тонаушылық сипат алғаны сонша, бұл учаскедегі жердің тарлығы мен алым-салықтың хандықтың басқа аудандарына қарағанда ерекше көптігі күрделі шиеленісті туғызды. Аталған иеленушілердің жерлеріне ғана (шамамен 300 мың десятина) 30-жылдардың орта шенінде орда халқының үштен бірінен астамы, 7 мыңға жуық шаңырак көшіп барды. Қысқа қарай мұнда көп мал айдалап өкелініп, олардың саны 200 мыңдай жылқыға және жарты миллионнан астам қойға жетті,<sup>69</sup> бұлардың көбі бай сұлтандар мен билердің малы еді.

Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған азаттық құресі өз дамында үш кезеңнен өтті. Бірінші кезең 1833—36 жылдарды қамтиды және қарулы көтеріліске дайындық кезеңі ретінде сипатталады. Екінші кезең көтерілісшілердің ханға қарсы аттануымен басталып (1837 жылдың басы), олар жеңіліске ұшырауына — 1837 жылғы қараашаның орта шеніне дейін созылады. Ушінші кезең көтерілісшілердің Исатай мен Махамбет бастаған ша-

ғын тобының Жайықтың сол жағасына өткен кезінен (1837 жылғы желтоқсанның орта шені), күштерді жаңа шайқастар үшін топтастыру және Ақбұлак өзеніне жақын жерде болған ұрыста біржола женіліске ұшырау (1838 жылғы шілденің орта шені) кезеңімен аяқталады.

Шаруалар бұқарасы мен көптеген ауыл старшындарының хан саясаты мен басқаруына наразылығы тез өрістеді. Оның тұтануына Жәңгірдің 1833 жылы қайын атасы Қарауылқожа Бабажановты Каспий теңізінің жағалауын өздеріне қоныс еткен ру бөлімшелерінің билеушісі етіп тағайындауы себеп болды. Ханның бұл өрекетін жергілікті жерлерде көпшілік жұрт өздерінің мұдделері мен ауыл қауымдарының еркін мұлдем елемегендік және өздеріне қыр көрсетушілік деп санады. Жұрт Қарауылқожаны қарапайым көшпелілерді қатығездікпен қанаушы ретінде, ірі өсімкор-саудагер және күш қолданып басқаруды жақтаушы ретінде біletін. Ол ханның жаңа саясатын ең жақын және жан сала уағыздаушылардың өрі орындаушылардың бірі ретінде де белгілі болатын. Халықтың орныққан көзқарасы бойынша, шыққан тегі кожа болғандықтан, оның қазақ руладын басқаруға құқықсыз жағдайының да мәні болды. Хан Бабажановты тағайындау туралы шешім қабылдау қарсанында да, одан кейін де ханға жолданған топтың өтініштері мен ескертулеріне назар аудармады. Ашынған халық бұқарасы ханға ашық қарсы қозғалыс бастады.

Оңтүстікте көшіп жүрген беріш руының ауылдары қоғамдық ашу-ыза мен қозғалыстың орталығына айналды, ол ауылдарды старшын Исатай Тайманов басқаратын,<sup>70</sup> кейіннен ол көтерілістің басшысына айналды. Оның халық бұқарасын басқарудан зор тәжірибесі бар еді, ерлігімен және батылдығымен ерекше көзге тұсті, өскербасылық қасиеттері болды. Оған әуел-бастаң-ақ жалынды шешен, дарынды суырып салма ақын Махамбет Өтемісов қосылды, ол сол уақытка қарай-ақ халық арасында шешендейгімен, өр мінезімен және терең ойлылығымен ғана емес, сонымен қатар қатардағы көшпелілердің мұдделерін қорғауымен де мәлім болып үлгірген еді. Сөйтіп хандықтың оңтүстігіндегі азаттық қозғалысы қалыптаса бастаған кезде аса көрнекті екі қайраткер – Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов тізе қосты.

Хандықтың оңтүстігіндегі жағдай хан режиміне және оның сыртында тұрған отаршылдық өкімет орындары үшін тым қауіпті, елеулі сипат алды. Оқиғалардың зиянды өрістеуінің алдын алу үшін Жәңгір хан «тойдырып алып, таспа алу» саясатын қолданды. Ол Исатай мен Махамбетке сый-сыяптар көрсетуге тырысады, оларды хан сарайы жанындағы маңызды жиналыстар мен съездерге шакырып, хан ордасына патша шенеуніктері келген кезде солармен таныстырады. Бір кезде Махамбет сарай ақыны, хан балаларының тәрбиешісі болған еді және Жәңгір оны өз нөкерлері құрамында Петербургке император сарайына ертіп бармақшы да болады. 1834 жылғы Махамбет Өтемісов старшын болып тағайындалады.

Алайда хан билігінің Исатай мен Махамбетті өз жағына тартуға тырысқан барлық өрекеттері қалағандай нәтиже бермеді, олардың ханға қарсы көніл күйі барған сайын айқындалып, терендей тұсті. Сол кезде Жәңгір оларды ашықтан-ашық қудалауға және олар жөнінде күш қолдану шараларына көшті. Ол Махамбет Өтемісовті тұтқынға алғызды. Ол «хан иеліктерінен кетуге» және Жайықтың сол жағасына өтуге «үгіт жүргізіп, өрекет жасағаны үшін» 1829 жылғы 15 шілдеден 1830 жылдың қыркүйегіне дейін Калмыков бекінісіндегі тұрмеде ұсталды.<sup>71</sup> Исатай Таймановты ұстауға да өзірлік жасалды. Каспий теңізінің жағалауын алып жатқан руладың басқарушысы

етіп Қарауылқожа Бабажановтың тағайындалуы, бірінші кезекте, Исатай мен Махамбеттің айтқанға көнбей, «бетімен кетушілігіне» қарсы өш алу, оларды халықтан бөліп тастауға қол жеткізу үшін және оларға үнемі бақылау жасап отыру мақсатында жасалған еді. Жаңа басқарушы өз қызметін ханның алдына Исатайды беріш руын басқарушы қызметінен «тайдыру» туралы және оның өзі мен оған ниеттес ауылдарды құнарсыз жайылымдық участекелерге көшіру туралы мәселе қоюдан бастады. Сонымен бірге Жәңгір хан Орынбор губернаторлығынан Исатай Таймановты, Махамбет Өтемісовті және олардың басқа да кейбір серіктерін бұқараны ресми тәртіп пен патша өкіметінің даладағы саясатына қарсы «бұлікшілдікке бастаушылар» етіп көрсетіп, оларды ұсташа үшін жедел шараптар колдануды сұрады. 1836 жылғы 17 наурызда сенімді билерге жолдаған хатында хан былай деп жазды: Исатай мен Махамбет «халықты жоғарғы билікке бағынбауға шақырып жүр. Олар старшындар Қарабекен мен Жоланның ауылдарын шапты. Сендерге оларды ұстап алып, Хан ордасына жеткізуге өмір етемін».<sup>72</sup>

1833 жылғы жаздың аяғынан бастап онтүстіктің көптеген ауылдарының өмірі өзгеріп кетті. Ауылдардың дағды бойынша бір-бірінен алыс көшуінің орнына, рулық қауымдардың көші-қоны жақындай түсті; жол бойында ру бөлімшелерінің асығыс тапсырмалы жаушылары мен хабаршылары жосып жүрді; жиындар мен кеңестер өткізіліп, ауылдардың төңірегінде хан қолшоқпарларының жасалуы мүмкін шабуылдарына қарсы қарауыл бекеттері құрылды. Азаттық қозғалысының осы «жергілікті» кезеңіне мынадай белгілер тән болды. Біріншіден, халық Каспий өнірі аймағындағы хан билеріне, ру басқарушыларына күрт наразылық білдіріп, олардың орындарынан алынуын талап етті. Екіншіден, сонымен бірге жер-жерде ханның және бай-сұлтан топтарының саясатына қарсы бағытталған қозғалыска барған сайын жаңадан ауыл қауымдарын тарту жөнінде белсенді жұмыс жүргізілді. Күштер топтастырылып, біртұтас үйымға біріктірілетін қарулы жасактар құрылып жатты. Орынбор шекаралық комиссиясына жазған хаттарының бірінде 1836 жылдың мамырында Жәңгір хан Исатай мен Махамбетті «өте зиянды» адамдар деп сипаттап, оларды ұстап алушы деп «Ордадан біржола аластауды» сұрады.<sup>73</sup> Үшіншіден, өсіреле 1836 жылдың басынан, сұлтандар мен билердің ауылдарына шабуыл жасау, олардың малы мен жерін басып алып, қоныстарын талқандау жиіледі. Исатай мен Махамбет осындай бірнеше жорыққа тікелей басшылық етті. Төртіншіден, хандықтың Каспий өнірі аймағындағы көптеген ру ішіндегі және рулық қауымдар хан шенеуніктерінің билігін көрінеу көзге ілмей, Исатайдың басқаруына ауысып кетті. Исатай мен Махамбет халық жиындарының бірінде ханның қатысуының және оған жалтақтамай, дербес басқаратының жариялады. Бесіншіден, азаттық жолындағы және занға қарсы пиғылдар орданың басқа бөліктеріне таралды. Азаттық қозғалысы бүкіл хандықты қамтыды. Сөйтіп бірте-бірте екі лагерь: хан лагері мен азаттық қозғалысының лагері құрылды.



Исатай Тайманов.

Көтерілісті дайындау мен өткізудің барлық кезеңдерінде азаттық қозғалысының негізгі әлеуметтік базасы еңбекші көшпелі шаруалар болды. Қозғалыстың көптеген белсенді қатысушылары халықтың кедей және ең кедей топтарынан шыққандар еді. Мәселен, көтерілістің ең басынан аяғына дейін қатысқан Айтас Күсеповтен мүлкін тәркілеген кезде тек «еескі киіздер, киіз үйдің тозып біткен керегелері» ғана алынған. Соған қатысқан хан шенеунің мүлкі тәркіленген адамның «кедей болғаны көрініп тұр» деп атап өткен. Көтеріліске тағы бір белсене қатысушы Нашақұр Ақынбаевта алынуға жататын мүлік мүлде болмай шыққан. Шінік Абылаев сұлтан Жәңгірге 1838 жылғы 3 тамыздағы хабарламасында Исадайдың серіктеп Ергіс, Нұрғыс және Көшім Сартовтар туралы «оларда мал ғана емес, өздерінің ішерге астары да жоқ» деп жазған.<sup>74</sup> Көтеріліс басшыларының өздері Исадай Тайманов пен Махамбет Өтемісовтің, олардың ер жеткен балаларының және азаттық қозғалысына белсене қатысқан туыстарының түгелдей жеке еңбегімен бағатын азын-аулақ малы болған және шаруа әлеуметтік тобына жатқандығы айтылады.

Исадай мен Махамбет бастаған көтеріліс қозғауши күштері жағынан шаруалар көтерілісі болды, мұның өзі ордада терең әлеуметтік жіктелу үрдісі болғанын дәлелдеді. Көтерілістің бағытын, дәлелдері мен идеологиясын көп жағынан оның шаруа мүддесін қорғау сипаты анықтады.

Кандай да болсын шаруалар қозғалысы сияқты, ол туындау сатысында стихиялы, тіпті ең көп құлаш жайған кезеңінде де жеткілікті дәрежеде үйымдастырылмаған болды. Жалпы шаруалар қозғалысының өлсіздіктеріне қазақ қоғамына тән өзіндік қындықтар – оның экономикалық және саяси мешеулігі, дәстүрлі-патриархаттық және отаршылдық езgi, халықтың ауылдар бойынша бытырап жатқандығы, халықтың көшпелі тұрмыс салты қосылды. Осының бәрі азаттық қозғалысының барлық кезеңдеріне қатты өсер етті.

**Көтерілістің басталуы және барысы.** 1837 жылдың көктеміне қарай қарулы қарсыласудың жергілікті ауыл мүдделерін қорғау шенберінен шығып кеткен негізгі ошактары қалыптасты. Олардың ең ірісі тікелей Исадай мен Махамбеттің басшылығымен жиналған көтеріліс тобы болды. Қозғалыс қамтыған аудандарда хан басқаруының толық дерлік берекесі кетті. Көтерілішілер шонжарлардың үйлерін өртеп, мүлкін тартып алды, ханды жақтайтын пиғылдағы ауылдардың қоныстарынан мал айдал өкетті.

Көтерілішілердің шабуылын күн санап күтіп отырған Жәңгір хан Орынбор өкімшілігін «бұлікшілерге» қарсы батыл әрекеттер қолдануға сендіріп және асықтырып, шекаралық өкімет орындарынан өзіне қосымша әскери отрядтар жіберуді сұрады. Хандықта қалыптасқан жағдай Орынбор генерал-губернаторлығын да мықтап аландатты. Рас, патша өкімшілігі күштердің көрінеу тең емес екенін, қажет болған жағдайда қазақ шаруаларының қарсыласуы мен бой көрсетулерін өзінің кез келген уақытта басып тастай алатынын түсінді. Сондықтан Орынбор губернаторы бастапқы кезде ханның өтініштерін қанағаттандыруға ұстамдылық көрсетсе де, көтерілішілер лагеріндегі өзінің агентуралық қызметін дегенмен де күшайте түсті. Жиналған мәліметтер мынадай көріністі суреттеді: 1837 жылғы 11 маусымдағы де-ректер бойынша, старшындар Исадай Тайманов пен Жұніс Жантелин Құлбай және Көктөбе алқабында «өздерінің қаруланған 500-дей руластарын жина-

ған», бір айдан сөл асатын уақытта Исадайдың ауылына «1000-ға жуық шаңырақ пен қаруланған 600 қазақ шоғырланған».<sup>75</sup> 1837 жылы көтерлісшілер саны өткен жылмен салыстырғанда 3—5 есе көбейіп, барлық топтарды есептегендеге 4—5 мың адамға дейін жеткен.<sup>76</sup>

1837 жылғы тамыз айының басында Орынбор губернаторы көтерліс башылары Исадай Тайманов пен Махамбет Өтемісовті ұстауға өкім берді. Бұл жоспарды жүзеге асырудың сөті түспеген соң, қақпанға түсіруді үйымдастыруға және Исадайды оның ханға қоятын талаптарын «тыңдау» үшін Орынборға келуге көндіруге үйірім жасалды. Бастапқыда Исадай губернатордың шақыруына келісті де, кейіннен оған барудан бас тартып, «қысымға жол бермеуге» өзі кірісетінін мәлімдеді.<sup>77</sup>

Исадай мен Махамбет бастаған көтерлісшілердің ірі күштері бірнеше тоңқа бөлініп, үнемі орын ауыстырып отырды, сөйтіп барған сайын хан ордасына жақындай түсті. Олар жол-жөнекей хан шенеуніктері мен шонжарларының ауылдары мен иеліктерін қиратып, олардың жерлерін тартып алды, бірқатар жерлерде ру бөлімшелеріне өз билеушілерін тағайындағы. Қозғалыс барысында көтерлісшілер басқа да рулық қауымдарға өз ықпалын күшетуге, өздеріне жаңа жақтастар тартуға ұмтылып отырды. Бұқараның батыл бел байлағанын және бой көрсету күшін хан алдында көрсете отырып, олар ханды басқару реформасына баруға мәжбүр еткісі келді. 15—20 қазанда көтерлісшілердің лагері хан ордасынан 60—70 шақырым жердегі Теректікүм алқабына да жеткен,<sup>78</sup> ал 24 қазанда саны бір деректер бойынша — 1500-дей адам, ал басқа бір деректер бойынша 2500—3000 адам болатын Исадай мен Махамбет бастаған көтерлісшілер хан ордасынан 40 шақырымдай жерде болған. 2—3 күннен кейін олар хан ордасынан 4—8 шақырым жерге жетіп қостіккен. Коршау екі аптаға созылған.

Сол уақыт ішінде Орынбор губернаторы көтерлісшілерді қоршауға алып, оларды жойып жіберу жөніндегі операцияны жүзеге асырды. Жақсы қарулаған тұракты бөлімдер мен казак бөлімдері, Кулагин, Горск бекіністерінен, Зеленов форпостынан, Орал мен Астраханнан өкелінген жекелеген өскери бөлімшелер шабуылға шықты. Көтерлісшілерге қарсы бүкіл операцияларды үйлестіру және оларға басшылық ету үшін Орынбордан подполковник Геке шықты. Босқындар мен төлеңгітер арасынан хан жанынан шамамен 600—700 адам болатын қарулы топ үйымдастырылды. Көтерлісшілердің шегінетін жолын байладап тастау үшін бүкіл Өзен және Приурал шептері бойындағы қарауыл бекеттері күшеттілді.

Орыс өкімшілігімен және оның үстіне патша үкіметінің қарулы күштерімен қақтығыстан аулақ болуға тырысқан көтерліс башылары өскери отрядтардың келуін күтпеген еді. Бастапқыда ханмен, одан соң хан ордасына 30 қазанда келген подполковник Гекемен бірнеше күн бойы хат алысқаннан кейін көтерлісшілер патша үкіметінің кө-



Махамбет Өтемісов.

рінеу күші басым, жақсы қаруланған жазалау отрядтарының қоршап алудын және олармен кездесуді болғызбау үшін орданы қоршауды тоқтатты. Алайда олар жазалаушылардың қуғынынан көп ұзап кете алмады.

15 қараша күні таң алдында 2 мың солдат пен хан адамдарынан тұратын Геке отряды мен көтерілісшілер арасында Тастөбе алқабы ауданында қысқа уақытқа созылған бірақ кескілескен шайқас болып, онда көтерілісшілер 100-ге жуық адамынан айырылды.<sup>79</sup> Ұсақ топтарға бөлініп, олар өр түрлі бағыттарға бытырап кетті. Исадай мен Махамбеттің оларды қайта жинауға жасаған өрекеттері табысқа жетпеді. Бұдан кейін жазалау отрядтарының іс-қимылы көтерілісшілердің Исадай мен Махамбет бастаған негізгі шағын тобын жоюға бағытталды, бірақ аумағы жағынан жердің шектеулілігін шебер пайдаланған олар жауға шеткі топтарымен ұсақ қақтығыстар жасай отырып, өздерінің ізіне тұскен отрядтармен ашық қақтығыстан жалтарып кетіп отырды.

Ханға және бай-сұлтан шонжарларға қарсы тегеурінді құрес жүргізуден үміт үзген Исадай мен Махамбет бостандық жолындағы құрестегі ең табанды сарбаздарының шағын тобымен бірге Жайықтың арғы бетіне өту мүмкіндігінің жолдарын іздестіруді үйғарды. Жайықтың екі жағына қойылған өскери тосындардың тығыз желісіне қарамастан, олар 1837 жылдың 13 желтоқсанынан 14 желтоқсанына қараған аязды да боранды түнінде Жаманқала форпости түбінен өтіп, Жайықтың арғы жағындағы кең далаға сіңіп үлгірді.

Бөкей хандығындағы шаруалар қозғалысы осылай аяқталды. Бірақ ол Жайықтың сол жағасына ауысты. Исадай мен Махамбет бастаған ат төбеліндей көтерілісшілер Жайықтан өткен соң да қаруын тастауды ойлаған жок. Исадай мен Махамбет мұнда да патша өкіметінің және жергілікті феодалдардың жазалау отрядтарымен шешуші шайқас үшін күштерді шоғырландыру жөніндегі қызметін өрістетті. Олар 1838 жылдың көктеміне қарай билеуші-сұлтан Айшуақов пен оның жақтастарына ғана емес, Жәңгір ханның өзіне де Қорқыныш туғызған көтерілісші ірі отряд құрып алды. Орынбор генерал-губернаторлығы Кіші жүз аумағындағы Исадай Таймановтың қозғалысын басып-жаныштау үшін дала өніріне жана отрядтарды жіберген үстіне жіберіп жатты.

1838 жылғы 12 шілдеде көтерілісшілердің шамамен алғанда саны 500 жігіт болатын негізгі тобы Ақбұлақ және Қыл өзендері арасындағы ауданда подполковник Геке басқарған біріккен ірі жазалау отрядымен түйісті. Болған ұрыста көтерілісшілер нағыз ерлік пен жанқиярлық көрсетті, бірақ күш мүлде тең емес еді, көтерілісшілер талқандалып, олардың басшысы Исадай Тайманов қаза тапты.

Халық бұқарасының 1833–38 жылдардағы шырқау шегінде шаруалар көтерілісіне айналған азаттық құресі өзінің өрлеуі кезеңінде ханға қарсы және отаршылдыққа қарсы бағытта болды. Ол жер үшін құрес шенберінен шығып кетті, дегенмен бұл оның әлеуметтік-экономикалық себептерінде айқындаушы жәйіт болып қала берді.

**Көтерілістің салдары.** Көтеріліс талқандалғаннан кейін отаршылдық өкімет орындары мен хан жағындағы ұstem топтың оған қатысуышылар мен ұсақ топтарға бөлініп, дала өнірінде бой тасалауға тырысқан, бір бөлігі Арал өніріндегі қоныстарға кеткен, оған тілекtes бейбіт ауылдарды қатыгездікпен қудалауы басталды. Казак жүздіктері мен арнаулы жазалау отрядтары

көтеріліске белсene қатысушыларды қолға түсіріп, көптеген ауылдарды талап-тонауға ұшыратты.

Көтеріліске қатысушылар дүре соғылып, өлімші етіп жазаланды, каторгалық жұмысқа кесіліп, тұтқындар роталарына жіберілді, Сібірге айдалды, мұліктері тәркіленіп, мәңгілікке жер аударылып жіберілді. Махамбет Өтемісовтің бауырлары Ысмайыл мен Сұлеймен: біріншісі 500 адамдық саптан үш қайтара өткізіліп, сым шыбықпен дүреленуге және алты жылға Ригаға крепостниктік жұмысқа айдалуға, бұл мерзімнен өткен соң Сібірге мәңгі коныстандыруға, ал екіншісі «қаны шықканша» қамшымен дүре соғуға, кейіннен солдатқа жіберілетін болып, Киевке крепостниктік жұмысқа айдалуға жазаланды. Исатайдың адал серіктері Нұрғыс, Ергіс, Көшім Сартовтар мен олардың өкесі Сарт Ералин одан да ауыр жазаға кесілді.

1838 жылдың маусым айында Орынбордың әскери орындары көтеріліске белсene қатысушылардың 16 адам құрамындағы алғашқы тобын кейіннен крепостниктік және каторгалық жұмыстарға айдайтын болып, қамшымен және сым шыбықпен дүре соғуға кесті. Нак сол кезде Оралда, ресми деректер бойынша, көтеріліске белсene қатыскан 39 адам сотсыз және тергеусіз қамауда ұсталған. Біраз көтерілісші түрмелерде сотқа дейін-ақ өліп кеткен.<sup>80</sup>

Халықтың ханға, билеуші сұлтандар мен олардың төңірегіндегілерге, сондай-ақ отаршылдық өкімет орындарына деген өшпенділігі көтеріліс женіліс тапқаннан кейін өзі қарсы бағытталғандарға өлі де көп уақыт бойы үнемі үрей туғызған қаһарлық үш болып қала берді. Көтеріліс басып-жанышталғаннан кейін бес жылға жуық уақыт өткен соң Жәңгір хан Орынбор комиссиясына: «...Исатай қаракшыларының арам ниетті қалдықтары да мені үнемі аландатып келеді», – деп жазды. Хан оларды «өзіне қастық ойлайтын арам ниетті адамдар» деп сипаттаған.<sup>81</sup>

Көтеріліс жетекшісі Исатай Тайманов қаза тауып, көтерілісшілердің соккы беретін күштері женіліске ұшырағаннан кейін Махамбет Өтемісов дала өнірінде бой тасалап жүрді, бірақ бірсыныра уақыт өткен соң халық бұқарасы арасында ханға және патшаны жақтайтын пиғылдағы барлық шонжарларға қарсы қайтадан үгіт жүргізуге кірісті.

Махамбеттің халық арасында қандай құрметке ие екенін және оның қанат бітіретін шешендікпен ұштасқан тенденсі жоқ ақындық дарының билетін Жәңгір хан мен билеуші-сұлтан Айшуақов оның өздеріне қарасты рулар мен ауылдарға келуіне жол бермеуге тырысты. Олар жауынгер-акын шақырудан шаршамаған халық ашу-ызасының жаңа дүмпуінен қауіптенді. 1843 жылдың басында Махамбеттің Жайық өзеніне жақын ауылдарға келгенін ести салысымен, хан шекаралық басқармаға дереу былай деп жеткізген: «Исатай қаракшыларының басшысы Махамбет Өтемісов соттың шепке жақындауына тыйым салғанына қарамастан, оған жақын жерде тұрып жатыр, үнемі тиімсіз сыйыс таратып, Ішкі ордадан қашқандарды өзіне қосып алуда».<sup>82</sup>

Исатай Тайманов пен Махамбет Өтемісов басшылық өткен шаруалар көтерілісі женіліс тапты. Сол бір нақты тарихи жағдайларда оның басқаша бітуі мүмкін емес болатын, өйткені хан билігі мен билеуші-сұлтандар жағында патша үкіметінің құш-қуаты таразы басып қана қойған жоқ, сонымен қатар шаруалар қозғалысы аясы тар және шектеулі болды, Қазақстанның басқа бөліктеріндегі азаттық қозғалысымен байланысы болмады, оның үстіне Ресейдегі басқа да азаттық қозғалыстарымен байланыс-

сыз жүргізілді. Алайда көтерілісшілердің батылдығы сүйсінуге лайық. Олар өлкеде езушілерге қарсы күрес туын жоғары сатыға көтеріп, әлеуметтік бостандық жолындағы күрес эстафетасын жаңа ұрпақтарға ұстадты.

#### 4. КЕНЕСАРЫ ХАН БАСТАҒАН ХАЛЫҚ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ (1837–1847)

Қасым сұлтан мен оның балаларының қаза табуы, бой көрсетулердің алдыңғы кезеңі стихиялы, ұйымдастыран сипатта болғанына қарамастан, Орта жүзде әкімшілік-саяси жаңалықтардың қатаң енгізілуі жағдайында отаршылдыққа қарсы күрестің жалғастырылуына тың тыныс қости, қазақ жерлерін біріктіруші Абылай хан ұрпақтарының тар өрісті рулық, әулеттік мұдделерін екінші қатарға ығыстырып, қозғалысқа неғұрлым айқын көрінген халық-азаттық сипатын берді. Бұл күресті енді Абылай немерелерінің бірі – сұлтан, кейін хан тағына отырған Кенесары Қасымов (1802–1847) басқарды.

Кенесары Қасымов тарихи аренада Қазақстанның 1822, 1824 жылдардағы сібір және орынбор қазақтары туралы Жарғылардың қабылданғанына қарамастан саяси оқшаулығын сактауды жалғастырған аудандарының тәуелсіздігіне патша әскерлерінің жаппай аттаныстары салдарынан қатер төнген жағдайда Абылай ханның ісін жалғастыруши ретінде келді. Сондықтан да көтеріліс жасаған сұлтанның басты мақсаты Абылай хан кезіндегі Қазақстанның аумактық шектерінің тұтастығын қалпына келтіру, «дуандарды»<sup>83</sup> (XIX ғасырдың 20–30-жылдарында Қазақстанда құрылған округтер оның хаттарында осылай көрсетілген) тарату, Ресей құрамына өлі кірмеген жерлердің толық дербестігін сақтап қалу болды.

«Бұлікшіл сұлтан» күресінің негізі талаптары оның император I Николайға, орынбор губернаторлары В. А. Перовскийге, В. А. Обручевке, сібір губернаторы, кінәз В. Д. Горчаковқа, Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы А. Ф. Генске және басқаларға жолдаған көптеген хаттарында айқын анықталған. Ғұбайдолла сұлтан да, атакты ағасы Саржан да Кенесары Қасымовпен бір қатарға тұра алмайды, М. Красовскийдің пікірінше, ол «ақылы жөнінен атасынан (Абылайдан. – Ред.) кем түскенімен, одан да, әкесінен де (Қасым төре. – Ред.) мінезінің өрлігімен асып кетіп, бүкіл далаға өйгілі болды».<sup>84</sup>

«Айлакер, ерекше сипатты саясатшы» ретінде Кенесары Қасымов сұлтан құдіретті Ресей державасымен күрес қазақтың үш жүзінің күштерін біріктіруді, едәуір құрбандықты, әскери ғана емес, дипломатиялық та күшжігер жұмсауды талап ететінін жақсы білді. Ол халық қозғалысынан бөлініп қалған жекелеген сұлтандардың, старшындардың, билердің бетімен кетушілігін аяусыз басып, Ресей саясатын қолдағандарды қатаң жазалағанмен, бәрі бір патша үкіметімен түсініспеушіліктерді, негізінен алғанда, бейбіт жолмен шешуді жақтауши болып қала берді. Соғыс тұтқындарына, соның ішінде орыстарға да төзімділікпен қарады, олардың кейбіреулері оған қызмет етті, Ресей елшілерін сыпайылықпен қабылдауды, қырғыздармен тайталас кезеңінде мінез танытқаны болмаса, өз әрекеттерінде қатыгездікке жиі жол бермеді. Дегенмен, көтеріліс мұдделерін сатып кеткендер, әскери тәртіпті бұзғандар оның қаһарына

ұшырап отыруы жиі болып тұрды. Атап айтқанда мұны «Кенесары-Наурызбай» дастаны дәлелдейді, оның авторы ақын өрі жауынгер Нысанбай атақты «қазақ Шәмілінің» барлық іс-әрекеттеріне белсене қатысқан.<sup>85</sup> Айтпақшы Кенесарыға еріксіз тұтқын болған барон У-р (Услар) суреттеген ханның сөзбен сипатталған портретін келтіре кету артық болmas: «Кенесарының бойы биік емес, ашаң, оның бет өлпетінде қалмақ сипатты бітім бар және оның шыққан тегін еске салады. Айта кетелік, оның қысыңқы көздері мысқыл араласқан ақыл нұрын шашып тұрады, ал оның қескінінен өсте де қаталдық байқалмайды, алайда ол көптеген жағдайларда қаталдық көрсеткен».<sup>86</sup>

Ақылды саясатшы Кенесары сұлтан Ресейге қарсы ұзакқа созылып, титықтататын қарулы құрестің бүкіл қындығын ұғынып, Сібір және Орынбор өкімшіліктерімен келіссөздер жүргізу арқылы үздік дипломатиялық қасиеттерін көрсетті.

Орынбор генерал-губернаторы В. А. Перовскийдің атына жазған алғашқы хатында-ақ ол Қазақстан аумағында бекіністер салуды, қазақ жерлерін басып алуды 35 жылға токтата тұруды ұсынған.<sup>87</sup>

Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатында қазақ жерлерін басып алуды кенейткен және Ресей ықпалы шегінен тыс қалған аудандарда жаңа округтер құрған патша үкіметімен алауыздықтарды қазақ ханының бейбіт жолмен шешуге ұмтылыстарын дәлелдейтін қызықты құжаттар сақталған. Омбы қала бастығына Үшбұлақ округтік приказының 1838 жылғы 26 желтоқсандағы хабарламасында ханың жеке өкілдері – Көкшетау, Ақмола және Баянауыл округтерінің бес қазағы (Тобылды Токтін, Жұсіп Жанқүшіков, Мәмберді Конысбаев, Тайтока Дөненов және Қосымбай Қазанғапов) ұсталғаны туралы хабарланған, оларға хан Ресей императоры мен Батыс Сібір генерал-губернаторына арналған екі хатты жеткізуді тапсырған. Е. Бекмахановтың кітабында Кенесары сенім білдірген бес адамның екеуі аталады.<sup>88</sup>

Кенесары үш жүздің дәстүрлі топтарын, рулық бөлімшелерін біріктіруге барлық амалдарды қолданды, дегенмен бұл мақсатқа азаттық құрестің 1844–45 жылдардағы ең шырқау биігіне көтерілген кезеңінің өзінде де қол жетпеді.

Көтерілістің ең басынан-ақ қазақ шонжарлары қарама-қарсы екі лагерьге бөлінді: олардың үкімет қолдаған бір бөлігі отаршылдық өкімшіліктің қолдануына сүйеніп, омбы және орынбор өкімшіліктерінен өр түрлі пұрсаттылықтар алуға тырыса отырып, өздерінің саяси дүшпандарын күйретуге ұмтылды. Ақмола округінің аға сұлтаны Конырқұлжа Құдаймендин Кенесарының ымырасыз жауы болды, Кіші жүздің билеуші сұлтандары Ахмет және Мұхаммед Жантөриндер, Айшуақов сұлтандар көтерілішілерге қарсы өршеленген құрес жүргізді. Кенесары Жетісуға барғаннан кейін азаттық құресі жетекшісінің өз туыстары, Абылай хан-



Кенесары Қасымов.

ның балалары Әли, Сүйік, Әділдер көтерілісшілер жөнінде ымырасыз көзқарас ұстанды. Кейіннен қару кезеңіп тұрғанда Ресей үкіметіне көтерілісшілердің келгенін «хабарлау» туралы міндеттемеге қол қойған 27 би мен сұлтанның көпшілік бөлігі сол кезде Жетісудағы көптеген ру бөлімшелерін басқарған Абылай ұрпақтары болатын. Старшинардың, билердің, сұлтандардың бір бөлігі, соның ішінде Орта жүзде де қарсы әрекет жасағанына қарамастан, Кенесары Қасымов үш жүз қазактары руларының едәуір бөлігін өз туы астына біріктіре білді. Бір кездерде Кенесары өскерінің саны 20 000 адамға дейін жетті. Көтерілісшілердің ұйытқысы Орта жүздің қатардағы көшпелілері болды. Омбы облыстық басқармасының сот-жазалау мекемелері жинаған деректер бойынша, Құсмұрын, Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы және Баянауыл округтерінде ғана көтерілісшілерді 80-нен астам сұлтандар, билер, старшинар қолданған.<sup>89</sup> Саржан бастаған азаттық қозғалысына 23 жасынан бастап белсене қатысып, қоқандықтардың ағалары мен әкесінің қаза табуына соқтырған екіжүзді көзқарасына көз жеткізген Кенесары өзін ара-тұра оқ-дәрімен, мылтықпен жабдықтап отырған Бұхара өмірімен достық қатынаста болғанымен, Сырдарияның төменгі ағысының қазактарына қысым көрсеткен қоқан құсбегімен келіссөздерден бас тартты.

Қазақтар көтерілісі өуел бастан-ақ бұқаралық сипат алды. Тегінде XVIII ғасырдың аяғындағы және XIX ғасырдағы азаттық қозғалыстары тарихында бұл – қазақ рулары қоныстанған негізгі аудандарды қамтыған бірден-бір көтеріліс: оған Орта жүздің ру бірлестіктеріне қоса, Кіші жүздің шекті, жағалбайлы, табын, алшын, шөмекей, жаппас және басқа рулары, Ұлы жүздің үйсін, дулат және басқа рулары қатысты. Кенесарыны үш жүздің ханы деп танудың мұрағат деректері арқылы расталатын фактісі оның ұлт мұдделерін бірден-бір, жоғары дәрежеде білдіретін, бүкіл халық сайлаған билеуші ретіндегі өкілеттігінің зандылығын дәлелдейді.<sup>90</sup>

Көтерілістің қозғаушы күші қазақ шаруалары болды. Мемлекеттілікті қалпына келтіру жолындағы күреске қатардағы егіншілер де, старшинар да, сұлтандар да тартылды. Қазақ жерлерін өскери отарлауға, қоқан бектерінің зорлық-зомбылықтарына қарсы жалпыға бірдей күрес көтеріліске азаттық сипат берді. Өкінішке қарай, Кенесарыны қолдау жөнінен билердің, старшинардың, сұлтандардың бәрі бірдей дәйекті болмай шықты: негізгі қүштердің басқа аудандарға шоғырландырылуы мен үнемі жылжып отыруына қарай рулық белгілері бойынша жинакталған жекелеген топтар негізгі ұйытқыдан бөлініп қалып отырды.

Топ жетекшілерінің арасында атақты халық батырлары: Ағыбай, Иман (Амангелді Имановтың атасы), Басығара, Аңғал, Жанайдар, Жөуке, Сұраншы, Байсейіт, Жоламан Тіленшиев, Бұқарбай және басқалар болды.<sup>91</sup>

Қатысуышылар құрамы түрлі ұлт өкілдерінен: қазақтар, орыстар, өзбектер, қырғыздар, поляктар және басқалардан құралды.

Кенесарының соғыс қимылдары 1838 жылдың көктемінде Ақмола приказын қоршауға алып, өртеуден басталды. Бекініс комендантты өскери старшина Карбышев пен Ақмола округінің аға сұлтаны Коңырқұлжа Құдаймендин өртелген бекіністен өрең дегенде қашып шықты. Көп кешікпей көтерілісшілер Торғай даласы өніріне қоныс аударды. Орынбор шенеуніктерінен жазған хаттарында Кенесары бұл кадамды өзінің Орынборға жақындалап көшіп барып, келіссөздер жүргізуі деңгелетуге деген

тілегімен тұсіндіреді. Ал жігерлі сұлтан іс жүзінде 1836—38 жылдары Истай Таймановтың басшылығымен көтеріліс болған, Ресейге тікелей іргелес жатқан Кіші жүз кеңістігіне көтерілісті таратуды мақсат еткен еді. Жоламан Тіленшиев батыр бастаған төртқаралар, шөмекейлер, табындар және басқа рулар көтерілісшілерге қосылды. Қозғалыс Кіші жүзді де қамтыды. Күтілгеніндей, келіссөздер нәтиже бермеді.

1841 жылдың қыркүйегінде қазақтың үш жүзінің ықпалды билері, сұлтандары Кенесары Қасымовты қазақ жерінің ханы етіп сайлады. Қазақ мемлекеттілігі қалпына келтірілді. 1841 жылдың күзінде көтерілісшілер қоқандықтардың едәуір күштері орналасқан Созак, Жаңақорған, Ақмешіт, Жүлек бекіністерін қоршады. Қоқандықтардың бірнеше бекіністерін алу бостандық жолындағы құрекерлерді жігерлендірді. Тіпті қозғалыстың басты ошақтарынан алыста көшіп жүрген төртқара және шекті рулаты да оны бүкіл қазақ ханы деп танитынын хабарлады.

Төртқара және шекті рулатының Кенесары Қасымов жағында белсене қатысуы жайында айта келгенде, XIX ғасырдың 30-жылдарының аяғы – 40-жылдарының басында олардың іс-қимылын жандандыра тұсуге тұртқі болған факторларды тәптіштей түскен жөн. Бұл арада номадтар аймақтарының Ресей империясының төніп келе жатқан отаршылдық басып алу қатерінен қазақ жерлерінің оқшаулығын жалпы қайта жаңғырту ісіне қосылуға деген үмтұлышы ғана емес, сонымен қатар Сыр өнірі аймағы халқының қоқан бектерінің зорлық-зомбылыққа толы билеп-төстеуінен құтылуға деген тілегі де айтылып отыр. Кенесарының қоқан бектерімен өзара қатынастарының шиеленісін қазақ сұлтанының .жеке себептері де туғызған еді.

Қоқан билеушілерінің 1836 жылы соның алдындағы кезеңдегі қазақтар көтерілісі жетекшілерінің бірі, ағасы Саржанды қаракшылықпен өлтіруі, 1840 жылы өкесі Қасым төрені, сондай-ақ ағалары Есенгелді, Ержан сұлтандарды және Абылайдың басқа ұрпақтарын сатқындықпен қырып салуы да қозғалыс жетекшісінің қоқанға қарсы көзқарасын қатайта түскен-ді. Атап айтқанда, Кенесары бұл жөнінде Орынбор губернаторына хаттарының бірінде жазған. Азаттық құресінің ең басынан өзі қазатапқанға дейін Кенесары хан Қоқан хандығы жөнінде айқын бағыт – қазақтарды қоқан билеушілерінің езгісінен азат ету бағытын ұстанды. Қазақ ханының Хиуа ханымен өзара қатынастары тұрғысынан алғанда, оның саясаты біршама айрықша болды, онымен Кенесары өбден сенімділік көзқарас ұстанды. Бұған қоса, Хиуа билеушісі қазақ жасақтарын ара-тұра астықпен, зенбіректермен, ок-дәрімен жабдықтап отырды. Әскери тарихшы В. Поттоның пікірінше, Бұхара өмірлігі сияқты, Хиуа хандығы да Кенесарымен өзара қолайлы «одақ» жасасуға өзір болған.<sup>92</sup>

Осы мән-жайлардың бәрі Кенесарының өзбек хандықтары жөніндегі саясатының сипатын, мәнін белгілі бір дәрежеде алдын ала анықтап берді, хандықтың өкімшілік басқару құрылымына ықпал жасады.

Империяның отаршылдық билігі едәуір берік орнықкан Ертіс, Есіл, Жайық шептері бойындағы аудандарды қоспағанда, Кенесары құрған мемлекет өз билігін бүкіл Қазақстан аумағына таратқан дәстүрлі мемлекет болды.

Салық жинау: малшылардан зекет, диқандардан ұшыр жинау тәртіпке келтірілді. Патша отрядтарымен қантөгіскен қактығыстардың жалғасуы

материалдың және өзге де құралдарды керек етті, әлбетте, бұл салық ауыртпалығының үлғайтылуына өкеп соқты.

Кенесарының мемлекеті қазақтардың егіншілікке қошуін көтермеледі. Басқа мән-жайлармен қоса, мұны патша әкімшілігі тарапынан сауда жолдарын бақылау қатайтылған жағдайларда көтеріліске шыққан ауылдарды астықпен қамтамасыз етудің қажеттігі талап етті. Көтеріліс аудандарына астық жеткізуши керуендер колға түскен жағдайда астығы төркіленді, ал көпестер, саудагерлер қатаң жауапқа тартылды, мұның өзі қошпелі халық үнемі қөшіп-конып отырған жағдайда да ханды егіншілікті көтерме-леуге мәжбүр етті. Үкіметтің қатаң шарапарына қарамастан астық артылған керуендер жер-жерден, тіпті алыстағы Кіші жүзден де келіп жатты. Ол егіншілікті бірден-бір және «күнкөрістің молшылық көзі» деп білді. 1846 жылдың күзінде Іле өзенінің оң жағасына жақын Каракамау алқабы ауданынан «...ол жалайыр руының егіншілерін тапты. Егіншіліктің артышылықтарын көрген хан өзіне еріп жүргендерге де диқаншылықпен айналысады ұсынды».<sup>93</sup>

Кенесарының сауда саясатының да өзіндік ерекшеліктері болды. Көпестер керуендерінен алынатын баж едөуір кіріс келтіретінін көрген хан оларды тонауды тоқтатты, кейде керуенбасыларын өзі қабылдап, тауарлар алып өткені үшін баж төлеуден жалтарғандарға қосымша салықтар салып отырды. Оның хандығының шегінен шыққаннан кейін приказчиктердің өздерін «жауап алу үшін» тоқтатқан казак отрядтарының командирлеріне жағынуға тырысып, ол туралы тек қана «қарақшы» деп айтуы сирек кездеспесе де, Кенесары ауылдарында тоқтатылған көпестерге меймандостық пен қамқорлық көрсетілгені туралы құжаттар жетіп жатыр.<sup>94</sup>

Бұрынғы мемлекеттік құрылыш едөуір қайта үйымдастырылды. Жоғары кенесші орган ретіндегі Хан кенесі халық мұдделеріне берілген батырлардан, билерден, сұлтандардан, туыстарынан тұрды. Бірақ шешуші даусыс Кенесарының өзінде болды. Хан кенесіне, негізінен алғанда, азаттық күресінің мұдделеріне адал, сол кездің өзінде-ак халықтың ақылды да шебер саясатшылар деп тануына лайық болған жеке ерлігін, дипломатиялық қабілетін көрсеткен, адамдар кірді.

Хан кенесі шешімдерінің, үндеулерінің ауылдарда таралуын, түсіндірілуін және орындалуын арнаулы басқару қызметі қадағалап отырды. Мемлекет басында болғанында Кенесары шыққан тегіне қарамастан, тендесі жоқ жеке қасиетін көрсеткен адамдардың басқару ісіне тартылуын көтермелеп отырғандығы тарихтан белгілі.

Хан Ресейдің, Орта Азияның лауазымды адамдарына үнемі хат жолдап отырды. Дипломатиялық қызметті үйымдастыруға ол ерекше зор мән берді. Оның хаттары, жолданымдары мазмұнының айқын нақты, талаптарының дәлелді болуымен ерекшеленеді. Орыс дипломаттары Гернді, Долговты, барон Усларды, белгілі көпестерді қабылдаған кезінде хан өзін дипломатиялық әдептілікпен ұстаған.

«Діңсіз көпірлерге қарсы одак» жасасу үшін «данқты батырдың данқты Хиуа мемлекетінің» елшілерін қабылдауы жағдайларының бірін Я. Палферов сипаттаған.<sup>95</sup>

Кенесары жекелеген жасақтарына өскери кенестің мүшелері, атақты батырлар басшылық еткен ұрысқа қабілетті қалың қол үйымдастыра білді.

Кенесарының жұздіктерге және мындықтарға бөлінген өскері үзакқа созылатын дала соғысы жағдайларына бейімделген болды. Кенесарының жеке өзі қадағалап отырған қатаң тәртіп, оның айтарлықтай қысқа уақытта жауынгерлердің толық жиналудың қамтамасыз етуіне мүмкіндік берді. Кенесары өз өскерлеріне айырым белгілерін енгізді. Көтеріліс жетекшісінің өзі кейде орыс армиясының алтынды офицерлік эполеттерін тағынып жүргенін көптеген деректемелер растианды: «...ақбоз атқа салт мініп, алтын оқамен көмкерілген шолак шекпен киген және орыс полковнигінің эполеттерін тағынған өскербасының өзін (Кенесарыны. – Ред.) де дүrbімен көру мүмкін болды. Оның басында офицерлер киетін арнайы фуражка, ал бір иығында артқа тастаған күміс салпыншақ шарф», – 1844 жылдың тамызында Екатерина станицасын қоршау кезінде Кенесары осылай сипатталған.<sup>96</sup>

Кенесары өзіне қажетті мәліметтер жеткізіп отырған жансыздарының қызметін шебер пайдаланды. Осындағы ақпараттың арқасында, хан жазалау күштерінің өскери жүріс-тұрысының жоспарларын алдын ала біліп отырды, бұл оның өз адамдарын орынсыз қырғынға ұшыратуды болғызбауына мүмкіндік берді. Кенесарының соғыс қимылдарын жүргізу тактикасы полковник Дуниковскийдің, өскери старшиң Лебедевтің рапорттарында, есептерінде, хабарламаларында, XIX ғасырдағы тарихшылар Н. Середа-ның, В. Поттоның, Л. Мейердің және басқалардың еңбектерінде егжеттегежайлі суреттелген.

Кенесары жеке басының ерлігімен, өр мінезімен ерекше көзге түскен, өзінің қалың нөкерлерінің алдында «әрқашанда сәнді барқыт бешпент киіп, салт атпен салтанат құрып жүрген», іс-қимылдында ол «жолындағының бәрін жайпап өтетін дауыл сияқты болған».

Хандық басына келген соң Кенесары қазақ жерлерін азат ету жолындағы құресті бұрынғысына қарағанда неғұрлым батыл жалғастырды. Қоқанның Созақ бекінісін алған соң Кенесары соғыс қимылдарын кеңейтіп қана қоймай, сонымен бірге өз жақындарының қаза тапқаны үшін кек қайтаруға да ниеттенді.

1843 жылға дейін үкімет көтерілісшілерге қарсы тұрақты армияның ірі контингентін пайдаланудан тартынып, отаршылдыққа қарсы қозғалыстың негізгі ошақтарын казак бөлімдерімен тұншықтыруды жөн көрді. Оның үстіне XIX ғасырдың 40-жылдарына дейін жоғары дәрежелі өскери-әкімшілік шенділер жалпыхалықтық қозғалысты «Қару қолданбай, Ұлы мәртебелінің мейірбандық сезімдеріне сәйкес келетін адамгершілік сенімдермен» басу үмітін жоғалтпады.<sup>97</sup> Атап айтқанда, генерал-майор Жемчужников осындағы көзқарасты жақтаушы болды, ол өскери министр Чернышевті өз жоспарын қабылдауға сендірді. Бұл орайда Жемчужниковты Сібір және өсіресе Орынбор генерал-губернаторлықтарының проблеманы бейбіт жолмен шешу көзқарасын ұстанған жекелеген патшалық өскери қайраткерлерінің қатарына жатқызу, әрине қате болар еді. Жемчужников мұндай қорытындыға кең ауқымды құрес басталған кезден 4—5 жыл бойы бытыраңқы отрядтармен қимыл жасаған казак құрамалары командирлерінің үлесіне тиген талай сөтсіздіктердің себебінен келген еді.

Алайда көтерілістің өлдекашаннан бері империя бодандығында болып келген шалғайдағы аудандар мен аймақтарды одан өрі қамтуы патша әкіметін қатты мазасыздандырды. Азаттық құресінің белсенді кезеңі

Солтүстік Кавказ таулықтары қозғалысының өрлеуіне тұстас келді, ал Петербург сарайы таулықтар қозғалысын басуға едөуір өскери күштер бөлуге мәжбүр болған еді. Аralарында ортақ белгілер де, сонымен бірге ерекшелік те көп болған отаршылдыққа қарсы осы мейлінше қуатты қозғалыстар ықпалының көршілес аймақтарға таралу болашағы патша өкіметін Оралдан арғы шет аймакта орналастырылған тұракты өскери күштерді қолдана отырып, Кенесары ханға қарсы нағыз соғыс бастауға мәжбүр етті.

«Бір мемлекетте екінші мемлекет болмауы керек» деген қарапға қол қоя отырып, I Николай 1843 жылғы 27 маусымда Кенесарыға қарсы кең көлемде соғыс жорығына рұқсат етті. Өскери старшина Лебедевтің 300 адамнан тұратын отряды алдыңғы соққы беретін күш болуға тиіс еді, кейіннен оның отрядындағылар саны 1900 адамға жетті; 1843 жылдың тамызында А. Жантөрин және Б. Айшуақов сұлтандар бастаған екінші топ жаракталды. Тайталасуышы тараптардың 1843 жылғы 7 тамыздағы шайқасы үкіметке тілегендегі нәтиже бермеді. Полковник Бизанов бастаған қарулы топ көтерілісшілердің негізгі күштерін кездестірмей, Орск бекінісіне қайтып оралды. Өлкені жақсы білген Кенесары шабуылға шығып, 1844 жылғы 20 шілдеден 21 шілдеге қараған түні Жантөрин сұлтан отрядының быт-шытын шығарды.<sup>98</sup>

Өскери старшина Лебедев сылбырлығы және дереу көмек көрсетпегені үшін өскери отрядқа басшылық етуден шеттетілді. Женіспен жігерленген Кенесарының негізгі күштері 1844 жылғы 14 тамызда Екатерина станицасына шабуыл жасады, маңындағы елді мекенді, форштадты өртеп, 40 адамды тұтқынға алды.<sup>99</sup>

Көтерілісті басу үшін Орынбор жағынан полковник Дуниковскийдің отряды шықты, ал өскерлердің сібір тобын генерал Жемчужников басқарды. Кенесары патша отрядтарының қудалауынан құтылып кетті. Үкіметтік топтарды абыржушылық жайлады. Оның үстінен Шемілмен ұзакқа созылған соғыс үкіметтің күш-құралдарын одан өрі аландата берді. Кенесарымен соғыс та тез жеңіске жеткізбейтін сыңайда болды. Мұнымен қоса Орынбор губернаторы В. А. Перовский мен Сібір губернаторы В. Д. Горчаков арасында Кенесарыға қарсы құрес жолы жөнінде кереғар көзқарас пайда болды. Перовский бұрынғысынша жанжалды бейбіт жолмен шешуді, ал Горчаков көтерілісті қарулы күшпен басып-жаныштауды жақтады.

Орынбор бастықтары Долгов пен Гернді елшілікке жіберу қажет деп тапты, елшілік алынған нұсқауларға сәйкес Кенесарының алдына қабылдауға болмайтын шарт қойды: көтерілісшілерге үкімет белгілеген шектеулі аймақ шегінде көшіп жүруге рұқсат етілді. Патша елшілері алға қойылған мақсатқа жетпей, кері қайтуға мәжбүр болды. Бұл орайда Долгов Орынбор өкімшілігіне Кенесарының барлық орыс бекіністері жойылып, басып алынған жерлер қазактарға қайтарылған, дала өніріндегі талап-тонау мен зорлық-зомбылық тоқтатылған жағдайда ғана өзінің Ресей протекторатын қабылдауға келісетіні туралы жауабын жеткізді.

Енді үкімет Арад-Сырдария алабы өнірінде бірнеше бекініс салып, Кенесары ханды Орынбор өлкесінен ығыстырып шығаруға тырысты. Екі жақтан қыспакқа алынған Кенесары Сарыарқадан кетіп, көтеріліс орталығын Ұлы жүзге көшіруге мәжбүр болды.

Ал Сібір өкімет орындары Кенесары жасақтарының аймаққа келуінің алдын алу мақсатымен, халық және мал санағын жүргізуді сұлтауратып, Жетісуға Сібір Шекаралық басқармасының төрағасы генерал Вишневский басқаратын зеңбірегі бар едөуір өскери күштер жіберді.

Кенесары ханның Жетісуға келуі халық арасында терең жік туғызды. Сірә, жалпы халықтық қозғалыстың ықпалына ұшырамаған бірде-бір ірі ру бөлімшесі болмаған шығар. Бұл да генерал-губернатор В. Д. Горчаковты 1846 жылдың жазында Лепсі-Қаратал ауданында старшындар, сұлтандар, атақты билер, ықпалды болыс басқарушылары съезін шакыруға өкім беруге итермеледі, мұндағы максат отаршылдыққа қарсы қозғалысты айыптайтын, үкімет үшін тиімді келісімді оларға зеңбіректерден атылған гүрсілдер тұсында және қатаң жауапқа тарту жөнінде қорқыту арқылы қазақ ақсүйектерін ресми өкімет орындарының ханды саяси жағынан оқшаулауға және оның көтерілісшілерін Ұлы жүз шегінен ығыстырып шығаруға бағытталған ұстанымына ынтымақтастық білдіруге мәжбүр ету болатын.

Құжаттың тұпнұсқасында «қаскунемдерді жою жөнінде» және олар табылған жағдайда ең жақын приказ арқылы Ресей Үкіметіне «дереу жеткізу» үшін 17 сұлтанға, 27 биге, бірқатар болыстық старшындарға жүктелген негізгі міндеттемелердің мәні ашып көрсетілген.<sup>100</sup> «Бұлікшіл ауылдардың» қонысына ең жақын өнір Аягөз және Алатау округтері болып шықты; көтеріліс қамтыған өнірге бір жағынан жасаул Нюхаловтың отряды; онтүстіктен – жүзбасы Абакумовтың казак командасы жіберілді.<sup>101</sup> Ол кезде ақылымен және шешендігімен өйгілі болған болыс басқарушысы, Абайдың өкесі – Құнанбай Өскенбаев үкіметті жактаушылар қатарында болған.<sup>102</sup>

1846 жылдың жазында Кенесары Балқаш көлінің жағалауындағы Камал түбегін басып алды; сол жерден ол жазалау отрядтарына жансала қарсыласу мақсатымен жаңа ауылдарды тарту есебінен өз негізін кенейтуге ниет етті. Бірнеше зеңбірегі бар ханның он мындық жасағы едөуір күш болатын. Жазалаушы құрамаларға қарсы осының алдындағы қақтығыстар бойынша жауынгерлік тәжірибе жинақтаған көтерілісшілердің қаруы да жаман емес еді.

Оларға Қоқан хандығына қарсы белсенді құрес кезеңінде косылған хиуалық жеті шебер оқ ататын зеңбірек дайындалған берген.

Жетісуда жүрген және азық-тұлікпен қамтамасыз етілу аудандарынан шеттеп қалған хан өз ауылдарын астықпен жабдықтау проблемасын өзінше шешті: нақ сол Нюхаловтың хабарлағанындей, Кенесары өзіне бағынғысы келмеген, «егіс егіп, оларға астық дайындалған беруге тиісті» «500 шаңырақ үйсіндерді» тұтқында ұстады.<sup>103</sup>

Талантты қолбасшы ретінде Кенесары өз жасағына да, оның үстіне бүкіл көтеріліске де тұракты бөлімдер кенеттен қоршауы мүмкін болған жағдайда, өзінің Балқаш өніріне орналасуының сөтсіз екенін айқын түсінді. Сонымен бірге оның жасағы Орта жүз бен Жетісу аралығында қимыл жасап жүрген басқа да бытыранқы жасақтардан бөлініп қалды. Кенесары жағдайды дұрыс бағалап және құресті жалғастыру үшін жағдайдың әлсіздігін біліп, өз ауылдарымен бірге Іле өзенінің оң жағалауына өтті және сұлтан Рұстем Әбілфейізовтің жасақтарымен бірікті,<sup>104</sup> мұның өзі кешірілмес жаңсақтық болатын. Бұдан кейінгі оқиғалар Рұстем сұлтан-

ның дәйексіздігін көрсетті. Бұл көтерілістің жеңіліс табуын тездетті. Жетісуга болған кезінде Кенесары қырғыз манаптарына жергілікті халықтан зекет жинау үшін екі мың адамдық жасақ жіберді. Алғашқы қактығыстардың өзі-ақ қырғыз руларының қазақ ханы өктемдігіне бағынбауға бел байлағанын көрсетті. Оның үстіне аймаққа ниеті белгісіз ірі қарулы күштер келгені туралы ескертілген ең басты қырғыз манаптары қарсылық көрсету үшін қол жинап үлгерген болатын. Екі мың адамдық жасақтан «мың шакты адам аш-жалаңаш қайтып келіп, жеңіліске ұшырағандарын және өздерінің қашып құтылғандарын хабарлады».<sup>105</sup>

Кенесары өз жағдайының қыын екенін, Абылай үрпақтарының арасындағы терендей түскен алауыздықтарды ықпалды манаптармен жасырын байланысы бар казак отрядтарының командирлері шебер және дер кезінде пайдаланатынын жақсы түсінді. Ол былай тұрсын, Кенесары өз жорықтарына қатысуға күштеп мәжбүр еткен ықпалды қазақ батырларының бірі Сыпатай Ормон ханмен құпия байланыс жасап, қазақ жетекшісін – таудың сыртында қырғыздардың қалың қолы тұр, сен олардың осы уақытқа дейін тек «шабактарымен айналыстың, сазандарымен енді ғана кездесесің» деп иландырыды.<sup>106</sup>

Бастапқы мақсатқа жету – Тянь-Шань қырғыздарын, Ұлы жүздің бір бөлігін өзіне бағындыру, Шу өзенінде қыстап шығу, одан соң Үш-Алматыны жайлау<sup>107</sup> мүмкін еместігі барған сайын айқындала түсті. Оның Цин Қытайының шығыс шектерінде көшіп жүргүе оның келісімін алуға тырысуы Кенесарының қырғыздармен қантөгісті қактығыстар жасамау ниетіне байланысты болатын. Іле өзенін бойлай жоғары өрлеген ол көптеген ауылдармен бірге қытай шекарасына терендей кіріп, Үйгентасқа тоқтады да, одан Шыңжан билеушісіне Құдайменді Саржанов сұлтан, Шоктар Бақтыбаев би және Сұйдак қожаны елшілікке жіберіп, «оның жерінде көшіп жүргүе рұқсат ету туралы» өтініш жасады, бұған рұқсат ала алмады. «Ол (хан. – Ред.) қытай қамқорлығына алынбайды және қайдан келсе, сонда кетсін, қытайдың өкімет орындары сөзben де, іспен де кінәлі болғысы келмейтін Ақ патшадан мейірім сұрасын...»<sup>108</sup> Кенесары өз елшілерін жібергеннен кейін бір ай өткен соң, оның ауылына арнаулы тілмаштар жеткізген жауаптың мәтіні осындай болды, мұның өзі оны Ұлы жүз бен Қырғызстан шегінде көше жүріп, Жантай, Ормон манаптарға мынадай мазмұндағы хат жолдауға мәжбүр етті: «Менің мұнда келу мақсатым жауласу және қан төгу емес, қайта қырғыздар мен қазақтарды біріктіру... және жалпы алғанда, қоқандықтардың қысым көрсетуінен құтқару...». Алайда ол өзінің бейбіт ниеттерін жүзеге асыра алмады: мұның үстіне қырғыз ауылдарына дүшпандары таратқан оның «қырғыз руларын жоюды», ойлайтыны, сондай-ақ қырғыз елшілеріне менсінбей қарауы туралы сыйыстар қырғыздардың қарсы қимылын қатайта түсті. Бас манаптар Жантай Карабеков, Ормон Ниязбеков өз қимылдарын жасаул Нюхаловпен келісе отырып, «жанталаса қимылдауға – өлім, яки оның көзін жоюға шешім жасады».<sup>109</sup>

Сол екі арада Кенесарының жасақтары жат жерде ұсақ-түйек қактығыстарға барғанмен, түбегейлі бетбұрысқа қол жеткізе алмады. 1847 жылғы сөуірдің ортасына қарай қырғыздар негізгі күштерін біріктіріп, бейнебір жүз мындық өскер жинаған сияқты, дегенмен бұл деректердің көп асыра көрсетілгені көрініп тұр. Адам саны жөнінен артықшылық

қазақ ханының жаулары жағында болғаны анық. Шешуші шайқас 1847 жылғы 17 және 25 сөуір аралығында қазіргі Токмаққа жақын, қазақ сарбаздарын қырғыздар қақпанға түсірген терең шатқалда болды. Таулы жер ханға өз артықшылығын пайдалануға мүмкіндік бермегі, оның өз қолында бар жеңіл зенбіректермен атуды барынша пәрменді түрде пайдалануға мүмкіндігі болмады. Кең далада ойдағыдай қолданылып, сынактан өткен атты өскерлер де кең қанат жаюы мүмкіндігінен айырылды. Үш тәулікке созылған тең емес шайқас қазақтардың құшін титықтатты; жағдайды ұрыс алаңынан Рұстем сұлтан мен Сыпатай би жасақтарының кенеттен шегініп кетуі қындана түсті. Кенесары және 30-дан астам сұлтан тұтқынға түсті, қалғандары «быт-шыт болып, жан-жаққа қашып кетті». Қырғыздардың тұтқынына мындан астам сарбаз түсіп, құлак естіп көрмеген қатыгездікпен өлтірілді. «Құлдықтың қасіретті шынжырын лақтырып тастағысы келген көшпелілердің үміті», қазақтың соңғы ханы осылай қаза тапты.<sup>110</sup>

«Осы бұлікшіні құртқаны үшін» қырғыздардың басты манаптары Ормон Ниязбеков, Жантай Қарабеков, оның інісі Қалығұл Әлібеков, сұлтан Рұстем Әбілфейізов, Сыпатай би Мырзагелдин патша үкіметінен мол марапат алды.<sup>111</sup>

Кенесары қайтыс болғаннан кейін алты жылдан соң Ұлы жүздің аға сұлтаны Қызыметіне үміткерлерді таңдау кезінде Рұстем Әбілфейізовтің Ұлы жүздің аға сұлтаны Қызыметіне кандидатурасы «оның бұрынғы сенімсіз әрекеттері себепті»<sup>112</sup> қабылданбай тасталды, яғни оның бастапқыда Кенесары Қасымовпен уақытша байланыс жасағаны ескерілді.

Ханның жеңіліс табуы мен қайтыс болуы орыс отрядтарының Іленің арғы жағындағы өлкеге және Солтүстік Қырғызстанға одан өрі терендей енуіне қолайлы жағдай жасап, аймақты Ресей империясына қосып алуды жеңілдедті.

Кенесары Қасымовтың көтерілісінің біршама қайшылықтары, анықталмаған мән-жайлары бар: бір жағынан, Қоқан хандығымен (қазақтарды азат ету мақсатын көздең) соғыс, ал екінші жағынан, бауырлар Қырғыздармен қантөгісу соғысы, тағы бір жағы, өзін қолдаудан бас тартқан қазақ руларына мейірімсіздігі.

Шұрайлы қоныс, шүйгін жайылым үшін дәстүрлі күрес бұл жолы да қазақ руларының қасиетті мақсат жолында – әкімшілік-отарлаушылық жаңа төртіптердің енгізілуіне қарамастан, саяси оқшаулығын сактап келе жатқан, кең-байтақ аймақтардың мемлекеттік тәуелсіздігін қалпына келтіру жолында бірігуіне кедергі жасады; тағдырлы стратегиялық мақсаттардан тар өрісті рулық мұдделердің басым болуы дәстүрлі аристократияның Орталық Азияның оңтүстік-шығыс шектерінде Англия мен Ресей мұдделерінің барған сайын ашық қақтығысы жағдайларында солтүстік көршісінің өскери-саяси қысымы алдында осалдық көрсетуін терендете түсті.

Ресейдің Оралдан арғы шет аймақтарындағы аса ірі халық көтерілісі жеңіліс табуының мән-жайларын айтқанда, Қазақстанның геосаяси орналасуының ерекшелігін ескермеуге болмайды: Хиуаның да, Бұхара әмірлігінің де Кенесарымен ынтымактастық жасауында мұсылмандық факторы да елеулі рөл атқарғанымен, олар Кенесарыны өздерін Ресей тарапынан жасалатын болашактағы қауіптен қорғау дәрежесінде ғана қол-

дады; бірақ хан өз қаруының өткір жүзін Қоқанға қарсы бағыттасымен-ақ бұрынғы қолдау біртіндеп бәсендей берді; Ресейге қарсы да, Қоқанға қарсы да құресі қазақ ханының түзеуге келмес қатесіне айналды.

Ұлы Абылай заманындағы егеменді мемлекеттілікті қалпына келтіруді мақсат еткен қазақ халқының XIX ғасырдағы аса ірі ұлт-азаттық көтерілісі бұл жолы да жеңіліспен аяқталды, бірақ ол Орта Азия мен Қазақстан халықтарының жадында өшпес із қалдырыды. Ол Ресей империясына қарсы халықтардың Польшаға, Кавказға, басқа да аймақтарға құлаш жайған құресінің бір буыны болды. Шеміл жетекшілік еткен таулықтардың көтерілісімен қатар, аса көрнекті саясатшы, қолбасшы Кенесары Қасымов басшылық еткен қазақ халқының құресі де империяның отаршылдық басып алуынан азаттық жолындағы ұлттық шет аймақтар құресі арнасындағы ең табанды, қажырлы және ұзаққа созылған көтерілістер қатарына жатады.

Кенесары ханының өз басы, оның саясатшы, қолбасшы, дипломат ретіндегі тенденсі жоқ қасиеттері тоталитарлық жүйенің өктемдігі жағдайында жылдар бойы ескерусіз қалдырылып келсе де, халық жадында берік сакталған. Кенесары Қасымов хан өз дәуірінің ұлы қайраткерлері шоғырында лайықты орын алады. Орыс халқының тәуелсіздігін жат жерліктердің шапқыншылығынан қорғаған қолбасшылар Дмитрий Донской, Михаил Кутузов және басқалар сияқты, Кенесары хан да Қазақстанның дербес мемлекет ретінде оқшаулануын сактау жолында жеке басының тенденсі жоқ қасиеттерін көрсетіп, өз өмірін соның жолында құрбан етті.

Кенесарының жанын пида еткен құресі, оның халық мұдделеріне шексіз берілгендігі, қолбасшылық өнері, капиталистік жүйе орныққанға дейінгі даланың ғажайып кеменгер, өзгеше сипаттағы саясаткері ретіндегі ерен қасиеттері оны көзінің тірісінде-ақ бүкіл халықтың құрметіне бөледі, оның жеке басы сол дәуірдегі патшалық отарщылдық империя апологеттерінің өзін де қайран қалдырыды. Дала өнірінің суырып-салма жыраулары жырға қосқан хан бейнесі бүкіл даланы кеңінен шарлап кетті. Плюрализм және сөз бостандығы қайтадан мүмкін болған қазіргі тәуелсіз Қазақстан жағдайында орынсыз ұмытылған есімдер халыққа қайтарылды, солардың ішінде қазақ жүздерінің соңғы ханы, Абылай ханың немересі – Кенесары Қасымов бар. Біздің ғасырымыздың 30-жылдарында-ақ ұрпақтар есінде қалдырылған Кенесары ханының қозғалысы, патша өкіметінің аймақта өске-ри-саяси белсенділігі жағдайында табысқа жеткізбесе де, атасы Абылай ханың ісі сияқты оның ұлы істері туралы халық есінде ізгілікпен сакталғанының күесі.

<sup>1</sup> Материалы по истории и статистике Омска. СПб., 1880, т. 1, 58-б.

<sup>2</sup> Маргулан А. Х. Очерк жизни и деятельности Ч. Ч. Валиханова / Собрание сочинений Ч. Валиханова в 5-ти томах, т. 1, А., 1984.

<sup>3</sup> ЦГА РК, ф. 374, оп. 1, д. 1990, л. 5, 8.

<sup>4</sup> ЦГА РК, ф. 338, оп. 1, д. 336, л. 15–15, об.

<sup>5</sup> Бұл да сонда, л. 15, об.

<sup>6</sup> Бұл да сонда.

<sup>7</sup> ЦГА РК, ф. 338, оп. 1, д. 409, л. 317, об.

- <sup>8</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>9</sup> *Бұл да сонда*, 319-п.
- <sup>10</sup> *Бұл да сонда*, 320-п.
- <sup>11</sup> Материалы по истории и статистике, 59-б.
- <sup>12</sup> Государственный архив Омской области РФ (ГАОМО РФ), ф. 366, оп. 1, д. 125, л. 1.
- <sup>13</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>14</sup> *Бұл да сонда*, 1-п.
- <sup>15</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>16</sup> Материалы по истории и статистике, 58-б.
- <sup>17</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>18</sup> *Бұл да сонда*, 58-б.
- <sup>19</sup> Қар.: Потанин Г. Н. Биографические сведения о Чокане Валиханове / Собр. соч. Ч. Валиханова, т. 5, 346-б.
- <sup>20</sup> Лобысевич Ф. И. Поступательное движение в Среднюю Азию в торговом и дипломатическом отношениях. СПб., 1860, 74-б.
- <sup>21</sup> ГАОМО РФ, ф. 366, оп. 1, д. 122, л. 2, об.
- <sup>22</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>23</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>24</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>25</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>26</sup> *Бұл да сонда*, 2-п.
- <sup>27</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>28</sup> *Бұл да сонда*, 3-п.
- <sup>29</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>30</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>31</sup> Қар.: Смирнов Е. Г. Предисловие к книге А. Кенесарина «Кенесары и Садық» / Хан Кенесары. Уральск, 1992, 3-б.
- <sup>32</sup> ГАОМО РФ, ф. 366, оп. 1, д. 126, л. 2.
- <sup>33</sup> *Бұл да сонда*, 2-п.
- <sup>34</sup> ЦГА РК, ф. 338, оп. 1, д. 409, л. 192.
- <sup>35</sup> *Бұл да сонда*, 247-п.
- <sup>36</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1, А., 1960, 105-б.
- <sup>37</sup> ЦГА РК, ф. 338, оп. 1, д. 409, л. 192.
- <sup>38</sup> *Бұл да сонда*, 82-п.
- <sup>39</sup> *Бұл да сонда*, 217-п.
- <sup>40</sup> ГАОМО РФ, ф. 3, оп. 1, д. 757, л. 84.
- <sup>41</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>42</sup> ЦГА РК, ф. 338, оп. 1, д. 409, л. 79.
- <sup>43</sup> *Бұл да сонда*, л. 79, об.
- <sup>44</sup> *Бұл да сонда*, л. 323.
- <sup>45</sup> *Бұл да сонда*, л. 327, об.
- <sup>46</sup> *Бұл да сонда*, оп. 1, д. 541, л. 23, об.
- <sup>47</sup> *Бұл да сонда*, оп. 1, д. 409, л. 6, об.
- <sup>48</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>49</sup> *Бұл да сонда*, д. 541, л. 80–81, об.
- <sup>50</sup> *Бұл да сонда*, 77-п.
- <sup>51</sup> ГАОМО РФ, ф. 366, оп. 1, д. 163, л. 1–2; бұл фактіні Ш. Уәлиханов растайды (Собр. соч. в пяти томах, т. 3, 308-б).
- <sup>52</sup> ЦГА РК, ф. 338, оп. 1, д. 541, д. 215.
- <sup>53</sup> *Бұл да сонда*, л. 76.
- <sup>54</sup> *Бұл да сонда*, л. 52.
- <sup>55</sup> *Бұл да сонда*, л. 60, об.

- <sup>56</sup> *Бұл да сонда*, л. 92, об.
- <sup>57</sup> *Бұл да сонда*, ф. 374, оп. 1, д. 2545, л. 194.
- <sup>58</sup> *Бұл да сонда*, ф. 4, оп. 1, д. 1996, л. 4.
- <sup>59</sup> *Бұл да сонда*, ф. 338, оп. 1, д. 541, л. 238, 246.
- <sup>60</sup> *Бұл да сонда*, л. 285.
- <sup>61</sup> *Бұл да сонда*, л. 463.
- <sup>62</sup> *Бұл да сонда*, л. 469.
- <sup>63</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>64</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>65</sup> *Бұл да сонда*, д. 409, л. 346.
- <sup>66</sup> *Бұл да сонда*, д. 1996, л. 5.
- <sup>67</sup> Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Перевод с польского Ф. Стекловой. А., 1966, 211, 213, 246-б.
- <sup>68</sup> Бекмаханов Е. Б. Казахстан в 20—40-е годы XIX века. А., 1947, 203—204-б.
- <sup>69</sup> Астраханский облгосархив, ф. 2, оп. 2, д. 245, л. 41.
- <sup>70</sup> Исадай Тайманов Ішкі Ордадағы саны көп руладың бірі (3500 шаңырактан астам) — беріш руынан шыққан. 1812 жылы хан шағын бөлімшенің старшины етіп тағайындал, 1814 жылы осы қызметке Орынбор губернаторы бекіткен. Сәл кейінректе ол бүкіл беріш руының билеушісіне айналды. Хан адамдарының жалған жалалары бойынша өкімет орындары бірнеше рет (1817, 1823 және 1824 жылдары) қамауға алған.
- <sup>71</sup> Рязанов А. Ф. Восстание Исадая Тайманова // Труды Общества изучения Казахстана, т. 8. Вып. 4. Кзыл-Орда, 1927, 18-б.
- <sup>72</sup> Мына кіт. келтірілген: Кенжалиев И. Тайманулы Исадай. А., 1977, 48-б.
- <sup>73</sup> «Уральские войковые ведомости». 1876, № 43.
- <sup>74</sup> Қар.: ЦГА РК, ф. 78, оп. 1, д. 93, л. 18, 38, 106, 115.
- <sup>75</sup> «Уральские войковые ведомости». 1876, № 47.
- <sup>76</sup> Кенжалиев И. Тайманулы Исадай, 61-б.
- <sup>77</sup> «Уральские войковые ведомости». 1876, № 49.
- <sup>78</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>79</sup> Народно-освободительное движение казахов в 1836—1838 годах. Документы, материалы, статьи. А., 1992, 27, 132—137-б.
- <sup>80</sup> ЦГА РК, ф. 78, оп. 1, д. 93, л. 1—2, 5, д. 150, л. 4.
- <sup>81</sup> *Бұл да сонда*, д. 150, л. 7.
- <sup>82</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>83</sup> *Бұл да сонда*, ф. 374, оп. 1, д. 25, л. 14—14 об.
- <sup>84</sup> Красовский М. Область Сибирских киргизов // Материалы для географии и статистики России, ч. 1. СПб., 1868, 105-б.
- <sup>85</sup> Середа Н. Бунт киргизского султана Кенесары Касымова (1838—1847) // Вестник Европы. 1870, § 8, 631-б; Барон У-р (Услар). Четыре месяца в киргизской степи // Отечественные записки. 1848, § 10, 210-б.
- <sup>86</sup> Середа Н. Қөрсетілген енбегі, 630-б.
- <sup>87</sup> Толығырақ қар.: Қасымбаев Ж. Қ. Кенесары хан. А., 1993, 12—25-б.
- <sup>88</sup> Қар.: Бекмаханов Е. Б. Казахстан в 20—40-е гг. XIX в. А., 1947, 229-б.
- <sup>89</sup> Архив внешней политики Российской империи (АВПРИ), ф. 161, оп. 6, разряд 1—7, 1847—1877, д. 2, л. 23—24.
- <sup>90</sup> ЦГА РК, ф. 374, оп. 1, д. 1990, л. 18—21.
- <sup>91</sup> Қар.: Стеблин-Каменская М. И. К истории восстания султана Кенесары Касымова // Исторические записки, т. 13, 1942, 243-б.
- <sup>92</sup> Қасымбаев Ж. Қ. Қөтерілістің көзден таса беттерінен // Хан Кене, 211—234-б.
- <sup>93</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 1993, л. 4—3. Қар.: Серебренников А. Г. Сборник материалов для завоеваний Туркестанского края, т. 2. Ташкент, 1912, 229-б.
- <sup>94</sup> Потто В. О. О степных походах // Военный сборник. 1873, № 4, 258-б.

<sup>95</sup> Стеблин-Каменская М. И. Көрсетілген еңбегі, 243-б.; ГАОМ О РФ, ф. 366, оп. 1, д. 230, л. 122 об.

<sup>96</sup> Рукопись инока Порфения, сообщенная Д. О. Косициным // Русский вестник. 1878, № 9.

<sup>97</sup> Стеблин-Каменская М. И. Көрсетілген еңбегі, 247-б.

<sup>98</sup> Полферов Х. Я. В горах Ала-Тау. Из истории бунта Кенесары Касымова (1843–1847 гг.) // Исторический вестник. 1904, № 8, 488-б.

<sup>99</sup> Серебренников А. Г. Сборник материалов, т. 2, 132-б.

<sup>100</sup> РГВИА, ф. 483, оп. 1, д. 19, л. 66.

<sup>101</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 4230, л. 15.

<sup>102</sup> Бұл да сонда, л. 205.

<sup>103</sup> АВПРИ, ф. 161, оп. 6, д. 2. Разряд 1–7. 1846–1847, л. 23–24.

<sup>104</sup> ГАОМ О РФ, ф. 366, оп. 1, д. 224, л. 21, об. 22; Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова. Сборник документов. А., 1996, 470–471-б.

<sup>105</sup> Касымбаев Ж. К. Старший султан Кунанбай Оскенбаев и его окружение. А., 1995, 19-б.

<sup>106</sup> Коншин Н. Я. Материалы для истории Степного края // Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела ИРГО, вып. 1. 1903, 71-б.

<sup>107</sup> ГАОМ О РФ, ф. 366, оп. 1, д. 230, л. 119, об.

<sup>108</sup> Бұл да сонда.

<sup>109</sup> Джамгерчинов Б. К. Киргизы в эпоху Ормон-хана // Труды института языка, литературы и истории киргизского филиала АН СССР, вып. 1, 1945, 122-б.

<sup>110</sup> Кенесарин А. Кенесары и Садық / Хан Кенесары. Уральск, 1992.

<sup>111</sup> ГАОМ О РФ, ф. 366, оп. 1, д. 230, л. 121, об.

<sup>112</sup> Бұл да сонда.



## *Oнынды таралу*

# **ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАУЛАП АЛЫНУЫ. ҚАЗАҚСТАНДЫ РЕСЕЙГЕ ҚОСУДЫҢ АЯҚТАЛУЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ 50–60-ЖЫЛДАРЫНЫҢ ОРТАСЫ)**

## **1. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ МЕН АНГЛИЯНЫҢ ОРТА ШЫҒЫСТАҒЫ СЫРТҚЫ САЯСИ СТРАТЕГИЯСЫНДА**

Кіші жұз бен Орта жүздегі Ресей қатысуының нығаюы және патша өкіметінің қазақ жерінің терең түкпіріне жеделдете ене бастауы XIX ғасырдың 30-жылдарында Орта Азия хандықтарының қарсыласуымен қатар Ұлыбританияның астыртын қарсы өрекетіне кездесті. Бұл кезге қарай Англия Британ империясының ең ірі өрі бай отары – Үндістанда өзінің орнығуын нығайтып алғып, көршілес азиялық елдерге өзінің ықпал өрісін кенейтуге белсене кірісе бастаған еді. Британ үкіметінің стратегиялық жоспарларында ағылшының өнеркәсіп тауарларын өткізу үшін біршама тиімді рынок, Орталық және Оңтүстік-шығыс Азияда өскери-саяси экспансияны одан өрі өрістету үшін қолайлы алғы шеп ретінде қарастырылған Орталық Азия мен көршілес Ауғанстанның аумактарына зор мән берілді.

Ағылшын кәсіпкерлері, дипломаттары мен көпестері XVIII ғасырдың алғашқы үштен бірінің аяғында, Солтүстік соғысы аяқталып, ағылшын-орыс дипломатиялық қатынастары толық көлемінде қалпына келтірілісімен-ақ Қазақстан мен Орталық Азияға айтарлықтай ден қоя бастаған еді. XVIII ғасырдың 30-жылдарында олар өз үкіметінің алдына Ресей аумағы арқылы Персиямен транзиттік сауданы қалпына келтіру туралы мәселені табанды түрде қойып, 1741 жылы Решта қаласында ағылшын сауда факториясының ашылуына қол жеткізді.<sup>1</sup> Ағылшын көпестерінің Орта Шығысқа, бірінші кезекте, Персияға сауда маршруттары, негізінен алғанда, Каспий теңізінің шығыс жағалауымен өтетін, мұның өзі ағылшын коммерциялық топтарының Батыс Қазақстанның және көршілес Орта Азия хандықтарының аймақтарын зерттеуге мүдделі болуын анықтап берді. XVIII ғасырдың 30–40-жылдарында ағылшының бірнеше сауда агенттері мен көпестері Қазақстанда болып, олар қазақ билеушілерімен және Орталық Азия халықтарымен тікелей қарым-қатынас орнатты, Қазақстан мен Орталық Азияның басқа да елдері туралы географиялық, саяси және әлеуметтік-экономикалық мақсаттағы алуан түрлі мәліметтер жинағы. Өздерінің отандастарына олар ықылас танытқан қазақ даласы туралы ақпаратты алғаш хабарлаған ағылшындар арасында орыс мемлекеттік қызметінде уақытша болған теңіз капитаны

Джон Эльтон, кескіндемеші Джон Кэстль, Томас Вудроф, шотланд хирургі Джон Кук, сондай-ақ XVIII ғасырдың 40-жылдарында<sup>2</sup> Каспий маңы ойпатына саяхат жасаған көпестер Реональд Гок пен Джонатас Ганвей болды. Олар жинап, өндеген материалдар Англияда және Еуропаның басқа да елдерінде жарияланып, кейіннен британ көсіпкерлерінің қазақ жері мен Орталық Азия хандықтарына ынта-ықыласының күшеюіне біршама себін тигізді.

XIX ғасырдың екінші ширегінен бастап, Орта Азия хандықтарына, Персия мен Шығыс Түркістанға британ елшілік миссияларының жандана тұсуі Ресей мен Англияның Орталық Азиядағы өнім өткізу рыногы үшін экономикалық бақталастығы мен олардың арасындағы Таяу Шығысқа ықпал өрісі жолындағы саяси құрестің үдей тұсуі жағдайында өтті. Андрианополь (1829 ж.) және Унцияр-Искелес (1833 ж.) шарттарының жасалуынан көрінген Кавказ аймағында Ресей жағдайының күшеюі Англия тарапынан бірден-ақ жігерлі қарсы қымылға тап болды, ол патша үкіметінің екі бағыттағы – Таяу Шығыс және Орта Азия бағыттарындағы сыртқы саяси қадамдарын қатарынан жансыздандырып тастауға тырысты.

Ағылшын барлау экспедицияларының Орталық Азия мен Оңтүстік Қазақстанға ену өрекеттерінің алдында Англияның өз ішінде қызу насиҳат науқаны болып өтті, ол көп жағынан Батыста кеңінен белгілі ағылшын дипломаты өрі көсемсөзші Дэвид Уркварттың жеке басына байланысты болды. Оның 1830 жылдары жазылып, жарияланған еңбектерінде Ресей империясының Персияны қосып алу ықтималдығы, көп кешікпей орыс өскерлерінің Түркістанға жорық жасайтыны және тез арада өскери-саяси және басқа да шаралар қолданылмаған жағдайда Үндістандағы британ үстемдігінің құлайтыны туралы болжамдар жасалған еді.<sup>3</sup> Уркварттың Англияның азиялық иеліктеріне орыстардың қатері туралы жазбалары британ өнеркәсіп топтары мен жұртшылығы арасында аландаушылық туғызды, мұның өзі ағылшын қоғамында сыртқы экспансияға итермелеген құлышындардың үдей тұсуіне себепші болды.<sup>4</sup>

«Орыстардың қаупі және Үндістанды қорғау қажеттігі туралы лақап Англияның Орталық Азиядағы сыртқы саяси және өскери экспансиясының ұзак кезеңге арналған идеологиялық тұғырнамасына айналды. Ост-Инд компаниясы қызметкерлерінің, Форин-оффис агенттері мен ағылшын дипломаттарының Бұхараға, Хиуаға және Қоқанға барлау мақсаттарымен жиі сапарға шығуы сол кең ауқымды саясаттың маңызды компоненттерінің бірі болды. Орталық Азия мен Шығыс Түркістанға ағылшын барлау миссияларының енуі XIX ғасырдың 30–40-жылдарында екі бағытта: Солтүстік Қазақстан даласының жапсарлас жатқан белдеуін қоса алғанда, Оңтүстік Орал мен Сібір жағынан және Британия Үндістанының аумағы мен соған шектес азиялық иеліктер тұсынан жасалды.

Орталық Азияның рыноктарында Ресей бәсекелестігін жою және Британ өнеркәсіпшілері мен саудагерлерінің солтүстіктен оңтүстік-шығыс бағытындағы неғұрлым қысқа сауда жолдарын ашу мүдделерін көздең, 1824 жылы Орынборда Джеймс-Бэли Фрезер бастаған Інжілдік миссия құрылды. Інжіл ілімін тарату жөніндегі миссионерлік қоғам ретіндегі бұл мекеменің ресми мәртебесі қазактар арасында христиан дінін тарату үшін ғана емес, сонымен қатар барлаушылық-ірткі салушылық мақсатта да уағыз жүргізуге мүмкіндік берді.<sup>5</sup>

XIX ғасырдың 20-жылдарында Орынборда Британ барлаушысы Сандерсон басқарған топ жұмыс істеді, ол Қазақстан және Орта Азия елдері туралы алуан түрлі материалдар жинап, алынған деректерді Орта Шығыстың басқа елдеріндегі өз өріптестері арқылы Лондонға жіберумен айналысты. 1827 жылы Орынбор өкімшілігі өз агенттерінен бұл топтың орыстарға қарсы саяси қызметі туралы кең көлемде ақпарат алып, Сандерсонды елден қуып жіберді.<sup>6</sup>

XIX ғасырдың 30-жылдарынан бастап Англия Орта Шығыстың өз түрлі елдерінде өскери-саяси, барлаушылық және насиҳат қызметін едәуір жандандыра түсті. 1831 жылы ағылшын офицері Артур Конолли Англиядан Ресей арқылы Иран мен Ауғанстанға саяхат жасап, бұл елдердің экономикалық жағдайы және өскери-саяси мүмкіншіліктері туралы маңызды материалдар жиһады. Сонымен бір мезгілде дерлік Ост-Инд компаниясының лейтенанты Александр Бернс Үндістаннан Орталық Азияға үзак уақытқа созылған сапар жасап, Бұхарада бір жылға жуық уақыт болды.<sup>7</sup> Бұл сапар мақсаттарының бірі Ресейге қарсы жасалуы ықтимал соғыс қымылдары жағдайында жергілікті жердің топографиясын зерттеу болды. Бұхара хандығының аумағы және оған жапсарлас жатқан қазақ жерлерінің аудандары бойынша «саяхат» туралы жарияланған материалдарында Бернс және оның қол астындағы офицер Герберт Вуд Арал-Каспий ойпатын, Арал теңізін және оның төңірегін, Әмудария мен Сырдария аудандарын суреттеуге көп көңіл бөлген. Сонымен бірге олардың енбектерінде қазактардың қасіптері, мінез-құлқы мен әдет-ғұрыптары туралы, олардың діни сенімінің деңгейі туралы егежай-тегжайлі және басқа да көптеген мәліметтер келтірілген.<sup>8</sup>

XIX ғасырдың екінші ширегінде ағылшын үкіметі өзінің Азия бағытындағы өскери-саяси белсенділігін еселей тұсуге кірісті. Гераттың маңызды стратегиялық жағдайын ескере отырып, Англия 30-жылдардың басына қарай осы кінәздікке берік орнығып алып, оны Орталық Азияға ілгерілеу үшін алдыңғы шеп ретінде пайдаланды. Кейіннен ағылшындар Хиуа мен Бұхарага өз агенттерін Герат арқылы жіберіп отырды. Осыған байланысты сол оқиғалардың тұстасы Фридрих Энгельс Гератты «құшті державалардың колында Иранға да, Түркістанға да үстемдік ету үшін пайдалана алатын» кең-байтақ аймақтың стратегиялық орталығы деп жазды.<sup>9</sup> 30-жылдардың екінші жартысында Англия Ауғанстанда да өзінің өскери-саяси жағдайын едәуір қүшайтетүсті, мұның өзі Ресейдің Орта Азия елдеріне деген геосаяси дәмелеріне едәуір дәрежеде қатер төндірді.<sup>10</sup>

Орыс шекаралық өкімшілігі, сол арқылы – Петербург Орта Азия хандықтарындағы және көршілес Шығыс Түркістандағы оқиғалардың даму барысын мұқият қадағалап отырды. Патша үкіметінің Орта Шығыста бұрын алған орнын сақтап қалуға және мұнда Англияның Ресейге нұқсан келтіре отырып өз экономикалық және саяси үстемдігін кеңейту өрекеттеріне кедергі жасауға ұмтылышы Петербургті Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азиядағы өзінің сыртқы саяси қызметін жандандыруға итермеледі. 1830 жылы Сыртқы істер министрлігі Азия департаментінің бастамасы бойынша хорунжий Н. Г. Потаниннің қазақ даласы арқылы Қоқанға сапары жасалды, 1835–36 жылдарда П. И. Демезон мен И. В. Виткевичтің Бұхара хандығына дипломатиялық миссиялары, 1839 жылы Е. П. Ковалевский мен А. Р. Гернгросстің елшілігі, 1841 жылы – К. Ф. Бутеневтің Бұхараға және сол жылы П. Никофоров пен Г. И. Данилевскийдің Хиуаға елшілігі

жіберілді. Бұл сапарлардың нәтижесінде Хиуаның және Бұхараның хандарымен патша үкіметінің орыс-азиялық сауда мәселелері жөніндегі кейір маңызды келісімдерге қол жеткізілді және орыс көпестерінің осы елдердің саудагерлерімен сауда жасауы жағдайларында Орта Азия хандықтарындағы ішкі саяси жағдай туралы және Хиуа хандығының Сыр өнірі қазактарына қатынасы жөніндегі саясаты туралы бағалы барлау деректері алынды.<sup>11</sup>

Сонымен бірге 30–40-жылдар шебінде, ағылшын-ауған соғысы қызып жатқан кезде және Орта Шығыста Британияның саяси ықпалын орнықтыру қаупі күрт күшеюіне байланысты, патша үкіметі орыс-ортаазиялық қатынастар тарихында тұңғыш рет Хиуаға қарсы соғыс қимылын жасауға рұқсат етті, мұның алдында Ресей империясының Орта Азиядағы саясатына едәуір дәрежеде стратегиялық мән берілген еді. Петербургтің жорамалданып отырған басып кіруі қарсанында жарияланған ресми декларациясында Әмудария мен Сырдария өзендерінің аралығындағы өскери экспедицияны жабдықтау негізінен алғанда Хиуаның орыс-қазак қатынастарына өсе түскен араласуын бейтараптандыру, хиуалықтардың шекаралық аудандардағы «талап-тонаулары мен зорлық-зомбылықтарын тыю, қолға түскен орыстарды Хиуа тұтқынынан құтқару және т.б. қажеттігіне негізделді. Бұл орайда Хиуа экспедициясын оның ұйымдастырушылары Ресей империясының Орталық Азияға өскери-саяси экспансиясын жүзеге асыру жөніндегі тұңғыш елеулі қадам деп қарастырды.

1839 жылғы қарашаның орта шенінде Орынбор өскери губернаторы В. А. Перовскийдің 12 зеңбірегі және он мың түйеге артылған жүгі бар төрт мындық жаяу өскерлер отряды Хиуаға қыскы жорық бастады. Бұл өскери авантюраның күйінішті аяқталған нәтижелері жалпы жұртқа мәлім: қатты аяз болып, жел соғуына байланысты отряд 20 желтоқсанға қарай Жем бекінісіне ғана жетіп, жол бойында 2 мың түйесінен айырылды. 1840 жылғы 1 акпанда Перовский Ақбұлаққа жетті, оның арғы жағынан қалың қар басқан Үстірт жазығы басталатын еді. Сол кезге қарай тағы да 5 мың түйе өліп, көптеген адамдар үсікке шалдықты. Азық-тұлік, мал азығы және отын қоры толық дерлік бітті, сөйтіп отряд командиріне кері қайтудан басқа ешқандай амал қалмады. Ақпанның орта шенінде В.А.Перовский өз өскерлерімен Жем бекінісіне қайтып оралды және күн жылығаннан кейін Орынбордағы өз орнына қайтуға мәжбүр болды.<sup>12</sup>

Дегенмен де жорықтың ресми мәлімделген мақсатына қол жеткізілді. 18 жыл өткеннен кейін Ф.Энгельстің Англия өз елшілері Стоддарт пен Коноллиді өз елінде өлтіргені үшін Бұхара өмірінен кек қайтара алмай отырған кезде, хиуа ханы «барлық орыс тұтқындарын бостандыққа жіберіп, бітім туралы келісу үшін Санкт-Петербургке елшілік аттандырды» дегені негізсіз емес болатын.<sup>13</sup>

Сонымен бірге Орталық Азияға орыстардың кең көлемді экспансиясын ұйымдастыру және осы аймақта британ қатысуын болғызбау тұрғысынан алғанда хиуа жорықтарының сәтсіз нәтижелері патша үкіметін асығыс және ойластырылмаған өскери арандатушылықтардан бас тарту және еуразия континентіне Ресейдің одан кейінгі терендеп енуіне саяси және өскери алғышептерді мұқият дайындай бастау қажет екендігіне көзін жеткізді.

## 2. СЫРДАРИЯ БОЙЫНДА РЕСЕЙ ӘСКЕРИ ШЕБІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

1833 жылдың жазында В.А.Перовский Орынбор өлкесінің әскери губернаторы болып тағайындалды. Ол өзінің алдына екі міндеп: біріншіден – орыс билігін мойында майтын қазактарды бағындыру; екіншіден – орыс әскерлерін Орта Азия хандықтарының шекараларына жақыннатуды тездету міндептің қойды.<sup>14</sup> Осы мақсат үшін оған Сырдарияның төменгі ағыстарында жаңа әскери шеп салуға өкім берілді.

Бұл шаралардың жүзеге асырылуы жұртшылықты қатты алаңдатты, сөйтіп Орта Азия хандықтарымен шекаралас қазақ халқы Орынбор өкімшілігіне бағынудан бас тартты. Бұл жөнінде Л.Мейер халықтың бір бөлігі Хиуаға, тағы бір бөлігі қоқандықтарға көшіп кетуге тырысты және оның үстіне билеуші сұлтандарға қарсылық қүшіне түсті деп жазды. Мұның өзі өкімшілікті тәртіп орнату үшін далаға жыл сайын жазалау отрядтарын жіберуге мәжбүр етті.<sup>15</sup>

Сөйтіп Орынбор өлкесінің жаңа губернаторы жүргізген саясат Хиуа мен Коқанның билігіне ұшыраған қазактардың Ресейге дүшпандық көзқарасын қүшетті. Қазактардың бір бөлігі Хиуа мен Коқан аумағына көшіп кетті. Перовский бұл үрдісті тоқтатуға тырысты. Осы мақсат үшін 1834 жылы полковник Жемчужников қазақ даласына жіберілді. 1836 жылдан 1839 жылға дейін орыс өкімшілігі қазактарды тыныштандыру үшін бірнеше жазалау экспедициясын жіберді. Мәселен, 1836 жылы орал қазактарының жазалау отряды Каспий теңізімен 3,5 ай бойы жүзіп, бірақ мақсатына жете алмады. Нақ сол жылдың қысында полковниктер Мансұров, Данилевский және 55 орал казагы мұз үстімен Бозашы тұбегіне барып, бұрынғы тәртіпсіздіктердің басты кінәлілері деп саналған адай руының ауылдарын шауып, талап-тонады. Бұл жолы қолға түсірілген малдың құны экспедиция жөніндегі барлық шығындарды өтеген.<sup>16</sup> Сол жылы еріктілер ретінде жиналған 1000 адам құрамындағы башқұрт отряды сауда керуендерінің өтуіне кедергі жасаған қазактарды жазалау үшін Үлкен Борсық құмындағы қазақ ауылдарын шапты.<sup>17</sup>

Орынбор губернаторы «мазасыз көршісі Аллақұл ханды бір соққымен құртқысы келіп, ақырында Хиуаны жаулап алуға патша ағзамнан рұқсат сұрады».<sup>18</sup> Мұлде сәтсіз аяқталған бұл жорықты В.А.Перовский 1839–1840 жылдарда жасаған. Бұл әскери өрекеттің алдында 1834 жылы Маңғыстауда Ново-Александровск бекінісі мен Орскіден Тройцкіге дейінгі әскери шеп салынған болатын.

Хиуаға қайталап жорық жасалуынан қауіптенген Аллақұл хан 1840 жылдың жазында Ресейге 424 орыс тұтқының қайтарды. Ресеймен достық туралы келіссөздер жүргізу үшін ол Петербургке елшілер жіберді. Сонымен қоса жарлық шығарды, оған сәйкес «ендігі жерде ешкім орыс иеліктеріне шапқышылық жасамауға және орыс тұтқындарын сатып алмауға тиіс» болды.<sup>19</sup>

1834–39 жылдарда қарулы жазалау экспедициялары Маңғыстау және Арап өнірі қазактарына орасан зор материалдық және моральдық зиян келтірді, алайда олардың моральдық рухы жасыған жоқ. Кіші жүздегі патшалық-отаршылдық саясатқа қарсы халық көтерілісі сол жылдарда басталды. Сол арқылы В.А.Перовскийдің Арап өнірі қазактарын тыныштандыру жөніндегі саясаты мақсатына жетпеді, керісінше Кіші жүздегі саяси жағдайды асқындыра түсті. Патша үкіметі Хиуа жорығын қайталағысы келді. Мұны В.А.Перовский баянда масының соңғы бетіне I Николай қойған:

«Өкінішті-ак! Өте өкінішті! Бірақ құдайдың еркі болуға тиіс және оған көнбесең болмайды. Енді Бірінші мүмкіндік болған кезде экспедицияны жаңарту үшін сөзсіз шаралар қолдану керек», — деген бұрыштамасы дәлелдейді.<sup>20</sup>

Хиуа жорығы сәтсіздікке ұшырағаннан кейін В.А.Перовский Сырдария әскери шебін құрудың тікелей басшысына айналды. Бұл міндет үлкен мақсатты: Сырдарияның төменгі ағыстарында, Коқан және Хиуа хандықтарының тікелей шекаралары бойында әскери күштерді нығайту, сондай-ақ бұл аймакты стратегиялық, экономикалық тұрғыдан зерттеу, Аral теңізі мен Үстіртті игеру мақсатын көздеді.

XIX ғасырдың 40-жылдарында патшалық Ресей Орта Азия хандықтарын түпкілікті жаулап алуға өлі де өзір емес еді. 1839 жылдың аяғындағы Перовскийдің басшылығымен Хиуаға жасалған сәтсіз жорық өлі де естен кете қоймаған болатын. Үкімет жаңа жерлерді басып алу үшін мұқият дайындық қажет екенін түсінді. Орта Азия хандықтарының экономикалық және саяси хал-жағдайын зерттеу күштейтіле бастады. Осы мақсатпен 1841 жылы Хиуаға және Бұхараға дипломатиялық миссиялар жіберілді. Хиуаға бас штабтың капитаны Никифоров бастаған орыс елшілігі жіберілді.

Бұл миссияға Хиуадан Сырдарияның солтүстігіне қарай бұқіл аумақты және ішінара Каспий теңізінің шығыс жағалауын Ресейдікі деп тануға қол жеткізу тапсырылды. Сонымен бірге Хиуамен орыс саудасы үшін қолайлыша жағдайды қамтамасыз ету керек болды. Орыс дипломаттарының алдына хандық аумағындағы құлдықты жою және барлық орыс тұтқындарын қайтару міндеті қойылды.<sup>21</sup> Орыс елшісі Никифоровтың Аллакұлмен келіссөздері тілегендей нәтиже бермеді. Хиуа ханы қаза тапқаннан кейін (1842 ж.) оның ұлы Раҳымқұл (1842–1845) мен оның інісі Мұхаммед Әмин (1845–1855) Аral өніріне тонаушылық шапқыншылықты жалғастырды. Ал оның бер жағында 40-жылдардың екінші жартысынан бастап патшалық Ресей Орталық Азияға біртінде және жоспарлы тұрде тереңдеп енуін жалғастыра берді. 1847 жылы орыс әскерлері Сырдарияның сағасын басып алып, онда сол жылы Райым бекінісін, ал 1848 жылы Қазалы фортын салды.

Сырдарияның сағасына Ресей әскерлері келгенге дейін жергілікті казак халқы хиуа және қоқан әскерлерінің тұракты шапқыншылықтарынан зардап шегіп отырды. Сонымен бірге Сырдарияның төменгі ағысы Ақмешітке дейін Ресей аумағы деп саналып келді, өйткені ол Кіші жүздің бір бөлігі болатын. Бірақ іс жүзінде бұл аумақ Хиуаның билігінде болды, мұнда хиуа ханының қойған адамдары жергілікті халықты тонап, ру басшыларын сатып алып отырды. Осындай жағдайда Сырдария сағасының халқы Райым бекінісін, Қазалы мен Ресейдің басқа да әскери форпостарын салуға, сондай-ақ Аral теңізін зерттеу мен игеруге қосалқы жұмысшылар мен жолбасшылар ретінде белсене қатысты.

Аral өнірінің кейбір ру басшыларының Ресейге оң көзben қарауы үшін патша үкіметі оларды марапаттап отырды. Бұл жөнінде 1847 жылғы 15 наурызда Орынбор шекаралық комиссиясы сұлтан Баймағамбет Айшуақовқа «Үкіметке ерекше берілгендігімен көзге тұскен казактың үш биін, атап айтқанда қыпшак руынан хорунжий Балқожа Жаңбыршинді, Кішкене шекті руынан Жанқожа Нұрмұхамедовті және Үлкен шекті руынан Есет Көтібаровты марапаттау, аталған адамдарға «адалдығы үшін» деген жазуы бар алтын медальмен қоса Ашпа лентасын тағып жүргуге рұқсат етілді» деп хабарлады.<sup>22</sup>

Бұған қарамастан қазақ билерінің орыс өкімшілігіне он қөзқарасы ұзаққа созылған жоқ. Отаршылдар өздерінің көрсеткіштерімен Аral өнірінің байырғы халқын өздеріне қарсы қойып алды. Соның салдарынан халық орыстардың өскери қүшіне қарулы қарсылық көрсетті.

Жаңа форпосттар орыс гарнизондарының біртіндеп Сырдария бойымен жоғары өрлеуіне және қоқандықтардың ірі бекінісі Ақмешітке жақындауына мүмкіндік берді. 20 күн қоршаудан кейін 1853 жылғы 28 маусымда Ақмешітті орыс өскерлері басып алды, сөйтіп Сырдарияның төменгі ағысында Сырдария шебі құрылып, оған Райымнан Ақмешітке дейінгі аудандар енгізілді.<sup>23</sup>

Сонымен Перовскийдің екінші өскери-стратегиялық міндеті жүзеге асырылды. Патша үкіметі Хиуа және Қоқан хандықтарына дипломатиялық арналар бойынша саяси қысым көрсетуді қүшетуге мүмкіндік алды. Сырдария өскери шебі 1864 жылы Түркістан алынғанға дейін сакталып қалды және сол арқылы Қазақстанның кең-байтақ аумағын Ресей толық жаулап алды.

Арал теңізімен кеме жүздіру мақсатында зерттеу басталды. 1848 жылы «Николай» және «Константин» желкенді екі шхунасы бөлшектеліп түйеге артылып Орынбордан жолмен Райым бекінісіне өкелінді, олар қыска уақыт ішінде құрастырылып, суға түсірілді. Бұл шхуналарда жұмыс істеуге лейтенант А.И.Бутаков бастаған 27 адамнан команда құрылды. 1848—1849 жылдарда А.И.Бутаков басшылық еткен экспедиция Арал теңізін зерттеп, соның негізінде теңіз картасы жасалды. А.И.Бутаковтың ұсынысы бойынша Аралда кеме қатынас жолы мекемесі ашылды. Ол өз күнделігінде Арал алабының белгілі бір аралдары мен жағалауының өскери мақсатқа қажеттілігін атап өткен. Атап айтқанда былай деп жазған: «Тоқмақата аралы бекініс немесе коммерциялық фактория құру үшін өте қолайлы болып табылады. Кеменің өте жақын келуі мүмкін болмаса да оған жету өте оңай... Соғыс қимылдары жағдайында бұл Аралды теңіз жағынан келіп өте аз күштермен басып алуға болады, сонда ондағы көп мал маңызды олжа болар еді. Ауыр заттарды тасымалдау үшін темірден жасалған түбі жайпақ баржалар өте қолайлы болады, олар суға өте батпайды және көп салмақ көтереді».<sup>24</sup>

Бұдан Арал экспедициясының бұл алапты өскери тұрғыдан зерттеуді де өзіне мақсат етіп қойғанын анғару қын емес. Ресей болашақта Хиуа хандығына құрғактан да, теңізден де шабуыл жасау ниетін көздеді. Кеме жүзу проблемасының болашақта да: Хорезммен және Орталық Азиямен одан өрі сауда жүргізу мүмкін болуы үшін зор маңызы бар еді.

А.И.Бутаков өз күнделігінде жергілікті халықтың экспедиция мүшелеріне көзқарасын көрсеткен. Оның хабарлауына қарағанда Хиуалықтар «Константин» және «Николай» шхуналарының жұру жолын қадағалап отырған, олар Тоқмақата аралында болған кезде, өздерін хиуалықтардың қадағалап жүргенін талай рет анғарған. «Кейде бейнебір бізді андып жүрген сияқты бұталардың арасынан арғымақ мінген Хиуа салтаттылары көрініп қалатын» деп баяндаған.<sup>25</sup>

Арал алабын екі жыл зерттеу нәтижесінде экспедиция мүшелері үлкендікішілі көптеген аралдар «ашты».<sup>26</sup> Олардың кейбіреулері қайта аталды. Мысалы: Барсакелмес аралы патша ағзамның құрметіне I Николай аралы болып атала бастады. Тоқмақата аралы да қайта аталды.

Ресей империясы Орталық Азия мен Қазақстанның реформаға дейінгі кезеңде дәйекті және белсенді сыртқы саясат жүргізді. XIX ғасырдың орта

шенінде Орталық Азия Ресей мен Англия арасындағы шиеленіскен саяси және экономикалық құрес аренасына айналды. Ресей мемлекеті аймакты зерттеу мақсатымен, сондай-ақ ағылшындардың ықпалын өлсірету үшін Орталық Азия мен Қазақстанға екі миссия ұйымдастырады. 1858 жылы Шығыс Иран мен Гератқа шығыстанушы ғалым Н.В.Ханыков басшылық еткен ғылыми миссия, Хиуа мен Бұхараға полковник Н.П.Игнатьевтің дипломатиялық елшілігі аттандырылды. Миссиялар жалпы міндепті – Орталық Азия мемлекеттерінің саяси және экономикалық жағдайын зерттеу міндептін шешті.

Н.П.Игнатьевтің миссиясы құрамында дипломаттар, Орынбор басқармасының шенеуніктері, өскери адамдар, ғалымдар болды. Хиуаға теңіз флотилиясы да жіберілді. Оның А.И.Бутаков басшылық еткен кемелерінің Аral теңізінен Әмударияға жоғары шығуына тұра келді.

Құрғактағы миссияның мүшелері 1858 жылдың шілдесінде Хиуаға келіп жетті, онда «хан сарайы төңірегіндегілердің дүшпандық және күдікшілдік көзқарасына тап болды.<sup>27</sup> Мұрағат құжатында былай деп атап өтілген: «Н.П.Игнатьев сегіз адам құрамындағы өз нөкерлерімен ханға бір-ақ рет кіріп, онда бір сағаттай уақыт болды. Айтар болсак Сейіт-Мұхаммед хан осы өңгіме кезінде Игнатьев мырзаға... ол, хан біздің елшілігімізді Бұхараға өз иеліктері арқылы өткізе алмайтынын түпкілікті хабарлады және сонаң соң Игнатьевтен Хиуаға келген жолымен Ресейге тұра қайтуын сұрады».<sup>28</sup>

Орынбор губернаторына өз хабарламасында Н.П.Игнатьев былай деп жазды: «Хиуалықтар шекараны Сыр өзені бойымен белгілеуді және Әмудар мен Сыр өзендері арасында көшіп жүретін қазақтарға өздерінің иелік ету құқығын тануды табанды түрде сұрайды. Менен қанағаттанарлық жауап алмаған олар қазақтар арасында мені бұған келісті деген лақап таратуда. Солай бола тұrsa да, менің келісім шартын ойдағыдай жасасу жөніндегі үмітім өлі де бар».<sup>29</sup>

Алайда Н.П.Игнатьевтің бұл үміттері акталмады. Хиуа ханы Әмудария бойымен кемелердің жүзуіне тыйым салды және Ресеймен шарт жасасудан бас тартты: Ресей мен Хиуа арасындағы келіссөз табыска жеткізбеді. Орта Азия хандықтарында жеті ай болуы полковник Н.П.Игнатьевтің дипломатиялық елшілігіне қатысушылардың саяси күштердің орналасуын, бекіністердің қуатын анықтауға, сондай-ақ өлкенің экономикасымен танысуына мүмкіндік берді. Н.П.Игнатьевтің Хиуа мен Бұхараға дипломатиялық миссиясы орыс-бұхаралық және орыс-хиуалық сауда байланыстарының жандануына жеткізді. Бірақ бұл байланыстар Ресей мен Орта Азия хандықтары арасында қалыптасқан қайшылықты шешіп бере алмады.

XIX ғасырдың 40-жылдарының аяғында Ресей өзінің Сырдария өзеніндегі пәрменін нығайтып алды. Соның нәтижесінде ол Хиуамен, оның шығыс шет аймактарымен тығыз қатынасқа түсті. Қазақстанды, Коқан және Бұхара хандықтарын жаулап алуына байланысты Ресей Түркістан генерал-губернаторлығын құруға мүмкіндік алды. 1869 жылы ол Красноводск шығанағын иеленіп алды, сол арқылы Хиуа үш жағынан: батысынан орыс өскерлерінің Кавказ отрядымен, солтүстігінен – Орынбор және шығысынан – Түркістан отрядтарымен қоршауға алынды. Хиуа ханы Ресейге көзқарасы жөніндегі дүшпандық саясатын жалғастырып, қалыптасқан жағдайдан тиісті қорытынды жасамады. Бұл туралы Гиршфельд пен Галкин былай деп жазды: «... бірақ Хиуа сірө

мұны анық ұғынбай, бұрынғысынша өзінің дүшпандық әрекеттерін тоқтатпа-са керек. Рас, Хиуада ханға Ресейдің күш-куатымен санасуды айтқан адамдар болды, бірақ оларға құлақ асқысы келмеді. Солардың ішінен тіпті қазіргі Хожайлі begі Мұртаза би Қожа Ресейге тым берілгендердің үшін айыпталып, тұрмеге қамалды».<sup>30</sup>

Ресей хиуа билеушісінен Хиуада орыс адамдарын сатуды тоқтатуды, тұтқындарды босатуды және Ресей иеліктері шегіне шапқыншылықты тоқта-туды қатаң талап етті.

Әзірленген жоспарға сәйкес 1873 жылдың көктемінде Хиуаға үш жақтан: Кавказ, Орынбор және Түркістан округтері жағынан өскер жіберілмекші болып шешілді.

Өз кезегінде Хиуа ханы өздерінің мемлекеттік шекараларын нығайту үшін бірқатар өскери іс-шаралар жүргізді. 1858 жылы Н.П.Игнатьев құпия шифрмен былай деп хабарлаған: «Жалпы алғанда хиуалықтардың әре-кеттері достық сипатта емес. Тенізге шығатын Әмудария өзеніндегі Дәу-қараға жақын жерде көп кешікпей бекініс салына бастап, оған 100 өзбек отбасын көшіреді. Оған өскери бастық етіп, тік мінезді, қатыгез және ба-тыл Якуб-би Мехрем тағайындалады».<sup>31</sup> Шынында да, бір жылдан кейін «Хиуа ханының бұйрығы бойынша биылғы жазда Дәуқараада Корғанша бекінісі салынып, онда қазіргі уакытта 500 адамы бар Якуб-би бек болып тағайындалды...»<sup>32</sup> Сол сияқты Куандарияның құрғап қалған арнасының сол жағасында өзенді бақылап отыратын Сіренқала бекінісі салынды. Солтүстік шекарасында хиуалықтар бірнеше бекініс: Аққала, Қылышқа-ла; Мыңбұлак, Үрге бекіністері мен басқа да көптеген бекіністер тұрғызы-ды. Ол бекіністердің бәрі орыстардың Сырдария өскери шебіне қарсы бағытталды. Тегінде, хиуалықтар орыс өскерлері шабуыл жасайды деп күтіп, хандықтың шекарасын нығайтуға тырысса керек.

1873 жылдың ақпанында генерал К.П.Кауфманның жалпы командалық етуімен орыс өскерлері Хиуаға шабуыл бастады. Жорыққа қатысуышылардың бірі мұны өз хабарында былай деп егжей-тегжейлі суреттейді: «Біздің өскеріміз 10 мың адам құрамында әр түрлі төрт пункттен Красноводскіден, Манғыстау-дан, Орынбордан және Түркістаннан бірнеше отрядтарға бөлініп (Каспий теңізінен) Хиуаға бет алды. Бұл отрядтардың бәрі Хиуа тұбінде оған бірлесіп шабуыл жасау үшін бірігүе және Түркістан отрядымен бірге жорыққа шық-кан Түркістанның генерал-губернаторы фон Кауфманның командалық етуімен ұрысқа кірісуге тиіс болды».<sup>33</sup>

Орыс өскерлерінің ілгерілеуін мұқият қадағалай отырып, хиуа ханы өз мемлекетін қорғауға барлық құштері мен құралдарын жұмылдырды. Ол қару-лы құштерін күтіліп отырған қауіптердің басты бағыттары бойынша топтас-тырды, сондай-ақ қазіргі тілмен айтқанда, өскер мен халық арасында идеоло-гиялық жұмыс жүргізді. Көз көргендердің бірі Сырдария шебінің бастықта-рына 1873 жылғы 24 наурызда былай деп хабарлаған: «Хиуаның молдалары, ишандары орыстар мен алда болатын соғыс себепті Палуан-Ата әулиенің қабірі басында жаудан шегінбеуге және қасық қаны қалғанға дейін шайқасуға аnt берді. Хиуа ханы сол кезде-ақ өз өскерлерін орыстарға қарсы үш колонна етіп аттандырды, олардың Якуб-би басқаратын 7 мың адамдық бір колоннасы; Диуанбек Мәтмұрат басқаратын 4 мың адамдық екінші өскер Дәуқараға; Диуанбектің досы Мәтнияз басқаратын 7 мың адамдық үшінші колонна Мың-бұлак алқабына жіберілді... Ханың жансыздары Түркістан өскери округі

әскерлерінің жүріп келе жатқан жолы туралы дұрыс мәліметтер жеткізіп отырды.»<sup>34</sup>

Түркістан отряды жорыққа екі колонна – Жызак және Қазалы колонналары болып аттанды. Екі колонна 13 наурызда біріншісі Жызактан, екіншісі Қазалыдан жолға шықты.

Маңғыстау отряды да Хиуаға бара жатқан жолында хиуалықтармен қақтығысты. Изді құдығы маңындағы шайқасқа 277 қарулы түрікмен қатысты. Шайқас барысында олардың арасынан 22 адам қаза болып, 21 адам жараланды.<sup>35</sup> «Сонымен бірге казактар жаудан 1000 түйе, 6 мыңға дейін қой және өр түрлі көптеген қару тартып алды. Біздің жағымыздан бір адам, тек прaporщик Кубатиев қана қылышпен жараланды». <sup>36</sup> Полковник Ломакин басқаратын бұл отряд Хиуа қаласының жанында елеулі ұрыс жүргізді.<sup>37</sup>

Орынбор отрядына генерал-лейтенант Веревкин командалық етті. Оның отряды Жем, Үргі, Коңырат, Хожайлі арқылы жүріп өтті. Жолда келе жатқан кезінде Веревкиннің отряды хиуалықтармен талай рет қақтығысты. Шабуылдарға тойтарыс бере отырып, орыстар Хиуаға біртіндеп жакындай түсті.

Орыс әскерлерінің барлық үш отряды Хиуа аумағына бір мезгілде дерлік кіріп, белсенді шабуылға шықты. Хиуа түбінде ғана емес, хиуа хандығының басқа да негізгі мекендерінде елеулі шайқастар болды.

1873 жылдың мамырында орыс әскерлері хиуа хандарының астанасын базып алды. Бұл жорықта орыстар 33 солдаты мен офицерінен айырылды және 124 адам жараланды.<sup>38</sup>

1873 жылғы 12 тамызда хиуа ханы Сейіт Мұхаммед-Рахим мен орыс әскерлерінің командашысы К.П.Кауфман арасында шарт жасалды. Ол бойынша хиуа ханы өзін Ресей вассалы деп мойындал, орыс мемлекетіне көп контрибуция төлеуге тиіс болды.<sup>39</sup>

Жорық нәтижесінде мындаған тұтқындар босатылды, олардың арасында орыстар көп болды.<sup>40</sup> Бұл туралы мәліметтер мұрағат құжаттарында жиі кездеседі.<sup>41</sup> Хиуа хандығындағы тұтқындар саны 40 мың адамға дейін жеткен.

Хиуа хандығын базып алған соң патша үкіметі жанадан жаулап алынған аумакта отаршылдық саясат жүргізді, соның салдарынан қарапайым өзбек, қарақалпақ, түрікмен және қазақ халқы өз феодалдары мен патша шенеуніктері тарапынан екі жақты езгіге ұшырады.

Отаршылдық «бөліп ал да, билей бер» деген белгілі саясат негізінде орыс үкіметі Хиуа хандығының аумағын бөліп жіберді: Әмударияның оң жақ бөлігі Ресейге қарады, ал хандықтың өзі өзеннің сол жағасында қалды. Ресейге қараған аумак 130 мың халқы бар 1920 шаршы шақырым, ал Хиуа жағы 366 615 халқы бар 66225, 8 шаршы шақырым болды.<sup>42</sup>

Әкімшілік жағынан Хиуа хандығы 20 бектікке және екі иелікке бөлінді.<sup>43</sup> Әмударияның оң жағасында құрылған сол аттас округ 1874 жылы Әмудария бөлімі деп аталды. 1887 жылы «Түркістан өлкесін басқару туралы ереже» енгізілгеннен кейін зор өкілеттік берілген бастық басқаратын бөлім Сырдария облысының құрамына енгізілді. Ол өз бөлімінде ғана емес, сонымен қатар Хиуа хандығында да оның ішкі саясатына араласып, тікелей отаршылдық саясат жүргізді. Тек Түркістан генерал-губернаторына бағынды. Сонымен бірге соңғысына ескертпей Хиуа ханы басқа мемлекеттермен дербес сыртқы саясат жүзеге асыра алмады.


### **3. ПАТША ӨКІМЕТИНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ ЭКСПАНСИЯСЫ. АЙМАҚТЫҢ РЕСЕЙ БИЛГІНЕ КӨШУІ**

Патша өкіметінің Қырым соғысында (1854–1856) неғұрлым күшті дүшпандар блогынан жеңіліс табуы Ресейдің белсенді сыртқы саясатының мүмкіндігін едәуір шектеді. Сол екі арада елдегі жаңа рыноктық қатынас та тез және сеніммен күш алып, жедел дамып келе жатқан Ресей әнеркөсібі мен саудасы үшін барған сайын жаңа өнім өткізу рыноктары мен шикізат көздерін талап ете түсті. Шикізат көзі оңтүстік-шығыста болатын. «Ресейдің батыс рыноктарында көп жағынан бірінші орын алған уақыты өтті, – делінген Әскери жинакта, – ал мұның өзі бізді жаңадан шығыс рыноктарын және ең алдымен таяудағы, Орта Азиядағы рыноктарды іздестіруге міндеттейді».<sup>44</sup> Ресейдің сыртқы саясатында Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азияның маңызы күрт өсті. Қазақстанды түпкілікті бағындыру және Орта Азия мемлекеттерімен жан-жакты қатынастарды жандандыру туралы мәселе қойылды.

Бұл мемлекеттермен толымды сауда жасауга көптеген себептер, ең алдымен – Орта Шығыстағы саяси тұрақсыздық және Орта Азия хандықтарының ішіндегі жағдай туралы патша үкіметінде қажетті ақпараттың болмауы кедергі жасады. Мұның өзі Ресейдің Орталық Азияға кіре түсуін тежеді және орыс үкіметін шектес жатқан Азия елдерінде әскери-экономикалық және саяси барлау жолына түсуге итермеледі.

Орталық Азия аймағындағы сауда-экономикалық және әскери-саяси жағдайды анықтау мақсатымен 1858 жылы Н.П.Игнатьевтің Хиуа мен Бұхараға дипломатиялық елшілігі, Шығыс Иран (Хорасан) мен Гератқа шығыстанушы Н.В.Ханыков бастаған экспедиция, Қашғарға баратын сауда керуені құрамында көпес түрінде Ш. Уәлиханов жіберілді. Олар әкелген материалдар патша үкіметіне Оңтүстік Қазақстандағы және Орталық Азия хандықтарындағы саяси күштердің шын мәнінде орналасуын анықтауына, олардың экономикалық және халықаралық байланыстарымен танысуына мүмкіндік берді, сондай-ақ бұл аймақтар жөніндегі Англияның кең көлемді жаулап алушылық жоспарлары бар екенін дәлелдеді.

Ресейдің Орта шығыстағы саяси бағытын белгілеу үшін Н.П.Игнатьевтің Хиуа мен Бұхараға дипломатиялық сапары нәтижелерінің ерекше зор маңызы болды. Орыс елшісінің екі мемлекеттің өзара достық қатынастары туралы шартқа қол қоюдан бас тартқан Хиуа ханымен онша қанағаттандырмайтын келіссөздері Орталық Азияға дипломатиялық елшілер жіберу – «нақ сол мақсатқа... бірақ басқаша түрде жету үшін қолданылуы мүмкін ақшаны босқа рәсүө ету» деген ойды нығайта түсті.<sup>45</sup> Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне жолдаған арнаулы хабарламалары мен арнайы жазбаларында Н.П.Игнатьев «опасыз» шығыс билеушілерімен саяси келіссөздердің бұрынғы тактикасын жалғастыру пайдасыз екенін негізdedі және Орта Азия хандықтарына қарсы соғыс қимылдарын жаңғырту қажеттігін талап етті. XIX ғасырдың 50–60-жылдары шебінде бұл көзқарас Сыртқы істер министрлігінен тиісті қолдау таппады, бірақ жоғары әкімшілік салаларында өзіне күн өткен сайын көп жақтастар таба берді және ақырында, 60-жылдардың орта шенінде Петербургтің ресми пікіріне айналды.



Мерке бекінісі (суретші М. С. Знаменскийдің картинасынан).

Практикалық нәтижелері жөнінен Н.П.Игнатьевтің Бұхарага миссиясы неғұрлым сөтті болып шықты. Ол орыс көпестерін ортаазиямен саудасын едөуір жандандыруға жеткізіп, олар Орынбор шебі мен Нижегород жәрменкесіне құлшына келе бастады. Өз кезегінде Мәскеу сауда компаниясы Бұхарага Ресей тауарларын жіберуге мүмкіндік алғып, олар онда тиімді өткізілетін болды.

Жоғарыда атап өтілгеніндей, сонымен бірге Ресейдің Орталық Азия елдерімен өзара тиімді сауда қатынастарының дамуы Ресейдің Орталық Азиядағы басты қарсыласы Англия түрінде ықпалды одактас тапқан Қоқан хандығының күшті қарсы әрекетіне ұшырады. 1860 жылды Қаратегін және Дарбаз арқылы Қоқанға ағылшынның тәжірибелі барлаушысы Эбді' әл-Маджит жіберілді. Оған хандықтың билеушісі Моллабектің сеніміне кіру және Үндістандағы Британ әкімет орындарымен байланыс орнатуды ұсыну міндеті жүктелді. Бұл сапардың сөтті аяқталғанына Қоқан хандығының басты тірек пункттеріне Британ қаруының берілуі және өскери нұсқаушылар мен қару жасаушылар жіберілуі көрнекі түрде растап берді.

Сонымен қатар Қоқан билеушілері Пішпекте, Меркеде, Әулиеатада және Шымкентте өздерінің алдыңғы шептерін күшету жөнінде шаралар қолданды, атты өскер үшін төніректегі қазактар мен қырғыздардан жазалаумен қорқытып жылқылары мен малын тартып алды, сауда керуендерінің жүріп өтуіне барынша қарсы кимыл жасады. Бұл әрекеттердің бәрі Орынбор және Батыс Сібір әкімет орындарына уақытылы жеткізіліп отырды, сөйтіп олар әлбетте мазасыздық көрсетіп, патша ұқіметі тарапынан жауап шаралар жасауды күшеттүге шакырды.

Ресейдің Онтүстік Қазақстанды жаулап алу жөніндегі экспансиялық мақсаттары негізінен алғанда екі жолмен: біріншіден, қазак даласына бірқатар өскери-барлау және жазалау экспедицияларын ұйымдастыру; екіншіден, дала арқылы өтетін «стратегиялық жағынан тиімді жағдайда болған бекіністер шебін» салу арқылы жүзеге асырылды.<sup>46</sup> Бұл шаралардың бәрін аймакта жергілікті отаршылдық әкімшіліктің өскерлері жігерлі түрде жүргізді, соның нәтижесінде «көптеген ықпалды қазақ көсемдері не шайқастарда өлтірілді, не тұтқынға алынды».<sup>47</sup> Аймакқа терендей шабуыл

жасау Орынбор әбі тарапынан да, Сібір шебі тарапынан да осылайша әзірленді. XIX ғасырдың бірінші жартысының аяғына қарай Орта жүз бен Ұлы жүз аумақтарында Сібір жағынан бастап Ақтау (1835 ж.), Ұлытау (1835 ж.), Қапал (1846 ж.), Сергиополь (Аягөз, 1831 ж.) және басқа бекіністер салынып, олар Ресейдің Іледен арғы өлкедегі тірек пункттеріне айналды. 1848 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторына бағынған Үлкен Орда приставының қызметі белгіленеді. Ол Ұлы жүздің жаулап алынған аудандарын басқаруды жүзеге асырды. 1854 жылы Алматы шатқалында Верный бекінісін, ал 1859 жылы Қастек бекінісін салу аяқталды, Ресейдің Шу алқабы арқылы Қазақстанның онтүстігіндегі Қоқан бекіністерін:

Шымкентті және басқаларын басып алу жөніндегі соғыс Қимылдары... керлерден басталды. 1856 жылы Семей облысының құрамында бастапқыда орталығы Қапал қаласында, ал 1862 жылдан Верный қаласында болған Алатау округі құрылады.<sup>48</sup>

Бұл жылдарда Алатау округі құрамындағы Ұлы жүз қазактарының саны – 25,5 мың шаңырақ, 100 мыңнан астам адам; ал қырғыздар – 15 мың шаңырақ, 60 мыңдай адам болды. Іле және Шу өзендерінің онтүстік бөлігі арасында Дулат руының қазактары (9,5 мың шаңырақ, 38 мың адам) Қоқан иеліктерімен шекарада және Шу өзенінде Шапырашты (2 мың шаңырақ, 8 мың адам), Жаңыс (800 шаңырақ, 2400 адам), Жалайыр (8500 шаңырақ, 34 мың адам), Іленің солтүстігінде, Балқаш көлі мен Верный-Қапал қалаларының арасында Іле өзенінің екі жағасында, Алтынемел және Алатау сілемдері бойында, Ыстықкөлдің солтүстік жағалауында – Албан (7500 шаңырақ, 30 мың адам) руларының қазактары көшіп жүрді.<sup>49</sup>

Жетісуды қоса алғанда, онтүстік қазактары арасында Ресей ықпалын қүшеттүдің тиімділігі кем түспейтін келесі құралы марапаттаулар, атактар беру, жоғары қызметтерге тағайындау, құрмет көрсету және т.б. арқылы ықпалды ру билемшілерін отаршылдық өкімет орындары жағына тарту болды. Мысалы, Алатау округі құрылған кезде оның бастығына жылына 1500 сом жалақы белгіленсе, Ұлы жүздің руларын басқару тапсырылған Сүйік Абылайхановқа, Ғали Әділовке, Рұстем Әбілфейізовқе және Хакім Құловқа – 343 сомнан (Орта жүздегі сияқты) жалақы белгіленді.<sup>50</sup>

Ресей өскерлерінің аймакқа онтүстігінен де, солтүстігінен де ойдағыдай ілгерілеуі 1857–58 жылдарда Шымкент және Әулиеата аудандарында жергілікті қазактардың қоқандықтарға қарсы көтерілісіне де жәрдемдесті. Бұл көтерілістердің аяусыздықпен басылуы да қазактардың едәуір бөлігінің Ресей жағына өтуіне себепші болды. Ал жалпы алғанда, аймактың тағдырын оның жергілікті халқы емес, қайта Қоқан мен Ресей арасындағы соғыс шайқастары шешті, ал осы екі экспансиялық мемлекеттердің жақтастары мен қарсыластары арасындағы құреспен ғана емес, сонымен қатар ішкі жанжалдармен (ру араздығы, барымта және т.б.) және көршілес қырғыздармен қатынастардың шиеленісімен айналысып жатқан қазактардың үлесіне неғұрлым құшті отаршылдық билігіне тұсу тағдыры ғана қалды.

1860 жылы орыс өскерлерінің қоқандықтарға қарсы белсенді соғыс қимылдары басталды: 26 тамызда – Токмақ, 4 қыркүйекте Пішпек құлады, ал 24 қазанда Ұзынағашқа жақын жерде шайқас болып, онда Алатау округінің бастығы подполковник Колпаковскийдің 3 ротадан, 4 жүздіктен, 6 зенбіректен және 2 ракеталық станоктан тұратын отряды қоқандықтардың едәуір күштерін (30 мыңдай адам) ірі жеңіліске ұшыратты.<sup>51</sup>

Бұл оқиғалар кезінде қоқандықтардың озбырлығы мен қысым көрсеткеніне қарамастан, оларды Жетісу қазақтары мен қырғыздарының едәуір бөлігінің қолдауы байқалды. Мысалы, дулат руынан шыққан Андас және Сұраншы билер, ботбай руынан шыққан атақты адамдар Диқанбай мен Әлжан өз қаражаттарынан қоқандықтар жағына орыс өскерлеріне қарсы шайқасқан еріктілердің жасақтарын ұйымдастырып, қаруландырыды. Олар Қапал бекінісін басып алып, қиратуға да ниеттенді. Оларға рубасылары Үмбетөлі мен Байсейіт бастаған қырғыздар бөлігі де қосылды. Егер біреулері қоқандықтарды ашық қолдаса, басқалары соларға игі ниеттес болды.<sup>52</sup> Осыған байланысты генерал-лейтенант М.А.Терентьев 1860 жылғы 15 қазанда Колпаковский ықпалды қазақтарға (капитан Тезек Нұралиевке, подпоручик Жанғазы Сүйіковке және капитан Әбілес Абылаевқа және басқаларға) «сарттардан түскен барлық олжаны беруге уәде етіп, өз батырларымен» өзіне қосылуға шақыру жібергенін көрсетуі тегін емес, «алайда қазақтар қай жағы басым түсетінін күтіп, қызмет көрсетуге асык-пады... олар тіпті жаудың қозғалысы туралы хабар беруден де жалтарды, сондықтан біздің адамдар жаудың бағдарын білмей жобалап жылжыды...».<sup>53</sup>

Қазақтар мен қырғыздардың қоқандықтарға қарсы орыстардың соғыс қимылдарына мұндай көзқарасы, біріншіден, қоқандықтардың дінсіз жаулап алушыларға қарсы аймақ мұсылмандарының қасиетті соғыс – ғазауатты кең көлемде насиҳаттауына және екіншіден, Алатау округінің бастығы Колпаковскийдің байырғы халық жөніндегі қаталдығына байланысты болды, ол байырғы халықтың қатардағы өкілдерін ұсақ-түйек құлақ аспағандық үшін өлім жазасын қолдануға дейін барып, аяусыз жазалап отырды. Қокан өскерлеріне қарсы құресті қыннатқысы келмеген Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорд Колпаковскийден өз қимылдарын неғұрлым абайлап және сақтықпен жүргізуді талап етуге мәжбүр болды.<sup>54</sup> Осы жағдайлардың арқасында 1860 жылғы қазанның басында қоқандықтар «Әулиеата мен Пішпек арасындағы кеңістікте де өздеріне қазақтардың көп бөлігін ерікті және еріксіз түрде қосып алды». Олар кираған Пішпекті иеленіп, содан кейін 10 зенбірегі бар, 20 мындан астам адамнан тұратын Қокан өскери Кордайдан өтіп, Қастектің батыс жағындағы айналма жолдармен шықты да, оны Ұзынағаштан бөліп таstadtы. «Жақын маңайда көшіп жүрген біздің қазақтар дереу соларға қосылды», – деп көрсетеді генерал-лейтенант М.А.Терентьев.

Орыстар сияқты, қоқандықтар да казактың ру шонжарларының өкілдерін сатып алуды кеңінен пайдаланды. 1851 жылдың өзінде-ақ қоқандықтар мол сыйлықтар беріп, Ұлы жүздің ықпалды қазақ сұлтандары тобын өз жағына тартты, ал Керім би бастаған ботбай, шапырашты, қызылбөрік, жаныс, шымыр және басқа да рулардың қазақтары қоқандықтарға бағынатын Шу өзенінің сол жақ аумағына көшіп кетті.<sup>55</sup>

Қоқандықтар да, орыстар да қолдаудан сөл бас тартқаны, өскери күштер үшін қажетті көлікпен, тамақ өнімдерімен, жұмыс күшімен, мал азығымен және басқа да көптеген заттармен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларды уақытылы орындағаны үшін қазақтарды қатаң жазалап отырды. Қоқандықтардың қазақ халқына көрсеткен зорлық-зомбылықтары мен озбырлықтары туралы көп айтылды, сондықтан бұл жөнінен асып кетпесе, ешқандай кем түспеген орыс өскерлері тарапынан жасалған осындай өрекеттерден небері бірнеше мысалдар келтірейік. Мысалы, Ұзынағаш оқиғалары кезінде Ұлы

жүздің Керім би бастап көшіп кеткен рулары, сондай-ақ қырғыздар 1860 жылы генерал-лейтенант М.А.Терентьевтің көрсеткеніндей «олардың бұрынғы қоныстанған жерлерінде жемшөптің жеткіліксіз болуына байланысты біздің жерімізге қыстауға көшіп келді. Сол қазактарды жазалау үшін біз бұл жағдайда дереу пайдалана қойдық».<sup>56</sup> Бұл үшін қазактар да, қырғыздар да аяусыз жазаланды.

Орыс әскерлері бір мезгілде үш шапқыншылық жасады, «ауылдар өртелді, көп мал қолға түсірілді», басқа да екі бай старшындарымен қоса Керім бидің өзі кепілге алынды. Жұзбасы Жеребятьев барлық ауылдарға көшуге жарлық беріп, соナン соң оларды біздің жаққа қуып өкелді. Осы шапқыншылықтардың салдарынан Алатаудың онтүстік беткейлерінде орналасқан қазактар мен қырғыздар қайта көшуге мәжбүр болды. «Қайтадан қашып көшіп барғандар душар болған қалың қар мен шөптің болмауы оларға берілген тағымды бұрынғысынан да еселей түсті», – деп қорытады М.А.Терентьев.<sup>57</sup>

1860 жылғы 2 қарашада Пекинде Жетісудың онтүстік-шығыс бөлігіндегі таулы аймактар мен Күршім өлкесіне Ресейдің құқығын бекітіп берген орыс-қытай шартына қол қойылды. Шарт баптарының бірінде Ресейдің сыртқы саудасы үшін Үргідегі сияқты, Қашғарға да рұқсат беру түрінде онда консультдық «ашып», қытай көпестерімен баж салынбайтын тауар айырбасын жүргізу көзделді.

Алайда Бұхарамен сауда қатынастарындағы сияқты бұл жағдайда да Ресейдің Батыс Қытай рыноктарына өту өрекеттері Орта Азия хандықтарынан Шыңжанға баратын сауда жолдарына қатаң әскери-әкімшілік бақылауды жүзеге асырып отырған Коқан хандығының қарсылығына душар болды. Ресей үшін өте тиімді Пекин шартын іске асыруды Ұндістан мен Кашмир арқылы Батыс Қытайға өз ықпалын таратуға тырысқан Ұлыбританияның өрекеттері де қындана түсті. Сол кезге қарай-ақ ағылшын барлаушылары Жаркент пен Қашғарға еніп алып, Батыс Қытайға апаратын тау жолдарын мұқият зерттеді. Шыңжан мен Орталық Азияда жергілікті шенеуніктер арасында Ресейге қарсы белсенді насиҳат жүргізді. Сондықтан Ресейдің орталық ведомстволары мен жергілікті жерлердегі әкімшілік органдарында Шыңжанды «ашудан» елге келтірілетін экономикалық пайданың әр түрлі жоспарлары Коқанға соғыс шабуылын жасаумен тығыз ұштастырылды.<sup>58</sup>

Алайда А.М.Горчаков басшылық жасаған Сыртқы істер министрлігі бастапқыда әскери күш қолдануға қарсы болды, бұл орайда мұның өзі Англиямен қатынастардың одан әрі шиеленісуіне өкеп соғады деп санады, сондықтан жаңа аумактарды құштеп қосып алудан тартынуды ұсынды.<sup>59</sup> 1861 жылы елдің кәсіпкерлер тобымен тығыз байланысты Д.А.Милютин басқарған Әскери министрлік Орта Азия мәселесі бойынша қарама-қарсы көзқарас білдірді. А.М.Горчаковтың «Англияға жалтақтаған» және Азия істерінде «толық кертартпалық көрсеткен» саяси бағытын сынай отырып, Д.А. Милютин бұл проблеманы Коқан хандығының негізгі стратегиялық орталықтарын басып алу жолымен батыл шешуді жақтады.

Д.А.Милютиннің жаулап алушылық көзқарасы ықпалды сауда-өнеркәсіп және қаржы топтарының өкілдеріне ғана емес, сонымен қатар жергілікті жерлердегі патша әкімшілерінің елеулі бөлігіне де ұнағанын айта кеткен жөн. Әскери министр өз көзқарастарына әскери іс барысында өбден машиқтанған

Орынбор ведомствосының офицерлері арасынан да мейлінше белсенді және дәйекті жақтастар тапты.

XIX ғасырдың 50-жылдарының орта шенінде-ак Орынбор өскери губернаторы А.А.Катенин Петербургке Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азияда соғыс қимылдарына кірісуді талай рет ұсынып, Жөлекті жаулап алуды, онда Түркістан – Шымкент – Әулиеата шебіне шығуды дайындау үшін форт құрып шекаралық шептерді біріктіруді талай рет ұсынған болатын.<sup>60</sup>

Орынбор губернаторының қызметіндегі Катенинді ауыстырған генерал А.П.Безак 1861 жылы өз ізашарының саяси бағытын жалғастырып, өскери министр Милютинді Орталық Азиядағы хандарға қатысты соғыс шарапарын қолдану қажет екендігіне сендеріп бақты. А.П.Безак өзінің Сырдария өзені бойында Ресейдің «берік шекара орнатуын, міндетті қажеттілік ретіндегі» батыл ұсыныстарын дәлелдей отырып, соғыс қимылдарының «тез арада Орынбор және Сібір шептерімен біріктіруге» бағытталуын талап етті. «Егер біз Аral теңізінен Сыр бойымен жоғары өрлеп, онда жаңа форттар құрылышын салсақ, Сібір корпусы тарапынан мұндағы қарсы қозғалыс ұйымдастырылса, – деп жазды ол, – онда Аral теңізінің жағалауына еніп Сырдың сағасына бекінудің сондай-ак Ақмешіт экспедициясын жасау мен Жөлекті тұрғызуын қажеті жоқ болатын еді».<sup>61</sup>

А.А.Катениннен айырмашылығы, А.П.Безак бір ғана Түркістанды алғып коймай, Орынбор және Сібір шептерін біріктіруді жүзеге асыратын Та什кентті де басып алуды ұсынды. Ресей үшін бірден бірнеше үлкен тиімді міндеттерді ол осы міндеттің жүзеге асырылуымен байланыстырыды.<sup>62</sup> Алайда бұл жоспарлар Батыс Сібір генерал-губернаторы А.О.Дюгамельдің тарапынан толық қолдау таппады. Соның салдарынан 1862 жылдың мамырында Петербургте өткізілген Ерекше Комитеттің мәжілісінде Орынбор және Сібір шептерін біріктіру тиімсіз деп танылды.<sup>63</sup>

Алайда бір жыл өткеннен кейін Польшадағы көтеріліске байланысты Англиямен және басқа да Батыс мемлекеттерімен қатынастардың жаңадан шиеленісуі Ресейді экспансияны тездетуге итермеледі. 1863 жылғы 23 қантарда Петербургте Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлары А.П.Безак пен А.О.Дюгамельдің қатысуымен өткізілген кеңейтілген отырыста Сырдария және Сібір шептері арасындағы жерді мұқият зерттей бастауға шешім қабылданды. Оны бір аптадан кейін патша бекітті. Араб флотилиясының бастығы А.И.Бутаковқа Сырдарияның «Перовский фортынан» жоғарғы ағысын зерттеу, ал Орынбор корпусының бастығы подполковник М.Г.Черняевқа Жөлектен Түркістан қаласына дейінгі аралықтың өскери қимылға байланысты жер бедерін зерттеуді жүргізу және Қаратай жотасының солтүстік беткейінен Созақ бекінісіне дейін «тез қимылдайтын отряд» жіберу тапсырылды. Өз кезегінде Сібір өкімет орындары Ілден арғы өлке мен Әулиеатаға жапсарлас жатқан аумақтың оңтүстік аудандарын зерттеуге тапсырма алды. Бұл міндетті орындау үшін, подполковник Дерьхенің отряды Әулиеатаға, ал штабс-капитан Н.И.Проценконың отряды Нарын өзені аңғарымен Қашғарға барлау үшін жіберілді.<sup>64</sup>

Ең алдымен барлау мақсатында жүргізілген жоғарыдағы төрт экспедицияның бәрі бір ортақ, нәтижесі айқын болжанбаған мақсатты көздеді, ол содан кейінгі бес жыл ішінде Орталық Азиядағы соғыс қимылдарының

бүкіл барысына қатты ықпал жасады. Эскери отрядтардың бастықтары өздері мұлде күтпеген жағдайда зерттеліп отырған аудандарда Коқан әскерлері тарапынан азды-көпті күшті немесе үйымдаскан қарсылық кездестірмеді. Жұмағал және Құртқа бекіністерінің гарнизондары Проценконың отрядына іс жүзінде бірде-бір оқатпай берілді. Черняевтің отряды онтүстікке беттегені туралы хабар алғынғаннан кейін Созакта Коқан билігіне қарсы көтеріліс тұтанды. Осы кішкене қала шықтың халқы Коқан гарнизоның қаруын тастауға мәжбүр етті және өзінің Ресей бодандығын алғысы келетінін жариялады.<sup>65</sup>

Созак және Шолаккорған төңірегінде көшіп жүрген бестанбалы руы мен Конырат бірлестігінің қазақтары солардан үлгі алғып, 9 мың отбасы Ресей империясының бодандығына өтті.<sup>66</sup> Көшпелілердің орыс әкімет орындары жағына шығуына итермелеген негізгі себеп патша отрядтары келгенге дейін жақында жатқан ауылдарға Коқан коменданттары жасаған сансыз көп тонаушылықтар мен зорлық-зомбылық негізгі себеп болды. Мұндай шапқыншылықтарды үйымдастыруда, Коқан шенеунің және сарай маңының тарихшысы Нияз Мұхаммед Хукандидің айтуы бойынша, түркістан бегі Мырза Дәulet ерекше көзге түскен, «Түркістанда тонаушылар тобын жинап, қала төңірегіндегі ауылдарды талап-тонаған».<sup>67</sup>

1863 жылдың көктеміндегі Орынбор және Сібір отрядтарының Онтүстік Казақстандағы іс-қимылдарының ойдағыдай корытындылары Сыртқы істер министрлігінің ымырашыл, бірак «шептерді біріктірудің» оралымды жоспарын әзірлеуі үшін негіз болды. Созак, Шолаккорған, Әулиеата арқылы Қаратаудың солтүстік беткейі бойынша өтетін шеп шекара болып белгіленді. Сыртқы істер министрлігі осы шептердің алынуы нәтижесінде «Орта Азия хандықтарымен бейбіт қатынастар» сакталады, ал Сырдария шебін үкіметтің жабдықтауы жаксара түседі деп есептеді.<sup>68</sup>

Алайда Орынбор ведомствосының офицерлері мен М.Г.Черняев, Л.Л.Мейер және әскери губернатор А.П.Безак үкімет ұсынған жоспарды «мейлінше қауіпті және зиянды жартыкеш шара» деп есептеді. Өйткені олардың пікірінше бұл әскерлерді азық-түлікпен жабдықтау проблемасын да, қоқандықтардың әрекеттеріне накты бакылау жасауды да накты шешіп бере алмайтын еді.<sup>69</sup>

Орынбор әкімшілерінің орыс шекаралық шебін онтүстікке жылжыту туралы табанды талаптары көп кешікпей-ақ ойдағыдай накты нәтижелер берді. Көптен бері ойластырылған жоспардың іске асырылуын тездетуге Ішкі істер министрлігінің Азия департаментіне Ұлыбританияның Коқан мен Бұхарада орнығып алуға және Шынжан мен Орталық Азиядағы сауда рыноктарын шығыстағы су жолдары арқылы басып алуға жаңадан әрекеттер жасауы жөнінде келіп түскен құпия акпарат қосымша түрткі болды.

Оқиғалар бетбұрысын Ресей мұдделеріне қатер төндіруінің алдын ға ұмтыла отырып, Д.А.Милютин 1863 жылдың көктемінде Ерекше Комитетке оргаазиялық хандықтар жөнінде белгіленіп отырған әрекеттер туралы баяндаманы табыс етті. Онда Қаратай жотасы бойынша шекаралық шеп күру көзделіші және осы максатка жету үшін Орынбор корпусының әскерлеріне Созакты иелену, ал Сібір корпусының отрядтарына Әулиеатаны колға алу ұсынылды. Баяндамада шекара кейіннен Шымкентті Ресей империясының құрамына енгізе отырып, Арыс өзеніне көшірілуі тиіс екендігі көрсетілді. 1863 жылғы 20 желтоқсанда Д.А.Милютиннің баяндамасын патша бекітіп, ол

Орталық Азиядағы ресми іс-кимыл бағдарламасының мөртебесін алды. 1864 жылға Әскери министрлік шептерді біріктіру жөніндегі операциялардың орындалуын белгіледі.<sup>70</sup> Әскери баспасөзде қоқанның күшті гарнизондары орналасқан Әулиеатаны, Түркістан мен Шымкентті қосып алу қажеттігі туралы науқан өрістетілді.

1864 жылдың алғашқы айларында қарама-қарсы тұрған екі тарап соғыс қимылдарына жедел дайындалды. Қоқан хандығының жаңа басшысы, көшпелі қыпшақ тобының өкілі, Әлімқұл молда бекіністердің қорғаныс қабілетін арттыру жөнінде жігерлі шаралар қолданды, сондай-ақ тәуелді қазақ ауылдарында өз билігін нығайтуға ерекше көңіл бөлді. Осы мақсатпен Қоқан шенеуніктері өз қарауындағы көшпелі халықтан алынатын салықтың мөлшерін көбейтті, ал қазақтар мен қырғыздарды қорқыту үшін Ресей бодандығын қабылдауға тілек білдірген руларды талай рет талап-тонаады. Көшпелілерге шабуыл жасап, талап-тонауды үйымдастыру үшін Қоқан билеушілері әскери бөлімдермен қатар Ташкент ауданындағы қазақтың құрама руларын, негізінен алғанда онтүстікегі қазақтар мен қырғыздардың басқа руларымен салыстырғанда пұрсатты жағдай берілген шаңышқылы руын да тартты.<sup>71</sup>

1864 жылғы ақпан айының басында Әулиеатаға Әлімқұлдың тапсыруы бойынша ташкент парванашысы Кащчи келді, оған Шу алқабындағы қазақ руларын Қоқан жағына тарту міндеті жүктелді. Оған бағыныштылар көшпелі халық арасында қазақтар мен қырғыздарды Ресейге қарсы қресте қоқандықтармен бірігүе шақырған өр түрлі үндеу хаттар таратты.<sup>72</sup>

Алайда төніректегі қыстактар мен ауылдарға үздіксіз тонаушылық-шапқыншылық жағдайларында ғазауат жариялау Қоқанның билік орындарына абырай өпермеді, қайта керісінше жергілікті халықтың наразылығы мен қауіптенушілігін бұрынғыдан гөрі күшайте түсті. Осыған байланысты Сырдария шебінің командашысы полковник Н.А.Веревкин өзінің қайран қалғанын жасыра алмай, Орынборға әскери губернаторға «бізде қалған қоңыраттар және өсіресе қыпшактар осы кезге дейін бізге адал болып қалып, Қоқан билік орындарының қорқытқанына да, уәделеріне де қарамастан, қоқан шегіне көшіп кетпей отыр» деп жазды.<sup>73</sup>

1864 жылдың мамырында орыс әскерлерінің Онтүстік Казақстанға ілгерілеуі негізінен аяқталды және полковник Н.А.Веревкин өзіне сеніп тапсырылған әскерді (44 офицерді, 1593 солдатты, 150 ерікті қазақты, 18 зенбірегімен қоса) қиратылған Сауран бекінісі, Шарнак бекінісі арқылы Түркістан қаласына бастады. Сонымен бір мезгілде дерлік Петербургтен арнайы келген полковник М.Г.Черняевтің отряды (68 офицер, 2571 солдат және сұлтан поручик Қазы Болатұлы Уәлиханов бастаған 400 адам қазақ сарбаздары, 22 зенбірегімен қоса) Верныйдан шықты. 4 шілдеде Черняев Мерке бекінісін ұрыссыз алып, Әулиеата бекінісі бағытында аттанды. Екі күннен кейін екі сағаттық атыстан соң қала алынды. Ал қоқандық комендант Ниязөлі би «400 салт аттымен қорғаннан қашып шықты. Жаяу сарбаздар қаруын тастанап, тұрғындармен араласып кетті».<sup>74</sup>

Қоқан гарнизонының 307 адамы қаза тауып, 390 адамы жарапанды, 341 сарбаз тұтқынға алынды. Орыс әскерлері тарапынан 5 адам жарапанды, ал қаза тапқандар және тұтқынға алынғандар болған жоқ.<sup>75</sup> Шамамен нақ сол күні (9 шілдеде) полковник Н.А.Веревкиннің отряды Түркістанға таяп келді, бірақ қаладан 8 шакырым қашықтықта Қоқан әскерлерінің өршеленген шабуылы-

на ұшырады. Жаудың қатты қарсыласуы полковникті бекіністі қоршауды ала бастауға мәжбүр етті.

Түркістанда Н.А.Веревкиннің отрядына жергілікті бек Мырза Дәulet (1864 ж. өлген) бастаған шамамен саны 1500 адам болатын, жақсы жарактандырылған Қоқан гарнизоны қарсы тұрды. Оған осында тұратын қазактарды қоса алғанда, каруланған қала тұрғындарының бір бөлігі белсенді түрде көмектесті. Оның үстіне Ташкенттен «бұлікшіл» батыр Кенесарының ұлы Садық «сауытқа оранған» 120 адамымен қоқандықтарға көмекке келді, олар Созак және Шолақкорған гарнизондарының біріккен күші болатын. Бірақ қоршаудың басталғанын білген ол өз адамдарымен қайтып кетті. Садықтың ізінен қууға жіберілген жасауыл Савин көп күш жұмсағанына қарамастан, қазақ сұлтанының Ташкент қақпасына кіруін тоқтата алмады.

Жаудың көптеген шабуылдарына тойтарыс бергеннен кейін және 5 адамы қаза тауып, 33 адамы жараланған Веревкиннің отряды қоршаудың үшінші күнінде Түркістанды басып алды.


Петербургтегілер Онтүстік Қазақстандағы соғыс қимылдарының өрбүін өте мұқият қадағалап отырды. Түркістан мен Әулиеатаны алу жөнінде сәтті жүргізілген операциялар астананың жоғары дәрежелі ұлықтарынан қолдау тапты, ал бұл оқиғаларға негізгі қатысуышы адамдар – М.Г.Черняев пен Н.А.Веревкин – шендері көтеріліп, генерал-майор атағын алды. «Түркістан ұрысжорықтарына» басқа қатысуышыларға «ұлы мәртебелінің ілтипаты» көрсетіліп, әр түрлі ордендер берілді.

Сол екі арада, қоқандықтардың оңай және тез жену белгілі бір мағынада алғанда Түркістан генералдарының басын айналдырып, оларды дереу Шымкентке шабуыл бастауға итермеледі. Сол кезге қарай Черняевтің қара-мағында Әлімқұл молданың Ресейден Түркістан және Әулиеата қалаларын қайтарып алушан үміт үзбекені туралы анық мәліметтер бар еді. Осы үшін де Шымкентке елеулі өскер күштерін тартып, сол жерден орыс отрядтарына қарсы шабуыл бастамақшы екені анық болатын. Қалыптасқан жағдайда Черняев Әлімқұлдың алдын алу қажет деп санап 1864 жылғы шілденің басында алдын ала өзірленіп алмай Шымкентке тіке шабуыл жасады.

Алайда Черняевтің Шымкентті 1864 жылғы 22–23 шілде ішінде алуға жасаған әрекеті табыска жеткізбеді. Қоқан гарнизонынан елеулі қарсылық кездестірген ол қаланы қоршауды тоқтатуға мәжбүр болды. Нақ сол кезде Петербургке астыртын хабарламасында ол «Қоқан күштерінің басты тіректерін осы күзден қалдырмай иелену қажет» деп санайтынын мәлімдеді.<sup>76</sup>

Сол екі арада Шымкентте Қоқан хандығының өскери топтарын қолдайтын қоқандық бағдарды жақтаушылар мен қаланың сауда-қолөнер топтарын біріктірген, оған қарсы тұрған топ арасында құрес өрістеді. Соңғылары Ресеймен экономикалық және саяси байланыстарды кенейтуге тікелей мұдделі болатын, өйткені одан көп кіріс келтіретін, сондықтан да ханның озырылышын, араздықтар мен соғыстарды өлсірету үшін қолдан келгеннің бөрін істеді.<sup>77</sup>

Сол кезеңде Онтүстік Қазақстанның көшпелі халқы арасында да саяси күштердің елеулі межеленуі байкалды. Аймақтың онтүстігінде өскери саяси жағдай тұрақсыздығының өсуі, Қоқандағы Ферғана өскерилендірілген тобының үстемдігіне шын мәнінде немесе астыртын дүшпандарға



XIX ғасырдың орта шеніндегі Шымкент қаласы.

қарсы қатаң жазалау саясатының өршуі, Коқан мен Бұхара, Түркістан мен Шымкент және олармен шектес ұсақ отырықшылық-егіншілік қыстактар мен қалалар маңында көшіп жүретін казактар арасындағы араздықтар мен шексіз соғыстар жағдайында 60-жылдардың бас кезінде өлкеде күшті қамқоршы қажет екені айқын аңғарылды. Сондықтан дала өніріндегі көптеген ықпалды адамдар Ресейге бағдар алууды және орыс өскерлерінің табысқа жетуіне көмектесуді жөн көрді.<sup>78</sup>

Шымкентті қоршауға алу кезінде Черняевқа 1840 жылдарда Кенесарының көрнекті серігі болған, көшпелілер арасында беделді би Байзак Мәмбетұлының (1780–1864) баласы, шымыр руының би Ақмолда батыр бастаған қазактардың бір топ белгілі адамдары келді. Ол генералға он мың қазақ жігітін өз отрядына алууды ұсынды және өскер үшін көлік құралдарын беруге уәде етті.<sup>79</sup> Ақмолданың әрекеті билеуші Әлімқұлға белгілі болып, ол Коқан шенеуніктерінің айтуына қарағанда, Нор-Мада парванашыға Байзак биді өзіне алдап әкелуге бүйрық берген, ал би Ташкентке әкелінгеннен кейін Коқан билеушісі, Ақжар руының көзімен көрген қазағы Қалыбай Мәмбетовтің айтуына қарағанда, Байзак датқаны зеңбіректің оқпанына байлап, «оның быт-шытын шығаруға», «мұсылмандыққа сатқындық жасады» және «көпірлерге» бейім деп айыпталған басқа да қазақ билерін атып тастауға бүйрық берген». Атқыштар «оларды мылтықпен атып өлтірген». Әлімқұлдың бүйрығы бойынша қокандықтар жазалаған қазактар арасында шанышқылы руынан Исламқұлпансад пен Темір-пансад, шымыр руынан Әбдуали би және басқа да кейір өскербасылар болған.<sup>80</sup>

Бұл сияқты қорқытудың нәтижесі қоқандықтардың күткеніне мүлде қарама-қарсы болып шықты: қазактар Черняев жағына қашты және оның нашар қаруланған және қарусыз адамдарды отрядка қабылдаудан бас тартқанына қарамастан, олар «оған жан аяマイ көмектесеміз» деп сендірді.

Кейіннен Черняев 1864 жылдың жазында Түркістан мен Шымкент арасындағы кеңістікті мекендереген көптеген қазақ ауылдары Ресей өскерлерінен қорғаныш ізделеп көшіп келіп, олармен бірге қоқандықтарға қарсы аттануға рұқсат сұрағанын жазды. Бұлар негізінен қыпшак, бестанбалы,

конырат, албан, дулат рулары мен басқа да кейбір рулардың әр түрлі бөлімшелерінің қазактары болатын. «Мен қарулары барлардың ғана жүруіне рұқсат еттім, – деп еске алған Черняев, – олар айтқандарынан қайтпады және мен олардан бізге қалай көмектесесіндер деп сұрадым. – Айқаймен, – деп жауап қайтарды олар». <sup>82</sup>

Алайда Черняев сиқым руының биі Кұдайберген Баевов басқарған 1000 адамды ғана отрядқа қабылдаған. Көз көргендердің пікірлері бойынша, қазак сарбаздары қоқандықтармен шынында да батыл шайқасқан және өздерінің айқайымен ұран көтеріп, мұның өзі «үйреніспеген адамдарға қорқыныш ұялатқан». <sup>83</sup>

Жоғарыда суреттелген барлық оқиғалардың өсерімен Коқан тарихшысы Нияз Мұхаммед Куқанди Элімқұлдың «Жиіркенішті мінез-құлқы» және орынсыз қатыгездік әрекеттері салдарынан «барлық қазактар оның жаулары және кәпірлер өскерінің одактастары болып шықты; олар Шымкенттің алынуына себеп болды және дінсіздерді Та什кентке аттануға көзін жеткізген де солар еді» деп өкінішпен айтуға мәжбүр болған. <sup>84</sup>

Көшпелілердің орыс өскерлерін қолдауының көптеген фактілерімен қатар кейбір қазак руларының негізінен алғанда сіргелі бірlestігінің, сондай-ақ Коқан билеушілері қазактардың басқа рулық топтарына қарағанда пұрсатты жағдайға қойған құрама құрамындағы қазактардан шықкандардың қоқандықтар жағында бағдар ұстағанын және Түркістан мен Шымкентті жаулап алу кезінде «коқандықтарға көмек көрсетуге өте белсенді түрде қатысқанын» атап өткен жөн. <sup>85</sup>

Сонымен бірге Оңтүстік Қазақстанның көшпелі халқы арасында Орта Жұз бен Кіші жүздің өріс алған ұрыс қимылдарынан шет қалып, бірақ Коқан өскерлерінің талап-тонауынан қауіптеніп, Жөлек пен Қаратай жотасынан шет жерлерге алыстап көшіп кеткен ру бөлімшелері аз болған жоқ, сөйтіп «Түркістанның төңірегі мұлде қаңырап қалды». <sup>86</sup>

1864 жылдың күзіне қарай Оңтүстік Қазақстанда және Орталық Азияның бірқатар аймақтарында қалыптасқан өскери-саяси жағдай М.Г. Черняевтің өркөкіректік жоспарларына өте сәйкес келді. Бұл кезге қарай қазактардың көпшілігінің белгілі бір дәрежеде орыс өкімет орындары жағына бүйрекі бүрды және қоқандықтарға қарсы қүресте оларға шамасында көмек көрсетті. Коқан хандығының өзінде саяси қүштердің тайтласы қүшейді және хан мен оның ең жақындарының озырылышына қарсы наразылық қүшейді. Сонымен бірге Коқан мен Бұхара арасындағы бұрынғы қайшылықтар жаңа қүшпен көрінді. Коқан хандығы жерінің бір бөлігінен дәмеленген Бұхара әмірі Ферғана аңғарына жаңа шабуыл жасады, сол арқылы Элімқұлды өскерлерінің көпшілік бөлігімен Шымкенттен Та什кентке кетуге мәжбүр етті. Элімқұл Шымкент уәлаятын басқаруды Та什кенттің беклербегі Мырзахметке тапсырды. Ал парванашы Нұрмұхамедті Шымкенттің өскери комендантты етіп тағайындағы, оның билігінде Коқан хандығының «тандаулы өскерлерінен тұратын» он мың адамдық гарнизон болды.

Осы қолайлы жағдайды пайдаланған Черняев өз қимылдарын Петербургпен, тіпті Омбымен де келісіп алмай подполковник Лерхеге өзіне бағынышты төрт рота жаяу өскер, казактар жүздігі құрамындағы өскермен және Әулиеатаның мың адамдық қазак сарбаздарымен Шымкентке аттануға бүйрек берді. Сонымен бір мезгілде Түркістаннан нақ сол бағытқа

басқа отряд (алты жарым рота жаяу өскер, жүз елу казак) шыкты, оны М.Г.Черняевтің өзі басқарды.

19 қыркүйекте екі отряд Шымкентке жақын жерде бірікті және жергілікті жерді аз уақыт барлап алғаннан кейін, 20 қыркүйекке қараған тұні қалаға белгіленіп отырған шабуыл үшін батареялар тұрғызуға кірісті. Бұрынғы қоқан боданы қазақ Қалыбай Мәмбетовтің естеліктеріне қарағанда орыс өскерлердің дайындық шараларына жауап ретінде Шымкент гарнизонының өскери «зенбіректерден гұрсілдетіп оқ ата бастады; бірақ бәрін шаң көміп кетті. Дінсіздер (орыстар. - Ред.) оларға жауап ретінде қаланы мортирден атқылай бастады».<sup>87</sup>

М.Г.Черняевтің күткеніндегі, Шымкент дуалы жанында орыс отряды қоқан батареяларының қатты оқ жаудыруына ұшырады. Қоқан артиллеријасына бұл кезде Пенджабтан шыққан Британ империясының қолшоқпары Джамадар Кабули басшылық еткен еді.<sup>88</sup>

Екі тәулік уақытқа созылған жаумен кескілескен атыс ағылшын үлгісіндегі қоқан артиллеријасы снарядтарының ұшу қашықтығы жөнінен орыс артиллеријасынан кем түспегені былай тұрсын, одан едәуір басым екеніне және бұл артықшылықты өз өскерінің «жақын қашықтықтан ату жылдамдығы мен мергендігі» есебінен ғана жоя алатынына генералдың біржола көзін жеткізді. Ойдағыдай нәтижеге жету үшін Черняев 6 зенбірек пен 4 мортирден тұратын батареяны бұрынғысынан жақындастып, 300 сажын жерге қойып қалау алдарын жақыннан атқылауға бүйрек берді:

Бірақ топырактың қатты болуы және жаудың жиі шабуыл жасауды салдарынан жұмыс баяу жүріп, 21 қыркүйекте таңертең мұлде тоқтап қалды. «Ал қоқандықтарды біздің жұмыстарымыздың баяулауы жігерледіріп, – дед хабарлады бастықтарына Черняев, – бізге қарсы траншеялар арқылы, батареяларын бірте-бірте жақынырақ көшіріп шабуыл қимылдарын бастады және алдыңғы шепке тіпті атқыштар жібере де бастады».<sup>89</sup> Соңғы жағдайды подполковник Лерхе дер кезінде пайдалана білді. Ол өз өскерлерінің едәуір бөлігін жаңсақтық жасап, ілгерілеп кеткен Қоқан жаяу өскеріне жауып жіберді. Оған шабуыл жасап, жауды «өкшелей отырып» бекініс қакпасына тез жеткен олар, «өздеріне наизаның күшімен жол салып, қоқандықтардың өліктерін баса-көктеп қалаға басып кірді». Кол жеткен табысты нығайту үшін Черняев Лерхеге 2 рота солдат және ат жегілген артиллерија взводы құрамында қосымша күш жіберді, іле-шала өзі де 2 рота жаяу өскерімен және 2 батарея зенбірегімен Шымкентке қарай жылжыды.

Қоқандықтардың абыржып қалғанын пайдаланып, Черняев өз отрядымен ордан өтіп қаланың қамалына басып кірді, су құбырының өте биік тіреуге орнатылған ағаш науасымен жүре отырып, науаға жағалай тез орналасып алды. Сонымен шабуыл басталғаннан кейін шамамен бір сағаттан соң қамалымен қоса қала алынды. Орыс өскерлерінен 6 адамы қаза тауып, 41 адам жарапанды.<sup>90</sup>

Ресейдің жалпы Оңтүстік Қазақстанға өскери экспансиясы, өсіресе Ақмешітті, Түркістанды, Әулиеатаны, Шымкентті және басқа да Қоқан бекіністерін қорғаушыларды талқандауы ерекше қатыгездікпен және өскери тұрғыдан актауға болмайтын өрекеттермен жүргізілгенін ерекше атап өту қажет. Балшықтан соғылған дуалы бар бұл бекіністердің тиісті фортификациялық құрылыштары болмады, ал олардың негізінен алғанда бейбіт тұрғын-

дардан тұратын қорғаушылары нашар қаруланған еді. Американ саясатшысы Юджин Скайлердің айтуына қарағанда, Акмешітті орыс артиллеријасы 25 күн бойы атқылаған, соның салдарынан қатты бұліншілікке ұшыраған олар жеңімпаздың ракымшылығына бағынуға өзір болған, бұл туралы оның қорғаушылары генерал Перовскийге тиісті хат жіберген. Перовский бұған қарамастан «азын-аулақ болса да қайткенмен даңққа бөленгісі келіп, қатты отқа тастаған да, елшіге: «Біз бекіністі шабуыл жасап аламыз», — деп жауап қайтарды. Ол келесі күні таңертең солай істеді».<sup>91</sup>

Түркістанға шабуыл кезінде оны да қатты қиратып құшті өрт шығарған орыс әскерлері жергілікті тұрғындарды үрейлендіру үшін ғана Мекеден кейінгі мұсылмандардың екінші қасиетті орны – Қожа Ахмет Йасауи кесенесін де артиллериядан атқылаған. Кесенеге 12 снаряд атылып, олардың 11-і оның қабырғасын тесіп өткен. М.А.Терентьевтің көрсеткеніндей, олар «өулиенің дәрменсіз сөтін көрсетіп, содан тұрғындар қобалжи бастаған».<sup>92</sup>

Шымкент халқы одан да мейірімсіз, ал ең бастысы әскери тұрғыдан актауға болмайтын зорлық-зомбылық пен талап-тонауға ұшыратылды. Полковник Лерхенің және Шымкент үшін шайқастарға қатысқан басқа да орыс офицерлерінің еске алғанында, оған шабуыл жасаудың нәтижелерінде сүмдүк көрініс болған: «Биік бекініс қақпаларының тең жарымына дейін жаралылар үйіліп жатты. Осы тірі тосқауылға артиллерија оқ атқаннан кейін іргесіндегі арыққа қан судай ақты, үрейі ұшқан қоқандықтар, көзге түсіп қалмау үшін қызыл әскери киімдерін лактырып тастап, тым-тырақай жан сауғалады. Еліріп алған Ресей солдаттары бүкіл қаланы найзамен тінтіп шықты».<sup>93</sup> «Байырғы халық деректерінің» айтуына қарағанда, бұл қаланы қорғауда қаза тапқандар саны 3170 адамға дейін жеткен», яғни 1862–64 жылдардағы бүкіл Түркістан науқаны кезінде қаза тапқан Қоқан жауынгерлерінің жалпы санынан едәуір асып түскен.<sup>94</sup> Деректемелер Әулиеата мен Шымкент алынғаннан кейін де орыс әскерлерінің жүгендік жасағанын көрсетеді.<sup>95</sup>

Замандастарының айтуынша Ш. Уәлихановтың Черняевтен кетіп қалуына патша генералдарының нақ осындай әрекеттері себеп болған. Оның ғұмырнамашыларының бірі былай деп жазған: «орыс әскерлерінің Шоқан діндестеріне немесе оның тайпаластарына, яғни қазактарға жасаған айуандығы оны қатты ренжітті. Ол жорыққа ендігі жерде қатыса алмайтындығын көріп Черняевтен қол үзді және Верныйға жетіп, ол жерден Тезек сұлтанның ауылына барды».

Сайрам қаласы да күйінішті жағдайға ұшырады, оның тұрғындарын Черняев отрядының орыс әскерлері жем сатып алу кезінде «б түйесімен қоса төменгі шенді адамдардың бірін» қолға түсірді деп айыптады. Сайрамға 60 қазактан, 48 салт атты атқыштардан және 1 мың қазактан тұратын отряд жіберілді. Артиллериядан оқ жаудырып, басып алғаннан кейін қала тамтығы қалдырылмай тоналды, тұрғындардан елуден астам адам қаза тапты және одан үш есе көп адам жарапанды.<sup>96</sup> Шамамен алғанда сайрамдықтар осылай жазаланды және бұлай жазаланғандар олар ғана емес еді...

Түркістан мен Шымкенттің алынғаннан Орынбор және Сібір шептері түйікталды. Шын мөнінде, Қазақстанның Ресей империясының құрамына кіруінің 130 жылдан астам уақытқа созылған ұзак та күрделі үрдісі осы оқиғамен аяқталды.

Шымкент алынғаннан кейін Ресей үкіметінде Орталық Азияға қатысты бұдан былайғы әскери және саяси шаралар жөніндегі алауыздық қай-

тадан күшейді. Континенттегі халықаралық жағдайдың киындығын ескере отырып, А.М.Горчаков Ресейдің Орта Шығыстағы біртұтас саяси бағытын жасау қажет деген сенімге келді. 1864 жылдың қарашасында Әскери министрлікпен бірлесе отырып, Сырты істер министрлігі патшаға арнаулы баяндама дайындалды, онда Орта Азия аймағындағы іс-қимылдардың нақты бағдарламасы баяндалды.

Патша үкіметінің Орталық Азиядағы экспансиялық саясатын ақтай келіп, патшаның екі министрі де оның сипатын Ресей билігіндегі аумақтарға көшпелілердің шабуыл жасауынан елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған «қорғаныс» сипатында болды деп анықтады. Сонымен бірге баянда мада басып алынған шептерде Ресейдің тұрақтылығын нығайту, одан әрі жаулат алудан бас тарту, ортаазиялық билеушілерімен адаптациянастарды сақтау және оларға орыстар тарапынан «адамгершілік ықпал жасауды» күшетту қажет деген пайымдау айтылды. «Қазіргі уақытта, – деп көрсетті А.М.Горчаков, – Орта Азиядағы біздің иеліктерімізді одан әрі ұлғайтуға үкімет адамдары да, мемлекеттің мұдделері де келіспейді. Жаңадан жаулат алудың кез келгені біздің шекараларымыздың ұзындығын арттыра отырып... Ресейді күшетпегені былай тұрсын, қайта өлсіретеді, сөйтіп көріне келтірілетін зиянның орнына болжалды пайда ғана алмақпаз».<sup>97</sup> 1864 жылғы 21 қарашада патша екі министрдің жоспарын бекітіп, ол Орта Азия мәселесі бойынша үкіметтік бағдарлама маңызына ие болды. Алайда кейіннен Орынбор мен Омбыдағы әскери топтар мен жергілікті өкімшілік үйымдар «Петербург Кабинетінің үнсіз келісуімен бұл бағдарламаны талай рет бұзды».<sup>98</sup>

А.М.Горчаковтың белгілі меморандумы жарияланғаннан кейін жарты жыл өткен соң-ақ Қазақстанның оңтүстігінде жаңадан құрылған Түркістан облысының әскери губернаторы генерал-майор М.Г.Черняев Қоқан мен Бұхара арасындағы Ташкентті иелену құқығы жөніндегі жанжалдың шиеленісін пайдаланып, 1865 жылдың маусымында осы қалаға шабуыл жасап (1950 орыс солдаты мен офицері, 400 қазақ сарбаздары) оны қысқа уақыттың ішінде басып алды.<sup>99</sup>

1866 жылдың жазында Петербургте Ташкенттің болашактағы құқықтық мәртебесі туралы болған қысқа айтыстардан кейін II Александр оны Ресей құрамына қосу туралы жарлық шығарды. Бір жыл өткен соң, 1867 жылдың маусымында орталығы Ташкент қаласында болатын Түркістан генерал-губернаторлығын құру туралы зан жарияланды. Оған жаңадан құрылған Жетісу және Сырдария облыстары кірді.

Оңтүстік Қазақстанға Ресей мемлекеттік-өкімшілік жүйесінің таралуына байланысты оның орасан зор поліэтникалық империяның құрамына қосылуы рәсімделді. Сол кезден бастап Қазақстан ұзак уақыт бойы Ресейдің отарлық шет аймағына айналдырылды.

#### **4. АРАЛ ӨҢДІРІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ XIX ҒАСЫРДАҒЫ ХИУА ХАНДЫҒЫ МЕН РЕСЕЙГЕ ҚАРСЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ**

Ең алдымен Орталық Азияда, атап айтқанда Қазақстанда отаршылдыққа қарсы қозғалыстың пайда болу себептерін атап өткен жөн. Оларға хиуа хандарының басқыншылық өрекеттері және Ресейдің отаршылдық саясаты негіз болды.

Орыстардың Сырдария сағасына келуіне байланысты осында тұратын қазактар патша үкіметінің билігін мойындады. Әрине бұл хиуа хандарының сыртқы саясатына қайшы келді. Олар қазактар арасында орыстарға қарсы насиҳатты қүшетті, ал олардың орыс бекіністеріне жақындалп барып қоныстану мүмкіндігін жою үшін 1847 жылы Куандарияға бөгет салып тастады. Хиуаның Қожанияз бекінісінен бастап, Арап теңізіне дейінгі өзен арнасы құрғап қалды. Алайда бұған қарамастан, қазактар орыстардың Райым бекінісі мен Қазалы фортына жақын жерде одан өрі көшіп жүрді.<sup>100</sup> Хиуалықтар орыс бекіністеріне жақын жерде көшіп жүрген қазактарға шабуыл жасауын жалғастыра берді. «Райым дуалдарының нак түбінде хиуалықтар қырғын салып тонаушылық жүргізді, бірақ қазактардың көмегімен біздің отрядтар, ақырында, олардың шапқыншылық жасауын тоқтатты, олар бізге наразы қазактарды сөз жүзінде қарсылық білдіріп, қастандық жасауға көндірумен шектелді».<sup>101</sup>

Хиуа хандары Сырдария мен Үстірт қазактарына үздіксіз шабуыл жасай бастады. «1847 жылғы 20 тамызда, — деп жазады А.Макшеев, — яғни Сырда орыс бекінісінің негізі қаланғаннан кейін бір ай өткен соң өзеннің сол жағасында орналасқан, Райымнан 70 шақырым жоғары жақтағы хиуалық Жаңақала бекінісі маңында хиуа begi Қожанияз және қазақ сұлтандары, өзін хан деп атаған Жанқозы Шергазиев пен Ермұхамед (Елекей) Қасымов бастаған 2000 адам күші бар хиуалықтар тобыры пайда болды. Тобырдың бір бөлігі Сырдарияның оң жағына өтіп мыңнан астам қазақ отбасын тонады, жиырма отбасының карттары мен балаларын өздерімен бірге алып кетті, 30 сәбиді суға батырып өлтірді, өзінің шекті руына ықпалымен және хиуалықтарға ымырасыз өшпенделігімен мәлім Жанқожаның қарауылдағы төрт батырын өлтірді, сөйтіп осы жүгенсіздіктерден кейін өзеннің сол жағындағы бекінісіне қайтып кетті».<sup>102</sup> 1847 жылғы 23 тамызда Райым бекінісінің бастығы Ерофеев Хиуаның Жаңақала бекінісіне Жанқожа басшылық еткен 200 казақ және 700 қазақ жіберді. Отряд жауды Куандарияның арғы жағына қуып тастады, одан 3 мың түйе, 500 жылқы, 200 бас ірі қара және 50 мың қой тартып алды.<sup>103</sup>

Сырдарияда орыс бекіністерінің пайда болуына наразы хиуалықтар Райымды және №1 фортты (Қазалыны) басып алуға бірнеше рет (1847 және 1848 жылдарда) сәтсіз өрекет жасады, сайып келгенде олар өз шекарасына шегінуге және орыс өскерлерімен қазақ жасақтарының Хиуаға шабуылынан қауіптеніп, онда өскери бекіністер салуға мәжбүр болды. Орыс өскерлерінің қолдауымен Жанқожа Нұрмұхамедов бастаған Сырдария қазактары хиуа басқыншыларын қуып шығып, Сырдарияның төменгі ағыстарында орыс өскери күштері орнықты.

Бұл жөнінде Орталық Азия мен Қазақстанға жаулап алушылық жорықтарына қатысқан кейбір офицерлер өкінішпен айтқан. Атап айтқанда Краус былай деп жазған: «Орта Азияны жаулап алу кезінде өзі жасаған елеулі қатыгездіктер үшін Ресейдің өзі кінәлі екеніне де күмәндануға болмайды. Жәуміттерді Кауфманның соққыға ұшыратып, Ломакиннің, сондай-ақ кейіннен Скобелевтің текеліктерге жасаған қырғының сияқты фактілерді... моральдық тұрғыдан ешбір жағдайда актауға болмайды. Скобелев: «Сендер неғұрлым есенгірете соқсандар, осыдан кейін олар ұзағырақ уақыт тыныштықта болады», — деп мәлімдеді».<sup>104</sup>

Жоғарыда келтірілген мысал Түркіменстан мен Үстіртте де өзгере қойған жок. Отаршыл өкімет орындары Қазақстанда да осында зорлық-зомбылық өдісін қолданды. Бұған төменде келтірілетін нақты деректер дәлел

болады, олар патша өкіметінің отаршылдық саясатының өте реакциялық мәнін сипаттайты.

Қосылып алған аудандардың қазақтары «патша үкіметіне өр шаңырактан жылына 1 сом 50 тиыннан алым төлей бастады».<sup>105</sup> Алайда кейінректе салық мөлшері екі есе көбейтілді. А.К.Гейнс былай деп жазды: «Казіргі уақытта (1866 ж. – Ред.) барлық қазақтар өр шаңырактан 3 сом есебімен тұтін салығын төлейді. Заң Уәли және Бекей хандардың үрпақтары мен олардың өулеттеріне ғана соқпаған... Әрбір шаңырак иесі өз ауқатына қарай сома төлемей, тек 3 сом ғана төлейді... Сонымен іс жүзінде шаңырак салығы, яғни табыс салығы тұтін салығына (шаңырак пұлына) айналдырылған».<sup>106</sup>

Шаңырактар ғана емес сонымен қатар жертөлелер мен басқа түрдегі тұрғын жайлар, яғни байлардың батырақтары тұрған қамыс лашықтарға да салық салынатын болды.<sup>107</sup> Алым барлық халықтан бірдей алынды. Ірі бай, орташа, кедей – бәрі бірдей мөлшерде, яғни өр шаңыракқа ғана төлеп отырды. Мұндай әділетсіздікті тіпті патша өкімшілері де атап өткен: «Мұлде ешнәрсесі жоқ қазақтар тарапынан да, сан мындаған малы барлар тара-пынан да төленуге тиісті бірдей сома белгіленген шаңырақ алымы – өзінен өзі-ақ әділетсіз екені анық».<sup>108</sup>

Көпшілігі өр түрлі қосымшалар болып табылатын, әл, әнеше рет жиналатын салықтар зандастырылмаған, қайта жергілікті өкімшілік белгілейтін еді. Олар қажет болуына қарай жылдың кез келген уақытында жиналатын. А.К.Гейнс қазақ даласын аралаған сапары кезінде былай деп көрсеткен: «Казақтар жергілікті өкімшілік мүшелерін асырауға, пошта жолымен жүріп бара жатқан шенеуніктерге жол жүргені үшін қаражат беруге, пошта және көшу жолдарын жөндеуге, науқастарға және далаға іссапарға жіберілген шенеуніктерге үй беруге, оларға отын жеткізіп беруге міндетті. Бұл міндеткерліктер заттай немесе ақшалай төленеді. Әр түрлі қоғамдық қажеттерді қанағаттандыру үшін қазақтардың өздері белгілейтін барлық шығындар да ақшалай жинап алынады... Қазақтар өміріне шығынның дұрыс жиналмауы ауыр өсір етті және бұл орайда қазақ билеушілерінің қиянат жасаушылығы шектен шығып отырды».<sup>109</sup>

Зансыз салықтардың ауыртпалығы кедейлердің мойнына тұсті. «Облыска тексеру жүргізген кезінде мен (А.К.Гейнс. – Ред.) өз аралауымның қазақтарға қаншалықты қымбатқа түсетінін есептеп шығардым. Небәрі үш экипаж болды. Әрбір 25 шақырымдай жерде екі немесе үш киіз үй тігіліп, 15-ке жуық жылқы айдал өкелінетін, киіз үйлерді тігу үшін үш немесе төрт қазақ және екі әйел, т.б. алдырылатын... мұндай шығындар қазақтарға ерекше бататын, өйткені тағы да қайталап айтайын, олар тек қана кедей адамдардың мойнына түседі деуге болады».<sup>110</sup> Патша өкімшілігі мен жергілікті феодал ұстем толтың алуан түрлі салықтары еңбекшілердің кедейлену үрдісін қүшетті.

Сонымен бірге қазақтар өскери бекіністерге жақын жердегі жолдарды жақсы жағдайда күтіп ұстау, көпірлер салу, бөгеттерді жөндеу, үлкен арықтарды тазалау және басқалары сияқты көптеген өр түрлі міндеткерліктер атқаратын. Бұл жұмыстарға қазақтардың құш-көліктері тегін пайдаланылды.

Сырдария шебінің басқарушысы өз есебінде былай деп жазған: «Казақтардың ауылдары арқылы өтетін жолдарды салу мен күтіп ұстау солардың міндеттеріне жатады, олар жол өтетін жерді жыртқызыбауға тиіс... өткелдерге келетін болсақ, қазақтар бүкіл дарияда өз пайдалары үшін қайықтар ұстайды

Бұл қайықшылардың міндеттеріне форттан фортқа баратын командаларды тегін және басқадай жолаушыларды аз ақы алып өткізу кіреді».<sup>111</sup>

Сырдария шекаралық өкімет үйымдары қазактарды Райымның және №1 форттың (Қазалы) өскери бекіністерін салуға мәжбүрлеу тәртібімен жұмылдырыды. Бұл форпостарды салу үшін мындаған кедейлер айдан әкелінді. Мәжбүрлеу жұмыстары Сырдария қазактарының 1856–57 жылдардағы көтерілісі себептерінің бірі болды. Өз құпия хабарламасында №1 форттың бастығы Булатов былай деп жазды: «Қазактарды орыстарға қарсы дүшпандық әрекеттерге итермелеге қазактарды басыбайлы жұмыстарға пайдалану, сондай-ақ оларға қысым көрсету мен занға қарсы алымдар азды-көпті дәрежеде себеп болып отыр екен».<sup>112</sup> Мәжбүрлеу жұмыстарының салдарынан малшылар, егіншілер, балықшылар өздерінің жеке шаруашылықтарымен айналыса алмады. Суландыру жүйелері дер кезінде тазартылмады, сөйтіп егіншілер су тапшылығына үшырады, адам қолы жетіспегендіктен аз егіннің өзін уакытылы жинай алмады.

Перовский портынан Орынборға жүк тасымалдаудың бәрін түгелдей Сырдария қазактары орынадады. Сырдария шебі оқ дәрілермен, керек-жарактармен және азық-тұліктермен Орынбор арқылы қамтамасыз етіліп отырғанын атап өткен жөн. Бұл үшін көп мөлшерде түйе қажет болды, оларды халықтан жергілікті патша өкіметі жұмылдырып отырды. Қазактардан түйе зорлап алынды. Эрбір қазак қожалығы бір-бірден түйе беруге міндетті болды. Егер түйесі болмаса, кедей оны міндеткерлігін атқару үшін байдан жалдап алуға тиіс еді. Жантөрин сұлтан бұл туралы былай деп жазған: «Бұл жалдау емес, төтенше салық түрінде болды... кедей адамдар өздерінің түйесі болмай көбінесе өздерінің ең соңғы қойын беріп, жалдап алатын және тіпті сатып алатын».<sup>113</sup>

Түйе жалдау үшін 15 сом тәлеу керек болды, бірақ қазактар оны үнемі ала бермеді. Көптеген түйелер жолда өліп қалатын да олардың құны өтелмейтін. Қазактар жол бойында керуендерге қызмет көрсететін лаушылар бөлуге де міндеттелді. Лаушылар қазынадан ешкандай ақы алмады, олар өздерін-өздері асырауға тиіс болды. Керуендерге ілесіп келе жатқан казак урядниктерінің қатыгездік жасауы лаушылардың наразылығын туғызды. Кейде лаушылар түйелерін тастанап, керуеннен қашып кететін.<sup>114</sup>

Патша өкімшілігі барлық жаулап алынған аумақтардағы сияқты, Сырдарияның тәменгі ағысына да Орынбор және Орал бекіністі шептерінен казактардың отбасыларын көшіре бастады. 1848 жылы Райым бекінісі жанында Орынбор казактарының 26 отбасы тұрды. Қоныс аударушылар саны жылдан жылға көбейе берді. Көшіп келушілер ежелгі тұрғындар қазактарды ығыстырып шығарып, Сырдария жағасындағы шұрайлы және жақсы суландырылатын жерлерге орналастырылды. Соның салдарынан Сырдарияның егінші қазактары пайдаланылмай жатқан құнарсыз жерлерді игеруге мәжбүр болды, ал кейбіреулеріне қоныс аударушылар мен шенеуніктердің қожалықтарында жалданып жұмыс істеуге тұра келді. Қоныс аударушылар тәлімді диқаншылықтан ерекше өзгешелігі бар суармалы егіншілікпен бірінші рет кездесті. Суармалы егіншілік қыруар, қажырлы еңбекті керек етті. Үлкен арналар мен тарамдалған суландыру жүйелері шаруалардың қолымен жасалды. Арналар жыл сайын жөнделіп отырды. Егіннің жақсы шығуы негізінен суға байланысты болды. Бірақ қоныс аударушылар мұндай титықтатарлық дene еңбегімен айналысқысы келмеді және жердегі барлық жұмыстарды казак кедейлері орынадады. Олар қоныстанушылардың жер участеклерінде жалданып жұмыс істеді.

Райым бекінісі таратылғаннан кейін қоныс аударушы казактар 1855 жылы №1 фортқа көшті. Жаңа жерде олар суландырылатын жақсы, шұрайлы жерлерге орналастырылды. Бұрынғысы сияқты мұнда да қоныс аударушылар зор артықшылықтарды пайдаланды. Олар жергілікті еңбекшілерді қанады. Сөйтіп Сырдария қазактары екі жақты езгіге ұшырады, оларды бір жағынан патша өкіметі – шенеуніктер, көпестер, қоныс аударушылар, ал екінші жағынан жергілікті феодалдар байлар, билер, сұлтандар және басқалар қанады. Еңбекші қазактар арасындағы наразылық жыл өткен сайын өсе түсіп, ақырында 1856 жылы ашық бой көрсетуге ұласты.

Көтерілістің негізгі себебі жердің тартып алынуы болды. В.В.Григорьев: «Қазалы фортының төңірегінде қазактарды егіншіліктен оларға жосықсыз соқтығу мен казактардың ашқөздігі жирендіруде...» – деп жазды.<sup>115</sup> Бұдан әрі ол бұлай деп атап өткен: олар «олардан (қазактардан. – Ред.) егін егуге қолайлы барлық егістікті тартып алуға әзір; жосықсыз соқтығу мен ашқөздік... 1856 жылы байырғы халықтың (қазақ халқының. – Ред.) көтеріліс жасауына басты себеп болды».<sup>116</sup>

Арал өңірінің қазактары Есет Көтібаров пен Жанқожа Нұрмұхамедовтің жетекшілігімен отаршылдық езгіге қарсы көтерілді. Олар екі бөлікке: Үлкен шекті және Кішкене шекті болып бөлінетін шекті руынан шыққан еді. Біріншісіне – Есет Көтібаров, ал екіншісіне Жанқожа Нұрмұхамедов басшылық етті.

Есет Көтібаров (1807–1888) Көтібар батырдың ұрпағы болатын. Оның өзі қарайтын Үлкен шекті руы арасында ғана емес, сонымен қатар қазактардың көршілес адай, табын, шөмекей, төртқара, Кішкене шекті рулады мен басқаларының арасында да зор беделге ие болды. Есет Көтібаров Жоламан батырмен бірге орыстардың Елек бекінісіне шабуыл жасады, ал 1847–48 жылдарда Жанқожа Нұрмұхамедовпен бірлесе отырып, Сырдарияның төменгі ағыстарында хиуа және қоқан жаулап алушыларына қарсы күрес жүргізді.

Есет Көтібаров хиуалықтарға қарсы күресінде Жанқожа Нұрмұхамедовке талай рет көмек көрсетті. Ол былай тұрсын, Хиуа ханы Жанқожадан сұлтандардың ғана емес, батырлардың да қолымен құтылуға тырысты. 1844 жылы ол Есет Көтібаровқа мынадай хат жіберді: «Жеңілуді білмейтін, женімпаз жаулап алушы Хорезм шахы.

Құрметті, қадірлі және адал Есет батырға!

Хан мейірбандығымен және сыйластығымен сендіріп және үміттендіре отырып, егер сен Тілеуқабақ руының батыл жігіттерімен ауыз біріктіріп Жанқожаны ұстап алсаң немесе өлтіріп әкеп берсан, сөйтіп менің тапсырмамды орындап шықсан, шексіз құрметке, мейірбандық пен қамкорлыққа, басқалардың алдында ізетке және ықыласқа бөленетінің күмәнсіз. Ал олай болмаған жағдайда мен Тілеуқабақ халқын тас-талқан етемін.

Қасиетті Рамазан айының 10-жүлдызы күні 1260 жылғы дүйсенбіде жазылды».<sup>117</sup>



Есет Көтібаров.

Әлбетте, халық батыры Жанқожаның туысы Есет Көтібаров Хиуа ханының арандатуына көнбеді, қайта керісінше, хиуа басқыншыларына қарсы құресте Жанқожаға барынша көмек көрсетті.

XIX ғасырдың елуінші жылдарында Есет Көтібаров орыстардың отарлауына қарсы белсенді құрес жүргізіп, Арап теңізіне бет алған Ресей әскерлеріне қатты қарсылық көрсетті. Бұл жөнінде В.В.Григорьев былай деп жазды: «Ең әрі дегенде 50-жылдарда далада Есет Көтібаров пайда болды. Ол Ақмешітті алу үшін жарактандырылып жатқан экспедицияға түйелер беруден бас тартты. Билемші сұлтан Арыстанды өлтірді... Есет оны ұстауға жіберілген біздің отрядтардан қашып, үш жыл қатарынан далада жортып жүрді».<sup>118</sup>

1847 жылғы 18 шілдеде Жем ауданында Е.Көтібаров өз адамдарымен Орынбор және Орал әскерлерінің 200 казагынан және патша әскери қатарында қызмет еткен сұлтандар басқарған 120 қазактан құрылған жазалау отрядына шабуыл жасады. 30 адамнан айырылған көтерілісшілер Жемнің жоғарғы ағыстарына қарай шегінуге мәжбүр болды. Үкімет әскерлері ізіне түскен олар Арыс-Бұрта және Имеш-Шаған алқаптарына жасырынды.<sup>119</sup> С. Асфендияров Есет Көтібаровтың әскери шеберлігі туралы былай деп жазды: «Көтібаровты ұстау үшін отрядтар жіберілді, бір жіберілген отряд жақсы жасақталған болатын, бірақ табысқа жетпеді. Есет өзінің жер жағдайын білетіндігін тамаша пайдаланды, былайша айтқанда көзден ғайып болды».<sup>120</sup>

Орынбор өкімет орындары өзіне Есепті қайткенде де ұстауды және оны патша үкіметін мойындауға мәжбүр етуді мақсат етіп қойды. Оны ұстауға подполковник Кузьминский мен Дерышев, сондай-ақ майор Михайлов басқарған жазалау отряды жіберілді. Олар көтеріліске қатысуышыларды және Арап теңізінің Оңтүстік Батыс жағалауындағы бейбіт халықты аяусыз жазалады. Бұл қанқұйлы оқиға алдыңғы қатарлы орыс жұртшылығының үлкен ашуызысын туғызды. А.И.Герцен шығарып тұрған «Колокол» журналы: «Атам заманнан бергі соғыстар немесе монғол шапқыншылықтары кезінен бері қанішерлігі жөнінен полковник Кузьмин (Кузьминский. – Ред.) мен майор Дерышевтің шапқыншылығындағы ешбір зұлымдық болған емес...» – деп жазды.<sup>121</sup>

Орынбор генерал-губернаторы көтерілісшілерді басу үшін жазалау отрядтарының бірінен кейін бірін жіберді. Бірақ Есет ауылдары мен ауыр жүктөрін дер кезінде борсық құмдары мен ұстіртке көшіріп жіберуге үлгіріп отырды. Ол өз жігіттерін екі топқа бөлді, олар даламен жүріп отырып, орыс керуендеріне шабуыл жасады және жазалау отрядтарымен ұрыстар жүргізді.

Бұл жылдарда Үлкен шекті, табын руларының көп бөлігі Ургі, Тайлы алқабына және Коңырат өніріне көшіп барды. Кейде Есет Көтібаровтың өз туысы Әзберген Мұңайтпасов бимен бірге Коңыратқа жақын Әзберген деген жерді қоныстанған кезі де болды.

Алайда Әзберген ауылдарының орналасқан жері хиуа ханының ойынан шықлады. Сондықтан 1859 жылы ол Әзберген Мұңайтпасовты Әмударияның сол жағасынан он жағасындағы Дәуқара деген жерге күштеп көшіруге тырысты. Бұл жөнінде орыс жансыздары Перовск өкімшілігіне былай деп баяндады: «Коңырат түбінде шегінерден бұрын хиуа ханының інісі Әміре Әмудария сағасындағы бекіністе қоршауда қалған қазактың биі Әзбергеннің сол өзеннің он жағасына өтуіне және Дәуқараға көшіп кетуіне жәрдемдесу үшін қайық жинауға бүйрек берді. Бірақ өз ниетін орындап үлгере алмай Хиуаға қайтып баруға мәжбүр болды... Сыбыстарға қарағанда Әзбергенде 7500-ге дейін ша-

ңырақ бар, ол өзіне қарасты малдың бір бөлігін Дәуқараға жіберіп те үлгерген, бірақ оның өзі ол жаққа өтуге батылы бармай отыр». <sup>122</sup>

Есет Көтібаров көтерілістің соңғы жылдарында, яғни 1857—58 жылдарда Коңырат қазактарының арасында болды. 1857 жылғы 21 маусымда Перовск фортының жедел қимыл қызметкерлері «бұлікшіл Есет Көтібаров қазір өз ауылдарымен бірге Арал теңізінің жағалауына жақын хиуалық Коңырат қаласына жақын жерде отыр» деп атап өткен. <sup>123</sup>

1858 жылы қазақтың ішінде Есет Көтібаров та бар бірнеше билері, полковник Игнатьев басқарған Хиуаға орыс дипломатиялық миссиясын Коңыраттан Хиуаға дейін бастап барды. <sup>124</sup>

Есет Хиуаға Ресейге қарсы құресті жалғастыру үшін ханнан көмек алу мақсатымен барған еді. Бастапқыда хан Есетке 2500 адам бөлуге уәде берді, бірақ кейін хан өз уәдесінен айнып қалды. <sup>125</sup>

Орыс өкімшілігі көтеріліске шықкан қазактар арасына қазақтың рулық үstem топтары қатарынан тыңшылар жіберді. Орыстың жазалаушы отрядтары Есет Көтібаровты қолдаған бірнеше руларды шапты, олардың малын айдалап, дүние-мұлкін алып кетті. Бірақ Есет Орынбор ведомствосы жазалаушы құштерімен құресін дегенмен де жалғастыра берді. 1858 жылы ғана ол патша өкіметінің бейбіт шарттарын өз еркімен қабылдады. Бұл жөнінде В.В.Григорьев: «...бірақ Есетті дегенмен қолға түсіре алмады. Ол өзіне кешірім жасауға уәде берілген кезде генерал-губернатор Катенинге кейіннен өз еркімен келді», — деп жазды. <sup>126</sup> Есет Көтібаров патша өкіметіне адал қызмет етуге айт берді. Ол дистанция бастықтары сияқты тұтін салығын төлеуден босатылды. Есет өз сөзінде тұрып патша өкіметіне қызмет көрсетті. Ол Үлкен шекті руы басшыларының бірі болып саналды, сондай-ақ Ырғыз уездік бастығының көмекшісі болып тағайындалды. 1873 жылы ол Орынбор отрядының құрамында хиуа жорығына қатысты. Осы жорық үшін оған «Адалдығы үшін» алтын медалі берілді. <sup>127</sup>

80 жылдан астам өмір сүріп, Есет Көтібаров қайтыс болды және Ақтөбе облысындағы Шалқар станциясына жақын Шолақжиде деген жерде өз руының зиратына жерленді.

Тағы бір тарихи тұлға — Жанқожа Нұрмұхамедов (1780—1860) Арал өніріндегі қазактардың Хиуа және Ресей отаршылдығына қарсы азаттық құресін басқарды.

Жанқожа Нұрмұхамедов өзінің бүкіл өмірін Арал өнірі қазактарының тәуелсіздігіне арнаған аса ірі тарихи тұлға. Ол XIX ғасырдың бірінші ширегінде Хиуаның зұлымдығына қарсы құрескен Арынғазы Әбілғазиевтің істерін ілгері жалғастырды. 1836 жылы Жанқожа өз жауынгерлерімен бірге Әмудария мен Сырдария арасында орналасқан Хиуаның тұракты өскерлеріне қарсы құрес бастады. 1842 жылдың күзінде оның өскери Хиуаның ірі бекінісі Бесқаланы қиратып, қала комендантты Бабажанды, сондай-ақ оның баласы Майқараны тұтқынға алды. Қазактарға қатығездік көрсеткені үшін Бабажан қазыққа отырғызылды, ал оның баласы жас болғандықтан босатылып жіберілді. <sup>128</sup> 1843 жылы Жанқожаның жасағы Куандариядағы Хиуа бекінісін қиратты, ал 1845 жылдың көктемінде Хиуа ханы Сырдарияның төменгі ағысындағы қиратылған бекіністерді қалпына келтіру үшін жіберілген саны екі мың адамға жететін хиуа өскерін тас-талқан етіп қиратты. Бұл туралы Жанқожа Орынбор бекінісінің бастығына: «Хиуалықтар біздің жерімізге бекініс салды, бірақ біз оны қираттық. Ал қақтығыс кезінде көптеген хиуалықтарды өлтіріп, кейбіреулерін

Хиуаға қуып жібердік», – деп хабарлады.<sup>129</sup> Кенесары Қасымовпен бірге Жанқожа Сырдарияның төменгі ағыстарында орналасқан қоқандықтардың өскери бекіністері: Жаңақорғанға, Құміскорғанға, Шымқорғанға, Қосқорғанға шабуыл жасады. 1845 жылы Кенесарының өтініші бойынша Жанқожа қоқандықтардың Созак бекінісін алуға қатысты.

1846 жылы хиуалықтардың Жанқожа тойтарыс бере алмаған шабуылда-рының бірінен кейін ол шекаралық орыс өкімет орындарына: «Енді біз Үрғы-зға барамыз, өйткені біздің жүрегімізде Сіздермен достық байланысқа ешкандай қара ниет жоқ», – деп жазды. Бұдан кейін ол «хиуалықтарға жорыққа өзірленетінін, өйткені олардан үнемі қысым көріп отырғанын хабарлады». Бұл орайда батыр Хиуаға қарсы құресте өзіне көмек көрсетуді сұраған.<sup>130</sup> 1847 жылы Жанқожа саны көп жасағымен Хиуаның Кожанияз кала бекінісін қиратты, бекініс гарнизонының тас-талқанын шығарды.

Ресейдің Арал өңірін жаулагап алуы халық бұқарасының жағдайын жеңілдетпеді. Салықтың екі есе көбейтілуі, қоныс аударушылар мен шенеуніктердің пайдасына қазактардан суармалы жерлерінің алып қойылуы Ресей отаршылдығының Хиуа қолшоқпарларының отарлауынан еш артықшылығы жоқ екеніне барған сайын қазак шаруаларының көзін жеткізе түсті.

Бой көрсетуге патша шенеуніктерінің Сырдария қазактарының Жанқожа Нұрмұхамедов, Сұлтанбәрі және басқалар сияқты рулық ұstem топтарының кейбір өкілдерінің мұдделері мен кісілігіне қысым жасауы себеп болды. Мысалы, тілмаш Ахметов өз қолшоқпарларының бір тобын Ж.Нұрмұхамедовтың ауылына жіберіп, онда да өз пайдасына «сыйлықтар» жинауға бұйрық берген. Бірак батыр Ресей заны бойынша да ешбір жағдайда мұндай алым орын алмауға тиіс екенін мәлімдеп, қандай да болсын алым жинауға рұқсат етпеді. Жанқожаның қарсы қимылына ашуланған Ахметов ауылға өзі келіп, «өз бұйрықтарына қарсылық көрсеткені үшін» айыппұл өндіріп ала бастады. Ақыры Ж.Нұрмұхамедов наразы қазактардың қозғалысын өзі басқармақ болып үй-фарды.

1856 жылдың желтоқсанында Сырдария қазактарының қарулы құресі басталды. Желтоқсанның ортасына қарай көтерілісшілер саны үш мың адамға дейін жетті. Көтеріліс орталығы Хиуаның бұрынғы Жаңақала бекінісі болды. Орал бекінісінің бастығы Михайлов Сырдария шебінің бастығы Фитингофқа құпия хабарламасында «Жанқожаның қарақшылары арасында қарасақалдар, Кішкене шектілер және төртқаралардың бір бөлігі бар» деп хабарлады.<sup>131</sup> Бұл рулар өлімұлы тайпасына жататын еді. Ұрыс қарсанында дерлік (1857 жылғы 9 қантарда) көтерілісшілерге шекті руының бірнеше жұз қазағы қосылды.

Көтерілісшілерді бұдан бұрын аталған Кішкене шекті руының ірі ру жетекшісі, қартайған Жанқожа Нұрмұхамедов батыр басқарды. Ірі байлар: Сұлтанбәрі, Дабыл, Кожа Баймұхамед және басқалар оның серіктегі болды. Бұл көтеріліске шектілердің ғана емес, Сырдарияның төменгі ағысында қоныстанған басқа рулардың да өкілдері қатысты.

Көтерілісшілердің едәуір бөлігі жаяу адамдар болатын. Көтерілісшілер қатарында жаяу қазактардың болуы көтеріліске қатысуышылардың әлеуметтік құрамын сипаттайтын. Олар шотпен, сойылмен, кетпенмен қаруланған болатын, азын-аулақ адамдарының ғана мылтықтары болды.

1856 жылғы желтоқсанның орта шенінде Жанқожаның қосынында 1500 көтерілісші болды. Ол орта есеппен алғанда 150—200 адамдық бірнеше шағын

жасак үйымдастырды, олар орыстардың №1 Қазалы форты мен Перовск фортының бекіністеріне жақын жерге орналастырылып, күтпеген жерден Сырдария шебіне шабуыл жасады. 1856 жылғы желтоқсаның аяғында Қазалыны көтерілісшілер коршап алды.

28 желтоқсанда форт бастығы Перовскийге былай деп жеткізді: «Қазіргі уақытта солтүстік жағын қоспағанда фортын бұлікшіл қазақтардың жер-жерде шашыратылып орналастырылған қарақшылары қоршауға алған, олар біздің отрядтың кез келген қозғалысы жағдайында дала түкпіріне кетіп қалады. Сондықтан да гарнizon жыртқыштардың бекініске шабуылын күтіп алуға және сонан соң пішен тасып алушмен, фортың әлсіз жақтарын қорғаныс жағдайына келтірумен қызу айналысып отыр».<sup>132</sup> Кенеттен бұрқ еткен көтеріліс ма-засыздандырған Орынбор генерал-губернаторы Перовский Сырдария шебінің командашысы Фитингофқа көтерілісті басу үшін жорыққа дереу өскер жіберуге өкім берді.

Жанқожа жетекшілік еткен көтерілісшілер Қазалы фортына шабуыл жасауға мұқият өзірленді. 1857 жылдың қантарында көтерілісшілердің қатары бес мыңға жетті.

Перовскийдің нұсқауын орындаған отырып, Фитингофтың отряды 9 қантарда жолға шықты. Оның құрамына 300 казак, 320 жаяу өскер кірді. Олардың 54-і алысқа ататын мылтықпен қаруланған еді, 1 зеңбірегі және 2 ракеталық станогы болатын.<sup>133</sup> Көтерілісшілермен қақтығыс нақ сол күні Арықбалық алқабында болды. Қамыс арасында отырған қазақ атқыштары жазалау отрядының ту сыртынан оқ жаударды.

Күндізгі сағат 2-де Фитингофтың отряды шабуылға шығып, қоян-қолтық шайқас болды, соның салдарынан көтерілісшілердің негізгі күштері жеңіліс тауып, олардың ауылдары аяусыз жазаланып тоналды. Казак отрядтары тұрғындардың малын тартып алды, қолға түсірілген ірі қараның өзі ғана 20 мыңнан асты.

Көтерілісшілердің жеңіліс табуына нашар қаруланғандығы және ес-кірген өскери тактика себеп болды. Саны басым болғанына қарамастан, көтерілісшілердің 5 мыңдық жасағы Фитингофтың шағын отрядын жеңе алмады.

Көтерілісті басуға кейбір казак феодалдары: билер, сұлтандар да қатысты. Мәселен, Фитингоф отрядының құрамында бірнеше жұз адам жасағымен Ермұхамед (Елекей) Қасымов болды. Ол көтерілісті басуға мейлінше белсене қатысты. Қасымов жалғыз емес еді. Көтеріліс басылғаннан кейін 1857 жылы ерлік көрсеткен қазақ старшиңдары наградаларға ұсынылды. Би Сейіл Байқадамов жазалау экспедициясында жігерлілік көрсеткені үшін алғыс алды және Анна ленталы күміс медальмен марапаттауға ұсынылды. Ұлбөбек Тайымов би күміс жүзікпен марапатталды және т.б.



Қарулы адам (суретші М. С. Знаменскийдің картинасынан).

Жоғарыда аталған қазак старшындарының қандай жағымсыз рөл атқарғанын түсіну киын емес. Олар Сырдарияның төменгі ағысындағы жер жағдайын және көтерілісшілердің мінез-құлқын жақсы біletін. Патша шенеуніктері үшін мұндай көмек баға жеткісіз болатын.

Көтеріліс талкандалғаннан кейін Сырдариядағы екі жақты отаршылдық езгі бұрынғысынан да күшіне түсті. Сырдария бекінісінің билігіндегі аумакта жазалау отрядтары қимыл жасады. Қазактың көптеген сұлтандары, старшындары, билері патша өкіметіне қызметке көшіп, шекаралық бастықтардың пәрменін құлакkestі орындаушылары, Сырдарияның төменгі ағысында патшалық отаршылдық саясаттың уағыздаушылары болды.

Кейбір жергілікті рулық үстем топқа сүйене отырып, шекаралық өкімет көтерілістің қалған мүшелерін аяусыз қырып-жойды. Әскерлер қазак ауылдарын мейірімсіздікпен талап тонады. Жекелеген казак отрядтары ауылдарды аралап жүріп, тұрғындардың малын тартып алды. Қазақтар арасында аштық басталып, көптеген адамдар қаза тапты. 1860 жылы «...мен, — деп жазды Л.Мейер, — Жаңадарияның бүкіл аумағында малдың түгел дерлік қырылғанына, адамдардың орыс форттары маңында әлдебір азық боларлық талғажау іздең жүргеніне көз жеткізген жағдайым болды. Тонауға ұшыраған бейбактардың басқа бір бөлігі Хиуаға ауып кетті».<sup>134</sup>

Арал өнірі қазақтарының көтерілісі шағын халықтық бой көрсету болды. Оған өр түрлі руларға жататын қазақтардың едәуір бөлігі қатысты. Көтерілісшілер арасында Кішкене шекті руларына жататын қазақтар басым болды. Көтерілісті прогресшіл деп санау ләзім, өйткені ол отаршылдық езгіге қарсы бағытталды.

Көтерілістің басында күресте сынектан өткен жетекші, жат жерлік отаршыларға өзінің ымырасыз көзқарасымен ерекше көзге түскен Жанқожа Нұрмұхамедов тұрды. Ол өзінің бүкіл саналы ғұмырын Арал өнірі қазақтарының төуелсіздігіне арнады. Сырдария қазақтарының көтерілісі басып-жанышталғаннан кейін патша өкімшілігі Жанқожа Нұрмұхамедовті жою үшін арнаулы жазалау отрядын жіберді. Бұл отряд 1860 жылы Жанқара көліне жақын жердегі Қызылқұмда орналасқан Жанқожа ауылын кенеттен қоршап алып, сол жерде 80 жастағы Жанқожа батырды мерт қылды. Оның ауылы тоналды. Отряд 130 түйе, 115 жылқы, 216 сиыр және 2234 қой айдап әкетті.<sup>135</sup>

<sup>1</sup> Есмагамбетов К. Л. Что писали о нас на Западе. А., 1992, 28–29-б.

<sup>2</sup> Elton J., Graeme M. A. Journey through Russia into Persia by two English Gentlemen. L. 1742; Castle J. Jurnal von der Ao. 1736 aus Orenburg zu dem Abulgeier-Chan der Kirgis-Kaysack Tar-tarischen Horda //Materialen zu der Russischen Geschichte zeit Tode Kaisers Peter des Grossen, Zibeiter Tril 1730-1741. Riga, 1784; Cook J. Voyages and travels through the Russian Empire, Tartary and part of the Kingdom of Persia: In 2 parts. Edinburgh, 1770; Hanway J. An historical account of the British trade over the Caspian Sea: with a journal of travels from London through Russia into Persia and back, t. 1-4. L., 1753; Есмагамбетов К. Л. Көрсетілген еңбегі, 29–35-б.

<sup>3</sup> Urquart D. England, France, Russia and Turkey. L., 1834; Ejusd, Progress and Present position of Russia in the East. L., 1838; Ejusd. Progress of Russia in the West, North and South. L., 1853; Хидоятов Г. Из истории англо-русских отношений в Средней Азии в конце XIX в. (60–70-е гг.). Ташкент, 1969, 28–29-б.

<sup>4</sup> Puryear V. J. International Economic and Diplomacy in the Near East. A study of British commercial Policy in the Levant 1834–1853. L., 1936, p. 23-24, 27; Ejusd. England, Russia and the

Straits Question 1844-1856. Berkeley, 1931, p. 114-116; Киняпина Н. С., Блиев М. М., Дегаев К. В. Кавказ и Средняя Азия во внешней политике России. Вторая половина XVIII—80-е гг. XIX вв. М., 1984, 150—151-б.

<sup>5</sup> Терентьев М. А. История завоевания Средней Азии, т. 1. СПб., 1906, 120-б; Халфин Н. А. Британская экспансия в Средней Азии в 30—40-х гг. XIX в. и миссия Ричмонда Шекспира// История СССР. 1958, №2, 109, 111-б.

<sup>6</sup> Халфин Н. А. Английская колониальная политика на Среднем Востоке (70-е гг. XIX века). Ташкент, 1957, 18-б.

<sup>7</sup> Маннанов Б. С. Современная буржуазная историография о некоторых аспектах истории англо-русских отношений на Среднем Востоке (из истории «Большой игры»)/ Фальсификаторы истории. Ташкент, 1985, 65—66-б; Записки о Бухарском ханстве. (Отчеты П. И. Демезона и И. В. Витковича). Сер. «Центральная Азия в источниках и материалах XIX — начала XX века». М., 1983, 24—25, 110-б.

<sup>8</sup> Бернс А. Путешествие в Бухару: рассказ о плавании по Инду от моря до Лагора с подарками Великобританского короля и отчет о путешествии из Индии в Кабул, Татарию и Персию. Пер. с англ., т. 3. М. 1849; Wood H. The Shores of Lake Aral. L., 1876.

<sup>9</sup> Киняпина Н. С. и др. Кавказ и Средняя Азия, 235-б; Маркс К., Энгельс Ф. Соч., т. 12, 126—127-б; Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. М., 1957, 89—106-б.

<sup>10</sup> Киняпина Н. С. и др. Кавказ и Средняя Азия, 238-б.

<sup>11</sup> Записки о Бухарском ханстве, 17—83-б (записки П. И. Демезона), 84—129-б (Записки И. В. Витковича); Залесов Н. Посольство в Хиву капитана Никифорова в 1841 году //Военный сборник. 1861, т. 26, № 11, 41—92-б; Соныки. Посольство в Хиву подполковника Данилевского в 1842 г. //Военный сборник. 1866, № 5, 40—71-б.

<sup>12</sup> Терентьев М. А. История завоевания Средней Азии, т. 1; Попов А. Л. Борьба за среднеазиатский плацдарм //Исторические записки. 1940, № 7, 198—242-б.

<sup>13</sup> Маркс К., Энгельс Ф. Соч., т. 12, 616-б.

<sup>14</sup> Макшеев А. И. Путешествия по киргизским степям и Туркестанскому краю. СПб., 1896, 20-б.

<sup>15</sup> Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства. СПб., 1865, 51-б.

<sup>16</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, л. 365, л. 20.

<sup>17</sup> Бұл да сонда, л. 22.

<sup>18</sup> Мейер Л. Көрсетілген еңбегі, 54-б.

<sup>19</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 1988, л. 16.

<sup>20</sup> ЦГА РУз., ф. 715, оп. 2, д. 2, л. 57.

<sup>21</sup> ЦГИА, ф. 1263, оп. 6, д. 50, л. 73.

<sup>22</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 2451, л. 2.

<sup>23</sup> Бұл да сонда, ф. 383, оп. 1, д. 4, л. 3; Бекмаханов Е. Б. Көрсетілген еңбегі, 121—164-б; Шоинбаев Т. Ж. Добровольное вхождение казахских земель в состав России. А., 1982, 92—119-б.

<sup>24</sup> Дневные записки плавания А. И. Бутакова по Аральскому морю в 1848—1849 гг. Ташкент, 1953, 26-б.

<sup>25</sup> Бұл да сонда, 27-б.

<sup>26</sup> Бұл да сонда, 39-б.

<sup>27</sup> Талкин М. Н. Этнографические и исторические материалы по Средней Азии и Оренбургскому краю. СПб., 1868, 186-б.

<sup>28</sup> РГВИА, ф. ВУА, оп. 2, д. 4, лл. 273—277.

<sup>29</sup> Бұл да сонда, 18—319-п.

<sup>30</sup> Гирифельд и Галкин. Военно-статистическое описание Хивинского оазиса, ч. 1. Ташкент, 1902.

<sup>31</sup> РГВИА, ф. ВУА, оп. 2, д. 4, лл. 290—292.

<sup>32</sup> ЦГА РК, ф. 383, оп. 1, д. 82, лл. 4—5.

<sup>33</sup> ЦГА РК, ф. 267, оп. 1, д. 67, л. 10.

- <sup>34</sup> *Бұл да сонда*, 12-п.
- <sup>35</sup> *Бұл да сонда*, 39-п.
- <sup>36</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>37</sup> *Бұл да сонда*, 40-п.
- <sup>38</sup> ЦГВИА, ф. 483, оп. 4, д. 117, л. 18.
- <sup>39</sup> *Бұл да сонда*, ф. ВУА, д. 67, л. 91.
- <sup>40</sup> ЦГА РК, ф. 78, оп. 1, д. 74, л. 6–7.
- <sup>41</sup> *Бұл да сонда*, ф. 267, оп. 1, д. 74, лл. 40–46.
- <sup>42</sup> ЦГИА РФ, ф. 1284, оп. 223, д. 178, л. 10.
- <sup>43</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>44</sup> Военный сборник. СПб., 1916. № 1, 6–7-б.
- <sup>45</sup> Залесов Н. Г. Посольство в Хиву и Бухару полковника Игнатьева в 1858 году //Русский вестник. 1871. № 3, 72-б.
- <sup>46</sup> Прошлое Казахстана в источниках и материалах, сб. II. Под редакцией проф. С. Д. Асфендиарова. А. – М., 1936, 126-б.
- <sup>47</sup> История Казахской ССР с древнейших времен до наших дней. В пяти томах, т. 3. А., 1979, 187–191-б.
- <sup>48</sup> Павлов Н. История Туркестана. Ташкент, 1910, 85–86-б.
- <sup>49</sup> Военный сборник. 1872, т. 6, 5-б. Пичугин. Вторжение кокандцев в Алатауский округ в 1860 г.; Бекназаров Р. Онтүстік Қазақстан тарихының очеркі (XVIII–XIX ғғ.). А., 1976, 299–300-б.
- <sup>50</sup> Бекназаров Р. Көрсетілген еңбек, 281–282-б.
- <sup>51</sup> Терентьев М. А. История завоевания Средней Азии, т. I. СПб, 1906, с. 252–259; История Казахской ССР, т. 3, 190–191-б.
- <sup>52</sup> Терентьев М. А. Көрсетілген еңбегі, 253-б.
- <sup>53</sup> ЦГА РУз., ф. 715, оп. 1, д. 25, л. 263; Бекназаров Р. Көрсетілген еңбек, 302-б.
- <sup>54</sup> Бекназаров Р. Көрсетілген еңбек, 303-б.
- <sup>55</sup> Терентьев М. А. Көрсетілген еңбегі, 252-б.
- <sup>56</sup> Военный сборник. 1916, № 6, 3–7-б (Борьба с кокандцами за позицию на Сырдарье); Бекназаров Р. Көрсетілген еңбек, 29-б.
- <sup>57</sup> Терентьев М. А. Көрсетілген еңбегі, 258–259-б.
- <sup>58</sup> Халфин Н. А. Присоединение Средней Азии к России (60–90-е гг. XIX в.). М., 1965, 140–150-б.
- <sup>59</sup> Киняпина Н. С. и др. Кавказ и Средняя Азия, 271–272-б.
- <sup>60</sup> АВПР, ф. ГА 1–9, оп. 8. 1852–1859 гг., д. 8.4.1, л. 250–250 об.
- <sup>61</sup> *Бұл да сонда*, д. 25, док. 146.
- <sup>62</sup> АВПР, ф. ГА 1–9, оп. 8, д. 20, л. 2 об.
- <sup>63</sup> РГВИА, ф. 483, д. 62, л. 42 об., 77 об.
- <sup>64</sup> Терентьев М. А. История завоевания Средней Азии. № 1. СПб., 1906, 273–274-б.
- <sup>65</sup> Письмо адмирала Бутакова к князю А. И. Барятинскому с заметками М. Г. Черняева //Русский архив. 1899, кн. 3, 476–480-б; Халфин Н. А. Присоединение Средней Азии, 180-б.
- <sup>66</sup> КРО-2, 497–498-б.
- <sup>67</sup> Бартольд В. В. Туземец о русском завоевании //Бартольд В. В. Соч., т. 2, ч. 2, 342–343-б; Русский Туркестан. Приложение к третьему выпуску сборника «Русский Туркестан». Ташкент, 1913, 69-б.
- <sup>68</sup> ЦГА РУ, ф. 715, оп. 1, д. 26а, док. 78.
- <sup>69</sup> Халфин Н. А. Присоединение Средней Азии, 151-б.
- <sup>70</sup> Туркестанский край. Сборник материалов его завоевании. Сост. А. Г. Серебренников, т. 17 (1864), ч. 1. Ташкент, 1914, 4-б.
- <sup>71</sup> Бейсембиеев Т. К. «Тарих-и Шахрухи» как исторический источник. А., 1987, 131-б.
- <sup>72</sup> Туркестанский край, 53-б.

- <sup>73</sup> *Бұл да сонда*, 78-б.
- <sup>74</sup> Русский Туркестан, 50-б; Военные действия Зачуйского экспедиционного отряда летом 1864 года //Инженерный журнал, 1865, № 3, 334—351-б.
- <sup>75</sup> *Бұл да сонда*, 54-б.
- <sup>76</sup> Русский Туркестан, 69-б.
- <sup>77</sup> Туркестанский край, т. 17, ч. 2, 76-б.
- <sup>78</sup> 1861—1864 жылдары аймактың оңтүстігінде орыс ықпалын қолдайтындардың басым болғанын, осы кезеңдегі оқиғаларға кеңінен араласқан, оның күәгерлерінің айтуларына сүйенетін орыс және қокан деректері растайды. Қар.: *Бейсембиеев Т. К.* «Тарих-и Шахрухи», 126—127-б; *Набиев Р. Н.* Из истории Кокандского ханства (феодальное хозяйство Худояр-хана). Ташкент, 1973, 58, 68-б; *Соколов Ю.* Ташкент, ташкентцы и Россия. Ташкент, 1965, 136—137-б.
- <sup>79</sup> ЦГА РУз., ф. И-715, оп. 1, д. 28, л. 177; *Әбілдаұлы Б.* Байзакдатка. А., 1995, 147-б.
- <sup>80</sup> *Веселовский Н. И.* Киргизский рассказ о русских завоеваниях в Туркестанском крае. СПб., 1894, 16-б; *Кенесарин А.* Султаны Кенесары и Сыздык (с прим. Е. Т. Смирнова). А., 1992, 97-б.
- <sup>81</sup> *Терентьев М. А.* История завоевания Средней Азии, 285-б.
- <sup>82</sup> *Черняев М. Г.* Султаны Кенесары и Сыздык //Русский вестник. 1889. № 8, 35-б.
- <sup>83</sup> КРО-2, с. 517; *Терентьев М. А.* История завоевания Средней Азии, с. 285; *Кенесарин А.* Султаны Кенесары и Сыздык, 134-б.
- <sup>84</sup> *Бартольд В. В.* Туземец о русском завоевании, 346-б.
- <sup>85</sup> Русский Туркестан, 68-б.
- <sup>86</sup> *Бұл да сонда*, 70-б.
- <sup>87</sup> *Веселовский Н. И.* Киргизский рассказ, 27-б.
- <sup>88</sup> *Бейсембиеев Т. К.* «Тарих-и Шахрухи», 81—82-б.
- <sup>89</sup> Русский Туркестан, 72-б.
- <sup>90</sup> *Наливкин В. П.* Краткая история Кокандского ханства. Казань, 1886, 201-б.
- <sup>91</sup> Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 2. Издание второе. А., 1998, 125—126-б.
- <sup>92</sup> *Терентьев М. А.* Көрсетілген еңбегі, 294—295-б.
- <sup>93</sup> *Гейнс А. Р.* Собрание литературных трудов. СПб., 1898, т. 2, 355-б.
- <sup>94</sup> *Наливкин В. П.* Краткая история Кокандского ханства, 201-б.
- <sup>95</sup> Туркестанский сборник, т. 14, 82-б; *П. И. Пашино.* Путевые заметки; *Бекназаров Р.* Оңтүстік Қазақстан, 310-б.
- <sup>96</sup> Прошлое Казахстана в источниках и материалах, 291-б.
- <sup>97</sup> АВПР, ф. ГА 1—9, 1862 г., д. 15, ч. II, л. 6 об.
- <sup>98</sup> *Киягин Н. С.* Средняя Азия во внешнеполитических планах царизма (50—80-е гг. XIX в.) //Вопросы истории. 1974, № 2, 45-б.
- <sup>99</sup> *Халфин Н. А.* Присоединение Средней Азии к России, 195-б.
- <sup>100</sup> *Шалекенов У. Х.* Казахи низовьев Амудары. Ташкент, 1966, 45-б.
- <sup>101</sup> *Мейер Л.* Көрсетілген еңбегі, 68-б.
- <sup>102</sup> *Макшеев А. И.* Путешествия по киргизским степям и Туркестанскому краю, СПб., 1896, 19-б.
- <sup>103</sup> *Бұл да сонда*, 20-б.
- <sup>104</sup> Военный сборник. 1864. № 4, 117—118-б.
- <sup>105</sup> ЦГА РК, ф. 383, оп. 1, д. 4, л. 3.
- <sup>106</sup> Сборник литературных трудов А. К. Гейнса. СПб., 1898, 666-б.
- <sup>107</sup> История Казахской ССР, 176-б.
- <sup>108</sup> Сборник литературных трудов А. К. Гейнса, 39-б.
- <sup>109</sup> *Бұл да сонда*, 674-б.
- <sup>110</sup> *Бұл да сонда*, 674-б.
- <sup>111</sup> ЦГА РК, ф. 383, оп. 1, д. 166, л. 16 и об.

- <sup>112</sup> *Бұл да сонда*, ф. 1442, оп. 1, д. 2, л. 9.
- <sup>113</sup> Шахматов В. Есет Кутубаров //Известия Каз. филиала АН СССР, сер. ист., 1946, вып. 2, 114-б.
- <sup>114</sup> История Казахской ССР, 343-б.
- <sup>115</sup> Веселовский Н. И. Очерк историко-географических сведений о Хивинском ханстве с древнейших времен до настоящего времени. СПб., 1887, 20-б.
- <sup>116</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>117</sup> Шоинбаев Т. Ж. Восстание сырдарьинских казахов под руководством Жанхожи Нурмухамедова (1856–1857). А., 1949, 47-б.
- <sup>118</sup> Григорьев В. В. Среднеазиатские дела. М., 1865, 25-б.
- <sup>119</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 4144, лл. 539–549.
- <sup>120</sup> Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сб. 2, под ред. С. Д. Асфендиарова. А., 1936, 227-б.
- <sup>121</sup> История Казахской ССР. А., 1957, т. 1, 346–347-б.
- <sup>122</sup> РГВИА, ф. 1442, оп. 1, д. 4, лл. 48–51.
- <sup>123</sup> ЦГА РК, ф. 383, оп. 1, д. 14, л. 63 и об.
- <sup>124</sup> РГВИА, ф. ВУА, оп. 2, д. 94, лл. 273–277.
- <sup>125</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 4414, л. 357.
- <sup>126</sup> Григорьев В. В. Среднеазиатские дела. М., 1865, 25-б.
- <sup>127</sup> Қазак Совет энциклопедиясы. А. 1970, т. 4, 188–189-б.
- <sup>128</sup> Оспанов А. Жанкожа батыр. А., 1992, кн. 1, 104-б.
- <sup>129</sup> Шоинбаев Т. Ж. Көрсетілген еңбегі, 47-б.
- <sup>130</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>131</sup> ЦГА РК, ф. 1439, оп. 1, д. 56, л. 37.
- <sup>132</sup> ЦГА РК, ф. 1441, оп. 71, д. 2, лл. 35–40.
- <sup>133</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>134</sup> Мейер Л. Көрсетілген еңбегі, 33-б.
- <sup>135</sup> *Бұл да сонда*, 84–85-б.



## *Он бірінші таралу*

### **XVIII–XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ**

#### **1. ҚАЗАҚТАРДЫҢ XVIII–XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТІ**

Қазактардың XVIII–XIX ғасырлардағы материалдық мәдениетінің жайкүйі қоғамның экономикалық дамуы деңгейімен анықталды. Оның дамуы барысына көшпелі қазактар экономикасының дамуындағы басты фактор ретінде көшпелі мал шаруашылығы өсер етті. Бұл жағынан алғанда егіншілік, сауда дамуының, көрші халықтардың прогресті ықпалының да маңызы аз болған жок.

Материалдық мәдениеттің маңызды элементтерінің бірі мал шаруашылығымен, егіншілікпен, үй көсіпшілігімен және қолөнерімен байланысты еңбек құралдары болып табылады. Көшпелі мал шаруашылығына күрделі еңбек құралдары керек болған жок. Жылқы ұстасу үшін құрық, арқан пайдаланылды, қайыстан немесе жылқының жал-құйрығынан тұсау мен шідер жасалды; құлындар мен боталарды байлау үшін жуан арқандар, нокталар пайдаланылды; мал суаруға қауға, науа және т.б. дайындалды. Барлық осы айтылған қарапайым еңбек құралдарын, ер-тұрман өбзелдерін қоспағанда, мал өсірушілер өздері жасап алғып отырды. XVIII ғасырдың аяғында қазақ даласына орыстардың қыска шөп дайындауға арналған шалғылары біртіндеп тарала берді. XIX ғасырдың орта шегінде шалғымен қоса темір айыр да кеңінен қолданыла бастады.

Қазақстан аумағында суармалы және тәлімді егіншіліктің ежелгі ошактары ертеден болып келген еді. Осыған байланысты қазактарда егіншілік құралдарының қарапайым түрлері болды. Мәселен, тіс ағаш, мала, егін оратын орақ, ағаштан жасалған аша, ағаш күрек, сыпыртқы егіншілік құралдарына жатады. Егісті суару үшін суды көтеріп шығаратын өр түрлі аспаптар – атпа, шығыр, сондай-ақ кетпендер мен құректер пайдаланылды, оларды жергілікті ұсталар өздері істеді.

Салт атқа арналған өбзелдерді қоспағанда қазактың мал шаруашылығына және егіншілікке байланысты негізгі еңбек құралдары Қазақстанның бүкіл аумағында бір-біріне ұқсас болды. Қазактың ат-тұрман өбзелінің ішіндегі ердің сыртқы түрі мен дайындау тәсілінде жергілікті ерекшеліктер байқалады. Олардың үлгілері тиісті өзіндік атаумен аталып келді. Ердің ең көп таралған түрі, қайынан шауып жасалған алдыңғы қанаты кең «қазақ ері» болып табылады. Мұндай ерлер құрамdas бес бөліктен –

алдынғы қас пен артқы қастан, екі жақтағы қапталдан және орта ағаштан түрдү. Ердің ағаш сүйегі мұқият өндөлді, ал халықтың ауқатты топтарына арналған күміс кейде алтынмен қақтап түрлі-түсті бағалы тастан көз салған түрлері болды. Әсіресе өйелдерге арналған ерлер сөнді безендірілді.

Оңтүстік Қазақстанда ердің «құранды ер» дейтін түрі таралған. Ол 22 құрамдас бөліктен түрған және бұл әлементтердің әрқайсысының өз атауы болған, бұл бөліктердің бәрі желіммен жапсырылып, сыртынан түйенің көнімен немесе тарамысымен және қайыңның қабығымен тартылып, күміспен немесе алтынмен безендірілген.

Ер-түрман өбзелдерін жасау негізінен ершілердің ісі болған. Олар тек қана ердің өзін емес, сонымен бірге бүкіл ат өбзелдерінің бәрі: тоқым, құйысқан, өмілдірік, жүген, айыл, тартпа, үзенгі, таралғы, қамшы және т.б. жасап, оларды өсемдеп-көркемдеп отырған. Ерші ер шабумен өз үйінде, ішінара арнайы шақыртып алушылардың үйінде айналысқан. Сондай-ақ қайыстан ат-түрман өбзелдерін арнайы өретін шеберлерді «өрімші» деп атаған.

Ең көп таралған қару түрі үш метрлік «сойыл», одан соң «шоқпар» (катты ағаш ырғайдан жасалған, ұзын күрзі сияқты) болды. Неғұрлым дәүлетті қазақтардың жауынгерлік айбалтасы, жебелері мен қорамсағы бар садағы болған. Қол бастаған ықпалды билік иелері мен батырлар сауыт киіп, қалкан, қылыш, наркескен, селебе, сапы және темір ұштыңайза мен сұңғы ұстаған. Қазақ шонжарлары арасында қолдан жасалған білтелі мылтық өте сирек кездесетін еді. XIX ғасырдың орта шеніне дейін аң аулау кезінде садақ қолданылды, бірақ XIX ғасырдың екінші жартысында жебелі садақ қазақтардың түрмисынан шығып қалды деуге болады. Оның есесінен бұл кезде Ресейден және Орталық Азиядан сатып алынатын әр түрлі мылтықтар біршама көбейе түседі.

Қазақтардағы көшпелі түрмисқа бейім шаруашылықтың үстемдігі алуан түрлі үй қолөнерінің: тоқымашылықтың, киіз басудың, ағаш, металл, тері, сүйек және мүйіз өндеудің дамуына себепші болды. Тоқымашылықпен және киіз басумен көбінесе өйелдер айналысты, олар негізінен алғанда үйге керек-жарактардың тоқымашылық пен ісмерлікке қатысты заттарын: кілемдер, алашалар, шекпендер, киіз үй ішіндегі алуан түрлі басқұрлар, бау-шулар, текеметтер, тұсқиіздер, сырмақтар, аяққаптар және т.б. дайындағы.

Ағаш, сүйек, мүйіз және тері ұқсатуға байланысты істермен үйшілер мен ағаш ұсталары, зергерлер, өрімшілер мен етікшілер және т.б. айналысты. Еңбек құралдары едәуір қарапайым бола отырып, қолөнерші шеберлер қазақтардың қолданбалы өнерінің биік деңгейін сипаттайтын түрмистық және мәдени жағынан алғанда әр түрлі бұйымдар жасады.

Көшпелі қазақтардың негізгі түрғын үйлері көші-қонға ыңғайлы киіз үйлер болатын. Бұл – Еуразия көшпелілерінің ертеден келе жатқан түрғын үйлерінің бірі. Көшпелі түрмис жағдайларында киіз үйлер түрғын үйдің өте қолайлы түрі болды. Оның жығып, тігуі өрі жеңіл, өрі тез, көлікке тенденс артып жүргүре қолайлы, жазда салқын, ал қыста жылы болатын.

Қазақтың киіз үйлерінің үлгілері негізінен алғанда олардың үлкендігімен, яғни тігілген киіз үйде қанат деп аталатын кереге санымен анықталатын. Қанаттар саны 4 қанаттан 12 қанатқа дейін және одан да көп болды.


Сыртқы түрі бойынша қазақтың киіз үйлері күмбез тәрізді және шошақ болып келетін. Алғашқы түрі – батыс, солтүстік, орталық және шығыс, ал екінші түрі Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтарында таралды. Қазақ үйлерінің мұндай түрлері шаңырактарының көлеміне және шаңырактарды көтеріп тұратын уықтар иінінің иілу мөлшеріне байланысты болды.

Киіз үйдің сүйегі кереге мен уықтан, шаңырактан және «сықырлауық» деп аталатын жарма есіктен тұратын.

Киіз үй сүйегін айналдыра уық қарына дейін 3–4 туырлық, шаңырак пен кереге басының арасын 2–3 үзік, сықырлауыкты киіз есік жауып тұратын болған. Киізден басылатын бұл әбзелдер «киіз үй жабуы» деп аталған. Киіз үйдің киіз жабулары көбінесе ак қойдың жұнінен басылған ак киізден пішілген.

Қыскы қыстаулар орналасқан өзендердің аңғарлары мен тау шатқалдарына қазақтардың тұрғын үйлері тұракты үлгімен салынатын. Бұлар жер бетіне киіз үй сияқты етіп тастан (шошала), қамыстан (доғара) тұрғызылған құрылышты тұрінде, тік бұрышты жеркепе және жертөле, жер бетіне тік бұрышты етіп салынған шым үй және саз балшыктан домбаздалған соқпа там болды. Қазақстанның орманды аудандарында ағаштан салынған алты қырлы шошалалар мен орыс үлгісіндегі бір бөлмелі үйлер пайда болды.

Қыстаулардағы отырықшылыққа бейімделген тұрғын үйлердің дамуы, үй-жайлар санының көбеюі және орыс мәдениетінің ықпалы тұрғын үйлердегі керек-жарактардың едөуір өзгерісіне өкеп соқты. Дәстүрлі ағаш жәшіктер – кебежелердің, көрпе-төсек жинауға арналған жұқаяқтардың және ескіден келе жатқан төс-ағаштардың орнына, қазақтардың тұрмысында өйнектелген ыдыс қоятын шағын шкафтар, жактаулы ағаш кереуеттер, іші құлыпталатын, көлемі әр түрлі сандықтар пайда болды. Қазақтардың ұлттық киімінде өздеріне тән этнографиялық белгілер сақталып қалды. Киім-кешек үшін малдың жұні мен терісі негізгі материалдар болды. Киімнің едөуір бөлігі макта-мата, жібек және басқа маталардан тігілді. Ұлттық киімнің пішіні мен түріне өзгерістер енді. Еркектер бітеу пішілген кеудесінде тік өнір-қақпағы бар, жалпақ қайырма жағалы, етегі біршама ұзын көйлек киетін болды. Еркектердің дамбалы ақ шөжім матадан ышқыры тұтас етіп тігілді. Түйе жұн тоқымадан тігілген шалбарлары пішімі жағынан іш киімдері сияқты, бірақ өлдекайда қолпылдаған кең болатын. Сонымен бірге жаздығұні олар ешкі терісінен иленген құдері шалбар киіп жүрді; шалбардың балақтарына тәменгі жағынан тілік тасталып, ол кестемен сәнделетін. Еркектердің сыртқы киімнің ең таралған түрі шапан болды, ол көп жағдайларда фабрикалық маталардан тігілетін. Ал ауқатты қазақтар түрлі-түсті бұхара жібекінен, барқыттан қымбат матамен әдіптең тігілген шапан киетін. Шапандар жазғы және қыскы болып бөлінді.



Қазақтың киіз үйі.

Қазактар әдемі «мәуіті шапан» мен «мәуіті шекпен» де дайындағы. Олардың кос шабуынан өрнек салынды, шабудың төменгі жағынан тілік қалдырылып, жұқа түйе жұні тоқымасынан тігілді.

Барлық жастағы еркектердің көбінесе күз бен қыс кезінде киіп жүретін әмбебап сыртқы киім түрлерінің бірі – шекпен қолдан тоқылған түйе немесе қой жұнінен тігілетін. Жазғы шекпеннің тоқымасы неғұрлым жеңіл, етегі қысқалау болды.

Қазақстанның барлық облыстарында қазактардың кеңінен қолданылған қысқы сырт киімінің ежелгі түрлерінің бірі – күпі көктемде қырқылған түйе немесе қой жұнінен (жабағы жұн) дайындалды және жоғарыдан төмен қарай тығыз етіп сырыйлды. Ол сапасы өр түрлі матамен, көбіне тоқыма шекпенмен де қапталатын (шидем күпі).

Сырт киетін қысқы киімнің қадірлілерінің қатарына аң және үй жануарларының өр түрлі терілерінен тігілетін ішік жатады. Қазак халқының негізгі бұқарасы елтірі ішік пен марқа қозылардың терісінен тігілетін сенсөн ішікті қанағат тұтқан. Ишіктің барлық түрі иесінің әл-ауқатына қарай өр түрлі маталармен тысталатын еді.

Қазактар арасында өте кең таралған және бәрінің қолы жететін қысқы киім түрі қой терісінен өндөліп, жұні ішіне қаратып тігілген тон болды.

Қазактар арасында еркектерге қыска арнап теріден тігілген киімдердің жарғақ дейтін бірнеше түрі кең таралды. Ол үш үлгіде: «тақыр жарғақ», «құлын жарғақ» және «тайжақы» үлгісінде болды. Қазак байлары серке терісінен өндөліп қолмен жасалған «тақыр жарғақ» дейтінді киіп жүрген. Оны көбінесе сырт жағынан жібек жіппен кесте төгіп сәндеп отырған. «Құлын жарғақ» – жұні сыртына қаратылып құлын терісінен тігілген ішік түрі. Бұл үшін түсі бір, көбінесе қара түсті терілер ғана тандап алынған. Оларға көбінесе матадан астар тігілген. Жылқышылар үшін «тайжақы» дейтін – тай терісінен астар салмай, жұні сыртына қаратылып тігілген үлкен тон дайындалған. Жарғақтардың осы түрлерінің бәрі қыс кезінде жылы киім сыртынан оңай киілуі үшін кең пішілетін болған.

Қазактардың негізгі аяқ киімі былғары етік, кебісті мәсілер болды. XVIII ғасырда қазактардың жазда киетін етіктерінің өкшесі биік, тұмсығы қайқы келген. Алайда XIX ғасырдың екінші жартысында олар сирек ұшырасатын еді. Барлық жастағы еркектердің қыста киетін негізгі аяқ киімі ішінде киіз байпағы бар, алса да жалпақ өкшелі, ұзын қонышты саптама етік болды. Неғұрлым ауқатты қазактар қыс пен жазда теріден тігілген, былғары кебісі бар мәсі киіп жүрген. Бұл аяқ киім түрлерінің бәрі сол аяққа немесе он аяққа бөлінбей, бір қалыптен тігілген. Ересек еркектердің бәрі шашын тықырлап алдырған, басына тақия, тебетей киетін. Тебетейдің сыртынан тәбесі жалпақ және терімен көмкерілген бөрік киген. Мұндай бөріктер тігілген терісіне сәйкес пүшпак бөрік, сусар бөрік, елтірі бөрік және т.б. деп аталған. Сонымен бірге жаз кезінде тебетейдің үстінен ак киізден тәбесі шошақ етіп тігілген қалпақ киген.

Қазақстанның бүкіл аумағында қазактардың ең көп таралған қыстық бас киімі «тымақ» болды. Тымақтың киізден бірнеше сайлы етіп пішетін биік тәбесі матамен тысталды. Екі құлағы, желkelігі мен мандайы аң (тұлқі) немесе мал терісінен (елтірі) пішіліп, оның да сырты матамен тысталды. Тымақ еркектердің ең сенімді қысқы бас киімі болған. Әйелдердің киімі жекелеген түрлерінің пішіні бойынша да, олардың дайындалатын

материалы бойынша да көп жағынан алғанда еркектердің киімімен ұксас болған.

Әйелдердің көйлегі иығына тігіс түспейтін етіп пішіліп, жалпақ қайырма жағалы, жендері ұзын етіп тігілген. Кеуде тұсындағы өнір қақпағына кесте төгілген. Қыздардың немесе жас келіншектердің көйлектері пішімі жөнінен де, матасы жағынан да жасы үлкен әйелдердің көйлектерінен өзгеше болған. Ол етегі бүрмеленіп, түймеленетін қатырма жағалы етіп тігілді. Жені жен ұшына қарай тарыла берді. Кай жастағы әйел болса да көйлектің сыртынан фабрикалық матадан тігілген қазекей киді. Қазекейдің сыртынан үлгісі жағынан еркектердің қамзолынан өзгешелігі жок женді қамзодар киді.

Әйелдердің сырт киімі еркектердің шапанына ұксас етіп тігілді, ауқатты әйелдерде шәйі жен жібек шапандар болған. Әйелдер ішігі еркектер ішігінен қайырма жағасымен ерекшеленетін.

Әйелдердің былғарыдан жасалатын жалпақ кемер белдіктері күміспен күптеліп, алтынмен апталып, қымбат бағалы тастармен және тұсті шынылармен мол өсем өшекейленіп отырды. Кемер белдіктің зергерлік нақышқа бай қасырмадан металл доғабасы немесе жылтыр танадан орнатылған ілгегі болған.

Негізінен алғанда барлық жастағы әйелдердің аяқ киімі мәсі және кебіс болатын. Қыздардың және жас келіншектердің ішінде қайқы тұмсық, биік өкшелі женіл етік киіп жүретіндері де аз болмаған.

Әйелдің жасына және оның отбасындағы жағдайына қарай олардың бас киімдері де ерекшеленіп отырды. Жаз кезінде қыздар түрлі-тұсті макпалдан, жібек пен барқыттан тігілген, тәбесі жайпақ дөңгелек тебетей киіп жүрген, ол зеркестемен өсем нақышталатын еді. Бай нақышты үкілі тебетей – «қасаба» деп аталды. Қасабаның шет-шетіне моншактан немесе бағалы металдан шекелік тағылды. Қыздардың қыскы бөріктері қамшатың, құндыздың, сусардың және елтірінің терісімен биік етіп өдіптелетін. Әйелдер бас киімінде қалындықтың тойдағы бас киімі – сөукеле ең қымбатты болып саналды, ол бағалы металдармен, асыл тастармен, аң терілерімен барынша сәнделетін еді.

Күйеуге шыққан әйелдің негізгі бас киімі – кимешек ақ макта-матадан дайындалған.

Ауқатты отбасынан шыққан қазақ әйелдері күмістен және алтыннан, асыл тастар мен танадан жасалған көптеген сәнді бұйымдар тағып жүрген. Бұлар – қымбат тұратын сақиналар, жүзіктер, білезіктер, сырғалар, бұрымдары мен киіміне тағып жүретін әр түрлі алқалар, шолпылар мен моншактар, өнірліктер және т.б.

Мал шаруашылығына негізделген қазактардың тұрмысы олардың ішетін тамактары мен ыдыс-аяқтарынан өте айқын көрінді. Негізгі тамактары ет-сүт өнімдері болды. Колында малы жоқ кедей отбасылары үшін гана егіншілік өнімдерінің шешуші маңызы болды. Қыстығұні қазактар көбінесе етпен, ұннан дайындалған тамактармен, кептірілген ірімшік-күртпен және т.б. коректенді. Қараша айының аяғы мен желтоқсан айының басында қазактар жетерлік соғым сойып алып отырды. Жылқының ішегіне қабырғасынан «қазы» айналдырып, ет пен майды ұсактап турал «шұжық» дайындалған алды. «Қарта», «жал-жая» да жылқы етінің бағалы мүшесі болып саналды. Қазактардың жаксы көретін сусыны – қымыз бие

сүтінен жаңа сауылған сүтті арнаулы тері ыдыста (сабада) ашыту жолымен дайындалды. Түйе сүтінен сінімді сусын – шұбат өзірленді. Қазақстанның солтүстік аудандарында ол түйе қымызы, ал онтүстік аудандарында «қымран» деп аталды.

Пісірілген сүттен күнделікті ішу үшін қатық, айран аштылды. Айран мен іріген сүттің артығы күбіге құйылды, ол «іркіт» деп аталды. Іркітті әбден қоюланғанға дейін үлкен қазанда қайнатты. Бұл қою іркіт дорбаға құйылып сүзілді. Одан сұзбе алынып, сұзбеден қысқа арнап «құрт», «сықпа», «ежігей» кептірілді.

Жаңа сауылған сүттен қазактар «ірімшік» қайнатты. Ол үшін жаңа сауылған сүтті пісіріп, оны мәйекпен ұйытқан, ұйыған сүтті ірімшігі байланғанға дейін қайнатқан, алынған ақ ірімшікке тұз және сары май қосып, дастарқанға қойған. Ұзак қайнатылған қызыл ірімшікті кептіріп алған.

Қазактарда дала жағдайында қойшылар кой сүтінен дайындастын тағы да бірнеше сүт тағамдары – «қойыртпақ» және «қорықтық» болған. Таңертең отарды өргізіп кеткенде қойшылар кішкене қымыз әкеткен, ал далаға барған соң қой сауып, сүтті қымызы бар торсыққа құйған. Кешке қарай осы қоспадан өте дәмді сусын – «қойыртпақ» дейтін алынған. Оны жылы қүйінде де, салқын қүйінде де ішіп жүрген.

Қазактар арасында егін шаруашылығының дамуы тары және бидай жармаларын тамаққа едөуір пайдалануға мүмкіндік берді. Жарлы жатақтар тары жармасынан сүтке не майға ботқа қайнатқан немесе көбінесе сүт, ара-тұра ет қатып, тары көже жасаған.

Бидай ұннан бауырсақ, нан пісіріп, ет тағамдары үшін қамыр және басқа да ұннан жасалатын тағамдар дайындаған. Қауызы ұшырылған бидайды қуырып азық еткен, сондай-ақ одан бидай көже де дайындаған. Бидайды аз уақыт суға салып, келіге түйіп, оны қабығынан тазартқан, содан соң оны шойын қазанда қуырып алғаннан кейін түйіп, талқанға айналдырған. Тары талқанынан қазактар сүт пен майға қосып ботқа немесе көже жасаған.

Қазактар ыдыс пен керек-жарактарды көбінесе сынбайтын материалдардан: ағаштан, теріден, жұннен, киізден және шұғадан жасаған. Қошкен кездерінде ыдыс-аяқты сыртқы беті түрлі-түсті құрактармен өрнектелген арнаулы киіз қаптарда (аяққаптарда) сақтаған. Сусымалы өнімдер үшін тоқыма қаптар дайындаған. Сүр ет пен сарымайды ағаштан жасалған кебежелерде сақтаған.

Қымызды сақтау және тасу үшін бие терісінен түрі мен көлемі жағынан әр түрлі ыдыс жасап, оны ыстап отырған. Қымыз сақтауға арналған ең үлкен тері ыдыс – саба табаны төрт бұрышты, төрт жағынан трапеция іспетті бүйір қабырғалары көлбеу тігіліп, ұзын мойын шығарылған сыйымды ыдыс. Қымызды салт атпен алып жүру үшін де ешкінін тұтас сойылып алынған терісінен ыдыс – «мес» дейтін жасалған. Мал сауатын көнек те теріден дайындалған. Қазактар түрмисында ыдыстардың ағаштан жасалған түрлері де кеңінен пайдаланылды. Мәселен, олар қайынан жасалған үлкен тегенелер, қатты ағаштан немесе қайынның безінен жасалған шаралар, аяқтар, тостағандар, қымыз құятын ожаулар, үлкен ағаш астаулар, ет тартуға арналған көлемді ағаш табактар және т.б. Металл ыдыстар ішінен қазактар өмірінде ең көп таралғаны және ең қажеттісі көлемі әр түрлі, шойын қазандар. Ең үлкен қазандар «тай қазан» деп аталды. Қазан үш



Түкті кілем. XIX ғ.




Аяққап. XIX ғ.




Зерлі шапан. XIX ғ.



Ішік. XIX ғ.



Жұқаяқ. XIX ғ.



Алқа. XIX ғ.



Сақина. XIX ғ.



Білеziк. XIX ғ.



Ер-тұрман. XVIII ғ.



Торсық  
пен тостак. XVIII ғ.

аяқты темір тұғыр не ошаққа қойылды. Сөйтіп XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында қазактардың материалдық мәдениетінде көшпелі және жартылай көшпелі тұрмыс салтына байланысты дәстүрлі ерекшеліктер сакталып қалды.

## 2. ТҰРМЫС-САЛТ МӘДЕНИЕТИНДІ ДӘСТҮРЛЕРІ

Казактарда тұрмыстық және ғұрыптық мәдениет дәстүрлері күнделікті өмірде көрініп отырды. Бұл ислам дініне дейінгі, ертедегі өр түрлі ғұрыптар мен салттарға байланысты болды. Отпен тазарту «аластау» түріндегі ертедегі отқа табыну қазактар өмірінің өр түрлі қырларынан байқалды. Мәселен, көктем кезінде қыстаудан көшкенде және күзде оған қайтап оралғанда қыстау мен малды от арқылы «тазарту» салты міндетті түрде сакталды. Қысқы қыстаудан көшкен кезде барлық мал екі оттың арасынан айдал өтілетін. Отқа табыну отбасы өмірінде де байқалды, мәселен сәбиді бесікке салар алдында бесікті отпен аластау салты жасалды. Тіпті адамдардың кейбір аурулары өткен кездерде отпен «емделді». Өрбір отбасында ошакты құрметтеу дәстүрі сакталды. Қазактар отқа түкіруге, отқа қарап дәретке отыруға, оттан аттап өтуге, тіпті бір кездерде от жағылған орынды басып өтуге тыйым салған.

Жазғы көші-қон кезінде өрбір ауыл көш керуенді салтанатты түрде ресімдеуге ерекше көңіл бөлді. Бұл үшін көш басындағы түйеге қырғауылдың ұзын қанаттарынан төрт айыр қарқара орнатты. Халықтың түсінігі бойынша, қырғауылдың өдемі қауырсындары бөгде адамдардың назарын аударып, көш керуенді көз тиюден және жол бойындағы өр түрлі қолайсыз жағдайлардан сақтайтын болған.

Жазғы жайлауға жеткеннен кейін қазактар бие сауып, қымыз ашыту үшін бие байлайтын. Бұл жағынан алғанда ауыл шеңберінде «қазық майлау» немесе «қымыз мұрындық» дейтін шағын той өткізілетін. Бұл салтың мағынасы құлындар мен олардың енелері аман, қымыз мол болсын деген тілекке саятын еді.

Ғарыштық түсініктер де маңызды рөл атқарды. Тұнгі аспанды ежелден қадағалап келген қазактар басқаларынан ерекше белгілерімен айрықшаланатын көптеген аспан денелерін білді, олар бойынша тұн кезінде уақыт жағынан да, тұнгі жол бағдары жағынан да нақты дерек ала білді. Темірқазық, Жетіқарақшы, Үркөр, Шолпан, Есекқырған, Құсжолы, Сүмбіле, Үшарқар – таразы және т.б. осындай жұлдыздар болып саналды.

Қазактар үшін көк аспанның тәнірілік маңызы ерекше болатын (көк тәнірі). «Аспан өз әрекеттерінде еркін болды, – деп жазады Ш. Уәлиханов, – ол өрі жарылқады, өрі жазалады. Адамдар мен халықтардың есенсаулығы соның ықтиярына байланысты болды. «Тәнірі жарылқасын», «көк сокқан» және «көк сокқыр» деген ұғымдар, олардың шамандардан шыққанын көрсетеді»<sup>1</sup>.

Қазактар ежелден күннің күркіреуі мән найзағайдан қорқып, оларды көктің қаһары, яғни күннің күркіреуі – құдайдың қаһарлы үні, ал найзағай оның зұлым рухтарды ататын аспандағы жебесі деп санаған. Көктемде күн алғашқы күркіреген кезде қазактар жаз жайлы, сүт мол және мал басы өседі деп қуанған.

Өткен заманда қазақтар халық арасында «жадылау» деп аталып кеткен сиқыршылық пен бас айналдыруға, сонымен бірге халық кейбір адамдар өр түрлі қаскунемдікпен сиқыр қолданып, әлдебір адамды құрбандыққа ұшыратады, арам күштердің ырқына бағындырады деген лақапқа да сеніп келген.

Казақтар тіл тилю мен көз тиуге, яғни адамдардың мактаған сөздері мен сүйсіне қараған көзқарасы «қорғансыз құрбандарға» теріс өсер етіп, олардың өлуіне әкеп соғуы мүмкін деген жорамалға да ежелден сеніп келген. Сондықтан халық жаман сөзден (сұқ) және көз тиуден корғану құралдарын қолданды. Мәселен, сәбидің сыртқы киіміне өр түрлі жылтырақ түймелер, теңгелер, тастар, алқалар және бойтұмарлар, ал бас киімінде төбесіне бөгде адамдардың «көзінен» қағатын үкі қадап қойды. Сал-серілер мен аскан арулардың бас киіміндегі үкі де соның ишарасы болуы ықтимал. Жаңа туған бота да сырт көзден мұқият жасырылған. Жас ботаға да үкі таққан.

Казақтардың түсінігі бойынша, көшпелі мал шаруашылығына байланысты кейбір заттардың бұрынғы қожайынының «құтын» (бақытын, байлығын, игілігін) алып кететін ерекше күші болған. Сондықтан ат сатқанда – жүгенін, түйе сатқанда – мұрындығын, сиыр сатқанда бас жібін бермеген. Сондай-ақ құлын байлайтын нокта, қозы байлайтын көген және т.б. басқа біреуге берілмеуге тиіс болған.

Жақсы айғырды немесе «мал басы» деп саналатын биені үйірінен айыру кезінде жасалатын салт та «құтты» сақтауға байланысты, олардың жалынан бір уыс қыл кесіп алынып, оған сол аттың сілекейін жаққан, сөйтіп оны байлық белгісі – «құт» ретінде сақтаған.

Казақтарда меймандостыққа байланысты салттар бар. Мәселен, қонақ кірген кезде киіз үйдің есігін – қожайын, ал қонақ шыққан кезде қонақтың өзі ашады. Сырттан үйге кіргенде ауызды малжандатып бірдемені шайнай кіру өбестік саналған, ал керісінше үйден дәм татып шығу дастарқанды сыйлағандықтың белгісі болған. Қазақ өзі ашықса да, ең дәмдісін «құдайы қонаққа» сақтаған.

Исламға дейінгі сенімге сәйкес, көшпелі тұрмыстың кейбір енбек құралдары мен заттары қасиетті деп саналған. Мысалы, жылқы ұстайтын құрық, құлын байлайтын желі, қозы байлайтын көген, жүген, нокта, киіз үйдің шаңырағын көтеруге арналған бақан және т.б. сондай болған, оларды басуға немесе олардан аттаң өтуге болмайтын еді.

Казақтардың некелесу салт-дәстүрінің өр түрлі рәсімдерінде халықтың байырғы әдет-ғұрыптары мейлінше мол сақталған. Оларда ертедегі дәстүрлердің – топтық некенің (левират және сорорат), рулық экзогамияның, полигамияның, үлкен патриархаттық отбасының қалыңмал және енші берудің және т.б. ғұрыптардың белгілері жақсы көрініс тапқан. Құда тұсу туралы екі жақтың келісімі антпен бекітілді. Ант беру рәсімі жасалғаннан кейін ақсақалдар құдалық бөтуәласуға қан құйылған кесеге бата оқи отырып, бата берді, бұл «батааяқ» деп аталды.

Казақтар арасында үлкендер ерекше құрметтелді. Оны бұзушыларға айып салынды. Қазақ әйелдері күйеуінің жасы үлкен туыстарын құрметтеді. Келін атасының және қайын ағаларының алдынан өтпен ғұрпын қатаң сақтады, оларды өз атымен атамады.

Қонақжайлылық қазақтың ежелден қалыптасқан табиғи мінезі болып табылды. Жол жүріп келе жатқан адамның кез келген, тіпті өзі танымайтын адамның үйінде қонып шығуға құқығы болды. Мейманға ас беріп, өр

түрлі қызмет көрсету мүлде тегін жасалды. Мейманның тіпті өзін жақсылап күтуді талап етуге құқығы болды. Егер үй иесі мейманды жақсы қабылдамаса, мейманның билер сотына жүгінуге де құқығы бар еді. Әдет (дәстүрлі құқық) бойынша мейман өзі кеткенге дейін үй иесінің толық қорғауында болды. Бұл құқық мейман ошақ иесінің жауы болған жағдайда да қолданылды. Үй иесі мейман өз үйінде болған кезде одан кек қайтара алмады. Керісінше қожайын өз мейманын оның басқа жауларынан қорғауға міндettі болды.

Казактар арасында тамыр болу дәстүрі ежелден кең таралған. Біреулерін — олардың ата-аналары, екінші біреулерін жалпы жаумен құрестегі өз мұдделерінің ортақтығы табыстырыды, ал үшіншілерін өр түрлі тұрмыстық қам-қарекет барысындағы адалдық жақындастырыды. Сыйластықтың асқан белгісі — бір-бірінен жақсы қыран құс, жүйрік тазыға дейін қалап алуға құқылы болды. Тамыр болу куөлар қатысып отырғанда, өте салтанатты жағдайда жасалды, қылышты немесе қанжарды сүйіп, мәңгі адалдық туралы ант берілді.

Халық қайғылы өлімді, ағайын-туыстың қаза болуын «естірту» дәстүрі арқылы жеткізген. Халық арасында «естірудің» шешендік-шеберлік негізінде құрастырылған көптеген ұлгілері болды. Ертедегі діни нанымда-ра байланысты ғұрып бойынша әйелдер марқұмды «жоктау» айтып шығарып салған. Ұзак уақыт жоқтау айтып, қатты қайғыны білдіру белгісі ретінде жесір өз бетін өзі тырнау (бет жырту), ер адамдар жерлеуден қайтып, марқұм жатқан үйге жақындаған кезде аттарының басын бос жіберіп, ер үстінде онды-солды шайқалып, «ой бауырым» деп дауыс салу, қатты қайғырғанын білдіріп, жылап, ерден құлап тұсу рәсімінің кейбір белгілері бертінге дейін сакталған. Марқұмды еске түсіру үшін оның қайтыс болған күнінен жетінші, қырқыншы күндері жөне бір жылдығында ас берілген. Жесір қайтыс болған күйеуін бір жыл бойы аза тұтқан.

Казактар 22 наурыздағы көктемнің күн мен тұн теңесетін күніне тұстас келетін Жаңа жылдың келуін (Наурыз) жыл сайын ежелден көнілді мейрам ретінде атап өткен. Әйелдер дәстүрлі рәсімдік тағам — «наурыз көже» дайындалап, оны келген қонаққа берген. «Наурыз көже» өз құрамы жағынан құрама болды, яғни міндettі түрде 7 дәм түрінен (мысалы: су, тұз, ет, сұт, пияз, бидай жөне тары; қолда бар дәмнің кез келгені) құралуға тиіс болды. Наурызды мерекелеу күні халық арасында «Ұлыстың ұлы күні» деп аталды. Сол күні жасына, жынысына жөне өлеуметтік жағдайына қарамастан тойлауға қатысушы адамдардың тенденгі сакталды.

Наурыз күні халықтың жаппай бір-біріне деген мейірім, ықыласы арты, тіпті Наурыз кезінде жауласуши жактар арасында да татулық орнады. Ұлыстың ұлы күні құрметіне адамдар өздерінің арасындағы ең ауыр реніштерін де кешірді. Казактар арасында діни сипаттағы «құрбандық шалу» рәсімі кең қолданылды. Құрбандық шалу соғыстың аяқталуы, ұлының шайқас аланынан аман оралуы, шаңыракқа ұл перзенттің келуі, өлімнен аман қалу, тасаттық беру, сүйек жаңғырту, т.б. салт-жоралғыла-ра байланысты жүзеге асырылды. Құрбандыққа мүмкіндігінше «бозқасқа» (кой), «ақбоз ат» (жылқы) шалу кең қолданылды.

Жоғарыда айтылғандардан қазактарда ғұрыптық мәдениет халық өмірінің барлық дерлік жактарын қамтығаны, онда зор маңыз атқарғаны көрінеді.

### 3. XVIII–XIX ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҰШТЕН БІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жекелей поэзиялық шығармашылықтың пайда болуы және дамуы. XVIII–XIX ғасырдың бірінші ұштен бірінде қазақ халқының мәдениеті еткен дәуірдің мәдениетімен, оның озық дәстүрлерімен сабактасқан байланыста болды.

XVIII ғасырға дейін қазақ ақындарының есімдері, олардың өрқайсының шығармашылығы, олар өмір сүрген уақыт белгісіз дерлік еді. Сыпыра жырау, Шалқиіз жырау және басқалар шежірелерде, әңгімелерде, аңыздарда, эпостарда ғана аталады, бірақ олардың өмірі мен шығармашылығы туралы накты деректерді біз білмейміз. Қазақ жерлерінің едөуір бөлігі Ресейге қосылған XVIII ғасырдың орта кезінен бастап және өсіресе XIX ғасырда орыс ғалымдары мен қазақ зиялыштарының жекелеген өкілдері ақындар, суырыпсалма жыршылар, жыраулар туралы мәліметтер жинап, тіпті олар шығарған әндер мен жырлардың мәтіндерін жазып ала бастады. Ақындар мен жыршылардың кейбіреулері өз туындыларын жазып отырды. Соның арқасында олардың өлеңдерінің түпнұска мәтіні сакталып қалған. XIX ғасырдың ортасынан бастап жекелеген ақындардың өлеңдері мен жырлары жариялана бастады. Бұл жекелей поэзиялық шығармашылықтың айқын көрініс тапқан және дами бастаған дәуірі болды.

Қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алғатын XVIII ғасырдағы атақты жырау Бұқар Қалқаманұлының (1668–1781) бірнеше туындылары сакталған. Бұқар жырау осы күнгі Павлодар облысының Баянауыл ауданы аумағында туып-өскен. Ол тәуелсіздікті сақтау және нығайту идеясын білдірген көптеген дидактикалық өлең-толғаулар шығарған, Орта жүз ханы Абылайды қолдап, кейбір жағдайларда Абылайға оның жүздерді басқару жөніндегі істеріне, оның өр түрлі таластар мен даушарларды талқылауы кезінде елеулі ықпал жасап отырған. Сонымен бірге Бұқар өз шығармашылығында өз заманының жекелеген маңызды тарихи оқиғаларын дұрыс бейнелеп көрсетті. Бұқар жырау шығармаларының өзекті тақырыптарының бірі – Отанға деген сүйіспеншілік, ұлтжандылық. Ол қазақ халқының жонғар басқыншыларына қарсы азаттық күресін жырлады, халықты бірлікке, ерлікке шақырды, бұл күрестің қаһармандары – Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек батырларды дәріптеді. «Тілек», «Әй, Абылай», «Асқар таудың өлгені...» деген және басқа толғауларында ол адам өмірі және мораль жөніндегі өз ойларын өлеңмен бейнелі түрде айтып береді.

Жырау қазақтың барлық үш жүзін біріктіріп, бір орталыққа қараған күшті мемлекет болуын арманадады. Қазақстан сыртқы жаулардың шапқыншылығымен және ішкі өзара тартыстан өлсіреген замандағы хандардың ішіндегі айбарлысы Абылай болды. Бұқар хан бейнесін халықтың ең жақсы идеяларын жүзеге асыруға тиісті қайраткер ретінде жырға қости, оның Ресей мен Қытай арасында өз мұддесін қорғап қалу саясатын макұллады.

Бұқар табиғи шешендігі арқасында хан, сұлтан және ірі феодалдар арасында ғана емес, халық арасында да зор беделге ие болып, XVIII ғасырдағы қазақтардың қоғамдық санасына игі ықпал еткен аса қуатты идеологиялық күш қызметін атқарды.

Өзге жыраулардың – Тәтіқара, Үмбетей, Шал, Көтеш жыраулардың жырлары халық жадында үзік-үзік сақталған. Үмбетейдің Бөгенбай батырдың қайтыс болуына арналған естірту жыры – жоқтауы белгілі. Онда ақын батырдың жонғарларға қарсы шайқастардағы ерліктерін дәріптейді. Ол Бөгенбайдың жарқын, өсерлі бейнесін жасаған:

Колтығы ала бұғының  
Пәйкесіндегі Бөгенбай!  
Жалаңқия жерлерден  
Жазбай түсіп түлкі алған  
Топшысы жуан бүркіттің  
Тегеурініндегі Бөгенбай!

Үмбетейдің жоқтауында Бөгенбай – халық қорғаушысының мінсіз бейнесі.

XVII ғасырдың ірі импровизатор ақыны әрі жырауы Тәтіқара еді. Ақын қатардағы жауынгер ретінде көптеген шайқастарға қатысты. Жорықтар кезінде туған толғауларында ол жауынгерлерді бостандық жолындағы күресте қандай да болсын қыншылықтың алдында бас имеуге шақырды. Мынадай аңыз сақталған: бір жолы қазақ жасақтары жонғарлармен шайқаста жеңіліске ұшырап, шегініп бара жатып, лықсып аққан үлкен өзенге келіп тіреледі. Жауынгерлер өзен жағасында жиналышп, одан жүзіп өтуге батылы бармай тұрып қалады, сонда Тәтіқара жауынгерлердің намысын қозғайтын толғау өлеңін суырыпсалышп, өзенге бірінші болып қойып кетеді де, жүзіп өте шығады. Оның ізінен басқа жауынгерлер де жүзіп өтеді.

XIX ғасырдың басында өмір сүрген Шал, Көтеш, Жанкісі жыраулар өз толғауларында әлеуметтік теңсіздікті, хандардың халыққа жасаған зорлық-зомбылығын әшкерелеген. Жанкісі қоқан бектерінің қатыгездігі мен зорлық-зомбылығын ашу-ызамен күйіне айтады:

Өзіңіз қосқан зекетші  
Біздің үйде Жұзбай бар.  
Жұзбайдың жүрген жерінде  
Жылау менен ойбай бар!..  
Арқадан келген сорлы найман  
Аң-таң болып қалады.  
Айтайын десен ұрады,  
Ұрмак түгіл қырады...  
Алдына салып айдайды...  
Алса малға тоймайды,  
Біз жыласақ ойнайды,  
Ел ішінде ажарлы  
Қыз-катынды қоймайды,  
Жақсыларды сөгеді,  
Ат үстінен тебеді.

Ақын-импровизаторлардың жырларының тілі халық бұкарасына түсінікті, ұфымды болып келеді.

Ақтамберді (1675–1768) – негізінен эпикалық жанрда жыр толғаған жырау. Ол өз жырларында батырларды қаһармандық рухқа шақырады:

Күлдір де күлдір кісінетіп,  
Күренді мінер ме екеміз,  
Күдеріден бау тағып,  
Ақ кіреуке киер ме екеміз!  
Жағасы алтын, жені жез,  
Шығыршығы торғай көз  
Сауыт киер ме екеміз!...  
Қоныраулы найза қолға алып,  
Қоныр салқын төске алып,  
Қол төңкөрер ме екеміз,  
Жалаулы найза жанға алып,  
Жау қашырап ма екеміз!

Ақын өз заманындағы жас үрпақты табандылық пен ерлікке шақырды. Ерлікке, жауынгерлік ержүректілікке үндеу, жаудан қаймықпай, батыл қарсы шабуға, оның алдында ешқашан шегінбеуге үндеу – Ақтамбердінің бүкіл шығармасының арқауы. Өйткені женіске жеткен жағдайда бостандық та, данқ та болмақ, ал олай болмағанда ерді өлім күтеді, мұның өзі қалай дегенмен де өз халқын кіріптарлықта көрген-нен әлдекайда тәуір.

Кедей ортадан шыққан Көтеш ақын (1745–1818) өмір бойы жоқшылық тауқыметін тартты. Оның шығармашылығының басты сарыны – кедейдің азапты өмірін көрсету, әділетсіздікті әшкерелеу.

Шал ақынның (1748–1819) шығармашылығы болған оқиғаға ақындық шабытпен сол сөтте үн косуымен сипатталады. Олар қазақ халқының тарихындағы жекелеген оқиғалармен байланысты. Онда арнау өлендер мен мысқыл өлендері көп. Шал шығармашылығының негізгі тақырыбы – адам өмірі оның мәні, мораль, этика, дін мәселелері.

Бұқар, Жанкісі, Тәтіқара, Ақтамберді және басқа да өлендері мен жырлары бізге дейін жеткен суырыпсалма ақындар мен жыршылар қазақ әдебиетіндегі жекелей поэзиялық шығармашылықтың бастамашылары болып табылады. Олардың жырлары соның алдындағы дәуірдің түрмис-салт поэзиясынан көп жағынан ерекше болып келеді. Бұл туындыларда азаттық сарындар көбірек көрініс алып, халық өмірі толығырақ ашылды. XVIII–XIX ғасырдың басындағы көптеген жыраулардың шығармашылығына тән кейбір қайшылықтарына қарамастан, олар қазақ әдебиеті тарихында көрнекті орын алады.

Бұл дәуірдің туындылары көркемдік нысаны жөнінен неғұрлым ертеректегі кездің өлең-жырларына қарағанда кемелдене түскен. Қазактардың ауыз әдебиетінің барлық негізгі белгілері мен дәстүрлері сакталған бұл өлендерде сол кездің өзінде-ак жазба поэзияға тән элементтер болды.

Халық ауыз әдебиетінде тарихи оқиғалардың бейнеленуі. Қазактардың XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ауыз әдебиеті мейлінше алуан түрлі тақырыпты қамтып, сонымен бірге бұрын пайда болған жанrlар мен олардың көркемдік ерекшеліктерін сақтап қалды. Батырлық эпос, ертегілер, мақалдар, мәтелдер, түрмис-салт жырлары – осы жанр-

лардың бәрінің туындылары біртіндеп түрін өзгертіп, жаңа мазмұнмен толықты.

XVIII ғасырдағы тарихи жырлардың негізгі тақырыбы қазақтардың жонғар жаулап алушыларына қарсы күресі болды. Оқиғалар шын мәнінде өмір сүрген және халық тарихында елеулі із қалдырған батырлардың есімдеріне байланысты беріледі.

Қазақтардың 1723 жылғы Жонғариямен күрестегі халық бұқарасына сансыз көп қасірет өкелген ірі жеңілісі көптеген аңыз-өңгімелер мен өлеңжырлар туғызды. 1723 жылдың қатал қысында жұттан көп мал қырылды; жонғар басқыншылары қазақ ауылдарын тонап, картты да, жасты да аямады. Көшке ере алмаған шалдар мен кемпірлер, жаралы жауынгерлер жол үстінде қаза тапты; өйелдер мен қыздар тұтқынға алынды. Халық осы ауыр қасіретті өйгілі «Елімай» өнінде мәңгі есте қалдырды:

Қаратаудың басынан көш келеді,  
Көшке ілесіп бір тайлақ бос келеді.  
Ел-жұртынан айырылған жаман екен,  
Екі көзден мәлдіреп жас келеді.  
Мына заман қай заман, қысқан заман,  
Басымыздан бақ-дәulet ұшқан заман,  
Шұбырғанда ізіңнен шаң борайды  
Қантардағы кар жауған қыстан жаман.

«Қап қағылған», «Шанды жорық» өндерінде ақындар Жаңатай, Баян батырлар басқарған көптеген қазақтардың шайқастарда қалай қаза тапқаны жайында айтылады. Жауға талай рет тайсалмай қарсы шапқан атақты Жаңатай батыр бір жолы 500 батыл жігітін бастап 10 мындық жонғар өскеріне шабуыл жасаған. Осы ұрыста Жаңатайдың досы Үйсінбай батыр ауыр жараланғанына қарамастан, арыстанша айқасқан. Қан майданнан небәрі 10 адам ғана аман қалған. Жаңатайдың ұлы Тоқаштың атына оқтиген кезде Үйсінбай атынан түсіп, оны Тоқашқа беріп тұрып: «Мін де, жау нөпірін жарып өтіп өзімізге қарай жөнел, өйтпесе сені өлтірсе, жаудан менің кегімді кім алмақ!» – дейді. Жаңатайдың өзі де осы ұрыста мерт болады.

Жонғар феодалдарына қарсы шайқастар туралы өлендерде, аңыздар мен жырларда қазақ батырлары мен сарбаздарының ерлігі дәріптеледі, олардың жауға деген мейірімсіз өшпенділігі, өз халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрестегі табандылығы мен ерлігі жырланады.

Абылай туралы эпикалық жырлар да кең тарапты, оларға ең алдымен Абылайдың хан болғанға дейінгі өмірі негіз етіп алынған.

Жырлардың бірінде жетім малшы, Абылайдың Сабалак деген атпен атақты Төле бидің түйесін қалай баққаны, оның халықпен бірге жорыққа аттанып, ұрыста жонғар қонтайшысы Галдан-Цереннің ұлы Шарыш батырды жекпе-жекте өлтіріп қалай көзге түскені айттылады. Абылайдың сыртқы жауларға қарсы күресі туралы сөз етілген кезде жеңіске халықтың күшімен, батырлардың жігерімен ғана қол жететіні ұдайы атап көрсетіледі. Бірақ Абылайдың Жонғарияға қарсы күресін дәріптей отырып, ақындар оның қырғыздарға жасаған жорығын мақұлдамады. Қырғыз батыры Теміржанның қазақ батыры Қабанбаймен айқасы туралы өлендер

мен өңгімелерде қырғыз батырларының ержүректігі мен ерлігі дәріптеліп, Абылай өскербасыларының мейірімсіздігі айыпталады.

XVIII ғасырда дүниеге келген эпикалық туындылар арасында «Арқалық батыр» оқиға желісінің шынайылығы және сонылығымен көзге түседі. Онда ауыр күндерде халықтың арман-ұмті туралы емес, қайта өзінің жеке басының пайдасы мен амандығы туралы ойлайтын хандар мен сұлтандардың сатқындық саясаты өшкөреленеді; халықтың қалың ортасынан шыққан ерлер, олардың бостандық және халық бақыты жолындағы құресі дөріптеледі.

Халықтың бірқатар өлеңдері мен өңгімелері XVIII ғасырдың аяғындағы Кіші жүз казактарының көтерілісіне, бұл көтерілістегі батыр Сырым Датовтың рөліне арналған. Сырым батыр туралы ауызекі сөздерде, аныздарда, өңгімелерде оның хандармен және оның төңірегіндегілермен қалай құрескені туралы айтылады. Халық жадында Сырым батыр ғана емес, сонымен бірге сұнғыла шешен, ақылды саясатшы ретінде де сакталған. Бір жолы Сырым Нұралы ханнан:

— Жылқының торысы көп пе, өлде төбелі көп пе? — деп сұрапты.

Сырым «торысы» деп халықты, ал «төбелі» деп хандар мен олардың әулеттерін мензеген. Нұралы хан Сырымға жауап берे алмапты.

Тағы бір жолы Сырым Нұралы ханға былай дейді:

— Сен азшылық пен көпшіліктің арасында, ақсүйектер мен қара халық арасында, әлсіздер мен күштілер арасында тендік орната алмадың. Біреуі екіншісін тонап жатыр, сен халықты басқара алмадың.

Хан қарсы дау айтып:

— Батырым, тасып жүрсің-ау! — депті.

Сонда Сырым іркілместен былай деп жауап қайтарады:

— Жоқ тақсыр, мен тасып жүргем жоқ, қайта, қазақ баласының басын қоса алмай сасып жүрмін, — деп жауап берген екен.

Сырымның Хиуа ханымен кездесуі жайында өңгімеде батыр тапқыр, тілге жүйрік, сөз сайысында ешкімге дес бермейтін алғыр адам ретінде суреттеледі.

XVIII ғасырда жонғар басқыншылығының заманы туралы түсінік беретін тарихи өңгімелер халық арасында кең таралды, олар белгілі оқиғаларға немесе нақты адамдардың есімдеріне байланысты болды. Бұл өңгімелер ауыздан-ауызға тарала отырып, өзгеріп, өсіп отырса да, бірақ олардың негізіне нақты шындық фактілер алынған. Олардың көпшілігінде екінің бірінде жонғар жаулап алушыларына қарсы қресте ерекше көзге түсken батырлар мадакталды.

XVIII ғасырдағы халықтың ауыз әдебиетінде қазақ билерінің шешендік сөздері ерекше орын алады. Үйсін руынан шыққан Төле бидің, қаракесек руынан шыққан Қаз дауысты Қазыбектің, төртқара руынан шыққан Эйтеке бидің халықты сыртқы жауға қарсы бірлікке, қарулы құреске шақырған тапқырлық сөздері пафосқа толы, олардың өз кезінде зор саяси маңызы болды.

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басында дүниеге келген фольклорлық ұлгілер сол кезеңдегі халықтың рухани өмірін сипаттайты. Эпикалық жырлар, тарихи өңгімелер және сол дәуірдегі халық ауыз әдебиетінің басқа да ұлгілері халық даналығына көз жеткізіп, оның тарихи оқиғаларға тұра баға бере алуымен қайран қалдырады.

## 4. МУЗЫКА ӨНЕРІ

**Халықтың музикалық шығармашылығы.** Қазақ халқының тұрмысы мен қоғамдық өмірі және еңбек өрекетімен біте қайнасқан рухани мәдениетінің етене саласы музика болды. Дәстүрлі орындаушылық – жеке өн салу мен аспапты жеке тарту кең тараған, өнді қосылып айту сирегірек; шығармалардың негізгі түрлері өн мен күй болған.

Жиырмадан аса өр түрлі музикалық аспаптар болған, олардың бір сарынды ғана дыбыс шығаратын кейбіреулері – шертер, жетіген, саз сырнай, кепшік, шаңқобыз, данғыра, асатаяқ және басқалары музика өнерінің кәсіби талаптарына сай келмей, біртіндеп құри берген. Ал дыбыстық сапаларын жетілдіруге келетін басқалары музикалық аспаптар тобын құрады. Олар: домбыра – ағаштан жасалған, шертіп ойналатын екі ішекті (ұш ішекті болып келуі сирек кездеседі) аспап, шанағы сопақша (алмұрт тәрізді), кейде жазық формалы болып келеді; қобыз немесе қылқобыз – тостақ тәрізді толық ағаш шанақты және мойыны (кежегесі) ішіне қарай иілген ыспалы қос ішекті аспап; сыбызғы – ағаштан, іші қуыс қамыс-қурайдан немесе металл түтіктен жасалған, 4–6 саусақ басар ойығы бар ұзынша ұрмелі аспап; дауылпаз – сырты тері-жарғакпен қапталған ағаштан немесе металдан жасалған кішкене қазан түріндегі сокпа аспап. Бертінде көпестер Ресейден айырбас сарайлары мен жәрменкелерден алып келген сырнай (екі қатарлы гармониканы осылай атап кеткен) шықты.

Той-думан өн-күймен басталған, ақсақалдар кеңестерінің алдында, жайлауға көшу мен қыстауға қайтып оралу да өн-күймен атап өтіліп отырған; өлендерде қыран құс пен атышұлы жүйріктер мадақталып, сұңқылдаған хабаршылар ауылдарды аралап жүріп, маңызды жаңалықтарды өлеңмен хабарлаған. Эйелдер үй тігіп, уықшанша жүріп, мал сауып, жұн сабаған, жіп иіріп, кілем тоқыған, киіз басқан кездерінде өлең айтып, балаларын тербете отырып, бесік жырын жырлаған. Қайғыға ұшыраған отбасын жұбататын көніл айту, қуаныш хабарға сүйініп сүйінші сұрап, құттықтау дәстүрі де өлеңмен айтылған.

Музикалық туындылар мазмұны мен құрылымы жағынан өр алуан болды. Еңбек үрдістері мен тұрмыстық жол-жора (той-томалақ, жерлеу) кезінде орындалатын өндер, сондай-ақ бесік жыры мен балалар өндері қыскалығымен, шағын диапазонды өуендерінің әсерлілігімен, мәтін мазмұнының дәстүрлілігімен ерекшеленді. Бұларды жүргтүң бәрі айтатын болған. Ал өндер мен күйлердің, өсіресе лирикалық және өлеуметтік тақырыптарға, тарихи, эпикалық және аныздық сюжеттерге шығарылғандарының өуендері ырғакты қайырмалы болып келген, формалары күрделі, ырғактық құрылымдары ауыспалы, кең ауқымды болған. Олар танымал дарындардың репертуарларына енді. Бұл танымал дарындарды орындаитын шығармаларының тақырыптарына қарай «акын», «жырау» немесе «жыршы» (эпосты, аныздарды, тарихты жырлаушы), «өнші» немесе «өлеңші», «күйші», «ертекші» және т.б. деп атаған.

Кәсіби музикалық өнерпаздардың дарындылығы көшілік алдындағы арнайы айтыстарда көрінген. Мұндай музикалық-поэзиялық жарыстар тойларда, жайлауға көшуге байланысты, қыз ұзатқан кезде және басқа да отбасылық қуаныштарға орай өтіп отырған. Женгердеге мол сыйлықтар беріліп, ерекше құрмет көрсетілген, аса көрнектілерінің есімдеріне «сал», «сері» деген құрметті атақтар қосып айтылған; олардың данқы ауыл-ауылға тез тарап отырған; оларды барлық жерде зор құрметпен қабылдаған.



Жыршы. Суретші Н.Г. Хлудовтың картинасы (Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық мұражайының қорынан).

Орта Азия мен Қазақстан халықтарын дұрыс атап көрсеткеніндей, қазақ халқының өз өлең-жырларында бәрінен гөрі артығырақ бағалағаны «қайдағы бір керемет және ертегілік дүние болған жоқ, керінше ол өлең-жырлары мен өн-күйлерінде өзінің өмірін, өзінің сезімдері мен талпыныстарын білдірді... ақылға сыймайтын және жаратылыстан тыс нәрсені емес, қайта шын бар нәрсені жырлады».<sup>3</sup> Шындық өмір көптеген алуан түрлі лирикалық және өзінің өуендері мен мәтіндері жағынан неғұрлым тұрақты болып келетін отбасылық-салттық, отбасылық-тұрмыстық және еңбекке арналған өлеңдер мен күйлерден көркем көрініс тапты. Оларда өлеуметтік теңсіздік, экономикалық тәуелділік, адамның жеке басын кемсітушілік ашып көрсетілді. Мысалы, той салтының музыкасы жарқын поэзиялық көтеріңкі рухымен, куанышты және қайғылы сезімдерінің шыншылдығымен ерекшеленді. Той «Той бастар» өлеңімен немесе күйімен басталатын, оларда күйеу мен қалыңдықтың ата-анасы, туған-туыстары мен бүкіл руының қадір-қасиеті аспандата мадақталатын да, екі жасқа отбасылық бақытты өмір кешетіндері айтылатын. Жастардың оңаша кештерінде «Жар-жар» – болып жатқан оқиға жайында қолма-қол шығарып айтатын тапқырлық өлеңдер жөнінен, жарыска түскен қыздар мен жігіттердің айтысы болып отыратын. Ата-ана, туған-туысқан, ауылымен қоштасарда ұзатылып бара жатқан қыздың мұнды – «Қыз қоштасуды» немесе «Сыңсуды» айтатын. Күйеудің ауылында оны киіз үйдің табалдырығы алдында ғибрат-өнеге өлеңі «Беташармен» қарсы алатын.

Жыраулар мен жыршылар эпикалық және тарихи жырлар мен азыздарды орындағанда, өздеріне тән өуендейк сарындарды, сондай-ақ өндік және аспаптық формаларды да пайдаланып отырған. Бірақ әпосты орындаудың неғұрлым кең тараған түрінің синкретикалық, яғни түйдектете айтатын

Музыка, поэзия адамдардың дүниеге деген көзқарасының, моральдық негіздер мен эстетикалық талғамдарының қалыптасуына орасан зор ықпал жасап отырды.

**Репертуар.** XVIII ғасырда – XIX ғасырдың бірінші жартысында музыка өнері өткен замандар туындыларының тандаулы үлгілерін сақтау және олармен сабактас халықтың күнделікті өмірімен тікелей байланысты жаңа шығармалар жасау негізінде дамыды. Әншілер мен музиканттардың репертуарында космологиялық тақырыптағы – жұлдыздар туралы, ай, күн және басқа планеталар жайлары, демонология тақырыбындағы – жезтырнақ, жынпері жайлары әндер мен күйлер болды; ауылдарда бақсылардың балгерлік өрекеттері кезінде «арбау» сарыны да орындалатын болды.. Бірақ

сипаты болды, оған өндегу, аспапта ойнау, бет пішін мен қол қымылдары элементтерін қатыстыра отырып баяндау шеберлігі негіз болды. Жырши кейіпкерлердің диалогтарын әр түрлі: қаһарманды – қатаң, тегеурінді; қаһарман өйелді – нәзік, лирикалы; ұнамсыз кейіпкерлерді – керенау, ызалы интонациялармен құбылтып отырды. Көптеген зерттеушілер жыршылардың зор шеберлігі мен олардың таңғажайып еске сақтағыш қабілеттерін атап көрсеткен болатын.

XVIII ғасырда өншілердің, аспаптарда ойнаушылардың, ақындардың шығармашылық-орындаушылық шеберлігі барынша дамыды. Солардың арқасында өндік музикалық мәдениетте ежелгі заман авторларының туындылары: «Ақсақ құлан мен Жошы хан», «Кобыланды батыр», «Қамбар батыр» күйлері, «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Қызы Жібек» және басқа өуендік циклдер сақталып қалды.

Алайда бұл – XVIII ғасырдағы музикалық мәдениеттің бір ғана бөлігі. Оның екінші бір елеулі саласы ежелгі замандар тақырыбына және өсіресе сол дәуірдің тақырыптарына шығарылған туындылар болатын. Қазак дасында «Ескендір» – шапқыншылық жорықтар кезінде Окс пен Яксарт (Әмудария мен Сырдария) өзендерінің бастауларына дейін жеткен Александр Македонский туралы, сондай-ақ «Әмір ақсақ» – ортаазиялық қолбасшы және шапқыншы Ақсақ Темір туралы өндер де айтылатын. Бірақ халық назарын осының бәрінен гөрі оның өз тарихына қатысты өндер мен күйлер көбірек аударды. Өзінің үні жағынан қайғылы болып келетін осынау күйлерде рубасыларының, сұлтандардың, батырлар мен билердің ұлыстарды билеу жолындағы, мал жайылымдарын иеленіп алу жолындағы үздіксіз қырқыстары мен соғыстары өздерінен біршама өлсіз рулық-тайпалық одақтарды басқа жерлерге көшіп кетуге мәжбүр еткен замандар жайлы өңгімеленетін.

Аспапты музикада аса көрнекті тарихи адамдарға жеке күйлер арнау немесе күйлерде олардың өмірінің әр түрлі кезең-сөттерін суреттеу дәстүрі қалыптасты. «Сырым сазы» күйі Сырым Датов жайлы бейнелі музикалық суреттеме болып табылады. Музыканың әр алуан өуені көтерілістің жеңетініне көміл сенімді Сырымның көтеріліс басталар алдындағы ойланып-толғанған сөтін көрсетеді. Бұл шешуші эпизод күйдегі басты өуен болып табылады: күй музикасында жауынгерлік ұрандардың жаңғырықтары, дауылпаздардың ұрысқа шақырған данғыры естіледі, лап койған көп салт аттының көрінісі суреттеледі.

Жонғар феодалдарының 1723 жылдың көктеміндегі шапқыншылығымен байланысты қазақ халқы тарихындағы қайғылы оқиғалар замандастарының көптеген күйлері мен өндерінен көркем бейнесін тапты.

Солардың бірі керей руынан шыққан аса көрнекті домбырашы және композитор Байжігіт болды. Ол «Ақтабан шұбырынды» мен «Қайың сауған» (қайың шырыны халықты аштан өлуден аман алып қалған) және басқа күйлер шығарған. Байжігіттің халық өмірі мен тұрмысы тақырыбына шығарған күйлері көп болған (айтушыларға қарағанда 300-ге жуық), олардың ішінде анға шыққан кезде болған әр алуан жайлар туралы 10 бөлімді «Аңшының зары» күйінің орны бөлек.

«Елімай» өні тарихтың осынау қара түнек орасан ауыр жылдарының неғұрлым жарқын бейнеленуі болды. Әуені жағынан қарапайым осынау өнде, мәңгі ескірмейтін музикалық образдарда жер-сүйн тастап кетіп бара

жатқан халықтың қайғы-қасіреті көлденең қоспасы жоқ таза күйінде берілген.

XIX ғасырдың музикалық мәдениетінде 1836—37 жылдардағы феодализм мен отаршылыққа қарсы Исатай Тайманов пен оның ең жақын серігі, ақын өрі жырыши Махамбет Өтемісов бастаған көтеріліс елеулі із қалдырыды.

Шығармашылық жолын сол жылдары бастаған болашақ халық композиторы Құрманғазы Сағырбаев (1806—1879) өзінің алғашқы шығармаларының бірі — «Кішкентай» күйін Исадай Тайманов көтерілісіне арнады. Көтеріліске қатысқан ол бұл күйінде халықтың отаршылдық бүғауынан азат болуға деген тегеурінді талпынысын көрсетті. Одан халық қайғысының, жеңіліс күйінішінің үні естіледі. «Кішкентай» күйінің (күй аты «жеңіске керек күш аз болды» дегенді білдірді) музикасы өзінің тебірентетін тегеурінді бейнелілігімен, композициясының айқындығымен, көркемдік техникасының құрделілігімен тамаша таланттың өсіп келе жатқанын көрсетті. Ол халықтың қалың ортасында өсті және қажырлы еңбегімен кейіннен халықтың көсіби музикалық мәдениетінің классикалық шынына көтерілді.

---

<sup>1</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. в пяти томах. А., 1985, т. 3, 58-б.

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 62-б.

<sup>3</sup> Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен, ч. V СПб., 1875, 7-б.



*ЕКІНШІ БӨЛІМ*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ  
ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДА**





## *Bірінші тарау*

### **XIX ғасырдың 60–90-жылдарындағы Қазақстанның әкімшілік-саяси жағдайы**

#### **1. 1867–1868 жылдардағы реформаны жүргізудің әскери-саяси себептері және оған дайындық**

Қазақстанды Ресейге қосудың аяқталуы империяның Қазақ өлкесі жөніндегі саясатына елеулі өзгерістер енгізді. Патша әкіметінің мақсатына отаршыл империя тарапынан көп күш қолданылмай қол жеткізілді. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды қосып алғып, патша әкіметі әскери-отаршылдық әрекеттерімен ортаазиялық алғы шепке шығып, аймақтағы ағылшындардың ықпалын ығыстырып шығарды. Қолайлы халықаралық жағдайды пайдаланған Ресей империясы өзінің алысты көздейтін негізіне «бөліп ал да, билей бер» принципі алынған саяси мұдделерін басшылыққа ала отырып және қазақтардың өз мемлекеттілігін қалпына келтіруге ұмтылысын аяусыз жаңыштап, Қазақстанда отаршылдық режим орнатты. Ресейдің Орталық Азиядағы және шектес аудандардағы жағдайы нығайды. Патша әскерлерінің Оңтүстік Қазақстандағы қантөгісті ұрыстары, М.Черняев пен М.Веревкин отрядтарының іс-қимылдың байтақ қазақ жерін Ресейге қосып алуды аяқтады. Шымкент қаласының шабуыл жасап алынуы дулат руы және басқа да кейір рулар қазақтарының едөуір бөлігін Ресей билігін тануға мәжбүр етті.<sup>1</sup> Шымкенттің алынуымен Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының шекарасын жалғастыруға қол жеткізілді.<sup>2</sup> Патша әкіметінің Қазақстанның Оңтүстігіндегі және Орталық Азиядағы жалпы саяси жағдайды өз пайдасына өзгерту жөніндегі әскери-әкімшілік әрекеттерінің зардаптарын Шыңжандағы Ресей консулы Н.Петровский дұрыс анықтап берді. «Орыстардың Қокан хандығын жаулап алуы, – деп атап өтті дипломат, – істің жайын едөуір өзгерту. Әлсіз хандардың орнына Ресей мемлекетінің күшті билігі келді, ол көшпелілерді өз қаруының женімпаздығымен корқытып, оларды өзіне біржола бағындырып алды, оларға тәртіп орнатып, олардың өздерін ерікті, тәуелсіз деп санау мүмкіндігінен біржола айырды...»<sup>3</sup>

Кең-байтақ Қазақстан аумағына орналастырылған әскер бөлімдерімен шектелмей, жаңадан жаулап алынған иеліктерде отаршылдық билікті нығайтуға ниеттенген Ресей оңтүстік-шығыс Қазақстанға қосымша жаңа әскери бөлімдерді, көбінесе Сібір шебі казак әскерлері құрамының бөлімдерін әкелді.<sup>4</sup>

Орасан үлкен елді басқаруда бүкіл Қазақстан бойынша қалыптасқан өкімшілік-саяси және зандық жүйенің болмауы жағдайында байырғы халықты бағынышты ұстауда армияға сүйену Солтүстік Кавказды біржола бағындыру кезінде өзінің артықшылығын көрсеткен, сынақтан өткен құрал болды. «Біз күшті болсақ, қазақтар бізге бағынады. Бірақ біздің даладағы билігіміз сөл әлсіреген жағдайда, керісінше... болады»<sup>5</sup> – қазақтар жөніндегі қатаң саясатты белсене жактаушылардың бірі Орынбор генерал-губернаторы А.О.Дюгамель Ресейдің Қазақстанда күшті өскери қатысуының дұрыстығын осылайша негізdedi.

Әлкені жергілікті мекендеушілердің бағындырылған көпшілігіне империялық құрылымның билігін сөзсіз енгізу жөнінде барған сайын нығая түскен идеология шенеуніктер мен өскерилер қатарында ғана емес, сонымен қатар келімсек азшылықтың жергілікті халық көпшілігінен артықшылығын белсене насиҳаттаған дінбасыларынан да қолдау тапты. 1864 жылы Шымкентті шабуылмен алу кезінде қаза тапқан жауынгерлерге ескерткіш ашу кезінде, «ескерткішке қасиетті су бұрку кезінде» священник Александр Тихомиров бұлк етпестен тура былай деді: «...державалық орыс патшасының даңқы үшін, ат төбеліндей орыс жауынгерлері жартылай жабайы азаттардың патшалығы шексіз-шетсіз даласына келді... Біз жеңдік, оны (қазакты. – Ред.) өзіміздің жаңа отандасымыз еттік, біз қаруымызben тізе бүктірген халықтардың талайын қазірдің өзінде осылай еттік».<sup>6</sup> Дала өніріне Ресей билігін одан әрі енгізуді жұмыс істеп тұрған жергілікті басқару құрылымдарының бай әлкені Ресей экономикасының мұдделері үшін кеңінен игеру жөніндегі патша өкіметінің жоспарларымен сәйкес келмеуі қындана түсті. Метрополияның қауырт дамыған өнеркәсібі барған сайын жаңа арзан шикізат көздерін, жұмыс күшін қажет етті. Табиғи ресурстары, мал шаруашылық шикізаты аса бай Қазақстан орыс көсіпкерлерінің назарын көптен аударып келген еді. «Осы ғажайып және қазыналарға бай бүкіл ел әлі күнге дейін өзінің тұмса табиғаты құшағында, әлде біреудің келіп оятуын күтіп жатыр; балта қаршылы, теңге сыңғыры естілмейді, бос жатқан төніректе шалғы жалтылы байқалмайды... ал таулардағы байлық қаншама...»<sup>7</sup> – сол кездегі Қазақстанды белгілі зерттеушілердің бірі Ресей өнеркәсіпшілерін әлкенің табиғи байлықтарын тездете игеруге шақырып өз пікірін міне осылай білдірген еді. Ертіс, Есіл, Іле өзендері мен басқа да өзендердің жағасына жақын жерлерге көптеген казак және басқа да шаруалар қоныстарын салу Қазақстанның өсімдіктер және жануарлар дүниесіне орны толmas зиян келтірді – отарлаушылардың алғашқы легі жергілікті алқаптарды аяусыз талқандап, тұрғын үйлер мен кора-қопсылар, тіпті қамбалар салу үшін «жұз жылдық алыптарды құлатты». 1867–68 жылдардағы реформаларды дайындауға қатысып, Жетісуды ол шетінен бұл шетіне дейін аралап өткен А.Гейнс казак қоныстанушыларының бейбастақ әрекеттерінің салдарын былай деп өкінішпен баяндаған: «Жақын мандағы ағаш атаулыны тұп тамырымен қазып алып, тып-типыл еткені сондай, адам бұрын орман өсіп тұрған жерге келген кезде бір шыбықты да көрмейді...».<sup>8</sup> Сонымен бірге казактар жаңа қоныстар үшін орын тандаған кезде қазактардан жердің тарташып алу жағдайларын реттейтін заң нормаларының болмауы себепті «егіншілік үшін ең шұрайлы» аудандарды басып алып, «аборигендерді» құнарсыз, қуаншылықты жерлерге ығыстырып шығарып, жергілікті бастықтарға «дән ризашылығын білдіріп отырды».<sup>9</sup>

Толық жазасыздық жағдайында казактардың жүгөнсіздігі олардың кейде «казактар малын аулауға шығып» оны тартып алатын, ал «қарусыз қазак өз құқықтарын қорғаудың құрбандығына ұшырап қалатын» жағдайға дейін жетті, – деп Жетісуда болған саяхатшы П. П. Семенов-Тян-Шанский ашуызамен жазған.<sup>10</sup>

Болашақтағы «Уақытша ережені» патша өкіметі үкімет шенеуніктерінің ұсыныстары негізінде өзірледі.)

Мұндай жағдайда бекіністі шептер бойындағы өскери бөлімдерге сүйенген казактардың озырылығын көрер көзге болса да шектеу, номадтардың жер алаптарын басып алудағы олардың жүгөнсіздіктерін қандай да болсын ауыздықтау жаңа заң ережелерінде заң негізін табуға мүмкіндігі бар еді. Оның үстіне 1822–25 жылдардағы Сібір және Орынбор казактары туралы Орта жүз бен Кіші жүзге тиісті өзгерістер енгізген, тұтас алғанда хандық басқару жүйесін шын мәнінде жойған (Бекей Ордасын немесе Ішкі Орданы қоспағанда) жарғылар үкіметтік және жеке шаруалар отарлауы үшін кең жол ашып, дала феодалдары – Шыңғыс-хан ұрпактарының дәстүрлі жергілікті басқарудың ғасырлар бойы сакталып келген нысанын түпкілікті жоя алмады. Қазақ қоғамының рулық-тайпалық ерекшелігі – билер сотының шектеулі болса да жұмыс істеуі, сұлтандардың ықпалы түрінде бұрынғы маңызын одан өрі сақтап қалды. Алайда жаңа басқару органдарының – ауыл старшындарының, болжыс сұлтандарының, округтік приказдар төрағаларының міндетін де кемітуге болмайды, олардың рөлі көшпелі ақсүйектердің позицияларын өлсірету үрдісінде, жергілікті тұрғындардың саяси жүйесі мен шаруашылық қалпы негіздерін бұзуда барған сайын қүшіне түсті.

Ішкі Орданы уақытша басқару жөніндегі кеңес, 1854 жылы жойылған Сібір қазактарын шекаралық басқарудың, Семей облысының орнына Сібір қазактары облысының, кейіннен Ақмола облысының құрылудың кеңбайтак ауданды капиталистік қатынастар аясына тарта отырып, жаңа өкімшілік өзгерістер енгізді. Сібір қазактарының облысы өз округтерімен қоса алғанда, 7 580 000 шаршы шақырым кеңістікті алып жатты.<sup>11</sup> Шығыс Қазақстанның едөуір бөлігі бұрынғысынша Ресей өкімшілігінің ықпалынан тыс қалды. Батыс Сібір генерал-губернаторының ойы бойынша, Железинск бекінісінен, Кіші Нарынды қоса алғанда, калаларымен және баска да қыстактарымен бірге Ертістің он жағасындағы жерлер Семей облысының құрамына кіріп, бұл аумактар Ресей билігінің ықпалын сезінуге тиіс болатын.<sup>12</sup> 1917 жылға дейін Бұқтырма Томск губерниясы Змеино-горск уезінің құрамында қалды; Аягөз (Сергиополь) 1866 жылдан бастап жаңадан құрылған Жетісу облысына берілді. Бұл орайда патша өкіметі шекара маңы аймағының өскери-отаршылдық бекеттері арқылы басқару жүйесін өзгертудің ықтимал нұскаларын өз назарының аясында ұстады. Қазақстанның Ресейге қосудың аяқталуы жағдайында мұндай жолды таңдауды Орта Азия елдерімен қактығыстар туған жағдайда тылдағы өскери-тірек бекеттерінің болу қажеттігі талап етті. Сонымен бірге орыс өскерлерінің онтүстік аудандарға жылжуына қарай Англия өз назарын аударған аймақтарда Ресей таңдауын нығайтуға арналған жаңа өскери-саяси орталықтар құрылды. Өскери-саяси факторларға қоса патша үкіметінің шекаралық бекіністерге баса көніл бөлуі бай өлкені игеруді жеделдегу жөніндегі экономикалық факторларға да байланысты болды.

Қазақ даласын басқаруды жөнілдеду үшін отаршылдық әкімшіліктің ықпалды шенеуніктері XIX ғасырдың 60-жылдарының басында Қазақ даласы мен Орал, Орынбор және Сібір округтері казак өскерлерінің аумағы үшін бір жалпы басқарма белгілеуді, Тобыл, Томск және Енисей губернияларынан азаматтық Батыс Сібір генерал-губернаторлығын құруды ұсынды.<sup>13</sup> Осы мақсатпен құрамында барон К.Врангель, Имшеник-Кондратович, П.Солнцев, А.Орлов, Г.Ловицкий, К.Селевестрович, Н.Довеновский бар Ерекше комитет құрылды.<sup>14</sup> Ерекше комитет Қазақстанда бұкіл Қазақ даласы үшін жалпы басқаруды енгізу мүмкіндігін зерттеп, 1865 жылдың акпанында бұл шараны орындау едөуір шығындарды қажет етеді, әкімшілік және өскери катынастарда елеулі қолайсыздықтар туғызады деген сенімге келді.<sup>15</sup>

Қазақ өлкесін біріншісінің орталығы Торғайда, екіншісінің орталығы Қарқаралыда болатын екі әкімшілік басқармаға бөлу жөніндегі патша шенеуніктерінің ұсынысы да өр түрлі жобаларды өзірлеушілерден колдау таппады.

Нұсқалар таңдаудың қындығы Қазақстанның түрлі аймақтарының солтүстік-шығыс далалық, орталық аудандарда экономиканың басым түрі көшпелі мал шаруашылығы болып, соның салдарынан өндіргіш күштердің өсуін экстенсивті мал шаруашылығы баяулатқан және әкімшілік басқару жүйесі аталған мән-жайларды ескере отырып құрылуға тиіс екендігі табиғи-географиялық ерекшеліктері жағдайының өзгеше болуымен ғана байланысты болып қойған жоқ. Керісінше Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аудандарында Шу, Талас, Іле, Сырдария өзендерінің жайылмаларында суармалы егіншіліктің қалыптасқан экономикалық дәстүрлері және Орта Азияның түрік халықтарының егіншілік мәдениетімен өзара байланыста болған отырықшы өмірдің кең таралуы салдарынан қуаңшылықты шет аймақтарға тән өмірлік қалып пен біршама ерекше өлеуметтік-экономикалық қалыптарды ұштастыруды қажет етті. Ал жорамалданып отырған реформа Қазақстанды оның табиғи-климаттық жағдайларының алуан түрлі екенін ескере отырып, өз шекарасында кеңең түскен империяның отарына айналдыру үрдісін тездетуге тиіс болатын.

Осындай жағдайларда «бұратана» шет аймақтарға ие болумен, нашар игерілген өлкені сарқылмас өнім өткізу рыногына, арзан шикізат көзіне біртіндеп айналдырумен катар, Ресей бұрынғы әкімшілік-аумактық басқару жүйесін түп-тамырымен кирату міндетін ұсынды, мұның өзі, айтар болсақ, XIX ғасырдың 20-жылдарындағы сыпайы жасалған реформалардан кейін елеулі өзгерістерге ұшырамаған өлке халқының демографиялық құрылымына, өлеуметтік топтардың құқықтық жағдайларында өзгеріс туғызуға тиіс болды.

Оның үстіне Қазақстанды әкімшілік қайта құру жоспарлары жөнінде жұмыс істеген патша шенеуніктерінің жаңа, енді қалыптасып келе жатқан шаруашылық үрдістер мен ескі басқару жүйесі арасындағы қайшылықтарды сактап қалуды үйғаруы негіzsіз емес еді. Қазақстанда жүзеге асыру көзделген жаңалықтар капиталистік рыноктық катынастар үшін қолайлы кең өріс жасауға тиіс болатын.

Крепостниктік құқықтың жойылуы, осыдан кейін Ресейдің өзінде жасалған басқа да өзгерістер, олардың басқа ұлттық шет аймақтарды басып алуы қайткен күнде де алыстағы Қазақстанды қамтуға тиіс болды. Бұл

реформалардың буржуазиялық мазмұны ең алдымен империяның орталық губернияларында капитализмнің үнемі «терендей», ұлттық шет аймақтарда «кеңеңе» дамытылуында ерекше айқын көрінді.

Алайда Қазақстан сияқты орасан кең елде үкімет жергілікті жағдайларды елемей отыра алмады, оларды елемеу 20–30-жылдарда үкіметке карсы құшті оппозиция туғызып, оның зардаптары XIX ғасырдың 60-жылдарындағы ұрпақтың есінен әлі шыға қоймаған еді. Әлеуметтік-экономикалық өмірде қалыптасқан өзгерістерді ескере отырып, қазактардың дәстүрлі, дағдылы зандарын қолданудың заң жүзіндегі негіздерін көздеу керек болды. 1865 жылы II Александр патшалық жеке өкімі арқылы толық құпия кеңесші Гирстің басшылығымен Түркістан өлкесі мен қазак даласына жіберілген комиссия басқа қырларымен қоса номадтарда қолданылып келген өдет және исламдық заң ілімінің зандағы нормалары туралы да көп материал жинады.<sup>16</sup> Реформаны дайындау кезінде қалың бұқараның ой-ниеті ескерілмеді. Ислам канондарына негізделген дәстүрлер мен ғұрыптар империяның билеуші топтарының саяси және экономикалық мұдделеріне сай келетін дәрежеде ғана ескерілді. Ш.Уәлиханов жергілікті халықтың тұрмыс жағдайларын жақсартуға, дәстүрлерін сактауға жәрдемдесетін батыл реформалар жүргізуді жақтады. Ұлы ғалым аталағы отырған өзгерістер, мысалы, сот жүйесінде орыс үкіметі үшін де, казақ халқы үшін де қынданылған, ауыр бюрократиялық берекесіздіктің орнына бұрынғы өкімшілік құрылышты өзгертуге өкеп соғуы ықтимал, округтерде өзін-өзі басқару негіздерінде неғұрлым ұтымды басқарма құрылатын болады деген үміт білдірді.<sup>17</sup> Алайда қазактар өміріне арналған реформаның өзірленуі барысында аса көрнекті ғұлама ғалымның ой-пікірлері қабылданбай тасталды.

Болашактағы «Уақытша ережені» патшалық өкімет орындары М.Сейдалин, полковник Ш.Уәлиханов, ірі мал иесі М.Шорманов және басқалар сияқты, тұтас алғанда үкіметтік өзгерістерге адал пиғылдағы жергілікті феодалдық топтардың көрнекті өкілдерін белсенді түрде тарту жағдайында үкіметтік шенеуніктердің ұсыныстары негізінде дайындалды.

1867 жылғы 11 шілдеде II Александр патша «Сырдария және Жетісу облыстарын басқарудың уақытша ережесі туралы»<sup>18</sup> жобаны, 1868 жылғы 21 қазанда екінші жоба – Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару туралы «Уақытша ережені» бекіту туралы жарлыққа қол қойды.<sup>19</sup> «Уақытша ережелердің» екі жобасы да 1869 жылғы 1 мамырдан бастап енгізілетін болып үйғарылды.

Сонымен қазақ жерлерін Ресей құрамына косып алушын аяқталуы және империяның онтүстік-шығыс шектерде орнығы Қазақстанды басқаруды номадтардың әлеуметтік-экономикалық өмірінде қалыптасқан жаңа өзгерістерге сәйкес қайта құру міндетін алға тартты. Кеңбайтақ өлкені өкімшілік-саяси және сот жағынан басқару жүйесін объективті түрде реформалау өкімшілік-саяси өкімет орындарының есіп келе жатқан мұдделері арасындағы сәйкесіздікті жоюға тиіс болды. «Уақытша ережелер» бойынша басқару жобаларын бекіте отырып, Петербург патша сарайы төңірегіндегілер Қазақстанды империяның ескелең өнеркәсібі мұдделерін көзделеп отарлау мен игеруді тездетуге үміт артты.

## 2. 1868–1869 ЖЫЛДАРЫ ОРАЛ, ТОРҒАЙ ОБЛЫСТАРЫНДАҒЫ ЖӘНЕ 1870 ЖЫЛҒЫ МАНҒЫСТАУДАҒЫ ҚАЗАҚТАР КӨТЕРІЛСІ

Капиталистік Ресей үлттық аудандардың, соның ішінде Қазақстанның әлеуметтік экономикалық және саяси дамуына барған сайын өсеп түскен ықпалын жасамай отыра алмады. Әрине қазақ ауылының экономикасына капиталистік қатынастар енуінің өзі де прогрессік құбылыс болды. Алайда бұл кең-байтақ өлкенің жаңа әлеуметтік-экономикалық үрдістер жүйесіне біртіндеп тартылуына байланысты отаршылдық езгінің күшеноіне әкеп сокты.

Негізіне соған дейін қазақ қоғамының өмірінде берік сақталып қалған рулық қатынастардың орнына аумактық принцип алынған «Уақытша ереже»<sup>21</sup> жергілікті халық өміріне рыноктық элементтердің енуін жеделдемен бірге, 1868–1870 жылдардағы көтерілісті туғызған өткір қайшылықтарды да терендettі.

Жер пайдаланудың бұрынғы жүйесін күйретіп, шаңырак алымының көбеюін туғызған «Уақытша ереженің» негізгі баптары осы реформа нысанаға алғандарды назарынан тыс қалдыра алмады. Жалпы «Уақытша ереженің» енгізілуі Орта жүзде қарсылыққа кездеспеді, сөйтіп көтеріліс негізінен Кіші жүзді қамтыды. Зерттеуші В.Ф.Шахматов мұны Орта жүзде осындай өкімшілік басқарудың хан билігі жойылған 20–40-жылдардың өзінде-ақ негізінен жүзеге асырылғанымен түсіндірді.<sup>22</sup> Зерттеуші Н.А. Середа Орал облысындағы ашу-ызаның себебі «халық пен реформаларда» емес, қазақтарды сұлтандар арқылы басқару өдісінде деп білді. Ол «Уақытша ережені» дайындау үрдісінің өзін сынға алды. «Барлық жұмыстар, – деп жазды тарихшы, – әуелі Петербургте, статс-хатшы Бутаковтың комиссиясында, ықпалды және бізге адал қазақтардың өмірді жаңа жолға қайта құрмакшы болған халықтың депутаты түрінде болса да, қайсы біреулерінің бұл жұмыстарға қандай да болсын қатысуыныз, тыныш кабинеттерде жүргізілді...».<sup>23</sup>

Көшпелі халықтың ашу-ызасын туғызған факторлардың бірі үкіметтің фискалдық саясатының қатайтылуы болды. Оның үстіне қатардағы көшпелілер мен ауқатты отбасылар бірдей міндеткерлік атқарды. Мұның өзі патша өкіметінің қазақ қоғамының артықшылықты топтары жөніндегі қамкоршылық саясатының көрінісі болды; салықтар мен басқа да міндеткерліктердің күрт көбейтілуі Орал, Торғай облыстарында және Манғыстауда халықтың бой көрсетулердің басталуына түрткі болды, сірә, халықтың жаңалықтарды тыныш қабылдауынан үміт етсе керек, облыстар губернаторларының өкімшіліктері «Уақытша ережеге» бұқараның саралап қараған көзқарасының көрінеу фактілерін теріске шығарды. «Бұл болыстардағы (Торғай облысындағы. – *Ped.*) қазақтар өздеріне асқан мейірбандықлен берілген құқықтарды жақсы түсінді, ережемен құрылған тәртіпке (жаңа. – *Ped.*) ықыласпен және алғыс сезімімен бағынады...», «...құдайдың арқасында қазақ халқы тарапынан қандай да бір тәртіпсіздік қана емес, тіпті істердің жайғастырылмауына ықтимал құдік те болған жоқ...»<sup>24</sup> – ойындағысын шындық деп көрсеткен Орал облыстық басқармасының шенеуніктері жазған бірнеше құжаттың жиынтығы міне осындаї.

Солай бола тұrsa да, патша «Уақытша ережені» мақұлдағаннан кейін үкіметтің бірден дерлік жүзеге асырыла бастаған салық саясатына қазақ-

тардың наразылығы 1868 жылғы қарашаның аяғына қарай қарулы қарсылыққа ұласты. Нашар қаруланған, бірақ жер жағдайын тамаша білген көтерілісшілерге қарсы қимылдаған шағын казак шолғыншылары олардың тегеуірінін өлсірете алмады.

Жазалаушылардың неғұрлым үйымдасқан қимылдары 1869 жылдың көктемінен басталады. Наурыз айының басында Орынбордан Жем ауданына екі жүздік казак отряды жіберілді. Бірақ далада келе жатқан кезінде отряд үкіметтің өлі де реформа енгізуге батылы бармай отырған Қобда және Елек өзендерінің бойында қимыл жасап жүрген «қазактар қарақшыларының» шабуылына ұшырады.<sup>25</sup>

Жиналған деректер бойынша көтерілісшілердің бұл тобы біріне Ханғали Арысланов сұлтан, екіншісіне Ықылас Досов басшылық еткен екі жасақтың біріккен күші болғаны анықталды. Генерал-адъютант Н.А.Крыжановскийдің «ізгі ойдағы халық жыртқыштарға мұлде тілекtes емес» деген пайымдауы<sup>26</sup> өзі рапорт жазып отырған өскери министрге жаңа реформаның жүргізілуі барысы туралы жақсы өсер туғызуға деген тілегінен туды. Оның өскери министрге 1869 жылғы 17 сәуірде жолдаған келесі рапортында көтерілістің шектес жерлерге таралу фактісі айтылады. 1869 жылғы 8 мамырда Илецк уездік басқармасының бастығы Орынбор генерал-губернаторына Орал облысы Жиренқатын болысының биі, ауыл старшыны Тұндетбай Көпекбаевтың 150 шамалас қаруланған адамдарынан тұратын жасағының «Уақытша ережені» қабылдаған Тұзтөбе болысының қазактарына шабуыл жасағаны туралы хабарлаған.<sup>27</sup>

Қарулы бой көрсетулер шектес екі облыстың бірқатар аудандарында бір мезгілде дерлік болуы себепті тұрақты бөлімдер аз болған кезде қазактардың нақты күштерін ұтымды бөлу қын болды. Оның үстінен көтерілісшілер өздерінің бытыранқы жасақтарын үкіметтің өзін-өзі қорғайтын күштерімен жеткілікті қамтамасыз етілген ірі өскери-тірек бекеттеріне қарсы емес, қайта қазак ауылдарында казак отрядтарының қорғауымен жасырынып жүрген жеккөрінішті старшындарға, болыстарға қарсы бағыттады. Бірте болысының ауыл старшыны отаршылдық өкімшілікке Ханғали Арыслановтың «арам ниетті қазақтары» жасағының Қызылбұлақ өзені ауданында үкіметке қарсы іс-әрекеттер жасағаны туралы хабарлаған. Шамамен 100 адамға жететін жасақ барлық пошта үйлерін қиратып, өр түрлі мұлікті тонаған және 174 жылқыны, 36 құлынды, 24 түйені айдал өкеткен, мұның бүкіл сомасы 1556 сом 93 тиын болған; құрбандар да болды: «жыртқыштар» Жұман Өтеғұловты, Құды Сүтемгеновті өлтіріп, Мертоновты ауыр, Тұрантай Жанбасовты, Түркебай Қазыбайды және басқаларын женіл жарагаған.<sup>28</sup>

Көтеріліс Орал облысының солтүстік-батыс аудандарын, атап айтқанда, бұрынғы халық көтерілістері бойынша да отаршылдыққа қарсы қозғалыстарға белсене қатысқаны аңғарылған жауынгер табын, шекті рулагының қоныстарын кең қамтыған. Бұл жолы да табындар реформадан кейінгі кезендегі отаршылдыққа қарсы құреске елеулі үлес қосты. 1869 жылдың мамырында табын руының жылқышы атасының казақтары Құдебай Жанаши, Шынбай Мендалин, Ұрпақ Бишеков, Қарабұркіт Бербосынов, Қарабек Тәжиев, Бектан Қылышбаев және басқалар 50 адам құрамында Қошкінсу өзені бойында жер жыртып жүрген қазақтар ауылдарына шабуыл жасап, «жылқысын айдал өкеткен».<sup>29</sup>

Отаршылдық өкімет орындары көтерілістің шектес екі далалық облыс аумағына қанат жаюының шын мәніне бойлап жатпай, мұның себебін барлық уақытта хиуалықтардың ықпалы «деп білді».

XIX ғасырдың 60-жылдарына дейін Хиуа үкіметі Ресейге барынша адалдық көрсетіп, онымен ең алдымен өзара тиімді сауда қатынастарын жасап отырды. Бұхара өмірлігі де сауданы Хиуа қоныстары арқылы жүргізді, бұдан ханның қазынасы да аз «пайда тапқан жок».<sup>30</sup>

Алайда Қазақстанның онтүстігіндегі Ресейдің соғыс қимылдары, өзбектердің басты қаласы Ташкентті орыс өскерлерінің шабуыл жасап базып алуы Хиуаның Ресейге көзқарасын күрт өзгертуі, Хиуа ханы өзін Ресейдің барған сайын өршеленген және ашықтан-ашық «дүшпаны етіп» көрсетті, сөйтіп Орал облысының онтүстік аудандарында көшіп жүрген қазақ руларын осы аймақтағы Ресейдің ықпалына қарсы аттанысқа итермеледі. Хиуа ханы реформаларды жүзеге асыру қызған кезде табын, назар руларына өз өкілдерін жіберіп,<sup>31</sup> оларды өз мұдделерінің арнасында ұстауға тырысты. Хиуалықтар «кеібір қазақ старшындарын өзіне тартып», мұсылман билеушісінің қамқорлығынан пана табуға ұмтылған «біздің жауларымыздың» бөріне пана берді, қазақ ауылдарына «ыза туғызатын грамоталар» жіберіп, Борсыққа, қазақтар көшіп жүретін жерлерге өз бектері басқаратын өскерлер аттандырды; осының бөріне қосымша, Үрғыз уезінің бастығы капитан Вочак генерал-майор Балюзекке хиуалықтар жазып, Карабұтақ және Үрғыз бекіністеріне жақын Ор өзенінің жоғары ағысында көшіп жүрген шекті руының қазақтарына арналған, Ресеймен «соғысқа шакырған» үгіт қағазын да табыс еткен. «Шектілер – ең бай, саны көп және екі (Орал, Торғай. – Ред.) облысқа да ықпалды тайпа...» деп жазды Орынбор генерал-губернаторы министр Д.А.Горчаковқа 1869 жылғы 1 қарашада, сөйтіп күтпеген жерден соғыс шарапаларын қолданып, хиуалықтардың Орал облысының шегіне өтуіне тыйым салу қажеттігін негізdedі, сайып келгенде, «осы бір болмашы қаланы» (Хиуаны. – Ред.) жойып жіберуді ұсынды.<sup>32</sup> Дегенмен де біз Хиуа билеушілерінің Орал және Торғай облыстарының көтерілісшілерімен тұрақты ынтымағын анық факт деп есептейміз, өйткені Ресей тарапынан ол қоқан хандығын соғыста жеңіп, Қазақстанның онтүстік шегінде империялық билік орнатқаннан кейін нақты қауіп-қатердің күшіне түскен жағдайында оны дербес ел ретінде Хиуа шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттері талап еткен болатын. Оның үстіне далалық екі облыстағы көтерілістің жетекшілері – Ханғали Арысланов сұлтан, билер Дәуіт Асауылов, Әзберген Мұңайтпасов, Уфа молдасы Үқылас Досов, молда Рысқұлов<sup>33</sup> және басқалар Хиуа билігімен өр түрлі дәрежеде байланысты болатын, оның қолдауына сүйенип, сол арқылы патша өкіметінің Хиуа хандығы аумағында да соғыс қимылдарын жандандыруына себепші болды, сөйтіп 1870 жылы Маңғыстаудағы қазақтар көтерілісін де жеңіліске ұшыратты.

«Уақытша ереже» Маңғыстауда 1870 жылы ғана енгізілді. Патша өкімшілігі Маңғыстаудың негізгі халқы – адай руы «Уақытша ережені» күрессіз қабылдамайды деп қауіптенді және оны жүзеге асыру үшін неғұрлым қолайлы жағдайларды күтті. Кейбір шенеуніктер бұл аймақта реформалар жүргізудің жалпы мерзіміне күмән келтірді, Кіші жүздің ең жауынгер руларының бірі – көшпелілік дәстүрлерін көп дәрежеде сақтап қалған адайлардың қызу ашу-ызасын күтуі негізсіз емес болатын, қай

жердегіден болса да: «...жаңа ережені қабылдауға адайлар нашар даярланды және мұнда (Маңғыстауда. – Ред.) оны енгізу уақытылы бола қояр маекен», – деп білдірді өзінің қаупін беймәлім автор.<sup>34</sup>

Кейбір деректерге қарағанда, 1870 жылдың Маңғыстауда 20 мыңға жуық шаңырақ адайлар түрді және олар екі жыл ішінде 160 мың сом шаңырақ салығын төлеуге тиіс еді.<sup>35</sup> Салыстыру үшін – 1870 жылғы 1 қарашаға қарай Семей облысында 289 951 сом 51 тын шаңырақ алымы, ал Ақмолада – 179 052 сом шаңырақ алымы жиналды.<sup>36</sup> Ал басқа деректер бойынша адайлардың саны 40 мың шаңыраққа дейін жеткен және шаңырақ алымы 250 мың сомға дейін өсуге тиіс болатын.<sup>37</sup>

Маңғыстау приставы подполковник Рукин дала тұрғындарының қын жағдайымен санаспай, адайлардан 1869–1870 жылдар үшін шаңырақ алымын жаңа тарифке сәйкес дереу енгізуді талап етті; көптеген жергілікті тұрғындар, соның ішінде Бозашы түбегінің балықшы жатақтары Рукиннің талабын орындаудан бас тартты.<sup>38</sup> Адайлардың жайлауға көшуін күштеп тоқтатуға тырысқан Рукиннің ойланбай жасаған өрекеттері жер-жерде көтерілістің басталуына себеп болды. 1870 жылдың наурызында Рукиннің отряды көтерілісшілердің үлкен тобының қоршауында қалды, 25 наурызда ашық қақтығыс кезінде отряд командирі мен 20-ға жуық жазалаушы қаза тапты. Көтерілісшілердің жетекшісі Иса Тіленбаев қалың бұқараға басшылық етуде шеберлік және жазалаушылармен келіссөздерде дипломатиялық әдептілік танытты.<sup>39</sup> Нашар қаруланған номадтардың тұракты өскер бөлімімен шайқастағы жеңісі адайлардың күрес шебін нығайтты.

Жеңіс жігерлендірген көтерілісшілер сөуір айының басында Николаев станицасына, Александровск фортына шабуыл жасады, алайда олар сөтсіздікке ұшырады. Патшалық өкімет орындарын көшпелілердің ғаламат батылдығы қорқытты, мұның өзі оларды қосымша өскери көмек сұрауға мәжбүр етті; Кавказдан тың күштердің келуі күштердің арақатынасын өзгертті; көрінеу басымдықты көрген көтерілісшілер Үстірттің баруға қын аудандарына шегінді.

Қозғалысты басуға басшылық жасау қолына шоғырландырылған граф Кутаисов «ең жабайы, дәрекі және жауынгер қазактарды» тыныштандырудың өз жоспарын ұсынды. Графтың жоспарында «елдің ішіне терендей еніп, онда жергілікті адайлар өздерінің көшуі үшін қажет болған кездे айналып өте алмайтындей бекіністерді алдын ала басып алып», сол арқылы олардың шегінетін жолына кедергі жасау, «бағынуға мәжбүр ету» көзделді.<sup>40</sup> Орыс отрядтарының алуы үшін қолайлы бекіністер ретінде Кутаисов Маңғыстаудың Киндері шығанағынан және Үстірт қыратының солтүстік бөлігінде, Орынбор даласымен «көршілес» жатқан Сағым алқабынан жұз шақырым жердегі Бесакты шатқалын таңдал алды.<sup>41</sup> Жоспар мақұлданған жағдайда бірінші бекіністе 6 рота жаяу өскер, 4 зенбірегі 6 жұздік бар атты өскер; екіншісінде – 2 рота, 3 зенбірегі бар 4 жұздік шоғырландырылатын болып шешілді. Көтерілісшілердің сөтсіз шабуылынан кейін жақын жерде орналасқан Александровск форты асығыс түрде екі ротамен және атты өскер жұздігімен нығайтылды.<sup>42</sup> Александровск форты ауданындағы өскер топтарының бастығы генерал-майор Комаровтың пікірі бойынша, ауданға тұракты бөлімдердің едөуір құрамасын шоғырландыру көтерілісшілерге қорқынышты өсер етуге және 1871 жылғы 1 акпанға қарай оларды отаршыл өкімет орындарының «орыс өкіметіне ба-

ғынұы жөніндегі» шартын қабылдауға мәжбүр етуге тиіс болды.<sup>43</sup> Графтың жоспары сөтсіздікке ұшыраған жағдайда Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы Н.А.Крыжановский жергілікті тұрғындардың Үстіртке, «бейбіт ауылдарға өздерінің шегіне кірер жолын жауып тастауды ұсынды». Үкіметтің шараларын, басқа да ішкі мән-жайлармен қоса алғанда, жаңа отаршылдық өкімшіліктің көтерілісшілер құштерінің Хиуамен топтасуы тұрғысындағы болуы мүмкін оқиғалар дамуынан мазасыздануы туғызған еді. Қозғалыс жетекшілерінің Хиуа хандығына оның тарапынан сырттай қолдауды қамтамасыз етуге үміт артып делегация жіберуі жергілікті өкімет орындарын тағы да мазасыздандырыды. Хиуа билеушісі адайлар қозғалысын қолдау үшін 4 зенбірегі бар, 6 мың адамдық жасақпен қимыл жасауды үйғарды. Бірақ шектес аудандарда Хиуаның әскери қыр көрсетуі нақты нәтижелер бермеді, дегенмен аймақтағы жағдайды едөуір шиеленістірді. Оның үстіне 1870 жылғы көтерілістегі «Хиуа факторының» рөлін әсірелеп көрсету орынды бола қоймас, дегенмен Хиуалық өкілдер қазақтардың христиан дініне кіргізілуі мүмкін екендігі туралы лақап таратып, адайларды қоздыруын тоқтатпады.<sup>44</sup>

Хиуалықтар тарапынан талай тонаушылықтар мен алым-салықтарды бастан кешірген адайлар олардың қолдауы туралы, қасиетті Ислам дінін таза сактауы туралы уәделеріне сене де бермейтін еді. Оның үстіне патша өкіметі оңтүстік аймақты басып алғаннан кейін Хиуаның Ресей сияқты құдіретті әскери державамен жанжалға баруы екіталаі болатын. Сондықтан Маңғыстау отрядының бастығы граф Кутаисовтің мақсаты көтерілісшілердің Александровск форты ауданына шоғырландырылған негізгі тобын талқандауды көздеді. Бекінісі мықты фортты адайлардың ғана емес, сонымен қатар жалданып шетке кеткен жұмысшылардың да, сондай-ақ «саудагер армяндардың барлық приказчиктері мен олардың қызметкерлері» де қатысқан шабуылынан аман сактау Кутаисовтің жазалаушы тобының ең таяудағы тактикалық міндетіне айналды». Тіпті жергілікті шенеуніктердің өздері абыржып, кейбіреулері есінен тана қорықты; жергілікті туземдіктердің батыл қимылдары саяси қорқыныш әсерін туғызыды<sup>45</sup> деп жазды Н.А.Середа Кутаисовтің Кавказ әскерлері жақындаған кезде Александровск форты ауданындағы жағдайды сипаттай келіп. Екі рота атқыштары және бір зенбірегі бар отряд форттан 12 шақырым жерде шабуыл жасаушылардың басымдығын қамтамасыз етті.<sup>46</sup> 1870 жылдың желтоқсанында қозғалыстың жетекшілері Досан Тәжиев, Ержан, Ертімбет Құловтар, Иса Тіленбаев және олардың көптеген серіктегі 3 мың шанырақпен Хиуа хандығының шегіне өтті.<sup>47</sup>

Сөйтіп бұқаралық сипатына қарамастан, көтерілістің негізгі қозғаушы күші – қазақ шаруалары өз қатарларын берік біріктіруге қол жеткізе алмады, мұның өзі саны жөнінен болмашы жазалаушы отрядтардың халық қарсылығының негізгі ошактарын тұншықтыруына мүмкіндік берді; қазақ шаруаларының рулық тар өрісті мұдделері отаршыл империяның әскери құрамаларынан өзінің үйымдасуы жағынан едөуір кем түскен көтерілісшілер жасақтарындағы тұрактамаушылықты туғызды. Көтерілістің ішінәра рулық ұstem топқа, ал кейде жоғары көшпелі аксүйектерге жататын басшылары екіжүзділік көрсетіп, әр түрлі тұрғыдағы көзқарас ұстанды. Сонымен бірге Н.А.Середа, Юр-Ко және басқа XIX ғасырдың аяғындағы авторлар феодалдық топтар өкілдерінің шаруалар

қозғалысына басшылықты өз қолдарына алып, көтерілістегі феодалдарға қарсы күшті сарындарды білдірмей жіберуге тырысқан факторын атап өткен.

Көтеріліс шағын сипатта болғанымен, оның географиялық шеңбері тым ауқымды болды – бұкіл дерлік Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан-ның бір бөлігі қазақ шаруаларының бой көрсетулерімен қамтылып, «Уақытша ереженің» жүзеге асырылуын қындаған.

### **3. ПАТША ҮКІМЕТИНІҢ АГРАРЛЫҚ САЯСАТЫ. ЖАППАЙ ОТЫРЫҚШЫЛАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ОТАРЛАУ**

Патша үкіметінің қазақтар орналасқан жерлердегі аграрлық саясаты бірте-бірте жүргізілді, мемлекеттің зандық және шаруашылық құқықтарын бекіту дәйекті түрде жүзеге асырылды. Мәселен, 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғыда» жерге мемлекеттік меншік туралы еш жерде тікелей айтылмаған. «Әрбір округтің лайықты түрде айқын межеленген жері болады, басқа округтің тұрғындары жергілікті бастықтардың оған дәл рұқсаты болмайынша көше алмайды» деп жарияланған.<sup>48</sup> Жергілікті бастықтардың ықпалы жер туралы басқа баптардан да сезіледі. Жерді межелеуде әскерилдердің қатысуымен облыстық бастық шешуші рөл атқарды. Сонымен бірге облыстық бастықтар аға сұлтанның қоныстануына арналған, заседателдерге арналған округтік жер бөліктерін, сондай-ақ сұлтандарға шаруашылық жүргізуге үш есе, старшындарға екі есе жер бөліктерін мұрагерлік меншікке деп бөліп отырған. 15 десятина болатын бір норма қазактардың, тілмаштардың және қазақтардың егіншілікпен нысаналы айналысы құқығымен бөлінді, бірақ күтім жасалмаған жағдайда 5 жылдан кейін қайтып алынды. Даулы жер мәселелері үш бидің куәлігімен жеребе бойынша шешілді.

1844 жылғы 14 маусымдағы «Орынбор қазақтарын басқару туралы ережені» өзінде-ақ «орынбор қазақтары орналасқан, ерекше облыс түрінде Бұкілресейлік империяның бір бөлігін құрайтын жерлер Сыртқы істер министрлігінің қарауында болады» және «орынбор қазақтарына және олар көшіп жүретін жерлерге қатысты жобалармен қандай да бір жаңа үй-ғарымдарды орынбор әскери губернаторы Министрлікке енгізеді» деп тұра мәлімделген.<sup>49</sup>

Кейінректе, 1867 жылы «Қазақ даласындағы басқару туралы ережелерді» өзірлеу жөніндегі комиссияның мүшелері қазақтардың жерге құқықтарын анықтайтын басқа заның жоқ екенін және соның негізінде қазақ жерлерінің «Орынбор өлкесінің жергілікті бастықтары мемлекеттік деп... танып келгенін және танып отырғанын» атап өтті.<sup>50</sup> Үкіметтік үйімдар алдында жерге меншік туралы мәселе XIX ғасырдың 60-жылдарының ортасында кен өнеркәсіпшілері үшін далада участекелер бөлуге байланысты нақты алға қойылды. Сондықтан 1868 жылғы 21 қазандығы «Басқару туралы уақытша ережеде» енді жерді пайдалану мен иеленуге айқын шек қойылды. «Уақытша ереженің» 210-параграфында «қазақ қоныстары алып жатқан жерлер мемлекеттік жер деп танылады және қазақтардың қоғамдасып пайдалануына беріледі» деп жазылған.<sup>51</sup> Жер пайдалану нысанының қалай анықталатындығына сөйкес барлық жер қыстаулар мен жайлаулар-

ға бөлінді. Мәселен, қыстаулар болыстар мен ауылдар арасында арнаулы съездер мен жиындарда, ал жекелеген шаңырақ иелері арасында ауыл қоғамдарының ішінде бөлінді. Қыстаулардың шектелуі мүмкін болатын, ал олардағы қора-қопсылар жеке меншікте болды. Қыстаулар мұраға берілді, рас, қора-қопсысы болғанда ғана мұраға алуға құқылы еді. Ал жазғы жайлаулар болыстардың қоғамдық пайдалануына қауымдық құқықтың белгіленген дағдыларына сәйкес берілді. Болыс мүшелерінің өзара келісіміне сәйкес егін еgetін және шөп шабатын жерлер, сондай-ақ олардағы құрылыштар жеке меншікте болды. Қазақстанның онтүстігіндегі көшпелі халықты жерге осылайша орналастыру шын мәнінде 1886 жылғы 2 маусымдағы «Түркістан өлкесін басқару туралы ережеде» жарияланды.<sup>52</sup>

1891 жылғы 25 наурыздағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» сол кездегі Қазақстан аумағындағы жерді пайдалану және жер иелену туралы барлық зандарды бір ізге түсіріп, басын біріктірді. Шынына келгенде, онда негізінен алғанда 1868 жылғы «Уақытша ереженің» қағидалары қайталанып, нактыланды. Жер, соның ішінде ормандар да мемлекеттің меншігі деп танылды (119-бап), ал қоныстар алып жатқан жерлер мерзімсіз қоғамдық пайдалануға берілді (120-бап). Алайда 120-бапқа «I Ескерту» мазмұны жағынан мүлде жаңа болды және онда «көшпелілер үшін артық болып шығуы мүмкін жерлер Мемлекеттік меншік министрлігінің қарауына түседі» делінді.<sup>53</sup> «Осы арқылы, – делінген «I Ескертуге» түсініктемеде, – мемлекеттің дала облыстарының барлық аумағына болашактағы құқығы қорғалады, сонымен бірге көшпелі бұратаналарға қысым жасалмайды».<sup>54</sup> Осындай жолмен үкіметтік ұйымдар қазақтарға тиесілі жерлерге сол кездің өзінде-ақ іс жүзінде бар құқықтарын заң жүзінде баянды етті.

Бірақ көп ұзамай осы баянсыз «Ескертудің» өзін де мемлекеттің ұсташысы келмей отырғаны айқын болды. Өйткені ол 1893 жылдың өзінде-ақ қоныс аударушылар үшін жер бөліктерін бөліп беруге кірісті. Қоныс аударушылар топтары шенділерінің бірі, жер өлшеуші және статистикашы Т.И.Седельников кейінректе: «1904 жылы кейір өзгерістер кезінде дала өлкесінің жерге орналастыруши комиссияларының жоғары шенді адамдары қазақтардан жерді тартып алушын зандағылығы туралы мәселенің туындауынан қауіптенді», – деп жазды. Өйткені алдын ала қойылған талаптар – байырғы халықтың жерін межелеу және жерге орналастыру талаптары орындалмаған еді. Ол былай деп атап көрсетті: «Осындай мәселе қойылуының бір өзі... даланы отарлау алпауыттарына үрей туғызды. Өйткені сол кезеңде қарай бұл отарлаудың зандақ негізі болмағанын және жоқ екенін олардың өздері-ақ ұғынған еді».<sup>55</sup> XIX ғасырдың 90-жылдарының басында қайтадан көтерілген шаруаларды қоныс аудару толқыны үкіметті көрінеу заңсыздыққа баруға мәжбүр етті.

Үкіметтік ұйымдардың бұрынғы қоныстандыруға қатынастарының өз тарихы болды және ол зандарда тиісті түрде көрсетілді.

XVIII ғасырдан бастап қазақ жерлеріне шаруаларды қоныс аудару казактардың отарлауынан кейін өкшелес жүргізілгені мәлім. Бұл қоныстандырудың ауқымы үлкен болмады, ал 1822 жылғы «Бұратаналарды басқару туралы жарғыда» «бұратаналардың иеленуіне бөлінген» жерлерге ресейліктердің өз бетімен қоныстануына қатаң тыйым салынды.<sup>56</sup> Дегенмен сол кездің өзінде-ақ қазақ қауымдарымен шарт бойынша жерді жалға

алуға рұқсат етілген болатын. Ал 1868 жылғы «Далалық облыстарды басқару жөніндегі уақытша ережеде» «қоғам құрамындағы қазақтардың да, жекелеген адамдардың да өз участкерін немесе олардың бөліктерін уездік басқармада куәландырылуға тиісті ерікті келісім бойынша орыстардың пайдалануына беруге құқығы бар» деп тұра жарияланған.<sup>57</sup> Нәк осында қоныс аударушыларға арналған кейбір жеңілдіктер: құрылым салу үшін жер бөлу, құрылым ағашын тегін беру туралы айтылған. Алайда жерді бөліп алу жолдары өлі де айтылмаған еді. XIX ғасырдың 60-жылдарында крепостниктік құқығы жойылғаннан кейін Ресей шаруаларының біршама еркін жүріп тұруы мүмкін болған кезде, Дала өлкесінің жергілікті өкімет орындары өз бетімен қоныс аудару проблемасына тап болды. Мысалы, Ақмола облысында алғашқы өз бетімен қоныс аударушылар Тобыл және Пермь шаруалары болды, олар 1866 жылы Көкшетау уезіндегі Саумалкөл көлі маңына қоныстанды. Заң бойынша Ақмола облысына қоныстануға ресми түрде 1889 жылы рұқсат берілді, бірақ сол кездің өзінде мұнда шаруалардың заңсыз 21 қонысы болды.<sup>58</sup> Көрініс мынадай еді: «егіншілік және басқа да көсіпшіліктер үшін бос жатқан жерлер іздеген адамдардың тұтас топтары Ақмола облысында босып жүрді».<sup>59</sup> «Дала уәлаяты газетінде» бастапқыда мұнданың өз бетімен қоныстануды өз жерлерін жалға беру құқығын іс жүзінде қолданған жергілікті қазақ халқының тиімді пайдаланғаны атап өтілді. 80-жылдардың басына қарай Көкшетау уезінде өз бетінше жерді иемденіп алған шаруалар аз болмады.<sup>60</sup> Мұның нақты өмірде қалай болғанын мұрағат құжаттарынан көруге болады. Мәселен, Қостанай уезі Кеңарал бөлісінің №3 ауылына жақын жерде Каменская және Белояр зәйімкелері құрылды. Қоныс аударушылардың бір бөлігінде ғана жертөле салуға жерді сол ауылдың қазақтарынан сатып алу туралы тілхаттары болды, ал «көпшілігі өз бетімен қоныстанды: қоныс аударушылар топ-топ болып келіп, ешкімнен сұрамай, бұрын келгендердің жаңындағы жерлерді таңдап алып, жертөлелер салды, ал содан соң адал сөзін беріп, қазақтардан егін еgetін жер сатып алды... Бұған тіпті өз жертөлелерін сатып, қазақтардың өздері де жәрдемдесті».<sup>61</sup> Жергілікті өкімшілік үкіметтік қараптарды орындағанда жаңындағы жоюға тырысты, мұны мұрағаттарда сақталған заңсыз қоныс аударушылардың аты көптең аталатын тізімдер дәлелдейді; онда атап алған шаруалардың өркайсысына «поселкеде түпкілікті орналасуға тыйым салу» туралы хабарланғаны атап өтілген.<sup>62</sup> Шаруалар бұрынғы түрғылықты жерлеріне қайтуға тиіс болды. Бірақ стихиялы бұқараға ие бола алмаған дала генерал-губернаторы 1895 жылы шаруалардың Ақмола облысына келуіне уақытша тыйым салды.<sup>63</sup>

Және, керісінше, үкіметтің пікірінше «орыс тұрғындарын» көбейту керек болған жерлерде қоныс аударушыларға ерекше жағдайлар жасалды. Оларға ең алдымен империя құрамына біршама жақында енген Жетісу, Зайсан приставтары және т.б. жерлер жатқызылды. Мысалы, үкіметтік үйымдар «...орыс адамдарын орналастыру біздің Қытаймен шекарамызды қорғау мақсатында Өскемен және Зайсан уездері үшін ерекше маңызды» деп санады. Бұдан өрі «бұқіл шекара өңірі... орыс поселкелері дуалымен тұтас жабылар еді» деген тілек білдірді.<sup>64</sup> XIX ғасырдың 40-жылдарында тек қана казактар қоныстандырылған Жетісуда 60-жылдарда облыс губернаторы Г.А.Колпаковскийдің бастамасы бойынша «өлкені орыстан-

дыру мақсатында» шаруаларды орналастыруға рұқсат етілді. Еуропалық Ресейден алғашқы келіп қоныстанушылар Воронеж шаруаларының 242 отбасы болды. Жер учаскелерінің болмауы себепті олар Верный қаласының мещандарына жатқызылды, мұнда «олар Верныйдың тамаша бауларын өсіріп, сонымен бірге егіншілікпен де айналысты. Бұл үшін қажетті жерді таяудағы станицалардың казактарынан жалға алды».<sup>65</sup> Шаруаларды тарту үшін 1868 жылдан бастап Жетісуға көшіп келгендердің отбасындағы ер адамдардың әрқайсысына 30 десятина жер бөлінетін, шаруашылық жүргізу үшін қарыз берілетін және 15 жылға салықтардан босатылатын ереже қолданылды.<sup>66</sup> 1868–1880 жылдар аралығындағы кезеңде Жетісуда 36 шаруа селолары пайда болды.<sup>67</sup> 80-жылдардың орта шенінде мұнда егіс салуға жарамды жер жетіспейтін болды, сөйтіп ұлес мөлшері 10 десятинаға дейін азайтылды, ал жеңілдікті кезең 5–10 жылға дейін қысқартылды. Сонымен бірге енді Түркістан өлкесіне қоныстануға «селолық тоғышарлар санатына жататын, христиан дінін ұстанатын орыс бодандарына ғана» рұқсат етілетіні ескертілді.<sup>68</sup> Сонымен бірге Қазақстан нақ сол кезеңде Ресей империясындағы егіншілікке бейімделген отырықшыландыру арқылы отарлау аудандардың біріне айналады.<sup>69</sup> Коныстануға уақыты жағынан үнемі қолданылатын, сондай-ақ өзгермелі бірнеше фактор себепші болды. Бірінші топқа: шет аймактарда халық аз қоныстанған аумактардың болуы; шаруалар жерінің аз болуын қоса алғанда, феодалдық сарқыншақтар; туған жерлерінде табыстың жетіспеушілігі; жер сапасының нашар және өндіріс тиімділігінің төмен болуы жатады. Егіннің шықпай қалуын; қоныс аударуды көтермелеген немесе тежеген үкіметтік саясатты және басқаларын өзгермелі фактор ретінде атауға болады.<sup>70</sup>

Осы факторлардың уақыт жағынан жіктелуіне сәйкес шаруалардың қоныс аудару қарқыны ұлғайып және төмендеп отырды. Бір ғажабы, бұл кезеңдегі үкіметтің қаулылары оқиғалардың алдында жүрмей, ізінен еріп, бірде қоныс аударуды тежеуге, бірде оны белгілі бір шеңберге түсіруге тырысты. XIX ғасырдың 80-жылдарында Еуропаны қамтыған аграрлық дағдарыс Ресейге де келіп жетті, онда мұның үстіне 1880 жыл ашаршылық жылы болды. Осының салдарынан Ресейдің еуропалық аудандарынан империяның шет аймактарына шаруалардың көшіп келуі күшіне түсті. 1881 жылдың аяғында қоныс аударушылар туралы уақытша ережелер қабылданды. Онда шаруалардың шет аймактарға тиісті үйымдардың рұқсат етуімен ғана қоныс аударуына жол берілді. Алайда 1883 жылды Қазақстанға қоныс аударуға тағы да тыйым салынды.<sup>71</sup> Ақырында, бес жыл өзірленгеннен кейін, 1889 жылғы 13 шілдеде «Село тұрғындары мен мещандарының қазыналық жерлерге өз еркімен қоныстануы туралы және аталған сословиelerдің адамдарын ерте уақытта қоныстанғандарға жатқызу тәртібі туралы» ереже күшіне енгізілді.<sup>72</sup> Қоныс аударуға Ішкі істер және Мемлекеттік меншік министрлігі үйымдарының арнаулы шешімі бойынша ғана жол берілді. «Құрметке лайық», «сенімді» қожайындарға ғана рұқсат беруге өкім етіліп, олар қоныстануға арналған жерлерге жіберілді. Дала өлкесінде бұлар Ақмола, Семей және Жетісу облыстары болды. Ережеде жер учаскелерін құру туралы, жаңадан келгендерді қоныс аударушылардың жөрдемақылары мен жеңілдіктері жүйесіне жатқызу тәртібі туралы ережелер қамтылды. Далалық облыстарда жер нормалары нақты анықталмады, қайта «егіншілік жағдайлары және топырақтың құнарлылығы

арқылы... анықталатын мөлшерде» белгіленді. 1889 жылғы ереже Қазақстанды Ресейден қоюс аударушыларға іс жүзінде ашып берді, бірақ ол содан кейінгі барлық заң актілері сияқты, қоюс аударушылар қозғалысын тәртіпке келтіре алмады. Төрешілдік сөзбүйдаға салу қоныстануға рұқсаттар беруді шамамен алғанда бір жылға дейін созды, осы себепті қоюс аударушы шаруалардың жартысына жуығы бұрынғысынша жолға жасырын түрде шықты. Ал 1889 жылғы ережеде өрбір өз бетімен келушілерді тіркелген жеріне өкімшілік тәртіппен қайтаруға нұсқау берілген болатын. Кейіннен бұл заң үкіметтің бірде қоныстануды бірсыныра кеңейтуге, бірде оған тыйым салуға немесе тоқтата түруға бағытталған өр түрлі жарлықтарымен және нұсқау хаттарымен толықтырылды. Жергілікті өкімет орындары өз бетімен қоныстанушыларға қарсы құресуге дербес өрекеттер жасады. Торғай облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант Барабаш өзіне бағыныштыларға мынадай пәрмен берді: алдағы уақытта «өз бетімен қоныстануды болғызбау үшін... уездік өкімшілікке жергілікті жерлерде тиісті рұқсаты болмайынша қоныстандыруға жол берілмеуін және өз бетімен қоюс аударуға дайындалу анықталған жағдайдың дереу тоқтатылуын, ал оған кінәлі адамдардың занды жауапқа тартылуын ерекше қадағалап отыру жүктелсін».<sup>73</sup> Бұл жағдайда сол кездің өзінде белгілі бір участке тіркелген, бірақ басқа орындардан неғұрлым қолайлы жер табуға тырысқан шаруаларға қарсы жазалау шаралары жайында айтылып отыр. Уездер және облыстар ішіндегі осы көші-қон ағынына мұлде ешқандай үлес алмаған – «тіркелмеген» шаруалар да қосылды. 1896 жылы Торғай облысы Қостанай уезінің үш болысы бойынша ғана жер үлесі берілмеген 4033 ер азаматтар осындайларға жатты.<sup>74</sup> Соның салдағынан XIX ғасырдың аяғында империяның азиялық шет аймақтарының село халқында көшпелілік көрсеткіші жоғары – 14,7% болды. Ал тұтас алғанда ел бойынша бұл өлшем 9,8 % ғана болатын.<sup>75</sup>

Ресейдегі 1891–92 жылдардағы аштықтан кейінгі жаңа көші-қон тасқыны және 1893 жылы Сібір темір жолының батыс участкелерін салудың аяқталуы үкіметке қазақ халқының және өз бетімен қоюс аударып келген шаруалардың жер пайдалануын тәртіпке келтіру қажеттігін алға қойды. Бұған қоюс аударушылардың жергілікті халықпен де, бұрыннан тұрып жатқан шаруалармен де көптеген жанжалдары мәжбүр етті. 1893 жылдан бастап Ақмола облысында I-ші межелеу партиясы жұмыс істей бастады, кейінректе басқа да партиялар құрылды. Олардың жұмысы он нәтиже бере алмады.<sup>76</sup> 1894 жылы II Николай дала генерал-губернаторының есебіне ескертүінде Ақмола және Семей облыстарының көшпелі халқының пайдалануындағы бос жерлердің сапасын тез арада зерттеу мен мөлшерін анықтау қажет екенін «атап өтті».<sup>77</sup> Мұндай зерттеуді үйымдастыру Сібір темір жолы Комитетінің міндетіне жатқызылды. Комитет «еуропалық Ресейден шыққандардың соңғы жылдарда дала өлкесі шегіне қоныстануға ерекше ұмтылысы байқалғанын, сол себепті оны отарлауды берік негізге қоюды ойластыру керек екенін» атап өтті.<sup>78</sup> Комитеттің бастамасы бойынша белгілі земство статистигі Ф.А.Щербинаның басшылығымен далалық облыстарды зерттеу жөнінде экспедиция үйымдастыру соның нәтижесі болды. 1896–1903 жылдар аралығындағы кезеңде экспедиция Ақмола, Семей және Торғай облыстарының 12 уезіне статистикалық сипаттама жасап, қазақтардың шаруашылығы туралы бағалы мәліметтер жинады. Үкімет

экспедиция қызметкерлерінің алдына: алуға арналған жердің мүмкіндігінше көп мөлшерін табу және олардың егіншілік үшін жарамдылық дәрежесін анықтау міндеттін қойды. Әр түрлі аймақтар бойынша қазактардың жер пайдалану нормаларын өзірлеу, ал осылайша жасалған «артық жерден» қоныс аудару қорын ресімдеу көзделді.

Шаруаны дала өніріне қоныстандырудың дұрыстығы ара-тұра күмән, ал кейде қызу қарсылық та туғызғанын атап өткен жән. Отарлауды жақтаушылар мен оның қарсыластары арасындағы пікірсайыс жергілікті және орталық баспасөз беттерінен көрініс тапты. Мәселен, Г. Уөлихан қыстауларды қоныс аудару қажеттері үшін тартып алуға қарсы шыға келіп, «қазактардан мұндай жерлерді тартып алу олардың жағдайын өте қындарады» деп жазған.<sup>79</sup> Екінші жағынан, «Дала уәляятының газеті» үкіметтің қоныстандыру саясатын талай рет қолдады және 1894 жылы жарық көрген макалалардың бірінде былай жазған: «Жалпы әл-ауқат мұдделерін көздеңғана емес, сонымен қатар жай өділеттілік үшін де мемлекеттің бір жерінде село тұрғындарының отбасын мұлде қамтамасыз етпейтін ұлтарактай болмашы жері болып, ал басқа бір жерде өрбір отбасына жүздеген десятина келуіне жол беруге болмайды ғой».<sup>80</sup> Даланы отарлауға қарсылар жергілікті әкімшілік қызметкерлері арасында көп болды. Оның әкілдері қоныстандыру үрдісіне таза өмір тәжірибесі тұрғысынан қарады және іс жүзінде қазактар шаруашылығындағы нақты қындықтар мен бұл құбылыстың басқа да зардаптарының мысалдарымен іс жүзінде бетпе-бет келді. Дала генерал-губернаторы 1901—1902 жылдардағы есебінде жоғары тұрған органдардың назарын мынаған аударды: «Қоныс аударушыларды орналастыру көшпелінің өрісін сан мағынасындағана емес, көшіп қону алабының азыуымен де шектеді, бұл өрісті пайдалану жағынан алғанда, көшіп-қону жолдары тарылды және су көздерінен алыстатып жіберілді. Көшпелінің экономикалық жағдайына келтірілетін сокқы одан өрі күшіне түсуде... далаға қоныс аударушыны орнықтыру факторының қазақ халқының бұқарасы үшін мәдени емес, өзірше, былайша айтқанда, теріс мәні осындай болып отыр...».<sup>81</sup>

Қазақстанда көшпелі шаруашылықты сақтау қажеттігі туралы пікірдің ең жоғары топтарда да айтылуына қайран қалуға болмайды. Мәселен, 1895 жылғы 18 наурызда далалық облыстарды зерттеу туралы мәселе бойынша Петербургте өткен мәжіліс мынадай қорытындыға келді: «...көшпелі шаруашылық көшпелілердің едөуір дәрежеде мәдени артта қалуының емес, қайта белгілі бір кеңістікті егіншілікке пайдалануды мүмкін етпейтін табиғи-тариҳи жағдайлардың нәтижесі болып табылады» және «көшпелілер мемлекетке пайдалы, оған басқаша жағдайда өлі шөл дала болып қалатын алқаптардан пайда алуға мүмкіндік беретін элемент ретінде сақталуға тиіс...».<sup>82</sup> Алайда басқаша көзқарастың жеңіп шығып, Қазақстанның көп жылдар бойы Ресей империясының еуропалық бөлігінен келген қоныс аударушы шаруаларды егіншілік-отырықшыландыру арқылы отарлау объектісі болғаны мәлім.

Сонымен патша әкіметтің XIX ғасырдың 90-жылдарына дейінгі Қазақстандағы қоныстандыру саясаты стратегиялық тұрғыданғана, шет аймақтарға шаруалар ортасынан шыққан «мықты элементті» қоныстандырудың негізгі бағыты түріндеғана белгіленді. Осымен қатар үкіметтің жергілікті халықтың ата қонысына билік етудің нақты және занды құқықтарын

әзірлеу үрдісі жүріп жатты. Кейіннен 90-жылдардың орта шенінде қазак даласын жаппай отарлауға бағыт алынды.

#### **4. ҚАЗАҚСТАННЫҢ XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ СОТ ҚҰРЫЛЫСЫ**

**1886 жылдың 2 маусымындағы Түркістан өлкесін басқару туралы ереже.** 1868–1870 жылдардағы көтеріліс патша өкіметінің жергілікті халықтың 1867–68 жылдардағы «Уақытша ережені» қабылдамауы мүмкін екендігі туралы қаупін қуаттады, рас, ол отарлық Қазақстанның әкімшілік-аумақтық, сот және шаруашылық құрылымына аз өзгеріс енгізген жоқ. XIX ғасырдың 80-жылдарының орта шенінде ғана қауырт өскен Ресей өнеркәсібінің шикізаттық шылауына айналған Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгерістерді заң тәртібімен нығайту мүмкін болды.


Кең-байтақ Қазақстанды басқару жүйесі қуатты Ресейдің жалпы империялық әкімшілік-саяси жүйесіне таңылған болып шыкты. Қазақстан көп ұлтты Ресей империясының құрамдас бөлігіне айналып, өз дамуында капиталистік нарыктық экономикаға төн көсіпкерліктің және жаңа өндірістік үрдістердің бастамасын қабылдады. Бұл тұрғыдан алғанда, негізінен 60–70-жылдардағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне, XIX ғасырдың аяғына сәйкес келген «Уақытша ереженің» негізгі бағыттары қофамдағы терең әлеуметтік сарапану, шаруашылықтың басым нысаны – мал шаруашылығындағы, урбанизация үрдісіндегі ғажап өзгерістердің, қала және село халқының әлеуметтік-экономикалық қалыптарының етене жақындасуының, даланың автохтондық тұрғындары күнделікті номадтар өмірінің ерекшелігіне көзқарастардың өзгеруі салдарынан шын мәнінде ескірді.

Метрополия мен отардың өзара қатынастары болып көрмеген өзгерістерге ұшырады және отаршылдық әкімшілік пен үкіметті көптен ойластырылған өзгерістерді жүзеге асыруға – 1867–68 жылдардағы «Уақытша ережені» елеулі жаңартулар мен толықтырулар қажет етілген бөлімдеріне едәуір түзетулер енгізе отырып, зандастыруға итермеледі.

III Александр патшаның Түркістан өлкесін басқару туралы 1886 жылғы 2 маусымда қол қойған Жарлығы кең-байтақ өлкені басқарудың бүкіл құрылымына реформа жасауды бастап берді.

Жаңа ережеге сәйкес Түркістан генерал-губернаторлығына үш облыс: Сырдария, Ферғана, Самарқан облыстары кіргізілді. Кейінректе, 1897 жылы, Жетісу облысы да жаңа генерал-губернаторлықтың құрамына берілді.

Бұрынғыша генерал-губернатордың билігі сакталып, біршама күштейтілді, ол іс жүзінде дара билеушіге айналды. Облыстардың билігі өскери губернаторларға берілді. Жоғары шенеуніктік биліктің осылай құрылуы 20 жыл бойы өзін ақтап, өсіреле жергілікті жерлерде өлкені отарлауды жеңілдеткен едәуір сындарлы басқару жүйесін бекіте түсті. Түркістан генерал-губернаторлығының барлық облыстары арасынан екі облыстың – Сырдария және Жетісу облыстарының Қазақстанға тікелей қатынасы болды. Өткен уақыт ішінде уездерге бөлу принципі сакталып



**Казакстан XIX ғасырдың екінші жартысында.** Шартты белгілер: 1 – мемлекеттік шекара; 2 – Қазақстанның шекаралары; 3 – облыстырдың шекаралары (1867–1868 ж. «Ереже» бойынша); 4 – Қазақстанға коныс аударған шаруалар аудандары; 5 – сауда жолдары; 6 – жәрменкелер; 7 – III. Уәлиханов экспедициясының (1855 ж.) маршруты; 8 – П. П. Семенов-Тян-Шанский экспедицияларының маршруты; 9 – Орал, Торғай облыстарының маршруты; 10 – Орал, Торғай облыстарының маршруты; 11 – Манғыстау түбөндегі толкулар (1869–1870).

қалды, саны жағынан және олардың шекараларын тарихи-географиялық жағынан межелеуде елеулі өзгерістер болды: Сырдария облысы – 5 уезд, оның ішінде Әулиеата уезі - 7800 шаршы шақырым, Перовск уезі – 105 725, Қазалы уезі – 59 550, Шымкент уезі – 91 025, Ташкент уезі – 32 100 шаршы шақырым, 2 участкесімен Әмудария бөлімі: Шурухан – 50 500, Шымбай – 32 800 шаршы шақырым болып бөлінді.<sup>83</sup>

Халық саны 800 230 адам, жер көлемі 353 430 шаршы шақырым болатын көршілес Жетісу облысы 6 уезден: Верный, Қапал, Лепсі, Пішпек, Пржевальский және Жаркент уездерінен тұрды. Пржевальский уезі облыстың ең таулы бөлігін – Тянь-Шань сілемдерін алып жатты. Верный, Жаркент және Пішпек уездері де сонда орналасты.<sup>84</sup> Облыстың солтүстік шектері Семей облысымен жанасып, Тарбағатай және Ақшат (Ақшатау) жоталарымен аяқталды.

1886 жылғы Ереженің негізгі өзегі бүкіл жер қорын мемлекеттің меншігіне беру болды, ол қазактардың экономикалық әл-ауқатының негізгі нысаны – мал шаруашылығына орасан нұксан келтірді.

XIX ғасырдың аяғына қарай Сырдария облысында ғана 7 727 034 бас мал; ал Жетісу облысында 7 миллионнан астам мал болды.<sup>86</sup> Жерді мемлекеттік меншік деп жариялад, жергілікті халықты жерін беймерзім жалға берушілер деп қараған үкімет, соңғыларына «мал жаюға, топырак және тас, балшық жинауға» құқық берे отырып (253-бап), номадтардан құнарлы алаптардың алып қойылуын тездедті, ол XX ғасырдың басында столыпиндік аграрлық реформалардың жүргізуімен аяқталды.<sup>87</sup> Қоныс аударушы шаруалардың, казактардың және басқа да өзге ұлтты көшіп келушілердің (ұйғырлардың, дүнгендердің және басқалардың) мұдделерін көздең жүзеге асырылған жерді кең көлемде зорлықпен тартып алу саясаты<sup>88</sup> шын мәнінде Қазақстанның онтүстік аудандарындағы жер пайдаланудың дәстүрлі нысандарын тұп-тамырымен қиаратуға өкеп соғып, қазактардың аграрлық қатынастары жүйесін мықтап шиеленістірді. Егер отырықшы халық пен көшпелілердің жерге құқықтарын салыстыратын болсақ, алғашқыларына Қарағанда соңғыларының әлдекайда басыбайлы болғанын мойындау керек деген пайымдауда зерттеуші П.Г.Галузо өбден дұрыс айтқан.<sup>89</sup> Бұл арада өңгіме 1886 жылғы Ереженің шектеу койған баптары жайында болып отыр, онда халықтық ғұрыптар негізінде жерді пайдалану белгіленіп берілген еді, бұл орайда 276-бапта Сырдария облысының қазактарына көршілес далалық облыстарға жазғы жайлауға көшіп бару кезеңінде бұрынғы құқықтарды пайдалануға рұқсат берілген, бұл үшін Түркістан генерал-губернаторының рұқсаты талап етілді, ол рұқсат беру үшін мұндай мәселелер жөнінде дала губернаторымен «қатынас жасаған».<sup>90</sup> Ереженің мұндай «мырзалығын» Қазақстанның империяның орталық аудандарына көп көлемде мал өнімдерін өкетуге мұдделі орыс кәсіпкерлерінің экономикалық мұдделерімен түсіндіретін пікірді дұрыс деп санау керек. Онтүстік аудандарда жерге жеке меншікті енгізуді қарастырған кезінде үкімет көшпелілер өмірінің үш компоненттен - киіз үйден, малдан, даладан тұратын ерекшелігін мұлде есқермеді. 1886 жылғы Ереженің отаршылдық бағыты салық жүйесінен де өз көрінісін тапты. Ол шынына келгенде 1867 жылғы Уақытша ереженің баптарын қайталады; өңгіме әртүрлі міндеткерліктердің көлемін көбейту жайында ғана болды. Патша өкіметінің сырттай бақылаушылық саясаты ең алдымен Ресей кар-

жы үйымдары үшін онша тұсінікті емес «шаңырак» ұғымының мәнін ашып көрсетті.

Шаңырак алымы 4 сомға дейін көбейтілді. Сірә, 1868–1870 жылдардағы көтеріліс үкіметті қатты қорқытса керек, ол шаңырак алымының мөлшерін белгілеуге бірден батылдық ете алмады. Бұл үшін ол алым көлемін бірте-бірте көбейтіп, бірқатар ұстеме шаралар жүргізді.

1882 жылы Жетісу облысында бастапқы «үлес» 1 сом 25 тыынға көбейтілді. Алайда қазақ шаруашылықтарына 1879–1880 жылдардағы жұт келтірген зор зиян себепті 4 сомдық міндептерлікті кейінірек, Түркістан өлкесінде 1886 жылғы 8 желтоқсаннан, далалық облыстарда 1887 жылғы 1 қантардан бастап енгізуге үйғарылды.

Сот құрылымындағы өзгерістер Ережеде көрсетілген жаңалықтардың іске асырылуын заң тәртібімен қамтамасыз етуге тиіс болды және ол рыноктық қатынастарға тартылған өлеуметтік жіктердің мүдделерін қорғауды көзdedі. Негізгі үш сот инстанциясы – бітістіруші судья, облыстық сот және үкіметтік Сенат отаршылдық тәртіппер енді ғана орныға бастаған жағдайларда қоғамның тіршілігін құқықтық жағынан қамтамасыз етуді реттеген бұрынғы заң ережелерін жоққа шығарды. 141-бапта христиан нанымына қарсы, басқару тәртібіне, мемлекеттік және қоғамдық қызметке қарсы, мемлекеттік міндептерлерді, кірістерді, меншікті өтеуге қарсы наразылық бойынша жасалған қылмыстар үшін «бұратаналарды» империялық зандардың жалпы негіздерінде жауапқа тарту белгіленді.<sup>91</sup> Үкімет халық соттарының мақсаттары мен қызмет жағдайлары жөнінде теріс көзқарас ұстанғанымен, ислам соттарын діни ұстанымдар негізінде жоюдың мерзімі жеткен жоқ деп санады және оларды сактап қалды. Дегенмен, Ресей сот жүйесіне қарсы өрекеттердің барлығы екінші қатарға ығыстырып тасталды. 208-бапта былай делінген: «Отырықшы және көшпелі байырғы халықтың қылмыстық істерді жылдар бойы орын алып келе жатқан ғұрыптар негізінде шешетін жеке халық соттары болады».<sup>92</sup> Бұл орайда 3 жылға бекітілетін, «халықтың сеніміне үе болған, 7 күндік қамаудан аспайтын немесе 30 сомнан астам ақшалай жаза алмаған», кез келген адам болуы мүмкін халық судьялары уездік басқармалар бастықтарының жасырын қысым көрсетуі, судья қызметінен өздерінің сенімді адамдарын тықпалауға тырысқан «партиялардың» үздіксіз күресі жағдайында өз мүмкіндіктерін толық көлемінде іске асыра алмады.

**Далалық облыстарды басқару туралы 1891 жылдың 25 наурызындағы ереже.** XIX ғасырдың соңғы ширегі Қазақстанның өлеуметтік-экономикалық дамуында бетбұрысты кезеңге айналды. Өлеуметтік және шаруашылық салаларда тауар-ақша қатынастарының біртіндеп орнығуы, өлкені мекендеушілердің негізгі құрамы – қазақтардың күнделікті өмірінен рулық-патриархаттық жүйенің ығыстырылып шығарылуы отаршыл империяның бөлігі ретінде Қазақстан дамуының барлық жақтарын қамтыған капитализмнің ықпалын бастан кешірген онтүстік аудандарға қарағанда, әсіресе далалық аудандарда дәстүрлі өндірістік қатынастардың сипатын қатты өзгертті.

Өндеуші өнеркәсіптің үлғауы, кен өндіретін өнеркәсіптің біршама тез дамуы, жаңа темір жол желілерінің салынуы, урбанизация үрдісі, жұмысшы табының қалыптасуы – осының бәрі жинақтап алғанда өлеуметтік-экономикалық факторлардың бүкіл жүйесінің өзгеруіне әкеп соғып,

Қазақстанды отарлық шет аймаққа айналдырды, барған сайын нығайып келе жатқан рыноктық көсіпкерлікті заң арқылы қамтамасыз етті. Қазақстанның жалпы ресейлік өмірге тартылуы, осыдан туындайтын барлық зардаптарымен қоса алғанда, бұрынғы заң актілерінің далалық облыстардың қоғамдық-саяси шаруашылық өмірінде қалыптасқан өзгерістермен негізгі сәйкесіздігі туғызған субъективті кедергілерге ұшырады. Оның үстіне оңтүстіктегі екі облыс – далалық аудандармен өте жақын жанасып жатқан Сырдария және Жетісу облыстары өмірінің көптеген салаларында жүзеге асырылып жатқан өзгерістер далалық аудандарды өкімшілік-аумақтық басқарудың жаңа сатысына нысанды түрде тартып, қалған төрт облыста реформаны өзірлеу мен қабылдау аса қажеттілікке айналды. Көптеген комиссиялардың жазбалары, ұсыныстары, ықпалды шенеуніктердің, әскери өкімшілік қызмет өкілдерінің пікірлері де осындей реформа жүргізудің пайдалы екенін айқын көрсетті, ол Түркістан генерал-губернаторлығында 1886 жылы жүзеге асырылды. Алайда 1868–1870 жылдардағы көтеріліс және одан кейінгі отаршылдыққа қарсы толкулар Петербург топтарында абыржушылық және сактық туғызып, 1867–1868 жылдардағы «Уақытша ереженің», бір жағынан, дүмпу қаупі бар жағдай әлі сакталып қалған Торғай және Орал облыстарында, екінші жағынан өкімшілік-аумақтық өзгерістер біршама тыныштық жағдайында іске асырылған Ақмола, Семей облыстарында әр түрлі қабылдануына байланысты болашақ реформаға мүқият, сарапап қарауды талап етті. Далалық облыстарды басқару туралы «Ережені» өзірлеу және зандастыру жөнінде ұсыныстар жасау жүктелген Ерекше Комитет: «Қазақтар тілекtestікпен қарсы алған жаңа ереже (1867–1868 ж. – Ред.) Батыс Сібір даласында түгелдей енгізілді және оның қолданылуы іс жүзінде ешқандай ерекше қыншылықтар кездестірген жоқ...» деп баяндаған кезде осы ескерілген еді.<sup>93</sup>

Ерекше Комитеттің пікірі бойынша, «бірінші алғашқы ереженің» барлық өзгерістері «оның уақытша сипатын жоюға» және оны жүзеге асыру барысында «іс жүзінде кездестірілген» алауыздық атаулыны неғұрлым «дәл редакциялау» арқылы жоюға, сондай-ақ «империяның басқа бөлімдеріне неғұрлым қолайлы келуі мүмкін негіздерде» басқару және сот жүйесін дамытуға, толықтыруға тиіс болды.<sup>94</sup> Ұсынылып отырған «Ереже» капитализмнің «кенеje» дамуына байланысты өзгерістерді ескеру негізінде Қазақстандағы Ресей әскери-өкімшілік өкіметін орнықтыру үрдісін аяқтауға тиіс болды. Сонымен, 1891 жылдың 25 наурызындағы патша жарлығын Қазақстанның әр түрлі тілде сөйлейтін халқының өмірін қайта құруға нысаналы түрде жасалған өрекет деп қарау керек. 1868 жылғы «Уақытша ережені» жиырма жылдан астам уақыт бойы сынақтан өткізу, 1868–1870 жылдардағы көтеріліс Петербург билік маңындағыларын орасан зор дала кеңістігін басқару қындықтарын ескере отырып, генерал-губернаторлардың рөлін өзінің бюрократиялық негізінде күшету қажет деген сенімге келтірді. Ресей монархиясының өкімшілік хакімі ретінде генерал-губернатордың жеке-дара билігін нығайту жаңалықтардың негізгі мақсаттарының бірі болды. Бірінші бөлімнің 5-бабында далалық облыстардағы патшаның басты хакіміне берілген негізгі құқықтар едөуір айқын ашып көрсетіледі, ал «Генерал-губернаторлардың құқықтары, міндеттері және іс-қимылы» деген қосымшада өлкенің бас бастығының тағайындалғанынан бастап, қызметінен босатылғанға дейінгі әрбір қадамы егжей-тегжейлі

тәптіштеп жазылған. Бірінші бөлімнің 16-бабында, сондай-ақ I Қосымшаның 208—251-баптарында генерал-губернаторлар қызметінің негізгі бағыттары: «өндірісте» белгіленген тәртіппен несиeler тағайындалған қазыналық құрылыш жұмыстары бойынша кез келген сомаға сауда-саттық бекіту; «сол жұмыстар бойынша», нақ сол сияқты өнім беру мердігерлігі және жеке адамдардың қазынамен, олардың отыз мың сомға дейінгі сомаға жасасқан шарттары бойынша жобалар мен сметаларды бекіту деп анықталған.

Жаңа реформаны қабылдау уақыты империя халқының саяси белсенділігінің жандануымен, азаттық қозғалысының өрістеуімен ерекшеленді. Халықшылдардың, социал-демократиялық қозғалыстың мейлінше жарқын өкілдері Қазақстанда да айдауда болды. Ереженің 17-бабында генерал-губернаторға «саяси сенімсіздігі жөнінен зиянды бұратаналарды да» өз қалауы бойынша империяның Ішкі істер министрлігімен келісе отырып, тағайындалған жеріне бес жылдан аспайтын мерзімге жер аударуға құқық берілді. Рас, бұл орайда генерал-губернатор мұндай әрбір өкім туралы Ішкі істер министрлігіне хабарлап отыруға міндетті болды.<sup>95</sup>

Облыстарды басқару жүйесі тәртіпке келтірілді: патшаның қалауы бойынша арнаулы «патша жарлығымен» тағайындалатын және босатылатын, далалық генерал-губернаторына бағынатын Ақмола, Семей және Жетісу (сөл кейініректе Түркістан генерал-губернаторына берілген) облыстарының Бас басқармалары құрылды.<sup>96</sup> Генерал-губернатор қайтыс болған немесе қызметінен босатылған, яки ауырған жағдайларда, егер бұл орайда оның міндеттін атқаруды император басқа адамға тапсырмаса, оның міндеттерін жергілікті өскери губернаторлықтың қызмет бойынша дәрежесі үлкені уақытша аткарды.<sup>97</sup> Дегенмен, өрі казак өскерлерінің атамандары болып тағайындалатын Жетісу және Орал облыстарының өскери губернаторлары штаттарға сәйкес облыстың шенеуніктік өкімшілігін құрды. Ішкі істер министрі қызметке тағайындалап және босататын өскери губернаторлардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ вице-губернаторлардың, облыстық басқарманың жалпы жиналысының кеңесшілері мен мүшелерінің жағдайы «Қызмет туралы жарғыда» қосымша айтылды.<sup>98</sup> «Уақытша ережелер» қабылданған кезден бастап елеулі өзгерістерге ұшыраған уездік басқармаларда да қайта құрулар болды: Ақмола облысы (бас басқармасы орналасқан орны Омбы қаласы) бес уезден: Омбы — көлемі 41 048,9 шаршы шақырым, Петропавл — 60 953,6, Көкшетау — 63 688,7, Атбасар — 114 549,5, Ақмола — 198 960,4;<sup>99</sup> Торғай облысы (облыс орталығы Орынбор қаласында) төрт: Ақтөбе — 94 500 шаршы шақырым, Николаевск (кейіннен Қостанай) — 938 381, Ырғыз — 127 360, Торғай — 147 500;<sup>100</sup> Семей облысы бес: Семей — 64 786,9 шаршы шақырым, Зайсан — 49751,8, Карқаралы — 182 430,6, Павлодар — 403 788,2, Өскемен — 41 487,7;<sup>101</sup> Орал облысы 4: Орал, Калмыков, Гурьев және Темір<sup>102</sup> уездерінен тұрды. 1891 жылғы Ереже уезд бастықтарының өкімшілік міндеттерін едәуір кеңейтті. Олар енді «уезд шегінде бұратаналарды және басқа село тұрғындарын қоғамдық басқарудың барлық нұсқауларын қадағалауды, сол сияқты тікелей өз қалауы бойынша да, өскери губернатордың немесе облыстық басқарманың тапсырмалары бойынша да жасалған шешімдерге тексеру жүргізуді» жүзеге асыратын болды; «ол былай тұрсын, оларға өкімет орындарының занды өкімдеріне құлақ аспағаны үшін және басқа да қылыштары үшін

бұратаналарды 7 күннен аспайтын мерзімге қамауға алуға немесе 15 сомнан аспайтын ақшалай айыппұл салуға... еркіндік берілді».<sup>103</sup>

1891 жылғы ережеде далалық облыстардағы сот құрылышына елеулі толықтырулар мен нақтылаулар жасалды. Ең алдымен онда «Уақытша ереженің» көшпелілерді де, отырықшыларды да Ресейдің ішкі губернияларының селолық тұрғындарына теңестіру туралы бабы нығайтылды.

Үкіметтің бұрынғы сот жүйесін қатты өзгертуіне себеп болған негізгі міндет ислам шариғатын уағыздыдаушы билерді және құқықтық жүйені ығыстырып шығару, олар ондаған ғасырлар бойы пайдаланып келген женілдіктерді жою болды. Жаңа Ереже билер сотын жойып, халық соты деген жалпы атаумен құқықтық құрылыштың жаңа құрылымын енгізді. Ереженің 210-бабында былай делінген: «Отырықшы тұрғындар мен көшпелілердің өрқайсысында орын алған ғұрыптар негізінде өздері қарастыратын істерді шешетін жеке халық соттары болады»;<sup>104</sup> келесі 211-бапта халық сотының қарауына жататын істері дәрежесін айқындағы: «бұратаналар» жасаған қылмыстар мен қылыштар туралы барлық істер, егер бұл істер айтартылған дәлелмен, орыс өкімет орындарының қатысуы жағдайында жасалған немесе куәландырылған құжаттарға негізделмесе, халық сотының қарауына берілді. Бұл орайда халық судьяларының іс-әрекетін жоғары тұрған сот орындары қатаң қадағалап отырды, халық сотының билігін асыра пайдаланып немесе өзінің қарауына болмайтын істер бойынша шығарған үкімдері мен шешімдері орындалмады және олар туралы уезд бастығы прокурорға шағым «табыс етті».<sup>105</sup> Халық сайлауының нәтижелері негізінде халық сотын үш жыл мерзімге тағайындау халыққа онша мәлім емес үміткерлердің сайлануына жол бермеді. Оның үстіне 223-бапта үміткерлердің әлеуметтік тегіне де, материалдық жағдайына да шек қойылмады.

Ол былай тұрсын, ережеде әрбір уезде және Омбы, Семей, Верный және Орал қалаларында үкімді бір өзі шығара беретін бітістіруші судья қызметі белгіленді, Торғай облысында облыстық соттың құқықтары мен міндеттері Орынбор қылмыстық істер және азаматтық сот палатасына жүктелді.<sup>106</sup>

Аткарушы және сот биліктерінің міндеттерін түпкілікті шектеу 1891 жылғы Ережені іске асырудың сөзсіз саяси қорытындысы болғанмен, жаңа сот құрылышының отаршылдық сипаты айқын анғарылды: губернаторлардың қазактарды «бағынбауын» сұлтауратып өскери сотқа беру құқығы және т.б. жергілікті халықты үрей шылауында ұстады.

1891 жылғы Ереже жер мәселесі бойынша ашықтан-ашық отаршылдық сипатта болды. Дала тұрғындарының көпшілік бөлігінің, қазактардың материалдық құндылықтарын, рухани дүниесін, шаруашылық құрылымын негізінен қалыптастырған көшпелі тұрмыс-салты олардың рулық-патриархаттық дәстүр аясында қауымдық меншіктің ерекше нысаны сияқты көрінетін жерге қатынасы туралы кате түсінік туғызды. 1891 жылғы Ережені өзірлеген кезде шенеуніктер қазактардың ақша-рыноктық қатынастарға тартылуына байланысты жерге меншік қатынастарының бұрынғы стихиялық көзқарасы күрт өзгергенінің мәнін ұға бермеді. Сөйтіп, 119-бапта әл мекендейтін де, мекен демейтін де бүкіл жер қорының мемлекеттік меншік деп жариялануы зандастырылды, ал жазғы жайлаулар дағды бойынша көшпелілердің пайдалануында қалдырылды: кен

көсіпшілігіне арналған қысқы қыстаулардағы жерлер жалға берілді. Казак өскерлерінің орналасқан жерлерін иелену мен пайдалану құқыктары «ерекше ережелермен» анықталды.<sup>107</sup>

Қазақстанды – отарға, халықты аттым алынатын тапқа айналдыру үкіметтің жергілікті тұрғындарға қатысты фискальдық саясатына елеулі түзетулер енгізді. Шаңырақ алымының 2 сом 75 тиын сомасындағы мөлшері кейіннен 3 сом 50 тиынға дейін көбейтілді, 1868 жылғы реформадан кейін жырыма жылдан астам бойы көшпелілер төлеп келген мөлшер үкіметке жеткіліксіз болып шықты. Ереженің 137-бабы далалық облыстардың көшпелі халқын қазына кірісінің пайдасына әрбір шаңырактан жөне оны ауыстыратын кез келген тұруға арналған үй-жайлардан – киіз үйден, үйден, жеркепеден, жертөледен 4 сом есебімен есептелетін түтін салығын төлеуді міндеттеді. Осы бапқа қосымшада: белгілі бір «қожайынның» жазғы жөне қысқы тұрғын үйі бір шаңырақ «болып есептеледі» деген ескерту берілген.<sup>108</sup> Шаңырақ санының санағы үш жылда бір рет жүргізіліп отырды. Шаңырақ санын жасырып, теріс көрсеткен болыс басқарушылары облыстық басқарманың қаулысы бойынша шаңырактан салық алу кезінде әрбір жасырылған шаңырактан «алынатын» алымның екі есе сомасын өндіріп алумен жазаланды.<sup>109</sup> 149-бап селолық немесе отырықшы коғамдардың салық төлеуіне қатысты – орыс шаруаларына, дүнгендерге, үйғырларға өздеріне бөлінген мемлекеттік жер үлесі үшін мемлекеттік шаруалармен ортақ негізде оброк салығы салынды.<sup>110</sup> Сонымен бірге Қазақстан тұрғындарына заттай жөне акшалай земстволық міндеткерліктер жүктелді. Бұл міндеткерліктер негізінен төрт далалық облыстың қазақ халқына қатысты болды. Ереже Император маңындағылар кабинетінің жерінде орналасқан қазақтарға колданылмады. Құлынды даласында (Ертіс пен Обь арасында), Алтай таулы аймағында көшіп жүретін қазақтар жер пайдаланғаны үшін Кабинеттің пайдасына 6 сом 50 тиын сомасында, қалғандары – мемлекеттік қазына пайдасына 1 сом 50 тиын түтін салығын төледі.<sup>111</sup> Әдетте әрбір шаңырактан алынатын түтін салығын ауыл старшындары жинады; өз кезегінде, олар алынған қаражатты болыс басқарушысына берді, ол ауылдармен тікелей байланысы бар шешуші тұлғаға айналады. Болыс сайлауының паракорлық, қулық-сұмдық, жалған хабар таратуды еркін пайдаланатын «партиялардың» өте кескілескен күресімен өткізілетіні міне сондықтан. Әрбір топ өздерінің саяси қарсыластарын құлату жөне өздері ұсынғандардың жеңісін қамтамасыз ету үшін мүмкін болған құралдардың бөрін пайдаланды.<sup>112</sup> Болыстардың саны халық санына, шаңырактар санына қарай өзгеріп отырды. Мысалы, 1896 жылы Торғай облысында 47 болыс, 70 134 шаңырақ болды.<sup>113</sup> Жалпы алғанда 1886–1891 жылдардағы Ереже XIX ғасырдың аяғындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму жағдаяттарын көрсете отырып, XIX ғасырдың 20-жылдарының өзінде-ақ басталған жаңалықтардың жалғасы жөне аяқтаушы кезеңі болды.

Шаруашылық жөне әлеуметтік саяси үрдістердің бүкіл қайшылықты, күрделі жүйесін реттеуде нысанды тұрде игі рөл атқара отырып, реформа өлкені біржола империяның отарлық шет аймағына айналдырды, Қазақстанды игеруді тездетіп, Ресей көсіпкерлерінің аймактың орасан зор табиғи жөне өзге де байлықтарын еселеп алуын жеңілдettі, үкіметтің фискальдық саясаты жағдайды терендетे түсті.

## 5. АЙМАҚТАҒЫ ӘСКЕР КҮШІНІҢ АРТУЫ

Тұрақты және казак әскерлерінің мәртебесі. XIX ғасырдың екінші жарысы патшалық Ресейдің Қазақстандағы әскери құрамаларын одан өрі шоғырландыру, қарулы күштерді еселей түсу, әскер топтарының құрылымы мен ұйымдастырылуын жетілдіру, өлкенің стратегиялық орталықтарына ірі гарнизондарды орналастыру кезеңі болды.

1853–1864 жылдарда құрылған Сырдания әскери шебіне және 1847–1854 жылдарда құрылған жаңа Сібір шебіне сүйене отырып, Ресей Оңтүстік Қазақстандағы соғыс қимылдарын өрістетті. 1864 жылы Орынбор өлкесі жағынан екі ірі әскери құрама шығып, подполковник Веревкиннің отряды (4 рота жаяу әскер, екі жүздік казак, 10 зенбірек және 6 мортир, 2 ракеталық кондырғы) Қоқанның Созақ және Түркістан, Шолақкорған бекіністерін алды; Сібір шебі жағынан полковник Черняевтың отряды (10 жаяу әскер ротасы, сібір казактарының екі жүздігі, мың ерікті қазак жігіттері, 13 зенбірек және 5 мортир) да сондай-ақ Қоқанның Токмак, Пішпек, Мерке, Әулиеата және Шымкент бекіністерін басып алды.<sup>114</sup>

Олар Орынбор ведомствоның сол қанатын Сібір ведомствоның оң қанатымен жалғастырған жаңа Қоқан әскери шебінің құрамына енгізіліп, Орынбор әскери губернаторына бағындырылды. Жаңа Қоқан әскери шебіне патшаның ең жауынгер өрі қаныпезер әскербасыларының бірі, сол кезге қарай генерал-майор шенін алған, кейіннен Түркістан генерал-губернаторы болған Черняев командашылық етті. Оның құрылудың Қазақстан аумағын әскери шептер мен бекіністі аудандардың тұтас «қамалымен» коршау аяқталды. Сонымен XIX ғасырдың 60-жылдарының орта шенінде Ресейдің Орталық Азия аймағындағы ұздіксіз ұдемелі қозғалысының және Қазақстандың жүз жылдан астам уақыт бойына созылған әскери отарландыру қимылдарының нәтижесінде өлкे метрополияның құрамына біржола кірді.

Уақыты жағынан бұл Ресейде XIX ғасырдың 60–70-жылдарында буржуазиялық әскери реформалардың жүргізілуімен, әскерлерді жарактандыру және басқару ісін жетілдіру, оларды орналастыру жүйесін қайта ұйымдастырумен, соғыс қуатының арттырылуымен тұстас келді.<sup>115</sup> Қазақстандағы патша қарулы күштерінің ұйымдастырылуы да түбегейлі өзгерістерге ұшырады, ол бір жағынан сыртқы шекараны нығайтуға, ал екінші жағынан, ұлт-азаттық қозғалыстары мен көтерілістер туған жағдайда оларды басып-жаныштауды ұйымдастырудың мүмкін болуына бағытталған еді.<sup>116</sup> Дағында жаңа отаршылдық тәртіптерді нығайту үшін, Ресей империясының басқа жерлерінен айырмашылығы, мұнда тікелей Әскери министрлікке бағындырылған әскери-өкімшілік басқару жүйесі орнатылды.

1864 жылы өлкені жаулап алуда зор рөл атқарған Дербес Орынбор және Сібір корпустары қысқартылды. Олар «Орынбор өлкесінің әскерлері» және «Батыс Сібір әскерлері» деп аталды. Бұл әскери құрамалардың қарулы күштерінің үйіткісі – тұрақты әскерлер, ең алдымен облыстық және уездік қалаларда, бекіністерде орналастырылған шептік жаяу әскер батальондары, қамалдық және далалық артиллерия, инженерлік бөлімдер, тұрақты емес әскер – казак құрамалары болды.<sup>117</sup> Әскери тарихшы К.К.Абаза Оралдан Қытай шекарасына

дайындырылғанда оның таралығынан жауынгерлік атап өтті.<sup>118</sup>

Тұракты далалық өскерлер де, казак гарнизондары да болмаған алыстағы жерлер мен елді мекендерге резервтегі бөлімдерден тұратын жергілікті өскерлер, ішкі қызмет өскерлері: губерниялық батальондар, уездік жергілікті, этап және айдауыл командалары орналастырылды. Олар 1864 жылы таратылған ішкі күзет корпусын алмастырылды. Оның үстінен бұл жергілікті командалар өз құрамы жағынан едәуір ауқымды болатын. Мысалы, Орал командасында 300 қатардағы жауынгер және 4 офицер болды, оларға қоса тағы да 150 қатардағы жауынгер мен 15 унтер-офицер іссапарға жіберілді. Команда Орал өскери губернаторына бағынды, оның бөлімдері Калмыков және Гурьев бекіністеріне орналастырылды. Кейіннен команда полк командирі құқығымен Орал облысы өскерлері штаб бастығының қарамағына көшті. 1871 жылы империяның Әскери Кенесі Орал және Торғай облыстарының өскери губернаторларына бағынатын Үрғыз, Торғай бекіністерінде, Карабұтақ фортында және Жем бекетінде жергілікті командалар құру туралы шешімді бекітті. 1865 жылы Сібір қазактары облысы өскерінің командиріне бағынатын Петропавл жергілікті командастырылды. 1880 жылы Ақмола облысының Ақмола, Атбасар және Көкшетау уездерінде; Семей облысының Қарқаралы, Көкпекті және Зайсан уездерінде жергілікті командалар құрылды, олардың штаттары: Ақмолада – 166, Атбасарда – 124, Көкшетауда – 108, Қарқаралыда – 106, Зайсанда – 182 адамнан тұрды. Кейіннен Көкпекті жергілікті командастырылды. Көкшетау уездерінде жаңадан үйымдастырылған Қатон-Қарағай бекетіне ауыстырылды.<sup>119</sup>

1867–68 жылдардағы өкімшілік реформалар бойынша Қазақстан аумағы үш генерал-губернаторлық: Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарына қарады. Оларды өскери-халықтық басқару бойынша Ресейдің өскери министріне бағынған генерал-губернаторлар басқарды. Олар азаматтық және өскери биліктің бөрін толық өз қолдарында шоғырландырып, бүкіл аумактағы барлық өскерлердің командашысы да болды.

Облыстарды өскери губернаторлар басқарды, олар да өскери және өскери-халықтық басқаруды өз қолдарына жинақтады. Орал және Жетісу облыстарында өскери губернаторлар сонымен бірге тиісті казак өскерлерінің тағайындалған атамандары болды. Ақмола және Семей облыстарында өскери губернаторлар Сібір казак өскерлерінің өз аумағында орналастырылған полктары жөнінде тағайындалған атамандар құқықтары мен міндеттерін атқарды. Атап айтқанда, Ақмола облысында бұлар – 1, 2, 3, 4, 5 және ішінара 6-полк округінің жерлері, Семейде – Сібір казак өскерінің 6, 7 және 8-полк округтерінің аймағы. Казак құрамаларына командалық етуде облыстардың өскери губернаторлары осы облыстар туралы арнаулы ережелерді басшылыққа алды.

Облыстар майор шеніндегі өскери бастықтар басқаратын уездерден тұрды. Олар өскери, өскери-халықтық және полициялық басқаруды біріктіріп, жергілікті өскерлердің, өскери мекемелер мен бекіністердің де командирлері болды.<sup>120</sup>

Ресейдегі өскери басқаруды қайта үйымдастыру саласындағы негізгі өзгеріс өскери-округтік жүйенің енгізілуі болды. «Әскери округтер ту-

ралы ережеге» (1864 жылғы тамыз) сәйкес, Орынбор және Батыс Сібір өскери округтері құрылды. Облыс өскерлерінің өскербасына барлық өскери бөлімдер, өскери мекемелер мен жергілікті командалар бағынды. Округ өлке мен облыс ауқымындағы «өзінше бір өскери министрлік» сияқты болды.<sup>121</sup>

Орынбор өскери округі 1865 жылы құрылды, Қазақстаннан оның құрамына Орал және Торғай облыстары кірді. Бұл округтің аумағына 105-ші Орынбор жаяу өскер полкы мен 4-ші роталық құрамының 1874 жылы Орынбор жергілікті батальоны етіп құрылған Орынбор резервтік батальоны кірді. Оның аумағында Торғай, Ырғыз, Ойыл, Ақтөбе Темір бекіністері мен Карабұтақ форты орналасты. Хиуа хандығы тарапынан түрікмендер мен хиуалықтардың шабуылдарынан шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 1862 жылы онтүстік Жемде Төменгі Жем бекеті ашылды. 1880 жылы Орынбор өскери округі таратылады. Торғай және Орал облыстары Қазан өскери округіне бағынуға көшіріліп, онда 1917 жылға дейін болды. Округтің құрамына 15-армиялық корпус, 11 казак жүздігі, екі казак батареясы, сондай-ақ жергілікті өскерлер кірді.<sup>122</sup>

Батыс Сібір өскери округі де 1865 жылы ашылды. 1882 жылы Омбы өскери округі етіп қайта ұйымдастырылды, оған Ақмола және Семей облыстары кірді. Округтің маңызды стратегиялық мәні болды, оның аумағында шептік жаяу өскер батальондары, қамал артиллериясы және жергілікті өскерлер (барлығы 35 жаяу өскер командасы), сондай-ақ казак (Сібір және Жетісу) өскерлері орналасты. Округ өскерлері облыс аумактарында да орналастырылды, мысалы, Семей облысында екі шептік батальон, жаяу және атты атқыштар батареялары, бір Сібір казак полкы болды. 1882 жылы жергілікті командалан 4-роталық құрамының Семей резервтік жаяу өскер батальоны құрылды. 1882 жылғы 25 мамырда Ақмола, Семей, Жетісу облыстары құрамында Дала генерал-губернаторлығы құрылады. Жаңа өлкениң генерал-губернаторы сонымен бірге Омбы өскери округінің өскербасы әрі Сібір казак өскерінің тағайындалған өскери атаманы болды. Дала өлкесінің бірінші генерал-губернаторы болып Жетісуды отарлау жөніндегі қажырлы өскери-шаруашылық қызметімен белгілі, инфanterия генералы Г.А.Колпаковский тағайындалды.

Түркістан өскери округі 1867 жылы құрылды. Қазақстан аумағынан оған Сырдария және Жетісу облыстары құрамындағы бүкіл онтүстік енгізілді. Орта Азия жаулап алынғаннан кейін Сырдария облысында бұрынғы өскери маңызын жоғалтқан Перовск және Шымкент форттары, Әулиеата және Қазалы инженерлік бекіністері болды. Перовскіде бір жергілікті команда тұрды, ал Қазалыда 22 зенбірегі бар қамал артиллериясының ротасы орналастырылды.

Жетісу облысында бес Сібір шептік батальоны мен үш казак полкы (екеуі сібірлік және біреуі жетісулық), батыс сібір артиллериялық бригадасының үш батареясы және бір саперлік рота орналасты. Верный қаласына Өскемен бекінісінен ауыстырылған қамал артиллериясының ротасы орналастырылды. 1889 жылы ол таратылып, жергілікті артиллериялық команда бар екінші (Ташкенттен кейін) округтік артиллериялық қойма құрылды.<sup>123</sup>

Облыста бес бекініс: Жаркент, Бакты, Зайсан бекеті, Пржевальский және Нарын бекіністері болды (соңғы екеуі – Солтүстік Қырғызстанда).

1882 жылы Жетісу облысы Түркістан өлкесінің құрамынан Даға генерал-губернаторлығына беріліп, Омбы өскери округіне кіреді, 1898 жылғы 1 шілдеде қайтадан Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына қайтарылып, Түркістан өскери округіне кіреді, онда 1917 жылға дейін болды. Облыста корпустық басқару дейтін (өскерлер мен оларды басқарудың армиялық корпус мәртебесі болған) енгізілді, бірақ штат саны көбейтілмеді.<sup>124</sup>

Орта Азия аумағының өскери инфракұрылымының құрамына бес пароходтан, бір бүмен жүретін барқастан, 9 баржадан және бірнеше ескекті кемелерден тұратын Арас өскери флотилиясы да енді. Флотилияның адам құрамы 13 офицерден және 328 матросттан тұрды. Флотилия 1873 жылы Хиуаны жаулап алуға қатысты, Орта Азия бағындырылғаннан кейін ол таратылып, оның кемелері Әмудария өскери флотилиясына берілді.<sup>125</sup>

Казақстан аумағы Орта Азияны жаулап алуға арналған бұрынғы стратегиялық алғышеп маңызын жоғалтқанына қарамастан, патша үкіметі мен өскери басшылық өскери құрамалардың үйімдастырылуы мен құрылуын, олардың орналастырылуын жетілдіру, инженерлік жағынан қамтамасыз етілуін, желілік байланыстарды және қатынас жолдарын жаксарту, артиллериялық қоймаларды және басқаларын орналастыру жөнінде қажетті шаралар қолданды. Мәселен, 1873 жылдың мамырында Ташкенттен Верныйға дейінгі телеграф қатынасы ашылды, 1878 жылы Шымкент пен Түркістан қосылды, 1879 жылы телеграф желісі Перовскіге дейін, 1880 жылы Қазалыға дейін, ал 1888 жылы Ырғызға дейін жеткізілді. 1880 жылы Орск – Қазалы – Перовскіні жалғайтын Орынбор пошта жолы жабылды.<sup>126</sup> Жиырмасыншы ғасырдың басында бүкіл Орталық Азия аймағында зор өскери-стратегиялық маңызы болған Орынбор – Ташкент темір жолы салынды.

Далалық гарнизондар мен кейбір жергілікті командалардың құрамына қыскарту жүргізілді. Мәселен, Ойыл бекінісінің штаты 1882 жылғыдан 3 офицер мен 128 тәменгі шенділерге, Тәменгі Жемде – 3 офицер және 199 катардағыларға, Темірде – тиісінше 2 және 62 адамға, Ырғызда – 2 және 115, Торғайда – 35 тәменгі шенділерге, Ақтөбеде – бір офицерге және 75 катардағыларға, Карабұтак фортында – 7 тәменгі шенділерге қыскартылды. Торғай және Ырғыз жергілікті командаларының, сонан соң Ақтөбенің де жергілікті командастының штаттарына қыскарту жүргізілді. Костанай жергілікті командастының штаты бір офицерге және 10 катардағыларға көбейтілді. Орал облысында Калмыков жергілікті командастының штаты бір офицерге, уш унтер-офицерге, төрт ефрейторға және 35 қатардағы солдатқа қыскартылды. Әскери маңызынан айрылған Орск, Орынбор және Петропавл бекіністері таратылып, есептегі бекіністер құрамынан шығарылды. Бекініс құрылыстары жергілікті казак өскерлерінің қарауына берілді. Олар әдеттегі губерниялық және уездік қалалар мәртебесін алды.

Батыс Сібір ведомствосының аумағында да осындашаралар жүргізілді. 1862 жылғы 20 тамызда империяның Әскери Кеңесінің шешімімен Атбасар округінің Ұлытау станицасы таратылып, тұрғындары үлкен Сандықтау көлі жанындағы Жабай өзеніндегі, Көкшетау және Атбасар аралығындағы Сандықтау станицасына көшірілді. 1865 жылы Ұлытау бекіністі бекеті мен Атбасардан Ұлытауға дейінгі бекетті жол жабылды, 1866 жылы Ақтау бекінісі және Ақмоладан Ақтауға дейінгі бекетті жол жойылды.

1876 жылғы 28 қазанда жоғары мәртебелі патшаның жарлығымен Петрапавл және Өскемен бекіністері, Ақмола қамалы біржола таратылады, олар қазақ даласын бағындыруда және оны өскери отарлауда XVIII ғасырдың екінші жартысы – XIX ғасырдың бірінші жартысында елеулі рөл атқарған болатын. 1881 жылғы 5 қыркүйекте Ақмола облысы өскерлерінің өскербасы және өскери губернаторы атағы, облыс өскерлерінің штабы жойылды. Жергілікті өскерлер Сібір өскери округінің штаб бастығына бағындырылды, оған Ақмола облысы өскерлері өскербасының барлық міндеттері жүктелді. Ақмола және Семей губерниялық өскери бастықтары қызметі тағайындалды.<sup>127</sup>

Жергілікті казактар аймақтағы қарулы күштердің құрамдас бөлігі және басты өскери-полициялық қүш болып қала берді. XIX ғасырдың 60–70-жылдарындағы өскери реформалар барысында Ресейдің жоғары мемлекеттік және өскери топтарында қазіргі жағдайларда казак өскерлері қажет пе деген мәселе белсенді түрде талқыланды. Түркістанды жаулап алу аяқталғаннан кейін XIX ғасырдың 80-жылдарында бұл пікірсайыс жаңа қүшпен өріс алды. Казактар өздерінің тарихи міндетін орындағы және өдегетті шаруаларға айналдырылуға тиіс деген пікірлер айтылды. Мәселен, өскери тарихшы М. Венюков казак өскерлері орыс азиясында негізгі қүш емес, қайта қосалқы құрал ғана болып табылады деп жазды.<sup>128</sup>

Ұзак дауласудан кейін казактарды сақтап қалу дұрыс, бірақ бұл орайда оларды басқаруда қажетті өзгерістер жүргізу керек деген қорытынды жасалды. 1862–1871 жылдарда Ресейдің Өскери министрлігі казак өскерлеріне түбегейлі қайта үйымдастыру жүргізіп олардың қатарларын өзгерту, кейбіреулері таратылды, жаңалары құрылды. Өскерлердің тағайындалған атамандары облыстың өскери губернаторлары мен өскерлерінің өскербасылары құқықтарын пайдаланатын болды.

1875 жылдың сөуірінде Дон казак өскерінің өскери міндеткерлігі туралы жаңа жарғы бекітіліп, ол сонаң соң басқа өскерлерге де таратылды. Ол казактардың өскери қызметін біршама жұмсартты, казактар өмірінің ережелері мен нормаларын жаңа заман талаптарына орайластырды. 1881 жылға қарай өрбір өскерлер өзіне арналған «Өскери міндеткерлік туралы Жарғыға үйлестірілген қызмет ету тәртібі туралы ереже» алды. Ол XIX ғасырдың аяғына дейін колданылды.

1874 жылғы 9 наурызда Орал казак өскерінің өскери міндеткерлігі туралы ереже қабылданды. 19 жасқа толғандар казактарға жазылып, олардан ант алынды. Алғашқы екі жылда жас казактар ішкі қызметшілер қатарында болды, содан соң 15 жыл саптағы жауынгерлік қызметтің далалық қатарына түсті, сонаң соң қайтадан 5 жылға ішкі қызметке оралып, запаска шықты. Өскердің құрамы өркайсысында алты жүздік бар, тоғыз атты өскер полктерінен тұрды. Олардың ішінде үш полк бейбіт уақытта қызмет атқарды, сонымен бірге Оралда бір оку жүздігі және Санкт-Петербургте Орал казак эскадронының лейб-гвардиясы болды.<sup>129</sup>

1886 жылы бейбіт уақыт штаты бойынша Орал өскері 15 жүздіктен және бір жеке жүздіктен тұратын үш атты өскер полкін, ал соғыс уақытында 45 жүздіктен тұратын сегіз атты өскер полкін шығаратын еді. Өскери топ құрамы бейбіт уақытта 103 офицер мен 2662 казак, ал соғыс кезінде 181 офицер және 7804 казактан тұрды. Саптағы өрбір казактың бекітілген қару-жарағы – винтовка, револьвер, қылыш және бірінші қатардағылар-

да сүнгі болды. Орал казак өскерлері Орынбор казак өскерлерімен бірге 14-атты өскер дивизиясының құрамына кірді және европалық Ресей мен Түркістанда өскери қызмет атқарды, Ақтөбе, Ырғыз, Төменгі Жем, Торғай, Ойыл далалық бекіністерінде және Карабұтқа фортында гарнизон болып тұрды.<sup>130</sup> Патшаның мерекелік басылымында атап өтілгендей, Орал (Жайық) казактары «Еуропалық Ресейдің онтүстік-шығыс түкпіріне» орналасып, «Еуропа мен Азия арасындағы шекара болып табылатын өзенде орыс халқының құзетшісіне» айналды.<sup>131</sup> 1890 жылғы штат бойынша өскер соғыс уақытында 4, 5, 6 және 7-полктердің төрт 6 жүздігі, 8 және 9-атты өскер полктерінің екі 4 жүздігі құрамында 32 жүздік шығара алатын болды.<sup>132</sup>

1876 жылғы 10 маусымда Өскери міндеткерлік туралы жарғы және 17 атты өскер полкі, сегіз атты-артиллеријалық батареясы және бір запастағы батареясы штаты бар Орынбор казак өскерінің өскери қызметі тура-лы ереже бекітілді.<sup>133</sup>

Орал және Орынбор казак өскерлері Орталық Азияны жаулап алуға белсене қатысты. 1853 жылы Қоқанның Ақмешіт бекінісін алуға Орынбор өскери губернаторы В.А.Перовскийдің экспедициялық корпусының құрамында Орал казактарының екі жүздігі және Орынбор казактарының бірнеше полкі қатысты. 1866–68 жылдарда Бұхара өмірлігін бағындыруға Орал казактарының Жизакқа, Оралтөбеле және Ходжендке жорық жасаған үш жүздігі қатысты. Тағы да екі жүздік Бұхара түбіндегі Зерабұлак биіктігінде соғысты, Самарқан мен Қаршиға шабуыл жасауға қатысты. 1873 жылды Орынбор казак өскерлерінің 12 жүздігі мен бір батареясы генерал-губернатор Кауфманның Түркістан отряды құрамында Хиуаны алуға қатысты. Хиуа хандығын бағындыруға Орал казактарының бес жүздігі де қатысты, сол үшін олардың бас киімдері «1873 жылғы Хиуа жорығы үшін» деген белгілермен өсемделетін болды. 1875–76 жылдарда 4-жынтық Орынбор-Орал полкі Коқан хандығын жаулап алуға қатысып, Махрам қыстағы жанындағы кескілескен ұрыс кезінде казактардың екі жүздігі қокандықтардың 5 мындық жасағын қанға бөктірді. 1880–81 жылдарда 2-Орал казак өскерінің бесінші жүздігі және 5-Орынбор полкінің алты жүздігі «ак генерал» Скобеловтің экспедициялық корпусы құрамында Онтүстік Түрікменстанды жаулап алуға қатысты.

Ұрыстар барысында сан мындаған бейбіт тұрғындар қаза тапты. Ал казактар Георгий ленталы күміс медальдармен және бас киімге тағатын «1881 жылғы 12 қантарда Геок-тепе бекінісіне шабуыл жасағаны үшін» белгілерімен марапатталды.<sup>134</sup>

Орынбор казак өскерінің самодержавия алдында сінірген еңбектерін Ресейдің Еуропадағы, Балқандағы, Кавказдағы, Түркістандағы және бас-ка жерлердегі соғыстарына қатысқаны үшін әр түрлі уақытта тапсырылған 50-ден астам тулар мен жауынгерлік белгілері дәлелдейді. Олардың арасында Коқан және Хиуа хандықтарын, Бұхара өмірлігін, Түрікменстанды бағындыруда марапатталған айырым белгілері де бар. Ал 6-Орынбор казак полкі тіпті Памирде ауғандармен де соғысты.<sup>135</sup>

Қазақстанда Сібір казак өскері де патша өкіметінің нақ сондай сенімді тірегі болды, ол бір мезгілде Батыс Сібір өскери округі өскерлерінің өскербасы және казак өскерлерінің өскери тағайындалған атаманы болған Батыс Сібір генерал губернаторының қарамағына кара-

ды. 1869 жылы империяның Әскери Кеңесі оларды басқаруды орнالасқан жеріне жақында ту үшін Ақмола және Семей облыстарында Сібір казак өскерінің бөлім атамандары басқаратын екі өскер бөлімін құрды.

1871 жылғы 2 қарашада Сібір казак өскерінің өскери міндеткерлігі туралы жаңа ереже шықты, ол казактардың жасақталуының және өскери қызметтен өтуінің жалпы ережелерін реттеді. Әскер штаты бейбіт уақытта алты жүздік құрамындағы үш атты өскер полкінен, ал соғыс кезінде тоғыз полктен, барлығы 8200 саптағы казактан тұрды. Саптағы казактар қызметін Батыс Сібір өскери округі өскербасының нарядтары бойынша өтеді, ішкі қызмет казактары облыстық және уездік мекемелер, алтын көсіпшіліктері, кен қазу орындары және т.б. полицейлік қызмет атқарды.

Сібір казак өскерінің полктегі: 1-іншісі – Көкшетауда, 2-іншісі – Атбасарда, 3-іншісі – Пресновск станицасында, 4-іншісі – Петропавлда, 5-іншісі – Николаевск станицасында, 7-іншісі – Коряковск бекінісінде, 8-іншісі – Семейде, 9-ыншысы Өскеменде орналасты. Әскердің әрқайсында сегіз зенбірегі бар үш батареядан тұратын атты-артиллериялық бригадасы болды.<sup>136</sup> 1880 жылғы 5 шілдеде Сібір казак өскерінің өскери қызметі туралы кезекті ереже бекітілді. Қызмет ететін бүкіл құрам үш топқа: дайындық, саптағы және запастағы топтарға бөлінді, оларды есептеу жыл сайын 1 қантардан бастап жүргізілді. Әскер бейбіт уақытта – 18 жүздік, соғыс кезінде 54 атты өскер жүздігін сапқа қойды, 30 казак астанаға атты өскер – гренардерлік полктің лейб-гвардиясына жіберілді, Омбыда бір оку жүздігі болды.<sup>137</sup>

Сібір казак өскері Жетісу мен Солтүстік Қырғызстанды қосып алу мен отарлауға, Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азияны жаулап алуға, Шымкентті, Ташкентті, Хиуаны, Коқанды, Әндіжанды, Маргеланды, Ошты, Наманганды, Бұхараны, Құлжаны, Ақалтеке жазирасын алуға белсене катысты. Мысалы, 1-Сібір казак полкі қоқан жорығы кезінде Ургаз қыстағы жанындағы шайқаста қоқандықтардың мың адамдық отрядын талқандап, жартысын жайратып салды. Хакы-Хабат қыстағы жанындағы ұрыста казактар жергілікті қыпшактардың 2 мың адамдық жасағын жойып жіберді. Осы ұрыстар үшін полк георгиевтік күміс керней және бас киімге тағылатын «1875 жылғы 3 қазанда Әндіжан қаласына шабуыл жасағаны үшін» белгілерін алды.<sup>138</sup>

1867 жылғы 13 шілдеде Сібір өскерінің 9-шы және 10-шы полктегінің негізінде жаңа Жетісу казак өскері құрылады. Өкімет орындары «атты өскер – өскердің қымбат тұратын құрылымы» деп санағанымен, олар орасан көп қаржылық және материалдық шығындарға барды, өйткені «тарихи қажеттілік туғызған Орта Азияның терең тұпкіріне біздің ілгерілеуіміздің басталуы» «Орыс императорының тәжіне тағылатын аса қымбатты маржан» – Түркістанға жақын жерлерде ең оңтүстіктегі казак өскерін құруды керек етті.<sup>139</sup> Жетісу өскерінің штаты 43 офицерден, 123 урядникten және 2366 казактан тұратын алты жүздік құрамындағы екі атты өскер полкі етіп бекітілді.<sup>140</sup>

Оның міндеттері жаңа өлкені Ресейге тұпкілікті бекітіп алу, оны отарлау мен игеру, мемлекеттік шекараны құзету, аймақта қарулы қүштердің бөлігін құрау болды.<sup>141</sup>

1879 жылғы 30 маусымда Семей казак өскери туралы ереже қабылданды, ол екі бөлімнен тұрды: 1-інші – өскери қызмет туралы ереже екі құжаттан: Әскери міндеткерлік туралы жарғыдан және Әскерді ішкі басқаруды ұйымдастыру туралы ережеден; 2-бөлігі – Жалпы өскери капиталды басқару туралы ережеден тұрды. Жаңадан үшінші атты өскер полкі құрылды. Бұл орайда, 1-Жетісу казак полкі үнемі тұрақты қызметте, ал қалған екеуі женілдікте болды. Басқа өскерлердегі сияқты, казактар да үш жікке: алғашқы өскери дайындық, саптағы өскер қызметі және запастағы қызмет болып бөлінді, кейіннен одан жас ұлғаюына байланысты жаққа ауысып, отставкаға кетті.

Казактардың бұдан кейінгі тағдырлары туралы пікірсайыс өсіресе Жетісу өскериңе ерекше қатысты болды. 1887 жылы Сібір казактары өскерінің өскери старшины Катанаев екі өскерді Сібір және Жетісу өскерлерін бұрын болып келгеніндей бір өскери құрамаға біріктіру идеясын ұсынды. Оның ұсынысымен Омбы өскери округінің командашысы Жетісу өскерін Сібір өскерінің құрамына енгізу туралы Әскери министрлікке ұсыныс жасап кірді. Бұл шараны ол қаражат үнемдеу қажеттігіне және Орталық Азия мен Қазақстанды жаулап алудың аяқталаудына негіздеді. Бірақ Верныйда басқаша ой айтылды.

Жетісу облысының өскери губернаторы және Жетісу казак өскерінің тағайындалған атаманы генерал-майор Фридэ казак өскерлерінің Бас басқармасына қызметтік жазба табыс етіп, онда ерекше Жетісу өскерін сақтап қалу қажет екендігін жан сала корғады. Ол «казактар алмастыруға болмайтын және ерекше бағалы өскери элемент» «партизан отрядтарын құру үшін тамаша материал... атты өскер полктерінің тірегі» деп жазды.

Казактарды ол «тамаша өскери қауым», «ерлердің өскери аксүйектері», «халықтың өскери бірлестігі» деп және басқа да керемет тенеулермен атады. Екі өскерді біріктіру өскерлерді жергілікті жерлерде басқарудың бұзылуына, байланыстардың жойылуына және т.б. қын жағдайға әкеп соғады деп дәлелдеді.<sup>142</sup> Санкт-Петербург мұндай дәлелдермен келісіп, Жетісу казак өскерін сақтап қалу туралы шешім қабылдады.

80-жылдары өскер бейбіт уақытта қызметке 7 штаб-офицерлерден, 24 обер-офицерлерден, 675 урядниктер мен казактардан тұратын төрт жүздік құрамында бір полк; соғыс кезінде 12 жүздіктен, 45 офицерден, 1965 саптағы казактардан тұратын үш полк шығарды. Сібірдің үш және 1-Жетісу казак полктері Батыс Сібір казак бригадасының құрамына енгізілді, ол Омбыда және бір бөлігі Түркістан өскери округінде қызмет атқарды. XIX ғасырдың 90-жылдарында барлық үш жікте 3,5 мың казак болды, мұның өзі өскердің бүкіл ерек казак халқының шамамен 25%-на тең болатын.<sup>143</sup>

Басқа өскерлер сияқты, Жетісулық казактар да Қазақстанды, Қырғызстанды және Бүкіл Орталық Азияны жаулап алуға барлық уақытта да қатысты. 1860 жылдың жазында полковниктер Колпаковский мен Циммерманның отрядтары (600 казак, алты жаяу өскер ротасы, 12 зенбірек және ракеталық команда) қоқандық Тоқмақ және Пішпек бекіністерін басып алды. Бұған жауап ретінде сол жылдың қазан айында қоқандық өскербасы Қанағатшахтың 5 мындық жасағы Верныйға жақындалап келді. Алатау округінің бастығы Колпаковский (казактардың 4 жүздігі, үш жаяу өскер ротасы, төрт зенбірек және екі ракеталық команда) Ұзынағаш жа-

нындағы шайқаста 1860 жылғы 21 қазанда оларды тас-талқан етіп женді. Бұл женіс Іледен арғы өлкे мен Жетісуды түгелдей Ресейге біржола бекітіп берді, сөйтіп Орталық Азияның тұкпіріне қарай шабуыл жасау үшін алғышепке айналдырды.

1871 жылдың жазында Жетісу казактарының отряды Қытайдың Құлжа қаласын басып алғып, онда 1883 жылға дейін болды. 1873 жылғы Хиуа жорығында 1-Жетісу полкінің бесінші жүздігі ерекше «көзге тұсті», онда Әмудариядағы батпаққа 2 мың әйелдер, балалар мен қарттар қыптығылып, аяусыз кескілеп өлтірілді. Әскери тарихшының жазғанындай, «казак жүздіктері лап қойып, ешкімді аямастан, өз жолындағылардың бәрін жайпап өтті».<sup>144</sup> Казактарға әскери бас киімдеріне тағатын «1873 жылғы Хиуа жорығында көзге түскені үшін» деген жазуы бар 200 белгі берілді.

Сөйтіп XIX ғасырдың 60–90-жылдарында патша өкіметі Қазақстанда оны әскери отарлауды тұпкілікті орнықтыру, халық көтерілістері мен қозғалыстарын басу үшін тұракты да, тұракты емес те әскерлерді қамтитын қуатты әскери үйым құрды.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында Түркістан, Қазан және Омбы әскери округтерінің құрамына кірген мынадай әскер бөлімдері орналасты:

1) Уездік Ақмола, Ақтөбе, Верный, Гурьев, Жаркент, Зайсан, Ырғыз, Костанай, Қекшетау, Лепсі, Перовск, Аягөз, Темір, Торғай, Ойыл, Өскемен, Черняев және Форт-Александровск қалаларында – жергілікті жаяу әскерлер, казактардың, айдауылдық, қарауылдық және жасақтық командалар, отрядтық дружиналар, мемлекеттік отряд роталары және басқа да көмекші бөлімдер.

2) Зор әскери-стратегиялық маңызы бар облыстық және уездік ірі орталықтарда атқыштар полктерінің запастағы құрамалары орналасты. Мысалы, Әулиеатада – 3-Сібір запастағы полкінің екі ротасы; Қазалыда – 4-Сібір запастағы атқыштар полкі, 1-Сібір запастағы атқыштар полкінің 5-ротасы, Сібір запастағы атқыштар полкінің 12-ротасы, 4-Түркістан атқыштар батальоны, 31-Түркістан оралымды женіл батареясы; Костанайда – 246-запастағы жаяу әскер полкі; Перовскіде – 3-Сібір запастағы атқыштар полкі; Петропавловскіде – 33-Сібір запастағы атқыштар полкі; Семейде – 24-Сібір запастағы атқыштар полкі; Түркістанда – 242-Самара жасағы; Черняевта – 4-Сібір запастағы атқыштар полкі; Верныйда 20-ға жуық әр түрлі әскери бөлімдер, соның ішінде 27-Түркістан оралымды женіл батареялы артиллериялық команда және жергілікті артиллериялық қойма, 240-Симбирск мемлекеттік жасақ дружинасы; Ырғызда – 13-Орынбор атқыштар полкі; Аягөзде – 240- Симбирск жаяу дружинасының 4-ротасы және Сергиополь атты әскер-жазалау командасы.<sup>145</sup>

Казактардың полктері мен жүздіктері өлкенің мына мекендерінде орналасты:

1) Оралда – Орал казак әскерінің әскери штабы, осы әскердің 1-бөлімі, әскердің 1, 2 және 3-запастағы жүздіктері, бірінші Орал запастағы казак полкі, 10-Орал запастағы казак полкі, 2-Орал казак батареясы және Орал казак әскерінің 5-ерекше жүздігі. Калмыков пен Гурьевте Орал казак әскерінің 2 және 3-бөлімдерінің штабтары орналасты, ал Темір мен Ойылда Орал әскерінің жергілікті атты әскер командалары тұрды.

2) Верныйда – Жетісу казак өскерінің өскери басқармасы, 3-Жетісу казак полкінің штабы, запастағы жұздік, қару-жарап шеберханасы. Жаркентте – 1-Жетісу казак полкі және штаттан тыс атты-артиллерия взводы, Лепсіде – 4-Жетісу жасақтық казак жұздігі, Бақтыда 3-Жетісу казак полкінің бірінші жұздігі.

3) Сібір казак өскерінің бөлімдері мыналар болды: Зайсанда – 3-Сібір казак полкі, Қапалда – 9-Сібір казак полкі және 3-Орынбор казак батареясы, Өскеменде – Сібір казак өскерінің 3-бөлімі.

Орал, Орынбор, Сібір және Жетісу казак өскерлерінде барлығы 38 атты өскер полкі, 12 жеке және 44 ерекше жұздік, 11 айдауылдық жарты жұздік, 2 гвардиялық атты өскер жұздігі, 1 гвардиялық атты өскер жарты жұздігі, 1 гвардиялық атты өскер взводы, 5 атты-артиллерия дивизионы және 4 жеке атты-артиллерия батареясы болды. 4 атты өскер полкі, 2 жұздік, 4 жасақшылық жұздік, бір-бірден жаяу жұздік, гвардиялық ввод, атты өскер жарты жұздігі, 1 атты-артиллериялық батарея запаста тұрды.<sup>146</sup>

Сонымен Қазакстандағы патша саясаты солдаттардың найзалары мен казактардың қылыштарына сүйенді, өскери-оккупациялық сипатта (Г.Сафаровтың анықтауы бойынша – «өте қанішерлік сипатта») болды. П.Г.Галузоның пікірінше, Жетісу казактары Ресей өскери феодалдық империализмің көк найзасы рөлін атқарды, Т.Рысқұлов жергілікті казактарды Патша әкімшілігінің өскери-күзет күші деп санады.<sup>147</sup>

## 6. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XIX ҒАСЫРДЫҢ 60–90-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-САЯСИ РЕФОРМАЛАР

Қазақстан және Орталық Азияның оған жапсарлас жатқан облыстары біржола жаулап алғынғаннан кейін Ресей империясының үкіметтік топтаратына ұлттық шет аймактарды басқару жүйесі туралы мәселе өткір қойылды. Әсіресе бұл проблема халқының этникалық құрамы ала-құла, әлеуметтік және экономикалық даму деңгейі әр түрлі Орталық Азия мен Қазақстан үшін ерекше құрделі болды.

XIX ғасырдың 60-жылдарының орта шеніне дейін Қазақстан мен Орталық Азияға қатысты мәселелерді негізінен Батыс Сібір және Орынбор генерал-губернаторлары қарады. Олар «Ресей императорының өкілетті өкілдері» болды. 60-жылдардың ортасына қарай Орынбор және Батыс Сібір қазактарын басқарудың әкімшілік жүйесіне өзгерістер енгізілді, Бәкей хандығын басқару жүйесі қайта ұйымдастырылды. Алатау округтік приказы және 1865 жылы Түркістан облысы құрылды. Бірақ бұдан басқару жүйесі құрделі өзгерістерге ұшырамады. Сондықтан, басқаруды қайта ұйымдастыру жөнінде бірқатар жобалар өзірленді. Сайып келгенде, арнайы құрылған «Дала комиссиясының» жобасына артықшылық берілді.

Қабылданған реформаның жалпы бағыты үшін өскери министр Д.А.Милютиннің ықпалы зор болды, ол өз көзқарасын «Дала комиссиясының» мүшелерімен әңгімелескен кездерінде талай рет айтқан болатын.

Ол басқарудың өскери әкімшілік тұрғыда ұйымдастырылуын көзdedі.<sup>148</sup> Милютиннің бұл көзқарастары «жоғары азаматтық басқаруды өскери бөлімнен бөлу немесе бөлмеу» туралы мәселені талқылаған кезде айқын көрінді.

КРОМА мен РМӘТА-да сақталған мұрағат материалдарын негізге алғанда реформалардың басты мақсаттары мыналар болған деп қорытынды жасауға болады:

1) Басқаруды қайта үйімдастыру – реформаға дейінгі кезеңмен салыстырғанда неғұрлым тиімді әкімшілік аппарат құру және өзін-өзі қаржыландыруға тиісті жергілікті «өзін-өзі басқарудың жаңа жүйесін құру».

2) Аса маңызды Орта Азиялық рыноктарды басып алу, оның аса бай өсімдігі мен минералдық ресурстарын игеру үшін және Орталық Азияға одан әрі шабуыл жасау үшін Қазақстанды патша әкіметінің базалық лагеріне айналдыру.

3) Әскери бөлімшелерді және шенеуніктердің орасан көп мөлшерін ұстауға арналған шығындарды жабу үшін салық жинауды көбейту.

4) Қазақстан жерін мемлекеттік меншік деп жариялау - қазақ даласын одан әрі отарлау үшін алғышарттар жасау.

5) Әкімшілік басқаруды жеңілдету және қазақ халқына салық салу жүйесін жетілдіру мақсатымен нақты әкімшілік-аумақтық бөліністі айқындау және оны дамыту.

6) Жалпыимпериялық азаматтық және қылмыстық зандарды колдану.

7) Сот органдарының байырғы халықтың қарсылығын неғұрлым икемді реттейтін және өзінің өткір жүзін олардың күресіне қарсы бағыттайтын жаңа құрылымын жасау.

Жаңа отаршылдық әкімшілік реформа бойынша Қазақстанның бүкіл аумағы үш генерал губернаторлыққа: Түркістан, Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарына бөлінді. Генерал-губернаторлар барлық әскери және азаматтық билікті түгелдей өз колдарына шоғырландырыды.

Әрбір генерал-губернаторлық облыстарға бөлінді. Мәселен, Орынбор генерал-губернаторлығына – Орал және Торғай облыстары, Батыс Сібірге – Ақмола және Семей, Түркістанға – Жетісу және Сырдария облыстары кірді. Бұрынғы Бөкей хандығының аумағы 1872 жылы Астрахан губерниясының құрамына кірді, ал Маңғыстау приставы 1870 жылы – Кавказ әскери округінің қарауына, ал біршама кейінректе Закаспий облысының құрамына енді.

Отаршылдық әкімшілікке тән белгі оған әскери, саяси, сот және әкімшілік өкілеттіктерін беріп, ол әрекеттерді отаршылдық жазалау саясатын жүргізу міндеттерімен тығыз ұштастыру болды. Бұл саясат патшалық заң шығарушының Қазақстанға «әкіметтің жоғары мекемелерінде де, орта және төменгі жергілікті мекемелерінде де күшті, өз қимылдарында жергілікті халық өкілдерінің ықпалымен шектелмейтін болуы үшін дербес билік кажет деген идеясына бағындырылды»<sup>149</sup> және ол Қазақстандағы басқару органдарының бүкіл қызметіне арқау болды.

Қазақстанда әкімшілік үшін ерекше басымдықты қызмет отаршылдық мақсаттарда белгіленді. Закавказье дегі сияқты өлкедегі қызметтің бес жылы жеті жылға есептелді. Бес жылдық мерзімді қызмет еткеннен кейін өлкеде қызмет етуге қалған шенеуніктерге қосымша ақылар мен жәрдема-қылар екінші рет төленді.

Бірақ патша үкіметі алуан түрлі өтемдерді төлемей, қазынаның бергендерімен қанағаттанатын отаршылдық әкімшілік құра алмады.

Облыс әкімшілігін әскери және әкімшілік билік берілген губернатор басқарды. Ол облыс аумағында орналасқан казак әскерлерінің тағайын-

далған атаманы болып та саналды. «Ережеде» далалық облыстардың өскери губернаторлары саптағы дивизиялардың командирлеріне теңестіріледі деп көрсетілген.

Жетісу және Сырдария облыстарының өскери губернаторлары шекаралық істермен де айналысты. Оларды Әскери министрліктің ұсынуы бойынша, ал қалған облыстардың өскери губернаторларын Ішкі істер министрлігінің Әскери министрлікпен келіскең ұсынысы бойынша патша қызметке тағайындалап, қызметінен босататын болды.

Әскери губернаторлар жанынан облыстық басқармалар құрылды. Вице-губернатор басқарманың төрағасы болып саналды.

Облыстық басқарма үш бөлімшеден: өкім беруші, шаруашылық және сот бөлімшелерінен тұрды; өркайсысын аға кеңесші басқарды.

Өз кезегінде облыстар уездерге бөлінді. Жетісу облысына: Сергиополь, Қапал, Верный, Үстықкөл және Токмақ уездері кірді, сәл кейінректе Жаркент уезі құрылды; Сырдарияға – Қазалы, Перовск, Түркістан, Шымкент, Әулиеата, Таңкент, Ходжент және Жызак; Оралға – Орал, Гурьев, Калмыков, Жем; Торғайға – Елек, Николаевск, Үрғыз, Торғай; Ақмолаға – Ақмола, Қоқшетау, Омбы, Петропавл уездері кірді.

1869 жылы Ақмола облысының құрамында орталығы Атбасарда болған Жаңасарысу уезі құрылды. Семей облысы – Семей, Көкпекті, Зайсан, Баянауыл және Қарқаралы уездеріне бөлінді. Кейінрек облыста Әскемен уезі құрылды.

Уезд бастықтарын облыстардың өскери губернаторларының ұсынуы бойынша генерал-губернаторлар тағайыннадады. Уезд бастықтарының қолына өкімшілік және полицейлік билік шоғырландырылды. Ол зандардың, отарлық басшылықтың қаулылары мен өкімдерінің орындалуын, уездік басқару аппаратының қызметін бақылатап отырды.

Сонымен бірге уезд бастықтары орталық метрополиядағыдай уездік исправник пен уездік полицейлік билік міндетін қоса атқарды. Оның үстінен Түркістан өлкесінің, Орал облысының барлық уезд бастықтарына, Торғай облысының екі – Үрғыз және Торғай уездерінің бастықтарына, сондай-ақ Семей облысының Көкпекті приставының бастығына уезде орналасқан өскери бөлімдерді карауына алу құқығы берілді. Орал, Омбы, Петропавл, Әскемен қалаларында реформаға дейін болған полициялық участкерлер мен мекемелер сакталып қалды. Ақмола облысында полициялық пристав қызметі белгіленді.

1867–68 жылдардағы реформа бойынша жергілікті басқаруға ерекше көніл бөлінді. Әрбір уезд болыстарға, ал болыстар бірнеше шаруашылық ауылдарын біріктірген және 100–200 шаңырактан тұратын өкімшілік ауылдарға бөлінді. Болыстар 1000 шаңырактан 2000 шаңыракқа дейін, кейде 3000 шаңыракқа дейін қамтыды.

Шаңырактардың белгілі бір болыстың бір ауылынан екінші ауылына ауысусы, сол сияқты олардың солардың катарында есептелуі ауыл шаңырак иелерінің келісімімен рұқсат етілді. Бірақ тиісті ауыл старшиндары мен болыс басқарушыларының ризалығы керек болды.

Болыс және ауыл өкімшілігін құру төртібі бүкіл реформада көзделген Қазақстан аймағын отарлау мақсатына да қызмет етті. Отарлау саясатын адал жүргізетін адам ғана болыс басқарушысы және ауыл старшыны болып «сайланған» алатын еді. Болыс басқарушыларының, ауыл старшиндары

мен олардың кандидаттарын сайлау болыс съездері мен ауыл жиындарында әрбір үш жыл сайын өткізіліп отырды. Сайлау кезінде ру топтарының күресі үнемі болып, әр түрлі жолсыздықтарға жол берілді.

Жай көпшілік дауыс алған адам қызметке сайланған, ал дауыс саны бойынша одан кейінгі адам оған кандидат болып есептелді. Болыс басқарушылары мен олардың кандидаттарын облыстық әскери губернаторы бекіткеннен кейін ғана қызметке сайланған болып есептелді. Ауыл старшындары мен олардың кандидаттарын уезд бастығы сайлау нәтижелері бойынша бекітті.

Болыс басқарушысы жарлық және полиция билігін өз қолына алып отырды. Ол «тыныштық пен тәртіптің» сақталуын, алымдардың жиналуын және т.б. қадағалап отырды. Билер сотының шешімдерін жүзеге асыру соның міндетіне кірді. Болыс басқарушысына тәртіп бұзушыларды үш күн мерзімге камауға алу және ақшалай айып төлету құқығы берілді. Өзінің әкімшілік ауылы шегінде старшындардың да болыс басқарушылары пайдаланғандай құқықтары болды. Сырдария облысының қыстактарында полициялық және жарлықшы билікті ақсақалдар жүзеге асырды. Әрбір үлкен қыстакты ақсақал басқарды. Әскери губернаторлықтың рұқсатымен ақсақал шағын екі қыстакты басқаратын болды.

Ақсақалдар сайлаушылар жиындарында үш жылға сайланды және оны облыстың әскери губернаторы бекітті. Ақсақалдар сайлауы болыс басқарушысын сайлау сияқты жолымен жүргізілді.

Ресей императорының 1867–68 жылдардағы реформаларды бекіту туралы тиісті жарлықтарында олардың уақытша, үш жыл мерзімге қабылданатыны арнайы атап өтілді. Үш жылдың сынақ мерзімі өткеннен кейін басқару туралы жаңа ереже өзірленіп, карауға ұсынылуға тиіс болды.

«Түркістан генерал-губернаторлығын басқару туралы 1867 жылғы уақытша ереженің» қолданылу мерзімі 1871 жылы бітті. 1871 жылдың басына қарай Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Кауфман басқару туралы жаңа ереженің жергілікті отаршылдық әкімшілік өзірлеген жобасын ұсынды. Ол Ресей империясының бірқатар министрліктері мен ведомстволарында қаралып, едәуір елеулі ескертпелер жасалғаннан кейін ескертпелерді жою және пысықтау үшін кері қайтарылды.

Ташкентте арнайы құрылған комиссия екі жыл жұмыс істегеннен кейін бірінші талқылау барысында айтылған ескертпелерге сәйкес пысықталған әкімшілік басқару жобасы 1873 жылдың басында заң жүзінде бекітуге енгізу үшін Әскери министрлікке берілді. 1873 жылдың аяғына қарай әскери министрлік жанынан құрылыш, барлық министрліктер мен Түркістан өлкесі әкімшілігінің өкілдері қатысқан ерекше комиссия ұсынылған жобаны қарап, қанағаттанарлықсыз деп тапты.

Оңтүстік-шығыс Қазақстанды басқару жобаларын өзірлеу мен ресми талқылау орыс баспасөзінің беттерінде ұлттық шет аймақтарындағы Ресей империялық отаршылдық саясатының негізгі бағыттары жөнінде қызу айтыс туғызды. 60-жылдардың аяғы – 70-жылдардың басында Ресей империясының өнеркәсіп және сауда топтарында еркін сауда идеясы айқын көрініс тапты.

Бірқатар сәтсіз жасалған өрекеттен кейін Әскери министрлік, ақырында 1881 жылы жаңа жобаны 1867 жылғы қолданылып жүрген Уақыт-

ша ереженің орнына ресми түрде ұсынуға Ресей императорының келісіміне қол жеткізді. Талап етілген жобаны 1881 жылдың аяғында генерал Г.А. Колпаковский табыс етті. Бұл жоба (1881 ж.) өйгілі қаныпезер генерал М.Д. Скобелев тәрағалық ететін комиссияда талқылануға тиіс болды. 1881 жылғы жобаны жасау кезінде өлкені басқару жөніндегі шығындардың мүмкіндігінше азайтылуы жобаның негізгі өзекті желісі болды.

1882 жылдың акпанында өзірленген жобаның алдағы талқылануы мен бекітілуіне байланысты Скобелев Петербургке келді. Алайда комиссияның жұмыс істеуіне тұра келмеді, өйткені жаңадан Даға генерал-губернаторлығының құрылуы туралы болған өмірге байланысты Скобелевтың комиссиясы «Түркістан генерал-губернаторынан және алдағы құрылатын Даға генерал-губернаторынан жаңа пікірлер алынғанға дейін» жауып тасталды.

Жаңа жоба өзірлеумен іс жүзінде бір мезгілде Түркістан өлкесін сенатор Гирстің ревизорлық тексеруі басталды.

XIX ғасырдың 80-жылдарына қарай Ресейде крепостник-помещиктер мен буржуазиялық топтар арасында Қазақстанды отар ретінде игеру өдістері жайындағы қайшылықтар неғұрлым айқын көріне бастады, атап айтқанда: біріншілері жерді басып алу туралы ғана ойласа, өнеркәсіп және сауда капиталының өкілдері Қазақстанды біржола аграрлық-шикізат базасына, сауда және өсімқорлық операциялары бойынша капиталды аса тиімді орналастыру орнына айналдыруға, мұдделі болды. Мұдделердің мұндай қайшылығы 70-жылдардың өзінде-ақ Түркістанды басқару туралы ережелердің жобаларын сөтсіздікке ұшыратқан болатын. Бірақ бұл қайшылықтар 80-жылдарға қарай, сірө, бәсендендей, қайта еселене түсті. Сөйтіп, 1881 жылғы жобада және сенатор Гирстің Түркістанға ревизиясынан кейін 1883 жылы Гирстің жобасы жасалып, ол жоба 1884 жылы Игнатьевтің комиссиясына қарауға берілді. Игнатьев тәрағалық еткен комиссия да Түркістан өлкесін басқаруды қайта ұйымдастырудың сол кезде барлық жобаларын пысықтау және қалыптастыру үшін құрылған болатын. Игнатьев басшылық еткен комиссия өзінің «жеке» жобасын жасап, оны заң тәртібімен бекітуге дейін өзірлей бастады. Талқылау барысында жобадағы қайшылықтарды жою жөнінде едәуір тынымсыз жұмыс жүргізілді. Гирс пен Игнатьев жобаларындағы алшактықтардың өлбетте сапалық айырмашылықтары болмады, олардың айырмашылықтары негізінен алғанда отаршылдық саясаттың тиімділігін күшетудің «өдістемесі» және тәсілдері бойынша ғана болатын. Игнатьевтің комиссиясы өзінің Түркістан өлкесін басқару туралы Ереженің жобасын қарау жөніндегі өрекетін 1884 жылғы 31 мамырда бітірді. Сол кезден бастап Әділет министрлігі мен Мемлекеттік кеңестен бастап, жоғары мекемелерде екі жыл өуре-сарсаңға түскеннен кейін жоба, ақырында, 1886 жылғы 12 маусымда заң тәртібімен бекітілді.

Қаржы, бақылау, оқу және пошта-телеграф ведомстволарын қоспағанда, Түркістан өлкесін басқару Әскери министрліктің қарауында болды, дегенмен генерал-губернатор арқылы жүзеге асырылды. Өлкенің басты басқару қызметін император тағайындастын генерал-губернатор жүзеге асырды. Генерал-губернатор жанында кеңес, ерекше тапсырмалар жөніндегі шенеуніктер және кеңсе болды.

1867 жылғы Уақытша ережені 1886 жылғы Ережемен салыстыру самодержавиенің өлкені Орталық Ресеймен бірте-бірте біріктіруге бағытталған саясатының басты принциптері сақталып қалғанын дәлелдейді.

Отырықшы және көшпелі халықтың жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіне елеулі өзгерістер жасалған жок. Болыс басқарушылары мен ауыл старшындарын сайлау негізі және олардың 1867 жылғы Уақытша ережеге тән құзыretі өз күшін сақтап қалды.

1886 жылғы Ережені 1867 жылғы Уақытша ережемен салыстыру басқарудың көп орталықтандырылғанын, Түркістан өлкесін басқару Орталық Ресейді басқару жүйесіне біртіндеп жақындастылғанын дәлелдейді.

ХХ ғасырдың басында Түркістан өлкесін басқару ең алдымен 1886 жылғы 12 маусымдағы Ережемен, сондай-ақ оған кейіннен енгізілген толықтырулармен және өзгерістермен анықталды. Сонымен бірге Жетісу облысын басқару 1891 жылғы 25 наурыздағы Даалық облыстарды басқару туралы ережеге негізделді.

1871 жылғы 30 сәуірде Ресей империясы Министрлер комитетінің отырысы болып, ол 1868 жылғы Уақытша ереженің қолданылуын 1872 жылғы I қаңтарға дейін ұзартты.

1871–76 жылдар кезеңінде Ішкі істер министрлігіне Орынбор өлкесі мен Батыс Сібір әкімшілігі өзірлеген алдағы реформа жөніндегі заң материалдары табыс етілді.

Орынбор өлкесі мен Батыс Сібір отаршылдық әкімшілігі 1868 жылғы Уақытша ереженің қолданылу мерзімі біткенге дейін дайындаған әкімшілік реформалардың жобалары мейлінше оларды өр түрлі министрліктер мен ведомстволарда, үкіметтік комиссияларда талқылаудан өрі бармады. Басты себептердің бірі – мемлекеттік қазынада жаңа жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті қаржы-қаражаттарының болмауы еді. Сонымен бірге, Ішкі істер министрлігінің комиссиясы Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарын біртұтас генерал-губернаторлыққа біріктіре жобасын өзірледі. 1881 жылы Орынбор генерал-губернаторлығы таратылатын болып шешілді. Соның салдарынан Орал және Торғай облыстары тікелей Ішкі істер министрлігіне бағындырылып, облыстардағы отаршылдық әкімшілігінің қызметін бақылау «қазактар істерін» жүргізген земство бөліміне тапсырылды.

1887 жылдың қаңтарында жаңа жобаны біржола дайындау үшін Ішкі істер министрі Плеве тәрағалық еткен арнаулы комиссия құрылды.

Әкімшілік басқару реформаларының нақты ұсыныстарын өзірлеу жөніндегі төрт жыл жұмыстан және оларды арнаулы комиссияның сансыз көп отырыстарында талқылаудан кейін, ақырында, ол өзінің жеке жобасын өзірледі, онда жергілікті отаршылдық әкімшілікте, жекелеген министрліктер мен ведомстволарда жасаған барлық ескертпелер іс жүзінде ескерілді.

1890 жылғы 2 мамырда Ішкі істер министрі «мұдделі ведомстволардың» қорытындыларымен қоса бұл жобаны Ресей империясының Мемлекеттік Кеңесінің қарауына ұсынды.

Дала генерал-губернаторлығын өкімшілік басқаруды қайта ұйымдастыру жобасын Мемлекеттік Кеңес бір жылға жуық қарап, 1891 жылғы 25 наурыздаған император Мемлекеттік кеңестің Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарындағы осы облыстарды басқару аппаратынан дала гене-

рал- губернаторлығының кеңесін құру туралы ұсынысты мақұлдап қол қойды.

1891 жылғы егіннің шықпай қалуы туғызған қаржылық қыншылық салдарынан жаңа Ережені енгізу 1893 жылғы 1 қазанда ғана мүмкін болды.

1891 жылғы Ереже бойынша бұрынғы құқықтарымен салыстырғанда Дала генерал-губернаторлығының құқықтарына бірқатар шектеу қойылды. 1891 жылғы Ереже облыстық басқару жүйесіне айтарлықтай өзгерістер енгізді. Әкімшілік басқарудың облыстық жүйесі азаматтық билікпен қоса, әскери және әскери-әкімшілік билікті де атқарды. Жетісу облысында әкімшілік басқару жүйесі барлық инстанцияларға азаматтық және әскери билікті үштастыруға негізделді. Басқа облыстарда әскери және азаматтық билікті қоса атқару ерекше жағдайлардағы жер аумағы қарауына кіретін губернаторлар мен уезд бастықтары арқылы жүзеге асырылды. Казак әскерлерінің станицалары орналасқан облыстарда әскери және бұқара халықты басқару жөнінде дара билік орнату қажет деп танылды.

Жетісу және Орал облыстарында губернатор қызметі бір адамға әскердің тағайындалған атаманы қызметімен біріктірілді, ал Ақмола және Семей облыстарында губернаторларға екі облыстың құрамында орналасқан Сібір казак әскерінің бөлімдері жөнінде құқықтар мен міндеттер енгізілді. Кейінгі қабылданған зандармен Ақмола және Семей облыстарында облыстық және әскери әкімшілік басқаруды губернаторлардың қолына шоғырландырудың күші жойылды. Сібір казак әскерін басқару әскери-атаман ретінде генерал-губернаторға тікелей бағындырылды.

Өкінішке қарай, патша әкіметінің Қазақстандағы әкімшілік-отаршылдық саясатын дамытудың бұл он либералдық сарыны одан өрі дамытылмады. Билік органдарының іс-әрекетіндегі «бірліктің» бейнебір болмауы мазасыздандырған жергілікті отаршылдық әкімшіліктің өкілдері айтқан пікірлерге сәйкес, 1891 жылғы Ережеде әскери және әкімшілік билікті біріктіру принципі қалпына келтірілді, сондықтан да әскери губернатор атағы Дала өлкесіндегі барлық облыстық әкімшілік басшыларына берілді.

1891 жылғы реформа бойынша барлық облыстарда Мемлекеттік мұлік министрлігінің мекемелері құрылды, олар екі жакты бағынышта болды – министрлікке және облыстың әскери губернаторына бағынды.

1891 жылғы ережемен Дала генерал-губернаторлығында салық инспекциясы, кен басқармасы, кеден және акциз бөлімдері құрылды.

XIX ғасырдың соңғы он жылдығында Дала өлкесінің әр түрлі аймактарында 1891 жылғы әкімшілік-сот реформасына өр түрлі өзгерістер енгізіліп, оның жекелеген параграфтарына түзетулер жасалды.

1899 жылды Жетісу облысы Дала генерал-губернаторлығының құрамынан шығарылып, Түркістан өлкесіне қосылды. 1898 жылғы 2 маусымда Дала генерал-губернаторлығының барлық облыстарында аса ірі сот реформасы жүргізіліп, ол 1864 жылғы Ресей сот реформасының жекелеген принциптерін қолданысқа енгізді. Сонымен бірге, полициялық міндеттер күшейтілді. Мәселен, бірқатар облыстар мен қалаларда қосымша полицей урядниктерінің, қалалық полиция приставтарының қызметі енгізіліп, тұтас алғанда полицияның сан құрамы ұлғайтылды. 1897 жылғы 17 қарашада Дала өлкесінің генерал-губернаторына «қоғамдық тыныштық үшін зиянды бұратаналарды» әкімшілік жолмен жер аудару жөніндегі ерекше өкілеттік берілді.<sup>150</sup>

Дала өлкесінің генерал-губернаторы және облыстардың өскери губернаторлары жыл сайынғы «жоғары мәртебеліге есептерінде» 1891 жылғы өкімшілік-сот реформасын қайта қарауды, уездік басқармалар мен уездердегі мекемелердің штаттарын ұлғайтуды, участекелік приставтардың ерекше қызметтерін белгілеуді, кеңсе және қызмет бабымен жүріп-тұруға қажетті қаржы қолемін ұлғайту мәселелерін көтере бастады.

1899 жылы Дала өлкесінің генерал-губернаторы Таубе Ішкі істер министрлігі алдында 1891 жылғы Ережені қайта қарау туралы ресми тәртіппен мәселе көтерді. Бұл Ережені қайта қарау жөніндегі жұмысты іс жүзінде барлық облыстық өкімшіліктер жүргізді. Олар 1899 жылы жеке жоба да әзірледі, онда уездердің байырғы халықты басқару жөнінде кең өкілеттіктер берілген участекелік бастықтар, сондай-ақ участекелік приставтар басқаруға тиіс болған участекелерге бөлу көзделді.<sup>151</sup>

Осыған сәйкес Ішкі істер министрлігінің земство бөлімінде далалық облыстарды басқару туралы жаңа ереженің жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс басталды. Земство бөлімінде Қазақстан бойынша қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және сот-құқықтық мазмұндағы материалдар көп мөлшерде жинақтады.

Ішкі істер министрлігінің земство бөлімі басқару туралы жаңа ереженің жобасын жыл бойы жасады. Ол баспахана әдісімен басылып, Ресей империясының бірқатар министрліктері мен ведомстволарына жіберілді.

Ішкі істер министрлігінің земство бөлімі әзірлеген жоба Қазақстанды басқаруды қайта үйымдастырудың XX ғасырдың басында жасалған соңғы жобаларының бірі болды. Бұл жоба заң тәртібімен бекітілген жоқ.

Дала генерал-губернаторының 1897 жылғы есебінде және Таубенің Ішкі істер министрлігінің атына 1898 жылғы 31 желтоқсандағы №75401 хатында<sup>152</sup> «өкімшілік биліктің тұтастығы принципін қатаң сактау негізінде» шаруаларды, қоныс аударушыларды және қазактарды басқаруды түбірінен қайта үйымдастыру туралы мәселе қойылды.

1901 жылдың наурызында Сібір теміржолы комитетінің Ресей императоры қатысқан отырысы болып, онда шаруалар бастықтары институтын енгізу туралы мәселе қаралды. 1902 жылдан бастап Қазақстанның дала-лық облыстарында шаруалар бастықтары институтын енгізуге үйғарым жасалды.

Шаруалар бастықтарының негізгі басқару міндеттері деревнялар мен ауылдарда тәртіпті сактау болып табылды, олар шаруалардың өзін-өзі басқару органдарына үнемі бакылау жасап, шаруалардың лауазымды адамдарды сайлауына белсене араласып отырды, селолық және болыстық жындарға өз дегендерін орындаатты. Шаруалар бастықтары болыстық және ауылдық лауазымды адамдарды қызметке бекіту жөніндегі өздерінің құқығын кеңінен пайдаланып, «сенімсіз шаруалардың» кандидатураларын қабылдамай тастайтын еді.

XIX ғасырдың 60–90-жылдарында Қазақстанның өр түрлі аймақтарында өкімшілік-отаршылдық басқаруды жаңғырту өрекеттері басталды. Шығыстанушылар мен сарапшылардың қатысуымен жоғары үкімет топтары және жергілікті отаршылдық-өкімшілік, арнаулы комитеттер мен комиссиялар өзірлейтін басқару жөніндегі заң жобалары, оларды бекіту және іске асыру XIX ғасырдың 60–90-жылдарында патша өкіме-

тінің отарлық шет аймақтардағы әкімшілік саясатының құрамдас бөлігі болды. Бұл саясатқа патша әкіметінің Қазақстандағы жалпы саяси бағыты негіз етіп алынды, оның мәні реформаға дейінгі ескі тәртіптерді сақтап қалу, ал жекелеген жағдайларда оларға қайтып оралу болатын. Қазақстанды отарлық тұрғыда басқарудың теңсіздікке, құқықсыздыққа негізделген принципін самодержавие 1917 жылы өзі құлағанға дейін жүргізіп келді. XIX ғасырдың аяғында Қазақстанда орын алған экономикалық және әлеуметтік-саяси өзгерістерге қоса басқару жүйесіне де тиісті өзгерістер енгізілді. Бұл өзгерістер өлкеге отаршылдық сипатты қалыптастырыды. Әкімшілік реформалардың жобалары және оларды жүргізу отаршылдық басқару жүйесін жетілдіруге, мәжбүрлеу аппаратын жаңа тарихи жағдайларға бейімдеуге бағытталды. Әкімшілік мекемелері үкіметтің саяси мұдделері талап еткен және помешиктік мемлекеттің экономикалық мұдделеріне сай келетін алым-салықтардың тұрақты түсіп отыруы мен міндеткерліктердің дер кезінде орындалуын қатаң қадағалауға тиісті болды.

**Қазақстандағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы сот жүйесі.** XIX ғасырдың екінші жартысындағы отарлық Қазақстанның сот жүйесін алғаш рет, мейлінше ірі қайта үйымдастыру 1867–68 жылдардағы жалпы империялық сот органдары мен билер соттарының жаңа құрылымын енгізу болды.

Отаршылдық әкімшіліктің аса маңызды элементі 1867–68 жылдардағы реформалар бойынша құрылған сот үйымдары еді. Қазақстан аумағында соттар өздерінің жоғары деңгейлері бойынша әкімшіліктен қол үзе алмады. Жоғары сот деңгейлері болып табылатын сот бөлімшелері облыстық басқарманың құрылымдық бөлігі болды. Ресейде сот ісін жүргізудің прогрессіл принциптері енгізілуіне қарамастан, 1864 жылғы реформа бойынша облыстық басқармалардың сот бөлімшелерінің қызметі реформаға дейінгі сот ісін жүргізу нормаларына негізделді. Қылмыс толық анықталмаса да, қатаң жазалау шараларын қолдану сот бөлімшелері іс жүргізу қызметінің негізі болды. 1867–68 жылдардағы реформалар бойынша Әділет министрлігі тағайындаған уездік судьялар төменгі инстанция болды. Әдетте олар арнаулы заң білімі жок, жасының ұлғаюына қарай қызметтен босаған өскери адамдар қатарынан тағайындалды. Қазақстанда жұмыс істеген бүкіл судьялар корпусына білім деңгейінің төмендігі тән болды.

Уездік судьялар қылмыстық істерді өз бастамасы бойынша қозғай алатын еді және оларға қылмыстарды тексеру мен ашу міндеті жүктелді; өрі тергеуші болып табылатын уездік судья істерді тергеу міндеттін ғана емес, сонымен қатар мәні бойынша шешу міндеттерін де өз колына шоғырландырыды. Қазақстандағы уездік судьялар қызметінің негізіне алынған сот ісін жүргізудің бұл нысаны іс жүзінде сот тараптарын білмеді. Барлық құқықтарынан айырылған айыпты – тергеу объектісі, ал жәбірленуші – тек қана арызқой саналды. Уездік судьялар қызметінде кеңселік құпия қатаң сақталды, оны барлық судьялардың іс жүзінде қазақ тілін білмеуі қындана тұсті, мұның өзі қиянат жасаушылыққа негіз туғызыды.

Отаршылдық басқарудың күнделікті практикасы 1867–68 жылдардағы реформалар бойынша енгізілген сот жүйесінің тиімсіз екенін көрсетті. XIX ғасырдың 70-жылдарының басында әкімшілік басқару реформаларының жаңа жобаларын өзірлеуге байланысты жергілікті отаршылдық-

әкімшілік сот жүйесін реформалау туралы мөселені барған сайын та-  
бандылықпен көтере бастады. Сот жүйесін реформалаудың алғашқы  
нұсқаларының бірі 1872–73 жылдарда Түркістан өлкесінің генерал-гу-  
бернаторы К.П.Кауфманның басшылығымен өзірленген әкімшілік ре-  
форманың жобасында жасалды. Жобада 1864 жылғы сот реформасының  
көптеген элементтерін: бітістіруші судьялар институтын, бітістіруші  
судьялар съезін және сот палатасын енгізу көзделді; тергеу сот қызметі-  
нен бөлінді.

Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының әкімшілігі  
өзірлеген жобаларда сот ісін жүргізуде реформаға дейінгі нысандарынан  
бас тарту қарастырылды.

Іс жүзінде бұл жобалардың бәрінде де сот органдарын әкімшіліктен  
бөлу туралы ой арқау болды. Бірақ сот жүйесін дамытудағы бұл он бағыт  
Ресей империясының дайындалған жобаларды заң арқылы ресімдеу по-  
зициясына тәуелді болған орталық ведомстволарынан тиісті қолдау тап-  
пады.

Бұл бағытта Әскери министрлік ерекше кертартпа көзқарас ұстады,  
ол Орта Азия мен Қазақстанның байырғы халқы жалпы мемлекеттік  
міндеттерді шешуге дейін жетілген жоқ, олар жария, ауызша және демок-  
ратиялық сот ісін жүргізуді түсінбейді, өйткені ол барлық сот істерін  
жеке дара шешкен хандардың деспоттық билігіне қалыптасып қалған-ды  
деп санады. Бұл орайда Қазақстан Ресейге қосылғанға дейін-ақ қазақ қо-  
ғамында туындаған құқықтық жанжалды жағдайларды ауызша, жария және  
толық демократиялық жолмен шешіп келген билер сотының сан ғасыр  
бойы жұмыс істеген тәжірибесі мұлде еленбеді.

80–90-жылдардағы реформалар бойынша Түркістан және Дағындағы  
генерал-губернаторлықтарында сот істерін жүргізу тәртібі негізінен өзгеріссіз  
қалды. Әсіресе, реформаға дейінгі бұрынғы тәртіптер негізінде жұмыс  
істеген облыстық соттарда ол ерекше кертартпалық түрде көрінді.

1896 жылы Әділет министрлігі Түркістан және Дағындағы өлкелері генерал-  
губернаторларына аймақта Ресейдегі 1864 жылғы реформа бойынша сот  
жүйесін қолдану мүмкіндігі туралы хат жазды. Жергілікті облыстық сот-  
тардың тәрағалары мен облыстық прокурорларға да осындаи хаттар  
жіберілді. Әділет министрлігіне жауап хаттарында генерал-губернатор-  
лар және жергілікті сот ведомствоның шенеуніктері Әділет  
министрлігінің ұсынысына он көзқарас білдірді. 1897 жылы Әділет  
министрлігі Дағындағы және Түркістан генерал-губернаторлықтарындағы сот-  
құқықтық реформаның жобасын дайындау жөніндегі жұмысты аяқтады,  
оған министрлік тарапынан көлемді түсіндірме жазба дайындалды. Онда  
сот жүйесі құрылымының, оның жекелеген буындары өкілеттігі көлемінің  
негізгі элементтеріне, азаматтық және қылмыстық үрдістегі өзгерістерге  
егжай-тегжайлі түсініктеме берілді.

Қазақстан аймағындағы өзірленіп жатқан сот-құқықтық реформа  
бойынша ең ірі жаңалық сот палаталарының және округтік соттардың  
енгізілуі болды. Округтік сот бітістіруші судьялар шешкен істер жө-  
ніндегі аппеляциялық саты болды. Сот палаталары округтік соттарға  
қатынасы жөнінен аппеляциялық және қадағалаушы деңгей міндетін  
аткарды. Бірінші инстанциядағы сот ретінде олар ең күрделі істерді  
шешті.

Прокурорлық басқару қатаң орталықтандырылу жөне төменгі прокурордың жоғары тұрған прокурорға бағынуы негіздерінде құрылды. Занда прокурордың міндепті мына тұрғыда белгіленді: 1) заның бірыңғай жөне дәл қолданылуын қадағалау; 2) қандай да болсын занды тәртіп бұзушылықты ашу мен зан алдында қарау жөне оны қалпына келтіру жөніндегі өкімдерді талап ету; 3) азаматтық жөне қылмыстық сот ісін жүргізу жарғыларында көрсетілген жағдайларда сотқа алдын ала қамауға ұсыныс жасау.

1898 жылғы сот реформасында адвокатура қызметінің құқықтық негізін реттеу көзделді. 1898 жылғы 2 маусымдағы «Уақытша ережелердің» 24-бабында адвокадтық қызметті жүргізуге куәліктерді округтік соттардың беруі көзделген. Нак осы куәліктер бітістіруші соттарға да адвокаттық қызметпен айналысу құқығын беретін.

1909 жылы «Ақмола, Семей жөне Орал облыстарында ант берген заседательдер сотын құруды енгізу туралы» заң шығарылды. 1909 жылғы заң бойынша Ақмола, Семей жөне Орал облыстарында ант берген заседательдердің тізімі жалпы негізде жөне әрбір уезд бойынша арнайы жасалды.

XX ғасырдың басында Қазақстанда ант берген заседательдер сотының енгізілуі отарлық Қазақстандағы сот-құқықтық жүйенің дамуындағы елеулі кезең болды.

Патша үкіметі жалпымпериялық соттарды енгізумен, олардың құзыретін кеңейтумен қатар сот органы ретінде билер сотын сақтап қалуға үмтүлды. Сонымен бірге, патша үкіметі билер сотын сақтай отырып, оның қызмет шенберін шектеуге жөне тарылтуға тырысты.

XIX ғасырдың 60-жылдарының орта шенінде патша өкіметі бірқатар жаңалықтар енгізіп, билер сотының қарауындағы іс жүргізудің маңызды тұстарын пайдалануды көзdedі.

1867–68 жылдардағы реформалар бойынша билер сотының 3 деңгейі құрылды: бірінші деңгей – билердің жеке соты, екіншісі – билердің боялыстық съезі жөне үшіншісі – билердің төтенше съезі.

Бірінші деңгей – билердің жеке соты 1867 жылғы Уақытша ереженің 192-параграфы негізінде «100 сомнан (бес жылқыдан, елу қойдан) аспайтын тұпкілікті істерді» шешуге тиіс болды.

Билердің боялыстық съезі екінші деңгей саналды, ол боялыстың барлық ауылдарының «сайланған» би-судьяларынан тұрды. Билердің боялыстық съезін қажет болуына қарай азды-көпті мерзімді тұрде уезд бастығы шакырды. Осылайша құрылатын билердің боялыстық съезі 1867 жылғы Уақытша ереженің 193-параграфы негізінде құны 100 сомнан асатын істерді, яғни билердің жеке соттарының құзыреті шенберіне сыймайтын істерді қарады. Сонымен бірге, 1867 жылғы Уақытша ереженің 197-параграфы бойынша бұл сот құзыретінің шенбері нақтыланды. Мәселен, осы параграф бойынша боялыстық съездердің кез келген сомадағы істерді шешуге құқығы болды, бірақ олардың шешімдері 1000 сомға дейінгі сомадағы істер бойынша тұпкілікті шешім болды. Билер сотының үшінші жөне соңғы деңгейі би-судьялардың төтенше съезі еді. Егер талапкерлер белгілі бір сот талаптары бойынша бірнеше уездің әр түрлі боялыстарынан өтсе, сол істер билердің төтенше сотының қарауына жатты. Бұл төтенше съездер уезд бастығының бастамасы бойынша шакырылып, одан әрі бұл жөнінде

өскери губернаторға хабарлануға тиіс болатын, ол съездің өткізілуіне рұқсат беретін.

1867–68 жылдардағы ережемен би-судьялардың сайланып қойылу принципі белгіленді, билер 3 жыл мерзімге, болыс бастықтарының сайлаудымен бір мерзімде сайланды және бұл атаққа облыстың өскери губернаторы бекітті. 1867–68 жылдардағы Уақытша ереженің 185-параграфы негізінде «Халықтың құрметі мен сеніміне ие болған, сот бойынша айыпты болып, жауапқа тартылмаған, туғанына кемінде 25 жыл толған кез келген адам би болып сайланана алды».

1867–68 жылдардағы Уақытша ережеге сәйкес, болыста 4-тен 8-ге дейін болуға тиісті ауылдың жеке дара би-судьялары билер сотының бірінші деңгейі бола отырып, мына тұрғыдағы келіп түскең істерді шешті: 1) ауылдың би-судьясы істерді казақтың дағдылы құқығы негізінде қарауға тиіс болды; 2) ол істерді тек ауыл старшынының арызы бойынша немесе жәбірленуші адамдардың шағымдары бойынша ғана қарап, шешуге тиіс болды және оның қазактарды өз қалауы бойынша сотка тартуына тыйым салынды.

Жеке би-судья:

а) талап арыз сомасы 100 сомнан аспайтын ақша, мұлік, жер және басқа дауларды;

ә) ауыл старшынының талаптарын орындаған немесе «тыныштықты бұзуға және мазасыздық туғызуға» кінәлі болған ауыл тұрғындарының істерін қарауға;

б) бір түйе немесе құны бір түйенің құнынан аспайтын заттар, ақша, мал ұрлау жөніндегі істерді және бұл орайда ұры, зорлық-зомбылық қолданбаған немесе қарумен қорқытпаған істерді;

в) бұзакылық жасады, төбелесті, таяқпен, таспен немесе жұдырықпен ұрып-соқты деп кінәланатын, бұл орайда оқ ататын немесе суық қару қолданбаған адамдардың істері;

г) тіл тигізді немесе жала жапты деп кінәланатын адамдардың істерін;

ғ) 100 сомға дейінгі сомаға алдау, алаяқтық жасау жөніндегі кінәлау бойынша;

д) ерлі-зайыптылар арасындағы ұрыс-керісті, бірақ оларды түпкілікті ажырату құқығынсыз;

е) ата-аналардың ересек балаларының тындағанына шағымдарын шешуге тиіс болды. Жоғарғы аталған қылыштар мен қылмыстарды жасағаны үшін ауылдық би-судьяның қазақтың дағдылы құқығы бойынша көзделген жаза қолдануға қоса, жеңілген тарапқа жеңілген тарап жасаған шығындарды өтеуді жүктеуге құқығы болды.

Судья-биге ұлты қазақ адамдармен қоса, егер талап арыз қазаққа қойылса, орыстың көпес саудагерлері соттаса алатын.

Билердің болыстық съезі жеке би-судьялар шешкен істер жөніндегі аппелляциялық деңгей болды. Сондай-ақ ол өзінің құзыреті ауқымында соттай алатын қылмыстық және азаматтық істерді бірінші деңгейдегі сот ретінде қарады. Билердің болыстық съезі «билерді қызметінен шеттетуге байланысты мәселелерді де шешті». XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы сот жүйесінің дамуы барысында билердің болыстық съезі өр түрлі себептерге байланысты Уақытша ережелердің жобаларында көзделген дәрежеге жете алмады. Сот практикасының көрсеткенідей,

бiler сотының ең пәрменді нысаны билердің төтенше съезі болып шыкты. Әдетте, билердің төтенше съезінің жұмысын уезд бастықтары ашып отырды. Егер билердің төтенше съезі өр түрлі уездердің, тіпті облыстардың болыстары арасында өтсе, оларға өр түрлі облыстар өкімшіліктерінің не аға көмекшілері, не өкілдері қатысуға тиіс болды. Билердің төтенше съездерінің нәтижелері оларды бекіту үшін облыстың өскери губернаторына жазбаша түрде баяндалуға тиіс еді.

Билердің төтенше съездерінің істерді талқылауы үшін олардың құрамынан съездің төрағасы немесе төбе би сайланды. Уақытша ережелердің жобасы бойынша төбе би сайлау көзделмегенімен, өр түрлі болыстар мен уездердің би-судьялары арасындағы келіспеушілік көбінесе сот істерін тез шешуге мүмкіндік бермеді, сондықтан өкімшілік бұл ережені қолданыска енгізуге мәжбүр болды. Съездер төрағаларының құқықтары мен міндеттері мына түрғыда белгіленді:

а) съезд өткізілетін жерде уезд бастықтарынан, болыс басқарушыларынан және істерге мүдделі тараптардан билердің сот талқылауын жүргізуге тиісті өтініштер мен басқа да қағаздар қабылдауы;

ә) өкімшілік және сот билігі орындарымен оларды сотқа шақыру жөнінде де және съездің басқа мәселелері бойынша да хат жазысады жүргізу, бұл үшін олардың жаңында өздерінің кіріс-шығыс журналдары мен өр түрлі кітаптар болуға тиіс еді. Бұл құжаттарды және жалпы съездердің істері бойынша барлық хат алысады жүргізу болыс басқарушылары хатшыларының міндетіне жатты, олар бұл еңбегі үшін билердің анықтауымен ерекше сыйақы алуға тиіс болды;

б) съездердегі жарыссөздер тәртібіне басшылық ету;

в) істі талқылаушы билердің пікірлерінде келіспеушілік және даусыстар тең болған жағдайда, олардың бір жағына қосылған төраға даусының басымдығы болды, «сөйтіп, төраға қосылған билердің пікірі іс үшін шешуші маңызы болуға тиіс және сол пікірге сәйкес ұйғарым қаулы етіледі».

Билер сотын тарату жөніндегі теріс тәжірибелі негізге ала отырып, отаршылдық-өкімшілдік – ғасырлар бойы қалыптасқан және өзіне халық даналығын сіңіріп, қазақ халқының нақты ділін бейнелеген қазактардың дағдылы іс жүргізу құқығы фактісін, сондай-ақ оның құқықтық таным деңгейін қазақ қоғамындағы құқық бұзушылыққа қарсы құреске отаршылдық сот институттарына қарағанда көп мөлшерде бейімделгенін мойындаады.

Билер соты қызметінің негізгі тұстары: соттың сайланбалылық негізі, сот ісінің қысқа мерзімде және жария жүргізілуі, сондай-ақ қалыптасқан дәстүрлер: айыпталушыға қоғамдық ортада беделі бар туыстарының кепілдік беруі, сот ісінің халық алдында жария және ашық жүргізілуі – осы жағдайлардың бәрі билер сотына қазақ қоғамы үшін отаршылдық сот институттарына қарағанда неғұрлым артықшылық берді.

XIX–XX ғасырлар шебінде қазақ қоғамының ұлттық сана сезімі өсті. Нақ осы тарихи қысқа уақытта қазақ халқы өз арасынан Ә.Бекейханов, М.Дулатов, Ж.Ақбаев, М.Тынышбаев, Жанша және Халел Досмұхамедовтер, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, Ш.Құдайбердиев, У.Танашов, Б.Сыртанов, М.Шокәев және басқалар көптеген адамдар сияқты аса көрнекті тұлғаларды шығарды.

Олар өздерінің көсемсөздік туындыларында газеттер мен журналда-рындағы мақалаларында қазақтың дағдылы құқығы, билер сотының қызметі проблемаларына және отарлық Қазакстандағы патша сотының сот-құқықтық жүйесіндегі өзгерістер мен атап айтқанда, 1898 жылғы сот реформасына едөуір назар аударды.

**Қазақстанның XIX ғасырдың екінші жартысындағы құқықтық жүйесіндегі жаңғыртулар.** 1867–68 жылдардағы «Уақытша ережелерде» қазақтар орналаскан барлық жер және «сол жердегі бар нәрсенің» бәрі патшалық Ресейдің мемлекеттік меншігі деп жарияланды. Мемлекеттік меншік деп жарияланған жерлер көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын қазақ халқының мерзімсіз қоғамдық пайдалануына түсті. Мемлекеттік меншік деп жарияланған жерлер 1868 жылғы Уақытша ереженің 210-параграфына сәйкес өрбір шаңырақ иесінің жеке иелігінде емес, оның өзі тұратын қауымның қоғамдық пайдалануында болуға тиіс және оларды жекелеген мүшелерінің пайдалануына сол қауым беріп отыратын еді.

1868 жылғы Уақытша ереженің 212, 217, 218-баптарына сәйкес көшпелі халықтың пайдалануындағы барлық жер қыскы қыстауларға, жазғы жайлауларға және өндөлетін жерлерге бөлінді. Зандарға өрбір қазақтың өз пайдаланылуына бөлінген участкеде жерді өндеуге, бау-бакша және тоғай өсіруге, тұрғын үй мен шаруашылығына арналған қора-қопсы салуға құқығы бар деп белгіленді.

Егін егу үшін өндөлген жерлер, сондай-ақ тұрғын үй немесе қандай да болсын құрылыш салынған жерлер өндөлген уақытында немесе оларда құрылыштар болған кезде мұраға көшіп отырды. Жер көсібімен айналысу тоқтатылған немесе құрылыштар жойылған жағдайда, бөлінген участкелердің сол қауымның басқа адамдарына беруге болатын еді.

Бұған керісінше жаңа зандарда қыстаулар мен жайлаулар белгілі бір болыстағы көшпелілердің бүкіл қауымының билігінде қалдырылды, оның үстіне бұларды пайдалануды реттеу қазақтың дағдылы құқығының нормаларына негізделуіне тиіс еді.

1868 жылғы Ереженің 21-бабында қауымдардың өзара келісуімен қыстауларда да, жайлаударда да егін егу мен шөп шабуға арнайы участкелер бөліне алатын-ды. Мұндай участкелер жеке адамдар арасында «олардың ғұрыпқа сәйкес ерікті келісімі бойынша» бөлінді. Жер участкесін иеленуге белгілі бір қауымға жататын адамның ғана құқығы болғандықтан, оларды бөгде адамның пайдалануға құқығы болмады. Ол жерді қауымнан жалға ғана алғып, оған жалға алғаны үшін ақысын төлей алатын. Бұл жағдайда жазбаша тұрде шарт жасалып, ол уездік басқармада куәландырылуға тиіс болды.

1867–68 жылдардағы Уақытша ережелерде барлық ормандар патшалық Ресейдің мемлекеттік меншігі деп жарияланды. Осы заң ережелерінің салдарынан қазақтар ормандарды пайдалану құқығынан мұлде дерлік айырылған болып шықты. Құдыққа қажетті құрылыш үшін де, ағашы үшін де қымбат ақы төлеу қажет болды. Орман жарғысының<sup>153</sup> 259-бабында қазақтар қыс кезінде от жағып үйін жылытуы, отын үшін белгілі бір жерлерде ғана ағаш кесіп, қамыс ора алады деп көрсетілген.

1866 жылғы Ереженің 234–235-баптарында пайдалы қазбалар кеништерін пайдалануға байланысты мәселелер реттелді. Өнеркәсіпшілердің болыс

қоғамдарымен «ерікті келісім» бойынша олардың қыстауына берілген жерді жалдау ақысын төлеп жалға алуға құқығы болды. Мұндай жалға алынған участеклер оқшауландырылды және ендігі жерде оларға мал жаюға тыйым салынды.

Ал егер руда кеніші қазактарға жайлау үшін бөлінген жерлерде болса, өнеркәсіпшілердің мұндай жерлерді қазактардың келісімінсіз, қандай да болсын өтемекі төлемей иеліктен айыруға құқығы болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазак даласында сауда кенінен дами бастады. Осыған байланысты қазак даласында Ресей империясының азаматтық құқығы кең таралды, ол Ресей империясы Зандар жинағының X томында баяндалған. Бұл орайда көбінесе мынадай шарттар: сатып алу-сату, қарыз алу, мұлікті жалдау, айырбастау, жұқ тасу және т.б. шарттары колданылды. Мәселен, Ресей империясының Зандар жинағы бойынша сатып алу-сату шартын жасаған кезде көбінесе шарттың жазбаша нысаны колданылды, ол уезд басқармасында куәландырылуға тиіс еді, сол үшін онда арнаулы кітап болды.<sup>154</sup>

Бұл шарт бойынша қазак және орыс көпестері арасында бұрыннан сауда-саттық шарты жасалуы керек болатын, онда бір тарап екінші тарапқа көшпелі немесе тұрақты мұлікті белгілі бір бағаға белгіленген мерзімде сатуға міндеттенетін. Бұл орындалмаған жағдайда бір тарап екінші тарапқа шартта белгіленген тұрлаусыздық айыбын төледі.

Қазактар мен орыс көпестері арасында сауданың ерекше өзгешелігі оның сауда ісін кіріптарлық мәмілеге айналдырған өсімкорлық сипаты болды. Тауарды қарызға бере отырып, көпестер сонан соң қазактардан кейде тауардың бағасына тең болатын қосымша өсім алып отыратын. Бұл ерекшелікті Тетеревников (отаршылдық өкімшіліктің шенеунігі) сияқты өсте де сыншыл пиғылдағы емес зерттеушілердің өзі де атап көрсетті. Мәнжайға қарай отырып, ол: «көпестер тауарларды қарызға береді және содан соң кейіннен қарыздарын жинап алады, оның үстіне өрине, әр түрлі қысымдар жасамай қоймайды», — деп жазды.<sup>155</sup>

Дами түскен сауданың және Қазақстанға тауар-ақша қатынастары енуінің, Ресей империясы Зандар жинағының азаматтық құқығы таралуының ықпалымен қазактың дағдылы құқығында борышкер мен несие берушінің өзара қатынастарын, қарызды төлемегендігі үшін жауапкершілікті анықтайтын ережелер, қарыз берен өсім өндіріп алудың нысандары және т.б. пайда болады. Мәселен, қарызды төлемегендігі үшін жұмыспен өтеу шарасы да қарастырыла бастады.

XIX ғасырдың екінші жартысында саудагер мен өсімкорлардың мұдделерін қорғайтын бірқатар ережелер өзірленеді. Тауарларды қарызға алғанда «малмен немесе басқа нәрсемен өсім», яғни пайыз төлеу көзделді. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысында қазактың дағдылы құқығына жасалған жазбаларда көпестердің сатып алу-сату шартын жасасқан кезде «уақытылы төлемеген жағдайға арнап орасан көп тұрлаусыздық айыбы талаптарын» енгізуі атап өтілді.<sup>156</sup>

Қазактың дағдылы құқығында шарттардың жаңа тұрлері пайда болады немесе бұрынғы шарттардың мазмұны мұлде өзгеріледі, мәселен мұлікті жалға беру шарты кең таралды. Бұл шарт бойынша мұлікті жалға беруді «тараптар өзара келісім бойынша аз уақытқа, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге және ақы төлеу шартымен жасайды».<sup>157</sup>

Айырбас шарты да одан әрі дамытылды. Мәселен, XIX ғасырдың екінші жартысында қазактың дағдылы құқығына жасалған жазбаларда: «айырбас шарты уағдаласуши тараптардың айыrbасталатын мүлікті олардың өндірілген бағасы бойынша жүзеге асырылады», – деп көрсетілген.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ ауылның экономикасы түрліше дамыды: мал шаруашылықты-егіншілік аймағында және қалаларға жақын жерлерде ол таза мал шаруашылығына қарағанда неғұрлым жедел дамыды. Мал шаруашылықты-егіншілік аймағында бұрынғылармен қатар жұмысшы құшін жалдаудың жаңа капиталистік өдістері де дами бастайды. Өз кезегінде, бұл оларды реттеп келген құқықтық нормалардың өзгерілуіне әкеп соғады. Қазақтардың тарихы мен экономикасын революцияға дейін зерттеген орыс зерттеушісі Н. Коншин «қазақтар арасында натуралды шаруашылық ақшамен ауыса бастайды, ал сонымен бірге дағдылы құқық нормалары да бірқатар өзгерістерге ұшырайды», – деп жазады.<sup>158</sup>

Осы түрфыдан алғанда жеке тараптардың жалға алуы сияқты шарттың үлгілері ерекше маңызымен сипатталады. Бұл шарттың талаптары бойынша әдетте батырак қазақ егіс егу және егін жинау жұмыстары кезінде егіншілік жұмыстарды орындау үшін жалданды. Бұл шарт бойынша өл ауылшаруашылық құралын уақытша пайдалануға алып, олармен алынған жер участесін өндеді. Сол үшін жалдаушыдан өсірілген өнімнің бір бөлігін немесе ақшалай түрде ақы алды.

Қазақтардың дағдылы отбасы-неке құқығында да айтарлықтай өзгерістер орын алды. Кызды оның келісімінсіз күйеуге беруге рұқсат ететін қазақ ғұрпы, сондай-ақ ғұрып бойынша жесір қалған әйел оның аға-інісіне әйелдікке көшетін өменгерлік өзінің бұрынғы маңызын жоғалтты. Мұрагерлік құқық нормалары кеңейтілді. Қазақтардың ауқатты бөлігінде болыс басқарушысы куәландырған жазбаша өсiet бойынша мүлікті мұраға қалдыруды ресімдеуге ұмтылу пайда болды. Экесінің баласын үй етіп шығармау мүмкіндігінен айыру құқығы шектелді. Балалар кейде өкімшілік өкімет орындарына мүлікті бөлісу туралы өтініш жасап жүрді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда азаматтық зандармен қатар, жалпыимпериялық қылмыстық зандар едәуір дамыды.

Бұл орайда Қазақстанда қолданылған жалпыимпериялық зандардың бүкіл кешені ішінен қылмыстық құқық Қазақстанда жүргізілген отаршылдық саясаттың пәрменділігін қамтамасыз ету тетігіндегі аса маңызды бұйндардың бірі болуға тиісті құқық саласы ретінде мейлінше кең тарапалды. 1867–68 жылдардағы Уақытша ережелер Қазақстанға Ресей империясы қылмыстық зандарының екі түрін таратты. Біріншісі – 1845 жылғы Қылмыстық және түзету жазалары туралы ереже, екіншісі – өскери қаулылар жинағының қылмыстық нормалары.

1867 жылғы ереженің 130-параграфында және 1868 жылғы Ереженің 93-параграфында жасаған қылмысы үшін қазақтар өскери қылмыстық зандар негізінде жауап беретін қылмыстардың тізбесі белгіленді.

Бұл тізбеге мынадай қылмыстар енгізілді: сол кездегі мемлекеттік құрылышқа опасыздық жасау, өз тайпаластарын үкіметке қарсы қою, өкімет орындарына көрінеу қарсыласу, поштаға, қазыналық және өскери

көліктеге шабуыл жасау, телеграф желілерін зақымдау, христиандарды және христиан дінін қабылдауға тілек білдірген басқа адамдарды, лаузымды адамдарды өлтіру.

Жоғарыда аталған қылмыстарды жасағаны үшін қазактар 1875 жылы қабылданған Жазалар туралы өскери жарғыға сөйкес жауапқа тартылатын болды.

Бұл өскери-қылмыстық заң өскери адамдарға ғана емес, сонымен қатар қарапайым халық жөнінде де кеңінен қолданылды. Онда өскери қылмыстар ғана емес, жалпықылмыстар да қарастырылды.

Сол кездегі қазактарды жасаған қылмыстары үшін қылмыстық-жазалау өрекеттерінің едәуір бөлігі 1845 жылғы Қылмыстық және түзету жазалары туралы ереженің құзыретіне жатқызылды.

1867 жылғы ереже бойынша патшалық заң шығарушы мыналар осындағы өрекеттер болып табылады деп белгіледі: қаракшылық, тонаушылық, бұған барымта қосылмайды. Көпестердің керуендеріне шабуыл жасау, басқа иеліктеге қашып кету, өрт салу, жалған ақша дайындау және алған жүру, мұлікті ұрлау, ал 1868 жылғы ереже бойынша бұл тізім жоғарыда аталғандарына қоса, кісі өлтірушілік (бұл арада қазактың қазакты өлтіруі айтылып отыр), барымта, басқармалардың жарғыларын бұзу және жергілікті қазақ билік орындарының қызметті өз мұдделеріне пайдалануы сияқты қылмыстар енгізіліп кеңейтілді.

XIX ғасырдың екінші жартысында өлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдың өзгеруі себепті қазактардың дағдылы қылмыстық құқығында бірсыныра өзгерістер орын алды.

Қазактың дағдылы құқығынан бұрын қолданылып келген, қылмыс жасаған жерінде қолға тұсken адамды өлімге жазаламау құқығы сияқты рулық қауымның қылмыс жасаған өз мүшесін корғауы, қанға-қанмен кек қайтару және т.б. сияқты ұғымдар жойыла бастады. Мәселен, қазактың дағдылы құқығын революцияға дейін зерттеуші В.Тронов рулық қанға-қан алған кек қайтару ғүрпі туралы былай деп жазады: «Рудың кек қайтаруы бұрынғы кездерде болғанымен, қазактардың Ресейге бодандығы кезінен бастап өз мәнін жоғалтты...».<sup>159</sup>

Сонымен бірге құлдыққа тыйым салынды және құл ұстай қылмыстық жазаланатын өрекет деп жарияланды. Осыған байланысты қазактың дағдылы қылмыстық құқығынан айыпты адамды құлдыққа түсіру және айыптыны жәберленушінің немесе оның туыстарының кек алуына беру сияқты шешімі де жойылды.

Дағдылы қылмыстық құқық бойынша жазалардың революцияға дейінгі кезенде болып келген жүйесіне де елеулі өзгерістер енгізілді. Мәселен атап айтқанда, біршама қысқа уақытқа түрмеге қамау, қылмыскерді болыс немесе ауылдың шегінен өкімшілік жер аудару және т.б. сияқты жазалары пайда болды.

Қазактардың дағдылы қылмыстық құқығының отбасы-неке қатынастары саласындағы қылмыстарға арналған нормалары да өзгерілді, атап айтқанда, зинақорлыққа кінәлілерді қатаң жазалайтын нормалар жұмсартылды. Бұрын көп жағдайларда белгіленіп келген өлім жазасы XIX ғасырдың екінші жартысында жойылды. Оның орнына негізінен алғанда тән жазасы, қорлау және мұлік жазалары қолданыла бастады. Бұл өзгерістер билердің төтенше съездерінде жасалған құқық жинақтары – ережелерде

баянды етілді. Бұл туралы революцияға дейінгі орыс авторлары қазақтың дағдылы құқығы бойынша жинаған материалдарда айтылады. Мәселен, Г.Загряжский зинақорлық жасағандық үшін 10-нан 60-ка дейін дүре соғу, немесе қамшымен 90-ға дейін сабау сияқты жазалау тағайындалғанын атап өтеді.

Казактардың қылмыстық құқығының мүліктік қатынастарға және меншік құқығына қарсы қылмыспен күресуге арналған нормалары реформалар кезеңінде едәуір ұлғайтылды. Қарастырылып отырған кезеңде қазактардың дағдылы қылмыстық құқығында кісі өліміне апарған қарашылықты тонау мен үрлік деп санаудан айырмашылық неғұрлым айқын ажыратылды. Меншік құқығына қарсы қылмыс жасағандық үшін неғұрлым қатаң жаза қолданыла бастады.<sup>160</sup>

Казактың дағдылы құқығы мен оны құрайтын құрамдардың құрылымында ғана емес, сонымен қатар оның деректемелерінде де өзгерістер орын алды. Ескі деректемелер маңызын жойып, жаңа деректемелер зор мәнге ие болды. Реформаға дейінгі кезеңде қазактардың дағдылы құқығын қалыптастырудың көзі ретінде ережелердің зор мәні болды, олар билердің төтенше съезінің қафидасы немесе басшылық қаулысы еді. Ол жазбаша түрде жасалып, съезге қатысқан барлық билер тарапынан куәланырылды және тіпті жарияланып отырды.

Корыта келгенде, реформаға дейінгі кезеңде Қазақстанда қолданылған құқықтың бүкіл жиынтығын негізгі үш бөлімге бөлуге болатының атап өткен жөн, олар:

1. XIX ғасырдың екінші жартысында көптеген құқықтық нормалары ерекше кең таралған жалпыимпериялық зандар.
2. Патша үкіметі отарлық шет аймактарға арнап шығарған зандар және күші Қазақстанға ғана таралған арнаулы мемлекеттік-құқықтық нормалар.
3. Реформаға дейінгі кезеңде баяу болса да, дегенмен айтарлықтай дамыған дағдылы құқық.

<sup>1</sup> АВПРИ, Главный архив, ф. 161 1864, разряд 1–7, оп. 6, д. 1, л. 1.

<sup>2</sup> Костенко Л. Исторический очерк распространения русского владычества в Средней Азии. СПб., 1887, 8-б.

<sup>3</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп.1, д. 5104, л. 4.

<sup>4</sup> РГВИА, ф. 1449, оп 1, д. 51, л. 22.

<sup>5</sup> Қар.: Бабков И. Ф. Воспоминания о моей службе в Западной Сибири, кн. 2. СПб., 1912, 342-б.

<sup>6</sup> Туркестанские ведомости. 10. X. 1889.

<sup>7</sup> Михайлов М. Область сибирских киргизов и Семипалатинская область (современный очерк). СПб., 1868, 52-б.

<sup>8</sup> Қар.: Гейнс А. Киргизские очерки//Военный сборник. 1866, №8, 247-б.

<sup>9</sup> РГВИА, ф. 1449, оп. 1, д. 20, л. 11.

<sup>10</sup> Географиялық қоғамның толық мүшесі П. П. Семеновтың жазбаларын қаралызы: Бабков И. Воспоминания о моей службе в Западной Сибири. СПб., 1912, кн. 3, 573-б.

<sup>11</sup> ЦГА РК, ф. 345, оп.1, д. 38, л. 2.

<sup>12</sup> ЦГА РК, ф. 15, оп. 1, д. 1775, л. 2.

- <sup>13</sup> РГВИА, ф. 1450, оп. 2, д 2, л. 21 об.
- <sup>14</sup> Пояснительная записка к положению об управлении в областях Акмолинской и Семипалатинской (Выходные данные не обозначены), 10-б.
- <sup>15</sup> РГВИА, ф 1450, оп. 2, д. 2, л. 22.
- <sup>16</sup> Крафт И. И. К вопросу о телесных наказаниях // Тургайские областные ведомости, 1899, №40.
- <sup>17</sup> Қар.: Валиханов Ч. Ч. Записка о судебной реформе/ Полн. собр. соч. в пяти томах, т. 4. А., 1985, 77-б.
- <sup>18</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, т, 1. А., 1960, 291-б.
- <sup>19</sup> РГВИА, ф. 400, оп. 1, д.153, ч. 2, л. 64.
- <sup>20</sup> Бұл да сонда.
- <sup>21</sup> Қар.: Сулейменов Б. С. Об административном устройстве Казахской степи по реформе 1867-1868 годов // Вестник АН КазССР, 1951, № 2, 118-б.
- <sup>22</sup> Шахматов В. К вопросу о характере восстания 1869 г. в Тургайской и Уральской областях // Вестник АН КазССР, 1953, № 1, 92-б.
- <sup>23</sup> Қар.: Середа А. Н. Из истории волнения киргиз в Оренбургском крае // Русская мысль, 1891, № 7, 33-б.
- <sup>24</sup> ЦГА РК, ф. 25, оп. 1, д. 2181, л. 5.
- <sup>25</sup> Бұл да сонда, л. 24.
- <sup>26</sup> Бұл да сонда, л. 25.
- <sup>27</sup> Бұл да сонда, л. 29.
- <sup>28</sup> Бұл да сонда, л. 23 об.
- <sup>29</sup> Бұл да сонда, л. 49.
- <sup>30</sup> РГВИА, ф 1442, оп. 1, д. 47, л. 2.
- <sup>31</sup> Бұл да сонда, лл. 2, 3.
- <sup>32</sup> Бұл да сонда, лл. 1, 4.
- <sup>33</sup> Қар.: Қасымбаев Ж. К. О некоторых вопросах истории национально-освободительного движения в Казахстане второй половины XIX в. / История и историография национально-освободительных движений в Средней Азии и Казахстане. Вторая пол. XIX—нач. XX вв. Ташкент, 1989, 84—94-б.
- <sup>34</sup> Несколько слов по поводу последнего восстания киргизов на Мангышлакском полуострове // Военный сборник, 1871, №5, 48-б.
- <sup>35</sup> Қар.: Турсунова М. С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX в А., 1977, 75-б.
- <sup>36</sup> РГВИА , ф. ВУА, д. 6830, л. 1 об., 14.
- <sup>37</sup> Юдин П. А. Адаевский бунт на Мангышлаке в 1870 г./ Русская старина, 1897, № 7, 136-б.
- <sup>38</sup> Бұл да сонда, 145-б.
- <sup>39</sup> Юр-Ко. Взгляд на степную воину // Военный сборник, 1873, № 16, с. 64—66.
- <sup>40</sup> РГВИА, ф. ВУА, д. 6833, ч. 1, л. 2.
- <sup>41</sup> Бұл да сонда.
- <sup>42</sup> Бұл да сонда, л. 3 об.
- <sup>43</sup> Бұл да сонда.
- <sup>44</sup> ЦГА РК, ф. 25, оп. 1, д. 1918, л. 1; д. 440, л. 4.
- <sup>45</sup> Русская мысль, 1891, №8, 34-б.
- <sup>46</sup> Турсунова М. С. Қөрсетілген еңбегі, 85-б.
- <sup>47</sup> Бұл да сонда, 98-б.
- <sup>48</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 93-б.
- <sup>49</sup> Бұл да сонда, 217, 219-б.
- <sup>50</sup> Бұл да сонда, 269-б.
- <sup>51</sup> Бұл да сонда, 337-б.
- <sup>52</sup> Бұл да сонда, 373—374-б.
- <sup>53</sup> Бұл да сонда, 395-б.

- <sup>54</sup> Переселение и землеустройство в Азиатской России: Сборник законов и распоряжений. Пг., 1915, 264-б.
- <sup>55</sup> Седельников Т. Борьба за землю в киргизской степи (киргизский земельный вопрос и колонизационная политика правительства). СПб., 1907, (второе издание: А., 1991), 64-б.
- <sup>56</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 101-б
- <sup>57</sup> *Бұл да сонда*, 337-б.
- <sup>58</sup> Обзор Акмолинской области за 1894 год, Б. м., б. г., 9-б.
- <sup>59</sup> Киргизская степная газета: человек, общество, природа. 1888–1902. А., 1994, 550-б.
- <sup>60</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>61</sup> ЦГА РК, ф. 25, оп. 1, д. 1502, л., 7 об.
- <sup>62</sup> *Бұл да сонда*, л. 25-225.
- <sup>63</sup> Обзор Акмолинской области за 1894 год, 10-б.
- <sup>64</sup> ЦГА РК, ф. 25, оп. 1, д. 472, л. 6 об., 7.
- <sup>65</sup> *Бұл да сонда*, ф. 19, оп. 1, д. 67, л. 7.
- <sup>66</sup> РГИА, ф. 391, оп. 3, д. 880, л. 52.
- <sup>67</sup> ЦГА РК, ф. 19, оп. 1, д. 67, л. 7.
- <sup>68</sup> Переселение и землеустройство в Азиатской России, 40-б.
- <sup>69</sup> Тихонов Б. В. Переселения в России во второй половине XIX в. М., 1978, 39-б.
- <sup>70</sup> Якименко Н. А. Аграрные миграции в России // Вопросы истории, 1983, №3, 24-б.
- <sup>71</sup> Турсунбаев А. Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан. А., 1950, 24-б.
- <sup>72</sup> ПСЗРИ, т. IX, СПб., 1891, 535–538-б.
- <sup>73</sup> ЦГА РК, ф. 25, оп. 1, д. 1446, л. 22, 22 об.
- <sup>74</sup> *Бұл да сонда*, л. 92 об.
- <sup>75</sup> Тихонов Б. В. Көрсетілген еңбегі, 41–42-б.
- <sup>76</sup> Седельников Т. Көрсетілген еңбегі, 64–65-б.
- <sup>77</sup> РГИА, ф. 1263, оп. 2, д. 5137, л. 77.
- <sup>78</sup> *Бұл да сонда*, оп. 1, д. 196, л. 13.
- <sup>79</sup> Валихан Г. По вопросу корреспонденции из Акмолинской области // Новое время, 1890, 4 декабря.
- <sup>80</sup> Киргизская степная газета, 313-б.
- <sup>81</sup> Всеподданнейший отчет Степного генерал-губернатора за 1901–1902 гг. Б. г., б. М., (2-б).
- <sup>82</sup> РГИА, ф. 391, оп. 1, д. 205, л. 10-10 об.
- <sup>83</sup> Сырдарынская область // Сибирский торгово-промышленный календарь на 1899 год. (Данные за 1896г.). Томск, 1900, 289-б.
- <sup>84</sup> Семиреченская область // Сибирский торгово-промышленный календарь на 1899 год. (Данные за 1896г.). Томск, 1900, 271-б.
- <sup>85</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>86</sup> 10-й Сибирский торгово-промышленный календарь на 1911. СПб., 158–170-б.
- <sup>87</sup> Масанов Н. Э. Кочевая цивилизация казахов (Основы жизнедеятельности номадного общества). А.-М., 1995, 230-б.
- <sup>88</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>89</sup> Қар.; Галузо П. Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867–1914 гг. А., 1965, 78-б.
- <sup>90</sup> Крафт И. И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898, 16-б.
- <sup>91</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 364-б.
- <sup>92</sup> *Бұл да сонда*, 369-б.
- <sup>93</sup> Пояснительная записка к проекту Положения об управлении В областях Акмолинской и Семипалатинской (Выходные данные не обозначены), 1-б.
- <sup>94</sup> *Бұл да сонда*, 2-б.
- <sup>95</sup> Положение об управлении областей Акмолинской и Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской. Омск, 1892, 5–6-б.

- <sup>96</sup> *Бүл да сонда.*
- <sup>97</sup> *Бүл да сонда, 5-б.*
- <sup>98</sup> *Бүл да сонда, 7-б.*
- <sup>99</sup> Акмолинская область// Сибирский торгово-промышленный календарь на 1911 г. СПб., 1911, 243-б.
- <sup>100</sup> Тургайская область // Сибирский торгово-промышленный календарь на 1899 г. Томск, 1900, 327-б.
- <sup>101</sup> Семипалатинская область // Сибирский торгово-промышленный календарь на 1899 г. Томск. 1900, 253-б.
- <sup>102</sup> Положение об управлении областей Акмолинской , Семипалатинской, Семиреченской, Уральской и Тургайской. Омск, 1893, 4-б.
- <sup>103</sup> *Бүл да сонда, 10-б.*
- <sup>104</sup> *Бүл да сонда, 59-б.*
- <sup>105</sup> *Бүл да сонда, 60-б.*
- <sup>106</sup> *Бүл да сонда, 61, 66-б.*
- <sup>107</sup> *Бүл да сонда, 70, 71, 73-б.*
- <sup>108</sup> *Бүл да сонда, 74-б.*
- <sup>109</sup> *Бүл да сонда, 75-б.*
- <sup>110</sup> *Бүл да сонда, 77-б.*
- <sup>111</sup> Крафт И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898, 121-б.
- <sup>112</sup> *Бүл да сонда, 74-б.*
- <sup>113</sup> Сибирский торгово-промышленный календарь на 1899 г., 327-б
- <sup>114</sup> Куропаткин А. Н. Завоевание Туркмении (Поход в Ахал-теке в 1880–1881 гг.) с очерком военных действий в Средней Азии с 1839 по 1886 г. СПб., 1899, 14-б.
- <sup>115</sup> Бескровный Л. Г. Русская армия и флот в XIX в. М., 1973, 38-б.
- <sup>116</sup> Сапаргалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане (1905–1917 гг.). А., 1966, 50–55-б.
- <sup>117</sup> Венюков М. Опыт военного обозрения русских границ в Азии. СПб., 1873, 19–20-б.
- <sup>118</sup> Абаза К. К. Завоевание Туркестана: Рассказы из военной истории, очерки природы, быта и нрава туземцев в общедоступном изложении. СПб., 1902, 73-б.
- <sup>119</sup> Крафт И. И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. СПб., 1898, 386, 410, 355, 413-б.
- <sup>120</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, 91–95, 121-б.; Зайончиковский П. А. Военные реформы 1860–1870 годов в России. М., 1952, 91–95-б.
- <sup>121</sup> Энциклопедия военных и морских наук, т. 4. СПб., 1889, 74-б.; т. 5. СПб., 1891, 369, 469-б.
- <sup>122</sup> Крафт И.И. Сборник узаконений, 306, 438-б.
- <sup>123</sup> Терентьев М. А. История завоевания Средней Азии: с картами и планами, т. 3. СПб., 1906, 364-б.
- <sup>124</sup> Энциклопедия военных и морских наук, т. 1, вып. 2. СПб., 1883, 183-б.; Басин В. Я., Бекмаханова Н. Е. К истории освоения Аральского моря // Военно-исторический журнал, 1971, № 11, 118–119-б.
- <sup>125</sup> Терентьев М. А История завоевания Средней Азии, 301, 321-б.
- <sup>126</sup> Крафт И. И. Сборник узаконений, 276, 305, 387, 413, 418-б.
- <sup>127</sup> Венюков М. Опыт военного обозрения русских границ в Азии, 19-б.
- <sup>128</sup> Казин В. Х. Казачьи войска. СПб., 1912, с. 218; Крафт И. И. Сборник узаконений, 373–375-б.
- <sup>129</sup> Энциклопедия военных и морских наук, т. 7. СПб. 1895, 58, 66–67-б.; Крафт И.И. Сборник узаконений, 444-б.
- <sup>130</sup> Азиатская Россия, т. 1. СПб., 1914, 25-б.
- <sup>131</sup> Крафт И. И. Сборник узаконений, 444-б.
- <sup>132</sup> Казин В. Х. Казачьи войска, 241–242-б.

- <sup>134</sup> Поход на Амударью и Текинский оазис уральских казаков в 1880–1881 гг. Уральск, 1882, 20–21, 88-б.; *Куропаткин А. Н.* Завоевание Туркмении, 107–128-б.
- <sup>135</sup> Материалы по историко-статистическому описанню Оренбургского казачьего войска, вып. II. Оренбург, 1904, 44–48, 95-б.
- <sup>136</sup> *Путинцев Н. Г.* Хронологический перечень событий из истории Сибирского казачьего войска со времени водворения западносибирских казаков на занимаемой ими ныне территории. Омск, 1891, 213–214-б.
- <sup>137</sup> *Крафт И. И.* Сборник узаконений, 357–358, 412-б.
- <sup>138</sup> *Симонов Н. А.* История Сибирского казачьего № 1 Ермака Тимофеева полка: Составлена для нижних чинов. Омск, 1893, 14-б.
- <sup>139</sup> *Стеткевич А.* Убыточен ли Туркестан для России? СПб., 1899, 4, 11-б.
- <sup>140</sup> ЦГА РК, ф. 39, оп. 1, д. 237, лл. 8 об-9.
- <sup>141</sup> *Леденев Н. В.* История Семиреченского казачьего войска. Верный, 1908, 200-б.
- <sup>142</sup> ЦГА РК, ф. 39, оп. 1, д. 100, лл. 1–7; д. 239, лл. 39–44.
- <sup>143</sup> Общий обзор управления Семиреченского казачьего войска за 1905 год. Верный, 1906, 4–5, 12–14, 16, 23-б.
- <sup>144</sup> *Леденев Н. В.* Көрсетілген еңбегі, 525–526-б.; Сондай-ақ қараңыз: *Мак-Гахан Я. А.* Военные действия на Оксусе и падение Хивы, (пер. с англ.) М., 1875, 255–275, 280-б.
- <sup>145</sup> *Оспанов А.* Участие солдатских масс в установлении Советской власти в Казахстане (февраль 1917–март 1918 гг.): Автореф. дисс. канд. ист. наук. А., 1963, 58–60-б.
- <sup>146</sup> *Казин В. Х.* Казачьи войска: Краткая хроника. СПб., 1912; Великая Октябрьская социалистическая революция (Энциклопедия). М., 1987, 364, 469, 467, 545-б.
- <sup>147</sup> *Сафаров Г.* Колониальная революция. (Опыт Туркестана). М., 1921, 44-б.; *Галузо П. Г.* Туркестан – колония: Очерк истории колониальной политики русского царизма в Средней Азии. Ташкент, 1935, 47, 49-б.; *Рыскулов Т. Р.* Избранные труды. А., 1984, 134–148, 238–245-б.
- <sup>148</sup> Дневник П. А. Валуева – министра внутренних дел. М., 1961, т.1, 318-б.
- <sup>149</sup> ЦГА РК, ф. 4, оп. 1, д. 4079, л. 5–6.
- <sup>150</sup> Собрание Узаконений 1897 г., 182-б.
- <sup>151</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп.1, д. 818, лл. 99–100.
- <sup>152</sup> *Бұл да сонда.*
- <sup>153</sup> Свод законов, т. VIII, ч . I, устав лесной. СПб., 1895
- <sup>154</sup> ЦГА РК, ф. 292, оп. 1, д.1, лл. 1-2.
- <sup>155</sup> *Тетеревников Д. И.* Очерк внутренней торговли Киргизской степи. СПб., 1867, 8-б.
- <sup>156</sup> Материалы по казахскому обычному праву, сб. 1. А., 1948, 272-б.
- <sup>157</sup> *Бұл да сонда*, 309-б.
- <sup>158</sup> Памятная книжка Семипалатинской области за 1901 г. Семипалатинск, 1901, 154-б.
- <sup>159</sup> Записки ИРГО по отд. этнографии, т. XVII, вып. II. СПб., 1891, 85-б.
- <sup>160</sup> *Загряжский Г.* Юридические обычаи киргизов и о народном суде у кочевого населения Туркестанского края. Материалы для статистики Туркестанского края. СПб., 1876, вып. IV, 27–28-б.



## *Екінші тарау*

# РЕФОРМАДАН КЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

## 1. ХАЛЫҚТЫҢ ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ: НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР, ҚАЛЬПТАСУ КӨЗДЕРІ, ҚҰРАМЫ

XIX ғасырдың екінші жартысында тұтас алғанда Қазақстанда және жекелеген облыстар бойынша халықтың табиғи орын ауыстыруы мен ішкі көшікөн үрдістерінің салдарынан дамып отыратын және үнемі өзгерістегі құбылыс ретінде халық санының өсуі кең-байтақ өлкедегі әлеуметтік-экономикалық, саяси үрдістің бүкіл барысына зор ықпал жасады. Кейіннен негізінен алғанда екі өкімшілік-аумактық басқармалар – Түркістан және Дағындағы генерал-губернаторлықтарының құрамына енген орасан үлкен аймақтың тарихи-демографиялық ахуалының жай-күйіне талдау жасаған кезде, түрлі тілде сөйлейтін тұрғындардың санындаған емес, оның түрлі жылдардағы өсу серпінділігіндегі кейбір өзгерістер, дұрысырақ айтқанда, елеулі ауытқу фактілері, соның ішінде ол 1897 жылғы жалпыға бірдей санақ материалдарынан көрінеді. Қазақстан өзінің геосаяси орналасуы тұрғысында, эволюциялық дамуының барысындағы ішкі үрдістердің басымдық рөлі жайында айтпағанның өзінде, тарихи демографиялық жағынан да шектес аумактардың ықпалына ешбір ұшырамай тұра алмады.<sup>1</sup>

Сондыктan бұл зор кеңістік, сондай-ақ оның халқы қазақ жерлерін империяның құрамына қосып алу аяқталғанға дейін тіпті шамамен болса да ешқашан «есептеп шығарылған» емес.

Ұлан-ғайыр Сібірдің 1/3 бөлігі болған құрғактағы 40 000 шаршы миль жер негізінен Қазақстан аумағының бөлігін ғана құрады. «Сібір ведомствосының қазақтарына» (23 000 шаршы шақырым) және Орынбор ведомствосының қазақтарына (17 000 шаршы шақырым)<sup>2</sup> сараланған дала аймақтары туралы азды-көпті деректері болған саяхатшылар, Орыс армиясы Бас штабының офицерлері, Императорлық Орыс географиялық қоғамының мүшелері, Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының шенеуніктері жалпы алғанда, мысалы, Оңтүстік аудандарды, Жетісуды абстрактілі түрде білді. Тұтас алғанда, Қазақстан туралы онша тартымды емес, кең-байтақ аумакты «жартылай жабайы көшпелі азиаттар» мекендеген шөлдегі ел деген жеңіл ойлы пікір туғызыды.

Көрнекті тарихшы И. Завалишин мұндай жаңсақтықтың бос сөз екенін көрсете келіп, негізінен алғанда, Ресейдің өлкені игеру және қоныстандыру жөніндегі жоспарларының жүзеге асырылу себептерін дұрыс негіздең, былай

деп жазды: «...бұл (Қазақ өлкесі. - Ред.) қазір Ресейдің Орта Азияға қарай жылжуындағы аса бағалы табыстарының бірі, тіпті Амур мен Уссуриден көп жағынан алғанда маныздырақ, өйткені Амур өте шалғайды орналасқан, оны игеріп, әскери базаға айналдыру аса қымбатқа түседі, ал Қазақ даласы Омбының жанында тиіп тұр және Жетісуда, Іледен арғы өлкеге бару мен тұруды әрқашан қамтамасыз етуге болады, өйткені ондағы табиғат пен өсімдіктер орыстың оңтүстік губернияларынан ғана емес, сонымен қатар Солтүстік Италиядан да кем түспейді. Ақырында, болашакта халықтың тығыздығы артып, орыс губерниялары жаңа жерлерді қатты талап еткен кезде ұлан-ғайыр отар үшін бұл дайын тұрған және құнарлы негіз... Ал Англия мен Францияда мұндай қолайлы деректер бар ма?»<sup>3</sup>.

И. Завалишиннің шығармасынан алынған едәуір көлемді үзіндіде патша өкіметінің аймақтағы отаршылдық ниеттерінің демографиялық жағдайды империяның пайдасына құрт өзгерту әрекетімен өзара байланысты екені айтылып отыр. Патша өкіметінің саяси мақсаттары елдің экономикалық мұдделерімен тығыз ұштаса отырып, олар, сайып келгенде, орыстардың автохтондық тұрғындардан сан жағынан басымдығын қамтамасыз етуге тиіс болды, ол өз мақсаттарына өлкеге славяндардан шыққан келімсектерді жаппай қоныстандыру жағдайында жете алатын еді. «Түркестанские ведомости» авторларының бірі С.Гескет аймақты «орыс элементін» ұлғайту арқылы ассимиляциялау міндеттерін былайша анықтаған: «...саны жағынан айырмашылық онша байқалмаған жағдайда ықпалдың басымдылығы әрқашанда күшті ұлт жағында болады, орыс халқын ассимиляциялауға жататын өлке халқы деңгейінің 50 пайзызына дейін жеткізу керек».<sup>4</sup> Ташкент училищесінің мұғалімі Соскольцев генерал М. Черняевтің жаулап алушылық жорықтарының кезекті жылдығында сөйлеген сөзі кезінде тыңдаушылардың назарын «бұратаналарды» ассимиляциялау салдарына аударды: «...мұның тұпкі нәтижесі көбінесе сол халықтың өз ерекшелігін жоғалтуы болады, ұstemдік етуші мәдениетті ұлтқа сіңіп кетеді, оны (жергілікті халықты. – Ред.) самодержавиелік ақ патшаның дана басқаруымен Орта Азия халықтары ортақ отанының бір денесіне тығыз топтасқан кезде... өз бодандығында мәңгі ұстауға болады».<sup>5</sup>

Аймақтағы отаршылдық саясаттың тұпкі мақсаты айқын анықталғанмен, оны жүзеге асыру көп жағынан демографиялық жағдайдың өзіндік ерекшелігіне байланысты болды, 1867–68 жылдардағы реформаға дейін, екі аймақты қоспағанда, кең-байтақ Қазақстан халқының нақты саны туралы анық статистикалық мәліметтер болмады: Бөкей Ордасында – 1850 жылы нақтыланған деректер бойынша ондағы ерек және өйел тұрғындар саны 114 950 адам болған.<sup>6</sup> Сібір қазақтарының облысы бойынша неғұрлым анық деректер келтіруге болады. Оған баса назар аудару екі жағдаймен түсіндіріледі: біріншіден, ол кең-байтақ кеңістікті алып жатты және өзі құрылған уақыттан кейін 758 000 шаршы шақырымға дейінгі жерді алып, солтүстіктен оңтүстікке қарай Сібір шебінен Шу өзеніне дейін созылып жатты, батысында Орынбор қазақтарының облысымен шектесті; екіншіден, Сібір қазақтарының облысы, шамамен алғанда, Кенесары ханың көтеріліс тапқаннан кейін 10 жыл ішінде, Қазақстандағы басқа өкімшілік басқаруларға қарағанда губерниялық жүйеге жақында-тылып, 8–10 округті біріктірді, сөйтіп Батыс Сібірде енгізілгендердің көбісін өзіне жинақтады. Бұл жағдай қазақ халқының өсуі серпінділігін шамамен болса да, көзге елестетуге мүмкіндік береді: қазақтар саны 1852

жылы – 181 731 еркек, 154 091 өйел болса; орыстар – 11 591 еркек, 8099 өйел болған;<sup>7</sup> 1857 жылы қазақтар (еркегі мен өйелі) – 259 720,<sup>8</sup> 1858 жылы 268 678 адамды құраған.<sup>9</sup>

1858 жылы қазақ даласындағы келесі өкімшілік бөлініс – бірқатар сыртқы округтер өкімшілік құрамынан алынған, 1854 жылы құрылған кең-байтақ Семей облысының халқы еркектері мен өйелдерін қоса алғанда 261 487 адам болды.<sup>10</sup> Қосымша деректер анықталған жағдайда келтірілген мәліметтердің өзгерістерге үшірауы мүмкін, бірақ соның нәтижесінде реформаға дейінгі уақыттағы Қазақстанда тұрғындардың негізгі бөлігі қазақтар болған, ал империяның басқа бөліктерінде салық төлейтін халық санын анықтау үшін әрбір үш жыл сайын жүргізілетін ревизиялық санақ дейтіндер жүзеге асырылмады. Округтік приказда халық саны бойынша жинайтын мәліметтерді «нақты деп санауға болмайды». Алайда бұл орайда, қазақ болыстарын да ревизиялық санақтармен қамту жөнінде ескертпе жасауға болады. Олар орналасқан жері санақшыларға азды-көпті мәлім және үкіметке адалдығына күмән келтіруге болмайтын болыстарды қамтыды. Алайда көшпелілердің үнемі көшіп жүруі өкімет орындарының болыстар бойынша нақты материалдар жинау ниетін қындалтты, сөйтіп мал мен адамдар саны туралы статистика болыстар мен ауыл старшындарының «бір ғана сөз жүзіндегі түсініктемелеріне негізделген» жағдай қалыптасты.<sup>11</sup>

Бөкей Ордасын және онтүстік аудандарды қоспағанда, жалпы Қазақстан ауқымындағы демографиялық жағдайдың өзіндік ерекшелігі XIX ғасырдың 50–60-жылдарында-ақ оның тұрғындары құрамының моноэтникалық сипатының өзгеріске үшірауынан көрінді.

Батыста Новолиния ауданында, солтүстік-батыста Верхнеиртишский және Новоишимский участокелерінде үкіметтің көші-қонды көтермеленеу саясатының нәтижесінде орыстардың қоныстандыру қозғалысының шағын орталықтары құрылды. Оған сонау 1765 жылы қабылданған және қазақтардың XIX ғасырдың 20–50-жылдарында округтік орталықтарға айналған бекіністерге елу шакырым қашықтықтан жақындауына тыйым салған Ереже қолданылуының сақталуы көп жағынан себепші болды. Жеке және үкіметтік отарлау салдарынан Новолиния ауданында ғана 44 000-дай адам болатын орыс, башқұрт, қалмак, ноғай, татарлар тұрды, олар қазақ халқымен көрші қоныстанып, қазақтардың саны 1861 жылы 11 538 шаңыракты құрады.<sup>12</sup>

Қазақстан халқының полиэтникалық құрамының қалыптасуы туралы, оның негізгі көздері мен себепші куәліктері туралы айтқанда, ең алдымен оның бастапқы кезеңіне сипаттама беру керек. Ең басты өзгертуші құбылыс ретінде көрінсе де бұл үрдіс алғашқыда, қысқа мерзім ішінде негізінен алғанда өлкені мекендеушілердің моноэтникалық құрылымын сақтап қалды.

Патша өкіметі Сібірді, Қазақстанның солтүстік-батыс және онтүстік-шығыс аудандарын отарлау арқылы Ресейдің ішкі губерниялары мен Украинадан шаруаларды көшіріп, солар арқылы Оралдан арғы шет аймақта әлеуметтік тірек жасауды ойластырды.

Жаңадан құрылған облыстардың бөріне дерлік орыс-украин шаруаларын нысаналы тұрде қоныс аударту XIX ғасырдың 70-жылдарының басында басталып, 80-жылдарда ол жаппай сипат алды. 1889 жылғы 13 шілдеде патша үкіметі село тұрғындары мен мещандардың қазыналық жерлерде ерікті тұрде қоныстануы туралы арнаулы ереже өзірлеп, оны бекітті.

Жаңа ережеде Томск, Тобыл губернияларындағы, сондай-ақ Жетісу, Ақмола және Семей облыстарындағы қоныстану аудандары накты белгіленді. Шаруаларды жаппай қоныс аудартумен өлкे халқының демографиялық құрылымы өзгертіліп қана қоймай, сонымен қатар байырғы мекендеушілердің пайдалануынан мал шаруашылығы үшін де, ұлғайып келе жатқан егіншілік үшін де жарамды жақсы жерлер зорлықпен тартып алынды. 1885–1893 жылдар аралығында ғана Ақмола облысында қазактардан 251 779 десятина жер тартып алынып, ер адамдар саны 10 940 болатын 24 қоныс аудару участесі құрылды, ал шектес Семей облысында 33 064 десятина жер тартып алынды.

Келімсек халықтың барған сайын ерекше жедел өсе түскен ағыны Жетісу облысының еншісіне тиді. 1868–1880 жылдарда мұнда 3224 отбасы қоныстанды, олардан 2099 отбасы қыстактар құрды, ал 1225 отбасы қалаларда ірге тепті. 13 жыл ішінде (1880–1893 жылдар аралығында) ерек және өйел халқының саны 2 269 520 адам болған Түркістан өлкесінің халқы 3 102 385 адамға дейін көбейді, яғни негізінен алғанда қоныс аударушылар есебінен шамамен 37 %-ға өсті.<sup>13</sup>

Қазақстан онтүстігінің ең ірі аймағы – Сырдария облысында орыс-украин шаруаларының негізгі қоныстану аудандары Шымкент, Ташкент, Әулиеата уездері болды. Оларда 1884–1892 жылдарда 37 қоныс құрылды. Қоныс аударушылар қоныстарының біршама қауырт өсу серпінділігі, мысалы, Әулиеата уезінде мынадай болатын: 1874 жылы 331 тұрғыны бар Михаиловское, 1876 жылы 1102 адам тұратын Шалдоварское, 1877 жылы 340 адам тұратын Дмитриевское, 1881 жылы 658 адам тұратын Покровское, 331 адам тұратын Каменка, 1884 жылы 449 адам тұратын Николаевское, 1885 жылы 555 адам тұратын Мерке, 1886 жылы 643 адам тұратын Александровское, 226 адам тұратын Кузьминское, 1889 жылы 210 адам тұратын Подгорное, 210 адам тұратын Шапалово, 1890 жылы 71 адам тұратын Луговое, 71 адам тұратын Бурное, 154 адам тұратын Ключевое, 1892 жылы 106 адам тұратын Ровное, 753 адам тұратын Грозное, 261 адам тұратын Головочевское, 401 адам тұратын Гроднево, 139 адам тұратын Степное селолары құрылды.<sup>14</sup>

1889 жылы «Село тұрғындары мен мещандарды қазыналық жерлерге қоныстандыру туралы» заң қабылданып, ал 1891–92 жылдарда бұл ереже Торғай, Орал облыстарына қолданылды. Осы актімен қоныс аудару қозғалысын үкімет толығымен өз қолында ұстап, жеке отарлауға елеулі шекқойды. Енді жер үлестерін алу үшін арнайы рұқсат талап етілді. Алайда Петербург өкімет орындарының көші-қон үрдісінің бұрынғы стихиялық сипатын қалайда бір реттеуге үмтүлісі мұлде іске аспады.

1891–92 жылдардағы егіннің шықпай қалуы мен ашаршылық европалық Ресей шаруаларының бұкарасын бос жерлер ізден шығыска бет алуға мәжбүр етті. Бұл орайда қоныстанушылар құрамында: Жетісу облысында – Воронеж, Тобыл, Томск, Пермь, Казан, Орынбор, Харьков губернияларынан; Сырдария облысында – Воронеж, Астрахан, Самара, Саратов, Тамбов губерниялары мен басқа да губерниялардан, сондай-ақ Дон Әскері арасынан шыққандар басым болды.<sup>15</sup>

Қазақстанды Сібірмен, Еділ бойының өнеркәсіпті ауданымен және Оңтүстік Оралмен теміржол магистральдары арқылы жалғастыру мүмкіндігі үкіметті өлкенің қоныстандыру арқылы игерілуін жеделдетуге

итермеледі. Осы мақсатпен Ф.А.Щербинаның экспедициясы Ақмола, Торғай және Семей облыстарының 12 уезін мұқият зерттеді. Оның ресми мақсаты жергілікті тұрғындардың шаруашылық өмірін зерттеумен ұштастырылды. Экспедицияның материалдарын патша өкіметі «артық» қазак жерлерін күшпен тартып алуды кеңейту үшін пайдаланды.

«Орыстар отарлауының бірте-бірте кеңейтілуіне байланысты қазактардың иелігіндегі жерлердің ауданы едәуір қысқара бастады, ал сонымен бірге қазактар үшін олардың тұракты және үздіксіз көшіп жүретін коныстарын кейбір шектеулер жүзеге асырылды...»<sup>16</sup> – деп, байырғы халықтың жер қорында қалыптасқан жағдайды «Тургайская газета» осылайша сипаттады.<sup>17</sup>

Орыс-украин шаруалары санының қауалап өсуін қоныстандыру және қазактарды ғасырлар бойы ірге тепкен орындарынан ығыстырып шығару саясатының ең басты нәтижесі ретінде ғана емес, сонымен қатар жаңа қоныс аударушылардың негізгі бөлігінің жас мөлшерінің төмендігі, өмірлік белсенділігінің мол болуы, бала туудың адам өлуінен басымдығының салдары ретінде де қарастырған жөн. Алайда бұл тұрғыдан алғанда ертеден тұратын казактардың ерекшелігі фактісін атап өту керек. Оларға ең алдымен табиғи өсім тән болатын.

Тұтас алғанда, қоныс аударушылар санының қауырт өсуін 1870–1914 жылдардағы деректер көрсетеді, ол: Ақмола облысында – 721 091 адам, Семейде – 159 972, Жетісуда – 156 826, Сырдарияда – 61 212, Торғайда – 226 825, Оралда – 108 467, барлығы – 1 434 393 адам.

Қазақстан халқы санының өзгеруі мен этникалық құрылымының қалыптасуына қолайлы болған негізгі көздер мен факторлар туралы айтқанда, саяси жер аудару сияқты құбылысты естен шығармаған жөн. 1863 жылғы поляк көтерілісіне қатысушылар, халық ерікшілдігі ағымдарының көрнекті қайраткерлері, социал-демократтар да көші-кон үрдісін кейбір дәрежеде жандандыра тұсті, ал негізінен алғанда, Қазақстан тұрғындарының этникалық құрамына ықпал етті. Кейбір деректерді келтіре кетуге болады: 1863 жылы Семей облысында – 122 адам,<sup>18</sup> Верхнеуральскіде – 51, Петропавлда – 69, Жетісуда жалпы жинақтап алғанда 100 адам айдауда болды.<sup>19</sup> Алайда қоғамдық санада, өлкениң, қалалардың мәдени өмірінде, аса көрнекті қайраткерлердің (атап айтқанда, Абай Құнанбаевтың және басқалардың) көзқарастарын қалыптастыруда саяси жер аударудың игі рөл атқарғанымен, демографиялық жағдайда басым көрсеткіш болмағанын мойындау керек.

Қазақстан аумағына ішкі губерниялардан қоныс аударушылардың ағылып келуі арқасында ғана емес, Қытайдан да келушілер қоныстандырылды. Құлжа өлкесінің Цин империясына қайтарылуына байланысты дүнгендер, үйғырлар мен қазактар бұкарасы Қазақстанға және көршілес Қырғызстанға қоныстануға тілек білдірді. Профессор П.Г.Галузо зерттеліп отырған үрдістің себептерін қарастыра келіп, мұны патша өкіметінің егіншілерді қоныстандыру арқылы Қытайдың Құлжадағы экономикалық жағдайын әлсіретуге және екінші жағынан, аймактағы өзінің ықпалын күшетуге үмтүлісімен түсіндірді. Режим Қытаймен шекарада өскери шиеленіс болған жағдайда үйғыр-дүнген тұрғындарын Қытайға қарсы қимылдай алатын өскери күш ретінде де пайдалануға үміттенді.<sup>20</sup> Ең алдымен сол кезде Құлжа өлкесінде тұратын қазактардың, үйғырлар мен дүн-

гендердің санын анықтап көрейік. Құлжа туралы елеулі зерттеулердің өте хабардар авторы С.Н.Велецкий «шамамен алынған деректер бойынша» қазақтардың санын еркектер бойынша 20000 адамға жуық; үйғырлар – 51 мың адам, дүнгендердің жалпы саны 4 мың адамнан аспайды деп анықтаған.<sup>21</sup> Ал Жетісу өлкесіне келгендері қанша? Д.А.Исиев 90 мың адам дейді.<sup>22</sup> С.Ростовскийдің пікірінше, 120 240 дүнген мен «тараншыдан» Жетісуға 60 000 адам көшіп келген.<sup>23</sup> Н.Н.Пантусов басқа деректер, 1871–77 жылдар ішінде – Верный уезіне 26 164 үйғыр, 1126 дүнген, барлығы ерек-әйелі бар 27 290 адам болды деген дерек келтіреді; Жаркент уезіне 19 209 үйғыр, 1347 дүнген, барлығы ерек-әйелі бар 20 556 жан келген. Жиынтығы 47 846 адамды құраған.<sup>24</sup> Х.Сутеева қазақтардың, үйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға орыс өскерлерінің ізінше түгелдей дерлік қоныстандырылғаны туралы жазады.<sup>25</sup>

Үйғырлар мен дүнгендерді Жетісудың халық тығыз орналасқан аудандарына қоныстандыру объективті түрде жер тарлығын құшайтіп, қазақ халқының наразылығын туғызды,<sup>26</sup> 1896 жылы Жетісу казак өскерінің құрамында Қытайдан көшіп келіп, Ресей бодандығын қабылдаған мың қалмақ болды.<sup>27</sup>

Қазақ автономиялық республикасы құрылғанға дейінгі бірінші және бірден-бір 1897 жылғы жалпыға бірдей халық санағы империя, соның ішінде Қазақстан халқының саны мен құрамының өзгеруі туралы қызықты деректер береді. Кейбір кемшіліктегі қарамастан,<sup>28</sup> ол халық саны жөніндегі азды-көпті дұрыс ақпарат көзі болып табылады. Оның жүргізілуін елде капитализм дамуының қажеттері туғызды.

Байырғы халық санағын жүргізу мерзімі көшпелілер қыстауларының бытыраңқылығына және орналасқан жерлерінің қындығына байланысты ұзартылды. Есептеуді 1896 жылғы қараша және желтоқсан айлары ішінде, яғни Ресей губернияларындағы қарағанда едәуір ертерек жүргізу жорамалданды.<sup>29</sup>

Санак бойынша облыстар халқының саны: ерлер мен әйелдерді қоса алғанда Ақмолада – 645 232, Семейде – 684 590, Жетісуга – 663 769, Сырдарияда – 835 432, Торғайда – 453 416, Оралда – 645 124 адам, бүкіл Қазақстан бойынша – 3 927 560 адамды құраған.<sup>30</sup>

Халық санағы бірінші рет жүргізілгендіктен, ережелер мен нұсқаулардың біраз бұзылуына жол берілді, жекелеген жағдайларда елді мекендер бойынша есептеулердің нәтижелері қайта тексеру және нактылау үшін қайтарылды. Облыстар бойынша қорытынды деректерді анықтаудағы көрінеу алшақтықтарды да осымен түсіндіру керек: мысалы, басқа зерттеушілер сияқты жекелеген облыстардың адам саны туралы санак материалдарына жүгінген Н.В.Турчаниновтың зерттеулерінде мынадай өзгеше деректер келтіріледі: еркектер мен әйелдерді қоса алғанда, Семей облысында – 684 590, Ақмола облысында – 682 608 адам тұрған.<sup>31</sup>

1897 жылғы шолуда Семей облысы тұрғындарының саны Н.В.Турчаниновтың деректерімен салыстырғанда 2319 адамға көп, ал Ақмола бойынша 179 адамға аз көрсетілген.<sup>32</sup> Мұрағат деректемелері де басқа цифrlар келтіреді – Семей облысы бойынша 688 639, Ақмола облысы бойынша – 668 372 адам.<sup>33</sup> Айта кетелік, 1897 жылғы санак бойынша мәліметтердің ала-құлалығы Ресейдің басқа аудандарына да тән. Егер қысқы жағдайларға жәнс катынас жолдарының болмауына байланысты бірқатар ауыл-

дардың қамтылмауы фактісін ескерсек, Қазақстан халқының жалпы саны 4 миллион адам деңгейінен артық болуға тиіс.

Халық санағы этникалық топтардың тілдік арақатынасын анықтауға мүмкіндік берді. Әрине, екі генерал-губернаторлықта қазақтар көрінеу көпшілік болды: Дала генерал-губернаторлығы бойынша - қазақ тілін 1 903 030 адам немесе халықтың жалпы санының 77,1%-ы, орыс тілін – 431 184 адам немесе 17,8%-ы, украин тілін – 37 673 – 1,5%, татар тілін – 41 765 – 1,6% білген, одан өрі тілдік топтарды таратушылар саны кему принципі бойынша мордвinder, немістер, еврейлер, башқұрттар, поляктар, өзбектер, сондай-ак саны 1000 адамнан аспайтын халықтардың тілдері бойынша – литвалыктар, латыштар, молдавандар, грузиндер, қалмақтар, чехтар, француздар, шведтер, ағылшындар және т.б. келеді. Байырғы халық базым жағдайда болған оңтүстік аудандарда да тұрғындардың этникалық құрамы алуан түрлі: қазақтар – 1 198 112 – 79%, жалпы халық санына шаққанда, өзбектер – 74 539 – 4,95%, орыстар – 71 049 – 4,80%, қырғыздар – 58 700 – 3,9%, ұйғырлар – 55 815 – 3,70%, украиндар – 12 143 – 0,81%-ды қураған.<sup>34</sup>

Санақшылар жинаған мәліметтердің шамамен алынуы салдарынан 4 миллионнан астам адам болатын қазақ халқының саны көрінеу кемітілген және анық емес болып шықты. Мұны қазақ әйелдерін, өсіреле неке жасына жетпеген, оның үстіне некеге тұрмаған қыздарды санақшылардан жасыру туғызды. 12–13, тіпті 9 жасында күйеуге берілетін реттер аз кездеспеді.<sup>35</sup> 1880 жылы Торғай даласын аралап шыққан В.Юзефо 14 жасар баланың 13 жасар қызға үйленіп, ал бір жылдан кейін балалы болған фактісі туралы айтады.<sup>36</sup>

Өлкеде уақыт өте келе орыс халқының саны едөуір көбейді: Ақмола облысында – 56 %, Оралда – 40,8 %, Торғайда – 37,5%, Семейде – 24 %, Жетісуда – 23,5%, Сырдарияда – 6,2 %-ға жеткен.<sup>37</sup> 1897 жылы санақтың қорытындылары бойынша, Жетісу, Орал, Сібір казак өскерлерінің саны тиісінше еркек-әйелін қоса алғанда 33 767, 114 166 және 103 424 адам болған.

Тұтас алғанда, халықтың санындағы, этникалық және ұлттық құрамындағы елеулі өзгерістер қазақ ұлтының ғана емес, басқа ұлттардың да әлеуметтік-экономикалық өміріне капиталистік қатынастардың ықпал жасап, шаруашылық саласында, олардың арасындағы өзара қатынастарда дами бастағанын көрсетті. Ұйымдастыру ісіндегі, жүргізу тәсіліндегі, мәліметтерді өндеудегі жекелеген кемшіліктеріне қарамастан, 1897 жылғы жалпыға бірдей халық санағының орасан зор ғылыми-практикалық маңызы болды, қоғам тіршілігінің негізгі параметрлерін анықтап, қазақ ауылның экономикалық томаға-тұйықтығын күрретті, кең-байтак өлкеде отаршылдық төртіптерді одан өрі нығайтып, орналасу тығыздығының тұрғындар құрамы жөнінен өте ала-құла екенін ескере отырып, халықтың келімсек контингентін одан өрі орналастыру жөніндегі үкімет жоспарларын женілдettі.

## 2. ҚАЗАҚ АУЫЛЫ

1867-1868 жылдардағы реформа номадтардың әлеуметтік-экономикалық өмірінің бүкіл қалпын өзгертіп, олардың қоғамдық құрылымындағы



Көш. Суретші Н.Г. Хлудовтың картинасы  
(ҚР Мемлекеттік Орталық мұражайының қорынан).

салт-дәстүрлері мен өзара қатынастары жүйесіне үлкен өзгерістер енгізді. Құқықтық қысымдарға ұшырап, мұліктік жағдайы әлсіреген бұрынғы Шыңғыс ұрпақтарынан тараған ақсүйектерді «қара сүйектен» шығып, байып алған мал өсірушілер ығыстырып шығарды.

Әлеуметтік сараландың тереңдеуі үрдісінде малды көбінесе рынок мұқтаждары үшін өсірген жаңа байлар сұлтандарды болыс басқарушылығынан ерекше күш-жігер жұмсамай-ақ ығыстырып отырды, сөйтіп Шыңғыс ұрпақтарының өткендегі және бұрынғы күш-куатының көлеңкесі ретінде сұлтандар екінші қатарға кетті.

Алайда ауыл қоғамының ғұрыптары күштірек болып шықты, сөйтіп қазақ ауылына капитализмнің өсер етуі жағдайларында бір ру бөлімшесінің өкілдері «бір-бірімен өрқашанда аса тату тұрды» және қажет болған жағдайда бір-біріне көмектесіп отырды, айтар болсақ, мұның өзі қазактардың көшпелі өмірінің өзіндік ерекшелігін үстіртін түсінетін же келеген зерттеушілердің оларда бейнебір таптық жіктеліс болған жоқ деген сынаржак қорытындыға келуіне себеп болды.

Ауылдың қоғамдық өмірінде «руаралық қырқыстар мектебінен» өткен болыс басқарушылары, жаңа отаршылдық өкімшілік өкілдерінің рөлі басым болды. «...Барлық қоғамдық істерде басым болу...»<sup>38</sup> болыс басқарушысының қызметіне үміткерлерді ықпалды ру билеушілерін сатып алуға малды және өр түрлі тарту-таралғыларды аямауға итермеледі.

«Дала телеграфы – ұзынқұлактың» қандай да болсын «хабарды» жедел таратқаны сонша, ауыл старшындары мен уезд басқармасы арасындағы аралық буын ретіндегі болыс басқарушылары жалпы жүртқа мәлім әрналарды

пайдалану арқылы «ұлкен бастықтардың» келуі жөнінде алдын-ала хабар таратып, жаңа дәуір жағдайларына бейімделуімен қоғамдық пікірді өз пайдасына бұрып үлгіретін еді. «Ұлкен бастықтар келер алдында, ол ешбір күтпеген жағдайда болмайды... басқарушы уақытша өзгеріп шыға келеді, өзінің шапанын шешіп, зауряд-хорунжийдің (фельдфебель) ғажайып костюмін киеді, өзінің кереует-тағын шығарып тастап, оны аса үйреншікті емес еуропа жиһазымен ауыстырады, хатшыларының есін жиғызып, шарап, оның басытқысын... сатып алады... бастықты қарсы алады»,<sup>39</sup> — деп Торғай облысының қазактары туралы тамаша еңбектің авторы И. Хохлов өз өсерлерін осылайша жазады, оның байқампаздығын мойындау қын.

Барған сайын жетіліп келе жатқан ауылдың өлеуметтік өмірі көріністерінің бірі «атқамінерлер» дейтіндер рөлінің өсе түсуі болды, ал басқаша мағынада алғанда көшпелілерде қоғам иглілігі көп жағынан солардың іскерлік ынтаҗігеріне байланысты болған ықпалды және «құрметті қазактар» осылай атала басталды. Болыстардың беделі немесе «бет-бейнесі» сайлау кезінде саяси үгітке қызу араласатын атқамінерлерге байланысты болды, олар далалық лоббизмнің өзінше бір көрінісі бола отырып, белгілі бір үміткердің табысын едәуір анықтап берді. Олар бір үміткерден екіншісіне ауысқанда сөзсіз құрметке және алуан түрлі меймандастыққа бөленді, «өзін аса бақытты адам деп сезініп, күнін ет жеп қымыз ішумен өткізді».<sup>40</sup>

Дала тұрғынының бүкіл өмірі мал шаруашылығының жай-күйіне байланысты еді, ол кедейлер үшін тіршілік, ал ауқаттылар үшін байлық көзі бола отырып, номадтардың көпшілік бөлігі үшін тірліктің ең маңыздысы болды: олар тамақ атаулының бөрін – жас ет, кептірілген және ысталған ет (сүр ет), сондай-ақ, сүт өнімдерін – тұркі тілдес этностар арасында кең таралған сүйікті суын қымыз, айран, құрт пен ірімшік, киім – тон, малақай тігетін елтірі, киіз, текеметке дейін малдан алып отырды.<sup>41</sup>

Сол дәуірдегі басылып шыққан мәліметтер бойынша ауылдарда жан басына шаққандағы сүт өнімдерінің орташа тұтыну нормаларын анықтау қын емес:<sup>42</sup>

Уездер	Қымыз	Сүт	барлығы	ірімшік
Ақмола	5,5 шелек	37,7 шелек	43,2 шелек	30
Атбасар	11,7	82,7	94,4	15
Көкшетау	17,4	19,5	36,9	31
Қостанай	–	–	–	–

Экономикалық ықпал ету тұтқасы ретінде мал шаруашылығы номадтардың отбасы-некелік өмірінде де аса маңызды болды, жас жұбайлардың некеге тұруының сөзсіз атрибуты болған бүкіл қалың тек қана малмен төленді: бай қалың малдың көлемі – 100 байталға дейін жетті; орта дәүлеттілер үшін – 77, 67, 47, 37 және 27 байтал болды. Торғай облысы қазактарының тұрмысын зерттеген В.Юзефо жоғарыда аталған нормалардан төмен «қалың мал болмайды» деп хабарлаған.

Шариғат ережелері бойынша әрбір мұсылмандың төрт әйелге дейін алуға құқығы болды; бірқатар бай дәүлеттілер 3 әйел алды, кең таралған неке одағы – екі әйелден, малы жок кедейлерде – бір әйелден тұрды.<sup>43</sup>

Бұл орайда, шариғатқа сәйкес, бірнеше әйелі бар адамдар олардың өрқайсысын жеке киіз үймен қамтамасыз етуге тиіс еді; дәстүр бойынша

ұлken өйелі – бәйбіше қожайынға неғұрлым жақын жағдайда деп танылды; тіпті осы ретте де бәйбіше мен тоқалдар (қалған өйелдер) арасындағы өзара қатынастар сыйластық қалпында қала берді. Үй ішінде тыныштық орнату (шаңырақтан шу шықпас) үшін көп өйелді отбасы қожайының бір ғана даудыс көтеруі немесе салқын көзқарасы жетіп жататын еді.

Дала халқының күнделікті өмірінде малдың маңызының аса зор болғаны сонша, ауыл тұрғындары кездесіп бір-бірімен амандасқанда ең алдымен мал жайын сұрап, «мал-жан аман ба?» дейтін және қанағаттанарлық жауап алғаннан кейін ғана басқа: «бала-шаға аман ба?» деген сұрап қоятын; содан соң ізетпен: «ат-көлік аман ба?» деп сұрайтын.<sup>44</sup> Нак сол М.Хохлов былай дейді: «...көп кешікпей жертөлеге Шүкіrbайдың (ол қонақта болған қожайын) көршілері бірінен кейін бірі кіріп, кебістері мен малақайларын шешті, сөкіге шығып отырып, менен бастап жұрттың бәрімен дағдылы «аман ба?» деген сөзді айтып, амандасты... Келген адам ең алдымен малдың амандығын, сонан соң барып қана адамдардың амандығын сұрады. Осының бәріне қожайын «Аллаға шүкір», яғни құдай жарылқасын деп жауап қайтарды»,<sup>45</sup> – демек барлық жағдайларда мал бірінші орында тұрған. Шексіз-шетсіз дала кеңістігі, санақ кезінде мал иелерінің шаңырақ алымының көбеюінен құтылу үшін малының шын санын жасырып қалуға тырысуы, оның табиғи-географиялық көрсеткіштерінің өзіндік ерекшелігі себепті малдың саны жөнінде дәл есеп алушы қыннатты. Онтүстікегі екі облыспен: Жетісу облысы (облысқа Солтүстік Қырғызстанның аумағы да қараған) Сырдария (Орталық Азияның бірнеше уездерін қамтыған) облыстармен салыстырғанда далалық төрт облыста мал санының басым болғанына күмән жок, аталған екі облыстағы мал саны көрінеу төмендетіліп көрсетілген, мұның өзі сол кездегі Қазақстан көлеміндегі аумақтық иеліктердегі мал санының қорытындысын шығаруды едөуір қыннатады. Әр түрлі аймақтар бойынша және әр түрлі уақыт аралығындағы мал санының дәл көрсетілмеуі, оның үстіне сол кезендегі статистика мәліметтерінің жалпы қанағаттанғысыз жағдайда болуы себепті өлке көлеміндегі мал басының нақты санын анықтау мүмкін емес. Оған «малды дәл санап шыққан жағдайда», оның үстіне малдың шын санын бөгде адамға, нак сол санақ жөніндегі шенеунікке ашып айту аталған табынды өлім-жітімге ұшыратып, олар едөуір азайып кетуі мүмкін дегенге қатты сенетін малшылардың соқыр сенімі едөуір дәрежеде себепші болды. Мұндай ырым қазактарда, өсіресе өте ауқатты қазактарда өз шаруашылығының шын жай-күйін жасыру, сұраған кезде нақтысынан санын сөзсіз азайып көрсету ниетін туғызды, ал жұт, апатты жылдар, табиғи қолайсыздықтар кезінде олар мөлшерін шын мәніндегіден әркашанда асыра көрсетіп отырды деуге болады,<sup>46</sup> сондықтан да көрсетілген деректерді нақтысынан аз деп, ал әр түрлі қын жағдайлардағы өлім-жітімді біршама асыра көрсетілген деп ұғу керек. Семей облысы бойынша 1888 жылы отырықшы тұрғындарда түйе – 427 (1887 жылғыдан 81-і бас көп), жылқы – 57 293 (3610 бас көп), ірі қара – 33 336 (1770 бас көп), қой – 40 862 (5447 бас көп); көшпелілерде түйе – 62580 (1887 жылмен салыстырғанда 4080 бас көп), жылқы – 447 789 (6176 бас көп), ірі қара – 203 766 (44 851 бас көп) және қой – 201 170 (46 957 бас көп);<sup>47</sup> Торғай облысы бойынша 1891 жылы жылқы – 717 588, ірі қара – 395 435, түйе - 141 142, қой – 1 975 445, ешкі – 126 138;<sup>48</sup> Жетісу облысы бойынша (1897 жылғы деректер) жылқы – 85 000, өгіз – 180 000, сиыр – 290 000, бұзау – 152 000, түйе – 69 000, қой – шамамен 5 000 000, ешкі – 512 000, яктар – 785, қашыр – 3356, шошқа – 28 500, барлығы 7 милли-

оннан астам мал басы болған. Жетісу облысының көшпелілеріндегі мал саны 6–7 миллиондай болған деген көрсеткішті қабылдауға болады.<sup>49</sup> Сырдария облысы бойынша жылқы – 644 945 бас, сиыр – 6 333 929, қазакы қой – 4 841 263, биязы жұнді қой – 79 284, түйе – 472 445, ешкі – 811 174, есек – 11 293, шошқа – 8261; барлығы – 7 727 034.<sup>50</sup> 1894 жылғы «Облыс уездеріндегі мал шаруашылығы туралы ведомостарда 6 556 344 бас деп көрсетілген (Ташкент уезі бойынша мәліметтерді қоса алғанда);<sup>51</sup> Ақмола облысы бойынша (XX ғасырдың басындағы мәліметтер) жылқы – 918 620, ірі қара – 943 714, қой – 1 371 097, ешкі – 167 301, шошқа – 65 860, түйе – 87 785, барлығы – 3 554 377 бас болған.<sup>52</sup>

Біз Қазақстанның алты облысындағы малдың жалпы саны кейбір ауытқулармен қоса алғанда кемінде 40 миллион басқа жетті деп санаймыз. Салыстыру үшін келтіре кетелік: 1871 жылы Ресейде ірі қара – 21 604 000, жылқы – 15 542 000, қой – 44 841 000, шошқа – 9 404 000, жиыны – 91 391 000; Германияда тиісінше – 15 140 000, 34 445 000, 29 841 000, 9 043 000, жиыны – 88 469 000 бас болған.<sup>53</sup> Демек, Қазақстанда өр адамға орта есеппен келетіні: түйе – 0,55, ірі қара – 1,12, жылқы – 2,83, қой – 6,41, ешкі – 0,3, жиыны 11,21; нақ сол көрсеткіштер бойынша Ресейде: ірі қара – 0,34, жылқы – 0,24, қой – 0,70, шошқа – 0,14, жиыны – 1,42; Германияда: ірі қара – 0,37, жылқы – 0,23, қой – 0,72, шошқа – 0,220, барлығы – 1,52. Сөйтіп өрбір казаққа еуропадағы өрбір адаммен салыстырғанда 8 есе көп малдан келген.<sup>54</sup> Ал егер малдың нақты санын шаңырақтар бойынша бөлсек, өр шаңыраққа: 1870 ж. – 59, 1881 ж. – 29,9, 1885 ж. – 27,0, 1890 ж. – 23,3, 1895 ж. – 23,3, 1900 ж. – 23,3 бас малдан тиеді.<sup>55</sup>

Енді бір далалық облыс – Ақмола облысының материалдарындағы отырықшы және көшпелі халықтың сараланған үлесін ескере отырып, малдың бөліну көрсеткіштерін қарайық:<sup>56</sup>

Уездер	Отырықшыларда		Көшпелілерде	
	жалпы саны	бір адамға келетіні	жалпы саны	бір адамға келетіні
Ақмола	5500	1,06	816873	6,67
Атбасар	4967	2,00	598663	9,72
Петропавл	67849	1,45	207984	3,72
Көкшетау	38754	1,25	291303	4,75
Омбы	54195	1,12	131063	3,72

Кестеден Ақмола және Атбасар уездерінің онтүстікегі көшпелі халқында – 1 415 536 бас болғаны, яғни 70%-ға жуық және бір адамға 7,7 бас мал келгені, ал солтүстікегі уездерде – 30%-ға жуық және бір адамға келетіні 4 бастан сөл асатыны көрінеді. Мал басындағы бұл айырмашылықты облыстың 2/3 көлемін алып жатқан «түгелдей дерлік» қазактар мекендейтін онтүстік уездер солтүстікке қарағанда неғұрлым кең кеңістікті алып жатуымен, ал солтүстікегі уездерде халықтың 1/2 бөлігіне жуығы отырықшы, олар үшін мал шаруашылығы екінші дәрежелі рөл атқарғанымен түсіндіруге болады.<sup>57</sup>

Алайда мал иесі жыл бойы өз байлығын малды жайып бағумен және малдың тебінде жайылуымен «қанағаттанатын», жылқы құлышы, ал сиыр шабылған шөпті білмейтін экстенсивті жайылымдық, жабайы шөпті жүйе мал шаруашылығын болжап білуге болмайтын зардаптарға ұшыратты. Қыс қатты болған жылдары малдың жаппай қырылуы орын алып отырды. «Жұт» деген

сөздің өзі-ақ мал иесінің зәре-құтын қашырды. Қыстың қатаң болып, жер бетін қалын қар мен мұздак жабуы салдарынан жұт болып, ауқатты қазактар бүкіл дерлік малын жоғалтты, ал кедейлер қайыршылыққа ұшырады.<sup>58</sup> 1879—1880 жылдарда Түркістан, Ақмола, Сырдария облыстарында 13 миллион малдың 6 миллионы, яғни жартысына жуығы қырылып қалды.<sup>59</sup> Бұл жұттың орны толтырылуы қын зардаптарының отаршылдық әкімшілікті мазасыздандырағаны сонша, 1889 жылғы 15 ақпанда Сырдария облысының губернаторы Түркістан генерал-губернаторының міндетін атқарушыға төмендегідей мәнжайларды: қазіргі қатаң қыстан таяу уақытта қандай зардаптар күтүге болады; халықтың өл-ауқатын қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қажет екенін анықтау үшін шүғыл сауалдама жіберді.<sup>60</sup> Құжаттың екінші бөлігі «егер қыс халықтың шаруашылығына жаман өсер етсе», қандай шаралар қолдану қажет және қыстың зардабы «азық-түлік пен мал азығы бағасының қымбаттауына ықпал етпей ме» деген ашық мазасызданушылықпен аяқталады.<sup>61</sup> Күтілмеген табиғи-климаттық апаттарды ескере отырып, ірі мал иелері малдың табиғи азықтануын женілдету үшін ертеден келе жатқан тебіндеп жаю дағдысын пайдаланып, малды мынадай схема бойынша жайылымға айдады: алдында «қарды ең жақсы аршитындар ретінде» жылқы, одан кейін ірі қара жүріп отырды. Ал ақырында, жылқы, ірі қара малдың тұяғымен аршылған жерлерде кой шөптің тұқылымен ғана қоректенді.

Мал шаруашылығының қажеттері қазактарды ауылдардың тығыз орналасуының қолайсыздығын ескере отырып, шағын топтар болып коныстануға мәжбүр етті. Мал жайылатын жер шектеулі таулы аудандарда екі-үш шаруашылық, далалық аудандарда 20—30 үй бір жайылымға тығылды. Мал жазғы жайылымға неғұрлым алыс айдап апарылса, ол соғұрлым конды болды; жәрменкелерде сатудан немесе айырбастаудан, әсіресе оларды көп мөлшерде сатқан кезде мол акша түсіруге болатын. Екінші жағынан, бұл жер жағдайына байланысты еді. Мысалы, Торғай облысының әр түрлі шөпке бай жайылымы басым солтүстік уездерінде қазактардың егістік жерлері болып, жазғы қоныстары қыстаудан алыстыры 20 немесе 40 ша-



Казак ауылы.

қырымнан аспады; ал жайылымы жұтаң оңтүстікте қазактар өздерінің ата қонысынан 400 және одан да көп шақырымға кететін.<sup>62</sup>

Ақтөбе және Орал уездерінде, сондай-ақ Есіл және Ертіс өнірлерінде қазактардың көп мөлшерде пішен қорын, кейбір аудандарда кем дегенде сабан өзірлеп алуға мүмкіндіктері болды. Мұның өзі кейбір дәрежеде қыскы аяздар кезеңінде малдың азыққа деген қажеттерін қанағаттандыратын еді. Қазактарда жазғы жайылымдар, мал жайлауы жөнінде негізінен қындық туындалады, әдетте олар шектеусіз бірлесіп пайдаланылды; малын өуел баста жер өз руының болғандықтан қалауынша жаятын.<sup>63</sup> Ол былай тұрсын, дәстүрлі көшіп жүретін аудандарды нашар білетін уездік басқармалардың шенеуніктері үзак іздеу арқылы, көбінесе ауыл старшындарының көмегімен, көшпелілердің қыстауларын өрен табатын, өйткені қыстаулар туралы мәліметтер жиналмады десе де болды. Мысалы, орман алқаптары басым Көкшетау уезінде қазактардың қыстауларын табу көп қындыққа соғатын.<sup>64</sup>

Қазактарға малды қыста жайып бағудан бірте-бірте шөп шабуға, пішен дайындауға көшуді өмірдің өзі үйретті. Сонымен бірге үлкен жер үлестерін алған казактар «жұмыс қолының жетіспеуі себепті аса жақсы жер үлестеріне қазактарды қыстап шығуға ғана емес, жазғы жайлауға да ықыласпен жіберіп, оларға өздерінің шабындықтарын екі жаққа пайдалы талантармен бере бастады».<sup>65</sup> Өсіресе, Ертіс өнірі, Жайық өнірі аудандарында, Есіл, Іле, Торғай өзендерінің жайылмаларында пайдалануға бай жер участеклерін алып, «тіршілік үшін ең қолайлы»<sup>66</sup> жерлерге орнығып алған казактар жерсіз қазактарды өзінің шаруашылық жұмыстарына жалдап отырды; қазактар мен казактар арасындағы тұсініспеушіліктер уездік өкімшіліктердің көп өуреге тұсірді. «Шаруаларға (коныс аударушыларға. – Ред.) бөлініп берілген шабындықтар мен жайылымдарды көшпелілердің үнемі таптап кететініне біреулерінің (казактардың. – Ред.) толассыз және көбінесе өсірелеп көрсетілген шағымдары»<sup>67</sup> – Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы ресми есебінде мойындағандай, халықтың екі тобы арасындағы өзара қатынастарды едәуір қындаатты.

Қазақ ауылшаруашылық жағдайын «Алтай таулы округінің жерлерінде» көшіп жүрген қазактардың бір бөлігінің «өз руластарымен қосылу үшін, он жағаға, сондай-ақ Сарыарқаның ішкі аймақтарына» көшуіне байланысты дүрбелен қындана түсті. 1880 жылғы 22 қазанда қазактарға Алтай таулы округінің жерлерінде көшіп жүргуге рұқсат етудің ережелері қабылданды, онда «...қазактарды Құлынды даласында (Ертіс пен Обь арасында) қалдырудың уақытша сипаты және көшпелілерді Дағы облысына біртіндеп және тыныштықпен көшіруге тиісті шаралар қолдану туралы» айтылған.<sup>68</sup>

Ертеректе қабылданғанына қарамастан, Батыс Сібір Бас басқармасының 1849 жылғы 4 наурыздағы және 1860 жылғы 23 шілдедегі ережесі мен 1867–68 және 1886–1897 жылдардағы реформалардың күші сақталып, қазактардың бұрынғысынша орманды және тұзды көлдерге жақын жерлерде консыбы болып, мал жаюына ғана емес, сонымен қатар оларға 20 шақырым қашықтықтан жақындауына да тыйым салынды,<sup>69</sup> ал Алтай таулы округінің қазактарына «егіншілікке көшіп, отырықшы қоғамдар құрған жағдайда» бұрынғы келімсек шаруалармен тең мөлшерде өркайсысына 6 сомнан оброк салығы салынды.<sup>70</sup> Мұндай жағдай мындаған қазак отбасыларын Семей облысындағы өз руластарына жақынырақ көшіп барып, жер тарлығын терендете тұсуге мәжбүр етті. Осы тұрғыда қазактардың жап-

пай егіншілікке көшуі көшпелілерді азық-тұлік өнімдерімен, мал шаруашылығын пішен корымен қамтамасыз етудегі бірден-бір балама жол болып қалды. Ауыл экономикасына барған сайын көбірек ене түскен сауда-акша қатынастары бұрынғы малшыларға артық астығын қала базарларында, дала жәрменкелерінде сату мүмкіндігін ашып берді.

Патша шенеуніктері, отаршыл жоғары өкімшілік номадтың көп укладты жүйеге көшуге «женуге қын ынтасын» көре отырып, экономиканың дербес саласы ретінде көшпелілердің егіншілікті таңдал алу мүмкіндігіне көп сене коймады. Тіпті тамаша зерттеулердің авторы И. Завалишин де қазактар «нанды өте аз жейді» деген негізben ғана бұған нигилистік көзқарас білдірді.<sup>71</sup>

Ең алдымен бір нақты шындық жөнінде - қазактардағы дәнді дақылдар егісінің бір адамға келетін мөлшері жөнінде айта кетелік; егіншілік «болмашы мөлшерде» болды және олардың өмірінде оның, айтар болсақ, отырықшы тұрғындардағы сияқты маңызы болған жоқ. Бұрынғысы сияқты, көшпелінің күнделікті тамақ рационында ет жөне сүт өнімдері басым жағдай алып отырды.

Қуандышылдықты дала кеңістіктері басым, шебі шүйгін емес өнірлерге жатқызылған топырағы құнарсыз аудандарда егіншілік күткендегідей кең таралмады. Солай бола тұрса да, егістіктерді таяудағы өзендерден, көлдерден шығыр арқылы арыққа су шығару, тағы басқа су атпа машиналарды колдану арқылы қарапайым суару жағдайында Ақмола облысының солтүстік уездерінде, Семей облысының онтүстік-шығыс аудандарында қазак егіншілігі (бидай, тары егу) тамаша нәтижелерге жетті.<sup>72</sup>

Қазактардың шаруашылық өміріндегі өзгерістер тұрғындардың жалпы санындағы көшпелілер мен отырықшы халықтың үлес салмағының аракатынасынан айқын көрінеді. 1897 жылғы санақ бойынша жалпы егіншілікпен айналысушылар мен төменде келтірілген далалық үш облыстағы мал шаруашылығымен айналысқандардың өзара үлесі Ресейдің екі уезінің деректерімен салыстырғанда былайша болып шығады:<sup>73</sup>

Облыстар	Жалпы саны мың есебімен	Егіншілікпен айналысатындар	Мал шаруашылығымен айналысатындар
Торғай	441,4	11%	89%
Семей	606,9	20%	80%
Ақмола	596,2	32,2%	67,8%
Минусинск уезі	146,1	87,5%	12,5%
Алтай	1532,8	96,3%	3,7%

Кестеге қарағанда, ең алдымен отырықшы және көшпелі халықтың өсуіндегі айырма көзге айқын көрінеді. Онда отырықшы халық көшпелі халыққа қарағанда едөуір тезірек өсіп отырады; бұл құбылыс Торғай облысында біршама айқынырақ, онда отырықшы тұрғындардың өсу қаркыны номадтардан 3,5 есе асып түседі.

Өмір біртіндеп өз дегенін істеді және жекелеген уездер жөнінде кешегі көшпелілердің егіншіліктегі табыстары айтарлықтай болды: мысалы, 1897-1901 жылдар ішінде қазактардың пайдалануында болған жерлер: Петропавл уезінде – 4 287,3 мың десятина, Омбыда – 35 260, Ақмолада – 10 493,8, Көкшетауда – 5352,4, Атбасарда – 11656, Қарқаралыда – 6899,3, Семейде – 5676,4,

Өскеменде – 43147,1, Зайсанда – 5091,8, Қостанайда – 84490, Ақтөбеде – 51836. Қазақтарда егіншілікпен айналысатын қожалықтарының саны тиісінше мынадай болды: 1 – 11 329, 2 – 6329, 3 – 18 621, 4 – 12 498, 5 – 12 837, 6 – 21 833, 7 – 17 865, 8 – 21 522, 9 – 15 069, 10 – 1777, 11 – 12474.<sup>74</sup>

Әрине, егіншілік үшін қолайлыш мүмкіндіктегі бар уездерде табиғи-географиялық жағдайлар кең жол ашып берді. Мысалы, Торғай облысына қатысты, егіс алқабының мөлшері бір ғана Қостанай уезінде «түгелдей дерлік» егіншілікке байланысты болды: 217 749 десятинадан оның үлесіне 210 408 десятина, яғни қазақтардың өндійтін жері жалпы алаңының 97 пайызына жуығы келді; негізгі егіс алабы Ақмола облысында мейлінше құнарлылығымен ерекшеленген Көкшетау уезін қамтыды, одан кейін Ақмола уезі келеді, облыстағы егістік көлемі ең азы Атбасар уезі саналды.<sup>75</sup> Жермен ең көп қамтамасыз етілген Ақмола облысының қазақтары болды, онда аттас уезде өрбір шаңырақ иесіне 378 десятинадан, Петропавлда – 906 десятинаға дейін, Атбасарда, Өскеменде – 393 десятинаға дейін келді.<sup>76</sup>

Алайда егіс алаптарының көлемі – уездердегі егіншілік дамуы деңгейінің айқындаушы факторы бола алмайды. Бұл жерлер ішінде пайдалану үшін мұлде жарамсыз, мысалы, Бетпакдағала сияқты участекер болды. Дегенменде жалпы көлемінің 30 пайызы мұлде қолайсыз деп санағаның өзінде, жері ең аз Өскемен уезінде орта есеппен алғанда қазақтарда бір шаңыраққа 150 десятинадан жер келді, мұның өзі жеке шаруашылықты қалыпты жүргізу үшін әбден жеткілікті болар еді.<sup>77</sup>

Мөселен, Торғай облысының уездері бойынша қазақ және орыс отбасыларының жеке қожалықтарына қатысты орташа деректерді салыстырар болсақ, жер коры едөуір ауқымды болған автохтондық тұрғындар қоныстанушы отбасыларынан едөуір кем түсіп отырған: 1900 жылы орыс егістіктерінде пүт есебімен алғанда 184 451 пүт дәнді дақыл, қазақтарда – 371 297 пүт себілген және орыс халқының бір отбасына орта есеппен 30,3 пүт дәнді дақыл егілген, ал қазақтарда ол 5,3 пүт.<sup>78</sup>

Қазақ егіншілігінің тез дамыған ошактарының бірі Жетісу болды. Егіншілік Жаркент уезіне тез қарқынмен тарапталды, 1883 жылдан кейін патша үкіметі уезд аумағынан бірде-бір десятина жер алмаған еді, Верный уезінен қазақтардың егіс егу қарқынының баяулығы байқалды, мұнда алаптың 25%-ынан астамын өкімшілік казак станицалары, шаруалардың поселкелері және басқа максаттар үшін алып қойған болатын, ал Қапал және Лепсі уездерінде жер көлемінің 5%-ы ғана тартып алынып, қазақтардың егіншілікпен шұғылдануының көлемі де соған сай келді.<sup>79</sup>

Сонымен қатар, бұрын қазақ ауылы қауымдарының меншігі болған Іле, Шу, Үстықкөл, Қаратал, және Қөксу алқаптарындағы, сондай-ақ Алатай, Тарбағатай жоталарының етегіндегі мейлінше құнарлы жерлер орыс-украин шаруа қожалықтарының қолдарында шоғырландырылуының айқын фактісін атап өту керек.

Тұтас алғанда, қазақ ауылы туралы тақырыпты аяқтай келгенде, ауыл қауымының әлеуметтік және мұліктік саралануын терендете түсуге капитализмнің кеңейе дамуының объективті ықпал жасағанын атап көрсету керек. Бір жағынан, оны, «табиғи қорек көзіне» негізделген, тоқыраудағы мал шаруашылығы күйреуінің нәтижесі деп қарастырған жөн, ал екінші жағынан, жаппай отырықшылыққа көшу шаруашылықтың дәстүрлі нысаны – сан миллиондаған көшпелілер өмірінің мағынасын, ғұрыпта-

рын, тіршілік ету қалпын бұрынғысынша айқындал келген және XX ғасырдың 20-жылдарына дейін жергілікті экономиканың алуан түрлі нысандарын жасаған мал шаруашылығын екінші қатарға ығыстырып тастай алмады. Қазақ өмірінде шаруашылық жүргізудің мына нысандары орын алды.

1 – бірыңғай «таза» көшпелі мал шаруашылығы; 2 – отырықшы егін шаруашылығы; 3 – көшпелі, бірақ қысқа арнап шөп шабу және егіншілік көсібімен ұштастырылған мал шаруашылығы; 4 – егіншілікті-мал шаруашылығы, шаруашылықтың бұл қосарлы түрінің біріншісі басым болды; 5 – шөп шабатын, жартылай отырықшы мал шаруашылық нысаны.<sup>80</sup>

Сонымен, қазақ ауылы тұрғындарын өнімдерді жәрменкелерде, қала базарларында сатып алу және сатудың рыноктық принципінің элементтері бар егіншілік экономикасына тұрлаулы тартудың объективті үрдісі туралы деректерді пайдалана отырып, XIX ғасырдың аяғына дейін томаға-тұйық экстенсивті мал шаруашылығының түпкілікті күйрекені туралы қорытынды жасауға болады.

Шаруашылық өмірдегі жіктеліс мал шаруашылығы құрылымын терең қамтып, Шыңғыс ұрпактарын шаруашылық және саяси саладан біржола ығыстырып шығаруда «қара сүйектен» шыққан жаңа байлардың қолына нақты тұтқалар ұстартты, бірте-бірте алыпсатарлар тобының қалыптасуы үшін негізді кеңейтіп, малы аз қатардағы кедейлерді күйзеліске ұшыратты, олар тіршілікті қамтамасыз етудің жаңа көздерін іздең, жалдама жұмысшылар табына айналды, қала халқының санын толықтырды, жатақтар тобын құрды.

### 3. ЖАТАҚТАР

Ең алдымен, жатақтарға жаңа әлеуметтік санат ретінде сипаттама беру керек. Жатақтар – кедейленген, жазғы жайлауға көшу кезінде тіршілік ету және көшіп-қону құралдарынан айырылған, өз отбасын жалдама (негізінен маусымдық) еңбекпен асыраған немесе отырықшылық-шаруашылық өзгерістердің ықпалымен мал бағудан егін егуге көшкен малшы қазақтардың бөлігі.<sup>81</sup> Бұл құбылысты тұнғыш зерттеуші Е.Б.Бекмаханов неғұрлым нақты сипаттама берген.<sup>82</sup> XIX ғасырдың 80-жылдарында-ак көрнекті зерттеуші Г.Н.Потанин жатақтардың әлеуметтік мағынасына өз көзқарасын былай деп баяндаған: «Жатақ сөзі, – деп жазған саяхатшы ғалым, – «жату» деген етістіктен шығады. Демек, дәл мағынасында алғанда, жатақ «жатушы» дегенді білдіреді, қазақтар оларды малы індептерден қырылған және дала өнірінде көшіп жүретін ешнәрсесі қалмай, бір жерде тұрактануға тұра келетін қазақтардың жатақтарға айналатыны себепті осылай атаған».<sup>83</sup> Біз «Қазақ-орыс сөздігінен» неғұрлым тар түсінік табамыз: «Жатақ – қонатын жер, үңгір, отырықшы халық, кедейлер көшіп-қонатын құралдары, малы болмағандықтан жайлауға шықпаған»,<sup>84</sup> ал «Орыс-қазақ сөздігінің» өнделген, толықтырылған басылымында – шетке көсіп іздең кетуші «маусым уақытында қалаға барып жұмыс істеп (табыс тауып) қайтатын шаруа»<sup>85</sup> деген анықтама берілген.

**Жатақ болудың себептері.** Ең алдымен, көптеген мұрағат мәліметтерінің дәлелдейтініндей, бірқатар қазақ шаруашылықтарының «мұліктік жағынан күйзелуі», негізінен алғанда үй малынан айырылу болып табылады. Жұттардың, далада ара-тұра қайталанып отыратын мал ауруларының салдарынан

малдың қырылып көптеген шаңырақ иелері кедейленіп, өздерінің бай ағайындарына экономикалық тәуелділікке түсken. Мәселе мынада: қыс кезінде өз табындарын азықтандыру үшін көшпелі қазақтардың көпшілік бөлігі ешқандай мал азығы қорларын жасамай, өте көп табындарын далада жайған,<sup>86</sup> онда мал өзіне азықты қарастынан аршып алған. Қыс тым ұзакқа созылып, қалың қар немесе мұздак малды аяғымен жаюға мүмкіндік бермей қазақтар көп ма-лынан айырылған. «...Қырылған мал, өсіреке қой қыстауларда үйіліп жатты және оларды жерге көму немесе, қазақтардың айтқанында, өртеп жіберу мүмкін болмады», — деп Сібір қазақтары облысында өскери губернатор міндетін атқарушы шенеунік жұттың зардалтарын 1857 жылдың мамырында осылайша суреттеген.<sup>87</sup>

Сонымен, азықтың болмауынан малдың өлім-жітімі, ауыл қауымының әлеуметтік сарапануының терендей түсуі - осының бәрі жинақтап алғанда кедейленген шаруа-жатақтар санының өсуін анықтап берді. Жұт кейде қоныс аударушы шаруалардың егін шаруашылығына да ауыр өсер етті, өйткені көшпелілер жаңа қоныстанушыларды егіншілік көсібіне қажетті күш-көлік - өгіз, аттармен жабдықтап отыратын. Күйзелген қазақтардың көп бөлігі егіншілікке ауысты. Бұған «қазақтарды егіншілік еңбекке бай-қатпай үйрете отырып... оларға өкімшілік қадағалауды жартылай отырықшы қоныстар құру арқылы жеңілдетуге» үмтүлған үкіметтің өкімшілік шаралары объективтік түрде себепші болды.<sup>88</sup> 1808 жылғы 23 мамырдың өзінде-ак үкімет Орынбор шебінің бойында көшіп жүретін «малсыз» кедей қазақтарды жайғастыру туралы шешім қабылдаған болатын. Ол көшпелі қазақтардың ең кедей топтарын тіршілік құралдарымен қамтамасыз етуді қарастырды, оларды «көшіп келген қоныстанушылармен тең орналастыруға» мүмкіндік берді; «казақтарды қабылдайтын селоларға қосымша жер бөліп беруге рұқсат...» етілді.<sup>89</sup>

Қазақтардың бір бөлігін отырықшылыққа көшіру жөніндегі үкімет шараларының ең алдымен саяси мақсаттар көздегені күмәнсіз. Әскери-казак шептері мен округтік өкімшілік бакылап отыруға қын орасан кең дала кеңістіктеріндегі қазақтардың дәстүрлі көшіп жүруі көшпелілерді «ауыздықтаудың» қындығын көрсетті және өскери шептерге жақын жерде қазақтарға арналған егіншілік ошақтарын құрудың тиімділігіне отаршыл биліктің көзін жеткізді. Алайда көшпелілердің жайылымдық алаптарын үкіметтік отарлаудың барған сайын өсе түсken ауқымы, қазақ жерлерін мемлекеттік меншік деп жариялау (1868 жылғы 21 қазандағы Дағы облыстарын басқару туралы уақытша ереженің 210-тармағы) дәстүрлі мал шаруашылығының қалыпты жұмыс істеуі үшін тәндірілетін қатерді жыл өткен сайын күшейтті. Ал қоныс аударушыларды жайғастыру жөніндегі комиссия даланың автохтондық мекендеушілерінің мұдделерімен санаспады. «Қазақтар арасында мұндай жерлерді қолдан шығармай, өздері үшін тұракты қоныс құра алатын жатақтар саны басым болса да, қоныс аударушылар жақсы жерлерге жайғасып алып, мұндай жерлерді қолдан шығармай отырғандығы»<sup>90</sup> ақырат еді.

Отаршылдық өкімшіліктің ішкі губерниялардан шаруаларды, Сібірден, Орынбор маңынан казақтарды қоныс аудару жолымен «астық өнімдерін өндіретін жаңа экономикалық орталықтар» құруға үмтүлышы ауыл қауымы жер қорының тарылуына өкеп соқты. Жатақтардың мал шаруашылығымен ғана емес, сонымен қатар егіншілікпен де айналысу мүмкіндігін шектеді. Оның үстіне өлкенің жоғары өкімшілігі күйзелген кедей жатақ-

тарға жер үлестерінің бөлінуіне кейде теріс көзқараста болды. Тұркістан өлкесінің генерал-губернаторы граф Сухтелен қазактар арасындағы диканшылықты көтермелеге зиянды деп санады және олардың жаңа участкерге қоныстануына тыйым салып отырды.

Орынбор өлкесі қазақтарының өмірі туралы белгілі еңбектің авторы И.Ф. Бларамберг қазақтардың егіншілікке аудиесі туралы теріс пікірлер айтты. «Қазақ халқының ол ескі дәстүрлі тіршілігіне адал кезінде, яғни ол егінші емес, қайта малшы болған кезде ғана пайдалы болатынына күмән жок», — деп жазды автор.<sup>91</sup> Жекелеген зерттеушілер жалпы алғанда көшпеліні барлық қажетті тамақ өнімдерімен мал шаруашылығының қамтамасыз етіп келгеніне байланысты жатақтардың егіншілікті шаруашылық жүргізу нысаны ретінде тандап алуына күдік келтірді және қазақтарды егіншілік рыногына тарту мүмкіндігіне сенбеді: «...әлбетте, қазақтар егіншілікке бейім емес, белгілі себептер бойынша нанды өте аз жейді. Олардың жалпы тамағы қой, жылқы етінен, сүттен, ірімшіктен, қымыздан тұрады.

Оның үстінен осындай күшті тамактан кейін оларға нанның керегі не?... Қазақ нанды тегін де алмайды», — деп жазды И.И. Завалишин.<sup>92</sup>

Бірақ өмір өз дегенін істеді. Қазақ ауылдының экономикасына тауар-ақша қатынастарының енуі, малшылардың бірте-бірте күйзелуі және малы жок қазақтар санының көбеюі егіншілікті олардың күнделікті мұқтаждарын астықпен қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар астықтың бір бөлігін қала базарында сататын, шаруашылықтың неғұрлым пайдалы нысанына айналдырыды. Ақмола облысының Көкшетау, Атбасар уездері бойынша деректерді келтірейік: 1901 жылдың наурызында аталған уездерде жатақтардың 2222 қожалығы ресми түрде тіркелген және жатақтар жағдайындағы ресми тіркелмеген кедейлердің 2880 қожалығы есепке алынған.<sup>93</sup> Егер әрбір шаңыракта орта есеппен алғанда еркектер мен өйелдерден 5 адам болған деп санасақ, барлығы 11 110 жатақ болып шығады. Бұл мөлшерге ресми тіркелмеген шаңырактардың жартысын қосу арқылы 19310 адам екенін, көшпелі халықтың жалпы санында жатақтардың үлес салмағының едөуір екенін анықтаймыз.

Жатақтар егіншілікпен қатар Орынбор, Ташкент және Сібір магистралдары құрылышының маусымдық жұмысына да қатыса бастады. Жатақтар өз мойнына жұмыстың ең ауыры, әр түрлі құрылыш материалдарын тасымалдауды алды: «Бәріне дағыланған қазақтардан басқа өздерінің сенімді көлігі түйелерімен және өгіздерімен бұл материалдарды, әсіресе күн күйдірген дала да ыстық жаз кезінде тасуды, әрине, басқа ешкім қолға алмайды...».<sup>94</sup> Оның үстінен жалдама жұмысшылардың көп бөлігін жатақтар құрағанын мұрағат материалдары да, баспасөз материалдары да растап отыр.<sup>95</sup>

Барлық жер қазу жұмыстарын атқарған жатақтар орыс жұмысшыларымен салыстырғанда мейлінше тәмен ақы, кейде 10–20 тыын ғана алатын (орташа күндік табыс 40–60 тыын болатын).<sup>96</sup> Солай бола тұрса да, қазақ жатақтарын Қазақстандағы алғашқы темір жол желілері құрылышына тарту техникалық және жалпы өндірістік тәжрибе алу, қазақ ауылдының томаға-түйік қалпын күйрету, жатақтарды натуралды шаруашылықтан жаппай қол үздіру үшін өте маңызды болып шықты. «Воскресенье темір жолын (Павлодар уезі) салудың арзандығының өзі көбінесе оны салу кезінде жұмысшылардың көп бөлігі қазақтар болғанынан», — деп хабарлаған өз оқырмандарына «Тургайская газетаның» тілшісі.<sup>97</sup> Сонымен бірге табиғат апатынан шаруашылығы қатты

күйзелген жатақтардың бір бөлігі орыс селоларына, казак станицаларына барып жалданып еңбек етіп табыс тауып жүрді. Мысалы, Ертіс өнірінің казактары қоныс аудару басқармасынан үлкен жер үлестерін алғып, өз шаруашылығын «толық көлемінде» дамытуға жұмыс қолының жетіспеуі себепті мүмкіндігі болмай, шабындықтарының үлкен бөлігін қазақтарға, екі жаққа тиімді талаптармен беріп, қыстап шығу ғана емес, жазда жайлауға да ықыласпен «жібере» бастаған.<sup>98</sup> Қазақ жатақтары Орталық Азиядан келген саудагерлермен бірге сауда «слободкасы» деп аталағы кеткен «жартылай отырықшы қоныстар» құра бастайды.<sup>99</sup>

Қалаларға жақын жерге ірге тепкен қазақтар арасынан ауқатты адамдар да жиі кездесті, олардың «тұрмысы түзеліп, жақсы үй салып алды, отбасылық өмірінде көп жағынан қала өмірінің талғамына еліктеді».<sup>100</sup>

Қазақ кедейлерінің көпшілік бөлігі тіршілік құралдарын іздең, қалалық қоныстарға барды және кейіннен жергілікті жұмысшы табының қалыптасу мен өсу көздерінің біріне айналды. Мысалы, 1876, 1877, 1878 жылдарда Көкшетау округі бойынша ғана болыс басқарушылары ауылдан табыс іздең шетке кетуге 236 «босату» билетін берген.<sup>101</sup>

Табыс іздең кеткендерге 1887 жылдың ішінде берілген билеттер саны шетке көсіп іздең кетушілердің ауқымын көрсетеді, олар: Өскемен уезі бойынша – 7028, Семейде – 6728, Зайсанда – 706, Павлодарда – 2036, Қарқаралыда – 3536.<sup>102</sup> 1895 жылы болыс басқарушылары берген паспорттар (билеттер): Өскемен уезі бойынша - 7450, Семейде – 7156, Павлодарда – 2684, Зайсанда – 1012, Қарқаралыда – 4438.<sup>103</sup> Он жылға жуық мерзімде берілген билеттердің санындағы айырма 3346 болды. Біз келтірген мәліметтер шетке көсіп іздең кетушілер деңгейін дөл көрсетпейді. Өйткені, көбінесе қазақтар табыс табуға паспортсыз кететін, мұның өзі оларды тіркеу мен есепке алуды қындалтты.

Мұрағат деректері бойынша көшпелілердің жалпы санындағы жатақтардың үлес салмағын (шамамен) анықтауға болады: мысалы, 1901 жылғы деректер бойынша Көкшетау уезінде жатақтар – 4,6%, Атбасар уезінің солтүстік болыстарында – 5,3%, онтүстік уездерінде – 7,9% болған.<sup>104</sup> Өкінішке қарай, қала халқының санағы бойынша материалдарда қалаға «көсіп іздең» келген жатақтардың саны туралы мәліметтер өте сирек кездеседі, мұның өзі оларды қала халқының есебіне алуды қындалатады.

Тұтас алғанда, жатақтар қазақ ауыларының қоғамдық-таптық құрылымындағы ерекше әлеуметтік жік ретінде қалыптасты. Ол мал шаруашылығының шаруашылық саралануының терендеуіне себепші болды; оларды отарлық Қазақстан дамуының құрделі жағдайларында ауыл қоғамын орыс-казак селоларымен және қалалармен байланыстыратын делдал ретінде қарастыру керек, ал Қазақстанның экономикасы капиталистік қатынастардың ішінәра енуіне байланысты объективті факторлармен катар, көп ұлтты империяның шаруашылық жүйесіне жасанды жолмен телінген еді. Метрополияның аграрлық-коныстандырушылық саясатын жүзеге асыру мақсатымен даланың байырғы мекендеушілерінің шабындық-жайылымдық алаптары қоныс аудару корына алынып қана қойған жок, сонымен катар онша жарамды емес участкерге ығыстырып шығарылған жатақтардың онсыз да қын жағдайын едәуір дәрежеде асқындыра түсті, дегенмен объективті тұрғыдан алғанда Қазақстанның Ресейдің сауда-экономикалық рыногына тартуға белгілі дәрежеде себепші болды.<sup>105</sup>

Өкінішке қарай, жатақтар туралы мәліметтердің үздік-создық болуы бұл әлеуметтік топтың санын жылдар бойынша дәл анықтауға мүмкіндік бермейді, мұның өзі 1897 жылғы жалпыға бірдей санақ материалдарында анық деректердің болмауына ғана емес, сонымен қатар оларды өндірістік қызметке тартудың уақытша, дұрысырақ айтқанда, маусымдық сипаты себепті халықтың бұл санатын «санактық нұсқаулар» бір күндік және басқа да нысадар арқылы тіркеудің қындығына да байланысты. Бұл арада орыстың аса көрнекті ойшылы В.И.Лениннің «шетке көсіп ізден кетушілердің белгілі бір бөлігі... қалалардың нақты халқы қатарында тіркеледі... Бірақ бір бөлігі ғана, өйткені бұл халықтың кезбөлік сипаты жағдайында оны жекелеген тұракты орталықтардың санағында есепке алу қын; сонымен қатар, халық санағы әдетте қыста жүргізіледі, ал көсіп ізденген жұмысшылардың ең көп бөлігі үйінен қөктемде кетеді» деген сөздерін келтіре кеткен орынды.<sup>106</sup>

Егер жатақтардың (аталған жағдайлармен қатар) тау-кен, кен өндіруші және көмір (Шығыс, Орталық, Солтүстік Қазақстанның) өнеркәсібіне жаппай кетуі нақ қөктемгі айларға келетінін ескеретін болсақ, кең-байтақ дала аймағындағы сол кезеңдегі өмір шындығын көзге елестету үшін бұл қағиданың маңызы айқын болады.

#### 4. ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАР ДЕРЕВНЯСЫ

Қазақстанның қоныс аударушылар деревняларындағы шаруа қожалығы бірқатар себептерге – пайда болған жеріне, уақытына, құрылу жағдайларына және басқаларына байланысты негізгі құрылымдары бойынша, тіпті нақты алынған аймақтың өзінде де бір-бірінен ерекшеленді. Оның ең дағдылы белгілері мен даму сарындарын анықтау үшін неғұрлым объективті көрініс беруге мүмкіндік туғызатын азды-көпті анық деректер келтіру өбден орынды. Осындай деректер ретінде 1898–1910 жылдардағы Ақмола және Семей облыстарын зерттеу жөніндегі экспедициялардың қоныс аударушылар селоларын зерттеудегі мәліметтері пайдаланылды.<sup>107</sup> Тек жаңадан құрылған қожалықтарға ғана емес, сонымен қатар мұнда XIX ғасырдың 70–80-жылдарында да болған қожалықтарға зерттеулер жүргізілді.

Қоныс аударушылар ортасында айқын аңғарылған мұліктік сараландың болғанына күмән жок, мұның өзі шаруашылық-экономикалық негізгі топтарды бөліп көрсетудің қажеттігін туғызады. Топтау үшін өлшем ретінде бір үйге келетін егістік алабының мөлшері алынды. Бұл әрбір қожалықтың экономикалық мүмкіндіктерін едөуір толық көрсетеді. Егер Ресейде жер үлесінің мөлшері осындай көрсеткіш болса, әрбір ер азаматқа 15 десятинадан келетін қоныстандыру аудандары үшін бұл көрсеткіш, керісінше, шаруалардың экономикалық жағдайын теңестіріп жіберді. Сонымен бірге, бұл үлестегі жыртылған жер мөлшері әрбір қожайының шын мүмкіндігін көрсетті. Іс жүзінде қоныс аударушылардың жер пайдалануы өз үлесіндегі егістікті ғана емес, сонымен қатар жалға алынған жердегі егістікті де қамтыды, мұның өзі топтау кезінде осы екі көрсеткішті жинақтап алуға мәжбүр етті. Топтау мынадай шектерде жүргізілді: әрбір қожалық егістігінің мөлшері – 5 десятинаға дейін (I топ); 5–15 десятинаға

Орта есеппен I шаруашылықта	I топ	II топ	III топ	Орташа	Дисперсия
1. Қанша жыл үлесі болған	4,6	8,8	13,7	9,2	6,2
2. Еліндегі егіс көлемі	5,2	5,5	7,1	5,9	5,5
3. Еліндегі жалдаған егістігі	4,2	4,4	3,4	4	5,2
4. Еліндегі күш-көлігі	3,7	3,3	2,9	3,3	3,3
5. Көшкендегі ақшасы	99,7	127,1	79,3	108,1	127,6
6. Отбасы құрамы	5,9	6,8	6,9	6,7	1,5
7. Отбасындағы жұмыс күші	3	2,9	3,2	3	1,3
8. Егістік көлемі	3,6	8,4	12,8	8,6	4,2
9. Жалдаған егістік көлемі	0,3	1,9	6,8	2,9	4,4
10. Жалға берілгені	0,6	0,8	0,5	0,7	1,7
11. Күш көлігі саны	121,5	154,3	218,8	164,7	79,8
12. Күш көлігінің құны	121,5	154,3	218,8	164,7	79,8
13. Ірі қара саны	2,5	1,9	2,1	2,1	1,4
14. Ірі қара құны	73,4	37,9	40,5	46,5	59,5
15. А/ш саймандар құны	53,3	77	113,2	81,7	50,7
16. Соқа саны	0,9	0,9	1,4	1	0,5
17. Бидай егілгені	2,9	6,5	12,7	7,4	4,3
18. Тамаққа жұмсалғаны	140,5	160,5	264,1	184,3	78,3
19. Мал мен құска жұмсалғаны	50,5	63	109,6	73	36,9
20. Тұқымға жұмсалғаны	19,5	35	55,9	37,4	19,2
21. Салық шығыны	5,8	10	21	12,5	13,3
22. Жұмысшылар жалдау шығыны	0,8	2,6	13,5	5,2	11,9
23. Егіншіліктің жалпы кірісі	150,7	311,6	614,8	359,2	227,3
24. Мал ұстаудың жалпы кірісі	107,4	149,9	179,1	148,6	102,6
25. Кәсіпшілік кірісі	72,4	37,2	84,1	57,7	73,4
26. Жалпы кіріс	402,3	242,5	394,2	318,7	132,7
27. Жалпы шығыс	409,3	237,5	380,1	313,9	136,6

дейін (II топ); 15 және одан көп десятина (III топ). Барлық топтар бойынша алғашқы статистикалық деректерді компьютерлік өндеу жолымен талдаған кезде орта есеппен алынған бір шаруашылық есептеп шығарылды, мұның өзі қоныс аударушылар деревнясының негізгі экономикалық белгілері мен ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазақстан аумағындағы XIX–XX ғасырдың басындағы шаруалар қожалықтарына мейлінше тән көрсеткіштерді қарастыра отырып (1-кестені қараңыз), ең алдымен оның жұмыс істеуінің едәуір ұзак кезеңін атап өту керек (орта есеппен 9,2 жыл). Қожалық неғұрлым ұзак өмір сүрсе, өзінің көрсеткіштері бойынша ол соғұрлым жоғары және ауқаттырақ болған. Қоныс аударушылардың бұрынғы мекендереген жерлеріндегі жағдайларына қарағанда, олардың ең кедей топтар емес екенін айтуға болады, мұны өз егістігі мен жалға алған егістігінің де мөлшері дөлелдейді. Туған жерлеріндегі күш көлігі туралы деректер сиякты, бұл цифrlар орташа мәнінен барлық үш топ бойынша болмашы ауытқиды. Отбасы мүшелерінің саны және ондағы жұмыс күші бойынша да барлық үш топтың көрсеткіштері жақын келеді. Алғашқы капитал бойынша болмашы алшактық байқалады. Мөселен, ең көп қаржы II топта, сонан

соң I топта болған, ал содан кейін барып III топ келеді. Жер пайдалану туралы көрсеткіштерде де елеулі айырмашылық бар, олар топтан топқа біркелкі өсуді көрсетеді. «Күш көлігінің саны» сияқты маңызды көрсеткіштің топтан топқа өсуі болмашы сияқты көрінеді. Iрі қара туралы деректерді қарастырған кезде өзгеше көрініс байқалады, онда құн көрінісі жөнінен ең кедей I топтың шаруашылықтары алда тұр. Жер қатынастары жөнінен дәрменсіз, қуаты шамалы қоныс аударушылар қожалықтарының өз тіршілігін жалпы мал шаруашылығы есебінен және атап айтқанда, сүтті мал есебінен қамтамасыз етіп келгені мәлім.<sup>108</sup>

Оның есесіне ауыл шаруашылық құрал-саймандары туралы деректер іс жүзінде барлық қожалықтардың техникамен нашар жараптандырылғаны туралы айқын түсінік береді, оларда тіпті бір соқа да үнемі бола бермеген (оның үстіне, бұл жағдайда өнгіме темір түренділері сирек кездесетін, ағаш соқа жайында болып отыр). Бидай себілген жер мөлшері туралы көрсеткіш ерекше сипатымен ерекшеленеді. Далалық облыстарды зерттеу жөніндегі экспедицияның қызметкерлері бидай себілетін егістік көлемі 10–12 десятинаға жететін қожалықтарды тұракты деп санауға болатынын атап өткен. Біздің жағдайымызда мұндайларға III топтың қожалықтары ғана жатады.

Көрсеткіштердің келесі тобы шаруалар табыстарының кіріс және шығыс баптарын көрсетеді және I топтан III топқа қарай біркелкі өсім береді, мұның өзі қоныс аударушылар арасында орын алған едөуір мұліктік саралануды тағы да дәлелдейді.

Сонымен ғасырлар тоғысындағы (XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басы) Қазақстандағы қоныстанушылар қожалығы өзінің түп-тамыры жағынан едөуір біртекті, Ресей шаруаларының ең кедей емес бөлігінен шығып, мұның өзі үкіметтің сол кезеңдегі қоныстандыру саясатының сипатына толық сай келді. Бұлар қыншылықтарды жеңе отырып көшуді жүзеге асыра алатын және жаңа жердің ыңғайына тез көндігіп жайғаса алатын қожайындар болды. Мұндай жаңадан қоныс аударып келген қожайын неғұрлым ұзақ тұрса, оның шаруашылығы да соғұрлым мықты болған.

Қоныс аударушылар қожалығының басқа да зерттеущілеріне сілтеме жасайтын белгілі статистик П.П.Румянцевтің бақылауына қарағанда, қоныс аударған шаруалардың әл-ауқатының өсуі немесе құлдырауы 18–20 жылдан кейін ғана шаруашылықтың мезгіліне емес, қайта жалпы экономикалық жағдайларға байланысты болған.<sup>109</sup> Бір ғажабы, қоныстандыру кезінде ақша сомасының мөлшері шаруашылықтың қалыптасуында шешуші рөл атқармаған. Мұнда басқа факторлар және бірінші кезекте, әрбір адамның көсіпкерлік қабілеті айқындаушы болған. Алайда жаңа жерге қоныс аудару көпшілік жағдайда шаруаларға ерекше байлық әкелген жок. Мұны қожалықтардың негізгі көпшілігінің қаржы тапшылығын басынан өткізгені, яғни шыққан шығындардың кіріс бөлігінен көп болғаны көрсетеді. Тек III топ қана кірістің шығыстан кейір артық болуын көрсетті. Өзгесін күту киын болатын, өйткені қоныс аударушы шаруалар қожалығының материалдық-техникалық базасы өте әлсіз еді. Мәселен, экспедиция қызметкерлерінің пайымдауынша, тың жерлерді жырту үшін бір соқаға 4–5 пар өгіз керек болды. Бірақ көптеген қожалықтарда соқа мұлде болған жок, ал әрбір шаруашылыққа келетін күш көлігінің саны орта есеппен 6 бас малдан артпады. Шаруалардың шығаратын шығындары да назар аударады. Негізгі шығындар тамак пен киімге жұмсалған (со-

ңғысы бұл кестеге енгізілмеген). Мал мен құсты күтіп ұстауға шамамен алғанда үш есе, тұқым сатып алуға одан аз шығын шығарылған. Негізінен шаруашылық мүшелері отбасының қажеттерін қанағаттандыру үшін барлығы бірдей жұмыс істеген, өйткені қызметкерлер жалдауға қаржы жетіспеген. Өзін-өзі қамтамасыз етудің бұл жүйесін салықтар қамтыған жоқ деуге болады, олар мардымсыз болатын. Мал шаруашылығының үлесі елеулі болған жағдайда негізгі кіріс егіншіліктен түсіп отырды. Кәсіпшіліктер елеулі рөл атқарған жоқ. Бұл деректеме XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қоныс аударушылар қожалықтарында натуралды сипат басым болған деген корытынды жасауға мүмкіндік береді. Негізгі шығындарды, сондай-ақ есеп айрысуды шаруалар өнім түрінде жүргізген. Өнімдік шығындарға қарағанда акшалай шығындар 20%-дан аспаған. Егіншіліктің тауарлылығы I топта – 7,3%, II топта – 13,3%, III топта – 21% болған. Бұл егіншіліктің тауарлылығы нақ сол кезенде 12,5-тен 17,5%-ға дейін жеткен Воронеж губерниясы бойынша алынған сондай көрсеткіштерге едәуір жақын.<sup>110</sup> Сірә, акшалай шығындардың өте үлкен үлесі ауыл шаруашылығы тауарлылығының өсуіне ынталандырмаса керек және еңбекке негізгі дәлел өзін-өзі қамтамасыз ету болған.

Казакстандағы қоныс аударушылар шаруашылығы еуропалық Ресейдің шаруалар шаруашылығымен генетикалық жағынан байланысты болды. Шаруа өзі туып-өскен деревнясындағы сияқты қарапайым техниканы қолданып, жаңа жерлерге шаруашылық жүргізуудің нақ сол экстенсивті өдісін ала келді. Агроном В.П.Бушинский былай деп атап өткен: далалық жердің ынғайы «жергілікті қожайындарды шаруашылықтың қандай да бір жаңа түрлерін іздестіруге, сапалы, өнімді тұқымды себуге және өз участеклерінің жер ала-бын мүмкіндігінше жақсы пайдалануға тырысуға мәжбүр еткен жоқ... Барлық жерде дерлік жер кәсібін кең ауқымда жүргізуге өбден мүмкін болатын тыңайған шаруашылықтың ең төмен үлгісі басым болды».<sup>111</sup> Тіпті техника қолдануды үлғайтуға және жер өндеуді жақсартуға материалдық мүмкіндігі бар ауқатты қожайындардың өздері де егіс алаңын жайғана кенейтуді артық көрді. Сөйтіп, шаруаның арманы – жердің молдыры оның шаруашылығын түйікка тіреген болып шықты.



Егін орағы. Суретші Н.Г. Хлудовтың картинасы  
(КР Мемлекеттік Орталық мұражайының қорынан).

Коныс аударушылар деревнясында қолданылатын жердің бір бөлігі тыңға бос қалдырылатын егіншілік үлгісі өте қарапайым болды. Мұнда негізінен алғанда топырактың құрамы есепке алынды. Қара топыракты тың жер қатарынан 7–8 жыл өнім берді. Бастапқыда 5–6 жыл бидай, ал соңан соң 2 жыл арпа немесе сұлы себілді, одан соң жер 2–3 жылға тынығуға – «тыңға» қалдырылды. Қошқыл коныр топыракқа қатарынан 5–6 жыл (3 жыл бидай және 1–2 жыл сұлы) егілді, ал одан соң танап 6–9 жылға тыңаюға қалдырылды. Ашық коныр топырак 3 жыл пайдаланылып, 7–10 жыл тынығуға қалдырылды.<sup>112</sup> Ресей егістіктерінде сынектан өткізілген бұл өдіс Қазақстан жерінің көпшілігінде мұлде залалды болып шықты. Топырактың құнарлы жұка қабаты түгелдей дерлік «жыртылып» бұзылды. Шаруаларды қоныстандыру проблемасын ұзақ уақыт зерттеген Ә.Бекейханов Қазақстанның егіншілікті аймақтарын агрономиялық зерттеулердің материалдарын келтіріп, жерлерді шаруалардың үлестеріне үнемі «кесіп беру» қажеттігін туғызған себептерді ашып көрсетті. Ол бір кезде құнарлы болған жер он бір жыл пайдаланғаннан кейін мұлде тозып, оның топырак құрамы дағдылы сортандарға айналу көрінісін көрсеткенін мысалға келтіреді. «Шаруалар жерге неліктен астық емес, қайта арамшөп, шырмауық және т.б. басып кететінін түсінбей, жыл сайын жаксы өнім алу мақсатында асқан табандылық, қайсаrlықпен жер жыртып, дән себеді... Мұнда егіншілік кәсібін сол бағытта жалғастыра беру мұлде мүмкін емес, өйткені бұл еңбекті де, капиталды да жөнсіз ысырап ету болады».<sup>113</sup> Ақмола облысында 1896–1906 жылдар аралығында үш рет егіннің шықпай қалып, ашаршылық болуы тегін емес.<sup>114</sup> Екінші жағынан, Қазақстан жерін экстенсивті егіншілік арқылы жыртқыштықпен пайдалану болашақтағы экологиялық апаттарға бастады. Ол жөнінде ғалымдар сол кездің өзінде-ақ мәлімдеген болатын.<sup>115</sup> Ә.Бекейхановтың мына сөздері өулиелік сияқты естіледі: «Қазақ даласында шаруашылыққа табиғи жағдайлардың қысымы орасан зор және адамның құш-жігерін жұмсайтын шектеулі өріс қалады. Мұнда табиғаттың дүлей құш ұstemдігі жайлаған. Егер табиғатқа қарсы шықпай, қайта оған парасаттылықпен бейімделу керек болса, мұны шаруашылық нысанына көзқарас жөнінен қазақ даласында сактау қажет... Қазақ даласының сан ғасыртың жатқан жері тез жыртылуда, бұлай бола берсе алғашқы кездерде гүлденген егіншілік құлдыrap, тозаңы шықкан топырактың астында қалады, онда тіпті ешқандай «азыққа жаарлық» өсімдік өспей, үлкен қатерге соктырары анық».<sup>116</sup>

Мұндай жағдайда шаруалар қожалығы көбінесе құрып кету, ал оның қожайындары өліп қалу шегіне жетеді. Мәселен, Көкшетау уезінің 1890 жылы негізі қаланған Марийинка селосының тұрғындары 1893 жылы сұмдық ашаршылыққа ұшырады. Кейбіреулері 10 күн бойы тек қана тұз жалап корек етті. Басқа біреулері қайың қабығын талғажау етті: «Егер ашытып пайдаланса ештеңе емес, ал былайша жеуге болмайды» дейтін. Ашыққан шаруалар өздерінің азапты өліміне бас байладап, тіпті ағаш жоңқасын да жеген.<sup>117</sup>

Коныс аударушылар өмірінде қыын-қыстау жағдайлар жеткілікті еді және шаруаның тірі қалуына белгілі бір дәрежеде өзі мүшесі саналатын қауым кепіл болды.

Әрбір қоныс аударушылар деревнясында заң жүзінде жергілікті «қоғам» яғни қауым болуға тиіс екенін атап өткен жөн. Мұндай тәжірибелі Дала өлкесінің әкімшілік органдары ресейлік деревняның үлгісі бойынша және соған сәйкестіріп енгізді.<sup>118</sup> Бұл қауымның фискальдық сыйпатын

сактап қалу жөне іске қосу үшін істелді. Бірден айта кеткен жөн, жергілікті өкімет орындары шаруаларға бірде жерді бөлу туралы,<sup>119</sup> тағы бірде коғамдық жер жыртуды үйымдастыру туралы,<sup>120</sup> келесіде жаңа келгендеге егін егу үшін жер үлесін бөліп беру туралы<sup>121</sup> үнемі нұсқау беріп отырды.

Алайда мұкият қарағанда село қауымының дегенмен де өзіне тән ішкі зандар бойынша өмір сүріп, дамығаны көрінеді. Егер қоныс аударған шаруалар арасында қауымдық үййтқы жөне бір маңыздысы, қауымдық дәстүрлер күшті болса, қауымның басты міндегі жөне өсіресе жер пайдалануға бақылау жасау ісі бірден жүзеге асырылды. Көптеген жағдайларда Қазақстанның қоныстанушылар деревнясы үшін алғашқы кездे жер пайдаланудың басып алушылық түрі тән болды, ол бастапқы түр ретінде аграрлық қоныстандыру аудандарының бәрінде байқалды.<sup>122</sup>

Жер пайдаланудың басып алушылық нысаны жағдайында болуы мүмкін анархияға қарамастан, мұнда барлық ережелер колданылды. «Бір рет жыртылған жер оны жыртқан адамға тиесілі болады жөне оны қожайының рұқсатынсыз ешкім пайдалана алмайды». Қандай да бір жерге (жыртылғанға дейін) өтініш жасау жарамсыз деп танылады, «Әйтпесе, бұқіл даланы басып алуға болады». «Егер біреу өз егістігін айналдыра 2–3 қарық жасаса, мұндай жер енді басып алынбайды, бірақ өлдекім далада егістіктен алыста осындай қарықтар жасаса, бұған назар аударылмайды».<sup>123</sup>

Деревнялардың бір бөлігінде қауымның неғұрлым айтарлықтай құқықтары болды жөне мұнда оның өз мүшелерінің тіршілігін қамтамасыз ету үшін күресінен айқын көрінеді. Ең алдымен бұл, әрине, оларды жер пайдалануда саны жағынан теңестіруге үмтүліс. Бірақ сонымен қатар қауым ішінде жер бөлісу кезінде егістік жердің сапасы жағынан тең болуын қамтамасыз ету міндегі де тұрды. Бұған жер бөлудің қалыптасқан жүйесі жәрдемдесті: деревняның барлық халқы жүздіктерге бөлінді, содан соң бұқіл тиесілі жер белгіленген мөлшердегі «бағаналар» (үлестер) санына бөлінді. Бір жағдайда әрбір жүздік өз «бағаналарын» алып, оның ішінде әрбір ондық жеребе бойынша өз үлесін алды, ал содан соң барып ондықтар ішінде «жан басына» жеребе тасталды.<sup>124</sup> Екінші бір жағдайда жарамсыз жерлерді де тең бөлісуге тырысты. Мәселен, Коноваловское селосында бағаналар әрбір жүздікке Баганатка өзенінен бағаналардың жақыны да, алысы да тиетіндей етіп бөлінді. Ондықтар ішінде де участеклер жақыны да, алысы да тиетіндей етіп бөлісілді.<sup>125</sup> Соның нәтижесінде бір қожайынның жерлері бөлістен кейін екі жерде: деревняға жақын өзен жағасында жөне одан да алыс шетте болып шықты. Жер бөліп беру қорытындысында бұқіл егістіктің бес жерде, ал кейде жеті жерде болып шығуы да мүмкін еді.<sup>126</sup> Ресейде өте қолайсыз болған мұндай жер бөлу жүйесі Қазақстандағы қауымдық жер пайдалану үшін дағдылы іс еді. Үлестердің әр түрлі жерде орналасуы өнім басқа жерлерде шықпай қалған жағдайда тым болмаса бір үлесте мол болуына белгілі бір дәрежеде кепілдік берді. Семиполка селосының шаруалары жер бөлісу кезінде әрбір қожайынға 2 жерден үлес берді, бұл «жалпы алғанда жердің ала-құла болуы себепті, ал ең бастысы шегіртке пайда болған жағдайда жөне бүршақ жауған кездерде бір жердегі егіске тәуекелдің көп жасалуы үшін» істелді.<sup>127</sup> Жер үлесін секірмелі бөлу шаруашылық себептерінен ғана емес, сонымен қатар таза моральдық тұрғыда – «ешкімнің ренжімеуі үшін», ешкімді «өкпелетпеу» үшін деп түсіндірілді.<sup>128</sup>

Егістік участеклерінің бұлайша бытыраңқылығы есеп алуға қын болғанымен, шаруалар қауымы жердің пайдаланылуын бақылауға көп күш-жігер

жұмсады. Жер бөлінетін кезде жерді өлшеуді де, межелеуді де қадағалап отыратын арнаулы адамдар сайланды. Орыс қоныс аударушыларының арасында бұлар әдетте төрт адамнан – «сенім білдірілген» «жер старосталарынан», украиндарда бір адамнан «степовничийден» тұрды. Олардың міндеттері бөлістен кейін де жалғастырылды және жер пайдаланудың белгіленген тәртібінің сакталуын қадағалау болды, ол жөнінде қоғамға баяндап отырды.<sup>129</sup> Украина селоларында степовничийдің одан да көп құқықтары болды: айтылған жер жырту нормаларының сакталуын бақылауға қоса қоғам оған қожайындар арасында жерді бөліп беруді тапсырды.<sup>130</sup> Қауымның бірқатар мүшелері – ауқатты шаруалар бөлігі тәртіп бойынша бөлуге қарсы шықты, өйткені жерді басып алу, оның үстіне нашар реттелу олар үшін өте тиімді болатын. Жұмыс малы және мықты құрал-саймандары болған мұндай қожайын егінді көп еге алатын еді, ал екіншіден, «жұмсақ», яғни жыртылған жердің бір бөлігін өзінің қатты тың жерлерді жырта алмайтын қауымдастына сата алатын. Оның үстіне, әдетте, таңдаулы жерлер байлардың қолына тиетін. Селолықтардың негізгі бұқарасы жердің тендей әділ бөлінуін жақтады. «Ал қазір жер бөрібір иесіз, қанша керек болса, сонша бөлу керек. Жердің бөлінбеуі себепті біреулер жерді пайдаланып кетеді (яғни, жалға алады. – Ред.), кедейлерден ауқаттылар керегінше тартып алады...» деп санады Константиновское селосының тұрғындары.<sup>131</sup> Новорыбинское селосының шаруалары да қатардағы қауым мүшелерінің негізгі көңіл-күйін айтқан: «Кедейлер бөлісуге келісер еді, ал байлар оны өз қолдарына алып алған, олар жермен сауда жасайды: жерді жыртып қымбатқа сатады; анамыз – дала үлкен, ол адамдардың қажетін өтеп келеді, өтей де береді».

Жердің бөлінуін талап еткен шаруалардың негізгі бұқарасы шынына келгенде бай мен кедейдің жағдайын теңестіруді талап етіп, солар арқылы өз жағдайын жақсартуға үміттенді.

Казакстанның қоныс аударушылар деревнясында қауымның әлеуметтік міндеттері өте әлсіз болғанын мойындау керек. Шаруаның тағдыры кезкелген әкімшілік шен иелерінің еркіне тәуелді болған жаппай қоныстандыру жағдайларында қауымның жоғары тұрған органдар алдында өз мүшелерінің мұдделерін қорғаған реттері байқалмады, мұның өзі басқа аймақтардағы қауымдық ұйымдарға тән болатын.<sup>132</sup> Бұл міндеттердің әлі де қалыптаспағаны айқын, өйткені қоныстандыру жағдайларында қауымның өзі де көп ретте қалыптасу сатысында болатын. Уақыт факторы қауымның қалыптасуында да, оның тәртіптерінің орнығында да елеулі рөл атқарды.<sup>133</sup>

Казакстанның қоныс аударушылар деревнясының бастапқыда полиэтничалық тұрғыда болғанын да атап өту қажет. Әр түрлі уақыттарда мұнда орыстар, украиндар, татарлар, мордвалар, немістер, поляктар, болгарлар, эстондар және басқалар көшіп келді. Қоныстану кезінде моноэтникалық сипат мүмкіндігінше сакталды, бірақ мұнда қоныс аударушыларды орналастыру әкімшілігінің ерік-жігері, ал өз бетімен қоныстану жағдайында – бос жерлердің болуы және сол кезде тұрып жатқан селолықтарға «қосып жазылу» мүмкіндігі шешуші рөл атқарды. Шаруалардың өздері жерін жалға алған қазактардың ауылында тұрған реттері де жиі кездесті.

Сонымен XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазакстанның қоныс аударушылар деревнясы әлі де қалыптасу сатысындағы күрделі әлеуметтік-экономикалық механизм болды.

## 5. ҰЙЫРЛАР МЕН ДҮНГЕНДЕРДІҢ ҚОНЫС АУДАРУЫ. ЖЕТИСУДА ЕГІНШІЛІКТІҢ ДАМУЫ

**Ұйырлар мен дүнгендердің қоныстануы.** Жетісуда егіншіліктің дамуына XIX ғасырдың 70—90-жылдарында Шығыс Түркістаннан қоныс аударған ұйырлар мен дүнгендер бірден бір ықпал етті. Қоныстандыру екі кезенде болды. Бірінші кезенде 1877 жылы Тоқмақ ауданына (Солтүстік Қырғызстан) шэньси дүнгендерінің бір тобы келді, 1881—83 жылдары, Санкт-Петербург шартына сәйкес, Іле өлкесінен ұйырлар мен дүнгендердің негізгі көпшілігі қоныс аударды.

1884-жылдың басына қарай Жетісуда 9572 ұйыр отбасы (45373 адам) және 1147 дүнген отбасы (4682 адам) болды. Олар былайша қоныс тепті: 4477 ұйыр отбасы (19209 адам) Жаркент учаскесі шенберінде, Өсек және Шарын өзендерінің бойына, қалған көпшілік бөлегі — 5275 отбасы (26164 адам) Верный уезіне Шелек және Талғар өзендерінің аралығына орналасты, сондай-ақ Верный қаласына орын тепті.<sup>134</sup> Дүнгендер мен ұйырлардың қоныстануына байланысты Жетісудың отырықшы халқы екі есе көбейді.

Қоныстанушылардан жаңадан 5 болыс: Жаркент және Кетпен (қазіргі Панфилов ауданының аумағында), Ақсу-Шарын (Ұйыр ауданында), Малыбай (Шелек ауданында), Карасу (Еңбекшіказак ауданында) болыстары құрылды.

Дүнгендер мен ұйырлар тұтас деревня болып көшіп, жаңа орындарында қауымдар құрды, ол қауымдар не тек қана ауылдастардан құрылды, немесе «егер олар аз болса, көршілес бірнеше қыстақтың тұрғындарынан құрылды, бірақ соңғы жағдайда бұрынғы байланыс сақталып қалды: жаңа орында бір қауымға кірген өр түрлі қыстақ тұрғындары әдетте жеке елуліктер мен ондықтар құрып отырды».<sup>135</sup>

1897 жылғы санак бойынша қоныстанғандар санында дүнгендер — 14130, ұйырлар — 55 999 адам болды.

Жетісуда ең жақсы жерлер казактардың пайдасына тартып алынып қойғандықтан, ұйырлар мен дүнгендер қолдан суландырылмайынша егіншілікке онша жарамды болмаған учаскелер алды. Қоныстанудың алғашқы жылында арықтар мен негізгі каналдар қазу өте қыын болды, оның үстіне қоныстанушыларға үлесті жерлер барлық дүнгендер мен ұйырлар көшіп келгенге дейін, уақытша берілетін еді.

Облыстың село халқын жерге орналастыру жөнінде 1882 жылы Жетісү облыстық басқармасы белгілеген ережелер негізінде дүнгендер мен ұйырлар әрбір еркек адамға 10 десятинадан жер алуға тиісті еді. Алайда 1885 жылы қоныстанушыларға үлесті жер бөліп беру қолға алынған кезде, әрбір еркек адамға 4-5 десятинадан ғана жер бөлініп беріліп, 1892 жылдың 1 қантарынан бастап оброктық алым-салық салынатын болды. Қоныстанушыларға берілген жердің егін егуге екінің бірінде онша жарамды болмағанын немесе мұлдем жарамсыз болғанын айтпағанда, олар жер учаскелерін іс жүзінде одан да кемітілген нормалармен алды. Жетісудың 10 мың дүнген халқына небәрі 27 мың десятина, яғни жан басына шакқанда 3 десятинаға жетпейтін жер берілді.<sup>137</sup> Дүнген және ұйыр шаруаларының еңбекші бөлігі жермен нашар қамтамасыз етілген болып шықты.

Селодағы және қаладағы ұйыр мен дүнген халықтары өздерінің әкімшілігі, мешіті және оны басқаратын дінбасы адамы бар қауымдарға бөлінді. Жер жеке шаруашылықтар бойынша бөлінген болса да, фор-

мальды түрде ол қауымдық жер деп есептелді. Қауым ішінде жердің іс жүзінде бөлінуі туралы мәселеде патша өкіметі орындарының жұмысы бола қойған жок. Дүнген және үйғыр қауымдары жаппай кепілдік принципі бойынша халықтан салық жинау үшін отаршылдық өкімет орындарының қолындағы қолайлы құрал болды.

Үйге (тұтінге) үлесті жер бөліп берумен катар жерді әрбір ерек адамның санына қарай бөліп беру де кең қолданылды. Бай қожайындардың нактылы бар еркектерді ғана емес, тумаған балаларды ерек адам деп жазып жіберуі де аз болған жок. Сөйтіп, жер бөлісі кезінде-ақ оны пайдаланудағы тенсіздік қалыптасты; дүнгендер мен үйғырлардың бай үй иелері үлесті жердің едәуір бөлігін басып алды.<sup>138</sup> Олар өзендер мен жаңадан қазылған каналдардың жағаларындағы жаксы жер участеклерін өздері алып, кедейлерге сапасы нашар құнарсыз, өзендерден, жылғалар мен каналдардан шалғай жатқан жерлерді қалдырыды. Кедейлер озырылышқа қарсылық білдіріп, жергілікті патша өкімшілігіне шағым беруге тырысқанымен, оның бөрінің де пайдасы болмады.<sup>139</sup>

Қоныстанушылардың кедейленген бөлігі алғашқы кездерде өздеріне берілген үлесті жердің шағын участеклерін ғана игере алды. Соның нәтижесінде қауымдар ішінде өзінше бір арендалық қатынастар қалыптастып, қауымның кедей мүшелері өздерінің үлесті жерлерін немесе олардың едәуір бөлігін қауымның өлді мүшелеріне беріп отырды, ал өздері «арендаторларға» күндікші жұмысшылар (мердігерлер) ретінде өнімнің бір бөлігін алатын болып жалданды. Бұл үлесті жерлер формальды жағі нан өлі де бұрынғы иелерінің атында болып қалғанымен, іс жүзінде ола, жаңа қожайындардың толық иелігіне көшетін.

Сөйтіп, қауымдардың жоғары бай топтары, дінбасылар және дүнген, үйғыр қауымдарының селолық өкімшілігінің өкілдері қауымның көптеген мүшелерінің үлесті жерлерін өз қолдарына шоғырландырып, ірі жер иелеріне айналды. Мысалы, Жаркенттің қала халқы бөліс бойынша 734 үлесті жер алған еді, көп ұзамай олардың 622-сі немесе 80%-ы ірі өсімкор бай Юлдашевтің қолына көшті. Ол қоныстанушылардың едәуір бөлігін өзіне бағындырып, орасан зор жер иелігін өз қолына шоғырландырып алды. Су бөлуді иелену оған жер иелену «құқығын» қамтамасыз етті, өйткені село қауымдарының көпшілігінде арық қазатын қаржылары болмады. Буржуазияға айналған бұл феодал өз өрекеттерінің көпшілігін мынадай принциппен жасады: үлесті жерлерге салынатын алым-салықтың бәрін төлеуді өз мойнына алды, барлық арықтарға су жеткізіп беруге, ал кейбір жағдайларда арықтарды қазуға да міндеттенді. Үйғырлар мен дүнгендердің ең кедей бөлігі бұл қызметі үшін оған сепкен тұқымы өздерінің болған жағдайда суармалы жерден жиналған өнімнің үштен бірін, ал Юлдашев тұқым берген жағдайда жартысын беруге тиісті болды. Осындай шарттармен ол Ақкете және Жаркент болыстарында ондаған арық қаздырыды, мұның өзі оған осы аудандағы қыстақтардың көпшілігінің бағынуын қамтамасыз етті. Уезде қамбалар салынып, Юлдашевке тәуелді қауым мүшелері өз өнімдерінің жартысын соларға апарып құйды. Қожайынның мұдделерін оның «көк басы» деп аталатын малайлары қалт жібермей қорғады.<sup>140</sup>

Егін жақсы шыққан жылдары Юлдашевтің қамбаларына 200 мың пүтқа дейін астық құйылып отырды, мұның дені тауарлы астық болатын-ды. Осы аудандағы астыққа осылайша монополия орнатуы оның астық бағасын үнемі, екінің бірінде бірден 20–25%-ға қымбаттатып отыруына мүмкіндік

берді. Юлдашевпен арендалық қатынастармен байланысты болған қауымдарда су бөлүмен қауым мүшелерінен сайланып қойылатын мұраптар айналыспай, Юлдашевтің көк басылары айналысатын болды. Су бөлуді өз қолына қаратып алған Юлдашев наразы болғандардың қарсылықтарын тұншықтырып тастаудың іс жүзінде тағы бір күшті құралына ие болды.<sup>141</sup>

Арық қаздырып, қауымдық жерлер үшін алым-салық төлеп, қауым мүшелеріне қарасты участеклер есебінен аренда келісімдерін жасап, өзін жарылқаушы етіп көрсетті. Ал іс жүзінде осы өзіндік ерекшелігі бар арендалық қатынастар тіпті алым-салықтарды төлеуге және суландыруға кіріс келтіріп отырды.

Шарын қыстағында Байсеміз деп аталаған кеткен Хасанзе деген тағы бір дүнген байы болды. Оның өзі егін еккен жоқ, тек күріштік жерлерді өндеп, онан соң оларды жері жоқ жергілікті шаруаларға берді. Олар оған алған өнімнің бестен бір бөлігін, ал тұқымды бай берсе, жартысын беруге тиісті болды. Юлдашев сияқты, ол да үlestі жерлерді суландырып беру шартымен белгілі бір мерзімге арендаға алды. Бір топ үйғыр 29 үlestі жерін оған 1898 жылдан бастап 10 жылға, жылына жалпы алғанда 200 сомнан ақы төлейтін етіп берді.<sup>142</sup>

Ауқатты дүнгендер мен үйғырлар казактардан, қоныстанған шаруалардан, сондай-ақ қазақ және қырғыз қоғамдарынан ақыны ақшалай немесе заттай төлейтін болып арендаға жер алғып отырды. Қазақтар мен қырғыздардан егістік жерлерді көбінесе бүкіл дүнген немесе үйғыр қауымы ұжымды түрде арендаға алатын еді. Жаркент уезіндегі үйғыр қыстактарында қауым болып пайдаланылған егістік жер олардың үlestі жерлерінің мөлшерінен 1300 десятина асып түсті деуге болады. Асы-Корам болысында егістік жердің 23%-ы қырғыздардан арендаға алынды, Малыбай болысындағы арендаға алынған жер 36,4% болды. Аренданың неғұрлым кең тараған формасы жарма-жарылық болды, ақшаға аренда алу аз еді.<sup>143</sup>

Қауымдық жерлердің село байларының қолына шоғырлануына дүнгендер мен үйғырлардың шет көсіпке кетуі де себепші болды. Алған үlestі жерлері құнарсыз болып, жұмыс көлігі мен ауыл шаруашылық құралдары болмаған кедейлер алым-салықтар (оброк, жер салығы және басқалар) төлеу жөніндегі жеңілдік берілген мерзім біткеннен кейін мұлдем күйзелді, өздерінің үlestі жерлерін жаппай тастап, қалаларға жалдама жұмысшы және ауыл шаруашылық батырактары болып табыс іздел кетті. Бір Пішпек уезінің өзінде ғана ауыл шаруашылық жұмыстарында істейтін жалдама жұмысшылардың жалпы санының 27,3%-ы дүнген қауымдарынан шыққан болды.<sup>144</sup> Жаркент уезінің қоныстанған үйғырларының 3527 шаруашылығының 1910 жылға қарай 28,4%-ы табыс іздел кетті.<sup>145</sup>

Ауқатты дүнгендер мен үйғырлар өз шаруашылықтарын рынок талаптарына бейімдеп, негізінен алғанда техникалық дақылдар екті. Жалдама еңбек қолданылды, шаруаларды қанаудың патриархаттық-феодалдық және капиталистік формалары үштасып жатты. Ауыл шаруашылық дақылдарының алуан түрі егілуі себепті тіпті бір шаруашылықтың өз ішінде де ауыл шаруашылық жұмыстарының түріне қарай шаруаларды қанаудың өр түрлі формалары қолданылды.<sup>146</sup>

Қанаудың жұмыспен өтеу түріндегі феодалдық әдістері сакталып қалды, мұндайда мысалы, жерсіз шаруалар өздері өндеген мырзалар участекінен түскен өнімнің үштегі бірін алатын болды.

Ұйғырлар мен дүнгендер шаруашылығына тауар-ақша қатынастарының енуі қауымның мешеу, томаға-тұйық сипатын күрете бастады. Шаруашылық жүргізудің мәні жағынан өр алуан формаларының араласып жатуы салдарынан үлесті жері бар батырактар мен жарма-жарылық негізінде жер алған жерсіз және жері аз шаруалардың арасындағы айырманы анықтау екінің бірінде қын болды.

**Қоныстанушылардың кәсіптері.** Дүнгендер мен ұйғырлар өздерімен бірге Жетісуға жасанды жолмен суландырылатын егіншіліктің өлдекашан қалыптасқан дәстүрлерін өкелді. Мал шаруашылығы мен басқа да кәсіптердің екінші дәрежелі маңызы болды. Ұйғырлар кірістің 49,1%-ын егіншіліктен, 26,1%-ын басқа кәсіптерден, 15,5%-ын мал шаруашылығынан, 9,3%-ын кездейсоқ түсімдерден келтірді; дүнгендерде бұл 80,8; 5,9; 9,8; 3,5% болып бөлінді.<sup>147</sup>

Дәнді дақылдар ішінде бидай басым болып, жердің жартысынан астамына бидай егілді. Бидайдан кейінгі орында арпа, тары, сұлы, күріш, майлы дақылдар (қыша, көкнәр, зығыр) болды.<sup>148</sup> Дүнгендер 1888 жылдан бастап, Шу өзенінің оң жағасындағы арендаға алғынған жерлер игеріліп, суландырылғаннан кейін күріш өсірумен біршама кең түрде айналыса бастады.<sup>149</sup> Ұйғырларда күріш өсіру, дүнгендегі сияқты, негізгі дақылға айналған жоқ. Олар негізінен бау өсіріп, огород және бақша салумен айналысты (халықтың шамамен алғанда үштен екісі). Дүнген шаруашылықтарының үштен екісінен астамында бау да болды. Олар шабдалы, алманың Жетісу үшін жаңа сорттарын, алмұрт пен қара өрік, жұзім өсірді.

Дүнгендер мен ұйғырлар баклажан, шалқан, қызыл бұрыш, фасоль, кияр, капуста, басты пияз, сәбіз, картоп, сарымсак, сондай-ақ қауын-қарбыз өсірді. Қоныстанған дүнгендердің шаруашылық тұрмысын зерттеген Г.Гинстің суреттеуіне қарағанда, олардың огородтары тікелей үйлерінің жанында болған, әрбір жүйек мұқият тазартылып, кішкене жүйемен суарылып отырған. «Кішкене бір шаршыға – пияз, екіншісіне – бұрыш, үшіншісіне – баклажан, төртіншісіне – картоп егілген, бесінші мен алтыншысына көң сініріліп, тыңаюға қалдырылған, одан өрі маис жүйектері болады, содан соң жартылай суда өсетін күріштің үлкен төрт бұрышты атыздары жатады... Дүнгендердің бұл огородтары агрономдардың қоныстанушылар үшін жасайтын үлгілі егістігінен кем түспейді».<sup>150</sup>

Өнімдерді жақын мандағы қалалар мен жәрменкелерде дүнген және ұйғыр шаруаларының өздері, сондай-ақ оларға келген алыпсатарлар өткізіп отырды.

Ұйғырлар сондай-ақ макта өсірумен және ішінара жібек құртын өсірумен де айналысты. Дүнгендер мен ұйғырлар май дайындау үшін зығыр мен күнжіт, қыша екіті. Сонымен қатар дүнгендер негізінен ем құралы ретінде колданылған апиян дайындау үшін көкнәр өсірумен де айналысты. Кейіннен темекі өсіріп, оны жергілікті рынокта тиімді етіп өткізе бастады.

Сөйтіп, ұйғыр-дүнген қоныстанушыларының шаруашылығына алуан түрлі дақылдар егу тән болды.

Дүнгендер мен ұйғырлар үшін мал шаруашылығының дербес кәсіби маңызы болған жоқ, тек шаруашылықты жұмыс көлігімен қамтамасыз ету мақсатымен ғана мал ұсталды. Негізінен алғанда жылқы, сиыр және ішінара қой мен ешкі өсірілді. Дүнгендер мүйізді ірі қараны жегін малы ретінде, ал ұйғырлар сауын малы ретінде ұстады.

Дүнген және ұйғыр шаруаларының егіншілік техникасы мейлінше төмен деңгейде болды. Негізгі егіншілік құралы қайырмасыз ағаш сока (сабан) еді, жер жырту терендігі сынық сүйемнен аспайтын. Егін қар суы жібітіп, айдалмаған жерге немесе егіс алдында арнайы суарып, жұмсағылған жерге егілетін, өйткені құрғак жерге сабан жүрмейтін. Дүнген және ұйғыр егіншілерінің жерді қолмен өндеуі де жиі кездесетін, өйткені тамыры мықты арамшөптерді тек кетпенмен ғана құртуға болатын еді. Олар жерді ерте, әдетте наурызда, ең кеш дегенде сәуірдің аяғына қарай айдайтын.

Жер сүйретпемен тырмаланды, мұның өзі шыбықтардан тоқылған ағаш жақтау болатын, тырмалағанда салмақты болуы үшін оған адам мінгізіліп, не тас салынатын.

Егін ұйғырлардың ұзын сапты ерекше орағымен орылып, сирек те болса шалғымен шабылатын. Астық сол егістіктің өзінде бастырылатын: жіппен байланыстырылған бауларды бастыру үшін тас мала қолданылып, дән қүрекпен суырылатын.

Дүнгендер мен ұйғырлардың негізгі егіншілік жүйесі тыңайған жерлер болып қала берді, бұл жүйеде жердің бір бөлігі өнделетін де, екінші бөлегі тыңайтуға қалдырылатын. Эрбір жер участесін аз уақыт (2–3 жыл) пайдалану, тіпті тыңайтқыштар болмаған күннің өзінде де топыракты тез тоздыра қоймайтын. Сондықтан тіпті өлсіз шаруашылықтар да бір жерге қатарынан екі жыл егін салмайтын; олар әр жылы үлесті жердің жаңа бөліктеріне егін салып, үлесті жердің бәріне егін егіліп біткеннен кейін барып бұрын пайдаланылған участеке қайта келіп отырды. Мұның өзі біршама жоғары өнім алуға мүмкіндік берді. Жерді арендаға алып, егістің көптеген түрлерін еgetін шаруашылықтар егіс айналымын дұрыс қолдану жолымен топырактың құнарлылығын сақтау қамын ойламады. Олардың әрқайсысы нақ сол кезде өзіне не тиімді болса, соны егіп, арендаға алынған участеклерді тез тоздырып отырды. Болмашы жер участеклері болып, оның бір бөлігіне ғана егін сала алатын ұйғыр-дүнген қоныстанушылары топырактың құнарлылығын екінің бірінде тыңайтқыштар қолданып, қолдан арттыруға тырысты. Алайда егістікті тыңайтуға өлді шаруашылықтардың ғана щамасы келетін еді.

Ұйғырлар мен дүнгендердің шаруашылық тұрмысында қолдан суарылатын егістің тәлімі егістен орасан басым болғаны көрсете алады: ұйғырларда суармалы жер 30 694 десятина (97,2%), тәлімі жер 882 десятина (2,8%) болды; дүнгендерде тиісінше 11 025 десятина (71,5%) және 4386 десятина (28,5%) болды.<sup>151</sup>

Кауым мүшелері арасында суды бөлінген жер бойынша мұраптар бөліп отырды.

Жетісуда қоныс аудару қоныстанушыларға да өсер етпей қойған жок. Егер бұрын ұйғырлар мен дүнгендер шаруашылығында ағаш сабандар мен басқа да добал құрал-саймандар қолданылып келсе, енді олар темір сокаларды, тырмаларды, сеялкаларды, т.б. пайдаланатын болды, жаңа ауыл шаруашылық дақылдарын: сұлы, темекі, картоп, помидор және басқаларын еруді игерді. Байырғы халықтар -қазақтар мен қырғыздардың өсерімен дүнгендер мал шаруашылығымен айналыса бастады.

Ұйғырлар мен дүнгендердің тарихи тағдырлары Ресейдің бір бөлігі ретіндегі Қазақ өлкесі халықтарының тағдырымен тығыз астасып кетті.

## 6. САУДА. ЖӘРМЕНҚЕЛЕР. КӘСПІШЛІКТЕР. ӨНЕРКӘСІП

Қазақ өлкесінің бірте-бірте капиталистік қатынастар өрісіне тартылуы халықтың экономикалық өміріне, атап айтқанда сауданың нысаны мен мазмұнына аз өзгеріс енгізген жоқ.

Ішкі сауда екі нысанда: айырбас және ақша арқылы жүзеге асырылды. Егер соңғысын көбінесе бүкіл өлкені жайлап орналасқан орыс-украин шаруа тұрғындары және казак станицалары жүргізсе, айырбасты көбінесе көшпелілер жасады.

Географиялық орналасуы себепті бұрынғысынша Орта жүздегі бұрынғы округтік приказдар, Кіші жүздегі бекіністі шептер маңындағы экономикалық ошактар, Жетісу мен Онтүстік Қазақстанның жаңадан құрылған қалалары, көп адам тұратын қыстақтары айырбас саудасының орталықтары болды, оларға қазақ ауылшылық жағынан оқшаулануын неғұрлым әлсірете түсү үшін көшпелілер мен отырықшы тұрғындар арасындағы делдалдық рөл берілді. «Қазақдаласының шикізат өнімдерін, Орта Азия өнеркәсібі бүйімдарының бір бөлігін орыс өндірісінің өнімдеріне айырбастау»<sup>152</sup> айырбас саудасының басты объектісі болды. Бұл орайда Орынбор, Троицк, Петропавл, Верный, Семей сияқты айырбас сауда-саттығының дәстүрлі орталықтарының айналымдары 50-жылдардың аяғында-ақ елеулі мөлшерге жетіп, бірнеше миллион сомды құрады.<sup>153</sup>

60-жылдардағы өкімшілік реформалардың жүргізілуіне, Орталық және Солтүстік Қазақстанның бай табиғи ресурстарын шаруашылық жағынан игеруді кеңейту жөніндегі үкімет саясатының белсенді жүргізілуіне байланысты экономикалық өмірді жандандыра түскен жаңа орталықтар, атап айтқанда Ақмола, Павлодар, Карқаралы, Баянауыл, Қазалы, Жаркент пайда болады. Айырбас саудасы XIX ғасырдың орта шеніне дейін Петропавл, Орынбор, Семей тарихында болғанындей қаланың өзінде емес, кайта аталған қалалардың шегінен тыс едәуір қашықтықта жүргізілді. Мысалы, Ақмолада мал саудасы қаланың онтүстік жағында, одан 1–2 шақырым жерде орналасты; малдың көпшілік бөлігі азықтандыру үшін «әдетте» қала шетінен едәуір қашық жерде бағылды.<sup>154</sup>

Мал өнімдерін ұқсату жөніндегі өнеркәсіптің қалыптасуы, мұндай кәсіпорындардағы еңбек бөлінісінің орын алуда қалаларда немесе ірі қоныс-



Баянауыл кенті. XIX ғасырдың соны.



Көкшетау қаласы. XIX ғасырдың соңы.

тарға тікелей жақын жерлерде мал өсіруші жұмыс жағдайын егжей-тегжейлі билетін қазіргі базарлар сияқты базарлардың пайда болуын тездедті. Мәселен, нақ сол Ақмолада мал шаруашылығы шикізаты тері базарына шоғырландырылды, онда тауарларды сақтауға арналған қоймалар болды; ал кең ауласына қамбалар орналасты; басқа қалаларда, мысалы, Павлодарда саудагерлер пайда түсіру үшін маусымдар бойынша жақын орналасқан қазақ ауылдарымен тұрақты шаруашылық байланыстар жасап, номадтар арасында қажеттілік жылдан-жылға өсе түскен тауарларды – мәуіті, барқыт, сиса, жұн бұйымдарын, темір, мыс ыдыстар, қант, шай және т.б. жеткізіп отырды.<sup>155</sup> Қарашаның ортасында Ертіс өзенінде мұз қатқан кезде «сауда-саттықты жалғастыру үшін даладан түйемен көптеген қазактар» келетін еді; олар қала тұрғындарынан көбінесе үн сатып алды, дұрысырақ айтқанда, айырбастап алды. Сауда мәмілелерінің қалған бөлігі қалалық Николаев жөрмеңкесінде одан өрі жүргізілді және оның айналым сомасы XIX ғасырдың 60-жылдарының аяғында-ақ едәуір мөлшерге – 250 000 сомға дейін жетті.<sup>156</sup> Далалық Қазақстанның жаңа туып келе жатқан экономикалық орталықтарындағы сауда көлемінің біршама аз болуы түсінікті және Петропавл мен Семей сияқты сауда алыптары тарапынан нақты бәсеке болуы себепті өбден занды.

Шаруашылық жандануының жеткіліксіздігі және тұтас алғанда ауыл қауымының неғұрлым бірыңғай өз күнкөрісінің сақталуы себепті онтүстік аймақтарда жаңа шаруашылық қоныстар ішкі саудада зор табыстарға жетті.

Қазалы қаласы «Орыс Түркістаны» сауда-экономикалық өмірінің орталығына айналып, көрсеткіштері жөнінен Перовскі мен Түркістаннан, Шымкенттен озып кетті. Ол арқылы Ресейге 3 561 300 сомның тауарлары өкетілді. Облыс аумағына әкелінгені – 1 100 000, одан өкетілгені – 400 000 сомға жетті.<sup>157</sup> Сауданың қаулап өсуіне Жаркент қаласының дамуы дәлел болды. Оның айналымдары туралы 1898 жылы жергілікті кеден жинаған мәліметтер бойынша пікір айтуға болады: мануфактура өнімдері көтерме сауда сомасы – 26 000 сом, нақ сондай бөлшек сауда – 480 000 сом, тауарлардың тұр-тұрі бойынша: бакалея – 121 000 сом, галантерея – 55 000, аралас бұйымдар – 220 000, ұсак-түйек – 6 000, темір бұйымдар – 80 000, бөлшек саудадағы ет – 119 100, мал өнімдері – 23 000 сом<sup>158</sup>; оның үстінен қала

базарында, сауда нүктелерінде қазақтардың сатқаны: жылқы – 4 165 бас, құны – 83 360 сом, басқа мал – 3 448 – 51 720, есек – 515 – 2060, қой мен ешкі – 34 264 – 102 792 сомның көлемінде болды.<sup>158</sup>

Торғай облысының уезд орталықтары бойынша да ішкі сауданың көрінеу өскені аңғарылды. 1896 жылы сауда айналымдары Ақтөбе қаласы бойынша – 300 000 сомға дейін, Үргыз қаласы мен Карабұтак кенті бойынша – 500 000, Торғай қаласы бойынша – 200 000, барлық отырықшылық мекендерде – 1 612 154 сомға дейін жетті.<sup>159</sup>

Егіншілік көп таралған аудандарда өсірілген астық негізінен «өз керек-жарактары» үшін тұтынылса да, алайда кейбір артылып қалғаны, мысалы, Өскемен уезі бойынша базарға түсті немесе қазақтар айырбастап алды; бұл орайда олар астықтың өр пұтын 30–40 тыынға сатты; Тарбағатай таулары маңында көшіп жүрген Аягөз және Көкпекті округтерінің жергілікті халқы артылып қалған астық өнімін ақшаға сатып және өздеріне кажетті бұйымдарға айырбастау арқылы орыстарды жабдықтап отырды.<sup>160</sup>

Жетісу облысының құрамындағы Үстыққөл уезі саудада елеулі табыстарға жетті. 1883 жылы Нарын-Карақол арқылы 209 керуен өтіп, 471 586 сом тұратын тауар өкелінді.<sup>161</sup> Қазақтардың қала рыноктарында, базарларда мал сатуы үнемі өсіп отырды: оның серпінділігін Сырдария облысы бойынша аңғаруға болады: 1886 жылы нақты малдың саны (мын есебімен) – 2 456,2 бас болып, оның 206,8 басы сатылған; 1893 жылы – 9988,6 бас малдың – 615,6-сы; 1895 жылы – 5185,2 бас малдың – 1645,0 басы сатылған.<sup>162</sup>

Ішкі сауда көбінесе ақшалай нысан алып, алыстағы далалық аудандарды барған сайын қамти берді, сауда куәліктерінен алынатын арнаулы қаражат казынаны едәуір байытты. Мәселен, нақ сол Сырдария облысы бойынша 1891 жылы сауда үшін алынған ақшалай алым мынадай болды: 59 927 сом, 1892 жылы – 59 280, 1894 жылы – 60 482,86, 1895 жылы – 70 607,13, 1896 жылы – 81 903,25 сомды құрады.<sup>163</sup> Ірі қоныстарға ірге тепкен саудагерлер саны да едәуір өсті. Мұны 1898 жылғы деректер айқын көрсетеді: Павлодарда I гильдия көпесі – 1, II гильдия көпесі – 63 адам; Өскеменде I – 1, II – 35; Семейде I – 4, II – 92; Қарқаралыда жалпы көпестер – 21, Зайсанда – 32, Омбыда I – 5, II – 73, Верныйда I – 6, II – 56 адамға жеткен.<sup>164</sup>

Ішкі сауданың ауқымы елеулі болғанына қарамастан, жолдардың «тым жайсыз жағдайы» саудагерлерді заттарын негізінен дәстүрлі екі өдіспен: арбамен және түйеге артып тасуға мәжбүр етті. Түйеге артылатын қалыпты жүк – 16 пұт, ал алыс жолға шықпаған кездегі өлжемді түйеге артылатыны 17–18 пұт, түйеге артылатын өдептегі тең, мысалы, Түркістан ауданында 8 пұтқа тең болды.<sup>165</sup>

Қазақстанның Монголиямен, Шыңжаңмен аумақтық жақындығы ерте кезден бастап шет елдермен сыртқы сауданың кеңейтілуі үшін кең мүмкіндіктер ашты. Ресейдің Монголиямен саудасының дамуындағы қазак даласының транзиттік рөлі шекаралық аудандардың өткізушилік міндеттерін күшейтті.

1860 жылы Ургада (Улан-Батор) орыстың тұңғыш коммерциялық фирмасы құрылды, онымен көп ұзамай Үлбі, Алтай, Бұқтырма сияқты қыстактар арқылы Өскемен көпестері байланыс орнатты. Монголияға Бұқтырма жолы апарды, тауарлар да сол арқылы жеткізіліп отырды.<sup>166</sup>

Қазақстан арқылы орыс-монгол саудасының дамуына көп жағынан Мәскеудің «Савва Морозов және оның үлдары» компаниясы себепші бол-

ды. 1872 жыл оның бастамасымен «92 түйе мен 30 аттан» тұратын, сомасы 45 000 сом болатын тауарлар апаратын керуен жасақталды.

Алайда Ресейдің Монғолиямен сауданы дамытуға қатысты көтермелешілік шаралары ойдағыдай нәтиже бермегі. 1873 жылы, Урга консулдығының мәліметтері бойынша, Бийскіден Монғолияға тауарлар апару 16 700 сом мөлшерінен аспады және Бийск бағыты «үмітті ақтамады». <sup>168</sup> Бийскіндегі өзінде Батыс Монғолияның шет аймақтарында сауда жасайтын Қазақстан көпестері аз тұрмағанымен, соған қарамастан орыс-монғол саудасының негізгі көлемі Зайсан, Семей және Өскемен арқылы жүргізіле бастады. <sup>169</sup> Қолданылған шаралардың нәтижесінде Монғолия мен Қазақстанның қалалары және кедендері арқылы жасалатын сауданың көлемі Бийскіден тасылатын тауарлардың көлемінен едәуір асып тұсті. <sup>170</sup>

Қытаймен 1881 жылғы Петербург шарты бойынша Ресей Монғолияның бүкіл аумағында баж салынбайтын саудаға және Қобда мен Улясустайда консулдықтар құруға құқық алды. Ресейден Монғолияға тауарлар төрт бағыт бойынша: 1 – Өскемен мен Семейден Қобдаға; 2 – Бийскіден Шая трактісі арқылы Қобда мен Улясустайға; 3 – Минусинскіден Урянхайға; 4 – Забайкалье мен Амур өлкесі арқылы Қяхтаға жеткізілді. <sup>171</sup> Сонымен көпес керуендерін Монғолияның сауда орталықтарына апаратын жолдардың бірі Өскемен мен Семей арқылы өтті, мұның сол қалаларда тұратын немесе орталық губерниялардан келетін Ресей көпестері үшін де, сенімді адамдар арқылы сауда-саттық жүргізетін қазақ саудагерлері үшін де ынталандырушылық маңызы болды.

Монғолияның маньчжур-цин билеушілеріне тәуелді болуына және Қазақстанның Монғолиямен экономикалық өзара байланысын реттейтін ресми негіздегі шарттарының болмауы себепті сауда азды-көпті ойлағандай нәтижеге жеткізе алмады. <sup>172</sup>

Қазақстанның көршілес Қытаймен саудасының даму шарттарының бірі аумақтың шектестігі, сондай-ақ 1881 жылы Цин империясы мен Ресей арасындағы Петербург шартына қол қойылуы болды. Верный, Семей, Зайсан қалалары мен қоныстары, сондай-ақ Катон-Карағай, Корғас және басқалары сияқты кеден пункттері бұрынғысынша сауда орталықтары маңызын сақтап қалды.

1882 жылдың бірінші жартысында Семейге ғана әр түрлі адамдарға Қытайға 305 464 сом тұратын көлемде (1881 жылғы 255 198 сомның орнына) тауарлар апару үшін 335 рұқсат қағазы (1881 жылғы 32 болатын) берілді. <sup>173</sup> Шыңжан қалаларындағы орыс саудагерлерінің саны да айтарлықтай өсті, олардың көпшілік бөлігі Шөуешекте сауда жасады және олардың айналымы 200 000 сомға жетті. Құлжадағы сауда жандана тұсті. «Орыс саудагерлерінің табиғи ресурстарының саны жөнінен де, олардың капиталдары жөнінен де «Ресей ықпалы» (Құлжадағы. – Ред.) «елеулі және басым»<sup>174</sup> деп жазылған Дала генерал-губернаторының 1882 жылғы есебінде. Ресей бодандары Цин Қытайынан тері, жұн, кесек күміс және өсіреле шай тасыды. Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне Құлжадағы Ресей консулының табыс еткен мәліметтері бойынша, 1882 жылы олар Шыңжаннан: 12 000 қой, жылқы және түйе терісін, 45 000 елтірі, 600 пүт жылқы қылын, 400 пүт ешкі түбітін, 8500 пүт жұн, тұлқінің 800, бұлғынның 200 терісін алғып келген. <sup>175</sup> Ағылшындардың бакталастығы мен тіміскі өрекеттеріне қарамастан, Ресейдің Шыңжанмен Жетісу және Шығыс Қазақстан арқылы сауда байланыстары қарқын ала берді және мұнда Қытай шекаралық аумағымен сауда жағдайларын егжей-тегжейлі зерттеген қазақ

саудагерлері елеулі рөл атқарды: 1891 жылғы 1 қантардан 1 мамырға дейін Шыңжанға 29 керуен жіберілді, олардың бір бөлігі қазақ көпестеріне тиесілі еді. Мәселен, Бағыш Шаянбаев төрт қызметкерімен бірге 6400 сомның тауарын, Көкпекті көпесі Т.Жандыбаев – 2660 сомның мануфактуралық тауарлары мен тері, Семей көпесі Мұхамед Шөкіров – 7899 сомның өртүрлі ұсак тауарлары мен темір бүйымдарын, Жетіков – 1150 сомның өр алуан тауарларын апарған, ал 1891 жылдың қазақ саудагерлері мен басқа да саудагерлер Шыңжандан (Жетісу облысының Сергиополь участесі арқылы) 283 824 сом 32 тиынның тауарларын тасып өкелген, ал сол аудан арқылы жасалған экспорттың көлемі 327 109 сом 15 тиын болған.<sup>176</sup>

Цин империясының қалаларымен саудаға Үржар, Маканшы және басқа да елді мекендердің шаруалары мен казактары қатысты. Олар негізінен бидаймен сауда жасады. 1891 жылдың 1 қантарынан сөуір айына дейін Бақты бекінісі және Захарьевск селосы арқылы Шыңжанға 106 саудагер өтті, олардың ішінде 65 шаруа мен казак болды.<sup>177</sup> 1895 жылдың қытай тауарлары едөуір мөлшерде өкелінді. Мәселен, Зайсан кедені арқылы – 315 475 сом 64 тиын, Алқабек арқылы – 119 203 сом, Қатон-Қарағай арқылы – 42 666 сом; барлығы – 560 206 сом 25 тиынға қытайдың түрлі тауарлары өкелініп; ал (аталған мекендер арқылы) 607 554 сом 45 тиынның тауары Қытайға апарылған.<sup>178</sup>

XIX ғасырдың 80-жылдарында Жетісу өлкесі арқылы Шыңжанмен жасалған сауда байланыстарының өсу сарыны байқалды. Жаркент кеден 'частесі бастығының мәліметтеріне қарағанда, 1893 жылдың 15 мамырын 15 маусымына дейін Қарқара жәрменкесі арқылы Батыс Қытайға 171 саудагер барған, апарған заттарының құны 435 433 сом болған. Сатылған мал санына участке бастығы 12 300 сом тұратын 629 жылқыны, 4 000 сомдық 400 ірі қараны, 12 000 сом тұратын 500 қойды да қосып есептеген.<sup>179</sup>

Қазақстанға қытай экспорттының ең басты бөлігі шай болды. Қытай шайын негізгі тұтынушылар ретінде қазактар бүкіл шекаралық өнірде осы тауардың өкелінуіне үнемі мүдделілік танытты.<sup>180</sup>

Алайда маньчжур шенеуніктерінің озырылғымен үштастырылған цин сарайының қошашулушылық саясаты сауда байланыстарының кеңейтілуіне келеңсіз өсер етті. Бірақ Ресейдің Цин империясымен шекаралық мекендер арқылы жасаған қазак-қытай саудасының болмашы көлемінің өзі де дәстүрлі керуен жолдарын жандандыруда өте маңызды болып шықты және Қазақстанның, Ресейдің, Қытай мен Монголияның қалалары арасында достық, іскерлік байланыстар орнатуға игі ықпал жасады.

**Жәрменкелер.** Қазақстанның экономикалық дамуының айқындаушы факторларының құрамдас бөлігі жәрменкелер болды, XIX ғасырдың ортасындағы сияқты олар көшпелілер мен отырықшы ауыл халқының арасындағы делдалдық міндеттерді жүзеге асырды. Жәрменкелік сауданың тұрақтылығын немен түсіндіруге болады? Ең алдымен рынокты малмен қамтамасыз етуші - қазактар мен малмен сауда жасаушылар арасында неғұрлым тұрақты сауда байланыстарын орнатуға кедергі жасаған катынас жолдарының жеткілікті дамытылмауымен түсіндіруге болады; екіншіден, бұл - жәрменке саудасының қалыптасқан дәстүрлері талаптарымен көшпелілердің жеткілікті түрде таныс болуымен; үшіншіден, сол кездегі статистикада атап өтілгеніндей дала-дағы байырғы мекендеушілердің көшпелі тұрмыс-салтымен түсіндіріледі; төртіншіден, жәрменкеде көшпелі халыққа өте қажетті күнделікті тұтынлатын тауарларды сатып алуға болатын еді.<sup>181</sup>

Ресейден, Орта Азиядан, Сібірден, Алтайдан, Оңтүстік Оралдан, сондай-ақ Цин империясынан, Монголиядан, Қазақстанның өр түрлі аудандарынан саудагерлерді тартқан ірі жәрменқелер мыналар болды: Қарқаралы уезінде – Қоянды-Ботов, Ақмолада – Константиновск-Еленовск, Атбасарда – Петровск, Ақтөбеде – Ойыл, Әулиеатада – сол аттас, Петропавлда – Тайыншакөл, Верныйда - Қарқара, Жаркент қаласында - Жаркент, Семей уезінде – Шар және басқалар.

Жазғы және күзгі болып бөлінген жәрменқелер саны жөнінен Ақмола облысы жетекші жағдайда болды – ондағы жәрменқелер саны 40, одан кейін Семей облысы келеді (90-жылдардың аяғына қарай), ондағы жәрменқелер саны 14-ке жетті.<sup>182</sup> Реформадан кейінгі кезендегі ең ірі жәрменке – Қоянды жәрменкесі (немесе оның негізін қалаушының есімі бойынша Ботов жәрменкесі) 1848 жылы құрылып, Қарқаралыдан 52 шақырым жерге орналасты, 1 маусымнан 1 шілдеге дейін жұмыс істеді. Екі шақырымға дейін алапты алып жатты. Жәрменкеде Мемлекеттік банктің бөлімшесі, пошта, телеграф қызмет етті.<sup>183</sup>

Қарқара жәрменкесі ірі, XIX ғасырдың аяғында ашылған жәрменқелердің бірі болды, ол «император патша ағзамның» жарлығы бойынша 1893 жылғы 29 қаңтардан бастап Жетісу облысының Қарқара өзенінің бойында жұмыс істей бастады. Жәрменкенің жұмыс уақыты – 15 мамырдан 15 шілдеге дейін бір айға созылып, алғашында «онда сауда жасаушылар баж төлеуден босатылды».<sup>184</sup>

Аймақтық орналасуына қарамастан, жәрменкеге көпестер өкелетін тауарлардың сипатын зерттегендеге, сауда жасалатын заттарды мынадай саннтарға бөлуге болады: мал, шикізат, жергілікті жерде өндөлген мал «өнімдері» – тері, қой терісі, жұн, қыл, киіз және т.б.; европалық үлгідегі тауарлар – ағаш ыдыстар, ұн, шай, қант, балауыз, сабын, фарфор және темір бұйымдар; азиялық тауарлар – шапандар, кілемдер, жібек және макта-маталар, ер-тұрман өбзелдері, кептірілген жемістер.

Жәрменкелердің жұмыс істеу уақыты туралы айтқанда, олардың қызметінің іс жүзінде басталуы мен аяқталуының өрдайым сәйкес келуі сирек кездесетінін ескеру керек, ол толып жатқан факторларға және негізінен алғанда малдың қысты қандай жағдайларда өткізгеніне және қыстаудан кейін конданып үлгеруіне байланысты болды.<sup>185</sup>

Дегенмен де, деректемелерде барлық дерлік далалық жәрменқелерде сатудың және сатып алушың басым тауары ретіндегі малға бірауыздан на-зар аударылады. Ақмола облысының ірі екі жәрменкесі: Тайыншакөл және Константиновск жәрменқелері жөніндегі салыстырма деректерді келтіріп өтелік. 1871 жылы сату үшін мынадай мал саны айдал өкелінген: біріншісіне – 5 000 жылқы, 30 000 ірі қара, 78 000 қой; екіншісіне – 880 жылқы, 1232 ірі қара, 76 746 қой.<sup>186</sup>

Жәрменкелер бойынша кірістерді салыстыра келгенде, негізінен жергілікті тұтынуға арнап ұсак малды сатудың тез өскені айқын көрінеді: 1891 жылы мал сатудан ғана Шар жәрменкесінде – 151 940 сом, Семей уезінің Сельяр станицасындағы Екатерина жәрменкесінде – 91 090 сом, 1900 жылы Нарын-Сергиополь жәрменкесінде – 28 000 сом пайда түсірілген.<sup>187</sup>

Ең алдымен, жәрменкелердің көшпелілерге арналуы себепті, олардың қызмет жағдайлары, орналасқан жері туралы анық ақпараты болған, үкімет нұскауларының орындалуын қадағалап отырған генерал-губерна-

торлар «арнайы төтенше себептер болмайынша... және озбырлықпен өзгертуге жол бермеу үшін...» маусымдық жәрменкелердің еш себепсіз орын ауыстырылуын немесе олардың орналаскан жерінің өзгертілуін ма-  
құлдамады.<sup>188</sup>

Жәрменкелер алыстағы ауылдарда тұратын көшпелілердің болыстарда жок фабрика-зауыт өнеркәсібінің өнімдері мен бүйымдарына деген қажетін өтеді, орыс шаруаларымен тамыр болу мүмкіндіктеріне жол ашты, сонымен қатар халықтың тандаулы музикалық және спорт дәстүрлерін: қүрес, бәйге, гимнастикалық жаттығулар, ақындар айтысы сияқты өнерін ел алдында көрсету үшін де тартып отырды. Мұнда тамаша қолөнершілер, халықтың он саусағынан өнері тамған зергерлері, талантты композиторлар Ақан сері, Балуан Шолак, Жаяу Мұса Байжанұлы жиналды; кейінрек даланы атақты өнші Майра Уәлиқызы Шамсутдинова және т.б. өз өнерлерімен тәнті етті. Жас кезінде Қоянды жәрменкесіне жезкөмей өнші Әміре Қашаубаев жиі барып жүрді.

Сөйтіп XIX ғасырдың 80–90-жылдарында жәрменкелер Қазақстандырыноктық қатынастар жүйесіне барған сайын кең тарта түсті, тауар қатынастарына малдың едәуір бөлігін пайдаланып, бүкіл сауда құрылымын елеулі түрде үздіксіз өзгертіп, даланың экономикалық өмірін бұрынғысынан гөрі жандандыра түсті.

**Көсіпшіліктөр және өнеркәсіп.** Ауыл өмірінің барлық салаларына капитализмнің енуі туғызған дағдыдан тыс тұрмыс жағдайлары номадтарды табиғи-географиялық жағдайларды ескере отырып, шөп шабумен, балық, аң аулаумен, бақша егумен айналысуға итермеледі.

Едәуір көп шөп шапқан қазақтар оны пайда келтіре отырып, орынбор, петропавл табыншыларына сатты, капуста, картоп өсірді. Мысалы, Перовскіде жергілікті халық капуста егіп, оны орыс тұрғындарына сатып пайда тапты; 1 пүт картоп 20–40 тын түрді. 1888 жылдан бастап Семей облысының оңтүстік уездеріндегі құнарлы топырағы бақша егуге жалпы қолайлы болған жерлерде қазақтар қоныстанушылардың ықпалымен қарбыз бен қауын өсіре бастады: Өскемен уезінде – 5 469, Семейде – 3054, Павлодарда – 2030, Зайсанда – 180; облыс бойынша – 10 733 дана қауын-қарбыз өсірілді.<sup>189</sup> Оңтүстік аймақтарда бақша шаруашылығы ескі дәстүрдің жалғасы ретінде жер-жерде өріс алды.

Көсіпшіліктің жергілік түрлері арасында «аң аулаудың өскенін» атап өту керек, атап айтқанда, оны жәрменкелерде сатылған аң терілерінің санына қарап аңғаруға болады. Мәселен, 1897 жылы Константиновск жәрменкесінде: қасқыр – 3 700, түлкі – 2 500, қарсақ – 7 000, борсық – 11 000, сусар – 1 100, барлығы – 59 325 сомға аң терілері сатылған.<sup>190</sup>

Жұн, қыл, тоң май және басқалары сияқты мал өнімдерінің мейлінше мол болуы, сондай-ақ осы шикізаттың өндөлген түрі, мысалы, киіз, шекпен, қыл арқандарға деген қажеттілік ауылдарда үй көсіпшіліктерінің дамуын ынталандырды, олардың бүйымдары да жәрменкелерде сатылды.<sup>191</sup>

Оңтүстік аудандарда сапалы жұннен дағдылы тәбесі шошак, мандайында құнқағары бар, көшпелінің оңтүстіктегі атап ыстықтан қорғайтын жазғы киімдерінің сөзсіз бір бөлігі болып табылатын айыр ақ қалпақтар дайындалды. Орынбор көпестік фирмаларының сенімді адамдары Әулиеатада жұнді сатып алып, сатып алынған жұнді жууды ұйымдастырды, олар

содан соң Сібірдің мөуіті фабрикаларына жіберілді; 1887 жылы ғана 7 000 пүттан астам жұн сатып алынды.<sup>192</sup>

Кең таралған кәсіпшіліктің бірі балық аулау болды. Сол кезде сүйемол Әмудария мен Сырдария құйып жатқан Арал теңізі қоныс аударушыларды балық байлығымен қызықтырды. Бұл кәсіпшілік Көкарап түбегінде шоғырландырылды; балық аулаумен негізінен Қазалы, Перовск уезінің тұрғындары айналысты, сондай-ақ Ырғыз алқабында, Қамысбалық көлінде де ауланды.<sup>193</sup> Сырдария өзенінің төменгі ағыстарында балық кәсіпшілігі сонау XIX ғасырдың 60-жылдарында, алғашқы отаршыл казактар шағын балық аулау компаниясын ұйымдастырған кезде басталған еді; 1861 жылы – 3 000 пүт, 1862 жылы – 2 600 пүт балық ауланды; Сырдария балықтары Жайық пен Еділдің балықтарымен ойдағыдай бәсекелесті; олардың уылдырығы Мәскеуде сатылды.<sup>194</sup> Жайық казактары да балық аулаумен айналысты; Сырдарияның төменгі ағыстарынан ауланатын кептірілген табан балығының миллиондаған данасы европалық Ресейге тасылып, онда тұракты және едәуір пайдалы бағамен өткізілді.<sup>195</sup>

**Өнеркәсіп.** Отарлық Қазақстанның сан-салалы экономикасының құрамдас бөлігі жергілікті өнеркәсіп болды, оның біркелкі емес, өтпелі, ең алдымен ұсақ тауарлы деңгейі мен мәні бірқатар қарама-қарсы пікірлер туғызды. Қазіргі тұсінік мағынасында алғанда, сол дәуірдегі осы саланы, зауыттар мен фабрикаларды өнімділігінің мөлшері, шығаратын өнімінің көлемі жөнінен ең алдымен қолөнер кәсіпшілігі қатарына жатқызуға болатын еді. Өздерінің көлемі, құрылышының қарапайымдығы жағынан, сондай-ақ оларда жұмыс істейтін жұмысшылар саны бойынша шағын бұл «зауыттар» шын мәнінде XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында ғана өнеркәсіптің қарапайым бастамалары болды.

Мал шаруашылығы шикізатын өндеу жөніндегі алғашқы кәсіпорындардың негізгі ошактары Ақмола және Семей облыстары болатын.

Жергілікті мекемелер жинаған деректер бойынша, мұндай кәсіпшіліктердің алғашқы ошактары Ақмола облысында XIX ғасырдың орта шенінде-ақ пайда болған. 1888 жылы Семей облысында 63 «зауыт» – 13 былғары, 9 сабын қайнататын, 1 шарап ашытатын, 1 май қорытатын, 23 кірпіш, 2 сыра ашытатын және басқа да 4 зауыттар болып, оларда 262 жұмысшы істеген, жалпы шығарған өнімдері 230 147 сомға жеткен.<sup>196</sup> Оның үстіне мал шаруашылығы шикізатын өндеу жөніндегі кәсіпорындар негізінен уезд орталықтарында орналасып, дала тұрғындарын жаңа экономикалық үрдістерге үнемі тартып отырды. Бұл орайда шикізатты өндеудің ұлғайтуына қарай негізінен ірі қоныстардың құрылуына байланысты жекелеген кәсіпорындардың өнімділігі едәуір көлемге жетті. 1890 жылы Өскемендеңі екі кірпіш зауытында ғана өндіріс көлемі 20 мың дана күйдірілген және шикі кірпіш болды,<sup>197</sup> сонымен бірге Зайсанда – 3 былғары, 1 тон зауыты, Павлодарда – 2 май қорытатын, 2 сабын қайнататын, 2 – кірпіш, сыра ашытатын зауыттар; Көкпектіде, Семейде, Павлодарда – 13 май қорытатын, балауыз, 23 былғары, 5 тон «зауыттары» жұмыс істеді.<sup>198</sup>

XIX ғасырдың 80-жылдарынан Сырдария облысында да өндеуші өнеркәсіп қарқын ала бастады, 1887 жылы «фабрика-зауыт және майдагерлік кәсіпшіліктердің» өнім шығаруының жиынтық сомасы 1 482 500 сомға жетті; бұған мақта өндірісі бойынша – 860 000 сомға дейін, жібек өндірісі бойынша – 450 000, темекі өсіру бойынша – 20 000, балық аулау және т.б.

бойынша шығарылған өні... құнын қосу керек, сонда барлығы 1 720 000 сомның өнімі шығарылды.<sup>199</sup>

Сырдария облысы бойынша материалдар көсіпорындардың жергілікті этникалық топтарға жатуының үлес салмағын саралауға мүмкіндік береді: орыс тұрғындарына жылдық айналымы 839 000 сом болатын түрлі сала-дағы 30 көсіпорын (Ташкент, Ходжент, Шымкент, Әулиеата, Қазалы қала-лары бойынша деректер қамтылады) тиесілі болып, облыс өнеркәсібіндегі 60 000 сомға дейін тас көмір қазу, мақта өсіру, темекі өсіру; барлығы 1 079 000 сомның өнімін өндіру орыс тұрғындарының үлесіне келді, мұның өзі облыстың бүкіл өнеркәсібінің 34%-ы еді, ал сол кезде орыс халқы жалпы тұрғындар санының 1,5%-ын ғана құрады.<sup>200</sup>

1898 жылы негізгі аумағы Торғай облысының құрамына кірген солтүстікте өндірілген тауарларының сомасы 99 090 сомға жетіп 272 «өнеркәсіп орны» жұмыс істеді. Өндірістің өндеуші сипаты назар аудар-тады: облыста 42 бүлғары, тон, май қорыту, сабын қайнату зауыттары, 202 диірмендер мен май шайқау зауыттары, 1 мыс балқыту зауыты, 1 мұнай зауыты жұмыс істеп, кіріс келтіру мөлшері жөнінен диірмендер жетекші жағдайда болған.<sup>201</sup>

XIX ғасырдың аяғына қарай Ресейдің Орталық губернияларының, Оралдың, Батыс Сібірдің индустримальық қуатының қаулап өрлеуіне бай-ланысты және шектес аймактардағы өнеркәсіп дамуының ықпалына ұшы-рай отырып, кең-байтақ өлкे болып жатқан өзгерістерден қағыс қала ал-мады.

Табиғи ресурстарға өте бай Қазақстанның біртіндеп қалыптасып жат-кан өнеркәсіптік келбеті бірінші кезекте кең-зауыт саласымен анықтал-ды. Орталық Қазақстандағы мыс рудаларының, көмірдің, қымбат метал-дардың орасан көп қорлары XIX ғасырдың 80-жылдарында-ақ өндіруші өнеркәсіптің жеткілікті дәрежеде болашағы бар ошактарының құрылуда жағдай жасады: Көкшетау уезіндегі алтын кен орындары, Караганды бассейніндегі тас көмір кеңі және басқа да осындай салалар аймактың ерек-ше маңызды экономикалық сала ретіндегі мүмкіншілігін едөуір дәрежеде анықтап берді.

1898 жылдың басында Семей облысының Павлодар уезінде Воскресенск Кен-өнеркәсіп қоғамы құрылды, ол Павлодар уезінің далалық аймағында та-былған аса бай тас көмір және мыс рудалары кенін өндіруді мақсат етті. Кен орындары мен рудниктердің иелері қазактардың қызметін ықыласпен пайда-ланды, алайда алғашқы кездерде олардың еңбегі онша өнімді болмады және оған орыс жұмысшыларының еңбегіне қарағанда акы өлдекайда арзан төленді,<sup>202</sup> бұл жағдай жұмысшы кадрларының қалыптасуы ісінде де өте ма-ңызды болып шықты. Дегенмен, көптеген кең өндіруші көсіпорындардың тех-никамен жарактандырылуы тәмен деңгейде қала берді. Қарқаралы уезі кен көсіпшілігінің орталығы болып қалды, 1888 жылы белгілі көсіпкер С.А.Попов салған зауытта небәрі 904 пүт күміс-қорғасын рудалары өнделіп, 24 фунт (1 фунт – 0,4536 кг) таза күміс алынды.<sup>203</sup>

Руда кеніштері өр түрлі өдістермен – штолнялардың, шахталардың, разрездердің көмегімен айналымға енгізілді. 1890 жылы мыс өндіруші 27 руднике 7 шахта, 6 разрез, 2 разнос, 1 штолня, 59 шурф болды.<sup>204</sup>

Кен өндіру саласында өз кезеңіндегі сол саладағы соңғы техникалық жаңалықтармен жарактандырылған көсіпорындар құрылды, олар: Қарқ-

аралы уезіндегі Николаев (Богословский) мыс балқыту зауыты; Семей облысының Қанды алқабындағы Поповтардың Александровск қорғасын-күміс-мыс зауыты; Ақмола облысының Жалғызқарағай алқабындағы Козьмо Демьянов қорғасын-күміс-мыс руднігі; Спасск рудниктері, Успенск зауыттары, Қарағанды, Саран көмір кеніштері, Зырянов рудниктері және т.б.<sup>205</sup>

Зауыттар мен фабрикалардың техникалық жабдықталу көлемінің артуы, олардың жетілдірілуі, жәрменкелерге толып жатқан бұйымдардың, тауарлардың, неғұрлым өскелен қөлемде шикізаттың жеткізілуі – осы бір өзара байланысты үрдіс темір жол желілерінің салыну қарқыны мен бағыттарына байланысты болды, мұнда өлкені тездетіп игеру мен отарлау үшін алғышарттар жасаған Транссібір магистралының зор маңызы болды; 1896 жылы Орынбор темір жолын Ташкентке дейін ұлғайту жөнінде өтініш жасалды, ол Қазақстанның онтүстігін еуропалық Ресеймен жалғастыратын еді.<sup>206</sup>

Сібір магистралының теміржол тармағы тасылатын тауарлар көлемін тез ұлғайтты. XX ғасырдың басында Петропавл, Омбы, Есілкөл станцияларынан 37 215 бас мал жөнелтілді, соның ішінде 37 071 бас мал Петербургке және 144 бас мал Мәскеуге жіберілді.<sup>207</sup>

Теміржол құрылышы негізінен қазақтар арасынан жұмысшы кадрларының қалыптасуын тездедті, ал қазақтар бұл салада тұрақты табыс тауып (орташа айлық ақысы – 4 сом 50 тиыннан 7 сом 50 тиынға дейін), жаз айларында темір жол желілеріне жақынырақ, ал қыстығұні станцияларға жақын орналасты.<sup>208</sup> Жұмысшылар саны өр жылдары экономикалық көнъюнкураға, өндіріс көлеміне, техникамен жарактану дәрежесіне, ауыл қауымындағы мүліктік саралану үрдісіне және т.б. өзара байланысты өзгеріп отырды.

Жалпы алғанда, зерттеуші С.Игібаев шамамен алынған өсу серпінділігіне сәйкес жұмысшылар санын былайша анықтайды: 1892 ж. олардың саны – 3 396 адамға, 1895 ж. – 3 902, 1898 ж. – 4 576 адамға жеткен,<sup>209</sup> егер көптеген қалалық және басқа көсіпорындардың өндірістік циклінің маусымдылығын, сол кездегі статистиканың дәл еместігін ескерер болсақ, мұның өзі біршама төмендетіліп көрсетілген сияқты.

## 7. УРБАНИЗАЦИЯ ҮРДІСТЕРІ. ҚАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ БЕЙНЕСІ. БАНК-АҚША ҚАТЫНАСТАРЫ

Тұтас алғанда, Қазақстан өнеркәсібіне көсіпорындар жағдайының өлсіздігі, шығарылатын өнім сапасының төмендігі, жұмысшылардың техникалық біліктілігінің жеткіліксіздігі, білімді инженер-техник мамандардың мүлде дерлік болмауы төн еді. Бұл оның 1887 жылы Екатеринбургте өткен Сібір-Урал ғылыми-техникалық көрмеге қатысуына кедергі жасады.<sup>210</sup>

Бірақ өнеркәсіптің сол бір болмашы көрінетін деңгейі, оның техникамен біршама төмен жарактандырылуының өзі дегенмен де өлкенің поліэтникалық халқының экономикалық өл-аукатында өте маңызды жағдай болып шықты, оны шаруашылық жүргізудің капиталистік жүйесіне тартты. Жәрменкелер, олардың көшпелі және отырықшы халық арасындағы делдалдық қызметтері ғасырлар бойы орын тепкен рулық-патриархаттық

дәстүрлерді бірте-бірте жойып, қаулаң өскен Ресей экономикасының мұдделері үшін өлкедегі отаршылдық саясаттың қарқының тездетті және әдістерін женілдетті, нысандарын бұрынғыдан да терең саралай түсті, бұл орайда отаршыл билік кең-байтақ өлкенің табиғи байлықтарын жыртқыштықпен игерудің өскери-феодалдық құралдарынан да жиіркенбеді.

Капитализм кезеңіндегі Қазақстанның қалалары көптеген ғылыми бағыттардағы зерттеушілердің мұқият назарын аударады, өйткені өнеркәсіп, сауда, материалдық өндіріс, қоғамдық-саяси өмір, этникалық жағынан ала-құла адамдардың қоныстану орталықтары бола отырып, сондай-ақ әлеуметтік-саяси нормалардың тұрақты сақталуы жағдайларында жеке көсіпкөрлік пен өзіндік ерекшелігі бар рыноктық қатынастардың ошақтары ретінде олар өзара ықпал жасаудың қурделі үрдісінде жандандырушы рөл атқарды.

Реформадан кейінгі кезеңдегі қалалар тарихы әлеуметтік-демографиялық үрдістерге салыстырмалы талдау жасау негізінде өте қайшылықты және өте маңызды құбылыстарды қазіргі кездегі ой елегінен өткізу тұрғысынан да тағлымды. Бұл орайда Қазақстан қалаларының ерекшеліктерін анықтауды ескеру керек, олардың аймақтық сипаттамасында ортақ және ерекше құбылыстар жеткілікті. Мысалы, Оңтүстік Қазақстанда аймақтың Ресейге қосылуы аяқталғанға дейін де осы үрдістен көп бұрын пайда болған қалалар бар еді, олардың этникалық құрылымында түркі тілдес құрам басым болды.

Ал Солтүстік-батыс, Шығыс және Орталық Қазақстанның қалалары біршама өзгеше жағдайларда, өлкені отарлау барысында пайда болды, әлбетте, мұның өзі қазіргі Қазақстанның кейбір тұрғындарын кейде олардың ежелгі қазақ жерінде құрылғанын және өз атауларын жергілікті топономикадан алғанын ұмытып, олардың негізі қалануының жағдайлары мен себептері туралы қате және сыңаржақ ойларға жетелейді. Мәселен, Алматы қаласы тағы да бір атаумен – Верный деген атаумен мәлім. Бұл қыстақ Алмалық деген «ежелгі қалашықтың» орнында пайда болды. Бірде П.П.Семенов-Тян-Шанский былай деп жазған: «Өзім Көксуға бара жатқан жолымда 11 тамызда (1886 ж. – Ред.) мен Іле арқылы жүріп отырып



Верный бекінісі. 1857 жыл (П. П. Семенов-Тян-Шанскийдің суретінен).

тамызыңда аяғында Іледен арғы өлкеге, Верный бекінісіне немесе, жергілікті тұрғындар атайтында, Алматы қаласына жеттім. Алматы қаласы Алматинка өзенінде орналасқан, шамамен алғанда Пизамен және Флоренциямен бір ендікте жатыр...»<sup>211</sup>

Белгілі статист-зерттеуші Н.В.Турчаниновтың деректері бойынша, 1914 жылға қарай Қазақстанда 26 қала болған, олардың ішінде 7 қаланың негізі XVIII—XIX ғасырларда қаланған, соның 24-і XIX ғасырда қала мәртебесін алған.<sup>212</sup>

1867—68 жылдардағы реформа бойынша сол кезде Қазақстан шегінде болған бес қалалық қоныс — Орынбор, Омбы, Семей, Верный, Орал облыс орталықтарына айналды, ал Ташкент Сырдария облысымен қоса, Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы болды, Омбыда Дала генерал-губернаторлығы өкімшілігі орналасты.

Қазіргі аумақтық бөлініске сәйкес XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басындағы Қазақстан жөніндегі бірқатар зерттеулерде Дала өлкесінің екі ғасыр бойы өкімшілік-саяси орталығы болған Омбы қаласы (1716 жылы негізі қаланған) бүгінгі аумақтық бөлініске сәйкес, зерттеу аясына алынбаған, аталған аймақ қалаларының тарихын зерттеген кезде Қазақстанның жаңа заман тарихындағы орасан зор рөлін ескере отырып, Омбы қаласы бойынша да салыстырмалы деректер келтірген жөн болар.

Оңтүстік-шығыс Қазақстанның шаруашылық дамуында көршілес Қытаймен халықаралық су жолы арқылы сауда байланыстарын тұңғыш рет көнектікен Іле өзені бойынша кеме қатынасының ашылуы елеулі оқиға болды.

1880 жылғы 15 мамырда верныйлық саудагерлердің күш-жігерімен Іле өзеніне тұсірілген алғашқы кеме сол жылдың 11 тамызында Іле бекетіне ойдағыдай келіп, 5 қыркүйекте кері қайтты.<sup>213</sup>

Коммерциялық су жолын ұйымдастыру жөніндегі каржы шығындарын жеке көсіпкерлер өз мойнына алды. 1886 жылы Шыңжанда жылжымайтын мұлкі болған верныйлық көпес Уәли Ахун Юлдашев пен инженер Поклевский Балқаш пен Іле арқылы Құлжаға дейін жолаушылар тасымалдау және сауда байланысын ұйымдастыру үшін өз қаражаттарына винтті пароходқа тапсырыс берді. 1883 жылғы 14 наурызда Іле кентінде пароход Іле өзеніне тұсірілді және губернатордың осы мәселенің тез шешілуіне қосқан үлесі үшін кеме «Колпаковский» атымен аталды. Поклевский пароходпен Қытайларға 20 мың пұт астық жеткізуге ниеттенді.<sup>214</sup>

Экономикалық және саяси проблемаларды шешумен қатар, Іле өзені арқылы пароход қатынасын ұйымдастыру Верныйдың аймақтағы ірі шаруашылық орталығы ретіндегі рөлін күшетуге жәрдемдесті. Батыс Қазақстанның ең басты су жолы ретінде Жайық өзені аймақтың Орынбор, Оңтүстік Орал, Еділ бойы экономикалық аудандарымен шаруашылық байланыстарын едәуір жандандырып, Бөкей Ордасы мен Маңғыстаудан Ресейдің өнеркәсіп ошактарына мал шаруашылығы шикізатының толассыз тасымалдануын қамтамасыз етті.

Далалық Қазақстан қалалары өздерінің экономикалық дамуында К.Гаге мен Г.Тегнердің Батыс Сібірге жасаған даниялық экспедициясына қайсыбір дөрежеде міндетті болды. Экспедиция коммерциялық сипатта жасалды: Сібірдің табиғи байлықтарын пайдаланудың тиімді өдістері мен жолдарын және оларды Еуропага тасу мүмкіндіктерін іздестірді. Гаге мен Тегнер қайта барғаннан кейін Копенгаген сауда коғамына егжей-тегжейлі

есепті табыс етті, онда басқалармен қатар Батыс Сібір аймағының «еңбек пен тапқырлықты ғана күтіп жатқан» орасан зор табиғи байлықтарының маңызы атап көрсетілген.<sup>215</sup>

Экспедицияның ұсыныстарын арзан шикізаттың жаңа көздерін іздестірген Ресейдің сауда-экономикалық мекемелері назардан тыс қалдырмады. Алайда қолайлы қатынас жолдарының болмауы, мысалы, то-лық сулы Ертіс аркылы Ресей шегіне шикізат жеткізуді қындалатты. 1880 жылы Түмен мен Семей арасында пароход қатынасы ашылды.<sup>216</sup>

1882 жылы Семей қаласында болған саяхатшылар О.Финш пен А.Брем Ертіс бойымен пароход қатынасының жергілікті сауда үшін тиімділігіне назар аударды.<sup>217</sup> Бұл жағдай көп уақыт өтпей Павлодар және Семей қала-ларын объективті түрде астық тасылатын негізгі пункттерге айналдырыды. Астық саудасының көлемі туралы 1899 жылғы деректер бойынша пікір айтуға болады: сол жылы Семейде 380 мың пүтқа дейін бидай және 500 мың пүтқа дейін бидай ұны, Павлодарда – 200 мыңға дейін бидай ұны та-сып әкелінген, оның үстіне қаланың қоймаларында 300 000-нан 400 000 пүтқа дейін астық жиналған.<sup>218</sup>

Ертіс өзенінің бойымен экономикалық жағынан тиімді өзен жолын пай-даланудың кейіннен Ертіс бойындағы қоныстардың шаруашылық дамуы үшін ғана емес, сонымен қатар Оңтүстік Батыс Сібірді игеруде де зор маңызы болды.

Баржалар Түменнен, Тарадан Ірбіт жәрмеңкесінде сатып алынған тау-арларды жеткізіп, Өскемен, Қапал, Верный, Семей көпестерінің қаржы-лық капиталын көбейте түсті;<sup>219</sup> Жоғарғы Ертіс өнірі қалаларын Қоянды жәрмеңкесімен телеграф желісі аркылы қосу туралы мәселе койылды.

Есіл өзені тауарлар тасу үшін кең көлемде пайдаланылмады, дегенмен оның Ақмола облысының жергілікті қалаларының, казак қоныстарының, қоныс аударушылардың экономикасын дамытудағы рөлі аз болған жоқ.<sup>220</sup>

Қазақстан қалалары отырықшы және көшпелі халықтың тұракты өзара байланыс орталықтары бола отырып және өлбетте, айналасын-дағы ауылдық өмірге өсер етіп, малмен тікелей сауда жасаудың және осы тірі тауарды сыртқа шығарудың, дұрысырақ айтканда, шектес аудан-дарға жіберудің объективті түрде орталықтарына айналды. Мұндай ор-талық ретінде Қостанай қаласын айтуға болады - қалада сатып алынған мал мен шикізат Камышин, Шадрин, Троицкий, Исецкий, Орал, Орск уездеріне, Екатеринбург губерниясына, Мәскеуге, Қазанға, Ревелге, Берлинге, Венаға жіберіліп отырды.<sup>221</sup>

Шаруаларды қоныстандыру, саяси жер аудару, отырықшы қоныстарға орналастырылған өскери бөлімдердің тұракты құрамы, жатактардың (шет-ке кәсіп ізденеп кетушілердің) өсуі сияқты факторлар, сондай-ақ жоғарғы айтылғандарды ескергендегі басқа да мән-жайлар қалалар халқын, олар-дың этникалық, отбасылық, кәсіптік, діни құрамын қалыптастырыды, алай-да қалалар тұрғындарының құрамы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты жиі өзгеріп отырды.

Реформадан кейінгі дәуірде өлкे қалаларының көшілігі шағын қоныстар қатарына жатты, олар, мысалы, Сырдария облысында жалпы қалалар санының 71%-ы, Жетісуда – 50%-ы, Торғайда – 25%-ы, Ақмолада 20%-ы болды.<sup>222</sup>

Қазақ автономиясы құрылғанға дейінгі бірінші және бірден-бір 1897 жылғы жалпыға бірдей халық санағы қалалар халқының саны мен қура-

мының өзгеруі туралы қызықты деректер береді. Оның деректері бойынша, қала халқының саны былай болған: Ақмола облысы – 37 376, Семей облысы – 54 800, Жетісу облысы – 48 251, Сырдария облысы – 46 512, Торғай облысы – 19 530 және Орал облысы – 55 482, еркек-әйелі бар барлығы – 231 951 адам.<sup>223</sup> Жекелеген ірі қалалар бойынша – Омбыда – 38 000 адам,<sup>224</sup> Семейде – 26 353, Верныйда – 22 982, Оралда – 36 597, Петропавлда – 20 014,<sup>225</sup> Ақмолада – 8 501 адам тұрған.<sup>226</sup>

Халықтың өте-мөте алуан түрлі этникалық құрамы тез өзгеріп отырған әлеуметтік-экономикалық өмірдегі өзгерістерге байланысты болды және өз құрылымына Австрия-Венгрияның, Ұлыбританияның, Германияның, Қытайдың және т.б. көптеген өкілдерін де қоса отырып, ол тұракты ұлғаюға бейімділік танытты.

Қалалардың мәдени келбеті өлкені отарлаудың әлеуметтік-экономикалық үрдістерінің, оны тездете түскен қажеттердің ықпалымен қалыптасты, ал өлке байлықтарын игеру үшін сол өлкенің салт-дәстүрлері мен тарихын, жергілікті ерекшеліктерді білетін сауатты кадрларды қажет етті. 1896 жылдан бастап бүкіл Торғай облысында оқытын оқушылар саны 2280 адамға жетіп, 88 оку орны жұмыс істеді; Сырдария облысында Халық ағарту министрлігінің ведомствосында 3 956 оқушысы бар 79 оку орны болды. Қала тұрғындарының сауаттылық дәрежесін 1897 жылғы санақтың деректері арқылы білуге болады, мысалы, сауаттылар саны Павлодарда – бүкіл тұрғындардың 31,3%, Қекпектіде – 19,4%, Семейде – 27%, Өскеменде – 30,9%, Зайсанда 31,6%-ына жетті.<sup>227</sup>

XIX ғасырдың екінші жартысында ірі қоныстарда мәдени-ағарту орталықтарының: Орынборда – Ресей Императорлық географиялық қоғамы бөлімшесінің, Семейде – Облыстық статистика комитетінің, Халықта білім беруге қамқорлық жасау қоғамының, Кедейлерге қамқорлық жасаушы әйелдер қоғамының; Верныйда кедей оқушыларға көмек көрсететін қоғамының, Қалалық қайырымдылық қоғамының және басқаларының ашылуы қалалардың мәдени келбетін анықтап, өлкенің қоғамдық-саяси өмірін жандандырды, баспа ісін кеңейтіп, байырғы халықтың тандаулы өкілдерін қалалардың мәдени өміріне тартты.

**Банк-акша қатынастары.** Өнеркәсіптің дамуы, қалалардың кең-байтак өлкенің экономикалық өмірі орталықтарына айналуы, акционерлік қоғамдардың құрылуы және шаруашылық жүйесіндегі басқа да өзгерістер банк мекемелері желісінің кеңеюін көп жағынан тездетіп, экономиканың дамуындағы негізгі сатып алу-сату құралы ретінде ақшаның рөлін күштейті.

1871 жылы Қазақстанда ашылған алғашқы банктердің бірі Петропавлдағы негізгі капиталы 40 000 сом болатын қалалық қоғамдық банк болды.<sup>228</sup> Ал 1875 жылы Ташкентте Мемлекеттік банк бөлімшесінің құрылуы құрамына Жетісу облысы кірген бүкіл Түркістан генерал-губернаторлығы үшін елеулі оқиға болды. Мемлекеттік банктің мұндай бөлімшелері Қазақстанның сауда орталықтары мен қалыптасып келе жатқан өнеркәсіп орталықтарында: Оралда (1876 ж.), Петропавлда (1881 ж.), Семейде (1881 ж.), Верныйда (1895 ж.) жұмыс істеді.<sup>229</sup> Қазақстанды Ресейдің ірі экономикалық орталықтарымен қосқан жаңа темір жол желілерінің іске қосылуы Қазақстанда империяның ірі банк мекемелерінің жаңа бөлімдерін немесе бөлімшелерін ашу үшін қолайлыш негіз жасады. Ресейдің ең өйгілі 9 банкісінен Қазақстан қалаларында өз бөлімшелерін ең алдымен Даға өлкесінде ашқан Сібір сауда банкі болды: бұл банктің

57 бөлімшесінің 6 бөлімі, яғни 12,3%-ы Қазақстанда: 1894 жылы – Омбыда, 1898 жылы – Семейде, ал XX ғасырдың басында – Ақмолада, Верныйда, Қостанайда, Павлодарда жұмыс істеді.<sup>230</sup>

Банктердің болмашы желісінің өзінің пайда болуы бірқатар ерекшеліктері бар және «казак қарыз кассалары» арқылы жүзеге асырылған, өлкеде XIX ғасырдың 70-жылдарында қолданылған ұсақ кредиттің біртіндеп таралуын жеделдетті. Олар далалық облыстардың байырғы халқына көкейтесті шаруашылық және отбасылық қажеттерін қанағаттандыру үшін қаражат беруді мақсат етті.<sup>231</sup> Банк ісінің жай-күйі, оларда капиталдарының көбеюі Қазақстан тұрғындарының арасында ақша жүйесінің таралуына, оның баспа-бас айырбастауды ығыстырып шығаруына тікелей тәуелді болды.

Егер капиталистік сауда әдістері бәрінен бұрын қамтыған солтүстік-батыс және шығыс аудандарда көшпелілердің ақша белгілерінің мәнін, құнын ұғынуы неғұрлым тез қарқынмен жүрсе, империяның құрамына кейінректе енген онтүстік аудандарда бұл құбылыс едәуір кейіннен орныға бастады. Профессор Е.Смирновтың пікірі бойынша, накты ақшаның енгізілуі және жаңа жүйе бойынша есеп айырысу аймақ жаулап алынғаннан кейін ене бастаған және Оңтүстік Қазақстанда жергілікті ақша «тенге» Коқанның металл теңгелерімен бірге еркін айналыста жүрген.<sup>232</sup>

Ал ауылдар арасында бір жасар «ісек» қой ақшаның накты құны ретінде қолданылған. Басқа тауарларға құнын шаққанда «ісектің» шамамен алынған баламасы туралы түсінік алу үшін мынадай мысал келтіруге болады: бағасы жөнінен жылқы терісі бір ісекке, құнан қой (екі жасар қой) немесе бір пүт жабағы (қойдың көктемде қырқылған жұні) 1,5 ісекке теңестірілген; дөнен қой (3 жасар қой) немесе бір пүт тоң май екі ісекке теңестірілді, құнан өгізді (екі жасар өгізді) 4 ісекке өткізуге болатын еді.<sup>233</sup> Қазақтарда сатуға арналған және ақша капиталын жинақтайтын негізгі тауар мал болып қалуы себепті олар басқа үй жануарларының құнын да қой санымен анықтаған: тай – үш қойға, құнан – бес қойға, ал бесті – жеті қойға теңестірілген.<sup>234</sup>

Сонымен, қой жануарлардың ақшалай бағасын анықтаудың негізгі эталоны болып, малды «топтап өткізу» кезінде жәрменқелерде орасан көп ақша тапқан жаңа мал ұстаушы байлардың әл-ауқатын көп жағынаң анықтады. Қоянды жәрменкесінде қойды көтере сату бағасы мынадай: 1889 жылы – 2 сом 80 тиын, 1900 жылы – 3 сом 25 тиын тұрды.<sup>235</sup> Тұрлі жылдардағы салыстырмалы деректер мал бағасының едәуір ауытқып отырғанын көрсетеді: 1860 жылы Сырдария облысында қой – 2 сом 25 тиын, 1887 жылы – 3 сомнан 4 сомға дейін, Ақмола облысында 1889 жылы – өгіз 40 сомнан 50 сомға дейін, сиыр – 18–25, қой – 5–6 сом 50 тиын, сондай-ақ 3 жасқа жетпегені – 3–5 сом, жылқы – 20–40 сом; Торғай облысы бойынша: 1892 жылы өгіз – 15–20 сомнан, сиыр – 7–12, қой – 1 сом 50 тиыннан 2 сом 50 тиынға дейін, жылқы – 5–13 сом сатылған.<sup>236</sup>

Көшпелілерде ақша қаражатының болуы олар үшін қала банктерімен іскерлік байланыстар орнатуға, өсімкорлармен қызу кредит-ақша байланыстарын жасауға, жергілікті банктерде есеп шоттар ашуға, біртіндеп рыноктық қатынастарға тартылуға, делдал-алыпсатарлар жалдап, қалаларда жылжымайтын мүлік сатып алуға кең мүмкіндіктер ашты.

Облыстар бойынша халықтың банктерге салымы үлғаюының өсуін 1899

жылғы 1 қантардағы мәліметтер көрсетеді: Жетісу облысында жұмыс істеген кассалар – 20, салымшылар саны – 2912, салымдар сомасы – 561,5 мың сом болды. Олар Сырдария облысында – 15; 5477; 895,1. Жетісу облысында – 16; 2655; 632,1. Ақмола облысында – 13; 6576; 1361,5. Торғай облысында – 7; 422; 56,2. Барлығы – 84; 21765; 4261,8 мың сомға жетті.<sup>237</sup>

«Бұрынғы кезде бізде, жергілікті халықта, 4-5 мың сомы бар адам ең бай адам деп саналған, қазіргі уақытта мұндай байларды қалалар ғана емес, қыстактарда да кездестіруге болады, ал қалаларда 300 мың сом нақты капиталы бар байлар кездеседі», – байып алған көшпелілер қатарынан шыққан жаңа өлеуметтік топтың өмірін «Туркестанские ведомости» газеті осылайша сипаттаған.<sup>238</sup>

Көшпелілердің басым көпшілігі Ресей ақша белгілерінің нақты күнын шамамен ғана білуі себепті өр түрлі алаяқтар қазақ ауылдарын аралап жүріп, мейірбан, меймандос қазактарды оларға «өте қын жағдайларда қарызға» ақша беріп, оп-оңай алдайтын еді; өр түрлі алаяқтар көшпелілердің аңғал бейқамдығын және өсіресе күміс теңгелердің шын сатып алу қабілетін білмеуін пайдаланып, оларды жиі тонап, алдан кететін еді, ал көшпелілер күміс теңгелерді екінің бірінде әйелдерге арналған әшекей бұйымдар, атап айтқанда, бас киімдер – сөукелелер сатып алу үшін пайдаланатын. Мысалы, бір самаурын үшін тұтас бір отар қой берген.<sup>239</sup> «...Олардың біреуі (саудагер. – Ред.) сіріңке сатқанда, оны қасиетті от деп көрсеткенін, қазактардың оған сеніп, «қасиетті отты» бір корап сіріңкеге бір және одан да көп қой беріп сатып алғанын есінде жақсы сақтаған және айтып жүреді; ал болашақтағы басқа бір бай қазактарға кемпитетті Магомедтің (Мұхаммед пайғамбардың. – Ред.) қатқан түкірігі деп алдан сатқан», – деп жазған бір жергілікті газеттің тілшісі.<sup>240</sup>

Сонымен, урбанизация үрдісі, күнделікті шаруашылық өмірде рыноктық факторлардың рулық-патриархаттық дәстүрлерді ығыстырып шығаруы, банк-ақша қатынастары ықпалының таралуы қоғамның өлеуметтік-экономикалық құрылымына елеулі түзетулер енгізді, мұліктік сараланды одан өрі терендете түсіп, тұрғындардың жалпы бұқарасынан қалалық рынокпен, жәрменкелермен, банктермен тұракты байланысы бар өлеуметтік жік санатын бөліп шығарды.

Бұл орайда ақшаның таралуына, бұрынғы қарапайым заттай айырбастың ығыстырылып шығарылуына қоса өрескел зансыздық, дала тұрғындарын нағыз ұятсыздықпен тонау орын алды.

Баламасыз сауда автохтондық тұрғындарға қымбатқа түсті, ол кедейлерді; малы аз шаңырақ иелерін күйзелтіп, оларды тіршілік етудің жаңа көздерін іздең қалаға ағылуға мәжбүр етті, олардың негізгі байлығы – жайылымдық алаптарын отаршылдық күштеп тартып алуды жеделдетіп, оларды дәстүрлі күн көру құралдарынан айырды.

<sup>1</sup> Қар. Завалишин И. Описание Западной Сибири. М., 1867, ч. 3, 3-6.

<sup>2</sup> Бұл да сонда.

<sup>3</sup> Бұл да сонда, 7-б.

<sup>4</sup> Туркестанские ведомости. № 46, 24. XI. 1889.

<sup>5</sup> Туркестанские ведомости. За 10. X. 1889.

<sup>6</sup> ЦГА РК, ф. 78, оп. 2, д. 28, л. 11 об.

- <sup>7</sup> *Бұл да сонда*, ф. 374, оп. 1, д. 2582, л. 41 об.
- <sup>8</sup> *Бұл да сонда*, ф. 345, оп. 1, д. 30, л. 3.
- <sup>9</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>10</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>11</sup> *Бұл да сонда*, д. 38, л. 2.
- <sup>12</sup> Қар.: *Бекмаханова Н. Б.* Формирование населения Новолинейного района Казахстана в пер. пол. XIX века / Проблемы исторической демографии СССР. Томск, 1980, 217-б.
- <sup>13</sup> Всеподданнейший отчет по Туркестанскому генерал-губернаторству. СПб., 1895, 5-6.
- <sup>14</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>15</sup> *Кронгардт Г. К.* Переселенческое движение и демографические изменения в Южном Казахстане во второй пол. XIX—нач. XX вв. / Проблемы исторической демографии СССР. Томск, 1980, 226-б.
- <sup>16</sup> Тургайская газета № 13. За 24. III. 1961.
- <sup>17</sup> Алексеенко Н. В. Население дореволюционного Казахстана. А., 1981, 70-б.
- <sup>18</sup> ЦГА РК, ф. 15, оп. 2, д. 59, л. 13 об., 27.
- <sup>19</sup> Сапаргалиев Г. С., Дьяков В. А. Общественно-политическая деятельность ссыльных поляков в дореволюционном Казахстане. А., 1971, 170-б.; Галиев В. З. Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане. А., 1982, 46-б.
- <sup>20</sup> Қар.: Галузо П. Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867—1914 гг. А., 1965, 273-б.
- <sup>21</sup> Қар.: Велевский С. Н. Приилийский Кульджинский край // ИРГО, т. 41, 1915, вып. 1, 152—153-б.
- <sup>22</sup> Исиев Д. А. Уйгурское государство Иэттишар. М., 1981, 48-б.
- <sup>23</sup> Ростовский С. Т. Царская Россия и Синьцзян в XIX—нач. XX вв. // Историк-марксист. 1936, № 3, 36-б.
- <sup>24</sup> Пантусов Н. Н. Сведения о Кульджинском крае за 1871—1877 гг. Казань. 1881, 108—109-б.
- <sup>25</sup> Сутеева Х. А. Политика России в Илийском крае в 1871—1881 гг. // Автореф. дис... к.и.н. А., 1987, 1-б.
- <sup>26</sup> Касымбаев Ж. К. Казахстан—Китай: караванная торговля в XIX—начале XX вв. А., 1996, 102-б.
- <sup>27</sup> Абдиров М. Ж. История казачества Казахстана. А., 1994, 125-б.
- <sup>28</sup> Кейбір елді мекендер жайлы накты деректер келтірілмеген. Қар.: РГВИА, ф. 1450, оп. 7, д. 1, л. 1.
- <sup>29</sup> ЦГА РК, ф. 487, оп. 1, д. 1, л. 337.
- <sup>30</sup> Алексеенко Н. В. Көрсетілген еңбегі, 77-б.
- <sup>31</sup> Қар.: Турчанинов Н. В. Население Азиатской России / Азиатская Россия. СПб., 1915, т. 1, 87-б.
- <sup>32</sup> Обзор Семипалатинской области на 1897 г. Семипалатинск. 1889, 40-б.
- <sup>33</sup> Алексеенко Н. В. Көрсетілген еңбегі, 82-б.
- <sup>34</sup> Кронгардт Г. К. Переселенческое движение, 230-б.
- <sup>35</sup> Қар.: Арғынбаев Х. А. Қазақ халқындағы семья және неке. А., 1973, 145-б.
- <sup>36</sup> Русский вестник. 1880, №4.
- <sup>37</sup> Алексеенко Н. В. Көрсетілген еңбегі, 85-б.
- <sup>38</sup> Қар.: Крафт И. И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898, 74-б.
- Қар.: Хохлов И. Тургайская область. СПб., 1906, 25-б.
- Диваев А. Аткаминеры // Сборник материалов для статистики Сырдарыинской области, т. III. Ташкент. 1891, 5-б.
- Толығырақ қар.: Сибирский торгово-промышленный календарь на 1899 г. Томск, 1900, 236-б.
- Бұл да сонда*, 249-б.
- Юзефо В. О быте киргизов Тургайской области // Русский вестник. 1880, № 4.

- <sup>44</sup> Живописный альбом народов России. СПб., 1880, 327-6.
- <sup>45</sup> Хохлов И. Тургайская область, 65-б.
- <sup>46</sup> Обзор Семипалатинской области за 1888 год, 19-б.
- <sup>47</sup> Бұл да сонда, 17-б.
- <sup>48</sup> Обзор Тургайской области за 1892 г. Оренбург, 1913.
- <sup>49</sup> Сибирский торгово-промышленный календарь за 1907 г. СПб., 1911, 170-б.
- <sup>50</sup> Бұл да сонда, 158-б.
- <sup>51</sup> Обзор Сырдарьинской области за 1894 г. Ташкент, 1897, 17-б.
- <sup>52</sup> Сибирский торгово-промышленный календарь на 1908 г. СПб., 1911, 249-б.
- <sup>53</sup> Гейнс А. Собрание литературных трудов, т. 2, СПб., 1898, 566-б.
- <sup>54</sup> Бұл да сонда, 567-б.
- <sup>55</sup> Ашмарин. Кочевые пути, зимовые стойбища и летовки (историческое описание) //Советская Киргизия. 1925. № 5–6, 123-б. (Эти данные были объявлены на 5-м Всеказахском съезде Советов).
- <sup>56</sup> Обзор Акмолинской области за 1886 г. Омск, 1887, 11-б.
- <sup>57</sup> Бұл да сонда.
- <sup>58</sup> ЦГА РК, ф. 345, оп. 1, д. 233, л. 2 об.
- <sup>59</sup> Бұл да сонда, ф. 369, оп. 1, д. 815, л. 40.
- <sup>60</sup> Бұл да сонда, ф. И-1, оп. 11, д. 555, л. 6.
- <sup>61</sup> Бұл да сонда.
- <sup>62</sup> Хохлов И. Тургайская область. СПб., 1906, 8-б.
- <sup>63</sup> Қар.: Сибирский торгово-промышленный календарь на 1899 г. Томск, 1900, 230-б.
- <sup>64</sup> ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 4895, л. 41.
- <sup>65</sup> Катанаев Г. Е. Киргизский вопрос в сибирском казачьем войске. Омск, 1904, 14-б.
- <sup>66</sup> РГВИА, ф. 1449, оп. 1, д. 20, л. 11.
- <sup>67</sup> Всеподданнейший отчет по Туркестанскому генерал-губернаторству. СПб., 1885, 22-б.
- <sup>68</sup> Госархив Алтайского края РФ (ГААК РФ), ф. 3, оп. 2, д. 106, л. 70 об.
- <sup>69</sup> Бұл да сонда.
- <sup>70</sup> ГААК РФ, ф. 3, оп. 2, д. 109, л. 8.
- <sup>71</sup> Завалишин И. И. Описание Западной Сибири, ч. 3, 55-б.
- <sup>72</sup> Акмолинская область // Сибирский торгово-промышленный календарь на 1899 г. Томск, 1900, 233-б.
- <sup>73</sup> Район Южно-Сибирской железной дороги в экономическом отношении. СПб., 1913, 47-б.
- <sup>74</sup> Район железной дороги: Петропавловск—Спасский завод в экономическом отношении. СПб., 1912, 234-б.
- <sup>75</sup> Район Южно-Сибирской железной дороги, 118-б.
- <sup>76</sup> Сибирский торгово-промышленный календарь, 234-б.
- <sup>77</sup> Бұл да сонда:
- <sup>78</sup> Тургайские областные ведомости. № 18, 28.IV. 1901; Сулейменов Б. С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX—начале XX веков. А., 1963.
- <sup>79</sup> Қар.: Галузо П. Г. Қөрсетілген еңбегі, 56-б.
- <sup>80</sup> Сибирский торгово-промышленный календарь, 219-б.
- <sup>81</sup> Қар.: Касымбаев Ж. К. О роли отходничества в расширении рынка наемного труда Казахстане (вторая половина XIX в.) / Взаимосвязи города и деревни в их историческом развитии. М., 1989, 91-б.; Сонықи. Развитие жатачества (отходничества) как следствие социальной дифференциации казахского аула в XIX—нач. XX вв. // Известия АН РК. Сер. общ. наук, 1992, № 6, с. 36; Сонықи. Переход жатаков (отходников) к оседлости как фактор расширения аграрного рынка в Казахстане (вторая половина XIX в.) / Аграрный рынок в его историческом развитии. М., 1991, 112-б.
- <sup>82</sup> Қар.: Бекмаханов Е. Б. Жатаки (первая половина XIX в.) // Вестник АН КазССР. 1949, № 8, 60-б.

- <sup>83</sup> Потанин Г. Н. Сибирские казаки / Живописная Россия. СПб., 1884, т. XI, 112-б.
- <sup>84</sup> Кар.: Казақша-орысша сөздік. А., 1987, 143-б.
- <sup>85</sup> Кар.: Русско-казахский словарь. А., 1981, т. 2, 31-б.
- <sup>86</sup> Касымбаев Ж. К. Развитие жатачества (отходничества), 37-б.
- <sup>87</sup> ЦГА РК, ф. 345, оп. 1, д. 599, л. 11 об.
- <sup>88</sup> ЦГА РК, ф. 345, оп. 1, д. 4895, л. 144.
- <sup>89</sup> Крафт И. И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. Оренбург, 1898, 146-б; ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 4895, л. 163.
- <sup>90</sup> Кар.: Лобысевич Ф. И. Поступательное движение в Среднюю Азию в торговом и дипломатическо-военном отношении. СПб., 1900, 81-б.
- <sup>91</sup> Бларамберг И. Ф. Военно-статистическое обозрение земли Оренбургского ведомства // Военно-статистическое обозрение России. СПб., 1848, т. XIV, ч. 3, 32-б.
- <sup>92</sup> Завалишин И. Описание Западной Сибири. СПб., 1867, ч. 3, 55-б.
- <sup>93</sup> Тургайская газета, 1901, 10 марта, № 11.
- <sup>94</sup> Бұл да сонда, 5 мая, № 20.
- <sup>95</sup> Бұл да сонда, 24 марта, № 13.
- <sup>96</sup> Бұл да сонда.
- <sup>97</sup> Бұл да сонда, 5 мая, № 20.
- <sup>98</sup> Сонымен катар облыстардың губернаторлары «Қоныс аударушылардың даланы еркін отарлауын жүзеге асырмая мақсатымен» деген желеумен жатақтарға жер бөліп беруге қарсы шығып отырды. (ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 4895, л. 2.)
- <sup>99</sup> Катанаев Г. Е. Киргизский вопрос в Сибирском казачьем войске. Омск, 1901, 14-б.
- <sup>100</sup> Госархив Томской области РФ (ГАТО РФ), ф. 234, оп. 1, д. 360, л. 3 об.
- <sup>101</sup> ЦГА РК, ф. 345, оп. 1, д. 22, л. 45–54.
- <sup>102</sup> Там же, ф. 64, оп. 1, д. 338, л. 52.
- <sup>103</sup> Сибирский торгово-промышленный календарь, 150-б.
- <sup>104</sup> Тургайская газета, 1901, 13 марта, № 11.
- <sup>105</sup> Касымбаев Ж. К. Переход жатаков (отходников) к оседлости, 113-б.
- <sup>106</sup> Ленин В. И. Полное собр. сочинений, т. 3, 570-б.
- <sup>107</sup> Материалы по переселенческому хозяйству в степных и Тургайской областях, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей, т. VIII. Бюджеты переселенцев Акмолинской и Семипалатинской областей, СПб., 1907.
- <sup>108</sup> Юферов В. И. Опыт определения нормы надела переселенцев по данным исследования селений Черняевского, Кауфманского и Константиновского, Ташкентского уездов. Ташкент, 1907, 29-б.
- <sup>109</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, составленные и разработанные под руководством П. П. Румянцева, т. IV. Русские старожильческие селения Лепсинского, Копальского, Верненского, Пишпекского и Пржевальского уездов. Пг., 1915, IX-б.
- <sup>110</sup> Ковалченко И. Д., Моисеенко Т. Л., Селунская Н. Б. Социально-экономический строй крестьянского хозяйства европейской России в эпоху капитализма. М., 1988, 101-б.
- <sup>111</sup> Материалы по изучению агрономических условий Семипалатинской области, вып. I. М., 1915, 4-б.
- <sup>112</sup> Материалы по земельному вопросу в Азиатской России, вып. I, Степной край. Пг 1917, 9–11-б.
- <sup>113</sup> Букейхан А. Избранное. А., 1995, 246, 247-б.
- <sup>114</sup> ЦГА РК, ф. 19, оп. 1, д. 64, л. 56.
- <sup>115</sup> Мәселен, Актөбе уезінде жердің әбден құнарсыздануы туралы мәселе ғалымдар

тарапынан 1901 жылдың өзінде-ак көтерілген. Қар.: XI съезд русских естествоиспытателей и врачей. Тр. подсекции статистики. СПб., 1902, 7-б.

- <sup>116</sup> Букейхан А. Избранное, 237-б.
- <sup>117</sup> Материалы по переселенческому хозяйству, т. I, 71-б.
- <sup>118</sup> Бұл да сонда, т. VI, 4-б.
- <sup>119</sup> Бұл да сонда, т. I, 55-б.
- <sup>120</sup> Бұл да сонда, т. I, 62-б.
- <sup>121</sup> Бұл да сонда, т. II, 30-б.
- <sup>122</sup> Громыко М. М. ТERRITORIALНАЯ КРЕСТЬЯНСКАЯ ОБЩИНА СИБИРИ (30-Е ГГ. XVIII–60-Е ГГ. XIX В.) / Крестьянская община в Сибири XVIII–начала XX в. Новосибирск, 1977, 61-б.
- <sup>123</sup> Материалы по переселенческому хозяйству, т. VII, с. 18.
- <sup>124</sup> Бұл да сонда, т. I, 4-б.
- <sup>125</sup> Бұл да сонда, т. I, 8-б.
- <sup>126</sup> Бұл да сонда, т. II, 40-б.
- <sup>127</sup> Бұл да сонда, т. IV, 104-б.
- <sup>128</sup> Бұл да сонда, т. II, 131-б.
- <sup>129</sup> Бұл да сонда, т. I, 9, 68-б.
- <sup>130</sup> Бұл да сонда, т. IV, 137-б.
- <sup>131</sup> Бұл да сонда, т. II, 85-б.
- <sup>132</sup> Александров В. А. Возникновение сельской общины в Сибири (XVII век) // История СССР, 1987, № 1, 68-б.
- <sup>133</sup> Материалы по земельному вопросу, 101-б.
- <sup>134</sup> Пантусов Н. Записки о переселении кульджинских оседлых мусульман в Семиреченскую область, фонд ИИАЭ АН КазССР, ин. № 60, л. 119.
- <sup>135</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные и разработанные под руководством П. П. Румянцева, т. V. Таранчи, ч. I, СПб., 1914, 2-б.
- <sup>136</sup> Россия. Полное географическое описание нашего отечества. СПб., 1913, 410-б.
- <sup>137</sup> Материалы к характеристике народного хозяйства Туркестана, ч. II, СПб., 1914, 24–25-б.
- <sup>138</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства, 1914, 18, 67, 73-б.
- <sup>139</sup> ЦГА Каз ССР, ф. 44, оп. 10, д. 286, л. 1.
- <sup>140</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства, 25, 34, 44, 50-б.
- <sup>141</sup> Гинс Г. Таранчи и дунгане (Очерки поездки по Семиречью) // Исторический вестник, 1911, т. СХХI (август), 706–707-б.
- <sup>142</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства, 102-б.
- <sup>143</sup> Бұл да сонда, 78, 102, 169-б.
- <sup>144</sup> Васильев В. А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. Пг., 1915, 249-б.
- <sup>145</sup> Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства, 6-б.
- <sup>146</sup> Васильев В. А. Семиреченская область как колония, 137-б.
- <sup>147</sup> Бұл да сонда, 144-б.
- <sup>148</sup> Бұл да сонда, 113-б.
- <sup>149</sup> Россия. Полное географическое описание нашего отечества, 446-б.
- <sup>150</sup> Гинс Г. Таранчи и дунгане. Очерки поездки по Семиречью // Исторический вестник, 1911, т. СХХV, 698-б.
- <sup>151</sup> Васильев В. А. Семиреченская область как колония, 108-б.
- <sup>152</sup> РГВИА, ф. 483, оп. I, д. 120, л. 2.

- <sup>153</sup> *Бүл да сонда*.
- <sup>154</sup> Обзор Акмолинской области за 1896 г. Омск, 1897, 54-б.
- <sup>155</sup> Российский государственный архив Русского географического общества (РГА РГО), ф. 69, оп. 1, д. 3, л. 9.
- <sup>156</sup> *Бүл да сонда*, л. 9 об.
- <sup>157</sup> Смирнов Е. Сырдарьинская область. СПб., 1887, 212-б.
- <sup>158</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 3251, л. 4.
- <sup>159</sup> Сибирский торгово-промышленный календарь, 334-б.
- <sup>160</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 4030, л. 25; Алексеенко Н. В. Русская крестьянская колонизация рудного Алтая в XVIII–XIX вв. // Экономика, управление и культура в Сибири. XVI–XIX вв. Новосибирск, 1965, 152-б.
- <sup>161</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 2823, л. 47–57.
- <sup>162</sup> Галузо П. Г. Аграрные отношения на юге Казахстана, 95-б.
- <sup>163</sup> Сибирский торгово-промышленный календарь, 286-б.
- <sup>164</sup> Сибирский торгово-промышленный календарь на 1900 г. Томск, 1901, (приложение), 139, 141, 143–144, 146, 149-б.
- <sup>165</sup> Пантусов Н. Перевозочные средства в Туркестанском крае (по сведениям 1872, 1873 гг.) // Материалы для статистики Туркестанского края, вып. II, Спб., 1876, 124-б.
- <sup>166</sup> Левцов М. Очерк путешествия по Монголии и северным провинциям внутреннего Китая // Записки Западно-Сибирского отделения РГО, кн. IV. Омск, 1883, 218-б.
- <sup>167</sup> Полтарацкий В. Сведения о торговых сношениях с Западным Китаем // Известия ИРГО, т. IX, Спб., 1873, 98-б.
- <sup>168</sup> ГАОМО РФ, ф. 3, оп. 9, д. 13871, л. 10.
- <sup>169</sup> ГААК РФ, ф. 3, оп. 1, д. 9, л. 13.
- <sup>170</sup> ГАОМО РФ, ф. 3, оп. 9, д. 13871, л. 14–15.
- <sup>171</sup> *Бүл да сонда*, ф. 23, оп. 2, д. 13, л. 80.
- <sup>172</sup> Қар.: Касымбаев Ж. К. Казахстан–Китай: караванная торговля, 146-б.
- <sup>173</sup> Қар.: Записки Зап.-Сиб. ИРГО. Кн. IV. Омск, 1882, 27-б.
- <sup>174</sup> Касымбаев Ж. К. О торговле России с Цинской империей через города Восточного Казахстана в 80–90-е годы XIX в. // Общество и государство в Китае. 12-я конференция, ч. II, М., 1981, 158-б.
- <sup>175</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 5099, л. 129–130.
- <sup>176</sup> Касымбаев Ж. К. О торговле России с Цинской империей, 159-б.
- <sup>177</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 17, д. 3075, лл. 35–48.
- <sup>178</sup> Сибирский торгово-промышленный календарь на 1898 г. Томск, 1899, 154-б.
- <sup>179</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 319, л. 21.
- <sup>180</sup> Қар.: Касымбаев Ж. К. Казахстан–Китай: караванная торговля, 132-б.
- <sup>181</sup> Касымбаев Ж. К. Роль городов Восточного Казахстана в развитии торговых отношений в конце XIX в. // Известия АН КазССР. Сер. общ. наук. 1976, № 5, 45-б.
- <sup>182</sup> По Акмолинской области – Обзор за 1895 г. Омск, 1896, с. 88; по Семипалатинской – Российский государственный исторический архив (С.-Петербург, далее – РГИАП), ф. 391, оп. 1, д. 91, л. 321.
- <sup>183</sup> РГВИА, ф. 1450, оп. 7, д. 1, л. 11.
- <sup>184</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 3139, л. 11.
- <sup>185</sup> РГВИА, ф. 1450, оп. 7, д. 1, л. 52.
- <sup>186</sup> ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 6243, л. 1.
- <sup>187</sup> РГИАП, ф. 391, оп. 1, д. 91, лл. 176, 315, 321; Обзор Семиреченской области на 1900 г. Верный, 1901, 25-б.
- <sup>188</sup> ГАТО РФ, ф. 3, оп. 19, д. 228, л. 23.
- <sup>189</sup> Обзор Семипалатинской области за 1888 г. Семипалатинск, 1889, 11-б.

- <sup>190</sup> Обзор Акмолинской области за 1898 г. Омск, 1899, 39-б.
- <sup>191</sup> РГИАП, ф. 1284, оп. 194, д. 36, л. 6 об.
- <sup>192</sup> Смирнов Е. Сырдарьинская область. СПб., 1887, 184-б.
- <sup>193</sup> Аничков И. Очерки народной жизни Северного Туркестана, сб. 1, Ташкент, 1899, 66-б.
- <sup>194</sup> Смирнов Е. Сырдарьинская область, 192-б.
- <sup>195</sup> Гейер И. В устье Сырдарьи // Сборник материалов для статистики Сырдарьинской области. Ташкент, 1899, 60-б.
- <sup>196</sup> Обзор Семипалатинской области за 1888 г. Семипалатинск, 1889, 30-б.
- <sup>197</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 3045, л. 97–104.
- <sup>198</sup> Касымбаев Ж. Города Восточного Казахстана в 1861–1917 гг. (Социально-экономический аспект), А., 1990, 73-б.
- <sup>199</sup> Смирнов Е. Сырдарьинская область. СПб., 1887, 198-б.
- <sup>200</sup> Бұл да сонда.
- <sup>201</sup> Обзор Тургайской области за 1899 год. Оренбург, 1901, 7-б.
- <sup>202</sup> Тургайские областные ведомости. № 16, за 1901 г.
- <sup>203</sup> Бекмухаметов Е. Б. Цветная металлургия и горное дело дореволюционного Казахстана. А., 1964, 24-б.
- <sup>204</sup> Игibaев С. К. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана (1861–1917 гг.). А., 1991, 62-б.
- <sup>205</sup> Бұл да сонда, 69, 70, 71, 73-б.
- <sup>206</sup> Туркестанские ведомости, № 18, 1896.
- <sup>207</sup> Обзор Акмолинской области за 1912 год, Омск, 1913, 31-б.
- <sup>208</sup> Тургайские областные ведомости. № 16 от 14 апреля 1901 г.
- <sup>209</sup> Игibaев С. Көрсетілген еңбегі, 99-б.
- <sup>210</sup> ГАТО РФ, ф. 234, оп. I, д. 360, л. 13 об.
- <sup>211</sup> Письма действительного члена общества (Русского географического. — Ред.) П. П. Семенова о путешествии его по киргизской степи Сибирского ведомства. Алматы или Верное // Вестник ИРГО, 1856, СПб., 1865, (раздел — смесь), 3-б.
- <sup>212</sup> Турчанинов Н. Города Азиатской России // Азиатская Россия. СПб., 1914, кн. 1, 347-б.
- <sup>213</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. I, д. 4870, л. 8.
- <sup>214</sup> Поклевский И. Торговый путь от Иртыша в Верный и Кульджу. Спб., 1885, 20-б.
- <sup>215</sup> ГААК РФ, ф. 132, оп. 4, д. 29, л. 47.
- <sup>216</sup> Бұл да сонда, л. 46 об.
- <sup>217</sup> Кар.: Фини О., Брем А. Путешествие в Западную Сибирь. М., 1882, 32-б.
- <sup>218</sup> Кар.: Касымбаев Ж. К. Города Восточного Казахстана, 59-б.
- <sup>219</sup> РГВ РГО, ф. разряд 69, оп. 1, д. 3, л. 10.
- <sup>220</sup> Обзор Акмолинской области за 1886 год. Омск, 1887, 4-б.
- <sup>221</sup> Касымбаев Ж. К. О торговых взаимосвязях городов северо-восточного Казахстана с русскими крестьянскими селениями и казахским аулом (60–90-е годы XIXв.) // XXIV съезд КПСС и проблемы аграрной истории СССР, Уфа, 1984, 313-б.
- <sup>222</sup> Қар.: Сатыбекова Г. Х. Из истории развития городов Казахстана на рубеже XIX–XX веков // Проблемы социально-экономического и этно-демографического развития городов Казахстана. А., 1985, 36-б.
- <sup>223</sup> Алексеенко Н. В. Население дореволюционного Казахстана, 77-б. (по Акмолинской области данные явно занижены).
- <sup>224</sup> Оланьон Кл. Сибирь и ее экономическая будущность. СПб., 1903, 243-б.
- <sup>225</sup> Мәліметтерді құрастырыған: Касымбаев Ж. К. О демографии городского населения Прииртышья во вт. пол. XIX в. // Вестник АН КазССР, 1975, № 12, 27-б.; Сонықі: Городское население Казахстана по данным всеобщей переписи 1897 // Известия АН Каз ССР, 1988, № 4, 43-б.

- <sup>226</sup> Касымбаев Ж. К. История города Акмолинска (1832–1917гг.). А., 1995, 17-б.
- <sup>227</sup> По Тургайской области: Сибирский торгово-промышленный календарь за 1895 год. Томск, 1900, 337-б; по Сырдарьинской: сонда. 297-б.; по городам северо-восточного Казахстана: первая всеобщая перепись, т. 1, XXXIV, Спб., 1911, 54–55-б.
- <sup>228</sup> Петропавловск (История городов Казахстана). А., 1985, 39-б.
- <sup>229</sup> Фридман Ц. Л. Банки и кредит в дореволюционном Казахстане. А., 1974, 16-б.
- <sup>230</sup> Бул да сонда, 17-б.
- <sup>231</sup> Бул да сонда, 158-б.
- <sup>232</sup> Смирнов Е. Сырдарьинская область. СПб., 1887, 201-б.
- <sup>233</sup> Комаров П. К статье «Единица ценности у первобытных народов» // Туркестанские ведомости за 1901 год, № 46.
- <sup>234</sup> Остроумов Н. П. Единица ценности у первобытных народов // Туркестанские ведомости, № 28, 1901.
- <sup>235</sup> РГВИА, ф. 1450, оп. 7, д.1, л. 19 об.
- <sup>236</sup> Данные: по Сырдарьинской области. – Смирнов Е. Көрсетілген еңбегі, 201-б., по Акмолинской области – ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 10517, л. 45; по Тургайской области: обзор области за 1892 год. Оренбург, 1893, 3-б.
- <sup>237</sup> Фридман Ц. Л. Көрсетілген еңбегі, 166-б.
- <sup>238</sup> 1898, № 51, 19. VII.
- <sup>239</sup> Очерки экономической истории Казахской ССР. А., 1974, 31-б.
- <sup>240</sup> Киргизская степная газета, 1898, 31. V, № 22.



## *Yшінши таралу*

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТІ**

#### **1.ХАЛЫҚ АГАРТУ ІСІ**

XIX ғасырдың ортасына дейін Қазақ даласында байырғы халықтың балаларын оқытуға арналған еуропалық үлгідегі мектептер жоқтың қасы еді, мұндай бастауыш мектеп 1841 жылы тек Бөкей Ордасында ғана ашылды. Отаршылдық аппараттың төменгі органдарына хатшылар мен тілмаштар даярлау үшін 1850 жылы Орынбор шекаралық комиссиясының жаңынан қазақ балаларын оқытуға арналған жеті жылдық арнаулы мектеп ашылды.<sup>1</sup> Оған бүкіл Орынбор өлкесінен қабылданған 30 оқушының ішінде Ы.Алтынсарин де бар еді. Бұл мектепті 19 жылда 48 оқушы бітіріп шықты. Алғашқы кезде онда мұсылман дінін оқыту басым болатын, кейін дін ықпалы шектеліп, 1859 жылы орыс тарихы, математика, жалпы және орыс географиясы мен геометрия енгізілді.

1857 жылы Орынбор үлгісімен Омбыдағы облыстық басқарма жаңынан қазақ балаларына арналған мектеп ашылды, ол негізінен алғанда тілмаштар даярлады. Ширек ғасырға жуық өмір сүрген бұл мектеп 1881 жылы приход мектептері мен уездік училищеде оқитын он қазақ және он орыс тәрбиленушілеріне арналған пансион ретінде қайта үйымдастырылды.<sup>2</sup> 1865 жылы Омбыда қазақ балаларына арналған тағы бір мектеп ашылды, ал 1869 жылы Орынбор гимназиясы жаңынан шығыс тілдерінің тілмаштарын және өскери округтердің хатшыларын даярлайтын бөлімше құрылды.

XIX ғасырдың 60-жылдары Қазақстанда бастауыш мектептердің ашылуы Ы.Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты. 1867–68 жылдардағы реформалардан кейін мұндай мектептер Қазақ өлкесінің көптеген аймактарында жұмыс істей бастады. 1868–69 жылдарда Орал облысында 24 орыс-қазақ мектебі, олардың қатарында 2 екі сыныптық, 6 селолық бір сыныптық, 14 жоғары сыныптық мектеп және 2 жекеше училище болды. 1877 жылға қарай Орал казак өскерінің 47 мектебінің бесеуі қыздар мектебі еді. Оралда 2250 оқушы оқыды, бұл сол өңірдегі мектеп жасындағы казақ балаларының 2 пайзызынан сөл ғана асатын еді. 1894 жылы Орал қаласында ер балалардың өскери гимназиясы, қыздар гимназиясы, діни училище ашылды. Бұған қоса облыс бойынша 37 шіркеу мектебі, 77 станицалық, поселкелік шағын мектеп, сон-

дай-ақ 10 болыстық орыс-қазақ мектебі болған еді. Бұл мектептерде барлығы 2984 оқушы оқыды.<sup>3</sup>

Ақмола облысында да мектеп ісі осы шамалас болды. 1861 жылға қарай Сібір казак өскерінің бүкіл ұлан-ғайыр «Горькая шебінің» бойында казак балаларының сауатын ашуға арналған небәрі 14 мектеп қана болды, ал қоныс аударған шаруалардың балаларын, өсіреле қазақ балаларын оқыту жайында ол кезде сөз болуы да мүмкін емес еді.

Облыста 70-жылдардың басынан бастап мектеп ісі едәуір жандана тұсті. Ер балалар және қыздар гимназиялары мен прогимназиялары, мұғалімдер даярлайтын семинария, ер балалар оқитын уездік приход училишелері, округтік өскери училище, станицалық және поселкелік мектептер, госпиталь жанынан фельдшерлік мектеп және басқа да оқу орындары ашылды. Ол кезде бүкіл облыста барлығы 2767 оқушысы бар 76 оқу орны болды; олардың ішінде 1 қазақ мектебі (27 оқушы), ер балалар оқитын 4 татар (231 оқушы) мектебі, қыздар оқитын 3 (44 оқушы) мектеп болды. XIX ғасырдың аяғына қарай облыста оқу орындарының саны үш еседей көбейді. Ауыл мектептері де ашылды, бірақ олар тым аз болды. 1898 жылы Ақмола облысында мектеп жасындағы балалардың саны 61 106 болса, олардың 88 пайзы мектепке тартылмай қалды.

1872 жылы Семей облысында 68 оқу орны жұмыс істеді, 1896 жылы олардың саны 105-ке, ал 1900 жылға қарай 114-ке жетті. 1898 жылы Семей облысы бойынша мектеп жасындағы 61 668 баланың 5 пайзы ғана оқыды.

1883 жылы қазақ балаларын оқытуға арналған ер балалар интернаты облыс орталығы Семейде, сондай-ақ уездік қалалар Павлодарда, Өскемен мен Зайсанда жұмыс істеді, ал қазақ қыздарын оқытуға арналған интернаттар Семей мен Павлодарда ғана болды. 1886 жылы бұл мектептерде 152 ер бала мен 37 қыз оқыды.<sup>4</sup>

Сырдария облысындағы орыстарға арналған алғашқы мектептер 1860 жылы Райым (Қазалы) бекінісінде және Перовскіде (Ақмешіт, қазіргі Кызылордада) ашылды. Бір жылдан соң Райым бекінісінде қыздар мектебі үйымдастырылып, оған 15 орыс қызы оқуға тұсті. Райым бекінісіндегі мектепке 17 орыс және 6 қазақ баласы, Перовскідегі мектепке 16 орыс және 13 қазақ баласы қабылданды. 1863 жылы Райым бекінісінде қазақ балаларын оқытуға арналған мектеп ашылды. 1876 жылы облыста 10 мектеп жұмыс істеді. Сол жылы Түркістан өлкесінің оқу орындарын басқару жөніндегі дербес инспекция құрылды. Педагог кадрларды 1879 жылы құрылған Ташкент мұғалімдер семинариясы даярлап отырды. Нақ сол жылы «бұратаналардың» балалары үшін шәкірттер үйі ашылды. 1896 жылы облыстағы оқу орындарының саны 78-ге жеткен, соның жетеуі «орыс-бұратана» мектебі болды. Осы мектептерде оқыған 3896 баланың (2743 ер бала және 1153 қыз) 548-і қазақ балалары еді. Бұл мектептерде 120 мұғалім, 31 мұғалима, ал «орыс-бұратана» мектептерінде 13 мұғалім жұмыс істеді. Екі жыл өткен соң Сырдария облысында бастауыш оқу орындарының саны 119-ға жетіп, оларда 5507 оқушы оқыды. 1898 жылы облыста 12 436 адамға бір мектептен келді; 206 322 қала тұрғындарына 29 мектеп және 1 273 526 ауыл тұрғындарына 90 мектептен келген еді.<sup>5</sup> Қазақ ауылдарында XIX ғасырдың 80-жылдарының орта шенінен бастап мектептер ашыла бастады.

Жетісу облысының аумағында алғашқы мектептер 1868 жылдан бастап ашила бастады. Верный және Қапал бекіністерінде приход мектептері құрылды. Облыстың қалған уездерінде 12 станицалық және поселкелік бастауыш мектеп болған еді. Барлық мектептерде 532 оқушы, оның ішінде 72 қыз оқыды. Коғамдық қаржылардың есебінен үсталған бастауыш селолық және қалалық мектептер ашила бастады. XIX ғасырдың 90-жылдарының аяғында облыстың алты уезінде (Верный, Қапал, Лепсі, Жаркент, Пішпек және Пржевальский) 61 оку орны болды, оның ішінде Верный қаласында ер балалар және қыздар оқитын классикалық гимназиялар (біріншісінде – 260, екіншісінде – 229 оқушы), өскери гимназия, үш сыныптық қалалық училище, 40 оқушысы бар қазақ пансионы, бағбаншылық мектебі, 2 ауыл шаруашылық мектебі, үш сыныптық училище жаңындағы уақытша үйымдастырылған педагогикалық курс, ал қалған уездік қалаларда – 5 екі сыныптық ер балалар мектебі, 1833 оқушысы бар 35 бір сыныптық приход мектептері (оның ішінде алтауы қыздар оқитын мектептер, бесеуі аралас мектептер) болды. Қыстактарда «орыс-бұратана» мектептері мүлде аз еді. 1897 жылды мектеп жасындағы 89 110 баланың 97 пайызы оқымады.<sup>6</sup>

Қазақстандағы патша өкімшілігінің шенеуніктері арасында қазақ халқының сауатын ашуда бастауыш білім берумен, яғни орыс жазуын, әсіресе ауызша сөйлесе білуді және арифметиканың алғашқы төрт амалын үйретумен ғана шектелу жеткілікті деген түсінік үстем болғанын атап өту керек. Орыс өкіметінің осындай көртартпа саясатының нәтижесінде Қазақстанның жалпы орта білім беретін оқу орындарында орыс емес үлт балаларының өте шектеулі бөлігі ғана оқыды.

Қазақ халқы арасында үлттық орта (гимназиялық) білім беру патша үкіметінің жалпы білім беру жоспарынан алынып тасталған сияқты көрінді. Қазақ балаларының орта оқу орындарына түсініне жол бермеу үшін отаршылдық үкімет орындары оқу ісін мұқият қадағалап отырды. Үлттық зиялыштардың пайда болуынан, үлт сана-сезімінің өсіп, қазақ халқының отаршылдық режимге қарсы үлт-азаттық қозғалысының өрлеуінен қорыққан патша үкіметі қазақтарды жалпы орта білім беретін оқу орындарына жолатпауға тырысты.

Отаршылдық өкімшіліктің Қазақстанның байырғы халқының гимназиялық (орта) білім алуы саяси зиянды деп тануы – күмәнсіз факт, ол аймақта европалық үлгідегі үлттық жалпы орта білім беретін оқу орындарының болмауынан көрінді. Қазақстан аумағында үлттық орта оқу орындарының болмауы қазақтарды өз балаларын орыс орта оқу орындарына беруге мәжбүр етті.

XIX ғасырдың екінші жартысында болыстар мен ауылдардағы қазақ балалары әдетте мұсылман мектептері мен медреселерде оқыды. Патша үкіметі Қазақ даласында мұсылман мектептерінің ашылуына жол бермеу үшін шаралар қолданды. Ол жергілікті отарлық органдар мен оқу бастықтарына мұсылман мектептерін қатаң бакылау жөнінде нұсқаулар мен ережелер жіберді. Осы ережелердің шек қоятын талаптарының бірінде былай делінген: «Облыстың мектептері мен медреселерінде балаларын оқытқысы келетіндердің оқу орны бастықтарынан алған рұқсат куәлігі болуға тиіс». Куәлік үшін 50 тиын мөлшерінде алым алынды. Оқу құқығына куәлік алудан жалтарған және өз балаларын мектептер мен медреселерге өз бетінше берген адамдарға бірінші

жолы – 10, екінші жолы 30 сом айыппұл салынды, ал үшінші ретте 5 тәуліктен 15 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алынып, одан өрі олардың өз балаларын мұсылман мектептерінде оқытуына тыйым салынатын болған.<sup>7</sup>

Қандай да болмасын шектеулерге қарамастан жер-жерде, әсіресе Қазақстанның ислам дінінің ықпалы күшті болған онтүстік облыстарында мұсылман мектептері ашыла берді.

1896 жылы Ақмола облысында – 547 оқушысы бар 13, 1898 жылы – 425 оқушысы бар 11 мектеп пен медресе болды.

1884 жылы Семей облысында – 615 оқушысы бар 10, 1895 жылы 900 оқушысы бар 17 мектеп пен медресе жұмыс істеді.

1894 жылы Торғай облысында 457 оқушысы бар 59 мектеп пен медресе болды.

1896 жылы Орал облысында – 4926 оқушысы бар 206, 1897 жылы 4 113 оқушысы бар 198 мектеп пен медресе жұмыс істеді.

Сырдария облысында (Ташкент қаласын, Ташкент, Шымкент, Әулиеата, Түркістан, Перовск және Қазалы уездерін, сондай-ақ Әмудария бөлімін қоса алғанда) 1892 жылы 27082 оқушысы бар 1497 мектеп пен 35 медресе, 1895 жылы – 28 898 оқушысы бар 2409 мектеп пен 34 медресе болды.

1891 жылы Жетісу облысында – 12 510 оқушысы бар 64, 1897 жылы – 12 835 оқушысы бар 88 мектеп пен медресе жұмыс істеді.<sup>8</sup>

Казақ балалары жаздығуні киіз үйлерде, ал қыстығуні жертөлелерде оқытылатын. Әдетте киіз үйлерді жекелеген адамдар қайырымдылық негізінде беріп отырды, жертөлелер бүкіл ауыл болып бөлген қаражатқа салынды.

Медреселерге келетін болсақ, олар әдетте тұрақты тұрғындары және мешіттері бар белгілі бір мекендерде орналасты. Медресенің үй-жайларын әдетте жекелеген «қайырымды адамдар», ал кейде барлық дін жолын ұстанушылар салып берді. Түрі жағынан олар қазақтардың әдеттегі тұрғын үйлерінен ерекшелігі шамалы еді – төбесі тегіс етіліп, қабырғалары күйдірілмен кірпіштен немесе шымнан салынатын. Қалалық қоныстарда қалалық мектептер үлгісімен салынған медреселер болды. Мысалы, мұндай медреселер Семейде, Ақмолада, Петропавлда, Оралда, Көкшетауда бар еді. Онтүстіктегі қалаларда олар – ортаазиялық, ал солтүстік пен батыста татар медреселеріне ұксас болатын. Барлық медреселер «ерікті» қайырымдылық есебінен жарактандырылды.

Бұл кезеңде оқу құралы «Шариат-ул-иман» немесе «Иман-шарт» болды. Құран оқумен бірге, татар және араб тілдеріндегі кітаптар бойынша исламның негізгі қағидалары мен басты ғұрыптық ережелер оқытылды. Олардың арасынан мыналарды тізіп келтіруге болады: «Бадауам», «Ақырзаман», «Фазайл-уш-шухур», «Истуани», «Қырық хадис», «Фихка-Каидани», «Әптиек», «Софы-Аллаяр», «Чар-Китаб».<sup>9</sup>

Мектептерде көбінесе 8-ден 17 жасқа дейінгі балалар білім алды. Медреселерде мектепте білім алған және өз білімін терендетуге тілек білдірген адамдар оқыды. Медресеге түскендер «талиб-улам» (білімге ұмтылушылар) немесе шәкірттер деп аталды. Олар Орта Азияға және Еділ татарларына жалпы белгілі оқулықтар мен оқу құралдары бойынша араб филологиясын және мұсылман діні құқығын, сондай-ақ діни философияға қатысты басқа да бірқатар пәндерді оқыды.

Медреселердің «мұғалімдеріне» келетін болсақ, олар негізінен алғанда дін жолын ұстанушылардың ұсынысы бойынша тиісті үкіметтік

органдар бекітіп, тағайындаған молдалар болды. Бұл молдалар мешіттерде діни қызмет атқара жүріп, медреселердегі істерді басқарды және шәкірттерді оқытумен айналысты.

Тағайындалған молдалар Қазақстанның тек қана солтүстік, солтүстік-батыс және ішінара солтүстік-шығыс облыстарында ғана болды. Ал онтүстік және онтүстік-шығыс облыстарда жергілікті медреселерде немесе Орта Азияның медреселерінде білім алған жеке адамдар ғана мешіт молдасы және медресе мұғалімі болып қызмет істеді. Бұл молдалардың бөрі негізінен Бұхарада оқыды. Бұхарада оку үшін онтүстік облыстардан ғана емес, сонымен қатар солтүстік және солтүстік-шығыс облыстардан да адамдар баратын еді.

Қазақстанның батыс және солтүстік облыстарының молдалары негізінен татар медреселерінде оқығандар. Олар Стерлибашево (Уфа губерниясының бұрынғы Стерлитамак уезі) деревнясындағы медреседе, Карғалы (Уфа губерниясының бұрынғы Орынбор уезі) деревнясындағы медреседе және Троицк қаласындағы «Зейнулла-иман медресесі» деп аталатын медреселерде оқып, білім алған.<sup>10</sup>

Шамамен XIX ғасырдың аяғынан бастап қазақтар Орал мен Еділ бойы қалаларында ашылған «жана өдіспен» оқытатын татар медреселеріне дең қоя бастады.

XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап өлкеде оку округтері құрылды. Орынбор оку округіне Орал және Торғай облыстары, Батыс Сібір оку округіне Ақмола және Семей облыстары, Түркістан оку округіне Сырдария және Жетісу облыстары қарады. Облыстық басқармаға және оку округтеріндегі «бұратаналар» мектептерінің инспекторына бағынатын облыстық мектеп инспекторлары тағайындалды.

## 2. Ш.УӘЛИХАНОВТЫҢ, Ү.АЛТЫНСАРИННІҢ, А.ҚҰНАНБАЕВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

XIX ғасыр Қазақстанның мәдени өміріндегі ағартушылық ғасыр деп аталады. Дүниежүзілік өркениеттің қуатты ықпалымен Ресей қосып алған шығыстағы жерлерге терең мұдделілік танылды. Қазақстаница ғалымдар, географтар мен саяхатшылар, шығыстанушылар келіп жатты; Қазақстан материалдары бойынша тарихшылар жұмыс істеді. П.П.Семенов-Тян-Шанский, Н.А.Северцов, И.В.Мушкетов, В.В.Радлов және басқалар өз зерттеулерімен отандық ғылымның өркендеуіне зор үлес қосты. Білім мен мәдениеттің дамуына алдыңғы катарлы орыс зиялышары үлкен ықпал жасады. 1847–1857 жылдарда украин ақыны Т.Г.Шев-



Т. Г. Шевченко мен қазақ баласы  
(суретші В.И. Касьян, 1960).

ченко Қазақстанда айдауда болды. Қазақстан Орыс географиялық қоғамы бөлімшелерінің зерттеу объектісіне айналды, мұнда мәдени-ағарту мекемелері мен статистикалық комитеттер жұмыс істеді; өлкетану мұражайлары ашылып, ертедегі ескерткіштер, халықтың ауызша шығармашылығы және құқықтық зандар, соның ішінде қазақтардың дағдылы құқығы зерделенді; орыс-қазақ мектептері мен кітапханалар ашылды. Қазақтар өз балаларына білім беруге үмтүлды, әрине, бұған бірінші кезекте халықтың ауқатты бөлігі үмтүлдыс жасап, балаларын кадет корпустары бар Омбы мен Орынборға жіберу үшін мүмкіндік іздестірді. Білім алуға деген жаппай үмтүлдыс пен ықылас жағдайында Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин бастаған қазақ ағартушыларының тобы қалыптасты.

**Шоқан Уәлиханов (1835–1865).** Аса көрнекті ағартушы, ғалым және зерттеуші Ш.Уәлиханов Құсмұрын бекінісінде туған. 12 жасына дейін Шоқан Құсмұрындағы жеке меншік мектепте оқып, мұсылман діні ілімімен танысты. Ол мұнда шығыс поэзиясын оқумен шұғылданды, оған сүйіспеншілігін бүкіл өмір бойы сақтап қалды. «Шоқан ақынжанды адам еді. Оған араб өлендері қатты ұнайтын және ол поэзияны жантәнімен сүйетін, – деп еске түсіреді кейіннен Н.М.Ядринцев, – өзінің ұстазы Костылецкиймен бірге сол өлендерге рақаттанып, мәз боп отыратын». Сонымен қатар Шоқан сурет салуды үйренді және сурет салу оның бұдан кейінгі ғылыми жұмысында көп көмектесті.

1847 жылдың күзінде Шоқан Омбы кадет корпусына оқуға түсті. Бұл оку орны Сібірдегі жоғары білікті мұғалімдер жинақталған, таңдаулы оқу орындарының бірі болатын. Кадет корпусында оқушылар әскери біліммен коса, бірқатар жалпы білім беретін пәндер: география, тарих (Ресей тарихы және жалпы тарих), орыс және батыс әдебиеті, философия негіздері, зоология мен ботаника, математика, геодезия, құрылыш өнері және архитектура негіздері бойынша білім алды. Оку сегізжылдық болатын. Кадет корпусында Шоқан Уәлиханов белгілі ғалым, географ және Азияны зерттеуші Г.Н.Потанинмен бірге оқып, достасып кетті. Г.Н.Потанин өз естеліктерінде «Шоқан нағыз плебейлік ортаға барып түсті... плебейлік ортада өмір сүруі Шоқанның демократиялық идеяларының қалыптасуына сірө өсер етпей тұра алмаған болу керек», – деп жазды.

Коршаған орта, демократиялық ықпал және Шоқанның аса үздік қабілеті оның жан-жақты және тез жетілуіне игі өсерін тигізді. Ол орыс тілін тамаша менгерді, ал 14–15 жасында-ақ кадет корпусының басшылары оған болашақтағы зерттеуші-шығыстанушы ретінде қарай бастады. Шоқан кадет корпусы оқу бағдарламасын үздік оқып қана қоймай, қосымша тарихи-географиялық әдебиет-



Шоқан Уәлиханов (суретші А.М. Мартованың портретінен).

терге беріліп, көп оқиды. Омбыда Шоқан шығыстану, география, тарих, философия жөніндегі кітаптардан бай кітапхана құрап алады.

Шоқанға Омбыда болған кезінде орыс зиялыштарымен байланыста болуы көп өсер етті. Шоқанмен кадет корпусында бірге оқыған, кейін Қазан университетін бітірген С.Я.Капустин ол туралы былай деп жазған: «Менің ойымша, Шоқан көрікті, аса сымбатты болды... бет-әлпеті оның қайырымдылығы мен бекзаттығын танытып тұратын. Оның тұла бойы адамды өзіне тартып тұратын тұнып тұрған өдемілік еді. Шоқан өз кезеңінің жан-жақты аса терең білімді адамы болды. Әсіресе оның тарихи білімі зор болды (астын сыйған біз. – Ред.) және ғылым мен әдебиет саласында да зор білімділігімен ерекшеленетін... Шоқан өз ойын бейнелеп, тартымды жеткізе білетін аскан шешен болатын».

Шоқанға аса көрнекті орыс жазушысы Ф.М.Достоевскиймен және оның досы, патша самодержавиесіне қарсы құрескен революционер-демократ С.Ф.Дуровпен кездесу өшпес өсер етті, олардың екеуі де каторгалық жұмыстар мен түрме мерзімдерін өтегеннен кейін полицияның катаң қадағалауында жүрген еді.

Достоевский мен Шоқан Уәлихановтың достық қарым-қатынастарын олардың түрлі уақытта жазысқан хаттары дәлелдейді. Ф.М.Достоевский өзінің хаттарында дос ретінде Шоқанға пайдалы кеңестер беріп, рухын көтеріп, оның алдына аса зор иғі міндеттер қояды.

1853 жылы Шоқан кадет корпусын бітіргеннен кейін Сібір казак әскеріне қызметке жіберіледі. Көп ұзамай Батыс Сібір генерал-губернаторы Гасфорпт оның қабілеттілігіне назар аударып, 1854 жылы Шоқан оған адъютант болып тағайындалды. Жаңа қызмет оны Сібірдің шенеуніктік аппаратымен тікелей бетпе-бет келтірді, олардың арасында астанадан, Орталық Ресей мен оның шет аймақтары – Финляндиядан, Поляк патшалығынан, Қырымнан, Кавказдан осында мансап іздел, қаржы жағдайын жақсарту үшін келген немесе қайсыбір оқиғаларға араласып, істі болған өр түрлі адамдар бар еді. Болашақ ағартушы өзінің демократиялық көзқарастары арқылы патша өкіметінің мұндай итаршыларынан бірте-бірте алыстай берді және патшаның отаршылдық аппараты тудырған зұлымдыққа қарсы аянбай құрескені үшін олардың тарапынан қудалауға, зәбірлеушілікке ұшырап отырды. Өкімет орындарының заңсыз өрекеттеріне Шоқан қатты күйінді, оған езілген халықтың үміт-арманы жақын болатын. Өзінің достары – Ф.М.Достоевскийге, А.Н.Майковқа, В.С.Курочкинге, К.К.Гутковскийге өкімет орындарының озбырлығы жайлы ызалы хаттар жазды.

Келесі, 1855 жылы Ш.Уәлиханов Гасфорттың Омбыдан Іле Алатауына дейінгі сапарына қатысады. Бұл сапар қарапайым халықтың өмірін танып-білудің басы болды, олардың тарихи азыз-әңгімелері мен жырларын жазып алуға мүмкіндік берді. Сапар кезінде көрінген білімдарлығы мен қабілетіне тәнті болған Гасфорттың өзі қайтып келгенен кейін Шоқанға аса мақтаулы мінездеме беріп, наградаға ұсынады. Генерал-губернатор Гасфорт былай деп жазды: «...корнет Уәлиханов сұлтан қызмет істегеніне екі жылдай ғана болса да, қырғыз-қазақ тіліне мейлінше жетік болуының және жергілікті қырғыздардың өдет-ғүрпын терең білуінің арқасында менің сахараға шыққан сапарымда қасыма

ере жүріп, үлкен пайда келтірді... мен Уәлихановты мархабатты сыйлықпен марапаттау қажет деп санаймын, оның үстіне Уәлихановты жергілікті қырғыздар ерекше құрметтейді».

1856 жылдың көктемінде болашактағы Шығыс зерттеушісінің өмірінде өшпес із қалдырған айтулы оқиға болды – ол аса көрнекті ғалым, белгілі географ П.П.Семенов-Тян-Шанскиймен танысты. Ш. Уәлихановтың П. П. Семенов-Тян-Шанскиймен танысып, араласуы оның өмірінен ерекше орын алды, мұның өзі оның бүкіл ғылыми қызметіне едәуір дәрежеде бағдар беріп, жол сілтеді. Сол жылы Шоқан Уәлиханов екі экспедицияға қатысты – біреуі Орталық Тянь-Шань арқылы Алакөлден Ыстықкөлге дейінгі; екіншісі дипломатиялық тапсырма бойынша Құлжаға сапар. 1856–57 жылдың қысында ол экспедицияларда жинақтаған этнографиялық материалдарын өндеумен айналысты, сондай-ақ ертедегі қазақтар тарихынан қызықты, бұрын беймәлім болып келген деректерді іздел табу мақсатымен Омбы мұрағатында (архивінде) болды (сол кезде мұнда Г.Н.Потанин жұмыс істеп жүрген еді).

1857 жылы Уәлиханов алатау қырғыздарына тағы да сапар шегеді, онда көшпелі қырғыз халқының өмірімен, тұрмысымен бұрынғыдан да жақсы танысып, оның тарихын, этнографиясын және халықтық поэзиясын тереңірек зерттеуге мүмкіндік алды. Осы жолы ол қырғыз халқының энциклопедиялық дастаны «Манасты» зор ынта-ықыласпен жазып алды. Уәлиханов шығыс халықтары материалдық мәдениетінің ескерткіштеріне ерекше көңіл бөлді. Ыстықкөлге экспедиция кезінде өзі тапқан ертедегі суландыру жүйесінің қалдықтары, сөulet ескерткіштері, ертедегі қалалардың қираған жұрты арқылы қырғыздардың ежелгі ата-бабаларының өмірін көз алдына елестетуге мүмкіндік алды. Осы деректемелерді зерттеу негізінде Шоқан өткен ғасырларда бұл аумакта мәдениеті гүлденіп, шаруашылығы дамыған бірқатар отырықшы қалалар болған деген қорытындыға келді.

Көршілес халықтардың тарихын зерттеу Уәлихановтың өз елі – қазақ халқының ертедегі және орта ғасырлардағы тарихының беймәлім жақтарын анықтай тұсуіне көмектесті. Алғашқы экспедициялар кезінде жиналған барлық материалдарды терең талдап, салыстыра келіп, ол «орта ғасырларда мұнда (Қырғызстанда және Қазақстанның онтүстігінде. – Ред.), өсіресе Іле алқабында отырықшылық кең таралған, Алмалық (қазір Түркістан қыстағы), Конакай және Қайнақ (қазір де бар) және Алматы (қазір Верный бекінісі) қалалары бүкіл сауда бойынша белгілі болған және Генуя көпестері Қытайға, қыпшак елшілері ұлы ханға барған үлкен жолдың бойында бекеттер қызметін атқарған» деген тұжырым жасаған. Ыстықкөлге экспедиция кезінде Ш.Уәлиханов ғылыми деректермен қатар, көненің көзі ерте заман бүйімдарының құнды үлгілерін жинады. «Ыстықкөлге барған сапардың күнделігі», «Қытай империясының Батыс провинциясы және Құлжа қаласы», «Қырғыздар туралы жазбалар» деген аяқталған тарихи этнографиялық туындылары жоғарыда аталған сапарлардың нәтижесі болатын. Ш. Уәлихановтың ғылыми қызметі Орыс географиялық қоғамының назарын аударып, 1857 жылдың акпанында ол қоғамның тольк мүшелігіне қабылданады.

Ш.Уәлихановтың ғылыми қызметінің жаңа кезеңі 1858 жылғы Қашғарияға құпия сапары болды. Марко Поло мен иезуит Гоестен (1603 ж.) кейін осы бір онша мәлім емес елге тұңғыш рет барған Шоқан «Алтышаһардың немесе Қытайдың Нан-Лу провинциясының (Кіші Бұхараның) шығыстағы алты қаласының жағдайы туралы» деген атакты еңбегін жазды. Еңбекті Ресейде де, одан тыс жерлерде де шығыстанушылар жоғары бағалады және көп үзамай ағылшын тіліне аударылып, басылып шықты.

Қашғар саяхаты барысындағы ауыр сапар және жол үстінде кездескен қауіпті жағдайлар өсерінен жүйкесінің сыр беруі және жол үстінде кездескен азап пен бейнет жас ғалымның денсаулығына кесірін тигізіп, елге қайтып келгеннен кейін ауырып қалады. 1859 жылдың күздінде Шоқан Әскери министрліктің шақыруымен Петербургке сапар шекті. Орыс ғалымдары оны ержүрек саяхатшы және Орта Азия мен Қазақстан халықтарының өмірін кемел білімді адам ретінде карсы алды, Владимир орденімен марапатталып, шені жоғарылатылды.

Петербургте болған аз уақыт (ол онда бір жарым жылдай болды) Уәлихановты идеялық жағынан байытып, оның демократиялық көзқарастарын нығайта түсті. Ол алдыңғы қатарлы орыс зиялышымен араса жүріп, өзінің сирек кездесетін таланты мен білімін танытып, ғылыми қызметін кең көлемде өрістетумен қатар бірнеше мекемеде – Бас штабтың әскери-ғылыми комитетінде, Азия департаментінде, университетте және Географиялық қоғамда жұмыс істеді. Орта Азия мен Шығыс Түркістанның карталарын құрастыру, Риттердің еңбектерін басып шығаруға әзірлеу, энциклопедиялық басылымдар дайындауға қатысу (онда Шоқанның «Абылай» деген атакты мақаласы тұңғыш рет басылды), шығыс қолжазбаларын зерттеу, Орыс географиялық қоғамында Шығыс тарихы жөнінде лекциялар оку – осының бәрі Шоқанның көп уақытын алды. Белгілі қоғам қайраткері Н.М.Ядринцев былай деп еске алған: «Шоқан Уәлихановты мен Петербургте оның даңқы шығып тұрған офицер кезінде кездестірдім... Мен оның Шығыстың көне заманғы жазбалары мен карталарымен жұмыс істеп отырған үстіне тап болушы едім».

Петербургте болған кезеңінде Шоқанға оның достары мен таныстары, ғылыми өлемнің өкілдері: профессор А.Н.Бекетов, «Орыс географиялық қоғамының жазбалары» журналының редакторы, белгілі шығыстанушы, дипломат, профессор Е.П.Ковалевский, атакты Шығыс зерттеуші ориенталист-ғалымдар В.В.Григорьев, В.П.Васильев және В.В.Вельяминов-Зернов зор ықпал жасады. Уәлихановқа Орыс географиялық қоғамының вице-президенті П.П.Семенов-Тян-Шанский үнемі колдау көрсетіп, достық байланыста болды. Петербургте Уәлиханов өзінің досы Ф.М.Достоевскиймен қайта кездесіп, оның отбасымен және айналасымен жақын танысты. Көрнекті орыс жазушылары мен ғалымдары арасында достары көбейді, Уәлихановтың петербургтік достары қатарында ақындар А.Н.Майков пен Я.П.Полонский, «Жер мен ерік» қоғамының мүшесі болған ағайынды Василий мен Николай Курочкиндер болды. Әдеби орта қазақ ғалымы әрі ағартушысы Шоқанның ой-өрісін кеңітіп, революциялық жағдай кезеңіндегі Ресейдің қоғамдық өмірінде орын алып отырған оқиғаларды жаксырақ түсінуіне

көмектесті. Орыс қоғамының озық демократтары – зиялымдар қауымы шығарып тұрған әдеби-көркем және қоғамдық саяси «Современник», «Русское слово», «Эпоха», «Отечественные записки», «Время» журналдарын және басқаларын окуы Уәлихановтың ағартушы демократ ретіндегі көзқарасының қалыптасуына иғі әсер етті. Алайда астанада неғұрлым ұзак уақыт болуына науқасы кедергі жасады. Петербургтің ылғалды климаты Шоқан Уәлихановтың денсаулығына жағымсыз әсер етіп, оның өкпе ауруын асқындырып жіберді. Әсіресе, 1861 жылдың көктемі аса ауыр тиген Шоқан денсаулығын жөндеу үшін Нева жағасынан туған даласына оралды. Уәлихановтың келуі қарсаңда туыстары жайлалауға көшкен еді, ол жазды сонда өткізді. Осында қарапайым халықпен жақын араласып, азыздар мен жырларын тыңдалап, жазып алуға, музыка өуенінен рахат тауып, сонымен бірге артта қалған бұқара халықтың – қазақ бай-феодалдарының және отарлаушы өкімет орындарының зансыз озбырлығынан азап көріп отырған халықтың қайғылы жағдайына күә болады. Ағартушының мұндай жүгенсіздікке төзе алмай, қалай болғанда да әділеттілік орнатып, халық өмірін жеңілдету мақсатында билеуші сұлтан болып сайлануға әрекет жасауда осыдан.

Омбыға барып, Уәлиханов даладағы жергілікті басқару ісін қайта үйімдастыру жөніндегі шараптарға тікелей қатысты және бірқатар практикалық ескертпелер мен ұсыныстар енгізді. Оның негізгі ойлары өкімет орындарына берілген бірқатар жазбаларында баяндалған, олардың қатарында «Қырдағы мұсылманшылық туралы», «Қырғыздардың көші-қондары туралы», «Сот реформасы туралы жазба» т.б. еңбектері бар. 1864 жылдың көктемінде Уәлиханов Черняевтің Онтүстік Қазақстан аумағын Ресейге қосып алуды мақсат еткен өскери жорығына қатысады. Қанды ұрыстардың барысында орыстар қоқандықтардың қазақ даласына салған бірнеше бекіністерін, сондай-ақ Әулиеатаны басып алды. Штабс-ротмистр шенінде ол бас командование жанында тілмаш болып қызмет атқара жүріп, орыс өкімет орындары мен жергілікті халықтың арасында өзара достық қатынас орнатуға, сондай-ақ қазақтар мен қырғыздар арасындағы жайылым үшін туған даулардың өділ шешілуіне көмектесті. Бірақ Уәлихановтың өскери қызметі ұзакқа созылмады, ол 1864 жылдың жазында Верныйға қайтады. Содан соң албан руының аға сұлтаны Тезек төренің ауылына барып тұрады. Төренің қарындасына үйленеді. Сірә, сол кездің өзінде-ақ Шоқан өзін нашар сезініп, жорықтағы өмірдің ауыртпалықтарын көтере алмаса керек. Экесіне Тезек төренің ауылынан жолдаған хатында ол былай деп жазған: «Кажыдым, әлсіредім, қан-сөлім таусылды, құр сүйегім ғана қалды. Кешікпей жарық дүниені де көрмейтін болам, оған енді ешқандай шара жок. Бұл менің ең соңғы хатым. Қош болыңыздар, баршаңызды да құшып, аймалаймын».

Ол 1865 жылдың сәуірінде Алтыннемел жотасының етегіндегі Көшентоган деген жерде Тезек сұлтан ауылында қайтыс болды. Шоқан Уәлихановтың қызметіне Орыс географиялық қоғамының және Ресей ғалымдарының атынан баға бере келіп, ірі шығыстанушы ғалым Н.И.Беселовский былай деп жазды: «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану ғылымиында ақкан жұлдыздай жарқ етті де жоқ болды. Орыс ориен-

талистері оны ілуде бір кездесетін ғажайып дарын иесі деп таныды және одан түрік халықтарының тағдыры жөнінде ұлы да маңызды жаңалықтар ашады деп күткен еді».

Ш.Уәлихановтың ғылыми мұрасы Қазақстанның және көп ұлтты Ресейдің басқа да халықтары проблемаларының өзекті тұстарын қамтиды. Шоқанның қазақ халқының құрылуы, XVII–XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның әлеуметтік және саяси тарихы, қазақтардың Ресей бодандығын қабылдауы, Орта Азия мен Шығыс Түркістан халықтарының рухани және материалдық мәдениетінің тарихы проблемаларына арналған ғылыми зерттеулері Орта Азия мен Қазақстан халықтарының тұрмысын зерттеуге аса бағалы үлес болып косылып, замандастарының орасан зор ынтасын туғызды. Ол бүкіл Орта Азия мен оған іргелес жатқан аймақтар халықтарының географиясын, этнографиясы мен фольклорын зерттеуге үлкен үлес косты.

Ш.Уәлихановтың шығармашылық мұрасы қазіргі зерттеушілердің үнемі назарында, сондықтан оның өмірі мен шығармашылығы туралы ғылыми еңбектер тарихнамасының өте ауқымды екендігі табиғи нәрсе.

**Ыбырай Алтынсарин** (1841–1889). Аса көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының қоғамдық ой-пікірі, мәдениеті мен әдебиеті тарихында жаңашыл-педагог, жаңа мектептердің үйымдастырушысы, этнограф, фольклоршы, ақын, прозашы және орыс классиктері туындыларының, атап айтқанда, Крылов мысалдарының аудармашысы ретінде кеңінен мәлім. Ол 1841 жылы 20 қазанда (ескіше) Қостанай облысында туған. Әкесі ертерек қайтыс болып, атасы – Орынбор шекаралық комиссиясының өскери старшинасы Балғожа (Жанбыршин) бидің қолында тәрбиеленді. 1850 жылы Ыбырай шекаралық комиссия жанынан қазақ балаларына арнап ашылған мектепке түсіп, оны алтын медальмен бітірді. Мектеп оку бағдарламасына орыс тілі, көркем жазу, арифметика, татар тілі, мұсылман діні ілімі және орыс тілінде іс қағаздарын жазу енгізілген еді. Патша үкіметі мектептер алдына жергілікті әкімшілік кадрларын да-ярлау міндетін койды. Оқушылар патша әкіметінің Қазақстандағы саясатын жүргізушілер рухында тәрбиеленуге тиіс болды. Алтынсарин дүниежүзі әдебиеті классиктері – Шекспир, Гете, Байрон, Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Фирдоуси, Низами, Навои және басқаларының туындыларын өз бетімен оқыды. Білімкүмар жас жігіт белгілі шығыс зерттеушісі, Шекаралық комиссияда қызмет еткен В.Григорьевпен араласып, оның бай кітапханасын пайдаланды.

Мектепті бітіргеннен кейін Алтынсарин үш жылдай (1857–1860) атасының қоластында кеңсе қызметкері, содан соң 1859 жылдың 1 тамызынан бастап Орынбор басқармасында тілмаш болып қызмет етті. 1860 жылы облыстық басқарма



Ыбырай Алтынсарин.



А.С. Пушкин.

уездік судья міндеттерін катар атқарды. Қызмет бабымен ол ауылдарда жиі болып, болыс басқарушылары мен ауыл старшындарының сайлауына қатысып жүрді.

Сайлау кезінде ол әділ шешім шығарылу үшін, дауысты сатып алушын, паракорлық пен қиянат жасаушылықтың орын алуына жол бермеуге тырысты. Наразы болған байлар оның үстінен облыстық басқармаға, әскери губернаторға және одан әрі ішкі істер министріне шағым жасап, оны 1868 жылғы Уақытша ережеде белгіленген сайлау жүргізу тәртібін бұзды деп айыптады. Жалакорлар Ы. Алтынсаринді уездік басқармадағы қызметінен кетіруге тырысты. Николаев уезі Аракарағай болысының басқарушысын сайлау кезінде Ы. Алтынсарин ұсынылған екі байдың орнына халықтың мұддесін қорғайтын үшінші бір адамның сайлануына қол жеткізді. Ы. Алтынсариннің үстінен жазылған шағымдардың бірінде ол «социалист» деп аталады және осы іс бойынша тергеу жүргізілді.

Алтынсарин қарапайым халықтың қамын ойлады. Мәселен, ол 1864 жылғы 14 сөуірдегі хатында былай деп жазған: «Кызмет бабы бойынша мен казактармен жиі қақтығысып қаламын, олардың ішінде осындағы өз туыстарым да бар. Маған іштей жамандық ойлайтындар Ордадағы лауазымды адамдар арасында да бар. Олар қорғансыз кедейлерді арсыздықпен талап-тонауда...».

Алтынсарин патша өкіметінің жүгендіз саясатына қарсы болды. Мұны оның 1880 жылы «Оренбургский листок» газетінде жарияланған мақалалары дәлелдейді.

1879 жылы Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалды. Торғай облысының өкімшілік орталығы Орынбор қаласы болатын. Ол кезде Торғай облысы қазіргі Қостанай облысының бүкіл аумағын, Ақтөбе облысының үлкен бөлігін және Орынбор облысының бір бөлігін қамтыды.

Алтынсарин өз бастамасы бойынша және тікелей қатысуымен Казакстанда халықтық азаматтық мектептер желісінің құрылудына қол

оған Орынбор бекінісінде (Торғай) қазақ балаларына арналған бастауыш мектеп ашуды тапсырды да, өзін сол мектепте орыс тілінің мұғалімі етіп тағайындалды. Ағартушылық идеялармен жігерленген ол ауылдарды аралап, халыққа білім алудың маңызын түсіндірді, қаражат жинастыруды. Ол қоғамдық қаржыға салынған мектепке оқу құралдарын жаздырып алдырды. 1864 жылы 8 қаңтарда мектеп салтанатты түрде ашылды. Оқуға 16 бала жазылып, мектеп жанынан сол балалар жатып оқитын интернат ашылды.

1868 жылы Алтынсарин Торғай уездік басқармасына іс жүргізуші ретінде қызметке орналасып, содан соң уезд бастығының аға көмекшісі және уақытша

жеткізіп, ағартушылық ісіне көп күш-жігер жұмсады. Соңғы жылдарда уездік Николаев (Қостанай) қаласында тұрған Ы.Алтынсарин өзінің жеке қаражатына көл жағасына шағын ауласы бар бір қабатты ағаш үй тұрғызып, онда 1889 жылы өзі қайтыс болғанға дейін қарапайым өмір сүрді.

Алтынсариннің мектептегі қызметі халық арасында лайықты бағасын алды. Орынбор бекінісінің (кейіннен Торғай қаласы аталған) бастығы 1864 жылғы 22 қаңтарда Орынбор және Самара генерал-губернаторына «Мектептің ашылуын ордалықтар шын көнілден қуанып, алғыс сезімімен қарсы алды» деп хабарлады. Осы мектептің мұғалімі Ы.Алтынсарин туралы да тәмендегідей жылы лебіз білдірілген: «Училище бақылаушы зауряд-хорунжий Алтынсариннің қамқорлығымен және үлгілі ынта-ықыласымен өте жақсы және таза ұсталады... Қазақ тәрбиеленушілерінің ең қысқа уақыт ішінде тез табысқа жетуі соншалықты, Торғай оқу орны қысқа уақытта ойдағыдай жемістер береді және өзін актайды деген анық сенім ұялатады».

Алтынсариннің өзі 1864 жылы 16 наурызда былай деп жазды: «Ашқасқырдың койға ұмтылғаны сияқты, мен балаларды оқытуға қызу кірістім және мені өте қанағаттандыратыны – бұл балалар әлдекандай үш айдың ішінде орысша және татарша оқуды және тіпті жазуды үйреніп алды... Қысқасы, бұл жастар 4 жылдық курсы бітіргеннен кейін тәп-тәуір сөйлейтін және жаза алатын болады. Кейіннен паракор болмауы үшін олардың адамгершілігіне де ықпал жасауға бар күшіммен тырысамын».

Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне кіріскең соң, Алтынсарин Үрғыз, Николаев, Торғай және Елек уездерінде екі сыныптық орыс-қазақ училищелерін ашып, окушылар жинап, мұғалімдермен қамтамасыз етті. Алтынсарин училищелерді жабдықтауға ерекше көніл бөлді. Ол әрбір мектеп жанынан кітапханалар ашуға мән беріп отырды. «Торғай облысының училищелерінің жанынан, – деп жазды ол, – мұғалімдер мен окушыларға арналған кітапханалар құруға ниеттендім, оған қазірдің өзінде 600 сом жинадым. Бұл кітапханалардағы кітаптарды окушылар мен мұғалімдер пайдаланады; сонымен қатар, курсы бітірушілердің (окушылар), жалпы сауатты адамдардың өздеріне қажетті кітаптар алып, білімін көтеретін орны осы болмақ».

Алтынсарин қолөнер және ауыл шаруашылығы училищелерін ашуға көп күш-жігер жұмсады, байырғы халық арасынан Қазақстанның экономикалық дамуы үшін қажетті мамандар даярлауға ерекше мән берді.

Қазақстанда қыз балаларға білім берудің басталуы да Ы. Алтынсариннің есімімен байланысты. 1888 жылды ол Үрғыз қаласында қазақ қыздарын оқытатын, интернаты бар мектеп ашып, патша әкімшілігінен интернаттары бар қыздар училищелерін ашуға рұқсат алды. 1891 жылды Торғайда, 1893 жылды Қостанайда, 1896 жылды Ақтөбеде интернаты бар қыздар училищелері жұмыс істей бастады. Жалпы алғанда, Алтынсарин көзінің тірі кезінде төрт екі сыныптық орталық «орыс-қазақ» училищесін, бір қолөнер училищесін, бір қыздар училищесін, бес болыстық училище, орыс шаруаларының балаларына арналған екі училище аштырды. Сонымен қатар орыс-қазақ мектептерінің мұғалім-

деріне оқулық-көмекші құрал ретінде орыс педагогтары мен жазушыларының еңбектері мен оқулықтарын ұсынды. Олар: Ушинскийдің «Балалар әлемі», Бунаковтың «Әліпби және мектеп пен үйде оқуға арналған кітабы», Крыловтың «Мысалдары», Кирпичниковтың «Грамматикасы», Тихомировтың «Грамматиканың қарапайым курсы», «Көркем жазу» атты еңбектері, Евтушевскийдің «Арифметикасы», Острогорскийдің «Орыстың қысқаша тарихы» т.б. еңбектер. Ы. Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің оқушыларына арнап «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы» және «Қырғыздарға (қазақтарға) орыс тілін үйретуге алғашқы басшылық» атты екі оқу құралын жазды, оларды Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалғаннан көп бұрын бастап, 1869 жылы аяқтады. Орыс классиктерінен жасаған аудармаларында, қазақ тіліндегі тұпнұсқа туындыларында ол демократиялық-ағартушылық мұраттарын насиҳаттады. Ол ұлттық әдебиет пен мәдениетті дамыту, қазақ әдеби тілін қалыптастыру саласында жемісті еңбек етті. Мұны оның орыс әліпбиімен жазған «Қазақ хрестоматиясы» дәлелдейді.

Белгілі бір дәуірдің адамы және қайраткері болған Алтынсарин өз көзқарасында кейбір қайшылыктардан арыла алмады. Барлық ағартушылар сияқты ол да ағарту ісінің әлеуметтік және өзгертушілік рөлін көбінесе асыра бағалады.

Алтынсарин жан-жақты білімді адам болды. Ол қазақ этнографиясының кейбір мәселелерін егжей-тегжейлі зерттеп, 1868 жылдың наурызында Орыс географиялық қоғамы Орынбор бөлімінің мәжілісінде өзінің «Орынбор ведомствосы қырғыздарының құда тұсу мен үйлену тойы кезіндегі әдет-ғұрыптарының очеркі» атты еңбегін оқып берді. Мақала қоғам мүшелері тарапынан жаппай қолдау тауып, көп ұзамай жарық көрді. Алтынсарин бұл мақаласында үйлену тойларына байланысты толып жатқан әдет-ғұрыптарды тәптіштей суреттеп, оларға өлкедегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің жасаған ықпалына тоқталды.

**Абай Құнанбаев (1845–1904).** Абай Құнанбаев 1845 жылы 10 тамызда Семей облысының Шыңғыс тауында туған. Абайдың әкесі Құнанбай тобықты руының старшыны болды. Алғашында ауыл молдасынан сабақ алған Абайды әкесі Семейдегі имам Ахмет-Риза медресесіне оқуға жіберді. Алайда Абайдың қаладағы оқуын бітіртпей, әкесі оны қайтадан ауылға шақыртып алып, бірте-бірте дау-шарды тексеріп төрелік айтуға, келешектегі рубасының әкімшілік қызметіне үйрете бастады. Абай табиғат өзіне молынан сыйлаған қабілеттілігінің арқасында шешендік өнерінің түрлі тәсілдерін шебер менгереді. Сот ісі қазатардың ғасырлар бойы қалыптасқан дағдылы құқығы негізінде жүргізілді. Ру тартысына еріксіз араласқан Абай даулы мәселелерді шешу барысында жөнсіздікке, әділетсіздікке және катыгездікке, билеуші топ пайдасын көздеген талап, мұддеге қарсылық білдіріп отырды. Ол патша сотының заң ережелерімен жақынырақ танысып, патша самодер жавиесінің әкімшілік-шенеуніктік аппаратының заңсыз іс-әрекеттеріне куә болды. Дүниетанымы қалыптасып, рухани толыскан Абай он-жиырма жыл ішінде халықтың поэтикалық шығармашылығын, шығыс ақындары мен орыстың классикалық әдебиетін терең зерделейді.

1886 жыл Абайдың өміріне үлкен өзгеріс өкелген жыл болды. Ол алғаш рет өлеңіне («Жаз») өз атын қойып, көркем шығармашылықта толығымен ден қояды.

Абай қаламынан өлеңдермен қатар, кара сөзбен жазылған ғибраттар, «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» дастандары дүниеге келді. Абайдың мол өдеби мұрасында аудармалары елеулі орын алады.

Абайдың өзі туып-өскен ортадан шоқтығы биік тұрды. Оның пікірінше, әрбір ойлы адам қоршаған өмір шындығына өзінің саналы көзқарасын қалыптастыруға тиіс. Ағартушы Абай «Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзінен өзің есеп ал!», – деп келер үрпакты парасаттылықта шақырды. Адамды «қайрат, ақыл, ғылым» асқақтататын қоғамның прогресті дамуына ұмтылу Абайдың бүкіл шығармашылығының басты бағыттарының бірі болып табылады.

Ол бүкіл қоршаған ортаның, соның ішінде адамзат қоғамының да қозғалыста екенін және дамып отыратынын мойындады. «Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды» деп пайымдады ол. Абайдың ойынша, күш-қуаты толық, біліммен қаруланған адам ғана өз өмірін қоғам игілігіне жұмсап, барша жұртқа пайда келтіре алады. Абай Құнанбаев әр адамның адамзат қоғамына қызмет ету жолы ең алдымен еңбекте, еңбек – ауыр міндеткерлік емес, материалдық және рухани игілікке жету мен оны гүлдендірудің құралы деп білді. «Әзің үшін еңбек қылсан, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсан, алланың сүйген құлының бірі боласың» деп жазды ол. Абай жас үрпакты ғылым-білім үйренуге, адамгершілікке, имандылықта шақырды. Еңбекті қоғамның байлығы мен молшылығына жеткізетін бірден-бір жол ретінде бағалаған Абай: «Әуелі құдайға сиынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсан, кара жер де береді, құр тастамайды» – деп жазды.

Патша өкіметінің отаршылдық саясаты және XIX ғасырдың екінші жартысында езгінің қүшеюі салдарынан халық бұқарасының жағдайы күрт нашарлап, казак шаруалары күйзеліске түсті. Қазактардың көпшілігі малынан айырылып, кәсіпсіз адамдар тобырын толықтыруды. Абай қазак кедейлеріне тіршілік ету жолын нұскап, жалпы еңбектің ең прогресшіл нысаны – жалдама еңбектен бойды аулақ салмауға шақырды.

Абайдың бүкіл шығармашылығы өрекетсіздік пен жалған үятқа деген ымырасыздық идеяларына толы. Оның пікірінше, адамның мінез-құлқы қыншылықтармен күресте, осы қыншылықтарды жеңуде ғана шындалады.



Абай Құнанбаев.

Абай халық бұқарасының шығармашылық құштеріне терең сенди және өз заманындағы қоғамдық өмір жағдайында халық бұқарасының өз еңбегінің жемісін көруге мүмкіндігі жоқ екенін түсінді. Байлар мен билер, өр түрлі дәрежедегі старшындар мен билеушілер қарапайым халықтың жай-күйін ойладап жатпайтын.

Абай халыққа жаны ашымағандарға деген өзінің жиіркеніші мен жек көру сезімін жасырмайды. Ол байларды пара алатыны, ел арасына іріткі салатыны үшін және «Мал болса, Құдай тағаланы да паралап алса болады» дейтіні үшін жек көреді. Байлардың қарапайым халыққа менсінбей қарауы Абайдың ашу-ызасын келтірді, бірақ бұл – байлардың бала кезінен қанына сіңген өдет, ал арқа сүйектін ешкімі жоқ кедейдің мандайына жазылғаны – осы ауыр тұрмыс еді, сондықтан

«Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,  
Артық қайыр артықша қызметке орай».

Осы бір өділетті ашу-ызага толы жолдарды ағартушы-демократ патша өкіметі өзінің отаршылдық саясатын жүргізіп жатқан кезенде жазған еді. Абай еңбекші бұқара мен ұстемдік етуші азшылық – байлық пен билік иелері арасындағы ымырасыз қайшылықты ашып көрсетті.

Старшындар мен билердің іс-әрекеттеріне деген көзқарасынан Абайдың демократиялық бағыт ұстанғаны көрінеді. Патша өкіметі билерді төрелік ету құқығынан айырғанмен, олардың қолында өлі де едәуір сот билігі бар еді, жергілікті қазактардың көпшілігі соларға жүгінетін. Сол кездегі билердің көптеген мәселелер бойынша шешімдері патша отаршылдарының мұддесіне сәйкес келіп отырды. Абай былай деп жазды:

«Мәз болады болысың  
Арқаға ұлық қаққанға...»

Бұл Абайдың кезіндегі билердің басым көпшілігіне тән қылыш болатын, олар шен-шекпенді көбінесе пара беріп, сатып алатын еді. «Болыс пен биді құрметтейін десен, құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ», – деп нақтылайды Абай. Халықтың қараңғылығын, жасқаншактығы мен надандығын пайдаланып, билер барынша пайда табуға тырысты. Халық мұраты Абайға жақында түсінікті еді. Ол өз төңірегіндегі адамдардың, өз жақындары мен шәкірттерінің бойындағы өз халқына риясыз берілгендейдікті және оның мұдделерін корғау қасиетін бәрінен де жоғары бағалады. Өмірден ерте кеткен сүйікті ұлы Әбдірахманды жоқтай отырып, Абай оның жақсы қасиеттерін (батылдық, шыншылдық, ізгілік және білімге құштарлық) тізіп келтіріп: «Аямаған ғаріптен қолдан келген көмекті», – деп жазады.

Абай заманындағы қоғамның қайшылықтары оның дінбасыларына деген көзқарасынан көрінді. Абай дінді мойындағы отырып, «Құдай та-барака уаттағаланың барлығының ұлken дәлелі – неше мың жылдан бері әркім өр түрлі қылышп сөйлесе де, бәрі де бір ұлken құдай бар деп келгендейді, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де, ғаделет, махабbat құдайға лайықты дегендігі » – деп жазды. Абай сонымен бірге діннің

Казақстандағы қызметшілері – тағайындалған молдалардың өділет пен ар-намыстан алыс адамдар екенін өз көзімен көрді. Билер сияқты, олардың да көпшілігі атақ-мансапты сатып алып, баюды ғана көздеді. «Мырзаларды қадірлейін десен, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза иттен көп», – деп қынжылды ол. Абай дүмше діндарларға жиіркенішпен қарайды, олардың арасында діннің басқа нәзік жақтарын айтпағанда, тіпті намаз білмейтіндері де көп екенін көріп, Абай: «Қазақ құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді», – деп жазды. Оның кейбір мұсылман дінбасыларына көзқарасы дінді жанын сала жақтаушыларды «зиянды дүмшелер» деп атаған Шоқан Уәлихановтың пікірімен үндес.

Еңбекші бұқараның өмірін жақсарту жолдарын Абай ең алдымен қоғамның экономикалық негізін өзгертуде деп білді. Казактардың прогресшіл дамуын Абай егіншілікті, қолөнерді және сауданы дамытумен тығыз байланыстырыды. Қазақ ағартушысы экономикалық дамудың осы үш саласына баса назар аударды.

Казақстандағы жергілікті халықтың көпшілігі мал шаруашылығымен айналысқанмен, Абай бұдан былайғы экономикалық даму көзі егіншілікті кеңейтіп, жақсартуда деп түсінді. Егіншілік көсібі қазақ шаруасының тұрмысын түзеп, жұмсалған еңбектің еселеніп қайтуына мүмкіндік туғыза алатын еді. Ол былай деп жазды:

« Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде ».

Қоғамның экономикалық дамуындағы қолөнердің маңызы мен орны туралы Абай былай дейді: «Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі – қазактың әулиесі сол».

Абай Қазақстан экономикасының гүлденуі үшін сауданы одан өрі дамыту қажет деп санады. Ол көптеген елдерді аралап, сауда жасаған өзбек саудагерлері туралы үлкен құрметпен айтты. Олардан қазактар да негізінен малға айыrbастап, көптеген тауарлар сатып алатын. Абай сауданы халықтар арасындағы қарым-қатынас құралы, қоғамның өндіргіш күштері дамуының стимулы деп қарастырыды, сондықтан оны Қазақстанда одан өрі дамытудың белсененді насиҳатшысы болды.

Отаршылдық езгінің күшеюі және Казақстандағы патриархаттық қатынастардың қалдықтары Абайдың ел билігі, басқару мәселелеріне көзқарастарынан көрініс тапты. Ол еш жерде халық көтерілістері туралы айтпайды. Бірақ халық бұқарасының мұдделерін демократиялық тұрғыдан қорғай келіп, Абай қоғамды прогресшіл тұрде дамыту жолдарын үнемі іздестіріп отырды. Абай ел басқаруға қызметіне адал, халық игілігі үшін қызмет етуге мұдделі адамдар сайлануға тиіс деп есептеді. Бұл адамдар зандарды бұзбауға, жұртқа қиянат жасап, өзінің қызмет жағдайын пайдаланбауға тиіс. Халық бұқарасы болыс басқарушыларынан көп қорлық көрді. Әдетте бұл қызметке сатып алуға, сыйлық жасауға және алдауға қаражаты жететін, ауқатты топ өкілдері сайланатын. Олар халыққа берген уәдесін ұмытып, өз шығындарының орнын толтыруды ғана ойлады. Абайдың пікірінше, сайланбалы

қызметті өдетте мұлде лайықсыз адамдар алып отырды. Олар халықты ешқашан орындалмайтын құрғак уәделермен алдады. Еңбекші бұқара да билеушілерге деген сенімін жоғалтты.

Билеушілер мен қалың бұқара мұдделері арасындағы қайшылықтарды шешу жолын Абай таба алмады. Сол себепті Абай қоғам, заң және жеке адамның өзара төуелділігі қандай екенін ақырына дейін анықтай алмады. Абайдың заңға көзқарасын зерттей отырып, біз ол заңың өділдігіне сенген деген пікірге келеміз. Заңың бұзылуы өділетсіздік туғызған. Негізінен алғанда, ол заңды бұзғандарға шүйлікті, ал ол заң кімдердің мұдделерін көзделеп шығарылған деген мәселені қарастыруға Абай жете алмады.

Абай паракор билеушілерді, ашқөз судьяларды, надан молдаларды жек көріп, әшкерелеп отырды, оларды бүкіл халықтың игілікке жету жолындағы қырсық деп санады. Ол басқа да ағартушылар сияқты, бұл қырсықты жоя алатын негізгі күш ғылым мен білімде деп білді. Ғылым мен білімнің қоғам үшін маңызын ашып көрсете келіп, ол бұлардың «өсек, өтірік, мактаншактық, еріншектік, бекер мал шашпактықпен» сыйыспайтынына көміл сенді. Аса көрнекті ойшыл қазақ қоғамындағы мұндай жағымсыз қасиеттерге жиіркенішпен қарады, оларға қарсы күресті өзінің негізгі борышы деп білді. Ол үздіксіз енбектеніп, білім алу арқылы ғана ғылымды өркендетуге болады деп санады. Білім алуға жұмсалған еңбек өрқашан да ізгілікті және жемісті болмақ. Абай жастардың окуға және білім алуға деген сүйіспеншілігін ояту мақсатында қазақ қоғамындағы надандық пен қараңғылықтан туындал отырған жағымсыз құбылыстар жайлы ашық айтып отырды. Қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтарын зерделей отырып, Абай бұл кеселдерді бүкіл қазақ қоғамы бірлескенде ғана жене алады деген қорытындыға келді. Әрбір адам өз тағдырына өзі қожайын болғанымен де, тұтас алғанда бүкіл халықтың тағдыры бір деп есептеді Абай. Сондықтан қоғамнан тыс өмір сұру немесе одан артық болу мүмкін емес. Қазақстанды мекендейтін басқа халықтармен қазақтардың өзара қатынасы жөнінде Абайдың айқын көзқарасы болды. Бұл орайда ол өзге халықтарға құрмет көрсету, достық және тең құқықтылық принципін басшылыққа алды. «Адам баласына адам баласының бәрі – дос», – деп мәлімдеді гуманист. Ол өзге халықтарға жиіркенішпен қарап, кемсіту сияқты қазақшылық өдettі ашы мысқылмен шенеді. Шынына келгенде, қазақтардың басқа халықтар алдында көкірек керуіне негіз жок екенін көрген ол басқа халықтардың артықшылық қасиеттерін үнемі атап айттып отырды.

Абай ел ішінде татулық пен бірлік болғанда ғана қоғамның негізгі қозғаушы күштері – ғылым, алдыңғы қатарлы идеялар, мәдениет то-лық көлемінде дами алады және бүкілхалықтық игілік өкеледі деп санады.

«Берекенді кашырма,  
Ел тыныш болса, жақсы сол», –

деп жазды ол.

Халықты тарихтың негізгі жасаушысы деп тану және халық бұқарасының жасампаздық күштеріне сену қазақ ағартушыларының негізгі

жөне сипатты ерекшеліктерінің бірі болды. Абай халық илгілігі туралы армандарында ағартушы деңгейінде қалды, қоғамдық құрылышты реформалар, бірінші кезекте білім мен ғылым өзгерте алады деп есептеді.

### 3. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ. АҚЫНДАР МЕН КОМПОЗИТОРЛАР

XVIII ғасырдың аяғынан бастап қазақ әдебиетіндегі бұрынғы әншілік-жыршылық дәстүр біртіндеп ығыстырылып шығарылып, оның орнын жеке поэтикалық шығармашылық ала бастады. Егер бұрын әнші-жыршылардың поэзиясында ежелден қалыптасқан тәсіл – ел тағдырын жырлап, туған халқының тәуелсіздігі мен бақыты үшін күрескен батырлардың ерлік істерін асқан зор ұлтжандылық сарында дәріптеу басым болса, кейінгі поэтикалық шығармашылықта құнделікті өмірдің әр түрлі салаларына, адам жанының ішкі дүниесіне, адамдардың істері мен мінез-құлқына, олардың қоғамдағы қызметі мен рөліне едәуір тәріндеп енү байқалды.

Бұл қазақ әдебиеті дамуында жаңа дәуірдің басталғанын білдірді. Кейіпкерлердің жеке басын, олардың мінез-құлқын, сезімін, ішкі жандүниесінің жай-күйін суреттеуге бетбұрыс нақосы кезеңнен басталады. Сол арқылы ақындар өмірдің нақты шындығына үңіліп, тануға, өздерінің жеке көзқарастарын еркін білдіруге мүмкіндік алды. Осыған байланысты поэзияның тақырыбы едәуір кеңейді, ақындардың жеке шығармашылығы дамып, олардың әрқайсысы өмір жайлы толғанысында көркемдік шеберлікке жетудің дара жолын іздеуге тырысты жөне бұл жол оларды халықтың дәстүрлі ауызша шығармашылығынан біртіндеп алыстатып, жаңа көсіби поэзия дүниесіне өкелді.

Біздің XIX ғасырдағы әдебиетімізде Көтеш, Шал ақын сияқты бірқатар қазақ ақындарының есімдері кеңінен мәлім, олардың өмірі мен шығармашылығы жеке поэтикалық шығармашылықтың пайда болу кезеңімен тұстас келеді.

Кедей ортадан шыққан **Көтеш ақын** (1745–1818) бүкіл өмір бойы жоқшылық көріп өтті. Ол қазіргі Павлодар облысында туған. Мәшіүр Жұсіп Көпееvtің жазбаларына қарағанда, Көтеш жас кезінде-ақ өзінің Абылай ханға батылдықпен айтқан: «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің» деп басталатын өлеңімен мәлім болған. Мұнда ол өз руласының өлімі үшін қаймықпай құн сұраған. Абылай өз кінәсін мойындал, ақын қойған талапқа шын мәнінде келісіп, оған құн төлеп, есеп айырыскан деседі. Көтештің осындай жекелеген тұлғаларға арнап, суырыпсалып айтқан қысқа өлендерінен оның батылдығы мен әшкерелеушілік көңіл күй аңғарылады. Халық есінде Көтештің өте тапқырлықпен жөне өткір айтылған өжуасын кек тұтқан сарап байдың қолынан қаза тапқандығы туралы әңгіме сакталған. Әдетте оның суырыпсалып шығарған өлендеріне шыншылдық, тапқырлық жөне өткірлік тән.

Халыққа Шал ақын атымен белгілі ақын **Тілеуке Құлекеұлы** (1748–1819) Көкшетау өнірінде туып, ес білгеннен кейінгі өмірі Солтүстік Қазақстан облысының Шалақын (бұрынғы Сергеев) ауданының аумағында өтеді. Оның өкесі **Құлеке** – Абылай ханың өйгілі батырлары-

ның бірі, анасы атақты Төле бидің туған қызы. Шал ақынның сұрыпсалма өлеңдері Көтешпен салыстырғанда, поэзияның бұл жанрын оның одан әрі дамытқанын, тақырыбын едөуір кеңейтіп, мазмұнын байытқанын көрсетеді. Ол жекелеген адамдарға арналған өлеңдерді сұрыпсалып айтумен шектелмеген, сонымен қатар көркемдік денгейі жоғары туындылар шығарып, оларда өмір, қайшылықтары мол қоғамдық тұрмыс проблемаларын көтерген, адам психологиясындағы өзгерістерді көрсетіп, әлеуметтік тенсіздіктің түп-тамырын өшкөрелеген. Осылай ол уақыт алға қойған көкейтесті сұрақтарға жауап іздеген.

Шал ақын халық өмірін, қазақ руладының тарихын жақсы білді. Шоқан Уәлиханов былай деп жазды: «Арғын руының атығай тармағының құдайберді атасының бәйімбет әuletінен шықкан Шал жырау менің бабам Абылаймен замандас болыпты. Қазақтың шығу тегі туралы тамаша жыр-дастанды сол Шал жырау жырлайды екен.

...Елдің айтуынша, Шал жырау жыр-дастанында қазақтың шығу тегіне қатысты тарихи азыз-әңгімелер түгелдей қамтылады деседі. Ертеде өткен Алаштан бастап, барлық ру, рубасы – билер мен батырлар, олар өрбіген аталар мен әuletter, хандар шежіресі Шал жырында түгелдей қамтылатын көрінеді». (Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. А., 1961, I том, 211-бет). Алайда өкінішке қарай, Шал ақынның бұл еңбегі сакталмаған.

Шал ақынның бізге жеткен өлеңдерінің көпшілігі нақты жекелеген оқиғаларға байланысты дүниеге келген. Бұл өлеңдерінен ақынның теңдесі жоқ тапқырлығы мен нысананаға дәп тигізетін айтқыштығы көрінеді. Шал өлең арнаған адамдар қатарында қолында билігі бар адамдар да, бай, шешендер де, сондай-ақ халық бұқарасының қарапайым өкілдері де аз емес. Осы өлеңдердің бәрінен ақынның батылдығы мен адалдығы айқын аңғарылады. Ол өз ойын еркін жеткізеді, қолында билігі барлар мен байларға жағымпазданып, жарамсақтанбайды. Ұшқыр тілді жыршы Шал ақын қазақ халқының лайықты құрметіне бөленген.

Шал ақынның өмір туралы, өмірдің мағынасы туралы, бүгінгі өткінші және ертеңгі мәңгілік о дүниелік өмір туралы өлеңдері назар аудараптық. Мұнда ол адам өмірінің әр түрлі белесіне сай көркем бейнелер сомдап, жастық желігін және қарттықтың ауыртпалығын атап көрсетеді, ислам дінін қатаң сактауға шақырады. Шал ақынның өлеңдеріне әнші-жыршылар поэзиясындағыдай батыр кейіпкерлер емес, адамның міnez-құлқындағы қарапайымдылық немесе дөрекілік сияқты жағымды және жағымсыз қасиеттер арқау болған.

Ақын жақсы жігіт, жаман жігіт, жақсы келін, жаман келін сияқты ұғымдардың мағынасын терең айырып айтады, олардың міnez-құлқына тән нәрселерді шебер суреттейді, бұдан ақынның жаңа заманының жаңа кейіпкерлерін көрсетуге ұмтылысы байқалады. Мысалы, өз өлеңдерінің бірінде ол жақсы жігіт барынша қарапайым және адал болу керек деген ой айтады. Шал ақынның өлеңдерінен лирикалық «мен» көрінісі байқалады, мұның өзі нағыз поэзияға тән. Ол өмірде жақсы немесе жаман болуы әр адамның өзіне байланысты деген тұжы-

рым жасайды. Адамдардың адамгершілігі олардың бірлігі мен татулығында, ар-намысында деп санайды. Бірқатар өлеуметтік жеткіншек үрпакқа арнап ғибратты сөздер айтылады. Мұның бәрі – ақынның жеке поэтикалық шығармашылығындағы жазбаша өдебиетке төн белгілер.

Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов XIX ғасырдан бастап қазақ жазбаша өдебиеті халық бұқарасының өлеуметтік жағдайына үніле, олардың арман-тілегі үшін күресіп қоғам мұдделеріне қызмет ете бастағанын атап көрсетті. Поэзия адамдардың саяси көзқарастары мен арманын, мақсаты мен тілегін, сезімін, куанышы мен қайғысын бейнелей бастады. Сол арқылы адамдар сана-сезімінің қалыптасуына жөрдемдесті. Енді поэзияда азаматтық мұратқа жету жолындағы өлеуметтік сарын пайда болады.

Тарихи оқиғалар барысында, өсіреле патша өкіметінің отаршылдық саясатының қүшеюінен туындаған өдебиеттегі өлеуметтік сарын бірте-бірте неғұрлым қуатты сипатқа ие бола бастады. Қазактардың патша самодержавиесінің бодандығын қабылдауына байланысты туындаған халық толқулары мен елдегі наразылық, отаршылдық езгінің қүшеюі, еңбекші халықтың тұрмыс жағдайларының нашарлауы, ұлттық қадір-қасиеттің аяқта басылуы, қоғамдағы таптық жіктелістің терендеуі қазақ ақындары туындыларының негізгі тақырыптарына айналды. Олардың шығармашылығы өздері көзімен көрген және бастан кешірген нақты тарихи оқиғалар негізінде дамыды.

Жауынгер-ақын **Махамбет Өтемісовтің** (1804–1846) шығармалары 1836–37 жылдардағы Исатай Тайманов бастаған халық-азаттық көтерілісімен толығымен және тығыз байланысты. Сырттай қарағанда, бұл бас көтеру Жәңгір ханның жеке үстемдігіне ғана қарсы көтеріліс болып көрінуі мүмкін. Алайда шын мәнінде, бұл көтеріліс патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсылық еді. Патша самодержавиесі тарапынан құшті қолдауға ие болған Жәңгір хан Бекей Ордасында шексіз билік жүргізді. Ол ең құнарлы жердің бәрін, шебі шүйгін және сұы мол жайылымдарды өз бетімен туыстарына және жақындарына үлестіріп берді. Хан өuletінің 25-30 отбасына бұл жердің 85 пайзызы тиді, ал халықтың үштен бірі жерден мұлде айырылып қалды. Оның үстіне Жәңгір хан бүкіл халықтан мемлекеттік салық түрінде зекет жинады, әрбір отбасынан шаңырақ алымын, союға мал (соғым) талап етті. Малы да, ақшасы да жоқ адамдар салықты тері мен жұн түрінде заттай төлеуге немесе хан малын азықтандыру үшін шөп дайындау міндеткерлігін атқаруға мәжбүр болды. Халық өбден күйзеліп, қайыршылық халге жетті. Елде заңсыздық пен бейбастактық жайлап алды. 1830 жылы басталған бұл келенсіз оқиғалар шырқау шегіне жетті және халық-азаттық көтерілісіне ұласты. Қалыптасқан өте қауіпті жағдайды көрген Жәңгір хан өуелі Исатай мен Махамбетті алдап өз жағына тартуға тырысты, бірақ хан ордасының бұл айла-шарғыдан ешнөрсе шықпайтынына көзі жетіп, оларды басып тастау үшін қатаң шаралар қолданады. Көтеріліс жасағандарға қарсы жақсы қаруланған патша өскерлері шығып, олар көтерілісті ерекше қатыгездікпен басып-жаныштады. Шайқастардың бірінде Исатай қаза тапты. Көтеріліске қатысуышылар қатаң жазаға тартылып сотталды, жер ауда-

рылды. Махамбет сөті түсіп қашып кетті. Кейінректе (1846 жылы) ол жау қолынан қапияда қаза тапты.

Көтеріліске тікелей қатысуы ақынды қазақ кедейлерін, олардың мұн-мұқтажы мен арман-тілегін ұғынуға үйретті. Ол өз елінің азат әрі бақытты болғанын көрсем деп ғұмыр бойы арман етті.

Бұл арман мен қаратұнек болмыс шындықты қатар қойып, салыстыра отырып, ақын ханның, сұлтандар мен билердің өктемдігіндегі қазактардың еріксіз де құқықсыз халін ерекше қынжыла сезінді. Қүйінішке толы өлеңдерінде ол еңбек адамдарының құлдық өміріне қарғыс айтты:

Ата, енені сөктіріп,  
Ат басына соктырып,  
Нәлет десе болмас па,  
Осылай жүрген жүріске.

Махамбеттің өлеңдері халық-азаттық көтерілісінің қуатты дауысы және ұраны болып табылады. Олар — сөз жоқ, Ресей отаршылдығына қарсы құрес тарихының жарқын беттері. Махамбет Исатай Тайманов бастаған халық-азаттық құресінің мақсаты туралы:

Еділдің бойы ен тоғай,  
Ел қондырсам деп едім.  
Жағалай жатқан сол елге  
Мал толтырсам деп едім, —

деп шабыттана жырлайды.

Ақынның өлеңдерінде көтеріліске қатысушы құрескерлердің тамаша бейнелері («Ереуіл атқа ер салмай...»), кескілескен шайқастардың шынайы көрінісі («Софыс»), Исатайдың өз басының қайтпас қайса ерлігі («Алайма, сұлтан, алайма!», «Баймағамбет сұлтанға айтқаны», «Тарланым», «Тайманның ұлы Исатай» және басқалары) шебер суреттелген.

Махамбеттің «Мұнар да мұнар, мұнар күн», «Жәңгірге айтқаны», «Кызыш құс» өлеңдерінде күші басым өскерлерге қарсы шайқастардың бірінде ерлікпен қаза тапқан Исатайды жоқтау сарыны басым. Оларда Исатайдың қаза табуына байланысты ауыр қайғы азабын шеккен ақынның жеке басының сезімдері беріледі.

Жинақтап алғанда, Махамбет Өтемісовтің өлеңдері бүкіл халық-азаттық құресі тарихын көркем-поэтикалық бейнелеуден және ой елегінен өткізуден тұрады. Махамбет — көтерілістің жалынды жыршысы ғана емес, сонымен қатар Исатайдың адал серігі, даңқты батыр. Ол көтерілісті ұйымдастыруға белсене қатысып, көтерілішілерге өзінің жауынгерлік ұран іспеттес жалынды да қанатты өлеңдерімен, сондай-ақ нақты істерімен жігер беріп отырды.

Махамбеттің поэтикалық шығармашылығы патша өкіметінің халыққа қарсы саясатын, патша самодержавиесінің отаршылдары мен жергілікті жерлердегі хандардың қарапайым халыққа шамадан тыс ауыр қасірет шеккізген жиіркенішті өрекеттерін аяусыз сынға алып айыптаиды. Ақынның Баймағамбет сұлтан мен Жәңгір ханға айтқандары — оның билік басындағылар алдында еш тайсалмастан еркін де батыл айыптаған ержүректігінің айқын дәлелі.

Көтеріліс басшыларын жырға қоса отырып, Махамбет жана заман батырларының көркем бейнелерін сомдап, оларды халықтың көксеген арманы мен тілегін жүзеге асыру жолындағы күрес қаһармандары етіп көрсетеді. Мысалы, Исатай туралы өлеңдерінде ақынның өзінің батырлық бейнесі де көлеңкеде қалмайды. Оның көтеріліс басылып, Исатай өлгеннен кейін шығарған өлеңдерінен қайғы-мұң сарыны аңғарылады. Алайда осыдан кейін де Махамбет туған халқының бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы қресті қажымай-талмай жырға қосып өтті.

Бұл көтеріліске шын тілекtes болған ақындар арасында **Шернияз Жарылғасұлы** (1806–1867) көрнекті орын алады. Ол да көтеріліс жетекшісі Исатайды шабытпен жырлады. Алайда Махамбеттен айырмашылығы, ол көтеріліске тікелей қатысып, Исатайдың жеке ерлігін көзімен көрген жоқ. Солай бола тұrsa да, Шернияз көтеріліске халықтың ризашылығын, ізгі тілекtestігін жырға қосты. Оның Баймағамбет сұлтанға арнаған өлеңі кеңінен мәлім. Онда Шернияз ақынды өзін көтеріліске тілекtes болып, Исатайды мақтап өлең шығарғаны үшін қатаң қудалауға ұшыратқан Баймағамбет сұлтанның арамзалық әрекеттері аяусыз сыналады. Сонымен бірге ақын оның қыздары мен әйелдерін де жамандап, келеке қылады.

Ұлт-азаттық көтерілісін, көтеріліс басшыларын шабыттана жырладап, оның қарсыластарын аяусыз өткір сынға алған Шернияз өлеңдері батылдығы мен көркемдігі, поэтикалық әсерлілігімен халық арасында кең таралды.

Бекей ордасындағы Исатай Тайманов бастаған көтерілістен кейін Орталық Қазақстанда Кенесары Қасымов бастаған халық-азаттық қозғалысы (1837–1847) өріс алды, ол да мазмұны жағынан қозғалыстың өр түрлі кезеңдерін қамтыған шығармалардың тууына себепші болды.

Мысалы, «Наурызбай-Қаншайым», «Топжарған», «Жасауыл қырғыны» сияқты халықтық поэтикалық туындылар негізінен алғанда, күш жинақталып, өскери отрядтар құрылып жатқан қозғалыстың алғашқы кезеңіндегі оқиғаларға құрылған. Көтеріліс үшін қол жинаудың алғашқы кезеңдерінде Кенесарының қозғалысқа қосылудан бас тартқан кейбір руларға күш қолданғаны тарихтан белгілі. Оның мұндай әрекеттері қозғалыстың елеулі қайшылығына айналды. Жоғарыда келтірілген туындылар осы қайшылықтарды ашып көрсетуге арналған.

Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалысына байланысты тарихи туындылар аз емес. Оларда ханның жеке өз басы ғана емес, көптеген соғыс жорықтарында онымен бірге ерлікпен шайқасқан батырлары да жырланады. Мәселен, оның патша өкіметі мен Қоқан хандығының езгісіне қарсы құрескен әкесі Қасым сұлтан, туған ағалары Саржан мен Есенгелді туралы да дастандар жазылды.

Осындай туындылар арасында мазмұны мен көлемі жағынан ең елеулісі **Нысанбай Жаманқұлұның** (1812–1871) «Наурызбай-Қаншайым» дастаны болып табылады. Автор қозғалысқа қатысып, Кенесарымен бірге көптеген жорықтардың куәсі болғандықтан, Кенесары мен Наурызбай басқарған барлық соғыс жорықтарын жақсы біледі

және олардың ерлігін, қолбасшылық дарындылығын жырлағанда жау қолынан қаза тапқанға дейінгі бастаң кешкен барлық қындықтарын толық қамтиды. Оқырмандардың көз алдынан жеңістер қуанышы мен жеңілістер күйініші накты көрініс береді. Ақын Кенесары мен Наурызбайдың соңғы жеңілісін қайғылы сарында баяндайды.

XIX ғасырда қазақ халқының отаршылдыққа қарсы бой көрсетулері үнемі дерлік тұтандып отырды. Солардың арасында Сырдарияның төменгі ағысындағы Жанкожа Нұрмұхамедов, Батыс Қазақстандағы Есет Көтібаров, Бекет Серкебаев жетекшілік еткен көтерілістердің маңызы зор.

Сырдария мен Аral өңірінің қазақтарының алғашқыда Хиуа хандығының ортағасырлық аяусыз феодалдық-отаршылдық езгісіне қарсы, тәуелсіздік, азаттық үшін бас көтеруі патша самодержавиесінің отаршылдығына қарсы құреске ұласты. Есет Көтібаров пен Бекет Серкебаев бастаған көтеріліс өлеуметтік және ұлттық езгіге қарсы бағытталды.

Көтерілішшілердің мақсаты, көтерілістің барысы және оларға қатысушылардың ерлігі, патша өскерлерінің көтерілістерді мейірімсіздікпен, қатал басып жаныштауы «Жанкожа батыр», «Бекет батыр» тарихи дастандарында көркем бейнеленді. Ал мұның өзі үл дастандарда өмір шындығын суреттеуге, өлеуметтік мәселелерге және халықтың азаттық құресіне жазбаша өдебиеттегідей едөуір зор көңіл бөлінгенін көрсетеді.

Патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы құрес туғызған жалынды поэзия өзінің озық идеясы және бай мазмұны арқасында қазақтың көркем шығармашылығын жаңа биікке көтерді. Ол үстемдік еткен коғамдық құрылышқа, халықты қанаушыларға қарсы батыл да ашық наразылық білдірген реалистік поэзияны одан өрі ілгері бастырды, қарапайым адамды жыр етуде жаңа бастама болды.

Осы орайда **Жанақ Сағындықұлы** (1770–1846), **Шәже Қаржаубайұлы** (1808–1895), **Сұйінбай Аронұлы** (1815–1898) сияқты көрнекті ақындар шығармашылығының маңызы зор. Өз кезінде олардың үшеуі де айтыс өнерінің ерен шеберлері деп танылған. Олардың поэзиясына халық өміріндегі өлеуметтік-тұрмыстық проблемалар, патша өкіметінің отаршылдық езгісі кезіндегі ауыр жағдай арқау болған. Олар билік басындағыларға ойындағысын ашық айттып, олардың зорлықшыл өрекеттерін, өділетсіздігін, қаталдығын, өзімшілдігін батыл шенеп, бет-пердесін ашып, өшкелеп отырды. Жанактың «Рұstem төреge айтқаны», Шәженің Балта ақынмен айтысы, Сұйінбайдың Тезек төреге арнауы сол кездегі нағыз реалистік сыншыл поэзияның классикалық үлгілері болып табылады.



Сұйінбай Аронұлы.

Халықтың отаршылдыққа қарсы наразылығы сан қырлы поэзияның тууына себепші болды. Онда ел байлығын талап-тонаушылық, халықтың барған сайын қайыршылана түсүі, кең-байтақ жайылымдар мен құнарлы суармалы жерлерден айырылуы, билік жүйесінің тізгінін ұстап отырған ат төбеліндегі адамдар тарарапынан жасалған жүгенсіздік пен зорлық-зомбылық, паракорлықтың бел алуы, адамдардың мінездік құлқының бұзылып, моральдық азғындауы түкке тұрғысыз ұсақшылдық, дінге сенушілердің ғана емес, сонымен қатар діни қызметкерлердің өздерінің де, яғни кейбір қожа, молдалардың тойымсыз, ашқөздікпен жер-жерде ислам талаптарын бұзуы туралы тақырыптар жан-жақты көрініс тапты.

Бір ақындар өз шығармашылығында қалыптасқан жағдайдан шығудың жақсы жолын өткенге қайтып оралудан іздесе, енді біреулері о дүниедегі жақсы өмірді арман етті. Бірақ олардың бәріне торығу сарыны – өткен заманды ойлап, ауыр қайғыға салыну, жақсылықтан мұлдем күдер ұзу, болашақтан шошыну ортақ еді. Өйткені ұлт-азаттық қозғалысы басып-жанышталды, патша өкіметінің отаршылдық саясаты күшеген үстіне күшеге берді.

М.Әуезов өз кезінде бұл кезеңнің поэзиясын «зар заман поэзиясы» деп атаған еді. Ол қазақ өдебиетінің тарихына нақосы атпен енді. «Зар заман поэзиясының» жарқын өкілдері Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубекір Кердери Шоканұлы және басқалар болып табылады.

**Дулат Бабатайұлы** (1802–1874) қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Аягөз ауданы аумағында туып өсті. Ол патша самодержавиесі жаулап алғаннан кейінгі ел басқару, Қазақстанда отаршылдық езгінің мемлекеттік аппаратын құру жүйесінде жүргізілген ірі өзгерістердің (1822 және 1868 жылғы) күесі болды. Осы өзгерістердің нәтижесінде хан билігі жойылып, өуелі аға сұлтанның, ал сонаң соң болыс басқарушыларының билігі орнады. Осының бәрі ақынның көз алдында болып өтті. Сондықтан ол осы жылдар ішінде халық өміріндегі, сонымен қатар ел билеген адамдардың психологиясындағы болған өзгерістерді терең танып білді. Дулат өлеңдерінде өздерінің ежелгі жайылымдары мен жерлерінен айырылып, қайыршылық халге ұшыраған адамдардың ауыр жағдайын шынайы суреттеп, жаңа өкімет өкілдерінің адамшылыққа жат, теріс қылыштарын ашу-ызамен батыл өшкөрелейді. «Бейшара менің қазағым», «О, Сарыарқа, Сарыарқа!», «Ақжайлау мен Сандықтас» және басқа өлеңдерінен ақынның халықтың ауыр жағдайы мен елдегі күйзеліске қатты күйініші көрінсе, «Кенесбайға», «Баракқа» атты өлеңдерінде өз халқының мұдделеріне қарсы шығып, сатқындық жасаған жаңа өкімет өкілдерінің жағымсыз қылыштары бейнеленеді. Сыртқы күштерге тәуелді, шарасыз жағдайға душар болу себептерін Дулат жаңа өкіметтің Абылайдың сыртқы саясатына опасыздық жасауынан көреді. Ақын бұрынғы хан билігіне қайтып оралу туралы армандаиды. Сол кезде халық мұддесі және ел тәуелсіздігі жолында құлшына күрескен Еспембет биді дәріптейді.

**Шортанбай Қанайұлы** (1819–1881) – патша өкіметінің отаршылдық саясатының алғашқы кезеңінде қазақ қоғамында болған өлеуметтік өзгерістердің мәнін мейлінше нақтылы және терең ашып көрсеткен

ақын. Оның өлеңдерінде қазақ даласында сауда капитализмің тууы, байлар мен саудагерлердің көп байлық пен ақшаға ие болуы жолындағы күресі, қоғамның аз уақытта байлар мен кедейлерге жіктелуі, билік үшін күрес, сайлау науқандары кезіндегі көптеген арамзалық әрекеттер мен дау-дамайлар көркем тілмен мейлінше айқын да өсерлі суреттеледі. Жаңа байлар - көпестер мен шенеуніктер тарапынан халықтың аяусыз қаналуын ол шыншылдықпен және ашу-ызамен жырлады. «Алдаушы жалған» дастанында ол былай деп жырлайды:

Пітіне толды осылай,  
Момын жатқан еліме;  
Көр тұскендей бұзылды  
Дария шалқар көліме.  
Осы күнде заманың  
Осылайша болып тұр!

Ақын күрестен бас тартып, отаршылдармен ауыз жаласқандарға жиіркенішке, ызаға толы сөз арнайды. Шортанбай бүкіл шығармашылығында даладағы отаршылдар мен олардың қолшоқпарларының іс-әрекетін аяусыз сынайды, тәуелсіздігінен айырылған халық тағдырына қатты қайғырып, елді бірлікке шақырады.

**Мұрат Мөңкеұлының** (1843–1906) шығармашылығы негізінен Батыс Қазақстанда болған оқиғалармен тығыз байланысты. Патша ұқіметінің Ерекше комитеті 1868 жылғы 21 қазанда бекіткен «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарының далалық облыстарын басқару туралы уақытша ереже» халықтың жаңа толқуын туғызды. Бұл кезде Түркістан өлкесі Сырдария және Жетісу облыстарына бөлініп, Түркістан генерал-губернаторлығы құрылған еді. Жаңа Ережеге сәйкес Қазақстанның қалған бөлігінің аумағы орталығы Орал қаласында болған Орал, орталығы Орынбор қаласында болған Торғай, орталығы Омбы қаласында болған Ақмола және орталығы Семей қаласында болған Семей облыстарына бөлінді. Ішкі Орда (Бәкей Ордасы) Астрахан губерниясының құрамына кірді. Облыстар өз ішінде уездерге, боялтар мен старшындықтарға бөлінді. Патшаның хан ұрпақтарына сыйлаған жерін қоспағанда, жер Ресей мемлекетінің меншігіне көшті. Халықтан жиналатын алымдар көлемі көбейтілді. Батыс Қазақстанның казактары жаңа ережеге жауап ретінде көтеріліске шықты. Қиялғажайып өлке – «Жиделібайсынға» және «Тескентауға» көшіп кету идеясы таралды. Патша өкіметі өскер жіберіп, көтерілісшілердің жолын бөгеді. Мұраттың поэтикалық күші нақ осы кезеңде ерекше көрінді. Ол халықтың өз тәуелсіздігі үшін, құт-берекелі өлкеге көшіп кету жолындағы күресінің қуатты жаршысына, ұраншысына айналды. «Үш қиян» деген өлеңінде Мұрат Қазақстанды жаулап алу және отарлау жағдайларындағы қазактардың күйінішті өмірін суреттеген:

Еділді тартып алғаны –  
Етекке қолды салғаны,  
Жайықты тартып алғаны –  
Жағаға қолды салғаны.  
Ойылды тартып алғаны –  
Ойындағысының болғаны.

Маңғыстаудың үш түбек  
Оны-дағы алғаны.  
Үргеніш пен Бұқарға  
Арбасын сүйреп барғаны –  
Коныстың бар ма қалғаны?!  
Мал мен басты есептеп,  
Баланың санын алғаны –  
Аңғарсаныз, жігіттер,  
Замананы тағы да  
Бір қырсықтың шалғаны!

Бұл өлеңінде ол Асанқайғы, Қазтуған, Орак, Мамай, Телағыс, Шора, Истатай сиякты, туған өлкесінде бакытты өмір сүре алмай, арманда кеткен батырлар туралы толғанады.

Мұрат ақын отаршылдық саясат қазақтардың ежелгі жерлерін базып алып қана қоймай, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуге де кесірін тигізеді деген аландаушылығы мен корқынышын жасырмайды. Мұраттың «Қазтуған», «Шалгез» деген өлеңдері өткен заманың жыршы жырауларының дәстүрін жаңа заман талаптарына сәйкес одан әрі дамытуға жол салған эпикалық ұлгілер болып табылады.

Әбубәкір Кердері Шоқанұлының (1858–1912) өлеңдерінде де заманың тууына байланысты өмірдегі адамдардың мінез-құлқындағы келеңсіз құбылыстар – ата дәстүрден алшактау және оған менсінбей карау, әділетсіздік, күншілдік, өтірік, жастардың үлкендерді сыйла мауы және сол сияқтылар сыналады. Ақын оқу-білімді және адамдардың үйлесімді дамуын насхаттайды.

XIX ғасырдағы қазақ ақындарының бұл тобы халық поэзиясының әралуан түрлерін дамытуға, оны өмір шындығымен азды-көпті тығыз жақындастыруға, реализмді жетілдіруге, адам психологиясындағы өзгерістерді шыншылдықпен суреттеуге, қазақ тілінің көркемдік қорына жаңа леп енгізуға елеулі үлес қосты. Алайда олар орыс ықпалына сақтықпен қарады.

Дегенмен де, қазақ әдебиетінің XIX ғасырдың екінші жартысындағы бағыты орыс мәдениетінің ықпалымен демократияшыл ағартушылық бағыттағы әдебиеттің дамуымен анықталды. Сол кездегі әдебиеттің ірі өкілдері Ыбырай Алтынсарин (1841–1889), Абай Құнанбаев (1845–1904), сондай-ақ ағартушы-ғалым Шоқан Үәлиханов (1835–1865) орыс отаршылдығының келеңсіз теріс зардаптарын сезініп, жақсы түсіне отырып, қазақ халқының тәуелсіздікке жету жолы ашық құресте немесе өткенге қайтып оралуда емес, қайта окуға, білімге, ғылымға, белгілі бір көсіпті менгеруге үмтүлышта деп білді. Олар озық елдердің денгейіне көтерілген кезде ғана нағыз тенденция қол жеткізуға болатынына көміл сенді. Шоқан Үәлихановтың ғылыми және қоғамдық қызметі арқасында қазақтар арасында демократизм және ағартушылық идеялары тарапта бастады. Ол өмір мен өнер туралы, тарих пен келешектегі қоғам туралы озық ойларын ашық айтты. Қазақ ғылымын, әдебиеті мен өнерін тандаулы еуропалық ұлгілер бойынша даму арнасына бағыттады.

Ыбырай Алтынсарин қазақтар арасында ағартушылық қызметті тікелей жүзеге асырған тұңғыш педагог болды. Ол әдебиетке жаңа көзқарасты дамытты. Жас ұрпақты тәрбиелеудегі әдебиеттің ұлы

күшін көрсетті. Ақыл мен жүрекке қорек беретін кітаптар жазу қажеттігін айтты.

Көркем сөздің мейлінше жоғары дамуына жету, поэзияның қоғамдық рөлін анықтау және осы негізде жаңа көркемдік әдіске кол жеткізу ұлы Абайдың үлесіне тиді. Еуропа және орыс классикалық әдебиетін еркін менгерген ол көркемдік таным мен талғамға жаңа талаптар қойды, жаңа үлгідегі поэзия жасады. Орыс тілінен классикалық әдебиет үлгілерін аударды, олар төл әдебиетпен қатар, зор ықыласпен қабылданды. Абай шығармашылығы қазак әдебиетінде жаңа эстетикалық принцип қалыптастырыды.

XIX ғасырдағы қазак әдебиеті ұлттық дарынды тұлғалардың көптігімен де, бір-біріне мұлде ұқсамайтын дара туындылардың сан қырлы сипатымен де ерекшеленеді. Жеке поэтикалық шығармашылық иелері – халықтың ауыз әдебиеті дәстүрлерін жаңа нысандармен байытып, дәстүрлі поэзия ырғактарын күрес құралына айналдырған ақындармен қатар, айтыс өнерінің шеберлері, өнші-сазгерлер, кисса орындаушы жыраулар дәстүрін жалғастырушылар да болды. Олардың бәрі әдебиет үрдісіне белсене араласып, әрқайсысы өздерінің шығармашылық күш-қуатына қарай халық өмірін жырлады, жалпы әдеби арнаны жаңа туындылармен байытуға үлес қости.

Ақындар айтысы – қазак әдеби шығармашылығының ертеден келе жатқан түрлерінің бірі. Ғасырлар бойы жалғасып, дамып келе жатқан бұл өнер қоғам өміріне қазіргі уақытта да қызмет етуде. Бұрын жүртшылықтың ақынды тануының сөзсіз шарты оның ақындар айтысына қатысып, өзінің орындаушылық шеберлігімен, тапқырлығымен, білімімен бәсекелесін жеңіп, тыңдаушылардың ілтипатына бөленуінен басталатын. Сондықтан өзін поэзияға арнағысы келген әрбір жас ақын ең алдымен ақындар айтысына дайындалып, айтыс кезінде пайдалану үшін белгілі бір рулар, олардың белгілі өкілдері өмірінен қажетті деректермен қаруланған. XIX ғасырдағы қазак әдебиетінде осындай айтыстарда өзінің поэтикалық шеберлігімен, шешендік өнерімен, тапқырлығымен, халық өмірін терең білуімен ерекше көзге түсіп, зор ілтипатқа, даңққа бөленген көптеген ақындардың есімдері белгілі. Олардың қатарында Жанак, Шәже, Шортанбай, Орынбай, Тұбек, Сүйінбай, Шернияз, Біржан, Бақтыбай сияқты өйгілі ақындармен қатар, Сара, Ырысжан, Ұлбике, Төрбие, Ақбала және басқалар сияқты ақын қыздардың есімдерін атауға болады.

Түрі мен мазмұны жағынан барлық айтыстар бір-біріне ұқсамайды. Егер олардың кейбіреулерінде негізгі мазмұны халықтың өмірі, оның шаруашылық-тұрмыстық проблемалары, рулық қоғамдастықтың дәстүрлері, ерекшеліктері сөз болса, Біржан мен Сара айтысында қазак өйелдеріне жеке бостандық беру мәселесі көтеріледі. Жамбыл мен Сүйінбайдың көптеген айтыс ақындарынан, қарсыластарынан айырмашылығы - олар байлар мен билік басындағы шенеуніктерді емес, өз елін жат жерлік жаулардан қорғап, бостандық пен тәуелсіздік жолында шайқасқан нағыз батырларды, халық мұддесін қорғаған лайықты перзенттерді мадақтаған. Өз кезінде Жамбылдың ақындар айтысының тенденсі жок шебері деп танылғаны мәлім. Оның Құлмамбетпен, Шашубаймен айтысы көркемдік шеберлігінің жоғары болуымен, тіл байлығының молдығымен, туған хал-


Қының тарихын жақсы білуімен айрықша ерекшеленеді. Жамбылдың бұл айтыстарда көкейкесті мәселелер – халық, оның мұн-мұқтаждарын жырлап, босбелбеу шенеуніктердің, қарапайым адамдарды аяусыз қанаушы сарың байлардың атына айтқан батыл сындары халық алдында беделін көтерді.

Ірі эпикалық айтыстармен қатар бір-бірін қалжынмен қағыту, танысу, амандасу, көніл көтеретін өзіл-оспаққа құрылған айтыс түрлері де аз кездеспейді. Мазмұнына сәйкес олардың көркемдік деңгейі әр түрлі болып келеді.

Ақындар айтысы халықтың ауызаша шығармашылығының дамуына едөуір ықпал етті. Олар суырыпсалушылық өнер, тапқырлық, көркемдік шеберлік рухында тәрбиелеу мектебіне айналды. Ақындар айтысының қай-қайсысында болмасын қоғам дамуындағы қайшылықтар ашық сыналып отырды. Кейіннен, жазбаша әдебиет дами бастаған кезде жаңа дәстүр - поэтикалық хат жазысу түрінде, әр түрлі жұмбақтар арқылы айтысу дәстүрі пайда болды. Осының бәрі ұлттық поэзияның көркемдік дамуының сан салалы болуына ықпал етті.

Біржан, Сегіз сері, Ақан сері, Мұхит, Әсет, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ сияқты композитор әрі әнші ақындар қазақ әдебиетінің прогресшіл бағытына үн қосты. Халықтың көксеген арманы мен үмітін жыр еткен бұл ақындардың әндеріне қарапайым адамдардың қайғымұны арқау болды. Әнді де, өлеңді де өздері шығарып, домбыраға немесе қобызға қосылып, өздері орынады. Бұл әндерде қоғам өмірінің маңызды әлеуметтік мәселелері, адамдардың күнделікті тұрмысындағы оқиғалар, махабbat, қазақ өйелдерінің бас бостандығы тақырыптары жырланды. Біржанның «Жанбота», Ақан серінің «Кұлагер», Жаяу Мұсаның «Хаулау» әндері қоғамдық-әлеуметтік әділетсіздікті айыптайды, осы кеселдерге қарсы күресуге шақырады. Әнші-композитор ақындар шығармашылығы арқылы қазақ әдебиетіндегі бостандық сүйгіш және гуманистік идеялар аясын кеңіте түсті.

Сонымен қатар, ежелден келе жатқан, ауыз әдебиетінің сан ғасырлық бай дәстүрін жалғастырып, оны бүгінгі күнге жеткізуге жыршы-жыраулар көп еңбек сінірді. Марабай, Абыл, Жанак, Мұрат, Нұрым, Шөже, Мұрын, Ығылман сияқты жыршы-жыраулар шығармашылығы арқылы халық ауыз әдебиетінің тамаша дәстүрлері жаңғырып, жаңа үрпаққа жетті. Осы бай әдеби мұраның едөуір бөлігі жазып алынып, жеке кітап болып жарыққа шықты. Олардың қатарында эпостық шығармалар – «Алпамыс», «Кобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Шора батыр», «Қырымның қырық батыры», лиро-эпостық туындылар – «Қызы Жібек», «Қозы Қөрпеш -Баян сұлу», «Айман-Шолпан» сияқты жыр-дастандарды мысалға келтіруге болады. XIX ғасырда қазақ әдебиетінің эпикалық мұрасы шығыс әдебиеті сюжеттерінен құрылған қисса-дастандармен толықты. Олар да жеке кітап болып базылып шықты. Ертеден келе жатқан ертегілер мен аныздарды, сондай-ақ шығыс әдебиеті сюжеттері бойынша жазылған дастандарды жинал, бастырып шығаруға Жұсіпбек Шайхысламов, Ақылбек Сабалов, Шәді Жөнгіров, Мәулекей Жұманшықов, Кашафутдин Шахмарданұлы көп еңбек сінірді. Бұл мұралардың бәрін бірдей бағалы деуге болмайды. Олардың кейбіреулерінің көркемдік деңгейі халықтық нұсқаларға қой-



Г. Н. Потанин.

ылар талаптарға сай емес. Мысалы, исламның діни ғибраттарын уағыздайтын «Сал-сал», «Зарқұм», «Жұм-жұма», көршілес шығыс елдері ертегілері мен аңыздары желісіне құрылған «Сейпіл мұлік», «Бозжігіт», «Әбліхарис», «Шәкір-шәкірет», «Шахмаран», «Қамарзман» және басқалары, классик ақындар Фирдоуси, Низами, Науай шығармаларының сюжеттері бойынша қайта жазылған «Шахнама», «Ләйлі-Мәжнүн», «Фархат-Шырын», «Тахир мен Зухра», сондай-ақ «Мұңлық-Зарлық», «Атымтай жомарт», «Орак пен Күлше» сияқты қисса-дастандар желісі шығыс әдебиетінен алынғанымен, мазмұны және оқиғалардың баяндалуы жағынан қазак

фольклорының тұпнұска туындыларына айналып кетті деуге болады. Олар өздерінің көркемдік деңгейі, баяндау стилі және басқа қасиеттері жағынан бір-біріне мұлде ұксамайды. Осындай әдеби өзара араластық көршілес Шығыс халықтарымен әдеби байланыс дәстүрін қалыптастырып, дамытуға оң ықпал етті. Тақырыбы әр түрлі болғанмен, бұл шығармалардың бәрі дерлік адам бойындағы асыл қасиеттер – адальдықты, батырлықты, махабbatқа құлай берілгендейкіті жыр етіп, гуманизм идеяларын асқактата түсті, зұлымдық, аярлық, кекшілдік, жалғандық пен сұмпайылықты жеріне жеткізе өшкөреледі. Бұл әдеби құбылысқа өз тындаушылары мен оқырмандарының өмірді лирикалық көзқарас тұрғысынан тану арқылы өз бетінше жетілуіне көмектесу идеясы тән болды. Ондағы оқиға желісінің барлығында адамдардың өз өмірін қайткенде жақсарта алатыны, кедергілерден қалай өтіп, әр түрлі қындықтарды қайткенде жеңіп, табиғаттың дүлей күштерін қалай бағындыруға болатыны баяндалды.

Қазақ тілінде кітаптар басып шығаруда Қазан баспалары үлкен рөл атқарды. Ғасыр соңына қарай олар фольклорлық эпос, қисса-дастандармен қатар, Дулаттың «Өсиетнама» (1880), Қожа Ахмет Йасаудің «Диуани Хикмет» (1896), Шортанбайдың «Баланың зары» (1890) өлеңдер жинағын да басып шығарды. «Дала уәляяты» газетінде» 1899 жылы Абайдың «Жаз» және «Болыс болым мінеки...» деген екі өлеңі жарияланды. XIX ғасырдың аяғындағы кітап басып шығару осыған дейін әдеби туындылары ұрпақтан ұрпаққа ауызща ғана жетіп келген қазақ әдебиеті үшін үлкен құбылыс болды.

XIX ғасырда қазақ әдебиеті өмірінде фольклорлық мұраның және ауызша халық шығармашылығының үлгілерін жинау, оларды басып шығару, олардың мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері туралы алғашқы пікірлердің пайда болуы сияқты маңызды бағыттар орын алды. Ғасырдың басында-ақ Қазақстанға келгендер, өсіресе орыс саяхатшылары мен ғалымдары казактардың тұрмысы мен өмір салтын, тарихы мен әдеби туындыларын зерттеуге зор көніл бөлді. Олар жазған көптеген материалдар «Записки путешественников» журналында жарияланды. Ғасырдың орта


шенінен бастап халықтың рухани өмірінен дерек беретін мұндай материалдарды жи-наумен және жариялаумен зерттеуші ғалымдар Ш.Уәлиханов, В.В.Радлов, Г.Н.Потанин және басқалар жүйелі түрде айналысты. Қазақтың тұнғыш ғалымы, фи-лолог, тарихшы, саяхатшы Шоқан Уәли-ханов қазақ халқының өткен өмірін қазақтардың ауызша халық шығармашылығы-ның әдеби үлгілерімен тығыз байланыста қарастыруға ұмтылды. Қазақтардың көршілес халықтармен тарихи байланыс-тарын да осы түрғыда зерттеуге тырысты. Ш. Уәлихановтың ғылыми еңбектерінде қазақтардың эпикалық туындыларын зерт-теуге зор көніл бөлінеді. Аса көрнекті тү-ріктанушы ғалым В.В.Радлов өзінің он

томдық шығармалар жинағының «Түрік тайпалары қазақ халықтық әдебиетінің үлгілері» деген үшінші томын түгелдей қазақ фольклорына арнады. Ол қазақтардың шешендік өнерінің зор екенін, олардың табиғи дарынының молдығын және осының арқасында өрқашанда ырғакқа және тіпті жай сөйлескеннің өзінде үйқасқа мән беретінін ерекше атап өткен. В.В.Радлов қазақтардың жоғары поэтикалық мәдениетін атап көрсетті. Ол халық жадының қаншалықты күшті және қазақ тілі мен оның поэзиясы дамуының деңгейі қаншалықты жоғары екеніне көзben көріп көз жеткізді. Қазақтардың ауызша халық шығармашылығының, фольклорлық жанры-ның байлығына қайран қалған ол қазақ әдебиетін дидактикалық, эпика-лық және лирикалық жанрларға бөлген.

Ш.Уәлиханов пен В.В.Радловтың тәжірибесі қазақ фольклорын бола-шақтағы жинаушылар мен зерттеушілер үшін үлкен мектеп болды.

Көршілес халықтар арасында өзара тығыз қарым-қатынастың да-муы қазақ даласының рухани өміріне игі өсер етті. Осы үрдістің арқа-сында Абай Құнанбаев, Үбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов туын-да қазақ ғылымы мен әдебиеті дүниежүзілік даму үлгісінде орыс де-мократиялық және европа мәдениетімен жақындасты, Үбырайдың орыстың алдыңғы қатарлы педагогтары мен жазушыларының тәжі-рибесін пайдалануы, тәрбиелік сипаттағы туындыларды қазақ тіліне аударуы және оларды 1878 жылы жарыққа шыққан «Қазақ хресто-матиясына» енгізуі, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов туын-дыларының Ұлы Абай жасаған керемет аудармалары қазақ және орыс әдебиетінің байланысын нығайтып қана қойған жок, сонымен қатар қазақ үлттық әдебиетін прогресс жолына бағыттады. Оның үстіне Абай шығыс сюжеттерін пайдалана отырып, «Ескендір», «Масғұт», «Әзім әңгімесі» атты дастандар жазды.

Осы жағдайлардың бәрі XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің жаңа көркемдік ізденіс жолына тусуіне, халықтың өмірін тереңірек және жан-жақты зерттеп, бейнелеуге ұмтылуына түрткі болды. Әдебиет маңызды сипатқа ие болып, қоғамның рухани өмірінде неғұрлым елеулі рөл атқара бастады. Жоғарыда аталған және басқа да әдебиет қайраткерлерінің шы-



В.В. Радлов.



Құрманғазы Сағыrbайұлы.

мен араб тілін біletін, бірақ өз шығармаларын нотаға түсіріп жаза алмайтын еді. Композиторлардың дүниетанымы тарихи тұрғыда шектеулі бола тұрса да, олардың шығармаларында әлеуметтік қайшылыштар айқын бейнеленді, әділетсіз зандарға, билеп-төстеуші сұлтандардың зорлық-зомбылығына қарсы күреске шақырған өуен анық естілді. Әндер мен күйлерге бас бостандығы, әйелдер тенденсі жөніндегі халық армандары арқау болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы музика өнерінің дамуына Құрманғазы Сағыrbайұлы, Дәuletкерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Ықылас Дүкенұлы сияқты композитор-музыканттар үлкен үлес қости.

**Құрманғазы Сағыrbайұлы** (1806–1879) Бөкей ордасының Жиделі де-ген жерінде кедей отбасында туды. Ол бала кезінен-ақ ауылда естіген күйлерін өздігінен үйрене бастайды. Құрманғазының дарынды домбырашылығы жас кезінен-ақ жүрттың назарына ілікті, сөйтіп ол көсіби күйшілік өнеріне біржола ден қойды. Оның алпыстан астам күйлері (олардың кейбіреулерінің бірнеше нұсқасы бар) сакталған. Олардың көпшілігі - көркемдік өсерлілігі мен мазмұндылығы жөнінен кемел туындылар. Құрманғазы күйлерінің бірі өмір жайындағы философиялық толғау, бірі нәзік маҳабbat лирикасы болса, енді бірінде халық мерекелерінің шат-шадыман көріністері бейнеленеді. «Көбік шашқан» күйінде халықтың Каспий өңірінде болған су тасқынынан азап шегуі бейнеленсе, «Балбырауын» күйінде халық мерекесі суреттеледі. «Сарыарқа» тыңдаушы қиялын ұлан-байтақ далаға жетелесе, енді бір күйлері халықтың қайғылы тағдыры жайлы толғандырады. Құрманғазының көптеген күйлері өмірбаяндық шығармалар іспеттес. Мәселен, «Кісен ашқан» күйі осындай. Феодалдар, байлар мен патша шенеуніктері Құрманғазыны күрес рухына толы шығармалары үшін қуғын-дап, абақтыларда азап шеккізді.

**Дәuletкерей Шығайұлы** (1820–1887) – аса көрнекті композиторлардың бірі. Оның қырыққа жуық күйлері сакталған. Дәuletкерейдің лирикалық, нәзік сырлы, өсем нақышты күйлері сұлу қалпымен,

ғармашылығы сол кезде көркем сөздің басты міндеті жаңа дәуірдің шынайы мәнін ашып көрсету, орыстың отаршылдық саясатын сынау жөне оған қарсы күреске, бостандық және тәуелсіздік үшін күреске шақыру болғанын айқын көрсетті, мұның өзі XIX ғасырдағы казак әдебиетінің идеялық бағытын белгілеп берді.

**Музыка мәдениеті.** XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақстанның музика өнерінің гүлденген дәуірі болды.

Бұл кезеңде өмір сүрген көптеген аса көрнекті көсіби композитор-әншілер мен күйшілердің шығармалары халықтың музикалық классикасының негізін құрады.

Көптеген халық композиторлары өз заманындағы білімді адамдар еді; олардың бәрі дерлік хат танитын, кейбіреулері орыс тілі

өзіндік стилімен ерекшеленеді. Мысалы, «Жігер» атты күйінде шалқыған шабыт айқын анғарылса, «Бұлбұл», «Керілме» және т.б. күйлері жүректің нәзік қылышын шертетін сыршыл туындылар. «Желдірме» күйін нағыз халықтық рух айқын көрініс беретін халықтың дәстүрлі ат жа-рысын бейнелейтін екпінді де өсем ырғакты пьеса деуге болады.

Тәттімбет Қазанғапұлының (1815–1862) шығармашылығы XIX ғасырдың аспаптық музыкасына қомакты үлес косты. Оның шертпе күйлер шығарып, орындаушы ретінде данқы жайылды. Күйлерінің көпшілігіне өсерлі, асқақ лирикалық сарын тән. Тәттімбет «Саржайлау» мен «Са-рыөзен» күйлерінде өзінің туған өлкесінің сұлулығын жырласа, «Ерке атан», «Бозайғыр» т.б. күйлерінде жануарлардың мінез-қарекеттерін көркемдік түрғыда суреттейді.

Кобызға арналған шығармалар классикасының қалыптасуына Үқылас Дүкенұлының (1843–1916) композиторлық таланты мен орындаушылық шеберлігі зор ықпал жасады. Үқылас қарапайым малшы отбасынан шыққан. Оның әкесі Дүкен кобыз тартқан, ал атасы мен көптеген бабалары жырши, бақсы болған. Үқылас әкесінің өнерін үйренумен қана шектелмей, қобыздың үнділігін анағұрлым жақсартып, кобызға арнап бірегей шығармалар шығара бастады. Оның эпикалық азыздар мазмұны негізінде шығарылған «Қорқыт күйі», «Қамбар күйі», «Қазан күйі» сиякты көркемдік деңгейі жағынан аса жоғары бірқатар күйлері кеңінен таралған. Үқылас тәқаппар патша шенеуніктері мен мемменсіген байларды келекелеген «Жарым патша», «Бес төре» секілді күйлер шығарды. Оның «Жалғыз аяқ», «Жез киік» дейтін күйлері өмір туралы, халықтың тауқыметті тіршілігі туралы толғанысқа толы.

Сарымалай (1835–1885) сыбызыға арнап классикалық күйлер шығарумен қатар, аса шебер орындаушы болған. Оның шын аты Садық болатын. Ал Сарымалай деп (сары, кедей, жалшы болған соң) жас шағында байдың малшысы болып жүрген кезінде атап кеткен. Сарымалай сыбызығы тарту өнерін әкесінен үйренеді. Ол эпос, азыз-ертегілердің желісі бойынша бірқатар тамаша күйлер шығарды. Мәселен, Сарымалайдың «Қоңыр қаз» деген күйінде Қыз Жібек түсіне енген қоңыр қаздың қайғылы қаңқылынан Төлегеннің («Қыз Жібек» эпосы) қазаға ұшырағанын біледі. Карт адам мен оның қызын өзінің сүтімен аштықтан сақтап қалған інген туралы «Нар идірген» күйі; жау айдал өкеткен сиырларды туған ауылына алып келген бұка туралы «Қоңыр бұқа» күйі де осындай күйлер қатарына жатады.

Біржан Қожағұлұлының, Мұхит Мералиевтің, Ақан сері Корамсаұлының, Жаяу Мұса Байжанұлының, Абай Құнанбаевтың, Зілғара Қаратокиннің, Құлтума Сармұратұлының, Сара ақынның, Сералының, Жарылғапбердінің тағы басқа көптеген ақын, әнші-композиторлардың шығармашылық және орындаушылық шеберлігі арқасында өн мәдениетінің классикалық ұлгілері мейлінше дамып, жоғары дәрежеге көтерілді.

Біржан сал Қожағұлұлы (1834–1897) туған өлкесінің өн мәдениетін терең білумен қатар, оған өзінің шығармашылығымен қомакты үлес косты. Біржанның музыкалық-акындық шығармашылығының демократиялық сипаты айқын көрініп тұрады. Оның «Біржан сал» деген өнінде адамның ар-



Ақан сері Қорамсаұлы.

намысын жанұшыра қорғау бар; «Шідер» деген өнінде пайдакүнем, ашкөз бай келекеленсе, «Ғашығым» дейтін өнінде махаббаттың қүйініш-сүйініші толғана жырланған.

Біржанның «Жанбота» деген атакты өнінде Жанбота болыстың зорлық-зомбылығы айыпталады.<sup>12</sup>

Батыс Қазақстанға тән халық өндерінің өзіндік ерекшеліктері аса көрнекті композитор-өнші Мұхит Мералыұлының (1841–1918) шығармашылығында айқын көрінді. Мұхит шығармашылығы лирикалық жанрдан тұрады. Оның өндері оптимизмге, адамға, табиғатқа деген сүйіспеншілікке толы. Бірақ Мұхиттың қайғылы трагедиялық мазмұндағы өндері де бар. «Бала Ораз» дейтін өнінде халық ішінде

ескіден келе жатқан аңызда айтылатын кедей жылқышы мен бай қызының бір-біріне ғашық болып, екеуінің де өлуімен тынған бақытсыз махаббаты жырланған.

Талантты ақын, композитор-өнші Ақан сері Қорамсаұлының (1843–1913) көптеген шығармалары қазақтың халық өндері классикасының қазынасына қосылды Ақан серінің өрі ақын, өрі көптеген тамаша өндер шығарушы композитор ретінде даңқы жайылды. Музыкалық-поэтикалық мол мұра қалдырған. Ақанның өсерлі, сазды өндері (40-тан астам) жүрекке жылы тиер жан толқытар сыршылдығымен ерекшеленеді. Ақан серінің өндерінде тұрмыстың, коғамдық өмірдің күрделі өлеуметтік проблемалары көрініс тауып, адамның ар-намысын аяқта басатын ескілік қалдықтарына және өлеуметтік теңсіздікке қарсылық шебер бейнеленеді.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың (1845–1904) да көп қырлы шығармашылық және ағартушылық қызметінің елеулі бөлігі – оның өндері. Оның музыкалық тілінің қалыптасуына негіз болған қазақтың халық музыкасы, ішінара орыс шаруалары мен қаланың өндері, сондай-ақ демократиялық сарындағы тұрмыстық және классикалық романstar.

Абай өзі қазақшаға аударған А.С.Пушкин мен М.Ю.Лермонтов өлендерін халыққа жеткізу үшін оларға арнап өзгеше бір үлгідегі өндер шығарды. Пушкиннің «Евгений Онегин» поэмасынан аударған Татьяна хатының сөзіне шығарған «Татьянаның қырдағы өні» қалың елдің сүйікті өніне айналды. Торғай даласына барған бір орыс журналисінің айтудынша, ол осы өнді Нұрпейіс деген қазақтың үйіне барғанда тындаған. Үй иесі дем алып отырған қонағын көнілдендіру үшін Абылай Карабатыров деген өншіні шақыртыпты. Ол бірнеше өннен кейін жаңа бір өн шырқайды. «Шынымды айтсам, – деп жазды өлгі журналист, – мен өз құлағыма өзім сенбедім. Қайран қалмай қайтемін, өлгі қарт қазақ өн салғанда айна-катесі жоқ... нақ Татьянаның Онегинге хатын айттып отырды... Бұл хатқа, өрине, отырғандардың барлығы риза болды, өсіресе Нұрпейістің өйелі ерекше сүйсініп тындағы».<sup>13</sup>

Абай өндері қазақ халқы мен орыс халқының арасындағы бауырлас достықтыңығайтуға игі ықпал етті.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ музыкасындағы аса үлкен құбылыс **Жаяу Мұса Байжанұлының** (1835–1929) шығармашылығы болды. Ауыл молдасынан оқып жүрген Жаяу Мұса оны місе тұтпай, үй-ішінен жасырынып Омбыға кетіп қалады. Ол приказчик болып жұмыс істеп жүргенде орыс тілін үйреніп, хаттаныған соң, орыстың газеттері мен журналдарын оқи бастайды, сырнай мен скрипкаға косып, қазақ, орыс, татар өндерін айтып үйренеді. Жалған жала кесірінен ол «қырдағы қауіпті адам» ретінде сотталып, өскерге алынды. Жаяу Мұса өскери бөліммен бірге Петербургте, Қазанда, Севастопольде, Польшада, Литвада болып, еліне келгенде ізіне түскен дүшпандары оның астындағы атына дейін тартып алады («Жаяу» деген ат содан қалған). Жоқшылық зардабын шеккен Жаяу Мұса өнші-композиторлық өнерді көсіп етті.

Жаяу Мұсаның өндері (60-тан астам өні сақталған) музыкалық көркемдігі мен мазмұны жағынан өр алуан: феодалдар мен байлардың дүниекорлығы мен сарандығын келекелеуге келгенде уытты да зілді, сүйген адамынан айырылған қайғысын айтқанда шерлі, сұлулықты жырлағанда өсем сазды, туған жерінің көркіне сүйсінгенде асқақ өуенді болып келсе, өзінің өмірі туралы толғанғанда сырлы да мұнды болып келеді. Жаяу Мұса шығарған өндерінде өзінің қазақ халқының өн өуендерін ғана емес, орыс, украин, татар, поляк өндерінің нақыштарын да шығармашылықпен пайдаланып отырған. Осындай қайнар бұлактарды үйлесімді қолданып, шеберлікпен ұштастыра білген Жаяу Мұсанның музыкалық тілі өзгеше бір үлгідегі түрімен ерекшеленеді.

Ол болашактағы қуанышты құндер туралы, өз Отанының жарқын келешегі туралы жаңа өндер шығарды. Жаяу Мұса халықтың есінде аса көрнекті ақын, композитор және өнші ретінде, әділдік пен халық бақыты жолындағы құрескер адам ретінде сақталып қалды.

Қазақ халқының XVIII–XIX ғасырлардағы музыкалық өмірін зерттеуде, сондай-ақ қазақ музыкасының мазмұны мен ерекшеліктерін айқындауда орыстың ғалымдары мен саяхатшыларының сіңірген еңбектерінің маңызы зор.

Қазақ өндерін жазып алуша С.Г.Рыбаков көп еңбек сіңірді. Ол 100-ден астам өн жинады; халық музыкасының өткен дәуірге тән негізгі сипаттары сақталған бұл өндер қазақ халқы тарихының өр түрлі кезеңдеріндегі музыка тілінің дамуын түсіну үшін айқын негіз болып табылады. С.Г.Рыбаков қазактарда сұлулық пен ғашықтықты жырлайтын лирикалық өндердің негұрлым көп тарағандығын атап көрсетті.

Этнограф А.А.Ивановский «Қырғыздың халық ақыны Ноғайбай»<sup>14</sup> деген мақаласында қазақтың композитор-өншілері шығармашылығының өлеуметтік мазмұны өткір болатындығын жазған.

Ғалымдар мен саяхатшылардың қазақ халқының музыкасы жайындағы еңбектері орыс ғылыминың демократиялық дәстүрлерін айқын сипаттайтын. Оның алдыңғы қатарлы қайраткерлері бауырлас халық-



Жаяу Мұса Байжанұлы.

тардың рухани қазыналарына өрқашан ықыласпен, сергектікпен қарап, әділ бағалап отырды.

Орыс музыкасымен байланысы нәтижесінде қазақтың халық музыкасы байи түсті, сонымен қатар оның өзі де басқа халықтардың фольклорымен бірге кейбір орыс композиторлары шығармашылығының қайнар көзіне айналды. П.И.Панчино жазып алған қазақ өндерінің өуенін М.П.Мусоргский (1839–1881) А.С.Пушкиннің «Капитан қызы» деген романы бойынша өзі жазбак болған «Пугачевшина» операсы үшін тандап алған. (Бұл опера ұлы композитор қайтыс болғандықтан жазылып бітпей қалды). А.П.Бородин «Князь Игорьді» жазған кезде қолында қазақ өндерінің жазбалары болған болу керек, мұны половец өскерлері хорының (екінші бөлімінде) «Ой, айнам» мен «Ғазиза-ай» өндеріне ұқастығынан байқауға болады.

Қазақтың өн өуендері оркестрлік шығармаларда да пайдаланылды. Олар капельмейстр В.В.Лейсектің Ташкенттегі Түркістан ауыл шаруашылығы көрмесіне арнап (1890)<sup>15</sup> жазған «Сарт, қырғыз және татар өндерінен құралған азиялық попурри» деген белгілі шығармасына енген болатын.

#### **4. ӨЛКЕТАНУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ. БАСПАСӨЗ**

Ресей империясының экономикасы мен саяси өмірі саласына Қазақстанның енуі оның ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуді: оның тарихи өткен-кеткенін ой елегінен өткізіп, табиғи ресурстарын, өндіргіш күштер деңгейін анықтауды қажет етті. Қазақстанды зерттеумен Ресейдің толып жатқан ведомстволары – Ғылым академиясы, Географиялық қоғамы, Тау-кен ведомствосы, Қатынас жолдар министрлігі, Мемлекеттік мұлік министрлігі, Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамы және басқа да ұйымдар айналысты.

Белгілі тарихшы және мемлекет қайраткері А.И.Левшин (1797–1879)

«Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» деген іргелі еңбегінде европалықтарға қазактардың географиясын, тарихы мен этнографиясын бір жүйеге түсіріп, суреттеп берді және Ш.Үәлихановтың айтуы бойынша, қазақ тарихы үшін Геродот даңқына лайық енбек сіңірді.

Өлкеде қалыптасып келе жатқан зиялыштар, мұғалімдер, дәрігерлер, саяси айдаудағылар зерттеу жұмыстарын жүргізді. Қазақстан аумағында құрылуы немесе қызметі халықшылдар есімдерімен байланысты емес ғылыми экспедиция, қоғам, мұражай жоқтың қасы. Олардың көбісі мұнда саяси айдауда болды немесе қызмет бабымен келді. Өлкеде ғылыми жұмыспен айналысу



А. И. Левшин.

орыс революционерлерінің Қазақстандағы өмірінің сәулелі шактары болып табылады.

Отаршылдық пиғылдағы патша өкіметі XIX ғасырдың екінші жартысында көптеген жергілікті өлкетану қоғамдары мен бөлімшелерін ашады. Жергілікті өлкетану қоғамдарының міндеттері «географиялық, статистикалық, этнографиялық және жаратылыс-тарихи материалдар жинап, өндеге және тарату, ғылыми экспедицияларды жарактандыру» болды.

Алға қойылған міндеттер барлық аудандарда бірдей дәрежеде жүзеге асырылмағанмен, олар ғылыми даярлығы бар өр түрлі адамдарды біріктірді. Өлкетану қоғамдарының жаңынан шағын кітапханалар, өлкетану карталары, этнографиялық экспонаттар коллекциялары құрылды.

Патша өкіметінің отарлау саясатына деген қарсылыққа қарамастаң, өлкетану қоғамдарының жұмысында айқын екі ағымның өкілдері болды. Бір жағында – патша өкіметінің отарлау идеологиясын жүргізушілер: генералдар, губернаторлар, дін қызметшілерінің бір бөлігі мен шенеуніктер тұрса, оларға қарама-қарсы жақта прогресшіл пиғылдағы зиялыштар: мұғалімдер, дәрігерлер, агрономдар, табиғаттанушылар, саяси жер аударылғандар тұрды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан мәдениетінің дамуына Қазақстанда айдауда жүрген халықшылдар елеулі үлес қосты. Өлкеде бірқатар халықшылдық үйірмелер пайда болды, оларда көптеген мәселелер, соның ішінде ұлт мәселесі де талқыланды, бірақ олар негізінен ағартушылық бағытта қызмет етті.

Қазақстанның өр түрлі қалаларында көптеген ғылыми қоғамдар: облыстық статистика комитеттері, географиялық қоғамның бөлімдері, 1887 жылы Орынбор ғылыми мұрағат (архив) комиссиясы ашылады.<sup>16</sup>

Ғылыми зерттеу орталықтарының бірі Орынбор болды. Мұнда XIX ғасырдың орта шенінде Қазақстанды зерттеушілер Я.В.Ханыков, М.И.Иванин, белгілі шығыстанушы В.В.Григорьев, тарихшылар В.В.Вельяминов-Зернов, П.А.Юдин жұмыс істеді. Л.Мейер қазақ өлкесі туралы «Орынбор ведомствосының Қырғыз даласы» (1865) деген арнаулы монография шығарды. Л.Н. және В.Н.Плотниковтер, В.Н.Игнатьев, П.Н.Оводов және басқалар жекелеген мәселелерді зерттеді.

Орынборда Орыс географиялық қоғамының бөлімі және Торғай статистика комитеті ашылды. Олардың қызметкерлері арасында Н. Дмитриев, Б. Скалов, П. Добровольский, бірқатар саяси жер аударылғандар болды. Олармен бірге қазақтар М.Бабажанов, Т. Сейдалин, Б. Дауылбаев, С. Жантөрин, Б. Наурызбаев, А. Сейдалин, А. Бейсенов, Б. Қаратаев, Ұ. Асауов жұмыс істеді. М.Бабажановтың, Т. Сейдалиниң, С.Жантөриннің, Б.Наурызбаевтың, Х. Қаржасовтың этнографиялық еңбектерін өлкетану қоғамдары жоғары бағалады. Еңбектердің көпшілік бөлігін – Батыс Сібір бөлімі, бірқатарын 1897 жылы құрылған Орынбор және Түркістан бөлімдері басып шығарды. Географиялық қоғам бөлімдерінің «Жазбалары» революцияға дейінгі Қазақстан тарихының, оның экономикасының, тұрмысының, мәдениетінің, этнографиясының құнды деректемелері болып табылады.

1887 жылы Орынбор ғылыми мұрағат (архив) комиссиясы құрылды. Комиссия мұрағат ісін тәртіпке келтіруді, өлкенің өткен тарихын зерттеуді, археологиялық және этнографиялық материалдар жинауды өзінің негізгі міндеті деп санады. Комиссияның «Труды» деген өз бас-

пасөз органы болды. 1894–1917 жылдарда бұл басылымның 34 саны жарық көрді. Мұрағат комиссиясы Қазақстанның өткен тарихын зерттеуге зор көніл бөлді.

Өлкетанудың тағы бір орталығы Орал болды. Онда жиналған әр түрлі материалдар өндөліп, «Памятные книжки», «Уральские областные ведомости» және «Уралец» газеттерінде мақала түрінде жарияланып отырды. Бұл аймақты зерттеушілер катарында Н.Бородинді, В.П.Кранхфельдті, Н.П.Огановскийді, М.К.Курилинді және басқа адамдарды атап айтқан жән. Батыс Қазақстанды зерттеуде антрополог А.А.Харузин, этнограф М.-С.Бабажанов елеулі рөл атқарды. Зерттеулердің нысанасы казактардың тарихы мен шаруашылығы, балық аулау көсіпшілігі, шаруалардың қоныстануы болды.

Омбы маңызды мәдени және ғылыми орталық болатын. Мұнда XIX ғасырдың орта шенінде зерттеушілер Н.М.Красовский, Н.А.Абрамов, кейінректе Н.Н.Балкашин жұмыс істеді. Жергілікті ғалымдар мен саяси жер аударылған зерттеушілер Ақмола статистика комитетінің жаңындағы Географиялық қоғамның бөлімшесіне бірікті. Қоғам жұмысына белсене қатысуышылар арасында Ф.А.Щербина, Г.Н.Потанин, Н.Петропавловский, А.И.Сведенцев, Л.К.Чермак, Д.Клеменц, В.Осташев, Н.Я.Ядринцев, И.Я.Козлов, Н.Я.Коншин, Г.Е.Катаев, С.Гуляев, И.Я.Словцов, Н.А.Золотов, Ю.А.Шмидт және басқалар болды.

Батыс Сібір өлкетану қоғамдарына қазактар М.Шорманов, Ш.Уәлиханов қатысты. Ә.Бекейханов өз қызметін сонда бастады.

90-жылдарға қарай Батыс Сібір географиялық қоғамы бөлімінің мүшелері қатарында Қазақстан аумағында қызметте жүрген және саяси жер аударылған көптеген адамдар: Ф.А.Щербина (Омбы), Л.К.Чермак, А.И.Янцевич (Петропавл), М.И.Суворцев (Семей), В.А.Рогалевич (Атбасар), Е.П.Михаэлис (Өскемен), Н.Я.Коншин (Семей), Л.А.Кузнецов (Петропавл), Г.А.Галимонт (Семей) болды. Бөлім қызметкерлері арасында Верный, Зайсан, Лепсі, Атбасар, Көкшетау және басқа қалалардан келген адамдар жұмыс істеді.

Солтүстік Қазақстанды зерттеуде өлкетану қоғамдары көп жұмыс атқарды. Өлкенің тарихы, экономикасы, табиғи жағдайлары жөнінде едуір материалдар жинап, жариялады.

Петропавл, Көкшетау, Ақмола, Атбасар өлкетанушылары Географиялық қоғамның Батыс Сібір бөлімінің қызметкерлері болды және бөлім жұмысына көмек көрсетті. Түрлі уездердегі кейбір дәрігерлер Омбы медицина қоғамының жұмысына араласты. Олардың арасында Н.И.Пахолков (Петропавл), М.А.Шестаков (Семей), В.Д.Осовнин (Көкшетау), Н.Л.Зеланд (Верный), В.К.Барсук, Б.М.Мариупольский (Петропавл), А.А.Полубинский (Ақмола облысының облыстық дәрігері) және басқалар бар еді.<sup>17</sup>

Саяси айдаудағылардың өлкетану жұмысына қатысуының жарқын мысалы Семей статистика комитетінің қызметі болып табылады. Ол 1883 жылы саяси айдаудағы Е.П.Михаэлистің көмегімен ашылды. Оған айдаудағы халықшылдар Н.И.Долгополов, А.А.Блек, А.А.Леонтьев, С.С.Гросс, П.Кашинский, жергілікті өлкетанушылар А.Земляницын, Г.Шестаков, А.Герн, С.Никитин және басқалар қатысып тұрды. Олармен бірге комитетте Абай Құнанбаев, Әміре Айтбакин, Ақұн Мұнайтпасов болды.

Өлкетанушылардың күш-жігерінің арқасында этнография, жергілікті өсімдіктер және жануарлар дүниесі, минералогия бойынша бай экспонаттар жинақталған жергілікті мұражай құрылды. Бұл Қазақстандаға емес, бүкіл Сібірге де мәлім мұражайлардың бірі болатын. Сонымен бірге, статистика комитетінің кітапханасы ашылды. Оған Ертіс өніріне қатысты кітаптар, көркем өдебиет жинақталды, балалар кітабы бөлімі жұмыс істеді. Кітапхана ондаған газеттер мен журналдар алдып тұрды. Өлкенің мәдени өмірінде статистика комитеті зор рөл атқарды. Географиялық қоғамның Семей бөлімін ашу туралы мәселе қойылды. Семей өлкетанушылары өз мақалаларын «Семипалатинские областные ведомости», Семей облысының «Памятные книжки», «Восточное обозрение», «Сибирская газета» газеттерінде жарияладап тұрды.

Ташкенттің ғылыми мекемелері Оңтүстік Қазақстанды зерттеу орталығына айналды. Онда халықшылдар П.И.Пашино, Г.С.Загряжский, Д.Иванов, В.И.Межов, Г.Усов, И.Гейер, Е.Смирнов және басқалар ғылыми қызметпен айналысты. Алайда отаршылдық әкімшілікте маңызды қызметтер атқарған Н.И.Гродеков, С.А.Идаров, Н.А.Маев, Г.А.Арендаренко, А.П.Хорошхин, М.А.Терентьевтер де жергілікті мәселелерді зерттеумен шұғылданды. Жергілікті өлкетанушылар олармен тығыз байланыста болды. «Материалы для статистики Сырдаринской области», «Туркестанские ведомости» газеттерінде өлкетанушылық сипаттағы көптеген зерттеулер жарық көрді. Қазақстан проблемалары бойынша бірнеше арнаулы зерттеулер басылып шықты. Сонымен бірге мұнда да ғылыми қоғамдардың қызметіне қазактар мен татарлар қатысты. Е.Букин, Н. Жетпісбаев, Ә.Диваев, К. Қостанаев ерекше зерттеулер жүргізді.

Зерттеу қызметі орталықтарының бірі Жетісу болды. Мұнда П.П. Семенов-Тян-Шанский, кейінректе А.Н.Краснов, А.Ф.Голубев, М.И.Венюков экспедициялық сапарлар жасады. Н.А. Аристов, Ф. Костенко, Н.Н. Пантусов, Г.С. Загряжский, Р.И. Метелицын, В.А. Монастырский, А.Флеров және басқалар ғылыми қызметпен айналысты.

Оңтүстік Қазақстан зерттеушілері материалдарын әр түрлі басылымдарда, атап айтқанда, «Туркестанские ведомости», «Семиреченские областные ведомости» газеттерінде, үздіксіз шығып тұрған «Материалы для статистики Туркестанского края», «Материалы для статистики Сырдаринской области», «Памятные книжки Семиреченской области» атты сериялық еңбектерде, ведомстволық басылымдарда жарияладап отырды.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды зерттеумен Ташкент қаласындағы Түркістандағы әр түрлі ғылыми қоғамдарына біріккен адамдар айналысты. Н.Л.Зеланд, Н.И.Маев, А.П.Хорошхин, В.И.Межов, Г.А.Арендаренко, Е.Т.Смирнов, И.В.Аничков, И.Гейер, Н.П. Остроумов осындай өлкетану қоғамдарының қатысуышылары болды.

Сонымен қатар, жергілікті жерден шыққан, «Қазақтардағы дене және ақыл-ой тәрбиесі», «Орыс-қазак және қазак-орыс сөздігі» деген мақалалардың авторы Ешмұхамед Букиннің өлкетанушылық еңбектерін атап өту қажет. Құдабай Қостанаев «Перовск және Қазалы уездері қазактарының этнографиялық очеркі» деген еңбек жариялады. Ноғайбай Жетпісбаев археологиялық жұмыстармен айналысты. Мұнда Ш.Ибрагимов те жұмыс істеді. Әбубекір Диваев қазак фольклористикасы жөнінде алуан түрлі материалдар жинап, жариялады.

1896 жылы «Дала облыстарын зерттеу жөніндегі экспедиция» жұмыс істей бастады. Далалық өлкенің барлық уездерін зерттеу жөніндегі бұл экспедиция құрғанда Мемлекеттік мұлік министрлігі зерттеу нәтижелерін Қазақстанда жер саясатын жүргізуге пайдалануды көзделі. Экспедицияның міндетіне аумақты табиғи-тарихи жағынан зерттеп, суреттеу, жер түрлерін, бұл мәселедегі ауылдар мен болыстардың маңызын, шаруашылық жүргізу, жерді пайдалану тәсілдерін анықтау кірді. Ресейдің Орталық губернияларынан әкелінген шаруаларды қоныстандыру мақсатында шаруашылық-статистикалық зерттеуге баса көңіл бөлінді. Экспедицияның құрамына Ф.А. Щербина, Ә. Бекейханов, Л.К. Чермак, П.А. Васильев, Н.Ф. Гусев, Н. Белев, В.А. Владимировский, Н.Ф. Дмитриев, қазақ зиялыштарының үлкен тобы – Ұ. Базанов, Т. Жалмұхамедов, И. Жаксылыков, И. Құдайқұлов, И. Тілекеев, Г. Саркин, Р. Мөрсеков, Е. Итбаев, М. Бекетаев, М.Шомбалов, Д.Сатыбалдин, Т.Есенқұлов және баскалар кірді.

XIX ғасырдың 60-90-жылдарында қазақ зерттеушілері дүниетанымының қалыптасуына халықшылдық идеология көп өсер етті. Олар айдаудағы халықшылдардың көзқарастары мен өдіс-тәсілдерін менгерді. Алайда олардың арасында идеялық алшақтықтар да болды. Олардың бір бөлігі үстем тап позициясын ұстанып, өткенді дәріптеді. Ал тұтас алғанда, қазақ қоғамдық ой-пікірі патриархаттық қалдықтарынан, идеялардағы жетілмеушіліктен, нысандарындағы толыспаушылықтан арыла бастады. Қазақ ағартушылары көшпелі қоғамдағы тоқыраушылыққа қарсы шықты, егіншіліктің және тұтас қоғамдық өмір дамуының маңыздылығын түсінді.

Экспедицияға қатысушылар арасында экономистер, ботаниктер, топырақтанушылар, агрономдар болды. Олар материалдар жинап, Қазақтардың жер пайдалануы жөнінде Ф.А.Щербинаның экспедициясы жинап, өндеген материалдардың он үш томын басып шығаруға өзірледі (I–XIII т. 1898–1908). Бұл материалдар XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ шаруашылығының жай-күйі жөніндегі тенденсі жок деректеме болып табылады. Қазақтардың шаруашылығы, шаруалардың қоныстануы тақырыптарындағы материалдар XIX ғасырдың аяғында журналдар мен газеттердің беттерінде кеңінен жарияланды. Алайда мұндай мақалалар авторларының көпшілігі Ресейдегі аграрлық дағдарысты шаруаларды өзге жерге қоныстандыру есебінен шешуге болады деген пікірде болды. Олар қазақ ауылдарының жағдайын, қазақ халқының менталитетін ескермеді.

Алайда аграрлық қатынастарды зерттеушілер еңбегінің құндылығы мынада: олар мол деректі материалдар қалдырыды, өлі күнге дейін маңызы зор статистикалық жұмыстар жүргізді.

Ғылыми қоғамдарды қызықтырған тағы бір мәселе қазақ халқының тарихы болды. Қазақстан тарихы көптеген ғалымдардың зерттеу нысанасына айналды. Қазақ халқының өзіндік ерекшелігін зерттеушілер білімнің өр түрлі салалары бойынша жұмыс істеді. Саяси жер аударылғандардың назарын Қазақстан археологиясы аударып, Н.Коншин, Д. Кастанье, А. Харузин, Л. Чермак, Д.А. Клеменц, Л. Каллаур, Д.И. Ивановтар Қазақстандағы бірқатар объектілер туралы енбектер жариялады. Қазақтардың этнографиясы жөнінде де көптеген мәлшерде мақалалар жарық көрді. Осы сипаттағы барынша қызықты енбектердің бірі

Ф.Зобниннің «Қазақ даласындағы еріксіздер, құлдар және төлеңгіттер туралы мәселе жөнінде» деген еңбегі еді. Мұнда мұрағат материалдары мен қолда бар өдебиет пайдаланылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында зерттеушілер статистикалық деректерді жинап, өндеге барысында көлемді жұмыс жүргізді. Мәселен, XIX ғасырдың 70–80-жылдарында Қазақстанда халық санағы жүргізілді. Е.Михаэлис пен А.Тилло Семей қаласы және бүкіл Қостанай уезі бойынша халық санағын жүргізді. Статистика комитеттерінің күшімен халық және тұтін санағы, әскери ат санағы жүзеге асырылды. Мәселен, 1888–1892 жылдарда әскери ат санағы ішінара Ақмола және Семей облыстарында да жүргізілді.

Қазақстанды басқару саласындағы өкімшілік реформаларға байланысты қазактардың дағдылы құқығын зерделеп, жүйеге келтіру керек болды. XIX ғасырдың қырқыншы жылдарынан бастап әр түрлі мекемелер қазактардың дағдылы құқығы жазбаларын жинауға кірісті.

Қазақтардың дағдылы құқығы бойынша Д. Андре, А. Леонтьев, И.И. Крафт, Г.С. Загряжский, Н. Гродеков және басқа зерттеушілер көп жұмыс істеді. Мәселен, сот ісін жүргізу, отбасы, жер құқығы жөніндегі халықтық ғұрыптар жазбасы Семей комитетінің назарын аударды.

Қазақтардың дағдылы құқығы жөніндегі материалдарды жинауға А.Л.Леонтьев, С.С.Гросс, А.Блок, Е.Михаэлс, А.Карелин, Н.Якимовтар бастамашы болды. 1886 жылы статистика комитеті «Қазақтардың зандық ғұрыптарын зерттеуге арналған материалдарды» басып шығарды.<sup>18</sup> Оған саяси жер аударылғандардың еңбектері енді.

Қазақ жүртшылығы дағдылы құқық жөніндегі басылымның жарық көруіне ризашылықпен қарады. Ол туралы «Дала уәлаятының газеті» арнаулы хабар басты.<sup>19</sup> Бұл жинаққа қосымша 1890 жылы А.Леонтьев «Қазақтардың дағдылы құқығы» деген мақала жариялады. Мұнда автор қазактарда шарифаттың ешқашан да құқыққа негіз болмағанын көрсетті. Мұсылман діні де, XIX ғасырдың аяғына қарай енген орыс ықпалы да далада ежелден келе жатқан дағдылы құқықты бұза алмады. Бұл қағидаға басқа зангерлер – Н.И.Гродеков, Г.С.Загряжский, А.Изразцов, Р.И.Метелицын қосылды.

Қазақстан жөніндегі ғылыми материалдардың қомақты қорын жасауда облыстық статистика комитеттері едөуір рөл атқарды. Статистика комитеттері туралы ережеде былай делінген: «Бұл комитеттердің басты мақсаты жергілікті өкімшілік статистиканы дұрыс ұсташа, атап айтқанда: әрбір губернияда немесе облыста үкіметтің талап етуімен және Орталық статистика комитетінің нұсқауымен сол губернияның немесе облыстың жер мөлшері мен жерінің сапасы, халық саны және өндіргіш күштері туралы дәл статистикалық мәліметтер жинаудың мейлінше дұрыс өдістерін белгілеу және бұл мәліметтерді тексеру мен өндеге болып табылады...».<sup>20</sup> Бұл орайда халықшылдар көп күш жігер жұмсады. 1878 жылы Ақмола, 1896 жылы Орал, 1895 жылы Торғай, 1879 жылы Жетісу, 1887 жылы Сырдария облыстық статистика комитеттері ашылды.

Статистика комитеттерінің басылымдарында облыс бойынша өндіргіш күштер, халық шаруашылығы, суландыру жүйелері, катынас жолдары, тұрғындар және олардың кәсіптері, алым-салықтар, оқу-ағарту және т.б. туралы егжей-тегжейлі мәліметтер жинақталған шолулар ерекше орын алды.

Бұл шолуға қоса, жынтық статистикалық кестелер беріліп отырды. Бастапқыда мұндай шолулар «аса мәртебелі» губернаторлардың жыл сайынғы есептеріне қосымша ретінде жазылатын. Уақыт өте келе шолуларда статистикалық материалдармен қатар, жекелеген авторлардың мақалалары да жариялана бастады. Түркістан өлкесінде ұзын саны 100-ге таяу шолу басып шығарылды, соның ішінде: «Жетісу облысы бойынша шолулары» 1882 жылдан 1913 жылға дейін үнемі шығып тұрды, Сырдария облысы бойынша «Шолулар» 1885 жылдан 1895 жылға дейін шығарылды. Бұған қосымша Сырдария облыстық статистика комитеті 1891 жылдан 1907 жылға дейін «Сырдария облысының статистикасына арналған материалдарды» жыл сайын шығарып тұрды.

Комитеттер облыстық шолуларға қоса өз еңбектері мен басқа басылымдарды да шығарды. Мысалы, Сырдария комитеті өз еңбектерінің бір томын, «Сырдария облысының статистикасына арналған материалдар жинақтарының» 13 санын басып шығарды. Жетісу облыстық статистика комитеті «Жетісу облысының ескерткіш кітапшалары мен мекенжай-күнтізбелерінің» (1898–1905) 5 томын жариялады.

Саяси айдауда жүргендер қазақ халқының өткені мен бүгінін халықшылдық тұрғыда зерттеді. Мәселен, этнографиялық зерттеулерде олар өрқашанда әлеуметтік және саяси мәселелер көтеріп отырды. Олардың өз зерттеулері мен мақалаларында либералдық және реформистік бағыт ұстанды. Халықшылдар қазақтардың өмір шындығын экзотика ретінде қарастыруға қарсы шықты. Тұтас алғанда халықшылдар қазақ қоғамының құрделі құрылымын ақырына дейін түсіне алмаса да, олар біреулердің екіншілерін қанауы көніл аударды, орыс және қазақ халықтарының еңбекші бөлігінің езілген жағдайына қоғамның назарын аударуға тырысты. Патша самодержавиесін сынап, бостандық идеяларын насиҳаттады.

Казакстанда саяси айдауда жүргендер өздерінің ғылыми қызметінде халықшылдықтың жалпы идеялық негіздерін басшылыққа алды, бірақ әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық жаңа нақты жағдайлар оларды көбінесе күтпеген тұжырымдар жасауға мәжбүр ететін. Олар шет аймақтардың әлеуметтік-экономикалық өміріне капитализмің енуін аңғара отырып, осыған байланысты өлкедегі шаруалардың қоныстануына және жұмысшылардың жағдайына, өндеуші және тау-кен өнеркәсібінің дамуына ерекше дең қойды. Халықшылдар жазған еңбектер патша әкімшілігінің ресми басылымдарымен салыстырғанда шыншыл және ғылыми жағынан орнықты болды.<sup>21</sup>

XIX ғасырдың екінші жартысында Казақстан аумағында көптеген тарихи-статистикалық, этнографиялық, геологиялық, географиялық экспедициялар жұмыс істеді. Әдетте, олардың белсенді қатысушылары халықшылдар болды. Әрбір экспедицияға жергілікті ұлт өкілдері, көбінесе қазақтар жолбасшы және тілмаш болып қатысты.

Жолбасшылар мен тілмаштар халықшылдармен тығыз байланыста болды. Тілмаштар көп нәрсеге қанығып қана қойған жок, сонымен қатар, өздерінде бар мәліметтерді беруге де өзір тұрды. Олар білімді, өз халқының материалдық және рухани мәдениетін насиҳаттаушылар болды, дала аныздарын, билердің аса маңызды билік шешімдерін, дағдылы құқық ережелерін, рәсімдер мен өдет-ғұрып, мал шаруашылығын жүргізу жүйесін, көшіп-қону жолдарын және т.б. жақсы білді. Кейіннен бұл мәселелердің көбісі халықшылдардың ғылыми еңбектерінде көрініс тапты.

Екі халық өкілдерінің мұндай өзара қатынастары, олардың арасындағы байланыстар қазактар мен орыстардың жақындастыруна себепші болды. Қазақ және орыс өкілдерінің шығармашылық достастығы қазақ қоғамдық ой-пікірінің дамуында демократиялық негіз қалады. Орыс отаршылдарына қарама-қайшы, орыс демократиялық және революциялық ой-пікірінің өкілдері қазақ және орыс зерттеушілерінің арасында достық қатынастардың дамуына жәрдемдесті.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда ғылыми қоғамдардың дамуы көптеген қазақ зерттеушілерінің қалыптасуына өсер етті. Олар қазақ ағартушыларының озық идеяларын қабылдап, саяси жер аударылғандардың ғылыми көзқарастарымен және методологиясымен танысты. Қазақ зерттеушілері өз халқының тарихы, өдебиеті мен өнері жайлы құнды деректер жинастырып, көптеген еңбектер жариялады.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтың үлттық баспасөзі дүниеге келді. 1870–1882 жылдарда Ташкентте «Түркістан уәлаяты газеті» шығып тұрды. Ол алғашында 500 дана таралыммен шыққан «Туркестанские ведомости» қосымша ретінде шығып, кейіннен дербес органға айналды. Шартты басылымның негізі патша өкімшілігінің өр түрлі өкімдері мен нұсқауларын тарату болды. Сонымен бірге, өлкенің өр түрлі жерлеріне сипаттама берілді. Саяхаттар, егіннің шығымы, ауыл шаруашылығының жай-күйі – мал аурулары, эрозия, су пайдалану туралы жекелеген мәліметтер айтылды. Газет беттерінен кеніштердің ашылуы, өндеуші өнеркәсіптің жай-күйі, телеграф жүргізу, әйел мәселесі және этнография жөніндегі өр түрлі мәліметтер көрініп отырды. Басылымды Ш.Ибрагимов пен Х.Жанышев редакциялады.

1888-1902 жылдарда Омбыда қазақ тілінде «Дала уәлаятының газеті» атты газет шығып тұрды. Бұл «Ақмолинские областные ведомости» газетіне қосымша болатын. Оның беттерінде ағартушылық идеялары насиҳатталды. Ресми бөлімде өкімшіліктің өр түрлі қаулылары мен өкімдері жарияланды. Оның беттерінде белгілі бір дәрежеде қазактардың тұрмысы, мәдениеті жөніндегі өр түрлі мәселелер көтерілді. Қазақ тарихи аңыздарының және «Козы Көрпеш-Баян сұлу», «Қамбар батыр», «Бозжігіт», «Еңлік-Кебек» эпосының нұсқалары, Кожанасыр, Алдаркөсे туралы, өнші Жиренше туралы өр түрлі сюжеттер және басқа да материалдар жарияланды. Сондай-ақ қазақ көсемсөзшілері мен зерттеушілерінің мақалалары басылышп тұрды.

Н. Жетпісбаев, Ш. Ибрагимов, А. Айтбакин, М. Бабажанов, Х. Қаржасов, С. Батыршин, Б. Дауылбаев, М. Шорманов, Ә. Диваев, Е. Букин, С. Нұрмұхamedov, Т. Сейдалин, А. Сейдалин, С. Жантөрин сияқты зерттеушілер өз қызметімен және мақалаларымен қазактар арасында ғылым мен қоғамдық ой-пікірдің дамуына жәрдемдесті. Сөз жок, олардың бәрі ғылыми қоғамдардың жұмысына түрліше қатысты, алдыңғы қатарлы орыс мәдениетінің идеяларын өзінше қабылдады, бірақ қазақ зерттеушілерінің Омбы, Семей, Ташкент, Орал және басқа қалалардың қоғамдық өміріне араласуы XIX ғасырдың 70–90-жылдарындағы Қазақстанның қоғамдық саяси өмірінің құрамдас бөлігі болды.

Қазақ ағартушы-демократтарының революцияға дейінгі Қазақстандағы ғылыми қоғамдардың жұмысына қызу араласуы қазақ халқының демократиялық орыс мәдениетімен, орыс азаттық қозғалысына қатысуышылар – саяси жер аударылғандармен байланыс жасауына кең жол ашты.

Орыс ғалымдары қазақ, дүнген, ұйғыр және басқа да халықтар арасында шын көнілмен және жанкиярлықпен жұмыс істеді. Олар бұл халықтарға білім негізін таратуға ұмтылды. Нақ сондықтан патшалық өкімет орындары озық зияльдардың белсенділігіне тым салқын қарады, айдауда жүргендердің қызметі халықтың неғұрлым артта қалған топтарына ықпал етуі мүмкін деп қауіптенді.

Бұл орайда демократиялық орыс мәдениетін таратушы қазақтың демократ ағартушылары Шоқан Уәлихановтың, Абай Құнанбаевтың, Ұбырай Алтынсариннің Қазақстандағы ғылыми қоғамдар жұмысына тартылуының маңызы зор болды.

<sup>1</sup> ПСЗРИ. Собрание второе, т. XIX. Отделение второе.

<sup>2</sup> Александров А. Из истории развития образования среди киргизов Акмолинской и Семипалатинской областей // Журнал МНП, № 12, 1905, 159-б.

<sup>3</sup> Тажибаев Т. Просвещение и школы Казахстана во второй половине XIX века, А., 1962, 268, 274, 281-б.

<sup>4</sup> Бұл да сонда, 282–307, 322–329-б.

<sup>5</sup> Бұл да сонда, 332–353-б.

<sup>6</sup> Россия. Полное географическое описание нашего Отечества. Под ред. П. П. Семенова-Тян-Шанского, т. XVII. Киргизский край. СПб., 1903, 173-б.

<sup>7</sup> ЦГА РК, ф. 25, оп. 1, д. 3804, л. 39–42.

<sup>8</sup> Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. А., 1950, 16–17-б.

<sup>9</sup> ЦГА РК, ф. 90, оп. 1, д. 494, л. 84–86; Туркестанские ведомости. 1874, 22 июня.

<sup>10</sup> Сабитов Н. Көрсетілген еңбегі, 19–20-б.

<sup>11</sup> Шертпе – бір саусақпен тартылатын әліс. Шертпе әдісі солтүстік-шығыс Қазақстанда кеңінен тараған.

<sup>12</sup> Біржанның өмірінен алынған бұл эпизод М. Төлебаевтың 1946 жылы Қ. Жұмалиевтің либреттосына жазылған «Біржан мен Сара» операсына енген.

<sup>13</sup> Львович Л. По киргизской степи. Пг., 1914, 108–109-б.

<sup>14</sup> Этнографическое обозрение, кн. 3. М., 1889.

<sup>15</sup> Туркестанские ведомости, 1890, 16 октября.

<sup>16</sup> Масанов Э. А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. А., 1966, 207–214-б.

<sup>17</sup> Галиев В. З. Медицинская деятельность ссыльных революционеров в Казахстане (вторая половина XIX века). А., 1981, 36–85-б.

<sup>18</sup> Материалы для изучения юридических обычаев киргизов. Труды Семипалатинского обл. стат. комитета, вып. 1. Омск, 1886.

<sup>19</sup> Дала уәляятының газеті, 1889, № 10, 10 марта.

<sup>20</sup> ЦГА РК, ф. 15, оп. 2, д. 44, л. 42.

<sup>21</sup> Сапаргалиев Г. С., Дьяков В. А. Общественно-политическая деятельность ссыльных поляков в дореволюционном Казахстане. А., 1971, 163–233-б.



## *Tөртінші тарау*

### **ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТИК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ**

#### **1. ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӨЛКЕ ХАЛҚЫ**

XX ғасырдың басында Ресей империясының ішкі губернияларынан күрт өскен көші-қон ағыны нәтижесінде де, өсіресе қоныстанушылардағы едөуір табиғи өсім есебінен де Қазақстан халқының одан өрі тез өскені байқалды. 1897–1917 жылдардаған, яғни Ресей империясының Бірінші жалпыға бірдей санағынан кейінгі алғашқы екі онжылдықта, Қазақстан халқының саны (оның қазіргі аумағына жақын аумакта), біздің есептеулеріміз бойынша 4147,7 мың адамнан 5045,2 мың адамға, яғни 25,7 пайызға көбейді.

Бірақ осы онжылдықта Ресей империясындағы қазақтар саны күрт құбылып отырды: егер 1897–1915 жылдарда олардың саны 3881,8 мың адамнан 4753,6 мың адамға дейін, яғни 22,4 пайызға өссе, 1917 жылы олар небәрі 4061,3 мың адам болды, яғни 1915 жылмен салыстырғанда олардың саны 22,3 пайыз кеміген, ал 1897 жылмен салыстырғанда, яғни 20 жыл ішінде небәрі 180,5 мың адамға, яғни 4,5 пайызға өскен. Осының салдарынан Ресей халқының құрамындағы қазақтардың үлес салмағы 1897 жылғы 3,02 пайыздан 1915 жылғы 2,69 пайызға дейін және 1917 жылы 2,3 пайызға дейін кеміп кеткен және байырғы халықтың басым бөлігі шоғырланған Қазақстанда бұл ауытқу айқын көрінді: 1897 жылы өлкеде (қазіргісіне жақын аумакта) қазақтар 3384 мың, 1915 жылы – 4205,2 мың, ал 1917 жылы – 3615,1 мың адам болды.

Сонымен, осы жылдар ішінде қазақтар саны небәрі 231 мың адамға, яғни 6,8 пайызға өскен. Бұл орайда негізгі өсім 1915 жылға дейін болды, ол кезде қазақтар қатары 821 мыңдай адамға, яғни 24,3 пайызға көбейген еді. Қорытындысында өлке халқының құрамындағы қазақтардың үлес салмағы 1897 жылғы 81,7 пайыздан 1917 жылғы 59,8 пайызға дейін кеміп кетті. Қазақтар арасындағы демографиялық жағдайдың нашарлауы, бірінші кезекте оның табиғи өсуінің тәмен болуымен, яғни бала тууының адам өлімінің басымдық деңгейінен тәмен болуымен түсіндіріледі. Өлкенің негізгі демографиялық деректерінің табиғи өсу деңгейіне салыстырмалы талдау жасау бұл мәселе бойынша айқын мысалдар береді. Негізгі алты облыс бойынша 1897–1906 жылдарда жалпы алғанда 1 мың адамға халықтың табиғи өсімі 11,3 пайыздан, ал 1907–1916 жылдарда – 15,3 пайыз; Ақмола облысы бойынша алғанда, коса алынған орыстар мен украиндардың үлес

салмағы 1897 жылғы 33,0 пайыздан 1917 жылғы 55,7 пайызға дейін өскен, осы екі онжылдық ішінде халықтың табиғи өсімі 38,9% болған. Қазақтар басым болған облыстарда табиғи өсім едәуір төмен: Жетісуда – 25,7%, Сырдарияда – 25,6%, Оралда – 20%, Семейде – 15,6%. Ал Торғай облысында орыстар мен украиндардың үлес салмағы қоса алғанда 1897 жылғы 7,7 пайыздан 1917 жылғы 37,6 пайызға дейін өскен, халықтың табиғи өсімі бұдан едәуір жоғары – 35,1 пайыз болды. Бұл сарын өлкенің отырықшы және көшпелі халқының табиғи өсімі деңгейін салғастырған кезде бұдан өлдекайда айқын көрінеді. Оның барлық облыстарында көшпелі халық қазақтар болатын, бұған Жетісу облысы ғана қосылмады, Пішпек және Пржевальский уездерінде көшпелі халық негізінен қырғыздар болатын.

Мысалы, Ақмола облысында 1900 жылы отырықшы халықтың табиғи өсімі оның жалпы санына шакқанда 1,99%, ал көшпелі халықта – барлығы 0,76%; тиісінше 1901 жылы – 2,78% және 0,54%, 1914 жылы – 3,25% және 0,92% болды, яғни қазақтарда табиғи өсім орыстар мен украиндарға қарағанда 1909 жылы 2,6 есе, 1910 жылы 5,1 есе, 1914 жылы – 3,5 есе төмен болған. Бұл сарын Торғай, Орал, Жетісу және өлкенің басқа облыстарында бірсыныра ауытқулармен байқалды. Қазақ халқы табиғи өсімінің төмен деңгейіне көшпелі тұрмыс салтының ауыр жағдайлары, эпидемиялық аурулардың кең таралуы және медициналық қызмет көрсетудің болмауы себепті оның қатарындағы, өсіресе балалар арасында өлім-жітімнің жоғары болуы себеп болды. Қазақтардың 1916 жылғы көтерілісінің зардаптары да ерекше келенсіз рөл атқарды. Оны патшаның жазалау отрядтары басып, жаныштап сол кезде осы ұлт-азаттық қозғалысқа қатысушылар ғана емес, сонымен қатар бейбіт тұрғындар ( карттар, әйелдер мен балалар) да мындалап қаза тапқан еді. Қазақтардың едәуір бөлігі империя шегінен Қытайға, Түркияға және басқа елдерге үдерे көшіп кетті. 1916 жылы Жетісу облысынан ғана шетелге 150 мыңға жуық қазақ көшіп кетті. Зерттеуші ғалымдар Сырдария және Жетісу облыстарынан эмиграцияға кеткен қазақ халқы одан кем болмас деп санайды.

Өлкенің басқа аймақтары бойынша байырғы халықтың да, келімсек халықтың да аумақтық орналасу ерекшелігі жалпы қалыптасқан тарихи-демографиялық жағдайлармен, көші-қон ұрдістерімен және табиғи өсім деңгейімен анықталды. Атап айтқанда, оның өте әркелкілігі болды. Сөйтіп, XIX ғасырдың аяғында және XX ғасырдың басында 70% болатын қазақтардың негізгі көпшілігі өлкенің екі аймағында, оның онтүстігі мен батысында шоғырланды. Онтүстік облыстарда – Сырдария және Жетісу облыстарында 1897 жылы 1,2 миллион қазақ (тиісінше, 709 мың және 515 мың қазақ) тұрды. Мұның өзі өлкедегі бүкіл байырғы халықтың 36,0%-ы (тиісінше 20,8 және 15,2%) болды. 1917 жылы да бұл аймақтағы қазақтардың үлес салмағы нақ сол деңгейінде қалды деуге болады – 34,3% (тиісінше 24,4 және 13,9%). 1,1 миллионнан 1,2 миллионға дейін қазақтар тұрған батыс аймақта (яғни Торғай және Орал облыстарында, Ішкі Ордада және Маңғыстау өлкесінде) олар 1897 жылы - 34,8%, ал 1917 жылы – 35,4% болды. Байырғы халықтың жалпы санының 17–18%-ы Шығыс және Орталық Қазақстанның үлесіне тиді, бұл аймақтардың аумағы негізінен Семей облысының құрамына кіретін еді, онда 1897–1917 жылдары 500 мыңнан астам қазақ тұрды. Солтүстік Қазақстанда, яғни Ақмола облысында өлкедегі қазақтардың жалпы санының небәрі 13 пайызы тұрды, дегенмен олардың саны осы 20 жыл (1897–1917) ішінде 100 мыңдай адамға, 389-дан 482 мың адамға дейін көбейді.

Өлкенің негізгі аймактарының көп ұлтты халқының құрамындағы қазақтардың үлес салмағы осылайша аумактарға біркелкі орналаспауына сәйкес анықталды. Бұл орайда өзінің ежелгі аумағында Ресейге қосылудан басталып, жиырмасыншы ғасырдың басында ерекше күшейген қазактар үлес салмағы кемуінің жалпы сарыны (1897 жылғы 81,7%-дан, 1917 жылғы 59,8%-ға дейін) өлкенің барлық аймактарында, соның ішінде, қазактар салыстырып алғанда мейлінше тығыз қоныстанған аймактарда да айқын көрінді. Мысалы, Сырдария облысында байырғы халықтың үлес салмағы 1897–1917 жылдар аралығында 29,1%, 88,8%-дан 59,7%-ға дейін, Жетісу облысында – 35,2%, 77,6%-дан 42,4%-ға дейін, Семей облысында – 21%, 88,3%-дан 57,3%-ға дейін, Торғай облысында – 22,4%, 90,6%-дан 58,2%-ға дейін, Орал облысында – 18,8%, 71,3%-дан 52,5%-ға дейін қысқарған.

Осы 20 жыл ішінде жинақы тұратын Ішкі Орда (12,2%-ға, 96,5%-дан 84,3%-ға дейін) және Маңғыстау уезінде де (7,3%, 93,0%-дан 82,7%-ға дейін) қазақтардың үлес салмағы едөуір азайды. Осы екі өкімшілік бөліністе ғана қазақтар басым көпшілік болды, ал Ақмола және Жетісу облыстарында олар жартысынан өлдекайда аз болып шықты (тиісінше 40,5% және 42,4%). Уш облыста: Сырдария, Торғай және Орал облыстарында олар жартысынан сөл көп болды (тиісінше 59,7%, 58,2% және 52,5%). Қазақтардың үлес салмағы үштен екіге біршама жоғары болуы Семей облысында ғана байқалды – 67,3%. Ақмола облысының Петропавл және Көкшетау уездерінде және Орал облысының Орал уезінде қазақтардың үлес салмағының қысқаруы ерекше айқын көрінді. Олар мұнда 1917 жылдың бүкіл халықтың небәрі ширегін ғана құрады (25,0%, 24,1% және 25,3%), ал Қостанай уезінде қазақтар оның барлық халқының үштен бірінен сөл асты (35,3%).

Қазақстанның байырғы халқы үлес салмағының азаюына ғасырдың басында орыстардың, україндардың және басқа да ұлт өкілдерінің империяның ішкі аймактарынан қоныс аудару ағымының ерекше көп өскен көші-қон үрдісі де қатты өсер етті.

Бұл орайда аймактың алты облысында халықтың құрт өсімі 1897–1917 жылдарда 1 301,4 мың адам болды, яғни оның табиғи өсіміне (1 446,1 мың адам) тенелді деуге болады. Осы жылдар ішінде Қазақстанға империяның шет аймактарына қоныс аударушылардың 24,9%-ы, яғни шамамен төрттен бірі көшіп келді. Аймаққа столыпиндік аграрлық реформа нәтижесінде 1906–1912 жылдарда келген 360,7 мың келімсектер бойынша деректерге талдау жасау, олардың 80,6%-ы Українадан шыққандар, ал қалған 19,4%-ы Ресейдің онтүстігінен келгендер екенін көрсетеді. Українадан келгендер арасында Полтава, Харьков, Киев және Чернигов губернияларының, ал Ресейдің онтүстігінен келгендер арасында Воронеж және Саратов губернияларының тұрғындары басым болды.

Бұл орайда осы қоныс аударушылардың негізгі көпшілігі Ақмола және Торғай облыстарына, бастапқы кезде ғана олардың бір бөлігі өлкенің басқа облыстарына қоныстанды. Мысалы, 1897–1916 жылдарда қоныс аударған 1 301,4 мың адамнан Ақмола облысына 731,5 мың адам, яғни 56,2%-ы және Торғай облысына 199,0 мың адам, яғни 15,3%-ы келді. Сондықтан Ақмола облысында құрт өсу қарқыны табиғи өсу деңгейінен 2,2 есе асып түсті (1897–1916 жылдарда 325,2 мыңның орнына 731,5 мың). Қоныс аударушылардың жалпы көлемінен Семей облысына 130,1 мың адам (10,0%), Жетісуға –

118,5 мың (9,1%), Оралға – 82,0 мың (6,3%) және Сырдарияға – 40,0 мың (3,1%) адамнан келеді.

Осының, сондай-ақ келімсек халықтың жоғары табиғи өсімінің нәтижесінде орыстар саны 1897 жылғы 451,2 мыңнан 1917 жылы 1091,9 мыңға дейін, яғни 2,4 есе өсті, ал олардың үлес салмағы 11,4% орнына 18,4%-ға жетті. Осы уақыттың ішінде украиндар саны 79,3 мың адамнан 653,3 мың адамға, яғни 8,3 есе, ал олардың үлесі 2,0%-дан 11,0%-ға дейін көбейді.

Сонымен қоса алғанда орыстар мен украиндар 1917 жылы Қазақстанда 1745 мың адамнан асты және өлкенің бүкіл халқының үштен бірінен сөл кем – 29,4%-ы болды. Орыстар мен украиндар үлес салмағы санының бұл тез өсу сарыны XX ғасырдың одан кейінгі жылдарында одан да жоғары қарқынмен дамуын жалғастырды.

Көші-қон өсімінің негізгі бағыттарына сәйкес орыстар мен украиндардың аумақтарда орналасуы да біркелкі болмауымен ерекшеленді. Олардың үштен бірінен астамы – 33,6%-ы Қазақстанның солтүстігінде, Ақмола облысына шоғырланды: 1917 жылы 344,5 мың украин және 241,8 мың орыс болды. Олар тиісінше облыстағы бүкіл халықтың 29,6%-ы және 20,8%-ы, қосып алғанда жартысынан астамы – 50,4%-ы болды. Орыстар мен украиндар ең көп қоныстанған жер Қазақстанның батысы болды, олар 1917 жылы тиісінше 495,8 мың және 210,2 мың адам, ал қосып алғанда – 706 мың адам, яғни осы аймак тұрғындарының 41,0%-ынан астамы болды. Оның үстіне Орал облысында орыстар – 359,2 мың, ал украиндар – 25,8 мың болып, олар бүкіл облыс халқының тиісінше 41,4%-ы және 3,0%-ы, ал қосып алғанда – 44,4%-ы болды. Торғай облысында орыстар – 136,5 мың, ал украиндар – 184,6 мың адам еді, олардың үлес салмағы тиісінше 16,0%-ға және 21,6%-ға, ал қосып алғанда облыс халқының 37,6%-ына жетті. Орталық және Шығыс аймақтарда (яғни, Семей облысында) орыстар мен украиндар саны едәуір көбейді: 68,3 мыңнан 196,5 мың адамға дейін, яғни 2,9 есе көбейіп, олар бүкіл облыс халқының бестен бірінен астамын құрады: қосып алғанда олардың үлес салмағы 1897 жылғы 10% орнына 1917 жылы 21,1%-ға жетті.

Шығыс аймақта қоныстанушы халық негізінен Жетісу казактары және шаруалардың болмашы саны есебінен 92,8 мыңнан 256,4 мың адамға, яғни 2,7 есе өсті. Ал олардың үлес салмағы небәрі 12,1% болды, бұл негізінен Жетісу облысының орыстары мен украиндары есебінен: 191 мың адам және облыс халқының 20,8%-ы еді. Қоныс аударушылар ең аз қоныстанған облыс болып Сырдария облысы қала берді, онда 1917 жылы 75,4 мың орыстар мен украиндар болып, олар облыс халқының небәрі 5,9%-ын құрады. Қоныстанушылар арасында орыстар екі есе дерлік басым тұсті, бұған Ақмола және Торғай облыстары қосылмайды, оларда 1917 жылы тиісінше украиндар 344,5 мың және 184,6 мың адам болды, ал осы облыстар халқының құрамындағы олардың үлес салмағы тиісінше 29,6 және 21,6%-ға жетті.

Сонымен, XX ғасырдың басында қазактар, орыстар мен украиндар бүкіл өлкे халқының 87%-ынан 95%-ына дейін құрады, онда бұлардан басқа татарлар, өзбектер, дүнгендер, мордвалар және басқалар да тұрды. 1897 жылғы халық санағы бойынша Қазақстанда шамамен 55 мың татар, 55 мың үйғыр, 30 мың өзбек, 15 мың дүнген, 10,5 мың мордва және т.б. тұрған. XX ғасырдың басында олардың саны біршама көбейді, мысалы, 1917 жылы өлкеде енді 93 мыңға жуық татар, 25 мың мордва және т.б. болған. Татарлардың едәуір көпшілігі Ақмола (20 мың), Семей (38,3 мың), Орал (14,5 мың) және Жетісу

(13,0 мың) облыстарында тұрды, өзбектер негізінен оңтүстікте, ал үйғырлар мен дүнгендер Жетісу облысында мекендеді. Мордвалардың негізгі бөлігі Ақмола облысында (22,2 мың), өсіреле оның Көкшетау (18,3 мың) және Петропавл (3,9 мың) уездерінде тұрды.

Қазақстан тұрғындарының 90%-ынан астамы ауылдық жерлерде қоныстанды. Олардың басты көсібі ежелден көшпелі мал шаруашылығы болатын. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында егіншілік халықтың көп бөлігінің негізгі көсібіне айналады. Онымен қоныс аударушы шаруалардан басқа қазақтар да айналысты, олар 1897 жылғы санақ бойынша өлкедегі бүкіл егінші халықтың 55,4%-ы болды.<sup>1</sup> Село тұрғындарының басым көпшілігі – 2/3 бөлігіне жуығы қазақ шаруалары және қоныс аударушы шаруалар кедейлер мен батырактар еді.<sup>2</sup> Таптық жіктеліс қоныс аударушылар деревнясында ғана емес, сонымен қатар қазақ ауылында да күшейді: жер мен мал ірі феодалдардың, байлар мен кулактардың қолына шоғырланды. XX ғасырдың басында өлкедегі төрт далалық облыстың 10 уезінде жылқының 88%-ынан 91%-ына жуығы аукатты шаруалар мен байлардың иелігінде болды.<sup>3</sup> Ішкі ордадағы бір ірі феодал 700 десятина жерге егін салып, сату үшін мал өсірген, 20–30 тұракты және 300–400 маусымдық жұмысшы жалдаған.<sup>4</sup>

Ірі байлар ағайынды Баймұхамедовтердің 3,5 мың десятина жері, ал Дербісалы Беркімбаевтың 20 мың десятина жері болған және т.б.<sup>5</sup> Құйзелген шаруалар ауыл шаруашылық батырактарының қатарын толықтырып, табыс іздең шетке кетті.

Өлкеде село тұрғындары мұлдем басым болған жағдайда дегенмен де қала халқының өсуге бейімділігі байкалды. 1870–1897 жылдар ішінде барлық қалаларда қала халқы үш есе дерлік, 1897 – 1914 жылдарда бір жарым еседен астам көбейді. Қазанға дейінгі кезеңде мұнда 28 қала, оның ішінде бесеуі ғана: Шымкент, Әулиеата (Тараз), Түркістан, Перовск (Ақмешіт) және Жаркент ежелгі қалалар болды, қалған 23 қала өлкенің Ресейге қосылуы барысында немесе одан кейін пайда болған. Дегенмен де Қазан революциясына дейін мұнда халық саны 50 мың адамнан асатын бірден-бір ірі қала болған жоқ. Тек төрт қала ғана бұл цифрға жақындағы: 1915 жылды Оралда – 47,5 мың, 1911 жылды Петропавлда – 43,2 мың, 1913 жылды Верныйда – 43,2 мың және 1911 жылды Семейде – 34,4 мың адам тұрды.<sup>6</sup> 1914 жылды өлкенің қалған 19 қаласының әркайсысында халық саны 10 мың адамға да жетпеді.

Қалалардың көпшілігі өкімшілік орталықтар ретінде пайда болды. Біртебірте, өсіреле XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында біршама ірі қалаларда – сауда және мал шаруашылығы мен егіншілік өнімдерін ұксату орталықтарына айналған Оралда, Петропавлда, Верныйда, Семейде, Қостанайда, Шымкентте, Әулиеатада және басқаларында өнеркәсіптік даму үрдісі басталды.

Қалалардың халқы негізінен көші-қон үрдісі есебінен өсті. Қазақстан қалаларында көбінесе орыстар, қазақтар мен татарлар тұрды. 1897 жылды қала тұрғындары арасындағы орыстардың үлес салмағы Орал облысында – 82,8%, Торғай облысында – 76,2%, Ақмола облысында – 56,4%, Семей облысында 54%, осы төрт облыс бойынша барлығы 66,7% болды. Осы облыстардағы қала тұрғындарының арасында қазақтар – 16%, татарлар – 14,3%, басқалары 3%-ын құрады.

Қала халқының әлеуметтік құрамы да әр түрлі еді. Зерттеушілердің есептесу бойынша, Орта Азия мен Қазақстанның тоғыз облысындағы қала тұрғын-

дарының 20%-ына жуығы ауыл шаруашылығымен және ауыл шаруашылық көсіпшілігімен айналысадан (шаруалар, батырактар және басқалар). Әкімшілік, сот және полиция өскери шенділерінің үлес салмағы 7,1%-ға, дін қызметшілері – 1,7%-ға жетті. Ең ірі әлеуметтік топ сауда буржуазиясы болды – 20,3%, бірақ бұған саудада жұмыс істейтіндердің бәрі, соның ішінде жалдама жұмысшылар да енген. Рантьенің үлесі 2,1% болды. Негізінен өнім өндірмейтін еңбекпен айналысадан бұл әлеуметтік топтар 31%-ды құрады.

Орта Азия мен Қазақстанның қала халқының қалған бөлігі (48,8%) көсібінің тегіне қарай былайша бөлінді: тау-кен, кен өндіру және тамақ өнеркәсібінде – 33,1% (негізінен жұмысшылар мен қызметшілер), малайлар, құндіктер – 9,6%, басқалар – 6,1%.<sup>7</sup>

Дегенмен, революцияға дейінгі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық бейнесін оның орасан кең аумағында бытырап жатқан осы азын-аулак қалалар анықтаған жоқ. Шынына келгенде, Қазақстанды Ресейдің капиталистік даму жолынан өтіп үлгірмеген, өзінің өнеркәсіп пролетариаты болмаған немесе жоқ деуге болатын, басым тұрғыда мал шаруашылығын және патриархаттық-рулық тұрмысты сақтап қалған үлттық шет аймактары қатарына жатқызған РКП(б) X съезінің анықтамасымен келісуге болады.<sup>8</sup> Дегенмен де, Қазақстанда капиталистік өндіріс өдісінің элементтері өлсіз болса да дамыды. Бұл оның неғұрлым алдыңғы қатарлы Ресейге қосылуының ең басты әлеуметтік-экономикалық салдарының бірі болды.

Ғасырдың басындағы Қазақстандағы әлеуметтік-демократиялық жағдайға қысқаша талдау жасаудан оның өлкедегі отаршылдық жағдайды бейнелегені көрінеді: халықтың көп үлтты құрамының қалыптасу үрдісі күшейді, байырғы халықтың үлес салмағы кеміді және сонымен бірге келімсек халықтың, негізінен алғанда орыстар мен украиндардың үлесі үлғайды; қалалар мен олардағы халықтың бірсыныра өсуі байқалып, оның құрамында метрополияның басқа аймактарынан келген қоныс аударушылар және отаршылдық әкімшілік пен көсіпкерлікке байланысты әлеуметтік жіктер мен топтар басым болды.<sup>9</sup>

## 2. ӨНЕРКӘСПТІҢ ДАМУЫ

XVIII ғасырдың 30-жылдарының басында басталған Қазақстанды Ресейге қосудың аяқталуы 1861 жылғы крепостниктік құқық жойылғаннан кейінгі Ресейде капитализмің қаулаپ өсуімен тұстас келді. Ресейдегі капитализм тарихының танымал білгірі В.И.Ленин былай деп атап өтті: «Ресейде капитализмің басқа аумактарға кенеюге ұмтылысы біздің шет аймактарға ерекше айқын әсер етті және өлі де әсер етіп келеді, ол аймактарды отарлау орыс тарихының реформаға дейінгі, капиталистік кезеңінде кеңінен жүргізіле басталды. Еуропалық Ресейдің онтүстігі және онтүстік шығысы, Кавказ, Орта Азия, Сібір орыс капитализмінің отарлары ретінде қызмет етіп, капитализмің терен және кеңінен дамуын қамтамасыз етуде».<sup>10</sup>

Ресей капитализмінің отары ретіндегі революцияға дейінгі Қазақстанда негізінен өнеркәсптің екі саласы, жергілікті жерде шикізаттар саласы дамыды. Бұлар тау-кен өндіруші және кен-зауыт өнеркәсібі, сондай-ақ ауыл шаруашылық, көбінесе мал өнімдерін ұқсату жөніндегі өнеркәсіп. Тау-кен өнеркәсібі кенді Алтайда және Орталық Қазақстанда дамыды. Онда түсті металдар мен көмір кен орындары игеріле бастады. Әрине бұл өнеркәсптің жос-




Қоңырат. 1915 жыл.

парлы дамуы болған жоқ. Кен орындары жеке кәсіпкерлерге сатылды, олар 20 жылдай пайдаланып, кен коры азайысымен, ол кен орындарын тастанап кетті. 30-жылдарда Алтайда А.Демидовтың зауыттары мен кеніштері пайда болды, ол қайтыс болғаннан кейін олар кен құрамынан күмістің табылуы себепті «Кабинеттің» (патша өuletінің) меншігіне көшті. Бұл кәсіпорындарда басыбайлы шаруалардың еңбегі пайдаланылды, артта қалған техника, міндettі күшкөлік міндектерлігі қолданылды, сондықтан да олар реформадан кейінгі кезенде құлдырауға ұшырады, ал XIX ғасырдың аяғына қарай жекелеген өрекеттерге (1887 жылы Зырянда байыту фабрикасын салу, неғұрлым жетілген өндіріс техникасы мен технологиясын қолдану және т.б.) қарамастан жұмысын мұлде тоқтатты.<sup>11</sup>

Орталық Қазақстанда көмір және түсті металдар кен орындарын пайдалану неғұрлым табысты болды, оларға XIX ғасырдың 30-жылдардың басынан орыс көпестік капиталы назар аударған болатын, бұған мұнда патша өuletі монополиясының болуы да ықпал етті.

1834 жылы көпес С.И.Попов Қарқаралы уезінде Богословск күміс-корғасын және басқа да бай кен орындарын игере бастады. 1839 жылы ол қорғасын мен күміс балқытуға арналған Благодатно-Степановский (Куфский) зауытын, ал 1849 жылы Александровск (Баянауыл) зауытын салды. Жиырма жылдан сөл астам уақыт пайдаланғаннан кейін екі зауыт та өз жұмысын тоқтатты. С.И.Поповтың мұрагерлері 1858—1859 жылдары Новониколаевск күміс-корғасын зауытын (Богословск кен орыны негізінде) салды, ол 1877 жылға дейін жұмыс істеді.

XIX ғасырдың 40-жылдарында көпестер Н.Ушаков, А.Рязанов, Зотов жергілікті байлардан Қарағанды көмір кенішін, Успенск мыс кеніші бар Нілді алқабын, Жезқазған және Спасск-Воскресенск кенді аудандарын арзанға сатып алып, мыс өндірумен айналысты. Н.Ушаков 1857 жылы Спасск мыс зауытының негізін қалады. С.А.Попов (С.И.Поповтың немересі) 1887—88



Шымқұлақ кеніндегі руданы жоғары шығаратын қол шығыры (1891).

жылдары Қарқаралыға жақын жерде Косьмо-Демьяновск, Балқаш көлінің жағалауына жақын жерде Степановск зауыттарының негізін қалады, олар араға үзіліс салып, біріншісі 1913 жылға дейін, екіншісі 1907 жылға дейін жұмыс істеді.<sup>12</sup>

Бұл кәсіпорындардың бәрін кәсіпкерлер жеткілікті қаражаттары мен тәжірибесі болмай, өндіріс техникасы тәмен және білікті жұмысшылары жок жағдайда салып, пайдаланды. Олардың иелерінің көпшілігі онай пайданы қуып кетті де, ақыр аяғында күйзеліске ұшырады.

XX ғасырдың басында жалпы кен өнеркәсібінің кәсіпорындары, алғашқы кезекте мыс өндіретін кәсіпорындар шетелдік кәсіпкерлердің акционерлік қоғамдарының колына көшті. Олардың арасындағы тұнғыш кәсіпорындардың бірі – 1904 жылы Лондонда бұрын Рязанов пен Козицинаға тиесілі болып келген, XIX ғасырдың екінші жартысында өлкедегі мыс балқыту өнеркәсібінің ошағы болған кәсіпорындарды, рудниктер мен кен орындарын пайдалану максатымен құрылған «Спасск кен рудаларының акционерлік қоғамы». Қоғам орыс кәсіпкерлерінен Спасск мыс балқыту зауытымен қоса Спасск-Воскресенск мыс кенішін және Успенск мыс кенішін, Саран және Қарағанды тас көмір кен орындарын, екі темір кенішін сатып алды. Қоғам аралас құрамды – ағылшын-француз қоғамы болды және франция президенті М.Ф.Карноның ұлы, француз капиталисі Клод Эрнест Жан Карноның байланыстары мен ықпалы аркасында құрылған еді. Ол патша шенеуніктерін сатып алу жолымен тиімді мәміле жасасуға қол жеткізді. Қоғамның басқармасына төрт ағылшын және төрт француз кірді. Оның төрағасы – ағылшынның ірі капиталисі, Парламент мүшесі Артур Фель, ал вице-президенті Э.Карно болды. Қоғамның акцияларын ұстаушылар Американың, Германияның, Щвецияның, Испанияның және басқа капиталистік елдердің қаржылық іскерлері болды. Спасск қоғамында шетелдік (Лондон-Ливерпуль коммерциялық, Дрезден, Неміс) және орыс (Біріккен Орыс-Азия, Сібір, Мәскеу, Орыс сауда өнеркәсіптік, Петер-

бург жеке коммерциялық және басқалар) банкілерінің өз мұдделері болды, бірақ соңғыларының қызметіне шетел, өсіреле француз, ағылшын және Герман капиталы зор ықпал жасады.<sup>13</sup>

1906 жылы кәсіпкер Рязановтың мұрагерлерінен сатып алынған Жезқазған мыс рудалары кеніштерін пайдалану үшін Лондонда тағы да «Атбасар мыс кен орындарының акционерлік қоғамы» құрылды. Қоғам Жезқазғанға Ескөл алқабындағы темір кенішін, 18 өк шығаратын карьерді және Байқоңыр алқабындағы 4 тасқомір кенішін пайдалану құқығын сатып алды. Қоғам 1913 жылы Қарсақбай алқабында мыс балқыту зауытын сала бастады, ол Қазан революциясына дейін салынып бітпеген күйінде қалды. 1911 жылға қарай бұл қоғам акцияларының 40%-ы «Спасск мыс рудалары акционерлік қоғамының» қолына тұсті. Ол 1913 жылы оны толық сініріп алып, кәсіпорындарымен қоса Жезқазған кеніші Спасск компаниясының меншігіне көшті.<sup>14</sup>

1914 жылы Риддер мен Екібастұз Ресейдің кеніштері мен зауыттарын қоластына қаратқан «Орыс-азия корпорациясының» концессиясына көшті. Шын мәнінде, бұл ағылшын компаниясы болатын, онда мысалы, Лесли Уркарт сијакты ірі қаржы іскерлері үстемдік етті және 1914 жылы ол өзінің «Ертіс корпорациясы» атты еншілес қоғамы арқылы Қазақстанда Кенді Алтай мен Екібастұз кеніштерін пайдалану мақсатымен Риддер және Қырғыз (қазак) кенәнеркесіп акционерлік қоғамдарын құрды.<sup>15</sup>

1914 жылы Риддер және басқа кеніштердің, Екібастұз ауданында мырыш зауытының құрылышы басталып, 1916 жылы Екібастұз көмір және Риддер концентраттары базасында қорғасын зауыты салына бастады. 1915–16 жылдарда Риддерден Өскеменге қорғасын-мырыш концентраттарын тасуға арналған Риддер темір жолы салынды. Бұдан өрі ол концентраттар Ертіс бойымен Ермак айлағына дейін жөнелтілді. Одан Воскресенск (Екібастұз) темір жолымен Екібастұз зауыттарына жеткізілді. Темір жол желісі 1916 жылдың аяғына қарай аяқталды және тұра 1917 жылға дейін қорғасын-мырыш концентраттары Риддерден Екібастұзға дейін (шамамен 700 шақырымға жуық қашықтыққа) негізінен күш-көлігімен тасылды.<sup>16</sup> Риддерде шағын байыту фабрикасы мен Быструха электр станциясы салынды. Соңғысын Риддер кеніштерімен бірге 1916 жылы Быструха өзенінің тасыған сұы басып кетті.<sup>17</sup>

1880–90-жылдарда өлкениң кен өнеркесібінің басты салаларының бірі алтын өндіру болатын. Өскемен уезінде ғана 125-тен астам кеніш жұмыс істеді. Бірақ XX ғасырдың басында бірқатар себептерге байланысты (салықтың көп мөлшерде салынуы, катынас жолдарының қашықтығы, каражаттың, құрылыш материалдарының жеткіліксіздігі және т.б.) Өскемен уезінің алтын кеніштері 50-ге дейін қысқарды. Бұл алтын өнеркесіпшілерін капиталды орталықтандыруды қүшетуге, өз серіктестіктеріне инженерлер тартуға, өндірістік-техникалық ынтымақтастықты дамытуға, өндіріс технологиясын жақсартуға және т.б. мәжбүр етті. Алтын өндіруші салаға орталық Ресейдің Сібір мен Алтайдың ірі өнеркесіпшілері де өз капиталдарын салды. Алтын өнеркесіпшілері арасында орыс және татар кәсіпкерлері басым болды. 1904 жылы Өскемен уезінің 8 кеніш базасында – «Алтай алтын өнеркесіп компаниясы», 1906 жылы Зайсан уезінің бес кеніші мен рудниктері базасында – «Марқакөл алтын өнеркесіп серіктестігі», 1912 жылы Өскемен уезіндегі алтын айырып алу фабрикасы бар 9 кеніштер мен рудниктер базасында – «Оңтүстік-Сібір алтын өнеркесіп серіктестігі» құрылды. Соғыс жылдарында да өндірісті жалғастырған «Ресей алтын өнеркесіп акционерлік қоғамының»

құрамына Марийск, Василевск, Холмистовск және Ақжал кеніштері кірді. Ең ірі Ақжал кеніші болатын. Зерттеушілердің деректеріне қарағанда, Алтайда өндірілген алтынның көлемі жалпы Ресейдегінің 15%-ына жуық болған.

1893 жылы ашылған Екібастұз көмір кенішін 1899 жылдан 1903 жылға дейін «Воскресенск кен-өнеркәсіп қоғамы» пайдаланып келді. Көмірді негізгі тұтынушылар Сібір темір жолы, Батыс Сібір пароходствосы, Пермь губерниясының Кыштым және Надеждинск зауыттары, Омбы, Семей, Риддер, Барнаул, Павлодар, Петропавл қалалары мен өлкенің басқа да қалалары болатын. Көмір тасу үшін Екібастұздан Ертістегі Ермак айлағына дейін 110 шақырымдық кең табанды темір жол салынды, одан көмір Ертіс бойымен баржаға тиеліп, Сібір темір жолына және одан өрі өткізілетін орнына жеткізілді. 1903 жылы Воскресенск қоғамы күйзеліске ұшырады, сөйтіп Екібастұз кенішін пайдалану 1914 жылы ғана қайта басталды, бұл жолы оны «Қырғыз (казак) кен-өнеркәсіп қоғамы» игерді, ол темір жолды да қалпына келтіріп, оны көмірді Ертіске дейін тасу үшін де, Риддер руда концентраттарын Екібастұздағы жаңадан салынған мырыш және қорғасын зауыттарына жеткізу үшін де пайдалана бастады.<sup>19</sup>

Қарағанды және Саран көмір кен орындары Спасск мыс балқыту зауытының отын базасы болды. Қарағанды көмірін Спасск зауытына дейін тасымалдау үшін 1906–1907 жылдарда тар табанды темір жол салынды. Бұл көмір өндіру мен тасуды көбейтуге едәуір ықпал жасады, көмір өндіру төрт еседен астам есті.<sup>20</sup>

Коңыр көмір кен орындары да игерілді. 1913 жылы Жезқазған мыс кеніштерінен 120 шақырым жерде Байкоңыр кен орны барланды, ол салына бастаған Қарсақбай мыс балқыту зауытын отынмен қамтамасыз ете алатын еді. 1915 жылдан бастап Ташкент темір жолының Бершігүр станциясына жақын жерде осы жолды отынмен қамтамасыз ету үшін Ленгір кен орнынан қаралайым өдіспен кен өндіріле бастады. Нақ осы кен орнының көмірімен Шымкент пен Ташкенттің кәсіпорындары да жабдықталды.<sup>21</sup>

Қазақстанда мыс өндіру негізінен Спасск зауытында жүзеге асырылды, ол Нілді алқабындағы Успенск кенішінің базасында жұмыс істеді. 1904 жылдан 1917 жылға дейін бұл кеніштің бай кені түгелдей дерлік қазып алынды. Дүниежүзілік соғыс басталған соң Спасск зауыты мыс балқытуды қысқартты, ал 1916 жылы өз жұмысын тоқтатты.<sup>22</sup>

Тұз өндіру дамыды. Тұз жергілікті кажеті үшін де, өлке шегінен тыс алыс жерлерге сату үшін де өндірілген Батыс Қазақстандағы Басқұншақ, Елтон, Елек тұз көсіпшіліктері, өлкенің солтүстік-батысындағы Коряков, Поволжье, Карабаш тұз көсіпшіліктері жұмысшылар саны көп, өрі ірі капиталистік кәсіпорындарға айналды. Ең ірілері Ішкі Ордадағы (Бөкей хандығы) Басқұншақ және Семей облысының Павлодар уезіндегі Коряков көсіпшіліктері болды. Тұз көсіпшіліктері артельдерге, кәсіпорындарға немесе олардың қоғамдағына жалға берілді. Коряков көсіпшіліктері 1908 жылы Павлодар көпесі Осипов басқарған тұз өнеркәсіп серіктестігіне 25 жыл мерзімге жалға берілді.<sup>23</sup> 1909 жылы Коряков көсіпшіліктерінде 3979 мың пүт тұз өндірілді, ал оларда 10092 жұмысшы істеді. Бұл жерден тұз Ертіс арқылы Павлодарға, одан өрі Батыс және Шығыс Сібірге және Обь өзенінің бойындағы балық көсіпшіліктеріне тасылды. 1909 жылы Басқұншақ көсіпшіліктері 20 миллион пүттан астам тұз берді. Олар негізінен Астраханның балық көсіпшіліктеріне, Саратовқа, Самараға, Сызраньға, Нижний Новгородқа және басқа қалаларға апарылды.<sup>24</sup>

Орал-Жем мұнай ауданы да ағылшын капиталының қолында болып шықты. Ол мұнда өздерінің дербес акционерлік қоғамдарын құру жолымен де, үлес қосып қатысып, орыс компаниялары арқылы да енген болатын. 1911 жылғы 2 сәуірде Доссор көсіпшілігінде қуатты мұнай бүрқағы атқылады, мұнай өзі Жемде ірі көлемде мұнай өндіруді бастап берді.<sup>25</sup> Батыс Қазақстанның мұнай кен орындарын пайдалану үшін мынадай ағылшын қоғамдары: Батыс-Орал мұнай қоғамы (1912), Орал-Жем қоғамы (1912), Орталық Орал-Каспий қоғамы (1912), Солтүстік Каспий мұнай компаниясы (1914) және басқалары құрылады.<sup>26</sup> Мұнай кен орындарын өндегуге 94 фирма мен жеке адам куәлік алғанымен, Орал-Жем ауданында 8 акционерлік қоғам жұмыс жүргізді. Олардың негізгі капиталы 36 миллион сомға жетті.<sup>27</sup>

Патша үкіметінің бірқатар акциздік жenілдіктер беруі, арзан жұмыс күші, күшті бөсекелестердің болмауы арқасында мұнай өндіру шетел компаниялары үшін өте тиімді болды, олар қанаудың жыртқыштық әдістері жағдайында зор пайда келтірді.

Сонымен Қазақстанның кен өнеркәсібі жергілікті капитал негізінде өсіп шықкан жоқ. Оны сырттан келген орыс және шетел капиталы жасады. Оның өнімі түгелдей дерлік өлкеден тыс жерлерге өкетілді, ал пайда XX ғасырдың басынан бастап шетелге кетіп жатты. Осының бөрі кен өнеркәсібінің Қазақстанның өлеуметтік-экономикалық өсуіне ықпалын құрт кемітті.<sup>28</sup>

Қазақстанның кен-зауыт өнеркәсібінен айырмашылығы, ауыл шаруашылық шикізатын ұқсату жөніндегі өнеркәсіп жергілікті қажеттермен тығыз байланысты болды және өлкенің өлеуметтік-экономикалық өміріне белгілі бір ықпал жасады. Өндеуші өнеркәсіптің көсіпорындарын мынадай екі топқа бөлуге болады: 1) Ресейдің еуропалық бөлігіне және шет елге шығару үшін мал шаруашылығы шикізатын алғашқы өндеу жөніндегі көсіпорындар: бұған жұн жуатын, мал майын қорытатын, ішек-қарын тазартатын және басқа көсіпорындар жатты; 2) ауыл шаруашылық өнімін оны жергілікті жерде тұтыну үшін ұқсату жөніндегі көсіпорындар: бұлар былғары, май шайқайтын, спирт-арақ зауыттары, темекі фабрикалары және т.б.<sup>29</sup>

Жетісу, Ақмола және Семей облыстарында пайда болған біршама ірі жұн жуу орындары Тамбов, Симбирск, Самара, Қазан губерниялары мен басқа да губерниялардың мәуіті фабрикалары иелерінің қолында болды. Шикізат та соларға тасылды. Мәскеудің «Стукен және K<sup>0</sup> сауда үйі» Семей облысының жұнрыногында шексіз монополияны иеленді. Жұн негізінен өскери ведомство үшін дайындалды және оған сұраным бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында едәуір артты. Ал Қазақстанда Верныйға жақын жерде Қарғалы кентін-



30–40 метрлік бүрғылау қондырғысы.  
1900–1910 жылдар.

де бір ғана шұға фабрикасы салынды (1910). Фабрика «Шахворостовтың сауда үйі» серіктігінің иелігінде болды және қой мен түйе жұнінен солдаттарға арналған сұрғылт шинель шұғасын өндірді.<sup>30</sup>

Ет өнеркәсібінің кәсіпорындары мұздатқыш қоймалардың болмауы және тоңызытқышты көліктің жеткіліксіздігі себепті негізінен күзде және жазда жұмыс істеп, көбінесе Ақмола және Орал облыстарында дамыды. Саланың ең ірі кәсіпорындары Көкшетау уезінің Қотыркөл станицасындағы ет-консерві зауыты (1904 жылы негізі салынған), Петропавлдағы консерві зауыты (1915) және Оралдағы ет тоңазытқыш (1915) зауыты болды.<sup>31</sup> Саланың осы және басқа кәсіпорындарына өскери ведомство ерекше мүдделілік танытты, сондықтан бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында олар өз өндірісін едәуір кеңейтті.

Былғары өндірісі өлкенің далалық облыстарында дамыды. Семей облысында 1900 жылы 22 былғары зауыты болды. Алғаш өнделген тері өскери ведомствоның зауыттарына және шетелге: Америкаға, Германия мен Францияға шығарылды. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында теріге сұранымның өсуіне байланысты былғары зауыттарының саны көбейді. Бұл салада «П.Плещеев және К<sup>0</sup> серіктестігі» және «Ағайынды Трапезниковтар серіктестігі» зауыттары тек қана өскери тапсырыстарды орындағы.<sup>32</sup> Қазақстанның онтүстігінде сыртқа шығару үшін шикізат өндеу жөніндегі ұсақ кәсіпорындармен қоса, макта тазарту өнеркәсібі де дамыды. 1912 жылы Келес, ал 1914 жылы Велико-Алексеев зауыттары салынды.<sup>33</sup> Құрылыш материалдары өнеркәсібі пайда болды. 1914 жылы бір Оралдың өзінде ғана 12 кірпіш зауыты жұмыс істеді, ал 1916 жылы Шымкент уезінің Георгиевка селосында цемент зауыты және т.б. жұмыс істей бастады.<sup>34</sup>

Әлбетте, «фабрика» немесе «зауыт» атауларын тым шартты түрде қолдануға болатын ұсақ мекемелер басым болған жағдайда революцияға дейінгі Қазақстанның ірі кәсіпорындарының бірі Шымкенттегі шипалы жусаннан сантонин өндіру жөніндегі химия зауыты болды. Бұл зауыт ірі қөпес Н.И.Ивановтың иелігінде болатын. Ол 1885 жылдан жұмыс істей бастады және сол кезде дүние жүзінде бағалы дәрі-дәрмек өндірген бірден-бір кәсіпорын осы болды.<sup>35</sup>

Өлкеде тамак, дәм-татымдық өнімдер өнеркәсібі бірсыныра дамыды, оның кәсіпорындары арасында Жетісу, Ақмола және Семей облыстарындағы ірі диірмендер, бірқатар май шайқайтын, шарап және сыра-ашытатын зауыттар ерекше болды. Семейде XIX ғасырдың аяғында ірі диірмендер пайда болды. 1911 жылы олардың саны 22-ге жетті. 1908 жылы мұнда «Семей ұн тартатын бу диірмендерінің акционерлік қоғамы» құрылды. Ол облыстағы ұн тарту ісін толық монополиялап алды. Ұн мен майдың негізгі бөлігі жергілікті жерде тұтынушылар тапты, қалған бөлігі Ресейдің ішкі аудандарына ғана емес, сонымен қатар шетелге де жіберіліп отырды.<sup>36</sup>

Жайықта, Сырдарияда, Ертісте, Бұқтырмада, Іле мен Шуда, Балқаш және Зайсан көлдерінде, Арал теңізінде, Каспий жағалауында балық аулау өнеркәсібі дамыды. 1913 жылы Қазақстан бойынша ауланған балық 34,5 мың пүтқа жетті. Мұның өзі Ресейде ауланған бүкіл балықтың 11%-ына жуық болатын.<sup>37</sup>

Революцияға дейінгі Қазақстан өнеркәсібі негізгі түрлерінің қысқаша тізбесі өлкенің Ресей империализмінің және Батыс Еуропаның капиталистік елдерінің шикізаттық шылауы ретінде дамығанын дәлелдейді. Қазақстанның

негізгі өнеркесібінің бүкіл жалпы өнімі 1913 жылы небәрі 67 миллион сомды құрады (1926-29 жылдардағы бағамен). Бұл сомадан өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру үлесіне 27,1% тиді, ал бүкіл тұтыну заттарын өндірудің үлес салмағы 72,9%-ға жетті. Бұл орайда жалпы өнеркесіп өндірісіндегі тамак өнеркесібінің жалпы өнімі 41,9 миллион сом, яғни 62,6%, соның ішінде ұнжарма өнеркесібі – 24,0, спирт-арақ – 17,5, балық – 14,6% болды. Бұдан өлкенің жалпы артта қалғандығы жағдайында онда тұтыну бұйымдарын өндіретін өнеркесіптің басым болғаны көрінеді. Тау-кен зауыты мен кен өндіруші, сондай-ақ өндеуші өнеркесіп орындары өнімінің негізгі бөлігі Орталық Ресейдің өнеркесібі дамыған аудандарына тасып өketілді.

### 3. ӨЛКЕДЕГІ ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ МЕН САУДАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Қазақстанның метрополия орталық аудандарының капиталистік өнеркесібінің шикізат көзіне, сондай-ақ өнім өткізу рыногына айналуында темір жолдар маңызды рөл атқарды, олар бір мезгілде Ресейдің артта қалған отар аудандарына, ең алдымен Орта Азия мен Сібірге Ресей капитализмінің ену құралы және нәтижесі де болды. Шын мәнінде, Орта Азия мен Қазақстанды Ресейдің экономикалық игеруі осы аумақтардың терең түкпіріне темір жолдар салудан басталды.

Қазақстанда дамыған қатынас жолдарының болмауы өлкенің өндіргіш күштерін дамытуда үлкен қындықтар туғызды, оның жекелеген аудандары арасында да, Орталық Ресеймен де экономикалық және сауда байланыстарының кеңеюі мен нығаюын тежеді, Қазақстанның орыс капитализмін шикізатпен ұдайы қамтамасыз етіп отыруын және фабрикалық бұйымдарының тұтынушысына айналуын кешіктірді. Темір жолдар салынғанға дейін сауда заттарын тасудың негізгі құралы мейлінше өнімсіз және қымбат тұратын көлік түрі – түйе керуендері болды. Жүк болмашы мөлшерде тасылды және көп уақыт алды. Кейде керуендер Ташкент пен Қазақстанның онтүстік аудандарынан Орынборға немесе Орскіге дейін 90–100 күн жүретін еді.

Темір жолдар салу Қазақстанға (және Сібірге) «кіретін» магистральдардан басталды. 1874–76 жылдарда Торғай облысы мен Орынборды Орталық Ресеймен байланыстырған Орынбор темір жолы (Самара-Орынбор) салынды.<sup>38</sup> Кез келген жол сияқты, ол да Қазақстанның өзіне жақын жатқан аудандарын Ресейдің өнеркесіптік облыстарымен тікелей сауда қатынастарына тартуға, коныс аударушылардың ағылып келуіне себепші болды. 1891–93 жылдарда Рязань-Козлов темір жолының акционерлік қоғамы Покровская Слобода-Орал жолын; 1897 жылы Урбах-Астрахан жолын салды. Бірінші жол тұйық жол болған еді, ал екінші жол Орал облысының батыс жағының біраз жерін ғана кесіп өтті.

Қазақстан аумағында темір жол желілері XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басынан ірі Сібір темір жолының салынуына байланысты тартыла бастайды. Магистральдық бағыттарын талқылау кезінде орыс қоғамының белгілі бір іскерлік топтарының және Орта Азия мен Қазақстандағы өскери ведомствоның мұдделерін сақтауды едәуір жақтаушылар пайда болды. Олар Қазақстан аумағы бойынша салынатын темір жолдардың бір бөлігін Сібір жолымен байланыстырып, болашақтағы Қазақстан және Орта Азия жолдарымен қосу мүмкіндіктерін ескере отырып жүргізуді



Жарыс.

талап етті. Патша өкіметінің жергілікті отаршылдық өкімшілігінің өкілдері (дала генерал-губернаторы Колпаковский, Торғай әскери губернаторы Проценко және басқалар) қолайлы қатынас жолдарының болмауы себепті артық өнімдерін европалық Ресейге өткізу мүмкіндігінен айрылған Семей және Ақмола облыстары үшін осындай темір жолдың қажет екенін атап көрсетті.<sup>39</sup> Сібір магистралы құрылышының бірінші Батыс Сібір участкесі Ақмола облысының Петропавл және Омбы уездерінің жерімен 178 шақырым бойы өтіп, Челябі-Корған бағыты бойынша Петропавл-Омбы арқылы Обь өзеніне дейін жетіп, өрі қарай Шығысқа қарай бағыт алды.<sup>40</sup> Магистралды салу ерекше қын жағдайларда: климат қатаң болып, жергілікті жерде құрылыш материалдары жок жағдайларда жүргізді. Жер қазу жұмыстарын тездету және арзандату үшін АҚШ-тан жер қазатын машиналар жаздырып алынды, бірақ олар жеткіліксіз болды, сондықтан жұмыстың негізгі көпшілігі қолмен атқарылды. Жобада көзделген техникалық шарттар сакталмады. 1902 жылдың қантарына қарай магистралдың 14 мыңнан астам рельсі дереу ауыстыруды керек етті, 1312 ағаш көпірді де ауыстырып, топырак төсемесін биіктету және нығайту, сумен жабдықтау жүйесін және т.б. жақсарту жөнінде көп жұмыс жүргізу қажет болды.<sup>41</sup> Осының бәрі мұнда тамыр жайып алған мемлекет қаржысын талан-таражға салудың салдарынан жүзеге аспады. 1894 жылғы 30 тамыздан бастап Челябіден Омбыға дейін уақытша, ал 1895 жылғы 13 қазанда Батыс Сібір темір жолының бүкіл желісі тұрақты пайдалануға берілді. 1896 жылғы 16 қазанда жол толық салынып бітті.<sup>42</sup>

Революцияға дейінгі Казакстанның негізгі ірі темір жол желісі 1901–1905 жылдары салынған Орынбор-Ташкент жолы болды. Бұл жолды салудың алдында Орта Азия магистралы жүргізді. 1880–1888 жылдардың өзінде-ақ Красноводск фортынан Самарканға дейін Закаспий темір жолы салынған болатын, ол 1899 жылды Ташкентке дейін жеткізілді. 1900 жылдан ол Орта Азия теміржолы деп атала бастады. Бұл жолмен Түркістаннан Ресейге макта, жемістер,

былғары мен тері, қаракөл елтірісі, шарап және басқа да ауыл шаруашылық тауарлары тасып апарылды. Әкелінетін заттар мануфактура бұйымдары, астық, қант, темір, ағаш және т.б. болды.<sup>43</sup>

Бірак Орта Азия темір жолын пайдалануда бірқатар қолайсыздықтар да орын алды. Ең алдымен бұл айналма жол еді: жүктен алынатын көптеген алымдардың салдарынан тауарлардың құны артты. Жүкті тиеу де өте көп уақыт алды. Сонымен бірге қыстыгүні Каспий теңізінің жағалауындағы судың қатып қалуы және Еділ бойымен кеме қатынасының токтатылуы жүктерді Ресейге шығару жолын ұзак уақытқа жауып таstadtы. Осының бәрі Орта Азияны Орталық Ресеймен аса қысқа жолмен тікелей байланыстыратын жаңа темір жол салу қажеттігін туғызды. Орта Азия мен Қазақстанда жаңа темір жол салу туралы мәселе төнірегінде әр түрлі үкіметтік ведомстволардың және орыс капиталистері мен кәсіпкерлері топтарының құресі өріс алды. Онда Мәскеу мануфактурашылары мен Орта Азия кәсіпкерлерінің мұдделері мейлінше айқын білдірілді. Алғашқылары Түркістанды өзінің ең басты шикізаты — макта өндірудің көзіне айналдыруға тырысты, екіншілері Сібір мен Жетісудың арзан астығын Түркістанның Ферғана және басқа да макта өсіретін облыстарына тиімді өткізу үшін жаңа жолды пайдалануды көзdedі.

Мемлекет есебінен Орынбор-Ташкент магистралының құрылышы туралы мәселе 1901 жылғы 21 сәуірде түпкілікті шешілді.

Салынатын жолдың бүкіл желісі өкімшілік жағынан екі бөлікке бөлінді. Жолдың Оңтүстік бөлігі (Ташкент—Көбек) Түркістан өлкесі Сырдария облысының аумағы бойынша, Солтүстік бөлігі (Орынбор—Көбек) Орынбор губерниясы, Торғай облысының және Орал облысы Темір уезінің аумағы бойынша өтетін болып белгіленді.<sup>44</sup> Құрылыш Орынбор жағынан 10 мамырда, ал Ташкент жағынан 1901 жылғы 9 қарашадан басталды. Құрылыш жұмыстары 1902 жылы ғана кеңінен өріс алды.<sup>45</sup>

1904 жылғы 1 қаңтарда бүкіл Орынбор-Ташкент жолы бойынша поездардың уақытша жүрісі ашылды. Солтүстік бөлігі толық аяқталып, 1905 жылғы 25 шілдеде, Оңтүстік бөлігі 1906 жылғы 1 сәуірде пайдалануға берілді.<sup>46</sup>

1905 жылғы 1 қаңтардан бастап Орынбор-Самара-Златоуст жолының участкесі, ал 1906 жылғы 22 шілдеден бастап Орта Азия жолының Ташкент станциясы Орынбор-Ташкент жолына қосылды. Соның нәтижесінде жаңа магистральдың жалпы ұзындығы ұлғайды. Жолдың сегіз шеберханасының алтауы Қазақстан аумағында болды. Бес ірі станция — Ақтөбе, Шалқар, Қазалы, Перовск, Түркістан Қазақстанның Ресеймен және Орта Азиямен байланысының торапты пункттеріне айналды. Жол басқармасының орналасатын жеріне дауласа отырып, Орынбор тандап алынды.

1910 жылдың көктемінде Троицк темір жолы акционерлік қоғамы құрылды. Ол Сібір магистралі Самара-Злотоуст темір жолының Троицк қаласынан Полетаево станциясы арқылы Челябі станциясына дейінгі желісін салумен және пайдаланумен айналысты. Жол қоныс аударушылардың Торғай облысының Қостанай және басқа уездеріне ағылып келуіне және олардан ауыл шаруашылық өнімдері мен мал шаруашылығы шикізатын тасып өкетуге жәрдемдесуге тиіс болды.

Жол салу жөніндегі акционерлік қоғамның құрылтайшылары ірі капиталист А.И.Путилов, инженерлер И.Х.Денисов пен М.А.Соловейчиков болды.<sup>47</sup> Құрылышқа 1910 жылдың аяғында кірісті. 1911 жылғы Қазан айының ортасына қарай жол Троицкіге жетті, оған Полетаево станциясынан алғашқы поезд

18 қазанда келді, ал 3 қарашадан бастап ол участкеде уақытша қатынас ашылды.<sup>48</sup> Қатынас министрлігі жанындағы темір жолдар құрылышы жөніндегі комиссия 1911 жылғы 14 маусымда «өлкені қоныс аудару қозғалысын дамыту жолымен отарлау мүдделері» үшін Троицк темір жолының Қостанай участкесін салу қажет деп таныды.<sup>49</sup> Қоғам қажетті іздестіру жұмыстарын өз қаражатымен жүргізді. 1912 жылғы 23 маусымда үкімет Қостанайға дейін жол салуға рұқсат берді. Құрылышқа басшылық ету үшін жергілікті басқарма құрылды, ол «Троицк темір жолы қоғамының жана жолдар салу жөніндегі Қостанай бөлімшесі» деп аталды.<sup>50</sup> Құрылыш 1913 жылдың көктемінде басталып, жылдың аяғына қарай аяқталды, 1 желтоқсаннан бастап мұнда поездардың жүрісі ашылды.

1911 жылдың басында үкімет жеке акционерлік қоғамдардың қаражатына Алтай және Жетісу темір жолдарын салуға рұқсат берді,<sup>51</sup> 1912 жылғы 28 маусымда Жетісу темір жолы акционерлік қоғамын құру туралы өкім бекітілді, оның құрылтайшылары А.И.Путилов пен инженер А.А.Бунге болды.

Жол салу жұмыстары 1914 жылдың жазында Арыс станциясы жағынан басталды. Келесі жылдың қыркүйегіне қарай рельсті жол Шымкентке жетті, сейтіп Арыс пен Шымкент арасында 10 қазаннан уақытша тауар және жолаушылар тасыла бастады. Құрылыш басталғаннан кейін үш жылдан астам уақыт өткен соң жол тек Бурное станциясына дейін жетті.<sup>52</sup>

Жетісу жолы қоғамымен бір мезгілде Алтай жолы акционерлік қоғамы да құрылды, оның құрылтайшысы Хрулев бастаған көсіпкерлер тобы болды.<sup>53</sup> Ол Барнаул арқылы Новониколаевскіден Бийскіні жалғастыратын тармағы бар Семейге дейін темір жол салу мен пайдалануды қолға алды.

Қазақстан аумағы бойынша жаңа жол: Ауыл станциясынан Белағаш арқылы Семейге дейін жол салынды.<sup>54</sup> Бийск тармағы Алтайдың түйік жолы бойында орналасқан еді.

Жалпы пайдаланылатын жоғарыда айтылған біршама ірі темір жолдардан басқа, өлкеде өндірістік (кен-зауыттық) сипаттағы бірнеше жергілікті Екібастұз, Спасск, Қарағанды, Риддер жолдары және басқалар да салынды.

Қазақстандағы темір жол құрылышы құрылышшы жұмысшылардың сан мындаған армиясын аса қатаң қанауға, алдау мен тонауға негізделді; құрылыштарда озырлық пен зорлық-зомбылық жайлап, қазынаны талан-таражға салу етек алды. Сонымен бірге темір жолдар салу жергілікті еңбекшілерден жерді жаппай тартып алуға әкеп соқты, олар құнарлы және ғасырлар бойы мекендей келген орындарынан қылды. Мұлде толық емес деректер бойынша, Орынбор-Ташкент темір жолының тек бір ғана онтүстік бөлігінің пайдасына 13 мың десятинадай жер,<sup>55</sup> Троицк темір жолының Қостанай участкесіне – 1,1 мың десятина, Алтай темір жолына – 6,7 мың десятина, Жетісу темір жолына 5 мың десятина жер иеліктен алынған. Жобаланып жатқан Онтүстік Сібір магистралі үшін патша жарлығы бойынша 1914 жылы 20 мың десятина жер иеліктен алынды.<sup>56</sup>

Темір жол құрылышының өріс алғанына қарамастан, Қазақстанның зор кеңістігі рельсті жолдармен өте нашар қамтамасыз етілді. Мәселен, 1917 жылды өлкенің мың шаршы километріне темір жолдың бір шақырымдайы ғана келетін. Оның үстіне темір жол желісі Қазақстанның негізгі аудандары бойынша өте әркелкі бөлінді. Жетісу облысына бір шақырым да жол тимеді.

Жолдардың 3/4 бөлігіне жуық желісі Сырдария және Торғай облыстарында болды. Оның үстіне темір жолдар бұл облыстардың ел мейлінше аз қоныс-

танған бөліктерінен өтетін еді. Сырдария облысының халық ең көп қоныстанған Әулиеата, Шымкент уездерінде 1915 жылға дейін жол болмады.

Семей облысында 1915 жылға дейін темір жол болмауының орнын Ертіс бойымен су жолының болуы біршама толтырып отырды. Омбы мен Семей арасында Ертіс бойымен жүкті бірнеше пароход компаниялары: «Батыс Сібір пароходство және сауда серіктестігі», «Орыс-Қытай пароходство және сауда қофамы», «М. Плотников пен балаларының сауда үйі» және басқалар тасыды. 1911 жылы Ертісте 73 пароход және бүмен жүрмейтін 214 кеме мен баржа жүзіп жүрді, олардың негізгі бөлігі Омбы мен Семей арасында жұк тасумен айналысты.<sup>57</sup>

Өлкеде күш-көлігі кең пайдаланылды. Күш-көлігімен жүктер, негізінен алғанда, Петропавл-Көкшетау-Ақмола, Көкшетау-Атбасар, Қарқаралы-Павлодар, Омбы-Семей сауда жолдары бойынша, сондай-ақ Тайынша жолы бойынша (Петропавл-Ақмола, Көкшетауға соклады) және басқа жолдармен тасылды.

Бірақ бұл қатынас жолдары да жыл ішінде алты айдан сәл асатын уақыт жұмыс істеді. Суық түскен соң көктемге дейін өдетте қараша-сөуір аралығында, күш-көлігімен және Ертіс бойымен жұк тасу тоқтатылды.

Көлік жағдайының қын болуы өлкенің экономикалық дамуы үшін зор киындықтар туғызды. Ауыл шаруашылық өнімдері мен малды жөрменケлерге және темір жол станцияларына жеткізу өте қымбатқа түсті және шаруалардың шамасы жетпеді. Шаруалар өз еңбегінің өнімдерін жергілікті жерде мейлінше тәмен бағамен сатуға мәжбүр болды. Біртұтас жалпы қазақрыногының құрылуы тежелді, ал бағаның мұлде әр түрлі болуы алыпсатарлықтың, шаруаларды алдаудың таралуына негіз жасады. Өлкеде салынған темір жол желісі негізінен алғанда оны Ресейдің орталық аудандарының капиталистік өнеркәсібінің шикізаттық шылауына, өнім өткізу рыногына айналдырудың негізгі құралы болды, оны қанауды қүшетуге мүмкіндік берді. Мұны өлкедегі темір жолдардың жұк айналымының цифrlары ерекше айқын сипаттайды, ол 1913 жылы 1 114 мың тонна, олардың әкетілгені – 602 мың, әкелінгені - 512 мың тонна болған.<sup>58</sup> Темір жолдар арқылы Қазақстаннан Ресейдің ішкі аудандарына көп мөлшерде ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізат: Рязань-Орал жолының Покровск-Орал участесі арқылы және Сібір жолының Омбы-Петропавл участесі арқылы – астық, ет, тоң май, тері, жұн, мал; Орынбор-Ташкент жолымен оларға қоса Орта Азия мактасының басым бөлігі, сондай-ақ кептірілген және жас жемістер, т.б. тасып әкетілген. Ресейдің өнеркәсіпті аудандарынан Қазақстанға егіншілік машиналары мен құралдары, ағаш, құрылымдары (цемент, өк, алебастр), темір, болат, шойын, көмір, мұнай, фабрика бүйімдары, шай, қант және басқа тауарлар әкелінді.

Қазақстанда темір жолдардың салынуы оның өлеуметтік-экономикалық өміріндегі елеулі өзгерістерге әкеп сокты. Темір жол желілеріне іргелес жатқан аудандарда дәнді-дақылдар мен макта өсіру, шөп шабу, балық және тұз кесіпшіліктері дамыды. Қазақ ауылына тауар-акша қатынастарының ені және натуралды шаруашылықтың ыдырауы қүшетті. Бір жағынан, шетке кесіп іздел кету, екінші жағынан, жалдама еңбекті колдану дамыды. Жолдардың салынуы шаруалардың қоныстануына жәрдемдесті. Қала халқының саны өсті және ең алдымен темір жол желілерін бойлай орналасқан қалаларда өнеркәсіп дамыды. Бірақ, темір жолдарды салу мен пайдаланудың да, тау-кен, кен қорыту және өндеу өнеркәсіп орындарының пайда болуы мен дамуының да ең

манызды нәтижесі өлкеде жұмысшылардың білікті кадрларының пайда болуна жол ашты. Темір жолдар Ресейдің орталығын бүратана шет аймақпен берік байланыстырып, сол арқылы бүкіл империя бойынша біртұтас экономикалық қеңістік жасады.

#### 4. ЖҰМЫСШЫ КАДРЛАРЫНЫҢ ҚАЛЬПТАСУЫ

Қазақ шаруаларының ыдырауы ауылда жаңадан екі өлеуметтік халық санатының: байлар мен жұмысшылардың пайда болуын туғызды. Қазақ шаруаларының осы санаттарының арасындағы аралық буын орта шаруалар болды, олар көпшілік жағдайда ауыл шаруашылық жұмысшыларының қатарларын толықтырып отырды.

Қазақстанның бірқатар облыстарында ондаған мың қазақ кедей шаруалары табыс табуға шетке кетті. 1880—1890 жылдарда Семей облысында олардың саны 18—25 мың адамға,<sup>59</sup> ал Сырдария облысында 1910 жылы — 39 мың, 1911 жылы — 41 653 адамға жетті.<sup>60</sup> Семей облысынан шетке көсіп ізден кетушілердің көпшілігі кен зауыттары, рудниктер, өндеуші өнеркәсіптің көсіпорындары және өр түрлі көсіпшіліктер шоғырланған Семей және Өскемен уездеріне шығып отырды. Бұл орайда Қазақ ауылдарынан шет көсіпке кетушілер өз уездері мен облысында ғана жалданып жұмыс істеген жок, олардың табыс ізден туған өлкесінің шегінен алысқа да кетулеріне тұра келді.

«1894 жылғы Семей облысының шолуында» былай делінген: «Жұмыс қолының қажеттігі өрқашан аңғарылатын және жұмысшының еңбегіне акы жақсы төленетін Семей қаласының арқасында семей қазактары қазірдің өзінде да-лаға бармай өмір сұруғе дағдыланып алды, Сібір темір жолын салуға жақсы акы төленеді, жұмысшылар қажеттігі туралы бірінші болып біліп, дала тұрғыны немесе диқан өмірін тастап, табыс табу үшін сол жаққа кетті».<sup>61</sup>

Табыс ізден кетушілер Батыс Сібір жолында ғана емес, сонымен қатар Сібір магистралының өздері туған жерлерден неғұрлым қашық басқа участекелерінде де жұмыс істеді. Баспасөзде 1895 жылы Семей облысы Павлодар уезінің 2 мыңдай қазағы жол мердігерлерінің айтуы бойынша магистраль салу үшін Енисейдегі Тайга станциясына кеткені хабарланды. 1895 жылы Ачинскіге жақын Орта Сібір учаскесінің құрылышында Қазақстанның Солтүстік-шығыс аудандарынан барған 2,5 мыңнан астам қазактар жұмыс істеген.<sup>62</sup>

Солтүстік және Орталық Қазақстанда темір жол құрылышында үнемі немесе көбінесе жұмыс істеген қазақ жұмысшыларының жекелеген топтары бірте-бірте қалыптаса бастайды. 1901 жылы «Тургайская газета» мақала жариялады, оның 1893 жылы Воскресенск (Екібастұз) темір жолындағы құрылыш жұмыстарын көзімен көрген авторы «Воскресенск темір жолын салу кезінде қазақ жұмысшылары арасында Батыс Сібір темір жолын салу кезінде де жұмыс істегендер көп болды» деп атап өткен. Автордың айтуынша, «барлық жер жұмыстарын түгелдей дерлік жаяу, сондай-ақ аты бар жұмысшы» қазактар атқарған, олар «күндік және айлық жұмыстар істеген», ал көбінесе «бір текше жерге», яғни кесімді жұмыс істеген, «олардың арасында тәжірибелі және шебер жұмысшылар көп болды, жалпы бұл жұмысты олар онай атқарды және техникалық қадағалаудың барлық талаптарына тез бағдар алып отырды». Автор қазактардың алуан түрлі құрылыш жұмыстарына кең қатысқанын ерекше атап көрсеткен. «Жер жұмыстарынан басқа, — деп жазған ол, — мате-

риалдарды тасу мен жеткізуді тек қана қазақтар жүргізді. Барлық құндік жұмыстар, мысалы, тас қалаушыларға тасты, балташыларға ағашты тазалап беру, ағашты кесу мен аралау, бөренелерді тазарту мен дайындау және басқа да құрылым кезінде өркашан көп болатын қара жұмыстарды, осы жұмыстардың бәрін қазақтар атқарды. Арнаулы шеберліктен басқа қазақ жұмысшысын көруге болмайтын бірде-бір жұмыс жоқ деуге болады. Ол ағаш кесуде де, ол депо жанындағы шеберханада да, ол паровоз кочегары да болып жүреді. Оның басқа да орыс жұмысшыларымен қатар жұмыс істеп, конырқай болып жүргенін барлық жерде көруге болатын еді, қазақтар санымен салыстырғанда орыс жұмысшыларының саны мүлде болмашы, азшылық болды».<sup>63</sup> Орынбор-Ташкент темір жолы құрылышында 1901 жылдың жазы мен күзінде 4 мыңнан астам адам, 1902 жылдың мамыр-маусым айларында – 17 мыңнан астам адам, ал 1902–1904 жылдарда – 39 мыңға жуық адам жұмыс істеді.<sup>64</sup> Газеттер «бұл жұмысшылар бүкіл Ресейден келген деуге болады» деп атап өтті.<sup>65</sup> Мұнда Ресейдің Киев, Самара, Полтава, Херсон, Чернигов және басқа губернияларынан келген көптеген жұмысшылар жұмыс істеді.<sup>66</sup> Бірақ жұмысшылардың басым көпшілігі жергілікті тұрғындар: қазақтар, өзбектер, татарлар және басқа шаруалар, сондай-ақ қоныс аударушы орыс шаруалары болатын. Газеттер былай деп атап өткен: «келген жұмысшылар саны болмашы, ал жолдың кейбір участкерінде, мысалы, Перовск және басқа уездер шегінде құрылым жұмыстары тек қана жергілікті қазақ халқына берілген».<sup>67</sup> Ф.Щербина экспедициясының «Материалдарында» атап өтілгеніндей, 1901 жылы Омбы уезінде «жер жұмыстары бойынша қардан тазалау жұмыстарын атқарып темір жол бойында табыс табатын қазақтар саны едөуір» болған. 1903 жылы Перовск уезінде қазақ халқынан шыққан табыс ізден кетушілер арасында 3033 қара жұмысшы болған, «олардың көпшілігі темір жолда жолды жөндеу және вагондарға жүктіеу» жұмыстарын атқарған, ол жұмыстар «жылдың өр түрлі уақытында және әдетте ұзақ мерзімде» жүргізілетін еді. Соңғысы қазақ шаруаларының өз шаруашылығынан белгілі дәрежеде қол үзетінін дәлелдейді. 1909 жылы Қазалы уезінде 2472 қара жұмысшы қазақ, яғни уезд қазақтарының жалпы санының 16,1%-ы болған. «Материалдарда» атап өтілгеніндей, бұл қара жұмысшылардың едөуір бөлігі «Орынбор-Ташкент темір жолының жол жөндеу жұмыстарына» жалданған.<sup>68</sup>

Жұмысшылар қоныс аударушы шаруалардан шыққан табыс ізден кетушілер есебінен де қалыптасты. Бұлар бірінші кезекте кедей шаруалар болатын.

1910 жылы Қостанай уезінің 20 әдеттегі кентіне зерттеу жүргізілді.<sup>69</sup> Бұл зерттеудің деректері көрсеткендегі, қоныс аударып келген шаруалардың көпшілігі бейшаралық тіршілік кешкен. Шаруалар қожалықтарының жартысынан астамы кедей және күнкөрісі нашарлар болған. Мұқтаждық шаруаларды табыс іздеуге итермеледі. Қостанай уезінде барлық шаруашылықтардың 34,8%-ы, ал Ақтөбе уезінде 34,2%-ы көсіпшілікпен айналысты. Табыс ізден кетушілердің негізгі көпшілігі ауыл шаруашылық жұмысшыларына айналды, ал кейбіреулері жақын мандағы өнеркөсіп орындарына, темір жол құрылыштарына барды.

1905 жылы Шымкент уезінде көптеген қоныстанушы шаруалар өз шаруашылығын жүргізуге мүмкіндігі болмай, «көптеген жағдайларда өз селосында немесе көрші селоларда табыс тауып жүрді – ауыл шаруашылық және басқа жұмыстарға жалданды. Кейбір қоныс аударушылар, өсіресе Арыс өзені бойында орналасқан қыстактардан шыққан қоныстанушылар шаруашылығы қонда-

нып, орнығып алғаннан кейін де басы артық қызметкерлерін Орынбор-Ташкент темір жолының онтүстік бөлігінің құрылышына жер жұмыстары мен басқа жұмыстарға жіберіп отырды, сондықтан табыс іздең кетушілер арасында Орынбор-Ташкент жолындағы жұмыстар көрнекті орын алды».<sup>70</sup>

Күйзеліске ұшыраған қолөнершілер мен ұсақ ісмерлер жұмысшы болып кетті. Қазақстанда фабрика және зауыт өнеркәсібі нашар дамыған жағдайда қолөнершілер саны едәуір көп болатын. Мәселен, 1894 жылы Ақтөбе облысында – 9 307, ал Семей облысында – 1895 жылы 10 329 қолөнерші болды.<sup>71</sup>

Орталық Ресеймен сауданың дамуына, өсіреле ол жақтан фабрика-зауыт бұйымдарын әкелудің күшеюіне байланысты Қазақстанда ұсақ қолөнер өндірісі құлдырай бастады. Бұл Қазақстанның барлық дерлік облыстарының «Шолуларында» атап өтілді. Ақмола облысының 1901 жылғы «Шолуында» былай делінген: «отырықшы халық арасында қолөнер кәсібі... ішінара байырғы халықтың қажетті білімдері мен техникалық машиналары болмауы себепті, ішінара жергілікті қолөнершілердің туындыларына айтарлықтай сұраным болмауы себепті оның дамуы үшін қолайсыз жағдайда болып отыр; оның үстіне үй шаруашылығының көптеген бұйымдары, сондай-ақ киім-кешек, аяқ киім, іш киім және басқаларын жергілікті саудагерлер Мәскеу мен Нижний Новгородтан «жәрменкелерден» дайын күйінде алып, едәуір онтайлы бағамен сатады және олар сапасы жағынан жергілікті ісмерлердің жасағанынан әлдекайда жоғары тұрады». Сырдария облысының 1913 жылғы «Шолуында» былай делінген: «Ірі өнеркәсіп орталықтары қазірдің өзінде көшпелілерге фабрикада жасалған мақта-мата және жібек маталар мен киім-кешектер жіберіп отыр. Олар арзандығымен ісмерлік бұйымдарды ығыстырып шығаруда. Соңғы жағдайға байланысты кейбір ісмерлік өндірістерде қазір тоқырау мен құлдырау байқалуда».<sup>72</sup>

Негізінен, қала кедейлері жұмысшы болып кетті. Генерал-майор Милеант 1908 жылы Орынбор-Ташкент темір жолы үшін өлкенің басқа қалаларындағы сияқты, «Орынбор мен Ташкентте» төтенше жағдайларда жұмысшылар жалдауға тұра келеді деп атап өтті.<sup>73</sup> Бұл арада өлкеде қалалар рөлінің өскенін атап өту қажет; В.И.Лениннің анықтауы бойынша, олар «прогрестің басты қозғаушылары болып табылады».<sup>74</sup> Өнеркәсіп пен сауданың дамуы, темір жолдар мен су жолдарының салынуы, коныс аудару қозғалысының өсуі және т.б. арқасында XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында өлке қалаларының халқы едәуір көбейді. 1897–1914 жылдардан бастап Қазақстан халқының бүкіл өсімі 50%, соның ішінде селода 49% болды, ал қала халқы 67%-ға өсті.<sup>75</sup> Бұл темір жолдар мен су жолдарына жақын қалаларда мейлінше айқын аңғарылады. 1897–1914 жылдарда халықтың Ақтөбеде – 3,8 есе, Шымкентте – 3,2 есе, Петропавлда – 2,2 есе, Казалыда – 2,1 есе өскенін және т.б. айту жеткілікті.<sup>76</sup>

Қазақ далаларында пайда болған темір жол станцияларының сол кез үшін халық едәуір шоғырланған, өлкенің экономикалық және саяси мәдени өмірінің ошактарына айналғанын да атап өту керек. Біршама ірі станцияларда халық бірнеше мың адамға жетті. Мәселен, 1916 жылы Орынбор станциясында – 9720, Ақтөбеде – 3263, Шалқарда – 5300, Казалыда – 3600, Перовскіде – 1852, Түркістанда – 2984 адам тұрды. 1906-1907 жылдарда Петропавл станциясында тұрғындар саны 3 мыңнан асты.<sup>77</sup>

Өлкенің темір жол бойының халқы да өз кезегінде жұмыс колдарын беріп отырды. Жол бойында халық біршама тез өсті: 1906 жылы Орынбор-Ташкент

темір жолы бойында 40846 адам, ал 1913 жылы 58 мың адам тұрды, яғни 42%-ға есken.

Патша өкіметі өлкеде өзіне тірек жасау ниетімен темір жолдардағы қызметке запастағы төменгі әскери шендерді тартты. Генерал-майор Милеанттың айтуынша, «Орынбор-Ташкент темір жолының төменгі қызметшілер (кондукторлар, стрелочники) штатының бір бөлігі жергілікті тұрғындардан, көбінесе запастағы шендерден толықтырылады»,<sup>78</sup> олар патша армиясы қатарынан жасы келіп босатылғандар болған. Бірақ, Ресейдің басқа шет аймақтарының жолдарындағы сияқты, Қазақстанның темір жолдарында да олардың саны өте аз болды. 1902 жылдың өзінде-ак Ішкі істер министрі В.К.Плеве төрағалық еткен ерекше үкіметтік кеңес «Казіргі уақытта қатынас жолдары ведомствоны запастағы төменгі шендердің болып табылатын жалпы өте тәртіпті құрамды темір жолдарға тартуға шаралар колданып отырғанымен, империяның шет аймақтары бойынша өтетін жолдарда төменгі шендердің пайыздық қатынасы қызметшілердің жалпы санына шакқанда Ресейдің қалған бөліктеріне қарағанда дегенмен де едәуір төмен» деп атап өтті. Осыған байланысты ерекше кеңес «орыс тексті запастағы төменгі шендердің нақ осы аймақтардағы қызметі ерекше бағалы болып табылады» деп атап көрсетті.<sup>79</sup> 1907 жылғы 1 қаңтарға қарай Орынбор-Ташкент темір жолында запастағы және мұлде бос төменгі шендерден небәрі 434 адам жұмысқа қабылданды. Біздің қолымызда Қазақстанның басқа темір жолдарындағы төменгі әскери шендердің саны туралы мәліметтер жок, бірақ олардың саны есkenі күмөнсіз. Бұл төменгі шендердің негізінен жергілікті гарнизондар беріп отырды.

Жұмыс күшінің көздеріне айналған, атап келтірілген әлеуметтік топтардың бәрі көбінесе ерекше техникалық дағдылар мен кәсіптік даярлықты керек етпейтін әр түрлі жұмыстарды орындаған, біліктілігі шамалы және төмен ақы төленетін жұмысшылардан шықты. Бірақ өз кезіндегі техника жетістіктеріне негізделген ірі капиталистік кәсіпорын ретінде темір жолдар білікті жұмысшыларды қажет етті, олар жергілікті жерлерде болмады. Сондықтан, білікті темір жол және өнеркәсіп жұмысшыларының негізгі бұкарасы Ресейдің оргалық және басқа аудандарынан келгендер, көбінесе орыс жұмысшылары есебінен қалыптасты. Қазақстанға табыс іздең келген жұмысшылардың бұл санаты арасында үкіметке қарсы қызметі үшін патша өкіметі қудалаған адамдар көп болды. «Омбы қаласына оның төңірегіндегілерді қоса алғанда (сондай-ак Петропавлға) темір жол жүргізуіне байланысты, – деп жазды Дала генерал-губернаторы Н. Сухотин 1912 жылы, – өткенде жасырын қызметі үшін жаңа орындар мен жаңа жағдайлар іздеуге мәжбүр ететін... адамдар бірте-бірте көбейе бастады... Сол кезге дейін меніреу және бейбіт шет аймақтағы қала... алуан түрлі саяси жер аударылғандарға дейін қоса алғанда әр түрлі сенімсіз адамдарға кенеттен толып кеткен болып шықты». Генерал-майор Милеант «Орынбор-Ташкент темір жолына көбінесе бұрынғы орындарындағы қызметтерінде әлдебір себептер бойынша сөтсіздікке үшіраған адамдар көбірек келеді» деп жазды.<sup>80</sup> Осыған байланысты Торғай губернаторының Ақтөбе және Шалқар станцияларындағы темір жол ұстаханалары мен деполары жұмысшыларының рөлі туралы амалсыздан жасаған мойындауын көрсетпей кетуге болмайды. 1912 жылдың өзінің Ішкі істер министрлігіне есебінде ол ашуулана отырып, былай деп жазған: «Торғай облысының 18 теміржол станциясынан Ақтөбе қаласында және Шалқар станциясында иеліктен алынған жерде темір жол ұстаханалары салынған... Көпшілігі

ішкі Ресей ұстаханаларынан қуылғандардан тұратын, өр түрлі саяси сандырақтармен уланған темір жол ұстаханаларының жұмысшылары жергілікті полиция үшін көп іс туғызып отыр».<sup>81</sup> Алдыңғы қатарлы революциялық піфылдағы жұмысшылар мен теміржолшыларға осы бір өшпенділік пен ызаға толы мінездемеге Ақтөбе станциясының теміржолшыларына жандарм офицері берген мынадай мінездемені де қосуға болады: «Мұнда қызметшілердің ең басты контингенті, — деп жазған ол, — басқа да барлық Ресей темір жолдарынан қуылған... саяси... талайды көрген, революциялық құресте тиісінше тәжірибесі бар адамдардан тұрады».<sup>82</sup>

Өлкеге шақыру бойынша да, өз еркімен де табыс іздең Ресейдің ішкі губернияларынан күйзеліп келген шаруалар өлке жұмысшыларына айналды.

Сөйтіп, жергілікті қазактар мен қоныс аударушы шаруалардан шыққан шетке табыс іздең кетушілер, жергілікті қалалардың күйзеліске ұшыраған қолөнершілері мен жұмысшылары, запастағы төменгі өскери шендегілер және өлкенің қала халқы, сондай-ақ Ресейдің ішкі және басқа губернияларынан келген білікті жұмысшылар мен күйзелген шаруалар — XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан жұмысшыларының негізгі қалыптасу көздері міне осындай.

1913 жылы Қазақстандағы жұмысшылардың саны, шамамен жасалған есептеулер бойынша, 75 мындаған адамға жетті. 1913—18 жылдарда жүргізілген Бүкілресейлік өнеркәсіп және көсіптік санактың деректері бойынша, Қазақстанда 1913 жылы 675 фабрика-зауыт көсіпорындары болып, оларда 51 104 жұмысшы істеген,<sup>83</sup> олардың ішінде ірі зауыттарда 1913 жылы жылдық орташа саны 19851 адам болған.<sup>84</sup> Өлкенің темір жол және су жолы көлігінде 25 мындан астам жұмысшы істеген.<sup>85</sup> Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында ең алдымен ірі өнеркәсіп орындарында және темір жол көлігінде олардың соғыс мұқтаждарына жұмыс істеулерінің қүшешуіне тығыз байланысты жұмысшылар санының кейбір көбеюі орын алды. Кен өнеркәсібінде ғана жұмысшылардың саны 18 мың адамға жетті,<sup>86</sup> ал темір жол көлігінде 30 мың адам<sup>87</sup> жұмысшы және қызметші болып істеді, осының бәрі 1917 жылы, Қазан революциясының қарсанында және сол кезде Қазақстан жұмысшыларының саны, шамамен жасалған есептеулер бойынша, 90 мындан астам адамға жеткен.<sup>88</sup>

Бірақ Қазақстан жұмысшыларының бүкіл осы сапын тек қана фабрика-зауыт өмірімен байланысты деп санауға болмайды, олардың көпшілігінде басқа да көсіптер болды, өйткені көсіпорындардың көпшілігі маусымға қарай жұмыс істеді. Сол себепті уақытша жұмыссыз қалған жұмысшылар ауыл шаруашылығымен немесе өлдебір көсіпшілікпен айналысуға мәжбүр болды.

Маусымдық көсіпорындар қатарына макта тазалау зауыттары, жұн жуатын, шөмелек құрғататын кептіру көсіпорындары және басқалар жатты. Май шайқайтын, сабын қайнататын, құріш тазартатын және басқа зауыттар, диірмендер де шикізаттың жетпеуі себепті жыл бойы жұмыс істей алмады. Сонымен бірге жылдың жекелеген кезендеріне, олардың бірқатарына анағұрлым көп мөлшерде жұмысшылар керек болды. Орта Азияның макта тазартатын зауыттары үшін бұл қыркүйектен наурызға дейінгі кезен, яғни қыс кезі, жұн жуатын орындар үшін — жаз, шарап ашытатын зауыттар үшін — күзгі айлар (тамыз және қыркүйек), кептіру мекемелеріне, шөмелек құрғататын және кірпіш зауыттары үшін — жазғы кезен және т.б. болатын.<sup>89</sup>

Тек темір жолдар мен ішінара кен өндіруші және кен-зауыт өнеркәсібінің көсіпорындары тұракты жұмыспен қамтамасыз етті, мұның өзі өндірістің осы

салаларында азды-көпті тұракты жұмысшы кадрларының пайда болуына жағдай жасады.

Өнеркәсіпте маусым бойынша жұмыс істеген кәсіпорындардың басым болуы, олардың аймак жағдайларына қарай мамандануына байланысты өлкеде жұмысшылар құрамының төмендегідей болып бөлінуіне әкеп сөкты. 1913 жылы Түркістан өлкесінде (Закаспий облысын, Әмудария бөлімін, Жетісу облысының Қапал, Жаркент және Лепсі уездерін қоспағанда) фабрика-зауыт өнеркәсібінің 792 кәсіпорны болып, оларда 20 925 жұмысшы істеді, олардың ішінде тоқыма талшығын өндеу жөніндегі кәсіпорындарда 12 427 (59,4%), металл өндеуде – 421 (2%), қоректік өнімдерін өндеуде – 5111 (24,2%), басқа өндірістерде – 2969 адам (14,2%) жұмыс істеді. Сонымен, өлке жұмысшыларының 73,6%-ы ауыл шаруашылық өнімдері мен шикізатын өндеумен айналысты, металистер небәрі 2% болды.<sup>90</sup> Металистер негізінен темір жол шеберханаларында шоғырланды.

Өлкедегі өнеркәсіп орындары техникалық жағынан артта қалған, қарапайым, жабдықтары тозған және ескірген болатын. Кәсіпкерлер арзан жұмыс күші мол болған соң өз кәсіпорындарын техникамен жараптандыруға мүдделі болмады. 1913 жылы Түркістанның өнеркәсіп орындарының 48 түрінен 23-і механикалық двигательдерсіз жұмыс істегенін айтуда жеткілікті, мұнда өндіріс үрдісі шамадан тыс қол еңбегіне негізделді. Жұн жуатын орындар, әк зауыттары, керамика өндірісі, ішек-қарын тазартатын, желім қайнататын, балауыз, ірімшік қайнататын, шарап ашытатын, спирт тазартатын, шарап қайнататын, сабын қайнататын және басқа зауыттар механикалық двигательдерсіз жұмыс істеді. Өлкенің 702 кәсіпорнында жалпы қуаты 21 713 at күшін құрайтын 507 механикалық двигатель болды. Олардың жартысына жуығы мақта өндійтін кәсіпорындарға, қалған бөлігі қоректік өнімдерді өндійтін кәсіпорындар мен электр станцияларына келетін еді. Соңғылары өлкеде небәрі 13 болатын, оларда жалпы қуаты 3225 at күшіндік 51 механикалық двигатель болды.<sup>91</sup> Өлкедегі өнеркәсіп орындарының төмен техникалық деңгейі жергілікті жұмысшылардың біліктілік деңгейінде ізін қалдырды.

1913 жылы Түркістанның өнеркәсіп жұмысшылары жұмыс санаттарына қарай былайша бөлінді: негізгі өндіріс бойынша жұмысшылар – 69,1%, двигательдермен жұмыс істейтін жұмысшылар – 4,6%, жөндеу және басқа да косалкы жұмыстар жөніндегі жұмысшылар – 2,7%, қара жұмысшылар – 21%, басқалары – 2,3%.<sup>92</sup>

Өлкедегі өнеркәсіп жұмысшыларының шоғырлану дөрежесі, өсіресе, өндеуші өнеркәсіп орындары нашар болды, оларда бір кәсіпорынға орта есеппен келетіні 20 адамнан аспады. Бірақ кен өндіруші және кен-зауыт өнеркәсібі мен темір жол көлігінің кәсіпорындарында жұмысшылардың шоғырлануы біршама жоғары болды: 1915–16 жылдарда Спасск зауытында – 919, Қарағанды кен орындарында – 930, Қарсакбай зауытында – 499, оның кенішінде – 486, Екібастұз кен орындарында – 410, Успен кенішінде – 336 адам жұмыс істеді.<sup>93</sup>

Темір жол жұмысшылары шеберханалар мен деполарда шоғырланды. Мәселен, 1906 жылы Орынбор-Ташкент темір жолының 14 693 жұмысшылары мен қызметшілерінен шеберханалар мен деполарда 4071 адам жұмыс істеді, бұл жол бойындағы барлық теміржолшылардың 28,4%-ы болды.<sup>94</sup> Өлке темір жолдарының шеберханалары мен деполарында жұмысшылардың осында дерлік шоғырлануы байқалды. 1906 жылы Орынбор-Ташкент темір жолын пайдала-

ну енді ғана басталды. Ал жолдың күшеттіліуіне қарай темір жол шеберханалары мен деполарында жұмысшылардың шоғырлануы да өсті.

Өлкеде патриархаттық-феодалдық қатынастардың үстемдігі және жергілікті өнеркәсіп нашар дамыған жағдайларда темір жолдар мен деполар жұмысшылардың шоғырлануы біршама жоғары капиталистік өндіріс элементі болды. Мұның Қазақстандағы жұмысшы және социал-демократиялық қозғалыстың дамуы үшін ерекше зор маңызы бар еді, жергілікті теміржолшылар, негізінен шеберханалар мен деполардың жұмысшылары оның алдыңғы қатарлы отрядына айналды. Солтүстік Қазақстанда Омбы теміржолшыларымен бірге 1905 жылдың маусымында 460 адам жұмыс істеген Петропавл станциясының шеберханалары мен деполарының жұмысшылары осындай рөл атқарды.<sup>95</sup> Бұл жұмысшылар шоғырлануының біршама ірі ошағы болды. Ал сонау 1900 жылы Омбы жандарм басқармасының бастығы полковник Марков «Омбы мен Петропавлда айтарлықтай зауыттар жоқ. Сондықтан да, (мұнда) фабрика жұмысшыларының топтасуы да болмайды» деп жазған еді.<sup>96</sup> Кейініректе, Сібір темір жолының ықпалы нәтижесінде Ақмола облысында өнеркәсіп орындары өссе бастаған кезде, теміржолшылар жергілікті жұмысшылардың мейлінше қуатты тобын құрады.

1907 жылы Петропавлда 1693 жұмысшысы бар 125 өнеркәсіп орны жұмыс істеді.<sup>97</sup> Бұлар көбінесе өндіріс техникасы қарапайым, ауыл шаруашылық шикізатын өндеу жөніндегі ұсақ көсіпорындар болатын. Петропавлда осындашын әрбір көсіпорынға орта есеппен 13-14 жұмысшыдан келді. Сондықтан Петропавл станциясының темір жол шеберханалары мен деполарының жұмысшылары осы ұсақ, бытыраңқы, көпшілігі маусымдық көсіпорындардың жұмысшыларынан саны және шоғырлануы жағынан да өзінің үйымдастырылғы мен саяси саналылығы жағынан да асып түсіп, Солтүстік Қазақстанның барлық жұмысшыларынан неғұрлым озық тұрды. Орынбор, Орал, Ақтөбе, Қазалы, Перовск, Шалқар, Түркістан станциялары мен басқаларының темір жол шеберханаларының жұмысшылары да нақ осындай рөл атқарды.

Бұған өнеркәсіп жұмысшыларының да, темір жол жұмысшыларының да негізгі бұқарасы темір жол бойында орналасқан қалаларда шоғырланғанын косу керек. Мәселен, Түркістанның барлық өнеркәсіп орындарының 1913 жылы 51,6%-ынан астамы темір жол станцияларынан 5 шақырым қашықтықта, 16,8%-ы 5–10 шақырым, ал қалған 31,6%-ы 10 шақырымнан астам қашықтықта орналасты.<sup>98</sup>

Фабрика-зауыт жұмысшылары арасында өдетте, жергілікті тұрғындар басым көпшілікті құрады. Мәселен, 1913 жылы Түркістанның 20925 өнеркәсіп жұмысшысынан орыстар – 22%, өзбектер – 60,7%, қазактар – 4,5%, тәжіктер – 5,5%, ұйғырлар – 5,5%, басқалар – 5,1% болды.<sup>99</sup> Бұл орайда жергілікті ұлттардан шыққан жұмысшылардың негізгі бұқарасы негізгі өндірісте істеді. Онда өзбектер – 69,0%, қазактар – 5,4%, тәжіктер – 0,4%, ұйғырлар және басқалар – 1,3%, ал барлығы 76,1%-ға жетті. Қара жұмысшылар арасында өзбектер – 50,5%, тәжіктер – 24,4%, ұйғырлар мен дүнгендер – 21%, қазактар – 1,7% болатын. Сонымен өлкедегі барлық қара жұмысшылардың 78,7%-ы да байырғы ұлттардың әкілдерінен құралды. Олар қосалқы жұмыстарды атқарған (материалдар мен өнімдерді тасу, әкелу және апару, т.б.) жұмысшылардың үшінші тобы арасында да басым болды, онда өзбектер – 49,5%, қазактар – 12,7%, ұйғырлар мен дүнгендер – 2,5%, ал барлығы – 65%-ын құрады. Двигательдермен жұмыс істейтін жұмысшылар және жөндеу

мен басқа да қосалқы жұмыстар, яғни біліктілікті және белгілі бір техникалық дағдыны керек етегін жұмыстардың осы екі санаты бойынша жұмысшылар арасында жергілікті ұлттардан шыққан өкілдер аз болды: тиісінше өзбектер – 13% және 21%, қазактар – 0,4% және 3,0%-ға ғана жетті. Елдің ішкі губернияларынан келген орыстар (жергілікті жұмысшылардың мамандық дәрежесі жоғары білікті бөлігі) двигательдермен жұмыс істейтін жұмысшылар (79,9%) және жөндеу мен басқа да қосалқы жұмыстар бойынша жұмысшылар (70,3%) арасында басым көпшілік болды. Негізгі өндірісте жұмыс істеушілер арасында орыстардың үлес салмағы 20,2% қана, қосалқы жұмыс атқарушылар арасында – 19,5, қара жұмысшылар арасында – 13,2% болды.<sup>100</sup>

Неғұрлым жоғары мамандық деңгейі мен техникалық дағдылар талап етілген темір жол көлігінде жұмысшылардың басым көпшілігі орыстар болды. 1908 жылы Орынбор-Ташкент темір жолында магистарльдың штаттағы жұмысшылары мен қызметшілері арасында орыстар – 92,8%, орыс еместер – небәрі 7,1%; соның ішінде поляктар – 3,11%, қазактар – 2,20%, немістер – 0,72%, парсылар – 0,40%, татарлар – 0,22%, еврейлер – 0,15, литвандар – 0,15%, өзбектер – 0,08%, басқалары – 0,09% болды.<sup>101</sup> 1907-1908 жылдарда Сібір және Рязань-Орал темір жолдарының штаттағы жұмысшылары мен қызметшілері арасында да нақ осындағы арақатынас байқалады деуге болады.<sup>102</sup> Штаттағы теміржолшылар арасындағы бұл жағдай одан кейінгі жылдарда да сақталды. Ол екі жағдаймен түсіндіріледі. Біріншіден, темір жол қызметінің көптеген тұрлери тиісті көсіби мамандықты, техникалық даярлықты және қалыптасқан еңбек дағдыларын талап етті, Орта Азия мен Қазақстандағы темір жолдарды салу мен пайдаланудың алғашқы жылдарында олар жергілікті тұрғындарда болған жоқ. Екіншіден, патша үкіметі, бұрын көрсетілгеніндей, колонияда өз тірегі болуын қалап, Ресейдің темір жолдарына «бұратаналар» мен «басқа діндегілерді» жұмысқа қабылдауды ресми нұсқаулармен өдейі шектеп отырды.

Теміржолшылардың басқа санаттарында – күндіктер мен уақытша жұмысшыларда өзге жағдай байқалады, олардың арасында жергілікті ұлттардың өкілдерінің саны басым болды. 1917 жылдың шілдесінде Орынбор-Ташкент жолының Тоғыз – Сапақ станциясы участкесіндегі станциялар мен разъездер тобында барлығы 476 теміржолшы болды, олардың ішінде 86 адам, яғни, 18%-ы қызметшілер, 381 адам, яғни 82%-ы жұмысшылар еді. 381 жұмысшының 180-і (47%), ал қызметшілер арасында 6 адам (7%) қазақ болатын. Қазақтардың негізгі көпшілігі күндік жұмысшы болып істеді. 248 күндік жұмысшының 173 адам қазактар, яғни, 70%-ға жуық болды. Бұлар негізінен төмен ақы төленетін жөндеу жұмысшылары, жүк көтерушілер, тасушылар және өр тұрлі қара жұмысшылар еді.<sup>103</sup>

Орынбор-Ташкент темір жолының Қазақстан шегіндегі ұзындығы 1600 шақырымнан астамындағы қатаң климат жағдайы, судың жеткіліксіздігі, тұрмыс жағдайларының ауырлығы мұнда орыстардан және басқа ұлт өкілдерінен мамандығы жоқ жұмысшыларды тартпады, сондықтан күндік жұмысшылардың жеткіліксіздігі негізінен қазақ және басқа да жергілікті еңбекшілер есебінен толықтырылды. 1908 жылы генерал-майор Милеант «Орынбор-Ташкент темір жолында негізінен жол қызметі (жол табанын жөндеу) үшін күндік жұмысшылар қырқүйектен мамырға дейінгі уақытта жергілікті қазактардан жасақталады, ал жылдың қалған уақытында орыстар, парсылар, сарттар және басқалар жұмыс істейді» деп жазды.<sup>104</sup>

Өлкенің басқа темір жолдарында да күндік жұмысшылар арасында қазактар аз болған жок. Бұл бірінші кезекте Сібір темір жолына қатысты. 1905 жылы «Степной голос» газеті Сібір жолында жол жөндеу жұмыстарына орналаса алмаған қазақтар артелінің ауыр жағдайын суреттеген. Семей облысының қазақ жұмысшыларының артелі табыс табу үшін осы магистральдың Петропавл-Омбы участесінде жиі және ұзак уақыт жұмыс істеп жүрді. Олар Ертіс бойында су жолы ашылысымен осында үлкен топтар болып келіп, су жолы жабылғанға дейін жұмыс істеді және соңғы пароходтармен үйлеріне қайтты.<sup>105</sup> Мәселен, 1913 жылдың қазанында, мұрағат құжаттарында атап өтілгенідей, Омбы станциясынан «тек қана қазақтардан тұратын, саны 80 адам болатын жөндеуші күндік жұмысшылар кәсіпорынмен есеп айрысып, пароходтар жүріп тұрғанда Семей облысындағы үйлеріне кетті».<sup>106</sup>

Өлкенің теміржолшылар құрамындағы қазақтардың саны туралы дәл де-ректер жок. Дегенмен, Орынбор-Ташкент және Сібір магистралдарының теміржолшылары санын орта есеппен үстіртін есептеуге сүйене отырып және күндік жұмысшылар құрамындағы қазақтардың үлес салмағын 70% шегінде деп қабылдай отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: 1917 жылы өлкенің 30 мың теміржолшыларының шамамен 5-6 мыңы қазақтардан тұрды. Олардың үлес салмағы шамамен 20%-ға жетті.<sup>107</sup>

Қазақстан жұмысшыларының ең үйымдаған және саяси белсенді бөлігі «деполықтар», яғни темір жол деполары мен шеберханалардың жұмысшылары болды. Теміржолшылардың көп бөлігі меніреу даладағы станциялар мен разъездерде бытырап жатқанымен, олар поездардың толассыз жүруі және телеграф пен телефон станцияларының тәулік бойы жұмыс істеуі арқасында дегенмен де өзара ғана емес, Ресейдің ішкі аудандарының теміржолшыларымен де тығыз байланыс жасап отырды.

Жергілікті жұмысшылардың бір бөлігін тау-кен және кен-зауыт өнеркәсібінің жұмысшылары құрады, оларда жұмысшылар неғұрлым мол шоғырланағып, өндеуші өнеркәсіпке қарағанда тұрақты кадрлар көп болды. 1887 жылдың өзінде-ақ Зайсан уезінің бастығы бір ереуіл жөнінде оған «қазақ кен жұмысшылары» қатысты, ал оны «орыс мастеровайлары» басқарды деп жазды. Бұл орайда ол «Өскемен және Зайсан уездерінің қазақ кеншілері кен қазу жұмыстарымен он жылдан астам айналысады. Тәжірибелі адамдар, көбісі орысша сөйлейді» деп атап көрсеткен.<sup>108</sup>

Өлкеде жұмысшылардың жағдайы мұнда кәсіпкерлердің қызметіне фабрикалық инспекция және бақылау болмаған жағдайда Ресейдің өнеркәсібі дамыған аудандарына қарағанда едәуір ауыр еді. Жұмыс күнінің ұзактығын кәсіпорындардың қожайындары өз бетімен белгіледі, ол Жем мұнай кәсіпшіліктерінде 12 сағатқа дейін, алтын кеніштерінде – 10–12, тұз кәсіпшіліктерінде 14–16 сағатқа дейін жетті.<sup>109</sup> Теміржолшылардың басым көпшілігі үшін ресми түрде 12 сағаттық жұмыс күні белгіленді. Ал одан да көп жұмыс істеуге тура келді. Тұтас алғанда, Ресей жұмысшыларының жалақысы тәмен болған жағдайда, өлкенің өнеркәсіп орындарында елдің орталық аудандарына қарағанда одан да 3–4 есе аз акы төленді. Ғасырдың басында жұмысшы қозғалысының өсуіне байланысты жұмысшылардың жалақысы біршама арттырылды. Бірақ өсіп бара жатқан қымбатшылық жағдайларында, өсіреле бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жұмысшылардың накты жалақысы өлі де тәмен болып қала берді. Бұл жылдарда өнеркәсіп және азық-тұлік тауарларының бағасы үш-төрт есе өсті, ал бір күндік орташа жалақы тәмендег кетті.<sup>110</sup>

Жұмысшылардың мардымсыз жалақысы жалақының бір бөлігіне өнімдер мен тауарлар және т.б. беру кезінде жөн-жосықсыз айыппұлдар мен алдау және кем есептеу арқылы одан сайын қысқартылды. Тобыл-Ақмола кен округінің округтік инженері «күн сайын қайталанып отыратын, жұмысшыны титықтатып, қалжырататын қырсықтардың көпшілік бөлігі тиісті азық-түлікті кем беру, жұмысшы кітапшасына тауарды қосып жазу, жөн-жосықсыз айыппұлдар салу болып табылады» деп мойындауға мәжбүр болған.<sup>111</sup>

Кен көсіпорындарындағы қарапайым өндіріс құралдары (сына, қайла және қүрек), еңбек қауіпсіздігінің қарапайым шарапарының болмауы, мертігу немесе мерт болу жағдайлары және т.б., жиі болып тұратын жаппай жаракаттану – жұмысшылар еңбек еткен жағдайларға тән сипаттар міне осындаі.<sup>112</sup>

Жұмысшылардың көпшілігінде тұрғын үй болмады, 40%-ына жуығы ғана тозығы жеткен лашықтарда, жертөлелер мен барактарда тұрып жатты. Сондықтан медициналық қызмет көрсету мен санитариялық-гигиеналық жағдайлар болмай, жұмысшылар мен олардың отбасылары арасында індептер мен жұқпалы аурулар жиі шығып отырды.<sup>113</sup>

Қазақ жұмысшылары ерекше ауыр жағдайда болды, олар жөнінде ашықтан-ашық кемсітушілік қолданылды. Құны бірдей жұмыс үшін қазақ жұмысшылары орыс жұмысшыларына қарағанда ақыны едөуір кем алды. М.Красовский: «Нак сол жұмысты істейтін орыстар қазактарға қарағанда екі есе және үш есе көп алатын», – деп жазды.<sup>114</sup> Жұмысқа кірген кезде қазақ жұмысшыларына тұрғын үй алу құқығынан бас тартылды, сөйтіп олар өздерінің киіз үйлерінде тұруға міндеттенді, ал жұмысшылардың көпшілігінде өдетте киіз үйлер де жоқ болатын. Сауатсыз қазақ жұмысшылары өздерін арсыздықпен алдап, кем есептейтін көсіпорын қожайындары мен тауар дүкендері қожайындарының озбырлығы алдында қорғансыз болып шықты.

Осының бәрі: жалақының төмен, айыппұл санының көп болуы, алдау, арабау және өкімет орындары мен қожайындар озбырлығының басқа да түрлері, тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлардың, еңбек жағдайларының ауырлығы және т.б. – жұмысшыларды өздерінің экономикалық және саяси жағдайын жақсарту жолындағы наразылыққа итермеледі.

## 5. ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕНИҢ ШИЕЛЕНІСУІ. СТОЛЬПИН АГРАРЛЫҚ РЕФОРМАСЫНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ

ХХ ғасырдың басында Қазақстандағы аграрлық мәселелердің шиеленісуі өзінің шырқау шегіне жетті. Бұған империяның бұрынғы қоныстандыру саясаты және одан кейінгі жергілікті халықтан жерді тартып алуға бағытталған қаулылар өкеп соқты. Ресейдің европалық аудандарынан шаруалардың ағылып келуінің күшеюі үкіметті Қазақстанның бұрын жабық болған аудандарын қоныс аудару үшін ашуға мәжбүр етті. Бұл негізінен Түркістан генерал-губернаторлығының жерлеріне қатысты болатын. Оларға, Жетісу облысын қоспағанда, қоныс аударушыларды орналастыруға тыйым салынған еді. 1903 жылғы 10 маусымдағы «Сырдария, Ферғана және Самарқан облыстарындағы қазыналық жерлерге өз еркімен

коныс аудару туралы» ережелер бұл аудандарға сол кезге дейін іс жүзінде зансыз болып келген қоныс аударуды зандастырып берді.<sup>115</sup> Бір ғажабы, осы занды талқылау кезінде үкіметтік комиссия 1891 жылғы дала ережесінің көшпелілер үшін артық болып шығуы мүмкін жерлер мемлекеттік органдардың қарамағына түседі делінген 120-бабына әйгілі ескертуге сүйенді. «Заның жоғарыда келтірілген баптарын салғастыру арқылы, — делінген түсініктемеде, — қазіргі қолданылып жүрген зандар негізінде мемлекеттің көшпелілерді қамтамасыз ету үшін өз калауынша артық алқаптарына билік етуге толық құқығы бар, Жерге орналастыру және Егіншілік Бас Басқармасының қарамағына берілуғе тиіс деген қорытындыға келмеуғе болмайды».<sup>116</sup> Бұрын айтылғанында, 1891 жылғы Дала Ережесін қарау кезінде 120-бапқа ескертудің өзі байырғы халықтан жерді алып қоюды заң жүзінде негіздеу үшін жеткіліксіз болған еді. Дегенмен, бұл заң шығарудағы мағынасыздық заңдан заңға көшіріліп отырды.

Мемлекет үшін стратегиялық маңызды аудандарға қатысты бұрынғы қаулылардағы сияқты, Түркістан өлкесіне артықшылықты және шаруашылық жағдайларын ескере отырып, православие дінін ұстанушы адамдарды, яғни жеткілікті дәрежеде қамтамасыз етілген адамдарды (раскольникитер үшін ерекшелік жасалды) қоныстандыру көзделді. Жан басына шакқандағы үлес едөуір — суармалы жердің үш десятинасына дейін шектелді, оның есесіне мал өрісі мен жайылымдық жерлер қажетінше қалдырылды. Қоныстанушылар 8 жыл бойы салық женілдіктерімен қамтамасыз етілді және өскери қызметтен босатылды.

Көші-кон еркіндігін күшешту үшін 1904 жылғы 6 шілдедегі «Село тұрғындары мен егінші мещандарды өз еркімен қоныс аударту туралы уақытша ережелердің» зор маңызы болды, оның заң күші бар еді.<sup>117</sup> Жаңа ережелерге сәйкес шаруалардың бұрынғы қоныстанған орындарынан үкімет органдарының рұқсатынсыз еркін кетуіне рұқсат етілді, ол 1889 жылғы Ережеде бекітілген болатын.

Алайда үкіметтің барлық күш-жігеріне қарамастан, қоныс аудару козғалысы үйымдастан түрде емес, бұрынғысынша неғұрлым стихиялы түрде жүре берді. Мәселен, 1905 жылы өз бетімен қоныс аударушылар саны Ақмола облысы бойынша олардың жалпы санының 54,7%-ы, Семей облысында — 61,5%-ы, Торғай облысында — 88,6%-ы болды.<sup>118</sup> Сондықтан XX ғасырдың басынан қоныс аудару козғалысы үйымдастан сипат алды дегенмен жалпы келісуге болмайды.<sup>119</sup> Жекелеген зерттеушілер «коныс аудару ісі бойынша толып жаткан зандар мен өкімдерге қарамастан, үкімет өз бетімен қоныс аударушыларға жеткілікті дәрежеде ықпал ете алмады, сөйтіп өз бетімен қоныс аударушылар саны жылдан-жылға өсе берді» деген тұжырымға келеді.<sup>120</sup> «Үкімет қоныс аудару ісіне басшылық етіп отырған жоқ, оларды кеш біліп, сол оқиғаларды тіркеп отыр», — деп Қазақстанды шаруалар арқылы отарлауға зандық құқық беру жөніндегі үкімет органдарының өрекеттері туралы ашық айтылды.<sup>121</sup>

Қазақстанда XIX ғасырдың аяғынан бастап жер бөлуші топтар жұмыс істеді, олар «бос» деп белгіленген жерлерде қоныстану участкерлерін кесіп беруге тиіс болатын. «Бос жерлер» дейтіндерді далалық облыстарды зерттеу жөніндегі экспедиция, басқаша айтқанда Ф.А.Щербинаның экспедициясы анықтауы керек еді. Экспедицияның жұмысы ол жұмыс істеген жылдардың өзінде-ақ, өсіреле, қазақтардың жер пайдалану нормаларына



Жер жырту. Суретші Н.Г. Хлудовтың картинасы  
(КР Мемлекеттік Орталық мұражайының корынан).

Қатысты көп ескертулер жасады. Солай бола тұрса да, ішінара осы есептеулер бойынша 1893–1905 жылдарда далалық облыстарда 4074180 десятина, оның ішінде Ақмола қоныстандыру ауданында – 2550202 десятина, Семейде – 499 566 десятина, Торғай-Орал ауданында – 1024412 десятина жер тартып алынды. Барлығы 18 миллион десятина алынуға тиіс болатын.<sup>122</sup> Алайда көп үзамай бұл цифrlар үкіметті қанағаттандырудан калды. Қазақтардың жер пайдалану нормаларын, оларды кеміту жағына қарай қайта қарау туралы және жаңа экспедициялық зерттеу қажеттігі туралы мәселе қойылды. Дегенменде, мұндай нормаларды өзірлеу кезінде қандай да болсын ғылыми сипат берудің өзіне де қарсы дауыстар естіле бастады. Мәселен, Егіншілік және Мемлекеттік мұлік министрлігі егіншілік департаментінің директоры Н.А.Крюков Қазақтарды жерге орналастыру туралы мәселе жөніндегі кеңесте Дала өлкесіндегі зерттеулердің қандайына болсын, жалпы земство статистиктеріне қарсы шықты, мұнысын «көшпелі тұрмыс жойылуға тиіс және барлық көшпелілер жер иеліктерінің белгілі бір шекарасына ығыстырылуға тиіс», өйткені «көшпелі тұрмыс... басқаша айтқанда, ешнәрсе қысым жасамайтын кезбелік» деп дәлелдеді.<sup>123</sup> Оның мұндай пікірі «ерекше» пікір ретінде жазып қойылды және оған қарамастан Ақмола және Семей облыстарында, Торғай-Орал қоныс аудару ауданында, жекелеген уездерде бірнеше экспедиция үйымдастырылды. Бұл экспедициялардың материалдарында Ф.А.Щербина экспедицияларының жер нормалары асыра көрсетілген, көшпелі қазақтарға үлкен кеңістіктің керегі жоқ, өйткені олар жер-жерде отырықшылық пен егіншілікке көшіп жатыр деген тұжырым жасалды. Қорыта келгенде, егер Ф.А.Щербина экспедициясының деректері бойынша қазақ шаруашылықтары үшін аймаққа және басқа жағдайларға қарай жер пайдаланудың ең төмен нормасы 110–209 десятина, ал ең көбі 187–510 десятина болса, 1904–1908 жылдардағы қайта үйымдастырылған экспедициялардың деректері бойынша олар тиісінше 70–125 десятина және 119–219 десятина болды.<sup>124</sup> Сөйтіп 36–40%-дан 36–57%-ға дейін төмендетілді. Бірнеше жыл бойы Қазақстан-

ның бүкіл аумағы бес қоныс аудару округіне Ақмола, Семей, Торғай-Орал, Жетісу, Сырдария округтеріне бөлінді. Ауданды менгеруші басқарды, ол ішінәра генерал-губернатор арқылы жергілікті өкімшілікке, ал көп дәрежеде егіншілік және мемлекеттік меншік министрлігінің жерге орналастыру және егіншілік басқармасына бағынды.<sup>125</sup> Аудан менгерушісінің өз қарамағында өр түрлі саладағы қызметкерлер штаты, сондай-ақ кіші аудандардағы жергілікті жерлерде шенеуніктері болды.

Жан-жақты қарастырылған шешім сияқты болып көрінгеніне қарамастан қазактардан жерді алып қою көпшілік жағдайларда ең дәрекі және зансыз түрде жүргізілді. Жетісудың байырғы тұрғындарынан бұрын алып қоюға тыйым салынған қыстаулар мен егістіктерін иеліктен айыру қажеттігін негіздеуге тырысып, Жетісу қоныс аудару ауданының менгерушісі С.Н.Велецкий бұлар қазактарға уақытша және шартты түрде пайдалануға ғана берілген мемлекеттік жерлер, егер «қоныстандыру участкесін» жасау қажет болған жағдайда, «олардың (ауылдардың. – Ред.) бір бөлігін көшіріп, участке үшін орынды босату және қазактардың басқа жерлердегі қыстауларын тығызырақ орналастыру қажет» деп дәлелдеп бакты.<sup>126</sup> Нәк осы принциптерді негізге алып, генерал-губернатор Кондратович 1907 жылы жерге орналастыру партияларына Жетісуда «учаскелерді жобалаудың занды тәртібінен уақытша кейбір мүмкін шегіністер жасауға» тікелей нұсқау берді.<sup>127</sup> Нәк сол қазак ауылдары көшірілген жерлер, сенатор К.К.Паленнің Түркістан өлкесі бойынша тексерісінің куәландырылуына қарағанда, тау-тасты, суландыруға жарамайтын ку даала болған.<sup>128</sup> «Қазактардың қолайлы жерінің белгілі бір мөлшерін, – деп жазды «Киргизская степная газета», – көптен бері-ақ селолар алып қойған және осыған қарамастан қалған жердің ең жақсы участкелері Ресейден келген қоныстанушылардың пайдалына көше бастады. Бейшара қазактар жер алаптарының шектеулі болуы салдарынан таяу болашақта азды-көпті көшүін еріксіз тоқтатады».<sup>129</sup> Осы газеттің басқа бір нөмірінде «көшпелілер өл-ауқатының жыл сайын және үнемі құлдырап бара жатқаны байқалады» және «бұл құбылыстың себебі, сірө, жер алаптарының жеткіліксіздігінде жатса керек: жаз бен күзде жайылған жайылымдарда малды қыста да жаюға тура келеді», – деп жазды.<sup>130</sup>

Қазак қоғамындағы қын да қияметті жер катынастары бұдан да ерте-ректе қалыптаса бастағанын атап өту керек. Қауымдық жерлерді жекелеген қауымдардың немесе жеке билік иелерінің бөліп алу үрдісі көптеген онжылдықтар бойы жүргізіліп, патша өкімшілігінің бірқатар қаулыларында зандық негіз алған еді. Жер дауын ең алдымен рулық жер пайдалану дәстүрі ескерілмей, даланы болыстарға өкімшілік жолмен бөлу үрдісі қындана түсті. «Міне, сондықтан қазактардың жер пайдалануында осын-дай сүмдық былық орын алды, – деген тұжырым жасады сол замандағылардың бірі, – және қазактардың иеліктері бойынша белгіленген қазіргі болыстық бөлініс өйтеуір бір кескілеп тасталған жер құрағының келенсіз көрінісі болып табылады. Иеліктер мөлшерінің тең болуы... ақырында жай ғана десятиналар мөлшерінің ара қатынасы туралы халқымен және малымен қоса бір рудың иелік етуі жөнінде сөз болмауға да тиіс».<sup>131</sup> 1822 жылғы «Сібір қазактары туралы жарғының» 172-параграфында былай делінген: «егін салғысы немесе басқа жерлерде шаруашылық қора-қопсы тұрғызысы келген өрбір қазакқа сол үшін жан басына шакқанда 15 деся-

тинадан жер бөлу керек». <sup>132</sup> Бұл жерлер тұрақты меншік ретінде мұра бойынша беріліп отырды. 1886 жылғы Ереже, ал содан соң 1891 жылғы Ереже де қазақ қоғамындағы жер пайдаланудың осы үрдісін дамытып, нығайта түсті (қаранды: 4-параграф, XIII тарау). Жерді жекеге бөлудің барлық кезендерін қоныс аудару басқармасының жер өлшеушісі және статистигі болып жеті жыл бойы қызмет істеген, I Мемлекеттік Думаның депутаты Т.И.Седельников едөуір тәптіштеп суреттеген. <sup>133</sup> Ол 1868 жылдан кейін отырықшы қазактар өз жағдайының тиімділігін түсініп, сол кезге дейін қоғамдық пайдалануда болып келген жазғы қоныстар аумактарының бір бөлігін егістік алқабы, шабындықтар мен қоныстар етіп белгілеп алғанын жазады. Әсіреле мұны бай және ықпалды рулар пайдаланды. Мәселен, заңдарды пайдаланып, олар өз руластарын қөшіп жүру үшін қолайлы жерлерден айырды. Жерлерді басып алу жөніндегі шағымдар көп болғандықтан, жергілікті әкімшілік көптеген съездер шақырып, оларда даулы жер мәселелері шешілді. Алайда съездердің шешімдері көбінесе орындалмады, ал жергілікті әкімшілік үйымдары отырықшы қауымдар жағында болғанды жөн көрді, сол арқылы жер қатынастарында бұрынғыдан да үлкен алауыздық туғызды. Даалық облыстарды зерттеу жөніндегі экспедицияда бірқатар жылдар бойы жұмыс істеген Л.К. Чермак та қауымдық жерлерді басып алушынан құбылыстарын байқаған. Ол қауымдық пайдаланудағы жазғы жайылымдық кеңістіктерде жекелеген қожайындардың жерді жыртып тастап, сонан соң, 1891 жылғы Дағы Ережесінің 125-бабына сәйкес, оны өзінің мұрагерлік меншігі деп жариялағанын атап өткен. «Экспедиция материалдарында да, – деп корытқан Л.К. Чермак, – әлдебір алқаптың тек қана сондай мақсатпен жыртылып, содан соң орыс әкімет орны оны басып алушыға бекітіп бергені жөніндегі нұсқаулар кездеседі». <sup>134</sup> «Жекелеген шаңырақ иелерінің, – деп жазған «Киргизская степная газета», – өндөлетін жерді тек өз қажеттері үшін пайдалануға шексіз құқығы болды» және бұған тағы да сол Дағы Ережесі негіз болған. <sup>135</sup> Күштілердің әлсіздерден жерді тартып алуы қауымдар деңгейінде де жүріп жатты. Мәселен, Ақмола облысының Көкшетау уезінде қауымдардың үштен екісінде жер жеткіліксіз болды, ал қалған үштен бірі жермен орташа деңгейден сөл жоғары көлемде қамтамасыз етілді. Жоғары топтың жер көлемі төменгі топтың жер көлемінен 41 есе асып түсті. <sup>136</sup>

Қазақстандағы жер қатынастарын қыннатқан елеулі себептердің бірі жердің бір бөлігінің казак өскерлеріне тиесілі болуы еді. 1917 жылға қарай Орынбор өскерінде 7,4 миллион десятинадан астам, Жетісу өскерінде – 681,5 мың десятина, Сібір өскерінде – 4,9 миллион десятина, Орал өскерінде – 6,4 миллион десятина, Астрахан өскерінде – 808 мың десятинадан астам жер болды. <sup>137</sup> Жердің сапасы әр түрлі болатын, мысалы, Сібір өскерінің казак станицаларының бір бөлігі егіншілікке қолайсыз аудандарда орналасты. Бірақ жердің едөуір бөлігін казактар жергілікті халықтан жалдап алып отырды және ол қолайлы да құнарлы жер болды. Мәселен, 1902 жылы Жетісу казактары Жетісу облысының барлық суармалы жерінің 26,4%-ын иеленді, бұл жағдайда осы жерлер бұрын қазактарға тиесілі болатын. <sup>138</sup> Сібір казак өскери жерінің төрттен үші егіншілікке қолайлы жерлерге жатты және осы мөлшерден әрбір казакқа 76,6 десятинадан келді. <sup>139</sup> Өскери қызметте болу қажеттігінен және өзіндік шаруашылық жүргізу салтына орай казактар егіншілікпен жөнді айналыса ал-

мады, жерді жалға беруді жөн көрді. Жалгерлік қатынастардың мұндай жүйесі Павлодар уезінде сонау 1839 жылы қалыптаскан еді. Ол кезде Ертіс бойындағы он шақырымдық өнір Сібір казак өскеріне бөліп берілген болатын. XIX ғасырдың 70-жылдарынан бастап, бұл жерлер зейнетакы түрінде офицерлерге және өскер шенеуніктеріне жеке үлеске беріле бастады. XX ғасырдың басына қарай 43 690 адамы бар 7 788 қазак шаруашылығы өз қыстаулары болмағандықтан негізінен Сібір казак өскерінен және ішінара Алтай кен округінен жалға алынған жерлерде тұрды. Жалгер қазактардың 52%-ы офицерлерге тиесілі жерді, 36%-ы ортақ, яғни казактардың қауымдық үлестерін жалға алды. Бастапқыда жал ақысы біршама аз болатын, бірақ уақыт өте келе қоныс аударушы шаруалар жал төлеміне келгенде қазактардан гөрі пәрменділік көрсетіп, қазактар жерді жалға алушан ығыстырыла бастады. Бұл жал ақысының өсуін туғызды. Мәселен, 1916 жылы Дала өлкесінде қоныс аударған шаруалар жердің 8%-ын пайдаланды. Бұкіл егіс көлемінің 61%-ына егін салды, ал қазактар жердің 6,8%-ын иеленіп, бұкіл егіс көлемінің небәрі 19%-ына ғана егін екти.<sup>141</sup> Дала генерал-губернаторының есептеулеріне қарағанда, казактардың жерлеріне 37 мың қоныс аударушы шаруаны орналастыруға болатын еді, алайда II Николай мұнымен келіспей, «өскер жерлері мәңгілік өскерге тиесілі жер болып қалуға тиіс» деп мәлімдеді.<sup>142</sup>

Қазақстандағы күрделі жер қатынастары жағдайында столыпиндік аграрлық реформаны кеңінен жүргізу өріс алды, оның мақсаты қоныстандыру қозғалысын күшету болатын.

1906–1911 жылдарда Министрлер Кенесінің төрағасы және Ішкі істер министрі болған П.А.Столыпин елді жаңғырту принциптерін өзірледі, оның бірінші шарты шаруаны жердің иесі етіп бекіту болатын. П.А.Столыпиннің аграрлық саясатының мәні үш заң актісінде көрсетілді. Бұл – Сенаттың қарауына берілетін 1906 жылғы 9 қарашадағы «Шаруалардың жер иеленуіне және жер пайдалануына қатысты қолданылып жүргөн заңының кейбір қаулыларын толықтыру туралы» жарлық, ол III Мемлекеттік Думада 1910 жылғы 14 маусымдағы «Шаруалардың жер иеленуі жайлы кейбір қаулыларды өзгертулер мен толықтырулар туралы» заң етіп толықтырылды және қайта өндөлді. 1911 жылғы 29 мамырда «Жерге орналастыру туралы» заң қабылданды. Аграрлық реформа бойынша шараларды жүргізу Сенат Жарлықты қабылдағаннан кейін 1906 жылы басталды. 1907 жылғы 1 қантардан бастап үлесті жер үшін сатып алу төлемдерінің күші жойылды, оларды шаруалар қауымнан шыққан кезде төлеуге тиіс еді. Осы арқылы шаруалардың бұрынғы қоныстанған жерлерінен еркін кетуі үшін ең басты шектеу алып тасталды. Жарлық «ортак үлестегі участеклерден жеке иелікке көшетін жекелеген үй иелерінің меншігін нығайтып, қауымнан еркін шығу құқығын» жариялады.<sup>143</sup> Сонымен бірге 1910 жылғы заңының 42-тармағында Азиялық Ресейдің жеріне қоныс аударғандар оларды жаңа қонысқа түпкілікті тіркеген күннен бастап екі жылдан соң шыққан жерлеріндегі қауымдық жерге үміттену құқығын жоғалтады деп арнайы көрсетілді.<sup>144</sup> Сөйтіп, столыпиндік аграрлық реформа қауым мүшелері - шаруаларды азат етті және олардың көшіп-қонуына еркіндік берді: жерді жеке пайдалану құқығын беріп, қоныс аударушылардың жаңа орында сөтсіздікке үшыраған жағдайда туған жеріне қайтып оралу мүмкіндігін шектеді. Реформа нәтижелерінің бірі шаруа-

лардың шет аймактарға, атап айтқанда Қазақстанға жаппай көшуі болды. Қазақстанда қоныс аударушылар үшін алынған жердің жалпы мөлшері жөнінде өр түрлі мөліметтердің өзара едәуір айырмашылығы бар. Мәселен, 1917 жылы қоныс аудару органдарының құзыретті шенеунігі В.А. Тревятский жариялаған деректер бойынша, 1916 жылға қарай Дала өлкесінде зерттелген 106 миллион десятина жердің 30 миллион десятинасы, яғни үштен біріне жуығы басы артық жер дейтінге жатқызылған және қазактардан құшпен тартып алуға арналған.<sup>145</sup> Алайда «Оралдың арғы жағына қоныс аудару және жерге орналастыру бойынша шолулар» деректеріне сүйеніп Ә.Б.Тұрсынбаев жасаған есептеулерде 1906—1915 жылдар кезеңі ішінде Ақмола, Семей және Торғай-Орал қоныс аудару аудандарында нақты алынған қазақ жерлері 15,8 миллион десятина болған. Оның үстіне Жетісу қоныстандыру округінде — 3,3 миллион десятина, Сырдария округінде — 2,5 миллион десятина жер тартып алынған. Қорытынды цифр 21 206 118 десятина болды.<sup>146</sup> Б.С.Сұлейменов нақосы деректерді келтірген.<sup>147</sup> Жергілікті халықтан тартып алынған жер 9 111 участкеден тұрды. Бірақ іс жүзінде қоныс аударушылар бөлінген барлық участкелерге орналастырылған жоқ. Көптеген қоныс аудару участкелеріне болашактағы 10—15—20 жылда орналастыру жоспарланды. Мәселен, Зайсан уезінде шаруалар өздеріне бөлінген участкелерге соктай өтіп, «Қытайдағы суармалы егістікке қарай ұмтылды».<sup>148</sup> Ал мұндай жағдайлар көп еді. Қоныс аударушылар орналасқан жердің нақты көлемін, өсіресе өз бетімен қоныс аударушылар санының көп болуы себепті анықтау мүмкін емес. Бірақ, қоныс аудару қорына бөліп берілген жермен қоса қазақтардың жер пайдалануынан казак әскерлеріне арналған орман, саяжайларына және басқа да қазыналық қажеттерге, қалалар мен темір жолдардың орналасуына арнап тартып алынған жерлерді қоса есептегендеге қоныстандыру қорына тартып алынған жердің жалпы көлемі 45 миллион десятинадан астам болып шығады.<sup>149</sup> Дала өлкесінің уездері мен облыстары бойынша тартып алынған жердің көлемі тен бөлінбеді. Мәселен, Омбы уезінде бұл барлық жердің 52%-ы, Ақмола уезінде — 73%-ы, Қостанай уезінде — 54%-ы болды және т.б.<sup>150</sup> Жердің неғұрлым көп ауқымы тартып алуға жатса, егіншілік жөнінен бұл жерлердің соғұрлым қолайлы болғанын аңғару қын емес. «Басы артық жердің ең көп мөлшері солтүстік, топырағы қара топыракты және қою-сұрғылт топыракты, мейлінше құнарлы өнірде орналасқан уездерде болып табылады» деп жазып, кезінде Қоныс аудару басқармасы шенеуніктерінің өздері де атап өткен.<sup>151</sup>

Алайда осындай жер алқабының өзі де барлық қоныс аударуға тілек білдірушілерді орналастыра алмады. Бұған бүкіл қоныс аудару қозғалысындағы жер участкелерін бөлуге байланысты ілесе жүретін түсініспестік себепші болды. 1906 жылдан 1915 жылға дейін дала өлкесінің қоныс аудару аудандарына 580 587 адам келді (еркек адамдар ғана есепке алынған). Олардың 47 пайызы — Ақмола қоныс аудару ауданына, 38%-ы Торғай-Орал, 15%-ы Семей қоныс аудару ауданына жіберілді.<sup>152</sup> Егер қоныс аударушылар санының серпінділігін жылдар бойынша қарастыратын болсак, 1906 жылғы жарлық шыққаннан кейінгі алғашқы жылды қоныс аударушылар толқыны көбейе түсті. 1906 жылды Дала өлкесіне ерлерден 25 100 жан, ал 1907 жылды 80 360 жан қоныстанды. Қоныс аудару деңгейі аздаған ауыткуларымен 1908 жылмен 1909 жылды осы деңгейде тұрды, содан соң тол-

қын тәрізді тәмендейді және көтеріледі, ал 1914 жылға қарай 53 360 жанға дейін тәмендеген.<sup>153</sup> Реформаны жүргізудің алғашқы жылдарында Ресейдің еуропалық бөлігі шаруаларының бірқатары өздерінің тұрмыс жағдайларын жақсартуға деген үміттерін Қазақстанға көшумен байланыстырғаны көрінеді. Қоныс аударушылар санының қыскаруы реформаның сәтсіз корытындысын көрсетеді. Қоныс аударушылардың едөуір кері қайтуы да нақосыны білдіреді. Мәселен, 1906—1915 жылдарда жыл сайын қоныс аударушылардың 20%-ынан 34%-ына дейін кері қайтып кеткен.<sup>154</sup>

П.А.Столыпин реформасының қауымдарды күйретіп, хуторлық шаруашылықтар құру туралы идеялардың бірі де сәтсіздікке ұшырады. Елде фермерлік шаруашылықты дамыту туралы ой дұрыс айтылған болатын.<sup>155</sup> Бірақ Қазақстан жағдайларында, игерілмеген жерлерде шаруалар арасында, керінше, тірі қалу кепілі ретінде қауымдардың рөлі арта тұсті.

Қазак халқының жаппай жерсіз қалуы, қайыршылануы және соның салдары ретінде өлеуметтік шиеленістің өсуі реформаның күйінішті корытындысы болды. Қарсылықтың стихиялық көріністері қожайындарды, өкімет өкілдерін соққыға жығудан, салықтар төлеуден бас тартудан, малды айдал өкетуден, егістіктерді таптаудан және басқаларынан көрінді. Ежелгі жерінен айырылған байырғы тұрғындар өз құқыктарын занды өдістермен - өтініштер беру арқылы қорғауға тырысты, оларды көп мөлшерде мұрағат қорларында кездестіруге болады. 1913 жылдың қантарында Есімболат Досбаев пен Ғали Оспанов өз ауылының атынан Торғай-Орал ауданы қоныс аудару ісінің менгерушісіне «Шыңғырлау болысының №4 ауылы Қырғыздарының ең жақсы шұрайлы жерлері қоныс аудару қорына тартып алынды, ал бізге жарамсыз жерлер ғана қалдырылды» деп шағым жасап, участеклер кесіп беруді сұрады.<sup>156</sup> Іс жүзінде қалған өтініштер сияқты, бұл өтінішке де бас тартылған жауап қайтарылды.<sup>157</sup>

Сонымен бірге қоныс аударушылардың едөуір көпшілігі де өздерінің жерге орналастырылуына риза болмады. Торғай облысы Ақтөбе уезінің Полтава болысы Қарашиб поселкесінің шаруалары қоныс аудару бөлімінің менгерушісіне белгіленген жерге орналасқаннан кейін өздеріне бөлінген участеклер «бізге бөлінген жерде астық өсіру үшін қолайлы жер мөлшері мұлдем аз болып шықты» және әр адамға жазылған 12 десятинаның егістікке 4 десятинаға жетер-жетпесі ғана жарамды деп жазды.<sup>158</sup> Корыта келгенде, жер пайдалану үшін қоныс аударушылар мен қазақтар арасында да, жергілікті халық арасында да даулар мен қактығыстар пайда болды. Мәселен, Белоярск және Каменск поселкелерінің шаруалары Қостанай уезінің Кеңарал болысы қазақтарының жерлеріне өз бетімен қоныстаңып алғып, бастапқыда олардан жерді жалға алды, ал сонаң соң 1905—1907 жылдар кезеңінде Ресейде шаруалардың жерді басып алуы жөнінде естіп, жергілікті тұрғындардан өздері ұнатқан участеклерді күшпен басып алуға тырысты. Олар Луганск поселкесі қазақтарының жерлеріне де осындай ниетте болды. Бұл мақсаттарын жүзеге асыру үшін олар Ресейден өлі де бір «өте батыл адамдардың» келуін күтті.<sup>159</sup>

Жерін тартып алғып қысым көрсету және дәстүрлі көшу жолдарынан айыру көшпелі халық арасында да толып жатқан жанжалдар туғызды. Олар көбінесе қайғылы аяқталып отырды, мысалы, 1907 жылы Торғай облысының Үрғыз уезінде солай болды, онда күзеу ретінде пайдаланылатын Қаракөл алқабы үшін даудың салдарынан екі адам қаза тапты.<sup>160</sup>

Ал қоныс аудару аудандары шенеуніктерінің қиянат жасауында шек болмады. Жетісу облысының Жаркент уезі Аралтөбе селосының шаруалары шаруашылық жүргізуге арналған ақшалай қарыздың төленуін екі жыл күтті, әбден қайыршыланған олар Жаркент ауданының қоныс аударушыларды жерге орналастыру бөлімнің менгерушісі Тегловқа барады. Олар оны күтіп қабылдауына кіріп «екі өйел мен бір шаруа оның алдында құдай ананың алдындағы сияқты тізерлеп тұрып, жәрдемақы беруді сұрағанда, оған жас балалары ашжалаңаш деревняда қалғанын айтып жалынғанда бастық мырза шаруаларды балағаттап қуып шыққан».<sup>161</sup>

Қоныстандыру саясатының проблемаларын жүртшылықтың кең талқылағанын айтып өткен жөн, бұл өр түрлі түсініктегі толып жатқан жарияланымдардан көрінді. Үкіметтің аграрлық саясатының құрамдас бөлігі ретінде бұл мәселе Мемлекеттік Думада өте қызу айтыс туғызды. Аграрлық мәселені шешу Ресей империясының шет аймақтарын мекендеген халықтардың саяси құқықтарын қарастырумен ұштасты. Бұған Үкіметтің Ресейдегі шаруалардың жерге деген мұқтаждығын кедейлерді шығыска жаппай қоныс аудару жолымен қанағаттандыруға тырысуы себеп болды. Жергілікті тұрғындардың мұдделері мұлде ескерілмеді. I Мемлекеттік Думаның отырыстарында (1906) Орынбор губерниясынан сайланған депутат Т.И.Седельников қазақ халқының да, орыс қоныс аударушыларының да мұдделерін қорғау туралы мәлімдеді, ол «жұз мындаған қазақтар сөздің тура мағынасында жерсіз болып табылады. Ал егер жері аз қазақтарды алсақ, олар миллионнан кем болмайды» деп мәлімдеп жүртшылықтың назарын жер пайдалану мәселелеріне аударды.<sup>162</sup> Оңшыл депутаттардың бір бөлігі, мысалы, кінәз Голицын сияқтылар бұрынғысынша «қоныс аудару ісін мүмкін болған барлық өдістермен күшетуді» талап етті. Т.И.Седельников бұл жағдайға ашық қарсы шығып, қоныс аудару көшіп бармақшы болып шешкен шаруалардың ең кедей бөлігін де, жері сол қоныс аударушылар үшін зорлықпен тартып алғынған жергілікті тұрғындарды да күйзелтеді деп ашығын айтты.<sup>163</sup> Сондықтан II Мемлекеттік Думада да (1907) аграрлық мәселе талқылаудың өзегі болды. Оңшыл депутаттардың бір бөлігі 1906 жылғы 9 қарашадағы столыпиндік занды қорғап шықты. Алайда Қазақстаннан сайланған депутаттар бұл көзқарастарға өз қарсылықтарын білдірді. Орал облысынан сайланған депутат И.И.Космодамианский Столыпинді «бұкіл зан шығаруши жиналыстың, бұкіл елдің және бұкіл орыс халқының жауы» деп жариялады, өйткені «үкімет өз саясатының зардаптарымен титтей де санаспай... қырғыз жерлеріне қоныстануды және оған шаруаларды кеңінен қоныс аударуды ұсынып отыр».<sup>164</sup> Аграрлық комиссияның мүшесі Б.Қаратасев қоныс аудару өдістерін сынап сөз сөйлемді, ол бұл үрдісті «күштінің өлсізге зорлығы» деп атады.<sup>165</sup> III Мемлекеттік Думада (1908) қазақ халқы тіпті Думаға өз өкілдерін сайлау құқығынан да айырылды. Дегенмен, қазақтардың жерге құқықтарының бұзылуы туралы өткен думалық айтыстардың қызу өткені соншалық, Думаның бюджет және қоныс аудару комиссиясы үкіметке қазақтардың жерге орналастырылуы туралы зан жобасын өте тез арада өзірлеп, қабылдау жөнінде ұсыныс енгізді.<sup>166</sup> Мұндай занды колданыска енгізгенге дейін (ол жарыққа шықпаған күйінде қалды) III Думаның мұсылман фракциясы Закавказьеден сайланған депутат Хас-Мамедов арқылы Қазақстанға орыс шаруаларын қоныс аудару «Қазақ халқының өз пайдалануындағы жерге ғасырлар

бойындағы құқықтары өділетті және ізгілікті шешілуі үшін» барлық бай-ырғы тұрғындар жайғастырылғанша тоқтатылуға тиіс деп мәлімдеді.<sup>167</sup> Басқа депутаттар қоныс аударушылардың ауыр жағдайын еске салып, үкіметтен қоныстандыру саясатын өзгертуді тікелей талап етті.<sup>168</sup>

Сөйтсе де, депутаттардың бір бөлігі билеуші топтардың мұдделерін қорғап, жағдайды жағымды түрде бейнелеуге тырысты. 1909 жылы депутат А. Третубов Жетісуға арнайы келді, ол бүкіл облыста атап айтқанда, «Верный кіші ауданында бүкіл қоныс аудару ісінің дұрыс жолға қойылғаны туралы ризашылық пікір білдірді»,<sup>169</sup> және бұл Жетісу облысындағы қоныс аудару ісінің менгерушісі Велецкий қоныс аудару ісінің мұлде тәртіпке келтірілмеген жайкүйі туғызған қоныс аударушылар арасындағы аштықтың накты оқиғалары туралы хабарлаған кезге шамалас болатын.<sup>170</sup>

Қазақтың белгілі ғалымы, көсемсөзші және саяси қайраткер Ә.Бекейханов Қазақстандағы қоныс аудару ісінің жағдайымен терең таныс болды. Ол Ф.А.Щербина экспедициясының жұмысына белсене қатысты, I Мемлекеттік Думаның депутаты болып сайланды. Өзінің барлық дерлік еңбектерінде, ғылыми монографияларында немесе газет беттерінде жарияланған мақалаларында даланы шаруалар арқылы отарлаудың зардаптарын анықтап, бұл үрдісті үкіметтің аграрлық саясатынан бөліп қарастырды. Ол Петербургте отырып алып, «бірнеше десятина жарамсыз жерді қолайлы жер деп есепке алушы практикаға енгізу арқылы» қазақ өлкесінің жерін ойыншық еткен, «ешнөрсеге күмәндандайтын адамдар» туралы терең мысқылмен жазады.<sup>171</sup> Шаруаларды шөлдейт және сортанды далаларға қоныстандырудың көптеген фактілерін салғастыра келіп, Ә.Н.Бекейханов «жерсіз аш халыққа сузыз қазақ даласын ұсынатын үкіметтің қоныс аудару саясатының санаулы құндері қалды» деген пікір айтты.<sup>172</sup> Өз халқының мұдделерін қорғай келіп, ол былай деп жазды: «қазақтар қазіргі уақытта қоныс аудару участеклерін кесіп беру кезінде болып жатқанды ессіздік деп санайды... жұмыс жүргізушілер участеклерде мал шаруашылығы үшін ең бағалы алаптарды: шабындықтарды, қысқы жайылымдарды, егістіктерді, жақсы суаттарды участеклерге межелеп алып... қазақтарға тау-тасты, сортантарды, батпактарды, сузыз даланы қалдырады».<sup>173</sup>

Ақырында, ресми органдар қоныс аудару саясатының оған артқан үмітті актайды алмағанын мойындағы. Қоныс аудару және отарлау мәселелері жөніндегі комиссия 1917 жылдың тамыз-қыркүйегінде елдегі қоныс аудару ісінің жағдайдын талқыладап, мынадай қорытындыға келді: «Егіншілік-отырықшылық отарлауы... тұйыққа тірелген сияқты. Бұрынғы мейірбан қоныс аударудың аяқталар кезі келді». <sup>174</sup> «Қоныс аудару» деген терминнің өзін «отарлау» деген сөзben біржола ауыстыру ұсынылды. Отарлау саясаты енді ел экономикасын дамытудың жалпы жоспарын негізге алды, мұнда шет аймактар зор рөл атқаруға тиіс еді. Өнеркәсіптік отарлауға шешуші мән берілді. Ол ауыл шаруашылығын да көтеруге тиіс болатын. Комиссияның анықтауы бойынша қоныс аударушылар таптантыс болуға, оның материалдық қаражатының қажетті қоры, күш-жігері және алғырлығы болуға тиіс. 1917 жылдың қазан айындағы белгілі оқиғалар бұл жоспарды жүзеге асыруға бөгет жасады. Алайда империяның басқа шет аймактары сияқты, Қазақстанды да жергілікті халықтың мұдделері туралы тіпті сөз де етілмеген қатаң және прагматикалық отарлау жүйесі күтіп тұрғаны анық еді.

Аграрлық қоныс аударудың Қазақстан өмірінің өлеуметтік-экономикалық саласында үшқын беруші рөл атқарғаны жақсы мәлім. Қазак жерлерін қоныс аударушылардың пайдасына жаппай алып қою туралы және бұл үрдістің келенсіз зардаптары туралы жоғарыда айтылып та өтті. Сонымен бірге, Ресейдің егіншілігі дамыған аудандарынан шаруаларды қоныс аудару Қазақстанға едәуір еңбек және материалдық ресурстар әкелді. Жаңа жерлерді шаруашылыққа игеруге себепші болды.

<sup>1</sup> Алексеенко Н. В. Население дореволюционного Казахстана. А., 1981, 94-б.

<sup>2</sup> Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане. Ташкент, 1967, 64-б.

<sup>3</sup> Сулейменов Б. С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX вв. (1867–1907 гг.). А., 1963, 35-б.

<sup>4</sup> Бұл да сонда.

<sup>5</sup> Бекмаханов Е. Б. Присоединение Казахстана к России. М., 1957, 198-б.

<sup>6</sup> Алампиев П. М. Ликвидация экономического неравенства народов Советского Востока и социалистическое размещение промышленности: (Исторический опыт Казахской ССР). М., 1958, 126–127-б.

<sup>7</sup> Галузо П. Г. Социальные отношения в казахском ауле и переселенческой деревне Казахстана в начале XX в. //Казахстан в канун Октябрьской революции. А., 1968, 38–39-б.; Алексеенко Н. В. Көрсетілген еңбегі, 94–95-б.

<sup>8</sup> Қар.: КПСС в резолюциях, т. 2, 252-б.

<sup>9</sup> Бекмаханова Н. Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. М., 1986, 243-б.

<sup>10</sup> Ленин В. И. Полн. собр. соч., т. 4, 86-б.

<sup>11</sup> Алампиев П. М. Көрсетілген еңбегі, 90–91-б.

<sup>12</sup> Бұл да сонда, 92–94-б.

<sup>13</sup> Фридман Ц. Л. Иностранный капитал в дореволюционном Казахстане. А., 1960, 15–20-б.

<sup>14</sup> Бұл да сонда, 23–24-б.

<sup>15</sup> Бұл да сонда, 25–38-б.

<sup>16</sup> Казахстан в канун Октября: Сб. статей. А., 1968, 205-б.

<sup>17</sup> Алампиев П. М. Көрсетілген еңбегі, 94-б.

<sup>18</sup> Казахстан в канун Октября, 164–167-б.

<sup>19</sup> Бұл да сонда, 171–172, 202–204-б.

<sup>20</sup> Мына кіт. негізінде есептелінді: Е. Б. Бекмухаметов «Цветная металлургия и горное дело дореволюционного Казахстана» (А., 1964, 164–165-б.).

<sup>21</sup> Казахстан в канун Октября, 171–172-б.

<sup>22</sup> Маликов Ф. Февральская буржуазно-демократическая революция в Казахстане. А., 1972, 47–48-б.

<sup>23</sup> Дильмухамедов Е., Маликов Ф. Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана. А., 1963, 39-б.

<sup>24</sup> Алампиев П. М. Көрсетілген еңбегі, 96-б.; Дильмухамедов Е., Маликов Ф. Көрсетілген еңбегі, 6–40-б.

<sup>25</sup> Алампиев П. М. Көрсетілген еңбегі, 96-б.

<sup>26</sup> Фридман Ц. Л. Иностранный капитал, 39–52-б.

<sup>27</sup> Шаукенбаев Т. Урало-Эмбенский нефтяной район. А., 1961, 16-б.; Маликов Ф. Көрсетілген еңбегі, 54-б.

<sup>28</sup> Алампиев П. М. Көрсетілген еңбегі, 97-б.

<sup>29</sup> Бұл да сонда, 97–98-б.

<sup>30</sup> Казахстан в канун Октября, 151–154-б.

<sup>31</sup> Алампиев П. М. Көрсетілген еңбегі, 99-б.

- <sup>32</sup> Казахстан в канун Октября, 155–156-б..
- <sup>33</sup> *Бұл да сонда*, 253-б..
- <sup>34</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>35</sup> *Дильмухамедов Е., Маликов Ф.* Көрсетілген еңбегі, 18-б.; История Чимкентского химико-фармацевтического завода им. Ф. Э. Дзержинского. Чимкент, 1958, 20-б.
- <sup>36</sup> Казахстан в канун Октября, 158–161-б..
- <sup>37</sup> *Дильмухамедов Е., Маликов Ф.* Көрсетілген еңбегі, 24–29-б..
- <sup>38</sup> *Кислинский Н. А.* Наша железнодорожная политика по документам архива Комитета Министров (Исторический очерк под ред. Кулемзина). СПб., 1902, т. 2, 170–172-б..
- <sup>39</sup> *Саблер С. В., Сосновский И. В.* Сибирская дорога в ее прошлом и настоящем. СПб., 1903, 12–13, 24, 81, 93, 96-б.
- <sup>40</sup> Россия: Полное географическое описание нашего отечества. СПб., 1903, т. 18. Киргизский край, 306-б.
- <sup>41</sup> РГИА, ф. 446, оп. 31, д. 4, л. 33–37.
- <sup>42</sup> РГИА, ф. 446, оп. 30, д. 7, л. 49; *Саблер С. В., Сосновский И. В.* Көрсетілген еңбегі, 186–187-б.
- <sup>43</sup> Азиатская Россия. СПб., 1914, т. 1, 545–549-б.; ЦГА, ф. 1, оп. 11, д. 92–95.
- <sup>44</sup> Материалы по обследованию казенных железных дорог; Ташкентская ж.д. СПб., 1913, 123-б.
- <sup>45</sup> Туркестанские ведомости. 1951, 11 октября, № 81; Материалы по обследованию казенных железных дорог; Ташкентская ж. д. 1–3-б.; *Асылбеков М. Х.* Некоторые вопросы истории строительства Оренбургско-Ташкентской ж.д. //Изв. АН КазССР. Сер. ист., арх. и этногр., 1962, вып. 2, 44–51-б.
- <sup>46</sup> Отчет по постройке северной части Оренбургско-Ташкентской ж.д., ч. 1. СПб., 1908, 1–2, 4-б.; РГИА, ф. 446, оп. 31, д. 20, л. 69 и об.; ф. 273, оп. 12, д. 398, л. 47 и об.
- <sup>47</sup> Степь. (Троицк). 1909, 16 апреля.
- <sup>48</sup> Степь. 1911, 4 января, 15, 20 октября и 15 ноября.
- <sup>49</sup> РГИА, ф. 1157, оп. 1, д. 31, л. 2.
- <sup>50</sup> Степь. 1909, 16 апреля.
- <sup>51</sup> ЦГА РУз., ф. 1, оп. 2, д. 1725, л. 29–210, 219–224, 250 және б.; д. 1726, л. 62 және б.
- <sup>52</sup> *Дахшлейгер Г. Ф.* Турксиб – первенец социалистической индустриализации. А., 1958, 1-б.
- <sup>53</sup> РГИА, ф. 291, оп. 1, д. 22, л. 1–27.
- <sup>54</sup> *Бұл да сонда*; ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 12886, л. 20.
- <sup>55</sup> Отчет по постройке южной части Оренбургско-Ташкентской железной дороги. СПб., 1908, 30-б.
- <sup>56</sup> РГИА, ф. 268, оп. 8, д. 31, л. 53; оп. 1, д. 21, л. 1–27; ф. 268, оп. 1, д. 1131, л. 213; д. 1086, л. 25.
- <sup>57</sup> ЦГА РК, ф. 17, оп. 1, д. 2, л. 183–184, 192–193; Район железной дороги Петропавловск-Спасский завод в экономическом отношении. СПб., 1914, 257–258-б.
- <sup>58</sup> Казахстан за 40 лет: Статсборник. А., 1960, 225–230-б.
- <sup>59</sup> Обзор Семипалатинской области за 1886 г. Семипалатинск, 1887, 26–27-б.; Обзор Семипалатинской области за 1894 г. Семипалатинск, 1895, 17–18-б.; Обзор Семипалатинской области за 1897 г. Семипалатинск, 1898, 30-б.
- <sup>60</sup> Обзор Сырдарьинской области за 1910 г. Ташкент, 1911, 122-б.; Обзор Сырдарьинской области за 1911 г. Ташкент, 1912, 133-б.
- <sup>61</sup> Обзор Семипалатинской области за 1894 г., 17–18-б.
- <sup>62</sup> Қар.: Восточное обозрение. 1895, № 61 Социалистік Қазақстан, 1960, 12 ноябрь.
- <sup>63</sup> Түргайская газета. 1901, 24 марта.
- <sup>64</sup> Есеп мына газет бойынша жүргізілді: «Туркестанские ведомости» (1902. 12 мая, 20 июня), а также рапортов с участков дороги: ЦГИАП, ф. 346, д. 359, л. 1–154 және б.
- <sup>65</sup> Оренбургская газета. 1902, 19 июля.

- <sup>66</sup> Тургайская газета. 1901, 24 марта.
- <sup>67</sup> Туркестанские ведомости. 1903, 4 мая; 1904, 3 марта.
- <sup>68</sup> Обзор Семипалатинской области за 1894 год. Семипалатинск, 1895, 17–18-б.; Материалы по киргизскому землепользованию. Акмолинская область. Омский уезд, т. 11. Омск, 1902, 65-б. – *Бұл да сонда*. – Сырдарынская область. Перовский уезд. Ташкент, 1912, 96-б. – *Бұл да сонда*. – Казалинский уезд. Ташкент, 1913, 72-б.
- <sup>69</sup> Хворостянский П. Очерки экономического благосостояния поселков Кустанайского уезда. Омск, 1911.
- <sup>70</sup> Материалы по обследованию переселенческого хозяйства в Туркестанском крае. Ташкент, 1909, т. 2; Русские селения в Чимкентском уезде Сырдарынской области, 19–25-б.
- <sup>71</sup> Обзор по Акмолинской области за 1894 г. Омск, 1895, 50-б.; Обзор Семипалатинской области за 1895 год. Семипалатинск, 1897, 37–38-б.
- <sup>72</sup> Обзор Акмолинской области за 1901 г. Омск, 1903, 29-б.; Обзор по Сырдарынской области за 1913 год. Ташкент, 1915, 93–94-б.
- <sup>73</sup> ЦГИАП, ф. 1396, оп. 1, д. 21б, л. 24.
- <sup>74</sup> Ленин В. И. Полн. собр. соч., т. 23, 341-б.
- <sup>75</sup> Алексеенко Н. В. Население дореволюционного Казахстана, 79-б.
- <sup>76</sup> Асылбеков М. Х. К вопросу о влиянии железных дорог на экономику дореволюционного Казахстана //Изв. АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1964, № 1, 55-б.
- <sup>77</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>78</sup> Бұл жерде және бұдан әрі қызметшілер деп темір жолда еңбек ететіндердің барлығын, солармен бірге жұмысшыларды да есептеу керек.
- <sup>79</sup> РГИА, ф. 273, оп. 12, д. 431, л. 22–23.
- <sup>80</sup> РГИА, ф. 1396, оп. 1, д. 216, л. 22, 24 об; Революционное движение в Казахстане в 1905–1907 гг.: Сб. документов и материалов /Под ред. И. С. Гороховодатского, А. Каиргельдина, Б. С. Сулейменова. Сост. Ф. Н. Киреев, Т. П. Губа, Ф. И. Колодин. А., 1956, 29–30-б.
- <sup>81</sup> ЦГА РК, ф. 95, оп. 1, д. 364, л. 35–36.
- <sup>82</sup> ГАОрО, ф. 22, оп. 4, д. 18, л. 38 и об.
- <sup>83</sup> Труды ЦСУ. 1926, т. 26, вып. 1–2, 80-б.
- <sup>84</sup> Социалистическое строительство Казахской ССР за 20 лет. А., 1940, 13-б.
- <sup>85</sup> Нусупбеков В. Формирование и развитие советского рабочего класса в Казахстане. А., 1966, 38-б.; Асылбеков М. Х. Железнодорожники Казахстана в первой русской революции (1905–1907). А., 1965, 36-б.
- <sup>86</sup> Мозгунова Е. А. О численности и составе промышленных рабочих в Казахстане накануне Октябрьской революции //Изв. АН КазССР. Сер. истории, археологии и этнографии. 1959, вып. 2(10), 41–50-б.
- <sup>87</sup> Асылбеков М. Х. Железнодорожники Казахстана, 36-б.
- <sup>88</sup> Е. Ділмұхамедов пен Ф. Мәліковтың есебі бойынша, 1916–1917 жылдардағы Қазақстанда өнеркәсіп жұмысшылардың саны 65 мыңдан көп болды: *Дильмухамедов Е. Д., Маликов Ф.* Көрсетілген еңбегі, 267-б.
- <sup>89</sup> Заорская В. В., Александр К. А. Промышленные заведения Туркестанского края. Пг., 1915, 29–30-б.
- <sup>90</sup> Көрсетілген еңбегі.
- <sup>91</sup> *Бұл да сонда*, 43-б.
- <sup>92</sup> Пясковский А. В. Революция 1905–1907 гг. в Туркестане. М., 1958, 25-б.
- <sup>93</sup> Маликов Ф. Көрсетілген еңбегі, 68-б.
- <sup>94</sup> РГИА, ф. 273, оп. 12, д. 527, л. 5–6.
- <sup>95</sup> РГИА, ф. 276, оп. 12, д. 527, л. 7–9.
- <sup>96</sup> ГАОрО, ф. 270, оп. 1, д. 40, л. 5–9.
- <sup>97</sup> Обзор Акмолинской области за 1907 г. Омск, 1908, 27-б.
- <sup>98</sup> Заорская В. В., Александр К. А. Промышленные заведения Туркестанского края. Табл. 2.
- <sup>99</sup> *Бұл да сонда*, табл. 5, 52-б.

- <sup>100</sup> *Бұл да сонда*, 53-б.
- <sup>101</sup> Асылбеков М. Х. Железнодорожники Казахстана, 39—40-б.
- <sup>102</sup> РГИА, ф. 229, оп. 4, 1908, л. 49.
- <sup>103</sup> ГАОрО, ф. 146, оп. 1, 1917, д. 7, л. 1—3, 20 және б.
- <sup>104</sup> РГИА, ф. 1396, оп. 1, 1908, д. 216, л. 23 об.
- <sup>105</sup> Степной голос. 1905, № 17.
- <sup>106</sup> Қар.: Рабочее движение в Казахстане в 1907—1914 гг. А., 1957, 472—473-б.
- <sup>107</sup> Асылбеков М. Х. Железнодорожники Казахстана, 42—43-б.
- <sup>108</sup> ЦГА РК, ф. 10, оп. 1, д. 69, л. 36; Семеновский В. Рабочие на золотых промыслах. СПб., 1908, т. 2, 651-б; Дильмухамедов К., Маликов Ф. Көрсетілген еңбегі, 180-б.
- <sup>109</sup> Алампиев П. М. Көрсетілген еңбегі, 107-б.
- <sup>110</sup> Асылбеков М. Х. Железнодорожники Казахстана, 51-б.
- <sup>111</sup> Қар.: Дильмухамедов К., Маликов Ф. Көрсетілген еңбегі, 136-б.
- <sup>112</sup> Қар.: Маликов Ф. Көрсетілген еңбегі, 76—77-б. ЦГА РК, ф. 9, оп. 1, д. 86, л. 127. Цит. по: Дильмухамедов Е., Маликов Ф. Көрсетілген еңбегі, 141-б.
- <sup>113</sup> Маликов Ф. Көрсетілген еңбегі, 79—80-б.
- <sup>114</sup> Красовский М. Область сибирских киргизов. СПб., 1868, ч. 2, 145-б. Цит. по: Дильмухамедов Е., Маликов Ф. Көрсетілген еңбегі, 164-б.
- <sup>115</sup> Переселение и землеустройство в Азиатской России: Сб. законов и распоряжений. Пг., 1915, 40-б.
- <sup>116</sup> *Бұл да сонда*, 112-б.
- <sup>117</sup> Сборник узаконений и распоряжений о водворении переселенцев и образовании переселенческих участков. СПб., 1907, 23-б.
- <sup>118</sup> Черников В. С. Крестьянская колонизация Северного Казахстана в эпоху капитализма //История СССР. 1982, № 6, 135-б.
- <sup>119</sup> История КазССР с древнейших времен до наших дней. III том. А., 1979, 405-б.
- <sup>120</sup> Турсунбаев А. Б. Из истории крестьянского переселения в Казахстан. А., 1950, 30-б.
- <sup>121</sup> Черников В. С. Көрсетілген еңбегі, 135-б.
- <sup>122</sup> Переселение и землеустройство за Уралом за 1906—1910 гг. СПб., 1911, 47-б.
- <sup>123</sup> Особое мнение //Сибирские вопросы. 1908, № 2, 29—30-б.
- <sup>124</sup> Статистико-экономические исследования переселенческого управления: 1893—1909 гг. СПб., 1910, 16-б.
- <sup>125</sup> Переселение и землеустройство в Азиатской России, 4—8-б.
- <sup>126</sup> ЦГА РК, ф. 19, оп. 1, д. 1260, л. 31.
- <sup>127</sup> *Бұл да сонда*, л. 36.
- <sup>128</sup> Пален К. К. Отчет по ревизии Туркестанского края. СПб., 1910, 50-б.
- <sup>129</sup> Киргизская степная газета «Человек, общество, природа». 1888—1902 гг. А., 1994, 127-б.
- <sup>130</sup> *Бұл да сонда*, 130—131-б.
- <sup>131</sup> Остафьев В. Колонизация степных областей в связи с вопросом о кочевом хозяйстве //Зап. Сиб. отд. ИРГО, кн. XVII, вып. 2. Омск, 1896, 34-б.
- <sup>132</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана, т. 1. А., 1960, 101—102-б.
- <sup>133</sup> Седельников Т. Борьба за землю в Киргизской степи (Киргизский земельный вопрос и колонизационная политика правительства). СПб., 1907. А., 1991, 35—52-б.
- <sup>134</sup> Чермак Л. К. Формы киргизского землепользования //Сибирские вопросы, 1908, № 23—24, 42-б.
- <sup>135</sup> Киргизская степная газета, 470-б.
- <sup>136</sup> Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей, т. 1. Воронеж, 1898, 66-б.
- <sup>137</sup> КазССР: 4-томная Краткая энциклопедия, т. 1. А., 1985, 225-б.
- <sup>138</sup> Галузо П. Г. Аграрные отношения на юге Казахстана в 1867—1914 гг. А., 1965, 171-б.
- <sup>139</sup> Общие сведения о Сибирском казачьем войске. Омск, 1897, 17-б.

- <sup>140</sup> Материалы по Киргизскому землепользованию, т. V. Воронеж, 1903, 48-б.
- <sup>141</sup> *Бұл да сонда*, 63-б.
- <sup>142</sup> Тресвятский В. А. Материалы по земельному вопросу в Азиатской России: вып. 1. Степной край, II т., 1917, 45, 497-б.
- <sup>143</sup> ПСЗРИ, т. XXVIII. 1906, отд. 1. № 28528, 970-б.
- <sup>144</sup> *Бұл да сонда*, т. XXX, 1910, отд. 1. № 33743, 749-б.
- <sup>145</sup> Тресвятский В. А. Көрсетілген еңбегі, 113-б.
- <sup>146</sup> Турсунбаев А. Б. Көрсетілген еңбегі, 61-б.
- <sup>147</sup> Сулейменов Б. С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX века. А., 1963, 252-б.
- <sup>148</sup> ЦГА РК, ф. 469, оп. 1, д. 590, л. 189 об.
- <sup>149</sup> История КазССР, т. III, 411-б.
- <sup>150</sup> Тресвятский В. А. Көрсетілген еңбегі, 113-б.
- <sup>151</sup> *Бұл да сонда*, 115-б.
- <sup>152</sup> *Бұл да сонда*, 41-б.
- <sup>153</sup> *Бұл да сонда*, 41-б.
- <sup>154</sup> *Бұл да сонда*, 37-б.
- <sup>155</sup> Рынок и реформы в России: исторические и теоретические предпосылки. М., 1995, 68-б.
- <sup>156</sup> ЦГА РК, ф. 29, оп. 1, д. 287, л. 7.
- <sup>157</sup> *Бұл да сонда*, л. 11.
- <sup>158</sup> *Бұл да сонда*, л. 60.
- <sup>159</sup> *Бұл да сонда*, ф. 25, оп. 1, д. 969, л. 1–3.
- <sup>160</sup> *Бұл да сонда*, л. 20.
- <sup>161</sup> *Бұл да сонда*, ф. 19, оп. 1, д. 491, д. 68 об.
- <sup>162</sup> Государственная Дума. Первый созыв. Стенографические отчеты. Сессия первая, т. I. СПб., 1906, 113–114-б.
- <sup>163</sup> *Бұл да сонда*, 203-б.
- <sup>164</sup> Малтусынов С. М. Социально-экономическое и политическое положение Казахстана и Государственная Дума. Дисс... канд. ист. наук, А., 1981, 169-б.
- <sup>165</sup> *Бұл да сонда*, 172-б.
- <sup>166</sup> ЦГА РК, ф. 19, оп. 1, д. 64, л. 52, 61 об.
- <sup>167</sup> *Бұл да сонда*, л. 52–53.
- <sup>168</sup> *Бұл да сонда*, л. 56.
- <sup>169</sup> *Бұл да сонда*, ф. 19, оп. 1, д. 116, л. 42.
- <sup>170</sup> *Бұл да сонда*, д. 57, л. 14.
- <sup>171</sup> Букейханов А. Избранное. Алматы, 1995, 236-б
- <sup>172</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>173</sup> *Бұл да сонда*, 250-б.
- <sup>174</sup> Материалы по земельному вопросу в Азиатской России, вып. XVIII. Журналы комиссии по вопросам переселения и колонизации, т. II, 1918, 17-б.



## *Бесінші таралу*

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТИК-САЯСИ ДАМУЫ

## 1. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ӘМПРДІҢ ЖАНДАНУЫ

Революция (1905–1907) қарсаңында өлкеде жұмысшылардың, шаруалардың және басқа да халық топтарының жергілікті өкімет орындарының, байлар мен өнеркәсіпшілердің озбырлығына қарсы жекелеген стихиялы бой көрсетулері болып өтті.

Қазақстанда жұмысшы қозғалысы кеңейе бастады. Ереуілдер саны көбейіп, олар неғұрлым бұқаралық және табанды сипат алды. 1901 жылдың тамызында қыркүйек айларында Караганды кен орындарында Орынбор губерниясынан келген башқұрт жұмысшылары ереуіл жасады, олар жалақыны келісім-шарт бойынша төлеуді талап етті. Ереуілшілерді басқа да жұмысшылар – қазактар, орыстар, татарлар және т.б. қолдады. 1902 жылдың маусымында Семей облысының Зайсан уезінде Михайлор кенішінің жұмысшы қазактарының толкуы болып өтті. Өз талаптары қанағаттандырылмаған жұмысшылар кеніштен кетіп қалды, соның салдарынан ондағы жұмыс тоқтатылды. 1902 жылдың қыркүйек-қазан, 1903 жылдың маусым-тамыз айларында Екібастұз көмір кендерінде жұмысшылардың ереуілдері болып, олар жалақының ұзак кідіртілуіне қарсы шықты және дереу өрі толық есеп айырысуды талап етті. Табанды күрестен кейін жұмысшылар жеңіске жетті.<sup>1</sup>

Орынбор-Ташкент темір жолы құрылышшыларының арасында да жұмысшылардың бой көрсетулері басталды, онда жұмыстан өз бетімен кетіп қалуға қоса, құрылышшы жұмысшылардың азды-көпті ұйымдастыран бөлігі ереуілдер үйымдастыра бастады. Бірақ нашар үйымдастырылуы және саяси толыспағандығы себепті бұл ереуілдер бытыранқы, стихиялы және негізінен экономикалық сипатта болды. 1902 жылдың мерзімді баспасөз Орынбор-Ташкент темір жолын салудағы жұмысшылар арасында «өздерін шеттетіп ұстайтын өкімшілікке қарсы да ызаланушылық күшті» ал, «ереуілдер шағын, жекелеген мердігерлерде болды»<sup>2</sup> (яғни бытыранқы, стихиялы. – Ред.) деп атап өтті. Ең ірі ереуілдердің бірі Мұғалжар станциясында (жолдың солтүстік бөлігінде) 800 құрылышшы жұмысшының ереуілі болды, онда 1903 жылғы 26 маусымда жалақының кідіртілуі себепті «жұмысшылар арасындағы күшті толқулар басталып, олар тобырдың Хорош кеңесесінің (мердігердің) жанына көп топталуынан көрінді». Толқу бірнеше күнге созылып, жұмысшылардың жеңісімен аяқталды. Осы участкедегі жұмыстарға басшылық еткен инженер Раден өз ра-

портында былай деп жазған: «Жіберілген екі жандарм қаншама күш салғанымен еліріп алған тобырды ауыздықтай алмады, сөйтіп 29 маусымға қараған түні тобыр мені түнімен қоршап алып, қамауда ұстап, кетуге мүмкіндік бермеді. Жұмысшыларды қанағаттандыруға мәжбүр болдым». Жұмысшылардың ереуіліне салынып жатқан жол бойындағы жерлерін жол құрылышы мен Орынбор казак әскерлеріне тартып өперілуіне қарсы шыққан жергілікті казақ шаруалары да қосылды.<sup>3</sup>

Басталған орыс-жапон соғысы, оның империалистік сипаты және орыс әскерлерінің женілісі өлке халқы арасында патшалық режимге наразылық пен ашу-ызаның одан сайын өршуіне әкеп сокты. «Туркестанские ведомости» газетінде былай деп жазды: «Бізге Перовскіден жергілікті қазақтар соғысқа өте-мөте ден қоюда және ол туралы таралып жүрген сыйыстарға құлшына құлақ түреді деп хабарлауда».<sup>4</sup> Құрылышы жұмысшылар арасында ашық наразылық білдіру жиілей түсті. 1904 жылдың қазанында жолдың онтүстік бөлігінің 2-учаскесінің күзетшісі қазақ Жұмабай Дөненбаев «орыс патшасын және оның отбасын балағаттап, корлағаны жөнінде» полициялық қудалауға ұшырады.<sup>5</sup> 1904 жылдың желтоқсанында Түркістан станциясының жұмысшысы Кириллов Киыр Шығыста орыс әскерлерінің женіліс табуына және патшаның дарынсыздығына ашу-ызасын жария білдіргені үшін сот арқылы жауапта тартылды.<sup>6</sup>

1904 жылдың шілдесінде, әсіресе, бірінші орыс революциясының қарсандында, Зайсан уезіндегі Надеждинск алтын кеніші жұмысшыларының Мейірхан Кемалов басшылық еткен бас көтерулері, 1901 жылғы 20–22 желтоқсанда Спасск мыс балқыту зауытында қазақ жұмысшыларының бас көтеруі, 1904 жылғы желтоқсаның аяғында Қарағанды кен орындарының Бекбосын Сиқымбаев бастаған жұмысшыларының бас көтеруі және басқалар болып өтті.<sup>7</sup>

Революцияның басында және 1905 жылдың күзіне дейін Қазақстанда ірі бой көрсетулер болған жок, өйткені жергілікті еңбекшілер патша өкіметінің 9 қантарда Петербургте бейбіт демонстранттарды қанға бөктіріп жазалауына үйимшылдықпен қарсы шыға алмады. Тек Ташкентте, Омбы мен Верныйда ғана наразылық митинглері және демонстрациялар болды. Экономикалық сипатта болған жалпыресейлік қантар-акпан бас көтеруіне өздерінің жұмыстас жолдастарын тартқан теміржолшылар ғана ерекше болды. Бұл бас көтеруге Орал, Перовск, Түркістан, Шалқар және басқа станциялардың темір жол шеберханалары мен деполарының жұмысшылары белсене қатысты. Көптеген қалалар мен темір жол тораптарында жұмысшылардың 1 Мамырға арналған жиындары өткізілді. 1905 жылғы мамырдың аяғында Жосалы станциясында құрылышы жұмысшылардың толкуы өтті. Бұл айлар қалалар мен уездерде өлі де біріккен партия үйимдарына кірген социал-революционерлер мен социал-демократтардың революциялық прокламациялары мен үндеухаттарының таралуымен де сипатталады. Қазақстандағы революциялық қозғалыстың айтарлықтай өрлеуі 1905 жылғы қазан-қараша айларында өтеді, ол кезде 17 қазандағы патша манифесінің жариялануы Қазақстанның көптеген қалаларында көп адам қатысқан митинглерге, демонстрацияларға және халықтың қалың тобының басқа да бой көрсетулеріне ұштасқан болатын. Оларды дала өлкесінде Омбы қаласындағы 19 қазанда өткен митингі мен басқа да оқиғалар бастап берді, оларды үйимдастырушылардың бірі ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бекейханов (1870–1937) болатын. Оның бас-

тамасы бойынша манифест қазақ тіліне аударылды және вице-губернатордың рұқсатымен облыстық баспаханада басылып, 10 мың данасы қазақ ауылдарына таратылды. Э.Бекейханов былай деп жазды: «Қазақтардың жүріп-тұруы арқасында манифест қыска уақытта бүкіл даланың қолына тиді. Жер-жерде қазактар үлкенді-кішілі съездерге жиналды... манифесті оқыды, оны түсіндірді, болашактағы Мемлекеттік Дума сайлауы туралы мәселелерді талқылады. Облыстың ең алыс тұкпірлерінен қазақтар топ-топ болып қалаларға барды, онда қала тұрғындары үйымдастырыған қалалық митинглерге қатысты. Орыстар, татарлар, сарттар мен казақтар бір туысқан отбасына қосылып кетті».<sup>8</sup>

Казакстанның барлық қалаларында 17 қазандағы манифестке арналған саяси шерулер, митинглер мен жиналыстар толқыны жайылды. Перовскідегі, Оралдағы, Қарқаралыдағы, Павлодардағы және басқаларындағы манифестациялар неғұрлым ірі болды. Оларды орыстар арасынан да, қазақтардан да шыққан жергілікті зиялыштар үйымдастырыды. Омбы жандарм басқармасы бастығының мойындауынша, Э.Бекейханов «барлық митинглер мен петициялардың және үкіметке қарсы үгіттердің үйытқысы, даладағы... қазақтардың барлық діни-саяси қозғалысының көшбасшысы және жетекшісі сияқты» болды. Бұл күндерде Оралда Б.Қаратаев пен Ж.Сейдалин, Қарқаралыда А.Байтұрсынов, Бекметовтер және Ж.Ақбаев және т.б. ерекше белсенділік көрсетті. Э.Бекейханов былай деп жазды: «Ж.Ақбаевтың Павлодардан Қарқаралыға баруы үгіт сапарына айналды. Жол бойында шешенді барлық жерде топтанған қазақтар қарсы алып, көптен күткен қонағы сияқты қабылдады... онымен туыстары сияқты, кошасты. Ол туған қаласы Қарқаралыға қарашаның ортасында жетті. Полиция басқармасының қарсы алдындағы бірден-бір аланда дереу митинг үйымдастырылды».<sup>9</sup> Сөйтіп 1905 жылғы 15 қарашада әйгілі Қарқаралы оқиғалары басталды, ол мұсылмандардың құрбан айт мейрамына тұстас келді. Негізінен қазақтардан, татарлардан, орыстардан және басқаларынан тұратын 400-дей адам қатысқан митингіде Ж.Ақбаевтан басқа бітістіруші судья Вайсерт, сот тергеушісі Михалевич, священник Иванов, орманшы Астрейн, мұғалім Чемоданов, жергілікті әскери команданың бастығы Гомбинский, әскери дәрігер Богуславский, орыс-қазақ училищесінің мұғалімі Аяғанов, бітістіруші судьяның хат жүргізушісі Төлеңгітов, саяси бақылауда жүрген Соколов және басқалар сөз сөйледі.

Бұл Қарқаралы оқиғаларының кең өлеуметтік базасы болғанын дәлелдейді, дегенмен оларды үйымдастырушылар қазақ зиялыштарының алдыңғы қатарлы өкілдері: Ж.Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов (жергілікті орыс-қазақ мектебінің мұғалімі), Көлбай Тоғысов (бітістіруші судьяның хат жүргізушісі), Ережеп Итбаев (Щербина экспедициясына қатысушы, 1896—1906 жылдары Э.Бекейхановтың көмекшісі) және басқалар болды.<sup>10</sup> Ж.Ақбаев саяси «бостандықты манифест бойынша патша өз еркімен беріп отырған жоқ, одан күшпен тартып алынды» деп атап көрсетті және халықты отаршылдық өкімшілікке бағынбай, қайта оған қарсы құресуге шакырды.<sup>11</sup> Кейіннен Қарқаралы оқиғаларының басшылары қуғынға ұшырады, кейбір шенеуніктер жұмыстан босатылды немесе басқа жерлерге ауыстырылды, қалғандары қашып кетті, ал Ж.Ақбаев Якутияға жер аударылды.

Қазакстанда жұмысшылардың кішігірім және стихиялы бой көрсетулерден неғұрлым ірі және үйымдастқан бой көрсетулерге үласуы бірінші ресей революциясының ең жоғары өрлеу кезеңі болып табылатын 1905 жылғы қазан-

желтоқсан кезеңінде болып жатты. Өлкедегі жұмысшы қозғалысы нақосы айларда кен-зауыттардағы, кеніштердегі, шахталардағы, темір жолдардағы және қала көсіпорындарындағы ірі бас көтерулермен сипатталады, олар Ресейдегі революциялық қоғалардың жалпы барысымен тығыз байланысты еді.

Қазақстан теміржолшылары Ресейдің жалпы барлық темір жолдарын қамтыған 1905 жылғы қазандағы жалпыға бірдей саяси ереуілге белсене қатысты, оның негізгі талаптары саяси кепілдіктер мен бостандықтарды дереу жариялау, Құрылтай жиналысын шақыру және т.б. болатын. Қазақстан теміржолшылары экономикалық талаптар да койды.

17 қазандағы саяси бостандықтар беру туралы жоғары мәртебелі манифест жұмысшы қозғалысын бәсендеткен жок, қайта оның бірінші толқынын туғызды. Орынбор-Ташкент темір жолындағы поездардың жүрісі: солтүстік бөлігінде (Орынбордан Қазалыға дейінгі) – 14 қазаннан 20 қазанға дейін, ал онтүстік бөлігінде (Ташкенттен Қазалыға дейінгі) – 15 қазаннан 2 қарашаға дейін тоқтатылды, Рязань-Орал темір жолының Покровск-Орал участесінде ереуіл 11 қазанда басталып, 23 қазанда аяқталды және оған қоса поездардың жүрісі тоқтатылды. Сібір темір жолындағы, соның ішінде оның Омбы-Петропавл участесіндегі казан ереуілдері және одан кейінгі саяси ереуілдер кезінде поездардың жүрісі тоқтатылмады, бұл магистральдің ерекше жағдайына байланысты еді, онымен сол кезде батысқа жарапыларға, Қыр Шығыстан қайтып келе жатқан солдаттарға лық толы поезд эшелондары үздіксіз ағылып өтіп жатты.<sup>12</sup> Сонымен бірге Орынбор-Ташкент темір жолының онтүстік бөлігінің жұмысшылары бүкіл Түркістанды қамтыған Ташкент гарнизонының көтеріліс жасаған солдаттарын патша өкімет орындарының айуандықпен жазалауына қарсы наразылық белгісінде өткен қарашадағы саяси бас көтеруге қатысты. Қазақстан теміржолшылары Ресейдің жалпы барлық темір жолдарын қамтыған желтоқсандағы саяси ереуілге қосылып, бұл орайда экономикалық сипаттағы да талаптар ұсынды.

Петропавл, Орал, Перовск, Қазалы, Түркістан және басқалары сияқты темір жол шеберханалары мен деполары бар көптеген станцияларда ереуілдік темір жол комитеттері құрылып, поездардың жүрісіне басшылық етуді ғана емес, сонымен қатар іс жүзінде жергілікті жерлердегі бүкіл билікті өз қолына алды. Басқа станцияларда жаңа революциялық өкіметтің бастамасы болған ереуіл комитеттерінің міндеттерін атқарған делегаттар сайланды. Бұл жөнінен Перовск революциялық комитетінің қызметі сипатты, ол 1905 жылғы қазаннан желтоқсанға дейін үздіксіз дерлік ереуіл жүріп жатқан Ташкент темір жолының бүкіл онтүстік бөлігін іс жүзінде басқарып, теміржолшылар арасында жетекші рөл атқарды. Комитеттің өкімімен Түркістан станциясынан Қазалы станциясына дейін поездардың жүрісі тоқтатылып тасталды, паровоздар ағытылып, олардың механизмдері іске қосылмады, ал кондукторлар мен қызметшілер үйлеріне жіберілді. Перовскіден екі жаққа да телеграфты комитет бақылауға алды. Ол өз станциясындағы ғана емес, жолдың бүкіл онтүстік бөлігіндегі азық-түлік істеріне де өз бақылауын орнатты, жұмысшыларға станция буфетінен өнімдер үлестіріліп берілді, мұктаж жұмысшыларға қаражат жинау және т.б. жүргізілді. Комитет қоғамдық және өкімшілік өмірді басқарды, қоғамдық қауіпсіздік пен қазына мүлкін күзетуді жүргізді, арандатушылар мен штрейхбрехерлерге қарсы сот ісін талқылаумен және т.б. айналысты. Комитеттің төрағасы темір жол қызметшісі, бұрынғы халықшыл

(«Халық еркінің» мүшесі) Е.З.Новоковский болды. Комитетке депо жұмысшылары – социал-демократтар С.З.Табацкий мен А.И.Торохов және басқалары кірді. 1905 жылғы қараашаның аяғында теміржолшыларды басып-жаныштау үшін Ташкентке өскер келіп, олар станция мен депоны басып алды, бірақ жолдың онтүстік бөлігіндегі қараша бас көтеруі Перовск комитетінің табандылығы арқасында 16 қаращадан 9 желтоқсанға дейін жалғасты. Ал бұл кезде көршілес Орта Азия темір жолында ол 3 желтоқсанда аяқталған еді.<sup>13</sup>

1905 жылдың желтоқсанындағы Ресей темір жолдарындағы бұкілресейлік саяси ереуілге орай Рязань-Орал темір жолының Покровск-Орал участесінде 11–23 желтоқсан аралығында жолаушылар және тауар тасу қатынасы тоқтатылды. Орал станциясында теміржолшылардың көп адам қатысқан жиналсы өтті. Оларда осы магистраль жұмысшылары мен қызметшілерінің 1905 жылғы 15 қаращадан 6 желтоқсанға дейін өткен съезінің Мәскеуден оралған делегаттары сөз сөйлемеді.

Ереуілге теміржолшылардың комитеттері басшылық етті, олар телеграфты, жүріс және жол қызметтерін өздерінің қолына алды, темір жол бастықтарын шеттетті. Жол бойындағы жұмысшылар мен қызметшілердің мұктаждарына арналған азық-түлік поездарының жүрісі ғана жүзеге асырылды. 14 желтоқсандағы Орал станциясы мен депоның өскерлер басып алды, ал ереуіл 22 желтоқсанға дейін жалғасты, барлық поездардың тұракты жүрісі 23 желтоқсаннан бастап қана қалпына келтірілді.

Желтоқсан саяси ереуілі Орынбор-Ташкент темір жолының солтүстік бөлігі бойынша ерекше табысқа жетпеді, оларға Орынбор станциясы бас шеберханалары жұмысшылары, Актөбенің теміржолшылары ғана қосылды; поездардың жүрісін тоқтату өрекеттеріне дер кезінде шақырылған казактар мен өскери құзет кедергі жасады.<sup>14</sup>

1905 жылдың желтоқсанында Павлодарда өзенші жұмысшылар үйымдастын түрде бас көтерді. Олар комитет сайлап, өкімшілікке өздерінің: жалақыны арттыру, зейнетакы қорын көбейту, тегін медициналық көмек көрсету, ақы төленетін демалыс беру және т.б. жөніндегі талаптарын қойды.

Ереуіл қозғалысы жергілікті жұмысшылардың, өсіреле кен және кен-затыт өнеркәсібінде жұмысшылардың басқа да санаттарын қамтыды. Өлкенің кенші-жұмысшыларының ең ірі және үйымдастан бас көтерулері 1905 жылдың желтоқсанында Успен кенишінде өтті, ол басқа кеніштермен, Қарағанды көмір кен орындарымен және Спасск мыс-балқыту зауытымен бірге бұл кезде француз капиталисі К.А.Карноның иелігінде болатын. Кениште 334 адам жұмыс істеді, олардың ішінде 269 казак және 65 орыс болды: соңғыларының арасында Оралдан, атап айтқанда, Нижний-Тагиль зауытынан келген тұракты жұмысшылар аз болмады, бой көрсетулерге қатысушылардың алдыңғы қатарлы бөлігін құраған да солар болатын. Кениш жұмысшылары 1906 жылғы 6 желтоқсанда митингіде өздерінің өкімшілікке талаптарын өзірлеп, олардың алдына қойды, олар негізінен экономикалық сипатта болды (жұмысшыларға босатылатын барлық өнімдердің бағасын төмендету; жалақыны арттыру, жұмысшыларды сұық өтпейтін киіммен және аяқ киіммен жабдықтау, қазак жұмысшыларына арналған үй-жайлар – казармаларды жақсарту, орыс-қазак училищесін ашу және т.б.), «Орыс-қазақ одағын» құрды. Оны Петр Топорнин, Владимир Мартылова, қазак жұмысшылары Элімжан Байшағыров, Ыскак Қасқабаев және басқалар басқарды, өздерінің талаптары қанағаттандырылмаған жағдайда «орыс-қазақ бас көтеруін» жариялайтын болып шешті. Ол 11

желтоқсанда басталып, «капитализмге қарсы орыс-қазақ одағы» ұранымен өтті. Кеніш басқарушысы бас көтерушілерге қарсы қресте жергілікті болыстардың билеушілерін билер мен ақсақалдарды пайдаланды, олар қазақ жұмысшыларына қысым көрсетті. Бұл табысқа жеткізбеді, өйткені жұмысшылар үйымдасқан түрде және біртұтас табандылықпен қимыл жасады. Сондыктан кеніш әкімшілігі жұмысшылардың негізгі талаптарын қанағаттандырыды: жалақыны көтерді, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізді, азық-түлік бағасын төмендетті, су өткізбейтін киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз етті және т.б. Бірақ ереуіл аяқталғаннан кейін оның үйымдастырушыларын жазалай бастады, 16 адамды, соның ішінде П. Топорнинді және жұмысшылардың басқа да басшыларын жұмыстан шығарды. Успен кенішіндегі бас көтеру, әсіресе «орыс-қазақ одағының» қызметі, өздерінің саяси және экономикалық құқықтары жолындағы қрестер Қазақстанның қазақ, орыс және басқа жұмысшыларының ынтымағы нығайғанын дәлелдеді.<sup>15</sup>

Мәскеудегі желтоқсан қарулы көтерілісі женіліске ұшырағаннан кейін революцияның шегінісі басталып, реакция шабуылға шықты, бұл Қазақстанда да дереу үндестік тапты. Егер бұрын іргелес жатқан елді мекендерімен қоса, Сібір темір жолы соғыс жағдайында деп жарияланса, 1905 жылғы 23 желтоқсаннан бастап патшаның жарлығы бойынша соғыс жағдайы осы магистраль өтетін барлық уездерге, атап айтқанда, Ақмола облысының Петропавл және Омбы уездеріне таратылды, ал 1906 жылғы 6 қаңтарда патшаның арнаулы жарлығымен Ақмола және Семей облыстарының бүкіл аумағына соғыс жағдайы енгізілді. Сібірге, Солтүстік Қазақстанға Меллер-Закомелскийдің жазалау экспедициясы әкелініп, ол революция құштерін жаппай жазалау жолымен аяусыз басып жаныштауға кірісті. Өлкенің басқа аудандарында да контреволюциялық құштердің тірегі – казактар, жандармдар, полицейлер және әскерлер қатаң жазалау шарапарын жүзеге асырды. Бірінші кезекте, жұмысшы қозғалысының белсенділерін, бас көтерулер мен ереуілдерді үйымдастырушыларды және басқаларды жаппай қамауға алу, жер аудару және жұмыстан шығару басталды. Дегенмен, осындай жағдайларда да Қазақстанда жұмысшылардың, әсіресе қалалық кәсіпорындарда, үйымшылдығы азырақ болсада, жекелеген бой көрсетулері болды.

1906 жылдың маусымында Семей қаласының жалпы барлық кәсіпорындарының жұмысшылары бас көтеру жасады. Ереуілді жекеше жұн жуатын орындар мен өзен жұмысшылары бастап, оған құрылыштылар, ұсак қызметшілер және қара жұмысшылар қосылды. Олардың арасында орыстардан басқа қазактар мен татарлар едәуір көп болды. Бас көтерушілердің бұқаралық демонстранциясы 6 маусымда халық үйіндегі жиналыспен аяқталды, онда кәсіподактар құрылып, кәсіпкерлерге қойылатын талаптар өзірленді. Олар экономикалық женілдіктерді ғана емес, сонымен қатар жиналыстар мен жиындар өткізу бостандығына құқықты талап етті, қаланың жалпы барлық кәсіпорындарында жұмысшылардың талаптары қанағаттандырылды, өз қожайындарының ішінәра жасаған женілдіктеріне риза болмаған жұн жуу орындарының жұмысшылары ғана бас көтеруді жалғастыра берді.<sup>16</sup>

1907 жылдың наурызында Семей қаласындағы Мусиннің зауыты мен диірмені жұмысшыларының, Орал қаласы полиграфистерінің қысқа мерзімді бас көтерулері мен толқулары болып, олар 8 сағаттық жұмыс күнін, жалақыны арттыруды және т.б. талап етті.<sup>17</sup> 1906 жылы Қазақстанның темір жол бойында жалпыға бірдей ірі бас көтерулер болмағанымен де, осы уақытта

теміржолшылардың үйымшылдығы мен саналылығы одан өрі өсіп, олардың үйірмелері мен кәсіподак үйымдарының нығаюы және қүшеюі орын алды. 1906 жылдың көктемінен бастап темір жол бойларында тағы да жұмысшы қозғалысының өрлеуі басталады. Ұжымдық жиындар, қысқа мерзімді бас көтерулер, маевкалар және т.б. үйымдастырылады. Қазалы және Орынбор-Ташкент темір жолының басқа да станциялары деполарының жұмысшылары 8 сағаттық жұмыс күнінің енгізілуін талап етті, ол Ташкент станциясында шеберханалар мен деподағы өз құқықтары жолындағы табанды күресінің нәтижесінде енгізілді. 1906 жылдың күзінде (қыркүйек пен қазанда) Петропавл станциясы депо жұмысшыларының екі бас көтеруі болды, онда жұмысшылар айдаудан қайтып келген өз жолдастарын – 1905 жылғы қазан бас көтерулеріне қатысуышыларды жұмысқа қабылдауды талап етті.

1906 жылдың жазы мен күзінде, сондай-ақ 1907 жылдың басында өлкенің темір жол станцияларында жекелеген саяси акциялар өткізілді. Мысалы, 1906 жылғы 14–16 шілдеде Қазалы станциясында, 1906 жылғы 7 тамызда – Петропавл станциясында, 1906 жылғы 20 тамызда Ақтөбе станциясында митингілер және саяси қамаудағылармен кездесулер өткізілді; 1907 жылғы 14 ақпанда Орал станциясында Мемлекеттік Думаның депутаты И.И.Космодамианскийді Петербургке шығарып салудың аяғы саяси митингі мен шерулерге айналды. Ақтөбе, Петропавл станциялары мен басқаларында да осындағы оқиғалар орын алды. Сібір темір жолының Омбы-Петропавл участкесінде теміржолшылар күресінің негізгі нысаны итальяндық ереуіл дейтін болды, бұл орайда поездардың жүрісін тоқтатуға мүмкіндігі болмаған жұмысшылар жұмысқа ыждағатты түрде шығып, бірақ өз міндеттерін орындаамады. 1907 жылғы теміржолшылардың ірі бой көрсетулерінің бірі Омбы-Петропавл бас көтеруі болды, ол Сібір темір жолының жұмысын бір айдан астам, 8 ақпаннан 19 наурызға дейін тоқтатып таstadtы. Бірақ бұл бас көтеруді Сібір магистралының басқа шеберханалары мен деполары колдамады. Осыны пайдаланған жергілікті өкімет орындары оған қатысуышылардың бой көрсетуін аяусыз басып таstadtы. Эскери күштер де іске қосылды. Паровоз бригадалары паровоздарға өскери айдауылмен апарылды, ал станцияны өскери коршап алды, жұмыстан бас тартқандардың орнына Омбы өскери гарнизонының жұмысшылары жіберілді. Жұмысшыларды және т.б. жаппай қамауға алу, жер аудару және жұмыстан шығару басталды.<sup>18</sup> 1907 жылғы 28 мамырда Перовск станциясы депосының шеберханаларында жұмысшылардың бас көтеруі тұтанды, оны жөндеу жұмыстары үшін кесімді ақыны үнемі төмендету, өкімшіліктің озығынан жұмысшыларды жұмыстан шығару туғызған еді. Бірнеше күнге созылған бас көтеру жеңіліспен аяқталды.<sup>19</sup> Мұның бәрі бүкіл Ресейдегі сияқты, Қазақстанда да 1906–1907 жылдарда революциялық күштердің, өсіреле жұмысшы қозғалысының қарсыласа отырып шегінгенін көрсетеді.

Бұл жылдарда азаттық күресіне жаңа күштер, атап айтқанда, казактардың ең кедей топтары, жергілікті гарнизондардың солдаттары, оқушы жастар және өлкенің басқа да демократиялық күштері тартылды. 1905 жылғы 16 қантарда Жетісу облысының Жаркент уезі гарнизондарының солдаттары мен казактары оның бастығына 20 тармактан тұратын, соның ішінде солдаттар, казактар мен олардың отбасы мүшелері үшін мектептер мен кітапханалар ашу туралы, офицерлердің солдаттарға сыйластықпен қарауы және т.б. туралы талаптар қойды. 1907 жылдың көктемінде Оралдың, өлкедегі басқа да қалалардың окуорындары оқушыларының толкулары болып өтті. 1907 жылдың сәуірінде Вер-

ный қаласында жұмысшылар ғана емес, сонымен қатар қолөнершілер, мұғалімдер мен оқушылар, ұсақ қызметшілер және қалаға келген шаруалар, барлығы төрт мындей адам қатысадан, қызыл жалаулар көтеріп, революциялық әндер шырқалған және т.б. көп ұлтты шерулер болды.<sup>20</sup>

Жұмысшы қозғалысының және басқа да революциялық күрес нысандарының дамуында социал-демократтардың жергілікті ұйымдары мен топтары маңызды рөл атқарды, олардың қызметіне Қазақстанға тікелей жақын жерде әрекет жасаған Орынбор, Ташкент, Сібір, Астрахан, Самара, Саратов РСДЖП комитеттері зор ықпал етті. 1904 жылы пайда болған «Сібір социал-демократиялық одағының» өсіресе оның Омбы ұйымының ерекше маңызы болды. Ол еңбекшілер арасында бірінші кезекте, Петропавл, Көкшетау және Қазақстанның басқа да солтүстік-шығыс аудандары жұмысшыларының арасында зор насиҳат жұмысын жүргізді, сонымен бірге «Сібір социал-демократиялық одағы» өзінің революциялық прокламациялары мен үндеухаттарын Жетісуда және Қазақстанның басқа да аудандарында таратты.

Атбасарда 1896 жылы Оралдан келген айдаудағы жұмысшы А.Д.Ушаков ұйымдастырған үйірме Қазақстандағы тұнғыш маркстік өздігінен білім алу үйірмесі болып есептеледі. XX ғасырдың басында Ақмолада, Петропавлда, Оралда, Қостанайда, Семейде, Верныйда және өлкенің басқа да қалаларында маркстік үйірмелер пайда болды. Бұл үйірмелерді ұйымдастырушылар: Ақмолада Оралдан келген айдаудағы жұмысшылар В.Невзоров пен П.Н.Топорнин, Успен кенішіндегі «Орыс-қазақ одағының» (1905 ж., желтоқсан) болашақ қайраткерлері, Петропавлда Омбыдан жер аударылған теміржолшылар, соның ішінде слесарь Н.Васильев болды, басқа қалаларда үйірмелерге айдауда жүрген социал-демократтар басшылық етті.<sup>21</sup> Верныйда жергілікті гимназияның жоғары сынып оқушылары арасында маркстік өздігінен білім алу үйірмелері пайда болды. Гимназист М.В.Фрунзе де кірген үйірмелердің біріне айдауда жүрген социал-демократ, Петербург университетінің тарих-философия факультетінің студенті Г.М.Тихомиров басшылық етті.<sup>22</sup> 1904 жылы Омбы кадет корпусында оқып жүрген жас В.В.Куйбышев Көкшетауда маркстік үйірме ұйымдастырды.<sup>23</sup> Қазақстанның маркстік үйірмелері өз қатарларын бірте-бірте нығайтып, революциялық идеяларды үйрену мен насиҳаттаудан саяси үгітке және практикалық қимылдарға көшө баставы. 1903 жылғы 1 Маңырды Оралдың маркстік үйірмесі жергілікті баспахана жұмысшыларының саяси ереуілін ұйымдастырумен атап өтті, ол Қазақстандағы тұнғыш саяси ереуіл болды. Верный гимназистерінің маркстік үйірмелері қалада революциялық әдебиет, үндеухаттар, прокламациялар және т.б. таратты. Бірінші Ресей революциясының қарсаңында және сол жылдарда нақосындағы үйірмелер өлкеде РСДЖП топтары мен ұйымдарын құрудың негізіне айналды.

Революцияның алғашқы айларында бұрын болған маркстік үйірмелер негізінде Петропавл мен Оралда РСДЖП ұйымдары, Петропавлда, Қазалы мен Түркістанда, ал сөл кейінректе – Ақмолада, Көкшетауда, Ақтөбеде, Павлодарда және өлкенің басқа да қалаларында социал-демократиялық топтар құрылды. 1906 жылы Семейде де РСДЖП ұйымы құрылды. Петропавл ұйымында – 147, Орал ұйымында 150 адам болды. Шамамен жасалған есептеулер бойынша, бірінші Ресей революциясы жылдарында Қазақстанда барлығы 500-ге жуық социал-демократ болды.<sup>24</sup> Көріп отырғанымыздай, өлкедегі социал-демократиялық топтар мен ұйымдардың көпшілігі темір жол бойларында ор-

наласқан қалаларда және темір жол ұстаханалары мен деполары бар станцияларда пайда болған. Бұл Қазақстанда ғана емес, Орта Азия мен Сібірде де РСДЖП-ның алғашқы топтары мен үйымдарының пайда болуына ең басты әлеуметтік негізге айналған жұмысшылардың оларда мейлінше көп шоғырануына байланысты еді. Сырдария губернаторының мойындауын атап өтуге болады, ол облыстағы РСДЖП үйымдары мен топтары «көбінесе темір жол және жекеше шеберханалардың жұмысшыларынан», ал эсерлер «көбінесе зиялы адамдардан: адвокаттардан, дәрігерлерден, инженерлерден, студенттер мен шенеуніктерден» тұрады деп жазды.<sup>25</sup> Ресейдің орталық аудандарында тап күресі мектебінен өткен жұмысшылардың шеберханаларда біршама жоғары шоғырлануы, елдің орталығындағы революциялық қозғалысымен, сондай-ақ өлкенің темір жол бойларына жақын жатқан қалалардың жұмысшыларымен неғұрлым етene байланыс, Қазақстанға тікелей жақын орналасқан Орынбор, Ташкент, Омбы, Саратов және басқа қалалар мен теміржол станциялары революциялық құштерінің ықпалы мен басшылығы – осының бәрі теміржолшыларды жергілікті жұмысшылардың мейлінше топтасқан үйымдастың бөлігіне, революциялық қозғалыстың алдыңғы қатарлы сарбаздарына айналдырыды.

Өлкедегі кәсіподак қозғалысының басталуы да 1905–1907 жылдардағы революциялық оқиғаларына байланысты. Алғашқылардың бірі болып Оралда теміржолшылардың кәсіподадағы құрылды (1905 жылғы қараша), оны кейіннен Чапаев дивизиясы командирлерінің бірі болған Н. Смуров, Орал облысының болашактағы партия-кеңес қызметкерлері Н. А. Покатилов пен Н. И. Ульянов басқарды. Оралда бірқатар кәсіподак үйымдары да жұмыс істеді. Олардың ішінде теміржолшылардан кейін баспахана жұмысшыларының кәсіподадағы мейлінше топтасқан және жауынгерлік сипатта болды.<sup>26</sup> Ең ірі Орынбор-Ташкент темір жолы теміржолшыларының кәсіподадағы еді, ол 1906 жылы 6 мың адамды, яғни жол бойындағы барлық жұмысшылар мен қызметшілердің 40,8%-ын біріктірді. Орынбор-Ташкент жолының кәсіподадағында сегіз аудандық комитет, олардың бесеуі Қазақстан шегінде: Түркістан, Перовск, Қазалы, Шалқар және Ақтөбе станцияларында болды. Бұл жолдың кәсіподадағы Бұқілресейлік теміржол одағының 1906 жылдың шілдесінде пайда болған Түркістан бөлімшесінің құрамына кірді. Оған Орта Азия жолы теміржолшыларының кәсіподадағы да кірді (2 мың адам).<sup>27</sup> Сібір магистралі кәсіподадағының құрамында болған Петропавл теміржолшыларының кәсіптік одағы Мәскеуде 1906 жылы шілдеде РСДЖП басшылығымен пайда болған «Кәсіптік одакқа» кірді және оның қатарында 210 адам болды.<sup>28</sup> Семейде жұмысшылардың біртұтас кәсіптік үйымы – «Жұмысшы одағы» құрылды. Успен кенішіндегі «Орыс-қазақ одағы» Қазақстан кеншілерінің өзінше ерекшелігі бар кәсіподак үйымы болып есептеледі. Шамамен жасалған есептеулер бойынша, жалпы Қазақстан бойынша бірінші орыс революциясы жылдарында теміржолшыларды қоспағанда, жұмысшылар мен қызметкерлердің 20–25 кәсіподадағы жұмыс істеді, олар жұмысшылар мен қызметкерлердің жалпы санының шамамен 3,5%-ын біріктірді.<sup>29</sup>

Мұның бәрі теміржолшылар мен кен жұмысшыларының жекелеген ірі бой көрсетулеріне қарамастан, өлкедегі жұмысшы қозғалысының өлсіздігін көрсетеді, бұл жергілікті жұмысшылар санының аздығына, олардың кәсіпорындар бойынша шоғырлануының төмендігіне және өндірістік қызметтің маусымдылығына байланысты болатын. Халқының басым

көпшілігін жергілікті қазақ шаруалары мен қоныс аударушы шаруалар құраған өлкенің әлеуметтік-экономикалық мешеулігімен түсіндіріледі.

Бірінші орыс революциясы жағдайларында бірсыныра дамыған Қазақстандағы аграрлық қозғалыс жалпы әлсіз болып қала берді және шаруалардың жекелеген бытыранқы бой көрсетулерінің шенберінен шықлады. Қазақ шаруалары мен қоныс аударушы шаруалар әлі де кулактардың және казак әскерлері үстем тобының егістерін, шабындық және жайылымдық алаптарын таптап тастаумен, байлардың және басқалардың малын айдал әкетумен, сондай-ақ қүш-көлігі міндеткерлігін орындаудан, өсімақылар төлеуден бас тартумен, отаршылдық әкімшілік өкілдерін сабаумен шектелді. Бірақ бұл стихиялы бой көрсетулердің көлемі өсіреле қазақ шаруалары арасында кеңейе түсті. Толқулар жалпы барлық облыстарда болды, мәселен, Жетісу облысы Арғанаты болысының саны 200 адамнан асатын шаруалары басқарушыны өлтіріп, оған еріп жүрген күзетшілер мен байларды соққыға жыққан. Семей облысының Павлодар уезінде қазақ шаруалары ірі феодал Шормановтың ауылына шабуыл жасап, оның табындарын айдал әкеткен. 1905 жылдың жазында Сырдария облысының Шымкент және Әулиеата уездерінде, Торғай облысының Ырғыз уезінде, Ақмола уезінде және т.б. жерлерде шаруалардың бой көрсетулері болып өтті. Қазақ шаруалары қауымдық жерлерді иеленіп алған ірі жер иелеріне қарсы шықты, Сібір казак әскері мен Алтай кенді округінің жерлерін тиімсіз жалға алу шарттарын қайта қарауды және т.б. талап етті. Осы бой көрсетулер толқынында 1905 жылғы 25 шілдеде Коянды жәрменкесінде (Қарқаралы қаласына жақын жерде) болған қазақтар съезі бастап берген «петициялық» науқан бел алды. Патшаның атына қабылданған петицияда Қазақстанда арнайы мұсылман діни басқармасын ұйымдастыру, мешіттер салу, діни мектептер ашу, Мекеге қажылыққа бару үшін шетелдік төлкүжаттар беру және т.б. туралы талаптар да болды.<sup>30</sup>

Жетісудағы үйғыр және дүнгөн қыстактарында да шаруалардың жекелеген бой көрсетулері орын алды. Олардың кедейлері ірі феодалдардың қауымдық жер иеліктерін басып алуына қарсы, сондай-ақ патша шенеуніктеріне қарсы наразылық білдірді. Бұл петициялық науқан, яғни жоғары тұрған үкіметтік инстанцияларға тұра «ақ патшаға» дейін шағымдар мен өтініштер беру қазақ шаруаларының ұлттық және әлеуметтік езгіге қарсы құресінің өзінше бір нысанына айналды. Мазмұны жөнінен де, шығуы жөнінен де сансыз көп алуан тұрлі бұл петициялар қазақ шаруаларында әлі сақталып қалған патшаның және оның қолшоқпарларының әділдігіне сенуді сипаттап қана қоймайды, сонымен қатар байырғы халықтан құнарлы жерлерді, жайылымдар мен шабындықтарды алып қоюдан көрінген олардың озырылығына қарсы, шамадан тыс салықтарға, міндеткерліктерге және басқа да қиянат жасаушылықтарға қарсы наразылықтың өзінше бір нысаны болып табылады. Қазақ шаруаларының орыс халқына «Қазақтардан – орыстарға» деген үндеуін ерекше атап өту керек. Ол 1907 жылдың акпанында «Оренбургский край», «Уральский дневник» (Орынбор қаласында татар тілінде шыққан) газеттерінде жарияланды. Онда патша әкіметінің отаршылдық саясатының қазақ халқы үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл еңбекші ресей үшін де апатқа соктыратыны атап көрсетілген. Бұл үндеу қазақ шаруаларының саяси оянғанын, олардың орыс жұмысшылары және шаруаларымен құлдыққа түсірушілерге қарсы бірлескен құреске ұмтылысын көрсетеді.<sup>31</sup>

Қазақстандағы жұмысшы қозғалысының да, аграрлық қозғалыстың да, жалпы өлкедегі азаттық құресінің дамуында XIX–XX ғасырлар шебінде туындаған зиялыштар айтарлықтай рөл атқарды.

Өзінің құрамы мен бағыттары, қоғамдық-саяси қызметінің сипаты бойынша зиялыштар өр түрлі топтарды біріктірді, бірақ оның негізгі бөлігін, дәрігерлерді, мұғалімдерді, адвокаттарды және басқаларын қоса алғанда, отаршылдық-әкімшіліктің өкілдері құрады. Бұлар дворяндардан, қоғамның төменгі топтарының әртекті ортасынан шыққандар еді. Олардың көпшілігі үкіметті жақтаған империялық позиция ұстанды. Бірақ арасында социал-революционерлер, социал-демократтар және басқа да революцияшыл элементтер аз болмаған саяси айдауда жүргендегі өлкенің қала еңбекшілерінің бой көрсетулеріне ерекше белсенді түрде қатысты. Көптеген қалаларда революциялық және либерал-демократиялық (кадеттер, октяристер және т.б.) партиялардың да, қаражұздік партиялардың да ұйымдары пайда болды, оларда зиялыштардың өкілдері елеулі жағдайға ие болды.

Қазақ халқының өлкедегі аграрлық мәселені өділ шешу жолындағы құресімен тығыз астасып кеткен ұлт-азаттық қозғалысындағы қазақ зиялышарының маңызын атап өту ерекше зор. Жергілікті зиялыштардың қатары өздерінің көзқарастары мен іс өрекеттері жөнінен ерекшеленді. Олардың кейбіреулері, негізінен төменгі топтардан шыққандары социалистік идеяларды ұстанды, социал-демократтар, эсерлер және басқалар болды немесе соларға қызмет істеді. Мысалы, Омбы поча-телеграф кеңсесінің телографисі, кеңсе қызметшілері бас көтеруін ұйымдастырушылардың бірі, Қарқаралыдан шыққан Мұхаммед-Максұт Хамидуллин-Бекметов, кейбір мәліметтерге қарағанда, 1903 жылдан РСДЖП мүшесі болып, өсіресе 1905 жылғы қазандағы Бүкілресейлік саяси ереуілдің қарсаңында және оның кезеңінде өз жерлестерімен тығыз байланыс жасап отырған, белгілі Қарқаралы оқиғалары ұйымдастырушыларының бірі болған, Дағын Әлкесінде, Омбы, Павлодар, Петропавл, Семей, Қарқаралы қалаларында және басқаларында революциялық идеяларды насиҳаттаумен айналысқан. Жандармдар тұтқынға алған кезде, одан революцияшыл «Жұмысшы марсельезасы» өнінің телеграф бланкісіне басылған үзінділері, сондай-ақ қазақ тіліндегі прокламация-өлеңдерін мәтіні табылған (ол да телеграф бланкісінде, бірақ құпиялық сактау үшін латын әліпбиімен, қолдан қарындашпен жазылған; ол кезде қазақтар араб әліпбиін пайдаланатын еді), онда орыс-жапон соғысының империалистік мәні, салықтар мен алымдар еңсесін езген, билеушілердің дарынсыздығы салдарынан жапондардың қолынан қырылып жатқан қарапайым халықтың ауыр жағдайы өшкере етілген. Өлеңде патшалық Ресейдегі үлкен «бұлік» туралы хабарланағып, халықты мерзімі енді жеткен іс-қимылға шакырған.<sup>32</sup> Жол-жөнекей айта кетелік, М.-М. Хамидуллин-Бекметов қазақ ақындарының өлендерін жинап, жинақ бастырып шығарған,<sup>33</sup> Ахмет Байтұрсыновпен жақсы таныс болған және газеттерге мақалалар жазып, орыс оқырманын оның өдеби шығармашылығымен және қоғамдық саяси қызметімен таныстырған. Қазақ зиялыштарының саны жөнінен ғана емес, сонымен қатар ықпалы жөнінен де неғұрлым елеулі бөлігі либерал-демократиялық көзқарастарда тұрды. Бұлар негізінен даладағы аристократиялық топтардың өкілдері болатын (Әлихан Бекейханов, Бақытжан Карагашев, Жақып Ақбаев және басқалар), дегенмен олардың арасынан ауылдың орташа және төменгі топтарынан шыққандар да кездесті (Ахмет Байтұрсынов және басқалар). Олар 1905 жылдың желтоқсанында Оралда бес облыс-

Телеграмма.

Телеграфъ

Вз.

100.

№

Джонагат көнлак сал айткан суңға  
Күннілдерін макт кілгү осі кірсетілі.  
Дөлеке тік іспи негізда үлкән болыс.  
Мін айтқыш біраз көбеке инди суңға  
Халық дүккіттү кінаб алаң алып.  
Кілдайнған сісін білеңді жетекші халық  
Кезеңнің ах еі халықтың шілдесінде  
Істекшін тұлғы күсінде кандидат болыс  
Маңынан Вик

\* Укус ка айдаң барып күб діжүр.  
Күннің ікенешін көнсеттү Тажон болға  
Міллион лас солдат оғарыпсақта  
Күр дісіп күлде жақ айдаң тақыр  
Бул укус інідан бірге іктін бінесінде сүз  
Айталаң патенорлық халықтың шілдесі  
Шілдеді діжалады. Ені Ағасын  
такаддіс мілленда қоғандар түз

«Халықка үндеу» (мәтін латын алфавитімен жазылған).

тың қазақ халқы делегаттарының съезін өткізіп, өз партиясын – Ресей конституциялық-демократиялық партиясының бөлімшесін құруға өрекет жасады. Ол 17 қазандағы патша манифесімен берілген бостандықтар шенберінде қазақтардың үлттық мұдделерін қорғауға тиіс болатын. 1906 жылдың ақпанында Семейде қазақтардың екінші съезі болды, ол кадеттерге жақын бағдарламаны мақұлдады, бірақ оған өлкеге шаруалардың коныс аударылуын тоқтату, Қазақстанның барлық жерін байырғы халықтың меншігі деп тану, үлттық мектептер ашу, және т.б. туралы талаптарды енгізді. Бұл саяси ағымды Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, М.Шоқаев, М.Дулатов, Б.Қаратасев және қазақ зиялышарының басқа да көрнекті қайраткерлері басқарды. Олар дін үстану бостандығын жактап, өсіресе үкімет пен жергілікті органдардың мұсылман дініне қарсы актілеріне қарсылық білдірді. Үлттық мәдениетті дамытуды, сондай-ақ Қазақстанда қазақ тілін басқа тілдермен тең қолдануды жақтады.

Бұл жылдары қазақтардың үлт-азаттық қозғалысы діни құрес нысанына да ие болды, оның барысында Қазақстанда арнайы мұсылман діни басқармасын үйімдастыру, мешіттер салу, діни мектептер ашу, қазақ тіліндегі мектептерде ислам дінін уағыздау, Мекеге қажылыққа баруға арналған шетелдік төлкүжаттар беру және т.б. туралы талаптар қойылды. Мұсылман дінбасылары мен татар буржуазиясының ықпалы күшті болған Семейде, Петропавлда, Ақмолада, Верныйда және басқа қалаларда діни үйімдар пайда болды. Өлке мұсылмандарының діни талаптар қойған петициялық науқаны кеңейді. 1905 жылдың тамызында Нижний Новгородта Бұкілресейлік мұсылмандар съезі шақырылды, онда Қазақстан дінбасыларының өкілдері де қатысты. Съезд «Бұкілресейлік мұсылман одағын» құрды. Ол өзінің үшінші съезінде (1906 жылғы тамыз) рухы жөнінен кадет партиясының идеяларына жақын бағдарлама қабылдады. Патша өкіметі Ресейдің, соның ішінде Қазақстанның да мұсылман қауымына бірқатар женілдіктер жасауға барды.<sup>34</sup> Мұсылман қозғалысы түрік халықтарының Ресей империясы құрамындағы автономиясы және мәдени-автономиялық дамуы туралы мәселе көтерді.

Қазақстан халқының саяси санасын көтеруде Мемлекеттік Дума сайлауда айтарлықтай рөл атқарды, сайлау кезінде саяси партиялардың сайлаушылар дауысы үшін құресі өрістеді. Мемлекеттік Дума сайлауды сословиелік теңсіздікке және мүлік цензіне негізделген жүйе бойынша өткізілді. Сайлаушылар тең емес 4 курияға: егіншілік (помещиктік), қалалық (буржуазия, үйиелері, пәтер жалдаушылар), шаруа және жұмысшы курияларына бөлінді, олардың өкілдігі бірдей болған жок: помещиктер ерекше артықшылыққа ие болды, олардың бір дауысы қалалықтардың үш дауысына, шаруалардың 15 дауысына және жұмысшылардың 45 дауысына теңестірілді. Империя халқының көпшілігін құраған шаруалардың жұмысшылар алдында кейбір артықшылықтары болғанымен, алғашқы екі куриямен салыстырғанда дауыстары азырақ болды. Бұл жүйе жұмысшылардың құқықтарын қатаң шектеді, олардан сайлауға 25 жастан асқан, фабрика-зауыт, тау-кен және кен-зауыт өнеркәсібінің, темір жол щеберханаларының кемінде 50 адамы бар кәсіпорындарында жұмыс істейтін еркектер ғана қатыса алатын болды. Соның нәтижесінде Ресейдің барлық жұмысшыларының 3/4 бөлігі сайлауға қатысудан шеттетілді. Үлттық шет аймактар халқының да құқықтарына қысым жасалды, Мемлекеттік Думаға орыс тілін білмейтін және т.б. «бұратана» сайлауна алмады. Қазақстандағы Мемлекеттік Дума сайлауды орыс халқының саны

едәуір болатын өлкенің ең ірі облыстарында социал-демократтар мен трудовиктер партиясы мүшелерінің, ал қазақ халқы арасында либерал-демократиялық ұлттық зияллылар өкілдерінің зор ықпалы болғанын көрсетті.

Мемлекеттік Дума сайлауы Қазақстанның бүкіл аумағында төтенше жағдай талаптарымен өткізілді. Мұның өзі орасан үлкен өлкенің бүкіл қазақ халқын кемсітуге өкеп сокты, бұл орайда өкімет орындарының озбырлығы ерекше болды, олардың басты мақсаты қазақ халқының өкілдерін патшалық ресейде алғаш рет құрылған заң шығарушы өкімет органдарына жібермеу болатын. «Ақмола облысындағы сайлауда полициялық озбырлықтың кең қулаш жайғаны сонша, оған қарсы айтылған шағымдар Мемлекеттік Думада талқыланды».<sup>35</sup>

I Мемлекеттік Думаға (1906 жылғы 8 шілдеде таратылды) Қазақстаннан 9 депутат, оның ішінде 4 миллиондық қазақ халқынан 4 депутат: Ә.Бекейханов, А.Бірімжанов, А.Қалменов және Б.Құлманов сайланды. Орыс халқы 5 депутат сайлады: В.И.Ищерский (дәрігер, социал-демократ), И.П.Лаптев (алым инспекторы, партияда жоқ, демократиялық реформалар партиясын жақтаған), В.В.Недоносов («Уралец» газетінің редакторы, зангер, трудовиктер партиясын жақтаған), Н.Е.Дыхнич (шаруа, партияда жоқ, кадеттерді жақтаған), Н.Я.Коншин ( зангер, кадеттерді жақтаған) сайланды.

Патша халық бұкарасының назарын алаңдату үшін шақырған I Мемлекеттік Дума оның үміттерін актамады, ал оның мінберін партиялар өз мақсаттарына пайдаланды.

I сайланған Мемлекеттік Думада А.Қалменов пен зангер А.Бірімжанов ерекше белсенделік көрсетті. А.Бірімжанов Петербургке 1906 жылғы шілденің ортасында ғана барғанымен, ол аграрлық мәселе бойынша ескертпелер мен ұсыныстар айтып сөз сөйледі. Думаның мұсылман фракциясындағы басқа депутаттармен бірге А.Бірімжанов Қазақстандағы жер реформасы туралы бірқатар пікірлер айтты. Бұл мәселе бойынша жарыссөзде I Мемлекеттік Думаның депутаттары Т.Седельников, В.Недоносов, Н.Бородиндер де белсенді түрде сөз сөйледі.

Елдегі революциялық бой көрсетулердің бәсендеге пайдаланып, 1906 жылғы 8 шілдеде патша Думаны қыуп таратты. Ә.Бекейханов кадеттер, трудовиктер мен социал-демократтар шақырған бұрынғы Мемлекеттік Дума мүшелерінің Выборгтегі жиналышына қатысты, онда халыққа салық төлемеуге, үкіметке қарыз және қосымша солдаттар беруден бас тартуға шақырған үндеу қабылданды. Осы үшін Санкт-Петербург сот палатасы Ә.Бекейхановқа 3 ай түрмеге қамауға үкім шығарып, Семей түрмесіне қамалды. Содан кейін Самараға жер аударылды.

II Мемлекеттік Дума сайлауы 1905 жылғы 6 тамыздағы және 11 желтоқсандағы сайлау зандары негізінде өткізілді. Қазақстан мен Сібірдің төмен жаляқы алатын темір жол жұмысшылары бұл кемсітушілік заң бойынша сайлау құқықтарынан айырылды.

Дума депутаттарының бірі М.Шахтахтинский «II Мемлекеттік Думаның нәтижелері барлық конституцияшылдарды, орыс бұратаналарын орыс конституцияшылдарымен бірлесіп конституцияны қорғау үшін бірігүе мәжбүр етуге тиіс болатындықтан қауіп туғызады» деген пікір айтты. II Мемлекеттік Дума негізінен кадеттерден, социал-демократтар мен октябристерден тұрды.<sup>36</sup>

II Мемлекеттік Думада Қазақстаннан енді 14 депутат, соның ішінде, қазақ халқынан 6 депутат болды, олар: молда Ш.Қосшығұлов – Ақмола облысы-

нан, би Х.Нұрекенов – Семей облысынан, адвокат Б.Қаратаев – Орал облысынан, сот тергеушісі А.Бірімжанов – Торғай облысынан, Т.Аллабергенов – Сырдария облысынан, қатынас жолдары инженері М.Тынышбаев – Жетісу облысынан. Бұл Думаға орыс халқынан 8 депутат: өскери дәрігер А.К.Виноградов (социал-демократ) – Ақмола облысынан, агроном И.Ф.Голованов (социал-демократ) – Торғай облысынан, мал дәрігері И.И.Космодамианский (оның азаматтық көзқарасы социал-демократтардың және трудовиктердің идеяларымен үндес болды) – Орал облысынан, зангер Н.Я.Коншин (енді социал-демократтарды жақтады) – Семей облысынан, село дәрігері Ф.А.Еремин (кадет) – Орал казактарынан, алым инспекторы И.П.Лаптев (демократиялық реформалар партиясының мүшесі) – Ақмола облысының Сібір казактарынан, фельдшер Я.И.Егошкин (партияда жок) – Жетісу казактарынан, фабрикант М.А.Гаврилов (трудовиктерді жақтады) – Верный қаласынан сайланды.<sup>37</sup>

Қазақ халқынан сайланған II Мемлекеттік Дума депутаттары кадеттерге косылды және мұсылман фракциясына кірді, олар Ресейдің басқа «ұлтшылдарымен» бірлесіп шет аймақтарға шаруаларды қоныс аударудың тоқтатылуын талап етті. Бір айта кетерлігі, барлық жерді мемлекет меншігіне алушы жақтап, меньшевиктерді ғана емес, жерді муниципализациялауды, яғни оны жергілікті (автономиялық, облыстық, провинциялық және т.б.) өзін-өзі басқару органдарына беруді жақтап сөз сөйлеген «ұлтшылдарды» да сынай отырып, большевиктер дегенмен де соңғыларының патша өкіметінің шет аймақтардағы қоныстандыру саясатының ауыр зардаптары туралы берген сипаттамасының өділ екенін мойындағы. Сондықтан В.И.Ленин өзінің «1905–1907 жылдардағы бірінші революциядағы социал-демократияның аграрлық бағдарламасы» деген еңбегінде (1908) депутат Б.Қаратаевтың II Думада сөйлеген сөзінен мынадай үзінділер келтіреді, ол «Қырғыз-қайсақ халқының атынан» былай деді: «Біз қырғыз-қайсақтар... өз бауырларымыз – шаруалардың жерден тапшылық көріп отырғанын терең түсінеміз және сезінеміз, біз ықыласпен ығысуға өзірміз», бірақ «артық жер өте аз», ал «қазіргі уақытта қоныстандыруға қоса қырғыз-қайсақ халқын көшіріп жіберу жүріп жатыр»... «қырғыздар жерінен емес, тұрғын үйлерінен көшірілуде». «Қырғыз-қайсақтар барлық оппозицияшыл фракцияларға әрқашанда тілектес».<sup>38</sup>

II Мемлекеттік Думаның қазақ депутаттары патша өкіметінің қоныс аудару саясатына үнемі қарсы шығып отырды, мәселен, депутаттар Б.Қаратаев, А.Бірімжанов, Ш.Қосшығұлов, Х.Нұрекенов белсенді түрде, осы Дума жұмыс істеген заң шеңберінде, патша өкіметінің қоныс аудару саясатына өйтеуір бір ықпал етуге тырысты. Бірақ қоныс аудару істері жөніндегі ведомствоны басқарған кінәз Васильчиковтан: «ХХ ғасырда қазақтардың көшпелі тұрмыс салтын тоқтату, осы үшін де қоныс аударушыларды көпtep жіберу қажет», – деген айқын жауабын алды.<sup>39</sup>

Мемлекеттік Думада депутаттар Т.И.Седельников (Орынбор облысынан), Н.А.Бородин және басқалар қазақ халқының мұдделерін қорғап сөз сөйледі.

II Мемлекеттік Думаны патша 1907 жылғы 3 маусымда қыып таратты, социал-демократиялық фракция қамауға алынып, Сібірге айдалды. Империяның орталығында да, оның шет аймақтарында да, соның ішінде Қазақстанда да реакцияның жүгенділігі басталды.

Бірақ осы жағдайларда да халық бұқарасының бой көрсетулері жалғаса берді. II Мемлекеттік Думаның қыып таратылуына қарсы наразылық белгісі

ретінде жергілікті жерлерде митингілер, демонстрациялар және т.б. өтіп жаты, олар Ақтөбе (3 маусым), Петропавл (6 маусым), Костанай (10 маусым) қалалары мен басқа да қалаларда болып өтті. Сонымен 1905–1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезіндегі Қазақстандағы оқиғалар, өсіреле жұмысшылардың, шаруалардың және зиялыштардың бой көрсетулері, ұлт-азаттық қозғалыс және т.б. олардың өлсіздігіне және бытыранқылығына қарамастан жергілікті еңбекшілер үшін үлкен саяси мектеп болды, бұл тәжірибелі олар ұлттық және әлеуметтік азаттық жолындағы, демократия мен прогресс жолындағы бұдан кейінгі күресінде пайдаланды.

## 2. ҚАЗАҚСТАН БІРІНШІ ДУНИЕЖҰЗІЛК СОҒЫС ҚАРСАНЫНДА

Бірінші орыс революциясы жеңіліс тапқаннан кейін реакция кезеңі туды. Демонстрацияларға, митингілер мен жиналыстарға тыйым салынды. Орал, Петропавл, Семей, Верный, Перовск социал-демократиялық үйымдары мен кесіподактары және басқалары талқандалды. 1907 жылғы 3 маусымдағы II Мемлекеттік Думаны тарату және жаңа сайлау жүйесін ензіу туралы заң бойынша қазактар және өлкені мекендейтін басқа да орыс емес халықтар сайлау құқықтарынан айырылды. Қызметшілерді, жұмысшылар мен шаруаларды полициялық қадағалау күштейтілді. Перовск, Ақмола, Орал өнеркәсіп орындарының «Жем», «Доссор» кесіпшіліктерінің және басқаларының иелері «сенімсіз» жұмысшыларды жұмыстан шығарып, бой көрсетулердің бұқара толқуларының белсендерлері, үйымдастырушылары «қара тізімге» енгізілді. Кесіпорындарда жұмыс нормалары, жұмыс күнінің ұзактығы ұлғайтылды, нарық кемітілді, айыппұл салу кең өріс алды. Елде «Орыс халқы одағы», «Михаил Архангель одағы» және басқалары сияқты қаражұздік үйымдар ойран салды, ұлт араздығын тұтандырды, жергілікті өкімет орындарының бұратаналарды қудалауы күшейді.

Қоныстанушы шаруалар мен қазак шаруаларының бой көрсетулерін ба-сып-жаныштау үшін гарнизондардан казактардың жазалау отрядтары жіберілді. Мәселен, 1909 жылдың сөуірінде телеграф арқылы сұрау салу бойынша Пермьнен Қостанайға патша өкіметінің қоныс аудару саясатына қарсы шыққан қазактардың наразылығын басып тұншықтыру үшін казактар жүздігі жіберілді.<sup>40</sup>

Столыпиндік аграрлық реформа кең өріс алды. Егер 1893 жылдан 1905 жылға дейін қазак халқынан қоныс аударушы шаруалардың пайдасына 4 миллион десятинадан астам жер тартып алынса, 1906 жылдан 1912 жылға дейін 17 миллион десятинадан астам жер тартып алынды.<sup>41</sup> 1917 жылға қарай Семей, Ақмола, Орал облыстарында және Ішкі Ордада (Бекей Ордасында) 40 миллион десятинадан астам жер,<sup>42</sup> Жетісуда 4 миллион десятинадан астам, барлығы 45 миллион десятинадан астам жер тартып алынды.<sup>43</sup> 1908 жылдан 1913 жылға дейін Ақмола, Торғай, Орал және Семей облыстарының қоныс аудару аудандарына еркектерден 400 мыңнан астам адам қоныстандырылды.<sup>44</sup>

Ресейдің орталығында аграрлық мәселенің шиеленісуін патша үкіметі өзінің шет аймақтарын, соның ішінде Қазақстанды да отарлау жолымен, шаруаларды қоныс аудару жолымен шешуге тырысты.

1909 жылғы 9 маусымдағы заң бойынша жерге орналастырудың көлемі: қоныс аударушыларға – 15 десятинадан және көші-кон өрісіне 12 десятинадан

берілетін норма бойынша жүргізілді. Аграрлық демократиялық бағыттың өкілдері аграрлық мәселе бойынша сөз сөйлегендеге қазақтарды отырықшылыққа көшуге насихаттады. Патша үкіметі қазақ халқынан жерді мүмкіндігінше көп тартып алуға ұмтылғандықтан, шаруашылық жүргізудің отырықшы нысанына көшу оның қолайлы жерлерді көбірек сақтап қалуына мүмкіндік берер еді, оның үстіне қазақ шаруаларына «жерді тұракты ажырағысыз иелену құқығымен» қоныс аудару нормасы бойынша жер алу ұсынылды.<sup>45</sup>

Ұлттық-отаршылдық езгінің күшеюі, патша өкіметінің аграрлық саясаты, өлкенің әлеуметтік-экономикалық өміріне капиталистік қатынастардың енуі қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің өсуіне жеткізді. Қазақ қоғамындағы ұлттық қозғалыс біртекті болған жок, оған әр түрлі идеялық-саяси ағымдар қатысты, оған ұлттық зиялыштардың өкілдері, Петербург, Мәскеу, Қазан, Томск және Орынбор университеттері мен училищелерінің түлектері ұйытқы болды. Ұлттық зиялыштардың әр түрлі идеялық саяси ағымдарының пікірін «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті мейлінше толық білдірді.

1911–1915 жылдарда шығып тұрған «Айқап» журналы (шығарушысы және редакторы – Мұхамеджан Сералин (1871–1929) Қазақстандағы идеялық-саяси ой-пікірдің аграрлық-демократиялық бағыттарын білдірді. Оған Ж.Сейдалин, Б.Қаратаев, С.Торайғыров, С.Сейфуллин, Б.Майлин және басқалар қатысып тұрды. Журнал беттерінде аграрлық қатынастардың, оқу-ағарту мен білімнің, қазақ ауылшындағы тауар-акша қатынастары дамуының проблемалары көрсетілді, патша өкіметінің отаршылдық саясаты өшкөреленді. «Айқап» журналындағы басты мәселе аграрлық мәселе, яғни жер қатынастары, көшпелілердің отырықшылыққа көшуі, аграрлық мәдениет, шаруашылық жүргізу нысандарының өзгеру мәселелері және басқалар болды. «Айқап» беттерінде тауар-акша қатынастары дамуының проблемаларына, мал шаруашылығының интенсивтілігі мәселелеріне, қазақ шаруашылығының рынок-пен, кесіпкерлікпен тығыз байланысын орнатуға, кооперациялар ұйымдастыру қажеттігіне және басқаларға едөуір орын бөлінді.

1912 жылдан 1918 жылға дейін шығып тұрған «Қазақ» газеті либерал-демократиялық бағыт идеяларын білдірді. Онда қазақ конституциялық-демократиялық партиясының және қазақ халқының жалпы ұлттық қозғалысының жетекшісі, экономист-ғалым Ә.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және басқалар қызмет істеді. Ең басты аграрлық мәселеде олар жерге мемлекеттік меншіктің (Ресей империясының) күшін жою және оны қазақтардың меншігіне беру, жер сатуға тыйым салу талаптарын қойды. Қазақ шаруаларының көшпелі шаруашылығы кезеңінде мал шаруашылығының дамуы жайындағы мәселеде «Қазақ» газеті экономикалық кеңістіктегі мал шаруашылығының рөлі туралы, мал шаруашылығын интенсивтіндіруді дамыту туралы, кооперативтік қозғалыс және т.б. туралы жазды. Өлкенің қоғамдық-саяси өмірін дамыту саласында либерал-демократиялық бағыт қоғамның эволюциялық дамуын жақтады. «Қазақ» газеті большевиктер халықтың өмірін, дәстүрін, мінезін бірден, бір күн ішінде өзгертуге болмайтынымен келіспейді деп жазды. Газет үкіметті өз қолына қаратып алған соң, олар өз идеяларын күштеп жүзеге асырады деп санады.<sup>46</sup> Тұтас алғанда, өлкенің әлеуметтік экономикалық және қоғамдық-саяси өмірінің дамуы туралы әр түрлі көзқарастарда болғанына қарамастан, «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті өз беттерінде жалпы ұлттық идеялар мен қазақ халқының мұдделерін көрсете білді.

1910–1911 жылдарда жаңа экономикалық өрлеуге байланысты Қазақстанда ереуіл қозғалысы жандана бастайды. 1911 жылдың мамырында Перовск мен Түркістан станциялары темір жол шеберханаларының және «Атбасар мыс рудалары» акционерлік қоғамы кеніштерінің жұмысшылары бас көтеріп, көсіпорын өкімшілігіне өз талаптарын қойды. Соңғыларының бас көтеруіне 300-ге жуық адам қатысты, олар жалақыны көбейтуді талап етті.

1912 жылдың сәуірінде Лена алтын кеніштерінде патша өскерлері 270 адамды өлтіріп, 250 адамды жаралады, олардың арасында қазақ М. (Угар) Жәнібеков бар еді. Бұл қанқұйлы террор Ресейдегі, соның ішінде Қазақстандағы жұмысшы қозғалысының дамуына тыңтыныс берді. 1912 жылғы 20 сәуірде Түркістан станциясында тұн жамылдып далада теміржолшылардың жиналышы болды, мұнда олар жергілікті жандармның хабарлағанындей, Ташкент станциясы жұмысшыларының үлгісімен ұйымдасу және Бүкілресейлік темір жол одағына қайта қосылу, Орынбор-Ташкент темір жолының бүкіл өн бойы бойынша және басқа да жақын жолдармен тығыз байланыс орнату, ереуіл пайда болған жағдайда ондайларға толық ынтымақ және дайындық көрсету жөнінде қаулы қабылдады.<sup>47</sup> Бұл орайда жандарм офицері былай деп атап көрсетті: «Бұған Лена оқиғалары негіз болды; соңғы уақытта депо жұмысшылары мен қызметкерлерді үнәмі жұмыстан шығару, соның салдарынан жұмысшылар мен көптеген байырғы қызметкерлердің жұмыссыз қалуы, ал қыскарған қызметкерлердің жұмысы қалғандарының мойнына түсуі, оның үстіне төленетін ақының сол күйінде қалатыны, ал кейде өлкедегі тіршілік үшін кажетті өнімдердің барған сайын қымбаттауы артып отырғанына қарамастан, жалақының кеміп кететіні ашынған наразылықтың арқауы болды».<sup>48</sup>

1912 жылғы 28 сәуірде Орынборда және жол бойынша РСДЖП қалалық комитетінің прокламациялары таратылды, олар Бірінші мамырды мерекелеуге шакырды, сондай-ақ оларға 8 сағаттық жұмыс күні, саяси бостандықтар, армияны тарату және оны халық милициясымен ауыстыру талаптары қойылды. 1912 жылғы 30 сәуірдегі жандарм материалдарында Орынбор-Ташкент темір жолының басты шеберханаларының жұмысшылары ертең, 1 мамырда бас көтеру жасамақшы, бұл орайда, пролетарлық мейрамды «Лена оқиғаларына» қарсы наразылық білдіруге арналған бір күндік бас көтерумен байланыстыруға тырысуда деп атап өтілді. Шынында да 1912 жылғы 1 мамырда басты шеберханаларда жұмысшылардың қысқа уақытқа созылған бас көтеруі болды.<sup>49</sup> 1912 жылдың жазында Орынбор-Ташкент темір жолының Ташкент участкесінде де есеп айырысады алты ай күту толық ашындырған 300 жұмысшының толқуы болып өтті.<sup>50</sup> 1912 жылғы 18 мамырда Ақтөбе станциясынан жандарм офицері мұнда революциялық насиҳаттың «Құпия және құлықпен жүргізілетіні сонша, ең басты басшыларын анықтауға ешбір мүмкіндік жоқ» деп хабарлады.

1912 жылғы 12 мамырда жалақының төмен, еңбек жағдайларының ауыр болуы себепті Спасск мыс балқыту зауытының жұмысшылары бас көтеру жасады, келіссөздер нәтижесінде зауыт қожайындары жұмысшылардың қойған шарттарын орындауға келісті. 1912 жылдың шілдесінде Жем мұнай көсіпшілігінің жұмысшылары, 1913 жылдың маусымында Орынбор-Орск темір жолының құрылышы жұмысшылары, Доссор мұнайшылары бас көтеріп өкімшілікке қарсы шықты. Қыркүйекте «Атбасар мыс рудалары» қоғамының Торғай уезіндегі Шоқпаркөл көмір кен орындарындағы жұмысшылардың толқулары болып өтті. Өздерінің сөйлеген сөздерінде жұмысшылар эко-

номикалық жағдайды жақсартуды, өлеуметтік мәселелерді шешуді талап етті, саяси сананы дамыту мен өз құқықтары үшін құресуге батыл бел байлау саяси талаптарын қойды. Өлке жұмысшыларының бой көрсетулері патша өкіметіне қарсы шаруалар бой көрсетулерінің өсуіне, ұлт-азаттық қозғалысының дамуна ықпал етті. Қоныс аударушы шаруалар салықтар мен алымдарды төлеуден бас тартты, ағаштарды өз бетімен кесуді жүзеге асырды, олардың көбісіне жер бөлінбей жерсіз қалған болып шықты: жағдайдың қындығы, қоныс аударушы шаруалар бұқарасының қайыршылануы, қоныс аударушылар деревнясындағы өлеуметтік таптық жіктелістің күшеюі шаруалардың байларға қарсы ашық бой көрсетулеріне себеп болды. Лепсі уезі Петропавл селосының кедей шаруалары өздеріндегі байларға қарсы шықты, карулы қарсылық көрсетті. Көкшетау, Верный уездері мен басқа да уездерде қоныс аударушы шаруалардың осындай бой көрсетулері болып, оларды жазалау отрядтары басып тастанды.<sup>51</sup>

Қазақ еңбекшілері де самодержавиенің аграрлық және отаршылдық саясатына қарсы шықты. Мал санының, жайылымдардың көпшілік бөлігін иеленіп алған байлардың үстем тобы кедейлерді барған сайын көбірек канады. Парапорлық, корқытып алу, сатып алу және басқалар кең таралды. Қазақ байларының қыстаулары өртелді, салық төлеуден бас тартылды, өскери командаларға шабуыл жасалды. Семей облысының Қызыладыр болысында қазақтар жергілікті өкімшілік өкілдеріне шабуыл жасады, ал Қарақол болысында казактарды тыныштандыру үшін жергілікті өкімет орындары «бұлікті басуға бекіністен казактарды шақырды».<sup>52</sup>

Осындай революциялық өрлеу жағдайларында Қазақстандағы социал-демократиялық үйымдар мен топтар өз қызметін бірте-бірте жандандыра бастайды. Өскеменде, Павлодарда, Қазалыда, Верныйда және басқа қалаларда социал-демократиялық үйымдар халық арасындағы саяси үгіт пен нашихатты күшите түсті. Мәскеудің, Омбының, Петербургтың және басқа қалалардың РСДЖП комитеттерімен байланысты қалпына келтірді. Азаттық қозғалысының әр түрлі нысандарының одан әрі дамуына Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы бөгет болды.

Ресейдің дүниежүзілік империалистік соғысқа кірісуі Қазақстан еңбекшілерінің жағдайына ауыр өсер етті. Соғыс жылдарында салықтардың мөлшері ұлғайтылды. Шаңырақ алымы 4 сомнан 8 сомға дейін көбейтілді. Мысалы, Ақмола облысында оброктік алым 1914 жылғы 845 807 сомнан 1917 жылы 2 553 227 сомға дейін, ал шаңырақ алымы 600 537 сомнан 1 002 069 сомға дейін көбейді, яғни 1,5 есеге жуық өскен.<sup>53</sup> Қазақ халқына «ерікті алымдар», мемлекеттік заемға күштеп жаздыру және өскери салық, барлығы алымдар мен баждардың 10 шакты түрлері салынды. Байырғы тұрғындардан барлық алымдардың 21%-ы көлемінде, яғни әр шаруашылықтан 1 сом 84 тиыннан өскери салық алынды. Әкімшілік алымдарды «құрметті адамдар» арқылы жүргізді, олар жеке басының бауы мақсатын көзделеп, түбіртектер (квитанциялар) бермеді, алымдар алуды бірнеше рет қайталады. Старшындар, шенеуніктер мен байлар арасында парапорлық пен ұрлық-карлық етек жайды.

Қазақ халқынан жерді тартып алу жағастырыла берді, өсіресе Семей облысының солтүстік-шығыс аудандарында, Сырдария облысында, онтүстікте – Жетісу облысы мен Қазақстанның басқа да облыстарында осылай болды, 1917 жылға қарай Семей, Орал, Ақмола облыстарында қазактардан 40 638 мың десятина жер тартып алынды. Патшалық өкімет орындары соғыс мұқтаждары

үшін киім-кешекті, малды және азық-тұлік өнімдерін реквизициялады, әскери жүктөрді (негізінен астықты) темір жол станцияларына тасу үшін көлікті күштеп жұмылдырыды. Соғыс уақытында Түркістан өлкесінен 300 мың пүт ет, 70 мың жылқы, 13 мың түйе өкетілді. 1914 жылы Жетісудан ғана 34 миллион сом тұратын мал және мал шаруашылығы өнімдері өкетілді.<sup>54</sup> Соғысқа алынғандардың отбасыларына көмек түрімен еңбек міндеткерлігі енгізілді, яғни қазактар жұмыс күші ретінде қоныс аударушылар деревнясында жер жыртып, тұқым себуге және өнім жинауға тиіс болды.

Соғыс жылдарында егіс көлемі, мал саны азайды. 1913 жылдан 1915 жылға дейін Торғай облысының қазақ тұрғындарында егіс көлемі 57 мың десятинаға жуық, ал мал саны 260 мыңға кеміп кетті.

Соғыс жылдарында ұлттық-отаршылдық езгі қүшейді. Патша әкімшілігі шовинистік ұрандар тастап, әдейі ұлтаралық араздықты тұтатты, қоныс аударған тұрғындардың үстем тобын қаруландырыды.

1891 жылғы 29 қарашадағы заң мен Әскери министрліктің 1903 жылғы шешімі бойынша отарлық шет аймақтардың орыс халқы винтовкалармен және патрондармен қаруландырылды. Семей облысында 5000 адам, ал Түркістан округінде 35 мыңға дейін адам қаруланды. 1916 және 1917 жылдарда округ әскерлері командашысының бүйрекі бойынша Семей облысына 6 000, Сырдария облысына 1770 винтовка босатылды.<sup>55</sup>

1914 жылғы 9 қазандағы құпия нұсқауында Жетісу облысының әскери губернаторы уезд бастықтарына «сенімді христиандардан», яғни орыс деревнясының шаруалар топтарынан мұсылман еңбекшілеріне қарсы қарулы отрядтар құруды міндеттеді.<sup>56</sup> Бұл отрядтардың басты міндеті шолғыншылық қызмет болатын, алайда олар өз қалауынша қимыл жасап, бейбіт ауылдарды шабумен айналысты, кінөсіз адамдарды өлтіріп, мұлік пен малды тартып алды. Бұл отрядтардың басты мақсаты бағындырылған халықтардың ұлттық санасының ояну көріністерін жаныштау болатын.

### 3. ҚАЗАҚСТАН БІРІНШІ ДҮНИЕЖҰЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

Бірінші дүниежүзілік соғыс 1914 жылғы 19 шілдеде (1 тамызда) басталды. Ресей соғысқа дайындықсыз, әскери-өнеркәсіптік әлеуеті төмен, көлігі нашар дамыған жағдайда кірісті, армия әскери-техникалық жағынан нашар қамтамасыз етілген еді. Соғыс басталған соң жалпы империяда, ішінара Қазақстанда өндіргіш күштердің даму деңгейі бірте-бірте кемі берді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Қазақстан экономикасын құлдырауға әкеп сокты. Ауыл шаруашылығында өлкедегі егіншілік облыстар бойынша біркелкі дамымады. Ол құнарлы жер көп болған, егіншілікпен оны жақсы меңгерген және орыстың қоныс аударушы шаруаларынан тәжірибе алған халық айналысқан аудандарда бәрінен де жақсы дамыды. Соғыс егін шаруашылығына елеулі өзгерістер енгізді. Ең алдымен ауыл шаруашылық бакша дақылдарының егіс көлемі үлғайды. Мәселен, Қазақстан бойынша күзгі бидайдың егіс көлемі, 1913 жылмен салыстырғанда 1917 жылы 63,5%-ға, жазғы бидай – 8,4%-ға, тары – 22,1%-ға, картоп – 46,3%-ға қысқарды. Ал бакша дақылдарының егіс көлемі 433,8 мың десятинадан 1115,0 мың десятинаға дейін, яғни екі еседен астам көбейді.<sup>57</sup> Өлкенің солтүстік-батыс және батыс облыстары бойынша дәнді дақылдардың өнімділігі 1914 жылдан 1917 жылға дейін өр деся-

тинадан алынатын 38,7 пүттан 29,8 пүтқа дейін төмендеді.<sup>58</sup> Соғыс жылдарындағы өлке егіншілігі жағдайының сипатты ерекшелігі оның жүргізілуі деңгейінің төмендігі болды. Бұл енгізілген ауыспалы егіс жүйесінің болмауынан, жердің және тұқымдық материалдардың өнделу сапасының төмендігінен көрінді. Егіс көлемі мен өнім көлемінің қысқаруының негізгі себебі жұмыс күшінің жетіспеуі болатын. Ақмола облысының Көкшетау уезінен ғана 1915 жылы армияға ауыл шаруашылығымен айналысып келген, орыс тілді халықтың 39%-ы шакырылды. Қазақстанның басқа аймактарында да нақосындағы көрініс байқалды.

Ер азаматтарды жаппай майданға алу мал шаруашылығының да құлдырауына өкеп соқты. Оған сан және сапасы жағынан үлкен зардап келтірілді. Ұсак мал көбірек, ал ірі мал азырақ өсіріле бастады. Жылқы өсіру қысқарды, сондықтан олардың саны кеміп кетті. Байырғы халықтың басым көпшілігі тұратын жерлерде жылқы, түйе, ірі қара саны кеміді. Мәселен, Ішкі Ордада 1915 жылы жылқы саны 310,8 мың болса, ал 1916 жылы 160,2 мың болды, үлес салмағы жөнінен жылқы саны 48,5%-ға кеміп кетті, осы кезең ішінде Ордада ірі қараның саны тиісінше 25%-ға кеміді. Маңғыстау уезінде, Сырдария және Жетісу облыстарында нақосындағы көрініс байқалды.<sup>60</sup>

Соғыс жылдарында қазақтың мал шаруашылығы бірінші кезекте жайылымдық алаптарды одан өрі тартып алу салдарынан зардап шекті. Бұл мал санының азаюына өсер етті. Қазақтардан тартып алынған жерлерде капиталистік үлгідегі ірі мал өсіретін шаруашылықтар құрыла бастады. 1913–1917 жылға дейін қазақ халқынан жалпы көлемі 764,4 мың десятина жайылымдық алаптың жылқы-ірі қара жайылатын 190 жайылымы тартып алынды және жалға алуға дайындалды.<sup>61</sup>

Соғыс жылдарында мал санының қысқаруына ауық-ауық өткізіліп тұратын реквизиция да өсер етті. Патша өкіметі соғыс қажеттері үшін жергілікті халықтан түйе, жылқы, сиыр жинады. Осы жылдарда Түркістан өлкесінен 300 мың пүт ет, 70 мың жылқы, 13 мың түйе өкетілді.<sup>62</sup> 1914 жыл ішінде Жетісудан ғана 34 миллион сомның малы және мал өнімдері тасып өкетілді.<sup>63</sup>

Мал санының қысқаруы ең алдымен қазақ халқының армия қажеттері үшін мәжбүрлеу тәртібімен ет беруге міндетті болғандығынан орын алды. Сан миллиондық армияның өсе түскен қажеттерін қанағаттандыру мүмкін емес еді. Әйткені қазақ шаруашылықтарындағы мал саны жылдан-жылға азая берді. Осының салдарынан соғыс тапсырыстары көбінесе орындалмай қалатын.

1916 жылғы көтеріліс кезеңінде патшалық өкімет орындары қазақ халқына арнайы контрибуция салды, оның бүкіл ауыртпалығы еңбекші бұқараның мойнына түсті. Көтеріліске қатысан-қатыспағанына қарамастан олардың мүлкі мен малы тартып алынды. Мәселен, Жетісу облысында қазақтардан мал мен мүліктің тең жартысы алып қойылды. Бұл орайда орыс шаруалары да зардап шекті. Жетісу облысы губернаторының 1916 жылғы есебінде көтеріліс салдарынан мал шаруашылығына да үлкен зиян келтірілді деп көрсетілген. Орыс селолары малының кемінде 90%-ынан айырылды. Қоғынан қожалықтар мүлде жұмыс көлігі мен сауын малынсыз қалды. Облыс үшін көшпелі шаруашылыққа да келтірілген зиян едеуір болды. Бұл облыстың қазақ халқы тұратын, мал саны 6 миллионнан астам болған төрт уезінде оның кемуі 30% деп анықталады.<sup>64</sup>

Өлкедегі қоныс аударушы шаруалар мен қазақтар шаруашылықтарының жай-күйі, олардың күш-көлігімен қамтамасыз етілуіне байланысты еді. Қазақ

шаруашылықтарында малды реквизициялауға және жылқы малын есепсіз пайдалануға байланысты мал санының қысқаруы село мен ауылда шаруашылықты қалыпты жүргізу үшін оның жетіспеушілігіне өкеп соқты. Жылқы малы өсіреле солтүстік облыстарда едәуір азайып кетті. Соғыс жылдарында армияны жабдықтау үшін едәуір мөлшерде ет керек болды, мұның өзі мал және ет өнімдері бағасының өсуіне өкеп соқты. Осыған байланысты бұл кезеңде өлкеде неғұрлым арзан ет беретін сала – шошқа шаруашылығы жедел дами бастады.

Реквизициялар белгілі ру билеушілері мен ірі мал иелеріне соқпай, халықтың кедей және орташа топтарына ауыр салмақ болып тұсті, сол арқылы кедей-орташа қожалықтардың қайыршылану үрдісін едәуір тездетті, казак шаруаларының тақыр кедей болып қалуы күшейді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс басталған соң, Қазақстан өнеркәсібі де соғыс қажеттері үшін жұмыс істеді. Өлкедегі кен өнеркәсібінің маңызды салаларының бірі Успен және Сасық-Қарасу кеніштерінен темір кенін өндіру болды. Бұл кеніштерден 1914 жылы – 246 пұт, ал 1916 жылы – 1551 пұт темір кені өндірілді. Соғыстың үш жылы ішінде темір кенін өндіру 6,3 есе ұлғайды.<sup>65</sup> Салықтардың жоғары, қатынас жолдарының қашық, құрал-жабдықтардың жетіспеуі салдарынан және басқа себептерден алтын кеніштерінің саны қысқарды және алтын өндіру 30%-дан астам төмендеп кетті.<sup>66</sup> Тұсті металдарға деген қажеттердің өсуі және олардың бағасының күрт артуы соғыс жылдарында тұсті металлургияның, өсіреле Риддер және Сокольский кеніштерінің дамуына түрткі болды, тұсті рудалар өндіру 1913 жылмен салыстырғанда, 1917 жылы 25,3 есе өсті.<sup>67</sup> Ресейде тенденсі болмаған Екібастұз қорғасын-мырыш зауыты зор қорғаныс маңызына ие болды, 1916 жылдан жұмыс істей бастады, бірақ оның құрылышы соғыстың аяғына дейін толық аяқталмады. 1917 жылдың қантарына дейін зауытта 13 пұт мырыш балқытылды.<sup>68</sup> «Қырғыз қоғамы» Екібастұз зауытының мырышымен соғыс кезеңінде қорғаныс мұқтаждары үшін жұмыс істеген Кыштым зауыттарын, сондай-ақ өскери ведомствоның Ижорь, Обухов зауыттарын жабдықтап отырды.<sup>69</sup>

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында мыс рудасын негізінен «Спасск мыс рудалары» акционерлік қоғамы мен «Атбасар мыс кендері» акционерлік қоғамы өндірді. Тұтас алғанда бұл кезеңде мыс кенін өндіру жылдан-жылға кеми берді. Мыс кені бірден-бір мыс балқыту зауыты – Спасск зауытында өндірілді. Жер қойнауын жыртқыштықпен пайдалану «Спасск мыс кені» акционерлік қоғамының Успен кенішіндегі барлық бай кенді (құрамында мыс 25%) алып қоюына өкеп соқты. Соғыс жылдарында Сарысу байыту фабрикасы салынды. Ол революцияға дейін құрамында 25–30% мыс бар 128 мың пұт концентрат өндірді.<sup>70</sup>

Спасск кәсіпорындарының отын базасы Қарағанды кен орындары болды. Көмір өндіру Семей, Торғай, Ақмола облыстарында жүргізілді. Соғыс жылдарында Екібастұз көмір кен орындары елеулі рөл атқарды. Ол Екібастұз қорғасын-мырыш зауытын, Ертістегі жекеше пароходствоны, Оралдағы Богословск және Кыштым зауыттарын көмірмен жабдықтап отырды.<sup>71</sup>

Соғыс қарсанында және соғыс жылдарында шетелдік ірі магненнар Қазақстанның мұнай өнеркәсібіне де еніп алды. 1912 жылдан 1917 жылға дейін Доссорда 11 мұнай бүрқағы жұмыс істеді. 1914 жылы Орал-Жем ауданы Ресейде мұнай өндіру жөнінен үшінші орын алды. 1914 жылы мұнай өндіру рекордтық мөлшерге жетті, онда кәсіпшіліктер елде өндірілетін бүкіл мұнайдың 3%-ын

берді. 1915 жылдан мұнай өндіру құлдырай бастайды. Бұған кәсіпкерлердің барынша пайда табуға тырысып, жаңа мұнай аландарын дайындау жөніндегі барлау жұмыстарына салғырттық танытуы себеп болды.

Патша үкіметінің буржуазияны әскери-өнеркәсіп өндірісін үйымдастырудың неғұрлым кең көмек көрсетуге тарту мақсатымен Ресей буржуазиясына женілдік жасауды тұра келді. Бұл әрекеттердің нәтижесі әскери-өнеркәсіп комитеттерін (ӘӨК) үйымдастыру болды, олар армияны азық-түлікпен және кару-жаракпен жабдықтау ісіндегі буржуазия мен патша әкіметінің органдары ретінде құрылды.

Қазақстанда ӘӨК үйымдастыру өр түрлі мерзімдерде жүргізді. Мұны Қазақстанның негізгі әкімшілік аудандарында өнеркәсіп дамуының өр түрлі деңгейімен, бұған отаршылдық әкімшілік басшыларының өр түрлі көзқарасымен, буржуазиялық өнеркәсіптік топтардың үйымдастырылған және топтасқандық деңгейімен түсіндіруге болады.

Омбы облыстық әскери-өнеркәсіп комитетінің отырысында Семей және Петропавл әскери-өнеркәсіп комитеттерін үйымдастыру және оның құрылымы бекітілді.<sup>72</sup>

1915 жылғы 4 қазанда Ташкентте Қалалық Дума залында Түркістан генерал-губернаторлығы әскери-өнеркәсіп комитеттері өкілдерінің отырысы болды. Съезге сол кезде үйымдастырылған жергілікті әскери-өнеркәсіп комитеттерінің 59 өкілі, соның ішінде Перовск және Верный әскери-өнеркәсіп комитеттерінен 1 өкілден қатысты.<sup>73</sup>

1915 жылғы қыркүйектің ортасында 80 адамнан тұратын Жетісу әскери-өнеркәсіп комитеті құрылды.<sup>74</sup>

1915 жылдың аяғына қарай Қазақстанның барлық облыс орталықтарында және уездік әкімшілік орталықтарының көпшілігінде ӘӨК (әскери-өнеркәсіп комитеті) құрылды.

Қазақстандағы ӘӨК құрамына қарағанда, оларда көбінесе буржуазияның өкілдері болды, облыстық ӘӨК комитеттерінде армия, жабдықтау және интендантық сұраныс керек-жағымен, кәсіпорындарды жұмыс күшімен және отынмен, медициналық қызмет көрсетумен айналысуша тиісті 5–7 бөлім болды.

Әскери-өнеркәсіп комитеттерінің әлеуметтік базасын кеңейту үшін олардың құрамында жұмыс топтары құрыла бастады. Қазақстан буржуазиясы да әскери-өнеркәсіп комитеттерінің жанынан жұмыс топтарын құруды тездетуге үмтүлды. Бұл жұмысты бәрінен бұрын Омбы кәсіпкерлері мен саудагерлері өрістетті.

Бірақ ӘӨК қызметі патша үкіметінің үміттерін ақтамады. 1916 жылы 280 миллион сом сомасында белгіленген әскери тапсырыстардың 10%-ынан аспайтын мөлшері ғана мерзімінде орындалды.<sup>75</sup> Алайда майданда жеңіске жету үшін экономиканы, әсіресе әскери экономиканы жоспарлы реттеу қажет болатын, бірақ бұл міндетке Ресейдің жас буржуазиясының шамасы келмейтін болып шықты. Соның, сондай-ақ басқа да себептердің салдарынан шаруашылық апаты жақындаған қалды.

Өндеуші өнеркәсіп соғыс мұқтаждарына, ет-сүт өнімдерін, былғары тауарлар және басқа да тұтыну заттарын беріп отырды. Әсіресе былғары тауарларын өндіру өсті, бұл кезенде өлкеде 139 былғары кәсіпорны жұмыс істеді.<sup>76</sup> Олар негізінен Семей және Ақмола облыстарында орналассты және бүкіл ауыл шаруашылық өнімінің 64,3%-ын өндеді. Шынына келгенде, былғары, тері және

ішек-қарын өндірісінің майдагерлік кәсіпорындары одан өрі ұқсату үшін Ресейдің ірі өнеркәсіп орталықтары – Пермь, Вятка, Рига қалаларына өнім жеткізіп берді. Соғыс жылдарында интенданттық армия тарапынан былғары аяқ киімге және тері тондарға сұраным ерекше өсті.

Соғыс жылдарында жұн өніміне сұраным ұлғайды. Өлкедегі шұға өндіретін тұнғыш Қарғалы фабрикасы өскери тапсырыс орындалап, шинельге арналған сұрғылт армия шұғасын дайындаған бастады. Соғыс жылдары ішінде фабрика 894,4 мың шаршы метр шұға дайындаған.<sup>77</sup>

Соғыс армияны консервіленген ет өнімімен тұрақты жабдықтауды қажет етті. Бұл жылдарда Петропавлда ет-консерв комбинаты, Оралда армия интенданттығының тапсырыстары бойынша жұмыс істеген мал соятын орын салынды. Бірақ өндеуші өнеркәсіптің көпшілік бөлігінің қуаты аз, өндіріс техникасы қарапайым болатын. Мұнда ірі өнеркәсіп орындарын салуға үкіметте, ірі өнеркәсіпшілер де мүдделі болмады.

Соғыс жылдарында мал шаруашылығы өнімдерін алғашқы техникалық өндеу одан өрі қысқарып, егіншілік өнімдерін ұқсату жөніндегі өнеркәсіп біршама тез өсті. Ақмола және Семей облыстарында ұн-жарма өнеркәсібінің едөуір ірі кәсіпорындары пайда болды. Қазақстанда ұн-жарма өнеркәсібі дүниежүзілік соғыс жылдарында саны жағынан көбейіп, оның өнімділігі едөуір артты. Сібір мен Қазақстан соғыс жылдарында армия мен империяның халқына астықты және астық өнімдерін негізгі жеткізіп берушілер болды.

Өлкеге дайын өнім, киім-кешек пен аяқ киім өкелудің қысқаруына байланысты соғыс жылдарында осы қажетті бүйімдарды тігетін шеберлердің саны көбейді. Мәселен, 1916 жылы Верный қаласында 140 адам жұмыс істеген едөуір ірі етік шеберханасы жұмыс істеді. Бір жыл ішінде шеберхана 5404 пар аяқ киім тігіп шығарды, оның 54%-ы өскери ведомствоға, қалғаны халыққа арналды.<sup>78</sup>

Көсіпшіліктерден ең көп таралғандары балық аулау, тұз өндіру және тасымалдау көсіпшіліктері болды. Еділ-Каспий бассейніндегі дамып келе жатқан балық көсіпшіліктеріне байланысты Қазақстанда тұз өндіру ұлғайды. Соғыс жылдарында тұз өндірудің ұлғаюына қарамастан, көсіпшіліктердегі жұмысшылар саны олардың тыл жұмыстарына алынуына байланысты кеміп кетті.

Өлкенің дамуын қатынас жолдарының дамымағандығы тежеді. Соғыстың алғашқы күндерінде-ақ өлкедегі көліктің жай-күйі туралы мәселе өткір қойылды. Соғыс Қазақстан аумағында жатқан Оралдың өскери зауыттарын қорғасын-мырыш концентраттарымен, көмірмен және басқа да пайдалы қазбалармен жабдықтаған, армияны және Ресейдің көптеген губернияларының халқын мал өнімдерімен және астықпен қамтамасыз ететін темір жолдардың стратегиялық маңызын бірінші қатарға шығарды. Көлік жүйесі жұмысының бұзылуы Ресей империясы экономикалық дағдарысының негізгі себебі болды. Ол 1915 жылдың аяғында-ақ империяның жекелеген аймактары арасындағы шаруашылық байланыстарының үзілуіне өкеп сокты және ең қажетті заттар бағасының үздіксіз өсуіне, алypsатарлықтың және еңбекшілер бұқарасын қанаудың қаулап еткөн алуына себепші болды.

Соғыс жылдарында патша үкіметі қазактардан жерді тартып алушы жалғастырды. Бір ғана Жетісу облысында 1914 жылға қарай 2 703 226 десятина шұрайлы жер тартып алынды. 1917 жылға қарай Семей, Орал, Торғай, Ақмола облыстарында және Бәкей ордасында қазактардан 40,638 миллион десятина жер тар-

тып алынды.<sup>79</sup> Ауылдың ең кедей бөлігі бұрынғысынан да гөрі зор қайыршылыққа түсіп, біржола күйзелді. Малынан, жерінен айырылып, кулактар мен байларға батырақ болған немесе өнеркәсіп орындарына, кеніштерге, кен орындарына күнкөріс іздең кеткен қазақтар саны барған сайын көбейе түсті. 1917 жылға қарай Семей облысында ғана 17 мыңға жуық батырақ қазақтар тіркелген.<sup>80</sup>

Соғыс жылдарында өскери ведомство байырғы халықтан едәуір мөлшерде жылқы, түйе, сиыр және қой сатып алды. Бұл орайда, патша шенеуніктері жергілікті халықты есебін тауып, алдап кететін еді. Құны 150–200 сом тұратын жылқы үшін қазына 30–50 сом, қой үшін 10–12 сомның орнына 4–6 сом төлейтін.<sup>81</sup>

Қазақтар үшін өскери жүктөрді темір жол станцияларына тасып жеткізуғе көлікті иесінен қорқытып алу ерекше ауыр болды. Жолсыз қазақ даласы жағдайындағы бұл міндеткерлік қазақ шаруашылығының жағдайын бұрынғысынан да нашарлата түсті. Селода жұмыс күшінің жеткіліксіздігі себепті үкімет қазақтарды қоныс аударушыларға көмек көрсетуге жұмылдырып, қазақтарға шаруалардың егістіктерін мәжбүрлеу тәртібімен жыртқызып, егінін жинап беруге міндеттеді, мұның өзі қазақтардың ашу-ызасын тудырып, ұлт араздығы мен ала ауыздықтың тұтануына себепші болды.

Әр түрлі салықтар қазақтардың мойнына ерекше ауыр салмақ болып түсті. Халықтан тым ауыр салықтар ғана жинап қоймай, неше түрлі «ерікті қаржы жинау» дейтіндерді де алып отырды. Тонаушылық соғыстың мұқтаждына бола осындай «ерікті қаржы жинаудың» салдарынан еңбекшілерден ондаған миллион сомның малы және басқа өнімдер тартып алынды.<sup>82</sup>

Әр түрлі алымдардың 10-ға тарта түрі болды. 1916 жылы 3 миллиард сомға жаңа мемлекеттік заемға жазылу науқаны жүргізілді, ол да қазақ халқының мойнына ауыр салмақ болып түсті. Соғыс басталуына байланысты қазақ халқына тағы бір ауыртпалық: өскери салық салынды, ол өскери міндеткерлік атқармайтындар ретінде қолданылды. Ол бұрыннан бар алымдардың 21%-ы мөлшерінде шаңырақ алымына қосымша алым ретінде алынды және әр түтінге 1 сом 84 тиын мөлшерінде болды. Сонымен бірге отаршылдық әкімшіліктің қысымымен қазақ халқына майданға көмек көрсету үшін әр түрлі ерікті қайырымдылық жасау міндеттелді. Осы «қайырымдылықтардың» нәтижесінде қазақтардан ондаған миллион сом тұратын мал, киіз, киіз үй, азық-түлік өнімдері және т.б. алынды. Әкімшілік алымдарды «құрметті адамдар» ірі мөлшерде және бірнеше рет жинап алып отырды. Әр түрлі алымдардың, салықтардың, ауыр болғаны сонша, күйзелген кедей қазақтардың оларды төлеуге мүлде шамасы келмеді. Мысалы, Павлодар уезінің қазақ халқынан 1915 жылы 40 941 сомның шаңырақ алымы жиналуға тиіс болатын – алынғаны 2441 сом ғана, земство алымы – 6148 сом – алынғаны 48 сом ғана болды. 1916 жылдың аяғына қарай түсім мүлде болған жоқ.<sup>83</sup> Қазақтардың мұқтаждықтары мен күйзелісі күн санап өсе түсті. Салықтар мен міндеткерліктерді төлеуден бас тартып, қазақтар алыштағы аудандарға көшіп кетті.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қазақтар арасында да таптық жіктеліс байқалды. Бұл кезеңде қазақтардың үстем тобы қазақ өскерлеріне жаңа жерлер берілуі есебінен күрт байып алды. Мәселен, 1914 жылы Жетісу облысында 687 мың 803 десятина жер иеленген 34 станица болған еді. 1915 жылы өскерге тағы да 450–500 мың десятина жер кесіп беруге үйғарылды және Жетісу казак өскери үlestі жерінің жалпы көлемі шамамен 1200 мың десяти-

надай болды.<sup>84</sup> Бұл жерлердің үлкен бөлігі казак генералдары мен офицерлерінің отбасыларына тиесілі болды. Ал қатардағы казак отбасыларының өмірі де жеңіл болған жок.

Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қоныс аударушылар деревнясында да таптық сарапану байқалды. Бір жағынан «дворяндық участеклерге» таңдаулы жерлердің берілуі, олардың жер көлемінің үлғайтылуы есебінен кулактардың мықтап баюы жүріп жатты. Мысалы, 1914 жылы Жетісуда дворян Воликовскийге және құрметті азамат Яковлевке 3 797 десятина жер жалға берілді. Торғай облысында ата тегінен дворян Пржелисковскийге ірі участке бөлінді. Сырдария облысында шаруа-кулак Лопаткинге 1 252 десятина жер мөлшерінде жердің мал өсірілетін участекі жалға берілді.<sup>85</sup> Казак өскеріне жер бөліп беру де үлғайды.<sup>86</sup>

Соғыс жылдарында кедейлер мен орташалардың жағдайы нашарлады. Запастағы шен иелері отбасыларының жағдайы өте ауыр еді, олар не кулактар шаруашылығында батырактар болуға немесе табыс табу үшін өнеркәсіп орталықтарына кетуге мәжбүр болды. Қазақстандағы қоныс аударушылар арасындағы мүліктік сарапану дәрежесін және олардың жаппай қайыршылануын қоныс аударушылар деревнясындағы орыстар арасынан шыккан жалдама ауыл шаруашылық жұмысшыларының өсуі туралы деректер дәлелдейді. Мысалы, 1915 жылы Сырдария облысында ауыл шаруашылық жұмысшыларының 34%-ы ең кедей орыс шаруаларынан тұрды. Қайыршылық, ашаршылық, эпидемия – соғыс жылдарында қоныс аударушылар бастан кешкен жағдай міне осындей. Салықтар мен алымдар төлеуден жекелеген селолар ғана емес, сонымен қатар уездер де бас тартқан жағдайлар болған. Мәселен, Ақмола облысының губернаторы өзінің баяндама хатында дала генерал-губернаторына Көкшетау уезі шаруаларының салық төлеуден жаппай бас тартқаны туралы хабарлаған. Еңбекші бұқараның мұқтаждары мен күйзелісі күн өткен сайын өсептүсті.

Өнеркәсіп орындарындағы жұмысшылардың, қалалардағы еңбекшілердің жағдайы күрт нашарлады. Орыс және шетел капиталистері пайда мен үstem пайданы бұрынғысынан да көбейту үшін соғысты пайдаланып қалуға тырысты. Көсіпорындарда жас балалардың, жасөспірімдердің, әйелдер мен соғыс тұтқындарының енбегі кеңінен қолданылды. Соғыс жылдарында жұмысшылардың енбек және тұрмыс жағдайлары нашарлады. Фабрика-зауыт инспекциясы болмады, тәулігіне 10–12, ал кейде 16 сағаттан да жұмыс істеген жұмысшыларды қорғайтын, көсіпкерлердің қызметін, зандардың орындалуын қадағалайтын ешқандай бақылау болған жок. Жұмысшылардың накты жалакысы үнемі төмендей берді. Мәселен, Спасск зауытында 1914 жылы күндік жұмыс үшін – 1 сом 04 тиын, 1915 жылы – 94 тиын, 1916 жылы – 91 тиын төленді, Сарысу зауытында осы жылдар ішіндегі жалақы 1 сом 22 тиын, 1 сом 02 тиын және 94 тиын болды.<sup>87</sup> Басқа зауыттарда да жалақы төмендеді. Ал ең қажетті заттар мен өнімдер бағасы күрт өсті. Мәселен, Спасск акционерлік қофамының поселкелерінде тамақ өнімдерінің бағасы соғыстың бас кезіндегіге қарғанда 1916 жылы едәуір қымбаттады, 1 пүт ет 1914 жылы – 3 сом, ал 1916 жылы – 6 сом тұрды (2 есе көбейген), үнның бағасы әр пүты үшін 60 тиыннан 1 сом 30 тиынға дейінгі көтерілді. Сіріңке 1 тиыннан 4 тиынға дейін, сабын 10 тиыннан 30 тиынға дейін көтерілді. Семей облысының алтын кеніштерінде өнімнің бағасы ерекше жоғары болды. 1916 жылдың қантарынан қазанына дейін ғана бір бөлке нанның құны 7 тиыннан 15 тиынға дейін, үн (пүт) – 1 сом 50 тиыннан 4

сом 20 тынға дейін, ет – 2 сом 50 тыннан, б сомға дейін қымбаттады.<sup>88</sup> Әсіреле Ресейден әкелінген өнеркәсіп тауарлары қымбат тұрды: қант – 8 сомнан 20 сомға дейін, киім-кешек – 200–300%-ға, аяқ киім – 300–400%-ға қымбаттады.<sup>89</sup> Көсіпорындардағы ауыр еңбек жағдайларына байланысты аурудың мендеуі мен жаракаттану етек алды, медициналық қызмет көрсетілмеді деуге болады.

Соғыс кезеңінде Қазақстанда әкімшілік-полициялық езгі жыл өткен сайын қүшеттілді. 1916 жылғы 9 қыркүйекте Министрлер кенесі Сібір мен Дағында және Түркістан өлкелерінің облыстарында полициялық қүзет енгізу туралы мәселе қарады. Уезд бастықтары мен участекелік приставтардың «бұратаналарды» болмашы теріс қылықтары үшін «Түркістан өлкесін басқару туралы ереженің» 64-бабында көзделген жаза қолдануға құқығы болды.<sup>90</sup> Зандарда уездік полицияға қоғамдық «өзін-өзі басқару орындарынан» іріктең алынған адамдар тарапынан көмек берілді, олардың өздері де тәртіпті қорғау жөніндегі алғашқы шаралар қолданатын еді. Петропавл, Семей, Верный, Орал қалаларында қалалық полиция басқармалары құрылды. Орынбор, Орал, Семей қалаларында бастығымен бірге 8 адамнан тұратын селолық бөлімшелер ұйымдастырылды.<sup>91</sup> Полиция билігіне тергеу ісін жүргізу үшін кең өкілеттіктер берілді. Қазақстанда өскери-дала соттарының желісі ұлғайтылды. Жергілікті казак бөлімдерінен өскери-жазалау қүштері ұйымдастырылды.

Селолар, қалалар мен ауылдар еңбекшілері жағдайының нашарлауы 1914 жылдың өзінде-ақ Қарағанды, Екібастұз шахталарында, Орынбор, Ташкент және Транссібір темір жолдары теміржолшылары арасында бас көтерулер мен ереуілдерге алып келді. Сонымен бірге қалалар мен селоларда еңбекшілердің қымбатшылыққа, салықтар мен міндеткерліктерге қарсы бой көрсетулері болып өтті. Тап күресінің әр түрлі нысандары: қашып кету, наразылықтар, қатаң талап қоюлар, бас көтерулер, экономикалық сипаттағы ереуілдер орын алды. Сонымен бірге қоныс аударушылар деревнясының дәулетті топтары мен қазақ шаруалары арасындағы күрес күштегіді.

Соғыс жылдарында Қазақстанда халық бой көрсетулерінің кең таралған нысаны «әйелдер бұліктері» дейтіндер болды, оларды өкімет орындары үкіметке қарсы бой көрсету деп қарады. Жетісу облысының өскери губернаторы Фольбаум өзінің Түркістан генерал-губернаторына телеграммасында былай деп жазған: «...Лепсі уезінің Андреев, Осинов және Николаев селоларындағы, Верный уезінің Михайлов селосындағы қактығыстар мануфактуралық тауарлардың қымбатшылығы негізінде болды. Көпшілігі мұсылман саудагерлерден зардап шеккендер, өскери қызметтен босатылған олардың айуандығы тобырды ерекше ызalandырды».<sup>92</sup>

Шаруалар көтерілістері Қазақстанның солтүстік аудандарын да қамтыды. Мәселен, 1916 жылғы 21 наурызда Торғай облысы Ақтөбе уезінің Ақбұлақ селосында 30 адам болатын солдат әйелдерінің тобыры көпестер Незвановтың, Прияткиннің дүкендерін қиратты. 1916 жылғы 23 наурызда Сазды поселкесінде нақосындағы тәртіпсіздік туды.<sup>93</sup> Тәртіпсіздіктердің себебі экономикалық және әлеуметтік жайсыздықтар деп саналды.

Халық бұкарасы бой көрсетулерінің толқыны Қазақстанның басқа облыстарына да жайылды. Солдат әйелдерінің ең ірі бой көрсетулері Семейде болып, оны таяудағы Семенов, Грачев, Маловладимировск, Большевладимировск, Георгиевск селоларының, Долинская станицасының тұрғындары колдады. Бұл селолардың бәрінде көпестердің дүкендері қиратылды.<sup>94</sup>

Соғыс жылдарында солдаттар бұқарасы арасындағы көтеріліс Қазақстандағы шаруалар толқуларымен тікелей үндесіп жатты. Соғыстың алғашқы күндерінің өзінде-ақ 1914 жылы Көкшетауда, Верныйда, Ақмола және Семей облыстарында солдаттардың бой көрсетулері болды. Солдаттар арасындағы толқулар мен қобалжулар салдарынан Түркістан округінің барлық әскери бөлімдері майданға жіберілді.<sup>95</sup>

Солдаттар бұқарасының бой көрсетулері жергілікті өкімшіліктің жазалау шараларын қатайтуына әкеп соқты. Көтерістерге қатысқаны үшін, ереуілдер үйымдастырғаны және басқа әрекеттер үшін өлім жазасы енгізілді.<sup>96</sup>

Соғыс жылдарында солдаттардың өз бөлімдерінен, майданға бара жатқан жолда эшелондардан қашып кету жағдайлары жиіледі. Үйіне демалысқа келген солдаттар да майданға қайтып барудан бас тартты.

Халық бұқарасының соғысқа және патша өкіметіне қарсы қозғалысы 1915 жылдың екінші жартысында ерекше күшейді. Қалаларда халық орын алған жағдайға наразылық білдірді. Мәселен, округтік инженер Спасск зауыты мен Қарағанды кен орындарында мазасыз жағдай туралы хабарлаған, оларда жұмысшылар жалақының төмен және еңбек жағдайларының ауыр болуына қарсы шыққан еді.<sup>97</sup> Қазақстанның кен-зауыт өнеркәсібінің барлық кәсіпорындарында жұмыстан шығарылған жұмысшылардың «қара тізімдері» болды. «Қара тізімге» іліккен жұмысшылар одан кейін жұмысқа кіре алмады.

1916 жылдың басында майданнан революциялық күрес тәжірибесі бар жұмысшылар қайтып орала бастады. Жұмысшы қозғалысы қайтадан өрістей бастады. Қала кедейлері арасында, атап айтқанда Верный, Әулиеата қалаларында қозғалыс ерекше күшейді.<sup>98</sup> Семей қаласында еңбекшілердің ерекше ірі бой көрсетуі болып өтті. Онда 1916 жылғы 19–20 қарашада 17 дүкен киратылды.<sup>99</sup>

1916 жылдың екінші жартысында жұмысшы қозғалысының дамуына қазактардың ұлт-азаттық қозғалысы зор ықпал жасады. Тыл жұмыстарына шақыруға қарсы көтеріліспен байланысты Қазақстанның кен кәсіпорындары мен темір жолдарында жұмысшылардың ірі толқулары атап өтілген. Бұл толқулар жұмысшы қазактардың жұмыстан жаппай кетіп қалуына ұласты. Бершүгір, Байконыр, Қарағанды көмір кен орындарының, Спасск мыс кеніштерінің, Қарсақбай зауытының, Успен және Жезқазған кеніштерінің жұмысшылары көтерілішілерге қосылды. Қазақ жұмысшыларының азаттық күресін орыс жұмысшылары да қолдады. Мәселен, 1916 жылдың шілдесінде Петропавл консерв зауытының жұмысшы өйелдері Приходченкова мен Тининянкина жұмысшылар арасында үгіт жүргізгені, бас көтеру үйымдастыруға әрекет жасағаны және жұмысшылардың жалақысын арттыру туралы талаптар қойғаны үшін жұмыстан шығарылды.<sup>100</sup>

Жұмысшы қозғалысын басуға тырысып, өкімет орындары үш айға дейін түрмеге қамауға немесе 3 мың сомға дейін ақшалай айыппұл салуға дейін қатан шаралар қолданды.<sup>101</sup>

1916 жылдың орта шеніне қарай кедейлер өбден ашынған жағдайға жеткізілді. II Николай патшаның «бұратаналарды» тыл жұмыстарына алуы туралы жарлығы Қазақстанның барлық облыстарындағы көтеріліске ұшқын түсірді.

1916 жылдың аяғына қарай Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыс халықтың барлық топтарын қамтыды: өнеркәсіп орындарының, кеніштер мен кен орындарының жұмысшылары ереуілдер жасады, қалалар мен селоларда

дүкендер мен дүңгіршектерге ойран салынды, Қазақстанның бүкіл аумағы ұлт-азаттық қозғалысының өртіне оранды.

#### 4. 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛС

1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғыс Ресей халықтарына аса ауыр қасірет өкелді. Әлеуметтік және ұлттық езгі күшейді. Соғыс жылдарында жергілікті жерлердегі патша шенеуніктерінің озырылышы мен зорлық-зомбылығы өлшеусіз өсті. Қазақтардан, бірінші кезекте Сырдария және Жетісу облыстарында жерлерін жаппай тартып алу жағастырылды. Бір ғана Жетісу облысында соғыстың алғашкы 3 жылданда 1800 мың десятина жақсы жайылымдар мен егістік алаптар тартып алынды, ал осы жерлердің нағыз қожайындары қазақтар шаруашылық жүргізуге онша жарамды емес, немесе мұлде жарамсыз шөл немесе шөлейт аудандарға күшпен көшірілді.

Соғыс орасан көп мөлшерде шикізатты, азық-түлікті, малды және басқа да материалдық құндылықтарды жалмап жүтті. Шаңырактарға жаңа өскери салық енгізілді. Соғыс басталған соң жергілікті халыққа салынатын салықтар 3–4 есе, ал жекелеген жағдайларда 15 есе өсірілді.

Егіс алаптарының қыскартылуы нәтижесінде ауыл шаруашылық өндірісі сүмдүк құлдырап кетті.

1916 жылдың ортасына қарай патша өкіметінің қазақ халқынан тартып алған жерінің жалпы көлемі 45 миллион десятинаға теңелді.


Әлеуметтік және ұлттық езгінің күшеюі, соғыс кесапаты – халық бұкарының қайыршылануы, қымбатшылық, ашаршылық еңбекшілердің жағдайына ауыр өсер етті және өлке халқының өр түрлі топтары тарапынан белсенді наразылық туғызды.

Соғыс жағдайларында «Қазақ» жалпыұлттық газетінің төнірегіне біріккен қазақтың либерал-демократиялық зиялышарының жетекшілері – Э.Бекейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов және олардың жақтастары, сондай-ақ қазақ зиялышарынан шаруа-демократиялық бағытты жактайтын М.Сералин, Б.Майлин, С.Дөнентаев және басқалар сыңды «Айқап» журналының төнірегіне топтасқан өкілдері басылып шыққан сөз арқылы өздерінің халыққа ықпалын нығайтуға үмтүлды.

Саяси көзқарастары мен өрекеттеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, қазақ зиялышарының жоғарыда аталған өкілдерінің қөптеген туындыларының өзегі «Оян, қазақ!» ұраны болды (осы атаумен 1909 жылы Міржакып Дулатовтың өлендер жинағы жарияланған еді). Қазақ оқымыстылары өздерінің жан-жакты шығармашылығымен, жалпы демократиялық талаптар ұсынып және өз ойларын екінің бірінде мыскыл тілімен білдіре отырып, өлкеде отаршылдыққа карсы саяси жағдайдың тамыр жауына жәрдемдесті. Халық санасына ұлт-азаттық құресінің қажет екендігі идеясын сінірді.

Соғыс Ресей империясында пісіп-жетіліп келе жатқан жалпыға бірдей дағдарыс үрдісін тездетті. Қазақстанның, Орталық Азияның барлық дерлік аудандарын қамтыған, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс соның жарқын көріністерінің бірі болды.

Көтерілістің басты себептері әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар: отаршылдық езгінің күшеюі, жерді тартып алу, салықтар мен алымдардың шамадан тыс ұлғайтылуы, қазақ халқы мен аймақтың



**Казакстандағы 1916 жылдың кетерлілісі. Шартты белгілер:** 1 – 1916 жылдың кетерлілік аудандары; 2 – 1916 жылдың толкулар камтыған аудандар; 3 – кетерлілістерге көмектесуге көтегендердің бағыттары; 4 – А. Имановтың кетерлілік аудандар шоғырланған аудандары; 5 – патша отрядтарының козгалысы; 6 – кетерлілістердің патша эскерлерімен шайқаскан жерлер; 7 – 1916 жылы жұмысшылардың енеркесін орындағы мен рудниктердегі толкулары; 8 – мемлекеттік шекара; 9 – Казакстанның шекарасы; 10 – облыстардың шекаралары; 11 – облыстардың орталықтары.

басқа байырғы халықтары жөнінде патша өкіметі жүргізген орыстандыру саясаты, қалың бұқара жағдайының күрт нашарлауы болды.

Бұл аталғандардың ішінен ежелгі қазақ жерлерінің жаппай, күшпен тартып алынуын және өлкені басқарудың отаршылдық жүйесінің күшеттіліуін ең басты себеп ретінде қарастыру керек. Верный уезі Пригородный участок сінің қазақтары өздерінің 1916 жылғы 17 қазанда Түркістан генерал-губернаторына көтерілістің себептері туралы арызында дұрыс атап көрсеткендей: оны туғызған «халық дұрыс түсінбеген тыл жұмысына жұмысшыларды шақыруғана емес. Себеп тереңіректе жатыр. Бір жағынан, жерден қысым көру және екінші жағынан қазактарды басқару жүйесі» қазіргі қайғылы оқиғалардың негізгі себептері болып табылады.

Жер жөнінен қазақтар соңғы он жылда өте қатты қысым көрді: облыста 1903 жылы құрылған қоныс аудару басқармасы 1908–1909 жылдарда қазақтардан жерді алғып қоюды... күшті қарқынмен жүргізді. Соның салдарынан қазақтардың дайын суландыру арықтары, бау-бақшасы мен қора-қопсылары бар ең жақсы жерлері тартып алынды. Олар сусыз нашар жерлерге қуылды; орман алқаптары түгелдей қазынаның пайдаланылуына алынды...»<sup>102</sup>

Мұндай көрініс Казакстанда жер-жерде байқалды.

Көтерілістің бүрк ете қалуына патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы Казақстанның, Орталық Азияның және ішінара Сібірдің 19 жаспен 43 жасқа дейінгі «бұратана» ер азаматтарын тыл жұмыстарына (корғаныс құрылыштарын және өскери қатынас жолдарын салу, майдан өнірі маңайында жолдар салу және т.б.) «Реквизициялау туралы» жарлығы тікелей себеп болды. Оның үстіне жарлықта «жұмылдыру», «өскерге шақыру» деген сөз емес, қайта әңгіме бейнебір малды реквизициялау (өткізу, алу) туралы болып отырған сиякты, «реквизиция» (жеке адамның мүлкін зорлап алу) деген сөз қолданылды. Бас штабтың салғырт салығы бойынша тыл жұмыстарына Қазақстанның, Орталық Азиядан 400 мың адам, соның ішінде қазақтар мекендерген барлық облыстардан 240 мыңға жуық адам алу жоспарланды. Егер өлкедегі қазақ шаруашылықтарының саны 700 мыңнан сөл асатынын ескеретін болсақ, әрбір үшінші шаруашылық қызметкерінен айырылады екен, ал сонымен бірге мұндай мөлшерде жұмысшы қолын өкету ұлттық ауқымдағы сұм<sup>103</sup> қапатқа айналатын еди.

Жарлық туралы хабар жергілікті баспасөзде жарияланды және болыс басқарушыларының жиналыстарында оқылып, қосымша түсіндірмелер мен түсініктемелер берілді. Жарлықтың бірқатар ережелерінің бұлыңғырығын отаршылдық өкімшіліктің жергілікті шенеуніктері шебер пайдаланды. «Инженер М.Тынышбаевтың жоғары мәртебелі Түркістан генерал-губернаторы мырзаға 1916 жылғы оқиғаларға байланысты айғақтарында» Жетісу генерал-губернаторының үндеухатында окоп жұмыстарына шақыру туралы айтылғаны атап өтіледі. Селолардағы бұрынғы орыс солдаттары қазақтарға «окоп» дегеннің не екенін түсіндірген кезде, халықты жұмылдыру («алу», «өткізу») шын мәнінде қаруыз адамдарды қыруға өкеп соғады деп санады. Ал мұның өзі өз кезегінде қазақтардың патша жарлығына жаулық көзқарасын күшетті. «...Мұның ең қауіпті жұмыс екені, – деп жазды одан әрі М.Тынышбаев, – оларға түсінікті болды... жұмысшыларды шақырудың мәнін халыққа ешкім де түсіндіріп бере алмады; оның орнына жергілікті өкімет орындары патша жарлығын асығыс түрде орындауға кірісе бастады. Кейбір жағдайларда дөрекі шаралар қолданды. Ара жігін бөліп жатпай 25 жасты (19–43) бір мезгілде асы-

ғыс алу халықты қайран қалдырды... осы ұрандармен қатар киянат жасаушылық та қатар жүргізілді. Олар орыс өкімшілігіндегі кейбір адамдардың қатаң шаралары мен жай ғана қателіктері, болыс басқарушыларының құлқыны және т.б. сияқты болып келді. Бұл тәсілдер халық жанына тікелей батқандықтан, толқудың өріс алуы сөзсіз еді».<sup>104</sup>

Қазақстандағы көтеріліс 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы жарияланғаннан кейін басталды. Шілденің бас кезінде Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік стихиялы наразылықтар басталып, көп ұзамай қарулы көтеріліске ұласты. Халық ашу-ызасының алғашқы сокқыларына тылдағы жұмыстарға алынатындардың тізімдерін тікелей жасаған болыс басқарушылары, ауыл старшындары және патша өкімшілігінің басқа да төменгі билік иелері ұшырады. Ол кезде қазақтарда метрикалық куәліктердің болмағанын пайдаланып, олар тізімге жас шамасына қарамастан кедейлерді қалауынша енгізді; ал байдың балаларын пара алып шақырудан босатты. Іс жүзінде тізімдер жасау жүйесі жаппай паракорлық пен қиянат жасаушылық туғызды.

Оның үстіне патшалық өкімет орындары лауазымды адамдарды, болыстарды, село және ауыл басқарушыларын; байырғы тұрғындардан шыққан төменгі шенді полицейлерді; имамдарды, молдалар мен мұдәристерді, ұсак кредит мекемелеріндегі есепшілер мен бухгалтерлерді; жоғары және орта окуорындарында окушыларды; үкіметтік мекемелердің шенеуніктерін, дворян және құрметті азамат құқықтарын пайдаланатын адамдарды өскерге алушан босатты.

Патша жарлығының қатандығы және жергілікті жерлерде оны жүзеге асырудың өділетсіз өдістері түнілуге дейін жеткізген, қолына тұскенімен қаруланған еңбекшілер патша өкіметінің өкілдеріне: болыс басқарушыларына, ауыл старшындарына, полицейлерге, казактарға, шенеуніктерге бас салып «адам бермейміз!» деп айқайлады, оларды ұрып-соқты. Көтерілішілер болыс басқарушыларының, ауыл старшындарының кенселері мен үйлерін өртеді. Жүргізілген істер мен жұмысқа алынушылардың тізімдерін жойып, аңғалдықпен олар тыл жұмыстарына адам алушан осында жолмен құтыламыз деп санады.

Стихиялық қозғалыс бірте-бірте үйымдастан сипат алып, қарулы көтеріліске ұласа бастады; ірі ошактары (Жетісу мен Торғайда) пайда болды. Көтеріліс бүкіл Қазақстанды қамтыды және оның өткір жүзі патша өкіметінің өскери-отаршылдық және кең көлемде орыстандыру саясатына және белгілі бір дәрежеде ауылдардың феодал-бай ұstem топтарына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысына ұласты. Осы тұрғыдан ол Ресейдің жұмысшы табы мен шаруаларының соғыска және патша өкіметіне қарсы революциялық қозғалысымен ұштасты.

1916 жылғы көтерілістің басты мақсаты ұлттық және саяси азаттық болды. Сол арқылы ол қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы бұрынғы бүкіл күресінің қорытындысын шығарды. Көтерілістің негізгі қозғауши күші ұлттық шаруалардың қалың тобы, сондай-ақ сол кезде туып келе жатқан жергілікті жұмысшы табының өкілдері, қолөнершілер болды.

Сонымен бірге көтерілістің ұлт-азаттық сипатта болуы себепті қазақ халқының барлық топтарының өкілдері (екінің бірінде байлар, болыс басқарушылары, билер), сондай-ақ демократияшыл зиялыштардың жекелеген өкілдері қатысты.

Күрделі және өртекті болған көтеріліс кең-байтақ өлке аудандарының көпшілігінде ұлт-азаттық сипатқа ие болды. Тек жекелеген жерлерде ғана қозғалыстың басшылығын байлардың үстем топтары мен клерикал элементтер қолына алды.

Көтеріліске қазақтармен қатар ұйғырлар, өзбектер, қырғыздар, дүнгендер және басқа да кейбір халықтардың өкілдері қатысқан Оңтүстік облыстарды (Жетісу және Сырдария облысы) қоспағанда, Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы құрамы жағынан бір ұлттың қозғалысы болды.

Қазақ қоғамында патшаның жарлығы мен көтеріліске көзқарас бір мәнде болған жок: байлардың үстем топтарының белгілі бір бөлігі, сондай-ақ «бұратаналық өкімшілік» дейтіннің шенеуніктері «реквизиция туралы» патша жарлығын сөзсіз қолдады және оны басты жүзеге асыруышылар болды; қазақ зиялышарының батыл өкілдері (мысалы, Тоқаш Бокин, Жаңабай Ниязбеков, Әубекір Жұнісов, Тұрар Рысқұлов, Әліби Жангелдин, Сейітқали Менденшев, Бәймен Алманов және басқалар) патша жарлығына батыл қарсы шықты және халықты карулы қарсылыққа шакырды, ал «Қазақ» газетінің төңірегіне біріккен либерал-демократияшыл зиялышардың жетекшілері (А.Байтұрсынов, Ә.Бекейханов, М.Дулатов және басқалар) патша өкімшілігін адам алуға асықпауға, қайта өуелі дайындық шараларын жүргізуге көзін жеткізуге талай рет өрекет жасады. Сонымен бірге олар қарусыз халық патша өкіметінің аяусыз жазалау шараларының құрбанына айналады деп орынды санап, жарлықты орындауға қарсылық көрсетпеуге шакырды. «...Патшаның жарлығы – Ақиқат және оған қарсы пікірлер болмауы керек, – делінген «Қазақ» газетінің 1916 жылғы 6 шілдедегі бас мақаласында, – ...жалтару женіл ойлылық болады, өйткені бұл халық үшін күйзеліс өкеледі. Қазір – соғыс уақыты, тәртіп қатал; жасырынғандарды іздеуге отряд жіберіледі, ол шаруашылықтың күйзелуіне өкеп соғып, отбасына бақытсыздық өкеледі...». Нак осы газет 1916 жылғы 11 тамыздағы нөмірінде А.Бекейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың атынан алаш (қазақ халқы. – Ред.) арасында бұйрықты ешқандай қарсылықсыз іске асыруды жақтады. Сонымен бірге олар анғалдықпен, егер қазақтар тыл жұмыстарына қатысса, соғыста жеңгеннен кейін олар өз жағдайын женілдетуге және автономия алуға үміт ете алады деп санады.

Бұл орайда зиялышардың жоғары топтары (Ә.Бекейханов бас болып) мұндай екіудай жағдайда, балға мен тәстің арасында қалғанын есте ұстау керек.

1916 жылғы көтеріліс ерекшеліктерінің бірі күреске тәменгі топтардың көтерілуі болғаны мәлім. Ауыл мен қыстактың жоғары үстем топтары айлакерлік жасады, өйткені олар ішінәра болыс, старшын, жергілікті аппараттың қызметкерлері және т.б. ретінде басқару жүйесіне тартылған болатын, екінші жағынан – ұлттық зиялышар, ең алдымен оның Ә.Бекейханов және оның «Қазақ» газеті редакциясындағы серіктері бастаған ең білімді бөлігі ол кезде күш пен ресурстарды Германиямен соғысқа жұмылдыруды жақтаған Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) саяси бағытымен байланысты болатын. Осыны негізге алып және өзін жалпы ресейлік зиялышардың бір бөлігі деп сезінген Ә.Бекейханов пен оның жақтастары майданға көмек көрсетуге тырысты. Олар соғыс жағдайында көтеріліске қатысуды патша үкіметі, орыс жүртшылығы барлық туындастын зардалтарымен қоса алғанда орыс өскерлерінін ту сыртынан сокқы беру деп бағалайтының түсінді.

Ұлттық-демократияшыл зиялымдар тарапынан тағдырдың жазғанына көнуге, Қазақстан бір бөлігі болған соғысып жатқан державаға көмектесуге шақыруы осыдан. Бұл шақыруды халық бұқарасының көпшілігі түсінбеді және қабылдамады. Бұқараның іс-қимылын басқаруға, олардың саяси тәлімгерлері болуға қазақ зиялымдарының батыл топтарының қолына шоғырлану себептері нақосында болатын.<sup>105</sup>

Тұрар Рыскұлов атап өткендей: «қазақтардың бұл ұлттық-либерал зиялымдары... кадеттер сияқты, сол кезде өмір сүрген құрылым пен патша өкіметінің жергілікті жерлердегі өкімшілігіне қарсы болды... Патшалық жер саясатына қарсы болды, бірақ Ресейдің буржуазиялық-демократиялық партияларымен ынтымақтаса жұмыс істеді. Бұл зиялымдар қазақтардың көтерілісін мезгілінен бұрын жасалған керексіз көтеріліс деп сипаттап, барлық келіспеушіліктерді бейбіт жолмен жәнге келтіруге болар еді деп көрсетті».<sup>106</sup>

Сонымен бірге ұлттық қазақ зиялымдарының жетекшілері қазақтарды тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыру жәнінде, шақырылғандардың құқықтарын қорғау және олардың майдан өнірі аудандарындағы тұруы мен жұмыс істеуі үшін кажетті жағдайлар туғызу жәнінде нақты қадамдар жасады. Мұны Ә.Бекейхановтың бастамасымен 1916 жылғы 7 тамызда Орынборда шақырылған бес облыс (Торғай, Орал, Ақмола, Семей және Жетісу) өкілдері жеке кеңесінің құжаттары дәлелдейді. Олар кеңесті шақыруға бастамашылар (Ә.Бекейханов пен оның серіктегі) жалпы алғанда тыл жұмыстарына шақырылғандарды қорғау мақсатын көздегенін, шақырушылардың тізімдерін жасау кезіндегі зансыздық көріністерін және жергілікті өкімет орындарының ауыл тұрғындары мен казак өскерлерінің жазалау отрядтары арасында жанжалды жағдайлар үйімдастыру жәніндегі арандатушылықтарын өшкереlegenін көрсетеді. Осы кеңес хаттамасының корытындысында былай деп атап көрсетіледі: «25 маусымдағы аса жоғары жарлық қазақтарға, сол жарлықтың өзі жарияланбаған кезде жергілікті өкімет орындарының хабарландыру нысанында мәлім болды.

Бұл халыққа ашық аспаннан жай тұскендей өсер етті. Жергілікті өкімет орны аса жоғары жарлықты асығыс түрде орындауға кірісе бастады... Тізімге қазақтардың жасын ауылнайлар өз бетімен енгізеді... кейбір жазбаларды өкімет орындары біле тұра дұрыс жасамады: бай қазақтар өз балаларының жасын өдейі ересек етіп жазғызды... кейбір болыс басқарушылары өз жауларына мейлінше сенімді сокқы жасағысы келіп, оларды адам алуға қарсылысты деп айыптаап, бастықтарға жеткізді.

Жоғарыда аталған қиянат жасаушылықтар арқасында... өкімет орындарының қазіргі буыны казақтардың отрядтарымен алғаш рет танысты... Дала өнірінде казак отрядтарының пайда болуы орасан үлкен ауданның бейбіт халқына қорқыныш үялатты... Осы кезге дейін болғандардың бәрі аса жоғары жарлықты орындауға өте асығыс кіріскендікпен түсіндіріледі. Халықты тыныштандыру үшін дереу шаралар қолдану қажет». <sup>107</sup> Кеңеске қатысушылар осы шаралар ретінде өкімет орындарына 17 тармақтан тұратын қарар ұсынды. Олардың ең бастылары мыналар болып табылады:

«1) ...Солтүстік уездер үшін адам алу 1917 жылғы 1 қантарға дейін, ал онтүстік уездер үшін – 1917 жылғы 15 наурызға дейін кейінге қалдырылсын.

2) Бірінші кезекте 19–31 жастағылардың үштен бірі шақырылсын, шақыру жасы кішіден басталсын, өйткені бұл жастағылардың дені әлі шаңырак құрып үлгірмегендер.

... 5) Алынғандар мүмкін болғанынша жергілікті жерлердегі мемлекет қорғау жөніндегі жұмыстарға қалдырылсын.

... 9) Қалалардағы мұсылман медреселерінің шәкірттері шақырудан босатылсын.

10) Бұрынғы асығыс жасалып, дұрыс берілмеген тізімдер... қайтарылсын; құрамына әрбір он шаңырактан бір адам, қатысатын комитет сайланып, ауыл жиынының қатысуымен жаңа тізім жасау осы комитетке тапсырылсын.

...14) Ауырып қалған жұмысшылар жарапанғандармен бірдей медициналық күтімді пайдаланады.

15) Жұмысшы қазақтар қалалық және земстволық одактар мекемелерінің карауында болуға тиіс. Жұмысшы қазақтарды басқаратын мекемелердің құқықтары мен міндеттері туралы нұсқау шығарылуға тиіс.

...17) Қазақ жұмысшылары дәлелді себептер бойынша, қажет болуына қарай демалыс алатын болсын...»<sup>108</sup>

Патшалық өкімет орындарына табыс етілген бұл құжатқа Қазақстанның бес облысы өкілдері кеңесінің төрағасы Ә.Бекейханов және оның хатшылары О.Алмасов пен М.Дулатов қол қойған. Егер бұл құжатты мұқият оқып шықсақ, оның бірінші кезекте ұлттық-демократияшыл зиялышардың жетекшілері («Алаш» партиясының болашактағы ұйымдастырушылары) өздерінің колдан келген амалдарымен қазақ халқының мұдделерін қорғағын, XX ғасырдың 30–80-жылдарында ресми тарихнамада үнемі айтылып келгеніндей, «ұлт мұдделеріне сатқындық жасаушылар» болмағанын бірінші кезекте дәлелдейтінін анғару кын емес.

Оның көрнекті өкілдерінің бірі Міржақып Дулатов 1929 жылғы 7 қантарда ОГПУ тергеушісіне берген жауабында былай деп мәлімдеді: «1916 жыл келді. 19–43 жасқа дейінгі қазақ халқын тыл жұмыстарына реквизициялау туралы 25 маусымдағы патша жарлығы кенеттен жарияланды. Қазақ халқы толқыды... Даға зенбіректері мен пулеметтері бар жазалау отрядтары ағылды. Губернаторлар жер-жерге барды, түрмелер батыл адамдарға лық толды. Ақтөбеге қелген Торғай вице-губернаторы... тура былай деді: «Бірде-бір қазақ тірі қалмаса да патша жарлығы орындалады».

Осының бәрін, ал ең бастысы – қазақ халқының дәрменсіздігін, қорғансыздығын көрген біз халыққа өкімет орындарына қарсыласпауға кеңес бермекші болып үйғардық, өйткені шайқастың тен болмайтынына, қазақ даласы қанға бөгетініне, қазақ халқы орны толмас қасіретке ұшырайтынына сенген едік, кейбір жолдастар қазір ұлттық қазақ зиялышары сол кезде көтеріліске басшылық ете алмады деп жүрді, бірлесе өрекет етіп, патша өкіметінің ізіне еріп кетті және т.б. деседі. Менің ойымша, сол кездегі мән-жаймен, шын жағдаймен жақсы таныс болған адам мұны айтпас еді.

Жеке-жеке бүрк еткен толқулар көп ұзамай қарудың қүшімен басып-жанышталып, жұмысшыларды реквизициялау мен майданға жөнелту басталды. Сол кезде «Қазақ» газетінің редакциясы тыл жұмыстарына жөнелтілген қазақтардың мұқтаждарына қызмет көрсетуге үйғарды және осы мақсатпен барлық қазақ зиялышарына реквизицияланғандар жұмыс істейтін майдандарға өз еркімен барып, оларда бұратаналар бөлімін құруға шақырды. Зиялышар (көпшілік бөлігі халық мұғалімдері) бұған үн қосты және көп кешікпей Минскіде земство одағының жанынан бұратаналар бөлімі құрылды. Мен Минскіге бәрінен кейінрек аттанып кеттім...».

Казақстанның өр түрлі аудандарында пайда болған стихиялы қозғалыс бірте-бірте үйымдасты сипат ала бастады: Жетісуда (басшылары – Бекболат Әшекеев, Ұзак Саурықов, Жеменке Мәмбетов, Тоқаш Бокин, Әубекір Жұнісов, Серікбай Қанаев, Монай және Мұқан Ұзакбаевтар мен басқалар) және Торғайда (басшылары – Әбдіғапар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин және басқалар) оның ірі ошақтары пайда болды.

Жетісудағы көтеріліс тарихын: 1) шілде – стихиялық наразылық көріністері, 2) тамыз – оның қарулы көтеріліске үласуы және 3) қыркүйек-қазан – көтерілістің біргіндеп бәсендеуі және женіліс табуы деген кезеңге бөлуге болады.<sup>110</sup>

М.Тынышбаевтың айтуы бойынша, 25 маусымдағы патша жарлығы Жетісу қалаларында 8 шілдеде белгілі болған. Облыстың жекелеген уездеріне жұмышыларды шақыру туралы телеграммалар одан да бұрын, 2 және 3 шілдеде келіп түскен.

Шақыру туралы хабарлар мен алынатындардың тізімдерін жасау туралы сыйыстар жер-жерде толқулар туғызды: мәселен, Верный округтік соты прокурорының корларында сақталған құжаттардың деректері бойынша, патша жарлығы туралы хабар алынғаннан кейін Жаркент уезінің Әлжан болысы қазактары: «Жат жерде өлгенше, осында өз жерімізде өлеміз. Бәрімізді атып тастасандар да, жұмысқа бармаймыз және ешкімді жібермейміз», – деп айқай салған.<sup>111</sup> 6 шілдеде Ақбейіт алқабында болған албан руының (Жаркент уезі) 16 болысы өкілдерінің жиналысында көтерілістің Қарқара ошағы басшыларының бірі Жеменке Мәмбетов былай деп мәлімдеді: «Балалар қырылғанша, кәрілердің өлгені жақсы, ак патшаның жарлығын орындаимыз». Оны Ұ.Саурықов, С.Қанаев, К.Шорманов, К.Құдайбергенов, К.Шотаманов және жиналысқа басқа да қатысуышылар қолдады.<sup>112</sup> Бұл шешімді Ж.Мәмбетов 11 шілдеде пристав Подворков пен урядник Плотниковқа жеткізді; 1916 жылғы 7 және 8 шілдеде Верныйдың батыс жағындағы 40 километр жердегі Үшқоңыр алқабында Верный уезі Жайылмыш және басқа да жағындағы болыстардың өкілдері арнаулы съезге жиналып, патша жарлығына көзқарас туралы мәселені талқылады.

Адамдар берілмесін, таудан жазыққа түспейік, өкімет орындары тарапынан күш қолдану шарапары жасалған жағдайда телеграфты қирату, тыл жұмыстарына шақырылушылардың тізімдерін, болыс басқармаларының кенселерін өртеуге дейін барып, жойып жіберу жөнінде қимыл жасалсын деген шешім қабылданды.

Шілде айының бас кезінде толқулар Верный уезінің Батыс және онтүстік бөліктерін де қамтыды, оларда көтерілісшілерге Бекболат Әшекеев, Тоқаш Бокин, Ақкөз Қосанұлы және басқалар басшылық етті.

1916 жылы жасы 70-тен асып кеткен Бекболат Әшекеев Жайылмыш болысы көтерілісшілерінің үлкен жасағын басқарды. Көтеріліс жасалған жағдайда



Ұзак Саурықов.



Аkkөz Қосанұлы.

қаруши Поротиковтің 1916 жылғы 13 шілдеде Жетісу облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант М.А.Фольбаумға баяндағанындей, «Отар участесіндегі көптеген қазактар барлық қазактарды бір жерге шоғырландыру мақсатымен қырдан тауға көше бастады».<sup>114</sup>

17 шілдеде Жетісуда және Түркістан өлкесінде соғыс жағдайы жарияланды. Патша өкіметі орындары мұнда ірі әскери күштер әкелді, әскери гарнизондарды нығайтты, Жетісудағы қоныс аударушы халықтың ауқатты топтарынан қазақ және қырғыз көтерілісшілерін жазалау үшін қарулы отрядтар құрды. Жетісу облысы Жаркент уезі көтерілісшілерінің Асы жайлауында, Қарқараның таулы алқабында, Самсы станицасында, Қастек, Нарынқол, Шарын, Жалаңаш, Құрам елді мекендері аудандарында, Лепсі уезінің Садыр—Матай болысында және басқа жерлерде патша жазалаушыларымен ірі қактығыстары болды.

Осындағы жағдайларда Верный уезінің батысында Б.Әшекеев Жетісудың бытыранқы көтерілісшілер топтарын біріктіру үшін шаралар қолданады. Осы мақсат үшін ол 1916 жылғы 13 тамызда Ошақты деген жерде өр түрлі болыстар өкілдерінің съезін шақырады, съезде тыл жұмыстарына адамдар алу туралы жарлыққа өкімет орындарына қарулы қарсылық көрсетуге дейін барып бағынбауға шешім шығарылды.

Өз адамдарымен Ұшқоныр тауындағы Ошақты сайына орнығып алған Б.Әшекеев қарулы қарсылыққа дайындала бастады, сонымен бірге көтерілісшілердің қатарын жаңа күштермен толықтыру жөнінде шаралар қолданды.

Алайда тағдырдың дегені басқаша болды. 1916 жылғы көтеріліске қатысқаны үшін сот жазалауының тарихын тыңғылықты зерттеген профессор F.Сапарғалиевтың материалдарына қарағанда, Жайылмыш болысының көтерілісшілері мен оның басшысы Б.Әшекеевтің іс-қимылдары туралы мәліметтер алған соң уезд бастығы подполковник Базилевский жазалау отрядымен аталған болысқа жүріп кетті. 13 тамызда көтерілісшілердің жазалау отрядымен қактығысы болып, ол нашар қаруланған және ұрыс қимылдарын жүргізуден тәжірибесі жоқ көтерілісшілердің женілісімен аяқталды.

деп съезге қатысушыларға қаруын өзір ұстауға және өрбір үй жанында кермеде ертеулі ат тұруына ұсыныс жасалды.

Верный уезі Ұзынағаш болысының Үлкенсаз мекенінде Жетісудың он бір болысы өкілдерінің 5 мыңнан астам адам қатысып, жоғарыдай шешім қабылдаған съезі болып өтті. «Оқтың астына барғанша, осында өлгеніміз артық» деген қарар қабылданды.<sup>113</sup> Көп кешікпей қарсыласудың енжар нысандары жер-жерде семсерлермен, аңшылық мылтықтарымен, сұық қарумен қаруланған көтерілісшілер жасағын ұйымдастыруға ұласты.

Отар аймағы көтерілістің Верный қаласынан батыстағы өзінше бір орталығына, Жетісу облысындағы орталығына айналды. Верный қаласы полицмейстерінің істерін ат-

Осы оқиғаның қарсаңында Қаскелен станицасында ұйымдастырылған көтерілішілерді ыдырату және оның басшыларын тұтқындау жөніндегі комитет өз жұмысын бастады. Көп кешікпей әр түрлі ауылдардың өкілдері көтерілішілердің қатарын тастанап кете бастады. Көтерілістің басшылары, бірінші кезекте Б.Әшекеев қын міндетті шешуге тиіс болды: не Қытайға кету керек еді, онда патша жendetтері олардың туыстарын жазалай бастайтын болады, не туыстары мен ауылдастарын құтқарып қалу үшін патша жendetтерінің қолына өз еркімен берілу керек еді. Бекболат Әшекеев екіншісін тандады. Ол өкімет орындарына өз еркімен беріліп, көтерілісті ұйымдастыру жөніндегі бүкіл кінәні өз мойнына алды.<sup>115</sup>

Верный қаласы гарнизоны бастығының міндеттерін уақытша атқарушы генерал-майор Грызловтың 1916 жылғы 1 қыркүйектегі Бекболат Әшекеевті (ол көтерілішілерді сөзсіз қырғынға ұшыраудан құтқару максатымен жазалаушыларға өз еркімен берілгеннен кейін) отрядтық дала сотына беру туралы жарлығында былай деп жазылған: «...Верный уезінің Жайылмыш болысы 4-ауылының қазағы Бекболат Әшекеев бұратана жұмысшыларды реквизициялау туралы патша жарлығының орындалуына құшпен кедергі жасауға ниеттенді деп айыпталуға тиіс... Ол биылғы 13 тамызда соғыс жағдайында тұрған Жетісу облысының Верный уезіндегі өзінің ауылы Ошақты деген жерде... көтеріліс ұйымдастыру үшін зансыз съезд шақырды, онда басқа адамдармен бірге үкіметтің талабына бағынбауға және өкімет орындарына қарулы қарсылық көрсетуге қаулы етті, подполковник Базилевский басқарған казактар отрядына аттылы қазактардың тобыры сондай қарсылықты көрсетті де... Аталған қылмыстық әрекеттері үшін жоғарыда аталған қазақ Бекболат Әшекеевті... мен соғыс уақытының зандары бойынша соттау үшін Верный өскери гарнизонының отрядтық сотына беремін.<sup>116</sup>

7 қыркүйекте Верный қаласында Верный өскери гарнизонының соты болып, ол Бекболат Әшекеевті өлім жазасына кесіп, дарға асу туралы үкім шығарды. Соттың үкімін облыстың өскери губернаторы Фольбаум нақ сол күні бекітті. Үкім бір күннен соң, яғни 1916 жылғы 9 қыркүйекте Вернийдың жанындағы Боралдай деген жерде орындалды.

Бекболат Әшекеевтен кейін оның ең жақын 23 серіктегі Түркістан өскери-округтік сотына берілді. Оларға сот 1917 жылғы 17 акпанда Верный қаласында болды. Олардың бәрі тағылған айыптауларға өздерін кінәлі деп мойында мағанымен, қатаң жазаланды. Бекбатыров, Бұзембаев, Аманжолов, Сатыханов, Әшекеев, Караксин, Әбішев, Сұлтанов, Нұрбаев, Аманбаев, Екейбаев, Әбдірәшев дарға асылды.

Б.Әшекеевтің баласы Әбділда Бекболатов барлық құқықтары мен дәулеттінен айырылып, 20 жыл мерзімге каторгалық жұмыстарға айдалды. 8 адам соның ішінде болыс басқарушысы Сәт Ниязбеков көтеріліске қатысуы дәлелденбеуі себепті акталды.

Қыркүйекте – қазан айының басында барлық жағынан жазалау отрядтары тықсырған Жетісу көтерілішілерінің едәуір бөлігі табанды шайқаса отырып шегініп, Шыңжаңға кетуге мәжбүр болды.

Жетісу облысының Верный уезінің ізінше онымен көршілес Сырдария облысының Әулиеата уезінде көтеріліс басталды. Әулиеата уезі, атап айтқанда, оның Мерке участесі кең-байтақ Сырдария облысы қазақтарының маңызды көтеріліс ошақтарының бірі болды. Тапсырма бойынша, Әулиеата

уезінен 22 675 адам алынуға тиіс болатын. 1916 жылғы тамыздың аяғына қарай шақыру пункттеріне 3 мындей адам ғана келді.

Әулиеата уезіндегі толқу тамыздың бас кезінде басталды. Сырдария облысы әскери губернаторының міндетін атқарушы С.Геппрердің 1916 жылғы 21 тамыздағы облыстағы көтерілістің барысы туралы баяндамасында айтылғанындей, «Көшеней болысы қазактарының 50 адамға жуық тобыры 1 тамызда орман күзетшісінің үйін қиратып, оның мұлкін талап өкетті. Орыс халқы үрейленіп, поселкелерден қашып жатыр, ал қазактар көршілес Пішпек уезінің болыстарымен қосылып, қыр көрсетуде және жұмысшылар бермейміз деп мәлімдеуде».<sup>117</sup> Көп кешікпей бұл толқулар қарулы аттаныстарға ұласты. 1916 жылғы 20 тамыздығы құжатта былай делінген: «Мерке участкесінде қарулы тәртіпсіздіктер басталды. Мерке-Пішпек телеграф қатынасы үзілді»,<sup>118</sup> көтерілісшілер Мерке-Әулиеата телеграф қатынасын үзіп таstadtы. Олар Мерке станицасына үш жағынан өрт қойды, ал көтерілісшілердің бір бөлігі Луговое селосын қоршап алды. 20 тамызға қараған түні көтерілісшілер прапорщик Дутко командалық ететін жазалау отрядына шабуыл жасады. Жазалаушылар таң атканға дейін атысты, бұл орайда көтерілісші қазактардың «қызыл жалау көтеріп ақ атпен жүрген жетекшісі өлтірлді».<sup>119</sup>

Тұрар Рысқұловтың айтуынша, Мерке участкесінде (Құрғаты болысында) көтерілісшілердің отрядына басшылық етуде «Ақкөз деген бір қазақ шалы» ерекше көзге түскен, «ол соң тұтқынға алынып, ұрып-соғылған, бірақ тірі қалған».<sup>120</sup>

1916 жылғы 6 қыркүйекте Түркістан өлкесі генерал-губернаторының көмекшісі Петроградқа әскери министр Д.Шуваевқа былай деп телеграф арқылы хабарлады: «Әулиеата уезінде Луговое селосына жақын жерде қазактар салынып жатқан темір жол станциясына шабуыл жасады, көмекке 100 адамнан тұратын атты команда жіберілді. Кузьминка селосында онға дейін (үй) өртелді, Новотроицкое селосын қазактардың үлкен тобыры қоршап алған, мұнда қазактарға неміс колонистері азық-түлік жеткізіп жәрдем көрсетуде, бүлікшілер арасында молдасы және әулиеаталық және ташкенттік сарттар да бар».<sup>121</sup>

Бұған мазасызданған өкімет орындары 1916 жылғы қыркүйектің басында көтерілістің Мерке ошағын басып- жаңыштау үшін Ташкенттен Мерке ауданына Сібір запастағы полкінің қосымша екі ротасын жіберуге мәжбүр болды.<sup>122</sup>

Әулиеата уезіндегі көтерілістің бастапқы кезеңіне Ташкент мұғалімдер институтындағы оқуын үзіп Меркеге келген Тұрар Рысқұлов қатысты. Батыл болғанмен, жағдайды нашар білетін командирлердің белгілі бір жағдайда қалай істеуге болатынына Т.Рысқұловтан ақыл сұраған кездері аз емес. Тұрар Рысқұловтың көтерілісшілер қызметін алдын ала үйымдастыру, қарулы құрес ошактарын өзара үйлестіру, орыс шаруаларымен қақтығысуларға бармау қажеттігі жайлы ұсыныстарын көтерілісшілердің жекелеген отрядтарының жетекшілері қабылдады. Бірақ операцияларды қалай жүргізу, қандай тактиканы таңдап алу керектігіне келгенде, Т.Рысқұлов пен жетекшілердің пікірлері қабыспады. Т.Рысқұлов өзінің саяси тәлімгерлік миссиясын екі жағдайға байланысты аяқтай алмады. Патша өкімшілігінің құштерімен айқасқа өзірлену үстінде көтерілісшілер құпиялық жайын онша ойластырмады. Мерке участкесі мен Әулиеата уезінің полициясы, өкімшілігі сенімді адамдарынан қажетті мәліметтер алып, алдын алу шараларын қолданды. Полицей приставы Т.Рыс-

құловты тұтқынға алуға ниеттегенді, бірақ оны ауыруы және полицейлерде тікелей айфактардың болмауы құтқарды. Сезікті сауыққанша Әулиеата уезі ауданындағы көтеріліс басып-жанышталып, Т.Рыскұлов оқуын жалғастыру үшін Ташкентке қайтып барды.<sup>123</sup>

Көтеріліс Ақмола және Семей облыстарын қамтыды. С.Сейфуллиннің айтуынша, Ақмола уезінің барлық 48 болысында үкіметке қарсы толқулар орын алған.<sup>124</sup>

1916 жылғы 7 шілдеден 5 қыркүйекке дейінгі уақыт кезеңінде Ақмола және Семей облыстарындағы көтерілісті басып-жаныштау шаралары туралы генерал-лейтенант барон Таубе жасаған анықтамада мынадай деректер келтірілген: «Қазактардың едөуір тобыры... Зайсан уезінде – өркайсысында 1000 адамнан асатын бірнеше топ, Семей уезінде – 7000 адамдық топ, Өскемен уезінде – кейбіреулерінде адам саны – 3 мыңға дейін жететін бірнеше топ шоғырланды; Ақмола уезінде Корғалжын көлінің маңында – 30 мыңға дейін жететін қазактар және Ерейментау тауларында – 5 мыңға дейін, Атбасар уезінде Ұлытау алқабы маңында – 7000-нан астам және Қосағаш ауданында 2000-ға дейін қазактар топталды».<sup>125</sup>

Жетісу, Сырдария, Ақмола, Семей облыстарында және Батыс Қазақстаның бірқатар аудандарында көтерілісшілер қозғалысы басып-жанышталған немесе оны аяусыз басып-жаныштау үрдісі жүріп жатқан кезде, Торғай даласында ол күш алып, күн өткен сайын өрістей түсті. Әбдіғапар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин бастаған Торғай көтеріліс ошағы ең таңанды болды және үзакқа созылды.

Мұрағат құжаттарының дәлелдейтініндей, көтерілістің Торғай ошағы шырқау шынына жеткен кезінде (көтерілісшілер Торғай облысының Торғай, Костанай, Үрғыз, Ақтөбе уездерін және көршілес облыстардың бірқатар уездерін басып алған) көтерілісшілер саны 50 мың адамға жуық болған. Көтерілістің орталығы Торғай уезі болды. Көтерілістің басталуына қарай Торғай уезі негізінен қыпشاқ және арғын рулары шоғырланған 13 болыстан тұратын. Көтерілістің бастапқы кезеңінде толқулар қыпшактар мекендерген Кайдауыл, Аккүм, Қараторғай, Сарыторғай, Каракопа болыстарын, сондай-ақ негізінен арғындар мекендерген Тосын, Майқарау, Сарықопа, Наурызым, екінші Наурызым болыстарын қамтыды. Көтерілістің етек жаю барысында Әбдіғапар Жанбосынов қыпشاқ көтерілісшілерінің ханы, ал Шолак Оспанов арғын көтерілісшілерінің ханы болып сайланды. Кейіннен 1916 жылғы 21 қарашада 13 болыс (6 болыс қыпشاқ, 6 болыс арғын және 1 болыс найман) өкілдерінің құрылтайында халық арасында атакты Нияз бидің ұрпағы Әбдіғапар Жанбосынов көтеріліске шықкан Торғай уезінің ханы болып сайланды (Әбдіғапар өзін өмір деп атаған).

Құрылтайға қатысушылардың келісімімен Кенесары Қасымовтың серігі – атакты Иман батырдың немересі – Амангелді Иманов (Үдербай ұлы) көтерілісшілердің сардарбегі (бас қолбасшысы) болып тағайындалды. Орталық Ресейден келген және көп кешікпей көтерілісшілерге қосылған, осы жерлерде туып-өсken Әліби Жангелдин көтерілісшілердің «рухани көсемі» болды.

Ондаған мың үйымдастаған көтерілісшілерден Ә.Жанбосынов, А.Иманов және олардың ең жақын серіктері ондықтарға, жүздіктерге және мыңдықтарға бөлінген, сындарлы, тәртіпті өскери жасақ құрды. Әрбір қолды басқаруға тиісінше онбасы, елубасы, жұзбасы, мыңбасы қойылды. Кейкі



Әбдіғапар Жанбосынов.

Көшкінбаев бастаған арнаулы мергендер тобы құрылды.

Сардарбек жанында өскери кеңес жұмыс істеді.

А.Имановтың көтерілісшілер армиясының бақылауындағы аудандарда, шынына келгенде, тәменгі ауылдық-бөлістық әкімшілік жойылды, азаматтық билік көтерілісшілердің қолына көшті. Ә.Жанбосынов, А.Иманов және олар басқарған өскери кеңес тыл қызметін үйімдастырып, арнайы тағайындалған адамдарға (елбегілерге) көтерілісшілерді азық-тұлікпен, атпен қамтамасыз етуді, ұстаханаларда қолдан мылтық, қылыш, қанжар, семсер және т.б. жасауды тапсыруды.<sup>126</sup>

22 қазанда А.Иманов бастаған 15 мың көтерілісші Торғай қаласын коршады. Қаланы қоршау бірнеше күнге созылды. Қоршау кезінде генерал-лейтенант

А.Лаврентьевтің жазалау корпусы қалаға қарай үш бағытта келе жатты. Патша жазалаушыларының басым күштері жақындаған туралы мәліметтер алған көтерілісшілер Торғайды қоршауды қойып, патша өскерлерінің отрядтарына қарсы қозғалды. 16 қарашада А.Иманов бастаған, жалпы саны 12 мың адамға жуық сарбаздар Тұнқойма пошта станциясы ауданында подполковник Катоминнің жазалау отрядына шабуыл жасады. Көтерілісшілердің негізгі көпшілігі адам күшін сақтау үшін қарашиның екінші жартысында Торғайдан 150 километр жерге кетіп, Батпаққара ауданында шоғырланды. Осы жерден 1916 жылғы қарашиның екінші жартысынан 1917 жылғы ақпанның ортасына дейін жазалаушыларға қарсы партизандық жортуылдар жасалды. Көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында Татырда, Ақшығанакта, Доғал Үрпекте, Қүйікте шайқастар болды. Көтерілісшілердің штабы орналасқан Батпаққара ауданындағы шайқастар шиеленісті болды. Шайқас 1917 жылғы ақпанның екінші жартысында өрістей түсті.

Казақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі Қазақстанның барлық аймақтарында қатаң басып-жанышталды. Семей және Ақмола облыстарында көтерілісшілерге қарсы 12 атты өскер жүздігі, 11 күшеттілген жаяу өскер ротасы қимыл жасады, ал Торғай көтерілісшілеріне қарсы патшалық әкімет орындары 17 атқыштар ротасын 18 казак жүздігін, 4 атты өскер эскадронын, 18 зенбірек, 10 пулемет және басқаларды өкеп төкті. Алайда жазалаушылар Қазақстанның бірқатар аудандарында көтерілісті Ақпан революциясына дейін баса алмады. Мәселен, Торғай облысында көтеріліс патша әкіметі құлатылғаннан кейін ғана тоқтатылды.

Көтерілісті басып жаныштау үшін патша әкімет орындары Жетісуға 8 750 наизалы мылтығы бар 95 рота, 3900 қылышкері бар 24 жүздік, 16 зенбірек және 47 пулемет жіберді. Облыста ондаған қазақ және қырғыз ауылдары жойып жіберілді, бейбіт тұрғындар аяусыз қырғынға ұшырады. Патша әкімет орындары қудалаған 300 мың қазактар мен қырғыздар немесе Жетісудың байырғы тұрғындарының төрттен бірі Қытайға қашып кетуге мәжбүр болды.

Генерал-губернатор Куропаткин бекіткен сот үкімі бойынша ғана Түркістан өлкесінде қоныс аударушылар селоларының тұрғындарынан құрылған отядтар мен жазалаушылардың қолынан сотсыз және тергеусіз каза тапқан адамдарды қоспағанда, 1917 жылғы 1 ақпанға қарай 347 адам өлім жазасына, 168 адам каторгалық жұмыстарға, 129 адам қамауға кесілді.

Патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы өділетсіз жарлығының қасіретті зардаптары осындай болды.

Ресей либерал-демократиялық қозғалысының өкілдері 1916 жылғы 25 маусымдағы патша жарлығы шығуының ең басынан-ақ оның зансыз екенін көрсетіп, егер бұл өділетсіз жарлық жүзеге асырыла бастаса, халық толкуларының пайда болуы анық екенін ескерткен еді.<sup>127</sup>

1916 жылғы шілденің өзінде-ақ мұсылмандар, кадеттер мен трудовиктер фракцияларының өкілдері болып табылатын Мемлекеттік Дума мүшелері Ішкі істер министрлігі мен Әскери министрлікке жарлықты жүзеге асыру шарттарын дереу анықтауды талап еткен болатын. Бірқатар депутаттардың саулалуы бойынша, патша жарлығын жүзеге асырудың зандылығы мен мүмкіндігі және зардаптары туралы мәселе Мемлекеттік Думаның отырыстарында бірнеше рет талқыланды. 1916 жылдың тамызында Мемлекеттік Думаның депутаттары А.Ф.Керенский мен К.Б.Тевкелев болып өткендердің бәрімен жергілікті жерде танысу үшін өз фракцияларының тапсыруымен Түркістанға барды. Мемлекеттік Думадағы трудовиктер фракциясының жетекшісі А.Ф. Керенский Түркістан мен Дағындағы өлкесінде болып жатқан оқиғаларды орыс тарихының маскара беттері деп сипаттады. Ол «...25 маусымдағы жоғары патша жарлығын... жариялау және жүзеге асыру кезінде Ресей империясының негізгі және негізгі емес зандарының бәрі қаншалықты мүмкін болса соншалықты бұзылған», – деп мәлімдеген.<sup>128</sup>

Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының мүшесі М.Г.Джафаров трудовиктер фракциясы сауалының негізгі қағидаларын және оның жетекшісінің сөйлеген сөзін қолдай келіп, Қазақстан мен Орталық Азия халықтары көтерілісінің негізгі себебі патша өкіметінің отаршылдық саясаты және барлық денгейдегі атқарушы өкімет орындарының соған тікелей байланысты іс-қимылы деп айқын көрсетті. «Жоғары өкімет орындары агенттерінің зансыз өрекеттеріне қоса, – деді М.Г.Джафаров, – жергілікті өкімет орындары шексіз озбырлық жасады, бұратаналарды шақыру туралы жарлық шығару актісінің зансыздығы да, бұл актінің жүзеге асырудың зансыздығы да бұратаналар жөніндегі ғасырлар бойы жасалған және дәстүрлі саясаттың, халықтың өз пікірін де, оның өмірлік мүдделерін де елемеудің тікелей нәтижесі... Билікті асыра қолдану – орыс өкімет орындарының бұратаналар жөніндегі саясатының принципі».<sup>129</sup>

1916 жылғы көтеріліс қазак халқының сан ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс



Амангелді Иманов.

жағдайларында көтерілістің жалпы жұрт таныған басшылары Ә.Жанбосынов, А.Иманов, Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов, Б.Әшекеев, О.Шолаков, А.Жұнісов, Қ.Көкембаев, И.Құрманов, Т.Орысов, Ж.Құдайбергенов, С.Қанаев, М.Ұзакбаев, А.Сұлтанбеков және басқалар, көтерілісшілердің саяси көсемдері Т.Бокин, Т.Рыскұлов, С.Мендешев, Ә.Жангелдин, Б.Алманов және басқалар кезінде Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Әтемісов, Жанқожа Нұрмұхамедов, Кенесары және Наурызбай Қасымовтар, Байзақ Мәмбетов және басқалар жүргізген тәуелсіздік жолындағы құреске халықты көтерді. Кенесары Қасымов басшылық еткен ұлт-азаттық қозғалыстан кейін 1916 жылғы көтеріліс бірінші рет кең-байтақ өлкенің барлық аймақтарын өр түрлі дәрежеде қамтып, бүкілқазақтық сипат алды. 1916 жылғы көтерілістің айрықша ерекшелігі өлкенің бірқатар аудандарында (негізінен, Қазақстанның оңтүстігінде және оңтүстік-шығыснда) оған қазақтармен қатар қырғыз, ұйғыр, өзбек және басқа да халықтар өкілдерінің де қатысуы болды. Кейбір шекарадас аудандарда көтеріліске шыққан қазақтар мен қырғыздар патша жазалаушыларына қарсыласудың бірлескен аймақтарын ұйымдастыруды (мысалы, Қарқара (Қазақстан) және Қарақол (Қырғызстан) ауданы, Әулиеата уезі (Қазақстан) және Пішпек уезінің (Қырғызстан) түйіскен жері және басқалар.

Көтеріліс отаршылдыққа қарсы және империализмге қарсы бағытта болды. Көтерілістің басты міндеті – халықты отаршылдық езгіден ұлттық және саяси жағынан азат ету міндетімен салыстырғанда, таптық мәселе (ауылдың бай үстем топтарына қарсы құрес) екінші кезекте қалды. Бірқатар жерлерде және белгілі бір кезенде көтеріліс халықтық соғысқа ұласты (оның Жетісу және Торғай облыстарындағы жекелеген ошактарында).

Қазақстан мен Орталық Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұтас алғанда Ресей империясындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың одан өрі асқына тұсуіне себепші болды. Ол Ресейдегі әскери-феодалдық және әскери-отаршылдық басқару жүйесінің іргесін шайқалтты және шығыстың отар халықтарының империалистік езгіге қарсы XIX ғасырдың басында өріс алған бүкіл ұлт-азаттық қозғалысының құрамдас бөлігі, буындарының бірі болды.

## 5. АВСТРИЯ-ВЕНГРИЯ МЕН ГЕРМАНИЯ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНГА КЕЛУІ

Бірінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі Австрия-Венгрия мен Германияның соғыс түтқындарының келуіне байланысты қаастырылып отырған кезенде елеулі өзгерістерге ұшырады. Басқа жағдайларға қоса, мәселені көрсетудің маңыздылығын осы ортадан кейіннен азамат соғысына белсене қатысқан тағдыры ерекше адамдардың шығуымен тұсіндіруге болады. Олардың көбісі, тәжірибелі әскерилер Қызыл Армия жауынгерлерінің немесе оның қарсыластарының отрядтарына кіріп, кең-байтақ қазақ өлкесі де қамтылған алапат шайқастардың от жалынына қызу араласты, мындаған кешегі көшпелілерді әскери өнерге төзімділікпен үйрете алатын нұсқаушылар өте қажет болған жергілікті жерлерде таяуда ғана құрылған ұлттық қарулы құрамалардың отрядтары қатарына қосылды. Сол кездегі Қазақстан өміріндегі соғыс

тұтқындарының Үштік одақтағы рөлі мен орны бізге көрініп отырғанындей, бұл факторды есепке алмайынша, отарлық шет аймактардың саяси өмірінің өзіндік ерекшелігін, бірінші дүниежүзілік соғыс басталған кезден бастап, сол кезде де халқының мейлінше ала-құла құрамымен ерекшеленген аймакқа еріксіз келген олардың қосқан үлесін ұғыну қын.

Майдандардағы қантөгіс шайқастар соғыс тұтқындарының бірден-ақ зор тасқынын туғызды, олар уезд орталықтарына және ең алдымен дала өлкесінің Омбы, Ақмола, Павлодар, Семей уездеріне көп жіберілді. 1914 жылдың желтоқсанындағы деректер бойынша сол кезде-ақ тек Омбы қаласында өр түрлі ұлттан шыққан 2000 соғыс тұтқыны болған. Олардың арасында Галицияда туғандар, сондай-ақ Кавказ майданында орыстарға тұтқынға түскен түріктер көп болды.<sup>130</sup> Ақмола облыстық басқармасы жалпы жиналышының 1915 жылғы 28 қаңтардағы журналында аталған облыстың 155 қыстағына орналастырылған тұтқындар саны 22 200 адам деп көрсетілген.<sup>131</sup> 1915 жылғы 28 ақпанда жүргізілген соғыс тұтқындарының бір күндік санағының қорытындысы олардың санын былайша анықтайды. Зайсан, Павлодар, Семей, Өскемен қалаларында – 7490 адам, Ақмола облысының қыстактарында – 8612 адам.<sup>132</sup> Бұған өскери-әкімшілік жағынан Қазақстанның онтүстік аудандары мен Жетісу бағынған Түркістан өскери округінің қыстактарында орналасқан соғыс тұтқындарын қосу керек.<sup>133</sup> Әскери қоныстар бастығының Түркістан генерал-губернаторына 1915 жылғы 2 сәуірдегі хабарламасында аталған өскери округтің 37 қонысына 139 374 «төменгі шендергілер»,<sup>134</sup> 1882 офицер орналастырылғаны айтылған, ал 1917 жылдың наурызына қарай олардан 41 285 өскерилер, соның ішінде 1764 офицер және 39 521 солдат қалған.<sup>135</sup>

Соғыс тұтқындарының алғашқы тобы Батыс Сібірге, Қазақстанның солтүстік-шығыс аудандарына 1914 жылдың тамызында келді, олардың арасында Австрия-Венгрия азаматтары көп болды. Соғыстың бастапқы кезеңінде (1915 жылдың көктеміне дейін) соғыс тұтқындарын қабылдау және орналастыру үшін арнаулы лагерьлер құрылмаған еді. Адамдар сарайларға орналастырылды, бір жерден екінші жерге айдалап апарылып отырды. Тұтқындар арасында едәуір өлім-жітім көп болды. Асығыс құрылған лагерьлердің кейбіреулері өзінің адам айтқысыз төмен денгейімен айдаумен келгендердің жиіркеніш сезімін тудырды. Мәселен, Челябі мен Қостанай арасындағы орналасқан Троицкий лагері «өлім лагері» деген атқа ие болды.

Соғыс тұтқындарын қабылдау үшін Қазақстанда біртіндеп арнаулы орындар бөліне бастады, асығыс лагерьлер құрылды. Бірак Дала өлкесінің генерал-губернаторы К. А. Сухомлиновтың Орыс армиясының Бас штабына хабарлағанындей, 1914 жылдың тамызында Дала генерал-губернаторлығының ең ірі мекені Омбыда тұтқындарды орналастыру үшін барлығы 1716 адамды сыйғыза алатын 27 үй дайындалған.<sup>136</sup>

1914 жылғы 31 желтоқсанда Омбы жергілікті бригадасының бастығы Ақмола облыстық губернаторына Бас штаб Бас басқармасының алда арнайы әкім берілгенге дейін соғыс тұтқындарын Иркутск өскери округіне жөнелтуге уақытша тыйым салу туралы шешімін хабарлады, бұрынырақта Омбы мен Петропавл қалаларына апарылғандарды ең болмағанда «тоғышарлардың пәтерлеріне орналастыруға, сөйтіп олар босатқан үй-жайларды австрия-венгриялық тұтқындарға беруге рұқсат етілді.

Соғыс тұтқындарының ұлттық құрамы өр түрлі болды. Ақмола және Семей облыстарының аумағына орналастырылғандардың көпшілік бөлігі славян текті адамдардан тұрды. 1915 жылғы 20 қарашадағы деректер бойынша, Петропавлдағы 3986 соғыс тұтқындарының ішінде 663-і славян текті адамдар болған.<sup>137</sup> Рас, славяндардың этникалық жағынан бөлінуі деректемелерде көрсетілмеген. Соғыс тұтқындары арасында румындар, түріктер, итальяндар, немістер, мадьярлар жиі айтылады. Офицерлер арасында герман-венгр текті адамдар едөуір көп болды. Ақмола жергілікті командасының облыс губернаторына 1915 жылғы 23 желтоқсандағы рапортында офицерлер саны 115 адам, олардың ішінде немістер – 64, венгрлер 51 адам деп көрсетілген.<sup>138</sup>

Соғыс тұтқындарының жағдайы және оларға жергілікті әскери-отаршылдық аппарат пен еңбекші халықтың көзқарасы бірдей болған жоқ. Патша әкімшілігі соғыс тұтқындарының қала мен село тұрғындарының арасында байланыс орнатуына кедергі жасады. 1914 жылғы 20 қыркүйекте Омбы әскери округінің штаб бастығы Өскемен, Барнаул, Семей және Павлодар гарнизондарының бастықтарына берген нұсқауларында соғыс тұтқындарының жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасын болғызыбау мақсатымен аса қатаң шаралар қолдануға, олардың қоғамдық жиналыстарға, тұскі және кешкі тамақ ішу үшін болса да клубтарға баруына жол бермеуге міндеттеді, мұндай жағдайларда жергілікті тоғышарлар «өздерінің бастан кешіріп отырған соғыс пен саяси оқиғалар жөніндегі өр алуан тақырыптағы, біздің жауларымызды хабардар ету дұрыс емес және олар мемлекеттің мұдделерін көзdemейтін ой-пікірлері мен әсерлерін көбінесе бүкпесіз айтып пікір бөліседі» деп қауіптенді.<sup>139</sup>

Қала коменданттарының тікелей міндеттеріне, басқа да атқаратын қызметтерімен қоса «тұтқындарды, қатаң тәртіп пен әдепті ұстап, казармалардан ерекше жағдайларда шағын командалар болып, австриялық және германиялық унтер-офицерлердің басшылығымен, жергілікті күзеттің мылтықты солдатының ілестіруімен шығуға рұқсат ету жүктелді.<sup>140</sup> Жандармдардың ерекше ойластыратын нәрсесі «көрінеу жалған сыйыстар» таратуы мүмкін тұтқындағы офицерлер мен тәменгі шенділерді қадағалап жүру және орыс халқы арасындағы жұртшылықтың көз алдында әскердің беделін түсіруі мүмкін өңгімелерді бақылап отыру болды. Австрия-Венгрия мен Германияның тұтқындағы офицерлерінен жергілікті әкімет орындары олар үшін белгіленген ережелер мен «өз пікірлерінде мейлінше сақ болу» талабын сактауды талап етті,<sup>141</sup> оларды «өз Отаны мен мундир абырайын сактауға...» шакырды.<sup>142</sup>

Қатаң нұсқауға қарамастан, соғыс тұтқындарында кейбір жүріс-тұрыс еркіндігі болып, мәдени ойын-сауық шараларына қатысуға мүмкіндік тауып жүрді. Осыған байланысты Дала өлкесінің генерал-губернаторы «соғыс тұтқындары пайдаланып жүрген еркіндік мүлде шектелсін» деп қатаң нұсқау берді.<sup>143</sup> Бұған «Омский телеграф» газетінде жарияланған, Павлодардан жазылған хабар себеп болды.<sup>144</sup> 1915 жылғы 30 қаңтарда Қоғамдық жиналыс үйіндегі маскарад кезінде адам іздеген Диоген (ертедегі грек философи. – Ред.) сияқты, тұнде шам ұстап өзіне одактас іздеп жүрген «Вильгельм» (герман кайзери. – Ред.) деген жазуы бар бетперде киген адам пайда болған.<sup>145</sup> Кешке балдағы оркестрдің музыканнтары ретінде шакырылған австриялық тұтқындар бетпердені шығарып жіберуді немесе одан

«Вильгельм» деген жазуды алғып тастауды талап етті, өйтпесе музика тоқтатылады деп қорқытты. Генерал-губернатор «тұтқындағы жаудың талабына көнген» Павлодар қоғамдық жиналысы старшинасының «орынсыз» көнгіштігін сыйнады.<sup>146</sup> «Мұндай көнгіштікке қарама-қарсы, – деп атап өтілген нақ сол хабарда, – Данцигтегі (Гданьск. – Ред.) неміс әскери өкімет орындары қала тұрғындарының орыс соғыс тұтқындарымен сөйлесуіне тыйым салып, тындаамағандар бір жыл түрмеге қамалады деп коркытқан».<sup>147</sup>

Алайда өкімет орындарының қорқытуы, тұтқындарды жергілікті тұрғындардан оқшаулауға бағытталған қатаң өкімдер, тұрғындардың қытығына тиу табысқа жетпеді. Соғыс тұтқындары мен жергілікті халық арасында бірте-бірте жылы сезім нышандары қалыптаса бастады. Қарапайым адамдардың майдандардағы шын жағдайды білуге, ұрыс алаңынан таяудағана оралғандармен өз ойларын бөлісуге деген тілегі зор болды. Жергілікті буржуазияның славяншылдық ниеттері және қала тұрғындарының дәүлетті топтары арасындағы «ұлтжандылық» сезім славян текті соғыс тұтқындарының: сербтердің, поляктардың және басқалардың алыстағы Қазақстанда бірқатар жеңілдіктерді пайдалануына себін тигізді:<sup>148</sup> олар Ресейдің өкімет орындарына адап болып, кепілге алынған жағдайда олардың орыс әйелдерімен некеге тұруына да рұқсат етілді.<sup>149</sup>

«Тұтқындағы славяндар жергілікті өмірге берік енуін жалғастырып жатыр. Халықка, әсіресе село халқына олардың айналасындағыларға ілтиппатты көзқарасы, сөз жоқ, өте ұнайды. Пан және пани – тұтқынның аузынан тұспейтін сөздер, жалпы алғанда тұтқындар мен халықтың байланыстары мейлінше кішіпейілді» – жергілікті тұрғындар мен славян текті тұтқындар арасындағы өзара қатынастар осылайша сипатталды.<sup>150</sup> Соғыс жағдайында мұндай құбылыстар кері өсер де туғызды. Қала тұрғындарының тұтқындармен жакындасуға бейімдігі Омбы әскери округі командашысының мазасыздануына да себеп болды, ол «ерекше өкімінде» соғыс тұтқындарының қала тұрғындарының пәтерлеріне баруынан, «газет және баспахана хабарларын талқылап, бұл орайда біздің армияларымыздың қимылдары мен соғыс оқиғаларын қозғауынан» байқалатын еркін мінез-құлқына қалалар коменданттарының назарын аударды.<sup>151</sup> Командашы гарнизондардың бастықтарына олардың арасындағы «мұндай бейбастықты тыюға пәрмен берді.

Елде қалыптасып жатқан сағы сыну, жеңілу көніл-күйі жағдайында революциялық ахуал бірте-бірте кең-байтак Қазақстанды да қамтыды. Еңбекке жарамды халықтың көп бөлігінің майданға, тыл жұмыстарына алынуына байланысты мындаған отбасылар асыраушысыз қалды, соғыс тұтқындарын шаруашылық саласына тарту жалпыға бірдей күйзелісті оналта алмады; өлкө экономикасындағы қайыршылық жағдай, бірінші кезекте қажетті заттарға деген өткір мұқтаждық, қала тұрғындарын тамак өнімдерімен жабдықтаудағы іркілістер өлеуметтік қайшылықты мейлінше шиеленістірді. Елде еселене тұсken қымбатшылық, азық-тұлік бере-кесіздігі соғыс ауыртпалығын едөуір қыннадатты. 1915 жылдың өзінде-ақ империяның зерттелген 659 қаласының 500 қаласы, яғни 75%-ы азық-тұліктен өткір мұқтаждыққа ұшыраған. Өсе тұсken алыпсатарлық, тапшылық алдында дәрменсіз болған жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары пысық іскерлердің күшті ықпалына ұшырады.<sup>152</sup> Күннен күнге үдегі тұсken қымбатшылық жоқшылық көрушілердің онсыз да адам төзгісіз тұрмыс

жағдайларын барынша тереңдете түсіп, оларды ашық наразылықтарға итермеледі.

«Сибирский телеграф» газеті 1915 жылдың күзінде өз беттерінде сол кездегі қымбатшылықтың құрт артқанын дәлелдейтін кейбір тамақ өнімдерінің бағасын берген: бір пүт еленген үн 70 тиыннан 90 тиынға дейін, бидай – 45–75 тиынға, сұлы – 40–45 тиынға, сырттан өкелінген мал етінің өр пұты 2 сомнан 3 сомға дейін, шошқа еті – 3 сом 20 тиын – 3 сом 50 тиынға қымбатқа сатылған.<sup>153</sup>

Қазақстанның қалалары бойынша бытырап жатқан көптеген тұтқындар лагерьлерінде «қасиетті Отанды большевиктік басқыншылардан қорғау» ұранымен бүркемеленген өлеуметтік қайшылықтар барған сайын ушыға түсті және олар соғысып жатқан армиядағы алауыздықтың, майдан қожырауының үлкен зардаптары туралы есітпей тұра алмады. Көсіпорындардағы, ауыл шаруашылығындағы бірлескен еңбек, соғыс тұтқындарының жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасы оларды барған сайын жақындастыра түсті, езілгендердің жалпы саяси мұдделерінің ортақтығына көз жеткізді, оның үстіне соғыс тұтқындары арасындағы көпшілік те өлеуметтік тегі жағынан шаруалардан, жұмысшылар мен колөнершілерден шығып, солдат шинелін кигендер еді. Сонымен бірге тұтқында, концлагерьлерде болып, байырғы тұрғындардың өмірімен жанаса жүріп, олардың материалдық жағынан ауыр және құқықсыз жағдайын көзben көрді. Уақыт өте келе «бұрынғы жау солдаттары арасындағы өз еліне қатысты ұлтжандылық пиғылдар» да жойла бастады және олардың басым бөлігінің санасында саяси ынтымақ барған сайын айқынырақ ояна түсті.

Соғыс тұтқындарының адам төзгісіз тұрмыс жағдайларына және өздеріне дәрекілік көрсетуге қарсы наразылығы оларды бас көтерулер ұйымдастыру қажеттігі туралы ойға жетеледі. Соғыс тұтқындарының Қазақстан аумағындағы 60 адам қатысқан тұңғыш бой көрсетуі соғыс кимылдары мейлінше қызып жатқан 1915 жылдың мамырында Риддер кенішінде өтті.<sup>154</sup> Сол жылдың қазан айында Қазалы лагерінде соғыс тұтқындарының толқуы орын алды, онда Австрия-Венгрия армиясының 3 мыңға жуық соғыс тұтқындары болған еді.<sup>155</sup> Құзет оқ атып, өлгендер мен жараланғандар болды.

Бұкіл империалистік қырғын барысында патшалық Ресейде 2 миллиондай соғыс тұтқындары – Үштік одактың солдаттары болды.

Тұтқындар контингентінің жиі құбылып тұруына байланысты олардың санын азды-көпті дәл анықтау мүмкін емес. Бұл мәселе бойынша пікір алалығының болуы да осымен түсіндіріледі. Шетелдік авторлар А. Браун, Ф. Бейли және басқалар 1916 жылдың өзінде-ақ Түркістанда аурулар мен аштықтан, ауыр тұрмыс жағдайларынан 20 мың соғыс тұтқындарының жартысынан астамы қаза тапты және жергілікті жерлерде Кеңес өкіметін күшпен орнату барысында соғыс тұтқындарының жаппай қырылуы жалғаса берді, ал 1918 жылға қарай Орта Азияда (шетелдік авторлардың бір бөлігі кеңестік кезеңге дейінгі «Орта Азия» деген тарихи-географиялық ұғымды қолданғанда өдетте Қазақстанды да айтады. – Ред.) олардан 33–38 мыңнан аспайтын адам қалды деп пайымдайды.<sup>156</sup> Рас, мұндай мәліметтердің құжат арқылы дәлелі жоқ және бұл деректерді ең жаңа, неғұрлым анық деректемелерді іздестіру мен табуды қажет ететін қосымша ақпарат ретінде қабылдауға болады.

Империяның орталық губернияларында өріс алған, сендеру мен халық арасында үгіттеу жөнінен большевиктердің орасан зор практикалық тәжірибесі болған революциялық оқиғалар соғыс тұтқындарының да таптық санасын ояты, олардың әлеуметтік ара-жігінің ашылу үрдісін тездettі, майдандардағы қантөгісті қырғынның апатты зардаптарын ұғынуға жеткізді. Соғыс кимылдарының жалғастырылуына және «бұратаналарды» тыл жұмыстарына тартуға қарсы наразылықтың жоғары нысаны ретінде басталған 1916 жылғы көтеріліс Еуразиядағы аса ірі отаршыл империяның ұлттық шет аймақтарында Петербург сарайының қатты шайқалған позициясы туралы жалпыға мәлім деректі тұтасымен растап берді.

Ғалымдардың қолында соғыс тұтқындарының ұлттық-демократияшыл зиялыштардың батыл пиғылдағы өкілдерімен байланыстары туралы мұрағаттық немесе басқа да басылып шықкан деректер жоқ. Олар мұндай қарым-қатынас жағдайы болған деп санайды, бұл орайда жаңа туындалап келе жатқан ірі мал иеленушілер жіктерінің ауылдарына қала зиялыштары да барып жүрген кезде, аукатты мал кәсіпшілерінің шаруашылықтарына соғыс тұтқындары ішінен жұмысшылар жалдаған көптеген реттерді ескереді.

Ақпан революциясы жеңгеннен кейін Үштік одактың бұрынғы өскери қызметшілері өмірінде елеулі өзгерістер болды. Омбыда, Семейде, Ақмолада орналасқан тұтқындар еркін жүріп-тұру құқығына және жалданып істейтін жұмысы үшін төленетін ақының бірсыныра арттырылуына қол жеткізді. Кеңестік тарих ғылымында бір кезде олардың жағдайын біршама қындарып көрсететін көзқарас болды, олардың күнделікті өмірінің едәуір нашарлауы туралы пайымдау орын алды. Мысалы, сонау 30-жылдары Л. Шнейдер осындаған пікір айтқан еді. Алайда ол содан кейін қажетті дәлел тапқан жоқ.<sup>157</sup>

Тұтқындар бұқарасы саяси белсенделілігінің өсуіне поляктардың, болгарлардың, сербердердің және басқалардың социал-демократиялық үйімдарының құрылуды қолайлы жағдай жасады. Әдетте, жергілікті большевиктер соғыс тұтқындары ішіндегі белсенделілерді революциялық козғалысқа тартуға тырысты және оларды бар күшті салып өз ықпалында ұстауға ұмтылды.<sup>158</sup> Орынбор мен Омбыда большевиктердің қолдауымен социал-демократиялық үйімдар құрылды.<sup>159</sup> 1917 жылдың сөуірінде-ақ Омбыда Поляк және Литва Корольдігі социал-демократтарының тобы пайда болды, ол өз қатарына 180-ге дейін адамды біріктірді, олардың бір бөлігі тұтқындар болатын. Социал-демократтар тобы большевиктік тактиканы ұстанды.<sup>160</sup>

Дала өлкесінің бас қаласы Омбыда социал-демократ соғыс тұтқындары венгр тілінде «Революция» газетін шығара бастады. Сондай-ақ неміс және венгр соғыс тұтқындары арасында Карл Томан, талантты журналист, ақын Карой Лигети, Семейде – Феттер орасан зор саяси жұмыс жүргізді.<sup>161</sup> Қазақстанның бірқатар қалаларында большевиктер оларды өз жағына тартуға ұмтылып, Кеңестер арқылы Уақытша үкіметтің соғыс тұтқындары еңбегін іске асыру жөніндегі өкілдерінің іс-өрекеттеріне Кеңестер тарапынан бақылау жасау құқығы туралы орындалуы киын шешімдерді қабылдатты, мұны коммунистер оның беделін түсіру үшін пайдаланды, 1917 жылдың мамыр, маусым айларында Омбы жұмысшы және

солдат депутаттарының Кеңесі, Томск солдат депутаттарының Кеңесі сондай шешімдер қабылдады.<sup>162</sup> Бұдан өрі Үштік одақтың бұрынғы солдаттары мен офицерлерінің тағдырлары түрліше қалыптасты. Карой Лигети, Йожев Шоттай, Иштван Паллачек, Йожеф Шамоди сияқты бірқатар соғыс тұтқындары большевиктердің ықпалына ұшырап, өз отанының таяудағы болашағы большевиктік ұрандарда деп білі, басқа біреулері Қазақстанның байырғы мекендеушілері үшін онша түсінікті емес коммунистік насиҳаттың демагогтік мәніне көзі жетіп, өз елдеріне қайтып кетті, онда «дүниежүзілік революция» өкіметінің орнығына қарсы қолдарына қаруалып күресті.

## 6. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АҚПАН РЕВОЛЮЦИЯСЫ

Экономикалық күйзеліс және орыс өскерлерінің жалғасып жатқан империалистік соғыс майдандарындағы жеңілісі, сондай-ақ елде жұмысшы қозғалысы мен аграрлық қозғалыстың өсуі, соның ішінде жеңіліс тапқанына қарамастан, Орта Азия мен Қазақстанның байырғы халқының 1916 жылғы көтерілістері Ресейдің орасан зор апат алдында тұрғанын дәлелдеді. Мұның бәрі демократиялық күштер, соның ішінде жұмысшы табы да, шаруалар да патша өкіметіне қарсы шешуші штурмға дайындалып жатқан кездегі Ресейдегі революциялық дағдарыстың көрінісі болды. Қазақстан еңбекшілерінің өсе түскен революциялық қозғалысының сол күндердегі жалпыресейлік оқиғалармен тығыз байланысын илецк жандармының мойындауы дұрыс сипаттайты, 1917 жылғы 19 акпанда «жалпы жұмысшылардың (Орынбор–Ташкент т. ж. – Ред.) көңіл күйі қазіргі уақытта тым күйгелек және желікпелі, мұның өзі қазіргі кезде (Ресей. – Ред.) бастан кешіріп жатқан саяси жәйітпен ерекше байланысты болып отыр».<sup>163</sup>

1917 жылдың акпанында Ресейде буржуазиялық-демократиялық революция жеңіп, патша өкіметін құлатты.

Ресейдегі Ақпан революциясынан кейінгі жағдайдың өзіндік ерекшелігі буржуазияның және буржуазияланып алған помещиктердің органы – Уақытша үкімет және жұмысшы табының, шаруалар мен солдаттардың органы – Петроград жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңесі түріндегі қос өкімет болып табылады. Петроград Кеңесінде және басқа да Кеңестердің көпшілігінде меньшевиктер мен эсерлер басым, ал большевиктер азшылықта болды. Петроград Кеңесінің 2 мың депутатынан (1917 жылғы наурыз) жұмысшылардың өкілдері 844 депутат, ал қалғандары – едәуір бөлігі шаруалардан тұратын солдаттардың өкілдері болды. Кеңестің большевиктік фракциясы небəрі 50 адам еді. Кеңестің атқару комитетінің төрағасы болып Мемлекеттік Думадағы меньшевиктік фракцияның жетекшісі Н. С. Чхеидзе, ал оның орынбасарлары болып меньшевик М. И. Скобелев пен эсер А. Ф. Керенский сайланды. Уақытша үкімет Мемлекеттік Думаның Уақытша комитеті мен Петроград Кеңесі жетекшілерінің арасындағы келісім негізінде құрылды. Министрлер Кеңесінің төрағасы ірі помещик кінәз Г. Е. Львов, министрлер – кадеттер, октяристер және басқа да буржуазиялық партиялардың өкілдері болды. Үкіметке бір ғана эсер – А. Ф. Керенский кіріп, ол өділет министрі болды.<sup>164</sup>

Петрографдағы ақпан оқиғалары туралы хабар Қазақстан еңбекшілеріне де тез жетті, олар патша өкіметінің құлатылуын жігерленіп қарсы алды. Ол тез арада, келесі күні-ақ, телеграф арқылы бүкіл Орта Азия мен Қазақстанға, өуелі Түркістан және Дала генерал-губернаторлықтарының орталықтары – Ташкент пен Омбыға, ал содан соң барлық облыстық және уездік қалаларға таратылды. Бұрынғы отаршылдық өкімшіліктің бұл оқиғаларды жергілікті халықтан жасырмақ болған өрекеті сөтсіздікке ұшырады, дегенмен де Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин басқалар сияқты бұқараның революциялық қозғалысын «тыныштық пен тәртіп» арнасына бұруға тырысты.

Қазақстан халқының қалың топтары Ресей патшасы II Николайдың құлатылуын, Ақпан революциясын ірі саяси және экономикалық өзгерістерге деген үмітпен қабылдап, өздерінің ғасырлар бойы тілектерінің орындалуы мен толғағы жеткен ұлттық және әлеуметтік проблемалардың шешілуін сонымен байланыстырыды. Халықтың қоғамдық-саяси белсенделілігі едәуір артты, көптеген қалалар мен темір жол станцияларында стихиялы түрде митингілер, демонстрациялар мен жиналыстар болып, оларға жұмысшылар, солдаттар, зиялыштар, көсіпкерлер және өлкедегі басқа да топтардың өкілдері қатысты. Саяси тұтқындар түрмелерден босатылды. Петрографда, көпшілік жағдайда Мемлекеттік Дума мен Уақытша үкіметтің атына патшаның құлатылуымен құттықтаған және жаңа режимді қолдаған жеделхаттар мен хаттар жолданып жатты. Әулие-ата уезінің бірқатар болыстары, № 2 Ырғыз уезінің болыстары, Көкшетау уезінің Жыланды болысы, Орал облысының Қарғатас болысы және т.б. қазақтарының, сондай-ақ Верный қаласының гарнizonы солдаттарының, Семей қаласындағы «Республикашыл офицерлер одағының» және басқаларының жеделхаттары сондай еді. Жұмысшылардың Петрограф Кенесі мен жаңадан құрылған Кеңестердің атына да құттықтау жеделхаттары жолданды. Омбы қаласының жұмысшы және әскери депутаттар Кеңесінің, Екібастұз көсіпорындары жұмысшыларының және басқаларының телеграммалары осындай болатын. Шымкент уезінің халқы өкілдерінің жалпы жиналысы Уақытша үкімет пен жұмысшы және солдат депутаттарының Петрограф Кенесіне құттықтау жеделхатын жолдағы, онда өздерінің Ресей жұмысшыларымен, солдаттарымен бұдан былай да батыл бел байлап отырғанын білдірді.

Бұл жеделхаттар авторларының бүкіл әлеуметтік жағынан ала-құла болғанына қарамастан, олардың бәрінде дерлік, елдегі күйзеліс және Ресей әскерлерінің майдандардағы жеңілістері жағдайында империалистік соғысты жеңіске жеткенге дейін жалғастыруды жактаған пікір айтылып, ішкі демократиялық өзгерістерге негізгі үміт артылды. Мұндай қорғампаздық пиғыл қоныс аударушы шаруалардың ауқатты бөлігінен, қала тұрғындарынан, казактардан, жергілікті әскери бөлімдерден ғана емес, өнеркәсіп орындары мен темір жол жұмысшылары арасынан да байқалды. Мысалы, теміржолшылардың бір бөлігі «онда (яғни соғыста. – Ред.) – жеңіс, ал мұнда – бостандық» болуын жақтады. 1917 жылдың сөуірінде Қазалы станциясы қызметшілерінің, мастеровайлары мен жұмысшыларының съезі: «Елдегі ауыр жағдайға байланысты соғыс аяқталғанға дейін 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу кідіртіле тұрсын», деп қаулы етті.

Сондықтан 1917 жылғы Ақпаннан кейінгі алғашқы күндерде Қазақстанның халық бұқарасының қозғалысы зиянкес отаршылдық аппаратты қирадуға, оның ең жексүрүн өкілдерін орнынан алып, жазалауға бағытталды. Жұмысшы және солдат депутаттары Кенестерінің, әсіресе қала және темір жол жұмысшыларының бастамасымен Оралда – облыстың вице-губернаторы Мордвинов, жандармерия бастығы Баблонов және басқалар, Омбада – Батыс Сібірдің генерал-губернаторы Сухомлинов, Петропавлда – земство және уезд бастықтары, жандармерия шенделегілері, жергілікті гарнизонның кейбір офицерлері және басқалар, Орынборда – Торғай губернаторы М. М. Эверсман, Верныйда – әскери бастық Карнаухов, уезд бастығы Лиханов, округтік соттың прокуроры Баҳружев және басқалар атқарып келген қызметтерінен шеттетіліп, қамауға алынды. 1917 жылдың наурызында – сөуірдің басында Қазақстан облыстарының барлық дерлік әскери губернаторлары мен уезд бастықтары қамауға алынды немесе қызметтерінен босатылды. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Куropatkin ғана, оның жаңында Уақытша үкіметтің комиссары, Мемлекеттік Думаның мүшесі кінәз Васильчиковтың кенесші даусы болғандықтан, әр түрлі тактикалық айла-шарғылар арқылы 1917 жылғы наурыздың аяғына дейін билік басында отырып қалды, 1917 жылғы 30 наурызда жұмысшы және солдат депутаттары Ташкент Кенесінің, мұсылман депутаттары Кенесінің (Шура-и Ислам), сондай-ақ Ташкент және Бетпақдала аудандары шаруалар одактарының бірлесіп күш-жігер салуымен ол өз қызметтінен босатылды, ал оларды жергілікті жұмысшылар, солдаттар және байырғы халықтың қалың бұқарасы қолдады. Сонымен бірге оның көмекшісі генерал Ерофеев, округтің штаб бастығы генерал Сиверс және басқалар орындарынан алынды; мұның бәрі Түркістанда отаршылдық өкімшілік пен патша өкіметінің бүкіл аппаратының жойылуымен тынды. Бұл Орталық Азияның ғана емес, Қазақстанның да демократиялық құштерінің ірі женісі болды.

Уақытша үкімет жергілікті жерлерде өкімет органдарын құруға кірісті. Таратылған өкімшіліктің орнына 7 сөуірде Түркістан комитеті құрылып, оған Уақытша үкімет «берік тәртіп және Түркістан өлкесінің құрылышын» орнатуды жүктеді, ол Ферғана және Самарқан облыстарымен коса, Қазақстанның онтүстік аудандарын қамтыған Сырдария және Жетісу облыстарын, сондай-ақ Маңғыстау уезі кірген Закаспий облысын қамтыды. Кадет, Мемлекеттік Думаның мүшесі Н. Н. Щепкин тәрағасы болған Түркістан комитетіне Қазақстанның ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері Әлихан Бекейханов пен Мұхамеджан Тынышбаев кірді.<sup>165</sup> Облыстар мен уездерге Уақытша үкіметтің комиссарлары және т.б. тағайындалды.

Бірақ қалың бұқараның өсе түскен саяси белсенділігі әр түрлі комитеттердің (қоғамдық, азаматтық, коалициялық, қоғамдық қауіпсіздік комитеттерінің және басқаларының) құрылудың өкеп сокты, сол комитеттер арқылы олар жергілікті жерлерде мемлекеттік істерді басқаруға катысуға ұмтылды. Бұл комитеттер революциялық митингілер мен жиналыстардың талап етуі бойынша да, қалалық думалар мен қоғамдық үйімдардың және басқаларының бастамасы бойынша да пайда болды. 1917 жылғы 2 наурызда Омбы коалициялық комитеті құрылды, оның құралтайшылары – әскери-өнеркәсіп комитеттерінің, биржа комитеттерінің,

Қалалық одақтың басшылары, ірі кооператорлар, «халық бостандығы», халықтық социалистер, эсерлер мен социал-демократтар, сондай-ақ жұмысшылар партиялары мұнда бірден-бір өкімет органы болуға ұмтылған Қалалық думаға қатысадан бастартты.<sup>166</sup> 4 наурызда Петропавлда Уақытша қоғамдық қауіпсіздік комитеті құрылып, кейіннен Атқару комитеті етіп қайта үйімдастырылды. 1917 жылғы 5 наурызда Қалалық думаның, әскери-өнеркәсіп комитетінің, көпестердің, офицерлердің, шенеуніктер мен басқалардың өкілдері Семейде қоғамдық үйімдар мен армияның Облыстық атқару комитетін құрды. Көкшетауда – Уездік коалициялық комитет, Петропавлда – кейінректе Атқару комитеті етіп қайта үйімдастырылған Уақытша қауіпсіздік комитеті, Қостанайда – қоғамдық комиссия, Ақтөбеде – азаматтық комитет, Орал мен Верныйда Уақытша атқару комитеті және басқалар пайда болды. Бұл комитеттердің көпшілігі Уақытша үкіметті қолдады, практикалық мәселелерде өз мүдделері үшін күрескенімен де, жергілікті органдармен ынтымақтасты.<sup>167</sup> Қазақстанда орналасқан казактар мен әскери бөлімдер де Уақытша үкіметті қолдады, Шымкенттің, Түркістанның, Қазалының, Верныйдың, Лепсінің және басқа қалалардың гарнизондары Уақытша үкіметке адальққа ант берді.<sup>168</sup> Түркістан комитеті өзінің өлеуметтік базасын кеңейтуге ұмтылды және бұл мақсатқа 1917 жылғы 9–16 сәуірде Ташкентте болған Түркістан өлкесі атқару комитеттерінің съезі делегаттарының жұмысын пайдаланды. Оған өлкे облыстарынан (соның ішінде Сырдария және Жетісу облыстарынан) және Бұхара әмірлігінен 171 делегат қатысты. М. Тынышбаевтың, ал содан соң Щепкиннің төрағалық етуімен өткен съездің қызметі көп ұлтты өлкенің қоғамдық-саяси өмірін демократияландыруда айтарлықтай рөл аткарды.<sup>169</sup>

Қазақ халқы, өсіреле үлттық зиялыштар Ақпан революциясының ең басынан бастап патша өкіметінің құлатылуын құптады және Уақытша үкіметке, оның комиссарлары мен жергілікті органдарына барынша қолдау көрсетті. Бұған Уақытша үкіметтің тыл жұмыстарындағы «бұратаналарды» босату жөніндегі кейбір шаралары да себепші болды. 1917 жылғы 14 наурызда «бұратаналарды» тыл жұмысына алу тоқтатылды, ал бір айдан кейін оларды босату туралы шешім қабылданды.<sup>170</sup> Ақпан революциясынан кейінгі алғашқы күндердің өзінде «Қазақ» газеті Ә. Бекейханов, М. Дулатов, М. Есболов, Т. Жаманмұрынов бастаған 15 қазақ зиялыштарының және Батыс майдандағы Земство одағы комитетінің жаңындағы Бұратаналар бөлімінде жұмыс істеген көптеген көрнекті қазактардың Қазақстанның 25 орталығына және қазактар арасында белгілі жекелеген тұлғаларға: Шымкенттегі Тынышбаевқа, Петропавлдағы Күсемісов пен Тілеулинге, Омбыдағы Тұрлыбаевқа, Павлодардағы Сәтбаевқа (Әбіке), Семейдегі Мәрсеков пен Тұрағұл Құнанбаевқа, Қарқаралыдағы Ақбаевқа, Смахан Бекейханов пен Хасен Ақаевқа, Ойылдағы Халел Досмұхамедовке, Үрғызыдағы Шонановқа, Коқандағы Ақаевқа, Әндіжандағы Қожықовқа, Торғайдағы Алмасовқа, Карадин мен Тоқбаевқа және басқаларға Минскіден жолдаған жеделхатын жариялады. Онда қазактар Уақытша үкіметті қолдауға, елде демократиялық республика орнатуға қол жеткізу және жаңа, еркін Ресей құрамындағы үлттық автономия құру үшін күресуге Құрылтай жиналысына дайындалуға шақырылды. Оның арқауында бірлікке шақыру жатты.<sup>171</sup> 1917 жылғы Ақпаннаң кейінгі үлттық зиялыш-

лардың бұл көзқарасын «Алаш» қозғалысының басқа бір жетекшісі А. Байтұрсынов та қуаттайды, ол 1919 жылы «Ақпан революциясын қазактардың дұрыс түсініп, қуанышпен қарсы алған себебі, біріншіден, ол қазактарды патша үкіметінің езгісі мен зорлық-зомбылығынан босатты, екіншіден, олардың көкейтесті арманын жүзеге асыруға – дербес билікке деген үмітін қолдады» деп жазды.<sup>172</sup>

Революциядан кейінгі алғашқы құндерде-ақ негізінен орыс халқының қалың топтарынан өкілдік еткен қоғамдық және басқа комитеттердің үлгісімен, «Қазақ» газетінің және ұлттық зиялыштардың мұрындық болуымен облыстық, уездік және болыстық қазақ комитеттері құрыла бастады.

Облыстық қазақ комитеттері олардың тиісті орталықтарында: 1917 жылғы 10 наурызда – Оралда (төрағасы – F. Әлібеков); 11 наурызда – Семейде (төрағасы – Р. Мәрсеков) және Омбыда (төрағасы – Е. Итбаев); наурыздың аяғында – Верныйда (төрағасы – И. Жайнақов) және т.б. құрылды.<sup>173</sup> Бұл облыстық қазақ комитеттері уездер мен болыстарда тиісті комитеттер үйімдастырумен қатар, «Қазақ» газетінің көмегімен бірден-ақ қазактардың облыстық съездерін дайындауға кірісті, ол үшін мысалы, Семей облысы бойынша Р. Мәрсеков бастаған 15 адамнан тұратын комиссия сияқты арнаулы комиссиялар құрылды.

Ұйымдастырушылары мен «Қазақ» газеті редакциясының пайымдауы бойынша, осы съездерде бұл құрестің әлеуметтік базасын кеңейту және демократиялық, федерациялық Ресей шенберіндегі ұлттық автономия жолындағы құресте қазақ халқының қалың топтарын «топтастыру» жөніндегі аса маңызды саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени талаптарды анықтауға тұра келетін еді. Облыстық қазақ комитеттері съездерге дайындалумен және өздерінің уездік және болыстық органдарын үйімдастырумен қатар, облыстық қоғамдық және басқа комитеттермен де, Уақытша үкіметтің органдарымен де ынтымақтастық жасады. Мысалы, Әлихан Бекейханов Торғай облысы бойынша, Мұхаметжан Тынышбаев Жетісу облысы бойынша (эсер А. Шкапскиймен бірге) Уақытша үкіметтің комиссарлары болды. Қазақ ұлттық қозғалысының нак осы жетекшілері Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің (Ташкентте) құрамына енгізілді, дегенмен, Торғай облысында болған Ә. Бекейханов бұл комитетте жұмыс істей алмады. А. Байтұрсынов, М. Шоқаев, М. Дулатов, Ж. Досмұхамедов, Х. Фаббасов, Ж. Ақбаев, С. Қадырбаев, С. Досжанов, А. Бірімжанов, А. Қозыбағаров, F. Қуанышев, Б. Құрметов, Ә. Кенесарин, М. Саматов, Р. Мәрсеков, Б. Майлыбаев, А. Тұрлыбаев және зиялыштардың басқа өкілдері Уақытша үкіметтің жергілікті органдарында жұмыс істеді.<sup>174</sup>

Қазақ комитеттері, әдетте, бастапқы пайда болған кезінде, бұдан бұрын атап өтілгеніндей, көбінесе келімсек халық өкілдерінен тұрған облыстық және уездік қоғамдық, коалициялық және басқа комитеттердің құрамына өз мүшелерін жіберіп отырды. Ол комитеттер арасында бұрынғы режимнің байырғы халық жөніндегі көзқарастары мен жұмыс өдістерінен өлі де бастартпаған отаршылдық өкімшілік шенеуніктерінің аз болмағанын атап еткен жөн. Орал облыстық қазақ комитетінен Облыстық азаматтық комитеттің құрамына Д. Құсепқалиев, F. Әлібеков және II Мемлекеттік Думаның депутаты Б. Қаратасев кірді; Омбы коалициялық комитеттің

құрамына Мемлекеттік Думаның бұрынғы мүшесі А. Тұрлыбаев енгізілді; ол осы комитеттің қазақ бөлімін басқарды (лімге) сондай-ақ Жантасов, не А. Шонаев енді. А. Байтұрсынов, Н. Әс-гімбетов, С. Қадырбаев, М. Тұнғаншин Торғай облыстық азаматтық комитетіне кірді.<sup>175</sup> Осындай байырғы халықтың, өсірепе, ұлттық зиялыштардың саяси белсенділігі өскен жағдайда 1917 жылдың көктемінде: Торғай (Орынбор қаласы, 2–8 сәуір, 300-ден астам делегат, төрағасы – А. Байтұрсынов), Жетісу (Верный қаласы, 12–13 сәуір, 81 делегат, төрағасы – И. Жайнақов), Орал (Орал қаласы, 19–22 сәуір, 800-ден астам делегат, төрағасы – Ж. Досмұхамедов), Ақмола (Омбы қаласы, 25 сәуір – 5 мамыр, 150-ге жуық делегат, төрағасы – А. Тұрлыбаев) қазақ облыстық съездері өткізілді.<sup>176</sup>

Бұл съездер ұлт азаттығы, жер мәселесін, діни, мәдени-қоғамдық және басқа проблемаларды шешу жолындағы құрестегі қазақ қоғамының қалың топтарының стратегиялық міндеттерін белгілеуге ұмтылып қана қоймай, сонымен қатар осы максаттарға жетудегі тактикалық бағыттарды жасауға, өздерінің одектастары мен қарсыластарын және т.б. көрсетуге тырысты.

Бұл съездердің бәрі Уақытша үкіметті және соғысты жеңіске жеткенге дейін жалғастыруды жақтағанымен де, өздерінің шешімдерінде патша өкіметі құлатылғаннан кейінгі және Ресейде демократияландыру басталған кездегі қазақ халқының негізгі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени талаптарын көрсетті. Бұл форумдардың жұмысына Торғай съезі жөн сілтеп берді, ол бірінші болып шақырылды және олар үшін мұның шешімдерінің зор маңызы болды. Торғай съезі неғұрлым кең көлемде өкілді болуымен де ерекшеленді: оған осы облыстың ғана емес, сонымен қатар Ақмола, Семей және Сырдария облыстарының да делегаттары, сондай-ақ Татарстан, Башқұртстан, Өзбекстан, Орынбор және басқаларының мұсылман ұйымдарының өкілдері қатысты. Съездің жұмысына Ә. Бекейханов, А. Байтұрсы-



Ахмет Байтұрсынов.



Әлихан Бекейханов.



Міржақып Дулатов.

нов, М. Дулатов, А. Қалменов және ұлт-азаттық күресінің басқа да қайраткерлері, сондай-ақ М. Шоқаев (Шоқай), М. Жұмабаев және басқа да жас қазақ ойшылдары шешуші ықпал жасады, соның арқасында оның шешімдерінде «Алаш» қозғалысының бағдарламалық талаптары өз көрінісін тапты. Торғай съезі Ресейдегі демократиялық, орталықтандырусыз, парламенттік республиканы, Құрылтай жиналысын шақыруды, қазактарды олардың туған жерлерінен көшірудің тоқтатылуын, оларға қоныс аудару корына тартып алынған жерлердің қайтарылуын, Түркістан өлкесіндегі жерге орналастыру жұмыстарын тоқтатуды, өйелдерді құқықтары жөнінен еркектермен теңестіруді, мектепте білім беру ісін дамытуды және ер балалар мен қыздарды бірге оқытуды, шіркеуді мемлекеттен бөлуді және т.б. жақтаған пікірлер айтты. Съезд шешімдерінде жаңа өкіметтің азаматтық комитеттер түріндегі жергілікті органдарын құру, уездік комиссарлар институтын тарату сияқты мәселелер де көрініс тапты.

Байырғы халықтың түрлі топтарын біріктіру, олардың талаптарын анықтау мен шешу мақсаттарында съезд бүкілқазақ съезін шақыруға қаулы етті және оны шақыру мен бағдарламалық құжаттарын дайындау үшін ұйымдастыру бюросын сайлады. Ұйымдастыру бюросына Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Қадырбаев, О. Есенқұлов, И. Әлібеков, Е. Тұрмұхамедов, К. Тұрымов кірді. Съезд мамыр айында Мәскеуде өткізілуге тиіс болған Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегаттар сайлады. Съезд Уақытша үкіметтен 1916 жылы Торғай облысындағы қазактар көтерілісін басып-жаныштаудағы қылмыстарды анықтау және жазалаушыларды жазалау жөнінде арнаулы тергеу комиссиясын құруды талап етті.<sup>177</sup>

Қазактардың қалған облыстық съездері бәріне ортақ мәселелермен коса, өздерінің жергілікті істерін де талқылап, кейде басқаларынан айырмашылығы бар шешімдер қабылдады. Мәселен, Жетісу съезі аймакта ұлтаралық қатынастардың шиеленісіне байланысты қоныс аударушылардан қаруды алушы талап етті, қазактар мен келімсек халық арасындағы өзара қатынастарды қалыпқа келтіруді жақтаған пікір білдірді, Қытайдан қайтып оралған 1916 жылғы босқындарды қабылдау мен орналастыруға ерекше көңіл бөлінді, облыстағы бүкіл басқару жүйесінде екі комиссар: бір орыс және бір мұсылман комиссар тағайындауды жақтады және т.б.<sup>178</sup>

Торғай съезінен айырмашылығы, Жетісу съезі шіркеуді мемлекеттен бөлуді талап еткен жок, қайта діндердің тенденциясын, Петроградта мұсылман дін басқармасын, ал далалық бес облыста (Орал, Торғай, Ақмола, Семей және Жетісу) мұсылмандардың «Қазақстан» деп аталған ерекше дін басқармасын құруды талап етті. Қазактардың Орал облыстық съезі Торғай съезінің негізгі шешімдерін қолдап, мұсылмандардың облыстық дін басқармасын Орынбор мұфтиятына бағындыруды жақтады және 10 адамды, соның ішінде Ж. Досмұхамедов, Ғ. Әлібеков және басқаларды жалпы ресейлік мұсылмандар съезіне делегаттар сайлады. Ақмола съезі өйелдер мен жұмысшылардың жағдайына да көңіл бөлді.

Семей съезі Ресей Федеративті демократиялық республикасының құрамындағы қазақ автономиясын жақтаған неғұрлым айқын пікір айтты. Бірақ Қазақстанның саяси және экономикалық жағынан артта қалғандығы, өсіреле үлт-азаттық қозғалысы мен оның өлеуметтік базасының өлсіздігі

себепті бұл съездердің бірде-бірі дербес мемлекет болып бөлініп шығуға дейін өзін-өзі басқару құқығын дереу жүзеге асыру туралы талап қоя алмады, ал автономия туралы мәселенің шешілуін, аграрлық мәселе сияқты, Құрылтай жинальысына қалдырыды. Дегенмен де, бұл съездер қазақ халқы үшін аса маңызды мәселелер бойынша талаптарды өзірлеу үшін көп іс тындырыды және оның қалың топтарын өздерінің көкейкесті мәселелерін шешу жолындағы құрес үшін біріктіруде зор рөл аткарды.

1917 жылдың көктемі Қазақстан халқының басқа, саны жөнінен едөуір этникалық, әлеуметтік және діни топтарының да саяси белсенділігінің өсуімен есте қалды. 19 наурызда Верныйда жалпы мұсылман комитеті – Құрылтай құрылды, ол Уақытша үкіметті қолдады және Жетісудың Қазақтарына, татарларына, қырғыздарына, ұйғырлары мен дүнгендеріне башшылық етуге үміттенді. Оны көпес З. Тавардинов басқарды. Наурыз айында Семейде де көсіпкерлерден, шенеуніктер мен зиялыштардан тұратын Мұсылман комитеті құрылды.<sup>179</sup> Сондай-ақ татар, дүнген-ұйғыр комитеттері, ал қоныс аударушы шаруалардың селоларында селолық комитеттер құрылып жатты. Облыстар мен уездерде казак станицалары үстем топтарының органдары – «Казак комитеттері» пайда болды. Бірінші Жетісу казактары съезі (1917 жылғы сөуір) Уақытша үкіметті және соғыстың «женіске жеткенге дейін» жалғастырылуын жақтады. 1917 жылғы 27 наурызда ұйымдастырылған Семей «Республикашыл офицерлер одағы» да сондай қаулы қабылдады.<sup>180</sup>

Сонымен, патша өкіметі құлатылғаннан кейін пайда болған Қазақстан халқының өр түрлі этникалық, діни және әлеуметтік топтарының қоғамдық ұйымдарының бәрі дерлік Уақытша үкіметті және соғыстың «женіске жеткенге дейін» жалғастырылуын қолдады. Уақытша үкіметтің өлкелік, облыстық және уездік органдары құрылды, ал жергілікті жерлерде бұрынғы болыс билеушілері, ауыл старшындары, селолық старосталар мен казак атамандары және т.б. сақталып қалды.

Елдің орталығы мен басқа аймақтарында орнаған қос өкімет көрінісі сияқты, Қазақстанда да Уақытша үкіметтің жергілікті органдарымен қатар жұмысшы, солдат және шаруа Кеңестері пайда бола бастады. Олардың құрылуына өлкенің қалаларында, темір жол бойларында және өнеркәсіп орындарында наурыз айында болған митингілер, жинальыстар мен демонстрациялар негіз қалады. Наурыздың басында Орынборда, Ташкент пен Омбыда Кеңестер сайлауы болып, олардың алғашқы отырыстары өткізілді, мұның Қазақстанның бүкіл аумағына Кеңестер ықпалының таралуы үшін зор маңызы болды. Мысалы, 1917 жылғы 6 наурызда Семейде өндіріс жұмысшылары мен қызметшілерінің сондай-ақ көсіптер бойынша жұмысшылардың ұйымдастыру жинальыстары өткізіліп, оларда қалалық Кеңеске депутаттар сайланды, ал 9 наурызда Затон жұмысшылары мен қызметшілерінің (400 адам) жинальысы болып, онда 9 депутат сайланды; 9–11 наурызда Верныйда жұмысшы депутаттарының Кеңесіне делегаттар сайлауы өткізілді (21 адам). Петропавл жұмысшы депутаттары Кеңесінің бірінші ұйымдастыру мәжілісі 5 наурызда, Семейде – 11 наурызда, Верныйда – 12 наурызда және т.б. болып өтті. 1917 жылдың наурызында Қарғанды тас көмір кен орындары, Спасск мыс балқыту зауыты, Сарысу байыту фабрикасы және Екібастұздағы Успен кеніші кірген Спасск көсіпорындарында; Доссор мұнай көсіпшіліктерінде, Перовскіде, Қаза-

лыда, Ақтөбеде жұмысшы депутаттарының Кеңестері құрылды. Семейде, Верныйда, Петропавлда, Перовскіде, Шымкентте, Әулиеатада, Зайсанда, Көкшетауда, казак станицаларында және басқаларында солдат депутаттарының Кеңестері пайда болды. Көп кешікпей Верныйда, Семейде, Петропавлда, Перовскіде, Екібастұзда және т.б. болғанындей, жұмысшы депутаттарының Кеңестері мен солдат депутаттарының Кеңестері бір Кеңеске бірікті.

Қазалыда, Ақмолада және басқа қалаларда біріккен жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері өуел бастан-ақ пайда болған еді.<sup>181</sup> Темір жол бойларында орналасқан Орынбор, Петропавл, Перовск, Қазалы қалалары мен басқа да қалалардың Кеңестері ең ірі және белсенді Кеңестер болды, өйткені темір жол бойларының жұмысшылары мен қызметшілері Кеңестердегі революциялық топты құрады. Мысалы, жұмысшы депутаттары Кеңесінің ұйымдастырылуы туралы Ақтөбeden берілген жеделхатта ең саналылар ретінде теміржолшылар оның атқару Комитетінің қажетті құрамдас элементі болып табылатыны атап көрсетілген.<sup>182</sup>

Жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестерінен кейін көп кешікпей шаруа депутаттарының Кеңестері құрыла бастады, оларды ұйымдастыруда Орынбор, Омбы және Ташкент Кеңестері үлкен рөл атқарды. Перовск уезінің 35 адамнан тұратын, Х. Ибрагимов басқарған, 1917 жылғы наурыздың аяғында құрылған қазақ депутаттарының Кеңесі шаруа депутаттары Кеңесінің алғашқыларының бірі болды. Қазақ депутаттарының Кеңестері Әулиеата, Қазалы уездері мен басқа уездерде де пайда болды. 1917 жылғы 7–15 сәуірде Ташкентте Түркістан Кеңестерінің I шаруалар съезі өткізіліп, оған Жетісу және Сырдария облыстарының өкілдері катысты. 1917 жылдың көктемі мен жазында Орал облыстық, Ақмола, Әулиеата, Перовск, Павлодар және басқаларының уездік Кеңестері, Семей облыстық шаруа және казақ депутаттарының Кеңестері және басқа Кеңестер ұйымдастырылды. 1917 жылдың наурыз-сәуір айларында, кейбір мәліметтерге қарағанда, Қазақстанда 25-тен астам Кеңестер, оның ішінде 8 жұмысшы, 9 шаруа, 7 солдат депутаттарының Кеңестері жұмыс істеген.<sup>183</sup>

Орталық Азияда және Қазақстанның оңтүстігінде мұсылман депутаттарының Кеңестері құрылды. 1917 жылғы 16–21 сәуірде Ташкентте мұсылман депутаттары Кеңестерінің I өлкелік (Түркістандық) съезі өтіп, ол Уақытша үкіметті қолдады және Ресейді басқарудың ең жақсы нысаны Түркістанға және басқа да ұлттық аймақтарға кең көлемде автономия берілетін жағдайдағы Федеративтік демократиялық республика деп таныды. Съезд Құрылтай съезіне дайындалуға және «Шура-и Ислам» мұсылмандар партиясының бағдарламасын тануға шақырды.

Қазақстан халқының өр түрлі өлеуметтік, этникалық және діни топтары депутаттарының осы Кеңестерінің бәрі өз қызметінің бас кезінде Уақытша үкіметті және соғыстың жеңіске жеткенге дейін жалғастырылуын қолдағанымен де, өздерін сайлаған халықтың қалың топтарының мұдделерін қорғады. Омбы мен Ташкент жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері Дала және Түркістан өлкелерінің генерал-губернаторлары Сухомлинов пен Куропаткиннің қамауға алынып, басшылықтан тайдырылуына, ал Ташкент Кеңесі – Н. Н. Щепкиннің Уақытша үкіметтің Түркістан Комитетінің тәрағасы қызметінен алынуына басшылық етті. Жұмысшы және солдат депутаттарының облыстық, қалалық және уездік

Кеңестері Семейдін, Торғайдың, Оралдың және басқаларының әскери губернаторларын, полиция мен жандармерия шенділерін, уездік шаруа бастықтарын және отаршылдық әкімшіліктің басқа да өкілдерін орнынан алуға бастама жасады. Верный, Әулиеата, Перовск, Семей, Гурьев қалалары мен басқа да қалалардың Кеңестері 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу туралы шешім қабылдады, азық-түлік және өндіріс мәселелерімен айналысып, тамак өнімдерінің бағасына бақылау жасау жөніндегі шараларды жүзеге асырды, кәсіпкерлердің жұмысшыларға озбырлық жасауын, олардың жалакысын төмендетуін тыйып отырды және т.б. Осы және басқа мәселелер жөнінде бірқатар қалалардың жұмысшы және солдат депутаттарының Кеңестері мен Уақытша үкіметтің облыстық және уездік комиссарлар ретіндегі органдары арасында жанжалдар болып, осы бір тоғассыз күресте Кеңестер көбінесе жеңіске жетіп отырды және халық арасында олардың беделі үздіксіз арта берді. Мұны Уақытша үкіметтің органдары да мойындал, көптеген жағдайларда жұмысшы және солдат депутаттары Кеңестерінің шешімдері мен талаптарын орындауға мәжбүр болды.

Ақпан революциясының жеңісінен кейін Қазақстанда қоғамдық-саяси өмірдің жандануында Ресейдің саяси партиялары, өсіресе, олардың жергілікті үйымдары мен топтары жетекші рөл атқарды. Қазақстанда либерал-демократиялық қозғалыстан кадеттер (олардың өздерін атағанындей, «халық бостандығы партиясы») мен «Алаш» партиясы өкіл болды. Кадеттердің үйымдары 1917 жылдың наурыз-сөуір айларында Семейде (150 адам), Петропавлда (60), Қостанайда, Павлодарда, Орал мен Өскеменде пайда болды және негізінен өнеркәсіпшілерден, жер иелерінен, көпестер мен зиялыштардан тұрды.

1917 жылғы 18 наурызда кадеттерді жақтаушылардың жиналысы Семейде партияның бөлімшесін үйымдастыру туралы шешім қабылдады, 20 адамнан оның комитеті сайланды. Мұнда олар құнделікті «Свободная речь» газетін шығарып тұрды. Үкіметтік партия болған кадеттер Уақытша үкіметті, соғыстың жеңіске жеткенге дейін жалғастырылуын жан сала қолдады, жоғары «мемлекеттік мұдделерді» жақтады, қазақ халқы мен коныс аударушы шаруалардың мұқтаждарын ескермей, казактарға артықшылық берді, бастапқы кезде өзінің Кеңестерге көзқарасын ашық көрсетуден қашқалақтады.<sup>184</sup>

1905 жылдың өзінде-ак құруға өрекет жасалған «Алаш» партиясы іс жүзінде 1917 жылдың мамыр айында-ак қалыптасты, дегенмен, оның ресми тіркелуі 1917 жылдың желтоқсанында жүзеге асты. Ұлт-азаттық қозғалысы партиясының үйіткісі қазақ қоғамының әр түрлі топтарынан шыққан Петербургтің, Мәскеудің, Омбының және басқа да Ресей қалаларының әр түрлі оқу орындарында европалық білім алған адамдар, сондай-ак дала ақсүйектерінің өкілдері (білер, байлар, молдалар), мұғалімдер, тілмаштар, отаршылдық әкімшіліктің шенеуніктері және басқалар болды.

Әлеуметтік базаның әлсіздігі, саяси күрес тәжірибесінің жеткіліксіздігі, жергілікті бөлімшелері мен мүшелерінің үйымдық жағынан ресімдемегендігі мен орасан үлкен өлке аумағында бытырап жатқандығы және т.б. «Алаш» партиясын, кадеттердің аграрлық және ұлт мәселелері жеңіндегі саясаты қазақ халқының мұдделеріне қайши келгенімен (кадеттер жерге жеке меншіктің және Ресейдің бірыңғай – унитарлы мемлекеттік құрылышының және т.б. сақталуын жақтады), кадеттерден одактас іздеуге,

татарлардың, башқұрттардың, басқа да ұлттық және мұсылман қозғалыстарымен жақындасуға, ал жергілікті жерлерде, уездер мен қалаларда социалистік партиялармен, өсіресе, оңышл әсерлермен, меньшевиктермен және басқалармен одак жасасуға мәжбүр етті. 1917 жылдың көктемінде болып өткен облыстық қазақ съездері партияның бағдарламасын өзірлеуге жәрдемдесті, ал бұл съездердің делегаттары, сондай-ақ облыстық, уездік және болыстық қазақ комитеттерінің мүшелері «Алаштың» әлеуметтік негізін құрады. Партия мүшелерінің саны, толық емес деректер бойынша, 5 мындей адамға жеткен, ал «Қазақ» газеті іс жүзінде оның органы болған. «Алаш» партиясы бағдарламасының негізі I Бұқілқазақ съезінің (Орынбор, 1917 жылғы 21–26 шілде) шешімдерінен тұрды, бұл кезге қарай ол кадеттерден аулактап, оның солға қарай бейімделгені байқалды, жергілікті Кенестердің көпшілігіне басшылық еткен әсерлермен, сондай-ақ Сібір автономиясын жақтаушылармен байланысы күшейді. Әсерлермен жақындасу Сібір құрамында қазақ халқының өзін-өзі билеуі көзделген федерацияны тану негізінде болды. «Алаш» партиясы қазақ қоғамындағы өз ықпалын едәуір күшетті, оның мәдени ағартушылық пен оппозициялық либерализмнен ұлттық-мемлекеттік демократиялық басымдықтары айқын саяси ұйым жағына қарай дамуы тездетіле түсті.

Мұсылмандар қозғалысы негізінде «Шура-и Ислам» партиясы құрылды және Гурьевте, Семейде, Ақтөбеде, Қазалыда, Павлодарда, Верныйда халық комитеттері пайда болды, олардың басшылары әсерлер мен меньшевиктерге жақын бағдар ұстанды. Ташкенттегі съезде (1917 жылғы сәуір) қалыптасқан «Шура-и Ислам» партиясының Қазақстанда Шымкентте, Әулиеатада, Перовскіде, Қазалыда және басқа қалаларда жергілікті ұйымдары болды, оларға мұсылман дінінің православие дінімен тең құқықтылығы, діни шектеулердің жойылуы, ислам діні оқу орындарының ашылуы, Мекеге мінәжат етуге (қажылыққа баруға) рұқсат ету және басқа да діни құқықтар мен бостандықтар үшін құрескен татар, өзбек, қазақ діни қайраткерлері мен қатардағы мұсылмандар кірді.<sup>185</sup>

Бұл кезеңде Омбының, Орынбордың, Ташкенттің, Семейдің және басқаларының оқу орындарында оқитын қазақ жастары жастардың үйірмелерін, ұйымдарын құрды, олар алғашқы кезде мәдени-ағартушылық проблемалармен айналысты. 1915–1917 жылдарда Орынборда жастардың «Еркін дала», Омбыда «Бірлік», Оралда «Жас қазақ», Троицкіде «Үміт» ұйымдары және басқа қалаларда 20 шақты үйірмелер мен топтар құрылды, олар көкейкесті такырыптарға арналған листовкалар, өлендер таратты, кештер, пікірсайыстар және т.б. ұйымдастырылды. Олардың белгілі бір бағдарламасы, идеялары болған жоқ және әлеуметтік құрамы жөнінен әртекті болды. Алайда олар қазақ халқын патша өкіметінің ұлттық-отаршылдық езгісінен азат етуді, өз халқының көзін ашуды шын жүректен тіледі, еңбекшілердің санасында ұлттық топтасу, бостандық және тәуелсіздік идеяларын оятуға талпынды.

Осы топтар мен үйірмелер арасында ең батыл және революциялық іс-кимыл бағдарламасы болған Әулиеата уезінде Тұраг Рысқұлов ұйымдастырылған «Қазақ жастарының революциялық одағы» еді. Одақтың құрамына қазақ халқының орташа және дәулетті емес топтарынан шыққан алдыңғы қатарлы қазақ зиялыштары енді. «Қазақ жастарының революциялық одағы» өз бағдарламасында Уақытша үкімет кезіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне

талдау жасай келіп, былай деп атап өтті: «Ақпан революциясы... билікті тағы да нақ сол патша шенеуніктері мен жергілікті орыс кулактарының қолына берді. Уақытша үкіметтің сол элементтерден тұратын жергілікті комитеті қазақ халқына тен құқықты көзқарастың орнына өзіне қазақ халқын езгіге салу мен қырып-жоюды міндеп етіп койды». «Революциялық одак» Уақытша үкіметпен, кулактардың жергілікті жерлердегі зорлық-зомбылығымен құресуді, болыстарға, старшындар мен байларға, Уақытша үкіметтің жақтастарына қарсы құресті және қазақ халқының бұқарасы арасындағы үгіт пен ағарту ісін қүшеттуді негізгі міндеп білді.<sup>186</sup>

Қазақстанда өлке және облыс орталықтарынан бастап, уездерге, болыстар мен селоларға дейін әсерлік үйымдар мен топтардың желісі өріс алды. Олар белсенділігі жөнінен өзара айырмашылығы болғанымен, Петропавлда, Семейде, Оралда, Қазалыда, Павлодарда, Өскеменде, Ақтөбеде, Верныйда, Шымкентте, Әулиеатада, Перовскіде, Түркістанда, Гурьевте, Ақмолада құрылды. Қазақстан әсерлері партияның Орталық Комитетімен тығыз байланыс жасап отырды, олардың делегаттары партияның Батыс Сібір конференциясы мен III съезіне (Мәскеу, 1917 жылғы мамыр) қатысты. Эсерлердің кең таралған ұрандары («Жерді оны өндейтіндерге беру керек» және т.б.), патша өкіметін Орта Азияның байырғы халықтарының дамуын тежеді деп айыптау, олардың шаруалар съездеріндегі село еңбеккерлерінің мұдделерін қорғау қажеттігі туралы сөйлеген сөздері және т.б. – осылардың бәрі, оның үстіне большевиктер мен интернационалист-меньшевиктерге, В. И. Ленинге өршелене тиісулері олардың жергілікті жерлердегі ықпалын қүшетті, олар Қазақстанның барлық Қенестерінің басшылығында көпшілік болып шықты. Олардың қатары тез өсті. 1917 жылдың наурыз-сөуір айларында әсерлердің үйимдарының қатарында: Петропавлда – 200-ден астам, Семейде – 300, Қазалыда 45 адам және т.т. болды. Бірақ әсерлердің Уақытша үкіметтің сыртқы және ішкі саясатын, соғыстың «женіске жеткенге дейін» жалғастырылуын жақтауы, 8 сағаттық жұмыс күнін енгізуге және жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың басқа да талаптарына қарсы шығуы және жұрттанымаған өзге де іс-әрекеттері олардың Қенестердегі де, халықтың қалың бұқарасы арасындағы да ықпалының бірте-бірте төмендеуіне өкеп сокты, ал олардың қатары өспек түгілі, қыскара берді, өйткені көптеген адамдар бұл партиядан шыға бастады.<sup>187</sup>

Әсерлерге қарама-қарсы Қазақстанда бірте-бірте социалистік бағыттағы басқа партия – РСДЖП-ның ықпалы өсіп, мүшелерінің қатары көбейе түсті, онда меньшевиктер мен большевиктер біріккен үйымда тұрды, мұның өзі оларды Ресейдің көптеген аймактарынан ерекше етті. Тек Жетісудағана меньшевиктер әсерлермен бірлесіп «Біріккен социалистік одак» құра алды (1917 жылғы сөуір, 40 адам).

1917 жылғы наурыз жергілікті социал-демократтардың астыртын жағдайдан шығып, өздерінің теміржолшылар, қала жұмысшылары және басқа да еңбекшілер топтары арасындағы қызметтің өрістеткен ай болды. Олардың жұмысына Ташкенттің, Орынбор мен Омбының социал-демократтары басшылық етті. Бұл өкімшілік орталықтарының социал-демократиялық үйымдарының үйиткесі, бұрынғысы сияқты, теміржолшылар, бірінші кезекте депо жұмысшылары мен мастеровайлары болды.<sup>188</sup> Перовск, Қазалы, Ақтөбе, Орал, Петропавл, Семей, Шымкент қалалары мен басқа қалалардағы және Қазақ-

станның темір жол станцияларындағы РСДЖП үйымдары біріктірілді: олардың құрамында большевиктер де, меньшевиктер де болды.

Казалы станциясындағы большевиктер тобының үйымдастыруышылары депоның тұракты жұмысшылары Р. П. Новицкий, В.И. Чекурнов және басқалар еді. Жұмысшы және солат депутаттарының Кеңесінде бұл топтың ықпалы күшті болды: Кеңестің 60 мүшесінің арасында большевиктер – 31, эсерлер – 19, меньшевиктер – 5, анархистер – 1 және партияда жоқтар 4 адам еді.<sup>189</sup>

Перовскіде біріккен РСДЖП үйымында да 1906 жылдан РСДЖП мүшесі, депо слесары А. В. Червяков бастаған күшті большевиктік топ қалыптасты. Оның үйіткесі Перовск станциясы депосының жұмысшыларынан (В. Б. Агапов, Н. В. Виторский, С. П. Киячков, А. С. Крышев және басқалар) құралды.<sup>190</sup>

Ең ірі большевиктік топ Орынбордағы біріккен РСДЖП үйымында жұмыс істеді. Топтың құрамына, негізінен алғанда, Орынбор станциясының темір жол шеберханалары мен депосының жұмысшылары кірді.<sup>191</sup> Оны теміржолшылар А. А. Коростелев, П. А. Кобозев және Д. П. Саликов басқарды.

Ташкенттегі біріккен РСДЖП үйымының жұмысшы Н. В. Шумилов бастаған большевиктер тобы да соншалықты ірі болды. Наурыз айының басында ғана бұл үйымға 2000-дай адам кірді. Ташкент үйымы большевиктерінің едәуір бөлігін Орта Азия темір жолының Бас темір жол шеберханалары мен Ташкент темір жолы Бородин шеберханаларының жұмысшылары құрады (Ф. И. Колесов, Д. И. Манжара, А. Я. Першин, ағайынды Казаковтар, В. С. Ляпин, И. В. Серов және басқалар).<sup>192</sup>

Омбыдағы біріккен РСДЖП үйымында 1917 жылғы сәуір айының ортасына қарай-ақ өз қатарында 1000-ға жуық мүшесі болды, апталық «Рабочий» газетін шығарып тұрды, ол үш ауданға бөлінді, олардың бірі Омбы большевиктерінің негізгі тірекі – темір жол ауданы болатын.<sup>193</sup>

Оралдағы біріккен РСДЖП үйымында да 1917 жылдың сәуірінде паровоз машинисі Н. А. Покатилов бастаған большевиктік топ құрылды. Оның Рязань–Орал темір жолының Покровск–Орал участкесінің теміржолшыларына зор ықпалы болды.<sup>194</sup>

Ақпан революциясының жеңісінен кейін кәсіподактардың кең желісінің құрылуы Қазақстанның елеулі табысы болды, олардың құрылуында Орынбор-Ташкент темір жолы теміржолшыларының Құрылтай съезі мен Омбы темір жолы жұмысшылары мен қызметшілерінің I съезі үлкен рөл атқарды. Соңғысы 1917 жылғы 28 сәуірден 7 мамырға дейін Омбы қаласында өтті, оған шешуші дауысы бар 174 делегат қатысты. Съезд бірқатар саяси және экономикалық мәселелерді: Уақытша үкімет пен соғысқа көзқарас туралы, 8 сағаттық жұмыс күні туралы, жұмысшы, солат және шаруа депутаттарының Кеңестеріне көзқарас туралы, контрреволюцияға қарсы қарес туралы, Құрылтай жиналышына көзқарас туралы, зейнетақымен қамсыздандыру және т.б. туралы мәселелерді талқылады. Бірқатар мәселелер бойынша большевиктердің қарапарлары қабылданды.<sup>195</sup>

1917 жылғы мамырдың басында Верныйда біріккен Мұсылман жұмысшылардың одағы құрылды, шілде айында Каражұмысшылар одағы пайда болып оған тыл жұмыстарынан қайтып оралған көптеген қазақ жұмысшылары кірді. Мұнда Құрылых жұмысшыларының одағы да құрылды. Жаздығуні Омбыда 20 мың адамды біріктірген 25, ал Семейде қала жұмысшыларынан 3 мың мүшесі бар 11 кәсіподак үйым жұмыс істеді.<sup>196</sup>

1917 жылдың сәуірінде Орынбор-Ташкент темір жолында ірі оқиғалар орын алды, онда теміржолшылардың талап етуімен жолдың бастығы, жүріс қызметінің бастығы және әкімшіліктің басқа да өкілдері атқарып келген қызметтерінен босатылды.<sup>197</sup> Уақытша ұйымдастыруши темір жол комитеті құрылып, ол 8 сәуірде большевик П. А. Кобозевті жолдың уақытша комиссары етіп сайлады, ол сол кезде-ақ оның бастығы міндеттерін атқаруға кірісті.<sup>198</sup> Петроградқа, Қатынас жолдары министрлігіне және бүкіл жол бойына жолданған жеделхатта Орынбор-Ташкент темір жолының барлық 15 ауданының 14 мың қызметшісінің, мастеровайлары мен жұмысшыларынан сайланған өкілдер 1917 жылғы 12 сәуірде өздері «инженер Кобозевтің жолымыздың Уақытша комиссары қызметіне сайлануын құптаймыз» деп атап көрсетті.<sup>199</sup> Сырт станциясының жергілікті комитеті, Орынбор станциясы депосының мастеровайлары мен жұмысшыларының жалпы жиналысы, Шалқар, Ташкент жұмысшы депутаттарының Кенестері және басқалары П. А. Кобозевті қолдау туралы жеделхаттар жолдады.<sup>200</sup> Жолдың бастығы ретінде большевик П. А. Кобозевке Орынбор-Ташкент темір жолының барлық жергілікті көсіподак ұйымдары қолдау көрсетті. Осы теміржол бойы көсіподактарының 1917 жылғы сәуірдің аяғында Орынборда өткен Құрылтай съезі жолдың уақытша комиссары П. А. Кобозевті оның тұрақты бастығы етіп сайлауды көпшілік дауыспен жактаған пікір айтып, 28 сәуірде бұл туралы Петроград және Орынбор Кенестеріне және жергілікті комитеттеріне жеделхат жіберді.<sup>201</sup>

Ташкент темір жолының басшылығы іс жүзінде 1917 жылғы бүкіл сәуір бойы және тұра мамырдың ортасына дейін Уақытша темір жол комитеті мен ол сайлаған жол бастығы П. А. Кобозевтің қолында болды. 1917 жылғы 14–20 сәуір аралығында жол аудандарының сайланған өкілдерімен бірге П. А. Кобозев Орынбордан Ташкентке сапар жасады. Ол ірі станцияларда теміржолшылар алдында сөз сөйлеп, империалистік соғыс пен Уақытша үкіметті сынға алды. П. А. Кобозевтің жол бастығы болып сайлануы және Уақытша темір жол комитетінің қызметі жолға жұмысшы бақылауын енгізуге жасалған өзінше бір өрекет еді және олар теміржолшыларды большевиктердің басшылығымен топтастыруда зор рөл атқарды.

Жұмысшылардың бұл кезеңдегі негізгі ұрандарының бірі 8 сағаттық жұмыс күнін талап ету болатын, оны жұмысшылар Орынбор-Ташкент және Омбы темір жолдарының бүкіл бойында іс жүзінде енгізді деуге болады. Воскресенск және Риддер жолдарының теміржолшылары да 8 сағаттық жұмыс күні үшін табанды құрес жүргізді. Риддер темір жолында әкімшіліктің 8 сағаттық жұмыс күнін енгізуден және жалақыны арттырудан бас тартуына байланысты, жұмысшылар әкімшілікті басшылықтан шеттетіп, жолды бірнеше күн бойы өздері басқарды.<sup>202</sup>

Жұмысшылар Уақытша үкімет саясатының мәнін барған сайын айқын түсіне бастады. 1917 жылғы 30 сәуірдің өзінде-ақ Ташкент теміржолшылары өздерінің жалпы жиналысында Петроград жұмысшыларының сәуірдегі демонстрациясын құттықтай келіп, Уақытша үкіметтің Түркістан комитетінің тәрағасы Н. Н. Щепкинге сенімсіздік білдірді және милицияны түбірінен қайта ұйымдастыруды, одан бұрынғы полицейлерді аластауды талап етті.<sup>203</sup> Осы және басқа талаптардың қысымымен жұмысшы және солдат депутаттарының Түркістан өлкелік Кенесі Түркістан комитетіне сенімсіздік білдіріп, ол Уақытша үкіметке өзіне жүктелген міндеттерден босатуды сұрап өтініш жасауға мәжбүр болды.<sup>204</sup>

Уақытша үкімет Қазақстанда самодержавиенің бұрынғы саясатын жалғастырды. Ол Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы көтерілісті басып-жаныштаған жазалау отрядтарына қатысуышыларға ракымшылық жасау туралы қаулы қабылдады, жергілікті жерлерде бұрынғы уезд және болыс бастықтары, губернаторлар комиссарлар, азаматтық комитеттердің төрағалары болып алды. Қазақтарды саяси құқықтардан айырған бұрынғы патша зандары күшінде қалды, казак өскерлерінің орасан зор жер иеліктері мен сословиялық пұрсаттылықтары мүлде қол тигізілмеген қалпында қалдырылды, қазақ халқының ең жақсы жерлерін тартып алған Қоныс аудару басқармасы өз қызметін жалғастыра берді.

1916 жылғы көтеріліске қатысуышыларды патша үкіметі қанға бояп жазалағаннан кейін Қытайдан қайтып келуші қазақ және қырғыз отбасыларына Уақытша үкімет 100 сом мөлшерінде жәрдемақы берді, бірақ көтеріліс талқандалғаннан кейін туған жерлерінен кетіп қалған, Қытайдан қайтып келуші қазақ және қырғыз босқындарын жергілікті шовинист-кулактар жағдайды пайдаланып талап-тонап, зорлық-зомбылық көрсетті және қырғынға ұшыратты. Уақытша үкіметтің Жетісудағы комиссары Шкапский «евшқандай татуласу туралы сөз болуы да мүмкін емес, ал қазактар көшірілуге тиіс» деп мәлімдеді. Көптеген жерлерде жазалау отрядтары сақталып қалды және 1917 жылғы ақпаннан кейін де көбінесе бұрынғы өдістермен іс-әрекет жасаудың жалғастыра берді.

Уақытша үкімет жер реформасын жүргізу туралы соғыста жеңіске жеткеннен кейін өткізілуге тиісті Құрылтай жиналышында жарияламақшы болып шешті. Ұлт мәселесінде Уақытша үкімет «Дін ұстанушылық пен ұлттық шектеулердің күшін жою туралы» декрет жариялады, алайда ұлттың өзін-өзі билеу құқығы, шағын халықтар мен аз ұлттардың тағдырлары туралы және басқа мәселелерге сокпады. Жалғастырылып жатқан абырайсыз соғыс халық шаруашылығында басталған күйзеліс, экономикалық дағдарыс, азық-тұліктің жеткіліксіздігі, қымбатшылықтың өсуі және бүкіл Ресейдегі сияқты, Қазақстандағы халықтың қалың бұқарасы үшін басқа да қыншылықтар мен жоқшылықтар жағдайларында Уақытша үкімет халықтың сенімінен айырыла бастады, сөйтіп жалпы халықтық наразылық пен ашу-ыза толқынында Ресейдегі қоғамдық-саяси және экономикалық құрылышты түбірінен өзгертуге ұмтылған мейлінше батыл күштер үстем бола түсті.

<sup>1</sup> Дильмухамедов Е., Маликов Ф. Очерки истории дореволюционного Казахстана. А., 1963, 183–185-б.

<sup>2</sup> Искра, 1902, 15 января.

<sup>3</sup> ЦГА РК, ф. 25, оп. 1, д. 733, л. 2 и об.; Сулейменов Б. С. Революционное движение в Казахстане в 1905–1907 гг. А., 1977, 62–63-б.

<sup>4</sup> Туркестанские ведомости, 1904, 3 марта.

<sup>5</sup> ЦГА РУз., ф. 132, оп. 729, д. 27, л. 127 и об.

<sup>6</sup> Бұл да сонда, ф. 133, оп. 3, д. 92, л. 13–14 и об.

<sup>7</sup> Дильмухамедов Е., Маликов Ф. Көрсетілген еңбегі, 191–192-б.

<sup>8</sup> Букейханов А. Н. Выборы в Степном крае. См.: К 10-летию Государственной Думы. СПб., 1916, 43–44-б.

<sup>9</sup> Бұл да сонда, 44-б.

<sup>10</sup> ЦГА РФ, ф. 102, оп. 203, д. 2, ч. 39, 1906, л. 57 и об.

<sup>11</sup> Мухтар Кул-Мухаммед. Жақып Акпаев. Патриот. Политик. Правовед. А., 1995, 43-б.

- <sup>12</sup> Асылбеков М. Х. Железнодорожники Казахстана в первой русской революции (1905–1907 гг.). А., 1965, 87, 132–135-б. и обр.
- <sup>13</sup> Бұл да сонда, 87–105-б.
- <sup>14</sup> Бұл да сонда, 130–137, 153–158-б.
- <sup>15</sup> Бекмаханов Е. Присоединение Казахстана к России. М., 1957, 299–300-б.; Дильмухамедов Е., Маликов Ф. Көрсетілген еңбегі, 200–204-б.; История КазССР, т. III, А., 1979, 385–388-б.
- <sup>16</sup> Сулейменов Б. С. Революционное движение в Казахстане в 1905–1907 гг. А., 1977, 148–150-б.
- <sup>17</sup> Бұл да сонда, 158-б.
- <sup>18</sup> Даҳшлайгер Г. Ф. Омско-Петропавловская стачка железнодорожников в феврале 1907 г. //Известия АН КазССР сер. истории, экономики, философии и права. 1957, вып. 1, 77–86-б.; Асылбеков М. Х. Көрсетілген еңбегі, 144–151-б.
- <sup>19</sup> Асылбеков М. Х. Көрсетілген еңбегі, 118–119-б.
- <sup>20</sup> Сулейменов Б. С. Көрсетілген еңбегі, 153–161-б.
- <sup>21</sup> Шафиро Ш. Первые группы РСДРП и начало профсоюзного движения в Казахстане (1905–1907 гг.). А., 1964, 34–35-б; Бурабаев М. Распространение идей марксизма-ленинизма в дооктябрьском Казахстане. А., 1965, 47–56-б.
- <sup>22</sup> Бурабаев М. Көрсетілген еңбегі, 62-б.
- <sup>23</sup> Бұл да сонда, 54-б.
- <sup>24</sup> Шафиро Ш. Я. Көрсетілген еңбегі, 49–50-б.
- <sup>25</sup> ЦГИАЛ, ф. 1396, оп. 1, д. 66, л. 15–16.
- <sup>26</sup> Шафиро Ш. Көрсетілген еңбегі, 80–81-б.
- <sup>27</sup> Асылбеков М. Х. Көрсетілген еңбегі, 113–114-б.
- <sup>28</sup> ГАОМО, ф. 270, оп. 1, д. 180, л. 51–59, ф. 190, д. 114, л. 11–12.
- <sup>29</sup> Шафиро Ш. Я. Көрсетілген еңбегі, 81–83-б.
- <sup>30</sup> Сулейменов Б. С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX – начала XX в. А., 1963, 296–298, 300–301-б.; Сонықи. Революционное движение в Казахстане, 71–73, 76–77-б.
- <sup>31</sup> История КазССР, 391–392-б.
- <sup>32</sup> Асылбеков М. Х. Көрсетілген еңбегі, 126–129-б.
- <sup>33</sup> Библиографический указатель казахской литературы (1862–1917). Первое издание. А., 1948, 20-б; Киргизская степная газета, 1994, № 26; Орталық Қазақстан, 1970, 7 июля.
- <sup>34</sup> Сулейменов Б. С. Революционное движение в Казахстане, 72–75-б.
- <sup>35</sup> Жиренчин К. А. Политическое развитие Казахстана в XIX – нач. XX веков. А., 1996, 216-б.
- <sup>36</sup> Бұл да сонда, 237-б.
- <sup>37</sup> Сулейменов Б. С. Революционное движение в Казахстане, 162–163-б; М. Тынышпаев. История казахского народа. А., 1993, 2–7-б.
- <sup>38</sup> Ленин В. И. Полн. собр. соч., т. 16, 390-б.
- <sup>39</sup> Озғанбай О. Духоборец. Астана, 1999, 98-б.
- <sup>40</sup> Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907–1914 гг. Сб. док. и материалов. А., 1957, 137-б.
- <sup>41</sup> История КазССР, т. 3, 405-б.
- <sup>42</sup> Бұл да сонда.
- <sup>43</sup> Бұл да сонда, 410–411-б.
- <sup>44</sup> Тресвятский А. Материалы по земельному вопросу в Азиатской России, вып. 1. Степной край. Н., 1917, 41-б.
- <sup>45</sup> Журнал совещания о землеустройстве киргиз. Сб., 1907, 78-б.
- <sup>46</sup> РГИАМ, ф. ДП. 00, 1912, д. 5, ч. 118, л. «Б», лл. 4–5.
- <sup>47</sup> Бұл да сонда, д. 595, лл. 50–53, оп. 4, д. 18, лл. 18–27.
- <sup>48</sup> Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907–1914 гг., 394–395-б.

- <sup>49</sup> *Бұл да сонда*, 230–231, 346–347-б.
- <sup>50</sup> *Бұл да сонда*, 320–321, 347–377-б.
- <sup>51</sup> ЦГА РК, ф. 253, оп. 1, д. 1, д. 127, л. 6.
- <sup>52</sup> История КазССР, т. I. А., 1957, 570-б.
- <sup>53</sup> ЦГА РК, ф. 44, оп. 2, д. 16925, л. 221.
- <sup>54</sup> *Бұл да сонда*, д. 13515, л. 1–3.
- <sup>55</sup> *Бұл да сонда*, л. 4.
- <sup>56</sup> *Бұл да сонда*, л. 6.
- <sup>57</sup> Сб. стат. сведений о движении населения, скота и урожаев по КССР (с 1880 по 1922 г.). Таблицы. Оренбург, 1925, табл. № 4, 83–87, 79–83-б.
- <sup>58</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>59</sup> ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 9474, л. 65.
- <sup>60</sup> Сборник стат. сведений, табл. №2, 26, 27, 41–43-б.
- <sup>61</sup> Галузо П. Г. Социальные отношения в казахском ауле и переселенческой деревне Казахстана в начале XX в. //Казахстан в канун Октября. А., 1968, 65-б.
- <sup>62</sup> Бекмаханова Н. Е. Многонациональное население Казахстана и Киргизии в эпоху капитализма. М., 1986, 227-б.
- <sup>63</sup> История КазССР, т. 3, 436–437-б.
- <sup>64</sup> РГИАЛ, ф. 71284, оп. 194, д. 40, лл. 14–14 об.
- <sup>65</sup> Сборник статистических сведений по горной и горнозаводской промышленности СССР за 1911–1924/25 гг. Л., 1928, 22–23-б.
- <sup>66</sup> *Бұл да сонда*, 76–77-б.
- <sup>67</sup> *Бұл да сонда*, 86–87-б.
- <sup>68</sup> Игibaев С. К. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана (1861–1917 гг.). А., 1991, 37-б.
- <sup>69</sup> ЦГА РК, ф. 17, оп. 1, д. 1, л. 23.
- <sup>70</sup> Чуланов Г. Промышленность дореволюционного Казахстана. А., 1960, 68-б.
- <sup>71</sup> Игibaев С. К. Көрсетілген еңбегі, 39-б.
- <sup>72</sup> ГОО, ф. 423, оп. 1, д. 1, л. 65.
- <sup>73</sup> ЦГА РУз., ф. И.-279 – Среднеазиатский военно-промышлен. комит., оп. 1, д. 19, л. 62.
- <sup>74</sup> *Бұл да сонда*, д. 47, лл. 9, 10, 18.
- <sup>75</sup> Маевский И. В. Экономика русской промышленности в годы I мировой войны. М., 1962, 89-б.
- <sup>76</sup> ЦГА РК, ф. 30, оп. 3, д. 196, л. 4; д. 313, л. 25; ф. 750, оп. 1, д. 4, л. 21.
- <sup>77</sup> Жакупбеков С. К. История легкой индустрии Казахстана. А., 1984, 28–29-б.
- <sup>78</sup> ЦГА РК, ф. 79, оп. 1, д. 90, л. 177..
- <sup>79</sup> Дахшлейгер Г. Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921–1929 гг.). А., 1965, 49-б.
- <sup>80</sup> Статистический сборник за 1913–1917 гг., вып. I. М., 1921, 232-б.
- <sup>81</sup> Асфендияров С. Д. Национально-освободительное восстание 1916 г. в Казахстане. М.-А., 1936, 75-б.
- <sup>82</sup> ЦГА РК, ф. 253, оп. 1, д. 127, л. 6.
- <sup>83</sup> *Бұл да сонда*, ф. 15, оп. 1, д. 1697, лл. 15–30.
- <sup>84</sup> *Бұл да сонда*, ф. 19, оп. 1, д. 2275, лл. 21–23.
- <sup>85</sup> *Бұл да сонда*, д. 2490, л. 43 и об.; ф. 2, оп. 1, д. 562, л. 38–39 об.; ф. 34, оп. 1, д. 19, л. 1–5.
- <sup>86</sup> *Бұл да сонда*, д. 2275, лл. 21–23.
- <sup>87</sup> *Бұл да сонда*, ф. 10, оп. 1, д. 6306, л. 273.
- <sup>88</sup> *Бұл да сонда*, ф. 678, оп. 1, д. 86, л. 5, 50.
- <sup>89</sup> Туркестанские ведомости, 7 октября 1916 г.
- <sup>90</sup> Сапаргалиев Г. Карательная политика царизма в Казахстане. А., 1966, 67-б.
- <sup>91</sup> Законодательные акты переходного периода. СПб., 1916, 606-б.

- <sup>92</sup> ЦГА РК, ф. 44, оп. 1, д. 16908, л. 36 и об.
- <sup>93</sup> *Бұл да сонда*, ф. 25, оп. 1, д. 421, л. 35–36 и об.
- <sup>94</sup> *Бұл да сонда*, ф. 15, оп. 1, д. 379, л. 466.
- <sup>95</sup> Сойфер Д. И. Солдатское революционное движение в Туркестане (1903–1918 гг.). Автореф. дисс... д. и. н. Ташкент, 1969, 43-б.
- <sup>96</sup> ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 1360, л. 58.
- <sup>97</sup> *Бұл да сонда*, ф. 145, оп. 1, д. 1066, л. 226 и об.
- <sup>98</sup> *Бұл да сонда*, ф. 44, оп. 1, д. 16913, л. 15 и об.
- <sup>99</sup> *Бұл да сонда*, ф. 190, оп. 1, д. 383, л. 10–14.
- <sup>100</sup> *Бұл да сонда*, ф. 578, оп. 1, д. 12, л. 1.
- <sup>101</sup> *Бұл да сонда*, ф. 44, оп. 1, д. 11, лл. 261–263.
- <sup>102</sup> *Бұл да сонда*, ф. 77, д. 25, л. 413–414.
- <sup>103</sup> Нурпеисов К., Григорьев В. К. Туар Рыскулов и его время /Рыскулов Т. Р. Собрание сочинений в трех томах, том 1, А., 1997, 11-б.
- <sup>104</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. А., 1993, 41, 42-б.
- <sup>105</sup> Нурпеисов К., Григорьев В. К. Көрсетілген еңбегі, 11, 12-б.
- <sup>106</sup> Рыскулов Т. Восстание казахов и киргиз в 1916 году /Грозный 1916 год. Сборник документов и материалов, II том. А., 1998, 9, 10-б.
- <sup>107</sup> Алаш-Орда. Сб. документов. А., 1992, 5, 6, 7-б.
- <sup>108</sup> *Бұл да сонда*, 8, 9, 10-б.
- <sup>109</sup> Архив Комитета национальной безопасности РК, д. 124, том I, лл. 99, 100, 101.
- <sup>110</sup> Каркара айбаты. А., 1991, 10-б.
- <sup>111</sup> Цит. по кн.: Сулейменов Б. С. Басин В. Я. Восстание 1916 года в Казахстане. А., 1977, 84-б.
- <sup>112</sup> Каркара айбаты. Сб. документов и материалов. А., 1991, 16, 17-б.
- <sup>113</sup> Сулейменов Б., Басин В. Я. Көрсетілген еңбегі, 84–85-б.
- <sup>114</sup> *Бұл да сонда*, 85-б.
- <sup>115</sup> Сапаргалиев Г. Көрсетілген еңбегі, 219, 220-б.
- <sup>116</sup> Восстание 1916 года в Казахстане. Документы и материалы. А., 1977, 130, 131-б.
- <sup>117</sup> Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. Сб. документов и материалов. М., 1960, 300-б.
- <sup>118</sup> *Бұл да сонда*, 301-б.
- <sup>119</sup> *Бұл да сонда*, 303-б.
- <sup>120</sup> Рыскулов Т. Р. Собрание сочинений в трех томах, том 2, 61-б.
- <sup>121</sup> *Бұл да сонда*, 304-б.
- <sup>122</sup> *Бұл да сонда*, 304-б.
- <sup>123</sup> *Бұл да сонда*, том 1, 12-б.
- <sup>124</sup> Архив Президента РК, ф. 811, оп. 1, д. 58, лл. 1–20.
- <sup>125</sup> ЦГИА РФ (СПб.), ф. 1291, оп. 82, 1916 г., д. 1956, лл. 122–123.
- <sup>126</sup> Газета «Ауыл». Кустанай. 1926, 7 тамыз, № 278; Козыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. А., 1994, 157, 166, 167-б.
- <sup>127</sup> Кар.: Панфилов А. В. Либерально-демократическая Россия о событиях 1916 года // Эділет. Научные труды. 1977, № 1, 114–122-б; Қасымбаев Ж. 1916 жылғы июнь жарлығы – зансыздық //Егемен Қазакстан, 1996, 10 сәуір.
- <sup>128</sup> Панфилов А. В. Көрсетілген еңбегі, 117-б.
- <sup>129</sup> Цит. по: Панфилов А. В. Көрсетілген еңбегі, 118-б.
- <sup>130</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 1282, лл. 73, 74.
- <sup>131</sup> *Бұл да сонда*, ф. 369, оп. 1, д. 4842, л. 60–64.
- <sup>132</sup> *Бұл да сонда*, л. 115.
- <sup>133</sup> Қасымбаев Ж. К. Австро-венгерские и германские военнопленные в Казахстане (1915–1917 гг.) //Феникс, 1996, сентябрь (15), 211-б.
- <sup>134</sup> Сиргебаев Б. Глубокие корни братства. А., 1977, 16-б.

- <sup>135</sup> Россия в первой мировой войне. М., 1925, 41–42-б.
- <sup>136</sup> ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 4842, л. 6.
- <sup>137</sup> *Бұл да сонда*, ф. 369, оп. 1, д. 4837, л. 82.
- <sup>138</sup> *Бұл да сонда*, ф. 369, оп. 1, д. 4837, л. 77.
- <sup>139</sup> *Бұл да сонда*, ф. 64, оп. 1, д. 1282, л. 377.
- <sup>140</sup> *Бұл да сонда*, д. 33, 35 об.
- <sup>141</sup> *Бұл да сонда*, ф. 64, оп. 1, д. 1282, л. 33, 35 об.
- <sup>142</sup> *Бұл да сонда*, л. 68.
- <sup>143</sup> *Бұл да сонда*, л. 45 об.
- <sup>144</sup> Қар.: Омский телеграф. № 35, 15 февраля 1915 г.
- <sup>145</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 1282, л. 67.
- <sup>146</sup> *Бұл да сонда*, л. 67 об.
- <sup>147</sup> Омский телеграф. № 35, 15 февраля 1915 г.
- <sup>148</sup> Лисецкий Л. О. О положении военнопленных после победы Февральской революции /Участие трудящихся зарубежных стран в Октябрьской революции. М., 1967, 117-б.
- <sup>149</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>150</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 1282, л. 72.
- <sup>151</sup> *Бұл да сонда*, л. 68.
- <sup>152</sup> Трапезников С. П. Ленинизм и аграрно-крестьянский вопрос. М., 1978, 268-б.
- <sup>153</sup> Сибирский телеграф. 8 ноября 1915 г.
- <sup>154</sup> Интернационалисты. 1-я книга. М., 1967, 40-б.
- <sup>155</sup> Сиргебаев Б. Глубокие корни братства, 18-б.
- <sup>156</sup> Матвеев А. Буржуазные авторы об иностранных интернационалистах в Средней Азии /Участие трудящихся зарубежных стран, 308-б.
- <sup>157</sup> Шнейдер Л. Революционное движение среди военнопленных в России //Борьба классов. 1935, № 3, 57-б.
- <sup>158</sup> Манусевич А. Я. Состояние и задачи изучения истории интернационального движения в России 1917–1920 гг. /Участие трудящихся зарубежных стран в Октябрьской революции, 23-б.
- <sup>159</sup> Шнейдер Л. Көрсетілген еңбегі, 56-б.
- <sup>160</sup> Манусевич А. Я. Польские интернационалисты в борьбе за победу Советской власти в России. М., 1965, 119–120-б.
- <sup>161</sup> Матвеев А. О работе большевиков среди иностранных трудящихся Сибири (февраль–октябрь 1917 г.) /Участие трудящихся зарубежных стран, 294-б.
- <sup>162</sup> Қар.: Касымбаев Ж. К. Көрсетілген еңбегі, 220-б.
- <sup>163</sup> РГИАМ, ф. 102, 1917 г., д. 47, ч. 2, л. 11.
- <sup>164</sup> История Великой Октябрьской социалистической революции. М., 1967, 18–21-б.
- <sup>165</sup> Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане. Летопись событий. А., 1967, 51–52-б.; Елеуов Т. Установление и упрочение Советской власти в Казахстане. А., 1961, 121–128-б.; ГАОрО, ф. 141, оп. 1, д. 335, л. 111.
- <sup>166</sup> Жиренчин К. А. Көрсетілген еңбегі, 272-б.
- <sup>167</sup> Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане. Ташкент, 1967, 167–172-б.; Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане, 24–35 -б.; Жиренчин К. А. Көрсетілген еңбегі, 272–275-б.
- <sup>168</sup> Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане, 37-б.
- <sup>169</sup> Сонда, 53-б.; Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. А., 1995, 89–90-б.
- <sup>170</sup> Аманжолова Д. А. Казахский автономизм и Россия. М., 1994, 24-б.
- <sup>171</sup> Қойгельдиев М. Алаш козғалысы. А., 1995, 215–216-б.
- <sup>172</sup> Аманжолова Д. А. Көрсетілген еңбегі, 24-б.
- <sup>173</sup> Қойгелдиев М. Алаш козғалысы. А., 1995, 219-б.

<sup>174</sup> Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане, 168–169-б.; Аманжолова Д. А. Көрсетілген еңбегі, 24-б; Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда, 76, 89-б.; Қойғелдиев М. Алаш қозғалысы, 219–248-б.

<sup>175</sup> Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда, 79, 80-б.; Қойғелдиев М. Алаш қозғалысы, 219–220-б.; Жиренчин К. А. Көрсетілген еңбегі, 272–273-б.

<sup>176</sup> Аманжолова Д. А. Көрсетілген еңбегі, 25-б; Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане, 47–48; 56, 64–65-б.

<sup>177</sup> Қойғелдиев М. Алаш қозғалысы, 226–230-б.

<sup>178</sup> Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда, 96–106-б.

<sup>179</sup> Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане, 35–36, 56, 44-б.

<sup>180</sup> Бұл да сонда, 41, 73-б.

<sup>181</sup> Бұл да сонда, 25, 29, 31, 32, 44–45, 60-б.

<sup>182</sup> ГАОРО, ф. 142, оп. 1, д. 143, л. 1–3.

<sup>183</sup> Нұрпейісов К. Становление Советов в Казахстане. А., 1987, 33–40, 51–55-б.; История Каз. ССР, т.3, 475-б; Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане, 44, 59–60-б.

<sup>184</sup> Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане, 37-б.; Григорьев В. К. Противостояние. А., 1989, 53–54-б.

<sup>185</sup> Григорьев В. К. Көрсетілген еңбегі, 61–62-б.

<sup>186</sup> Елеуов Т. Көрсетілген еңбегі, 177–178-б.; Революция и национальный вопрос, т. III. М., 1930, 366–367-б.

<sup>187</sup> Григорьев В. К. Көрсетілген еңбегі, 55–60-б.

<sup>188</sup> Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане, 177-б.

<sup>189</sup> Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане, 45, 100-б.

<sup>190</sup> Бұл да сонда, 72-б.

<sup>191</sup> «За власть Советов». Воспоминания участников гражданской войны в Оренбуржье. Чкалов, 1957, 7, 24, 48–50-б.

<sup>192</sup> История коммунистических организаций Средней Азии. Ташкент, 1967, 121-б.; Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане, 107-б.

<sup>193</sup> В огне революции и гражданской войны. Воспоминания участников. Омск, 1969, 86–88-б; Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане, 61-б.

<sup>194</sup> В огне революции, 114-б.

<sup>195</sup> Омские большевики в период октябрьской революции и упрочения Советской власти. Сб. документальных материалов. Омск, 1958, 228, 229-б.

<sup>196</sup> Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане, 22–26-б.

<sup>197</sup> ГАОРО, ф. 142, оп. 1, д. 335-б, л. 2.

<sup>198</sup> Бұл да сонда; Кобозев Петр Александрович (1878–1941) – көрнекті кәсіби революционер. 1898 жылдан КПСС мүшесі, жол қатынастары инженері, Ташкент темір жолы басшыларының бірі, Қазан революциясына белсене катысушы, азамат соғысы же дарындағы белгілі кеңестік және өскери қайраткер.

<sup>199</sup> Бұл да сонда, л. 8.

<sup>200</sup> Бұл да сонда, л. 11, 19, 24, 28 және б.

<sup>201</sup> Бұл да сонда, л. 29.

<sup>202</sup> Великая Октябрьская социалистическая революция в Казахстане, 38, 44, 64-б.

<sup>203</sup> Бұл да сонда, 71-б.

<sup>204</sup> Бұл да сонда, 79-б.



## *Алтыншы тарау*

# **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ ӨМІРІ**

### **1. ОҚУ-АҒАРТУ ІСІ**

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Ресей империясының халыққа білім беру ісі мен мектеп жүйесіндегі өзіндік ерекшеліктері Қазақстандағы халыққа білім беру ісі мен бүкіл ағарту жүйесіне көп дәрежеде өз ықпалын жасады. Оқу-ағарту ісі айқын таптық сипатта болды, оның Қазақстандағы айырмашылығы ұлттық ерекшелікке орай жүргізілді. Ұлттық мектептер туралы 1870 жылы қабылданған «Ресейді мекендейтін бұратаналарға білім беру жөніндегі шаралар туралы» заң ұлттық мектептердегі және ұлттық шет аймактардағы бүкіл ағарту жүйесін: 1) әлі аз орыстанғандар үшін, 2) орыстары көп жерде тұратындар үшін және 3) жеткілікті дәрежеде орыстанғандар үшін деп, 3 санатқа бөлді. Бұл орайда 1-санат үшін мектептер салынатын болып белгіленді, оларда оқыту орыс әліпбімен жазылған оқулықтар бойынша ана тілінде жүзеге асырылуға тиіс еді. Екінші санат үшін орыс мектептері құрылуға тиіс болды, оларда орыс балаларын да, «бұратана» балаларды да бірге оқыту көзделді, ана тілі ауызша түсіндірген кезде ғана қолданылуға тиіс еді. Үшінші санат үшін орыс мектептері құрылып, оларда оқыту тек орыс тілінде жүргізілді.

Занды жүзеге асыру нәтижесінде Қазақстанда әр түрлі облыстарда әр алуан үлгідегі мектептер құрыла бастады. Мәселен, Ақмола және Семей облыстарында – мектеп-интернаттар мен ауыл шаруашылық бастауыш училищелері, Торғай мен Оралда – ауылдық мектептер, болыстық (бір сыныпты), екі сыныпты училищелер, Жетісу мен Сырдарияда – «орыс-бұратаналық» мектептер, Ішкі Ордада (Бекей Ордасында) старшындық және учаскелік училищелер құрылды. Олардың бәрі Халық ағарту министрлігіне бағынды. XX ғасырдың басына қарай Қазақстандағы халыққа білім беру ісінің мақсаттары мен міндеттері білім беру ісінің жетекші қайраткерлерінің бірі А. Алекторов мақалаларының бірінде айтылған: «Қазақ даласындағы мектеп өзінің білім беру міндеттерімен қоса саяси рөл де атқарады: ол қазақ халқын байырғы орыс халқымен байланыстырып, қазактарға мемлекеттік тілді сіңіреді. Ол орыс халқының ғұрыптарымен және көзқарастарымен таныстырады, казактарды баяу болса да, жүйелі түрде орыстардың аясына енгізеді, бұл орайда мұсылмандық ерекшелік негіздеріне қарама-қарсы тұрып, қазактарға Бұхарадан және

ислам діні гүлденген басқа да жерлерден келгендег сінірген мұсылмандық фанатизмді өлсіретеді».<sup>1</sup> А. Алекторов қазақ халқын, бәлкім, неғұрлы астарлы өдістермен орыстандыру туралы тұра айтқан. Сонымен бірге үкіметте, жергілікті өкімет орындары да бұл саясатты зор ынтамен және табандылықпен жүргізіп, орыс мектептеріне ғана көп көңіл бөліп отырды. Мәселен, 1905 жылдың маусымында «шығыс бұратаналарына» білім беру мәселеі бойынша ерекше кеңес өткізіліп, онда өлкедегі халыққа білім берудің негізіне И. Ильминскийдің жүйесі алынды. Кеңестің корытындысы ұлттық мектептер жүйесін ұйымдастыру болды, ол ұлттық аудандарда, соның ішінде Қазақстанда да енгізілуге тиіс еді. Онда: 1) оқыту мерзімі 2 жылдық бастауыш училище, бұл орайда екінші жылы орыс мектебінің бірінші сыныбына сәйкес келетін; 2) оқыту курсы 4 жылдық бір сыныпты училище; 3) оқыту курсы 6 жылдық екі сыныпты училище ашу көзделді, ал алғашқы екі оқу жылында ғана ана тілінде сабак жүргізуге рұқсат етілді. Сонымен XX ғасырдың басында халық арасына орыс тілін енгізу негізінде империяның ұлттық шет аймактарын орыстандыру жөнінде кең көлемді бағдарлама белгіленді. Үкімет пен жергілікті кадрлардың қызметі осыған бағытталып, олар алынған нәтижелерді баянды ету саясатын үнемі жүргізіп отырды, бұған зандар, жекелеген актілер, 1906 жылы 31 наурызда қабылданған «Шығыс және оңтүстік-шығыс Ресейде тұратын бұратаналарға арналған бастауыш училищелер туралы» ережелер, 1907 жылғы 1 қарашадағы «Бұратаналарға арналған бастауыш училищелер туралы ережелер», 1913 жылғы 14 шілдедегі «Бұратаналарға арналған бастауыш училищелер туралы» ережелер көмектесті. Бұл актілердің өркайсысында халыққа білім беруді одан әрі орыстандыру көзделді. Түркістан өлкесіндегі білім беру ісі қайраткерлерінің бірі Н. Остроумовтың атап өткеніндегі, «...Түркістан өлкесінде орыс мектебі арқылы орыстандыру саясатын ұстану ниеті болды».<sup>2</sup> Бұл саясаттың негізгі мақсаттары былайша белгіленді: «Орыс-мемлекеттік міндеттер мен отанымыздың бұратаналарға көзқарасы жөніндегі ой-ниеті орыстандыруда болып табылады... тағы бір басқа міндет – қазақтардың орыстармен бірге тұтас бір саяси-мемлекеттік организмге айналуына жәрдемдесу».<sup>3</sup>

Қазақтарды орыстандыруға бағытталған империялық саясаттың орасан зор қысымына қарамастан, өлкедегі халыққа білім беру ісінің жағымды жақтары да болды – жүргізіліп отырған ресми саясатқа қарамастан, қазақтар европалық мәдениетпен, европалық өркениеттің жетістіктерімен танысты. Сондықтан да қалыптасып келе жатқан қазақ зиялыштары орыстар ортасынан көп нәрсені қабылдады, тіпті негізінен орыс топырағында европалық негізде білім алды. Сонымен бірге олардың арасында шетелде өкіғандары да болды. Қазақ халқындағы интеллектуалдық орта дамуының жиынтығы осы ортада саяси мәдениетті қалыптастыру проблемасын күн тәрібіне койды, сөйтіп XX ғасырдың басында ол қазақ интеллектуалдары қатысқан кейбір саяси ағымдардан көрінді. Қазақстан мен Ресей империясы арасындағы байланыстардың өсуі себепті өлкедегі халыққа білім беру ісі XX ғасырдың басында одан әрі дами түседі, бұл орайда ауыл шаруашылық мектептері колөнерге оқытуға дайындастырын мектептер түріндегі бастауыш және көсіптік-техникалық білім берудің дамығанын атап өткен жөн. Егер 1901 жылы Қазақстанда Оқу-агарту министрлігі бойынша 283 орыс және 207 орыс-қазақ мектептері болса, 1916 жылы олар

Семей облысында – 323, Жетісу облысында – 181, Сырдария облысында – 231, Торғай облысында – 517, Орал облысында – 455, Ішкі Ордада – 74, барлығы 2448 болды, олардың 562-сі орыс-қазақ мектептері еді, бұл орайда Ақмола, Семей, Орал облыстарында әскери казак мектептері Оқу-ағарту министрлігіне берілді. 1916 жылы оқушылар саны – 134 245, ал қазақ және татар балалары 19 372 болған.<sup>4</sup> 1917 жылы 47 жоғары-бастауыш училище, 17 орта мектеп, 4 реалдық училище, 4 ерлер және 9 қыздар гимназиясы, 13 ауыл шаруашылық төменгі мектебі мен 2 қолөнер училищесі жұмыс істеді. Үкіметтің мектептерді негізінен артықшылығы басым орыс тұрғындары мен қазақтарға ғана арнап болу жөніндегі саясаты қазақ халқының сауатсыз немесе шала сауатты болып қалуына әкеп соқты, сондықтан қазақ халқының орасан көп бөлігі мектептерде немесе медреселерде қандай болса да білім алуға тырысты.

Бірсыныра жылдар бойы мұсылман мектептері мен, әсіресе, медреселерде білім алушын мүлде жарамсыздығы туралы пікір қалыптасып келді. Бұл оқу орындарын пұрсатты оқу орындарында, басқа да кейбіреулерінде оқытумен қайсыбір дәрежеде салыстыруға болмайтын, алайда олар қазақ халқы сауаттылығының жалпы деңгейіне елеулі ықпал жасады, сонымен бірге қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесті. Сол кезеңдегі қазақ қоғамының көптеген интеллектуалдық топтары осы ортада қалыптасты. Мәселен, біз I Мемлекеттік Думаның депутаты, кейіннен өкілеттігі жойылған Шахмардан Қосшығұловты мысалға келтіре аламыз. Үкімет пен жергілікті өкімет орындары мектептер мен медреселерге мүлде теріс көзқараста болды. Мәселен, 1870 жылдың өзінде-ак Түркістан өлкесінде халыққа білім беру туралы мәселені талқылау жөніндегі ерекше комиссия «...діни және конфессионалдық, оның үстіне әрі саяси (өйткені бұл екі жағы мұсылманның ұғымында ажырағысыз) болғандықтан, бұратаналық мектептер орыстың өкімет орындарынан қолдау табуға үміттенбеуге тиіс» деп анықтады.<sup>5</sup> Алайда жергілікті өкімет орындарында мектептердің бұл түрін тольқы ығыстырып шығаруға материалдық қаражат және өзге де мүмкіндіктер болмады, сондықтан да: «Жабылатын бұл мектептерді біз немен алмастыруды таба алмадық, өйткені орыс мектебі мұндағы халықтан ұзак уақыт бойы, мүмкін мәңгі болар, қолдау таппай қала береді», – деп атап өтілді.<sup>6</sup> Бұл ой одан кейінгі жылдарда дамытыла түсті. Мәселен, халық ағарту министрінің ішкі істер министрімен келісілген өкімімен мұсылман мектептерінде орыс цензурасы мақұлдаған баспа басылымдары ғана қолданылуға және оқытуды Ресейде білім алған оқытушылар ғана жүргізуге тиіс болатын, рас, бірсыныра уақыт өткен соң бұл өкімнің күші жойылды. ХХ ғасырдың басында Түркістан өлкесінің үш облысының өзінде бұратаналар мектептерінің саны 6000-ға жуық болды. Мұндай кемсітушілік шаралар жер-жерде байқалды. Корыта келгенде, Орынбор губерниясы жанындағы халыққа білім беру жөніндегі I және II кеңестің журналында «халық арасында орысша сауат ашуға ұмтылыстың нашар» екендігі атап өтілді.<sup>7</sup> Сол кездің өзінде бір Сырдария облысында ғана 1910 жылы 32 медресе, оның ішінде қалалық 23 және ауылдық 9 медресе болды. Олардың ең ірілері Ташкентте орналассты. Бұл медреселерде өзінің сындарлы оқыту жүйесі болды, онда дінмен қатар зайырлы пәндер оқытылды. Мектептер де қазақ халқы арасындағы сауаттылық деңгейін белгілі бір дәрежеде көтерді, онда Құранды оқыту жүргізіліп

қана қоймай, зайырлы өдебиет пен жаратылыс ғылымдары үйретілді. Мектептер қазақтар арасында кең таралды. Мәселен, бір Маңғыстау уезінде ғана 67 мұсылман мектебінде 1003 шәкірт оқыды. Мектептерде халық дәстүрлері, халықтық этнопсихология, дәстүрлі өдебиет өз дамуын тауып, дәстүрлі халықтық сана-сезімді қалыптастырудың негізіне айналды. Мәселен, қазақтың ұлы ақыны, ағартушы және ойшыл Абай өзінің білім алуын ауыл мектебінде бастап, өрі қарай білімін медреседе жалғастырған еді.

Халыққа білім беру саласындағы империялық саясат шенберінде 1906 жылы тамызда болып өткен III жалпы мұсылмандық съезі халыққа білім беру ісі бойынша тұтас бағдарлама жасады. Съезд шешімдерінде былай деп белгіленді: 1) барлық қоныстарда балалар мен қыздарға міндettі бастауыш білім беретін мектептер ашылсын; 2) оқыту бір бағдарлама бойынша және араб әліпбі негізінде ана тілінде жүргізілуге тиіс болды; 3) мектептерді ұстау земствоның, қала молдасының қарауында, ал басқа ру мен бақылау мұсылмандардың өз қолында болуға тиіс; 4) дін ілімі және өдеби ана тілі енгізілуге тиіс; 5) мұғалімдер мен оқушылар құқықтары жөнінен орыс мектептерінің мұғалімдерімен және оқушыларымен теңестірілуге тиіс болды. Съезд шешімдерінде мұсылмандарға білім беру жүйесін ұйымдастыруға қатысты басқа да талаптар қойылды. Сол арқылы империяның бүкіл мұсылман халқының, соның ішінде қазақ халқының да ой-ниеті білдірілді.

Сол кездегі көптеген зерттеушілер XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында енгізілген білім беру жүйесіне өз көзқарастарын білдірді. П. Головачев былай деп атап өтеді: «...бұрын қазақтар үшін ойластырылған жабық оқу орындары мұлде сәтсіз болып шықты, бұл мектептерге балаларды күштеп алу қолданылғандықтан, бай қазақтар өз балаларының орнына өз балам деп кедейлердің балаларын беретін болды. Дала өлкесінде құрылған ауыл шаруашылық мектептері де қазактарды тартпайды».<sup>8</sup> Бұл жөнінде бұдан біршама бұрын А.Н. Краснов былай деп жазған: «Бұған дейін осының бәрі халықтан оған білім беруге жиналыштын қазақтардың қаржыларына істеліп келді, — бұл Верныйда, Қапал мен Қараколда пансиондардың құрылуы, оларда қазақтарға орыс тілі оқытылады және жалпы алғанда одан кейін гимназияға ілігуге болатындей білім беріледі».<sup>9</sup> Бұдан әрі ол былай деп дәлелдейді: «Дала тұрғындары арасында орысша оқитындар аса сирек кездеседі, жаза білетіндер мұлде жок деуге болады. Оның бер жағында Верный қазактарының 25%-ы арабша оқи біледі».<sup>10</sup>

1907 жылы Ресей империясында жалпы білім беруді енгізу туралы жоба жарияланды, онда бастауыш мектептер желісін құру көзделді. Жоба бойынша білім беру ісі 7–11 жастағы балаларды қамтуға тиіс болды, бастауыш білім беруді 10 жыл ішінде енгізу жорамалданды.<sup>11</sup>

Нақосы жылдарда бастауыш білім беру мұқтаждарына қаражат босату туралы заң (1908) және 1909 жылы Халық ағарту министрлігі жанынан «мектеп-құрылыш қорын» құру туралы заң қабылданды. Бұл заң актілері мектепте білім беру жүйесін кеңейтті, халыққа білім беру ісінің, соның ішінде Қазақстанның бүкіл аумағында орыс-қазақ мектептерінің (ол кездегі құжаттарда – орыс-қырғыз және орыс-туземдік) кең желісін құруға кейбір дәрежеде жағдайлар жасады.<sup>12</sup>

ХХ ғасырдың басында Халық ағарту министрлігі мектептер мен медреселерге тікелей бақылау жасау міндетін де өз қолына алды, бұл орайда Министрлік қызметтің үйымдастыру нысандарына ғана араласады деп көрсетті, алайда бұл бүркеніш ғана болатын. Іс жүзінде үкіметте, жалпы үстемдік етуші топтар мен таптар да Ресей жүргізіп отырған бүкіл конфессионалдық саясатқа өте байсалды қарады. Бұл бақылау үшін губернаторлардың міндетіне құнделікті тұрмысқа, жүріс-тұрысқа, шетелдік төлкүжат беруге, кітаптар мен мерзімді басылымдар басып шығаруға байланысты барлық мәселелерді қадағалау міндеті енгізілді, мұның өзі конфессионалдық қызметті үкіметке толық бағындыруға өкеп соқты. Сонымен бірге мұсылман қауымдары басшыларының өздері өкімет орындары мен ынтымақтастық нысандарын табуға тырысты. Мәселен, XIX ғасырдың 80-жылдарының өзінде-ак Түркістан мұсылман қауымдары кайраткерлерінің бірі Түркістанның генерал-губернаторы Кауфманға былай деп жазған: «Жаңа мектеп ең алдымен пайдалы болуға тиіс. Онда үстанылатын зандар өмірде пайдалы, оған қолданылатын болуға тиіс».<sup>13</sup> Яғни дәстүрлі білім беру ісінің нақ толық, бақылаудағы жүйесі XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында орныға бастаған жаңа ықпалға, жаңа принциптер мен нысандарға тұрткі салды. Жаңа өдіспен оқытатын мектептер үйымдастырыла бастады. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Қазақстанда неғұрлым қалың бұқараға білім беру конфессионалдық мектептер арқылы жүргізілді, өз кезегінде ол, атап өтілгеніндей, жәдидшілдік ерекшеліктерімен реформаланды, сөйтіп, мұсылмандық ағарту ісіне зайырлы оқыту элементтерінің неғұрлым кеңінен енгізілуі, мәдени мұраға неғұрлым либералдық көзқарас, сонымен бірге Осман империяна неғұрлым кең көлемде бағдар алу М. И. Ильминскийдің ресми мектебі тарапынан өршеленген қарсы өрекет туғызды. Ол былай деп жазды: «Бақшасарайда Гаспиринский: біріншіден, Ресей империясының мұсылман бодандары арасында мұсылмандық негізде еуропалық оқу-ағартуды тарату, мұсылмандық мұраттарды еуропалық білім беру арқылы қолдау, екіншіден, Ресейдегі барлық сан миллиондаған ала-құла және өр түрлі тілдегі мұсылман халқын біріктіру мен топтастыру максатын көздел отыр».<sup>14</sup> Нақ Ильминский мектебі жәдидтік реформаны өте қауіпті деп білді. Ол бұратаналар ортасына империяда жалпы қабылданған мұсылманша білім беруге қарама-қарсы идеялар мен әдістердің енгізілуінен қауіптенді.

Өлкедегі оқу-ағарту ісін үйымдастыруши ресми органдар бірінші кезекте бүкіл мұсылманша білім беру ісін бірыңғай оқу жоспарына келтіру және түгелімен бір ізге түсіру, бұл орайда зайырлылық пәндерге көніл бөлу қажет деп санады. Мұсылманша білім беру кадрлары мәселелеріне зор көніл бөлінді, оның үстіне оқу орындарының бір бөлігі зайырлы білімі бар мұғалімдер даярлауға бөлінуге тиіс болды. Сонымен бірге оқу округтері мен Оқу-ағарту министрлігі инспекторлардың назарын оқытудың ерекше әдістерін енгізуға аударды, оның енгізілуі де мұсылман халқын белгілі бір дәрежеде үкіметтің саясатын колдау жағына тартуға тиіс болатын. Мұсылман мектебін қажетті саяси арнаға салып, бірте-бірте соған бағындыру өте жиі ұсынылды. Жәдидтік қозғалыс арқасында, мектептерді материалдық жағынан қамтамасыз ету туралы да мәселе қойылды, бұл орайда материалдық қара-

жатпен жеке қайырымдылық есебінен немесе мұсылман қоғамдары есебінен қамтамасыз етуге зор көніл бөлінді. Мұсылман мектептерінде, шын мәнінде конфессионалдық мектептерде бірте-бірте европалық білім беру әлементтерінің енгізілуге тиіс болғанына нақ жәдидтік қозғалыс себепші болды. Бұған қарама-қарсы, ресми насиҳат жаңа әдісті мектептердің қызметін жөне тұтас алғанда білім беру ісін шектеуге үмтүлды, ал революциялық оқиғалардан кейін оларды кең көлемде енгізуге бейімдік ерекше күшті байқала бастаған еді. Мәселен, Петербургте өткен ведомствоаралық кеңесте: «Медреселердің жалпы білім беретін пәндерді күшету жағына жөне конфессионалдық діни оқу мектептері түрінде ұлттық жалпы білім беретін мұсылман оқу орындарын құруға бейімделуіне жол беруге болмайды», – деп атап өтілді.<sup>15</sup>

Сонымен бірге мұсылманша білім беру ісі мен жәдидтік бағыттың қызметіне қатаң шектеу қойылған жок. Бұл жағдай мұсылман мектептерінің мейлінше дербес жұмыс істеуі мен олардың санының тез көбеюіне өкеп соқты. Мәселен, 1907 жылы Жетісу облысында жалпы саны 15 болатын «орыс-бұратаналық» мектептерінде 222 оқушы, ал 243 мұсылман мектебінде 6076 оқушы оқығаны атап өтілген.<sup>16</sup> Мұндай жағдай Ішкі істер министрлігі мен жергілікті өкімет орындарын қатты толғандыра бастады, нақ соңдықтан құпия нұсқауда «...Түркістан өлкесінің барлық облыстарының уезд бастықтары, халық училищелерінің учаскелік приставтық инспекторлары жергілікті халықтың ойлау жағдайын, көніл күйін жөне оның өмірінің діни-тұрмыстық қалыптасуын, оның жаңа әдісті мектептерге көзқарасын суреттейтін мәліметтер жинау қажеттігі туралы» анықтама берілді.<sup>17</sup>

Қазақстанның барлық тұқпірлерінен жаңа әдісті мектептерге өкімет орындарының теріс көзқараста екені туралы мәліметтер түсіп жатты. Өкімет орындары біртіндеп олардың қызметіне бақылауды күшейте бастады. Нак сол Жетісу облысында хабарламалардың бірінде жаңа әдісті мектептердің ресми өкімет орындарына өте зиянды екені былай деп тұра көрсетілген: «Дала өңірінде қазақ халқына арналған көшпелі мектеп-үйлер ашу орыс мемлекеттігінің мұдделерінен аулақ жатыр. Келушілер казактар арасында таза қазақ тілінде Уфа мен Қазанда басылып шыққан зиянды бағыттағы кітапшалар таратады. Кітапшалар арасындағы белгілері: «Оян, қазақ!», «Тұр, қазақ!» және «Маса» деген мысалдар жинағы».<sup>18</sup> Бұл кітапшалардың авторлары белгілі зиялымдар Міржақып Дулатов, Әлихан Бекейханов және Ахмет Байтұрсыновтар болатын, олар сол кезде-ақ Қазақстанның шалғайдағы басқа аудандарына жер аудару түрінде сотталып, аса қатаң жазаға тартылған еді. Нак сол хабарламада «казактардың пайдалануындағы жер мөлшерінің кемігені көрсетіліп, аграрлық мәселе қозғалады» деп атап өтілген.<sup>19</sup> Сонымен өкімет орындары жаңа әдісті мектептердің қызметін өлке дамуының саяси мәселесімен тікелей байланыстырыды.

Мұндай сипаттағы хабарламалар бүкіл Қазақстан бойынша сирек болған жок. Соның салдарынан Жетісу облысының губернаторы Фольбаум оқу бастығының рұқсатынсыз конфессионалдық мұсылман мектептерін ашуға тыйым салды.<sup>20</sup> Алайда жаңа әдісті мектептер өзіне жол таба берді, өйткені халықтың негізгі көшілігі, соның ішінде ауқатты емес бұқара да оларды өздерінің ұлттық мұдделерін нығайтудың пәрменді құралы

деп білді. Осыған байланысты Жетісу облысының губернаторы бұл жөнінде былай деген: «...мен жергілікті халыққа арналған жана әдісті мектептерді де ашып, бұл мектептердің курсына жалпы білім беретін пәндерді енгізуге өбден-ақ болады деп түсінемін, бірақ мұндағы міндетті шарт бұл мектептер инспекторларға толық бағынышты болып, белгілі бір ережелер бойынша ұйымдастырылуы, өбден айқын жоспарлары мен бағдарламалары болуы, оларда тым болмағанда бірінші жылы өз тілінде (ана тілінде) оқытылуы керек».<sup>21</sup> Мәселенің бұлайша қойылуы үкіметтің бұлталаққа салуы ғана болатын. Мұрағат құжаттары жергілікті жерлердегі әкімшіліктің мәселенің бұлайша қойылуымен келіспегенін дәлелдейді, мәселен, Верный қаласындағы халыққа білім беру ісінің көрнекті қайраткері Шабельников 1911 жылы былай деп жазған: «Верный мектебіне келетін болсак, бұл – тұтас орыс организміндегі бітеу жара. Бұл мектеп Ресейдің болашақтағы азаматтарын тәрбиелемейді, қайта, керісінше істейді. Оның қабырағасынан пайдасыз ғана емес, сонымен қатар зиянды элементтер шығады, өйткені Түркия тарихын оқып тәрбиленетін жастар орыс мемлекетін жарылқай қояды деп санау қын. Балалар Ресейдің өткенімен мұлде таныс емес, орыс тарихын оқымайды. Одан өздеріне керекті кезең – татарлар билеп-төстеген кезең ғана алғанды. Мектеп оқушылары орыс патшалары туралы ешнәрсе білмейді, оның есесіне түрік сұлтандары туралы көп біледі. Мұның бәрі кездеск сәйкес келушілік емес, қайта ойластырылған, белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған нәрсе».<sup>22</sup> Жаңа әдісті мектептер нақ сол халық санасын оятуға бағытталды, бірақ олардың жұмысында кемшіліктер де көп болды. Солардың бірі осы бағыттың көптеген қайраткерлерінің ресми өкімет орындарының шылауында болуы еді, сондықтан бұл бағыттың қолданылуы түгелдей үкімет талабына бағындырылып, тар аяда жүргізді, мұны жәдидтік мектептер үшін оқулықтар шығару дәлелдейді. 1909 жылы Ташкент орыс-бұратаналық мектебінің мұғалімі С. Азизов 2000 дана таралыммен «Бастауыш мұғалім» деген оқулық шығарды, ал 1914 жылы оның 2200 дана болып екінші басылымы жарық көрді, нақ сол жылы Ғали Калинин сол оқулыққа хрестоматия шығарды, олар жаңа әдісті мектептерде кеңінен қолданды.<sup>23</sup> Бұдан сөл бұрын Зайсандағы халыққа білім беру ісі бастамашыларының бірі А. Құрманбаев «Киргизская степная газетада»: «...Алтынсариннің ізімен жүріп, ол бастаған істі – қазақ тілінің ережелерін жазып, тәртіпке келтіру керек» деп жазды.<sup>24</sup> Араб-парсы тілдерінен кірген сирек қолданыстағы сөздері көп қазақ тілінің архаикалық жағдайы орыстандыру саясаты үшін мейлінше маңызды болды, ал орыс тілін бірден енгізудің де халық арасында келенсіз әсері болуы мүмкін еді. Н. Ильминский патшалық өкімет орындарының «...бұратананың орысша сөйлескенде шатысып, ұялатын, орысша едөуір көп қате жіберіп жазып, губернатордан ғана емес, бөлім бастықтарынан да қорқатын» болуын іштей тілейтіні туралы қыскаша жазған.<sup>25</sup> Сонымен XX ғасырдың басында қазақ қоғамында халықтың қалың бұқарасы үшін және европалық денгейде білім алу үшін жарамды болатын қазақ жазуының реформасы басты проблемалардың бірі болды. Бұған жаңа әдісті мектептер және тұтас алғанда, жәдидшілдік қозғалыс себепші болған еді. Халыққа білім беру ісін дамытуға ықпал жасайтын басқа оку орындары техникалық және ауыл шаруашылық саласындағы мектептер

болды. Оқу-ағарту министрлігі «Өнеркәсіп училищелеріндегі негізгі ережелер мен қағидаларды» 1888 жылы-ақ бекіткен болатын. Империяның орталық аудандарында өр түрлі училищелердің құрылуы 80-жылдардың аяғы – 90-жылдардың басына тұстас келеді. Алайда бұл желі XX ғасырдың басында да баяу өсті. Оқу-ағарту министрлігі бастауыш училищелерде қол еңбегі оқытылатын сыныптар ашу туралы қаулы қабылдайды. Мұндай сыныптар Қазақстанда да ашыла бастады, алайда олар аз болды. Торғай облысында 1903 жылы мектептерде небәрі 4 қолөнер бөлімшесі мен қол еңбегінің бір сыныбы болды, Ы. Алтынсарин ашқан 3 қыздар мектебінде қолөнері оқытылды. Жетісу облысының мектептерінде 3 қол еңбегі сыныбы, 2 қолөнер бөлімшесі және қолөнерін үйрететін 7 сынып жұмыс істеді. Бұл бөлімшелердің бәрі қазына есебінен ашылды, сондықтан да Қапал уезінің бастығы былай деп жазған: «Уездің алуан түрлі қолөнершілерге кедейлігі сонша, мектептерде қолөнер жабдықтарын енгізу сөзсіз қажет, өрбір мектеп жанында қолөнер сыныптары болуы керек, бірақ халықтың өте кедейлігі және сыныптардың толық болмауы себепті биылғы жылы қолөнер бөлімшелерін ашу көзделген жок».<sup>26</sup>

Оның үстіне, жаңадан ашылып жатқан қолөнер бөлімшелері мен қол еңбегі сыныптары негізінен орыс халқын қамтыды. Ал оларда оқытын қазақтар сирек кездесетін. Мұрағат құжаттарында С. Менделешевтің Бөкей Ордасында осындай училище ашу керектігі туралы өтініші бар, мұнда ол қазақ халқы үшін қажетті қолөнер туралы жазған.<sup>27</sup> XX ғасырдың басында мектептерді бірсыныра көсібілендіру байқалды. Мәселен, Торғай және Карабұтақ еki сыныпты орыс-казак училищелерінде етікшілік және тігіншілік істері үйретіле бастаған. Ал Костанайда «Қазақ ауылдары мен казақ халқының қажеттеріне сәйкес» тігіншілік ісі оқытылды.<sup>28</sup> Оқытудың бұл түрі бойынша бағдарлама өте қарапайым болды, мәселен, олардың бірінде былай деп жазылған: «Етікшілік құрал-саймандарымен және оларды түрлі жұмыстар кезінде пайдаланумен таныстыру. Етікшілік материалдарының атауы – олар қашан және қайда қолданылады. Етіктің табаны, өкшесі, ұлтаның дайындау және тігумен таныстыру». Бұл орайда көрнекілік жеткілікті болуы үшін сыныпқа етіктер койылған.

1910 жылдан кейін, қолөнер бөлімшелері туралы мәселе облыстардың халыққа білім беру жөніндегі арнаулы кеңестерінде тындалып, оның үстіне халық санының тез өсуі мен басқа да факторлар қолөнерді үйрететін сыныптардың мектептерде кеңінен енгізілуіне себепші болды. 1917 жылдың басына қарай өлкеде 31 қолөнер училищесі болды, ал 257 бастауыш мектепте қол еңбегі сыныптары жұмыс істеді.

Ауыл шаруашылық мектептеріне біршама көбірек көңіл бөлінді. Өлкенің көптеген әкімшілері ауыл шаруашылығына бейімдеп оқыту қажет екенін көрсетті, алайда ешкім тиісінше көңіл бөлмеді, өйткені ол арнайы қаражатты қажет ететін еді. Сөйтіп коныс аудару, олардың 1907 жылдан кейінгі ағылуы туралы мәселе өте өткір койылған кезде ғана ауыл шаруашылық мектептерін ашуға өрекеттер жасалды, бірақ олардың дені ашылмаған күйінде қалды. Ауыл шаруашылық мектептеріне көбінесе қазақ балалары алынды, оларда ауыл шаруашылығының негіздерімен бірге жалпы білім беретін пәндер өткізілді. Пәндерді оқыту кезінде негізінен оларды іс жүзінде қолдануға көңіл бөлініп, шаруашы-

лықты жүргізу мәселелеріне онша мән берілмеді. Ауыл шаруашылық мектептерінің оқушылары шын мәнінде бай қожалықтарға сауатты жұмыс күшін беріп отырды. Нәк осы жылдарда жергілікті жерлерде қалың бұқараға білім беру жөніндегі бастамашылық өсеп түсіп, өмірдің өртүрлі проблемалары, сондай-ақ халық бұқарасының сауатын ашу мәселелеріне аса зор көніл бөлінді. Мәселен, белгілі қоғам қайраткері В. Н. Каллаур 1886 жылдың басында Н. И. Гродековке былай деп жаны аши отырып жазған: «Сарықман кентінің тұрғындары өткен жылдың қараша айында өздерінің көшпелі мектебін үйымдастырды. Олар мұлде босатылған солдат Семибратовты мұғалім етіп қабылдады, ол әрбір оқушы бала үшін тын-тебен алып, мектеп орналасқан, жалдап алынған үйшікте тұрады, ал тамақты құніне балалары оқитын өр үйден кезек-кезек ішеді – барлығы 18 бала оқиды».<sup>29</sup> Бұдан кейін Н. И. Гродеков бұл мектепке жазу құралдарын беріп көмектескен.

ХХ ғасырдың басында зиялыштар салауаттылық қоғамдары мен халықтық оқулар үйымдастыру жөніндегі қоғамдардың ашылуы туралы шешімді зор ықыласпен қарсы алды. Мәселен, Семей облысында халықтық оқулар үйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы – Ресей географиялық қоғамының белгілі қайраткері Б. Г. Герасимов,<sup>30</sup> халықтың салауаттылығы туралы қамқоршы комитеттің мүшесі Е. П. Михаэлис болды.<sup>31</sup> Лекторлар арасында да Ресей географиялық қоғамының қайраткерлері көп еді. Нәк сол Семейде В. Н. Белослюдов, В. С. Усов, Н. Я. Коншин және басқалар халықтық оқулар үйымдастыру жөніндегі комитетте лекторлар болды. Қазақстандағы халыққа білім беру ісі тарихының кейбір онша мәлім емес жақтары мен оның негізгі бағыттары осындаидай.

## 2. ҒЫЛЫМИ МЕКЕМЕЛЕР МЕН ҚОҒАМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

1861 жылғы реформадан кейінгі Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуы тез қарқынмен алға басты және сондықтан күн тәртібіне отарлық шет аймақтардың байлықтарын игеру, олардың ресурстарын зерделеу мен зерттеу мәселелері қойылды. Мұнда Орыс географиялық қоғамына едәуір мән берілді. 60-жылдардың өзінде-ақ оның Орынбор бөлімін ашу туралы мәселе қойылды. Орынбор генерал-губернаторы бөлім ашудың практикалық пайдасын көздей отырып, 1867 жылдың басында ішкі істер министріне былай деп жазды: «Мысалы, көп жерлерден белгілері табылса да, тас көмір кен орындарының болуы белгісіз, дала өніріндегі егіншіліктің, демек, отырықшылықтың жағдайлары мен көлемінің мүмкіндіктері белгісіз. Оның бер жағында мәселелер және өте елеулі мәселелер туындалап отыр, оларды шешу кезінде өлкені егжей-тегжейлі ғылыми зерттеудің кемшіліктері сөзсіз дерлік қателерге ұрындырады».<sup>32</sup>

Елдің шығыс аудандарын, бірінші кезекте Сібір мен Қазақстанды игеруден кейін Батыс Сібір бөлімі ашылды. Омбыда Батыс Сібір деп аталатын бөлім ашу туралы өтінішті орталық қоғамға Дала өлкесінің генерал-губернаторы Н. Г. Казнаков жазды. Ол 1877 жылғы 30 шілдеде сол кезге дейін-ақ Омбыда болған Императорлық орыс географиялық қоғамының кейбір то-лық мүшелеріне өзінің арнайы Батыс Сібір бөлімін құру туралы өтініш

жасағанын хабарлады. Бұл өтініш «аса жоғары мархабатқа ілігіп», бөлімге жыл сайын 2 мың сом алып отыруға рұқсат етілді.<sup>33</sup> Кейіннен бөлім туралы ереже бекітіліп, ол өзінің ғылыми жұмысын бастады.

XIX ғасырдың аяғында Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімі ашылды. 1895 жылдың аяғында Түркістан генерал-губернаторы А. Б. Вревский Императорлық орыс географиялық қоғамының алдына оның Түркістан бөлімін ашу туралы өтініш жасады. Сөйтіп 1896 жылғы 20 мамырда «аса мәртебелі жарлық» берілді.

XIX ғасырдың аяғында қоғамның көптеген көрнекті өкілдеріне жергілікті жерлердегі бөлімдердің де кең-байтақ Қазақстан кеңістігін зерттеу жөнінде алға қойылған міндеттерді атқара алмай отырғаны белгілі болып, күн тәртібіне бөлімдер құрамында бөлімшелер ашу туралы мәселе қойылды. Батыс Сібір бөлімі Семей бөлімшесінің ашылуы осылайша дайындалды. Өлкені зерттеу ісіне қосқан үлесі, сондай-ақ, өзінің ғылыми-практикалық жұмысы бойынша ол Қазақстанның шығысындағы аса ірі ғылыми мекемеге айналды. Бұған, біріншіден, айдауда жүрген зиялыштардың көптеп шоғырлануы ықпал етті; екіншіден, Семейдің өлкедегі ірі экономикалық және мәдени орталыққа айналуы себеп болды.

Бұл жөнінде Семей облысының губернаторы А. Карпов Императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімі тәрағасының атына жолдаған хатында 1898 жылдың өзінде-ақ жазған болатын.

1902 жылдың көктемінде Семей бөлімшесі ашылды: «Губернатордың ұсынысы бойынша, статистика комитетінің хатшысы Н. Я. Коншин бөлімшениң құрылуы туралы жазбасын оқып берді».<sup>34</sup> Бұл жазбасында Н. Я. Коншин «білім үшін жүргізген жұмысына қоса, Сібір бөлімі жергілікті өмірдің әр түрлі мәселелері мен қажеттеріне де сергек қарап, олардың шындық пен ізгілік мүдделерінде шешілуіне өрқашанда жәрдемдесуге тырысты...» деп атап өтті.<sup>35</sup> Семей бөлімшесі облыстың өскери губернаторының өкімімен 1902 жылғы 31 наурызда ашылды.<sup>36</sup>

XX ғасырдың алғашқы онжылдығында Жетісу облысы елеулі рөл атқара бастады, бұл бірінші кезекте, облысқа қоныс аударушылардың көптеп ағылып келуіне, сондай-ақ оның әлеуеттілік мүмкіндіктеріне байланысты болды. Осында жағдайларда кең-байтақ облыстың экономикасын, тұрмысын, геологиясын, географиясын және т.б. жүйелі түрде ғылыми-қолданбалы тұрғыдан зерттеу Орыс географиялық қоғамы қызметінің саласында алғашқы орындардың біріне шығып, соған байланысты Жетісу бөлімін ашуға өрекеттер жасалды. Семей бөлімшесінің жандана тұсуі, бірінші кезекте, сол кезеңдегі Қазақстанның шаруашылық және саяси өмірінде Дала өлкесінің де, облыстың да рөлі артуымен байланысты. Семей облысында белсенділігі арта түскен демократиялық элементтер де аз рөл аткарған жок. XX ғасырдың басында, өсіреле, 1905–1907 жылдардағы революциядан кейін Жетісу облысында Орыс географиялық қоғамының нак сондай белсенділік көрсетуі байқалады.

Ғылыми іздестіру жұмыстарын жүргізген көптеген ғалымдар Географиялық қоғамның жұмысынан қол үзбеді. Негізінен алғанда, бұлар географтар және басқа да жаратылыстану ғылыми пәндерінің өкілдері болатын. Олар география ғылымының одан әрі дамытылуына және сол кездегі жаратылыстанудың жалпы ағында, оны мамандандыру мен

ой елегінен терендете өткізуге жәрдемдесті. Зерттеулердің жүйелілігі, сондай-ақ зерттеу жұмыстарының негізгі кезеңдері бағдарламалармен және нұсқаулықтармен белгіленді. Бағдарламалар мен нұсқаулықтарды жасауға елдің таңдаулы ғылыми күштері тартылды және олардың Орыс географиялық қоғамының мүшелері ғана болуы міндепті емес еді. Революцияға дейін өмір сүрген бүкіл кезең ішінде қоғам таралымы жөнінен де, ғылыми ізденістердің алуан түрлі болуы жөнінен де көп мөлшерде бағдарламалар мен нұсқаулар таратты. Көптеген бағдарламалар мен нұсқаулар 1500, ал кейде 6000 данаға дейін жететін таралыммен таратылды. Олар ауыл зиялышарына түсінікті тілде жазылды. Ал сонымен бірге олар өз кезіндегі ғылыми жетістіктер деңгейінде жасалып, елдің өр түрлі мекендеріне жіберілді. Орыс географиялық қоғамының тікелей өнімі деп саналған бағдарламалар мен нұсқауларға қоса, басқа қоғамдардың Географиялық қоғамның қайраткерлері қатысқан бағдарламалары мен нұсқаулары көнінен таралды. Мысалы, 1917 жылға дейін бірнеше рет басылып шыққан «Саяхатшыларға арналған анықтамалық кітапша» сондай болды. XX ғасырдың басында бұл басылымдар географияның көптеген мәселелері бойынша таңдаулы деп есептелді. Тәжірибелі саяхатшы және зерттеуші Л. С. Берг 1907 жылы: «...СПб. Жаратылыстанушылар қоғамы шығарған... табиғи-тариҳи коллекциялар жинақтарының ең таңдаулы нұсқауларын басшылыққа алыныздар», – деп ескерткен.<sup>37</sup>

XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап 1917 жылға дейін Қазақстанды тікелей географиялық, биологиялық және басқа зерттеулер жөнінде көптеген нұсқаулар мен бағдарламалар жасалды. Мәселен, «Көшпелі құмдардың сипаты мен таралуын зерттеуге арналған нұсқауды» (СПб., 1888) біріккен математикалық география және физикалық география бөлімшелері жанындағы И. И. Стебницкий, И. В. Мушкетов, С. Ю. Раунер, Н. А. Соколов, М. А. Рычкаев, Ю. М. Шокальский мүше болған комиссия жасады. Нұсқауда Қызылқұмды зерттеу ерекше айтылған: «...ал өсімдіктер жинаған кезде оның құм төбенің немесе шұңқырдың қай жерінен алынғанын көрсетіп, ғылыми және жергілікті атауларын келтіру, сондай-ақ, бұл өсімдіктердің жергілікті тұрғындар шаруашылығындағы маңызы көрсетілуі керек». <sup>38</sup> 1888 жылы «Саяхат кезінде метеорологиялық ескертпелер мен байқауларды жүргізуге арналған нұсқау» шығарылды. 1891 жылы «Барометрлік байқаулардың көмегімен биіктікті анықтауға арналған нұсқау» жарияланды, оны құрастырған Б. Средневский, редакциялаған А. Тилло (СПб., 1891). Бұл нұсқауда: «Еуропалық Ресейдің де, Сібір мен Азия иеліктерінің орасан үлкен кеңістігінің де көптеген жерлері бедері жөнінен тым аз зерттелген», – делінген.<sup>39</sup>

Қоғам өмір сүрген бастапқы кезеңде Ресейдің орыс емес халықтарының этнографиясын зерттеу жөнінде бағдарламалар жасауға өрекет етілді. «Халықтық зандық ғұрыптарды жинауға арналған бағдарлама» солайша жасалды.<sup>40</sup> Оны этнография бөлімшесі жанынан құрылған Халықтық зандық ғұрыптарды жинау комиссиясы дайындалды: «...сол Қоғамының этнография бөлімшесінің тәрағасы М. В. Калачевтің бастамасымен және П. А. Моловтың қызу қатысуы арқылы 1864 жылы зандық ғұрыптарды жинауға арналған бағдарлама жасалып, зерделенді».<sup>41</sup>

Бағдарламада: «...қолайлар жағдайлар болғанда Ресей шегінде тұратын бұратаналар тұрмысының тайпалық ерекшеліктерін де көрсеткен жөн болар еді» деп атап айтылған.<sup>42</sup> Онда Ресейдің оған кіретін халықтарды зерттеу жөніндегі ғылыми топтары дең қоятын барлық тұрмыс ерекшеліктеріне баса назар аударылды. Барлығы 425 сұрақ өзірленді. Ол 1889 жылы қайта шығарылды, сонымен бірге қайта өндөлді. Бағдарламада жеке адамның да, тұтас алғанда қауымның да өмірінің барлық жактары қамтылды. Бұл бағдарлама орыс емес халықтардың өлеуметтік, экономикалық және тұрмыстық жағдайларын 20 жылдан астам уақыт бойы қамтып келді. XX ғасырдың басында Ресей бұратаналарының өлеуметтік және экономикалық жағдайына деген ғылыми ынта-ықылас тағы да өсе түсті. Осыған байланысты 1914 жылы Этнографиялық карталар жасау жөніндегі комиссияның сауалдама сұрақтары, ал 1915 жылы «Ресейдің тайпалық картасын жасау жобасы» жарияланды.<sup>43</sup> 1917 жылы С. Ольденбургтің басшылығымен «Тайпалық карталар жасау жөніндегі нұсқау» жасалды, онда былай деп атап айтылды: «Колданымдағы тайпалық карталарды... Орта Азия үшін және Сібір үшін масштабы бір дюймде 40 шақырым болатын етіп, жеке параптар және екі жиынтық тайпалық карта шығару жобаланды. Сібір мен Орта Азияға арналған екіншісінің масштабы – бір дюймде 100 шақырым».<sup>44</sup> 1912 жылы көрнекті этнограф және Орыс географиялық қоғамының мүшесі Л. Я. Штеренбергтің лекциясын тындаушылар оның лекциясы бойынша «Этнографиялық материалдар жинауға арналған нұсқау» дайындауды, ол кейін қазақтардың және басқа да азиялық халықтардың этнографиясын зерттеу ісіне елеулі үлес қости.<sup>45</sup>

Қоғам қызметінің аса маңызды бөлігі экспедициялық жұмыс болды. «Географиялық Қоғам көп мөлшерде ұйымдастырып, өткізген экспедицилар орыстың география ғылымын дүние жүзіне өйгілі етті».<sup>46</sup>

Тұтас алғанда, Қазақстанның табиғатын зерттеу жөніндегі экспедицилар орталық қоғам тарапынан да, жергілікті бөлімдер тарапынан да өте көп ұйымдастырылды. Қарастырылып отырған такырыпта Орыс географиялық қоғамының экспедициялық қызметін жалпы түсіну үшін зор ғылыми маңызы болған жекелеген экспедицияларға ғана токталып өту қажет. Қоғамның ірі экспедицияларының бірі – И. В. Игнатьев пен А. Н. Красновтың Тянь-Шаньдағы Хантәнірі ауданына экспедициясы. 1884 жылы П. П. Семенов-Тян-Шанский Г. А. Колпаковскийге нақ Хантәнірінің және оған жапсарлас жатқан аудандарды зерттеу қажет екендігі туралы өтініш жасады.<sup>47</sup> Г. А. Колпаковскийге И. В. Мушкетовтің 1885 жылғы 22 мамырдағы хатында да нақ сондай өтініш айтылды, бұл хатта ол «...Хантәнірінің тамаша таулары тобын зерттеуді өзініздің назарыңыздан қағыс қалдырмауды аса құлдық ете отырып өтінемін» деді.<sup>48</sup>

1887 жылдың мамырында Верныйда жер сілкінісі болды, оны жергілікті жерде зерттеумен И. В. Мушкетов айналысты. Экспедицияның құрамына кен инженерлері Ф. И. Брусницын мен И. В. Игнатьев, сондай-ақ М. Н. Лямин, Э. А. Штединг, топограф П. А. Рафилов, фотосуретші С. Ф. Николай және суретші Н. Г. Хлудов кірді. Экспедиция 1887 жылы жер сілкінісі болған кен ауданды зерттеді. И. В. Игнатьев Вернийдан Қапалға және Сергиопольге дейінгі солтүстік жақтағы, Ф. И. Брусницын – шығысқа қарай Вернийдан Құлжаға дейінгі, М. Н. Лямин мен Э. А. Ште-

динг Ыстықкөлдің жағалауын қоса, Верныйдың батыс жағындағы аумақты зерттеп шықты. Топографтарға жергілікті жерді суретке түсіру жүктелді. И. В. Мушкетовтың өзі Вернайдан Ыстықкөл жағындағы кең ауданды және кері қарай Каракол қаласы мен Шелек өзені арқылы Верныйға қарай зерттеп шықты. 1887 жылдың қарашасында экспедицияның алдын ала жасаған есебі табыс етілді, ал түпкілікті есеп 1890 жылы жарияланды.

Экспедицияның ғылыми жұмыстарының ең басты тұжырымы И. В. Мушкетовтың Түркістандағы жер сілкінісі тектоникалық деп сипаттауы болды. Осы жер сілкінісінен кейін И. В. Мушкетов сейсмологияға мықтап көңіл бөле бастады.

С. Н. Никитин басшылық еткен екінші экспедиция 1892 жылы Оралдан арғы далаға барды. Экспедиция тек қана іздестірушілік сипатта болды. Оның негізгі мақсаты темір жол құрылышы бойынша физикалық-географиялық, геологиялық, топографиялық, экономикалық және арнаулы зерттеулер жүргізу еді.<sup>49</sup>

Экспедицияның міндеттеріне Жайық өзені, Каспий және Арал теңіздері арасындағы ұлан-байтақ кеңістікті және Әмударияны Орал қаласымен жалғастыратын темір жол салудың ықтималдығына байланысты да жан-жақты зерттеу енді.

Экспедиция 1892 жылдың бүкіл жазы кезінде жұмыс істеп, күздігүні Петербургке қайтып оралды. Экспедиция жұмысының нәтижесінде көп мөлшерде географиялық, соның ішінде палеонтологиялық материал жиналды, ал кең-байтақ аумақтың геологиялық құрылышын түсіну үшін өте көп нәрсе берді. Экспедицияның аймақтағы пайдалы қазбалар жөніндегі нәтижелері маңызды. Экспедицияның кешенділігі әрбір топтың дербес жұмыс істеуіне себепші болды. Л. С. Берг, П. Г. Игнатьев, В. С. Елпатьевский құрамындағы экспедиция 1898 жылы Батыс Сібір мен Солтүстік Қазакстанның көлдерін зерттеу жөнінде үлкен жұмыс жүргізді.<sup>50</sup>

1899–1902 жылдарда Л. С. Бергтің басшылығымен атакты Арал экспедициясы жүргізілді. Арал экспедициясын Орыс географиялық қоғамының Түркістан бөлімі ұйымдастырды. 1897 жылдың аяғында-ақ бөлімнің отырысында Арал теңізінің рөлі және оны зерттеу қажеттігі: «Өлкө үшін экономикалық маңыздылығы жағынан Арал теңізі Орта Азия ойпатының көлдері арасында бірінші орын алады», – деп анықталған болатын.<sup>51</sup>

1901 жылы ғылыми зерттеулердің алғашқы кезеңі аяқталды. 1906 жылы Л. С. Берг теңіздің шығыс жағалауында болып, геологиялық және зоологиялық материал жиналады. Бұл материалдарды өндөуге көрнекті ғалымдар тартылды. 1901 жылы Л. С. Берг Н. Г. Маллицкийге былай деп жазды: «Егер бұл істі ақырына дейін жеткізе алсақ, бұл ұлы іс болады және орыстың көлдері мен теңіздерінің бірде-бірі Арал теңізі сияқты мұқият зерттелмес еді. Барлық материалдар ең сенімді белгілі мамандар мен білгірлерге берілді».<sup>52</sup> Экспедицияның нәтижелері жалпы көлемі 95 баспа табақ болып жарияланды.

Арал экспедициясы аяқталған бойдан Балқаш экспедициясы ойластырылды. Орталық қоғамға жолдаған хатта былай делінген: «Болашакта 1903 жылы Балқаштың физикалық географиясы мен гидрологиясын зерттеу үшін экспедиция ұйымдастыру ойластырылып отыр. Бұл бассейннің

алыстығы және жорамалданып отырған жұмыстың құрделілігі едөуір көп шығынды талап етеді, оған Түркістан бөлімінің шағын бюджетінің шамасы келмейді. Жарты ғасырдан астам уақыттан бері бірде-бір жаратылыстанушы барып көрмеген және гидрогеологиялық жағынан мұлде беймөлім бұл алапты зерттеу ынта-ықылас туғызып отырғанын ескере келіп, Түркістан бөлімі Императорлық орыс географиялық қоғамы бұл іске тілеулестікпен қарайды және материалдық жағынан көмек көрсетуден бас тартпайды деп сенім білдіре алады. Қоғамның толық мүшесі Л. С. Бергке тапсырылған Балқаштағы жұмыстарды 1903 және 1904 жылдарда жүргізу ойластырылып отыр. Гидрогеологиялық жұмыстармен бір мезгілде астрономиялық пункттерді аныктай отырып, Балқаш жағалауын суретке түсіруді жүргізу көзделуде».<sup>53</sup> Арад экспедициясы сияқты Балқаш экспедициясының да зор ғылыми маңызы болды. Нақосы экспедициялар деректерінің негізінде Л. С. Берг географияның жаңа саласы – лимнологияға негіз етілген түсінікке келді. Көлдердің жағалаулары мен өздерін іргелі зерттеу, сондай-ақ, Арад және Балқаш бассейндерінің шаруашылық қызметі мен пайдаланылу мүмкіндіктерінің мәселелері ғалымдарды өз заманына сай көзқарасқа келтіреді. 1902 жылы В. В. Сапожников Жетісуға саяхат жасады. Экспедицияның маршруты бес айға есептелді және Балқаш көлінен Ыстықкөл өнірі мен Жонғар Алатауына дейінгі, кең-байтақ аумакты қамтыды. Экспедиция құрамына Берлин географиялық қоғамының мүшесі Н. Фридрихсен және мұғалім В. Ф. Семенов енді.<sup>54</sup> 1904 жылы В. В. Сапожников Жонғар Алатауын және Балқашқа құятын өзендердің бассейнін зерттеп шықты, Жетісуға өзінің өсімдіктер және жануарлар дүниесі бар жеке аудан ретінде толық сипаттама берді.

Сол аркылы В. В. Сапожников іргелі географиялық-ботаникалық жаңалықтардың бірін ашты. Оған дейін Жетісу негізінен Түркістанның географиялық және өкімшілік бір бөлігі ретінде қарастырылып келген еді. Бұдан кейін В. В. Сапожников Жетісуға 1912–1913 жылдарда тағы бір рет келді.

С. Е. Дмитриевтің Верный маңындағы Алатау мұздықтарын зерттеу жөніндегі сапарлары сияқты көптеген экспедициялар ерікті түрде жасалды. Мәселен, ол Түркістан бөліміне былай деп жазған: «1902 жылғы 16 шілдеде мен Кіші Алматы өзенінің бас жағындағы (қазақша Тұйықсу) мұздықтардың топографиялық нобайын жасадым. Бұл мұздықтар мұнда 1890 жылы жұмыс істеген өскери топографтардың масштабы 3 шақырымдық картасына да енгізілмеген».<sup>55</sup>

Жалпы алғанда XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы экспедициялық қызмет азды-көпті жоспарлы сипат алды, өз бағдарламасы болды, экспедициялар көбінесе не зерттелмеген, не аз зерттелген аудандарға жіберіліп отырды. Бұл экспедициялардың нәтижесінде кең көлемді нақты материал жиналдып, ол экспедициялардың фрагменттерінен, яғни нәтижелерінен фактілердің жинақталуына және ғалымдардың зерттеушілік қызметіне қарай біртұтас дүниеге айналдырыла бастады.

XIX ғасырдың 70–80-жылдарында қазақ халқының қоғамдық-экономикалық өміріне: қазақтардың этникалық әлеуметтік жағдайының мәселелері бойынша Д. Беркімбаев, қазақ фольклорын зерттеу жөнінде С. Жантөрин, Николаев уезі қазақтарының әлеуметтік-экономикалық

жағдайын зерттеу жөнінде Б. Дауылбаев, қазақтар арасында егіншіліктің дамуы жөнінде Т. Сейдалин, қазақтардың этнографиясы жөнінде М.-С. Бабажанов елеулі зерттеу жүргізді.

ХХ ғасырдың басында көптеген қазақ зиялыштары Орыс географиялық қоғамы жергілікті бөлімшелерінің жұмысына белсене араласты. Мәселен, Абай ортасынан шыққан көрнекті қазақ жазушысы Ш. Құдайбердиев Семей бөлімшесіне материалдық қолдау жасап, оның отырыстарына қатысты.<sup>56</sup> Сол бөлімшеде Ж. Ақбаевтың, Ә. Бекейхановтың еңбектері басылып шықты. Ә. Бекейханов Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі болды және Басқарушы комитетінің мүшесі болып сайланды.<sup>57</sup> М. Карабаев, С. Н. Нұрмұхамедов 1897 жылғы Бүкілресейлік санақты жүргізуге қатысты.<sup>58</sup>

Әлихан Бекейханов Орыс географиялық қоғамында, оның Батыс–Сібір бөлімінде өзінің ғылыми ынта-ықыласын мейлінше толық көрсете білді. Мәселен, революцияға дейінгі Ресейдегі іргелі еңбектердің бірі – «Ресей. Отанымыздың толық географиялық сипаттамасы. XVIII т. Қазак өлкесі» еңбегі авторларының бірі болған Ә. Бекейханов бүкіл Ресейдің қалың оқырмандарына қазақ халқының тарихи өткен кезінің дұрыс көрінісін, оның мәдениетін жеткізе білді. Ә. Бекейханов сол кездегі қазақ қоғамы өмірінің терең ғылыми көрінісін жасады, орыстың қалың оқырмандарын Абайдың өмірімен және қызметімен тұңғыш рет таныстыруды, сол кезеңдегі орыс өмірінің проблемаларына зор түсіністікпен қарады. Бұл еңбектері, сондай-ақ мерзімді баспасөздегі қазақ тіліндегі көсемсөздері Ә. Бекейхановтың қазақ қоғамында бірден жетекші орынға койды. «Сибирские вопросы» журналында әр түрлі мақалаларының жариялануы Ә. Бекейхановтың қазақ ұлттық ой-арманының озық көсемсөзшісі деңгейіне көтерді. Оның ізінше ғылыми қоғамның еңбектерінде Ж. Ақбаевтың, М. Шормановтың, басқа да бірқатар қазақ тілшілерінің мақалалары жарияланды. Семей бөлімшесінің өміріндегі ең елеулі құбылыстардың бірі 1914 жылғы, Абайдың қайтыс болған күніне арналған ғылыми жиналыс болды, онда Орыс географиялық қоғамына сол кезде ақ көзге көрініп үлгірген тілшілер ғана емес, Н. Құлжанова сияқты аты онша мәлім еместер де қатысты. Осының бәрі қазақ жастарының ғылыми жұмысқа өте тез ынта қойғанын және қоғам өміріне белсене араласканын дәлелдейді.

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында Орыс географиялық қоғамы мүшелерінің практикалық қызметі саяси қызметпен ұштастырылды. Бұл кезеңде Орыс географиялық қоғамының қызметінде реакциялық және демократиялық бағыттардың ара-жігі бөлінуі, зиялыштар арасынан шыққан мүшелердің саяси партияларға қатысуы, сондай-ақ, Орыс географиялық қоғамын өз көзқарастарын білдіру үшін мінбер ретінде пайдалану бұрынғысынан әлдеқайда айшықталған түсті. XIX ғасырдың аяғына қарай Қазақстан да өзгерді. Ол көпүлтты өлкеге айналады. Әр түрлі әлеуметтік-экономикалық қалыптың араласып жатуы, таптар мен түрлі деңгейдегілердің болуы саяси көзқарастардың да алуан түрлілігін туғызды. 1905–1907 жылдардағы революция кезінде және одан кейін Орыс географиялық қоғамы мүшелерінің өлкенің саяси өміріндегі қызметі едәуір жандана түсті. Мәселен, 1905 жылдың қантарында Н. М. Сиязов бостандық туралы ойлар айқын айтылған баяндама жасап,<sup>59</sup> ал Ә. Бекей-

ханов баяндамашының жалпы ой-пікірін қолдады. Бұл оқиға кеңінен жария болды. Ж. Ақбаевтың Қапалға жер аударылуына байланысты Ә. Бекейханов пен Ж. Ақбаев белсенділігінің арта түскенін атап өту қажет.<sup>60</sup> Өлке әкімшілігінің құжаттарында олар сепаратизмі үшін айыпталған. Орыс географиялық қоғамы мүшелерінің саяси көзқарастары олардың ғылыми еңбектерінен, жазысқан хаттарынан, сөйлеген сөздерінен айқын көрінеді. Қазақ халқының тарихи өткенін зерттеу жөнінде Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы зор жұмыс атқарды. XIX ғасырдың аяғында Ресейдің 29 губерниясында ғылыми мұрағат комиссиялары құрылды. Олардың негізгі міндеті өлкенің тарихы бойынша мұрағат деректемелерін жинап, жүйеге келтіру болатын. Сонымен бірге олардың міндетіне губерниялардың аумағына археологиялық зерттеу жүргізу кірді. Сондай-ақ мұрағат комиссияларына «жергілікті жағдайлар бойынша өзінің тікелей міндетіне қарамастан, елдің басқа да кез келген ескерткіштерін іздең табуды, суреттеуді және түсіндіруді өз жұмыстары шенберіне енгізу» жүктелді.<sup>61</sup> 1881 жылы бұрынғы Орынбор генерал-губернаторлығы кеңесінің мұрағат істерін ретке келтіру жөніндегі комиссия ретінде құрылған Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы ғылыми мекемеге айналды. Комиссияның жұмыс көлемін, мақсаттары мен міндеттерін анықтаған кезде 90 мыңдан астам істен тұратын, олардың 1/10 бөлігі ғана мұрағатқа енгізілуге тиіс болған орасан көп құжаттардың құндылығын анықтау мен сакталуын қамтамасыз ету қажет екендігі байқалды. Алайда кездескен қыншылықтарға қарамастан, 1887 жылдың желтоқсанында 25 адамнан тұратын Орынбор ғылыми мұрағат комиссиясы (ОФМК) құрылып, жұмысын бастады. Төрағасы болып П. Н. Расков, орынбасары болып Т. И. Андреев, хатшысы болып «Оренбургский листоктың» редакторы И. И. Ефимовский— Мировид сайланды. Комиссияның басты мақсаты — мұрағат істерін ретке келтіру, Орынбор өлкесінің тарихын зерттеу, археологиялық және этнографиялық материалдар жинау болды.<sup>62</sup> Күрделі мәселелердің бірі комиссияны материалдық жағынан қамтамасыз ету болды, неғұрлым кең қызметке қаражат жетіспеді. Алғашқы жұмыс жылында мұрағат құжаттары тәртіпке келтірілді, онда қазақтардың тарихы жөніндегі құжаттар, әкімшіліктің әкімдері, көрші мемлекеттермен сауда және қарым-қатынастар туралы құжаттар көрініс тапты. Тұтас алғанда, істерде өлкенің алуан түрлілігі көрсетілді және өлке туралы көптеген бағалы мәліметтер комиссияның мұрағат істерін тәртіпке келтіру жөніндегі қызметінің арқасында сакталып қалды. ОФМК қызметін үйімдастырумен бірге баяндамалар оқылған отырыстар өткізілді. Мысалы, олар Г. Н. Зелениннің «Перовскийдің 1831—1833 жылдардағы Хиуаға жорығы туралы, Маңғыстау түбіндегі адайлар көтерілісі туралы және оларды басу туралы», Н. Б. Ивановтың «Орынбор уезіндегі қорғандар туралы», М. Л. Юдиннің «Қазақтар. Этнографиялық очерк» деген баяндамалары. Жергілікті өлкетанушылармен бірге комиссияның жұмысына В. В. Бартольд, С.-Петербург Археология институтының директоры Н. В. Покровский, академик В. В. Радлов құрметті мүшелер ретінде тартылды.<sup>63</sup> Қазақ зиялыштарының өкілдері, сондай-ақ татар және башқұрт зиялыштары ОФМК жұмысына белсене қатысты. А. Б. Балғымбаев, А. Байтұрсынов, М.-Ф. Т. Кәрімов, М.-З. М. Рамеев, М.-Ф. Сүлейменов және басқалары сияқтылар Орынбор өлкесін зерттеуге өз үлестерін

кости. Рас, жағдайларға байланысты олардың бұл кезеңдегі қызметі материалдық көмекпен, сондай-ақ отырыстарға жеке қатысумен шектелді, өйткені ОФМК тек жинастыру және үйымдастыру жұмысын жүргізді.

ОФМК еңбектерінде XVIII – XIX ғасырларда Қазақстанды отарлау тарихы жөнінде көптеген деректі материалдар жиналды. Басылып шыққан материалдардан И. А. Кастаньенің «Қазақ даласы мен Орынбор өлкесінің көне ескерткіштері» деген еңбегін атап өту керек, онда Қазақстан тарихы жөніндегі алуан түрлі деректемелік материалға жүйеленген шолу берілген. Автордың өзі былай деп жазған: «Мен ертедегі әр түрлі ескерткіштерге орайластырылған халық аныздарын енгіздім, бұл ретте олардың соңғыларымен (яғни ескерткіштерімен) және даладағы тұрмыспен тығыз әрі ажырағысыз байланысын ескердім, сондай-ақ олардың кейбіреулерінің ескерткіш күйінде енгізілген болуы мүмкін».<sup>64</sup> Шын мәнінде, бұл еңбек Қазақстанның бүкіл аумағын қамтыды. И. А. Кастанье, А. И. Добросмыслов, И. В. Анненков, А. И. Аниховский, М. А. Родин және басқалар комиссияның көрнекті қайраткерлері болды. ОФМК қызметі Қазан революциясына дейін тоқталған жоқ. Ол Қазақстан тарихы жөніндегі бүгін танда да зор манызы бар деректемелерді өзірлеуге өте елеулі үлес кости.

Түркістан жаулап алынып, Түркістан генерал-губернаторлығы құрылғаннан кейін оны жергілікті кадрлардың күшімен егжей-тегжейлі зерттеу туралы мәселе койылды. Алғашқылардың бірі жергілікті өлкетанушылардың едәуір көп бөлігін біріктірген Ортаазиялық ғылыми қоғам болды. Қоғамды үйымдастыруда Түркістан генерал-губернаторы К. П. Кауфман белсенді рөл атқарды, сондықтан да қоғамның бағыты Жарғының жобасында: «Қоғам Орта Азияның тарихы, географиясы, статистикасы, этнографиясы, табиғи байлықтары, саудасы мен өнеркәсібі бөлігіндегі мәліметтерді жинайды, өндейді және таратады», – деп көрсетілген.<sup>65</sup> Қоғам едәуір ауқымды болды, 1871 жылы оның ашылуы күніне қарай оған 41 мүше кірді. Қоғам мүшелерінің сипаты жағынан алуан түрлі қызметінің арасында Түркістанның халықтық салт-дәстүрлерін жазу жөніндегі бағдарламаның жобасы, сондай-ақ «Түркістан өлкесі жөніндегі мәліметтер жинағын» басып шығаруға дайындау жобасы назар аударады.<sup>66</sup>

Бұл жобалар «Түркістан өлкесінің статистикасына арналған материалдар. 1–3-шығарылым. 1872–1874» деген басылымға қосылды. Қоғамның Г. С. Загряжский, А. В. Каульбарс, А. П. Кун жасаған баяндамаларында Қазақстанның тарихы, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайы жөнінде материалдар болды. Генерал-губернатор кеңесіндегі аудармашылар И. Г. Ибрагимовтың, И. И. Еникеевтің, И. Н. Бекчуриннің қазақ халқының өмірін зерттеу, атап айтқанда, қазақ тілінің де мәртебесін көтеретін көп тілді сөздік жасау жөнінде ғылыми бастама көрсету арқылы катысуы назар аударады. Жалпы алғанда, қоғам жобалардан әрі бармады, бірақ оның көптеген мүшелері кейіннен басқа ғылыми қоғамдардың жұмысына белсене қатысты.

1870 жылы ашылған Жаратылыстану, антропология және этнография әуесқойлары қоғамының Түркістан бөлімшесі қызметінде Түркістан өлкесін зерттеу мәселелері мейлінше толық орын алды. Түркістан бөлімшесі орталық бөлімнің бағдарламалары бойынша жұмыс

істеді және соның негізінде-ақ алуан түрлі ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізді.

1879 жылдан бастап бөлімше өзінің «Жазбаларын» шығарып тұрды. Бөлімше бастамаларының бірі «Орыс Түркістаны» жинағының үш шығарылымын жариялау болды, онда Қазақстан тарихы жөніндегі материалдар ғылыми тұрғыдан көрсетілді. Бөлімше негізінен 1871–1879 жылдарда қызмет істеді, бұдан кейін ол біраз қысқарды. Қазақстанның онтүстігін зерттеу жөніндегі басқа бір ғылыми қоғам 1895 жылы құрылған Түркістан археология өуесқойларының үйірмесі болды. Оның мақсаттары мен міндеттеріне Түркістан өлкесінің археология ескерткіштерін анықтау, есепке алу және сипаттау кірді. Үйірме өз еңбектерін жыл сайын шығып тұрған «Түркістан археология өуесқойларының үйірмесі отырыстарының хаттамалары» деген атаумен шығарып тұрды. Үйірменің қызметіне Әулиеата уезінің бастығы В. Н. Каллаур біраз үлес қосты, ол Қазақстан онтүстігінің кейбір ескерткіштерін суреттеп берді. 1907 жылдан оссуарийлерді суреттеу жөніндегі өлкетанушы ретінде Б. И. Кастельский белсенді жұмыс істеді.

Қазақстанның онтүстігін зерттеуде Шығыстану қоғамының 1901 жылдан 1913 жылға дейін жұмыс істеген Ташкент бөлімшесі көрнекті орын алады. Оған катысушылар арасынан Н. П. Остроумовты, С. М. Граменицкийді атауға болады. Қоғам Түркістан халықтарының тарихын зерттеуде зор рөл атқарды, ол Ташкентте шығыстану орталығын құру жөнінде бірнеше рет бастама жасады.

Бұл ғылыми қоғамдардың бәрі қазақ зияльдары арасында ғылыми ой-пікірдің қалыптасуына ықпал жасағанын, оны европалық біліммен және европалық қоғамдық-саяси ағымдардың дамуымен таныстырғанын, Түркістан зияльдарының кейбір өкілдері қазактармен белсенді қарым-қатынас жасағанын атап өту қажет.

Орыс географиялық қоғамы жұмысының бір бөлігі мәдени-ағартушылық қызмет болды. Орталықта да, жергілікті жерлерде де жұртшылық өкілдері мұражай ісін дамытуға зор көңіл бөлді. Орыс географиялық қоғамының көрнекті қайраткері Д. А. Клеменц: «Мұражайлар бір ғылыми ізденістер үшін ғана емес, практикалық өмір үшін қажет», – деп жазды.<sup>67</sup> Такырыптың хронологиялық шенберінде Семей мұражайының жұмысына токталып өту қажет, өйткені оның жұмысы Орыс географиялық қоғаммен көп дәрежеде байланысты. Мұражайдың өзі 1883 жылы облыстық статистика комитетінің ағартушылық жұмысы шенберінде пайда болды. 1893 жылы ол бастауыш білім беру туралы Қамқоршылық қоғамына берілді. 1902 жылы мұражайды Семей бөлімшесі қабылдалап алды. К. Рычковтың атап өткеніндей, «Бөлімше мұражайды тәртіпке келтірді, – бар заттар көрме қоры тізіміне топтастырылып, өз кезегінде, олар бес бөлімге бөлінді».<sup>68</sup> Бұл мұражайға жұрттың келуіне иғі өсер етті, егер 1893–1894 жылдарда мұражайға 263 адам келсе, 1903 жылдан бастап оған келушілер күрт өсіп, 720 адамнан 1913 жылы 2873 адамға дейін жетеді. Мұражайдың жұмысына қоғам мүшелері Н. Я. Коншин, В. Н. және А. Н. Белослюдовтер, И. Е. Мирошниченко және басқалар белсене қатысты. Сонымен бірге қазактардың этнографиялық өмірін зерттеуге, олардың аумағына да зор көңіл бөлді. Мәселен, Ресейдегі белгілі Дашков мұражайында А. П. Федченкодан алғынған Түркістан өлкесі заттарының көрме жиынтығы бол-

ды, оған А. Н. және Н. М. Харузиндердің қайырымдылық сыйлықтары түсті.<sup>70</sup> 1909 жылы орталық этнографиялық мұражай құру жөнінде кеңестер өткізілді, кеңестерге Д. А. Клеменец, В. И. Ламанский, В. Н. Пыпин, В. В. Радлов, П. П. Семенов-Тян-Шанский және Орыс географиялық қоғамының басқа да мүшелері қатысты. Соның нәтижесінде «Ресей империясының, славяндар мен шектес елдердің этнографиясы» бөлімін құруға шешім қабылданды, ал одан біршама ертеректе, 1900 жылы С. М. Дерренге «көрме заттары мен фотоматериалдар» жинауға тапсырма беріліп, Орта Азияға жіберілді.<sup>71</sup>

Мұражай жұмысымен бірге кітапханалар құру мен нығайту, сондай-ақ әр түрлі мекемелер арасында кітап айырбастау жұмысы жүргізілді. Бұл тұрғыда да Орыс географиялық қоғамы үлкен жұмыс жүргізді. Мәселен, белгілі саяхатшылар П. К. Козлов пен В. М. Робровский «...Қарақол қаласында қаланың да, төніректегі деревнялардың тұрғындарына арнап халықтың оқу үйін салуға жұмсалуы үшін әрқайсысы 100 сомнан бөлді». Сонымен бірге олар Жетісу облысының генерал-губернаторына «...осы оқу үйінің жаңына мұражай үйымдастыруды бастап берген жөн, онда Ыстықкөл алқабы мен өлке төнірегінің зоологиялық, ботаникалық және минералдық заттар үлгілерін жинауға болар еді» деген өтініш жасады.<sup>72</sup> Бұрыныракта Жетісу облысының өскери губернаторы Батыс Сібір бөліміне жолданым жасағанында 1885 жылы былай деп айқынырақ айтқан: «Орта Азиядағы бүкіл кең-байтақ мың шақырымдық иеліктер бойында біздің Түркістандағы иеліктерімізді зерттеу жөніндегі ғылыми жұмыстар үшін қайсыбір кітаптар мен оқу құралдарын алуға болатын бір ғана Ташкентте кітапхана бар. Түркістанның уездік ғана емес, тіпті облыстық қалаларында да, басқа еш жерде өлкені зерттеу жөнінде аздаған болса да оқу құралдары бар кітапхана жоқ, ал мұндай оқу құралдарының болмауы әр қадам сайын сезіледі».<sup>73</sup> Қыншылықтарға қарамастан, бұл жұмыс қызу жүргізілді, сөйтіп Түркістан өлкесін зерттеу бөлімінің 20 жылдығына арналған жиналыста-ақ 1917 жылы: «Бай кітапхана жинақталып, пайдалануға берілді», – деп хабарланды.<sup>74</sup> Қоғам өзара кітап алмасуды, сондай-ақ мейлінше әр түрлі мәселелер бойынша әдебиет жіберуді үнемі жүзеге асырып отырды.

ХХ ғасырдың басында зияллылар халықтық оқулар үйымдастыру жөніндегі салауаттылық қоғамдарының ашылуы туралы шешімді зор жігермен қарсы алды, сондыктan Орыс географиялық қоғамының қайраткерлері оларға белсене қатысты. Мәселен, Семей облысындағы Халықтық оқулар үйымдастыру жөніндегі комиссияның төрағасы – Орыс географиялық қоғамының белгілі қайраткері Б. Г. Герасимов, Халықтың салауаттылығы туралы қамкоршылық комитетінің мүшесі Е. П. Михаэлис болды. Лекторлар арасында да Орыс географиялық қоғамының қайраткерлері көп еді. Нақ сол Семейде В. Н. Белослюдов, В. С. Усов, Н. Я. Коншин және басқалар Халықтық оқулар үйымдастыру жөніндегі комитеттің лекторлары болды.

Орыс географиялық қоғамының әрбір мүшесі зор қоғамдық жұмыс жүргізді. Сондыктan реакция шабуылға шыққан кезде бірінші кезекте кітапханалар, халықтық оқу үйлері және т.б. жабылып, ал олардың жұмысы қатаң шектеліп отырды. Мәселен, дала генерал-губернаторы 1910 жылғы 12 қантардағы нұсқауында былай деп есептеді: «...Өлкенің ең басты

бастығы Бөлім алып отырған жайға Омбы халық салауаттылығы туралы қамқоршылығы үйымдастыратын дәрістерден басқа, тек қана ғылыми сипаттағы, занда белгіленген тәртіппен окуға рұқсат етілген дәрістерге жол беру қажет деп тапты».<sup>75</sup> Нәк сол құжатта жекелеген адамдардың дәрістер окуына қатысу айтылды: «Бұған қоса жоғары мәртебелі генерал-губернатор мырзаның Омбы қаласында тұратын медицина докторы Емельяновтың концерттерде, кештерде және лекцияларда көпшілік алдында қандай да болсын сөз сөйлеуі қажетсіз деп тапқаны назарға алынып ескертілсін».<sup>76</sup> Мұндай нұсқаулар Орыс географиялық қоғамы мен оның бөлімдеріне үнемі жеткізіліп отырды.

Жұмыстың мұндай нысандарымен қоса, қоғам мен оның бөлімдері алуан түрлі көрмелер үйымдастыру мен өткізуге үнемі және қызу қатысты. XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында жұмыстың бұл нысаны тәжірибе алмасуға да, ғылыми жұмыста жаңа бағыттар іздестіруге де, зерттеу жұмысындағы жетістіктерді көрсетуге де қызмет етті. Кең танылған ең үлкен көрмелердің бірі 1896 жылғы Нижегород көрмесі болды. Мөселен, Г. Е. Катаев өзінің Петербургке сапары туралы есебінде 1895 жылдың басында-ақ былай деп жазған: «П. П. Семенов арнайы тағайындалған кеңесте келесі жылғы Бүкілресейлік Нижегород көрмесіне Дала өлкесінің өкілдігін үйымдастыру ісін Батыс Сібір географиялық бөлімінің туы астына қабылдау қажеттігі туралы пікір білдірді».<sup>77</sup> Бөлімнің көрмеге қатысуы табысты болды: «Нижегород көрмесіне қатысқаны үшін Батыс Сібір бөлімі бірінші дәрежелі дипломдармен және Орталық географиялық қоғамның вице-төрағасы П. П. Семеновтың 1896 жылғы 28 қазандағы өзі үшін жоғары дәрежеде мақтаулы өрі бағалы алғыс білдірілген құттықтау хатымен марапатталды. П. П. Семеновтың пікірі бойынша, Батыс Сібір далалық тобы коллекцияларының тамаша толықтығы ерекше болып, келушілерді көптеп тартқан».<sup>78</sup> Орыс географиялық қоғамының мүшелері одан кейінгі көрмелерге де шама-шарқынша қатысты: «...Тарихи және осы заманғы костюмдердің бірінші Халықаралық көрмесіне маған Ұлы мәртебелі сеніп тапсырған облыстың уездерінен мыналар жиналып, жөнелтілді: а) Императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөліміне – жергілікті казак халқының тарихи және осы заманғы 30 костюмі және б) аталған көрме Комитетінің Аса қасиетті төраймының атына... – бес костюм», – Семей облысының өскери губернаторы 1902 жылғы 18 қазанда осылай деп хабарлаған.<sup>79</sup> Көрмелер Географиялық қоғамға халықпен жұмыс нысаны ретінде, өлкетану материалдарын насихаттау ретінде қажет болды және оларға орталық кеңес пен бөлімдер, комиссиялар және т.б. үнемі баса назар аударып отырды. Орыс географиялық қоғамының көрме жұмыстары арқасында елдің қалың жүртшылығы географияның ғана емес, сонымен қатар өзі жақын тұтатын басқа да ғылыми пәндердің де даму деңгейімен танысты.

Қазактардың әлеуметтік құрылымы, олардың дағдылы құқығы мәселелерін де орыс ғалымдары зерттеді. XIX ғасырдың 90-жылдарында Орыс географиялық қоғамы Батыс Сібір бөлімінің белгілі ғалымы А. И. Крахалев қазактардағы барымта мәселеін зерттеумен айналысты. Ғалым «барымта көбінесе қайсыбір занды талаптар қанағаттандырылмаған жағдай-

ларда жасалады» деп пайымдайды.<sup>80</sup> «Бейбіт жолмен есе қайтарудан үмітін үзген жәбірленуші өз туыстарынан көмек сұрайды»<sup>81</sup> А. И. Крахалев «Күн» мөлшерін, барымтаның империя зандарына бағынбайтынын қаастырады және олардың көшпелілер тарапынан да, әкімшілік тарапынан да бұзылуына мысалдар келтіреді.

Батыс Сібір бөлімінің басқа бір зерттеушісі С. Максимов қазактың дағдылы құқығына талдау жасап, ол қалайда жойылуға тиіс деген тұжырымға келеді. Оның пікірінше бұған, біріншіден, шарифат себеп болады. «Алайда көшпелілердің ғұрпына шарифаттың көртартпа өсер етуі мұлде керек емес, өйткені ол рухани токырау мен фанатизмге өкеп соғады».<sup>82</sup> Екінші фактор – бітістіруші сот. «Соттың тиімді үлгілері халық әдет-ғұрыптарына бірден кірігіп, орын тауып кетеді»<sup>83</sup> және ақырында, коныс аудару мәселесі, ол «...құқық атаулының қандайын болсын аяққа таптайтын. Бұған дәстүрлі әдет-ғұрыптар бойынша белгілі емес жаңа қылмыс – айыппұл салу мен қамауға алуға өкеп соғатын шаруа балаларын жалға берудің пайда болуы мысал бола алады».<sup>84</sup> Сол арқылы автор қазактардың бұрынғы ғұрыптарына өзінің ізгілікті көзқарасын атап көрсетеді, сонымен бірге земство басқармасының әділеттілігіне үміт артады. Мәселен, П. Е. Маковецкий «Киіз үй» деген баяндама жасай келіп, «европалықтар жартылай жабайылар деп санап, менсінбей қарайтын қазактардың» өмірін зерттеудің практикалық және ғылыми жағынан маңызды екенін көрсетті.<sup>85</sup>

Көрнекті зерттеуші А. И. Добросмыслов өзінің «Этнографиялық очерктерінде» былай деп жазған: «Қазактар мұлде ерекше немесе біздің ұғуымызша мұлде тартымсыз, бірақ солай бола тұрса да, көптеген жақсы жақтары бар, зерттеуге өбден лайықты өмір сүреді. Олардың мінез-құлқының қарапайымдылығы, дүниетанымының ерекшелігі терең этнографиялық ынта-ықыласқа толы және зерттеушілер үшін қазак даластының өзі қандай үлкен болса, сондай кең өріс болып табылады».<sup>86</sup> Бұл жолдарда әлеуметтік қатынастарды зерттеушілер үшін жөн-жоба, сонымен бірге ғалымның өзінің демократияшылдығы, оның сол кездегі қазак қоғамын зерттеуге терең мұдделілігі көрсетілген. Кейбір ғалымдар қазак қоғамының патриархаттық негіздерін сынға алды. Мәселен, И. Пахомов былай деп жазған: «Рұлық қауым қазактарды теңсіздіктен күтқара алмады. Еуропадағыдай мөлшерге жетпегенімен, қазактардың түрлі таптарға жіктелуі өбден анық. Басқа жағдайларда болғанынан гөрі рұлық қауым біреулерінің екіншілерін езгіге салуын күшетуге өкеп соғады».<sup>87</sup>

Мәселен, қазактардың түсініктері мен Ресей ғалымдарының талғам-паздық көзқарасының өзара тоғысуы барысында қазак қоғамы ғана емес, сонымен қатар жалпы көшпелілер дамуының әлеуметтік мәселелері бойынша ғылыми түсінік жасалды. Кейіннен қазіргі тарихшылардың еңбектерінде неғұрлым терең түсінік пісіп-жетілді.

Қазақстанды зерттеу жөніндегі әр түрлі ғылыми мекемелердің сан қырлы қызметі ғылым тарихын зерттеу нысанасына айналды. Ғылымтану Қазақстандағы және Қазақстан туралы ғылымның қалыптасу тарихының көптеген мәселелерімен дәйекті де нысаналы түрде айналысып келеді. Орыс географиялық қоғамы мен жекелеген ғылыми қоғамдардың қызметі туралы азын-аулақ жолдар олардың қызметіндегі мақсаттар мен бағыттардың

дағдылы нобайларын ғана көрсетіп берді. Өз кезінде академиялық ғылымның қызметі өте жемісті болды, ол Қазақстан өмірінің көптеген салаларын зерттеў, сипаттай келіп, кейіннен ғылыми ойды жүйелеудің негізін қалады. Мәселен, Римдегі ориенталистиканың XII конгресі (1899) өз шешімдерінде «Орта және Шығыс Азияны зерттеу үшін халықаралық Одак құру жөн» және қажет деп тапты, соның нәтижесінде 1903 жылы Ресей Сыртқы істер министрлігі жанынан осындай Одактың Комитеті құрылып, оның төрағасы болып В. В. Радлов, ал ол қайтыс болғаннан кейін 1818 жылы белгілі шығыстанушы С. Ф. Ольденбург сайланды.<sup>88</sup> Сол арқылы Ресей шығыстану ғылымының сіңірген енбекі, соның ішінде оның Қазақстанды зерттеуге қосқан үлесі де танылды. Орыс географиялық қоғамы «Жазбаларының» 29-томында Ш. Уәлихановтың этнография жөніндегі ғылыми мұрасының жариялануы (1904) өте маңызды құбылыс болды. XX ғасырдың басында халықаралық енбек – «Ислам энциклопедиясы» шығарылды, онда Қазақстан және қазақ халқы туралы мәліметтер көрініс тапты, нақ сол кезеңде «Мир ислама» журналы шығарыла бастады, оны шығаруға В. В. Бартольд белсене қатысты.

Қазақстанның және қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеуге В. В. Радлов, Г. Н. Потанин, Ә. Диваев, Н. Я. Коншин, А. И. Добросмыслов, И. И. Крафт, Ф. К. Зобнин, Н. А. Аристов, Н. Н. Пантусов және басқалар зор үлес қосты. 1882 жылы Мемлекеттік мұлік министрлігі жанынан Геологиялық комитет құрылып, ол өз зерттеулерінің көбісін Қазақстанда жүргізді. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда кең көлемді коныс аудару саясатының объектісі ретінде Қазақстанның табиғи жағдайлары мен әлеуметтік мүмкіндіктерін зерттеу жөніндегі экспедициялар жұмыс істеді. Бұл экспедицияларды Мемлекеттік мұлік министрлігінің Егіншілік және жер пайдалану бас басқармасы, сондай-ақ Бас қоныс аудару басқармасы ұйымдастыруды. Экспедиция жұмыстарын Ф. А. Щербина, В. С. Кузнецов, П. П. Румянцев және басқалар басқарды. Ал олар шығарған «Материалдар» орасан көп мәліметтер, соның ішінде XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақтардың, орыстардың, ұйғырлардың өмірінен алғынған мәліметтер бар көп томдық жинақ болып табылады.

Сонымен Қазақстан ғылыми зерттеудің аса ірі объектілерінің біріне айналды, онда мейлінше әр алуан, көбінесе Ресей империясының билеуші күштерінің саясатын идеологиялық жағынан нығайтқан салалар мен бағыттар шоғырландырылды.

XX ғасырдың басында Қазақстанда қазақ халқы арасында діни мазмұндағы да, зайырлы мазмұндағы да кітаптар таралды. Мәселен, 1900 жылдан 1917 жылға дейін қазақ тілінде немесе қазақ оқырмандарының түсінуіне жеңіл 400-ге жуық аталыммен, ал тұтас алғанда 1917 жылға қарай бүкіл революцияға дейінгі кезең ішінде – 700-ге жуық аталыммен, соның ішінде 1912 жылдан 1916 жылға дейін жалпы таралымы 65 800 дана болған 156 кітап жарық көрді. Бүкіл Ресей империясы бойынша 1912 жылы ғана мұсылман оқырмандарға арнап жалпы таралымы 2 812 130 дана 608 кітап шығарылды.<sup>89</sup> Кітаптар Орынборда, Уфада, Троицкіде, Оралда, Астраханда, Верныйда, Санкт-Петербургте, Ташкентте басылды. Әсіресе, кітап таратуда Шамсудин Хұсайынов пен ағайынды Көрімовтердің баспаханалары үлкен рөл атқарды. Мәселен, ағайынды

Көрімовтердің баспаханасы XIX ғасырдың аяғынан 1917 жылға дейін 2000-ға жуық кітап шығарды, XX ғасырдың басында екі баспахана Орынборда бірлескен көсіпорынға бірікті. 1912 жылы Семейде кітап басуға арналған баспахана үйымдастырылды, басқа қалаларда бұлар мемлекеттік көсіпорындар болды. Баспахананың тек қана кітап басумен айналыспай, сонымен қатар баспа көсіпорны болғанын да атап өткен жөн.<sup>90</sup> Қазақша басылған кітаптың дамуына белгілі баспагер Кащафутдин Махмұдов елеулі үлес қосты, ол 1859 жылдан 1899 жылға дейін қазақтарға түсінікті тілде 22 кітап аударды, Ақылбек Сабалұлы 1909–1915 жылдар аралығында – 15 кітап, Жұсіпбек Шайхысламов 1879–1915 жылдарда – 15 кітап, Мақаш Балтаев 1904–1913 жылдарда – 7 кітап, Шататөре Жәңгіров 1910–1915 жылдарда – 9 кітап, Спандияр Көбеев 3 кітап аударды.<sup>91</sup>

Орыс тіліндегі кітаптар кітапханалар мен кітап саудасы дүкендері бойынша таратылды. Олар негізінен Санкт-Петербург пен Мәскеуде, сондай-ақ губерниялық қалаларда басылды. XX ғасырдың басында кітапханалар мен кітап дүкендерінің желісі кеңейді. 1906 жылы «Халықтық оқу орындары жаңындағы халықтық кітапханалар туралы ережелер» басып шығарылып, олар Қазақстанда да қолданыла бастады. 1902 жылы Верныйда, 1897 жылы – Ақмолада, 1900 жылы Атбасарда оқу орындарының кітапханаларымен бірге жалпы жұртқа қолайлы көпшілік кітапханалары пайда болды. Верныйдағы, Петропавлдағы кітапханаларға 70–80 оқырман барып жүрді. Ал 1905–1907 жылдарда-ақ Петропавл уезінде 47 кітапхана ашылды.<sup>92</sup> Кітапханалардың қорлары да өсті; мәселен Верныйдағы статистика комитетінің кітапханасында 1917 жылы 3500 атальныммен 6600 дана кітап болған.<sup>93</sup> Семейдегі кітапхана туралы мәліметтер бар, 1902 жылы онда 2866 атальным кітап, ал мерзімді басылымдар қоры 59 атальнымнан тұрған, 1903 жылы оның 100 оқырманы болған.

### 3. ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗІ

XX ғасырдың басына қарай Қазақстанда ұлттық қазак зиялышарының қалыптасу үрдісі жүріп жатты, олардың бір бөлігі еуропалық білім алғандар еді. Олар Шығыстың ұлттық қозғалысының ғана емес, сонымен қатар Батыстың буржуазиялық революцияларының да ықпалын, патша режиміне оппозициялық пиғылдағы өз отандастарының үдей түскен қысымын бастан кешірді. 1905–1907 жылдардағы революциядан кейін Ресейдегі мұсылмандардың, соның ішінде түрік халықтарының қозғалысы жаңа карқын алды. Мерзімді баспасөздің пайда болуы мен дамуына капитализмің, тауар-акша қатынастарының, көлік пен байланыстың дамуы да, өлкені одан әрі отарлау да себепші болды. Туып келе жаткан ұлттық буржуазияның үстемдік етуші орыс буржуазиясымен бәсекесі, шетел капиталының енуі білім беру, баспасөз және байланыс жүйесі реформасының қажеттігін туғызды.

1905 жылы Ресейде баспасөз бостандығы жолындағы құрес жеңіске жетті. Орыс тарихында революциялық газеттер тұнғыш рет өзін еркін сезіне бастады. 1900 жылға қарай Ресейдегі баспасөз жүйесі 1002 атальнымнан тұрса, ал 1905 жылдың өзінде-ақ 1350 газет пен журнал шықты, пошта

арқылы 372 миллион дана газет таратылды. 1908 жылы 2028 мерзімді басылым шықты, ал оқырмандардың жалпы саны 30–35 млн-ға жетті. Әсіресе газеттер саны өсті. Мәселен, 1891 жылы күнделікті газеттер саны 70 болатын, 1912 жылы олардың саны 417-ге, ал 1913 жылға қарай – 649-ға дейін өсті, 1915 жылы газеттердің тағы да 200-ге жуық жаңа аталымы шықты. Мерзімді басылымдардың жартысы Мәскеу мен Петербургте шыққанын атап көрсеткен жөн.

Жалпыресейлік қозғалыстың бір бөлігі болған азаттық қозғалысының жаңа кезеңі ұлттық мерзімді баспасөздің де дамуымен ерекше болды. 1905–1907 жылдардағы революция кезеңінде түркі халықтарының баспасөзі кеңінен таралып, қоғамның мейлінше әр алуан топтары мен таптарының мұдделерін білдірді. Елдің азиялық бөлігі аумағында, соның ішінде Орта Азия мен Қазақстанда белгілі бір сарында социал-демократиялық, революциялық-демократиялық, либерал-буржуазиялық, сондай-ақ клерикалдық-монархиялық сипаттағы басылымдар шықты. 1905–1907 жылдарда бүкіл Ресей бойынша әр түрлі уақытта татар тілінде 33 басылым (21 газет және 12 журнал): Қазанда – 11, Орынборда – 7, Астраханда – 5, Орал мен Петербургте – 4, Мәскеу мен Уфада 1 басылым жария түрде шығып тұрды.<sup>94</sup> Демократиялық баспасөзге «Фикер» («Ой»), «Азат», «Танг юлдузы» («Таң жұлдызы»), «Азат халық», «Дума», «Танг мажмугасы» («Таңертеңгі альманах»), «Тавыш» («Дауыс»), «Эль-ислах» («Реформа») газеттері; «Эль-гаср-эль джадид» («Жаңа ғасыр»), «Уклар» («Жебе»), «Карчыга» («Каршыға»), «Туп» («Зенбірек») журналдары жатты.<sup>95</sup> Түркі-татар және қазақ тілдерінде шыққан кітаптардың, газеттердің ықпалы тура-лы М. Сералин кейіннен былай деп жазды: «Мен оларды ашқараптана бассалып, бас көтермей оқып шықтым. Әлгілерді оқып шыққаннан кейін жа-ныма күн шуағын төккендей жадырап қалдым».<sup>96</sup> Ол жылдары М. Сералин «Факел», «Уклар», «Эль-гаср-эль джадид» сияқты демократиялық басылымдарды үзбей оқып, жарияланымдарына талдау жасап отырды.

Қазақ тіліндегі мерзімді баспасөздің алғашқы басылымдары «Түркістан уәлаятының газетін» (1870–1882), «Дала уәлаятының газетін» (1888–1902) отаршылдық өкімет органдары құрды. Біріншісі Ташкентте шығып тұрды және Түркістан генерал-губернаторлығының ресми органы болды, ал екіншісін Омбыда Дала генерал-губернаторлығы шығарды (1902 жылдан кейін олар Ақмола және Жетісу облыстарының «Ведомостарына» қосынша ретінде шығарылды). Өкімет орындарының өкімі бойынша бұл басылымдар отарлық басып алуды нығайту және Шығыстағы бодандарды ру-хани жағынан бағындыру мақсатымен шығарылды. Отаршылдық өкімшілік мұнда патша жарлықтарын, үкімет ұйымдарының өкімдерін басты, отарлық шет аймактарды игеру үрдісін жазды, бұратаналарға көзқарас жөнінде «өркениеттілік миссияны» жүзеге асырған империялық саясаттың мәнін түсіндірді.

Сондай-ақ бұл басылымдар ақпараттық-анықтамалық сипатта болды. Сонымен қатар газет ұйымдарына империяның қамкорлығындағы отарлық өлкенің тұрмыс салтын насиҳаттау миссиясы жүктелді. Осы мақсатпен ресми емес бөлімде түркі халықтарының тарихы, этнографиясы мен әдебиеті жөніндегі материалдар жарияланды.

Бұл газеттердің беттерінде А. С. Пушкиннің, Л. Н. Толстойның, И. А. Крыловтың, М. Ю. Лермонтовтың, Г. И. Успенскийдің туындылары, ғылым



Мәшүр Жұсіп Көпеев.

орыс тіліне аударылып берілген туындыларымен бірінші рет танысты. М.-Ж. Көпеев, Ш. Құдайбердиев, Ә. Бекейханов, О. Әлжанов, С. Шорманов, М. Жанайдаров, Б. Сыртанов, Ж. Ақбаев, Ж. Айманов, А. Айтбакин және басқалар «Дала уәлаятының газетінің» белсенді авторлары болды. Көріп отырғанымыздай, қазақ даласы ағартушыларының жаңа үрпағы өздерінің шығармашылық ізденістерінің басында өзінше бір шындалудан өткен.

Алайда отаршылдық өкімет орындарының бұл ресми басылымдарын қазақ халқының рухани тәлімгерлері, оны оқу-ағартудың тірегі болды деп санау орасан өсірелеп айтқандық болар еді. Олар негізінен империяның отаршылдық саясатын жүргізушилер болды. «Түркістан уәлаяты газетінің» 323 нөмірінде жарияланған 633 мақаланың үштен бір бөлігі Ресейдің көрші мемлекеттермен қатынастарына, империялық сыртқы саясатты негіздеуге арналғанын айтса да жеткілікті.<sup>97</sup> Зерттеушілер, КР ҰҒА-ның академигі С. Зиманов пен К. Ыдырысовтың «бірақ бұл газеттер, патша үкіметінің ой-ниетіне қарамастан, жалпы алғанда өлкенің қоғамдық өмірінде игі рөл атқарды» дегені бұл мерзімдік басылымдардың жағымды ықпалын да айқын анғартады.<sup>98</sup>

**Қазақ ұлттық баспасөзінің дамуы.** Ресми емес қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы XX ғасырдың басындағы жалпы азаттық қозғалыспен тығыз байланысты. Ол 1905–1907 жылдардағы революцияның арқасында ғана туды. Алайда бұл басылымдар дүниеге едөуір қындықпен келді. 1907 жылғы 28 наурызда II Мемлекеттік Думаның депутаты Шаймерден (Шахмардан) Қосшығұловтың (косарлас редакторы А. Ибрагимов) бастамасымен «Улфат» газетіне қосымша ретінде «Серке» газетінің бірінші нөмірі шықты. Ш. Қосшығұловтың айтуынша, небәрі 3–4 нөмірі шығарылған. Цензура оны қауіпті деп тауып, газет жабылып қалған.<sup>99</sup>

1907 жылғы наурызда Троицкіде «Қазақ» газетінің бірінші (әрі соңғы да) нөмірі шықты. Тыйым салынған екінші нөміріндегі «Біздің мақсаттарымыз» деген бас мақаланың авторы М. Дулатов еді.<sup>100</sup> Нәк сол жылы қазақ жастарының Томск қаласында «Дала» газетін шығаруды жолға қоймақ болған әрекеті де табысқа жеткізбеді.

мен техника саласындағы жетістіктер туралы ақпарат аударылып басылды, өлкені шаруашылық жағынан игеру тәжірибесі қорытылды. Қазақ халқының тарихы жөніндегі, мақалдар мен мәтелдер туралы, халықтың ауызша шығармашылығы, айтыстар туралы жарияланымдар қазақ оқырмандарының зор ынта-ықыласын туғызды. «Жергілікті» халық арасында бұл газеттер беделінің өсуіне шығыс өдебиеті классиктері шығармаларының үлгілерін («Шахнаме», «Фархат – Шырын», «Мың бір тұн» және т.б.) жариялау жәрдемдесті. «Түркістан уәлаятының газеті» беттерінде 1870 жылы бірінші рет қазақ тілінде Ш. Ш. Уәлиханов туралы мақала жарияланды. Орыс оқырмандары Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың, М.-Ж. Көпеевтің

Қазақ қоғамы демократияшыл жүртшылығының ұлттық баспасөз үйімін құру жөніндегі ынтасы күшіне берді. 1911 жылғы 16 наурызда Орал (Теке) қаласында қазақ жөне орыс тілдерінде шағын қөлемді «Қазақстан» газеті шықты. 1911–1913 жылдарда (қантар-ақпан) небәрі 16 нөмірі шығарылды (редакторы Елеусін Бұйрин). Газет «көсіпкерлік пен ғылымға үйрету» ізгі мақсат деп санады. Профессор Ү. Субханбердинаның пайымдауынша, газет прогресшіл-демократияшыл түсінікті болып, отандастарын орыстың озық мәдениетін меңгеруге шақырған. Ол оқырмандарына кітап шығару жаңалықтары туралы хабарлап, шаруашылықты прогресшіл жолмен жүргізу жөнінде кеңестер беріп отырды. Оның беттерінде Гурьев уезінде жаңа мұнай кенішінің ашылғаны туралы хабар бірінші болып жарияланды.<sup>101</sup> 1913 жылы қыркүйектен желтоқсанға дейін Петропавлда «Ешім даласы» газеті шығып тұрды.


Алайда таралымы шектеулі бұл газеттер орасан үлкен аймақтың түрлі топтарының өскелен қалап-тілегін қанағаттандыра алмады. Жалпы ұлттық қөлемде мерзімді баспасөз құру бұрынғысынша жалпы ұлттық проблема болып қала берді.

**«Айқап» журналы.** Ұзак уақыт күш-жігер жұмсап, аянбай еңбектенуінің арқасында М. Сералин 1910 жылдың аяғында журнал шығаруға рұқсат алды. «Қостанай уезінің Шұбар бөлісі № 5 ауылдарында қазағы М. Сералинге, – делінген құжатта, – Троицк қаласында оның жауапкершілігімен мынадай бағдарлама бойынша: бас мақалалар, шетелдік хабарлар, мұсылмандар өмірінің мәселелері, хроника, фельетондар мен өлеңдер, библиография және ғылыми мақалалар, аралас дүниелер және редакцияға хаттар бағдарламасымен ай сайынғы «Эй-кафь» журналын шығаруға рұқсат берілді».<sup>102</sup> Прогресшіл демократияшыл зиялдардың сан жылдар бойы аңсаған арманы орындалды: 1911 жылғы 10 қантарда Троицкіде қазақ халқының тарихындағы тұңғыш «Айқап» ұлттық журналының бірінші нөмірі шықты. Нәк соның, ал кейінректе, 1913 жылғы 2 әкпанда Орынбор қаласында шықкан «Қазақ» газетінің де тағдырына жалпы ұлттық басылымдар болу жазылған еді.

Ұйымдастыруши және баспағер, идеялық басшысы және редакторы М. Сералин (1872–1929) бұрын педагогтік және журналистік қызметпен айналысқан, сол кезге қарай белгілі ақын, әдебиетші, қоғам қайраткері болған. Кеңестік тарихнаманың дегені жүріп тұрған кезенде көптеген зерттеушілер идеологияға жағынып, М. Сералинді XX ғасырдың басында Онтүстік Оралдың революцияшыл социал-демократтарының шеңберіне кіргізуға тырысты. Мұның бәрі «Айқап» журналын кеңес өкіметі контреволюциялық ұлтшыл деп айыптаған «Қазақ» газетіне қарсы қою мақсатымен жасалған еді. М. Се-



«Айқап» журналы.



Мұхамеджан Сералин.

назары мен жігерін жалпыұлттық проблемаларды шешуге шоғырландыра білгенін айту керек. «Айқап» патша өкіметінің реакциясынан кейін қазақ коғамын ояты, «Қазақ» газеті оның жақсы дәстүрлерін жалғастырып, жаңа биікке көтерілді.

М. Сералинмен қатар, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. «Айқап» төңірегіне өртекті қазақ демократияшыл зиялышарының, талантты студент жастардың өкілдері топтасты. Журналға А. Ғалымов, М. Жолдыбаев, Т. Жомартбаев, М. Кашимов, Қ. Кеменгеров, М.-Ж. Қөпееев, А. Мұсағалиев, Б. Сыртанов, С. Лапин, Н. Манаев және басқалар белсene қатысып тұрды. Журнал беделінің өсуіне бастапқы кезеңде оның жұмысына А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың қатысы себепші болды. Дала өлкесінің демократияшыл қалың жұртшылығы кейіннен қазақ мәдениетінің, өдебиетінің аса көрнекті қайраткерлеріне айналған дарынды тұлғалар: С. Сейфуллин, Ш. Құдайбердиев, Б. Майлин, С. Дөнентаев, С. Торайғыров, М. Жұмабаевтардың шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алды. Журнал беттерінен қырғыз И. Арабаев, ноғай С. Ғаббасов, түрікмен Ш. Назарі және басқалар көрінді. Қазақ әйелдері Сакыпжамал Тілеубайқызы, Мариям Сейдалина, Гүлайым Өтегенқызы, Нәзипа Құлжанова журнал беттерінде әйелдердің тен құқықтығы, қазақ әйелдерін азат ету, балалар мен аналарды қорғау проблемасын көтерді.

Журналдың бірінші нөмірінде М. Сералин оқырмандарға басылымды құрудың ұзакқа созылған оқиғасын түсіндіріп берді: «Біз бір-бірімізді үнемі... кінәлап жүрдік... Басымыз қосылмады. ...Біздің қазақтың неше жерден «қап» деп қапы қалған істері көп. «Қап» дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге ылайық «Айқап» болды». <sup>105</sup>

«Айқап» журналы 1911 жылғы қантардан 1915 жылғы қыркүйекке дейін өуелгіде айына бір рет, ал соナン соң екі рет шығып тұрды. Барлығы 88 нөмірі шықты, таралымы 1000 данаға дейін жетті. <sup>106</sup>

«Оқиғалар» айдарынан көрініп отырғанындей, жер-жерден Ташкент, Верный, Шымкент, Әулиеата, Орал, Қостанай, Торғай, Ақтөбе, Маңғыс-

ралиниң өз айтуына қарағанда, журнал «еңбекші таптық органы болған жоқ. Халықтық болған ол белгілі бір таптық, саяси және экономикалық бағдар үстанбады». <sup>103</sup> «Оренбургский край» газетінің журналды «жергілікті халықтық басылым» деп атағаны көздейсөк емес.

М. Сералиннің сіңірген еңбегін атап өте келіп, зерттеушілер ол «Қазақстанда демократиялық бағыттағы ұлттық журнал шығаруды бірінші болып жолға қойды. «Айқап» журналы білім өлеміне ашылған бір терезе болды» деп атап көрсетеді. <sup>104</sup> М. Дулатов «Оян» деп қазаққа дабыл қақканнан кейін М. Сералиннің демократияшыл зиялышарды, либерал-революциялық ниеттегі студент жастарды іс жүзінде топтастырып, олардың

назары мен жігерін жалпыұлттық проблемаларды шешуге шоғырландыра білгенін айту керек. «Айқап» патша өкіметінің реакциясынан кейін қазақ коғамын ояты, «Қазақ» газеті оның жақсы дәстүрлерін жалғастырып, жаңа биікке көтерілді.

М. Сералинмен қатар, Б. Қаратаев, Ж. Сейдалин, С. Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. «Айқап» төңірегіне өртекті қазақ демократияшыл зиялышарының, талантты студент жастардың өкілдері топтасты. Журналға А. Ғалымов, М. Жолдыбаев, Т. Жомартбаев, М. Кашимов, Қ. Кеменгеров, М.-Ж. Қөпееев, А. Мұсағалиев, Б. Сыртанов, С. Лапин, Н. Манаев және басқалар белсene қатысып тұрды. Журнал беделінің өсуіне бастапқы кезеңде оның жұмысына А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың қатысы себепші болды. Дала өлкесінің демократияшыл қалың жұртшылығы кейіннен қазақ мәдениетінің, өдебиетінің аса көрнекті қайраткерлеріне айналған дарынды тұлғалар: С. Сейфуллин, Ш. Құдайбердиев, Б. Майлин, С. Дөнентаев, С. Торайғыров, М. Жұмабаевтардың шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алды. Журнал беттерінен қырғыз И. Арабаев, ноғай С. Ғаббасов, түрікмен Ш. Назарі және басқалар көрінді. Қазақ әйелдері Сакыпжамал Тілеубайқызы, Мариям Сейдалина, Гүлайым Өтегенқызы, Нәзипа Құлжанова журнал беттерінде әйелдердің тен құқықтығы, қазақ әйелдерін азат ету, балалар мен аналарды қорғау проблемасын көтерді.

«Айқап» журналы 1911 жылғы қантардан 1915 жылғы қыркүйекке дейін өуелгіде айына бір рет, ал соナン соң екі рет шығып тұрды. Барлығы 88 нөмірі шықты, таралымы 1000 данаға дейін жетті. <sup>106</sup>

«Оқиғалар» айдарынан көрініп отырғанындей, жер-жерден Ташкент, Верный, Шымкент, Әулиеата, Орал, Қостанай, Торғай, Ақтөбе, Маңғыс-

тау, Бекей Ордасы, Омбы, Қапал, Семей, Аягөз және басқа жерлерден хабарлар түсіп тұрған.

«Бізге не істеу керек?» деп аталған бас мақаласында «Айқап» өз бағдарламасын былай деп белгілеген:

- «1. Отырықшылыққа көшу, қалалар тұрғызу, жерден қол үзбеу.
  - 2. Мектептер мен медреселер ашу, білімді өрі мәдениетті болу.
  - 3. Дін істерін өз қолына алу, өз мұфтийн сайлау.
  - 4. Мемлекеттік Думаның мінберінен халық мұдделерін корғау және оларды үкіметке жеткізе алатын депутаттардың болуы.
  - 5. Петербургте тұракты өкілдік болуы».<sup>107</sup>

«Айқап» нөмірден-нөмірге жер мәселесіне зор көңіл бөліп отырды. Бұл түсінікті де. Патша өкіметі орыс және украин шаруаларын қоныс аудару қозғалысының қарқынын ұлғайту мақсатында қазақтардың құнарлы жерлерін күштеп тартып алу жолымен «Қоныс аудару қорын» құрды. «Айқап» жетекшілері мұндай жағдайда көшпелілер мен жартылай көшпелілердің отырықшылануы, «тұрғылықты ауылдық елді мекендер» салу, егіншілік негізінде қазақ шаруаларының тұрмыс-салтын өзгерту қажет деп санады. «Қазақ» газетінің жетекшілері, ең алдымен Ә. Бекейханов басқаша көзқараста болды. Журнал мен газет арасындағы жер мәселесі жөніндегі пікірсайыс екі жақтың да көп күшін алды.

«Айқап» журналы ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды. М. Сे-  
ралин «біздің ғасырымыз – ғылымның ғасыры» деп санады.<sup>108</sup> Ол Ш.  
Марджанидің, Ы. Алтынсариннің ізбасары болды. Жәдидшілдіктің, жаңа  
әдіспен дауыстап оқытудың атасы И. Гаспринскийді өзінің ұстазы және  
тәлімгері деп білді.<sup>109</sup>

XIX ғасырдың аяғында жәдидшілдік идеялық-саяси ағым ретінде қалыптасты, оның жолын қуушылар жәдидтер («жанашылдар») деп аталды. Жәдидшілдер мұсылман дінінің озырылығына қарсы шықты, өз халықтарын еуропалық мәдениетке, ең алдымен мектеп пен медреседе еуропалық дыбыстап оқыту өдісіне тартудың жақтастары болды. Жәдид қайраткерлері жеткілікті болғанымен, Қазақстанда жәдидшілдік қалып-таспады. И. Гаспринский ұсынған жәдидшілдік өркениетке жеткізер жолдағы басты кедергі исламның озырылығы, ортағасырлық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар деп санады. Қазақтардың рухани өміріне ислам ықпалының дәрежесі Татарстан, Башқұртстан, Қырым және Түркістанмен салыстырғанда едөуір әлсіз болды. Қазақстанда ағартушылық қозғалыс үлттық қайта өрлеу жолындағы басты кедергі отаршылдық деп санады. И. Гаспринский түрік-татар бірлігі туы астында өрекет етті. Ал Қазақстандағы ағартушылар татар және бұхара теологарының, түркі-татар жазуының үстемдігіне жан сала қарсы шықты. «Шығыстың көрнекті ағартушыларының еңбектері, – деп жазды М. Сералин, – туған халық тілінде оқу мен білім алудың және оны құрметтеудің пайдалы екеніне біздің көзімізді жеткізді».<sup>110</sup>

Дегенмен, С. Ж. Асфендиаровтың айтуынша, М. Сералин «тегінде, татар мәдениетімен және оның прогрессіл дәстүрімен мейлінше көп дәрежеде байланысты болған».

М. Сералин бастаған «Айқаптың» ізбасарлары классикалық жәдидшілдіктің жактаушылары болды. Олар қазақ қоғамы мешеулігінің, ескірғендігінің негізгі себебі – халықтың сауатсыздығында (надандық),

молдалардың білімсіздігінде, байлардың дарақылығы мен қатыгездігінде (қайырымсыздық), отаршылдардың қазақ шаруаларын талап-тонауында жатыр деп санады. Осының бәрінен шыгаратын жол қоғамды оқу-ағарту, И. Гаспринскийдің жүйесі бойынша жаңа өдіспен оқыту, қазақтардың отырықшылық тұрмыс салтына көшуі (қала салу) деп білді. Өз кезінде бұлар прогресшіл идеялар еді. М. Сералин мен айқаптықтардың сінірген еңбегі мынада: олар жәдидшілдіктен, ағартушылықтан алға кетті, өз идеяларында қазақ шаруаларының, еңбекші бұқараның бытыраңқы және стихиялы арман-тілектері мен ойларын көрсете білген революцияшыл демократтар деңгейіне дейін көтерілді. Айқаптықтарды жас түріктер деген сияқты, жас қазактар, жас ұлттық буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың қатысуышылары деп атауға болар еді. Сонымен бірге жас бұхаралықтар – жәдидшілерден айырмашылығы, М. Сералин мен оның ізбасарлары клерикализмнен азат, шынына келгенде либерал-демократтар, шаруашылық жүргізудің отырықшы фермерлік өдісін, орыстың озық мәдениетін насхаттаушылар болды. «Қазақ» газеті жарыққа шыққаннан кейін айқаптықтар арасында жік туды. Біреулері мұсылман қозғалысының жақтастарына қосылды (М. Қаратаев), басқа біреулері ағартушылықтан отаршылдық жүйені кирату, қазақ ұлттық мемлекеттігін, ұлттық білім беру жүйесін құру идеясына көшті. Тұбірлі жалпыұлттық мұдделерді қорғап, дәйекті түрде ілгері басқандардың дұрыс істегенін тарихтың өзі дәлелдеді.

ХХ ғасырдың басындағы ағартушылық қозғалысқа біз Қазақстанда тамаша кадрлардың тұтас саңлақтар шоғырының пайда болғаны үшін міндettіміз,<sup>111</sup> олар ұлттық қайта өрлеудің басында тұрып, революциядан кейін-ақ халыққа білім беру саласындағы кең көлемді шабуылды жүзеге асыру үшін нақты негіз дайындаған. Батыстағы Ағарту дәуірінің «миди тазартып» жаңа қоғамдық-саяси қатынастар үшін жол аршыған ұлы өкілдері сияқты қазақтың алғашқы ағартушылары да өз халқының санағына бостандық, тендік және туысқандық, әділеттілік идеяларын, зорлық-зомбылыққа қарсы құрес рухын сінірді.

М. Сералин қазақ ағартушылары жас буынының жарқын өкілі болды, халық ағарту мен қазақтардың тұтас ұрпағын тәрбиелеу саласында өте көп іс тындырды. Ол өзін «балаларды жаңа өдіспен оқытуға көшу, Ақтөбеде мұғалімдер мектебінің ашылуы, жергілікті жерлерде мектептер мен медреселердің пайда болуы, қазақ балаларының қалалық мектептер мен медреселерде окуы, оларда оқытындардың көбеюі қуантады» деп жазды.<sup>112</sup> Ол өзінің ағартушылық идеяларын берік қорғап, былай деп жазды: «Біздің үнемі және шаршап-шалдықпай талқылағанымыздан мынадай екі қорытынды жасауға болады: қала сал, жинақы тұр, сондаған шағын болса да құнарлы жер үлесіне иелік ете аласың. Мектептер мен медреселер сал, мектептер аш, балаларды оқыт, қолөнерін үйрен, сондаған сен халықты құрайтын адам боласың. Эйтпесе сені жер бетінен жойып жібереді».<sup>113</sup>

«Біздің өткендеңі және қазіргі жағдайымыз» деген мақаласында М. Сералин былай деп атап көрсеткен: ғалымдар «дүниенің дамуын ұрыс шайқастарына...» ұқсатады. «Бұл соғыста адамы көп халық жеңбейді, қайта ғылыми, өнері жоғары халық женеді. Сондықтан біз басқа халықтармен жарыста аяқ астында қалғымыз келмесе, біз балаларды біліммен

қаруландыруымыз керек». «Қазіргі заман туралы ойлана отырып, – деп жалғастырған ойын одан әрі автор, – мынадай ойға келесің: Ресей мемлекетінде өрекет жасап, бақытты тұру үшін ғылымды, өнерді үйрени жөне орыс тілін білу қажет. Бұл үшін мектеп керек, ал оған төртбес үйдің шамасы келмейді. Елді мекендер мен кент салудан басқа шығар жол жок».<sup>114</sup>

Сонымен бірге М. Сералин «Айқап» беттерінде мұсылмандардың қасиетті кітабының мазмұнын ыңғайлы, түсінікті нысанда баяндауға тырысқан авторлардың мақалаларын жарияладап отырды.

«Айқап» журналының қазақ фольклорын зерттеудегі, абайтануды қалыптастырудығы, орыс жөне дүниежүзі классикалық әдебиетінің рухани мұрасын насиҳаттауда атқарған рөлі зор.

Сонымен бірге журнал беттерінде кейде жаңа өдіспен оқытуға түркітатар көзқарасын уағыздайтын жарияланымдар басылып отырды. М.-Ж. Көпееvtің, Д. Қашқынбайұлының жөне басқалардың мақалаларында діншілдік жөне шариғатқа бейімдік сарыны болды. «Айқап» беттерінде түркі-татар тілінде жаңа өдіспен оқытуға артықшылық берген, А. Байтұрсыновтың қазақ жазуы саласындағы реформаторлық ізденістеріне қарсы шыққан авторлар ұйымдастырылған түрде жарияланып отырды.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы жағдайында едәуір шиеленіскең зор қаржы қындықтары, зиялыштардың бір бөлігінің сол кезге қарай өзінің көркемдік толысқандығымен, қазақ өдеби тілін тұлетуімен, стилінің сындарлылығымен жөне ең бастысы – толғағы жеткен жалпыұлттық проблемаларды қоюымен әйгілі болған «Қазақ» газеті жағына шығуы 1915 жылдың тамызында «Айқап» журналы шығуының тоқтатылуына себеп болды.

Ағартушылардың өздері арасында түнгіліс етек жайды, олардың қатарында: революциялық әдістерді жактаушыларға жөне ұстамдылық пен ымырашылдықты жактаушыларға жіктелу терендей түсті. Бүкіл XX ғасыр бойында өдебиетте журналдың жабылу себептері мәселесі бойынша дау жүрді. Пікірсайысқа салынбай, ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің қайсыбірі орыс революцияларының жөне самодержавие күйреуінің қарсаңында ең басты ұлттық қоғамдық-саяси жөне ғылыми-әдеби басылымға айналған «Қазақ» газетін құрушы үштікпен (А. Байтұрсынов, Ә. Бекейханов, М. Дулатов) бәсекелесе алуы екіталай екенін ғана ескерте кеткен жөн.

«Қазақ» газеті. «Қазақ» газеті апталық басылым болып шықты. 1913 жылғы ақпаннан 1918 жылғы қаңтарға дейінгі кезең ішінде 3000 дана таралыммен 265 нөмірі жарық көрді. Жекелеген нөмірлері 8000 данаға дейін жететін таралыммен шықты. «А. Байтұрсыновтың шебер басшылығы мен жанқиярлық еңбегінің арқасында, – деп жазды М. Дулатов, – жоктан барды жасаған деуге болатын жөне патшалық-полицейлік режимнің ауыр жағдайларында тіршілік еткен газеттің жабылар алдында өз баспаханасы, қағаздың үлкен қоры, шағын кітапханасы болды, таралымы 8000-нан асты».<sup>115</sup> Редакциялық алқа 1914 жылғы жаңа жылдық 45-нөмірінде газетті 10 облыстың қазақтары жаздырып алатынын хабарлаған. Бұған қоса оны Орынбор, Уфа, Казан, Петербург, Мәскеу, Томск қалаларындағы, басқа да бірқатар қалалардағы, сондай-ақ Түркия мен Қытайдағы оқырмандар алып тұрды.<sup>116</sup>



«Қазақ» газеті.

көсемсөзші, топ көрсө қыранша түлейтін ақын М. Дулатов өзінің ерлік жөне қайғылы тағдырымен көп жағынан XIX ғасырдағы Махамбет Өтемісовті еске салатын. «Қазақ» газеті 1918 жылы (№№ 261–265) Жанұзак Жәнібековтің редакциялауымен шықты.

XX ғасырдың басындағы демократияшыл қазақ зиялышарының бүкіл азаттық қозғалысы сияқты, бұл газеттің де жетекші бағытын белгілеуде қазақ халқының бостандығы жолындағы аса көрнекті құрескер, саясатшы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, статистик-социолог, көсемсөзші, энциклопедиялық тұрғыдағы ғұлама Ә. Бекейханов зор рөл атқарды.

Біртұтас болып біріккен ғажайып үштік – А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бекейханов қалың қазақ елінің мұддесін білдіріп, оның шамшырағы болған ғасырдың ұлттық газетін құра білді.<sup>117</sup> Олар «Қазақ» газетінің төңірегіне қазақ демократиялық зиялышарының бүкіл бетке ұстарларын, соның ішінде Шәкірім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Ғұмар Қарашев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жұсіпбек Аймауытов, Бейімбет Майлин, Жақып Ақбаев, Халел Досмұхамедов, Сәбит Дөнентаев, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышбаев және басқа да көптеген адамдар сияқты көрнекті қайраткерлерді топтастыра алды. Дегенмен де, негізгі идеялық-теориялық салмақты А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ә. Бекейханов көтерді. Зерт-

«Қазақ» газетінің редакторы Орынборда айдауда жүрген кезінде сол кезге қарай ағартушылық қозғалыстың танымал көшбасшысы болған, аса көрнекті ақын, көсемсөзші, түркі тілінің маманы, М. Дулатовтың анықтауынша, «қазақ әдеби тілінің мектебін жасаушы», бірак ең алдымен – ой өрісі аса кең және ұлт дамуының жолдарын көре білген жалынды қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов болды. Азаттық қозғалысының мұраттарына, қазақ халқының топтасуы мен рухани өрлеуі мұдделеріне берілгендейдік, таңғажайып талант және ғылымның көптеген салаларынан энциклопедиялық білімділік оны ұлт ағартушылары мен рухани аталарының алдыңғы қатарларына шығарды. 1914 жылғы 19 мамырда Баспасөз істері жөніндегі бас қарманың кеңесі М. Дулатовка «Қазақ» газетінің екінші жауапты редакторы міндеттін атқаруға рұқсат етті. Құлшынған қызба қанды, әсте ымырасыз, жалынды

теуші К. Атабаевтың деректері көрсетіп отырғандай, «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланған, бүгінгі күні қолда бар және «Қазақ» басылымы жинағында келтірілген материалдардың жартысынан астамын солар жазған.<sup>118</sup> Тек А. Бекейхановтың өзі «Қазақ» үшін 200-дей мақала жазыпты.

Бағдарламалық мақалада (авторы А. Байтұрсынов) газет «ұлттың көзі, құлағы және тілі» деп аталған. Редактордың пікірінше, газет адамдардың мұдделеріне қызмет етуге, білімді таратушы, халықтың қорғаушысы, оның рухани тәлімгері болуға тиіс. Сонымен, А. Байтұрсынов нағыз жалпыхалықтық басылым құруды ойлады және оны жүзеге асырды.

Газетті оның негізін қалаушылар «Қазақ» деп атады. Халықтың өз атын қалпына келтіріп, олар сол арқылы отаршылар тарапынан бұратаналарға менсінбей қарауға қарсы наразылық білдірді, қазақтар арасына ұлтжандылық мақтаныш және бірлік идеясын таратты.

Газеттің бірінші нөмірінде басылған бағдарламалық мақаласында А. Байтұрсынов отаршылдық режим жағдайларындағы ұлттың тағдыры туралы мәселені ашық қойды. Ол былай деп жазды: «Өзіміздің өзіндік ерекшелігімізді сақтап қалуымыз үшін біздің бар күш пен құралды жұмсап, оқу-ағартуға және ортақ мәдениетке ұмтылуымыз қажет; бұл үшін біз өдебиетті ана тілінде дамытумен айналысады бірінші борыш деуге міндеттіміз. Өз тілінде сөйлейтін және өз өдебиеті бар халықтың ғана дербес өмірге үміттенуге құқылы екенін ешқашан ұмытпау керек».<sup>119</sup>

«Қазақ» газеті XX ғасырдың басындағы азаттық қозғалысының стратегиясын анықтап берді. Ә. Бекейханов былай деп атап өтті: «Жуық арада далада, бәлкім, қазақ арасында белен алып келе жатқан екі саяси бағытқа сәйкес екі саяси партия үйымдастырылатын сыңайлы. Олардың бірі ұлттық-діни партия деп аталуы мүмкін және де қазақтарды басқа мұсылман халықтарымен біріктіру оның мұраты болып табылады. Басқа бір батыстық бағыт қырғыз даласының болашағы – осы сөздің кең мағынасында – батыс мәдениетін саналы түрде іс жүзіне асыруда деп біледі».<sup>120</sup>

«Қазақ» газеті екінші бағыттың ой-пиғылын көрсетті. Ол тұжырымдалық проблемаларды көрсеткен кезде соны негізге ала отырып жазды. Ең алдымен Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов қазақ халқының өркениет, түрік дүниесі тарихында алатын орнын анықтап берді. Халықты топтастыру, оның ежелгі мәдениетін және демократиялық Ресей құрамындағы қазақ ұлттық мемлекеттігін қайта тұлету проблемалары газет қызметінің өзегіне айналды. «Шаруашылықтағы өзгерістер» деген сериялы мақалаларында Ахмет Байтұрсынов қазақ халқының эволюциялық даму жолын қорғап, адамзат өркениетінің эволюциясын және мәдениет тарихын көрсетті.

«Қазақ» газеті өз беттерінде халық ағарту, кітап шығару мәселелеріне басымдық берді. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлы ағартушылардың дәстүрлерінде тәрбиеленген қазақ демократияшыл зиялдылары Шығыс пен Батыс ағартушыларының тәжірибесін жинақтап, тұтас доктрина жасады. Мысалы, И. Гаспринскийдің жаңа өдіспен оқыту туралы идеясын өзін қабылдай отырып, олар оны түрік-татар үстемдігі идеологиясынан, оқытуды дінмен қосудан тазартты. Егер И. Гаспринскийдің ізбасарлары жаңа өдіспен дауыстап оқытудан татар мәдениеті мен жазуының үстемдігін тануға қарай жүрсе, қазақ демократтары Абай, Шоқан және Ыбырай ағартушылығынан отаршылдық режимді қирату, қазақ мемле-

кеттігін қайта туғызу идеясына бет алды. Бұл эволюцияда А. Байтұрсыновтың ғылыми-педагогикалық ізденістері ерекше рөл атқарды, соның арқасында ұлт қазақ әліпбін алды, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, сөз өнері теориясы мен мәдениет тарихы дамытылды. «Осы тынымсыз еңбегімен, – деп жазды XX ғасырдағы ұлы ойшылдың 50 жасқа толған күнінде М. Дулатов, – Ахмет Байтұрсынов казақтың сөз өнерін жоғары сатыға көтеріп, ұлттық мектеп пен туған әдебиет үшін берік іргетас қалады».<sup>121</sup>

«Қазақ» газетінің беттерінде аграрлық проблеманың Ә. Бекейханов бастаған көрнекті білгірлері отаршылдықтың мәнін, қазақ шаруаларының құнарлы жерлерін алып қою арқылы қоныс аудару қоры құрылудының, шаруалардың жерсіз қалуы үрдісінің мәнін ашып көрсетті. «Қазақ» газеті Ә. Бекейхановтың жер мәселесі жөніндегі тұжырымдамасын қорғады, онда егіншілікпен үштастырылған көшпелі мал шаруашылығын, қауымдық жер пайдалану негізінде жер алқаптарының тұтастығын, олардың құнарлылығын сактау көзделген еді. Жер үлесінің болмаши жағдайында отырышылыққа көшу, егіншілік, агрономия тәжірибесі, диқанның құнделікті титықтататын еңбегінің қанына сіңген етенелігі болмаған жағдайда орыс деревнясы үлгісіндегі ауылдар құру қазақ шаруаларына мал шаруашылығы көсібінен біржола айырылу, Башқұртстан мен Қостанай уезінде болғанындей, мұқтаждықтан жерді қоныс аударушыларға сату қатерін төндірер еді.

«Қазақ» газеті мұсылман діні мәселесі бойынша ғылыми негізделген тактика ұстанды. Ол қазақ халқының артта қалған бөлігінің діншіл екеніне, Алланы және оның «жердегі өкілдері» молдаларды шын жүректен қадірлейтініне көніл бөлді. Газет редакциясы «мұсылмандар одағының қадеттік бағдар ұстанатының ескерді. Ә. Бекейханов пен басқа да авторлар 1905–1907 жылдардағы революциядан кейін бүкіл Ресейде орын алған қуатты мұсылман қозғалысымен есептесіп отырды. Қозғалыстың қай тапқа жататынына қарамастан, елдегі 20 миллион халық түрінде тірегі болды. Мұсылмандардың бірінші съезінің қаарында мұсылмандардың прогресшіл бөлігі «озық қоғамның мұраттарына» қосылатыны және «орыс халқымен бірдей тәң (саяси, азаматтық, діни) құқықтарды» пайдаланғысы келетіні атап өтілді.<sup>122</sup>

Бірқатар мұсылмандар съездерінің жұмысына қатысқан Ә. Бекейханов бір-біріне жалғасты біrnеше мақалалар жазып, онда «Қазақ» оқырмандарына адамгершілік проблемаларын және оларды Ресей жағдайында шешу жолдарын ұфынықты етіп түсіндірді. «Қазақ» газеті діни қызбалықты қоздырған жок, керісінше, империя құрамындағы түрлі ұлттардың дінге сенушілерін топтасуға шақырды. Газет көзі ашық халықтардың француз революциясы мен өзге де буржуазиялық революциялар рухындағы тендік, жеке адамға ешкімнің тиіспеушілігі, дін ұстану еркіндігі жөніндегі мұраттарын ескерді. «Қазақ» газеті бұхаралық, хиуалық, казандық молдаларды, олардың озбырлығын, патриархаттық-рулық соқырсенімдердің тірегіне айналған әдет пен шариғат дөгмаларын өшкөреледі, татарландырудың, арабтандырудың қазақ тілі дамуына, оның рухани келбетіне теріс ықпалын ашып көрсетті. «Қазақ» газеті дінді мектеп пен мемлекеттен бөлуді жақтап, діни экстремизмге қарсы шықты, сонымен бірге жыныс, дін ұстану, ұлт айырмашылығына қарамастан, барлық ресейліктердің зан алдын-

да тең екенін жарияладап, жеке адамның бас бостандығы мен оның еркіндігіне қол сұқпауды қорғады.

«Қазақ» газеті беттеріндегі жарияланымдардың едәуір бөлігі тіл мен өдебиет, этнография, мәдениет пен тәрбие, педагогика мәселелеріне, рыноктық жағдайларға бейімдей отырып, халық санасын жетілдіруге арналды. Газет өзінің нысаналы жарияланымдары арқылы ұлттың тарихи санасын қалыптастыруды, Абай сияқты аса көрнекті тұлғалардың өмірі мен қызметі үлгісімен ұлттық мактандышқа тәрбиелеу міндеттерін белгіледі, Абай даналығы деңгейіне көтерілуге, өз халқының қамын ойластыруға, оның дәстүрлерінен, гуманистік принциптерінен таймауға шақырды. Газет демократиялық, тәуелсіз мемлекет орнату үшін бірінші кезекте ана тілі мен өдебиетін білу, көсіbilіk, ұлттық экономиканың бай болуы кажет екенін дәлелдеді. А. Байтұрсынов былай деп атап айтты: «басқалардан қалып қоймау үшін біз сауатты, бай және құшті болуға тиіспіз. Сауатты болу үшін оқу керек. Бай болу үшін көсіbilіk керек. Мығым болу үшін бірлік керек. Осы бағытта жұмыс істеу керек».<sup>123</sup> Газетке қатысып тұрған бүкіл авторлар ұжымының А. Байтұрсынов бағдарламасына толық қосылғанын атап өткен жөн.

«Қазақ» шын мәнінде бүкілресейлік газет болды. Ол халықаралық жағдайға жүйелі түрде талдау жасап, ондағы Ресейдің рөлін анықтап отырды, елдегі және шетелдегі демографиялық жағдайды ашып көрсетіп, бүкіл түрік дүниесінің, мұсылмандар қозғалысының тағдырын қадағалады. Газет Мемлекеттік Думаның жұмысына, оның мінберінен қазақ халқының мұдделерін қорғау мәселелеріне ерекше мұдделілік танытты.

Империалистік соғыс, дүние жүзін халықаралық капиталдың жетекші елдері арасында қайта бөлісу басталған кезде газет өзінің мазасыздандынын жасырмады. Ал мазасыздандудың негізі бар еді. 1916 жылғы 16 маусымдағы қазақ жігіттерін тыл жұмыстарына алу туралы патша Жарлығы жай түскендей болды. Газет Жарлыққа дейін де, одан кейін де қазақтарды армияға шақыру туралы мәселені талқыладап, оларға казак әскерлері мәртебесінің берілуін талап етті. Ол халықтан империяның боданы ретінде оның ерте болсын, кеш болсын, өз отандастырының Отан қорғау жөніндегі тағдырына ортақтасуына тұра келетінін жасырмады. 400 мындық армия жасақтай алатын үлтқа айналған соң ол соғыста жеңген жағдайда империя кұрамында дербес автономияға дәмелене алар еді.

Газет нақ сол баламаны негізге алғып және көп адамның құрбан болуы жөнінде орынды қауіптеніп, 1916 жылғы оқиғалар жөнінде де принципті көзқарас ұстанды. Ол қазақтарды майданға алу мерзімін кейінге қалдыруға дейін барып, жанжалды шешудің бейбіт жолдарын іздестіруді, өкіметпен келіссөздер жүргізуі ұсынды. «Алаш» партиясы мен Алашорда бостандықты жеңіп алуға және қазақ мемлекеттігін қайта туғызуға тарих берген мүмкіндікті қайткен күнде де ақырына дейін пайдалануға ұмтылып, тағдырлы шешімдер қабылдаған екі орыс революциясы кезеңіндегі «Қазақ» газетінің рөлі баға жеткісіз еді.

«Қазақ» газеті қазақ халқы тарихының бетбұрысты кезеңінде шығарылды. Ол тұжырымдылығымен, жоғары көсемсөзділігімен, қазақ өдеби тілінің мағыналылығымен, өз халқының көкейкесті мұдделеріне адал қызмет етуімен ерекшеленді. М. Әуезовтің 1913–1918 жылдар аралығындағы кезеңді «Қазақ» газетінің дәуірі» деп атағаны кездейсөк емес.<sup>124</sup> Ол 1922

жылы мәдениет қайраткерлеріне ашық хатында («Қазақтағы қалам қайраткерлеріне. Ашық хат») қазақтың баспасөзі тарихында «Қазақ» газетін қоспағанда, халық тәрбиешісі миссиясын орындаған, өз бағытын қатесіз анықтаған, ұлттық рухты асқақтатқан бірде-бір басылым болған емес деп атап өтті.<sup>125</sup>

Көсібі жөнінен адвокат, «Айқап» журналының жұмысына белсене катысқан қоғам қайраткері К. Тоғысов 1916 жылдың қарашасында Ташкентте апталық «Алаш» газетін шығара бастады. Оны К. Тоғысовтың өзі редакциялады, ресми шығарушысы оның өйелі Мәриям Тоғысова болды.<sup>126</sup> Бастапқы кезеңде газет өкімет орындарына көзқарасы жөнінен адал болды, тек 1917 жылғы 24 ақпаннан бастап (№ 12) өзін революциялық-демократиялық басылым ретінде көрсетті.<sup>127</sup> Мәселен, К. Тоғысов «Жоғалсын Романовтар» деген бір мақаласында өрбір халық егеменді, демократиялық елде өмір сұруге құқылы деп пайымдады. Газет Ақпан революциясын қызу құттықтады.

«Алаш» газеті өйелдердің тең құқықтылығын қорғады. Оның беттеріне белгілі журналистер, жазушылар: Т. Жомартбаев, А. Баржақсин, Б. Майлин, Ж. Аймауытов, жана жаза бастаған М. Әуезов шығып тұрды.<sup>128</sup>

Қазақ мерзімді баспасөзінің тарихында апталық «Сарыарқа» газеті елеулі із қалдырды. Оның редакторлары Р. Мәрсеков, Х. Ғаббасов болды. Газет 1917 жылдың екінші жартысында Семей қаласында шығып тұрды. Оның беттерінде Ә. Бекейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дуллатовтың, Р. Мәрсековтің, Х. Ғаббасовтың, Ә. Ермековтің, М. Малдыбаевтың, Ж. Ақбаевтың және «Алаш» қозғалысының басқа да көптеген көрнекті қайраткерлерінің мақалалары басылды. Онда Алаштың гимні (авторы С. Торайғыров), Ж. Аймауытовтың, М. Әуезовтің, С. Дөнентаевтың, Ғ. Қарашевтың, І. Жансүгіровтің, Б. Майлиниң көсемсөздік материалдары жарық көрді.

Газет Ә. Ермековтің «Жасасын Алаш, жасасын!» деген мақаласын жариялады, онда екінші бүкілқазақ съезінің (12. 12. 1917) Алашорда автоноմиясын жариялау туралы шешімі, сондай-ақ жалпықазақ-қырғыз съезінің шешімдері (Х. Ғаббасовтың «Алаш автономиясы» деген мақаласы) салтанатты турде мәлімделді.

Ә. Бекейхановтың Семейге келуі туралы материал даусыз ынта-ықылас туғызады, бұл материалда ол қазақ автономиясы туралы мәселеге өзінің көзқарасын егжей-тегжейлі баяндайды.<sup>129</sup>

Егер газеттің елдегі біртұтас акпарат өрісі бұзылған, тарихтың бетбұрысты құрделі кезеңінде жұмыс істегенін ескерсек, «Сарыарқа» газетінің маңызы зор.

Сөйтіп XX ғасырдың басында империяның Қазақстан сияқты алғаш аймағында қазактар Ресейдің ана тілінде газеттері, журналдары мен кітаптары бар 24 (орыстардан басқа) халқының біріне айналды. Хат-хабарлардың географиясы өте ауқымды болды – мейлінше өр түрлі жанрдағы жазбаша хабарлар келіп түспеген ауылдар мен болыстар іс жүзінде болған жоқ. Демократиялық қазақ баспасөзі революция, Мемлекеттік Дума, оның мұсылман фракциясы, мұсылман съездері туралы, империяның сыртқы және ішкі саясаты, соның ішінде оның отаршылдық саясаты туралы жазды. Ол шет аймактардың ғасырлар бойындағы үйқыдан оянып жатқан халықтарының мұдделерін көрсетті,

Әркениетті дүниежүзілік қоғам жүйесіндегі оның болашағы туралы армандарға берілді. Ал алда халықтың тұтас ғасыр бойындағы қын тағдырын белгілеп берген Қазан революциясы, аласапырандар мен өзгерістер түр еді.

#### 4. XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Ресейдегі XX ғасырдың басындағы революциялық қозғалыс үлттық шет аймақтардың, соның ішінде Қазақстанның да жағдайына әсерін тигізді. Саны аз үлттық зиялымдар осы жағдайды пайдаланып, тәуелсіздік пен бостандық үшін, халықты ғасырлар бойындағы үйқыдан ояту үшін, кос езгіден: патша өкіметінің отаршылдық бұғауынан және жергілікті патриархаттық-рулық зорлық-зомбылықтан құтылу үшін күрес бастады. Зиялымдар халықты тәуелсіздік жолына шығарды, білімді, ғылымды, өнерді менгеруге шақырды. Бұл үрдісте қазақ халқының өмірін бейнелеуге және оның мұдделерін қорғауға өз үлесін қосқан қазақ әдебиетінің рөлі соңғы орында қалған жоқ. Қазақ жазушылары мен ақындарының алдыңғы қатарлы бөлігі Абайдың ағартушылық, демократиялық дәстүрін жалғастырып, оларды отаршылдыққа қарсы күрес идеясымен байланыстыруға тырысты. Үлттық қозғалыстың басында тұрған Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың әдеби-шығармашылық, қоғамдық-саяси қызметінің революциялық-демократиялық бағытта болғаны айқын. Олар үлт-азаттық идеясына шығармашылық қызметінде ғана емес, өздерінің қоғамдық-саяси қызметінде де ерекше мән берді. Бұған олардың 1905 жылғы бүкілхалықтық революцияға қатысуы, конституциялық-демократиялық партияның съезінде қазақтардың тәуелсіздігін талап етуі, бұл идеяны «Қазақ» газетінің (1913–1918) беттерінде нысаналы бағытта дамытуы, сондай-ақ патша өкіметі құлағаннан кейін Алаш автономиясын құруға өрекет жасауы айғақ болып табылады.

Ахмет Байтұрсынов (1873–1938) – XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күрес идеясымен байыткан ақын. Оның «Маса» деген поэтикалық жинағы (Орынбор, 1911) халықтың ауыр, құқықсыз жағдайына, оны отаршылдықтан азат етуге, дамудағы мешеулікке, надандыққа арналған, екінші жағынан, туынды білімге, ғылымға, мәдениетке шақыру болып табылады. Ақынның отандастарының бойында жоғары азаматтық сезімді оятуға ұмтылышы зор. Егер:

Қаз едік қатар ұшып қанқылдаған,  
Сахара-көлге қонып салқындаған.  
Бір өртке қаудан шықкан душар болып,  
Не қалды тәнімізде шарпылмаған? –

деген жолдарда отаршылдық езгі қажып-қалжыраған халықтың үмітсіз жағдайы суреттелсе, мына жолдардан:

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,  
Тенізде жүрміз қалқып, кешпесі жоқ.  
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру  
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ, –

тәуелсіздік пен бостандық болмайынша, ұлттың болашағы бұлдыр, көмескі екені айқын көрінеді.

Өз жинағын «Маса» деп атап, ақын бұл атауға белгілі бір мағына берген, маса сияқты мазаны алып, үздіксіз ызындау арқылы «ұйықтап жатқан» халықты оятуға ұмтылған.

Қазағым-елім,  
Қайқайып белін,  
Сынуға түр таянып.  
Талауда малың,  
Қалауда жаның,  
Аш көзінді оянып.  
Қанған жоқ па әлі үйқың,  
Ұйықтайтын бар не сиқың?!

А. Байтұрсыновтың «Қырық мысал» деген кітабы (Петербург, 1909) Крылов мысалдарының ұлгісімен жазылған туындылар жинағы болып табылады. Крылов мысалдарының сюжеттерін негізге алып, Байтұрсынов оларды қазақ өмірінен алынған мысалдармен толықтырып, еркін аудару арқылы тұпнұсқа қазақ мысалдарын туғызған. Мысалдарда қазақтар арасында таралған кеселдер келемеж етіледі, өлеуметтік әділетсіздік синалады.

А. Байтұрсынов – қазақ тілінің реформаторы. Ол араб графикасы негізінде өліпби жасады. 1912 жылы басталған бұл жұмыс 1924 жылы «Жаңа емле» ретінде ресми қабылданды. А. Байтұрсынов «Оқу құралы» (1912) және «Тіл құралы» оқулықтарын жазды, олар үш бөлімнен: фонетика, морфология, синтаксис бөлімдерінен тұрады. А. Байтұрсыновтың оқулықтары қазақтар үшін ғана емес, сонымен қатар бүкіл түркі тілдес дүние үшін де жаңалық болды. Кейінректе ол әдістемелік сипаттағы «Баяншы» (1926), «Тіл жұмсақту» (1928) деген кітаптар шығарды. Әдебиеттану жөніндегі тұңғыш еңбек – «Әдебиет танытқыш» (1926) та Байтұрсыновтың туындысы.

**Міржақып Дулатов** (1885–1935) – Ахмет Байтұрсыновтың халық бостандығы жолындағы күрес жылдарында да, әдебиет саласында да онымен қатар жүрген серігі. Оның «Оян, қазақ!» (Уфа, 1909) жинағы – халық тағдырының проблемалары өткір көтерілетін алғашқы туындылардың бірі. Ол өз оқырмандарының ойы мен санасына ықпал жасай отырып, олардың назарын өрбір жеке тұлғаның халық алдындағы жауапкершілігіне аударады. Өз заманындағы қазақ қоғамы өмірінің келеңсіз жактарын ашып көрсете келіп, М. Дулатов отандастарын жаңа өмірге шақырады, басқа халықтардағы жақсылық жағын үйренуге үндейді, ғылымды, білімді, әйелдердің тен құқықтылығын жақтайды:

Жігітке талаптанған мың рахымет,  
Пайдасын ғылымының халыққа шашқан.  
Жаны ашып нашарларға қызмет етіп,  
Салса егер түзу жолға болса адасқан. –

бұл жолдарда Міржақыптың гуманистік көзқарасы ғана емес, мұнда өзінің өмірлік бағдарламасына («бостандық», «бауырластық», «тендік») адалдығы да бар.

«Оян, қазақ!» жарыққа шыққан кезінен бастап отаршылдыққа қарсы бағытталған кітап ретінде қабылданды, оның таралымы жойып жіберілді,

ал авторы қуғынға ұшырап, талай рет түрмеге қамалды. Алайда бұл ақынды мойытпады, ол өзінің әдеби-көсемсөздік қызметін сол күйінде белсенді түрде жалғастыра берді. Бұл кезенде ол «Бақытсыз Жамал» романын (Орынбор, 1910), «Азамат» (Орынбор, 1913), «Терме» (Орынбор, 1915) деген жинақтарын шығарады. 1913 жылдан бастап Орынборда тұрақты тұрып, Ахмет Байтұрсыновпен бірге «Қазак» газетін шығарады.

«Бақытсыз Жамал» – уақыты жағынан бірінші жазылған қазақ романы. Онда патриархаттық-рулық ғұрыптар мен соқыр сенімдердің құрбаны болған қыз – Жамалдың ауыр тағдыры суреттеледі. Сонымен бірге романда туып келе жатқан жаңалықтың өшіп бара жатқан ескілікпен тартысы, жас үрпақ көзқарастарының ғасырлар бойындағы негіздерді жақтаушылармен қақтығыстары көрсетілген. Роман жастардың бойында еркіндік сүйгіш идеялардың туындау үрдісін ашып көрсетуімен де тартымды.

М. Дулатов орыс және шетел классиктерінің (Пушкин, Лермонтов, Шиллер, Тоқай) бірқатар туындыларын аударды. Дулатовтың қазак көсемсөзін дамытуға да қосқан үлесі баға жеткісіз.

**Сұлтанмахмұт Торайғыров** (1893–1920) – тәуелсіздік ісіне, халықтың прогресс пен мәдениет жолымен дамуына зор үлес қосқан ақын. Ол өткір сыни бағыттағы, әділетсіз өмір бет пердесін аштын, надандық пен қарандылықты түйреттін туындылар жазды. Торайғыровтың пікірінше, халық өз тағдырын өзі жасайды, бұл үшін оған үйқыдан оянып, ілгері жүру және басқа халықтар сияқты даму керек. Отаршылдыққа қарсы күрескен бауырларына ынтымақтастық ниет көрсете отырып, С. Торайғыров «Таныстыру» деген поэмасында (1918) Дулатовты, Байтұрсыновты, Бекейхановты «күн», «тан», «ай» деп атайды.

Сұлтанмахмұт қазақ әдебиетін оның көркемдік-эстетикалық дамуы тұрғысынан байытты. Бұлармен қатар ол қазақ әдебиеті үшін жаңа жанрларды қалыптастыру мен дамыту ісінде біраз іс тындырды. Оның өлеңмен жазылған «Камар сұлу», «Кім жазықты» романдары, «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары, лирикалық өлеңдері, көсемсөздік, сын мақалалары оның көркемдік ізденістерінің сан қырлы және жан-жакты болғанын ашып көрсетелі.

Үгіттік-ұраншыл өлеңдер шеңберінен шығып, ол табиғат және адамның ішкі дүниесі туралы терендігі мен көркемдігі жағынан тамаша лирикалық өлеңдер туғызды. Оның ірі туындыларында өз бойына жаңа қоғамдық көзқарастарды біріктірген кейіпкер бейнесі көрінеді. Ақын әлі де феодалдық-патриархаттық негіздердің шырмауында қалып, қарандылық пен надандық қүн кешкен қазақ қоғамы дамуының өткір өлеуметтік проблемаларын ашып көрсете білді («Кім жазықты»). Оның уақытты, дәуірді философиялық ой елегінен өткізуге құрылған поэмалары лирикалық-публицистикалық поэма жанрының жаңа да жарқын ұлгілері болды. Қазақ әдебиетінде Абай негізін қалаған реалистік өнердің жоғары ұлгілерін біз Сұлтанмахмұттың шығармашылығынан таба аламыз.



Сұлтанмахмұт Торайғыров.



Спандияр Көбеев.

ды. С. Көбеев пен Б. Өтетілеуовтің шығармашылығы педагогикалық қызметпен астасып жатты: олардың екеуі де ауыл мектептерінде мұғалім болды. Әдебиетті балалар тәрбиелеуге кеңінен пайдалана отырып, жазушылар идеялық мазмұны жаңа бірқатар түндерлердегі шындылар жазды. С. Көбеевтің «Қалын-мал» романы, балаларға арналған хикаялары мен өлеңдері осылай туған. С. Көбеев пен Б. Өтетілеуов аударған орыс классиктерінің түндерлердегі шындылары аз емес.

М. Сералин қазак әдебиетінің дамуына ғана емес, сонымен қатар өз заманындағы журналистиканың дамуына да үлес қосты. Ол және оның

қаламdas бауырлары шығарған «Айқап» журналы (1911–1915) қазак әдебиетінің ағартушылық және демократиялық бағытын айқын да анық ұстанды. Сералин поэмалар жазып, Фирдоусидің «Шахнамесін» («Рустем–Зураб») аударды.

М. Сералин «Айқап» беттеріндегі көсемсөздік түндерлердегі шындыларында патриархаттық негіздерді сынға алып, халықты ағарту ісіне, оның ілгері үмтүлүгіне, қазақтардың отырықшылық түрмис салтына көшу проблемасына ерекше көңіл бөлді. Біз Ғ. Қарашев пен Н. Орманбетовтің түндерлердегі шешімдерді көреміз, оларда отаршылдықтың мәні, халықты басқару саясатының екіжүзділігі, қазақ қоғамы өмірінің артта қалғандығы кеңінен ашып көрсетілген. Бірнеше кітаптың («Бала тұлпар», «Карлығаш»,



Ғұмар Қарашев.

«Аға тұлпар», «Тұрымтай» және басқалар) және философиялық толғаныстардың авторы Ғұмар Қарашев өз ерекшелігі бар жаражын ақын, ағартушы-философ ретінде, шариғат дәстүрлеріне және ар-ожданға адал суреткер ретінде көрінді. Ол Ақпан революциясын және «Алаш» қозғалысын үмітпен қарсы алып, өз халқының бостандығы мен тәуелсіздігіне сендей, кейіннен Кенес өкіметіне ізгі ниет білдірді. Ал Нармамбет өлеңдерінде («Сарыарқа», «Заман» және басқалары) қазактар шұрайлы қонысынан айырылып, туған жерлерінен көше бастаған кездегі патша өкіметінің қоныс аудару саясаты салдарынан ерекше көрінген халықтың ауыр өмірін суреттеді.

ХХ ғасырдың басындағы қазак ақын-жазушылары өздерінің бағдары мен көркемдік ізденістері жөнінен өстеде бірдей емес. Талант көп болған сайын оның қыры да алуан түрлі болмақ. Олардың көбісін революциялық-демократиялық және ағартушылық-демократиялық идеялар біріктірді. Бұл бағытты ұстанғандардың бәрі прогресті, халықтар өдебиетінің озық идеяларын менгеруге тырысты. Сонымен бірге Шығыстың демократиялық өдебиетінің тәжірибесін пайдалана отырып, таза ұлттық дәстүрде жазған ақындардың тұтас тобы болды. Надандықты, билік басындағылардың өділетсіздігін, патша өкіметінің отаршылдық саясатын олар да сынады, алайда олар бұл тұйықтан шығу жолдарын таба алмай, оның шешімі өткендегі «жақсы» заманға оралуда деп тапты. Бұл ақындар қатарына Мәшіүр Жұсіп Көпееvtі (1858–1931), Нұржан Наушабаевты (1859–1919), Мақыш Қалтаевты (1869–1916) жатқызуға болады. Олардың реалистік туындылары біздің сол дәуірдегі шындықты ұғымызға көмектеседі. М.-Ж. Көпееvtің «Сарыарқа кімнің жері?» деген кітабы (Қазан, 1907) тәркіленіп, ал басып шығарушыға ірі көлемде айыппұл салынды. М.-Ж. Көпееvtің мұрасында халықтың ауызша шығармашылығының ол жинаған туындылары мен қазак ақындарының шығармаларынан тұратын қолжазбалар сақталған. Н. Наушабаевтың поэзиясы негізінен ғибрат пен тағылымы мол термелерден тұрады. М. Қалтаевтың шығармашылығында өмір мен дәуір кең көрсетілгеніне қарамастан, деғенмен де көркемдік деңгейі солғын тартып жатады.

Қазак ақындарының басқа бір тобы халық туындылары, сондай-ақ Шығыс шығармалары сюжеттерінің ықпалымен дастандарға және хиссаларға ерекше көніл бөлді. Оларға Жұсіпбек Шайхысламұлын (1854–1936), Шәді Жәңгірұлын (1855–1933), Ақылбек Сабалұлын (1880–1919) жатқызуға болады. Олардың бәрі тамаша білімді еді және араб-парсы өдебиетінің білгірлері болатын, халықтың аса бай фольклорын егжей-тегжейлі билетін. Олар өз туындыларын тығыз байланысты болған Қазан баспаҳаналарынан бірде «Дастан» түрінде, бірде «хисса» түрінше шығарып отырды. Осы туындылар арқылы ХХ ғасырдың басында халық арасында хиссалар кең таралды. Мұнда сюжеттерінің қызықты, суреттелетін тарихи оқиғалардың маңызды болуы аз рөл атқарған жоқ. Бұл туындылардың арасында



Шәкертім Құдайбердиев.

«Қыз Жібек», «Мұнлық—Зарлық», «Сейфұл—Мәлік», «Қасым—Жомарт», «Орак—Күлше», «Һарон ар-Рашид», «Қамарзаман», «Бозжігіт», «Тахир—Зуһра», «Назым» және басқалар бар. Олар түрлі тақырыптарға (махаббат, әділдік, наным және т.б.) жазылғанымен, бұл дастандарды адамзатқа деген сүйіспеншілік байланыстырыды. Олардың кейбіреуі талай рет қайта басылып шықты.

Халық өміріндегі тарихи оқиғалар туралы жазып, оларға халықтық баға беруге тырысқан ақындар да болды. Бұл арада Ұғылман Шөрековтің (1871—1932) «Исатай—Махамбет» поэмасын айту орынды. Автор тарихи оқиғалар хронологиясын тәптіштеп тере бермей, Исатай батыр мен оның досы Махамбеттің бейнелерін ашып көрсетуге тырысады. Көтерілістің негізгі кезеңдеріне ғана тоқталған автор оның шын себептерін ашып, руаралық жанжалдарды шешудегі Исатайдың даусыз беделін, Жәңгір ханмен қақтығыстардағы батырдың ержүректігін көрсете білген.

Қарастырылып отырған кезеңде қазақ өдебиеті мен мәдениетінің дәстүрлерін жалғастырған сазгер-акындардың шығармашылығы елеулі орын алады. Театрлар, концерт залдары болмаған жағдайларда сазгер-акындар халықтың рухани мәдениетінің дамуына, оның театр және өн-күй өнерін байытуға зор үлес қосты. Біржан, Ақан сері, Мұхит шығармашылығының дәстүрлерін ұстана отырып, сазгер-акындар Жаяу Мұса Байжанұлы (1835—1929), Балуан Шолак Баймырзаұлы (1864—1919), Мәди Бапиұлы (1880—1921), Майра Уәлиқызы (1896—1926), Иманжүсіп Құтбанұлы (1863—1929), Әсет Найманбайұлы (1867—1923), Үкілі Үбырай Сандыбайұлы (1856—1932), Кенен Эзірбаев (1884—1976) және басқалар демократиялық бағыттағы жаңа өндер мен жырлар туғызды. Олардың едөуір туындыларында өмірдің көркемдігі жырланды, тыңдаушылардың бойында жоғары эстетикалық сезімдердің қалыптасуына жәрдемдесті. Сонымен бірге бұл шығармаларда да қоғамның әлеуметтік жағынан әділ құрылмағандығының проблемалары қозғалып, отаршылдық бұғауынан арылуға шақырған ұрандар естілді. Жаяу Мұса, Балуан Шолак, Мәди, Иманжүсіп, Үкілі Үбырай патшалық өкімет орындарының қысымы мен кудалауын өз бастарынан кешірді. Сазгер-акындардың қызметі сөз жоқ, шынайы халықтық өн шығармашылығының дамуына көмектесті. Олар «Жаяу Мұса», «Хаулау», «Ғалия», «Қаракесек», «Майра», «Иманжүсіп», «Гәкку», «Бозторғай» сияқты классикалық туындылар туғызды. Сазгер-акындардың мұрасы орасан көп және алуан қырлы. Мұнда лирикалық өндер мен дастандарды кездестіруге болады, ал Әсет, Кенен сияқты ақындар айтыстарға қатысқан.

XX ғасырдың басындағы қазақ өдебиеті дамуының ерекшелігі оның басқа халықтардың өдебиеттерімен байланысы болып табылады. Тарихи жағдай қоғамдық-экономикалық байланыстардың қүшеюіне себепші болып қана қоймай, рухани мәдениет саласындағы қарым-қатынас үрдісін жандандыра тұсті. Бұл козғалыста қазақ мерзімді баспасөзі едөуір рөл атқарды, оның негізін «Түркістан уәляятының газеті» (1870—1882) мен «Дала уәляятының газеті» (1888—1902) салып берді. Олардың беттерінде орыс өдебиеті мен дүниежүзілік классикадан аудармалар басылды. Абайдың аудармашылық дәстүрлерін жалғастыра отырып, Ә. Төңірбергенов пен Ә. Найманбаев А. Пушкиннің «Евгений Онегинінен» үзінділер жариялады, сондай сюжетке өз туындыларын жасады. «Капитан қызы» (аударған М. Бекімов, 1903) мен «Дубровский» (аударған Ш. Құдайбердиев,

1912), сондай-ақ А. Байтұрсыновтың «Қырық мысалы» (1909) мен С. Көбеевтің «Үлгілі тәрбиесі» (1910) кітап болып жарық қөрді, Б. Өтетілеуов Пушкиннің, Лермонтовтың, Жуковскийдің, Плещеевтің, Крыловтың туындыларын аударды. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінің беттерінде орыс, Шығыс және Батыс Еуропа әдебиеттерінен жасалған аудармалар үлкен орын алды. Олардың арасында «Рұстем–Зурабты» (Фирдоусидің «Шахнамесінен» – аударған М. Сералин), Д. Байронның «Шильон тұтқынын» (аударған А. Ғалымов), «Мың бір түннен» үзінділерді, А. Толстой мен А. Чеховтың әңгімелерін атауға болады. Сонымен дүниежүзілік классикалық әдебиеттің көркемдік тәжірибесін менгеру үшін кең жол ашылды. Ғасырдың басында қазақ әдебиетінің дамуына 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс елеулі ықпал жасады. Көтеріліске қазақтарды тыл жұмыстарына алу туралы патша жарлығы себеп болды. Отаршылдық езгінің ауыр салмағы зарықтырған халық өмірдің жақсаруынан қандай да бір үмітін үзіп, өз билеушілеріне қарсы көтерілді. Амангелді, Бекболат сияқты халық батырларының басшылығымен көтеріліске шыққан халық өкіметтің өкілдерін жазалай бастады. Алайда стихиялы түрде басталған көтеріліс басшылық ететін ұйымдастыран орталығы болмай, көп кешікпей-ақ бәсендей бастады, ал патша солдаттары одан кейін де ұзак уақыт жүгендіздік етті. Халықтық әдебиетте бұл көтеріліс туралы көптеген туындылар сақталған. Оларда халықтың ауыр тағдыры туралы, патша өкіметінің қысым көрсетуі туралы, бостандық жолындағы күрес туралы, көтеріліске шыққан адамдар мен оның жетекшілері туралы баяндалған. Бұл туындылар авторларының ішінен азаттық қозғалысына тікелей қатысып, бұл күрестің барлық қындықтары мен қасіретін бастан кешірген Сәт Есенбаевты, Құдеріні, Омар Шипинді, Төлеу Көбдіковті, Бұзаубековті, Иса Дәукебаевты атауға болады. Ақындар Омар мен Құдері аңызға айналған Амангелді туралы, Иса – Бекболат туралы тарихи жырлар туғызды. Аталған туындылар қазақ әдебиеті тарихынан лайықты орын алды. Олардың ерекшеліктері халық батырларының жаңа бейнелері, нақты тарихи оқиғалар шығарма арқауын құрады.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезеңіндегі кейір тарихи жырлар патша жарлығы бойынша алынған жігіттердің өмірін суреттеуге арналған. Біржан Берденовтың «Алу» деген дастанында жігіттердің өз аулындағы өмірі туралы, олардың үйреніспеген жат жерде болуы туралы, империалистік соғыстың әділетсіздік сипаты туралы, патшаның басқаруына наразылықтың өршуі және оны құлату жөніндегі идеялардың таратылуы және ақырында, оның құлатылуы туралы айтылады. Жігіттердің майданнан жазған хаттары және оларға қайтарылған жауаптар нысанында жазылған туындылар да кездеседі. 1916 жыл туғызған халық поэзиясы XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін жаңа мазмұнмен толықтырып, оның халықтық-демократиялық сипатын байытты.

Отаршылдық басқару жүйесі кезіндегі қазақ халқының жағдайы кейінгі кезеңдегі әдебиет дамуында өзекті проблема болып қала берді. Сол кезеңде әдебиетке келген М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, С. Мұқанов және басқалары сияқты жас таланттар демократиялық-ағартушылық дәстүрлерді жалғастырып, оны бостандық идеяларымен байытып, өздерінің алғашкы туындыларын жариялай бастады.

XX ғасырдың басындағы қазак әдебиеті сол тарихи дәуірдегі халық өмірінің шындығы туралы көркем шежіре болды.

## 5. XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуында болған өзгерістер қазак халқының рухани өміріне терең әсер етті. Саяси, экономикалық экспансиямен қоса, құлдыққа салушылардың мәдениеті күштеп таңылды.

Патша өкіметінің кертартпа саясаты халыққа білім беру саласынан мейлінше айқын аңғарылады. Отаршыл билік қазақ халқының мұдделері мен құқықтарын елемей, оның рухани дамуын тежеді.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінде қарастырылып отырған кезенде орын алған соны құбылыстар қазақ қоғамының қоғамдық санасындағы елеулі өзгерістерге әкеп соқты. Мұндай елеулі өзгерістер ұлттық сана-сезімді оятуға жағдай жасады, қазақ қоғамында жаңа идеялардың, ой-пікірлер мен көзқарастардың қалыптасуын анықтап берді. Мәдениет тұрғысынан алғанда, дәуірдің жаңалықтары ең алдымен еуропалық өркениетті, жаңа құндылықтарды бастапқыда әлеуметтік үстем топ өкілдерінің, адамдардың шағын тобының менгеруі орын алғанынан көрінді.

Ұлттық зиялыштардың қалыптасу жолы бірдей болған жок, күрделі және ұзакқа созылған үрдіс болды. Бұл жағдайдың халық шаруашылығында да, мәдениетте де мамандар санының өсуінен көрінгені күмәнсіз. Оның барысын отаршылдық режим жағдайлары, патша өкіметінің бағындырылған халық жөніндегі кемсітушілік саясаты тежеп отырды. Дегенмен XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басы халықтың интеллектуалдық күштері дамуындағы жаңа кезең болып табылады.

Революцияға дейін Қазақстанда мұсылман мектептері мен медреселерде, не «орыс-қазақ», «бұратаналық», ауылдық мектептерде оқып, бастауыш білім алуға болатын еді. Мұсылман мектептері мен медреселері байырғы ұлттардың балаларына білім және тәрбие берудің негізгі, ал Ресейдің отарлауы басталғанға дейін бірде-бір буындары болды. Бұл мектептер мен медреселердің басты мақсаты діни білім беру болғанымен, олардың оқу бағдарламаларында зايырлы пәндердің де елеулі орын алғанын атап өткен жән. Оқыту және тәрбиелеу өдістерінің қаншалықты жетілдірілмегеніне қарамастан, бұл мектептер мен медреселер мешіттің ғана емес, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттің де мұдделеріне қызмет етті. Медреселердің оқу бағдарламаларына пәндердің мынадай топтамалары енгізілді: 1) араб тілі, грамматика, морфология, синтаксис, этимология, араб риторикасы, араб тарихы, Құран оқу туралы ғылым және ғылыми-мәдени пікірсайыстар; 2) дін ілімі мен заңтану – Құранның мазмұны мен маңызы, құқық, діни ережелер, мұраны бөлу тәртібі туралы ілім, заңтану негіздері; 3) философия, логика, математика, география, астрономия, химия және жаратылыстану ғылымдары.<sup>130</sup>

Отарлау кезеңінде, өсіреле XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында өкімет орындары мұсылман мектептерінің өміріне араласпау туралы

сөз жүзінде мәлімдей отырып, орыс-бұратана ұлттар мектептері желісін кеңейту және басқа да шаралар арқылы медреселерде оқытын балалар са-нын азайтуға қол жеткізді. Патша үкіметі жаңа өдіспен оқытатын мұсыл-ман мектептерінің қызметін бейтараптандыру жөнінде белсенді шаралар қолданды, олар қазақ халқының арасында исламшылдық және түрікшілдік идеяларды тарату жөніндегі қамалдар деп қарастырылды.

Діни мектеп ретінде, мұсылман оқу орындары діни мекемелерге ғана бағынышты болуға тиіс еді, сондықтан да мұсылман мектептерінің ықпа-лын шектеп, оларды азаматтық мектептермен қосуға наразылық білдірілді. Алайда бұған қарамастан 1874 жылы Қазақстанның мұсылман мектептері Халық ағарту министрлігіне тікелей бағындырылды. Империялық үкімет мұнымен тоқталмай, 1876 жылы мұсылман мектептеріне орыс сыныпта-рын енгізу арқылы орыстандыру жөнінде тағы бір ірі қадам жасады.<sup>131</sup> Халық ағарту министрлігінің ресми мандатын алған орыс өкімшілігі мұсыл-ман мектептерінің жанынан орыс сыныптарын ашуға белсене кірісті, мұның өзі мұсылман мектептері жанындағы орыс сыныптары орыс мемлекетінің үстемдігін орнықтыруға қажет деп санаған отаршылық өкімшіліктің қалың тобына қатты ұнады. «Көшпелі болса да, мұсылман болса да, қазақ орыс тілін білуге тиіс, өйткені бұл – Мемлекеттік тіл, үкіметтік және сот орын-дарында іс сол тілде жүргізіледі».<sup>132</sup>

Мұсылман оқу орындарына қатаң талаптар қойылды, олардың бұзы-луын отаршылдық өкімшілік үнемі қудалап отырды. Бірақ бұған қара-мастан, Қазақстан аумағында мектептер мен медреселер саны үздіксіз өсе берді, өйткені оқуға тілек білдірушілер саны барған сайын арта-түсті.

Дәстүрлі мектептердегі оқуды бітіргеннен кейін казақтар өз балала-рын шәкірттерді жаңа өдіспен оқытатын Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хусаиния», Троицкідегі «Расулия», «Уазифа» сияқты ірі медреселерге оқуын жалғастыруға жіберетін.

Басқаларымен салыстырғанда, «Ғалия» медресесінде мына пәндер: шығыс тілдері, логика, философия, тарих, математика, география, орыс тілі, адам физиологиясы оқытылатын. Бұл медресенің қабырғасында 300-ден астам қазақ баласы білім алды.<sup>133</sup> Олардың арасында қазақтың белгілі зиялыштары, жазу-шылар Б. Майлин, М. Жұмабаев, педагог-ақын Т. Жомартбаев, М. Оразаев, Н. Манаев, Ж. Тілепбергенов, М. Тұрғанбаев, Ф. Қайыров, Ә. Сұлтанов және басқалар бар.

Медресенің тәрбilenушілері озық демократиялық идеялардың ықпа-лына түсті. Олар ескі оқыту өдістеріне, артта қалушылық пен надандыққа қарсы шықты. Шәкірттер арасында ұлтты тұлету, өз елінің тарихын, әдебиеті мен тілін оқып-үйрену, зерттеу идеялары кең таралды. «Ғалия» медресесінің қазақ шәкірттері жастаңды әдебиетке тарту мақсатымен 1916 жылдан қолжазба «Садақ» журналын шығарып тұрды.<sup>134</sup> «Садақ» журна-лы апта сайын шығарылды, оның редакторлары сол жылдары медреседе оқып жүрген Б. Майлин мен Ж. Тілепбергенов болатын. «Садақ» журналы елді жаңғыртуды қазақ әдеби тілін дамыту, ұлттық өліпбиді қалыптасты-ру, ана тілінде окулықтар шығару проблемасымен ұштастырылды. Елдің көзін ашып, рухани тұлеуге үндеген озық ойлы жас зиялыш азаматтардың соңы-на түскен полициялық бақылаудың құпия хабарында былай деп жазылған: «Олар қазақ тілінде теріс бағытта шығарылған, Уфада басылған

кітапшаларды әкеліп, халық арасында таратады. Кітапшалар арасынан: «Оян, қазақ!», «Тұр, қазақ!» және «Маса» мысалдар жинағы мәлім, аталған басылымдарда қырғыздардың (қазақтардың) құқықсыз ауыр жағдайы туралы айтылады, аграрлық мәселе қозғалып, қазақтардың пайдалануындағы жер мөлшерінің тарылғаны көрсетіледі». <sup>135</sup>

Практикалық қызмет нәтижесінде «Ғалия» медресесінің шекірттері қазақ балаларына арнап «Әліппе немесе женілдетілген оқыту» құралын шығарды. <sup>136</sup> 1913 жылдың қантарында «Қазақ» газетінде «Ғалия» медресесінің қазақ оқушыларының хаты жарияланды, онда олардың өз қаражатымен кітаптар шығарғаны және тілек білдірушілердің оларды «Қазақ» газетінің баспасынан сатып алуына болатыны атап өтілген. <sup>137</sup> М. Дулатов отандастарын, білімді және дәүлетті адамдарды өзі өмір сүрген уақыт ішінде көптеген қазақ жастарына білім берген «Ғалия» медресесіне материалдық көмек көрсетуге шақырды. <sup>138</sup>

«Хусаиния» медресесінің қазақ шекірттері оқытушылардың катысувымен «Қазақ тілін үйрену жөніндегі қоғам» құрды, оның мақсаты қазақ әдебиеті мұраларын басып шығару, қазақ тілінде мектептерге арналған оқулықтар мен кітаптар құрастыру, болашакта қазақ тілінде газеттер шығаруға жәрдемдесу болатын. <sup>139</sup>

Патша үкіметі мұндай оқу орындарын орыс мемлекетінің жауы деп бағалады және олардың түркі тілдес халықтарға ықпалын шектеуге бар қүшін салып ұмтылды. Ішкі істер министрі облыс губернаторына 1911 жылғы 12 желтоқсандағы құпия хатында былай деп атап өтті: «Ресейдегі кейбір мұсылман діни-оқу орындары, мысалы, Қазан қаласындағы жаңа әдістемелі Галеев медресесі, Орынбордағы Хусаинов медресесі және Уфа қаласындағы Ғалия медресесі, тәжірибелін көрсетіп отырғанындей, осы училищелерде қалыптасқан жалпы бағыттың арқасында жеткілікті дәрежеде сенімді деп санауға болмайтын молдалар оқытып шығаратынына Сіздің назарынызды аудару қажет деп есептеймін». <sup>140</sup>

Патша үкіметі қазақ халқы арасында оку-ағарту ісін бастауыш білім берумен, яғни орыс тілін және арифметиканың жай амалдарын үйретумен шектеу жеткілікті деп санады, ал орта білім беруге, оның үстіне жоғары білім беруге ол мұдделі болмады. Отаршыл өкімет орындары бастауыш мектептерді өсте де қазақтардың толық және жан-жақты білім алуы үшін емес, болыс басқарушылары жанында тілмаш, сұлтандардың іс жүргізушилері және т.б. болып жұмыс істеуге жааралықтай аздаған білім беру үшін ғана ашты. Орыс өкімшілігінің қазақ балаларын бастауыш оқу орындарына тарту ниетін осымен түсіндіруге болады.

XIX ғасырдың екінші жартысында дамып келе жатқан капиталистік шаруашылық жағдайында Халық ағарту министрлігінің бастауыш орыс-қазақ және орыс мектептері елдің шаруашылық өмірінің қажеттерін қанағаттандыра алмады. Ел өмірінде неғұрлым жоғары деңгейдегі оқу орындарын құру қажеттігі пісіп-жетілді. Осыған байланысты өлкеде қалалық училищелер, орта мектептер (гимназиялар), көсіптік мектептер үйымдастырыла бастады.

Қазақстан аумағында: 1876 жылдан Верный және Орал қалаларында ерлер гимназиялары жұмыс істеді, 1871 жылы Орал мен Семейде қыздар гимназиялары ашылды. Орта мектептерде оқу үшін жоғары ақы төленуі оларға негізгі халықтың қолы жетпейтін етті. Өлкеде мектептердің үш ұлгісі: педагогикалық, ауыл шаруашылық және қолөнерлік ұлғілері бол-

ды. XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ оқушыларына арналған интернаттар ашылды, олардың мақсаты тәрбиеленушілерді отырықшы орыс адамының тұрмысы мен өмір салтына және орыс тілін неғұрлым ойдағыдай оқуға үйрету еді. Алайда орыс өкімет орындарының қатты өкінішіне қарай, мұндай интернаттар үмітті ақтамады. Төменгі ауыл шаруашылық мектептерінің негізгі мақсаты – көшпелі қазақ қоғамында егіншілік білімін тарату, қазақ санасына отырықшы тұрмыстың көшпелі тұрмыс салтынан «артықшылығын» сіңірге тиіс болатын.

Патша үкіметі қазақ халқы арасынан өзіне сенімді тірек жасауға, өкімшілік аппарат үшін, сондай-ақ орыстандыру рухында ағартушылық қызмет атқаратын сенімді кадрлар даярлауға ұмтылды. Оқу бағдарламаларының мазмұны да қазақ халқының экономикалық және мәдени дамуы мұдделерін негізге алмай, отаршыл өкімшіліктің қажеттері мен талап-тілектеріне бейімделді. Орыс өкімет орындарының мұндай кертартпа саясаты бүкіл отарлау кезеңінде Қазақстанда бірде-бір жоғары оқу орнының ашылмауына өкеп соқты. Отаршыл өкімшіліктің қазақ балаларын орта және оның үстіне жоғары білім алуға жібермеу ниеті ұлттық санасезімнің өсуінен, қазақ халқының отаршылдық режимге қарсы ұлт-азаттық қозғалысының өрлеуінен қорқу, сондай-ақ ұлт зиялышарының пайда болуына жол бермеушілік туғызған еді.

Революцияға дейінгі Қазақстанда ұлттық орта оқу орындарының болмауы қазақтарды өз балаларын орыс оқу орындарына беруге мәжбүр етті, ал олардағы оқу үрдісінде орыс мәдениетіне басымдық берілетін және орыс тілі үстемдік ететін. Сонымен бірге революцияға дейінгі Қазақстанның көптеген прогрессіл қайраткерлерінің орыс оқу орындарында білім алғанын ұмытуға болмайды.

Бұратаналардың балалары кіре алатын алғашқы орта оқу орны Орынбордағы Неплюев өскери училищесі болды, ол кейіннен Орынбор кадет корпусы деп аталды. 1825 жылдан 1866 жылға дейін Орынбор кадет корпусын 35 қазақ бітірді.<sup>141</sup> Кадет корпусының алғашқы тұлектерінің бірі – Орыс географиялық қоғамының мүшесі сұлтан М. Төукин, Орынбор өлкесінің бұратаналарға арналған мұғалімдер мектептерін құру туралы ережелер өзірлеу комиссиясының мүшесі С. Жантөрин болды.<sup>142</sup> «Этнография бөліміне енбегімен жәрдемдескені және қырғыздардың (қазақтардың) тұрмысы туралы мақалалар мен өр түрлі этнографиялық бұйымдар бергені» үшін Орыс географиялық қоғамының күміс медалімен марапатталған, қоғамның Ш. Уәлихановтан кейінгі алғашқы мүшелерінің бірі М.-С. Бабажанов та кадет корпусының тұлегі болатын.<sup>143</sup>

Қазақтар оқыған оқу орындарының бірі Орынбор гимназиясы болды, 1868–1892 жылдарда гимназияда 52 қазақ оқыды.<sup>144</sup> Олардың ішінде С. Сүйіншөлиев гимназияны 1877 жылы үздік бітірді; А. Бірімжанов 1891 жылы оқудағы жетістіктері үшін күміс медальмен марапатталды. Орынбор гимназиясының көптеген тұлектері өз білімдерін Қазан университетінде жалғастырды. Мәселен, Қазан университетінде оқыған 25 қазақтың 10-ы – Орынбор гимназиясын бітіріп келгендер. XIX ғасырдың 70-жылдарына дейін Қазан университетінде оқыған қазақтар бірлі-жарым болатын. 1863 жылы университет Жарғысының қабылдануына байланысты гимназияларда курс бітірген мұсылмандар Қазан университетіне тусу құқығын алды.



Казанды оқитын казак жастары. 1896 жыл. Бірінші қатар дағылар, солдан онға қарай: 1. Асадула Едігенов, 2. Ахмет Бірімжанов, 4. Мәтін Бекетаев, 5. Мұхаметжан Сыздыков, 6. Мәзұр Қаратаев, 8. Мұса Жасмагамбетов. Екінші қатар дағылар: 2. Оразғул Базанов, 4. Мәжит Шамбалов, 6. Есекали Күненісов және басқалар.

Осы кезеңде жоғары медициналық білімі бар алғашқы қазақ дәрігерлері шықты. Олар негізінен Қазан, Саратов, Томск, Мәскеу университеттерінде, сондай-ақ С.-Петербургтің өскери-медицина академиясы мен университетінде білім алды. Мәселен, 1868—1913 жылдарда Қазан университетінің медицина факультетін қазақтың 30 жас дәрігері бітіріп шықкан. Қазан университетінің медицина факультетін 1887 жылы бітірген алғашқы қазақтардың бірі Мұхамеджан Қарабаев болатын. Оны бітіргеннен кейін ол Қостанайда, Торғай облысының Ақтөбе, Ырғыз уездерінде дәрігер болып істеді. 1892 жылы М. Қарабаев медициналық қызмет көрсету саласындағы патшалық саясатты сынағаны үшін Орынбор әкімшілігінің қырына ілігіп, аз уақытқа Самараға кетуге мәжбүр болды. Содан соң Ырғыз уездінде дәрігер болып жұмыс істей жүріп, өлкенің қоғамдық өміріне белсене қатысты. 1895 жылы ол Торғай комитетінің толық мүшесі болып сайланды, орыс дәрігерлерімен бірге медициналық қызмет көрсетуді түбірінен өзгерту және қазақ халқы арасынан медицина кадрларын даярлау жолында күресті.

Революцияға дейінгі Қазақстандағы оба ауруының тұңғыш маманы М. Шомбалов — 1899 жылы, Ә. Алдияров — 1904 жылы Қазан университетінің медицина факультетін, Н. Ипмагамбетов С.-Петербург медицина академиясын 1911 жылы бітірді. Олар қазақ халқына медициналық қызмет көрсетуді үйымдастыруды көп іс тындырды, сондай-ақ Қазақстанның қоғамдық өміріне белсене қатысты. Қазан университеті ұлттық зиялдардың алғашқы кадрларын қалыптастыруды зор рөл атқарды.

Қазан мал дәрігерлік институтын қазақтар арасында алғашқы бітірушілер М. Ақтанов, Е. Құлпейісов, М. Жасмағамбетов, Ф. Иманбаевтар болды.

Ә. Бекейханов С.-Петербург Императорлық орман институтын 1894 жылы үздік бітіріп шықты.

Ж. Ақбаев, Б. Қаратаев, С. Лапин, М. Шоқаевтар С.-Петербург университетінің заң факультетін бітірді. С. Жантөрин, Б. және Ә. Ниязовтар, С. Нұралыханов және басқалар С.-Петербург, Қазан, Томск, Мәскеу университеттерінің заң факультетінде оқып жоғары білім алды.

1906 жылы Император I Александр атындағы С.-Петербург Жол қатынасы институтын М. Тынышбаев бітіріп шықты.

Х. Досмұхамедов С.-Петербург Императорлық Әскери медицина академиясын 1909 жылы бітірді. 1902 жылы С. Аманжолов Верный гимназиясын бітіргеннен кейін Қазан университетінің заң факультетіне түсті. Верный гимназиясының басқа да түлектері: Т. Есенқұлов, И. Дүйсенбаев, Ж. Жақыпбаев, И. Жақсылықов Ресей империясының жоғары окуорындарында оқуға мүмкіндік алды. Жетісу өлкесіндегі алғашқы жоғары білімді қазақ зиялдарының бірі Б. Сыртанов 1891 жылы С.-Петербург университетінің шығыс тілдері факультетін бітірді. Осы оқу орнын 1887 жылы Б. Құлманов та үздік бітірген еді.

Ә. Ермеков Семей гимназиясын, содан соң Томск технологиялық институтын, Х. Ғаббасов Мәскеу университетінің физика-математика факультетін бітірген.

Сонымен Ресей оқу орындары революцияға дейінгі кездің өзінде — XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басында білімді адамдар тобының кеңеюіне, өрбір халықтың ұлттық зиялдарының қалыптасуына жәрдемдесті.

Қазақ жастары шетелдерде де оқып білім алды, қазақ қыздары арасынан да жоғары білімді мамандар қалыптасты. Мәселен, Ғ. Мусин Каир университетін, Ж. Сұлтанаев пен А. Тұнғаншин Варшава мал дәрігерлері институтын, С. Шанов Стамбул университетін және т.б. бітірсе, Г. Асфендиярова, А. Досжанова, М. Ниязовалар Ресей қалаларында оқып жоғары білімді дәрігер мамандығын алды.

Ресейдің жоғары оку орындарын бітірген қазақтар өз ауылдары мен қалаларына қайтып оралып, өз білімін, ағартушылық рухын жерлестеріне беріп отырды. Отарлаушылардың тілегеніне қарама-қарсы, жаңа зиялдардың таңдаулы бөлігі өз халқының мұдделерін қорғау жолына түсті, азапқа толы рухани ізденістерден өтіп, олар рухани құлдыққа қарсы шықты және азаттық қозғалысын басқарды.

Тарихи тәжірибелің көрсеткеніндей, күрт өлеуметтік өзгерістер кезеңдерінде зиялдар әрқашанда едөуір белсенділігімен, дербес бастамашылығымен ерекшеленіп отырды. Өлеуметтік, интеллектуалдық және адамгершілік сезімдегі зиялдар қоғамдағы жеке адамның жағдайы турали, оның санаға қатынасы туралы мәселені көтереді.

Қазақ зиялдарының ең басты сінірген еңбегі мынада: олар бүкілресейлік даму кезеңінің басталуын дер кезінде аңғарды, қазақ қоғамын ілгері бастырудың амалдарын іздеңірумен айналысып, бұл үшін бірінші орыс революциясы берген өлеуметтік және саяси бостандықтарды пайдаланды, халықты патриархаттық-рулық мешеуліктен арылтуға, патшалық езгіден азат етуге, оған білім мен прогрестің, мемлекеттік тәуелсіздік алудың жолдарын көрсетуге ұмтылды. Мұның қыын құрес, құрделі тартыстар мен ізденістер жолы болғаны күмәнсіз. Сондықтан бұл жолда жетістіктермен қатар, өрине, қателіктер де, жаңсақтықтар да болып отырды. Алайда кейіннен сталиндік идеологияның түсіндіргеніндей, оларды өз халқына деген қасқунемдік көзқарас емес, қайта, өз халқының өмірін женілдету жолындағы құрестің табиғи қындықтары туғызды. Қазақ зиялдарының ең басты ізгі мақсаты – халқына қызмет ету мақсатын «Алаш» жетекшілерінің бәрі Міржақып Дулатов Бутырск түрмесінен жазған хатында былай деп айқын баяндаған: «...Мен өзімнің құлдыққа түсіріліп, езгіге салынған бейшара халқымның осы құлдық жағдайдан шығуына көмектесуді өз борышым деп санадым... Саяси саладағы оқиғаларды дер кезінде болжай алмадым деп санаймын, ал қазір Кенес өкіметіне қарсы құрес деп отырғанның бәрі менің қазақ ұлтын дербес, тәуелсіз, бақытты жағдайда көргім келген тілегім ғана». <sup>145</sup>

ХХ ғасырдың басындағы алдыңғы қатарлы қазақ зиялдары өздерінің саяси қызметінде ұлттық, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды корғауды басты мақсат деп білді. Олар өз халқына тәуелсіздік және отаршылдық құлдықтан азаттық алу жолындағы құресінде көмектесуге ұмтылды, өрбір адамның және өрбір халықтың жеке өз бостандығына құқығы мен бүкіл адамзат мәдениетінің жетістіктері мен табыстарына еркін қол жеткізуі сияқты жалпы адамзаттық қазыналар үшін құресті. Қазақ зиялдары 1905 жылдан бастап осы мақсатта дала өнірінде қызмет жүргізді.

Қазақ зиялдарының көшбасшылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою

кажет екенін түсінді. Қазақ зиялышарының бүкіл қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады. Ұлттық «Қазақ», «Қазақстан» газеттерінің, «Айқап», «Сарыарқа», «Абай» журналдары мен басқаларының беттерінде олар тек білім ғана өркениетті дүниеге жол ашады, қазақтардың ұлт ретінде сакталуына көмектеседі деп, қазақ халқын білім алуға шақырды. Тіл мен әдебиетті дамыту ерекше бөліп көрсетілді. Қазақ тілі мен әдебиетінің дамыту проблемалары жөнінде араб графикасы негізіндегі қазақ әліпбійінің тұнғыш талантты реформаторы, «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914), «Жаңа әліпби» (1928) атты қазақтың тіл ғылымында ғана емес, бүкіл ғылыми түркітану әлемінде де жаңашылдық деп саналған еңбектердің авторы А. Байтұрсынов көптеген мақалалар жазды. «Қазақ» беттеріндегі еңбектерінде А. Байтұрсынов балаларды мектептер мен медреселерде оқытудың маңыздылығын атап көрсетті. Ол өзінің қазақ және орыс мектептеріндегі оқыту проблемалары туралы ой-пікірлерін баяндай келіп, балаларды міндетті түрде екі жыл қазақ тілінде оқытуды талап етеді, «бастауыш мектептер миссионерлік саясаттан тыс болуға тиіс, яғни әрбір халықтың өз тіліне, жазуына және дініне құқығы болуға тиіс» деп санайды.<sup>146</sup> Сонымен бірге ол орысша сауаттылықты да үйрену қажет екенін атап етеді.

ХХ ғасырдың басында қазақ зиялышарының қызметінде құқық проблемалары елеулі орын алды, өйткені қолданыстағы патша зандары көшпелі халықтың құқығына нұқсан келтірді, мұның наразылық туғызғаны табиғи нәрсе. Өз халқының ежелгі өз жеріндегі қасіретті жағдайы туралы толық хабардар болған олар патша үкіметіне қазақ халқының әлеуметтік қажеттері туралы хабар жеткізуге, оның құқықтық мұдделерін қорғауға тырысты.<sup>147</sup> Олардың көпшілігі арнаулы заң даярлығынан өткендер еді, бұл олардың халық бұкарасының құқықтық білімін кеңейтуіне, олардың құқықтық білімін байытуы мен терендетуіне мүмкіндік берді. Қазақ зиялышарының қызметінде жер туралы мәселе өзекті орын алды. Олар өздерінің ғылыми және көсемсөздік мақалаларында, патшалық өкімет орындарына өр түрлі үндеулерінде патша үкіметінің қазақ халқының өмір жағдайларына сай келмейтін заң нормаларын өділ сынға алды.<sup>148</sup>

Қазақ қоғамының рухани саласында етек алған зансыздыққа өз наразылығын білдіріп отырды.<sup>149</sup>

Патша шенеуніктері қазақ халқы зиялы өкілдерінің дүниежүзілік өркениет пен мәдениет жетістіктерін игеруіне мұдделі болмады. Бірақ халықтың ғылым мен мәдениетке тартылуына кедергі жасауға бағытталған шаралар күткендердегідей нәтиже бермеді. Қазақ халқының білім алуға деген өскелең қажеттері патша үкіметін Орынборда, Омбыда, Оралда, Семейде, Верныйда және басқа қалаларда бірқатар оқу орындарын ашуға мәжбүр етті, оларда қазақтар оқып, бастауыш және орта мектеп көлемінде білім алды. Патша өкіметі «бұратаналарды» орта және жоғары оқу орындарында оқуға рұқсат етуге мәжбүр болды. Жоғарыда атап өтілгенідей, қазақ жастары Қазан, Томск, С.-Петербург, Мәскеу т.б. университеттерінде, техникалық және медициналық жоғары оқу орындарында білім алды. Өз халқын оятуда зор рөл атқарған қазақ зиялышарының тамаша шоқ жүлдзызы ХХ ғасырдың басына қарай нақ сол буыннан қалыптасты. Олар өз халқын отаршылдық бұғауынан азат, өркениетті, дербес және төуелсіз жағдайда көруді армандағы. Қазақ зи-

ялыларының өкілдері патша өкіметін дала өнірінде білім беру ісін неғұрлым жедел жүргізгісі келмегендігі үшін сынады, ал өздері отандық ғылымды қалыптастырудың алғышарттарын жасауға ұмтылды. Қазақ зиялдары ғылыми мақалалар, сөйлеген сөздері арқылы өркениетті елдердегі ғылым жетістіктерін насхаттауға, оның қажеттігін, қоғамды түбірінен өзгерте алатын құдыретті күшін дәлелдеуге ұмтылды. Олардың күш-жігері ізсіз қалмағанын атап өткен жөн. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялдары дәрігерлер, саясатшылар, судьялар, ақын-жазушылар болатын, бұл кезең қазактың жан-жақты білімді азаматтары – Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және басқаларының қалыптасуымен ерекшеленді. М. Тынышбаев, Ә. Ермеков, Х. Досмұхамедов және басқа Алаш азаматтары ғылыми зерттеулермен айналысты. Қазақстан ғылымының қаулап дамуы кеңес өкіметі жылдарында болғанын теріске шығаруға болмайды, бірақ оның іргетасын нақ XX ғасырдың басында қазақ зиялдарының талантты жас өкілдері қалаған еді.

Сонымен, XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басындағы қазақ халқының қоғамдық санасы – тарихтың жол айырымына душар келген қоғамның өзі сияқты күрделі құбылыс. Біз қарастырып отырған кезеңде шовинистік отаршылдық идеология мен бостандық, тәуелсіздік идеологиясы арасында ымырасыз күрес жүріп жатты. Қазақ даласына қалыптасып келе жатқан жас қазақ зиялдары белсене таратқан саяси идеялар қазақ қоғамының оянуына жәрдемдесіп, бұл халықтың құқықтық, эстетикалық санасы мен өнегелі ой-өрісіне зор ықпал жасады.

<sup>1</sup> Алекторов А. Очерк народного образования в Тургайской области. Летопись 1844–1898 гг., вып. 3. Оренбург, 1900, 45-б.

<sup>2</sup> Кауфманский сборник. Ташкент, 1910, 140-б.

<sup>3</sup> Остроумов Н. П. Отчет Туркестанской учительской семинарии за XXV лет ее существования. Ташкент, 1904, 25-б.

<sup>4</sup> Сембаев А. И., Храпченков Г. М. Очерки по истории школ Казахстана (1900–1917 гг.). А., 1972, 27, 69-б.

<sup>5</sup> Отчет по ревизии Туркестанского края. Учебное дело. СПб., 1910, 84-б.

<sup>6</sup> Бұл да сонда, 84-б.

<sup>7</sup> Журнал I и II Совещания по народному образованию при Оренбургской губернии и Земской управе. Оренбург, 1905, 26-б.

<sup>8</sup> Головачев П. Сибирь: природа, люди и жизнь. М., 1902, 142-б.

<sup>9</sup> Краснов А. Н. Очерки быта семиреченских казахов //Известия Русского географического общества, т. 23, 1887, 463-б.

<sup>10</sup> Бұл да сонда, 464-б.

<sup>11</sup> ЦГА РК, ф. 27, оп. 1, д. 35, л. 220–221.

<sup>12</sup> ЦГА РУз., ф. 1, оп. 19, д. 3, 14-б.

<sup>13</sup> Ильминский Н. И. Письма к обер-прокурору К. Л. Победоносцеву. Казань, 1895, 63-б.

<sup>14</sup> Журнал Междуведомственного Совещания о постановке школьного образования среди инородческого, инославного и иноверного населения. СПб., 1912, 181-б.

<sup>15</sup> ЦГА РК, ф. 90, оп. 1, д. 487, л. 100.

<sup>16</sup> Бұл да сонда, л. 101.

<sup>17</sup> Бұл да сонда, л. 100.

<sup>18</sup> Бұл да сонда, д. 489, л. 92.

- <sup>19</sup> *Бул да сонда*, д. 773, л. 26.
- <sup>20</sup> *Бул да сонда*, л. 13.
- <sup>21</sup> Новый метод в мусульманских мектебах //Русский Туркестан, 1905, 199, 200-б.
- <sup>22</sup> Н. И. Ильминский. Письма к обер-прокурору К. Л. Победоносцеву, 195-б.
- <sup>23</sup> ЦГА РК, ф. 90, оп. 1, д. 754, л. 31.
- <sup>24</sup> *Бул да сонда*, ф. 59, оп. 1, д. 155, л. 2.
- <sup>25</sup> *Бул да сонда*, ф. 27, оп. 1, 70, л. 89, 91, 104.
- <sup>26</sup> *Бул да сонда*, ф. 59, оп. 1, д. 239, л. 16.
- <sup>27</sup> *Бул да сонда*, л. 17.
- <sup>28</sup> АГО РФ, ф. 30, оп. 1, д. 52, л. 12.
- <sup>29</sup> ЦГА РК, ф. 15, оп. 1, д. 523, л. 4.
- <sup>30</sup> *Бул да сонда*, 20-б.
- <sup>31</sup> ЦГА РК, ф. 15, оп. 1, д. 531, л. 4.
- <sup>32</sup> ГАОрО, ф. 94, оп. 1, д. 2, л. об.
- <sup>33</sup> *Бул да сонда*, л. 27.
- <sup>34</sup> ГАОмО, ф. 86, оп. 1, д. 86, л. 100.
- <sup>35</sup> *Бул да сонда*, д. 35, л. 10 об.
- <sup>36</sup> *Бул да сонда*, д. 85, л. 45.
- <sup>37</sup> ЦГА РК, ф. 44, оп. 1, д. 48528, л. 20.
- <sup>38</sup> Инструкция для исследования характера и распространения летучих песков. СПб., 1888, 11-б.
- <sup>39</sup> Инструкция для определения высот с помощью барометрических наблюдений. СПб., 1891, 1-б.
- <sup>40</sup> Программа для собирания народных юридических обычаев. СПб., 1889.
- <sup>41</sup> *Бул да сонда*, 1-б.
- <sup>42</sup> *Бул да сонда*, 9-б.
- <sup>43</sup> Живая старина, т. XXIII, вып. I–II. 1914; Живая старина, т. XXIV, вып. III, 1915.
- <sup>44</sup> Инструкция к составлению племенных карт. Пг., 1917, 2-б.
- <sup>45</sup> Инструкция для сбора этнографических материалов. СПб., 1912.
- <sup>46</sup> Калесник С. З. Научно-организационная деятельность географического общества и ее главные формы /Географическое общество за 125 лет. Л., 1970, 19-б.
- <sup>47</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 2871, л. 2–2 об.
- <sup>48</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 287, л. 7.
- <sup>49</sup> Отчет экспедиции 1892 г. в Зауральские степи Уральской области и Усть-Урт, снаряженные Обществом Рязанско-Уральской железной дороги и Геологического комитета под началом С. Н. Никитина. СПб., 1893, 108-б.
- <sup>50</sup> Берг Л. С., Игнатов П. Г. Соленые озера Селети-Денгиз, Теке и Кизыл-Как Омского уезда. Записки Западно-Сибирского отдела РГО, № 28, 1901.
- <sup>51</sup> ЦГА РУз., ф. 69, оп. 1, д. 7, л. 17 об.
- <sup>52</sup> Донцова З. Н. Л. С. Берг и Туркестанский отдел Русского Географического общества /Памяти академика Л. С. Берга. П.-Л., 1995, 7-б.
- <sup>53</sup> ЦГА РУз., ф. 69, оп. 1, д. 73, л. 29.
- <sup>54</sup> Сапожников В. В. Очерки Семиречья, ч. I, Джунгарские степи, Балхаш. Иссык-Куль, Центральный Тянь-Шань //Известия Томского университета, кн. 26, 1903, 18-б.
- <sup>55</sup> ЦГА РУз., ф. 69, оп. 1, д. 13, л. 43.
- <sup>56</sup> Казахстанская правда, 28 декабря 1989 г.
- <sup>57</sup> ГАОмО, ф. 86, оп. 1, д. 115, л. 159.
- <sup>58</sup> Галиев В. З. Ссыльные революционеры в Казахстане. А., 1978, 73-б.
- <sup>59</sup> ГАОмО, ф. 86, оп. 1, д. 112, л. 161.
- <sup>60</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 5287, л. 86–127.
- <sup>61</sup> Макарихин В. П. Губернские ученые, архивные комиссии и их роль в развитии

общественно-исторической мысли России в конце XIX – нач. XX вв. //История СССР. 1989, № 1, 161-б.

<sup>62</sup> Протокол заседания Оренбургской УАК от 5 октября 1898 г. //Оренбургский листок, Оренбург, 1898, № 44.

<sup>63</sup> Гра А. Отчет о состоянии и деятельности ОУАК за 1913 г. //Труды ОУАК. Оренбург, 1916, вып. 33, 12-б.

<sup>64</sup> Кастанье И. А. Древности Киргизской степи и Оренбургского края //Труды ОУАК. Оренбург, вып. 2. 1910, 10-б.

<sup>65</sup> Лунин Б. В. Научные общества Туркестана и их прогрессивная деятельность. Ташкент, 1962, 72-б.

<sup>66</sup> Бүл да сонда, 79-б.

<sup>67</sup> Клеменц Д. А. Местные музеи и их значение в провинциальной жизни //Сибирский сборник, 1893, вып. 2, 2-б.

<sup>68</sup> Рычков К. Систематический каталог коллекций музея Семипалатинского подотдела. Семипалатинск, 1914, 1-б.

<sup>69</sup> Разгон А. М. Этнографические музеи России /Очерки музейного дела в России. М., 1901, 247-б.

<sup>70</sup> Бүл да сонда, 255-б.

<sup>71</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 3024, л. 5–5 об.

<sup>72</sup> ГАОМо, ф. 86, оп. 1, д. 14, л. 198.

<sup>73</sup> ЦГА РУз., ф. 69, оп. 1, д. 40, л. 29.

<sup>74</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 1056, л. 48.

<sup>75</sup> Бүл да сонда, л. 49 об.

<sup>76</sup> ГАОМо, ф. 86, оп. 1, д. 29а, л. 193 об.

<sup>77</sup> Юбилейный сборник «Летопись Западно-Сибирского отдела». АГО. 1877, 1902. Омск, 1902, 29-б.

<sup>78</sup> ЦГА РК, ф. 64, оп. 1, д. 1035, л. 10.

<sup>79</sup> ГАОМо, ф. 65, оп. 1, д. 35а, л. 20.

<sup>80</sup> Бүл да сонда, л. 24 об.

<sup>81</sup> Максимов А. Б. О необходимости приступить к составлению сборника Киргизского обычного права /Юбилейный сборник. Омск, 1902, 117-б.

<sup>82</sup> Бүл да сонда, 107-б.

<sup>83</sup> Бүл да сонда, 108-б.

<sup>84</sup> ГАОМо, ф. 86, оп. 1, д. 29, л. 94.

<sup>85</sup> Добросмыслов А. И. Этнографические очерки //Туркестанский сборник, т. 509, 1909, 158-б.

<sup>86</sup> Пахомов И. Киргизское хозяйство на Ак-Тобе и на верховьях Курчуна //Записки Семипалатинского подотдела, вып. 5, 1911, 22-б.; Добросмылов А. И. Скотоводство в Тургайской области. Сельское хозяйство и скотоводство, лесоводство. 1894, т. 175, № 4, 365-б.

<sup>87</sup> История Академии наук СССР, т. 2. М.-Л., 1964, 624-б.

<sup>88</sup> Жиренчин А. М. Из истории казахской книги. А., 1987, 132-б.

<sup>89</sup> Бүл да сонда, 97–98-б.

<sup>90</sup> Бүл да сонда, 105-б.

<sup>91</sup> Галиев В. З. Библиотечное дело в Казахстане (вторая половина XIX – начало XX веков). А., 1998, 87-б.

<sup>92</sup> Бүл да сонда, 126-б.

<sup>93</sup> Урашев С. А. Родники просвещения. А., 1998, 18-б.

<sup>94</sup> Рамаев И. Татарская периодическая печать. Альбом (1905–1925). Казань, 1926; қосымша қар.: Амирханов Д. У. Татарская демократическая печать (1905–1907 гг.). М., 1988, 10-б.

<sup>95</sup> Бүл да сонда, 11-б.

- <sup>96</sup> Айқап. 1914, № 17. Үзінді мына кіт.: Зиманов С. З., Идрисов К. З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. А., 1989, 48–49-б.
- <sup>97</sup> Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. А., 1999, 834-б.; Атабаев К. Қазақ баспасөзі. Қазақстан тарихының дерек көзі (1870–1918 жж.). А., 2000, 101-б.
- <sup>98</sup> Зиманов С. З., Идрисов К. З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина, 62-б.
- <sup>99</sup> Толығырақ қар.: Айқап, А., 1995. Ү. Субханбердинаның кіріспе мақаласы. Қазақ баспасөзі тарихынан, 21-б.
- <sup>100</sup> Басқа деректер бойынша газеттің алғашкы саны 1917 жылғы ақпанда шықкан.
- <sup>101</sup> Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. А., 1964, 70-б. Қазақтың атамұралары. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. Құрастырған Ү. Субханбердина. А., 1999, 49–50-б.
- <sup>102</sup> Зиманов С. З., Идрисов К. З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина, 63-б.
- <sup>103</sup> Аул (Кустанай), 1924, 10 мая.
- <sup>104</sup> Зиманов С. З., Идрисов К. З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина, 64-б.
- <sup>105</sup> Бұл да сонда, 69-б.
- <sup>106</sup> Айқап, 1912, № 4.
- <sup>107</sup> Айқап, 1911, № 6.
- <sup>108</sup> Айқап, 1912, № 3.
- <sup>109</sup> Айқап, А., 1995, 234–235-б.
- <sup>110</sup> Айқап, 1914, № 17.
- <sup>111</sup> Р. Сүлейменовтің деректері бойынша өлкеде 1914–1915 жылдары 240 дәрігер, 3300 мұғалім, 500 ауыл шаруашылық мамандары (олардың 200-і жоғары білімді), 311 техниктер мен мал дәрігерлері, 66 жерге орналастыруышылар, 49 гидротехниктер, 18 орман шаруашылығы мамандары болған. Алайда олардың арасында қазактардың саны тым аз болды. Қар.: Сүлейменов Р. Б. Ленинские идеи культурной революции и их осуществление в Казахстане. А., 1972, 95-б.
- <sup>112</sup> Антология педагогической мысли Казахстана. А., 1995, 201–202-б.
- <sup>113</sup> Айқап, 1912, № 3.
- <sup>114</sup> Антология педагогической мысли Казахстана, 202-б.
- <sup>115</sup> Дулатов М. Шығармалары. А., 1991, 302-б.
- <sup>116</sup> Қар.: «Қазақ». Құрастыруышылар: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сақов. А., 1998, 482-б.
- <sup>117</sup> Қар.: Бекейханов А. Шығармалары (кіріспе, авт. М. Қойгелдиев), М., А., 1994, 3-б.
- <sup>118</sup> Атабаев К. Қазақ баспасөзі. Қазақстан тарихының дерек көзі (1870–1918 жж.), А., 2000, 210-б.
- <sup>119</sup> Дулатов М. Шығармалары. А., 1991, 300-б.
- <sup>120</sup> «Қазақ» газеті, А., 1995.
- <sup>121</sup> Дулатов М. Шығармалары. А., 1991, 302-б.
- <sup>122</sup> Политическая жизнь русских мусульман до Февральской революции. Оксфорд, 14–15-б.
- <sup>123</sup> Байтурсынов А. Ақ жол. А., 1991, 243-б.
- <sup>124</sup> Байтурсынов А. Ақ жол, 18-б.
- <sup>125</sup> Таң-Шолпан. А., 2000, 174-б.
- <sup>126</sup> Өлкедегі баспасөз тарихын зерттеуші, белгілі библиограф Ү. Субханбердинаның деректері бойынша Санкт-Петербургтегі М. Е. Салтыков-Щедрин атындағы кітапханада газеттің 22 нөмірі сакталынған.
- <sup>127</sup> Қар.: Нұрпейісов К. Алаш һем Алашорда. А., 1995, 127-б.

- <sup>128</sup> Қазақ халқының атамұралары. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. Құрастырылған Ү. Субханбердина. А., 1999, 56–58-б.
- <sup>129</sup> Толығырақ қар.: *Нұрпейісов К.* Алаш һәм Алашорда, 133–169-б.
- <sup>130</sup> *Остроумов Н. П.* Исламоведение. Введение в курс исламоведения. Ташкент, 1914, 127-б.
- <sup>131</sup> ЦГА РК, ф. 369, оп. 1, д. 3713, л. 29.
- <sup>132</sup> *Бұл да сонда*, д. 871, л. 25.
- <sup>133</sup> Қазақ әдебиеті. 1996, № 22, 28 мамыр.
- <sup>134</sup> *Кәкішев Т.* Садақ. А., 1986, 23-б.
- <sup>135</sup> ЦГА РК, ф. 90, оп. 1, д. 773а, л. 78.
- <sup>136</sup> *Бұл да сонда*.
- <sup>137</sup> Қазақ, 1913, № 3.
- <sup>138</sup> Қазақ әдебиеті. 1996, № 22, 28 мамыр.
- <sup>139</sup> ЦГА РК, ф. 25, оп. 1, д. 1546, л. 1.
- <sup>140</sup> *Бұл да сонда*, ф. 90, оп. 1, д. 773а, л. 55.
- <sup>141</sup> *Бұл да сонда*, ф. 26, оп. 1, д. 1602, л. 6.
- <sup>142</sup> *Бұл да сонда*, ф. 25, оп. 2, д. 257, л. 1; *Ивлев Н., Масанов Н.* Видный казахский ученый С. Бабажанов //Вестник АН КазССР, 1982, № 11.
- <sup>143</sup> ЦГА РК, ф. 25, оп. 1, д. 970, л. 39.
- <sup>144</sup> *Бұл да сонда*, оп. 2, д. 371, л. 5.
- <sup>145</sup> *Дулатов М.* Ұрпаққа хат// Дала дидары, 1991, 8 мамыр.
- <sup>146</sup> *Байтұрсынов А.* Бастауыш мектеп /Қазақ, 1914, №87.
- <sup>147</sup> Материалы по истории политического строя Казахстана. А., 1960, т. 1, 460-б.
- <sup>148</sup> *Тынышбаев М.* Ресей Министрлер Комитетінің Төрағасына хат //Өркен, 1991, 28 желтоқсан.
- <sup>149</sup> *Бұл да сонда*.

# **ҚОСЫМШАЛАР**



## ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКШІ

- 1663–1756 – Төле би.
- 1663–1727 – Цеван-Рабтан, жонғар ханы.
- 1665–1765 – Қазыбек би.
- 1670–1697 – Жонғар ханы Галдан-Бошоктудың ел билеуі.
- 1680–1778 – Қанжығалы Бөгөнбай батыр.
- 1680–1715 – Тәүке ханның ел билеуі.
- 1682–1766 – Әйтеке би.
- 1690–1740 жылдар шамасы – Ұлы жұз ханы Жолбарыстың ел билеуі.
- 1691–1769 – Қаракерей Қабанбай батыр.
- 1693–1752 – Жәнібек Кошқарұлы.
- 1710 – Қазақ жүздері өкілдерінің жонғар феодалдарына қарсы құрес ұйымдастыруға арналған жиыны. Бөгөнбай батыр мен Әбілқайыр ханның казак жасағының басшысы болып сайлануы.
- 1711–1781 – Абылай хан.
- 1714–1716 – И. Бухгольцтің Шығыс Қазақстан мен Алтайға өскери-барлау экспедициясы.
- 1715–1724 жылдар шамасы – Болат ханның ел билеуі.
- 1716 – Омбы қаласының салынуы.
- 1717–1718 – Қазақ жасақтарының жонғар өскерлерімен шайқастары.
- 1718 – Семей қаласының салынуы.
- 1720 – Өскемен қаласының салынуы.
- 1722–1724 – Жонғарияға барған И. Унковскийдің елшілігі.
- 1723–1727 – Қазақ хандығына қарсы жонғар шапқыншылығы. Алапат ауыр жылдар («Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама»)
- 1724–1734 жылдар шамасы – Сәмеке ханның ел билеуі.
- 1726 – Қазактардың Ордабасыдағы құрылтайы.
- 1726 – Бұланты мен Білеуті өзендері бойында қазақ жасағының жонғар өскерлерімен шайқасы.
- 1730 (1729–1730) – Қазақ жасағының Аңырақайда жонғарларды женуі.
- 1730, қыркүйек – Әбілқайыр ханның С. Қойдағұлов пен К. Қоштаев бастаған Ресейге елшілігі.

- 1730–1733 – Императрица Анна Иоанновнаң Әбілқайыр мен басқа да казак билеушілерін Ресейдің қол астына алу туралы грамотасы.
- 1731–1732 – А. Тевкелев елшілігі.
- 1734, мамыр – И. Кириллов бастаған Орынбор экспедициясы қызметінің басталуы.
- 1734–1771 – Әбілмәмбет ханның ел билеуі.
- 1735, 15 тамыз – Ор өзенінің сағасында Орынбор қаласының салынуы (кейінрек Орск қамалы).
- 1738 – Әбілқайыр ханның қайта ант беруі.
- 1738–1741 – Жонғарлардың Қазақстанға басып кіруі.
- 1740 – Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанның Орынбор әкімшілігіне ант беруі.
- 1741–1742 – Қазақ-жонғар соғысы.
- 1741–1743 – Абылай ханның Галдан-Церенде тұтқында болуы.
- 1742, 19 қазан – Патша үкіметінің қатардағы қазактардың Жайық қалашығы мен салынып жатқан қамалдар маңында көшіп-қонуына тыйым салған жарлығы.
- 1743 – Орынбор қаласының салынуы.
- 1743 – Жонғар өскерлерінің Оңтүстік Қазақстанға басып кіруі.
- 1748, тамыз – Әбілқайыр ханның өлтірілуі.
- 1748–1786 – Нұралы ханның Кіші жүзде ел билеуі.
- 1752 – Петропавл қаласының салынуы.
- 1755, 6 наурыз – Сыртқы істер алқасының Орта жүздің қатардағы қазактарына Ертістің он жағалауына өтуге тыйым салған жарлығы.
- 1756–1758 – Абылай хан бастаған қазактардың Цин агрессиясына қарсы құресі.
- 1758 – Жонғарияның құлауы.
- 1764 – Абылайға жіберілген М. Арапов елшілігі.
- 1767 – Абылайға жіберілген К. Абзанов елшілігі.
- 1771–1781 – Абылай ханның ел билеуі.
- 1771 – Еділ қалмақтарының Жонғарияға қоныс аударуы («Шанды жорық»).
- 1773–1775 – Е. Пугачев бастаған шаруалар соғысы.
- 1780–1860 – Жанқожа Нұрмұхамедов.
- 1781–1821 – Уәли ханның Орта жүзде ел билеуі.
- 1783–1797 – Сырым Датов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс.
- 1791–1838 – Исатай Тайманов.
- 1792–1794 – Ералы ханның Кіші жүзде ел билеуі.
- 1794–1797 – Есім ханның Кіші жүзде ел билеуі.
- 1798–1805 – Айшуақ ханның Кіші жүзде ел билеуі.
- 1801 – Бекей хандығының (Ішкі Орда) құрылуы.

- 1804–1846 — Махамбет Өтемісов.
- 1803 — Орал казак өскері туралы Ереже.
- 1807–1888 — Есет Көтібаров.
- 1808 — Сібір казак өскерінің құрыла бастауы.
- 1822 — «Сібір қырғыздары туралы жарғының» енгізілуі және Орта жүзде хандық өкіметтің жойылуы.
- 1824–1844 — Қазақстанда сыртқы округтердің құрылуы.
- 1823–1845 — Бекей хандығында Жәңгір ханның ел билеуі.
- 1824 — Азиялық комитеттің «Орынбор қырғыздары туралы жарғыны» кабылдауы.  
Кіші жүзде хандық өкіметтің жойылуы.
- 1824–1825 — Ғұбайдулла Уәлихановтың патша өкіметіне қарсы қозғалысы.
- 1824 — Көкшетау және Қарқаралы қалаларының салынуы.
- 1824–1844 — Орта жүзде сыртқы округтердің құрылуы.
- 1824–1836 — Қазақстанның отарлауға қарсы Саржан Қасымов бастаған көтеріліс.
- 1824 — Қарқаралы округының құрылуы.
- 1826 — Баянауыл округының құрылуы.
- 1831 — Аягөз (Сергиополь) округының құрылуы.
- 1831–1868 — Кіші жүзде дистанциялық басқару жүйесі болған кез.
- 1832 — Ақмола (қазіргі Астана) қаласының салынуы.
- 1834 — Маңғыстауда Новопетровск бекінісінің салынуы (1846 жылы ол орнынан қөшіріліп, Александровск форты болып аталды, қазіргі Ақтау қаласы)
- 1834 — Құсмұрын приказының ашылуы.
- 1835–1865 — Шоқан Уәлиханов.
- 1836–1838 — Бекей хандығындағы Исадай Тайманов пен Махамбет Өтемісов бастаған көтеріліс.
- 1836–1857 — Отаршылдық езгіге қарсы қазактардың Жанқожа Нұрмұхамедов бастаған қозғалысы мен көтерілісі.
- 1837–1847 — Отаршылдыққа қарсы Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық көтеріліс.
- 1838 — «Сібір қырғыздарын жеке басқару туралы ереженің» енгізілуі.
- 1839–1840 — В. Л. Перовский баскарған Хиуда экспедициясы.
- 1841–1889 — Ыбырай Алтынсарин.
- 1844 — Кіші жүзді басқару жөніндегі жаңа ереженің енгізілуі.
- 1845 — Хан өкіметінің жойылып, «Ішкі (Бекей) орданы басқару жөніндегі Уақытша кенестің» құрылуы.
- 1845–1904 — Абай (Ибраһим) Құнанбаев.
- 1846 — Атбасар округының құрылуы.
- 1847–1857 — Т. Г. Шевченконың Қазақстанда айдауда болуы.

- 1847–1858 – Отаршылдық езгіге қарсы Есет Көтібаров бастаған Арал өнірі казактарының көтерілісі.
- 1850–1859 – Ф. М. Достоевскийдің Омбы мен Семейде болуы
- 1853 – Орыс әскерлерінің Ақмешітті (казіргі Қызылорда қаласы) алуы.
- 1854, 19 мамыр – «Сібір ведомствосындағы қырғыздарға Ресей империясының жалпы заңдарын тарату туралы Сібір комитеті ережесінің» өндіріліуі.
- 1854 – Верный (казіргі Алматы қаласы) бекінісінің салын
- 1854 – Семей облысының құрылуды.
- 1860, қазан – Жетісудың Ұзынағаш деген жерінде Қокан әскерлерінің талкандалуы.
- 1864 – Қокан қамалдары Меркені, Түркістанды, Әулиеатаны, Шымкентті патша әскерлерінің алуы.
- 1865, 17 мамыр – Патша әскерлерінің Ташкентті алуы.
- 1867, 11 шілде – «Жетісу және Сырдария облыстарын басқару туралы уақытша ереже». Түркістан генерал-губернаторлығының құрылуды.
- 1867–1868 – Әскери-сот комиссиялары мен уездік соттардың құрылуды.
- 1868, 21 қазан – «Орынбор және Батыс Сібір генерал-губернаторлықтарындағы далалық облыстарды басқару туралы уақытша ереже». Дағы генерал-губернаторлығы мен Орал, Торғай облыстарының құрылуды.
- 1869–1870 – Орал және Торғай облыстарындағы көтеріліс.
- 1869 – Актөбе қаласының салынуы
- 1870–1937 – Әлихан Бекейханов.
- 1870 – Манғыстаудағы толкулар.
- 1872 – Бұрынғы Бекей хандығы аумағының Астрахан губерниясы құрамына берілуі.
- 1872–1929 – Мұхамеджан Сералин.
- 1873 – Патша әскерлерінің Хиуаға жорығы.
- 1873–1938 – Ахмет Байтұрсынов.
- 1873–1919 – Амангелді Иманов.
- 1879–1938 – Мұхамеджан Тынышбаев.
- 1879 – Қостанай қаласының салынуы.
- 1881–1884 – Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға коныс аударуы.
- 1883 – «Облыстың отырықшы тұрғындарын жерге орналастыру туралы ереже» (Жетісу).
- 1885–1935 – Міржақып Дулатов.
- 1886, 12 шілде – «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ереже».
- 1889, 13 шілде – «Село тұрғындары мен мещандардың қазыналық жерлерге өз еркімен коныс аударуы туралы және аталған сословиelerдің бұрынғы кезде коныс аударған адамдарының тізімін алу тәртібі туралы ереже».
- 1891, 25 наурыз – «Ақмола, Семей, Орал және Торғай облыстарын басқару жөніндегі ереже».

1893 – «Сібір темір жолы ауданында коныс аударылатын және запас участеклер құруға арналған уакытша ережелер».

1896–1901 – Сібір темір жолының салынуы.

1897 – Ресей империясы халқының бірінші жалпы санағын жүргізу.

1898, 2 маусым – «Далалық облыстардың сот ісі құрылышы жөніндегі заң».

1899–1905 – Орынбор-Ташкент темір жолының салынуы.

1903 – «Сырдария, Ферғана және Самарқан облыстарының қазыналық жерлеріне өз еріктімен коныс аударту туралы заң».

1904–1906 – Қазақстан аумағында Торғай-Орал, Ақмола, Семей, Сырдария және Жетісу коныс аудару аудандарының құрылуы.

1905–1907 – Бірінші орыс революциясы.

1905, 17 қазан – Ресей империясындағы азаматтық бостандықтар жайлы Манифест.

1906, сәуір-маусым – I Мемлекеттік Дума.

1907, ақпан–маусым – II Мемлекеттік Дума.

1907–1912 – III Мемлекеттік Дума.

1909 – «Ақмола, Семей, Торғай және Орал облыстарындағы коныстандыруға, сондай-ақ басқа да мемлекеттік қажеттерге керек Мемлекеттік жер корын анықтау тәртібі туралы нұсқау».

1912–1917 – IV Мемлекеттік Дума.

1911–1915 – «Айқап» журналы.

1913–1918 – «Қазак» газеті.

1914–1918 – Бірінші дүниежүзілік соғыс.

1916, 25 маусым – Патша үкіметінің тылдағы жұмыстарға қазақтарды, қырғыздарды, өзбектерді, түркмендерді, дүнгендер мен үйғырларды мобилизациялау туралы жарлығы.

1916, шілде – Қазақстанда халық-азаттық қозғалыстың басталуы.

1917, 27 ақпан – Ресейдегі Ақлан буржуазиялық-демократиялық революциясы.

Патша өкіметінің құлатылуы.

1917, 8 наурыз – Уақытша үкіметтің құрылуы.

1917, көктем-жаз айлары – Әскери-өндірістік комитеттердің қызметі.

1917, шілде – Бірінші жалпықазақ съезі.

## ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

- Абаза К.К. 438  
Абдолла хан 99  
Абзанов У. 260  
Абзанов Ш. 260, 261  
Абрамов Н.А. 560  
Абсалямов Б. 332  
Абыз-Шомақ 67  
Абыл 551  
Абылаев Ә. 371  
Абылай хан 21, 37, 53, 54, 64, 65, 68-  
75, 77, 100, 141, 146, 159, 165, 166,  
169, 171, 172, 174, 187, 189, 195, 197,  
201, 202, 212, 219, 230, 247-262, 265-  
268, 270-275, 279, 281, 285, 291, 297,  
303, 321-325, 328, 330, 344, 346,  
347, 352, 354, 404, 405, 407, 531, 542,  
547  
Абылайханов С. 370  
Агапов В.Б. 668  
Ағыбай батыр 38, 202, 346  
Азизов С. 682  
Азанбай 325  
Айбас 267  
Айғаным 321  
Айманов Ж. 700  
Аймауытов Ж. 706, 710  
Айнақұл Батый 146  
Айтбакин А.Д. 560, 565, 700  
Айтматов Ш. 13  
Айшыбек батыр 131  
Айшуақ 208, 209, 211, 212, 219, 226, 234  
Айшуақов Б. 307, 345, 350, 363  
Ақинер Ш. 49  
Ақаев С. 659  
Ақаев Х. 659  
Ақан сері Қорамсаұлы 506, 551, 555, 516,  
716  
Ақбаев Ж. 26, 43, 459, 610-618, 659, 660,  
690, 691, 700, 706, 710, 723  
Ақбала 550  
Ақкөз Қосанұлы 643  
Ақмолда 377  
Ақмырза би 324  
Ақпанбай батыр 68  
Ақтамберді Сарыұлы 68-70, 139, 142,  
143, 146, 267, 405, 406  
Ақтанов М. 323  
Ақылбек Сабалұлы 551, 698, 715  
Алаев Б. 335  
Алманов 640, 650  
Алаша хан 291, 541  
Алдабергенов И. 336  
Алдияров Ә.Б. 723  
Александр I 169, 190, 291, 310, 324,  
381, 723  
Александр II 418  
Александр III 430  
Александр Македонский 411  
Алексеенко Н. 35  
Алектров А. 25, 26, 676, 677  
Аллабергенов Т. 622  
Аллақұл 362, 363  
Алмасов О. 642, 659  
Алтыбай 68  
Алтынсарин Ы. 12, 13, 61, 80, 523, 527,  
528, 533-535, 549, 553, 566, 683, 700,  
703, 706, 707  
Алыбай 324  
Аманжолов С. 645, 723  
Аманжолова Д. 42-46  
Аманов О. 215  
Андре Д. 563  
Андреев Т.И. 691  
Андреевич В.К. 151  
Аниховский А.И. 692  
Аничков И. 36  
Анна Иоанновна 21, 159, 162  
Анненков И.В. 692  
Аңғал 346  
Аңдас 371  
Аполова Н.Г. 11, 19, 33, 35, 51, 126,  
139, 297  
Апраксин Ф.М. 108  
Арабаев И. 702  
Арапов 261  
Арендеренко Г.Л. 561  
Аристов Н.А. 63, 64, 561, 697  
Арқалық батыр 408  
Арқандар батыр 68  
Арслан 386  
Артықбаев Ж. 43  
Арынғазы хан 288, 290  
Арысланов Х. 420, 421  
Арыстан Толыбайұлы 247  
Арыстанов Т. 112  
Асадбегі 286  
Асан Қайғы 549  
Асанов М. 251  
Асауов Ұ.А. 559  
Асаулов Д. 421  
Асфендияров С.Ж. 17, 37, 55, 63, 81,  
386, 703

- Асфендиярова Г. 724  
 Асылбеков М. А.Х. 30-31, 35, 38  
 Атабаев К. 707  
 Ахмад шах 252  
 Аюке хан 104, 107, 113, 124, 134, 135, 158  
 Эбдуали би 377  
 Эбдіәзіз хан 289, 290  
 Эбді әл-Әзім (Әзімбай) 284, 285  
 Эбді әл-Кәрім би 279  
 Эбді әл-Маджит 369  
 Эбді-и Kahhar 285  
 Эбдіәрім Бұхари 289  
 Эбдіманов Ә. 43  
 Эбдіров М.Ж. 23,126  
 Эбубәкір Кердери Шоқанұлы 547, 549  
 Эбу Убдаллах Мұхаммед 293  
 Эбілғазиев А. 387  
 Эбілғазы Баһадүр хан 63  
 Эбілқайыр хан 16, 18, 19, 21, 53, 55, 56, 64, 66, 75, 99-104, 106-109, 111-114, 116-118, 125-130, 134-139, 143-146, 156-175, 190, 201-202, 208,220, 228, 261  
 Эбілқайыр хан (Шибан үрпағы) 201  
 Эбілқасым 287  
 Эбілмәмбет хан 21, 64, 65, 74, 100, 103, 138, 146, 156,157, 165, 166,171, 172, 174, 188, 196, 247, 251-254, 262, 268, 272  
 Эбіл Файз хан Эбілпейіз сұлтан, Эбілпейіс 65, 172, 250, 254, 262, 267, 272  
 Эбілфейізов Р. 353,370  
 Эділов F. 370  
 Эділ сұлтан (Әділ төре) 189, 212, 254, 265, 274, 281, 282, 284,285, 291, 346  
 Эзербаев К. 716  
 Эйтеке би 38, 66, 69, 136, 138, 146, 201, 408  
 Элжан 371  
 Элжанов 700  
 Эли Абылайұлы 346  
 Элібеков F. 660, 662  
 Элібеков И. 662  
 Элібеков К. 353  
 Элімбек 279, 282-284  
 Элімқұл 375-378  
 Эмір 284  
 Эміре хан 386  
 Эміров А. 198  
 Эмірсана 53, 71, 72, 130, 187, 248-250, 259  
 Эмір Темір ( Темірлан) 279, 285, 286, 411  
 Эмір Хайдар 282, 288-290  
 Эсет Найманбайұлы 551, 716  
 Эуезов М.О. 16, 543, 547, 708-710  
 Эуезова Л.М. 28  
 Эшекеев Б. 643-645, 650, 717, 645  
 Бабажан 387  
 Бабажанов К. 338  
 Бабажанов М.-С. 80, 559, 690, 721  
 Бабажанов X. 565  
 Бабатаев Дулат, қараңыз Дулат Бабатай-ұлы  
 Бабахан (Шейхантаур) 279, 281  
 Бабыр 279  
 Бадақұл 65  
 Баевов К. 378  
 Базанов У. 562  
 Базарбаев М. 42, 286  
 Базар Баһадүр 286  
 Байбек 112  
 Байболов К. 69  
 Байғозы 68, 69, 141, 267  
 Байжанов, қараңыз Жаяу Мұса Байжан-ұлы  
 Байжігіт 264, 411  
 Байзак Мамбетұлы 202, 377, 650  
 Байқадамов С. 389  
 Баймагамбет 75, 544, 545  
 Баймұхамедов 571  
 Байніджур 248  
 Байрон Д. 533, 717  
 Байсейіт 346, 371  
 Байтепек 279  
 Байтокин 303  
 Байторин Т. 336  
 Байтұрсынов А. 43, 46, 48, 61, 81-83, 459, 610, 618, 624, 636, 640, 660-662, 681, 691, 702, 705-713,717, 725-726  
 Байшағыров А. 612  
 Бакунин В.М. 134  
 Бакурман 112  
 Бақауыл бегі 287  
 Бақтыбаев Ш. 352  
 Бақтыбай 350  
 Бақтыгереев Ш. 315  
 Баландин Ф. 115  
 Балғымбаев А.Б. 691  
 Балкашин Н.Н. 560  
 Балта ақын 546  
 Балтаев М. 647, 698  
 Балуан Шолак Баймырзаұлы 506, 551,716  
 Барабаш 428  
 Барақ сұлтан 67, 69, 72, 100, 103, 108, 147, 157, 169,171, 172,174, 175, 188, 211, 251, 255, 267, 271-273, 278  
 Барак хан (Орыс ханның немересі) 65  
 Баржақсин А. 710  
 Барнаби Ф. 53  
 Барсук В.К. 560  
 Бартольд В.В. 58, 691, 697  
 Басин В.Я. 11  
 Басығара 346  
 Батма-Церен 248  
 Батыр 100, 103, 146, 157, 169, 208, 209, 222, 253, 272, 303  
 Батыршин С. 565  
 Батыршы 211, 212  
 Батюшков Г.С. 299  
 Баулықов Е. 112  
 Бахметов И. 115  
 Бахрушев Н. 658  
 Баһадүр 112  
 Баян батыр 68, 70, 71, 142, 143, 267, 271, 407  
 Бегімбаев Н. 661  
 Безак А.П. 373, 374

- Безбородко А. 231, 338  
 Бейли Ф. 654  
 Бейсенов А. 559  
 Бекбатыров Ж. 645  
 Бекболат 14  
 Бекболатов Э. 645  
 Бекетаев М. 562  
 Бекетов 75  
 Бекетов А.Н. 531  
 Бекмаханов Е.Б. 27, 29, 36-38, 62, 63, 129, 312, 346, 484  
 Бекмаханова Н.Е. 35  
 Бекметов 610  
 Бекмұхамедов Е. 29  
 Бекович-Черкасский А. 154  
 Бекчурин И.Н. 692  
 Бекімов М. 716  
 Белев Н. 567  
 Белослюдов А.Н. 693  
 Белослюдов В.Н. 684, 693, 694  
 Белоусов М. 112, 155  
 Беневени Ф. 113, 136  
 Бенигсен А. 49, 56, 61  
 Бенсиудун С. 58  
 Бербосынов К. 420  
 Берг Л.С. 686, 689  
 Берденов Б. 717  
 Бердікова 69, 267, 274  
 Беркімбаев Д. 689  
 Бернс А. 360  
 Бигаш 69  
 Бисенбаев Э. 40  
 Бизанов 307, 350  
 Бичурин Н.Я. 105  
 Бишеков Ұ. 420  
 Блан Э. 57  
 Бланк С. 60  
 Бларамберг И. 25, 486  
 Блек А. 560  
 Блэк С. 56- 57  
 Браун А. 655  
 Брем А. 512  
 Броневский С.П. 25, 192, 303, 308, 326, 332, 336  
 Брусицын Б.И. 687  
 Брянцев Б. 112, 127  
 Бөгдө Ежен хан 322  
 Боджер А. 54-56, 117  
 Бокин Т. 640, 643, 650  
 Болат хан 65, 100, 143, 156, 254, 273, 324  
 Бопы 274  
 Бородин А.П. 558  
 Бородин Г. 215  
 Бородин Н. 560, 621, 622  
 Боувер Я. 275  
 Бекенбай батыр 64, 67-70, 125-127, 131, 134, 135, 138, 139, 141, 142, 146, 202, 247, 250, 267, 271, 404, 405  
 Бекей батыр 142  
 Бекей хан 72, 234, 237, 239, 240, 273, 274, 298, 303, 321, 383  
 Бекейханов Эділ 242  
 Бекейханов Элихан 11, 13-15, 25, 26, 39, 43, 45, 46, 48, 61-64, 81-83, 459, 492, 560, 562, 602, 609, 610, 618, 620, 621, 624, 636, 640-642, 658-662, 681, 689, 690, 700, 703, 705-708, 710, 712, 721, 726  
 Бекейханов М. 238  
 Бекенбай батыр 19, 55, 100 160, 161, 180, 202  
 Бөлек Сатайұлы 143, 163  
 Белекей сұлтан 289  
 Белен 304  
 Бөлішке 71  
 Бөриев Б. 111, 155  
 Бөрітонды Бәрте 69  
 Браун А. 654  
 Букин И. 561, 565  
 Булатов 384  
 Бульджер Д. 57  
 Бунаков 536  
 Бунге 582  
 Бура 211  
 Бурмистрова Т.Ю. 38  
 Бутаков 419  
 Бутаков А. И. 364, 365, 373  
 Бутенов К.Ф. 361  
 Бухгольц И.Д. 12, 111, 151, 152, 154 - 156  
 Бушинский В.П. 491  
 Бұзаубеков 717  
 Бұзырық қожа 280  
 Бұйрин 701  
 Бұқарбай батыр 202, 346  
 Бұқар жырау Қалқаманұлы 37, 64, 70, 71, 75, 143, 146, 247, 254, 404-406  
 Бұзембаев 645  
 Біржан сал Қожағұлұлы 550, 551, 555, 716  
 Бірімжанов А. 621, 622, 660, 721  
 Бэккер С. 59  
 Бэкон Э. 49, 50, 61  
 Ваганова О. 26  
 Вайсерт 610  
 Вартенбург И. 52  
 Василий III 20  
 Васильев В. П. 531  
 Васильев Н. 25, 615  
 Васильев П.А. 562  
 Василевичков 622, 658  
 Велецкий С.Н. 23, 473, 596, 602  
 Вельяминов-Зернов В.В. 25, 154 531, 559  
 Венюков М.И. 25, 442, 561  
 Веревкин М. 414, 438  
 Веревкин Н.А. 367, 375, 376  
 Веселовский Н.И. 532  
 Верещагин П. 26  
 Вильгельм 652  
 Виноградов В. 12  
 Виноградов А.К. 621, 622  
 Витасинов А. 215  
 Витевский В.Н. 126, 162, 168  
 Виткевич И.В. 360  
 Виторский Н.В. 668  
 Вишневский 351  
 Владимирцов Б.Я. 52  
 Владимировский В.А. 562

- Вобан 306  
 Воликовский 633  
 Волков Д.В. 209  
 Волковский 241  
 Волынский А.П. 107, 108, 134  
 Воронцов А.Р. 228  
 Врангель К. 417  
 Вревский А.Б. 685  
 Вуд А. 54  
 Вуд Г. 360  
 Вудров Т. 359  
 Вяткин М.П. 36, 51, 55, 142, 209, 232, 234, 235, 269  
 Гавердовский Я. 125, 126, 133, 141, 192, 200  
 Гаврилов М.А. 622  
 Гагарин М.П. 76, 111, 112, 127, 151, 152, 154, 155  
 Гаге К. 511  
 Гагемайстер Ю.А. 25  
 Галдан-Бошокту хан 105, 122, 123  
 Галдан-Церен (Галден Шері) 64, 66, 71, 72, 130, 135, 157, 162, 163, 166, 171-173, 196, 247, 407  
 Галкин М. 365  
 Галузо П.Г. 15, 16, 23, 28, 29, 33, 432, 447, 473  
 Ганвей Дж. 359  
 Гаспринский И. 680, 703, 704, 707  
 Гасфорт 371, 529  
 Гауһар 141  
 Гедин С. 49  
 Гейер И. 561  
 Гейнс А.К. 25, 383, 415  
 Геке А. 341, 342  
 Геллер А. 26  
 Генс А.Ф. 334, 344, 415  
 Георги 186  
 Гепрер С. 646  
 Герасимов Б.Г. 684, 694  
 Герасимова Э. 35  
 Герберштейн С. 201  
 Герн А. 560  
 Герн В. 25, 350  
 Гернгресс А.Р. 360  
 Геродот 558  
 Герцен А.И. 386  
 Гескет С. 470  
 Гетч О. 53, 58  
 Гинс Г. 498  
 Гинсбург А. 28  
 Гирс 418, 451  
 Гладышев Д. 166  
 Гоббс 108  
 Гоголь В. 533  
 Гок Р. 359  
 Голицын 601  
 Голованов И.Ф. 622  
 Головкин А.Г. 108  
 Голубев А.Ф. 561  
 Гольчевски Ф. 54  
 Гомбинский 610  
 Гомер 13  
 Горчаков В.Д. 344, 350, 351, 372, 381  
 Горчаков Д.А. 421  
 Горячева А. 35  
 Граменицкий С.М. 693  
 Гранкин 230  
 Григоровский А. 303  
 Григорьев В.В. 25, 385-388, 531, 533, 559  
 Гродеков Н. 25, 563, 684  
 Гросс С.С. 50, 560, 563  
 Груссе Р. 50  
 Грызлов 645  
 Грэм С. 49  
 Губанов А. 215  
 Гуляев С. 560  
 Гуляев Я. 59, 260  
 Гумаров Р. 332  
 Гусев Н.Ф. 562  
 Гутковский К.К. 529  
 Гұлайым Өтегенқызы 702  
 Фаббас 274  
 Фаббасов А. 325, 326, 329, 330  
 Фаббасов С. 702  
 Фаббасов Х. 660, 710, 723  
 Файып хан 65  
 Фалиев В.З. 34, 35  
 Фалымов А. 702, 717  
 Фасымбек Н. 63  
 Ғұбайдулла сұлтан 274, 303, 322-328, 330, 344  
 Дағыл 388  
 Дағаси 248, 249, 259  
 Дағыдов А.Р. 210  
 Даіыр сұлтан 219, 254, 272, 273  
 Даіай-лама 104, 123  
 Даіай тайши 66  
 Даіль В. 40  
 Даіилевский Г.И. 360, 362  
 Даідана 72, 249, 250  
 Даіқан 141  
 Даіт 267  
 Даітов Сырым 36, 37, 52, 72, 78, 220, 224-228, 230-234, 237, 408, 411, 650  
 Дауылбаев Б. 559, 595, 690  
 Дахшлейгер Г.Ф. 17, 38  
 Даукебаев И. 717  
 Даuletкелді 68  
 Даuletкереj Шығайұлы 554  
 Дауітбай 219  
 Дауітov С. 21  
 Джамадар Кабули 379  
 Джафаров М.Ф. 649  
 Декалонг 217  
 Демезон П.И. 360  
 Демидов А. 573  
 Демко Дж. 59  
 Денисов И.Х. 581  
 Деррен С.Н. 694  
 Дерхе 373  
 Дерышов 386  
 Деріпсәлі батыр 142, 267, 271  
 Дидаев Э. 25, 67, 142, 143, 561, 656, 697  
 Дигар Ж.-П. 52  
 Диқанбай 371  
 Дингельштедт Н.А. 49

- Дмитриев Н.Ф. 559, 562  
 Дмитриев С.Е. 689  
 Добромуслов А.И. 25, 26, 139, 162, 167,  
     192, 696, 697  
 Довиновский Н. 417  
 Додо-Доржым 130  
 Долгов 348, 350  
 Долгополов Н.И. 560  
 Дондук-Омбо 108  
 Донелли Э. 54  
 Донсков Д. 226, 231-233  
 Донской Д. 354  
 Досалы сұлтан 209, 215-217, 219, 251  
 Досанг тайши 107, 135  
 Досбаев I. 600  
 Досжанов С. 660  
 Досжанова А. 724  
 Досмұхамедов Ж. 459, 660, 661, 662  
 Досмұхамедов Х. 15, 16, 43, 61, 160, 459,  
     659, 706, 723, 726  
 Доссов Ы. 420, 421  
 Достоевский Ф.М. 529, 531  
 Досым би 290  
 Дөненбаев 609  
 Дөненов Т. 345  
 Дөнентаев С. 636, 702, 706, 710, 714  
 Друмонт 133  
 Дутко 646  
 Дулат Бабатайұлы 74, 75, 547, 552  
 Дулатов М. 11, 43, 45, 61, 81-83, 146,  
     247, 459, 618, 620, 624, 636, 640, 642,  
     659, 660-662, 681, 699, 700, 705-708,  
     710-713, 720, 723-726  
 Дулатова Д.И. 17  
 Дуниковский 349, 350  
 Дуров С.Ф. 529  
 Дүйсенбаев И. 723  
 Дүкен 555  
 Дыхнич Н.Е. 621  
 Ділмұхамедов Е.Д. 29, 30, 38  
 Дюгамель А.О. 373, 415
- Евтушевский 536  
 Егошкин Я.И. 622  
 Едіге би 64, 72  
 Едіkbай 113  
 Екатерина I 108  
 Екатерина II 195, 222, 227-229, 231, 232,  
     256, 258, 273, 297  
 Екейбаев 645  
 Екешев Б. 111, 155  
 Елгин 330  
 Елизавета Петровна 170, 211, 269  
 Елпатьевский В.С. 688  
 Елтүзер 279, 289  
 Елшібек 68, 131, 267  
 Ембекей 219  
 Еникеев И.И. 692  
 Емельянов 695  
 Ералин 343  
 Ералы 162, 167, 208, 210-212, 230, 232,  
     233, 251, 253, 267, 289  
 Ердана 252  
 Еремин Ф.А. 622  
 Ермеков Ә. 459, 710, 723, 726
- Ерофеев 382, 658  
 Ерофеева И.В. 17  
 Есберді 261  
 Есболов М. 659  
 Есенбаев С. 717  
 Есенғалиева Г. 29  
 Есенқұлов О. 622  
 Есенқұлов Т. 562, 723  
 Есет батыр 55, 56, 67, 100, 125, 135, 138,  
     139, 141, 142, 146, 160, 203, 272  
 Есмәmbет батыр 68  
 Есмурзин Ә. 35  
 Еспембет би 547  
 Есім хан 65, 102, 108, 188, 211, 230, 233,  
     252, 254, 272, 273  
 Есімов Ш. 335  
 Ефимовский-Мировид И.И. 691
- Жабаев Ж. 550, 551  
 Жабай батыр 142, 267  
 Жайылхан би 101  
 Жайнақов И. 660, 661  
 Жақаев К. 259  
 Жақсылықов I. 562, 723  
 Жалаңтөс батыр 66  
 Жалбы 71  
 Жалмұхамедов Т. 562  
 Жалықбаев Ж. 723  
 Жаманмұрынов Т. 659  
 Жамантай 326  
 Жаназар 267, 290  
 Жанай 143  
 Жанайдар 346  
 Жанайдаров М. 700  
 Жанақ Сағындықұлы 546, 550, 551  
 Жанболат би 231  
 Жанатай батыр 68, 266, 267, 407  
 Жанбасов Т. 420  
 Жанбосынов Ә. 17, 643, 647, 648, 650  
 Жанбота 556  
 Жандыбаев Т. 504  
 Жанғазы 290  
 Жанғелдин Ә. 640, 643, 647, 650  
 Жанкісі 405, 406  
 Жанқұшіков Ю. 435  
 Жанназар би 290  
 Жансүгіров I. 710  
 Жантасов 661  
 Жантай батыр 67, 138  
 Жантелин Ж. 340  
 Жантөре 274  
 Жантөрин А. 345, 350, 384  
 Жантөрин М. 345, 384  
 Жантөрин С. 80, 559, 565, 689, 721  
 Жанышев Х. 563  
 Жаңатай батыр 68, 267, 407  
 Жаңбыршин Б. 363, 533  
 Жарылғапберді 555  
 Жарылғап би 64, 143  
 Жарылғасов Ш. 75  
 Жасмағамбетов М. 723  
 Жауғаш батыр 69, 267  
 Жаулыбай батыр 67  
 Жаяу Мұса Байжанұлы 349, 350, 362, 506,  
     551, 555, 557, 716  
 Жәдік сұлтан 55, 65, 100

- Жәнібек батыр 68, 69, 267  
 Жәнібек батыр Қошқарұлы (Шакшак)  
 Жәнібек, Жәнібек тархан) 37, 56, 67, 69,  
     100, 101, 125, 131, 136, 138, 139, 141,  
     142, 146, 161, 171, 202, 203, 247, 271,  
     404  
 Жәрібеков Ж. 705  
 Жәнібеков М. (Угар) 303, 625  
 Жәнібек хан 55  
 Жәңгіров Ш. (Шәді Жәңгірұлы) 555, 698,  
     715  
 Жәңгір хан 65, 66, 75, 79, 98, 238-243,  
     337-340, 543, 544, 716  
 Жәңгір хан (Салқам Жәңгір хан) 263  
 Жәпек батыр 68, 267  
 Жәуке 38, 346  
 Жеребятьев 372  
 Жетпісбаев Н. 561  
 Жетіков 504  
 Жидебай 69  
 Жилин Ф. 112  
 Жиренше 565  
 Жоламан Тіленшіұлы 202, 346, 347, 385  
 Жолан 339  
 Жолбарыс 99, 138, 163, 170, 260  
 Жолдыбаев М. 702  
 Жомартбаев Т. 702, 710, 719  
 Жонво Э. 61  
 Жошы хан 145, 199, 285  
 Жуковский 717  
 Жұмабаев М. 83, 267, 662, 702 706,  
     717, 719  
 Жұмажан 274  
 Жұманшықов 551  
 Жұмажан 274  
 Жұзбай 324  
 Жұнісқожа 273, 280-282  
 Жұнісов Ә. 640, 643, 650  
 Жұнісов М. 113  
 Жұніс тархан 164  
 Жұсіп Әли қожа 284, 285  
  
 Завалишин И. 25, 262, 469, 470, 482,  
     486  
 Загряженский Т.С. 26, 464, 561, 563, 692  
 Зарубин-Чика И. 215, 218  
 Захаров 330  
 Зәкіржанов Т. 332  
 Зеланд Н.Л. 25, 560, 561  
 Зеленин Г.Н. 691  
 Земляницын А. 135, 560  
 Зенковски С. 59, 61  
 Зиманов С. 27, 42, 700  
 Зиновьев 158  
 Златкин И.Я. 11  
 Знаменский 369, 389  
 Зобнин Ф.К. 563, 697  
 Золотов Н.А. 560  
 Зорин Т. 170  
 Зотов 573  
 Зухур 283, 284  
  
 Ибрагимов А. 700  
 Ибрагимов И.Г. 26, 692  
 Ибрагимов Г. 718
- Ибрагимов Ш.М. 561, 565  
 Ибрагим сұлтан 281, 282, 288  
 Ибраһим қожа 286  
 Иванов Д.И. 562  
 Иванов Н.И. 578  
 Иванов П.П. 280  
 Ивановский А.А. 557  
 Игельстром О.А. 36, 37, 213, 222, 227-  
     234  
 Игнатьев И.В. 687  
 Игнатьев В.Н. 559  
 Игнатьев Н.П. 365-369, 387, 451  
 Игнатьев Р. 25  
 Игнатьев П.Г. 688  
 Игібаев С. 31, 32, 509  
 Идаров С.А. 561  
 Ильминский Н.И. 61, 677, 680, 682  
 Иманбаев Ф. 723  
 Иман батыр 99, 202, 346, 647  
 Иманов А. 346, 643, 647-650, 717  
 Ипмагамбетов Н. 723  
 Исиев Т.А. 474  
 Итбаев Е. 562, 610, 660  
 Итек 219  
 Итқара 325  
  
 Казанцев И. 25  
 Каземзаде Ф. 58  
 Казнаков Н.Г. 684  
 Калачев М.В. 686  
 Калинин Ф. 682  
 Каллаур В.Н. 684, 693  
 Калмагоров Г.В. 193  
 Канси 123, 128, 140  
 Каппелер А. 57, 60  
 Капустин С.Я. 529  
 Капцевич П.М. 303, 321, 323-326, 329  
 Кар 217, 218  
 Караваев Б. 215  
 Карамзин Н.М. 12  
 Карбышев И. 326-330, 336, 346  
 Каргалов В.В. 18  
 Карелин А. 563  
 Карно К. Э. Ж. 574, 612  
 Карно М.Ф. 574  
 Каррен д'Анкос Э. 58, 60, 61  
 Карутц Р. 60  
 Кастельский Б.И. 693  
 Кастанье И.А. 692  
 Катанаев Г.Е. 445, 560, 695  
 Катенин А.А. 373, 387  
 Каульбаре А.В. 692  
 Кауфман А.А. 23  
 Кауфман К.П. 40, 58, 366, 367, 382, 443,  
     456, 680, 692  
 Кашафуддин Шахмарданұлы 551  
 Кашимов А.М. 702  
 Кашинский П. 560  
 Кашчи 375  
 Кәрімов К. 697  
 Кейкі батыр 42, 648  
 Кемалов М. 609  
 Кеменгеров К. 63, 702  
 Кенесарин Ә. 660  
 Кениг В. 50

- Кеннан Дж. 61  
 Керенский А.Ф. 649, 656  
 Керім би 371, 372  
 Кириллов И.К. 18, 25, 127, 163, 164, 170  
 Кирпичников 535  
 Клеменец Д.А. 560, 562, 693, 694  
 Ключевский В.О. 12  
 Кнорринг 237  
 Кобозев П.Я. 668, 669  
 Ковалевский Е.П. 360, 531  
 Козлов И.А. 560  
 Козлов П.К. 694  
 Колесов Ф.И. 668  
 Коллинз Д. 54  
 Колпаков 226  
 Колпаковский Г.А. 370, 371, 426, 440, 445, 451, 687  
 Комаров 422  
 Конолли А. 360, 361  
 Коншин Н.Я. 560, 562, 621, 622, 684, 685, 693, 694, 697  
 Корф 217  
 Космодамианский И.И. 601, 614, 622  
 Костенко Ф. 561  
 Костылецкий А.Ф. 528, 693  
 Котрель Ч. 52  
 Коцовский В. 81  
 Кочубей 236  
 Көбдіков Т. 717  
 Көбеев С. 81, 698, 714  
 Көбеков К. 113, 114  
 Көкбай 69  
 Көкембаев К. 650  
 Көктемір 220  
 Көпеев М.-Ж. 11, 62, 63, 65, 71, 72, 83, 146, 247, 700-705, 714, 715, 717  
 Көпекбаев Т. 420  
 Көтеш ақын 69, 75, 404-406, 541, 542  
 Көтібаров Е. 36, 59, 72, 75, 78, 79, 363, 385-387, 546  
 Крадер Л. 49, 50  
 Крайндлер И. 61  
 Краснов А.Н. 561, 679, 687  
 Красовский Н. 312, 560  
 Краусс 52, 57  
 Крафт И.И. 21, 26, 126, 162, 563, 697  
 Крахалев А.И. 26, 695, 696  
 Крыжановский Н.Л. 420, 423  
 Крылов И.А. 533, 536, 553, 699, 713, 717  
 Крюков Н.А. 595  
 Кубарь Я. 218  
 Кубатиев 367  
 Кузнецов В.С. 697  
 Кузнецов Л.А. 560  
 Кузьминский М. 25, 386  
 Куйбышев В.В. 615  
 Кулаков П.Н. 334  
 Кун А.Г. 692  
 Куран М. 53  
 Куропаткин А.Н. 40, 649, 658, 664  
 Курочкин В.С. 529, 531  
 Курочкин Н.С. 531  
 Курский Ф. 18  
 Кустанаев Х. 561  
 Кутайсов 422, 423  
 Кутузов М. 354  
 Күлеев Б. 714  
 Күлеке батыр 267, 541  
 Күлтелеев Т.М. 51  
 Күсепғалиев Д. 661  
 Күсепов А. 340  
 Күшік хан 99, 138  
 Кәрзон Г. 57  
 Кәстль Дж. 52, 359  
 Қабанбай батыр 38, 38, 64, 67-69, 70, 72, 131, 136, 141, 146, 202, 267, 271, 404-407  
 Қадырбаев С. 666-662  
 Қажыбай 113  
 Қажы Мірқұрбан (Хаджи-Мир-Құрбан) 286  
 Қазақ би 292  
 Қазанғапов К. 345  
 Қазтуған жырау 549  
 Қазыбек би 38, 64, 66-69, 101, 136, 138, 147, 169, 189, 197, 201, 252, 260, 408  
 Қайыпов Ә. 233  
 Қайып хан 76, 99, 102, 112, 124-128, 155, 157, 163, 169, 189, 201, 211, 225, 228, 230, 255, 274, 289  
 Қалқаман батыр 71  
 Қалменов А. 621, 662  
 Қалтаев М. 715  
 Қанаев А. 42  
 Қанаев С. 643, 650  
 Қанағатшах (Қана'ат шах) 293, 445  
 Қарабаев М. 723  
 Қарабай 164  
 Қарабатыров А. 556  
 Қаракөбек би 231  
 Қаралдин 659  
 Қарасай батыр 38, 64  
 Қаратасев Б. 81, 559, 610, 618, 620, 622, 624, 660, 702, 723  
 Қаратасев М. 704  
 Қаратай сұлтан 234, 289  
 Қаратай би 231  
 Қаратілеуке 146  
 Қаратокин З. 555  
 Қарашев F. 706, 710, 712, 714, 715  
 Қаржасов Х. 556, 565  
 Қасқабаев Ы. 612  
 Қасымов Ағатай 321  
 Қасымов Әлжан 347  
 Қасымов Елекен 382, 389  
 Қасымов Есенгелді 321, 334, 334, 347, 545  
 Қасымов Ержан 336, 347  
 Қасымов Кенесары 36-38, 59, 64, 72, 75, 78, 79, 192, 202, 304, 311-312, 322, 324, 328, 329, 334-337, 344-354, 388, 545  
 Қасымов Наурызбай 64, 202, 321, 345, 545, 650  
 Қасымов Саржан 72, 291, 321, 323, 328, 330, 336, 344, 347, 545  
 Қасым сұлтан (Қасым төре) 191, 254, 274, 281, 282, 288, 303, 321-329, 337, 344,

- Кашаубаев Ә. 506  
 Қобыз сұлтан 289  
 Қодар би 163  
 Қожа Ахмет Йасауи 552  
 Қожа Баймұхамед 388  
 Қожа Нияз 290, 382  
 Қожаберген жырау 72, 130, 138, 248-250,  
     267  
 Қожамбердиев Қ. 335  
 Қожықов Қ. 659  
 Қозыбағаров Қ. 660  
 Қозыбаев И.М. 17  
 Қозыбаев М.К. 18, 40, 42, 143  
 Қойгелдиев М.К. 40, 42, 43, 45, 47, 83  
 Қойдағұлов С. 117, 161  
 Қокым би 66  
 Қонақай Жақсығұлұлы 143  
 Қонысбаев М. 345  
 Қостанаев Х. 561  
 Қосшығұлов Ш. 621, 622, 678, 700  
 Қоңтаев Қ. 117, 158, 161  
 Қуат хан 281, 282  
 Құдайберді батыр 68  
 Құдайбергенов Қ. 643, 650  
 Құдайбергенов Ш. 11, 62, 65, 71-74, 81,  
     83, 129, 138, 146, 184, 247, 459, 690,  
     699, 700, 702, 706, 714, 716  
 Құдайқұлов И. 562  
 Құдаймендин Қ. 326, 334, 335, 345, 346  
 Құдайменді 160, 219, 254, 272, 274, 289,  
     324, 333  
 Құдайназар 162 Құдайназар батыр 19  
 Құлан батур 130  
 Құлжанова Н. 690, 702  
 Құлмәмбет 550  
 Құлманов Б. 621, 723  
 Құлов Е. 423  
 Құлов 70  
 Құлсары 219, 259, 260  
 Құлпейісов Е. 723  
 Құнанбаев Абай 12, 13, 17, 61, 80, 351,  
     473, 527, 528, 536, 541, 549, 552, 553,  
     556, 660, 566, 679, 690, 700, 707, 709,  
     711, 713, 716  
 Құнанбаев Ә. 537  
 Құнанбаев Т. 81, 659  
 Құрманбаев А. 682  
 Құрманов А. 261  
 Қылышбаев 420  
 Лаврентьев А. 648  
 Лавров И. 198  
 Ладыженский М.В. 311, 316  
 Лама-Доржы 248  
 Ламанский В.И. 694  
 Лансделл Г. 61  
 Ланье.Л. 52  
 Ланцев Г. 54  
 Лапик И. 172  
 Лапин С. 702, 723  
 Лаптев И.П. 621, 622  
 Лашқар құсбегі 287, 288, 291-294  
 Лебедев В. 55, 349, 350  
 Левшин А.И. 19, 25, 64, 67, 98, 132, 138,  
     142, 162, 185, 186, 192, 236, 259-261,  
     273, 298, 558  
 Леденев Н.З. 23  
 Лейsek В.В. 558  
 Лекбай тайшы 107, 135  
 Лемерье-Келькежешъ 61  
 Ленин В.И. 488, 572, 586, 622, 677  
 Леонтьев А. 560, 563  
 Лепетов Н. 333  
 Лермонтов М.Ю. 533, 553, 556, 693, 699,  
     713, 717  
 Лерхе 378-380  
 Лигети К. 655-656  
 Литвинова Т. 33  
 Лиханов 658  
 Лихарев И.М. 12, 155, 156  
 Ловицкий Г. 417  
 Логинов М. 215  
 Ломакин 367, 382  
 Ломоносов М.В. 262  
 Лопаткин 633  
 Лукин 335, 336  
 Лутфаллах Чуст 280, 286  
 Львов Г.Е. 656  
 Лямин М.Н. 687  
 Ляпин В.С. 668  
 Мағаун М.М. 22, 213  
 Мадатов С. 198  
 Маев Н.М. 126, 160, 561  
 Майков А.Г. 529, 531  
 Майқара 387  
 Майлин Б. 624, 636, 702, 706, 710, 716,  
     719  
 Майлышбаев Б. 660  
 Майра Уәлиқызы 505, 716  
 Мак-Гахан Я. 52  
 Маккензи Д. 58  
 Макнил Х. 54  
 Маковецкий П.Е. 26, 696  
 Максимов Н. 26  
 Максимов С. 696  
 Макшеев А.Н. 162, 382  
 Малайсары батыр 67-69, 131, 135, 141,  
     142, 202, 267  
 Малдыбаев М. 710  
 Маликов Ф. 29  
 Маллицкий Н.Г. 688  
 Мамай 549  
 Мамев Қ. 112  
 Мамыр 166  
 Мамыт 267  
 Манаев Н. 702, 719  
 Манжа 172  
 Манжара Д.И. 668  
 Мансуров 362  
 Мандай 142  
 Марабай 551  
 Марғұлан Ә.Х. 62  
 Марджани Ш. 703  
 Мариупольский Б.М. 560  
 Марко Поло 531  
 Маркс К. 22, 51  
 Мартылого 612  
 Масуд ибн Усман Кухистани 201

- Матигоров Ф. 116, 155  
 Махмуд (Мәмәд) 71  
 Махмудов К. 698  
 Мәди Бапиулы 716  
 Мәмбетәлі 209  
 Мәмбетов Б. қараңыз Байзак Мәмбетұлы 643, 650  
 Мәрсеков Р. 562, 659, 660, 710  
 Мәтмұрат 366  
 Мәтніяз 366  
 Медведский Т. 238  
 Межов В.И. 561  
 Мейендорф Е.А. 202  
 Мейер Л. 25, 126, 162, 349, 362, 374, 390, 559  
 Мельников Ф. 172  
 Мендалин Ш. 420  
 Меншиков А.Д. 108  
 Мендешов С. 15, 640, 650, 683  
 Мералиев М. 551, 555, 716  
 Меркульев В. 215  
 Мертонов 420  
 Метелицын Р.И. 561, 563  
 Миддендорф Е.К. 285  
 Микешин 218  
 Милеант 587, 591  
 Миллер К. 11, 172  
 Милютин Д.А. 372, 374, 447  
 Минер Н. 132  
 Мирошниченко И.Е. 693  
 Митропольская Т.Б. 23  
 Митчел Д. 61  
 Митчел Р. 61  
 Михайлов 386, 388  
 Михалевич 610  
 Михаэлис Е.П. 560, 563, 684, 694  
 Моисеев Б.А. 11  
 Молда Нияз-Мұхаммед 286  
 Молдабай 146, 267  
 Маллабек 360  
 Момын бек 282  
 Монастырский 561  
 Моншақ хан 104  
 Мордвинов 658  
 Муллов П.А. 686  
 Мусин Ф. 724  
 Мусоргский М.П. 558  
 Мушкетов И.В. 527, 686, 688  
 Мұқанов М.С. 35  
 Мұқанов С.М. 717  
 Мұқышев 661  
 Мұңайтпасов А. 560  
 Мұңайтпасов Ә. 386, 421  
 Мұрат 551  
 Мұратбек 231  
 Мұрат Мөңкеұлы 547-549, 551  
 Мұртаза би 366  
 Мұрын 551  
 Мұрын батыр 67  
 Мұсағалиев Ә. 81, 702  
 Мұхаммед Әмін 363  
 Мұхаммед Ибраһимбек 279  
 Мұхаммед Қожа 280, 281  
 Мұхаммед Рахым 289, 290  
 Мұхаммед Хакім хан 293  
 Мұхаммед Шариф 286, 287  
 Мұхаммед Якут Бұхари 132  
 Мырзагелдин С. 352, 353  
 Мырзагелді 162  
 Мырзан 333  
 Мырзатай батыр 270  
 Мякутин А. 26  
 Мясников Т. 215  
 Набоков Ф. 276  
 Науай Ә. 533, 551, 633  
 Назарбаев Н.Ә. 17, 41, 48  
 Назаров Доржы-тайшы 108, 134, 135  
 Назари Ш. 702  
 Назаров Лобжы-тайшы 108  
 Назаров Ф. 226, 285, 307  
 Найдин С. 327, 328  
 Нарбота 267  
 Насраллах 287  
 Наурызбаев Б. 559  
 Наурызбай батыр 64, 135, 146, 202, 267, 271  
 Науша 75  
 Наушабаев Н. 62, 714, 715  
 Нәдір шах 21, 278  
 Невзоров В. 615  
 Недоносков В.В. 621  
 Незванов 634  
 Нейман К. 50  
 Нелебов 172  
 Неплюев И.И. 11, 166, 174, 194, 195, 207, 212, 222  
 Неру Дж. 41  
 Нессельрод К. В. 316  
 Низами 533, 551, 633  
 Никитин С.Н. 560, 688  
 Никифоров П. 360, 363  
 Николай I 78, 243, 309, 331, 344, 350, 362, 364  
 Николай II 428, 598, 635, 657  
 Николай С.Ф. 687  
 Нияз Әли би 375  
 Ниязбек 279, 282  
 Ниязбеков Ж. 640  
 Ниязбеков О. 352, 353  
 Ниязбеков С. 645  
 Нияз би 647  
 Нияз Мұхаммед Хұқанди 374, 378  
 Ниязов Ә. 723  
 Ниязов Б. 723  
 Ниязов М. 198  
 Ниязова М. 724  
 Нияз сұлтан 162  
 Новицкий Р.П. 668  
 Новоковский Е.З. 612  
 Нор-Мада - парванашы 377  
 Нұра батыр 261  
 Нұралиев Т. 371  
 Нұралин Ж. 303  
 Нұралыханов С. 723  
 Нұралы хан 53, 157, 160, 161, 174, 175, 195, 207-215, 219, 220, 222-228, 230, 232, 233, 236, 237, 251, 253, 254, 260, 261, 264, 267, 270, 285, 289, 408

- Нұрбаев 645  
 Нұрекенов Х.Т. 621, 622  
 Нұрмұхамедов Ж. 36, 59, 72, 78, 79, 363, 382, 385-388, 390, 546, 650  
 Нұрмұхамедов С.Н. 690  
 Нұрмұхаммед 378  
 Нұрпейісов К. 40, 42-46  
 Нұрым 551  
 Нысанбай 345  
 Нысанбай Жаманқұлұлы 545  
 Обручев В.А. 306, 344  
 Оводов П.Н. 559  
 Овчинников А. 215, 218  
 Овчинников П. 217, 218  
 Огановский Н.П. 560  
 Огарев Н.Г. 273  
 Оланьон К. 49  
 Олжабай батыр Әлімұлы 67, 143, 146, 202  
 Олжабай батыр Нұралыұлы 267  
 Олкотт М. 49-51, 60, 61  
 Олуорд Э. 54, 58  
 Ольденбург С.Ф. 697  
 Омар (Әмір хан) 284-288, 292  
 Омарбек 282, 284  
 Оразаев М. 81, 719  
 Оразак 68  
 Оразымбет 68, 267  
 Орак 549  
 Ордауов О. 303  
 Орлов А. 417  
 Орлянский И. 35  
 Орманбет 219  
 Орманбетов Н. 712, 714, 715  
 Орманшы 69  
 Орынбай 550  
 Орыс сұлтан 212, 219, 265, 267  
 Орыс хан 65  
 Орысов Т. 650  
 Осевнин В.Д. 560  
 Оспанов Ф. 600  
 Оспанов Ш. 647  
 Остафьев В. 560  
 Остерман А.И. 108  
 Острогорский 536  
 Остроумов Н.П. 561, 677, 693  
 Өзек сұлтан 55  
 Әміртай 250  
 Әскенбаев Құнанбай 302, 351, 353, 536  
 Әтеген батыр 202, 267  
 Әтегұлов Ж. 420  
 Әтемісов М. 38, 59, 72, 75, 240, 311, 337-343, 412, 543-545, 549, 650, 705, 714  
 Әтемісов Ы. 343  
 Әтетілеуов Б. 712, 713, 716, 717  
 Әтешов 261  
 Павел I 237  
 Павловский В. 81  
 Пакъе Ж.Б. 49  
 Пален К.К. 80, 596  
 Паллас П.С. 185  
 Паллачек И. 656  
 Палферов Я. 348  
 Пантусов Н.Н. 474, 561, 697  
 Паншино П.И. 558, 561  
 Парк А. 59  
 Парфентьев Л. 116  
 Пахмурный П.М. 39  
 Пахолков Н.И. 560  
 Пахомов И. 696  
 Пейтлинг А. 231  
 Перовский В.А. 307, 313, 344, 345, 350, 361-364, 380, 389, 443  
 Персидский Г. 232  
 Першин А.Я. 668  
 Петр I 17, 18, 20, 21, 54, 105, 109, 112, 150, 152, 154, 156, 159, 169, 207, 297  
 Петр III 215, 216, 162  
 Перовский Н. 414  
 Петропавловский Н. 560  
 Пирс Р. 53, 54, 59-61  
 Писарев А. 158  
 Плеве В.К. 452, 587  
 Плещеев А. 717  
 Плотников Н. 643  
 Плотников В.Н. 559  
 Плотников Л.Н. 559  
 Покатилов Н.А. 616, 668  
 Покровский Н.В. 691  
 Полонский Я.П. 531  
 Полубинский А.А. 560  
 Поляков Ю. 44  
 Понамарев 226  
 Понамяров Я. 215  
 Попов 297, 336  
 Попов Н. 135  
 Попов С.И. 573  
 Поротиков В.П. 644  
 Потанин Г.Н. 64, 325, 484, 528, 530, 553, 560, 697  
 Потанин Н.Г. 360  
 Потемкин Г.А. 227  
 Потоцкий 235  
 Потто В. 36, 347-349  
 Почиталин И. 215  
 Проценко Е.И. 373-374  
 Пугачев Е. 59, 213-220, 222-224, 256, 259  
 Путилов А.И. 581, 582  
 Пушкин А.С. 533, 553, 556-558, 699, 713, 716, 717  
 Пуффендороф С. 108  
 Пыпин А.В. 694  
 Рабровский В.М. 694  
 Раден 668  
 Раджаб 281  
 Рваджаббек 279, 286, 293  
 Радлов В.В. 63, 64, 192, 410, 527, 552, 553, 691, 693, 696  
 Раефф М. 53  
 Райымбек 267  
 Рамеев М.-З.М. 691  
 Расков П.Н. 691  
 Раунер С.Ю. 686  
 Рақымқұл 363  
 Рафилов П.А. 687  
 Рейнендорф И.А. 216, 219

- Реклю Э. 61  
 Ренат Иоганн Густав 152  
 Ривкин М. 57, 58  
 Риес Ч. 54  
 Риттер К. 531  
 Родин М.А. 692  
 Рокк Ф. 50  
 Романов 709  
 Романовский А.Г. 40  
 Росляков А.А. 38  
 Ростовский С. 474  
 Роулинсон Г. 57, 61  
 Рукин 422  
 Румянцев П.П. 25, 81, 144, 490, 697  
 Рұстем 281-287, 333, 353  
 Рұстембек 292  
 Рұстем хан 99  
 Рыбаков С.Г. 557  
 Рысқұлов Т. 15, 41, 447, 640, 641, 646,  
     647, 650, 666  
 Рычкаев М.А. 686  
 Рычков К. 693  
 Рычко П.И. 64, 116, 135, 162, 184, 186,  
     194, 210  
 Рэклю Э. 61  
 Рэн Д. 61  
 Рябинин А. 309  
 Рязанов А.Ф. 36, 573-575  
 Рязановски В. 51  
 Рязановски Н. 53  
  
 Сабалов А. қараңыз Ақылбек Сабалұлы  
 Саботаев С. 721  
 Савичев Н. 36  
 Савин 376  
 Сагинов С. 336  
 Сагымбай 70, 267  
 Сағындық 333  
 Сағырбаев Күрмангазы 412, 554  
 Садықов М. 36  
 Сайд Әлібек 282, 282  
 Сайманов Ф.И. 260  
 Сақыпжамал Тілеубайқызы 702  
 Саликов Д.П. 668  
 Салтыков П.С. 111-112  
 Салтыков-Травин И. 18  
 Салымсақ төре 284  
 Саматов М. 660  
 Самоквасов Д. 26  
 Сандерсон 360  
 Саңырық Тоқтыбайұлы 67, 131, 142-143  
 Сапарғалиев Ф. С. 22, 38, 645  
 Саржанов К. 352  
 Саркин I 562  
 Саркисянц Э. 42, 53, 59  
 Сармұратов К. 555  
 Сартов И. 340, 343  
 Сартов К. 340, 343  
 Сары 70, 71, 142, 267  
 Сарыбай батыр 67  
 Сарымалай 555  
 Сарытай 231, 330  
 Сасық би 66  
 Сатай батыр 163  
 Сатыбалдин Д. 562  
  
 Сауранбай 333  
 Саурық Стамбекұлы 202  
 Саурықов Ұ. 643, 650  
 Сафа 112  
 Сафаров Г. 447  
 Сомеке 54, 65, 100, 138, 156-157, 162,  
     170, 188, 252, 254, 260, 272  
 Сбровский А. 81  
 Сведенцев А.И. 560  
 Северский П. 155  
 Северцов Н.А. 527  
 Сегіз Сепі 551  
 Седельников Т.И. 425, 597, 601, 621, 622  
 Сейдалин Ж. 81, 610, 624  
 Сейдалин Т. 26, 80, 559, 565, 690, 701,  
     702  
 Сейдалина М. 418, 702  
 Сейдақ 352  
 Сейдалы сұлтан 217  
 Сейіт Мұхаммед 365  
 Сейіт Мұхаммед Рахим 367  
 Сейфуллин С. 647, 702, 717  
 Селевестрович К. 417  
 Семевский В.И. 81  
 Семенов В.Ф. 689  
 Семенов-Тяң-Шанский П.П. 416, 510,  
     529, 530, 561, 687, 694-695  
 Сенгірбай 146  
 Сент-Лоран 330, 334  
 Сеңкібай 267  
 Сералин М. 81, 624, 636, 699, 7010705,  
     713, 714  
 Сералы 555  
 Серебренников Ф. 329  
 Середа Н.А. 63, 349, 419, 423  
 Серкебаев Б. 546  
 Серов И.В. 668  
 Сиртесен 324  
 Сискоу Ф. 58  
 Ситон Э. 54  
 Сиявост Н. М. 690  
 Скайлер Ю. 58, 380  
 Скалов Б. 559  
 Скибин Ф. 180  
 Скобелев М.Д. 40, 382, 443, 451  
 Смирнов Е. 514, 561  
 Смирнов Н. 616  
 Смирнова Р.Ф. 39  
 Соғыр (Сағыр) 113, 142  
 Сокол Э. 54, 59  
 Соколов Н.А. 686  
 Соколов Ю. А. 288  
 Солнцев П. 417  
 Солтанаев Ж. 47  
 Соловейчиков М.А. 581  
 Соссе Ж. 60  
 Спасский Г.И. 203  
 Спектор 59  
 Сперанский М.М. 162, 298-300, 302, 304,  
     312  
 Средневский Б. 688  
 Стамм Х. 53  
 Стариков Ф.М. 23  
 Стебницкий И.И. 686  
 Стоддарт 361

- Столыпин П.А. 27, 48, 598, 600  
 Струняшев Е. 218  
 Ступин П. 12  
 Сутеева Х. 474  
 Сухотин Н. 587  
 Субханбердина Ү. 21, 701  
 Сұлтанаев Ж. 724  
 Сұлтанбеков А. 650  
 Сұлтан би 293  
 Сұлтан бөрі 388  
 Сұлтан қожа 280-282  
 Сұлтанмәмед сұлтан 190  
 Сұлтанов Ә. 719  
 Сұлтан Темір 289-290  
 Сұранышы Ақымбекұлы 202, 346, 371  
 Сүйік 189, 254, 273, 274, 291, 346  
 Сүйіков Ж. 371  
 Сүйінбай Аронұлы 546, 550  
 Сүйін би 290  
 Сұндетов С. 28, 33  
 Сүтеева Х. 474  
 Сұтемгенов Қ. 420  
 Сығай хан (Шығай хан) 65  
 Сыпратай Әлібекұлы 202  
 Сыпратай Саурықұлы 202  
 Сыптыра жырау 404  
 Сыртанов Б. 459, 700, 702  
 Сырымбет батыр 267  
  
 Табацкий С.З. 612  
 Тавардинов З. 663  
 Тадж ан-ниса (Махлар айм, Надира) 284  
 Тайлақ 67, 142, 202  
 Тайман 543  
 Тайманов Исатай 36, 38, 59, 72, 75, 78, 79, 240, 311, 337-343, 347, 412, 543-545, 548, 650, 716  
 Тайымов Ү. 389  
 Танашев У. 459  
 Тангайшы 217  
 Таңжи тайшы 213  
 Таңсық батыр 267  
 Таңсықжоға Мәліт 146  
 Тарыштин Я. 112  
 Тартищев В.Н. 164, 165  
 Таубе Н.Г. 454  
 Тәби ақын 550  
 Тәжиев Д. 423  
 Тәжиев Қ. 423  
 Тәңірбергенов Ә. 712, 714, 716  
 Тәттімбет Қазанғапұлы 554, 555  
 Тәтіқара жырау 64, 75, 142-143, 146, 247, 404-406  
 Тәуке хан 18, 53, 64-66, 70, 98-102, 111, 123-127, 136, 156-158, 181, 189, 201-202, 303  
 Тәукин М. 25, 721  
 Тевкелев А.И. (Кұтылымбет мырза, Мәмбет мырза) 18, 19, 21, 56, 76-77, 101-102, 109, 117, 132, 158-164, 174, 195, 197, 210  
 Тевкелев К. Б. 649  
 Тегнер 511  
 Тезек төре 380, 532, 546  
 Телағыс 549  
  
 Телятников 273  
 Теміржан 407  
 Темірхан батыр 68  
 Тентек төре 287, 293  
 Теплов 601  
 Терентьев М.А. 371-372, 380, 561  
 Терещук В.А. 24  
 Тиллет Л. 56, 58  
 Тилло А. 563, 686  
 Тихомиров А. 415, 536  
 Тихомиров Г.М. 615  
 Тоғжанов F. 15  
 Тоғым 256, 273  
 Тоғысов К. 610, 708-710  
 Тоғысова М. 708, 710  
 Тойнби А. 50  
 Тоқай F. 713  
 Тоқай Темір 285  
 Тоқай хан (Тоғай хан) 283-282, 286-287, 293  
 Тоқаш 407  
 Тоқбаев 659  
 Тоқтамыс хан 285  
 Тоқтін Т. 345  
 Толбузин Ф. 115  
 Толкачев 217  
 Толстой И.А. 108  
 Толстой Л.Н. 699, 717  
 Толыбеков С.Т. 27  
 Топорнин П. 613, 615  
 Торайғыр би 64, 72, 323  
 Торайғыров С.М. 81, 624, 702, 706, 709, 713  
 Торохов А.И. 612  
 Төле бай 112  
 Төле би 38, 64, 66-67, 136, 138, 147, 163, 201, 248, 251, 279, 407-408, 541  
 Төлентаев М. 336  
 Төлентаев О. 336  
 Төлеңгітов 610  
 Төре хан 286-287  
 Траунберг, генерал 264  
 Трегубов А. 602  
 Тренч Ф. 61  
 Тресвятский В.А. 599  
 Тронов В. 463  
 Трошин М. 180  
 Трубников М. 111  
 Туманшин К. 35  
 Тунганчин А. 724  
 Турчанинов Н.В. 474, 510  
 Тұрғанбаев М. 718  
 Тұрлыбаев А. 659-661  
 Тұрмұхамедов Е. 662  
 Тұрсын 73  
 Тұрсынбаев Ә. Б. 26, 38, 599  
 Тұрсынбай 69, 267  
 Тұрсын қожа 241  
 Тұрсынов Х.Т. 40  
 Тұрсынова М.С. 29, 30  
 Тұрсын хан 73, 99, 100  
 Тұрымов Қ. 662  
 Тұбек 550  
 Түгелбай 162  
 Тұнғаншин М. 661

- Тұнғатаров В. 261  
 Түркебай Қазыбай 420  
 Тыз 274  
 Тынышбаев М. 11, 43, 46, 62, 63, 65, 81-83, 133, 138, 142-146, 184, 459, 618, 620, 622, 638, 643, 658-660, 706, 721, 723, 726  
 Тілекеев И. 562  
 Тіленбаев И. 422-423  
 Тіленші Бекенбайұлы 202, 227, 231  
 Тіленшиев Ж. қараңыз Жоламан Тіленшіұлы 202, 346, 347  
 Тілепбергенов Ж. 719  
 Тілеуке 267  
 Тілеуке Құлекеұлы (Шал ақын) 69, 75, 404, 405-406, 541-542  
 Тілеулин 659  
 Уәлибакы 65, 74, 100, 247  
 Уәлиди А.-З. (Тоған) 46  
 Уәли хан 190, 230, 272-276, 247-298, 303, 321, 323-325, 383  
 Убашы 212-213, 263, 265, 266  
 Угрилов 162, 196  
 Узочаки 172  
 Уиллер Дж. 49, 56, 59  
 Уильямс Д. 58, 59  
 Уйфальви Ш.Э. 61  
 Ульянов Н.И. 616  
 Унковский И. 76, 130  
 Уорделл Дж. 49  
 Ураков И. 260  
 Уркарт Л. 575  
 Уркварт Д. 359  
 Услар 345, 348  
 Усов В.С. 684, 694  
 Усов Г. 561  
 Успенский Г.И. 699  
 Ушаков А.Д. 615  
 Ушаков Н. 573  
 Ушинский К.Д. 536  
 Ұзақбаев Монай 643  
 Ұзақбаев Мұқан 643, 650  
 Ұлбике 550  
 Үдербай 648  
 Үйсінбай батыр 407  
 Үкілі Үбырай Сандыбайұлы 716  
 Үмбетәлі 371  
 Үмбетей жырау 70, 71, 131, 143, 147, 247, 404, 405  
 Үрлік тайшы 66  
 Фази аталақ 284  
 Фальк И. 185, 203  
 Федоров Е. 27  
 Федченко А.П. 693  
 Фелл А. 574  
 Феофилатьев 275  
 Филатов И.В. 12  
 Финш О. 512  
 Фирдоуси 533, 551, 714, 715  
 Фитингов 388-389  
 Флеров А. 561  
 Фокс Холмс Дж. 51  
 Фольбаум М.А. 634, 644, 645, 681  
 Фрауendorf K. 262  
 Фредериксон М. 58  
 Фрезер Дж. Б. 359  
 Фридман Ц.Л. 29, 32, 33  
 Фридрихсен Н. 689  
 Фридэ 445  
 Фрунзе М.В. 615  
 Фурман Ф. 50  
 Фэррье Дж. 53  
 Хадаха 249  
 Ҳақназар хан 18  
 Ҳалид К. 62, 66, 68, 72, 80  
 Ҳамидуллин-Бекметов М.М. 618  
 Ҳамид қожа 280, 282  
 Ҳанбаба сұлтан 272  
 Ҳангелді батыр 163  
 Ҳанжігер 250  
 Ҳан қожа 280, 286, 287  
 Ҳанқожа 273  
 Ҳаныков Н.В. 365, 368  
 Ҳаныков Я.В. 25, 559  
 Ҳарузин А.А. 560-562  
 Ҳарузин Н.М. 694  
 Ҳарузина А.Н 64, 694  
 Ҳасанзе (Байсеміз) 497  
 Ҳасен Оралтай 43  
 Ҳас Мәмедов 601  
 Ҳадсон А. 51  
 Ҳафизова К.Ш. 276  
 Ҳашим қожа 280  
 Ҳлудов Н.Г. 410, 476, 5495, 687  
 Ҳодарковский М. 54  
 Ҳоджаев Н. 46  
 Ҳожамқұли бек Балхы 132  
 Ҳорошхин А.П. 561  
 Ҳорошхин М. 23  
 Ҳохлов И. 747, 478  
 Ҳрулев 582  
 Ҳусайнов Ш. 697  
 Цеван-Доржы 130, 169  
 Цеван-Рабтан 53, 76, 105, 106, 111, 122, 123, 127, 129, 130, 134, 152  
 Церен 212, 263, 265, 266  
 Цзяцин 274  
 Циммерман 445  
 Ҷян-Лун 187, 248, 250, 268, 273  
 Чаплика М.Э. 60  
 Чекалинский И. А. 81  
 Чекурнов В.И. 668  
 Чеморданов 610  
 Червяков А.В. 668  
 Чередов В. 152, 155  
 Черен-Дондук 131, 134  
 Чермак Л.К. 26, 560, 562, 597  
 Чернецкий 327, 328  
 Черников В. 28  
 Чернов И.В. 168  
 Чернышев 217, 349  
 Черняев М.Г. 41, 58, 59, 373-381, 414, 438, 470, 532

- Чехов А. 717  
Чириков 335  
Чиркин Г.Ф. 17  
Чичерин Д.И. 197  
Чучалов 273  
Чхейдзе Н.С. 656
- Шаба 112  
Шабельников В. 682  
Шагатай хан 279  
Шадынбай 162  
Шадыр 248  
Шаймов Т. 160  
Шайхыслам ұлы Ж. 551, 698, 715  
Шал ақын, қараңыз Тілеке Қулекеұлы  
Шалқиә жырау Тіленшіұлы 404  
Шамсұтдинова М.У. қараңыз Майра Уәлиқызы  
Шангин И. 275  
Шанов С. 724  
Шаров П. 27  
Шарыш батыр 71, 146, 247, 407  
Шахматов В.Ф. 33, 51, 235, 419  
Шах Мұрат 288  
Шахрух 284  
Шахтахтинский М. 504  
Шашубай ақын 550  
Шаянбаев Б. 504  
Шәкіров М. 504  
Шәміл 345, 350, 354  
Шварц Ф. 58  
Шерен 172  
Шейхантаур (Шайхаванд-и Тахур) ибн Шайх Омар Бағыстани 280  
Шекспир У. 533  
Шектібай 324  
Шерғазы хан 288-290, 329  
Шерғазиев Ж. 382  
Шернияз Жарылғасұлы 545, 550  
Шестаков Г. 560  
Шиллер 713  
Шипин О. 717  
Шихов М. 251  
Шкапский О.А. 660, 670  
Шленгер Х. 51  
Шмидт Ю.А. 560  
Шнейдер Л. 655  
Шойынбаев Т.Ж. 33  
Шоқай М. 46, 47, 459, 620, 660, 662, 705, 721, 723  
Шолақов О. 650  
Шомбалов М. 652, 723  
Шона Доба (Сына батыр) 64, 130, 173  
Шонаев А.Б. 66  
Шонанов Т. 659  
Шоно-Лоузан 136  
Шоң би 64, 67, 72, 323  
Шора 549  
Шорман 73  
Шорманов К. 643  
Шорманов М. 25, 26, 418, 560, 617, 665, 690  
Шорманов С. 700  
Шортанбай Қанайұлы 74, 547-548, 550, 552
- Шотаманов К. 643  
Шотана батыр 69  
Шоталай И. 656  
Шәже Қаржаубай ұлы 545-546, 550-551  
Шөкин М. 242  
Шөңкей батыр 68  
Шөреков Ы. 75, 551, 716  
Шпрингер И.И. 197, 258, 260  
Штединг Э.А. 687  
Штойман 174  
Штеппа К. 56  
Штеренберг Л.Я. 687  
Шубаев Д. 645  
Шумилов Н.В. 668  
Шуашев Б. 336  
Шүйнебай 146  
Шүкіrbай 478  
Шығаев М. 215  
Шығаев Д. қараңыз Дәuletкереj Шығай-ұлы  
Шығай 241  
Шығай хан (Ахмет хан) 278  
Шынқожа 267  
Шыңғыс 274, 282, 284, 285, 287, 300, 328  
Шыңғыс-хан 26, 145, 149, 201, 278, 279, 287, 289, 293, 298, 299, 302, 416  
Шыңғысов С. 323, 330  
Шыңғысов Т. 303, 308, 323, 326, 332
- Щепкин Н.Н. 658, 659, 669  
Щербина Ф.А. 26, 80, 428, 473, 560-562, 585, 594-596, 602, 610, 697
- Ыдрысов К. 700  
Ықылас Дүкенұлы 554, 555  
Ырысжан 550
- Ізтілеуов Т. 714
- Эверсман М.М. 83, 658  
Эльтон Д. 359  
Энгельс Ф. 22, 360, 361  
Этигер Т. 152
- Югипов С.В. 51  
Юдин В.П. 64  
Юдин М.Л. 691  
Юдин П.А. 36, 559  
Юзефо В. 475, 477  
Юлдашев У. 51, 496, 497  
Юнг Р. 58, 181  
Юркин 332  
Юр-Ко 423  
Юшков С.В. 51
- Ягужинский П.И. 108  
Ядринцев Н.М. 528, 531  
Ядринцев Н.Я. 560  
Якубин А. 27  
Янушкевич А. 303  
Янцеквич А.И. 560  
Ярошевски Д.Б. 54



## ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТОПОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАР КӨРСЕТКІШІ<sup>1</sup>

- Абакан 156  
Абралы, тау 131  
Абылық, село 281  
Австро-Венгрия, мемлекет 513, 650, 651  
Азия 13, 151, 309, 361, 572, 688  
Аирғизен, алқап 144  
Ақалтеке, жазира 444  
Ақбейіт 643  
Ақбұлак, өзен 338, 361, 342  
Ақбұлак, село 634  
Ақбұлак, бекініс 308  
Ақжайлау, алқап 564  
Ақжал 576  
Ақкете, болыс 496  
Ақ қала, бекініс 366  
Ақкорған, қала 97  
Ақкөл-Жайылма, жер 68  
Ақкүм, болыс 647  
Ақмешіт (Перовск, Кызылорда) к. 288, 307, 347, 367, 364, 373, 379, 386, 443  
Ақмола (Целиноград, қазір Астана) к. 49, 308-310, 439, 441, 446, 500, 501, 513, 514, 526, 560, 581, 583, 613, 615, 620, 623, 651, 655, 664, 667, 697, 698, 699  
Ақмола, облыс 31, 82, 416, 418, 422, 425, 426, 427, 428, 434, 435, 439, 440, 442, 444, 448, 449, 452, 453, 457, 471, 475, 479, 480, 482, 483, 486, 488, 492, 505, 507, 508, 509, 512, 513, 514, 515, 524, 526, 527, 548, 563, 577, 578, 586, 590, 594, 595, 597, 621, 622, 626, 628, 629, 630, 631, 633, 647, 648, 651  
Ақмола-Көкшетау, шеп 309  
Ақмола, окр. 303, 333-335, 345-346, 567, 569, 568, 571, 596, 599, 620, 623, 635, 595, 641, 651, 652, 655, 661  
Ақмола, приказ 308  
Ақмола, аудан 595, 599  
Ақмола, уез 435, 439, 449, 477, 479, 482, 483, 505, 599, 647  
Ақсу, аудан 289  
Ақсушарын, болыс 495  
Ақсүйексай, сай 44, 145  
Ақтабан тақыр 290  
Ақтасты, өз 138, 146  
Ақтау, к. 308, 336, 370  
Ақтөбе, к. 443, 446, 502, 535, 586, 587, 590, 614, 623, 642, 664, 666, 667, 702  
Ақтөбе, облысы 387, 516, 612, 614, 615  
Ақтөбе, уез 435, 481, 483, 505, 585, 600, 634, 647, 723  
Ақтөбе, станц. 587  
Ақтөбе, бекініс 440, 441, 442, 443  
Ақшат, жота 432  
Ақшығанак, жер 648  
Алабұға (редут) 219  
Алай, жазық 288  
Алакөл (көл) 129, 141, 143, 144, 529  
Алатау, тау 131, 183, 252, 372, 483, 689  
Алатау, окр 351, 370, 445  
Александровский, форт 422, 423  
Александровское, село 472, 573  
Алқабек, кеден 504  
Алмалық, к. 510, 530  
Алматы, өз. 511  
Алматы, шатқал 370  
Алтай, шеп 298  
Алтай, обл. 482  
Алтай, тау 183, 187, 437  
Алтай таулы округі 481, 598  
Алтайское, село 502  
Алтынемел, жота 532  
Алтын Орда, мемл. 272  
Алтышар (Шығыс Түркістанды қаранды)  
Америка (АҚШ), мемл. 54, 548, 574  
Амур, өзен 470  
Амур, өлке 503  
Ангрен, өз. 183, 280, 281  
Андреевское, село 634  
Англия (Ұлыбритания, Британия империясы), мемл. 20, 57, 297, 325, 353, 358-361, 365, 368, 369, 372, 373, 379, 416, 470, 513  
Антонский, форпост 226  
Аңырақай, жер 10, 141, 143, 144, 146, 157  
Аңырақай, тау 145, 146  
Аракарағай, болыс 534  
Аракарағай, орман 259  
Аралтөбе, с. 601  
Арал-Каспий, ойпат 360  
Арал, теніз 96, 97, 143, 208, 209, 307, 360, 363-365, 373, 382, 386, 507, 578, 688

<sup>1</sup> Көрсеткішке «Қазақстан» (барлық бөліктерімен) және «Орта Азия» атаулары енгізілмеген. Негізгі қысқартылған сөздер: к. – қала, мемл. – мемлекет, мемл-тік – мемлекеттік, к. ж. – қала жұрты, қан. – канал (арық), кес. – кесене, к. – көл, окр. – округ (уәляят), пос. – поселке (кент), өз. – өзен, қон. – коныс.

- Арал, теңіз жағалауы 251, 291, 385, 387, 388, 390, 163, 174, 222, 113, 124  
 Арал, өнір 546  
 Арал-Сырдария, бас. 350, 363, 689  
 Арганаты, болыс 617  
 Арганаты, тау 76, 139  
 Арықбалық, тоғай 389  
 Арықбалық, станция 310  
 Арыс, өзен 96, 99, 100, 128, 130, 139, 374, 585, Арыс, ст. 582  
 Арыс-Бұрта, алқап 386  
 Ассы-Корам, болыс 497  
 Астрабад, к. 17  
 Астрахан, к. 109, 113, 124, 217, 232, 240, 341, 576, 597, 615, 697, 699  
 Астрахан губ. 107, 108, 237, 448, 472, 548  
 Астрахан хандығы, мем-т 16, 18, 109  
 Асы, мекен, 584, 644  
 Атбасар, к. 310, 439, 441, 444, 449, 560, 575  
 Атбасар, окр. 441, 698  
 Атбасар, пр. 308  
 Атбасар, уез 435, 439, 477, 479, 482, 483, 486, 487, 505, 583, 647  
 Атбашы 288  
 Атлантика, басс. 104, 110  
 Атығай, болыс 198, 273  
 Атырау, алқап 97  
 Ауғанстан, мем-т 183, 252, 358, 360  
 Ауыл, ст. 582  
 Ақалтеке, жазира 444  
 Ачинск, к. 585  
 Ашт, жер 281  
 Аягөз (Сергиополь) к. 49, 250, 310, 370, 416, 446, 703  
 Аягөз, өз. 76, 96, 127, 128, 213, 266  
 Аягөз, окр (Сергиополь) 303, 304, 332, 351, 502  
 Аягөз, пр. 308  
 Аягөз, ауд. 547  
 Аят, алқап 247  
 Әбілқайыр, сай 145  
 Әбілқайыр, тау 145  
 Әзберген, жер 386  
 Әлжан, болыс 643  
 Әмудария (өз) 172, 211, 234, 361, 365-367, 386, 411, 446, 507, 688  
 Әмудария, бәлім 432  
 Әндіжан, к. 132, 289, 444, 660  
 Әулиета (бүгінде Тараз), к. 49, 50, 76, 130, 283, 288, 293, 294, 369, 370, 371, 373-376, 378-380, 438, 440, 446, 506, 508, 532, 571, 635, 702  
 Әулиеата, уез 65, 66, 144, 432, 449, 472, 505, 526, 645, 646  
 Баганатка, өз. 493  
 Бағыстан, жер 284, 285  
 Бадам. өз. 125, 138  
 Бадахшан 281, 293  
 Байқоңыр 575, 576, 635  
 Бақанас, өз 96  
 Балқан, тұб 443  
 Балқаш, көл 130, 143, 144, 145, 192, 213, 266, 351, 370, 511, 574, 578, 688, 689  
 Балқаш өнірі 212  
 Барабин, дала 14, 184, 122  
 Барнаул, к. 576, 582, 652  
 Барсакелмес, ар. 364  
 Басқұншақ 576  
 Борсық, құм 182, 362, 386, 421  
 Батыс Орал 577  
 Батыс Еуропа 272, 578  
 Батүғай (Батуғай) қоныс 140, 141, 171, 417, 434, 470, 508, 512  
 Батпак (Батпакты) алқап 144  
 Батпакты 440, 447, 504  
 Батыр 648  
 Батыр, хандық 222  
 Башқұртстан 55, 114, 115, 164, 199, 220  
 Баянауыл, к. 500, 573  
 Баянауыл, тау 67, 72, 131, 250  
 Батыс Еуропа 272, 578  
 Батыс Орал 577  
 Батыс Сібір 16, 79, 104, 110, 114, 141, 170, 299, 302, 303, 306, 323, 331, 332, 335, 417, 434, 470, 508, 512  
 Батыс Сібір, ген-губ. 209, 308, 414, 416, 417, 439, 448, 469, 548  
 Батыс Сібір, өнір 441  
 Баянауыл, окр. 303, 313, 331, 345, 346  
 Баянауыл, ауд. 190, 250, 327, 404  
 Баянауыл, уез 449  
 Белағаш, ст. 582  
 Білеуті, өз. 67, 141, 143, 146  
 Белојар, заимка 426  
 Белојар, с. 600  
 Бердск, бол. 115  
 Березовский, редут 305  
 Березово, с. 14  
 Берлин, к. 512, 689  
 Бершүгір 635, 576  
 Бесакты, шатқал 422  
 Бестамакжол, жол 144  
 Бетпакдала, дала 124, 131, 132, 483  
 Бесағаш, с. 279  
 Бийск, к. 503  
 Бийск, шеп. 308, 310  
 Бийск, окр. 275  
 Бийск, уез 311  
 Бинатун, бек. 156  
 Боролдай, өз 130, 136  
 Боротал, өз 248  
 Борсыққұм 182, 362, 386, 421  
 Босфор, бұғаз 17  
 Бозашы, тұб 422  
 Бөген, өз. 128  
 Бекей хандығы (Бекей Ордасы, Ішкі Орда) 25, 36, 75, 78, 79, 208, 234, 235, 237-241, 243, 337, 342, 343, 416, 448, 470, 471, 511, 521, 543, 545, 548, 554, 631, 676, 703  
 Берте, болыс 420  
 Бұланты, өз. 10, 67, 139, 141, 143, 146  
 Бура-Найман, бол. 198  
 Бурунный, форп 305  
 Бурный, ст. 472, 582  
 Бұрырлы Байтал, ст. 144, 145  
 Бұрындей, жер 645  
 Құхара, к. 16, 98, 113, 121, 129, 131, 132, 134, 136, 138, 157, 182, 184, 186, 189, 195, 210, 232, 233, 280, 282, 286-288, 291, 359-361, 363, 365, 368, 369, 372, 374, 377, 378, 381, 444, 537

- Бұхара әмірлігі (Бұхар хандығы), мемлекет 96, 279, 287, 291, 353, 360, 361, 365, 329, 347, 421, 443  
 Бұқтырма, бек. 300, 416  
 Бұқтырма, өз 257, 258, 578  
 Бұқтырма, село 502  
 Бұқтырма, шеп. 257, 308, 310  
 Бүркітті, өз 145  
 Быструха 575  
  
 Василевск 576  
 Вена, к. 512  
 Верблюжеск, бек. 156  
 Верный (бұғінде Алматы), к. 24, 33, 49, 52, 370, 380, 426, 432, 436, 440, 436, 440, 441, 445, 446, 447, 495, 500, 502, 503, 510, 511, 513, 514, 525, 530, 532, 560, 571, 581, 608, 615, 620, 622, 623, 630, 631, 634, 643, 644, 645, 688, 689, 697, 720, 723  
 Верный, уез 144, 432, 449, 474, 483, 495, 505, 525, 602, 626, 634, 638, 643, 644, 645, 664, 665, 666, 667, 698, 702  
 Верхнеиртышская, шеп 298  
 Верхнеуїск, шеп 173, 305  
 Верхнейайцк, шеп 214, 217, 305  
 Верхнеуральск, бек. 473, 214  
 Ветлянск, форп 305  
 Византия, мем-т 109  
 Воздвиженная, бек. 167  
 Воронеж, губ. 472, 491, 569  
 Воскресенск 575, 576, 584  
 Выборг, к. 621  
 Вятка к. 651  
  
 Галиция, жер 651  
 Гданськ (Данциг) к. 653  
 Георгиевское, с. 578  
 Геок тепе, бек. 443  
 Герат 360, 365, 368  
 Германия (ГФР) мем-т 54, 58, 479, 513, 578, 640, 650, 652, 674  
 Гиндукуш, жер 279  
 Гирьялск, редут 225  
 Головачевское, с. 472  
 Горск, бек. 341  
 Горькая, шеп 308  
 Грачевское, с. 635  
 Гроднево, с. 472  
 Грозное, с. 472  
 Губерлинск, бек. 167, 219  
 Гульги 288  
 Гурумсарай, асу 281  
 Гурьев (бұғінде Атырау), к. 49, 218, 224, 228, 269, 305, 306, 439, 446, 665, 666, 667  
 Гурьев қалашығы 150  
 Гурьев, уез 435, 449  
  
 Дағыстан 263  
 Дала 599, 695, 684  
 Дала губ. 657  
 Дала ген-губ (Дала өлкесі) 720, 30, 39, 48, 59, 77, 80, 192, 427, 428, 441, 435, 451, 452, 453, 454, 456, 469, 475, 481, 492, 513, 562  
 Дарапт қорған, бек. 288  
 Дарданел, бүг. 17  
 Дәуқара, к. 366  
  
 Дешті қыпшак 283, 286, 292  
 Дмитриевск, с. 472  
 Догал Үрпек, жер 648  
 Долинск, ст. 635  
 Доссор 32, 577, 663  
 Дон, өз 17, 218  
 Дунай, өз. 23  
  
 Еділ бойы 37, 45, 72, 76, 104, 105, 106, 109, 219, 309, 527  
 Еділ-Жайық, өнір 106, 110, 113, 134, 135  
 Еділ, өз. 20, 72, 104, 105, 109, 110, 114, 123, 156, 190, 209, 211, 213, 214, 219, 220, 223, 229, 234-237, 263, 266, 290, 472, 511, 527, 631  
 Екатеринбург, к. 171, 509  
 Екатеринбург, губ. 512  
 Екібастұз, к. 575, 576, 663, 664  
 Екібастұз шахталары 629, 634  
 Елек, өз 449, 420, 535, 576, 225,  
 Елек, бекініс 220, 224, 233, 305, 306, 309, 225  
 Елшан, бек. 167, 576  
 Емел, өз 124  
 Енисей, губ. 417, 584  
 Енисей, өз. 585  
 Ерейментау, тау 139, 140, 647  
 Ермак 576  
 Ертіс бойы 96, 109, 112, 111, 122, 129, 150, 481  
 Ертіс, өз. 11, 14, 25, 96, 107, 110, 111, 112, 122-124, 131, 150-152, 154, 155, 170, 172, 173, 182, 183, 184, 187, 188, 190, 198, 13, 250, 257, 258, 259, 214, 273, 275, 347, 415, 416, 437, 415, 416, 437, 501, 512, 575, 576, 583, 592, 598  
 Ертіс, шеп 128, 129, 156, 171, 174, 187, 196, 251, 257, 308-310  
 Ертіс, окр. 329  
 Ертіс, өлке 14  
 Ертіс өнірі 481  
 Есік жазығы 693  
 Есіл, шеп 196, 298  
 Есіл, окр. 275  
 Есіл өнірі 481, 139, 291  
 Есілкөл, ст. 509  
 Есіл, өз 68, 72, 96, 97, 123, 134, 138, 139, 170, 214, 250, 254, 272, 308, 347, 415, 481, 512  
 Есіл-Ертіс, өлке 14, 291  
 Еуразия 7, 72, 104, 109, 110, 117, 182, 199, 200, 263, 272, 396  
 Европа 20, 31, 47, 58, 61, 104, 105, 305, 359, 696  
 Европа Ресей 686  
  
 Жабай, өз. 441  
 Жағалбайлы, бол. 21  
 Жайық өз. 14, 18, 20, 225, 98, 97, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 112, 115, 157, 170, 173, 174, 183, 187, 188, 190, 209-214, 156, 688, 210-212  
 Жайық өнірі 104, 110, 212, 213, 214, 215, 216, 217, 218, 222, 223, 224, 225, 228, 232, 309, 481, 578  
 Жайық, шеп. 150, 174, 223  
 Жаксы кон, өз 139, 143  
 Жаланаш, а. 644  
 Жалғызқарағай, төғай 508  
 Жанкала, бек. 382, 388  
 Жанқат, бек. 290  
 Жанадария, өз. 211, 311

Жана Қокан, шеп 438  
Жанақорған 127, 288, 293  
Жана сарысу, уез 449  
Жана, шеп 305, 309  
Жаркайын, бек. 308  
Жаркент, (Еркеті) 105, 151, 196, 262, 297, 372,  
440, 446, 447, 496, 500, 501, 505, 571  
Жаркент, бол. 495, 496  
Жаркент, уез 432, 449, 474, 483, 497, 504, 525,  
601, 614, 643, 644  
Жаркент, уч. 495  
Жарлы, өз. 249  
Жармола, шатқал 306  
Жасқұс, алқап 240  
Жезді, өз. 139  
Жезқазған 573, 575, 576  
Желді адыр (Желтау), тау 139, 140  
Желді бел 145  
Желді тау 145  
Железинск, бек. 107, 155, 107, 172, 194, 198,  
258, 308, 416  
Жерорта теңізі 110  
Жетісу, аймак, 7, 23, 29, 59, 66, 76, 96, 105,  
123, 128-131, 146, 156, 183, 254, 256, 265,  
268, 271, 274, 288, 291, 292, 346, 351, 352,  
370, 372, 414-417, 418, 426, 427, 440, 444,  
446, 469, 470, 473, 474, 483, 495, 498, 499,  
500, 503, 561, 577, 585, 582, 596, 597, 602,  
617, 630, 622, 640, 641, 643, 648, 667, 689,  
694, 699, 723  
Жетісу, обл. 31, 77, 80, 82, 381, 416, 418, 425,  
427, 430, 432, 433, 434, 435, 439, 440, 441,  
445, 448, 449, 452, 453, 470, 472, 475, 478,  
479, 502, 504, 505, 512, 514, 515, 525, 527,  
548, 601, 614, 615, 621, 622, 626, 624, 628,  
631, 632, 636, 638, 639, 644, 645, 648, 660,  
661, 662, 670, 678, 694,  
Жетісу селосы 596, 599  
Жем, өз. 97, 108, 123, 133-136, 211, 214, 218,  
226, 227, 577, 592  
Жем, шеп. 309  
Жем ауданы 629  
Жем, бек. 420, 439, 440  
Жем, уез 449  
Жоғарғы Богдан, острог 215  
Жоғарғы Ертіс, уч. 471  
Жоғарғы үй, шеп 174  
Жонғар Алатауы, жота 25, 122, 689  
Жонғар қакпасы 129  
Жонғар хандығы (Жонғария), мемл. 7, 11,  
20, 55, 66, 67, 72, 73, 96, 98, 105, 106, 110,  
111-114, 121-124, 125, 128, 134, 135, 140,  
150-158, 162, 166, 167, 170-172, 173, 182,  
184, 187, 188, 195-197, 211-213, 247-253, 257,  
259, 263-267, 270, 407  
Жошы ұлысы (қараңыз Алтын Орда),  
мемл.  
Жөлек 288, 347, 373, 378  
Жыланды (жаланды), бол. 139  
Жызак, қ 59, 132, 282, 284, 279, 367, 443  
Жызак, уез 449  
  
Забайкалье 503  
Зайсан, 34, 439, 446, 447, 502, 503, 507, 513, 524,  
560, 664  
Зайсан, көл 155, 172, 258, 578

Зайсан, бекет 440  
Зайсан, уез 31, 426, 435, 439, 449, 483, 487, 506,  
575, 592, 599, 647  
Зайсан, приставтық 426  
Закавказье, аймақ 448  
Запорожье 218  
Захарьевск бекініс (камал) 504  
Звериноголовск, бек. 174, 214, 219, 308,  
Зеленовск, форт.  
Зеребұлак, білктік 443  
Зеравшан, өз. 132  
Зменогорск, уез 416  
Зырян, қ 573  
  
Иагидария, өз. 289, 290  
Изобильный, форт 305  
Икан, қ 97  
Ильинск, бекініс 224  
Имеш Шаған, мекен  
Иран (Персия), мемл. 278, 358-360, 365, 368  
Иркутск, қ. 181, 299  
Исетский, уез 512  
Испания, мемл. 574  
Италия, мемл. 470  
Итішпес Алакөл, көл 143, 145  
Ит кешу, бек. 288  
  
Кабанья, бек. 219, 308  
Кабарда 263  
Кабарда, княздық 158  
Кавказ, аймак 56, 240, 264, 304, 354, 443, 529,  
572  
Кавказ, окр. 366  
Каир 723  
Калбасин, бек. 155  
Калбин, бек. 25  
Калмыков, уез 435, 449  
Калмыков, бек. 439, 446  
Калуга, қ 329  
Камал, тұбек 351  
Кама, өз. 109, 116  
Каменка, с. 472  
Каменск, заимка 426  
Каменск, с. 600  
Камчатка, тұбек 14  
Камышенск, уез 512  
Канада, мемл. 53  
Каспий, ойп. 359, 237, 340, 223, 239, 340-360  
Каспий, теңіз 17, 22, 97, 109, 190, 214, 218, 239,  
307, 338, 339, 358, 362, 366, 577, 321  
Кашмир 198  
Кеген, өз. 266  
Кенді Алтай 19, 572, 575  
Кенжеғали, бол 219  
Кентау, тау 274  
Кенәрал, бол. 426  
Кенгір, өз. 141, 310  
Керей, өз. 139  
Кереуши, бек. 281  
Кермене, ауд. (Бұқара маны) 184  
Кетпен, бол. 495  
Кетпентөбе, бек. 288  
Кидел қыпшак, бол 329  
Киев, қ. 343, 569  
Киев, губ. 569, 584, 585  
Кингстон, қ 53

Киндер, заем. 422  
Ключевое, с 472  
Кожевников, хутор 215  
Кожехаровский, форп. 216  
Коловертное, алқап 220  
Колыванск, шеп 156  
Коноваловск, с 493  
Константиновск, с 494  
Копенгаген, к. 152  
Коряковск, бек.форп. 122,173, 188, 308, 444, 576  
Кояцк, форп. 219  
Кекарал, көл 507  
Кекөрлік, өз 232  
Кекпекті, к. 310, 439, 507, 513  
Кекпекті, окр. 502  
Кекпекті, приказ 308  
Кекпекті, приставтық 449  
Кекпекті, уез 439, 449  
Кексу, өз. 510  
Кексу, жазық 483  
Кектал, өз. 130  
Кектөбе, тогай 340  
Кекче (Кекше), дер. 279  
Кекшетау, дуан 324  
Кекшетау, к. 24, 190, 139, 272, 308, 321, 334, 439, 441, 444, 446, 526, 555, 560, 569, 571  
Кекшетау, окр. 303, 308, 313, 321-323, 326-327, 329-330, 331, 345-346  
Кекшетау, тау 130, 139, 273, 303  
Кекшетау, уез. 426,435, 439, 449, 477, 479, 482,483, 486, 487, 492, 508, 597, 578, 583, 615, 628, 659,6  
Көшнегей, бол. 645  
Көшкен су, өз. 420  
Көшім, мекен 215  
Красноводск, к. 366  
Красноводск 3,365  
Красногор, дис. 216  
Красногор, бек. 164, 167, 233, 224, Красногор, шеп. 305  
Кронштадт 151  
Кузминск, с. 472  
Кузнецк-Колыван, шеп 258  
Кузнецк, к. 172  
Кулагин, жота 217, 223, 224, 341  
Курган, к. 580  
Курган, окр. 275  
Курганча, бек. 366  
Кухистан, с. 279, 285  
Күбек, к. 581  
Күйік, жер 649  
Күлтөбе, тау 65  
Күмісқорған 288, 388  
Күрті, өз. 144  
Күршім (Күршім өлкесі), ауд. 31  
Күшкөл, көл 183  
Кіші Алматы, өз. 689  
Кіші Жар, тау 113  
Кіші Қобда, өз.  
Кіші Нарын, бек. 416  
Кіші Орда 227  
Кішітау, тау 139-140  
Кяхта, к. 503  
Кяхта-Маймачен, ауд. 197

Қазақ даласы 223, 274, 276  
Қазақ хандығы, мемл. 16, 18, 20, 65, 72, 73, 74,, 104, 121, 123, 133, 134, 140, 150, 155, 157, 158, 180, 181, 186, 208, 248, 253, 254, 256, 257, 263, 265, 267, 272  
Қазалы, к. 49, 307, 363, 367, 382, 384, 389, 440, 441, 446, 500, 501, 508, 590, 611, 614, 585, 615, 616, 668, 666, 667, 664  
Қазалы, уез 432, 449, 507, 526, 586  
Қазан, губ. 111, 112, 114, 116, 472  
Қазан жолы 217  
Қазан, к. 74, 111, 112, 113, 189, 197, 220, 240, 512, 557, 577, 624, 699, 705, 715, 723, 725  
Қазан окр.164  
Қазан, уез 116  
Қазан, хандық, мемл. 16, 18, 109  
Қаза шатқал 286  
Қайарыс, жер 256  
Қайдауыл, бол. 647  
Қайнақ, к. 530  
Қакма сексеуіл 290  
Қалмак, арық 140  
Қалмаққырылған, жер 141, 143, 138, 146  
Қалмақ-шанғар, зират 141  
Қалмақ хандығы 104, 105, 123, 134, 263, 329  
Қамыс балық, көл 507  
Қамыс, корған 284  
Қанарық (жыра) 144, 145  
Қанды, мекен 508  
Қанқаракөл, жер 172  
Қапал, бек. 308, 679  
Қапал, к. 50, 310, 370, 447, 525, 371  
Қапал, уез 432, 449, 483, 525, 703  
Қарабаш 576  
Қарабұтак, форт 49, 306, 307, 439, 421, 441, 443, 503  
Қарағайлы, өз. 141  
Қарағанды, к. 574, 576, 582, 612, 629, 634, 673  
Қарағаты, өз. 288  
Қара Кенгір, өз. 139  
Қарекесек, бол 273  
Қаракөл, бек. 167  
Қаракөл, мек. 600  
Қаракөл, өз. 226  
Қарақамау, мекен 348  
Қарақол, бол. 626  
Қарақол, жер 650, 679  
Қарақоңыз, өз. 145  
Қарақопа, бол. 647  
Қарақұм, құм 96, 99, 124, 126, 182  
Қарамолда, жер 143  
Қарамұрт, к. 130  
Қараөткел (бүгінде Астана) 335  
Қарасиыр, жер 10, 141, 143,146  
Қарасу, бол. 495  
Қарасу, жер 280  
Қаратал, жазық 483  
Қаратал, өз. 131, 266  
Қаратаяу, тау (жота) 7, 96, 130, 139, 146, 136, 141, 288, 373, 374, 378  
Қара теніз, теніз 22, 272  
Қараторғай, бол. 647  
Қара Торғай, өз. 139  
Қарауыл, бол 273, 330  
Қарашай, пос. 600  
Қарғалы, с. 527, 577

Қарқара, жер  
Қарқара, өз. 505  
Қарқаралы, к. 73, 190, 303, 308, 417, 439, 500, 502, 505, 574, 583, 610, 643, 644  
Қарқаралы, тау 249, 274  
Қарқаралы, окр. 302, 303, 308, 321, 323, 327, 330, 332, 333, 346  
Қарқаралы, уез. 435, 439, 449, 482, 487, 505, 508, 618, 689, 694  
Қармақшы, форт. 307  
Қарнак, к. 97, 285  
Қарой, жазық 144  
Қарпық, бол. 328, 329, 331  
Қарсакпай, мекен 575  
Қаршатас, бол.  
Қарши, к. 443  
Қаршинск, форп. 226  
Қасан 284  
Қаскелен, өз. 144, 213, 266, 291, 645  
Қастек, бек. 291, 370, 644  
Қастек, өз. 213, 266  
Қатон-Қарағай, 6, 439, 503, 504,  
Қашғария, айм. 193, 531  
Қашғар, к. 196, 262, 292, 368, 372, 373,  
Қыыр Шығыс 609, 910  
Қобда, к. 503  
Қобда, өз. 122, 420  
Қокан автономиясы (Түркістан автономиясы), мемл. 45, 83  
Қокан, к. 56, 83, 188, 191, 269, 271, 278, 280-282, 284-288, 290-292, 333, 354, 359, 362, 369, 370, 374-388, 381, 444  
Қокан хандығы, мемл. 16, 66, 252, 279, 283; 287, 281, 292, 297, 307, 329, 332, 347, 351, 353, 363-365, 369, 372, 375-376, 378, 414, 438, 443  
Қокан, шеп 438  
Қонырат 367, 386, 387  
Қорғас, қамал 503  
Қорғалжын, көл 138, 647  
Қордай, асу 371  
Қордай, өз. 145  
Қосағаш 647  
Қосарал, форт. 307  
Қоскорған 388  
Қотыркөл, ст-ца 310, 578  
Қостанай (Николаевск), к. 35, 446, 512, 513, 514, 535, 571, 623, 651, 689  
Қостанай, обл 534, 582, 615  
Қостанай (Николаевск) уез. 426, 428, 435, 477, 483, 535, 562, 589, 600, 647, 659, 665, 585, 701, 702, 723  
Қошқарбайтұз, жер. 144  
Қоянды, пос. 33  
Қуадыр, тау 139  
Қуандария, өз. 211, 288, 290, 366, 382, 387, 388  
Құжыр, өз. 333  
Құлан, к. 76  
Құлбай, шатқал 340  
Құлжабасы, жота (шатқ.) 144  
Құлжа, к. 198, 270, 444, 446, 473, 474, 503, 511, 530  
Құлжа өлкесі 473  
Құлынды, дала 184, 437, 481  
Құрайлы, мекен 641  
Құрама (Шахрухин) жер 292

Құрам, ауд. 280-282, 644  
Құрам, жота 281  
Құрғаты, бол. 646  
Құртқа, жота 288  
Құршаба, өз. 288  
Құсмұрын, мекен 528  
Құсмұрын, окр. 303, 308, 346  
Қызыл адыр, бол 626  
Қызыл, бекініс 167, 223, 224  
Қызыл бұлак, өз. 420  
Қызылкорған, бек. 288  
Қызылкүм, құм 145, 289, 686  
Қызылсу, өз. 253  
Қызылтау, тау 131  
Қылышқала, бек. 366  
Қыпшак, бол. 219  
Қыпшак, өз. 139  
Қырғызстан (Қырғыз өлкесі), мем-т. 14, 35, 47, 271, 288, 353, 440, 444, 445, 473, 530, 575, 576  
Қырым, тұбек 264, 272, 529, 703  
Қытай (Цин имп. қараңыз), мем-т 7, 11, 20, 34, 62, 72, 79, 122, 150, 186, 187, 189, 134, 213, 211, 250, 255, 259, 261, 265, 268, 270, 273, 283, 284, 289, 352, 372, 404, 426, 438, 473, 474, 503, 504, 511, 413, 530, 568, 645, 662, 670, 705  
Лебяжье, бек. 187, 257, 308  
Ленгір 576  
Лепсі, өз. 131  
Лепсі, к. 446, 447, 560  
Лепсі, уез 432, 483, 525, 626, 634, 644, 645  
Линевск, форп. 305  
Литва, мем-т 557  
Лобанов, ст-ца 310  
Лондон, к. 360, 574  
Луганск, с. 600  
Луговое, с. 472, 646  
Лхаса, к. 122, 123  
Магнитный, бек. 167, 219  
Мазандаран, бек. 167, 219  
Мазандаран 17  
Майқарау, бол. 647  
Майтөбе, тау 143, 160  
Мақаншы, к. 504  
Макат, жер 32  
Мало-Владимировск, с. 635  
Мамырық, тау 131  
Манғыстау, тұбек 30, 36, 60, 97, 109, 161, 362, 366, 419, 421, 422, 568, 569 Манғыстау, приставтық, 448  
Манғыстау, уез. 628, 658, 702  
Маргелан, к. 444  
Мариинск, с. 492, 576  
Марқакөл 575  
Мауараннахр, аймак 67, 132, 184, 283, 289  
Махрам, қыстак 443  
Мәскеу (Москва), к. 24, 38, 40, 41, 49, 160, 189, 196, 201, 507, 509, 512, 577, 586, 612, 613, 616, 624, 665, 698, 699, 723  
Меке, к. 380, 617, 666  
Мерке, с. 288, 369, 483, 472, 645, 646,

- Миас, өз 115  
 Минск, қ. 642  
 Минусинск, қ. 503  
 Минусинск, уез 482  
 Михайловское, с. 472, 634  
 Мойынкүм, қүм 96, 145  
 Мойынты, өз 212, 265, 266  
 Монголия, мем-т 23, 34, 195, 502, 505  
 Монгол Алтайы 122  
 Мұғалжар, тау 97, 128, 138, 139, 182, 212, 264,  
 Мыңбұлак, бек. 366  
 Мыңөрік, жер 284  
  
 Найзатесken, алқап 162  
 Найман, бол. 273  
 Наманган, қ. 289, 444  
 Нан-Лу (Кіші Бұқара), пров. 531  
 Нанай, бек 285  
 Нарын, бек. 440  
 Нарын-Қаракөл (Прежевальск), қ. 502  
 Нарынқол, с. 266, 644  
 Нарын (Нарынкүм), қүм 97, 223, 240  
 Нарын, өз. 257, 288, 373  
 Науырызым, бол 647  
 Нева, өз. 532  
 Нижнебурлынск, ст-ца 310  
 Нижний Новгород, қ. 49, 576, 586, 620, 695  
 Нижний Тагиль 612  
 Нижне-Озерный, бек. 167  
 Николаевская, бек. 308  
 Николаевская, ст-ца 422, 444  
 Николаевский, уез 449, 534  
 Николаевское, с. 472  
 Нийаз (Нийаз) тау 250  
 Нийаз (Ниазбек) бек. 282  
 Новая, шеп 309  
 Новоалександровское (Ново-Александровское), бек 307, 362  
 Новоильтек (Ново-Илецк), шеп. 305  
 Новоильтек, форп. 305  
 Новоишим (Пресногорька немесе Горкая) шеп 174, 257, 262, 269, 308, 309  
 Новоишим, уч. 471  
 Новолиния, ауд. 471  
 Новониколаевск, қ. 582  
 Ново-Петровское, бек. 306-307  
 Новорыбинское, с. 494  
 Новосергеевский, бек. 167  
 Новотроицкое, с. 646  
 Ново-Узенская, шеп. 309  
 Новошешминск 116  
 Ноғай, жолы 97, 107, 114, 115, 116, 117,  
 Ноғай, окр 164  
 Нұраты, бек. 289  
 Нұра, өз. 96, 130, 140, 139, 249, 273-274  
 Нұраты, тау 132  
 Нілді, алқап 576  
  
 Обаған, өз. 254  
 Объ, өз. 183, 437, 481, 577, 580, 576,  
 Объ-Ертіс, өз. Аралығы 123-156  
 Озерная, бек. 216  
 Ой, бек. 440, 442  
 Ой, өз. 107, 115, 133, 305  
 Ой, шеп 170, 173, 174  
 Ой-Миас, өз 115  
  
 Ойлық, қ. 446  
 Ойыл, бек. 440, 441, 443  
 Ойыл, өз. 133, 138, 226, 232, 548  
 Оксфорд, қ. 59  
 Ом, өз. 154  
 Омбы (Омск), қ. 33, 61, 154, 170, 173, 194,  
     258, 269, 275, 305, 308, 310, 311, 321, 323,  
     330, 331, 378, 381, 435, 436, 444, 449, 470,  
     502, 509, 511, 513, 514, 523, 528, 529, 532,  
     548, 557, 560, 565, 576, 610, 611, 613, 614,  
     583, 587, 615, 616, 618, 626, 650, 651, 652,  
     651, 653, 655, 658, 664, 665, 666, 667,  
     668, 669, 692, 692, 702  
 Омбы, обл. 299, 311, 323, 325, 332  
 Омбы, окр. 275  
 Омбы, уез 435, 449, 479, 482, 585, 599, 614  
 Онекі қазылық, жер 67  
 Оразым, бек. 167, 611, 612  
 Орал, аймак 110, 174, 508, 438, 612-614, 634,  
     626, 629, 596, 597, 600, 631, 641  
 Орал бойы 104, 110, 309, 481  
 Оралбайы, шеп 341  
 Орал-Жем, ауд. 32, 577, 6  
 Орал, қ. (Жайық қалашығы) 33, 49, 106, 108,  
     115, 116, 168, 218, 241, 305, 229, 341, 343,  
     388, 436, 446, 449, 511, 513, 523, 526, 548,  
     560, 565, 720  
 Орал, обл. 31, 36, 82, 168, 418, 419, 421, 425,  
     434, 435, 439, 441, 448, 449, 452, 453, 457,  
     472, 475, 513, 526, 527, 548, 523, 620, 622,  
     558, 569, 570, 571, 590, 607, 678, 660  
 Орал, окр. 417, 471  
 Орал, тау 14, 107, 183, 218, 596, 570, 571, 577,  
     578, 590, 596, 610, 611, 615, 607, 616, 623, 664,  
     668, 669, 669, 697, 701, 702,  
 Орал, уез 435, 449, 481, 512, 569  
 Оралдың арғы шет аймағы 161, 341, 350  
 Орал, шеп 231, 305, 316, 384  
 Ордабасы, жер 38, 76, 138  
 Орда 229  
 Орск, қ. бек. 164, 166, 167, 193, 195, 219, 224,  
     225, 306, 350, 362, 441, 625  
 Орск, шеп 305  
 Орск, уез 512  
 Ор, өз. 17, 25, 97, 107, 133, 163-164, 421  
 Орта Азия 210, 211, 574, 579, 612, 616, 636,  
     638, 649, 650, 667, 668, 591, 692, 694, 697  
 Орта Сібір 584  
 Орта Шығыс 110, 420  
 Орынбор (Оренбург) қ. 21, 34, 35, 36, 49, 76,  
     78, 164-167, 168, 170, 182, 185, 186, 193-197,  
     209, 210, 216, 219, 223, 228, 229, 240, 268,  
     269, 291, 305-308, 323, 341, 343, 347, 350,  
     360, 361, 366, 375, 381, 382, 420, 500, 511,  
     513, 528, 533, 534, 536, 548, 559, 579, 591,  
     592, 597, 615, 611, 612, 614, 668, 669, 655,  
     634, 635, 641, 684, 661, 662  
 Орынбор даласы 422  
 Орынбор, шеп 170, 174, 190, 182, 305-306, 316,  
     329, 369-370, 373, 389, 485  
 Орынбор вед. 438  
 Орынбор, обл. 485, 486, 534, 622, 684,  
 Орынбор, окр. 417, 586, 590, 668, 669,  
 Орынбор, уез. 527, 612, 208  
 Орынбор, ген-губ. (Орынбор өлкесі, Орын-  
     бор губ) 35, 164, 167, 168, 196, 223, 227,

- 237, 313, 339, 341-342, 350, 351, 362, 414, 420,  
 421, 423, 424, 438, 439, 448, 452, 469, 472,  
 523, 548, 582, 616, 617, 664, 666, 667, 698,  
 699, 601, 721  
 Орынбор (Торғай), бек. 534, 535, 585, 586,  
 Осінов, окр. 164  
 Осінов, с. 634  
 Осман империясы, мемл. 20, 263  
 Осморыжск, форп. 156  
 Отар, уч. 644  
 Отырар, к. 97, 136  
 Ош, к. 444  
 Ошакты, ауыл, жер 644, 645  
 Ошакты, сай 644  
  
 Өзбекстан, мемл. 7, 47  
 Өзен 219  
 Өзен, шеп 242, 341  
 Өсек, өз. 495  
 Өскемен, обл. 31, 34  
 Өскемен, к. 49, 136, 172, 174, 193, 194,  
 196, 197, 261, 269-270, 300, 308, 311,  
 252, 275, 440, 442, 444, 446, 447, 449,  
 502, 503, 507, 513, 524, 560, 592, 651,  
 652, 665, 667, 626  
 Өскемен, уез 426, 435, 449, 483, 487, 502, 506,  
 575, 584, 616, 647, 664, 665, 666, 667  
  
 Павлодар, к. 66, 500, 501, 502, 507, 512, 513,  
 514, 576, 610, 617, 618, 632, 651, 652, 653,  
 665, 666, 667  
 Павлодар, обл. 541  
 Павлодар, уез 435, 486, 487, 506, 508, 598, 612,  
 615  
 Памир, тау 279, 293, 443  
 Паркент, к. 250, 252, 273-274, 325, 372  
 Пекин, к. 279  
 Пенджаб, к. 379  
 Перегибен, бек. 167  
 Пермь, губ. 576  
 Пермь, к. 623, 631  
 Перовск (Ақмешіт, бүгінде Қызылорда), к.  
 49, 389, 440, 441, 446, 501, 506, 524, 571,  
 586, 610, 611, 612, 614, 616, 623, 625, 630,  
 663, 664, 665, 667, 668  
 Перовск, уез 432, 449, 507, 526, 585  
 Перовск, ст. 590, 668  
 Петербург (Петербор, Петроград, Санкт-  
 Петербург), к. 24, 38, 56, 60, 108, 103, 112,  
 113, 114, 117, 154, 155, 150, 158, 159, 161,  
 163, 168, 175, 216, 230, 256, 291, 297-298,  
 316, 324, 331, 338, 360-362, 368, 373, 375,  
 376, 378, 381, 418, 419, 442, 445, 451, 509,  
 531, 557, 556, 575, 602, 614, 615, 621, 624,  
 655, 656, 662, 665, 669, 681, 688, 695, 699,  
 703  
 Петропавл, к. 33, 34, 35, 187, 193, 194, 197,  
 198, 219, 256, 257, 258, 260, 269, 273, 275,  
 300, 308, 324, 331, 441, 442, 444, 446, 449,  
 473, 500, 501, 509, 513, 526, 560, 569, 571,  
 578, 583, 586, 592, 611, 613-616, 618, 620,  
 623, 630, 631, 634, 651, 659, 663, 664, 665,  
 667, 698, 701  
 Петропавл, с. 586, 614, 625  
 Петропавл, уез. 435, 449, 479, 482, 483, 505  
 Пиза, к. 511  
  
 Поволжье 576  
 Подгорное, с. 145, 472  
 Покровск, бек. 308  
 Покровская, с. 579  
 Покровск – Орал, уч. 583, 612  
 Покровское, с. 472  
 Полетаево, ст. 582  
 Полтава, 152  
 Полтава, губ. 569, 585  
 Полтава, обл. 600  
 Полуденная, бек. 257, 308  
 Польша (Польша корольдігі, Поляк патша-  
 лығы), мемл. 354, 373, 529, 557  
 Пресновск, ст. 444  
 Пресногорковск, бек. 219, 308  
 Пржевальск (Қарақөл), к. 440, 679  
 Пржевальский, уез 432, 525  
 Пригородный, уч. 638  
 Прutoяр, бек 167  
 Пішагар, бек 287  
 Пішпек (Фрунзе, бүгінде Бішкең), к. 47, 252,  
 288, 369, 438, 445  
 Пішпек, уез 144, 432, 497, 525, 646  
 Пішпек-Пржевальск, уез 568  
  
 Райым (Қазалы), бек. 290, 307, 363, 364, 382,  
 384, 385, 524  
 Рассыльный, бек. 167  
 Ревель, к. 512  
 Ресей 708, 710, 720  
 Реште, к.  
 Рига, к. 631, 343  
 Риддер, к. 575, 582, 629  
 Рим, к. 696  
 Рим империясы, мемл. 109  
 Ровное, с. 472  
 Россыпная, бек. 220  
 Рязань-Орал 591, 614, 612  
 Рязань (Рязань-Козлов) 579  
  
 Сағым, алқап 422  
 Сағыз, өз. 211, 225  
 Садыр-Қамалбұлақ, өз. 136  
 Садыр-Матай, бол. 644  
 Сазды, с. 634  
 Сайрам, к. 76, 97, 99, 110, 130, 133, 136, 180,  
 256, 283, 286, 287, 380  
 Сайрамсу, өз. 131  
 Сакмар, ст.-ца 309  
 Сакмар, өз. 108, 170  
 Сам, күм 97  
 Самара, губ. 472, 578, 585  
 Самара, к. 116, 577, 579, 721, 585, 217, 621  
 Самарқан, к. 66, 76, 129, 131, 132, 182, 133,  
 184, 289, 443, 581, 577, 576, 593, 615  
 Самарқан, обл. 40, 59, 430, 41, 60, 594, 658  
 Самсы, ст. 644  
 Санкт-Петербург 697, 698, 705, 712, 723, 621  
 Сандықтау, ст.-ца 441, 546  
 Сандықтас, биіктік 546  
 Сапақ, ст. 591  
 Сарайшық, бек. 226  
 Саран 574, 576  
 Саратов 569, 616, 577, 723, 576  
 Саратов, губ. 615, 742, 569, 238  
 Сарбонна, 58, 59

- Сарыарқа, жер 67, 69, 24, 139, 142, 146, 179,  
 350, 186, 185, 264, 336, 481, 547, 554  
 Сарыкөл, бол. 647  
 Сарыкенгір, өз. 139  
 Саркыратта кені 684  
 Сарықола 647  
 Сарыторғай, өз. 139  
 Сарықман, бол. 684  
 Сарысу, өз. 25, 76, 96, 97, 125, 131, 139, 141,  
 191, 288, 633, 663, 308, 310  
 Сарыторғай, бол. 647  
 Саумал, көл 426  
 Сауран, к. 97, 110  
 Сахарная, бек 216, 226, 228  
 Саянтас, көктас 164  
 Саян-Алтай, тау 122  
 Севастополь, к. 557  
 Сейтовская, сл. 268  
 Селиярская, ст.-ца 505  
 Семеновское, с. 635  
 Семей, ауд. 595, 599  
 Семей, к. 33, 34, 49, 61, 155, 172, 173, 182, 192,  
 194, 196, 197, 250, 261, 262, 269, 270, 275,  
 300, 308, 311, 332, 436, 444, 446, 500, 503,  
 507, 511, 513, 514, 524, 526, 548, 560, 561,  
 563, 568, 569, 570, 577, 584, 592, 613, 615, 618,  
 594, 595, 621, 623, 648, 651, 652, 664, 698,  
 703, 710, 720, 632, 626, 627, 599, 647, 661,  
 663, 634, 626, 631, 643, 644, 645  
 Семей, обл. 31, 33, 82, 312, 370, 416, 418, 422,  
 425, 427, 428, 432, 434, 435, 439, 440, 444,  
 447, 448, 449, 452, 453, 457, 471, 472, 473,  
 475, 478, 481, 482, 505, 508, 513, 509, 515,  
 524, 526, 527, 536, 548, 552, 561, 563, ,  
 586, 592, 594, 595, 568, 570, 613, 622,  
 625, 630, 631, 678, 684,  
 Семей, окр. 596  
 Семей, уез. 435, 449, 482, 487, 505, 506, 551,  
 620, 651, 684, 685, 647  
 Семиполка, с. 493  
 Семиярск, форп. 156, 308  
 Сергипольский, уез 449  
 Сергиопол, уч. 504  
 Серенқала, бек. 110  
 Сибзар, жер 279  
 Симбирск, губ. 232, 227, 577  
 Сколинская, бек. 308  
 Созак, бек. 76, 97, 256, 288, 347, 349, 374, 388,  
 438  
 Солтүстік Кавказ, айм. 17, 36, 212, 332, 415  
 Сонкол, көл 288  
 Спасск 576, 612, 625, 633, 663  
 Спасск-Воскресенск 574  
 Стамбул 723  
 Становская 31, 34, 39  
 Степановск 574  
 Степное, с. 472  
 Стерлитамак, уез. 527  
 Стерлибашево, с. 527  
 Сұлу, көл 334  
 Сұнқайтты (Сұмқайтты), өз. 145  
 Сығанак, к. 97  
 Сызрань, к. 576  
 Сырдария, обл. 26, 29, 31, 40, 77, 208, 238, 381,  
 418, 430, 432, 440, 448, 450, 472, 475, 478,  
 480, 502, 507, 508, 511, 512, 515, 524, 526,  
 527, 548, 568, 569, 570, 593, 584, 586, 588,  
 622, 626, 627, 628, 633, 636, 640, 645, 646, 647,  
 678, 681  
 Сырдария округі 596, 599  
 Сырдария, өз 50, 65, 66, 76, 96, 97, 106, 107,  
 110, 114, 128, 129, 130, 138, 139, 156, 170,  
 180, 182, 183, 185, 188, 191, 209, 211, 222,  
 233, 236, 254, 281, 288, 290, 307, 309, 360,  
 365, 343, 387, 346, 3879, 390, 382, 385, 417,  
 509, 546, 579, 725, 616, 617, 664  
 Сырдария өңірі 36, 105, 110, 188, 347  
 Сырдария, шеп. 309, 363-364, 366, 373, 375,  
 383, 384, 388, 390, 438  
 Сырт, ст. 669  
 Сырым ордасы, жер 226  
 Сібір жолы 95, 107, 114, 116  
 Сібір, шеп 156, 171-174, 196-198, 182, 257, 260,  
 262, 272, 275, 373, 380, 414, 438, 470, 576,  
 613, 614, 615  
 Сібір, редут. 173  
 Сібір, ведома 25, 53, 77, 256, 438, 257  
 Сібір ген. губ. 112, 350  
 Сібір 14, 18, 39, 54, 75, 78, 104, 106, 107, 108,  
 109, 110, 111, 112, 113, 114, 134, 150, 155,  
 170, 171, 172, 174, 184, 187, 190, 196, 197,  
 219, 259, 291, 302, 330, 331, 343, 359, 469,  
 471, 472, 485, 505, 528, 529, 561, 577, 584,  
 616, 617, 666, 685, 687, 686, 621, 622, 690,  
 692, 694, 695, 696, 651,  
 Сібір әскери 597, 598, 631, 684  
 Тайынша 583  
 Тайғай, ст. 584  
 Тайлы, мекен 386  
 Талас, анғары 130  
 Талас, өз. 7, 25, 76, 96, 123, 125, 130, 131, 139,  
 140, 182, 183, 189, 254, 288, 417, 495  
 Тамбов, губ. 577  
 Танаалып, бек. 167  
 Танаалы, бек. 219  
 Таңбалытас, жер 131  
 Тара, к. 109, 150, 151, 197, 512  
 Тарбағатай, окр. 270  
 Тарбағатай, тау 25, 122, 187, 250, -251, 267, 432,  
 483, 502  
 Тархан, бек 123  
 Гас-Шат, мекен 332  
 Тастөбе, мек. 342  
 Татарстан 703  
 Татищевская, бек. 216-220  
 Татыр, жер 649  
 Таулы Алтай, жер 110  
 Ташкент, аймак 188, 611  
 Ташкент болысы 659  
 Ташкент, жазира 97  
 Ташкент, к. 24, 41, 66, 71, 76, 96, 97, 99, 100,  
 107, 130, 133, 180, 183, 184, 188, 189, 192,  
 193, 256, 262, 269, 271, 273, 278-284, 292-  
 294, 333-334, 373, 374-378, 381, 421, 440,  
 441, 444, 450, 508, 509, 511, 513, 526576, 582,  
 585, 586, 587, 591, 592, 611, 612, 614, 615,  
 616, 625, 630, 634, 640, 647, 664, 663, 666, 668,  
 669, 693, 694, 697, 702, 710  
 Ташкент, уез 432, 449, 472, 479, 526,  
 Тәжікстан, мемл. 279, 293  
 Тәуіп, Құм 97

- Тезек ауылы 532  
 Текес, өз. 124  
 Телецк, көл 257  
 Темір (Темір бекінісі) к. 440, 441, 446  
 Темір, өз. 97, 106, 1333, 134, 135  
 Теректі, құм 341  
 Теректі, өз. 136  
 Темір, уез. 435  
 Теренөзек 292  
 Терісаккан, өз. 139  
 Тескентау, тау 547  
 Тибет 104, 127, 198  
 Тигерешк, форп. 258  
 Тобыл-Ақмола 593  
 Тобыл-Ертіс, өзен аралығы 96  
 Тобыл, губ. 25, 258, 275, 299, 311, 417, 471, 472  
 Тобыл, к. 109, 111, 112, 114, 151, 152, 154, 171,  
     189, 196, 197, 257, 262, 299  
 Тобыл, өз. 96, 97, 107, 112, 134, 170, 214, 258-  
     259, 274, 305, 308  
 Тоғызак, өз. 305  
 Тоғыз, ст. 592  
 Тойшыбек, бек. 291  
 Токмак, к. 288, 353, 370, 438, 445, 495  
 Токмак, уез 449  
 Толкачев, хутор 215  
 Томск, к. 152, 151, 196, 624, 699, 700  
 Томск, губ. 25, 275, 299, 311, 416, 417, 471, 472,  
     624, 625, 656, 705, 723  
 Топар, өз. 144-145  
 Топқойма, ст. 648  
 Торғай даласы 647  
 Торғай, к. 306, 417, 440, 441, 443, 446, 502, 534,  
     535, 559, 579, 617, 629, 631, 641, 639, 647,  
     648, 660, 664, 665, 702  
 Торғай, обл. 25, 31, 36, 82, 418, 419, 421, 425,  
     428, 434, 437, 439, 440, 448, 449, 452, 472,  
     477, 478, 480, 482, 483, 502, 508, 512, 515,  
     526, 527, 534, 535, 536, 548, 558, 559, 570,  
     571, 579, 587, 594, 595-596, 599, 601,  
     622, 627, 634, 642, 647, 648, 650, 660, 661, 662,  
     667, 678, 723, 800  
 Торғай-Орал, аймак 595-596, 599  
 Торғай, уез 7, 435, 449, 534, 556, 535, 647  
 Торғын, өз. 240  
 Тосын, бол. 647  
 Төгөрен, көл 183  
 Төлкараған, 307  
 Төменгі Еділ, алқап 110  
 Төменгі үй, шеп 174, 305  
 Төменгі Жайық, шеп 217-218, 225  
 Төменгі жем, бекет 440, 441, 443  
 Төртуыл (Төртжол), бол. 273  
 Троицк, к. 34, 35, 49, 174, 182, 195, 219, 256,  
     262, 269, 329, 362, 500, 582, 651, 697, 700,  
     701, 718  
 Троицк, уез. 512, 582, 719  
 Тубалын, өз. 131  
 Тула, к. 258  
 Тула, өз. 123  
 Тұздөбе, бол. 420  
 Түркістан, ауд. 502, 625  
 Түркістан, к. 49, 60, 97, 99, 100, 107, 110, 112,  
     128, 130, 131, 133, 136, 138, 141, 156, 171,  
     175, 180, 182, 188, 189, 251, 254, 256, 262,  
     273, 279, 289, 293, 364, 366, 373, 380, 418,  
     425, 427, 430, 432, 433, 434, 435, 438, 439,  
     441-448, 452, 453, 456, 469, 486, 511, 524,  
     548, 564, 586, 571, 581, 590, 593, 594, 611, 615,  
     616, 627, 628, 630, 634, 638, 644, 645, 646, 649,  
     654, 657, 664, 667, 684, 685, 689, 669, 692, 693,  
     694, 703  
 Түркістан, обл. 447, 480  
 Түркістан, окр. 627, 366, 381  
 Түркістан өлкесі 596, 662, 677  
 Түркістан, уез. 449, 526  
 Түркіменстан, мемл. 230, 382, 443  
 Түркия, мемл. 46, 212, 289, 568, 681, 705  
 Түмен (Тюмен), к. 151, 197, 512  
 Түмен (Тюмен), окр. 123  
 Тюкаминск, окр. 275  
 Тянь-Шань, тау 96, 124, 288, 432, 530, 684  
 Уак, болыс 198  
 Убинск, форпост 308  
 Убинск, форт 156  
 Угольный, форп 305  
 Узменқа село 646  
 Украина, мемл. 471, 569, 570  
 Ульба, з. 257  
 Ульбинское, с. 502  
 Улясутай, ц. 503  
 Урбах  
 Урга, бек. 366-367  
 Урга, мекен 386  
 Урга (Улан-Батор) ә. 106, 124, 372, 502  
 Ургаз, ә. 444  
 Урянхай 503  
 Успенск 574  
 Успен және Сасын 629  
 Уссури, з. 470  
 Усть-Уйск, бек. 167, 275  
 Утяцк, бек. 123  
 Утяцк, сл. 257  
 Уфа, ген-губ. 223  
 Уфа, губ. 527  
 Уфа, ә. 114, 115, 133, 162, 189, 697, 681, 705,  
     719, 720, 288, 228  
 Уфа, уез. 114, 116  
 Ұзынағаш 371, 445  
 Ұзынағаш, бол. 644  
 Ұлқияқ, з. 169  
 Ұлытау, бек. 308, 310  
 Ұлытау, мекен  
 Ұлытау, ст-ца 441, 647  
 Ұлытау, тау 67, 76, 97, 124, 125, 128, 130,  
     139, 142, 143, 146, 291.  
 Ұратөбе 281, 284, 287, 292, 443  
 Үйгентас 352  
 Үлкен Қобда (Хобда) 224  
 Үлкенсаз, жер (мекені) 644  
 Үлкен Торғай 96  
 Үлкентүз (тау) 136  
 Үндістан, мемл. 7, 20, 41, 150, 151, 189, 297,  
     358-360.  
 Үргеніш, ә. 65, 548  
 Үржар, ә. 504  
 Үрпек 648  
 Үстүрт, жазық 97, 361, 382, 363, 386, 422, 423  
 Үш-Алматы, жер 291, 352

- Ушкоңыр, мекен 643, 644  
 Ушкоңыр, тау 644  
 Ферғана, жазық 96, 279, 378  
 Ферғана, қ. 658, 278, 284, 293  
 Ферғана, обл. 40, 430, 593  
 Финляндия, мемл. 529  
 Флоренция, қ. 511, 510  
 Франция, мемл. 57, 61, 470, 230  
 Форт-Александровск, қ. 446  
 Фольбаум өз. 634  
 Ҳақы-Хават, қыстак 444  
 Ҳантау, тау 76, 144, 146  
 Ҳантәнірі 687  
 Ҳасанқала, қ. 290  
 Ҳарьков, губ. 472, 569  
 Ҳерсон, губ. 585  
 Ҳиуа, қ. 16, 66, 98, 106, 116, 131, 132, 134, 157, 161, 174, 184, 186, 195, 209, 210, 231, 233, 269, 278, 279, 288, 289, 290, 307, 353, 360, 368, 387, 388, 390, 234, 421, 423, 443, 444, 691.  
 Ҳиуа ҳандығы, мемлекет 161, 184, 211, 236, 225, 270, 283, 289, 291, 297, 307, 329, 361, 363, 364, 367, 421, 423, 440, 443, 545  
 Ҳоджа-Нияз, бек 290  
 Ҳоджент, қ. 131, 132, 183, 256, 279, 280, 281, 443, 508.  
 Ҳоджент, уез 449  
 Ҳонакой, қ. 530  
 Ҳорасан, аймақ 368, 585  
 Ҳорезм, аймақ 182, 289, 364  
 Ҷарево, қалашық 123  
 Ҷадак, жол 81  
 Ҷелябі (Челябинск) 183, 651  
 Ҷернореченск, өз. 216, 224  
 Ҷернигов 585  
 Ҷернигов 569  
 Ҷерноморск, бек. 156  
 Ҷерноярск 156  
 Ҷерняев (қала) 446  
 Ҷуст, село 280  
 Шабакты, өзен 145  
 Шадринск, ү. 512  
 Шайдан, бек 282  
 Шалакын, ауд. 541  
 Шалдоварск, с. 472  
 Шалкар, қ. 616, 669, 590  
 Шалқар, ст. 587  
 Шамси, өзен 253  
 Шапалово (село) 472  
 Шар (өлке) 96  
 Шардара, бек. 289  
 Шарын, ауыл 644  
 Шарын, өз 96, 495  
 Шарын қыстағы 492  
 Шат, асу 253  
 Шатқал, тау 284-285  
 Шаян, өз 128  
 Шәуешек, қ. 198, 270, 325, 503  
 Швеция, мемл. 150, 156, 307, 560, 574  
 Шейхантаур с. 279-280  
 Шелек, з. 130, 495, 688  
 Ши-Тұндік (жер) 67  
 Шолакқорған, кент 140  
 Шу 657  
 Шу, жазық 130-131, 370, 375, 483, 578  
 Шу, өзен 7, 25, 76, 79, 96, 123, 125, 130, 131, 144, 140, 146, 191, 185, 288, 291, 310, 333, 352, 370, 371, 417, 470, 498  
 Шуруханск, уч. 432  
 Шұбар, болжыс 700  
 Шұбарқөл, көл 67, 138  
 Шығыс Азия 686, 687, 697  
 Шығыс Алтай 268  
 Шығыс Европа 263  
 Шығыс Сібір 577  
 Шығыс Сібір, ген-губ. 299  
 Шығыс Түркістан (Шыңжан, Батыс Қытай) 34, 60, 62, 80, 122, 127, 132, 150, 197, 198, 252, 268, 291, 297, 298, 325, 327, 359, 360, 372, 374, 414, 414, 495, 502-504, 511, 531, 533, 645  
 Шымбай уч. 432  
 Шымкент, қ. 49, 76, 130, 138, 256, 279, 280, 283, 287, 294, 369-370, 373, 374-380, 414-415, 438, 440, 256, 279, 280, 283, 287, 294, 369-370, 373, 374, 380, 414-415, 438, 440, 441, 444, 501, 508, 571, 586, 617, 664, 666, 667, 702  
 Шымкент, уез. 431, 471, 472, 526, 578, 582, 585  
 Шымкорған, с. 388  
 Шыңғыс, тау 68, 131, 535  
 Шыңғырлау, өзен 224, 232  
 Шыршық 96, 100, 130, 183, 282  
 Шідерті, өзен 67, 250  
 Щучинск қ. 560  
 Үрғайты, өз. 145-146  
 Үрғыз, бек. 421, 439, 440, 441, 442, 443  
 Үрғыз, қ. 49, 441, 446, 502, 535  
 Үрғыз өз. 96, 97, 160, 264, 306, 307, 388, 507  
 Үрғыз, уез. 435, 449, 502, 535, 421, 617, 723, 657, 600, 647  
 Үстықкөл, көл. 130, 502, 530, 693, 694  
 Үстықкөл алқабы 483, 688  
 Үстық көл, уез 449.  
 Іле Алатауы 26  
 Іле, бек. 214  
 Ілден арғы өлке 291, 292, 353, 370, 373  
 Іле, округ 270  
 Іле, өз. 25, 79, 96, 111, 122, 123, 125, 127, 130, 144, 145, 192, 212, 248, 251, 266, 289, 348, 352, 370, 415, 417, 446, 481, 510, 511, 579, Іле өлкесі 483, 495, 530, 470  
 Эльбрус тау 17  
 Якутия 610  
 Яман-Курган бек. 288  
 Ямыш (Ямышево) көл 96, 111, 124, 151, 152  
 Ямышевск (Ямышевская) бек. 96, 111, 127, 152, 155, 170, 173, 194, 172, 196-198, 262, 154, 269  
 Янгур өз. 172

## ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

АВПРИ – Архив внешней политики России (Российской империи), г. Москва

ГААК РФ – Государственный архив Алтайского края Российской Федерации, г. Барнаул

ГАНО РФ – Государственный архив Новосибирской области Российской Федерации,  
г. Новосибирск

ГАОмО РФ – Государственный архив Омской области Российской Федерации, г. Омск

ГАОрО РС – Государственный архив Оренбургской области Российской Федерации,  
г. Оренбург

ЗВО ИРГО – Записки восточного отделения Императорского русского  
географического общества

ИРГО – Императорское русское географическое общество

ИВ АН РУз – Институт Востоковедения Академии наук Республики Узбекистан,  
г. Ташкент

КРО-1 – Казахско-русские отношения в XVI–XVIII вв. (Документы и материалы),  
кн. I. А., 1961

КРО-2 – Казахско-русские отношения в XVIII–XIX вв. (Документы и материалы),  
кн. 2. А., 1964

МИКХ – Материалы по истории казахских ханств (Извлечения из персидских и тюркских  
сочинений). Составители: С. К. Ибрагимов, Н. Н. Мингулов, К. А. Пищулина,  
В. П. Юдин. А., 1969

МСТК – Материалы по статистике Туркестанского края

ПТКЛА – Протоколы заседаний и доклады членов туркестанского кружка  
любителей археологии, г. Ташкент

РГАДА – Российский государственный архив древних актов, г. Москва

РГВИА – Российский государственный военно-исторический архив, г. Москва

РГИА – Российский государственный исторический архив, г. Санкт-Петербург

СПбФ ИВ РАН – Санкт-Петербургский филиал Института Востоковедения Российской  
Академии наук, г. Санкт-Петербург

ЦГА РУз – Центральный государственный архив Республики Узбекистан, г. Ташкент

ЦГА РК – ҚР Ұлемлекеттік Орталық мұрағаты, Алматы қаласы

## МАЗМҰНЫ

<b>Алғы сөз .....</b>	7
<b>XVIII–XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстан тарихы бойынша</b>	
тарихнама және деректемелер .....	10
1. Қазақстан тарихнамасы (XVIII–XX ғасырдың бас кезі).....	10
2. XVIII–XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихы проблемаларының Батыс тарихнамасынан көріністабуы.....	48
3. XV.–XX ғасырдың басындағы тарих хакындағы қазак деректемелері .....	62
<b>БІРІНШІ БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙГЕ ҚОСЫЛУДЫҢ</b>	
<b>ҚАРСАНЫНДА ЖӘНЕ ҚОСЫЛУ КЕЗЕҢІНДЕ</b>	
<b><i>Бірінші тарау. XVIII ғасырдың алғашқы үштен біріндегі</i></b>	
<b>    Қазақстанның саяси жағдайы .....</b>	96
1. Ішкі саяси жағдай. Әбілқайыр ханның билік басына келуі .....	96
2. Қазақ-ойрат қатынастары .....	104
3. Ресеймен өзара қатынастар .....	108
4. Қазақ-башқұрт қатынастары .....	114
<b><i>Екінші тарау. Қазақ халқының XVIII ғасырдың 20-жылдарындағы жонғар</i></b>	
<b>    басқыншылығына қарсы Отан соғысы .....</b>	121
1. Қазақ халқының XVIII ғасырдың басындағы жонғар	
басқыншылығына қарсы күресінің күшеюі .....	121
2. Отан соғысының басталуы (Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама жылдары) .....	128
3. Жонғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық тойтарысты үйымдастыру. Батырлар .....	135
<b><i>Үшінші тарау. Қазақстанды Ресейге қосып алуудың басталуы</i></b>	
<b>    (XVIII ғасырдың 30–40-жылдары) .....</b>	150
1. Патша өкіметінің Ертіс өнірінде бекіністер орнатуымен	
Қазақстандағы әскери-отаршылдық әрекеттерінің басталуы .....	150
2. Кіші жұз бен Орта жұз қазақтарының Ресей бодандығын қабылдауы .....	156
3. XVIII ғасырдың 40-жылдарындағы қазақ-ойрат қатынастары және Ресейдің аймақтағы саясаты .....	169
<b><i>Төртінші тарау. XVIII–XIX ғасырдың бірінші</i></b>	
<b>    жартысынғанғы қазақ қоғамы .....</b>	179
1. Қазақтардың шаруацылығы .....	179
2. Сыртқы сауда .....	193
3. Әлеуметтік жіктелу .....	198

<b>Бесінші тарау. Қазақстанның солтүстік-батысында Ресей билігінің күшеюі (XVIII ғасырдың ортасы – XIX ғасырдың бірінші ширегі)</b>	...207
1. Нұралы хан билік еткен жылдардағы Кіші жүздегі саяси жағдай (1749–1786) .....	207
2. Қазактардың Е. И. Пугачев бастаған шаруалар соғысына қатысуы .....	213
3. Сырым Датов бастаған ұлт-азаттық қозғалысы .....	220
4. Бекей хандығының құрылуы .....	234
<b>Алтыншы тарау. XVIII ғасырдың 50-жылдары – XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Орталық және Оңтүстік-шығыс Қазақстандағы саяси үрдістер. Абылай хан .....</b>	247
1. Орта жүз бен Ұлы жүз аумағында жоғарғы биліктің нығаюы (XVIII ғасырдың 50–60-жылдары) .....	247
2. Абылай ханның ішкі және сыртқы саясаты (1771–1781). Абылай – мемлекет қайраткері және саясатшы .....	253
3. Сібір ведомствосы өскери-әкімшілік үйымдарының XVIII ғасырдың 50–70-жылдарында Қазақстанның орталық және шығыс аймактарында жүргізген саясаты .....	257
4. «Шанды жорық» – екі жүз жылдық соғыстың ақыры .....	263
5. Қазақ халқының жонғар басқыншылығына қарсы күрестегі женісінің тарихи маңызы .....	267
6. Абылай хан мираскорлары билік еткен кезеңдегі Орта жүз аумағындағы саяси жағдай (XVIII ғасырдың 80-жылдары–1821 ж.) .....	272
<b>Жетінші тарау. XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың алғашкы үштен біріндегі Оңтүстік Қазақстан .....</b>	278
1. Қазақтардың Ташкент иелігінің құрамында болуы (XVIII ғасырдың 80-жылдары – XIX ғасырдың басы) .....	278
2. Қоқан және Хиуа хандықтарының соғыс экспансиясы. Оңтүстік қазақтарының жауап алушыларға қарсы азаттық қүресі (XIX ғасырдың 10–20-жылдары) .....	283
3. XIX ғасырдың 20-жылдарында Жетісуға Ресей империясы ықпалының таралуы .....	291
<b>Сегізінші тарау. XIX ғасырдың екінші ширегінде Қазақстанда Ресей әкімшілік-саяси жүйесінің енгізілуі .....</b>	297
1. 1822 жылғы «Сібір қырғыздары туралы жарғы» және Орта жүзде хан билігінің жойылуы .....	297
2. Әскери отарлаудың күшеюі. Қазақстанға XIX ғасырдың екінші ширегінде казак әскерлерінің орналастырылуы .....	305
3. Әкімшілік-аумактық құрылыштың жаңа жүйесінің енгізілуі. Империяның жергілікті атқарушы өкіметі үйымдарының құрылуы .....	311
<b>Тоғызыншы тарау. Қазақтардың Ресей отаршылдық үстемдігінің орнатылуына қарсы ұлт-азаттық қүресі (XIX ғасырдың 20–40-жылдары) .....</b>	321
1. Орта жүздегі патшалық реформаларға оппозиция .....	321
2. Саржан сұлтан бастаған көтеріліс (1825–1836) .....	328
3. Исадай мен Махамбет бастаған халық-азаттық көтерілісі .....	337
4. Кенесары хан бастаған халық-азаттық қүресі (1837–1847) .....	344

<i>Оныны тарау. Оңтүстік Қазақстанның жаулап алынуы. Қазақстанды Ресейге қосудың аяқталуы (XIX ғасырдың 50–60-жылдарының ортасы) .....</i>	358
1. Оңтүстік Қазақстан Ресей мен Англияның Орта Шығыстағы сыртқы саяси стратегиясында .....	358
2. Сырдария бойында Ресей әскери шебінің құрылуы .....	362
3. Патша өкіметінің Оңтүстік Қазақстандағы әскери экспансиясы. Аймактың Ресей билігіне көшуі .....	368
4. Арап өнірі қазактарының XIX ғасырдағы Хиуа хандығы мен Ресейге қарсы ұлт-азаттық құресі .....	381
<i>Он бірінші тарау. XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның мәдениеті .....</i>	395
1. Қазақтардың XVIII–XIX ғасырлардағы материалдық мәдениеті .....	395
2. Тұрмыс-салт мәдениетінің дәстүрлері .....	401
3. XVIII–XIX ғасырдың алғашкы үштен біріндегі қазақ әдебиеті .....	404
4. Музика өнері .....	409
<b>ЕКІНШІ БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЬЧА</b>	
<i>Бірінші тарау. XIX ғасырдың 60–90-жылдарындағы Қазақстанның әкімшілік-саяси жағдайы .....</i>	414
1. 1867–1868 жылдардағы реформаны жүргізудің әскери-саяси себептері және оған дайындық .....	414
2. 1868–1869 жылдары Орал, Торғай облыстарындағы және 1870 жылғы Манғыстаудағы қазақтар көтерілісі .....	419
3. Патша үкіметінің аграрлық саясаты. Жаппай отырықшыландыру арқылы отарлау .....	424
4. Қазақстанның XIX ғасырдың аяғындағы әкімшілік-аумақтық құрылымы және сот құрылышы .....	430
5. Аймактағы әскер күшінің артуы .....	438
6. Қазақстандағы XIX ғасырдың 60–90-жылдарындағы әкімшілік-саяси реформалар .....	447
<i>Екінші тарау. Реформадан кейінгі кезеңдегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы .....</i>	469
1. Халықтың поліэтникалық құрамы: негізгі факторлар, қалыптасу көздері, құрамы .....	469
2. Қазақ ауылы .....	475
3. Жатақтар .....	484
4. Коныс аударушылар деревнясы .....	488
5. <u>Ұйғырлар</u> мен дүнгендердің коныс аударуы. Жетісуга егіншіліктің дамуы .....	495
6. Сауда. Жәрменкелер. Кәсіпшіліктер. Өнеркәсіп .....	500
7. Урбанизация үрдістері. Қалалардың әлеуметтік-мәдени бейнесі. Банк-ақша қатынастары .....	509
<i>Үшінші тарау. Қазақстанның XIX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеті .....</i>	523
1. Халық ағарту ісі .....	523
2. Ш. Үәлихановтың, Ы. Алтынсариннің, А. Құнанбаевтың ағартушылық қызметі .....	527

3. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Ақындар мен композиторлар	541
4. Өлкетану және ғылыми зерттеу үйымдарының қызметі. Баспасөз	558

### ***Төртінші тарау. Қазақстанның XX ғасырдың басындағы***

әлеуметтік-экономикалық жағдайы	567
1. Ғасырдың басындағы өлкे халқы	567
2. Өнеркәсіптің дамуы	572
3. Өлкедегі катынас жолдары мен сауданың жай-күйі	579
4. Жұмысшы кадрларының қалыптасуы	584
5. Жер пайдалану жүйесі және аграрлық мәселенің шиеленісуі.	
Столыпин аграрлық реформасының зардаптары	593

### ***Бесінші тарау. Қазақстанның XX ғасырдың басындағы***

әлеуметтік-саяси дамуы	608
1. XX ғасырдың басында Қазақстандағы саяси өмірдің жандануы	608
2. Қазақстан бірінші дүниежүзілік соғыс қарсанында	623
3. Қазақстан бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарында	627
4. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс	636
5. Австрия-Венгрия мен Германия соғыс тұтқындарының Қазақстанға келуі	650
6. Қазақстандағы Ақпан революциясы	656

<b>Алтыншы тарау. Қазақстанның XX ғасырдың басындағы мәдени өмірі</b>	676
1. Оқу-ағарту ісі	676
2. Ғылыми мекемелер мен қоғамдардың қызметі	684
3. Қазақстанның мерзімді баспасөзі	698
4. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті	711
5. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында қазақ ұлт зиялышарының қалыптасуы	718

<b>Қосымшалар</b>	731
Хронологиялық көрсеткіш	732
Есімдер көрсеткіші	737
Тарихи-географиялық және топографиялық атаулар көрсеткіші	751
Қыскартулар тізімі	762

# **ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

**(көне заманнан бүгінге дейін )  
бес томдық**

**3 том**

**Бас редакторы Әділхан Пірманов  
Редакторлары Иген Хасенұлы,  
Нәзира Дүйсенбаева  
Суретшісі Арыстан Ыскәқов  
Техникалық редакторы Ұлдай Рысалиева  
Корректоры Үмітхан Бахова**

**«Атамұра» корпорациясының компьютерлік орталығында терілген**

**Компьютерде беттеген Әнвар Тілеуқұлов  
Компьютерде терген Камшат Жиреншина**

**ИБ №1014**

Теруге 20.01. 2002 берілді. Басуға 14.02.2002 кол қойылды. Формат 60×90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Офсеттік  
кағаз, «Таймс» гарнитурасы. Шартты баспа табағы 48,0 + 0,25 қосарbet.  
Есептік баспа табағы 60,52 + 0,32 қосарbet.  
Таралымы 6000 дана. Тапсырыс №36.

**«Атамұра» баспасы, 480091, Алматы қаласы Абылай хан даңғылы, 75.**


**Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясының  
Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы, к., М. Мақатаев көшесі, 41.**

**Басылым Алматы темекі  
компаниясы акционерлік қоғамының,  
ФИЛИП МОРРИС  
компаниясы тобының  
қаржылай демеуі мен Зерттеу және  
айырбас жөніндегі Халықаралық  
Кенестің қолдауының нәтижесінде  
жарық көрді**

This book was published thanks  
to financial support  
of Almaty Tobacco Company,  
• Member of the

**PHILIP MORRIS  
Family of Companies  
and cooperation of the International  
Research & Exchanges Board (IREX)**

# ҚАЗАҚСТАН XIX ГАСЫРДЫҢ СОҢ



# Ы МЕН ХХ ГАСЫРДЫҢ БАСЫНДА

